



РУХАНИ
ЖАҢЫРУ

ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ҚАЗІРГІ
ПСИХОЛОГИЯ
ТАРИХЫ

Дуэйн Шульц
Сидни Эллен Шульц

A HISTORY OF MODERN PSYCHOLOGY



«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік
бағдарламасы аясында
іске асырылды

DUANE P. SCHULTZ
SYDNEY ELLEN SCHULTZ

A History of **Modern Psychology**

11th EDITION

 CENGAGE
Learning

2016

ДУЭЙН ШУЛЬЦ
СИДНИ ЭЛЛЕН ШУЛЬЦ

Қазіргі психология

ТАРИХЫ

11-БАСЫЛЫМ

DU

ULTTYQ
AҮDARMA
BIYROSU
QOǴAMDYQ OQYU



Астана
2018

«Жаңа гуманитарлық білім.
Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»
жобасының редакциялық алқасы:

Редакциялық алқаның төрағасы – Тәжин М.М.
Төрағаның орынбасары – Сағадиев Е.К.
Жауапты хатшы – Кенжесханұлы Р.
Алтаев Ж.А.
Алианов Р.А.
Жаманбалаева Ш.Е.
Жолдасбеков М.Ж.
Қасқабасов С.А.
Қарин Е.Т.
Құрманбайұлы Ш.
Масалимова Ә.Р.
Мұтанов Ғ.М.
Нұрышева Ғ.Ж.
Нысанбаев Ә.Н.
Өмірзақов С.Ы.
Саңғылбаев О.С.
Сыдықов Е.Б.

Кітапты баспаға әзірлеген:

Ұлттық аударма бюросы

Аудармашылар – Ақын Б.Қ.
Боранбаев Д.Б.
Кеңесбаева Ү.
Қасенов Д.
Қабиықбай Н.
Түсінова Ғ.
Әдеби редактор – Бейсебаева А.П.
Ғылыми редакторлар – Қасымжанова А.А.
Саңғылбаев О.С.
Жауапты редактор – Қияқбаева Ұ.Қ.
Жауапты шығарушы – Бөпежанова Ә.Қ.

© 2016, 2012 Cengage Learning
ALL RIGHTS RESERVED. No part of this work covered by the copyright herein may be reproduced, transmitted, stored or used in any form or by any means graphic, electronic, or mechanical, including but not limited to photocopying, recording, scanning, digitizing, taping, Web distribution, information networks, or information storage and retrieval systems, except as permitted under Section 107 or 108 of the 1976 United States Copyright Act, without the prior written permission of the publisher.

Ш93 Шульц Д.П., Шульц С.Э.

Қазіргі психология тарихы. 11-басылым. Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018 жыл. – 448 бет.

ISBN 978-601-7943-12-7

«Қазіргі психология тарихы» кітабының 11-басылымы – психология пәні бойынша қазақ тіліне аударылған санаулы еңбектердің бірі. Психологияның пән ретінде қалыптасуынан бастап, ондағы түрлі ағымдар мен көзқарастарды ойшылдардың жеке өмірі мен оған айтылған сын-пікірлер арқылы баяндайтын оқулық аталмыш саладағы соңғы жаңалықтарды да қамтиды. Психология тарихындағы маңызды тұлғалардың «Өзі оқыған дәрістен» айдары арқылы берілген түпнұсқа дәрістер – ізденушілер үшін таптырмас дүние. Оқырмандар бұл кітаптан бұрынғы басылымдарда жарияланбаған Фрейдтің хаттары, XVII ғасырдағы механикалық мүсіндер мен бүгінгі роботтардың арасындағы байланыс, Екінші дүниежүзілік соғыстың Америка психологиясының өсіп-өркендеуіне еткен ықпалы, Алессандро Вольтаның «танғажайып» зерттеуі сияқты бірқатар қызықты мәліметтермен таныса алады.

Бұл оқулық психология саласын зерттеп, зерделеп жүрген мамандар мен оқытушыларға және психология пәнін арнайы оқытын жоғары оқу орнының студенттері мен аталған ғылымға қызығушылық танытатын оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 159.9
КБЖ 88.1

ISBN 978-601-7943-12-7

© Cengage Learning, 2016, 2012
© «Ұлттық аударма бюросы»
қоғамдық қоры, 2018



...Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.

Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілден қазақ тіліне аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз.

Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады...

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевтың

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінен

DU

Қысқаша мазмұны

	Мазмұны.....	8
	Өзі оқыған дәрістен.....	20
	Алғы сөз	22
1-ТАРАУ	Психология тарихын зерттеу	25
2-ТАРАУ	Философияның психологияға ықпалы.....	45
3-ТАРАУ	Физиологияның психологияға ықпалы	70
4-ТАРАУ	Жаңа психология.....	88
5-ТАРАУ	Структурализм.....	110
6-ТАРАУ	Функционализмнің қалыптасуына әсер еткен жағдаяттар	125
7-ТАРАУ	Функционализмнің дамуы мен қалыптасуы.....	151
8-ТАРАУ	Қолданбалы психология: функциялық психологияның жалғасы.....	183
9-ТАРАУ	Бихевиоризмнің қалыптасуына әсер еткен жағдаяттар	217
10-ТАРАУ	Бихевиоризмнің бастауы.....	239
11-ТАРАУ	Қалыптасқаннан кейінгі бихевиоризм	264
12-ТАРАУ	Гештальт-психология	293
13-ТАРАУ	Психоанализдің пайда болуы.....	318
14-ТАРАУ	Қалыптасқаннан кейінгі психоанализ.....	356
15-ТАРАУ	Психологияның үздіксіз дамуы	393
	Глоссарий.....	421
	Дереккөздер	425

Мазмұны

Алғы сөз.....	22
1 - ТАРАУ	
ПСИХОЛОГИЯ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ	
Сіз клоунды көрдіңіз бе? Горилла туралы не дейсіз?.....	25
Психология тарихын зерттеу не үшін керек?.....	26
Қазіргі психологияның бастауы.....	27
Тарихи деректер: психологияның өткенін қалпына келтіру.	
Шын мәнінде не болғанын қалай білуге болады?.....	28
Жоғалған және табылған тарихи деректер.....	30
Өзгертілген және жасырылған тарих.....	30
Тарихи мәліметтерді өзгерту: аудармадағы қателік.....	32
Контексте: психологияны құраушы күштер.....	32
Жұмыс факторы.....	33
Соғыс факторы.....	33
Жаңсақ түсінік пен кемсітушілік.....	34
Қорытынды.....	38
Ғылым тарихының тұжырымдамалары.....	38
Тұлғалық теория.....	38
Натуралистік теория.....	39
Қазіргі психология эволюциясы кезіндегі психология мектептері.....	41
Кітаптың жоспары.....	43
Материалды бекіту сұрақтары.....	43
Ұсынылған әдебиеттер.....	44
2 - ТАРАУ	
ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ЫҚПАЛЫ	
Саңғитын үйрек.....	45
Механицизм рухы.....	45
Сағат-ғалам.....	47
Детерминизм және редуccionизм.....	48
Автоматтар.....	48
Машина текті адамдар.....	50
Есептеу қозғалтқышы.....	51
Ғылым ханшайымы.....	53
Қазіргі ғылымның қалыптасуы.....	54
Рене Декарт (1596–1650).....	54
Декарттың үлесі: механицизм және жан мен тәннің арақатынасы.....	56
Тәннің жаратылысы.....	57

Жан мен тәннің өзара әрекеті.....	58
Идеялар туралы ілім.....	58
Жаңа психологияның философиялық негіздері: позитивизм, материализм және эмпиризм	59
Огюст Конт (1798–1857).....	59
Джон Локк (1632–1704).....	60
Джордж Беркли (1685–1753).....	63
Джеймс Милль (1773–1836).....	65
Джон Стюарт Милль (1806–1873).....	66
Эмпиризмнің психологияға қосқан үлесі.....	68
Материалды бекіту сұрақтары	68
Ұсынылған әдебиеттер	69

3 - ТАРАУ

ФИЗИОЛОГИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ЫҚПАЛЫ

К. Дэвидтің жұмысынан айырылуы: дер кезінде жұмыстан босаған К. Дэвид	70
Бақылаушы адамның маңызы.....	71
Физиологияның алғашқы жетістіктері.....	71
Ми функцияларын зерттеу: ішінен картаға түсіру	72
Ми функцияларын зерттеу: сыртынан картаға түсіру	73
Жүйке жүйесіне жасалған «үрейлі» зерттеу	75
Механикалық рухтың әсері	77
Эксперименттік психологияның бастауы.....	77
Неліктен Германияда?.....	77
Герман фон Гельмгольц (1821–1894).....	79
Гельмгольцтің өмірі.....	79
Гельмгольцтің жаңа психологияға қосқан үлесі.....	80
Эрнст Вебер (1795–1878).....	81
Екі нүктенің ажыратпалық межесі	81
Білінер-білінбес айырмашылық.....	81
Густав Теодор Фехнер (1801–1887).....	82
Фехнердің өмірі.....	82
Жан мен тән: өзара байланысты сандық бағалау	83
Психофизика әдістері.....	84
Жалпы психология негіздері.....	87
Материалды бекіту сұрақтары	87
Ұсынылған әдебиеттер	87

4 - ТАРАУ

ЖАҢА ПСИХОЛОГИЯ

Бір мезетте бірнеше іспен айналысу мәселесі	88
Қазіргі психологияның негізін салушы.....	89
Вильгельм Вундт (1832–1920).....	90
Вундттың өмірі.....	90
Лейпцигтегі өмірі	91
Вундттың мультимедия сыныбы.....	92
Мәдени психология.....	92
Сана тәжірибесін зерттеу	94

Интроспекция әдісі	95
Сана тәжірибесінің элементтері.....	96
Саналы тәжірибе элементтерін ұйымдастыру	96
Германиядағы Вундт психологиясының тағдыры.....	97
Вундт психологиясын сынға алу	98
Вундттың мұрасы.....	99
Неміс психологиясындағы өзге ілгерілеушіліктер.....	100
Герман Эббингауз (1850–1909).....	100
Эббингауздың өмірі.....	100
Оқып-үйрену мәселесін зерттеу.....	100
Сөздегі мағынасыз буындарды зерттеу	101
Психологияға қосқан басқа үлесі	103
Франц Brentano (1838–1917)	104
Ойлау процесін зерттеу	104
Карл Штумпф (1848–1936).....	105
Феноменология.....	105
Освальд Кюльпе (1862–1915).....	106
Кюльпе мен Вундт көзқарастарындағы қайшылықтар	106
Жүйелі эксперименттік интроспекция.....	106
Қалыпсыз ой	107
Вюрцбург зертханасындағы ғылыми ізденістер	108
Түсініктеме.....	108
Материалды бекіту сұрақтары	109
Ұсынылған әдебиеттер	109

5 - ТАРАУ

СТРУКТУРАЛИЗМ

Асқазан зондын жұтқыңыз келе ме?.....	110
Эдвард Брэдфорд Титченер (1867–1927)	111
Титченердің өмірі: «Сіздің сақалыңыз өртеніп жатыр»	111
Титченердің экспериментшілері: әйелдерге қатысуға рұқсат етілмейді	113
Саналы тәжірибенің мазмұны	115
Стимул кателігі	116
Интроспекция	117
Сана элементтері	119
Титченер өзінің әдістемесін өзгертті ме?.....	120
Структурализмді сынға алу.....	120
Интроспекцияны сынға алу.....	121
Титченер жүйесін сынға алудың басқа объектілері.....	122
Структурализмнің қосқан үлесі	123
Материалды бекіту сұрақтары	123
Ұсынылған әдебиеттер	124

6 - ТАРАУ

ФУНКЦИОНАЛИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӨСЕР ЕТКЕН ЖАҒДАЯТТАР

Дженниді көруге келген адам	125
Психологиядағы функцияшылдар наразылығы	126
Дарвинге дейінгі эволюция.....	126
Эволюциядан қашып құтыла алмайсыз.....	127
Дарвиннің өмірі (1809–1882)	128

Адамның жабайы ортадан өркеннетті әлемге шығуы	130
Табиғи сұрыпталу арқылы пайда болған «Түрлердің шығу тегі туралы» шығармасы.....	131
Құнақ пен Миннесота тышқанын зерттеу.....	134
Дарвиннің психологияға қосқан үлесі.....	135
Жеке адамның айырмашылықтары: Фрэнсис Гальтон (1822–1911)	137
Гальтонның өмірі.....	137
Психикалық тұқымқуалаушылық.....	139
Статистикалық әдістер.....	140
Ақыл-ой қабілеттерін сынау тестілері.....	141
Идеялар ассоциациясы.....	143
Психикалық бейнелер.....	144
Иіс сезу арифметикасы және басқа да оғаш тақырыптар.....	144
Түсініктеме.....	145
Жануарлар психологиясы және функционализмнің дамуы	145
Джордж Джон Романес (1848–1894).....	146
К. Ллойд Морган (1852–1936).....	148
Түсініктеме.....	149
Материалды бекіту сұрақтары	149
Ұсынылған әдебиеттер	150

7 - ТАРАУ

ФУНКЦИОНАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Құлағына мақта тыққан философ	151
Америкаға жеткен эволюция: Герберт Спенсер (1820–1903)	152
Әлеуметтік дарвинизм.....	152
Синтетикалық философия.....	153
Машиналар эволюциясының жалғасы	154
Герман Холлерит және перфокарталар.....	154
Уильям Джеймс (1842–1910): функциялық психологияның көріпкелі	155
Джеймстің өмірі.....	155
Отбасылық өмірі.....	158
Психология қағидалары.....	160
Психологияның зерттеу объектісі: санаға қатысты жана көзқарас.....	161
Психология әдістері.....	162
Прагматизм.....	163
Эмоциялар теориясы.....	163
«Меннін» үш түрі.....	163
Әдеттер.....	164
Әйелдердің функциялық теңсіздігі	164
Мэри Уитон Калкинс (1863–1930).....	164
Түрленгіштік гипотезасы.....	165
Хелен Бредфорд Томпсон Вулли (1874–1947).....	166
Лета Стеттер Холлингворт (1886–1939).....	167
Грэнвилл Стэнли Холл (1844–1924)	168
Холлдың өмірі.....	169
Эволюция және дамудың рекапитуляция теориясы.....	172
Түсініктеме.....	174
Функционализмнің қалыптасуы	174
Чикаго мектебі	174
Джон Дьюи (1859–1952)	175
Рефлекторлық доға.....	175
Түсініктеме.....	176

Джеймс Роуленд Энджелл (1869–1949)	176
Энджеллдің өмірі	176
Функциялық психология саласы	177
Түсініктеме	178
Колумбия университетіндегі функциялық психология	178
Роберт Сессионс Вудвортс (1869–1962)	178
Вудвортстың өмірі	178
Динамикалық психология	179
Функциялық психологияны сынга алу	180
Функциялық психологияның үлесі	180
Материалды бекіту сұрақтары	181
Ұсынылған әдебиеттер	181

8 - ТАРАУ

ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ: ФУНКЦИЯЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Есірткі заттарын тәркілеу: құтқару психологиясы	183
Практикалық психологияның дамуы	184
Америкалық психологияның дамуы	185
Психологияның қоғамдық маңызы	185
Экономиканың қолданбалы психологияға ықпалы	186
Ақыл-ой қабілетін тексеру	187
Джеймс Маккин Кеттелл (1860–1944)	188
Вундтпен бірге жүргізген зерттеуі	188
Гальтонмен бірге жүргізген зерттеуі	189
Ақыл-ой қабілетін тексеру	191
Түсініктеме	191
Психологиялық тестілеуді бастау	191
Бине, Терман және ақыл-ой коэффициентіне негізделген тест	191
Менталды жас	193
Бірінші дүниежүзілік соғыс және ақыл-ой қабілетін топтық тексеру	193
Тұлғаның типін анықтауға арналған топтық тестілер	194
Қоғамның сынақты қабылдауы	194
Медицина және техника саласындағы идеялар	195
Нәсілдік мәселелер	196
Тест сұрақтарындағы мәдениетке қатысты қате түсініктер	197
Әйелдердің тестілеу қозғалысына қосқан үлесі	197
Клиникалық психология қозғалысы	199
Лайтнер Уитмер (1867–1956)	199
Лайтнер Уитмердің өмірбаяны	199
Балаларға арналған психологиялық клиника	201
Түсініктеме	202
Клиникалық психологияның дамуы	202
Психологиядағы индустриалды-ұйымдастыру қозғалысы	203
Уолтер Дилл Скотт (1869–1955)	203
Скоттың өмірбаяны	203
Жарнама және оның адамдарға ықпалы	205
Қызметкерлерді іріктеу	205
Түсініктеме	206

Дүннежузілік соғыстардың әсері	206
Хоторндағы зерттеулер мен ұйымдастыру факторлары	207
Лилиан Гилбрет	208
Хьюго Мюнстерберг (1863–1916)	208
Мюнстерберттің өмірбаяны	209
Америка сапары	210
Сот психологиясы және куәгерлердің түсініктері	211
Психотерапия	212
Индустриалды психология	212
Түсініктеме	213
АҚШ-тағы қолданбалы психология: ұлттық мания.....	213
Түсініктеме	215
Материалды бекіту сұрақтары	215
Ұсынылған әдебиеттер	216

9 - ТАРАУ

БИХЕВИОРИЗМНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӨСЕР ЕТКЕН ЖАҒДАЯТТАР

Ақылды жылқы Ганс.....	217
Жаңа ғылымның қалыптасуына жасалған қадам	218
Революцияға ұласу	219
Позитивизм рөлі.....	219
Зоопсихологияның бихевиоризмге әсері	220
Жак Леб (1859–1924).....	220
Егеуқұйрықтардың, құмырсқалар мен жануарлардың санасы	220
Зоопсихолог болудың машақаты.....	222
Объективті зоопсихология жолында.....	223
Ганс. шынында, ақылды болды ма?.....	223
Эдвард Ли Торндайк (1874–1949).....	224
Торндайқтың өмірбаяны.....	225
Жануарлармен қош айтысу.....	225
Коннекционизм.....	226
Арнайы жәшік.....	226
Үйрету заңдылықтары	227
Түсініктеме.....	228
Иван Петрович Павлов (1849–1936).....	228
Павловтың өмірбаяны.....	228
Отбасылық өмірі.....	229
Зертханадағы өмір	229
Аңыз адам	230
Шартты рефлексдер.....	231
Із-түсіз жоғалғандар: тізе рефлекстері және ұмытшақтық	233
Түсініктеме.....	234
Владимир Бехтерев (1857–1927)	235
Байланыстырылған рефлексдер	235
Түсініктеме.....	236
Функциялық психологияның бихевиоризмге әсері.....	236
Психология бағытының өзгеруі.....	237
Материалды бекіту сұрақтары	238
Ұсынылған әдебиеттер	238

10 - ТАРАУ	
БИХЕВИОРИЗМНІҢ БАСТАУЫ	
Психолог, бала және балға: мұны үйде қайталамаңыз.....	239
Кішкентай Альбертке не болды?	240
Джон Б. Уотсон (1878–1958)	240
Уотсонның өмірі	240
Магистратурада оқыған жылдары	241
Бихевиоризмнің дамуы	243
Уотсонның әйелдер жайлы көзқарасы.....	247
Уотсонның пікір қайшылығын тудырған бағдарламасы.....	249
Бихевиоризм әдістері.....	250
Механистикалық дәстүрді жалғастыру.....	251
Бихевиоризм зерттейтін мәселелер	252
Түйсік	252
Эмоциялар	253
Альберт, Питер және қоян	254
Ойлау процестері	255
Бихевиоризмнің танымал үндеуі	256
Батылдыққа толы жаңа әлем.....	256
Психологияның қарқынды дамуы.....	257
Уотсон бихевиоризмін сынға алу	258
Карл Лэшли (1890–1958)	258
Уильям Мак-Дугалл (1871–1938).....	259
Уотсон – Мак-Дугалл пікірталасы	260
Уотсон бихевиоризмінің психологияны дамытуға қосқан үлесі.....	261
Материалды бекіту сұрақтары	262
Ұсынылған әдебиеттер	262
11 - ТАРАУ	
ҚАЛЫПТАСҚАННАН KEЙІНГІ БИХЕВИОРИЗМ	
Жануарлардың ақыл-ойы дамуын зерттеу.....	264
Бихевиоризмнің үш кезеңі.....	265
Операционизм.....	265
Эдвард Чейз Толмен (1886–1959).....	267
Мақсатты бихевиоризм	267
Аралық айналымы шама	268
Үйрену теориясы	268
Түсініктеме	269
Кларк Леонард Халл (1884–1952).....	269
Халлдың өмірі.....	269
Механицизм рухы.....	270
Объективті әдіснама және сандық бағалау	270
Жігер	271
Үйрену	271
Түсініктеме.....	272
Беррес Фредерик Скиннер (1904–1990)	272
Скиннердің өмірі	273
Колледжде және магистратурада оқу кезеңі	273

Өмірінің соңғы жылдары	274
Скиннердің бихевиоризмі	275
Оперантты шарттылық	276
Нығайту тәртібі	277
Жүйелі аппроксимация: мінез-құлықты қалыптастыру	279
Автоматтандырылған манеж	279
Көгершіндер соғысқа барады	280
Уолден Екі: бихевиористер қоғамы	280
Мінез-құлық модификациясы	281
Скиннер бихевиоризмін сынау	282
Скиннер бихевиоризмінің қосқан үлесі	283
Әлеуметтік бихевиоризм: когнитивті қарсылық білдіру	283
Альберт Бандура (1925).....	283
Әлеуметтік когнитивті теория	284
Жанама нығайту	284
Өміріміздегі модельдер.....	285
Теледидар мен шынайы өмірдегі зорлық-зомбылық	285
Тұлғаның тиімділігі: өзіне сену	285
Тұлға тиімділігін зерттеу нәтижелері	286
Ұжымдық тиімділік	286
Мінез-құлықты өзгерту	287
Түсініктеме	287
Джулиан Роттер (1916–2014)	288
Когнитивті процестер	288
Бақылау локусы	289
Кездейсоқ жаңалық	290
Түсініктеме.....	290
Бихевиоризм тағдыры	291
Материалды бекіту сұрақтары	291
Ұсынылған әдебиеттер	292
12 - ТАРАУ	
ГЕШТАЛЬТ-ПСИХОЛОГИЯ	
<hr/>	
Тосын нисайт (түсінік)	293
Гештальт революциясы	294
Көздің көргенінен де көп перцепция (қабылдау)	294
Гештальт-психологияның қалыптасуына әсер еткен жайттар	296
Физикадағы «уақыт рухының» өзгеруі.....	297
Фи феномені: Вундт психологиясына қарсы шығу	297
Макс Вертхаймер (1880–1943)	298
Курт Коффка (1886–1941)	299
Вольфганг Келлер (1887–1967)	300
Гештальт революциясының табиғаты	302
Перцепцияның константтықтары	302
Анықтама беру мәселесі	303
Перцепцияның гештальт қағидалары	303
Үйренуге қатысты гештальт зерттеулері: қырағылық және маймылдар менталитеті	305
Түсініктеме.....	305

Адамдардың нәтижелі ойлауы	309
Изоморфизм.....	309
Гештальт-психологияның таралуы	310
Бихевиоризммен күрес	311
Фашистік Германиядағы гештальт-психология.....	311
Өріс теориясы: Курт Левин (1890–1947)	312
Левиннің өмірі	312
Тіршілік кеңістігі	312
Мотивация және Зейгарник эффектісі	313
Әлеуметтік психология	314
Гештальт-психологияны сынау	315
Гештальт-психологияның үлесі.....	316
Материалды бекіту сұрақтары	316
Ұсынылған әдебиеттер	317

13 - ТАРАУ

ПСИХОАНАЛИЗДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Бұл жай ғана түс пе елі?.....	318
Психоанализдің дамуы.....	318
Жаңа ой мектебі	319
Психоанализдің қалыптасуына әсер еткен жайттар	320
Ертеректегі бейсана теориялары.....	320
Бейсана ұғымының таралуы.....	321
Психикалық ауытқуларды емдеудің бұрынғы амал-тәсілдері.....	321
Гуманистік жолмен емдеу.....	322
Психиатриялық емдеудің дамуы.....	323
Гипноз.....	324
Гипноз құрметке бөленді: Шарко мен Жане.....	325
Чарльз Дарвиннің ықпалы.....	325
Фрейдке дейінгі жыныстық қатынас.....	326
Фрейдке дейінгі катарсис және түс көру	327
Зигмунд Фрейд (1856–1939).....	327
Фрейдтің кокаин қолдануы.....	328
Үйленуі және балалары	329
Анна О. оқиғасы.....	329
Невроздың жыныстық қатынасқа байланысты себебі.....	331
Истерияны зерттеу	332
Балаларды жыныстық қатынасқа азғыру мәселесі	332
Фрейдтің жыныстық қатынасы туралы.....	333
Фрейдтің неврозы.....	334
Фрейдтің өз түсін талдауы.....	335
Жетістік шыңы.....	335
Фрейдтің АҚШ-қа келуі.....	336
Басқаша ойлау, науқастану және қашу	337
Фрейдтің емдеу әдістері	340
Фрейд – психотерапевт.....	341
Фрейд және дәстүрлі психология	342
Психоанализ – мінез-құлық жүйесі	342
Инстинкттер.....	343
Мінез-құлық деңгейлері	343

Үрей.....	345
Мінез-құлық дамуының психосексуалды кезендері.....	345
Фрейд жүйесіндегі механицизм және детерминизм.....	346
Психоанализ және академиялық психология: салыстыру.....	348
Психоаналитикалық ұғымдардың ғылыми негізі.....	349
Психоанализді сынау.....	350
Мәлімет жинау.....	350
Әйелдерге қатысты көзқарасы.....	351
Психоанализге қосқан үлесі.....	351
Американың поп мәдениеті және психоанализ мәселелері.....	352
Материалды бекіту сұрақтары.....	354
Ұсынылған әдебиеттер.....	354

14 - ТАРАУ

ҚАЛЫПТАСҚАННАН КЕЙІНГІ ПСИХОАНАЛИЗ

Жалғыздықта өткен балалық шақ.....	356
Психоанализдегі бәсекелес фракциялар.....	357
Неофрейдистер және эго психологиясы.....	357
Анна Фрейд (1895–1982).....	358
Бақытсыз балалық шақ.....	358
Сәйкестік дағдарысы.....	359
Бала анализі.....	359
Түсініктеме.....	360
Карл Юнг (1875–1961).....	360
Юнгтің өмірі: тағы бір бақытсыз балалық шақ.....	360
Фрейд әке.....	361
Жүйкеге түскен салмақ.....	362
Юнгтің аналитикалық психологиясы.....	363
Ұжымдық бейсана.....	363
Архетиптер.....	364
Интроверсия және экстраверсия.....	365
Психологиялық типтер: функциялар мен ұстанымдар.....	365
Түсініктеме.....	365
Әлеуметтік психология теориялары: «уақыт рухының» қайта шабуылдауы.....	366
Альфред Адлер (1870–1937).....	367
Адлердің жастық шағы.....	367
АҚШ-та танымал тұлғаға айналуы.....	368
Индивидуалды психология.....	368
Өзін-өзі кем сезіну.....	368
Өмір салты.....	369
Өздік сезімнің шығармашылық әлеуеті.....	369
Баланың дүниеге келу теориясы.....	369
Адлердің көзқарасы тудырған пікірталас.....	370
Зерттеу жұмыстарының көмегі.....	370
Түсініктеме.....	371
Карен Хорни (1885–1952).....	371
Хорни және оның әкесі.....	371
Тұрмысқа шығуы, күйзелісі және жыныстық қатынасы.....	372
Фрейдпен келіспеушіліктері.....	373

Базальды үрей	373
Невротикалық қажеттілік	373
Өзін-өзі идеал деп бағалау	374
Хорни және феминизм	374
Түсініктеме	375
Тұлға теориясының эволюциясы: гуманистік психология.....	375
Гуманистік психологияның қалыптасуына алдыңғы буынның әсер етуі	376
Гуманистік психологияның болмысы	376
Абрахам Маслоу (1908–1970)	377
Маслоудың жастық шағы	377
Шеруді тамашалауы	377
Өз әлеуетінің толық ашылуы	378
Түсініктеме	380
Карл Роджерс (1902–1987)	381
Роджерстің өмірі	381
Ғажайып қиялдар	382
Жүйке бұзылуы.....	382
Адам әлеуетінің толық ашылуы	383
Толыққанды өмір сүретін адамдар	383
Түсініктеме.....	384
Гуманистік психологияның тағдыры	384
Позитивті психология: бақыт туралы ғылым	385
Мартин Селигман (1942)	386
Қиындықты көп көрген жеткіншек	386
Позитивті психологияның қарқынды дамуы	386
Ақша және бақыт	387
Адамның денсаулығы мен жасы	388
Үйлену	388
Мінез-құлық	388
Бақытқа тағы қандай факторлар әсер етеді?	389
Не бірінші: бақыт па, әлде табыс па?	389
Өркендеу: бақыттың жана деңгейі	389
Түсініктеме	390
Тарихтағы психоаналитикалық дәстүр	390
Материалды бекіту сұрақтары	391
Ұсынылған әдебиеттер	391

15 - ТАРАУ

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ

Жасап көріңіз, бұл сізге ұнауы мүмкін	393
Шахмат чемпионы ақылды компьютерден жеңілді.....	393
Ой мектептерін ой елегінен өткізу.....	394
Структурализм, функционализм, гештальт-психология	394
Бихевиоризм мен психоанализ	395
Психологиядағы когнитивті қозғалыс.....	395
Когнитивті психологияның қалыптасуына әсер еткен жайттар.....	396
Физикадағы уақыт рухының өзгеруі	397
Когнитивті психологияның қалыптасуы	398
Джордж Миллер (1920–2012).....	398
Махаббат жеңеді.....	398
Гарвард және сиқырлы жеті саны.....	399

Когнитивті зерттеулер орталығы	399
Уақыты келген идея	400
Ульрик Найссер (1928–2012).....	400
Аутсайдер	400
Өзін-өзі тану	401
Бағыпты өзгерту	401
Сағаттан компьютерге дейін.....	402
Заманауи компьютерлердің пайда болуы	402
Жасанды интеллект	403
Алан Тюрингтің өмірі (1912–1954).....	404
Тюринг және Акшақар	404
Барып тұрған әдепсіздік	404
Тюринг тесті.....	404
Қытай бөлмесі.....	405
Тюринг тестін тапсыру	405
Шахмат чемпионы.....	406
Когнитивті психологияның болмысы.....	406
Когнитивті нейробиология	407
Бұл жаңа френология ма?	408
Ойлау мүмкін ете алады	408
Интроспекцияның оралуы.....	408
Бейсананың когнитивтілігі	409
Бұл бұрынғы бейсана емес	409
Ақылды бейсана	409
Жануартану.....	410
Жануарлардың ойлай алу мәселесі: жақтастар мен қарсыластар.....	411
Жануарлардың мінез-құлқы	411
Когнитивті психологияның қазіргі ахуалы.....	412
Табыстың белгілері	412
Жағдаяттық когниция (таным).....	413
Когнитивті жүктеме	413
Когнитивті қозғалыстың сыншылары.....	413
Эволюциялық психология.....	414
Оқып-үйренуден де маңызы ерек биология	414
Психологияда бірлік бар ма, өзі?	415
Эволюциялық психологияға алдыңғы буынның әсері	415
Уильям Джеймс	415
Бихевиоризм	416
Алдын ала болжамды процестер	416
Когнитивті революция.....	416
Әлеуметтік биологияның ықпалы	417
Эволюциялық психологияның қазіргі жағдайы	417
Тарих әлі жасалуда: ол шексіз.....	418
Материалды бекіту сұрақтары	419
Ұсынылған әдебиеттер	419
Глоссарий	421
Дереккөздер	425

Өзі оқыған дәрістен

2-ТАРАУ

Джон Локк

«Адам санасы туралы эссе» (*An Essay Concerning Human Understanding*) шығармасынан (1690) эмпиризм жөніндегі материалдың түпнұсқа дереккөзі 62

3-ТАРАУ

Густав Фехнер

«Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) еңбегінен (1860) алынған психофизикаға қатысты материалдың түпнұсқа дереккөзі 86

4-ТАРАУ

Вильгельм Вундт

«Психология очерктері» (*Outline of Psychology*) еңбегінен (1896) алынған шығармашылық синтез қағидасы және психикалық тең әсер етуші күшке қатысты материалдың түпнұсқа дереккөзі 98

5-ТАРАУ

Эдвард Б. Титченер

«Психология оқулығынан» (*A Textbook of Psychology*) (1909) алынған структурализмге қатысты материалдың түпнұсқа дереккөзі 115

6-ТАРАУ

Чарльз Дарвин

«Чарльз Дарвиннің өмірбаяны» (*The Autobiography of Charles Darwin*) еңбегінен (1876) алынған материалдың түпнұсқасы 136

Фрэнсис Гальтон

«Туа біткен данышпан» (*Hereditary Genius*) кітабынан (1869) алынған материалдың түпнұсқа дереккөзі: оның заңдылықтары мен салдарын зерттеу 141

7-ТАРАУ**Уильям Джеймс**

- «Психология (қысқаша курс)» (*Psychology (Briefer Course)*) еңбегінен (1892) алынған санаға қатысты материалдың түпнұсқа дереккөзі..... 162

9-ТАРАУ**Иван Павлов**

- «Шартты рефлексдер» (*Conditioned Reflexes*) кітабынан (1927) алынған материалдың түпнұсқа дереккөздері 232

10-ТАРАУ**Джон Б. Уотсон**

- Бихевиоризм тарихынан түпдерек: «Бихевиорист көзқарасы тұрғысындағы психология» (*Psychology as the Behaviorist Views It*) (1913) мақаласынан үзінді 248

11-ТАРАУ**Беррес Ф. Скиннер**

- «Ғылым және адамның мінез-құлқы» (*Science and Human Behavior*) атты кітаптан (1953) алынған үзінді 276

12-ТАРАУ**Вольфганг Келлер**

- Вольфганг Келлердің гештальт-психология турасындағы «Маймылдар менталитеті» (*The Mentality of Apes*) еңбегінен (1927) үзінді 306

13-ТАРАУ**Зигмунд Фрейд**

- Зигмунд Фрейдтің 1909 жылы 9 қыркүйекте Кларк университетінде оқыған истерия жөніндегі алғашқы дәрісінің түпнұсқасы 338

14-ТАРАУ**Абрахам Маслоу**

- Абрахам Маслоудың «Мотивация және Тұлға» (*Motivation and Personality*) атты кітабынан (1970) алынған гуманистік психология туралы үзінділер..... 379

Бұл еңбек қазіргі психология тарихын, яғни психология саласы жеке пәнге айналған XIX ғасырдың соңынан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Біз мұнда бұрынғы философиялық ой мектептеріне қысқаша тоқталғанымызбен, басты назарды психологияның жаңа және жеке-дара зерттеу саласы ретінде қалыптасуына тікелей қатысы бар материалдарға аударып отырмыз. Мақсатымыз – психологияның алғышарты есебінде жүрген бұрынғы философиялық еңбектерді жинақтап ұсыну емес, *қазіргі* психология тарихын таныстыру.

Біз психология тарихын адамдар, идеялар мен ғылыми ой мектептерін жаңалық ашуға итермелеген әр заман лебімен байланыстыра отырып талдаймыз. Шартты түрде 1879 жылдан бастап жеке ғылым есебінде жұмыс істей бастаған психологияның зерттеу нысандары мен әдістері әрбір жаңа идея көпшілік дауысқа ие болып, белгілі бір уақытқа дейін доминант болып отыруына байланысты үнемі өзгеріп отырды. Еңбекте жылдар бойы психологияны анықтауға күш салған әртүрлі амалдардың тоқтаусыз қарекетіне назар аударғмыз келді.

Мұнда әрбір ой мектебі өзіндік тарихы мен әлеуметтік негізі бар қозғалыс есебінде талданады. Әр контекстің артында сол дәуірдің ақыл-ой рухы (*the Zeitgeist*) мен соғыс, соқыр сенім мен кемсітушілік эффектісін арқалаған әлеуметтік, саяси һәм экономикалық факторлар тұрады.

Кітаптағы тараулар әртүрлі ой мектептерінің ретіне қарай құрастырылғанымен, мұндағы тұтас жүйе жекелеген ғалымдар мен зерттеушілердің, ұйымдастырушылар мен қолдау танытушылардың еңбегінің нәтижесі екенін айтпай кетуге болмайды. Астын сызып айтатын мәселе – осы мақалаларды жазып, зерттеу жүргізіп, ғылыми баяндама дайындап, идеяларын насихаттап, психологияның жаңа буынын оқытып-үйретіп жатқан қандай да бір абстрактілі күштер емес, нақты адамдар. Біз бұл кітапта танымал тұлғалардың ғылымға қосқан үлесін өздері өсіп-өнген дәуірмен байланысты ғана емес, жеке өмірлерін де қаперге ала отырып талдайтын боламыз.

Психологиядағы әр бағыт оның алдыңғы және кейінгі ғылыми идеялар һәм жаңалықтармен байланысы арқылы қарастырылады. Қалыптасқан ұғым арқылы немесе оған қарсылық есебінде пайда болған әр мектеп пікір қайшылығын қоздастып, дау тудырып, ақыр соңында, өз көзқарасын қалыптастырады. Осылайша, өткенге көз жүгірту арқылы, біз қазіргі психологияның даму сабақтастығы мен моделін елестете аламыз.

Он бірінші басылымға енген жаңа материалдар:

- *Құстар автокөліктерге соқтығысып қалмау үшін қандай даму сатысынан өтеді?*
- *Осының барлығы біздің басымызда ма? Психологияда миды зерттейтін ғылым рөлінің артуы.*
- *Федералды тергеу бюросы нәліктен Джеймс Маккин Кеттелдің үйіне шабуыл жасады?*
- *Позитивті психологиядағы соңғы жаңалық – Селигман қозғалысы.*

- *Психологияда мультимедия сыныбын көрсету – 100 жыл бұрын.*
- *Фрейдті қайтадан ұқыпты тұлға есебінде қарастыру.*
- *Олар жорыққа түнде ғана шығатын – Екінші дүниежүзілік соғыста бомбалаушылардың дайындығындағы психологияның рөлі.*
- *Невротиктер үшін таптырмайтын «сусын» – Кока-кола.*
- *Алессандро Вольтаның «таңғажайып» зерттеуі.*
- *Ада Лавлейс: «ғылым патшайымы».*
- *Психологиядағы ең танымал бала – кішкентай Альбертке қатысты ізденістер.*
- *Фрейдтің кокаинге қатысы, жеке өмірі мен нацистерден қашқаны туралы толық ақпарат.*
- *Компьютердің адамның түсін айтып беретіні рас па?*
- *Джон Бродес Уотсонды неліктен депрессия мен өзіне қол жұмсау туралы ой мазалай берді?*
- *Өлдебіреудің миына не әсер етуі мүмкін?*
- *Адамның қай жерде тұратыны қаншалықты маңызды? Түрлі мәдениеттердегі бақыт ұғымы.*
- *Өдепсіздігі үшін 1952 жылы тұтқындалған Алан Тюрингке неліктен 2013 жылы Патшайым кешірім жасады?*
- *Фрейдтің жақында жарық көрген махаббат туралы 1500 хаты.*
- *Тізе рефлексі мен алтын балықтың психология үшін маңызы қандай?*
- *Америкадағы ақпарат құралдары жаңа психология туралы 100 жыл бұрын не жазды?*
- *Студенттердің психология курсын түсінудегі этникалық айырмашылықтары.*
- *XIX ғасырда жындылар салған баспана саяхатшыларды қызықтырып отыр.*
- *1920 жылдары АҚШ-та психологияның дамуы.*
- *Қазіргі нейробиология френологияның жаңа түрі ме?*
- *XVII ғасырдағы механикалық фигуралар мен қазіргі роботтар арасындағы байланыс.*
- *Бақыттың мән-мағынасы мен мақсаты.*
- *Америкалық психологияның дамуына Екінші дүниежүзілік соғыстың әсері.*

Біз бірінші басылымнан кейін араға жылдар салып, он бірінші басылымды әзірлеуге кіріскен кезде психология тарихының қарқынды дамып жатқанына тағы бір мәрте көз жеткіздік. Ол бір орнында тұрып немесе сарқылып қалған жоқ, үздіксіз даму үстінде. Қайта басылып, аударылып, бүгін басқаша бағаланып жатқан ғылыми еңбектерде қисап жоқ. Аталмыш басылымға 180-ге жуық жаңа дерек қосылса, олардың қайсыбірі 2014 жылы жарық көріп, алдыңғы басылымдағы материалдар қайта өңделді.

Біз осы кітапта талқыланатын адамдар мен теорияларға, қозғалыстар мен зерттеу тақырыптарына қатысы бар-ау дейтін қосымша материалдарды веб-сайттардан алдық. Жүздеген сайттың ішінен барынша толық әрі сенімді, ерекше өзекті әрі жаңа деректерді тандап алдық. Кітаптағы «Өзі оқыған дәрістен» деп аталатын бөлімде психология тарихында маңызды тұлғалардың төл туындылары түпнұсқа күйінде беріледі. Психологияның әдістері, мәселелері мен мақсаттары турасындағы айрықша көзқарас иелері болып келетін әр теоретиктің өзіндік қолтаңбасы мен уақыт стилі сол күйінде сақталған. Тараулар барынша қарапайым әрі түсінікті болу үшін қайта өңделіп, редакцияланды.

Біз әр тараудың басында біз негізгі тақырыпты таныстыруға қатысы бар тұлға немесе оқиға төңірегінде өрбитін қысқаша әңгіме ұсынамыз. Бұл бөлімдер студенттерге бірден әңгіменің тақырыбын айқындап, ондағы адамдар мен оқиғалардың шынайы өмірден алынғанына көз жеткізеді. Аталған тақырыптар ішінде:

- *Күміс табақтан тамақтанып, ас қорытып, ішін босататын механикалық үйрек. 1739 жылғы Париждегі бастаңғы. Адам денесі – машина сияқты жұмыс істейтін жаңа түсінікті қалыптастыратын метафора.*
- *Қалашықтағы клоун: оны көргендегі әсер.*
- *Чарльз Дарвиннің әшекейленген көйлек киіп, ыдыстан шай ішетін Дженни-орангутанмен таңғалдыруы.*
- *Неліктен Вильгельм Вундт адам бір мезгілде бірнеше тапсырманы орындай алмайды деп есептеді? Жаңа психологияда мұны қалай түсіндіруге болады?*
- *Психология тарихындағы ең атақты жылқы.*
- *1909 жылы Теннесиде үкіметтің кофеинді сатуға рұқсат беру саясатына қарсы шығу оқиғасы және үкімет саясатындағы қателікті дәлелдеген психолог.*
- *Джон Б. Уотсонның жас аспирант қыздың баласына жүргізген эксперименті.*
- *Тик-так-тау саусақ ойынында Б.Ф. Скиннерді ұтқан жануарлардың ақыл-ой қабілеті, күйтаңдағыш доңыз Присцилла және Құс-ми тауығы.*
- *Вольфганг Келлер психология тарихындағы ең атақты аралда шын мәнінде не істеді?*
- *Фрейдтің бала күніндегі анасы туралы түсі нені білдіреді?*

Аталмыш басылымға бірталай жаңа фотосуреттер, кестелер мен есімдер енгізілді. Әр тарауда сызбалар, пысықтау сұрақтары мен қысқаша оқу парақтары бар. Маңызды терминдер мәтінде қанық түспен, глоссарий беттің арнайы ашық тұсы мен кітаптың соңында берілген. Оқытушыларға арналған қосымшалар:

Онлайн PowerPoint лекциялар слайды (978–1–305–67185–0)

Оқытушының нұсқаулығы тест жинағымен бірге (978–1–305–67184–3)

Cognito бағдарламалар жиынтығы (978–1–305–87617–0)

Вебсайт

Алғыс

Жылдар бойы бізге хабарласып, өз ой-пікірлерімен бөлісіп келген оқытушылар мен студенттердің барлығына алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ біз зерттеу материалдарына қағысты түрлі қолдау көрсеткендері үшін Акрон университеті Америкалық психология тарихы архивінің директоры Дэвид Бэйкер мен оның ұжымына өз разылығымызды жеткізгіміз келеді.

Психология тарихын зерттеу

Сіз клоунды көрдіңіз бе?
Горилла туралы не дейсіз?

Психология тарихын
зерттеу не үшін керек?

Қазіргі психологияның
бастауы

Тарихи деректер: психоло-
гияның өткенін қалпына
келтіру. Шын мәнінде не
болғанын қалай білуге
болады?

Жоғалған және табылған
тарихи деректер

Өзгертілген және жасы-
рылған тарих

Тарихи мәліметтерді өз-
герту: аудармадағы қателік

Контексте: психологияны
сұраушы күштер

Жұмыс факторы

Соғыс факторы

Жаңсақ түсінік пен
кемсітушілік

Қорытынды

Ғылым тарихының
тұжырымдамалары

Тұлғалық теория

Натуралистік теория

Қазіргі психология
эволюциясы кезіндегі
психология мектептері

Кітаптың жоспары

Материалды бекіту
сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Сіз клоунды көрдіңіз бе? Горилла туралы не дейсіз?

Ол тура клоун іспетті. Үстінде ақшыл күлгін костюмі, аяғында қызыл түсті бөтенкесі бар, бет-әлпетіне макияж жасалған, басында ақ парик, мұрны қып-қызыл, жалғыз дөңгелекті велосипедке мініп алған. Сіздің кампусты қайдам, бірақ бізде клоундар күнде кездесе бермейді. Ал кездесе қалған жағдайда, оны байқамай қалмасак керек еді. Жалпы көзге бірден түсетін клоунды қалай байқамай қалуға болады, өзі?

Міне, осы сұраққа Батыс Вашингтон университетінің психологі Айра Хайман жауап іздеуге тырысқан. Ол студенттердің біріне клоун сияқты киініп алып, жүздеген адамдар кіріп-шығып жатқан негізгі оқу ғимаратының алаңқайында велосипед теуіп жүруге өтініш жасайды (Human, Boss, Wise, McKenzie, & Caggiano, 2009; Parker-Pope, 2009).

Содан «сіздер клоунға ұқсас ештеңе байқамадыңыздар ма» деген сауалға жалғыз-жарым жүрген студенттердің тек жартысы ғана «көрдік» десе, жұппен жүргендердің 70 пайызы, ал смартфонмен жүргендердің бар-жоғы 25 пайызы клоунды байқай алған. Сіз барлығының зейінін аудармақ болған клоун үшін бұл бір көңіл құлазытар өкініш болды деп ойлап отырған да боларсыз. Алайда мұның психология тарихына қандай қатысы бар? Әлбетте, заңды сұрақ. Біз бұл сұраққа жауап бермес бұрын, ең алдымен, гориллаға немесе горилла сияқты киініп алған адамға бір уақыт көз салып көрейікші.

Бұл ХХІ ғасырдағы ең танымал психологиялық зерттеулердің бірі болып шықты. Бір топ студент үш адамнан екі командаға бөлінген баскетболшылардың бір-бірімен жылдам доп алмасып ойнайтын қысқа видеороликті тамашалады. Бір команданың ойыншылары қара түсті жейде кесе, екінші команданың ойыншылары ақ түсті жейдеде. Студенттерге берілген тапсырма – ақ түсті жейдедегі ойыншылардың допты бір-біріне қанша рет бергенін есептеу керек (www.theinvisiblegorilla.com/videos.html). Былай қарап тұрсаңыз, қарапайым есеп. Ең бастысы – қалт жібермей, мұқият байқау.

Бір минутқа жетер-жетпес видеороликтің орта тұсына таман горилла болып киінген әйел ойыншылардың ортасына келіп, кеудесін ұрғылайды да, қайта жоқ болып кетеді. Ойыншылар болса, ештеңе болмағандай, бір-біріне доп беруді жалғастыра береді.

Видеоролик аяқталған соң, тапсырма берілген студенттерге: «Сендер санақ жүргізіп отырғанда әдеттен тыс ештеңе байқамадыңдар ма?» – деген сауал қойылады. Олардың жартысы: «Жоқ, ештеңе байқамадық», – деп жауап береді. Олар

сонда горилланы мүлде көрмеген болып шықты! Ал «зейінсіздік» деп аталатын бұл құбылыстың аталмыш мысалы әлемнің түкпір-түкпірінде әртүрлі топ өкілдерінің қатыстырылуымен сан мәрте көрсетіліп басты.

Мысалы, радиологтердің 83 пайызы компьютерлік томографиядан горилланың бейнесін байқамаған (Drew, Vo, & Wolfe, 2013). Қартаң адамдар жас адамдарға қарағанда горилланы аз көрсе, ақ нәсілді адамдар баскетбол алаңында афроамерикалықтан гөрі, ақ нәсілді адамды көбірек байқаған (Graham & Burke, 2011; Brown-Iannuzzi, Hoffman, Payne, & Trawalter, 2013).

Сонымен, клоун мен горилланы зерттеудің психология тарихына қандай қатысы бар? Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, біздің ақыл-ойымыз қазір бір мезетте бірнеше тапсырманы қатар орындауға мүлде қауқарсыз. Бұл бүгін ашылған жаңалық емес. Неміс психологі осыдан тура 150 жыл бұрын, яғни 1861 жылы, біз бүгінде психологияның бастауы атап кеткен уақытта, тура осы құбылысты дәлелдеп шыққан.

Аталмыш тәжірибе (4-тарауды қараңыз) бізге өткенді зерттеудің бүгінгі күнмен қаншалықты қатысы бар екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді. Дей тұрғанмен, біз бұрын жасалған дүниелерге аса мұқият болуға тиіспіз. Тарихтың бізге бүгінгі күн жайлы берер дүниесі мол. Психология саласындағы ертеректе жасалған жаңалықтар ХХІ ғасырда осы ғылымның табиғатын түсінуге көмектеседі. Бұл сіздің «мен мұны неге оқып жатырмын» деген сұрағыңыздың бір жауабы деп білерсіз.

Психология тарихын зерттеу не үшін керек?

Біз қазір ғана психология тарихын не үшін оқу керектігіне бір мысал келтірсек, оның екінші себебі – психологияның әлі күнге дейін мектеп бағдарламасынан түспеуі. Оқу орындарының қайсысы болсын, кез келген маман өз саласының тарихын білгені маңызды деп санайды. 1911 жылдан бастап оқытылып келе жатқан психология тарихы курстары көптеген оқу орындарында міндетті пән болып есептеледі.

374 колледжде өткізілген зерттеу жұмыстары курстық жұмыстардың 83 пайызы психология тарихына арналғанын көрсетіп отыр (Stoloff et al., 2010). 311 психология кафедрасының қатысуымен өткен тағы бір зерттеуде курстық жұмыстардың 93 пайызы осы тақырыпқа арналғаны мәлім болды (Chamberlin, 2010). Бұл тұрғыда психология өзге ғылымдардан оқ бойы озық тұр. Байқасаңыздар, факультеттердің дені белгілі бір саланың тарихын оқыта бермейді. Оның себебі – олар студенттердің білім көкжиегін кеңейтуіне пән тарихы аса маңызды деп есептемейді.

Психология тарихына деген ғылыми қызығушылық арқылы бүгінгі психологияны түсіну барысында сіз психология курстарында алған біліміңізді ой елегінен өткізіп, барлық психологтер бірауыздан мақұлдайтын психологияның ортақ анықтамасы, әдісі не болмаса бірегей формасы болмайтынын қаперден шығармаңыз.

Бір психологтер танымдық функцияларға, басқа біреулері бейсана қызметіне зейін аударса, үшіншілері сыртқы мінез-құлық немесе биохимиялық ойлау процестерімен жұмыс істейді. Қазіргі психология бір қарағанда мінез-құлық пен адам табиғатына қызығушылықты біріктіретін және қандай да бір тұтастай ғылыми амал-тәсілді жасауға талпынатын көптеген пәндерді қамтиды.

Осы салалар мен амал-тәсілдерді реттік контекске біріктіретін жалғыз нәрсе – олардың тарихы, психологияның тәуелсіз пән ретінде дамуы. Психологияның шығуы мен дамуын зерттеу арқылы ғана оның қалыптасу жағдайын анық көре аламыз. Тарихты білу жүйені бір ретке келтіріп, хаосқа мән бітіріп, өткен арқылы бүгінді ұғындырады. Біз тарих бедеріндегі адамдарды, оқиғалар мен тәжірибелерді зерттеу арқылы бүгінгі психологияның қалыптасуына кеткен еңбекті теренірек түйсіне түсеміз.

Бұл еңбек психология тарихын зерттеу арқылы қазіргі психология – психологияның барлық саласын және барлық мәселелерді біріктіретінін түсінуге мүмкіндік береді. Ол түрлі идеялар, теориялар мен тұжырымдамалар арасындағы өзара байланысты ұғынуға, психология атымен аталатын «басқатырғыштың» жеке тізбектері қандай керемет бейне жасайтынын түсінуге көмектеседі.

Психология тарихы – драмаларды, трагедияларды, шынайы қаһармандық, революциялық өзгерістерді, секс пен нашакорлық жағдайларын саралап жеткізетін әңгімелер жинағы. Сіз мұнда сәтсіз бастамалармен, қателіктер және түсініспеушіліктермен ғана емес, сондай-ақ бізге мол мағлұмат беретін, заманауи психологияның негізін құрап отырған таза әрі үздіксіз эволюциямен де танысасыз.

Қазіргі психологияның бастауы

Мұнда тағы бір сауал туындайды: біз психология тарихын қай кезден бастап зерттеуіміз керек? Бұл сұрақтың жауабы біздің *психологияға* қандай анықтама беруімізге байланысты болмақ. Психология тарихы бір-бірін 2000 жыл бөліп тұрған екі әртүрлі уақыт кезеңін қамтиды. Осы себепті де біз психологияны ең ежелгі һәм ең жаңа ғылыми пәндердің біріне жатқыза аламыз.

Ең алдымен, біз Платон, Аристотель және басқа грек ойшылдары бүгінгі психолог-мамандарға қатысы бар мәселелермен айналысқан – біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырдағы адам болмысы мен мінез-құлқы турасында айтылған ой-пікірлер мен болжамдарға мән беруіміз керек. Өйткені дәл осы жерде психологияның кіріспе курстары оқытатын жад (ес), оқып-үйрену, қабылдау, мотивация, ой, сезіну және мінез-құлық патологиясы сынды қайсыбір маңызды тақырыптар турасында сөз болады. Біздің байқауымызша, «осыдан 2500 жыл бұрын негізін қалап, іс жүзінде жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып кеткен» психология тарихшылары арасында аздаған келіспеушіліктер бар көрінеді (Mandler, 2007, p. 17). Сондықтан біз психология тарихын зерттеу барысында, бүгінде психология атап кеткен пәннің бір мәселесі ретінде қарастырылатын, ежелгі философтардың еңбектеріне қайта-қайта оралып отырамыз.

Бір жағынан, психологияны жаңа ғылыми пән ретінде қарастырып, қазіргі психология философиядан жеке пән ретінде бөлініп шыққан, шамамен 200 жыл бұрынғы оқиғаларды жандандырамыз.

Біз осы кітапта сөз болатын қазіргі психология мен оның өткен ғасырлардағы философтардың еңбектерінде пайда болған түп тамыры арасындағы айырмашылықтарды қалай тауып бере аламыз? Негізінде, бұл айырмашылықтың қолданылатын әдістерге қарағанда, адам табиғаты туралы мәселелерге қатысы аз. Осы амал-тәсіл мен әдістерді пайдалану бұрынғы философия пәнін қазіргі психологиядан ажыратуға және психологияның жеке, ғылыми-зерттеу саласы ретінде пайда болғанын анықтауға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдың соңғы ширегіне дейін философтар адам табиғатын болжау, интуиция және жалпылама қорытынды жасау арқылы жеке, өте шектеулі тәжірибе негізінде зерттеген. Философтар биология және басқа да жаратылыстану ғылымдарында сәтті қолданылған құралдарды пайдалана бастаған кезден трансформация басталды. Зерттеушілер мұқият бақылау және эксперимент жасау сияқты адам санасын зерттеу әдістеріне сенімді бола бастағанда ғана психология өзінің философиялық түп тамырынан ажырай бастады.

Психология жаңа пән болып қалыптасқаннан кейін объективті зерттеу әдістерін дамыту қажеттігі туды. Философиядан бөлінгеннен кейінгі психология тарихының басым бөлігі аталмыш пәннің зерттеу құралдары, әдістемелері мен әдістерін үздіксіз жетілдіру мәселелеріне арналады. Бұл процесс психологтерге қойылатын сұрақтар мен олардың жауабына тың көзбен қарап, объективтілікке қол жеткізу үшін ауадай қажет болды.

Егер біз қазіргі психологияға анықтама беретін һәм оны бөлшектейтін күрделі тақырыптарды түсінгіміз келсе, онда психология тарихын айрықша зерттеу әдістемесі мен аналитикалық түсініктемесі қалыптасқан, өз алдына тәуелсіз пән болып шыққан XIX ғасырдан бастап оқуымыз керек. Бұл жердегі бір ескеретін дүние – Платон мен Аристотель сынды ойшылдардың қазіргі күннің өзінде өзектілігін жоғалтпаған мәселелермен айналысқаны шындық, бірақ олардың зерттеу әдістері бүгінгі күннің психологтері қолданатын әдістерден әлдеқайда басқаша. Әрі оларды қазіргі түсініктегі *психолог* деп атауға еш болмайды.

Психология тарихы саласындағы танымал зерттеушілердің бірі – Курт Данцигер адам болмысын зерттеген ежелгі философиялық амал-тәсілдерді қазіргі психологиямен байланыстыруға үзілді-кесілді қарсы. «Психология тарихының психологияның жеке пән ретінде пайда болу кезеңімен шектелетініне» сенетін оның пікірі бойынша, психологияны ежелгі тарихы бар ғылым деп айтуға болмайды (Danziger, quoted in Brock, 2006, p. 12).

Психикалық құбылыстарды зерттеу үшін физика және биология ғылымының әдістерін қолдану идеясының пайда болуына XVII ғасыр мен XIX ғасыр аралығындағы философиялық ойлар мен физиологиялық зерттеу жұмыстары түрткі болған. Қазіргі психологияның дами бастауы дәл осы кезең болғандықтан, біз де әңгімені дәл осы тұстан бастаймыз. XIX ғасыр философтары ой-пікірді зерттеудің эксперименттік амал-тәсілдері жолын жасаса, психологтер осы мәселелерді басқа жағынан шешуге талпынды. XIX ғасыр психологтері ойлау процестері негізіндегі физикалық механизмдерді түсінуге шешуші қадам жасады. Олардың ғылыми әдістері жеке философиялық әдістерден ерекшеленді. Философия мен психологияның одағы дербес күшке ие болған жаңа зерттеу саласын туындатты.

Психологтердің көпшілігі психологияны ғылым деп танығанымен, сауалнама нәтижесі бойынша бұқара халықтың 70 пайызы психологияның ғылыми мәртебесіне сенімсіздікпен қарайды (Lilienfeld, 2012). Сіз осы курстың соңында психология саласының көп бөлігі нақты ғылыми әдістемені қолдану арқылы дамып жатқанына көз жеткізе түссесіз деп үміттенеміз.

Тарихи деректер: психологияның өткенін қалпына келтіру. Шын мәнінде не болғанын қалай білуге болады?

Психологияның даму процесін тану үшін тарихи деректерге жүгінетіндіктен, «Қазіргі психология тарихы» (*A History of Modern Psychology*) кітабында тарих және психология пәндерімен тығыз байланыста боламыз. Психология эволюциясын түсіндіру тарихи деректеріне байланысты болғандықтан, тарихи зерттеулерде қолданылатын әдістер мен қағидаларға қатысы бар тарихнама түсінігін қысқаша түсіндіріп өтейік.

Тарихшыларда кездесетін біраз проблемалар психологтерде жоқ.

Жекелеген адамдардың өмірін, оқиғалар мен дәуірлерді қалпына келтіру үшін қолданылатын тарихи деректер ғылыми деректерден айтарлықтай өзгеше. Ғылыми деректердің басты ерекшелігі – олардың жиналу әдісінде. Мысал үшін, психолог-мамандар адамның қандай жағдайда басқа бір адамның қайғысына ортақтасатынын немесе балалардың теледидар мен видеоойындардағы озбыр әрекетке еліктеп-еліктемейтінін анықтағысы келгенде арнайы жағдаят ойлап тауып, қажетті деректі сол арқылы жинақтайды.

Сондай-ақ психолог-мамандар зертханалық эксперименттер жасап, объектінің шынайы жағдайдағы әрекетін байқап, екі айнымалы шама арасындағы статистикалық корреляцияны есептеп, шолу жасаумен де айналысады. Осы әдістер арқылы олар зерттегісі келетін жағдаятты, не бір оқиғаны бақылауда ұстайды. Мұны өзге

Тарихнама: тарихи зерттеулердің заңдылықтары, әдістері мен философиялық аспектілері.

мамандар әртүрлі уақыт кезеңдері мен түрлі жағдайларда қайта қарап, бағалай алады. Кейінірек алғашқы және кейінгі зерттеу жұмыстарын жаңаша қарау арқылы белгілі бір деректің дұрыстығы айқындалып жатады.

Ал тарихи деректердің жөні бөлек: оларды қайта қалпына келтіруге немесе көшіріп алуға болмайды. Әр оқиға ерте заманда белгілі бір уақытта, бәлкім, жүздеген жылдар бұрын болды және сол оқиғаны көзімен көргендер оның өрбуін егжей-тегжейлі жазбауы да мүмкін.

Болған оқиғаны өзгерту мүмкін емес: әлдеқашан болған оқиғаны бүгінгі күнге алып келіп, зертханадағы ғылыми пікірлердің орынды екенін тексергендей, оқиғаның өрбу процесін, себептері мен салдарын зерттей алмайды.

Тарихи оқиғаларды заманауи ілім-білім арқылы тексергісі келетін бүгінгі тарихшылар өткен оқиғаны бақылауда ұстап, оны қайта қалпына келтіруге қауқарсыз. Егер тарихи оқиғаны тікелей өз көзімен көру мүмкін болмаса, онда тарихшылар бұл оқиғамен қалай жұмыс істей алады? Олар оқиғаны сипаттау үшін қандай деректерге жүгіне алады? Жалпы, шындығында, не болғанын қалай білуге болады?

Тарихшылардың өзі тиісті деректермен жұмыс істеу үшін жағдайды қайта жанғырта алмаса да, бұл шынайы ақпарат мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Біз тарихи деректерді сол заманның куәгерлері һәм жәдігерлері, хаттар мен күнделіктер, фотосуреттер мен ескі зертхана бұйымдары, сұхбаттар мен басқа да ресми дереккөздер күйінде аламыз. Оқиғалар мен бұрынғы зерттеулерді тарихшылар осы дереккөздер арқылы қайта қалыптастырады.

ONLINE ТАРИХ

www.CengageBrain.com

Баспагердің веб-сайтын: www.CengageBrain.com тексеріп, осы мәтінге қатысты қосымша материалдарды табу үшін SCHULTZ HISTORY-ге кіріңіз.

www3.uakron.edu/ahap/

Америкалық психология тарихы архивінде атақты психологтердің кәсіби мақалаларын, зертхана жабдығын, плакаттарды, слайдтарды және фильмдерді қамтитын құжаттар мен материалдық құндылықтар топтамасы бар.

www.apa.org/about/archives/index.aspx

АПҚ тарихи архивіне арналған осы сілтеме сізге Вашингтондағы Конгресс кітапханасындағы АПҚ-ға қатысты тарихи материалды, сондай-ақ ауызекі тарихи оқиғаларды, фотосуреттерді, өмірбаяндарды және некрологтерді орналастыруға көмектеседі.

psychclassics.yorku.ca/ [companion site: psychclassics.asu.edu/] yorku.ca/christo/podcasts.

Канадада, Торонто қаласындағы, Йорк университетінің психологі Кристофер Грин осы сайтты жүргізеді. Ол психология тарихында маңызды оқулықтарды, кітаптың тарауларын және мақалаларды қамтиды. Google-дегі York University History and Theory of Psychology Question & Answer Forum-на психология тарихына қатысты сұрақтар жіберіп, басқа адамдардың сұрақтарына жауап беріп, адамдардың не туралы жазып жүргенін біле аласыз. Грин блогі апталық дыбыстық немесе бейнефайлдарды да ұсынады. Оны сіз yorku.ca/christo/podcasts-тан This Week in the History of Psychology тақырыбы арқылы таба аласыз.

historyofpsychology.org/

Психология тарихы қоғамына (Америка Психологтер қауымдастығының 26 бөлімшесі) арналған веб-сайт студенттік әдебиеттерді, онлайн кітаптарды және журналдарды, плакаттарды, жейделерді, кофе саптыаяқтарын, бейсболқаларды және т.б. психологиядағы ұлы адамдардың фотосуреттерін ұсынады. Сонымен бірге Facebook-тегі мына парақты қараңыз:

www.facebook.com/pages/Society-for-the-History-of-Psychology/86715677509?ref=mf.

АПҚ Youtube сайты студенттер мен көпшілікке арналған зерттеу материалдарына қатысты топтамаларды, психикалық денсаулық туралы пайдалы кеңестерді, психологті қалай таңдау керектігін, депрессия симптомдарын анықтауды, психотерапия туралы видеороликтерді қамтитын түрлі қысқа видеороликтер ұсынады (www.youtube.com/theapavideo).

Бұл, садақтың жебесі, саздан жасалған құмыра қалдықтары немесе қорғандардағы сүйектер сияқты, ежелгі дүние жәдігерлерімен жұмыс істейтін археологтердің жұмысы іспеттес. Олар жоғалған өркениеттердің сипатын қайта жасауға талпынады. Кейде археологиялық экспедициялар жақсы сақталған фрагменттерді де тауып жатады. Ондай жағдайда сол дәуірді нақтырақ қалпына келтіру мүмкіндігі пайда болады. Қазба жұмыстары іспетті, табылған дерек те жұмыстың дәлдігіне, күдік-күмәннің мейлінше аз болуына көмектеседі. Алайда дереккөздердің жойылып, бүлініп кететін немесе қатерге ұшырайтын жағдайлары да кездесіп тұрады.

Жоғалған және табылған тарихи деректер

Қайсыбір жағдайларда, жойылып кетуіне байланысты, тарихи жазбалар толық бола бермейді. Оны әдейі жоғалтатын жағдайлар да кездеседі. Соның жарқын бір мысалы – бихевиоризм мектебінің негізін қалаушы Джон Б. Уотсонмен (10-тарау) болған жағдай. Ол 1958 жылы 80 жасқа келгенде, қайтыс боларының алдында, өзінің өмірі мен жұмысы туралы барлық жарияланбаған деректерді толық жойып, жеке хаттары мен қолжазбаларын өртеп жіберді. Сөйтіп, бұл деректер мәңгілікке келмеске кетті.

Ойламаған жерден табылатын деректер де болады. Мысалы, 2006 жылы Англиядағы үйлердің біріндегі шкафтан 500 беттен астам қолжазба табылған. Корольдік қоғамның 1661–1682 жылдардағы отырыстарынан жазылған бұл ресми хаттамаларды өз дәуірінің танымал ғалымдарының бірі – Роберт Хук дайындаған. Аталмыш құжатта микроскоп сынды жаңа зерттеу құралының көмегімен жасалған бұрынғы жұмыстар және бактерия мен сперматозоидты ашу туралы толық мәлімет бар. Сонымен бірге онда гравитация мен планеталардың қозғалысы туралы мәселелер сөз болатын – Хуктің Исаак Ньютонмен жазысқан хаттары бар болып шықты (Gelder, 2006; Sample, 2006).

1984 жылы оқып-үйрену және есте сақтау мәселелерімен айналысқан мәшһүр ғалым Герман Эббингауздың (4-тарау) зерттеу еңбектері табылды. Бұл кезде ғалымның қайтыс болғанына 75 жыл болып кеткен еді. 1983 жылы психофизиканың негізін қалаушы Густав Фехнердің (3-тарау) қолжазба күнделіктері бар он үлкен қорап анықталды. 1828–1879 жылдарды қамтитын бұл күнделіктер психология тарихының ерте кезеңіндегі ең маңызды уақытқа жатады. 100 жылдан астам уақыт бойы бұл жазбаларды жан адам білмеген. Фехнер мен Эббингауз туралы кітап жазған көптеген автордың осындай құнды еңбекке қол жеткізе алмағаны өкінішті.

Чарльз Дарвиннің бір өзіне (6-тарау) 200-ден астам биографиялық еңбек жазылғанын ескерер болсақ, оның өмірі мен еңбегі жайлы ақпарат дәл әрі толық екеніне сенгін келеді-ақ. Алайда 1990 жылы, яғни Дарвин қайтыс болғаннан кейін арада 100 жыл өткенде, бұрын биографтар білмей келген күнделіктер мен жеке хаттар қамтылған көптеген жаңа материал табылды. Жаңа тарихи деректердің табылуы бас қатырып келген көптеген сұрақтарға жауап беретіні күмәнсіз.

Тарихи деректер ұрланып, қайта қалпына келтірілмейтін сәттер де кездеседі. Мысалы, 1641 жылы италиялық математик – француз философы Рене Декарттың (2-тарау) 70-тен астам хатын ұрлаған. Осы хаттардың біреуі Америка Құрама Штаттарындағы колледждердің біріндегі коллекциядан табылып, хат Францияға қайтарылды (Smith, 2010).

Өзгертілген және жасырылған тарих

Белгілі адамдардың беделін қорғау үшін қайсыбір деректердің әдейі жасырылатын немесе бұрмаланатын жағдайлары да кездеседі. Мысалы, Зигмунд Фрейдтің алғашқы биографы Эрнест Джонс Фрейдтің кокаинге құмар екенін әдейі жасырған. Ол хаттарының бірінде былай дейді: «Фрейдтің кокаинді мөлшерден тыс қолданғаны өтірік емес. Бірақ мен оны (кітапта) көрсеткен жоқпын»

(Isbister, 1985, p. 35). Фрейд туралы тарауда (13-тарау) біз кейінгі табылған деректер арқылы оның кокаинді Джонс көрсеткісі келген уақыттан да ұзақ қолданғанына көз жеткіземіз.

Психоаналитик Карл Юнгтің хаттары жарыққа шыққан кезде автордың өзі және оның еңбегі туралы мейлінше жақсы көзқарас қалыптастыру жағы басты назарда болған. Бұған қоса, Юнгтің өмірбаянын оның өзі емес, сенімді көмекшісі жазғаны да анықталып отыр. Юнгтің сөздері «оның отбасы мүшелері мен ізбасарлары қалағандай өзгертіліп... жағымсыз материалдар, әлбетте, түсіп қалған» (Noll, 1997, p. xiii).

Осыған ұқсас жағдай гештальт-психологияның негізін қалаушылардың бірі – Вольфганг Келлердің (12-тарау) өмірі мен қызметіне де қатысты болып отыр. Келлердің өмірбаянын баспаға дайындаған маман оның жағымды бейнесін қалыптастыру үшін материалдарды әбден сұрыптаған. Зерттеушінің жазуынша: «Осы қағаздарды оқыған кезде бұл құжаттар Келлерді жағымды жағынан көрсету үшін мұқият сұрыпталған деген ой пайда болды. Мұнда Келлерді мадақтайтын сөздер ғана келтірілген». Деректермен жұмыс істейтін тарихшылар тарихи материалдардың шынайы құндылығын анықтау кезіндегі басты қиыншылық – кітапты құрастыратын адамның материалды біржақты беруі екенін айтады (Ley, 1990, p. 197).

Тарихи деректердің бұрмалануына қатысушылардың маңызды оқиғаларға байланысты іс-әрекеттері де әсер етуі мүмкін. Адамдар өзін-өзі қорғау немесе қоғамдағы беделін күшейту үшін жалған деректерді саналы һәм бейсаналы түрде құрастыруы мүмкін. Мысалы, Фрейд өзін медициналық және психиатриялық мекемелер жек көретін азапталушы, қиялылығы үшін қуғындалған бейшара етіп көрсеткенді жақсы көретін. Фрейдтің алғашқы биографы Эрнест Джонс оның осы бейнесін өз еңбектерінде тіпті қалыңдата түсті (Jones, 1953, 1955, 1957).

Ал кейінгі табылған деректерде Фрейдтің бейнесі мүлде басқа қырынан көрінді. Шынтуайтында, оның жұмыстары көзі тірісінде мүлде ескерусіз қалған емес. Орта жастағы Фрейдтің идеялары жас зияткерлер буынына қатты әсер етті. Оның емдеу тәжірибесі қарыштап дамып, өзі атақты тұлғаға айналды. Өзі жөнінде нашар түсінік қалыптастырған – Фрейдтің өзі. Өмірбаяншылар оның сол жалған бейнесін тасқа бастырған соң, Фрейдтің ғұмырнамасы ондаған жылдар бойы шындықтан мүлде алшақтап кетті.

Бұл – тарихи материалдарды сараптау кезінде ғалымдар тап болатын қиындықтардың бір мысалы. Жалпы адамның өмірі мен қызметіне қатысты деректерді айқындайтын мәліметтерге немесе құжаттарға сенуге бола ма? Жағымды немесе жағымсыз бейне қалыптастыру үшін деректер қасақана бұрмаланған емес пе? Бұл жайында тағы бір биограф былай дейді: «Бір адамның болмысын зерттеген сайын ол туралы жазылған барлық жазбалар мен естеліктердің ойдан құрастырылғанына еш күмәнім қалмады. Бұра тарту барда, атакқұмарлық пен сезім араласқан, я болмаса жай ғана қарапайым дәлдік сақталмаған жерде абсолют шындық та өмір сүрмейді» (Morris, quoted in Adelman, 1996, p. 28).

Фрейд оны тіпті өткір айтады: «Өмірбаянды жазатын адам өзінің түсінбеген дүниесін жасыру үшін жалғандыққа, бірдеңені жасырып қалуға, екіжүзділік пен әсірелеуге жақын тұрады. Өмірбаянның шынайы шықпайтыны да содан» (quoted in Cohen, 2012, p. 7).

Құпия сақталған тарихи деректердің бір мысалы – Зигмунд Фрейд. Фрейд қайтыс болған 1939 жылдан кейін оның еңбектері мен жазған хаттарының жария болмағаны кемде-кем. 2011 жылы қаншама жылдар бойы құпия сақталған – Фрейдтің өзі үйленгісі келген әйелге жазған 1500 хатының бірінші томы жарық көрді (Bollack, 2011). Фрейдтің 153 қораптан тұратын жеке құжаттар жинағы Вашингтондағы АҚШ Конгресінің кітапханасында тұр. Фрейдтің өсиеті бойынша бұл құжаттардың біразы белгілі бір уақытқа дейін құпия сақталмақ. Мұның бәрі Фрейдтің пациенттері мен олардың отбасыларының жеке өмірін, сондай-ақ Фрейдтің өзі мен оның ұрпақтарының абыройын қорғаудан туындап отыр.

Фрейдтің үлкен ұлынан алған хаттарының бірі 2032 жылға дейін құпия сақталса, жиенімен жазысқан хаты 2050 жылға дейін жарияланбайды. Фрейдтің ұстаздарының бірі жазған хат тіпті 2116 жылға дейін құпия сақталады дейді. Ол кезде Фрейдтің қайтыс болғанына шамамен 177 жыл болатынын ескерсек, соншалықты ұзақ рұқсат берілмейтіндей, онда маңызды не бар екен деп, еріксіз қайран қаласың. Ал қызы Анна мен жеңгесіне жазған хаттары сияқты кейбір дүниелері қашан жария болатыны мүлдем белгісіз. Психологтер аталмыш архивтік құжаттардың Фрейд пен оның қызметін танып-білуге қаншалықты көмектесетінін білмейді. Қалай болған күнде де, тарихи деректер толық қолжетімді болмайынша, психология тарихындағы ең маңызды тұлғалардың бірі турасындағы біздің таным-түсінігіміз дүдәмал болып қала беретіні даусыз.

Тарихи мәліметтерді өзгерту: аудармадағы қателік

Тарихи мәліметтерге қатысты проблеманың енді бірі – мәліметтің тарихшылардың қолына жаңсақ аударма арқылы жетуі. Аудармадағы бұрмаланған ой туралы мысалдар бізді қайтадан Фрейдке жетелейді. Психологтердің дені, әрине, Фрейдтің жазған дүниесін түпнұсқада оқи алатындай неміс тіліне жетік емес.

Фрейдтің тұлға теориясында үш негізгі түсінік бар: олар – *id*, *ego* және *superego*. Бұл сөздер сізге түсінікті көрінгенімен, Фрейдтің идеяларын толық түсіндіріп бере алмайды. Латын тіліндегі бұл сөздердің немісше баламалары: *id* – *Es* («Ол»), *ego* – *Ich* («Мен») және *superego* – *Über-Ich* («Меннен жоғары»).

Фрейд *Ich* (Мен) арқылы ішкі һәм жан дүниені сипаттап, оны «Меннен» өзгеше немесе бөтен күштерді бейнелейтін *Es*-тен (Ол) айырғысы келді. Аудармашылар «Менді» *ego* мен *id* арқылы бергендіктен, «ол адаммен ешқандай байланысы жоқ құрғақ техникалық терминге айналып кетті» (Bettelheim, 1982, p. 53). Осы себепті де «мен» және «ол» (*ego* мен *id*) терминдерінің арасында ешқандай айырма болмай қалған.

Фрейдтің «еркін ассоциация» терминіне назар аударайықшы. Мұндағы «ассоциация» сөзі әдетте бірі арқылы екіншісі пайда болатын қандай да бір идея мен ойдың арасындағы байланысты білдірсе, Фрейдтің айтпағы мүлде басқа. Оның неміс тілінде қолданған *Einfall* сөзі «ассоциация» деген мағынаны бермейді. Егер сөзбе-сөз аударсақ, ол «басып кіру» немесе «жаулап алу» дегенді білдіреді. Фрейд бұл жерде ой байланысы емес, бейсананың – адамның саналы ойына енетін һәм баса-көктеп кіретін тежеусіз күш екенін айтқысы келген.

Бұл – Фрейдтің тұспалдаған ойымен толық сәйкес келмейтін мысалдар. Осылайша, тарихи дерек болып саналатын Фрейдтің жеке сөздері аударма барысында бұрмаланған болып шықты. Бұл жерде біздің ойымызды «Аудару дегеніміз – өзгерту» (*Traditore* – *Traduttore*) деген итальян мақалы дәл жеткізетін сияқты.

Тарихи деректерге қатысты мәселелер психология тарихын зерттегенде не үшін керек? Олар, ең алдымен, біздің тарихты түсінуіміз үнемі қозғалыс үстінде екенін көрсетеді. Жаңа деректер пайда болған сайын, тарих әрдайым өзгеріп тұрады, терендей түседі, нақтыланады немесе жаңа мазмұнға ие болады. Сол себепті тарих аяқталған немесе толық болып есептелмейді. Ол үнемі өзгеріске ұшырап отырады, оның соңы болмайды. Тарихшының әңгімесі шындыққа жақындай түседі, бірақ тарихшы тарих деректерінің фрагменттерін тауып, талдаудан өткізген сайын оны толықтыра түседі.

Контексте: психологияны құраушы күштер

Психология ғылымы вакуумда дамымайды. Ірі мәдениеттің бір бөлшегі болып саналатын ол психологияның табиғаты мен бағытын қалыптастыратын ішкі және сыртқы күштердің ықпалына ұшырайды. Психология тарихын оқу аталмыш пән пайда болып, дамыған контекст пен белгілі бір уақыт кезеңіндегі ғылым мен мә-

Zeitgeist: жалпы зияткерлік және мәдени атмосфера, «уақыт рухы».

дениеттегі басым идеяларға (*Zeitgeist* немесе зияткерлік «уақыт рухы») әлеуметтік, экономикалық және саяси күштерге қарағандай қарау керек.

Осы еңбекте біз ежелгі заманда және қазіргі таңда контекстік күштердің психологияға қалай әсер еткені және әсер етіп жатқаны туралы мәселелерді жиі қарастырамыз. Олар тіпті біздің жан күйзелісімізді қалай анықтап, одан қалай айығатынымызға да әсер етеді (Clegg, 2012). Біз әзірге жұмыс пен соғыс, жансақ болжамдар мен кемсітушілік сияқты бірнеше контекстік күштерге мысал келтіреміз.

Жұмыс факторы

XX ғасырдың басында АҚШ-та психологтердің жұмысы мен психологияның өзінде елеулі өзгерістер болды. Экономикалық факторлардың әсерінен күнделікті өмірде психологиялық білім мен әдістерді қолдану мүмкіндіктері артты. Мұны қарапайым тілмен түсіндірсек, ғылым практикаға айналды. Осы жағдаятқа орай бір психологтің: «Мен өмір сүру үшін қолданбалы психологиямен айналыстым», – дегені бар еді (H. Hollingworth, quoted in O'Donnell, 1985, p. 225).

XIX ғасырдың соңында АҚШ-та психологиялық зертханалар саны ұлғайып, зертханаларда жұмыс істейтін психологтердің саны да тиісінше артты. 1900 жылдары доктор дәрежесі бар психологтердің саны зертханалардың санынан үш есе көп болды. Батыс штаттары мен Ұлы көлдер аймағындағы жаңадан құрылған университеттерде оқытушылар үшін жаңа жұмыс орындары көптеп ашылды. Алайда оқу орындарының көбінде психология жас ғылым ретінде аз қаржыландырылды. Физика және химия сияқты беделді пәндермен салыстырғанда, психология жыл сайын бөлінетін қаржы тізімінде ең соңғы орында тұрды. Бұл саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына, зертханалық жабдық пен оқытушылардың жалақысына да бөлінетін қаражат мардымсыз еді.

Егер психология факультеттерінде бюджет пен кірісте оң өзгерістер болып жатса, оқу орындарының басшылығы мен заң шығарушыларға әлеуметтік, тәрбие және өндірістік мәселелерді шешуге психологияның көп көмегі тиетінін көрсете алатындарына психологтердің көздері жетті. Көп кешікпей психология факультеттеріне практикалық құндылығы бар мекеме есебінде қарау үрдісі пайда болды.

Дәл осы кезде, Құрама Штаттардағы әлеуметтік өзгерістер нәтижесінде, психологияны іс жүзінде қолдану мүмкіндігі пайда болды. Келімсектердің саны көбеюі мен олардың арасында бала туу көрсеткішінің жоғары болуы жаппай білім беру саласын қарқынды дамытын индустрияға айналдырды. Күніне бір мектептен салынған 1890–1918 жылдар аралығында тіркелген тегін орта мектептер саны 700 пайызға өсті. Әскери және әлеуметтік бағдарламаларға қарағанда, білім саласына көбірек қаржы бөлінді.

Көптеген психологтер осы мүмкіндіктерді пайдаланып, өз білімдері мен зерттеу жұмыстарын іске асырып жатты. Америкалық психологияға түбегейлі өзгеріс әкелген бұл жаңалықты университет зертханаларындағы эксперименттер мен психологияны оқыту һәм тәрбиелеу құралына айналдыра бастаған процестерден байқауға болатын еді.

Соғыс факторы

Қазіргі психологияның қалыптасуына ықпал еткен тағы бір күш – соғыс. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыста жауынгерлерге психологиялық көмек көрсету тәжірибесі практикалық психологияның дамуын тездетіп, оның кадр саясаты, психологиялық тестілеу және қолданбалы психология салаларындағы ықпалын арттырды. Осы жұмыс қоғамға психологтер қауымдастығы мен психологияның күнделікті өмірдегі мәселелерді шешуде қаншалықты пайдалы екенін көрсетті.

Екінші дүниежүзілік соғыс Еуропада, әсіресе эксперименттік психология пайда болған Германия мен психоанализдің отаны Австрияда психологияның келбеті мен тағдырын өзгертті. 1930 жылдары нацистерден бас сауғалаған көптеген танымал зерттеушілер мен теоретиктер Америкаға қоныс аударды. Осы көші-қон арқылы психология XX ғасырдағы өз орнын Еуропадан АҚШ-қа түбегейлі өзгертті.

Соғыс бірнеше танымал теоретиктердің идеяларына да айтарлықтай әсер етті. Мысалы, Бірінші дүниежүзілік соғыстың қанды қырғынына куә болған Фрейд озбырлық пен жыныстық қатынасты адам болмысының маңызды қозғаушы күші деп есептеді. Бұл пікір оның психоанализ жүйесіндегі жаңа кезеңінің бастамасына жол ашты. Ал жеке тұлға теориясының маманы, соғысқа қарсы белсенді Эрих Фромм бар назарын соғыс кезінде Германияда кең таралған – фанатизм сияқты мінез-құлық патологиясын зерттеуге аударды.

Жаңсақ түсінік пен кемсітушілік

Контекстік факторлардың енді бірі – нәсілдік, дін мен жыныстық тұрғыдан кемсітушілік болып табылады. «Кімнің психолог болғысы келеді дейсің немесе психологтерге жұмыс қайдан табылады» деген сыңаржақ пікір жылдар бойы адамдардың санасынан арылмады.

Әйелдерді кемсітушілік. Психология тарихының алғашқы кезеңдерінде әйелдерге деген теріс түсінік өте күшті болды. Атап айтқанда, әйелдерге жоғары оқу орындарына түсуге рұқсат бермеу немесе жұмысқа қабылдамау жағдайлары жиі кездесті. Тіпті әйел адам оқытушы қызметіне орналасса да, оның жалақысы ер-азаматтарға қарағанда өте төмен болды. Сондықтан әйелдер қызмет бабымен өсу және қызмет мерзімін ұзарту кезінде түрлі қиындықтарға ұшырасты. Әйелдерге оқытушылық қызмет ұсынатын әйелдер колледжінің өзі көбіне тұрмыс құрған қыздарды жұмысқа алмайтын. Оның себебі – тұрмысқа шыққан әйелдер үй шаруасы мен жұмысты бір мезгілде қатар алып жүре алмайды деп есептелді.

Элеанор Гибсон – Америка психологтер қауымдастығының (*бұдан әрі – АПҚ*) марапатын, сондай-ақ бірнеше құрметті доктор дәрежесі және перцептивті даму мен оқыту саласындағы еңбегі үшін Ұлттық Ғылым медалін иеленген адам. 1930 жылдары Гибсон Йель университетінің магистратурасына құжаттар тапсырған кезде, приматтарды зерттеу зертханасының директоры факультетте әйел адамның жұмыс істеуіне жол берілмейтінін айтқан. Оған фрейдтік психология семинарларына қатысуға тыйым салынды. Әйелдерге магистранттарға арналған кітапхананы пайдалануға немесе ерлерге ғана арналған дәмханаға кіруге рұқсат етілмеді.

30 жылдан кейін де жағдай қатты өзгере қоймады. Баланың дамуын зерттейтін психологі Сандра Скарр 1960 жылы Гарвард университетінің талапкері болған кездегі сұхбаттасудың қалай өткенін өмірі ұмытпайды. Өлеуметтік психология маманы Гордон Олпорт сонда оған: «Біз факультетке қыз балаларды ала бермейміз. Студент қыздардың 75 пайызы тұрмыс құрады, бала туады және ешқашан оқуын қайта жалғастырмайды. Қалған 25 пайызы ғылым үшін ешқандай үлес қоспайды», – деген екен. Скарр әңгімесін былай жалғайды:

«Кейін мен тұрмысқа шықтым. Магистратураның үшінші құрсында жүргенімде босанып едім, сол мезетте-ақ оқудан шығарып жіберді. Маған ешкім ғылыммен айналысатын адам ретінде қарамады. Ұсыныс хат жазып, жұмыс табуға бірде-бір адам қол ұшын созбады. Кішкентай баласы бар жас әйел ғылымға үлес қосады дегенге ешкім сенбеді. Қақпаған есігім жоқ. Табанымнан тозып жүріп, ақыры, жұмыс таптым. Мені әріптестерім арада он шақты жылдар өткенде, қанишама ғылыми мақалалар жариялағаннан кейін ғана психолог ретінде мойындай бастады» (1987, р. 26).

Осындай ашық кемсітушіліктің болғанына қарамастан, XX ғасырдың басында психология саласы бойынша доктор дәрежесін алған әйелдердің саны жиырмаға жетті. «Американың ғылым қайраткерлері» (*American Men of Science*) (атауына назар аударыңыз) анықтамалығының 1906 жылғы деректері бойынша психологтердің 12 пайызын әйелдер құраған. Жоғары білім алу жолындағы қиыншылықтарды ескеретін болсақ, бұл өте жоғары көрсеткіш саналады. Оларға АПҚ-ға мүше болуға жақсы қолдау көрсетілді.

Ақыл-ой қабілетін сынақтан өткізу саласындағы алғашқы мамандардың бірі – Джеймс Маккин Кеттелл (8-тарау) психологиядағы әйелдердің орны үшін жанталаса күресіп, өзінің ер-азамат әріптестеріне «жыныстық ерекшелікке екіпін түсіре бермеу керектігін» де ескертіп отырған (unpublished letter quoted in Sokal, 1992, p. 115). Кеттеллдің табанды еңбегінің арқасында АПҚ ғылыми ұйымдардың арасында бірінші болып өз қатарына әйелдерді қабылдады.

1893 жылдан бастап 1921 жылға дейінгі мерзім аралығында 79 әйел АПҚ мүшесі атанса, бұл сол кездегі қауымдастыққа қабылданған жалпы жаңа мүшелер санының 15 пайызын құрайтын. Әйелдер 1938 жылы «Американың ғылым қайраткерлері» тізіміндегі барлық психологтердің 20 пайызын құраса, АПҚ-дағы мүшелердің шамамен үштен бір деңгейіне жетті. 1941 жылдың басында 1000-нан астам әйел психология мамандығы бойынша магистр атанса, PhD дәрежелі психологтердің төрттен бір бөлігін әйелдер қауымы құрады (Capshaw, 1999). Қазіргі таңда психология саласындағы барлық жаңа PhD докторларының 75 пайыздан астамы әйелдер.

АПҚ-ның 35-бөлімшесі болып саналатын Әйелдер психологиясы қоғамының *Psychology of Women Quarterly* атты журналы мен *The Feminist Psychologist* атты ақпараттық хабаршысы бар. Бұларға қосымша, олардың құзырында мультимедиялық сандық архив пен Психологиядағы әйелдер дауысы (www.feministvoices.com), Twitter-дегі аккаунт (@feministvoices) пен YouTube арнасы ([psychfeministvoices](http://psychfeministvoices.com)) бар (Pickens, 2013).

Этникалық белгілері бойынша кемсіту. XX ғасырдың 60-жылдары еврейлер колледждер мен магистратураға квотамен ғана түсе алатын еді. Бұл үдеріс сол уақытта элиталық университет саналатын үш оқу орны – Гарвард, Йель мен Принстонда кеңінен қолданылғанын зерттеу жұмыстары айқындап отыр. Қабылдау бөлімдерінің қызметкерлері мен университет басшылары «еврейлердің қаптап кетуін» қатаң бақылауда ұстау қажеттігі туралы жиі мәлімдейтін. 1922 жылы Йель университеті қабылдау комиссиясының төрағасы «Еврей мәселесі» тақырыбына баяндама жасап, онда еврейлерді «жат және лас элемент» деп сипаттады (Friend, 2009, p. 272). 1938 жылы еврейлерді нацистік Германиядан көшіріп алуға көмектесу жайлы мәселе көтерілгенде, Йель университетінің бір топ студенті: «Біз еврейлерді ұнатпаймыз. Олар Йель университетінде тым көп», – деп мәлімдеді (Olson, 2013, p. 381).

Өткен ғасырдың 20-жылдары Гарвард университеті оқуға түсуге өтініш берген еврейлерді 10–15 пайыздан артық қабылдамау саясатын ұстанды. Осы элиталық оқу орындарына түскен еврейлер жиі окшауланып, оларға студенттік қоғамдарға кіруге, беделді түскі астарға баруға немесе әлеуметтік клубтарға кіруге рұқсат етілмеді. Еврей студенттерінің көп болуы қауіп ретінде қарастырылды. Тіпті сондағы ғалымдардың бірі: «Еврейлер кірді дегенше, Принстон университеті құрылды дей бер!» – деп салды (Kagabel, 2005, p. 75).

Оқуға түсіп, кейіннен докторлық дәреже алған еврей студенттері де түрлі кедергілерді көріп бақты. Көптеген колледждер мен университеттер еврейлерді оқытушылық жұмысқа қабылдамады. 1941 жылы докторлық дәрежеге ие болған жеке тұлға теориясы жөніндегі жетекші маман Джулиан Роттер (11-тарау) өзіне «еврейлерді біліктілігін растайтын құжаттары болса да, оқытушылық жұмысқа алынбайтыны» туралы ескерту жасалғандығын еске алады (1982, p. 346). Сол

себепті ол өзінің еңбек жолын университетте емес, мемлекеттік психиатрия ауруханасында бастады.

Висконсин университетінің профессорлары Абрахам Маслоуға (14-тарау) ғылыми қызметкер болу үшін есімін «еврейлік нісі шықпайтын» өзге есімге ауыстыруға кеңес берді (Hoffman, 1996, p. 5). Бірақ ол бұл ұсыныстан бас тартты.

Гарвард психологі Э.Б. Боринг өз магистранттарының бірі туралы былай жазды: «Ол – еврей, сол себепті біз оған оқытушылық қызмет ұсына алмаймыз. Ғылыми ортада, оның ішінде әсіресе психология саласында, еврейлерге қатысты ұнамсыз пікірлер көп» (quoted in Winston, 1998, pp. 27–28). Міне, осыған ұқсас жағдайлар көптеген арғы тегі еврей психологтердің клиникалық психологиямен айналысуына себепкер болды. Осының салдарынан олардың ғылым саласындағы әрекеттері нәтижесіз болғанымен, жұмыс табу мүмкіндіктері көбейді.

1945 жылы «Клиникалық психология журналының» (*Journal of Clinical Psychology*) редакторы психология мамандығы бойынша оқуын жалғастырғысы келген еврей талапкерлері үшін шектеу енгізуді ұсынды. Ол ғылымның осы саласында қандай да бір топтың «көбеюі» қате деп санады. Оның ойынша, егер еврейлердің дені клиника психологі болатын болса, бұқара халық клиникаға барудан бас тартуы мүмкін деп есептеді. Абырой болғанда, бұл ұсынысқа көптеген психологтер қарсылық білдірді (Harris, 2009).

Психология тарихында ұзақ уақыт бойы құқай көргендердің бірі – афроамерикалықтар еді. 1940 жылы АҚШ-та психология бөліміне қара нәсілді студенттерді қабылдайтын төрт-ак колледж бар-тын. Негізінен ақ нәсілді студенттер оқитын университетке қабылданған қара нәсілділер оқу барысында түрлі кедергілерге тап болатын. 1930–1940 жылдары көптеген университеттер университет қалашығында қара нәсілді студенттердің өмір сүруіне рұқсат бермейтін. Психология бойынша докторлық қорғаған алғашқы қара нәсілді студент – Фрэнсис Самнер 1917 жылы аспирантураға түсу мүмкіндігіне ие болды. Самнердің ғылыми жетекшісі оны «басқа нәсілдің көптеген өкілдері ұнамсыз санайтын ақыл-ой мен дене сымбатынан ада түрлі түсті нәсіл өкілі» ретінде сипаттады (Sawyer, 2000, p. 128). Самнер Кларк университетінің аспирантурасына түскен кезде, оқу орнының әкімшілігі оған ас ішетін бөлек үстел әзірледі.

Психологияны қара нәсілді студенттердің дені Вашингтонның Говард университетінде оқыды. Аталмыш оқу орны 1930 жылдары сол себепті «қара Говард» деген атқа ие болды (Phillips, 2000, p. 150). 1930–1938 жылдары оңтүстік штаттардан тыс жерде психология саласы бойынша оқуын жалғастырған қара нәсілді студенттердің саны бар-жоғы 36 болса, олардың дені Говард университетінде оқыды (Guthrie, 1976). 1920 жылдан бастап 1950 жылға дейінгі аралықта 32 қара нәсілді студент психология бойынша докторлық дәрежесін иеленді. 1920–1966 жылдар аралығында АҚШ-тағы ең танымал 10 психологиялық факультет 3700 гранттың 8 грантын ғана қара нәсілді докторанттарға бөлді (Guthrie, 1976; Russo & Denmark, 1987). 1933 жылы Инез Беверли Проссер психология саласында докторлық дәрежесін алған алғашқы афроамерикалық әйел атанды. Осыған қарамастан, ол қара нәсілді студенттер білім алатын оңтүстік штаттардың кішігірім колледждерінде ғана сабақ бере алды (Benjamin, 2008).

Кейін балаларды нәсілдік сегрегациялау салдарын зерттеумен айналысқан Кеннет Кларк 1935 жылы Говард университетін бітіріп, психология саласында бакалавр дәрежесіне ие болды. Оның нәсіліне байланысты Вашингтон мейрамханалары оған қызмет көрсетуден бас тартатын. Ол сегрегацияға қарсы студенттік наразылық акциясын ұйымдастырды. 1934 жылы тұтқындалып, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін айыпталды. Оның айтуы бойынша, дәл осы оқиға оның тұлға болып қалыптасуына көп ықпал етті (Phillips, 2000). Кларк Корнелл университетінің аспирантурасына нәсіліне байланысты қабылданбады. Кларктың айтуынша, олар оған мұны: «Ғылым докторы дәрежесін алуға үміткерлер «үлкен»

адамдармен байланыс орнату мүмкіндігіне ие болады. Сен, профессорлармен тығыз байланыста жұмыс істейтін болғандықтан, ертең өзіңді ыңғайсыз сезінетін боласын», – деп түсіндірген (Clark, quoted in Numan, 2010, p. 84). Кларк – 1940 жылы Колумбия университетінде докторлық дәрежесін алған және Нью-Йорк колледжінде профессор қызметінде жұмыс істеген алғашқы афроамерикалық (Philogene, 2004).

Колумбия университетінде докторлығын қорғаған Мами Фиппс Кларк – нәсілшілдікке қоса, жыныстық кемсітушілікті де басынан өткерген адам. Ол: «1940 жылдардың басында оқуды аяқтаған, психология ғылымдарының докторы дипломы бар қара нәсілді әйел Нью-Йоркте қажетсіз элемент болып саналды», – деп жазды (M. P. Clark, quoted in Cherry, 2004, p. 22). Оның күйеуі Кеннет Кларк Сити колледжінде жұмыс істесе де, Мами Фиппс Кларкке оқытушы жұмысы бұйырмай-ақ қойды. Деректерді талдау сияқты қосалқы жұмыспен айналысқан ол мұны «психология ғылымдарының докторы дәрежесі бар адамды қорлау» деп санады (M. P. Clark, quoted in Guthrie, 1990, p. 69). Кеннетпен ақылдаса отырып, Мами Кларк балаларға психологиялық көмек көрсету орталығын ашты. Екеуінің еңбегі еш кетпеді. Мамидың орталығы баланы дамыту жөніндегі әйгілі орталыққа айналды. 1939–1940 жылдары ерлі-зайыпты Кларктер қара нәсілді балалардың нәсілдік сәйкестігі және олардың өзін-өзі бағалауы турасында маңызды зерттеу жұмысымен айналысты. Оның қорытындысы 1954 жылы АҚШ Жоғарғы сотының қоғамдық мектептердегі нәсілдік сегрегациялауға жол бермеу жайлы шешімі шыққан отырыста негізге алынды. 1971 жылы Кеннет Кларк Америка психологтер қауымдастығының президенттігіне сайланған алғашқы афроамерикалық болды.

Айтарлықтай жетістікке жеткеніне қарамастан, Кларк өзінің өмірін «адам сенбес сәтсіздіктерге» толы өмір деп есептеді. 78 жасында ол: «Жиырма жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда мен қазір пессимистіпін», – деді (K. Clark, quoted in Severo, 2005, p. 23). Қара нәсілді адамдар үшін докторлық дәрежеге қол жеткізу кедергілердің тек алғашқысы болса, одан кейінгі қиыншылық лайықты жұмыс табу болатын. Қара нәсілді психологтерді оқытушылық қызметке қабылдайтын университеттер саусақпен санарлықтай ғана еді. Ал әйел психологтер үшін негізгі жұмыс көзі болып саналатын қолданбалы психология қызметінің есігі афроамерикалықтар үшін тарс жабық-тын. Өдетте қара нәсілді ғалымдар афроамерикалықтарға арналған дәстүрлі колледждерде ғана сабақ берді. Алайда бұл оқу мекемелеріндегі жұмыс жағдайы ғылыммен айналысып, ғылыми ортаға өзін танытуға көп мүмкіндік бермеді. 1936 жылы қара нәсілді профессорлардың бірі осындай колледждегі жағдайды былай сипаттады:

«Ақшаның жетіспеуі, артық жүктемемен басқа да мәселелер ғылыммен айналысуға мүмкіндік бермеді. Көп жағдайларда олар өз жалақысына керек кітапты да сатып ала алмады. Мектеп кітапханасында оған қажет әдебиеттер болмайтын. Себебі қара нәсілді мектептерде ғылыми кітапхананың жағдайы мәз емес еді. Бірақ бәрінен де қиыны – ғылыми орта мен соған лайық атмосфераның жоқтығы еді. Көптеген мектептерде ғылыми жұмыспен айналысуға ынта мен ақшаның жоқтығы көп кедергі болды» (A.P. Davis, quoted in Guthrie, 1976, p. 123)

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап АПҚ жоғары білім алатындар мен факультеттерде оқытушы қызметін атқаратындардың арасында этникалық азшылық өкілдерінің санын көбейтуге айтарлықтай күш салып бақты. Алайда, бұл қарекеттерге қарамастан, доктор дәрежесі бар афроамерикалықтар мен испан тілді америкалықтардың психология ғылымындағы саны бәрібір аз болып қала берді.

Психология саласына маманданатын азшылық топтың студенттері ақ нәсілді студенттерге қарағанда өздерінің оқитын факультеттеріне, курстары мен оқулық-

тарына қанағаттанбады. Сондағы бір студенттің бұл туралы: «Бізге ғылыммен айналысуға жағдай жасандаршы, түге!» – дегені бар-тын (Lott & Rogers, 2011, p. 209). АПҚ-да «Мәдениетті, этникалық қатыстылық пен нәсілді психологиялық зерттеу қоғамы» атты бөлімше құрылды. Ол «Мәдени алуантүрлілік пен этникалық азшылық психологиясы» (*Cultural Diversity and Ethnic Minority Psychology*) атты журнал шығарып отырады. Қара нәсілді психологтер қауымдастығы «Қара нәсілді психология журналын» (*Journal of Black Psychology*) басып шығарады. Азия–Америка психология қауымдастығы «Азия–Америка психология журналын» (*Asian American Journal of Psychology*), Ұлттық Латын психология қауымдастығы «Латын психологиясы журналын» (*Journal of Latina/o Psychology*) басып шығарады.

Қорытынды

Білім алу мен жұмысқа тұру кезінде түрлі кедергілер көрген әйелдер мен этникалық азшылық өкілдерінің проблемасын сөз еткенде мына бір жайтты да ескергеніміз өте маңызды: біз осы және басқа да кітаптарда психология саласына үлес қосқан әйелдер мен этникалық азшылық өкілдерінің аз да болса бар екенін мойындаймыз. Дегенмен осы саладағы алатын орнына сәйкес, ақ нәсілді азаматтардың бұл кітапта айрықша назарға алынғаны да өтірік емес. Алайда бұл біреуді әдейі кемсітуден туған дүние емес, тарихтың жазылу ретіне қарай болатын құбылыс.

«Психология тарихы осы саланың әр замандағы ең елеулі жетістіктерін сипаттап қана қоймай, маңызды мәселелерін ұғындырып, «ұлы тұлғаларын» танытады. Алайда күнделікті қара жұмыс істейтін қатардағы ғылыми қызметкерлердің аты кітаптарға көп кіре бермейді. Белгілі бір адамдар болмаса, жалпы дәрісті жақсы оқитын, емделушілерді дұрыс емдейтін, эксперименттерді сәтті өткізетін һәм маңызды деректерді әріптестерімен бөлісіп отыратын психологтер көпшілікке танымал емес» (Pate & Wertheimer, 1993, p. xv).

Шынтуайтында, нәсілі, жынысы немесе этникалық тегі әртүрлі психологтердің күнделікті жұмысын тарих елеп-ескере бермейді.

Ғылым тарихының тұжырымдамалары

Ғылыми психологияның тарихи дамуын зерттейтін екі жол болса, оның бірі – тұлғалық жол, екіншісі – натуралистік жол. Жаңа идеяны қабылдайтын кезде маңыздысы не сонда: сол идеяны ойлап тапқан адам ба, әлде идея жүзеге асқан уақыт па?

Тұлғалық теория

Ғылым тарихының тұлғалық теориясында жеке тұлғалардың жетістіктері мен үлесіне ерекше көңіл бөлінеді. Бұл көзқарас бойынша, ғылымдағы өзгерістер мен прогресс тарихты өз қолымен жасайтын бірегей тұлғалардың ықпалына тікелей байланысты. Осы теорияға сәйкес, Наполеон, Гитлер немесе Дарвин ұлы тарихи оқиғалардың пайда болуына тікелей әсер етті. Тұлғалық тұжырымдама тұлғалардың есімдерімен байланысты оқиғалар олардың қатысуынсыз ешқашан болмайтын еді деген болжам айтады. Теорияға сенсек, айналып келгенде, уақытты жасайтын адам.

Жалпы, ғылым – оның бағытын айқындайтын ойшыл, жасампаз һәм жігерлі адамдардың жұмысы екені айдан анық. Әдетте біз белгілі бір дәуірді өз заманында жаңалық, теория немесе басқа да жетістіктерге қол жеткізген адамның атымен айқындап жатамыз. Мүсін өнері сөз болғанда «Микеланджелодан кейін», физика туралы айтқанда «Эйнштейннен кейін» дегенді тілге тиек етеміз. Ғылым, өнер

Тұлғалық теория: ғылым тарихындағы ілгерілеу мен өзгерістерді атақты тұлғалардың қызметімен байланыстыратын идея.

мен поп мәдениеттегі тарихтың бағыт-бағдарын өзгертетін шиеленісті дүниелер негізінен жеке тұлғалар арқылы жасалатыны айтпаса да түсінікті жайт.

Осылайша, біз тұлғалық теорияның өз орны бар екенін анықтадық. Бірақ бізге ғылымның немесе қоғамның дамуын түсіндіруге бұл жеткілікті ме? Жоқ, әрине. Көзі тірісінде еңбегі дұрыс бағаланбай, қуғын-сүргін көрген ойшылдар, өнер адамдары мен ғалымдарды кеш бағалап жататын жағдай жиі кездеседі. Қандай да бір идеяның қабылдануы, я қабылданбауы, бағалануы, я мазаққа ұшырауы сол заманның интеллектуалдық, мәдени немесе рухани атмосферасына байланысты екенін осы жайттардан-ақ аңғару қиын емес. Ғылым тарихында ғалымдар ашқан жаңа теориялар мен жаңалықтар өз замандастары тарапынан мойындалмаған жағдайлар өте көп кездеседі. Ең ұлы ойшылдар мен өнертапқыштардың өзі «уақыт рухымен» шектелген.

Сол себепті де кез келген ұлы адамның қандай да бір жаңалығын һәм идеясын қабылдап, оны жүзеге асыруға қоғамдағы басымдыққа ие ой кедергі болуы әбден ықтимал. Алайда белгілі бір уақытта қандай да бір кеңістікте уақытылы қабылданбаған идеяны өзге буын араға ғасыр салып барып мойындауы да мүмкін. Баяу өзгеріс ғылыми прогрестің заңдылығына айналып кететін жағдайлар жиі болып тұрады.

Натуралистік теория

Біз адам «уақытты жасайды» деген пікірдің түбегейлі қате екенін көрдік. **Натуралистік теория** бойынша, керісінше, уақыт «адамды жасайды» немесе уақыт қандай да бір адамның өзін-өзі танытуына мүмкіндік береді. Егер «уақыт рухы» мен өзге де жоғарыда айтқан күштер жаңа идеяны қабылдауға әзір болмаса, ол идеяның жақтастарын ешкім естімейді. Керісінше, оны кері тартып, түбіне жетеді. Қоғамның берер жауабы да «уақыт рухына» тәуелді.

Натуралистік тұжырымдамаға сәйкес, егер Чарльз Дарвин жас кезінде қайтыс болса, онда XIX ғасырдың ортасында басқа біреу эволюциялық теорияны дамытқан болар еді. Іс жүзінде сол теорияны дәл сол уақытта өзге біреу ойлап табар еді. Олай болатын себебі – сол дәуірде зияткерлік ортаның адамның эволюциясына қатысты жаңалық ашуына барлық негіз дайын еді (6-тарау).

«Уақыт рухының» тежегіш ықпалы мәдени кеңістікте ғана емес, ғылымда да жұмыс істейді. 1763 жылы шотланд ғалымы Роберт Витт шартты рефлекстер туралы ой айтқан болатын, бірақ ол кезде оған ешкім қызығушылық білдіре қоймады. Арада ғасыр өтіп, зерттеушілер көптеген зерттеу әдістерін игерген уақытта ғана ресей физиологі И.П. Павлов (9-тарау) Витттің байқауларына сүйене отырып, оның ойын дамытып, психологияның жаңа жүйесінің негізін қалады. Әр жаңалықтың өз уақыты болады. «Бұл дүниеде жаңалық дейтіндей жаңалық аз. Біздің бүгін жаңалық деп отырғанымыз, айналып келгенде, бір ғалымның белгілі бір құбылысты қайта жаңалық деп тапқаны ғана» (Gazzaniga, 1988, p. 231).

Бір уақытта жасалған бірдей жаңалықтар ғылым тарихының натуралистік тұжырымын растайды. Екеуі екі жақта, екі бөлек жұмыс істеп, бір-біріне ұқсас жаңалық ашқан жайттар жиі кездеседі. Мысалы, 1900 жылы бір-бірін танымайтын үш зерттеуші 35 жыл бойы генетика бойынша жасаған еңбектері еленбей келген австриялық ботаник Грегор Мендельдің жұмысын қайталаған.

Есептеу амалы, оттегі, логарифмдер, күн дақтары мен энергияның түрленуі сияқты ғылым мен техникадағы жаңалықтар да, түрлі түсті фотосурет пен жазатын машинка – бір мезгілде екі, әйтпесе одан да көп зерттеуші ойлап тапқан мысалдардың бір парасы (Gladwell, 2008; Ogburn & Thomas, 1922).

Ғылыми салада әбден қалыптасып қалған қандай да бір теория жаңа көзқарастарды оңайлықпен қабылдай қоймайды. Кейде көп ғалымдардың қандай да бір теорияға қатып-семіп қалатыны соншалық – олар жаңа бір дүниенің тамыры шықпай жатып, оны тұншықтырып тастайды.

Натуралистік теория:

ғылым тарихындағы ілгерілеу мен өзгерістер «уақыт рухына» байланысты. Уақыт рухы адамдарды бір идеяларға бейім етіп, басқа идеяларды қабылдай алмайтындай етеді.

Негізгі тұжырымдама қандай да бір зерттеулердің нәтижелерін журналға басып шығарып-шығармау мәселесін сүзгіден өткізеді. Егер нәтижелер қабылданған көзқарастарға қайшы келсе, журналдың редакторлары бұл нәтижелерді басып шығарудан бас тартуы немесе оларды қарапайым түрде ұсынуы мүмкін.

АҚШ-та және Германияда 1890 жылдан 1920 жылға дейінгі 30 жыл мерзім аралығында шыққан екі психология журналы мақалаларының жарияланған кездегі және жарияланғаннан кейінгі өзектілігі тексеруден өтті. Ондағы мақаланың маңызы соған ұқсас жарияланымдардағы мақалаларға жасалған сілтемелер санымен өлшенді. Тексеру нәтижелері мақаланың ғылыми маңыздылығы «зерттеу тақырыптарының сол кездегі ғылым назарында қаншалықты болу-болмауына» байланысты екенін анық көрсетіп берді (Lange, 2005, p.209). Соңғы қабылданған идеяларға қатысы жоқ мақалалардың маңыздылығы барынша төмен болып шықты.

1970 жылдары болған тағы бір оқиғаға оралайық. Психолог Джон Гарсия «S – R» (стимул – реакция) теориясына күмән келтірген зерттеу нәтижелерін жариялауға тырысты. Жұмыс жоғары деңгейде орындалып, кәсіби тұрғыда мойындалып, беделді ғылыми марапаттарға ие болуына қарамастан, оның мақаласын алдыңғы қатарлы журналдар қабылдаудан бас тартты. Испан тілді америкалық Гарсия Эксперименттік психологтер қоғамына сайланып, АПҚ-ның зерттеуіне ерекше үлес қосқаны үшін марапатталды. Бірақ Гарсияның зерттеу жұмыстары таралымы аз, көпшілікке бейтаныс журналдарда ғана жарық көріп, оның идеяларының кеңінен таралуына кедергі келтірді.

«Уақыт рухы» ғылыми-зерттеулер пәнін, зерттеу әдістерін, теориялық тұжырымдамаларды анықтауды да тежеуі мүмкін. Мысалы, біз ғылыми психологияда бұрын болған адам табиғатындағы сана мен субъективті аспектілерге назар аудару үрдістері туралы сөз қозғаймыз. 1920 жылдарға дейін психология әуелі «ақыл-ойдан», кейін «сана-сезімнен» жүрді болады дейтін әзіл-қалжың аралас пікір айтылатын. Алайда елу жылдан кейін әртүрлі кезеңдегі «уақыт рухының» ықпалын көрген психология уақыттың интеллектуалдық шырайына жауап бере алатын сана мәселесіне қайта ие болды.

Бұл ретте бізге түрлердің эволюциясымен ұқсастық іздеп көруге болады. Қоршаған орта талаптарына сай ғылым мен тірі организмдер де өзгеріп отырады. Уақыт ағынымен бірге жеке түрлер қандай өзгеріске ұшырайды екен? Егер қоршаған ортада тепе-теңдік сақталатын болса, ешқандай өзгеріс болмайды. Егер тепе-теңдік жойылатын болса, түр жаңа талаптарға бейімделуі керек немесе ол жойылуы тиіс.

Дәл осылай қоршаған орта контексінде ғылым да өмір сүреді және сол ортаға белгілі түрде жауап береді. Алайда ғылым ортасы – «уақыт рухы» – физикалық емес, рухани орта. Физикалық орта сияқты, «уақыт рухы» да өзгеріске ұшырауы мүмкін.

Осы эволюциялық ілгерілеу бүкіл психология тарихы бойы айқын байқалады. Ақиқатты тану арқылы «уақыт рухы» ойлануға, пайымдауға және интуицияға бағытталғанда, психология да ұқсас әдістерді мақұлдайды. Кейін интеллектуалдық «уақыт рухы» байқау және эксперимент сияқты әдістерді қолданды. Бұл әдістерге психология да жүгінді. XX ғасырдың басында, психологияның бір түрі түрлі интеллектуалдық топыраққа тамыр жіберген кезде, психология әртүрлі түрге ие болып шыға келді. АҚШ-қа неміс психологтерінің көшуімен бірге, «неміс» психологиясы да өзгеріске ұшырап, өзіндік «америкалық реңкке» ие болды. Ал Германиядағы психология өз жолымен дамыды.

Біз «уақыт рухына» көп көңіл бөлдік. Алайда бұл ғылым тарихы үшін тұлғалық тұжырымдаманың маңызын жоққа шығармайды. Сонда да ұлы ғалымдардың ғылымға деген үлесін басқа тұрғыдан қарастырған жөн. Чарльз Дарвиннің даңышпандық әлеуеті немесе Зигмунд Фрейдтің бір өзі тарих барысын өзгерте ал-

майды. Олар өзгеріс жасауға негіз болғандықтан ғана ұлы жаңалықтарды ашуға қабілетті еді. Бір психология тарихшысы айтпақшы: «Егер біз тарихи еңбектерімізде тұлғаның маңызын жоғалтып алатын болсақ, шын мәнінде жеке адам мен әлеумет арасындағы өзара байланысты нақтылай алмаймыз» (Ball, 2012, p. 80). Тарихи аспектіде психологияның дамуын қарастыру үшін тұлғалық және натуралистік амал-тәсілдерді үйлестірген жөн. Алайда, біздің ойымызша, «уақыт рухы» басым маңызға ие. Осы дәуірдің жалпы атмосферасында басымдыққа ие болған идеялардан тым алшақ болған ойлар келе-келе ұмыт болады. Кез келген жеке шығармашылық призмаға ұқсайды. Осындай сүзгіден өткен қоғамның ойы көпшілікке таралады. Кез келген жағдайда мұндай ой адамзат жолына жарық түсіреді.

Қазіргі психология эволюциясы кезіндегі психология мектептері

Психология жеке ғылыми пән ретінде дамыған алғашқы жылдары, нақтырақ айтқанда XIX ғасырдың соңғы ширегінде, неміс физиологі Вильгельм Вундттың ықпалы зор еді. Вундттың жаңа ғылымның бейнесі мен пішіні туралы нақты түсінігі болды. Ол философия мен психологияда басым болған зерттеулердің максаттарын, пәнін, әдістері мен тақырыптарын анықтады. Не болса да, сол заман рухының жаршысы ретінде Вундт түрлі философиялық және ғылыми ойлау бағыттарын біріктірді. Бірнеше жылдар бойы психология Вундттың ықпалымен қалыптасты.

Көп кешікпей жағдай өзгерді. Психологтер арасында қарама-қайшылықтар туындады. Басқа ғылым мен мәдениетте жаңа идеялар ортаға шықты. Осы жаңа өзгерістердің бейнесі ретінде кейбір психологтер Вундттың тұжырымымен келіспей, психологияда өзінің жеке көзқарасын білдіре бастады. Сөйтіп, 1900 жылдары бірнеше ғылыми ойлау жүйелері мен мектептері арасындағы қарым-қатынастар күрделеніп, психологияның анықтамасы туралы әңгіме қозғала бастады.

Психология аясында психологиялық мектеп термині кейде идеялық тұрғыда, кейде ғылыми бағыт көшбасшысымен аумақтық тұрғыда қатысы болған психологтер тобы деген ұғымды білдіреді. Әдетте бір мектеп өкілдері теориялық немесе жүйелі мәселелермен ортақтасып жұмыс істейді. Түрлі психологиялық мектептердің пайда болуы, олардың құлдырауы және басқа мектептермен ауыстырылуы – психология тарихының ерекше сипаттарының бірі.

Ғылымның жеке мектептерге бөлінген кезі парадигмалыққа дейінгі кезең деп аталады. Парадигма (яғни модель немесе үлгі) ғылыми пән аясында жалпы қабылданған ойлау тәсілі ретінде осы саладағы зерттеушілер үшін негізгі сұрақтар мен жауаптарды анықтайды. 1970 жылы ғылым тарихшысы Томас Кун ғылымның эволюциялық даму парадигмаларының тұжырымдамасын ұсынды. Оның «Ғылыми революциялар құрылымы» (*The Structure of Scientific Revolutions*) кітабы бүкіл дүниежүзінде бір миллионнан астам данамен сатылды.

Ғылым түрлі мектептерге бөлінбей, көп ғалымдар негізгі теориялар мен әдістерді қабылдау кезінде бірдей ойлап, шарықтау шегіне жеткенде ғана кемелдене түседі. Осындай болғанда ғана ғылыми саланың дамуы әлде бір модельмен, әлде жалпы парадигмамен анықталып, өзара бәсекелесетін фракциялар болмайды.

Парадигма әсерін физика тарихы мысалынан көруге болады. Шамамен 300 жыл бойы физика Галилей мен Ньютон есімдерімен байланыстырылып, барлық физикалық ізденістер дәл солардың құрған жүйесі аясында жүзеге асырылды. Бірақ теоретиктер мен практиктердің басым бөлігі зерттеу пәні мен әдістеріне жаңа көзқараспен қараған кезде парадигмалар өзгеруі мүмкін. Физикада

Эйнштейн жүйесі Галилей-Ньютон моделін алмастырғанда жаңа парадигма пайда болды. Бір парадигманың басқа парадигмамен алмасуын «ғылыми революция» деп атайды.

Психология әлі парадигмалық кезеңге жетпеді. Психология тарихы бойы зерттеушілер ізденісте жүреді, ғылыми анықтамаларды талдап, олардан бас тартады. Бірде-бір жүйе немесе көзқарас барлық платформаларды біріктіре алмады. Когнитивті психологияның негізін қалаушы Джордж Миллер (15-тарау): «Осы салада бірыңғай амал-тәсілдер, стандартты әдістер жоқ. Бұл ретте Ньютон заңдарымен немесе Дарвиннің эволюциялық теориясымен салыстыратын ешқандай іргелі ғылыми қағида жоқ», – деп атап өтті (1985, р. 42).

Он бес жыл өткеннен кейін де психологиядағы жағдай өзгерген жоқ. Ғалымдар осы ғылымның тарихын «сәтсіз парадигмалар реттілігі» деді (Sternberg & Grigorenko, 2001, р. 1075). Атақты тарихшы Луди Бенджамин: «Бүгінгі күні психологтер арасындағы жалпы көңіл күй фрагментация және дезинтеграциямен бірге, осы ғылым саласы бір-бірімен тілдесе алмайтын немесе жақында тілдесуден қалатын тәуелсіз психологтерден тұрады», – деп жазды (2001, р. 735).

Енді бір психолог: «Психология – бірыңғай пән емес, ол – психологиялық ғылымның бірнеше тармақтарының жиынтығы», – деп жазды (Dewsbury, 2009b, р. 284). Басқа бір ғалым 2013 жылы былай деді: «Психология оның зерттеу пәні ақыл-ой ма, әлде мінез-құлық па деген сұрақты шеше алмай келеді. Америка Психологтер қауымдастығының құрамдас бөліктері бөлімше деп аталады, себебі уақыт өткен сайын психология көп бөліктерге бөлінуде» (Catania, 2013, р. 133). Психология тарихы бөлімшесін қосқанда АПҚ-да 60-тан астам бөлімше бар.

Психология ғылымы бірнеше топтан тұрады. Олардың әрқайсысы өзінің жеке теориялық және әдістемелік платформасына негізделген өз әдістері мен терминологиясын, журналдары мен мектептің басқа да белгілерін қолдана отырып, адам табиғатын зерттейді.

Бұрынғы психологиялық мектептердің қай-қайсысы да қалыптасқан жүйеге қарсылық танытып бақты. Әр ағымның өкілдері ескі жүйенің әлсіз тұстарын айтып, жаңа анықтамалар, тұжырымдамалар мен зерттеу стратегиялары арқылы жағдайды түзетуді ұсынды. Жаңа ой мектебі ғылыми қауымдастықтың назарына ие болғанда, алдыңғы платформадан бас тартатын. Екі тарап та өз пікірлерін қорғайтын. Ескі және жаңа мектеп арасында жанжалдар туындап отыратын.

Ескі мектептің жетекші теорияшылары жаңа жүйені жақтаушылар қатарына сирек кіретін. Әдетте олардың өз ұстанымдарына берік, адал адамдар екені айтпаса да түсінікті. Ескі мектептің жас қолдаушылары, керісінше, жаңа идеяларға жиі қызығып, жаңа ілімнің ізбасарларына айналып кететін.

Неміс физигі Макс Планк: «Жаңа пайда болған шындықтың қарсыластары өмірден озғандықтан, сондай-ақ жаңа буынға жаңа жүйе ғана таныс болғандықтан, ғылымдағы жаңа ақиқат жеңіске жетеді», – деп жазды (1949, р. 33). Чарльз Дарвин досына жазған хатында: «Ғылымға қатысы бар адам алпыс жас қана жасаса, дұрысы сол еді. Себебі алпыс жастан асқаннан кейін олар жаңа доктриналардың ешқайсысын қабылдамайды», – дейді (quoted in Boorstin, 1983, р. 468). Психология тарихында түрлі мектептер болды және олардың әрқайсысы бұрынғы мектепке қарсы шықты. Жаңа ағымдар бұрынғы қарсыластарын сынға алу объектілері және жеке даму импульсі ретінде қолданды. Әр мектептің өкілдері алдыңғы теориялық жүйеден іргесін аулақ салды. Жаңа буын нығайып, оның жақтастары мен ықпалы күшеюімен бірге, жаңа оппозиция жанданып, текетірес үдерісі қайта басталатын. Басында жай ғана ізденіс болып саналған дүниелер агрессиялы революцияға айналып, белгілі бір дәстүрді орнатып, келесі жас қозғалыстың тегеурінді әрекетінен кері шегінетін. Жетістік пен тыныштық күйі кез келген ағымды әлсіретеді. Үнемі даму қарсылық көрсетуге күш-қуат береді. Оппозицияны жеңгеннен кейін жаңа қозғалыстың құлшынысы жоғала бастайды.

Структурализм: психологиядағы Титченер жүйесі, сана тәжірибесінің экспериментке қатысушы адамға тәуелділігін білдіреді.

Функционализм: психологияда организмді қоршаған ортаға бейімдеу кезінде сананың рөлін зерттеуге бағытталған бағыт.

Бихевиоризм: объективті түрде сипаттауға болатын айқын мінез-құлық актілерін ғана зерттейтін. Уотсонның мінез-құлық туралы тұжырымдаған ғылымы.

Гештальт-психология: XX ғасыр басындағы психологиядағы мектеп. 1912 ж. Германияда пайда болған. Ізашары – Х. Фон Эренфельс, басты өкілдері: М. Вертхеймер, В.Келлер және К. Коффка. Психиканың негізгі элементтері деп психикалық құрылымды, тұтас түзілімді, яғни «гештальттарды» санайды.

Психоанализ: З.Фрейд жетілдірген ілім, санасыздықты және адам психикасында оның санамен өзара байланысын зерттейді.

Гуманистік психология: адамның сана тәжірибесін зерттеу маңызын көрсететін және тұлғаны бірегей тұтас жүйе ретінде мойындайтын психологиядағы ағым.

Когнитивті психология: адамның өмірлік алаңдауы оның санасымен өңделу жолдары сияқты, назардың тану процесіне шоғырланатын психологиядағы ағым

Түрлі психологиялық мектептердің тарихи даму тұрғысынан психологияның ілгерілеуін жақсы түсінуге болады. Ұлы ғалымдардың оған қосқан үлесі зор. Алайда олардың еңбектерінің маңызы оның алдында болған идеялар мен одан кейінгі зерттеулер контекстінде қарастырылған кезде анық көрінеді.

Кітаптың жоспары

2–3-тарауларда эксперименттік психологияның алдында болған философиялық және психологиялық жүйелер туралы баяндалады. Осы философиялық және психологиялық дәстүр негізінде Вильгельм Вундттың (4-тарау) психологиясы және структурализм ұғымы жетілдірілді. Структурализмнен кейін функционализм (6, 7, 8-тараулар), бихевиоризм (9, 10, 11-тараулар) және гештальт-психология (12-тарау) қалыптасты. Бұл ағымдар структурализмге сүйенген немесе оған қарсы тұрған. Дәл сол уақытта санасыздық табиғаты туралы идеялар және есі ауысқандарды емдеудің алғашқы тәжірибелері негізінде психоанализ (13–14-тараулар) – жеке зерттеу пәні мен жеке әдістемесі бар ғылым ретінде бой көтерді.

Психоанализ бен бихевиоризм көптеген шағын мектептердің құрылуына түрткі болды. 1950 жылдары бихевиоризм мен психоанализге жауап ретінде гуманистік психология сияқты бағыт пайда болды. Ол гештальт-психология қағидаларын да қамтыды. Шамамен 1960 жылы бихевиоризмге когнитивті психология ағымы қарсы шықты және психология анықтамасы қайта қаралды. Ең жаңа өзгерістердің маңызды ерекшелігі – сананы және психикалық немесе когнитивті процестерді зерттеуге оралу. 15-тарауда эволюциялық психология, когнитивті нейробиология және позитивті психология тақырыптары қамтылған заманауи жаңалықтар жайлы сөз болады.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Клоун мен горилланы зерттеу зейін салмаудан соқыр болу ұғымын қалай түсіндіреді? Мұны жеке тәжірибеңізбен, яғни басқа адамдар айтқанды көрмеген сәтіңізбен салыстырып көріңіз.
2. Психология тарихын зерттеу кезінде нені үйренеміз?
3. Неліктен психологтер психология – ең ежелгі академиялық пәндердің бірі, сонымен бірге ең жас пәндердің бірі деп есептейді?
4. Қазіргі психологияның неліктен ХІХ және ХХ ғасырларға жататынын түсіндіріңіз?
5. Тарих деректері ғылыми деректерден несімен ерекшеленеді? Тарихи деректердің бұрмалануына мысалдар келтіріңіз.
6. Қазіргі психологияға контекстік күштер қалай әсер етті?
7. Психология саласында, әсіресе ХХ ғасырдың бірінші жартысында өзінің кәсіби қызметінде әйелдер, еврейлер мен афроамерикалықтар қандай кедергілерге ұшырады?
8. Сіздің ойыңызша, неліктен кез келген ғылымның тарихы сіздің көру өрісіңізді шектеп, кәсіптің жеке өкілдеріне ғана назар аударады?
9. Ғылым тарихының тұлғалық және натуралистік тұжырымдамалары арасындағы айырмашылықтарды сипаттаңыз. Бір мезгілде жаңалық ашу қандай амал-тәсілдермен расталады?
10. «Уақыт рухы» (Zeitgeist) дегеніміз не? «Уақыт рухы» ғылымның дамуына қалай әсер етеді? Ғылымның дамуын түрлердің эволюциясымен салыстырыңыз.

11. «Ой мектебі» термині нені білдіреді? Психология ғылымы парадигмалық даму кезеңіне жетті ме? Неліктен «иә» немесе «жоқ»?
12. Циклдык процестерді сипаттаңыз, бұл про-

цестер қандай ғылыми мектептерде пайда болды, кеңінен дамыды және кейін тоқырады?

Ұсынылған әдебиеттер

- Cadwallader, T.C. (1975). Unique values of archival research. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 11, 27–33. Теорияшылдың идеясына оның жеке контекстік ықпалын анықтау үшін ежелгі нұсқаларында оны басып шығарған формасынан бастап кері бағытта теория эволюциясын бақылау үшін архивтік материалдарды (жарияланбаған құжаттарды, күнделіктерді, хат алмасулар мен жазба кітапшаларын) пайдалануды қарастырады.
- Chabris, C., & Simons, D. (2010). *The invisible gorilla and other ways our intuitions deceive us*. New York: Crown. Тарихи және қазіргі мысалдарда келтірген зейін салу және есте сақтау процестерінің иллюзиялары мен шектеулерін қарастырады.
- Cheng, E. (2012). *Historiography: An introductory guide*. London: Bloomsbury Continuum. Ренессанстан қазіргі уақытқа дейін тарихи деректерді жинау әдістерінің студенттерге арналған оқулығы.
- Dewsbury, D. (2009b). Is psychology losing its foundations? *Review of General Psychology*, 13, 281–289. Қоғамда, университеттерде және психология пәні аясында ұлғайып келе жатқан антиинтеллектуализмді зерттеп қарастырады және шаралар ұсынады.
- Hilgard, E.R. (Ed.). (1978). *American psychology in historical perspective: Addresses of the presidents of the American Psychological Association, 1892–1977*. Washington, DC: American Psychological Association. Президент Жолдауынан алынған өмірбаяндық жазбалар мен іріктемелер америкалық психологияның ғылым әрі кәсіп ретінде дамуын бейнелейді.
- Hyman, I., Boss, S., Wise, B., McKenzie, K., & Caggiano, J. (2009). Did you see the unicycling clown: Blindness while walking and talking on cell phone. *Applied Cognitive Psychology*, 24, 597–607. Көп тапсырма орындау және назардың екіге бөліну мәселелерін зерттеу.
- Karabel, J. (2005). *The chosen: The hidden history of admission and exclusion at Harvard, Yale and Princeton*. Boston: Houghton Mifflin. Бұрынғы қабылдау комиссиясының кеңесшісі афро-америкалық, еврей және әйелдердің колледж талапкерлеріне қарсы кемсітушіліктің мәдени факторларын сипаттайды және этникалық алуантүрлілікті анықтайды.
- Mack, A., & Rock, I. (2000). *Inattention blindness*. Boston: MIT Press. Адам көз алдындағы дүниеге жіті назар аудармайынша, оны саналы түрде қабылдамайтыны туралы зерттеу жұмысы.
- Philogene, G. (Ed.). (2004). *Racial identity in context: The legacy of Kenneth B. Clark*. Washington, DC: American Psychological Association. Кларктың өмірі мен еңбегін баяндайды. Нәсілдік сәйкестіктің пайда болуы мен негативті нәсілдік бейнелеудің әсері туралы мәселелерді қаузады.
- Pickens, W. (2013). APA on your screen. *Monitor on Psychology*, 44(8), 9. АПА ұсынған YouTube-гі акпарат көздеріне шолу.
- Popplestone, J. A., & McPherson, M. W. (1998). *An illustrated history of American psychology*. Akron, OH: University of Akron Press. XIX ғ. Еуропадан XX ғ. соңындағы АҚШ-қа дейінгі психология тарихына қатысты суреттер мен иллюстрациялар.

Философияның психологияға ықпалы

Саңғитын үйрек
Механицизм рухы

Сағат-ғалам

Детерминизм және
редукционизм

Автоматтар

Машина текті адамдар

Есептеу қозғалтқышы

Ғылым ханшайымы

Қазіргі ғылымның
қалыптасуы

Рене Декарт (1596–1650)

Декарттың қосқан үлесі:
механицизм және жан мен
тәнің арақатынасы

Тәнің жаратылысы

Жан мен тәнің өзара
әрекеті

Идеялар туралы ілім

Жаңа психологияның
философиялық негіздері:
позитивизм, материализм
және эмпиризм

Огюст Конт (1798–1857)

Джон Локк (1632–1704)

Джордж Беркли
(1685–1753)

Джеймс Милль
(1773–1836)

Джон Стюарт Милль
(1806–1873)

Эмпиризмнің психологияға
қосқан үлесі

Материалды бекіту
сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Саңғитын үйрек

Ол, шынында, үйрекке ұқсайды. Үйрек сияқты барылдайды, қараушысы оған жем әкелген кезде, басын көтеріп қарайды. Мойнын созып, дәнді тұмсығымен шұқып, тірі үйректтей жейді. Содан кейін, тірі үйрек сияқты, күміс табакқа саңғиды. Бұл қолдан жасалған механикалық үйрек еді. Оның тірі үйректен айырмашылығы – осы. Механикалық үйрек – тірі үйректің іс-қимылын қайталайтын, иіңтіректерден, тегершіктер мен серіппелерден тұратын механизм. Механикалық үйректің бір қанаты 400-ден астам бөлшектен тұратын. Ол сол замандағы ең таңғажайып дүниелердің бірі болып есептелді.

Үйректі ойлап тапқан Жак де Вокансон тез байып кетті. Себебі оның ойлап тапқан механикалық құрылғысы барлық ақсүйектердің қабылдауларында талқыға салынатын. Мемлекет басшылары құрылғының мәні туралы және оның саясатқа, философияға және өмірге тигізген әсері туралы дауласып бақты (Singer, 2009, p. 43). Механикалық үйрек те өзіне қатысты әңгімеден зор әсер алған болар.

Бұл оқиға 1739 жылы Францияның Париж қаласында болған. Саңғитын үйрек барлық Еуропа елдерінен келген адамдарды қызықтырды. Адамдар өнертапқыштардың осындай шындыққа жанасатын туындыны ойлап тапқандарына тамсанды. Олар үйректің қозғалысын, өздігінен тамақ жегенін, су ішіп, саңғитынын байқап, адамның ойлап тапқан керемет машинасы алдында бас иген еді. Ұлы философ Вольтер үйрек туралы былай деді: «Бұл үйрек – бізге Францияның ұлшылығын еске салатын жалғыз көзге көрінер дүние» (quoted in Wood, 2002, p. 27). Жүз жылдан астам уақыт өткен соң, ұлы ғалым Герман фон Гельмгольц (3-тарау) механикалық үйрек «өткен ғасырдың ғажайып дүниесі» болғанын жазды (quoted in Riskin, 2004, p. 633). Сіз де «бұл үйректің қандай ерекшелігі бар» деген сұрақ туындайтыны сөзсіз. Механикалық ойыншық көпшіліктің зейінін аудартуына не себеп? Қазіргі кезде біз кез келген тақырыптық саябақта небір озық, әбден жетілдірілген модельдерді көреміз. Алайда жоғарыда болған оқиғаның XVIII ғасырға тиесілі екенін естен шығармауымыз қажет. Ол заманда ешкім мұндай ерекше құрылғыны көрген емес. Ел-жұрттың зейінін аударған саңғитын үйрек ғылым мен өндірісте, одан қалса ойын-сауықта қолданылу үшін ойлап табылған сан түрлі механизмдердің бір парасы ғана. Олар әлемді өзгертуге тырысты.

Механицизм рухы

Англия мен Батыс Еуропада адамның қара күшінің орнына жүретін түрлі механизмдер күнделікті қолданысқа енгізіле бастады. Сорғылар, иіңтіректер, тегершіктер, қрандар, дөңгелектер, тісті дөңгелектермен іске қосылатын су дңірмен-

дері мен ұн тартатын жел диірмендері, ағаш кесетін аралар, тоқыма станоктар, ауыр жұмысты істейтін басқа да керек-жарақтар еуропалық қоғамды адам күшін пайдалану әуресінен босатты. Қоғамның барлық тап өкілдері механизммен таныс болып, механизм күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды.

Сонымен қатар патша сарайы бақтарында қызық механикалық ойын-сауық құрылғылары пайда болды. Жер асты құбырлары арқылы берілетін су адам нанғысыз күрделі әрекеттер жасап, музыкалық аспаптарда ойнайтын һәм тура тірі адам сияқты дыбыс шығаратын механикалық фигуралардың қозғалысын іске қосты. Баққа кірген адамдар жасырын тұрған педальдарды басу арқылы механизмдерді қозғалысқа келтіріп, олар, өз кезегінде, суды құбырларға айдау арқылы мүсіндерді «тірілтетін». Дей тұрғанмен, барлық жаңа керек-жарақтар ішінде ғылымның дамуына зор ықпалын тигізген дүние – механикалық сағаттар еді.

Сізде «технология дамуының қазіргі психология тарихына қандай қатысы бар» деген сұрақ туындауы мүмкін. Себебі мұның барлығы психологияны ғылым деп атағанға дейінгі 200 жыл бұрын болған оқиғалар еді. Мұнда адам табиғатын зерттеуден бөлек физика және механика туралы сөз қозғалады. Осыған қарамастан, олардың арасында тікелей байланыс бар. Өйткені осы фигуралар мен сағат механизмдерінде қолданылған қағидалар психологияның дамуын да анықтады.

XVII–XIX ғасырларда «уақыт рухы» психология тамырын тереңге жайған интеллектуалдық ортаны қалыптастырды. Бүкіл әлемді алпауыт машина етіп көрсететін механицизм рухы философия және психология салаларында XVII ғасыр мәдениетінің негізгі идеясы болды. Бұл тұжырымдама барлық табиғи үдерістер механикалық үдеріспен анықталып, физика заңдары негізінде түсіндірілуі мүмкін.

Итальян физигі Галилео Галилей (1564–1642) мен сағат ісінің шебері болған ағылшын физигі әрі математигі Исаак Ньютонның (1642–1727) еңбектерінің нәтижесінде пайда болған механицизм әуелде физикаға тиесілі болғанымен, кейіннен натурфилософия деп аталды. Ол кезде бүкіл әлем үздіксіз қозғалыста болатын материяның әлдебір бөлшектерінен тұрады деп есептелді. Галилейдің пікірі бойынша, материя соқтығысу кезінде бір-біріне әсер ететін дискретті корпускулалардан немесе атомдардан тұрады. Ньютон – Галилей нұсқасын қайта қарап, қозғалыс импульстері атомнан атомға тікелей жанасудан емес, тартылу және итеру күштерінің әсерімен беріледі деп дәлелдеді. Алайда Ньютон идеясының физикалық идеялар тарихына ықпалы зор болғанымен, психологияның дамуына әсері болмады.

Ғалам қозғалыстағы атомдардан тұратындықтан, кез келген физикалық орын ауыстыру (әр атомның қозғалысы) тікелей себеппен (бір атомға басқа бір атомның соқтығысуынан туындайтын қозғалыс) жүзеге асады. Өлшем заңдылығы жұмыс істейтін жерде болжам жасау әбден мүмкін. Ғалам толығымен реттестірілген: ол сағат немесе басқа да мінсіз механизм сияқты жұмыс істейді. Егер ғалымдар әлемнің әрекет ету заңдарын ашатын болса, олар болашақта не болатынын дәл болжап бере алатын еді.

Сол дәуірде ғылымның әдістері мен жетістіктері бір-бірін толықтырып, технологиямен бірге дамып отырды. Нақты әрі сандық әдістермен жүзеге асатын бақылау мен эксперимент ғылымның ажырамас сипаттарына айналды. Зерттеушілер әр құбылысты нақты сандық анықтамалармен сипаттап тануға тырысты. Бұл механистикалық амал-тәсілдің негізгі талабы еді. Осы кезде жетілген термометрлер, барометрлер, логарифмдік сызғыштар, шамшырақ сағаттары және механика ғасырына тән басқа да механикалық құралдар пайда бола бастады. Аталмыш оқиғалар «ғаламдағы кез келген құбылысты санмен өлшеуге болады» деген пікір қалыптастырды. Бұрынғы кезде уақыттың өзін кішкентай бөліктерге бөлу мүмкін емес деп есептелсе, енді оны дәл өлшеу әбден мүмкін жағдайға жетті.

Уақытты дәл өлшей алу мүмкіндігінің ғылыми және практикалық маңызы зор еді. «Уақытты нақты есептеу құралдары болмаған жағдайда, зерттеу жұмыстары

Механицизм: жаратылысы бойынша барлық табиғи процестер механикалық процестерге жататын, физика және химия заңдары негізінде түсіндірілетін ілім.

арасындағы кішкентай уақыт ауытқушылықтарын өлшеу мүмкін емес. Осыған байланысты, ғылыми жетістіктер телескоп пен микроскоптан басталды» (Jardine, 1999, pp. 133–134). Сонымен бірге уақытты дәл есептеу құралдары астрономдар мен теңізшілерге аспан денелерінің қозғалысын жазу үшін қажет болды. Бұл деректер ашық теңізде кемелердің орналасқан жерін анықтау үшін де аса маңызды рөл атқарды.

Сағат-ғалам

XVII ғасырдағы механицизм рухын дәл бейнелейтін теңеу механикалық сағат екені даусыз еді. Тарихшы Дэниел Бурстин сағатты тіпті «машиналардың атасы» деп атады (1983, p. 71). XX ғасырдағы компьютерлер сияқты, сағат та сол заманның ең зор технологиялық жетістігі еді. Бірде-бір механикалық құрал адамның ойы мен мінез-құлқына дәл сағат сияқты әсер етпеді. Еуропада шығарылатын сағаттардың саны да, түрі де күрт өсті.

Тағы бір ескеретін жайт – қытайлықтар үлкен механикалық сағатты X ғасырдан бұрын жасап шығарған болатын. Батыс Еуропада осы саланың дамуына аталмыш жайт түрткі болуы әбден мүмкін. Алайда еуропалық сағат механизмдерінің талғампаздығы мен олардың механизмі күрделі сағат жасау құлшынысын арттырды (Crosby, 1997).

Тым кішкентай болғандықтан да, сол кездегі сағаттар үстелдің үстіне қоюға немесе адамның өзімен алып жүруіне мүлде келмейтін. Кейінірек озық технологияның көмегімен өзімен алып жүретін шағын сағаттар да жасалды. Алғашқы кезде оларды алқаға байлап, мойынға тағып жүретін. Ол сол адамның әл-ауқатын білдіретін. Дәулетті адамның бет-бейнесіне айналып кеткен бұл үрдісті жақтырмаған кальвинистік және пуритандық діни секта мүшелері «қарсылық ретінде енді сағатты қалтасына салып жүретін болды. XX ғасырға дейін даңқы жер жарған қалта сағаттарының шығу тарихы осындай» (Newton, 2004, p. 62).

Үкімет үйлері мен шіркеу мұнараларына орнатылған үлкен сағаттарды тұрғындар қашық жерде тұрып-ақ естіп, көре алатын жағдайға жетті. Осылайша, сағат шыққан тегі не болмаса әлеуметтік жағдайы әртүрлі адамдардың барлығына бірдей қолжетімді болды. Сонымен қатар адамдар уақытқа тәуелді болып, уақыт тәртібіне сәйкес өмір сүре бастады. Ұқыптылық бірінші рет олардың күнделікті өмір салтына айналды. Олардың қызметі уақыт бірлігімен өзгерді. Өмір «реттеліп, бір тәртіпке келе бастағандықтан», өмір сүруді болжау оңай бола бастады (Shorto, 2008, p. 208).

Сағаттар қолжетімді кәдуілгі нақты механизмге айналғандықтан, ғалымдар мен философтар оларды әлемнің моделі ретінде қабылдай бастады. Кім біледі, бәлкім, ғаламның өзі Жаратушы ойлап тапқан қандай да бір алып сағат механизмі шығар. Көп ғалымдар, атап айтқанда, ағылшын физигі Роберт Бойль, неміс астрономы Йоганн Кеплер мен француз философы Рене Декарт «ғаламдағы үйлесімдік пен тәртіп сағат құрылғысымен түсіндірілуі мүмкін» деген идеямен толық келісті. Сағат шеберінің құрылғыға орнатқан тәртібі де Жаратушының бүткіл ғаламды бір ретке келтіргені іспетті мысал. Француз ғалымы Бернар де Фонтенелле 1866 жылы «Ғалам дегеніміз – бар болғаны үлкен сағат» деген қорытынды жасады (quoted in Dolnick, 2011, epigraph).

Осы идея АҚШ-тың пайда болуы мен америкалық саясаттың дамуының негізін қалады. АҚШ Конституциясын қабылдаған Конвент мүшелерінің конституцияны қалай дайындағанын 200 жылдан кейін зерттеген сарапшылардың бірі мемлекет негізін қалаушылардың «Ньютон физикасы мен деизм идеяларының ықпалында» болғанына зейін аударады. Әртүрлі күштерді сараптап, оларды өзара тепе-теңдікте ұстау үшін бір конституциялық жүйеге бағындырған заң шығарушылар аталмыш жүйені ретке келтіру үшін күн жүйесінің сағат механизмін

басшылыққа алған (Will, 2009). Ғаламның уақыт механизмі идеясы осылайша адам өмірінің кез келген саласына өз ықпалын тигізбей қоймады.

Детерминизм және редукционизм

Егер біз ғаламды Жаратушы ойлап тауып, қозғалысқа келтірген сағат машинасы деп қарастыратын болсақ, ол қандай да бір сыртқы күштің араласуынсыз-ақ өмір сүруін жалғастыра бермек. Сөйтіп, әлемді сағатқа теңеу детерминизм идеясына – әлемдегі әр оқиға өткен оқиғалармен анықталады деген сенімге жол ашты. Басқаша айтқанда, біз сағат механизмінің жұмысында болатын өзгерістерді алдын ала болжай алатынымыз сияқты, ғаламдағы өзгерістерді де болжау мүмкіндігіне ие боламыз. Өйткені біз сағаттың әр бөлшегінің қандай рет және тәртіппен жұмыс істейтінін білеміз.

Сағаттың құрылғысы мен қызметін түсіну көп қиындық туғызбайды. Әр адам сағатты бөлшектеп, оның тегершіктері мен серіппелері қалай жұмыс істейтінін өз көзімен көре алады. Міне, осы жайт редукционизм түсінігінің қанат жаюына түрткі болды. Біз түрлі машиналардың құрылғыларын, мәселен сағаттың құрылғысын, оның негізгі бөлшектерінің жұмыс істеуі туралы мәліметтер негізінде түсіне аламыз.

Дәл осылай, оның қарапайым құрамдас бөліктері – молекулалар мен атомдар туралы мәліметтерді талдау арқылы жалпы ғаламның құрылысын түсінуге болады. Редукционизм – жалпы жаңа психология іспетті, кез келген ғылымға тән құбылыс.

Бұдан енді мынадай заңды сұрақтар туындайды: ғаламның жұмысын түсіндіруге қолданылатын сағаттың мысалы мен ғылыми әдістерді біз адам болмысын тану үшін қолдана аламыз ба? Егер ғалам белгілі бір тәртіппен жұмыс істейтін хәм зерттеп, өлшеп, болжам жасауға көнетін машина болса, адамзат баласы да сондай ма? Сонда адамзат баласы бар, жан-жануарлар бар – барлығы да машинаның бір түрі болғаны ма?

Автоматтар

XVII ғасырдың ақылмандары мен ақсүйектері үшін сумен басқарылатын саябақтардағы мүсіндер мен сағаттардың көптеп шығарылуы автоматтар жасау идеясына негіз болды. Технология жетілдірілгендіктен, көпшілікке арналған ойын-сауық үшін адамның іс-қимылы мен әрекетіне еліктейтін күрделі механикалық керек-жарақтар ұсынылды. Осы механикалық мүсіндерді автомат деп атап, олар нақты орындайтын керемет трюктерімен көпшілікті таңғалдырды.

Автоматтар он жетінші ғасырдан бұрын пайда болған. Ежелгі грек және араб қолжазбаларында механикаландырылған мүсіндердің сипаты көрсетілген. Әсіресе ежелгі қытай шеберлері осы салада көп ілгері кетті. Қытай әдебиетінде механикалық жануарлар мен балықтардың, сондай-ақ шарап құятын, шай құйылған ыдысты беретін және музыкалық аспаптарда ойнайтын адам мүсіндерінің сипаттамасы көп кездеседі.

V ғасырда кейін Палестина аталған жерге үлкен сағат орнатылды. Бұл сағаттың ерекшелігі – онда әр сағат сайын механикалық фигуралар қозғалысқа келіп отыратын болған. Міне, осы оқиғадан кейін-ақ автоматтар жасау өнері ислам әлемінде де кең тарала бастады (Rossum, 1996). Алайда арада мың жылдан астам уақыт өткенде (XVII ғасырда) еуропалық ғалымдар мен ақыл-ой иелері ойлап тапқан автоматты механизм жаңа дүние саналды. Олай болатын себебі – ол кезде ежелгі өркениеттер тудырған маңызды еңбектер түп-тұқиянымен жоғалып кеткен еді.

Ең күрделі хәм ең тартымды еуропалық автоматтың екеуі де Жак Вокансонға тиесілі еді. Оның бірі – саңғитын үйрек болса, екіншісі – «бұлшық еттерін жыңыру арқылы, құдды тірі адам сияқты, сансыз сымдар мен болат шынжырлардан тұратын саусағын қимылдататын» сыбызғы тартушының мүсіні еді. «Механикалық

Детерминизм: әлемдегі барлық оқиғалар өткендегі оқиғалармен алдын ала анықталған дегенді білдіретін ілім.

Редукционизм: жоғары деңгейдегі күрделі құбылыстарды төменгі деңгейдегі қарапайым құбылыстармен түсіндіретін ілім.

бұйымдардың авторына көмектескен адамның анатомияны терең білгені сөзсіз» (Riskin, 2003, pp. 601–602). Сыбызғы тартушы әдетте механикалық ойыншықтар шығаратын дыбыстар шығарумен бірге, аспапта да ойнады. Мүсіннің биіктігі бес жарым футты (шамамен 1,6 метр) құрады. Бұл автомат дененің сырнай ойнауға қажет әр бұлшық етін қайталайтын механикалық бөліктерден тұрды.

Бағдарламаланған 12 дыбыстың қайсысын орындайтынына байланысты, тоғыз мембрана мүсіннің кеудесіне ауа соратын. Бір түтік арқылы (адамның тыныс жолына ұқсас) ауа ауызға келіп, тіл мен еріндерден өтіп, механикалық мүсін тыныс алып жатқандай әсер беретін. Сырнайшының саусақтары анық дыбыс шығарып, музыкалық аспапта арнайы тесіктерді ашып-жабатын. Қос автомат та «жансыз бен жанды арасындағы, машина мен адам арасындағы шекараны жойып жіберді» (Wood, 2002, p. xvii). «Музыкант қыз» деп аталатын басқа музыкалық автомат клавиесінде бес түрлі композиция орындады. Оның механикалық көздері механикалық саусақтардың пернемен қалай қозғалатынын байқап отырды. Оның іс-қимылын байқап отырғанда, музыкалық автомат тірі адам сияқты тыныс алатындай көрінетін. Үстел жанында отырған бала мүсіні де сол кездегі қызық өнертабыстың бірі-тін. Оның қолы хат жазып отырған қимылды айнытпай салатын. Екі жүз жыл бұрын барлық Еуропа қалаларында көпшілік назарына ұсынылған бұл мүсіндер бүгінде Филадельфиядағы Франклин институтына орналастырылған (Fountain, 2011).

Мұндай автоматтарды көптеген Еуропа шаһарларының орталық алаңдарынан көруге болады. Қаланың мұнара сағатындағы механикалық мүсіндер сағаттың әр ширегін білдіру үшін шеңбер бойымен қозғалып, барабан ұрып, балғамен қоңырау соғады. Мысалы, Франциядағы Страсбург кафедралды соборындағы түрлі Інжіл кейіпкерлері сағат сайын Қасиетті Марияға иіліп сәлем берсе, механикалық қораз қанаттарын қағып, әтеш болып шақырады. Ал Англиядағы Уэльс кафедралды соборындағы сауыт киген екі рыцарь бір-бірімен айнала ұрыс салады. Әр сағаттың басында бір рыцарь қарсыласын аттан құлатып түсіреді. Мюнхендегі Бавария Ұлттық мұражайындағы сағатта 16 дюймдік (шамамен 40 см) механикалық тотықұс тұр. Тотықұс әр сағат сайын ысқырып, қанаттарын қағып, көздерін айналдырып, астынан кішкентай болат жұмыртқа шығарады.



Автомат қуыршақ

Мына суретте (49-бет) шай беретін жапон қуыршағының ішкі механизмі көрсетілген. Ағаштан, ішектер мен тістерден жасалған қуыршақ жүріп келе жатқандай әсер береді. Шын мәнінде, ол дөңгелек арқылы қозғалады. Қолындағы табакты ұсынатын ол басын изеуді де ұмытпайды. Ыдыс табактан алынған кезде, автомат тоқтайды. Қазір бұл қуыршақты Токиодағы Ұлттық ғылым мұражайынан тамашалауға болады.

Философтар мен сол замандағы ғалымдарға осындай технологиялар арқылы олардың бұрыннан армандап келе жатқан қиял әлемін жүзеге асыруға болатындай көрінді. Шындығында, сол кездегі алғашқы автоматтардың дені сондай үміт сыйлайтын. Оларды біз қазіргі Дисней мультфильмдерінің кейіпкерлері есебінде қарастырсақ та болады. Барлық тіршілік иелерін өзіндік машиналарға теңеуіміздің себебі де осы болар.

Машина текті адамдар

Суреттегі қуыршақтың ішкі құрылысына тағы бір зейін аударайық. Анықтап қараған адам мүсінді қозғалысқа келтіретін тегершіктердің, иіңгіректер мен ілмектердің қалай жұмыс істейтінін көре алады. Ағылшын философы Томас Гоббс (1588 – 1679): «Денені қозғалысқа әкелетін жүрек дегеніміз – серіппе, жүйке дегеніміз – жіп, ал буын дегеніміз – бар болғаны дөңгелек...» – деп жазды (quoted in Zimmer, 2004, p. 97).

Декарт пен басқа да философтар адамның жан дүниесін автоматқа ұқсатып түсінуге болады деп тұжырымдады. Олар үшін алпауыт сағат механизмі сияқты болған ғалам ғана емес, адамды да машинаға ұқсатуға болатын. Декарттың пікірінше: «Адамның қолымен жасалған түрлі автоматтармен таныс адамдар үшін бұл идея оғаш көрінбеуі тиіс-тін. Бұл адамдар үшін адам денесі Құдайдың қолымен жасалған машинаға ұқсас. Адам жасаған кез келген механизмге қарағанда, мұндай машинаның қозғалыстары мінсіз болатыны сөзсіз» (1637/1912, p. 44). Адамдар – сағат шебері жасайтын машиналарға қарағанда, жетілген әрі пайдалы машиналар.

Сөйтіп, сағат механизмдері мен автоматтар адамның іс-әрекеті механикалық заңдарға бағынатынына және адамның жан дүниесін тура сол эксперименттік, сандық әдістердің көмегімен тануға болатынына ой салды. 1748 жылы француз дәрігері Жюльен де Ла Метри (қырғауыл еті мен трюфельдерді шамадан көп жеу салдарынан қайтыс болды) науқастанып жатқан кезде көзіне қызық бір елес көрінеді. Адамдарды санасы бар машиналар ретінде көрген оның айтуы бойынша, адамдардың денесі өз серіппелерін іске қоса алатын сағаттарға ұқсайды (Mazlish, 1993).

Бұл түсінік XVII ғасырда ғылым мен философияда басты қозғаушы күшке, өзіндік «уақыт рухына» айналып, адам жаратылысы туралы қалыптасқан түсінікті түбегейлі өзгертті. Осы түсініктің қоғамдық ойға сіңгені соншалық – Америка Құрама Штаттарындағы азаматтық соғысы (1861–1865) кезінде солтүстік штаттардың армия офицері досының қаза болғаны туралы: «Досымнан тірі кезінде жаны арқылы қозғалысқа келген бұзылған тәннен басқа ештеңе қалмады», – деп жазды (Luman, quoted in Agassiz, 1922, p. 332).

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында ғылым мен философияда, әдебиетте, әсіресе көпшілікке арналған романдар мен балаларға арналған ертегілерде «адамның механикалық жаратылысы туралы түсінік кең тарала бастады. Бұқара халық жанды мақұлықтар машина сияқты жұмыс істейді» деген ойға тәнті болды. Атақты дат ертегішісі Ганс Христиан Андерсен механикалық құс жайлы «Бұлбұл» (*The Nightingale*) ертегісін жазды. Ағылшын жазушысы Мэри Уолстонкрафт Шелли жазған «Франкенштейн» (*Frankenstein*) романындағы басты кейіпкер – құбыжық-машина өз жаратушысына қарсы шығады. Осыған байланысты, америкалық жазушы Л. Франк Баумның өз еліндегі сиқыршы туралы балаларға арналған танымал кітаптарын еске түсіруге болады. Аталмыш еңбектерде түрлі механикалық кейіпкерлер көп кездеседі.

Сөйтіп, XVII–XIX ғасырларда еуропалық мәдениетте адамды машинамен теңеу түсінігімен бірге, адамның жаратылысы мен іс-әрекетін ғылыми тану әдістері де жетіле бастады. Адам денелерін машиналарға ұқсатып, адам ойында ғылыми амал-тәсіл қалыптасып, өмір механика заңдарына бағынды. Механикалық амал-тәсіл адам санасын зерттеу кезінде де қолданылды. Осының нәтижесінде өзі ойлай алатын машина пайда болды.

Есептеу қозғалтқышы

Чарльз Бэббидж (1792–1871) бала кезінен түрлі автоматтар мен сағаттарға тәнті болып өсті. Өзі есі кеткенше қараудан жалықпайтын биші қыздың механикалық мүсінін кейін сатып та алды. Жасөспірім шағында ғылыммен өз бетінше айналысқан Бэббидж өте білімді және талантты математик болатын. Кембридж университетіне түскенде факультеттің математиканы оқыту деңгейіне көңілі толмады. Кейіннен Кембрижде профессор болып жұмыс істеген ол Британ корольдігі ғылыми қоғамының мүшесі болды. Өз дәуірінің аса көрнекті ақылмандарының бірі болған Бэббидж бар өмірін математикалық операцияларды адамдардан жылдам орындай алатын есептеу машинасын жасауға арнады. Осы мақсатты көздеген Бэббидж қазіргі компьютерлердің негізі саналатын қағидаларды ойлап тапты.

Жоғарыда айтқанымыздай, бәлкім, Бэббидж механикалық есептеу машинасын ойлап тапқан алғашқы ғалым емес болар. Алғашқы «антикитерлік компьютер» 1900 жылы Грекияның Антикитер аралының маңында б.д.д. шамамен 100 жыл бұрын суға батып кеткен кеменің қалдықтары арасынан табылды. Қазіргі портативтік компьютердің көлеміндей, ол 37 бөлшектен тұрды. Егер оның ішіне датаны енгізсе, компьютер айдың, күннің және басқа планеталардың орналасқан күйі туралы ақпарат береді (Seabrook, 2007).

Жоғарыда аталған автоматтар адамдардың физикалық қозғалысын қайталаса, Бэббидж ойлап тапқан калькулятор адамның ақыл-ой әрекетін көрсетті. Сонымен бірге машина математикалық функциялар деректерін кестеге жинақтап, шахмат, дойбы және басқа да ойындарды ойнай алды. Машинаның математикалық есептеулерді толық аяқтағанға дейін аралық нәтижелерді сақтау жады болды. Бэббидж калькуляторды «айырым машинасы» (қоса берілген фотосуретті қараңыз) деп атап, өзін «бағдарламашы» деп есептеді. Айырым машинасы шамамен дәл құрастырылған 8000 жез және болат білік, тегершік және дискілерден тұрды. Ол бұрандалы тұтқаның көмегімен іске қосылды. Бүгінгі күні де жұмыс істейтін бұл машина қазіргі жоғары технологиялық компьютерлер саласындағы зерттеулердің бастамасы болды. Осындай машинаны ойлап табу адамның ойын модельдеу және жасанды ой-өрісі бар механизмді құру талпынысындағы үлкен жетістік болатын. «Аталмыш машина ақыл-ой функцияларын іс жүзінде атқаратын. Жасанды ой-өріс айырым қозғалтқыштан басталды деп айтуға болады» (Snyder, 2011, p. 88).

Бэббидждің автобиографияларының бірі былай деп жазды: «Автоматты машинаның маңыздылығына еш дау жоқ. Сіз оның тұтқасын айналдыру, яғни физикалық күш салу арқылы бұрын адам баласы тек ойлаумен ғана жүзеге асыратын жұмысты орындай аласыз. Тарихта бұрын-соңды болып көрмеген бұл жайт жансыз машинаның ойлау қабілетін арттыруға жасалған алғашқы талпыныс еді» (Swade, 2000, p. 83).

Бэббидж сол заманның ықпалды адамдарына өзінің өнертабысын таныстырып, жетілдірілген машинаны құрастыру үшін олардың келісімін алғысы келді. Ол өзінің Лондондағы үйінде зиялы қауым мен саяси һәм өнер адамдары бас қосқан үлкен кештер ұйымдастырып отырды. Олардың саны 300-ге жетіп жығылатын. Олардың арасында Чарльз Дарвин мен жазушы Чарльз Диккенс те бар. Өзі әңгімешіл, өзі өнертапқыш, өзі аса танымал Бэббидждің үйіне баруға жоғары шенді тұлғалардың бәрі ынтық болды. Машинаның өзі үйдің ішінде көп орын алатындықтан, Бэббидж қонақтарға негізінен оның шағын үлгісін көрсетіп

жүрді. Оның биіктігі екі жарым фут (*1 фут – 30,48 см*), ені екі фут және тереңдігі екі фут еді.

10 жыл өткен соң, машинаға кеткен шығынның артуына байланысты, Бэббидж айырым машинасымен жұмыс істеуді тоқтатуға мәжбүр болды. Шығындардың өте көп болғаны соншалық – үкімет бұл жобаны қаржыландыруды толығымен тоқтатты. Британ үкіметінің ресми өкілі бұл туралы «машина толық құрастырыла қалған жағдайда, бірінші кезекте, өзіне кеткен шығынды есептеуі тиіс» деген мәлімдеме жасады (quoted in Green, 2001, p. 136).

Бэббидж енді бар күшін «аналитикалық машина» деп аталатын ірі құрылғыны құрастыруға жұмсады. Аталмыш машинаны перфокарталар арқылы бағдарламауға болатын. Сонымен бірге оның жеке жады және ақпаратты өңдеу қабілеті бар еді. Бұл машинаның нәтижелерді кесте күйінде шығарып беретін жүктемелік мүмкіндігі де болды. Оны бүгінгі сандық есептеу машиналарына ұқсатуға болады (Swade, 2000, p. 115). Өкінішке қарай, бұл машина қаражаттың болмауы салдарынан сол күйі жасалмай қалды. Үкімет Бэббидждің жобасын қаржыландырудан тағы да бас тартты.

Жасаған жұмысына қаржы іздеуден үмітін үзген Бэббидждің мінезі өзгеріп, ол ызакор, өкпешіл адамға айналды. Қайсыбір деректерге сенсек, ол тіпті бақытты өмір сүрген бірде-бір күні болмағанын айтқан көрінеді. «Тұтас адамзат баласын жек көріп кеткен оның ағылшындарға деген өкпесі қара қазандай болса, британ үкіметі мен ойын-сауықшыларды иттің етінен жек көрді» (Morrison & Morrison, 1961, p. xiii). Лондон тұрғындары оның шарманка ойнаушылармен, басқа да көше музыканттарымен жүргізген күресіне күле қарап, оны «жындысүрей» атады. Газеттерге жазатын наразылық хаттарында: «Көшеден жететін қатты дыбыстар менің жұмыс істеуіме кедергі келтіреді». – деді. Мұндай шағымды Чарльз Диккенс сияқты бірқатар адамдар да жасағаны рас.

Ақыр соңында, Бэббидж өзінің есептеу машинасын жасау талпынысы құр бейнет болды деп есептеп, бұл еңбек енді ешқашан тиісті бағасын алмайды деп, күдерін үзді. Алайда оның атағы өзі дүниеден өткен соң барып дүркіреді. 1946 жылы Гарвард университетінде алғашқы толық автоматты есептеу машинасы жа-



Science Museum, UK

Ғылым мұражайында бүтін күйінде сақталған Бэббидждің есептеу машинасы. Лондон, Англия

салған кезде компьютерлік технологиялар саласы мамандарының бірі бұл оқиғаны Бэббидждің арманы орындалуымен байланыстырды.

1991 жылы, Бэббидждің туғанына 200 жыл толуы кезінде, британдық ғалымдар тобы түпнұсқадағы сызбаларды қолданып, ұлы өнертапқыш қиялдаған машиналардың көшірмесін жасады. Есеп-қисапты мінсіз орындайтын оның салмағы 3000 тоннаны құрады (Dyson, 1997). Жиырма жыл өткен соң, 2011 жылы, британ үкіметі Бэббидждің түпнұсқа сызбасы негізінде аналитикалық қозғалтқышты жасау жөнінде миллиондаған қаржы тұратын жобаны қолға алды. Бэббидж ойластырған тегершіктер мен серіппелер қолданылатын бұл жобаның негізгі мақсаты «компьютерлер атасы» атанған адамның атын ұлықтау болмақ (Markoff, 2011, p. D1). Аталмыш жобаның жүзеге асуына 10 жыл уақыт жұмсалмақ.

Адамдар жер-жерде машиналарды пайдалана бастаған XIX ғасырдың өкілі саналатын Чарльз Бэббидж шын мәнінде өз уақытын басып озды. Оның есептеу машинасы қазіргі компьютердің ізашарына айналды. Бұл машина адамның қолымен ойлау үдерісі мен жасанды ой-өріс жасаудың алғашқы талпынысы еді. Машинаның шексіз мүмкіндіктері мен оның қызметіне адамға ғана тән функцияларды бейімдеу көптеген ғалымдар мен өнертапқыштардың негізгі талқылайтын тақырыбына айналды. Біздің күнделікті өмірімізге дендеп еніп бара жатқан машиналар жетілдірілген сайын адамзат баласын таңғалдыра беретініне еш күмән болмаса керек.

Ғылым ханшайымы

Математика саласындағы 18 жасар дарын несі графиня Ада Лавлейс (1815–1852) Бэббидж машинасының жұмыс істеу қағидасын түсінетін және оны қолдайтындардың бірі еді. Бэббидж оны «Сандар сиқыршысы» деп атайтын. Ада өзін «ғылым ханшайымы» есебінде көрді (Babbage, quoted in Johnson, 2008, p. 76). Оның әкесі ағы шулы ақын – лорд Байрон еді. Ада бір айға толған кезде анасы Байронмен ажырасып кетті.

Ада мінезі бірбеткей бала болып өсті. Анасы оған таңертеңнен қара кешке дейін математиканы оқыту арқылы оның мінезін өзгерткісі келді. Анасының тілін алмаған жағдайда оны қоймаға қамайтын немесе тақтайға байлап тастайтын.

Алайда оның тентектігі одан басыла қоймады. Ада математикаға аса қабілетті болып шықты. Материализм және механизм сияқты жаңа идеяларға қызығушылық білдірген ол «көпшілікпен ойын-сауық қуып кететін әдеттен де аулақ емес-тін. Ашық мінезді, қылымсығанды жат көрмейтін, жаға ұстатар қылық та шығарып қоятын Ада шенді-шекпенділермен қалай араласса, қарапайым адамдармен де солай араласа беретін» (Woolley, 1999, p. 2). 1828 жылы, Ада 13 жасқа толғанда, ұшатын машинаның сызбасын сызып, құс сияқты ұшуды қиялдады.

Ол күйеуге шығып, үш баланың анасы атанғанда жүйке ауруына шалдығады. Аурудың ушыққаны сондай – оған дәрігерлер апиын мен морфин қолдануға рұқсат береді. Ада кейін апиын мен морфинсіз өмір сүре алмайтын жағдайға жетеді. Ол 36 жасында жатыр ісігінен қайтыс болады. Анасы морфин салдырмай қойғандықтан, қайтыс боларының алдында Ада қатты қиналады. Анасы осылайша кинау арқылы оның күнәсі шайылады деп есептейді (Snyder, 2011, p. 298).

Ада – Бэббидждің жасаған машинасына таңғалып, оны қолдану мүмкіндіктері мен есептеу машинасының жұмыс істеу қағидаларына 1843 жылы нақты түсініктемелер берді. Ол – «ойлайтын машинаның» негізгі шектеулерін бірінші болып анықтаған адам. Оның пікірінше, машина өз бетінше жаңа ештеңе жасай алмайды немесе ойлап таба алмайды. Машина бағдарламасы енгізілген функцияларды ғана орындай алады. 1980 жылы АҚШ Қорғаныс министрлігі компьютерлердің дамуына қосқан үлесі үшін әскери компьютерлерді бақылау жүйесіне арналған бағдарлама тіліне «Ада» есімін берді.

Қазіргі ғылымның қалыптасуы

Байқап отырсаңыздар, XVII ғасырда ғылым қарыштап ілгері кетті. Оған дейін ойшылдар барлық сұрақтың жауабын Аристотельдің немесе басқа ежелгі авторлардың еңбектері мен «Інжілден» іздеп үйренген еді. Философиялық ізденістер қалыптастырған қағида ресми шіркеулердің доктринасымен басқарылатын догмадан аса алмады. XVII ғасырда ілімді байқау мен эксперимент арқылы тануды білдіретін эмпиризм бағыты маңызға ие болды. Өткен күннен жеткен ілім-білімге күдік-күмән күшейді. XVII ғасырдың гүлденген шағында әлемде ғылыми ойлаудағы өзгерістерді айқындайтын бірнеше жаңалықтар жарияланды.

Осы кезеңде із қалдырған белгілі ғалымдардың ішінде қазіргі психологияның дамуына үлес қосқан Декартты айналып өту мүмкін емес. Оның еңбектері ғылыми ізденістерді ғасырлар бойы қалыптасып қалған теологиялық көзқарастар мен әртүрлі наным-сенімдерден ажыратуға мүмкіндік берді. Декарт ғылымның жаңа дәуіріне өтудің бет-бейнесі іспетті болды. Ол алғаш рет адамның организмін сағат механизмі сияқты қарастыру идеясын дамытты. Осы себепті де біз оны қазіргі психология дәуірінің жолбасшысы деп айта аламыз.

Эмпиризм: табиғатты зерттеу және ілім-білімді тәжірибеге пайдалану арқылы жиналатын білім.



<https://en.wikipedia.org>

РЕНЕ ДЕКАРТ (1596–1650)

Рене Декарт (1596–1650)

Декарт 1596 жылы 31 наурызда Францияда дүниеге келді. Әкесінен қалған байлық оның ғылыммен шұғылданып, саяхат жасауына толығымен жетті. 1604 жылдан бастап 1612 жылға дейін иезуиттер мектебінде гуманитарлық және математикалық білім алды. Ол философия, физика және физиология пәндеріне жетік еді. Денсаулығының әлжуаздығына байланысты, мектеп директоры Декартты таңертеңгілік құдайға құлшылық ету рәсімінен босатып, оған түске дейін үйде қалуға рұқсат берді. Түске дейін ешқайда шықпау Декарттың өмір салтына айналды. Таңертеңгі уақытта оның шығармашылық жұмысы жемісті өтті.

Оқуы біткеннен кейін Декарт өз өмірін думанды Парижде жалғастырды. Бірақ ойын-тойдан мезі болған ол енді жан тыныштығын ойлап, бар өмірін математикалық зерттеулерге арнады. Ол 21 жасқа толған соң Голландия, Бавария және Венгрия әскерінде ерікті есебінде қызмет атқарды. Жақсы семсерлесетін Декарт авантюристік мінез де көрсетіп қоятын. Би билегенді жақсы көретін, құмар ойындар да ойнайтын. Өзінің математикалық қабілетінің арқасында жақсы ойыншы атанғаны да өтірік емес.

Қыли көз әйелдерді ұнататын Декарт ғашықтық дертіне шалдыққан жандарға махаббатты: «Мен бала кезімде көзі аздап қыли бір қызға ғашық болып едім. Содан кейін-ақ қыли көз қыз көрсем болды, тұла бойымды құмарлық билеп алады... Сондықтан, егер біз ешбір себепсіз біреуге ғашық болып қалсақ, демек, ғашық болған адамымыз бұрын ғашық болған адамға ұқсауы мүмкін», – деп түсіндіретін (quoted in Buckley, 2004, pp. 107–108).

Оның ең ұзаққа созылған махаббаты – голландтық Элен Дженс еді. Үш жыл бірге өмір сүрген Декарт пен Дженстің бір қызы болды. Декарт қызын қатты жақсы көретін еді. Сол себепті де ол бес жастағы қызынан айырылғанда қатты күйзелді. Декарттың өмірбаянын жазған адам ол жайында: «Бұл оның өміріндегі ең үлкен қасірет болды», – деп жазды (quoted in Rodis-Lewis, 1998, p. 141). Одан кейін Декарт өмірінің соңына дейін ешкімге үйленген жоқ.

Декарт – ғылыми білімді практикада қолдануға үлкен мән берген адам. Мысалы, оны «шаштың ағаруынан қалай сақтануға болады» деген сияқты мәселелер қызықтырды. Сонымен бірге ол мүгедектерге арналған арбамен де біраз тәжірибе жасады.

Ол Павловтың тұжырымдаманы жетілдірген уақытынан 200 жыл бұрын итте шартты рефлексстерді қалыптастыру ұғымын болжады (9-тарауды қараңыз). Биографтардың бірінің айтуы бойынша, 1630 жылы Декарт досына: «Егер сен итінді

скрипканың дыбысымен алты немесе сегіз рет ұрып-соғатын болса, келесі жолы итің скрипканың дыбысы естілген сәтте-ақ қыңсылап, қорқыныштан дірілдей бастайды». – деген (quoted in Watson, 2002, p. 168).

Әскерде болған кезінде көрген түстер Декарттың өміріне өзгеріс енгізеді. Кейінірек өзі еске алған әңгімесіне сенсек, ол қарашаның оны күні күнұзақ өз бөлмесінде ғылыми және математикалық мәселелерді шешумен уақыт өткізеді. Үлкен пеші бар бөлмеде көзі ілініп кетіп, түс көреді. Түсін тарқатып айтқан ол өзін жалқаулығы үшін қатты сөгеді. «Ақиқат рухы» санасына мықтап енген Декарт енді «табиғатты тану кезінде» математикалық қағидалардың қолданылатынын дәлелдеуге бекінеді. Декарт бұрынғы догмаларға күмәнмен қарап, «эмпирикалық әдістермен анықталатын дүниелерге ғана толық сенуге болады» деген ой түйеді.

Декарт өзінің бір жазбасында: «Бала кезімде өтірік дүниенің бәрін рас деп қабылдап, осы уақытқа дейін жалған түсінікпен өмір сүріп келіппін. Егер мен ғылымда тұрақты бірдеңе ойлап тауып, жасағым келсе, осыған дейін қалыптасқан жалған түсініктер мен ұғымдарды толығымен жойып, бәрін басынан бастауым керек». – дейді (quoted in Grayling, 2005, pp. 56–57).

Декарт математикамен айналысуды жалғастыру үшін Парижге оралды, бірақ ондағы өмір оның көңіліне жайлы болмады. Әкесінен қалған меншігіндегі жер иелігін сатып, Голландиядағы бір ауылға оңаша үйге қоныс аударды. Оның жалғыз қалуды ұнатқаны соншалық – жиырма жыл ішінде 13 қалада тұрып, жиырма шақты үй ауыстырып үлгерді. Ол, өзінің жиі-жиі хат алысып тұратын ең жақын достарынан басқа, ешкімге қайда тұратынын айтпайтын. Ол үшін ең бастысы католик шіркеуі мен университетке жақын жерде тұру еді (Gaukroger, 1995, p. 16).

Декарттың осы кездегі мінездемесін енді бір биограф былай сипаттайды:

«Өзін-өзі жоғары бағалайтын, кеуделі жан... өзі маңғаз әрі әсершіл. Өз ойынан басқа ой бар деп есептемейді. Оның ойымен келіспейтін адамдардың бәрін кінәлай жөнеледі. Күдікшіл, тез шамданғыш, ашуы ұзақ уақыт басылмайтын. «Біреудің айтқанына қылым қисаймайды» дейтін ол шамына тиген не жазғырған адамдарды өмірі ұмытпайтын» (Watson, 2002, pp. 165, 187–188).

Декарт математика мен философия туралы көп жазды. Оның алысқа кеткен атағы, ақырында, Швецияның Кристина есімді 20 жасар ханшайымына жетеді. Ол Декарттан өзіне философиядан дәріс беруін өтінеді. Жеке бас еркіндігін қатты құрметтейтін ғалым Швецияда суық тиіп ауырып, өліп қалсам қайтем деп қорықса да, патша әулетінің өтінішінен бас тарта алмады (Grayling, 2005, p. 221).

1649 жылы қыркүйектің 7-сі күні Декарт «үстіне жаңа жасыл жібек киім, қолына шілтерлі қолғап, басына бұйра парик, аяғына етік киіп», Стокгольмге бет түзеген кемеге отырды (Watson, 2002, p. 290). Патшайымның қыли көз болуы Декартты қызықтырғанына қарамастан, оның патша сарайындағы өмірі ойдағыдай болмады. Патшайым қыстың қақаған аязында дәрісті таңғы сағат 5-те суық кітапханада өткізуді талап етті. Декарт досына жазған хатында: «Бұл жерде жаным жай табар емес. Маған тыныштық қана қажет», – дейді (quoted in Rodis-Lewis, 1998, p. 196). Енді бір досына жазған хатында: «Қыста бұл жерде ер адамның ойы да, су тәрізді, қатып қалатын сияқты», – деп шағым айтады (quoted in Watson, 2002, p. 304). Аурушан Декарт төрт ай бойы танертең ерте тұрып, суыққа төзіп бақты. Ақыры өкпесіне суық тиіп, 1650 жылы ақпан айының 11-нде көз жұмды.

Адамның жаны мен тәнінің өзара әрекет етуін зерттеуге көп күш жұмсаған ұлы адамның қайтыс болғаннан кейінгі тағдыры да шырғаланға толы. Декарт қайтыс болғаннан кейін, 16 жыл өткен соң, оның достары Декарттың денесі Францияда жерленуі тиіс деген шешім жасайды. Бірақ оның сүйегі үшін Швецияға жіберілген табыт өте қысқа болып шығады да, шведтер Декарттың басын

тәнінен ажыратып, Парижден қажетті дүниелер келгенше оның басын денесінен бөлек жерлеуге шешім қабылдайды.

Ол аз болғандай, бассыз денені Францияға жіберуге әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқан кезде, Швециядағы француз елшісі әйгілі жерлесінен естелік ретінде оның оң қолындағы сұқ саусағын кесіп алады. Декарттың басы мен саусағынан ажыратылған тәні Парижде сән-салтанатпен жерленеді. Бірнеше жылдан кейін бір әскери офицер Декарттың бас сүйегін жәдігер ретінде қазып алады. Ол Парижде қайта жерленгенге дейін, 150 жыл бойы, коллекция жинаушылардың қолында жүреді.

Декарт қайтыс болғаннан кейін оның барлық жеке қағаздары мен қолжазбалары жинастырылып, Парижге жіберілген болатын. Алайда кеме дәл қайырлайтын кезде суға батып кетеді. Оның қағаздары үш күн бойы суда жатты. Аталмыш құжаттарды қалпына келтіріп, оны қайта басып шығару үшін 17 жыл қажет болды. Декарттың қайтыс болғанына 200 жыл өткенде бір италиялық математик оның 72 хатын ұрлап, Англияға өтіп кетеді. Бұл хаттардың 45-і ғана (соңғысы 2010 жылы) қалпына келтірілді. Ең бастысы, Декарттың идеялары оның тәні мен жазбаларына қарағанда әлдеқайда өміршен болып шықты.

Декарттың үлесі: механицизм және жан мен тәннің арақатынасы

Жан мен тәннің мәселесі:
жан мен тән қасиеттері арасындағы айырмашылық мәселесі.

Жан мен тәннің мәселесі сияқты, күрделі философиялық және психологиялық мәселелердің түйінін шешу Декарттың қазіргі ғылымның қалыптасуына қосқан зор үлесі еді. Көп жылдар бойы ойшылдар «идеалды жан мен материалдық тәнді қалай ажырату керек» деген сауалға бас қатырып келді. Бір қарағанда қарапайым көрінетін қиындық сұрақ: жан мен тән – рух әлемі мен материалдық әлем бір-бірінен бөлек пе? Мыңдаған жылдар бойы ойшылдар жан мен тәннің табиғаты бөлек деген дуалистік көзқарас ұстанды. Алайда осы көзқарас мына сұрақтардың туындауына мәжбүр етті: егер жан мен тәннің табиғаты бөлек болса, олардың бір-біріне өзара қатынасы қандай? Олар өзара әрекет ете ме? Бір-біріне тәуелсіз бе, әлде бір-біріне ықпал ете ме?

Декартқа дейінгі кезеңде жан мен тәннің өзара әрекеті бір бағыттық сипатқа ие-тін. Жан тәнге айтарлықтай әсер етуі мүмкін, бірақ тәннің кері әсері аз болады. Қазіргі тарихшылар жан мен тән арасындағы өзара қарым-қатынас қуыршақ пен қуыршақ ойнатушы арасындағы қатынасқа ұқсайтынын айтады. Мұнда қуыршақ ойнатушы – жан болса, тән қуыршақ қызметін атқарады.

Декарттың теориясы бойынша, жан ғана тәнге әсер етпейді, сондай-ақ тән де жанға айтарлықтай ықпал етеді. Мұнда бір бағытты емес, екі жақты өзара әсер бар. XVII ғасырдағы радикалды идеяның философия мен ғылымның дамуы үшін маңызы зор еді.

Декарттың идеялары жарияланғаннан кейін оның замандастары жанды екі болмыстың (жан мен тәннің) жалғыз әрі толық қожайыны деп есептемейтін болды. Жан тәннен толық еркін әрекет ете алмайды. Тәннің рөлі басқаша қабылдана бастады. Бұрын жанға ғана қатысты функциялар енді дене функцияларына жатқызылды.

Мысалы, орта ғасырларда жан ойлау процесіне, парасатты мән-мағынаға, түсініп қабылдау, қозғалыс пен репродуктивтік қызметке жауапты болатын. Декарт бұл түсінікті жоққа шығарды. Оның пікірі бойынша, жанның ойлау деп аталатын жалғыз қызметі болды. Қалған функциялар тәннің қызметінде қарастырылды.

Жан мен тән мәселесін зерттей отырып, Декарт психофизикалық дуализм мәселесіне көңіл бөлді. Сөйтіп, ол жан туралы жалған теологиялық пікірлерді жоққа шығарып, осы мәселенің ғылыми амал-тәсілдік негізін қалады. Мұндай

көзқарас зерттеу әдістеріне де өзгеріс енгізді. Метафизикалық пікірлердің орнына объективті бақылау және эксперимент әдістері, ал жанның болмысы мен жаратылысы туралы оймен пайымдаудың орнына психикалық процестерді бақылау әдістері қолданыла бастады.

Тән мен жан – екі жеке субстанция. Материя, дене субстанциясы, ең алдымен, әрдайым кеңістікте белгілі бір орынды алып жатады және механика заңдарына бағынады. Жан мен ақыл, керісінше, қандай да физикалық субстанцияға байланысты емес. Жан мен тәннің айырмашылықтарының болуына қарамастан, олардың арасында өзара әрекеттесу болуы мүмкін, яғни жан – тәнге, ал тән жанға әсер етеді деген Декарттың идеясы революциялық сипатқа ие.

Тәннің жаратылысы

Декарттың пікірі бойынша, егер дене физикалық материядан тұрса, оның барлық материяға тән сипаттамалары – кеңістіктегі орнымен қозғалыс қабілеті болуы керек. Ал егер дене материалдық болса, оған физикалық әлемде объектілердің қозғалысын сипаттайтын физика және механика заңдары қолданылады. Осы себепті де дененің жұмысы механика заңдарына бағынатын машинаның жұмысына ұқсайды. Осы пікірлерге сүйене отырып, Декарт барлық физиологиялық процестерді физикалық терминдермен түсіндіре бастады.

Декартка әлемді алпауыт сағат механизмі түрінде көрсететін «уақыт рухы» айтарлықтай әсерін тигізді. Ол Париждегі корольдік саябақта көпшіліктің көруі үшін орнатылған әртүрлі механикалық мүсіндерге қызығушылық білдірді. Су ағыны мүсіндерді қозғалтып, дыбыс шығаратын басқыш пластиналарды бірнеше сағат бойы әрі-бері басып жүрді.

Декарт тәннің қызметін түсіндіргенде көбінесе өзі көрген механикалық мүсіндерге жүгінетін. Ол тәндегі жүйке қызметін су ағатын құбырға теңесе, бұлшық еттер мен сіңірлерді қозғалтқыш пен серіппелерге ұқсатты. Мұндай механикалық дененің барлық қозғалысы ерікті түрде емес, су қысымы сияқты, қандай да бір сыртқы күштердің ықпалынан туындайды. Декарттың бақылауы бойынша, адам денесінің біраз қозғалысы да сананың ешбір қатысуынсыз орындалады.

Міне, осындай бақылаулардан сана мен ерік-жігердің еш қатысуынсыз орындалатын қозғалыс ұғымы қалыптасады. Сондықтан Декартты **рефлекс ілімінің авторы** деп жиі атайды. Аталмыш теория XX ғасырдағы мінез-құлықтағы стимул-реакция (С-Р) психологиясының жаршысы іспетті болды. Сыртқы объект (стимул) еріксіз әрекет тудыратын бұл құбылысты – невропатолог-дәрігер тізені резенке балғамен ұрғанда, аяқтың автоматты түрде серпілетін жағдайымен түсіндіруге болады. Рефлекстік мінез-құлықта ой немесе когнитивті әрекет болмайды. Бұнда бәрі автоматты түрде жүзеге асады.

Декарттың еңбектері адамның мінез-құлқын болжауға болады дейтін қағида-ны толық қолдайды. Түрткі болатын стимулдар белгілі болса, механикалық дененің барлық іс-қимылдарын болжауға болады. Декарт адам бұлшық етінің қимылын байқауды шіркеудегі орган аспабының жұмысымен салыстырады:

«Егер сіз шіркеудегі органның жұмысына зейін аударсаңыз, ауа үрлейтін құрылғының ауаны ұяшықтарға қалай жіберетінін көрген болар едіңіз. Бір ұяшықтан шыққан ауаның екінші ұяшыққа өтуі органианың пернетақтада саусақты қалай қимылдатуына байланысты жүзеге асады. Сіз жануарлардың рухын мидың қуысына үрлейтін машинаның жүрегі мен артерияларын ауаны ұяшықтарға итеретін көрік сияқты қабылдауыңызға болады. Ал белгілі бір жүйке тамырлары себепші болатын сыртқы объектілерді органианың саусақтары деп санағаныңыз ләзім» (quoted in Gaukroger, 1995, p. 279).

Декарттың адам тәні жөніндегі жұмыстарының механикалық түсіндірмесі заманауи физиологиямен үндесіп жатты. 1628 жылы ағылшын дәрігері

Рефлекс туралы ілім: дененің қозғалысы сананың қатысуынсыз, сыртқы ықпал арқылы жүзеге асатын түсінік.

Уильям Гарвей денедегі қан айналымына қатысты маңызды деректерге қол жеткізді. Физиологтер болса, бұл кезде ас қорыту процесін зерттеп жатты. Ғалымдар дененің бұлшық еттері жұппен жұмыс істеп, оның қызметі жүйкеге байланысты екенін анықтады.

Физиология адам денесі қызметін тану кезінде айтарлықтай жетістікке жетуіне қарамастан, оның деңгейі әлі де төмен еді. Мысалы, жүйке әлдебір сұйық флюидтерді жеткізетін бос түтіктер деп көрсетілді. Бұл сұйықтық механикалық фигураларды қозғалысқа келтіретін суға ұқсайтын. Алайда бізді XVII ғасырдағы физиология ғылымының жай-күйі емес, адам организмнің механикалық қызметінің идеясы қызықтырады.

Сол кездегі діни догма жануарларда жан жоқ деп, оларды автоматқа теңеді. Христиандық наным-сенім бойынша адам мен жануарлар арасындағы басты айырмашылық осы еді. Егер жануарды автомат десек, онда жан болмаса, сезім қайдан болады онда?! Сол себепті де Декарттың замандастары анестезия әлі қолданысқа енген кезде тірі жануарларға эксперимент жасай беретін еді. Бұл жайтты жазушылардың бірі: «Жануарлардың өкірген һәм қынсылаған жан даусы оларға машиналардың дірілі мен аппараттардың шуы сияқты көрінді», – деп еске алады (Jaunes, 1970, p. 224). Осылайша, жан-жануар физикалық құбылыс категориясына кіріп кете барды. Жаннан ада, ойлау қабілеті мен ерік-жігері жоқ оның мінез-құлқын механикалық тұрғыдан түсіндіруге болады деп есептелді.

Жан мен тәннің өзара әрекеті

Декарттың айтуы бойынша, жан физикалық субстанциясыз ештеңе істей алмайды. Бірақ ол ойлай алады, басқа да тану процестерін орындайды. Сол себепті ол тәнге әсер етеді және тәннің әсеріне де ұшырайды. Мысалы, жан бір жерден басқа бір жерге ауысқысы келсе, бұл әрекет тәннің бұлшық еттерімен жүзеге асады. Жан да, жарық немесе жылу сияқты, сенсорлық деректерді танып, тәнді ынталандырады.

Декарт жан мен тәннің өзара әрекеттесуі теориясын аяқтар алдында, оған жан мен тән бір-бірімен өзара әрекеттесетін, тәннің нақты физикалық бөлігін табу қажет болды. Ол жанды біртұтас деп қарастырып, жан мен тән бір нүктеде өзара әрекеттесуі қажет еді. Сонымен бірге осы өзара әрекеттесу мида жүзеге асты. Себебі түйсік миға барып, қозғалыс мидың ішінде болады. Декарт миды жан функцияларының шоғырланатын жері деп есептеді. Бас миының жалғыз әрі тұтас құрылымы томпақ дене немесе *конариум* болды. Декарт оны логикалық өзара әрекеттесу жері деп таңдады.

Ол жан мен тән әрекетін механикалық терминдермен былайша сипаттайды: нерв түтіктерімен қозғалатын шырын конариумге әсер етіп, соның негізінде ақыл сезім бейнелерін, түйсіктерді жасайды. Басқаша айтқанда, физикалық қозғалыс саны жан сапасын (түйсікті) қалыптастырады. Бәрі керісінше болуы да мүмкін: ақыл конариумге әсер етіп, ол, өз кезегінде, шырынды дененің бұлшық еттеріне бағыптайды. Нәтижесінде физикалық қозғалыс пайда болады. Сөйтіп, адамның психикалық күйі оның денесіне тән физикалық қозғалыстарды орындайды.

Идеялар туралы ілім

Декарттың идеялар туралы ілімі қазіргі психологияның дамуына айрықша ықпал етті. Оның пікірінше, адам санасы екі түрлі идея тудырады: ол туа біткен және жүре біткен. **Жүре біткен идеялар** сыртқы күштердің ықпалы арқылы жүзеге асады. Мысалы, ол қоңырау дыбысы я болмаса ағаш көрінісі арқылы пайда болуы мүмкін. **Жүре біткен идеялар** сезім тәжірибесінің нәтижесі болып табылады. **Туа біткен идеялар** ақылда не болмаса санамызда пайда болады, олар сыртқы күштердің ықпалына тәуелді емес. Декарттың көзқарасы бойынша, Құдай идеясы, «Мен» идеясы, кемел мен шексіздік идеясы туа біткен идеяларға жатады.

Жүре біткен идеялар: сыртқы әлем объектілерінің әсерінен, тәжірибеден пайда болатын идеялар.

Туа біткен идеялар: қайнар көзі сезім тәжірибесі мен сыртқы стимулдардан бөлек жаратылған, ақылдан туындайтын идеялар.

Кейінгі тарауларда туа біткен идеялар ілімі түйсіктің нативистік теориясымен (біздің түйсіну қабілетімізде туа біткен сипат бар) таныстырады, ал аталмыш теория гештальт-психологияның дамуына түрткі болды.

Декарттың еңбектері психология тарихында елеулі рөл атқарған бірқатар ағымдар үшін күшті катализатор қызметін атқарды. Ол:

- *тәннің механикалық тұжырымдамасына;*
- *рефлекс теориясына;*
- *жан мен тәннің өзара әрекеттесуіне;*
- *мида ойлау функцияларын шектеуге;*
- *туа біткен идеялар іліміне үлес қосқан.*

Біз Декарттың арқасында адам денесіне қолданылатын механизм идеясын көреміз. Сол дәуірдің «уақыт рухын» анықтаған кезде механикалық философияның кең таралғаны соншалық – оны адам санасына қолданып, машинаға теңейтіндей әсер еткені сөзсіз.

Жаңа психологияның философиялық негіздері: позитивизм, материализм және эмпиризм

Огюст Конт (1798–1857)

Декарт қайтыс болғаннан кейін 200 жыл өткен соң, XIX ғасырдың ортасында, бейғылыми психологияның дәуірі аяқталды. Бұл кезде еуропалық философияда позитивизм ілімі басымдыққа ие болды. Француз философы Огюст Конт (1798–1857) еңбектері осы ілімнің негізін салды. Өзінің көп ұзамай бақилық болатынын білген Конт бұл өлім әлем үшін орны толмас өкініш болатынын мәлімдеді.

Конт өз алдына адамзат ілімін толығымен жүйелі түрде қайта қарау міндетін қойды. Ол бұл ойын жүзеге асыру үшін ғылыми әдіспен ғана анықталған фактілерді пайдалану керек деп білді. Оның ойынша, объективті ғылыми байқалатын фактілерді ғана сенімді деп есептеуге болады. Логикалық жолмен алынған барлық пайымдаулар немесе метафизикалық пікірлер жалған деп есептелді.

Конттың пікірі бойынша, жаратылыстану ғылымдары табиғат құбылыстарын танып білу жолдары арқылы емес, эмпирикалық әдістер арқылы таныстыратын позитивизм кезеңіне өтті. Алайда әлеуметтік ғылымдар кейінгі даму сатысына жету үшін, олар метафизикалық сұрақтар мен түсініктемелерден бас тартып, бақыланатын деректерге ғана сүйенуі қажет еді. Конт идеяларының ықпалы зор болғаны соншалық – 1800 жылдардың соңында еуропалық «уақыт рухында» позитивизм басым күшке ие болды. «Әр адам өзін позитивистің деп есептеді» (Reed, 1997, p. 156). Конттың әлеуметтік және мінез-құлқ мәселелерін ескеретін болсақ, оның еуропалық ой-пікірге ықпалы күшті болғаны – таңғалдырарлық жайт. Ол ресми түрде ешқашан ғылыми мансап иеленген адам емес. Жазған-сызған дүниелері үшін күнкөріске жетер-жетпес ақы алып, оқыған дәрістері үшін төленетін тиын-тебен мен оқта-текте табынушылары беріп кететін сыйақыға күн көрді. Жарқын тұлға болғанымен, азабы мол күн кешкен Конт жиі-жиі деменция дертіне де ұшырап қалатын.

«Ол есіктің жанында отыра қалып, жануардың қылықтарын салатын... Әркез түскі және кешкі аста өзін Вальтер Скоттың романындағы таулық шотландтық етіп көрсететін. Пышақты үстелге қадап, шошқа етіп талап етіп, Гомердің өлеңдерін оқитын... Бір күні Конт әйелі мен анасы – үшеуі ас ішіп отырғанда дастарқан басында дау шығып, пышақпен өз мойнын тіліп жібереді. Пышақтан қалған тыртық іздері өмірінің соңына дейін сақталды» (Pickering, 1993, p. 392).

Конт бастапқы кезде әйелдер теңдігі идеясын, сондай-ақ басқа да феминистік пікірлерді қолдады. Бірақ жігерлі, өте ақылды әйелге үйленген ол бұрынғы

Позитивизм: байқауға болатын құбылыстар мен фактілерді ғана рас деп санайтын ілім.

ойларынан бас тартып, өз некесін өміріндегі ең үлкен қателік деп санады. Оның позитивизм идеялары жеке өміріне қарағанда әлдеқайда жақсы өрбіді.

Позитивизмнің кең құлаш жаюы ғалымдардың алдында екі-ақ тұжырымдама қалдырды: «Оның бірі – сезім дүниесі, мұны ғылыми мәлімдеме деп қабылдаңыз. Екіншісі – бос сөз!» (Robinson, 1981, p. 333). Барлық дәстүрлі философиялық және теологиялық мәселелердің мән-мағынасы болмады. Ғылыми білім ғана мойындауға тұрарлық дүние.

Философиялық білім саласында да антиметафизикалық үрдіс нығая түсті. **Материализм** ілімі, материя мен энергияның түрлі қасиеттері сияқты, ғаламдағы барлық жағдайларды табиғи факторлармен сипаттап түсіндіреді. Материализм тұрғысынан адам санасының өзін физика мен химия негізінде түсіндіруге болады. Бұл кезде мидың анатомиялық және физиологиялық құрылымдары сияқты физикалық сипаттамаларды зерттеу материалистердің басты назарында болды.

Үшінші топ – философтар – эмпиризм көзқарасын ұстанды. Олар білім санаға қалай бітеді деген мәселемен айналысты. Олардың пікірі бойынша, сезім тәжірибесі білімнің жалғыз қайнар көзі болады. Позитивизм, материализм және эмпиризм ғылыми психологияның философиялық негізін қалады. Алайда жоғарыда айтылған үш бағыттың ішінде эмпиризм басты рөлді атқарады. Оның басты міндеті – адам санасының нығаюын, оның ілімінің көбеюін зерттеу. Бұл көзқарас бойынша, сезім әсерін жинау арқылы тануға болады. Аталмыш көзқарас қайсыбір идеяларды туабітті идеялар деп есептейтін Декарттың нативистік тұжырымдамасына қайшы келеді.

Біз мұнда негізгі ағылшын эмпирикері – Джон Локк пен Джордж Берклиге, Джеймс Милль мен Джон Стюарт Милльге тоқталатын боламыз.

Джон Локк (1632–1704)

Джон Локк Оксфорд университетіндегі салғырт студенттердің бірі еді. Ол уақытын қыз-қырқынға хат жазып, кітап оқуға жұмсайтын. Медицинаға қызыққан ол қойын кітапшасын кірпіні семірту рецептеріне толтырып тастайтын. Ол бірде бақаның жүрегін суырып алып, оның секіріп жүріп өлгенін байқап көреді. Джон жаңа ғылыммен өтірік айналысқаннан гөрі, уақытын осындай дүниелерге арнағанды жөн санады (Zimmer, 2004, p. 241).


Сақа студент болған ол Декарттың еңбектерімен танысқаннан кейін табиғи философияға қызығушылық білдірді. Оксфордта бірнеше жылға қалып, грек тілін үйретіп, философиялық еңбектер жазды. Содан кейін медицина практикасымен айналысты. Ол саясатқа қызығып, 1667 жылы Карл Шафтсберидің хатшысы әрі сенімді адамы болу үшін Лондонға аттанды.

Ол Шафтсберидің үкіметтегі ықпалы азайып, 1681 жылы II Карлға қарсы жасалған сәтсіз қастандық салдарынан Шафтсберимен бірге Голландияға қашуға мәжбүр болды. Бірнеше жылдан кейін Англияға оралған Локк апелляция істері жөніндегі уәкілетті тұлға қызметін атқарып, білім, дін және экономика мәселелері бойынша бірнеше кітап жазады. Ол адамдардың ар-намыс бостандығы құқығы мен жеке өмір сүру бостандығы құқығын қорғайды. Осы еңбектердің арқасында бүкіл Еуропаға танымал болады. Локк либералды ой көшбасшыларының біріне айналады. Оның кейбір идеялары АҚШ-тың Тәуелсіздік декларациясының негізін қалайды.

Локктың «Адам санасы туралы тәжірибе» (*An Essay Concerning Human Understanding*) (1690) шығармасы психология саласындағы ең маңызды еңбекке айналды. Бұл оның жиырма жылдық ізденістерінің нәтижесі еді. 1700 жылға дейін кітап төрт рет басылып шығып, француз және латын тілдеріне аударылды. Аталмыш еңбек Британ эмпиризмі тарихының бастауы іспетті болды.

Білімді қалай игеруге болады? Локк, ең алдымен, когнитивті жұмыс істеуді, яғни ақылдың білімді қалай меңгеретінін зерттеді. Бұл мәселені шешу барысын-

Материализм: материя мен оның қасиеттерінің түрлі көріністері сияқты, ғаламдағы барлық жағдайларды физикалық терминдермен түсіндіретін философиялық ілім.



ДЖОН ЛОКК (1632–1704)

<https://en.wikipedia.org>

да Декартка кереғар пікір ұстанған Локк туа біткен идеяларды жоққа шығарды және адамдар ешқандай білімсіз туатынын айтты. Аристотель де дәл осындай көзқарас ұстанған болатын. Туған кезде адамның ақылы таза, бос күйінде болады. Кейіннен оған тәжірибе қонады. Локктың пікірінше, кейбір идеялар, мысалы Құдай идеясы, ересек адамға туа біткен болып көрінуі мүмкін. Бірақ біз осы идеяны балалық шағымыздан естиміз. Сөйтіп, Локк табиғатқа тән кейбір идеяларды оқып-үйрену және дағдылану тұрғысынан түсіндірді. Бұлай болса, ақыл білімді қалай игереді? Ақыл білімді тәжірибе арқылы меңгереді.

Түйсік пен рефлексия. Локк тәжірибенің екі түрін анықтады: оның бірі – түйсіктен, екіншісі рефлексиядан пайда болады. Қарапайым сезім түйсіктері – қоршаған ортада физикалық объектілерден тікелей сенсорлық жолмен енетін идеялар. Осы сезім әсері ақылға, ақылдың өзі идеяларды тұжырымдайтын түйсіктерге ықпал етеді. Идеялар қайнар көз ретінде рефлексияның ақыл-ой немесе когнитивті функциялардың үрейі сезім тәжірибесіне байланысты. Ақыл-ойдан көрінетін идеялар сезім арқылы сыналған әсерге негізделген.

Алғашында түйсік пайда болады. Ол рефлексияның қажетті ізашары болады. Себебі, ең алдымен, ақыл ойлау үшін әсер алу қажет. Біз абстракциялар мен басқа да идеяларды қалыптастыру үшін бұрынғы сенсорлық әсерді еске түсіріп, оларды біріктіреміз. Сөйтіп, барлық идеялар түйсік пен рефлексиядан туындайды. Бірақ сезім тәжірибесі негізгі қайнар көз болады.

Локк не деді? Біз келесі бөлімде Локктың кейбір идеяларын өз сөзімен береміз. Сіз оның 300 жыл бұрын жазғанын бізге не үшін оқытып отыр деп таңданып та отырған боларсыз. Есіңізде болсын, оқулық авторлары мен оқытушылар сізге қашанда өз нұсқалары мен түсініктемелерін береді. Олар тарихи деректерді мүмкіндігінше өңдеп, синтездеп, саралап ұсынады. Мұндай жағдайда түпнұсқаның қайталанбас стилі мен мазмұны жоғалуы әбден мүмкін.

Кез келген көзқарастар жүйесін түсіну үшін түпнұсқаға жүгінген абзал. Себебі жазушылар мен профессорлар да тек түпнұсқа арқылы жұмыс істейді. Әлбетте, практикада мұндай амал-тәсілдер сирек қолданылады. Сондықтан біз бастапқы деректердің үлгілерін, теорияшылардың өз сөздерін ұсынамыз. Келесі үзінділер теорияшылардың жеке идеяларымен танысуға мүмкіндік береді.

Қарапайым идеялар мен күрделі идеялар. Локк қарапайым идеялар мен күрделі идеяларды ажыратты. Қарапайым идеялар сезімдік және рефлексиялық тәжірибе негізінде пайда болады да, біздің ақылымызбен енжар қабылданады. Қарапайым идеялар – мүлдем қарапайым, оларда ешқандай бөліктер жоқ, сондықтан да талдауға немесе қандай да бір басқа – одан да қарапайым идея деңгейіне түсіруге көнбейді. Алайда сана өз қызметінде әртүрлі қарапайым идеяларды қиыстыру және үйлестіру арқылы белсенді түрде жаңа идеяларды жасап шығарады. Осы туынды идеяларды Локк күрделі идеялар дейді. Олар қарапайым идеялар қатарынан тұрады, сондықтан да талдауға және компоненттерге бөлуге болады.

Қарапайым идеялар: түйсіну мен рефлексиядан туындайтын әдеттегі идеялар.

Күрделі идеялар: қарапайым компоненттерге талданатын немесе бөлінетін қарапайым идеялардан құралады.

Ассоциация: өзара байланысу арқылы қарапайым идеялардан күрделі идеялар тудыратын ұғым.

Байланыс (ассоциация) теориясы. Идеялардың үйлесуі немесе байланыстырылуы және оларды талдаудың кері процесі туралы түсінік байланыс мәселесінің менталды-химиялық әдістемесіне негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, қарапайым идеялар өзара байланысуы және осылайша күрделі идеяларды қалыптастыруы мүмкін. Тегінде, байланыс – қазіргі психологтер оқып-үйрену деп атайтын, кері айналмайтын процесс. Редукция (жеңілдету), адамның бүкіл психикалық өмірін қарапайым идеялар немесе элементтердің жиынтығы деп тану, сондай-ақ күрделі идеяларды қарапайымдарымен байланыста түсіндіру қазіргі бүкіл



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«Адам санасы туралы эссе» (*An Essay Concerning Human Understanding*) шығармасынан (1690) эмпиризм жөніндегі материалдың түпнұсқа дереккөзі

Джон Локк

Ақылды ешқандай белгілері мен идеялары жоқ ақ қағаз деп алайық. Ақыл осы белгілер мен идеяларды қалай алады? Адамның шексіз қиялы алуан түрлі жолдармен салып берген үлкен қорды қайдан алады? Ол барлық пікірлер мен білімді қайдан жияды? Осының бәрін ол тәжірибеден алады. Біздің барлық біліміміз тәжірибеге негізделген, яғни тәжірибеден шығады. Сыртқы түйсінетін заттарға немесе ақылымыздың ішкі әрекетіне бағытталған байқауымыз барлық ойлау материалын санаға жеткізеді. Бізде бар немесе өзінен-өзі қалыптасқан барлық идеялар білімнің екі қайнар көзінен шығады.

Біріншіден, жеке қабылдағыш заттарға бағытталған сезімдеріміз ақылдың түрлі жолдары арқылы қабылданып, бір-бірінен ерекшеленетін әртүрлі заттарды ақылға жеткізеді. Сөйтіп, біз сары, ақ, ыстық, суық, жұмсақ, қатты, ащы, тәтті және сезім қасиеттері деп аталатын барлық идеяларды аламыз. Сезімдер оларды ақылға жеткізеді деген кезде осы түйсіктерден пайда болатын дүниелерді ақылымызға жеткізетінін айтқым келеді. Толығымен сезімдерімізге байланысты және олар арқылы санаға кіретін идеяларымыздың көпшілігінің қайнар көзін түйсік деп атаймын.

Екіншіден, тәжірибе сананы идеялармен қамтамасыз ететін басқа қайнар көзді ақылымыздың ішкі қабылдауы деп есептейді. Ол жүре қабылданған идеялармен айналысады. Жан осы іс-әрекеттерді ойлап қарастыра бастағанда, олар санаға сыртқы заттардан алмаған басқа да идеяларды жеткізеді. Оларға қабылдау, ойлау, күмәндану, сену, пайымдау, тану, қалау және ақылдың тағы басқа іс-әрекеттері жатады. Біз оларды ішкі танумен ескерген кезде санамызда бір-бірінен ерекшеленетін идеяларды аламыз. Және тура сондай идеяларды сезімдерімізге әсер ететін денемізден аламыз. Әр адамда идеялардың қайнар көзі бар. Осы қайнар көз сезімге жатпаса да, ол сезімге өте ұқсас келеді және ішкі сезім деп аталуы мүмкін.

Басқа бір қайнар көзді түйсіну немесе екінші рефлексия деп атаймын. Себебі ол ішкі қызметке қатысты пайымдау арқылы ақылға баратын идеяларды ғана жеткізеді. Сонымен, рефлексия дегеніміз – ақыл өз қызметін іске қосатын байқауды білдіреді. Соның нәтижесінде санада осы қызметтің идеялары пайда болады. Түйсіну объектілері сияқты, сыртқы материалды заттар мен рефлексия объектісі ретінде ақылымыздың ішкі қызметі, яғни осы екі қайнар көз – біздің идеяларымыздың жалғыз бастауы.



ғылыми психологияның негізі болып отыр. Бөлшектеп және қайта жинап, осы негізде жаңа, мейлінше күрделі машиналар жасауға болатын сағат механизмдері сияқты. сана идеяларын да талдауға және байланыстыруға болады.

Локк ақылды – физикалық ғалам заңдарына сәйкес қарастырды. Галилей мен Ньютонның механикалық ғаламында кездесетін материяның атомдарына ұқсас қарапайым идеялар менталды әлемнің негізгі бөлшектері немесе атомдары болды. Сананың элементтері өте қарапайым элементтерге бөлшектенбейді. Бірақ олардың материалдық әлеміндегі әріптестері сияқты, сана элементтері идеяларды біріктіре алады немесе күрделі құрылымдарды жасау үшін байланыстырылады. Сөйтіп, байланыс теориясы ақылды зерттеу бағытында үлкен қадам жасады.

Бастапқы және кейінгі сапа. Локктың алғашқы және кейінгі сапаны ажыратып көрсетуі ежелгі психологиядағы маңызды сауалдардың бірі-тін. Алғашқы тұжырымдамалар, адамдардың оларды қабылдау-қабылдамауына қарамастан, объектіде өмір сүреді. Ғимараттың көлемі мен пішіні – бастапқы сапа, ал ғимараттың түсі кейінгі сапа болады. Түс – объектінің өзіне тән нәрсе емес, ол түйсінуші адамға байланысты. Кез келген адам белгілі бір түсті сол күйінде қабылдап түйсінбейді. Түс, иіс, дыбыс және дәм сияқты, кейінгі сапа объектінің өзінде емес, адамдардың объектіні түйсінуінде болады. Қауырсынның тітіркендіруін түйсіну оның өзінен емес, біздің қауырсынға жанасуымыздан алады. Пышақтың денеге тиіп ауыртуы – пышақтың жүзінен емес, алған жаракатымыздың жауабы.

Осы идеяларды Локктың келесі эксперименті былайша сипаттайды: су құйылған үш ыдысты әзірлеңіз: біреуіне суық су, біреуіне жылы су және тағы біреуі-

Бастапқы және кейінгі сапа белгілі бір нысанның көлемі мен пішіні бастапқы сапаға жатса, оның түсі мен иісі кейінгі сапаға жатады. Бастапқы сападағы нысанды біздің қабылдау-қабылдамауымыз шарт болмаса, кейінгі сападағы нысанды қабылдау шарт.

не ыстық су құйыңыз. Сол қолыңызды суық суға, оң қолыңызды ыстық суға салыңыз, содан кейін екі қолыңызды жылы суға салыңыз. Бір қолыңыз жылы суды жылы деп қабылдаса, екінші қолыңыз оны салқын су деп қабылдайды. Негізінде жылы су екі қол үшін де бірдей әсер беріп тұр. Жылы су бір мезгілде жылы әрі салқын күйде болмайды. Кейінгі қасиет немесе жылы мен салқынды сынап көру әсері объектіде емес, біздің түйсігімізде болады.

Тағы бір мысалды қарастырайық: егер сіз алманы тістеп көрмесеңіз, оның дәмін біле алмайсыз. Алманың көлемі мен пішіні сияқты бастапқы қасиет болады. Дәм сияқты кейінгі қасиет біздің түйсігімізде ғана жүзеге асады. Локк бастапқы және кейінгі сапаны ажырата білетін бірінші ғалым емес еді. Галилей де осыған ұқсас тұжырым жасаған болатын:

«Менің ойымша, егер біз құлағымыздан, тілімізден және мұрнымыздан айырылсақ, заттардың пішіні, саны мен қозғалысы қалып, иіс, дыбыс һәм дәм атаулы жоғалып кетер еді. Тіршілік әлеміңіз олар бар болғаны құр атау ғана» (quoted in Boas, 1961, p. 262).

Мұндай көзқарас әлемге механикалық дүниетаныммен қараумен толық сәйкес келеді. Егер барлық объективті шындық материя болып есептелсе, онда түс, иіс және дәм сияқты кез келген түйсіктер субъективті шындық болады. Кез келген түйсінуге тән заттардың сипаттамалары бастапқы қасиетке жатады. Локк бастапқы және кейінгі қасиеттердің аражігін ажырату кезінде адамның көп түйсіктері субъективті екенін мойындады. Бұл жағдай оны қызықтырып, тану процесін зерттеуге түрткі болды. Физикалық әлем мен түйсінуіміз арасында дәл сәйкестіктің болмауын түсіндіру үшін ол кейінгі қасиеттерді ұсынды.

Ғалымдар бастапқы және кейінгі сапа арасында теориялық айырмашылықты, яғни кейбір қасиеттер шынайы болып, екіншісі біздің түйсігімізде деп қабылдағанда, көп адамдарда бұл қасиеттер арасында қандай айырмашылық бар деген сұрақ туындады. Бәлкім, барлық түйсік түрлері субъективті әрі байқаушыға тәуелді кейінгі қасиеттерде ғана кездесетін шығар. Ал бұл сұрақтың жауабын философ Джордж Беркли берді.

Джордж Беркли (1685–1753)

Ирландияда дүниеге келген Джордж Беркли 15 жасында Дублин қаласындағы Тринити колледжіне оқуға түседі. Колледжде ол Декарт пен Локктың еңбектерімен танысты. Беркли 24 жасында ағылшын шіркеуінің дьякон қызметіне тағайындалды. Содан кейін психологияның дамуына айтарлықтай ықпал еткен «Жаңа көзқарас» (*An Essay towards a New Theory of Vision*) (1709) және «Адам білімі қағидалары туралы трактат» (*A Treatise Concerning the Principles of Human Knowledge*) (1710) атты екі философиялық еңбекті жарыққа шығарды. Алайда осы еңбектерімен оның психологияға қосқан үлесі де тәмам болды.

Еуропаны жиі аралайтын Беркли Ирландияда түрлі-түрлі жұмыс істеді. Өзі білім алған Тринити колледжінде де сабақ берді. Ол үлкен аста бір-ақ мәрте кездескен әлдебір әйелдің ақшалай берген көмегінің арқасында қаржыдан еш уақытта қысылған емес. АҚШ-қа саяхат жасап, Ньюпорт пен Род-Айлендте үш жыл өмір сүрді. Еліне оралар алдында Йель университетіне үйі мен кітапханасын сыйға тартты. Соңғы жылдары ол Ирландиядағы шағын Клойн қаласында епископ болып қызмет атқарды. Беркли қайтыс болғанда, оның денесі, өз өтініші бойынша, іріп-шірігенше біраз уақыт жер қойнына тапсырылған жоқ. Ол адамның денесі іріп-шірігенде ғана ажал жетті деп білетін, уақытынан бұрын жерлеуге үзілді-кесілді қарсы болатын.

Берклидің есімі Америка Құрама Штаттарында күні бүгінге дейін ұмытылған емес. 1855 жылы Йель университетінің діни қызметшісі, қасиетті Генри Дюран Калифорнияда мектеп ашып, оны Берклидің есімімен атады. Бұл оның жақсы епископ болғандығы һәм «Америкада өнер мен білімнің даму келешегі» (*On the*

Prospect of Planting Arts and Learning in America) деп аталатын еңбегінің құрметіне берілген баға еді.

Түйсінуді – жалғыз ақиқат. Беркли – Локктың «біздің сыртқы әлем туралы біліміміз тәжірибеге байланысты» деген тезисімен толық келісіп, бастапқы және кейінгі қасиеттерді ажырату пікіріне қарсы болды. Берклидің пікірі бойынша, барлық қасиеттер, білім – адамның игілігі және тәжірибелік іс-әрекетіне байланысты қалыптасады. Бірнеше жылдан кейін оның көзқарасы ментализм деп аталып, Беркли үшін бүкіл әлем әлдебір субъективті, психикалық құбылыс деп қабылданды.

Ментализм: барлық білім ақыл-ой құбылысының қызметіне және тәжірибелі адамға байланысты деген доктрина.

Ол түйсінуді жалғыз ақиқат деп есептеді. Біз сыртқы, объективтік әлемнің шынайы сипаттамаларын түсіне алмаймыз. Біз өз түйсігімізді ғана біле аламыз. Адамның түйсінуді (ішкі түйсіктері) субъективті болғандықтан, ол сыртқы, объективтік әлемнің көрінісі бола алмайды. Түрлі түйсіктердің үйлесімін әдетте тұтас бір кешенге айналдыруын біз объект деп атаймыз. Сөйтіп, Берклидің айтуынша, сезім әлемі түрлі түйсіктердің үйлесімі ғана болып табылады. Біз бірде-бір материалдық субстанцияның тіршілігіне толығымен көз жеткізе алмаймыз. Егер біз барлық түйсіктерден бас тартатын болсақ, ақылымызда мүлдем ештеңе қалмайды. Түйсік жоқ жерде түс те, пішін де, қозғалыс та болмайды.

Алайда бұл физикалық объектілерді түйсінген кезде ғана физикалық объектілер болады деген сөз емес еді. Оны талдап айтсақ: «Біздің тәжірибеміз өз ішімізде болып, түйсіктерден ажырамайтындықтан, сыртқы әлемнің объективтік сипаттамаларына сенімді түрде анықтама бере алмаймыз. Біз жеке түйсіктерімізге ғана сүйене аламыз».

Беркли кейбір әсерлер дербес, тұрақты әрі келісімді екенін мойындайды. Сондықтан да Беркли мұны түсіндіретін факторды табуы керек еді. Ұсынылған сызбаға Құдай түсінігін енгізу (Беркли діни қызметкер болғанын ұмытпайық) арқылы жоғарыдағы сауалдың жауабы табылды. Құдай әлемде болып жатқан барлық нәрсені қабылдап, түсінеді. Егер орманда ағаш құласа және оның құлағанын ешкім естімесе де, дауыс шығады. Өйткені ағаштың құлағанын еститін Құдай бар (Құдай әрдайым бәрін естиді).

Түйсіктер байланысы. Беркли біздің шынайы әлемдегі объектілерді қалай танытынымызды түсіндіруіміз үшін байланыс қағидасын қолданды. Бұл таным бір-бірімен біріктірілген қарапайым идеялар құрамын (құрылымын) білдіреді. Күрделі идеялар қарапайым идеялардың бірігуі арқылы қалыптасады. Бұл идеялар сезім арқылы қабылданады. Беркли «Жаңа таным теориясы очеркінде» оларды былай түсіндіреді:

«Мен кабинетімде отырып, көшеден өтіп бара жатқан күйменің даусын естимін. Терезеден далаға қарап, оны көремін. Далаға шығып, оған отырамын... Енді осыған байланысты мен естіген, көрген және жанасқан дүниелер әлдебір адамның ой өрбітуіне себепкер болады. Осыған қарамастан, әр сезім арқылы пайда болған идеялар бір-бірінен мүлдем бөлек» (Berkeley, 1709/1957a).

Күймеге қатысты күрделі идея тас көше арқылы жүріп келе жатқан дөңгелектердің дыбысын, оның жақтауын, былғары теріден жасалған орындықтарының иісін және күйменің шаршы пішінін сезінуден қалыптасады. Ақыл осы негізгі менталды құрылыс блоктарын, қарапайым идеяларды топтастырып, біріктірген күрделі идеяларды құрайды. Олардың құрылымдар мен құрылыс блоктары сияқты сөздерді қолдану кезіндегі механикалық ұқсастығы кездейсоқ емес.

Сонымен бірге Беркли байланысты – визуалды түйсінуді тереңдігін түсіндіру үшін қолданды. Адамның көзінде екі өлшемге арналған көз торы бар екенін ескеретін болсақ, ол адамның үшінші өлшемді қабылдау мәселесін қарастырды.

Оның пікірі бойынша, адам үшінші өлшем тереңдігін өз тәжірибесінің нәтижесінде қабылдайды. Көзіміз нысандарды, түрлі қашықтықтарды және қозғалыстарды көруге бейімделгенде болатын түйсінулермен бірге визуалды түйсіктерді байланыстырамыз. Басқаша айтқанда, объектілерге қарай жүру немесе жетудің үздіксіз тәжірибесі мен көздің бұлшық еттері арқылы түйсіну оның кеңістікте қабылдауымен байланысты. Объектіні көзге жақындатқан кезде оқушылар бір жерге тоғысады, ал объектіні көзден алыстатқанда көздің тоғысуы әлсірейді. Сөйтіп, кеңістікте қабылдау – бұл жай ғана сенсорлық тәжірибе емес, зерттеуді қажет ететін идеялардың байланысы.

Түйсіну байланысы тұрғысынан Беркли таза психологиялық немесе когнитивті процесті түсіндіру үшін эмпирикалық философияда дамып келе жатқан байланыс (ассоциация) процесін жалғастырды. Дағдылану мен тоғысудың физиологиялық сигналдарын қарастырған кезде оның түсіндірмесі қабылдау тереңдігін тура болжап берді.

Джеймс Милль (1773–1836)

Джеймс Милль Шотландияда қарапайым етікшінің отбасында дүниеге келді. Әкесінің кәсібін жалғастырудан басқа, оның толып жатқан таңдауы да жоқ еді. Алайда баласының білімді болуын қалаған анасы Джеймстің «әрдайым өзін биік ұстап, көпшіліктің назарында болу керектігін» айтып бақты (Caraldi, 2004, p. 1). Басқа балалармен ойнауға тыйым салған анасы Джеймстен бар уақытын білім алуға жұмсауын талап етті. Қатал тәртіпте өскен Джеймс кейін өз ұлын да қатаң тәрбиеледі.

Милль Шотландиядағы Эдинбург университетінде білім алып, аз уақыт дін қызметкері болып жұмыс істеді. Шіркеу қызметкерлеріне уағызы жүрмейтінін байқаған ол шіркеуден кетіп, жазушылықпен күн көруге бел байлайды. Оның ең әйгілі «Британдық Үндістан тарихы» (*History of British India*) еңбегін жазуға он бір жыл уақыты кетеді. Милльдің «Адам санасы феноменін талдау» (*Analysis of the Phenomena of the Human Mind*) (1829) шығармасы – оның психологияға қосқан ең маңызды үлесі болып табылады.

Машинатектес сана (ақыл). Джеймс Милль адам санасына механизм доктринасын тікелей қолданды. Оның көздеген мақсаты – барлық субъективті немесе ақыл-ой әрекетінің қиялын жойып, ақылдың қызметі машинаның қызметі сияқты екенін көрсету. Милль эмпириктердің «ақылдың атқаратын операциялары машинаның іс-әрекетіне ұқсайды» деген тұжырымдарымен келіседі. Ақыл машина сияқты. Ол, сағат тәрізді, механикалық тәсілмен жұмыс істейді. Сыртқы физикалық күштердің арқасында іске қосылып, ішкі физикалық күштермен басқарылады. Демек, оның көзқарасынша, ақыл – сыртқы стимулдар ықпал ететін толық селқос болмыс. Біз осы стимулдарға автоматты түрде жауап береміз. Біз кенеттен әрекет ете алмаймыз. Сондықтан Милльдің теориясында ерік-жігер тұжырымдамасы қарастырылмаған.

Милльдің негізгі жұмысы бойынша ақылды анализ жасау әдісімен, яғни оны элементарлы компоненттерге дейін азайту арқылы зерттейді. Мұны механикалық доктрина деп түсініміз. Менталды немесе физикалық әлемде идеялар немесе сағат сияқты күрделі құбылыстарды түсіну үшін оларды ең кішкентай құрамдас элементтерге бөлу қажет. Милль былай деп жазды: «Элементтерді жақсы білу күрделі заттарды нақты тұжырымдау үшін керек» (1829, Vol. 1, p. 1).

Милль түйсіктер мен идеяларды тіршіліктегі жалғыз менталды элементтер деп есептейді. Эмпирикалық-ассоциативтік дәстүрде барлық білім түйсінуден басталады, ал ассоциация процесі арқылы түйсінуден күрделі идеялар пайда болады. Ассоциация – ассоциативтілік немесе сәйкестік тақырыбын қарастырып, бір мезгілдік немесе жүйелі болуы мүмкін.

Милльдің пікірінше, ақылдың шығармашылық функциясы жоқ. Себебі ассоциация дегеніміз – толық автоматты, селкос процесс. Белгілі бір тәртіппен бірге пайда болатын түйсіктер, идеялар сияқты, механикалық жолмен жасалады. Бұл идеялар олардың тиісті түйсіктері сияқты, белгілі тәртіппен пайда болады. Басқаша айтқанда, ассоциация механикалық деп есептеліп, алынған идеялар жеке менталды элементтер жиынтығын құрайды.



ДЖОН СТЮАРТ МИЛЛЬ

<https://en.wikipedia.org>

Джон Стюарт Милль (1806–1873)

Джеймс Милль – Локктың «адам санасы туған кезде таза паракқа ұқсайды және оған тәжірибе жазылады» деген пікірімен келісті. Ұлы Джон дүниеге келгенде, Милль оның ақылын толықтыратын тәжірибе жасауға ант етіп, оған арнайы жеке оқыту бағдарламасын түзді. Ол күн сайын ұлына грек, латын тілдерін үйретіп, алгебра, геометрия, логика, тарих пен саяси экономиканы оқытты (Reeves, 2009).

Ол ұлын аландатады-ау дейтін барлық қызықтан оқшаулап, оған ойыншықпен ойнауға не достарымен ойнауға рұқсат етпеді. Джон өзін бала сияқты сезіне алмады. Әкесі оған әрдайым ескерту жасап, оның жасаған қателіктерін түзеп отырды. Ол жеткен жетістіктері үшін мақтау естімейтін. Джон: «Әкем өте қатал адам. Кез келген қате үшін ескерту еститінмін. Бірде-бір жазаға қарсы сөз айтуға да болмайды», – деп еске алатын әкесін (quoted in Capaldi, 2004, p. 10).

Өз өмірбаянында Джон Стюарт Милль былай деп жазды: «Әкем менен қолымнан келетін істерден бөлек, келмейтін істерді де талап ететін... Той тойлауға да рұқсат етпейтін. Себебі, әкемнің ойынша, сауық-сайранды ойлайтын адам жұмыс істеуге құлықсыз болып қалады» (1873/1909, pp. 10, 27). Осыған қарамастан, ол әкесінің сынынан сүрінбей өтті.

Үш жасында Джон Стюарт Милль Платонның еңбектерін түпнұсқада, яғни грек тілінде оқи алатын. Ол 11 жасында алғашқы ғылыми еңбегін жазып, 12 жасында университеттің стандартты оқу курсы менгеріп шықты. 18 жасында өзін «логикалық машинаға» тенеген Джон 21 жасында терең күйзеліске ұшырады. Ол өзінің ақыл-есінің бұзылғаны туралы: «Менің жүйкем әбден жұқарды... өмірімде мән қалмады... өмір сүрудің ешбір маңызын көрмей тұрмын», – деп жазды (J.S. Mill, 1873/1909, p. 83). Ол біраз жылдан соң өз-өзіне келе бастады. Кейін мінезіндегі осы бір ауытқушылықтар үшін ата-анасын айыптады. Әкесін қаталдығы, анасын өзінің тәрбиесіне немқұрайды қарағаны үшін кінәлаған Джон: «Сөйтіп, мен ата-анамның махаббатын көрмей, қорқыныш пен үрейге толы ортада өстім», – дейтін (J. S. Mill, quoted in Kamm, 1977, p. 15). Лондондағы Шығыс Үндістан компаниясында жұмыс істейтін Милль күнделікті қызметтік хаттарды реттеумен айналысатын. «Ол жұмысқа бар ынта-шынтасымен кірісетін. Анықтама қағаздарын толтырған кезде жейдесіз, кейде шалбарсыз бір орнында сағаттап тапжылмай отыра беретін. Ал әріптестері оның ісіне тамсана қарайтын» (Gorpiik, 2009, p. 86).

Мәңгілік махаббат. 25 жасында Милль әдемі әрі ақылды Харриет Тейлор есімді әйелге ғашық болады. Өкінішке қарай, Харриет тұрмыс құрған еді. Тейлор ханымның Милльдің жұмысы мен өміріне тигізген әсері айрықша. Олардың достығы күннен-күнге артып, бір-біріне деген ынтықтығы көпшілікке жария болады. Бүгінгі күннің көзімен қарағанда да, олардың қарым-қатынасы біздің түсінігімізге тар келеді. Күйеуінің бірнеше мәрте қойған талабынан кейін Харриет күйеуімен өзара ымыраға келгендей болады. Ол күйеуіне адал жар болып қалуға және Милльмен дос есебінде ғана қарым-қатынас орнатуға уәде береді. Аталмыш қарым-қатынас Харриеттің күйеуі қайтыс болғанға дейін, жиырма жылға созылады. Екі жыл аза тұтқан Харриет Джон Стюарт Милльге күйеуге шығады.

Ол Джонның жұмысына көп көмектесті. Сол себепті Джон оны «менің өмірімнің бар мәні» деп білді (J. S. Mill, 1873/1909, p. 111). Ол Харриетпен баржоғы жеті-ақ жыл өмір сүрді. Харриеттің бейітін көріп тұру мақсатында жақын

маннан үлкен үй салып, сол жерде өмір сүрді. Ол өзінің қайғы-мұңын былай жеткізді: «Енді менің басқа біреумен отбасы құруым мүмкін емес... Менің өміріме күн шуағын сыйлаған көктем менімен мәңгілікке қош айтысты» (quoted in Caraldi, 2004, p. 246). Бұл сөздің маңызды болатын себебі: Милль мұнда механикалық бейнені қолданды. Мұндағы көктем де, сағат пен автоматтар сияқты, машинаға күш-қуат беретін қозғалтқышты меңзеп тұр.

52 жасында Джонға Харриеттің 27 жасар қызы Хелен екінші «көктем» сыйлап, өмірінің соңына дейін оның серігі болып қалады. Өз хаттарында Джон оны «қызым» деп атағанымен, шынтауайтында, Хелен сол үйді өз қолында ұстап тұрған әйел есебінде жүрді. «Ол Харриеттің жетегінде жүргенді құрмет көрсе, Хеленге бағынудан ләззат алатын» (Kamm, 1977, p. 133).

Милль кейін, Хеленнің ұсынысы бойынша, Харриеттің бірінші күйеуі екеуі арасындағы қарым-қатынасқа негізделген «Әйелдердің басыбайлылығы» (*The Subjection of Women*) атты еңбек жазды. Ол әйелдердің қаржылық немесе мүліктік құқықтарының жоқ болуын әшкерелеп, әйелдердің жағдайын басқа топтардың кедейшілігімен салыстырды. Ол күйеуінің талабы бойынша әйелдің күйеуімен жыныстық қатынаста болуы (әйелі қаламаса да) идеясын қате деп есептеді. Сол заманда ерлі-зайыптылардың мінездерінің үйлеспеуіне байланысты ажырасу процестеріне тыйым салынатын. Ол «ер адам мен әйелдің отбасы құруы кезінде олардың арасында тең, әріптестік қатынас орнауы тиіс» деген болжам айтты (Rose, 1983).

Кейінірек Зигмунд Фрейд Милльдің әйелдер туралы шығармасын неміс тіліне аударып, өзінің қалыңдығына жазған хаттарында Милльдің жыныстық теңдік туралы түсінігін қыжжаққа айналдырды: «Әйелдердің орны қашанда осындай болып қала бермек: ол жас кезінде ер адамның ғашығы, ал есейген шағында ерінің сүйікті жұбайы болуы тиіс» (1883/1964, p. 76). Өлбетте, бұл тұрғыда Милль Фрейдке қарағанда осы мәселені тереңірек түсінген сынайлы.

Менталды химия. Түрлі тақырыптардағы еңбектерінің арқасында Джон Стюарт Милль психологияға ықпал еткен ғалымдардың біріне айналды. Ол өз әкесінің механикалық көзқарасына қарсы болды. Джеймс Милль ақылды – сыртқы стимулдар әсер ететін селқос нәрсе деп қарастырды. Джон Стюарт Милльдің пікірі бойынша, ақыл идеялар байланысында белсенді рөл атқарды.

Ол күрделі идеяларды механикалық байланыс процесі арқылы қарапайым идеялардың қосындысы деп қарастырмауды ұсынды. Кешенді идеялар жеке идеялар қосындысынан аумақтырақ. Себебі олар қарапайым элементтерде кездеспейтін жаңа қасиеттерге ие болады. Мысалы, егер сіз көк, қызыл және жасыл түстерді дұрыс пропорцияда араластырсаңыз, сіз ақ түс жасайсыз. Ал бұл мүлдем басқа қасиет болады. **Шығармашылық синтез** көзқарасына сәйкес, менталды элементтердің дұрыс үйлесімі элементтердің өзінде жоқ белгілі бір қасиеттерді құрайды.

Химияда жасалған зерттеулер Джон Стюарт Милльдің пікіріне әсер етті. Егер физика мен механика оның әкесінің, бұрынғы эмпириктер мен ассоцианистердің идеялар контекстін қалыптастырса, химия Джон Стюарт Милль идеяларының басқа моделін жасады. Химиктер синтез тұжырымдамасын ұсынды. Тұжырымдамада химиялық қосылыстар олардың құрамдас бөліктерінде немесе элементтерінде жоқ қасиеттерді көрсетті. Мысалы, сутегі мен оттегі элементтерінің дұрыс қоспасы суды құрайды, судың құрамында оны құраған элементтерде жоқ қасиеттер бар. Қарапайым идеялардың бірігуі арқылы пайда болған күрделі идеялар олардың элементтерінде жоқ сипаттамаларды иеленеді. Милль бұл әдістемені «менталды химияның» идеялар бірлестігі деп атады.

Сонымен бірге Джон Стюарт Милль «ақылды ғылыми жолмен зерттеуге болады» десе, басқа философтар, әсіресе Огюст Конт «ақылды ғылым әдістерімен қарастыруға болмайды» деген пікірлер айтты.

Шығармашылық синтез:

қарапайым идеялардан түзілген күрделі идеялардың жаңа қасиетке ие болатыны жайлы түсінік: психика элементтерінің өзара үйлесімі түпнұсқа элементтердің барлығынан өзге не болмаса одан да ауқымды дүние тудырады.

Эмпиризмнің психологияға қосқан үлесі

Эмпиризмнің пайда болуымен бірге көп философтар білімнің ежелгі әдістемелерінен бас тартты. Кейбір қиындықтардың болуына қарамастан, осы мәселелерді қарастыру әдістері атомдық, механикалық және позитивистік болып қалыптасты. Енді эмпиризмнің қағидаларын қайта қарау қажеттілігі туды:

- *түйсіну процесінің негізгі рөлі;*
- *элементтерге саналы түрде бөлу тәжірибесін талдау;*
- *байланыс процесі арқылы элементтердің менталды тәжірибе кешеніне синтездеу;*
- *сана процесіне шоғырлану мәселелерін қарастыру керек.*

Эмпиризмнің жаңа ғылыми психологияның қалыптасуындағы атқарған негізгі рөлі айдан анық және біз эмпирикердің мәселелері психологияның негізгі пәнін қалыптастырғанын аңғарамыз.

XIX ғасырдың ортасында философтар адам табиғаты туралы жаратылыстану ғылымының теориялық негіздемесін анықтады. Теорияны шындыққа айналдыру үшін сол тақырып бойынша эксперименттер жүргізу қажет болды. Бұл эксперименттерді физиологтер жүзеге асырды. Олардың жаңа психология негізін қалаған эксперименттері туралы 3-тараудан оқып білесіздер.

Материалды бекіту сұрақтары

1. 1739 жылы Парижде «санғитын үйрек» неліктен әйгілі болды? Мұның жаңа психологияның дамуымен қандай байланысы бар?
2. Механизм тұжырымдамасын түсіндіріңіз. Мұны адамдарға қалай қолдануға болады?
3. Сағат пен автоматтардың дамуы детерминизм және редуccionизм идеяларымен қалай байланысады?
4. Сағат неліктен физикалық ғаламның моделі деп есептелді?
5. Бэббидждің есептейтін машинасының жаңа психологияға қандай әсері болды? Ада Лавлейстің Бэббидж еңбегіне қосқан үлесін баяндаңыз.
6. Декарттың жан мен тән мәселесі бұрынғы көзқарастардан қалай ерекшеленді?
7. Декарт адамның тәні мен адамның санасы (жаны) өзара әрекеттесуі мен жұмыс істеуін қалай түсіндірді? Томпақ дененің (кoнариумның) рөлі қандай?
8. Декарт туа біткен және жүре пайда болған идеялар арасындағы қандай айырмашылықтарды көрсетті?
9. Позитивизм, материализм және эмпиризм ұғымдарын анықтаңыз. Бұл көзқарастардың жаңа психологияға қосқан үлесі қандай?
10. Локк эмпиризмнің анықтамасын сипаттаңыз. Оның түйсіну және рефлексия, қарапайым және күрделі идеялар тұжырымдамаларын талқылаңыз.
11. Ассоциацияға қандай менталды-химиялық әдістеме қолданылады? Ақыл машинаға ұқсайды деген идеямен қандай байланысы бар?
12. Локктың бастапқы және кейінгі қасиеттер арасындағы айырмашылықтарына қатысты Беркли қандай идеялар айтты? Беркли «түйсіну – жалғыз ақиқат» тұжырымымен не айтқысы келді?
13. Джеймс Милль мен Джон Стюарт Милль ұсынған байланыстарды (ассоциацияларды) салыстырыңыз.
14. Джеймс Милль мен Джон Стюарт Милльдің ақыл жаратылысы туралы пікірлерін салыстырыңыз. Психологияға кімнің пікірі көп әсер етті?

Ұсынылған әдебиеттер

- Babbage, C. (1961). *On the principles and development of the calculator, and other seminal writings*. (P. Morrison & E. Morrison, Eds.). New York; Dover Publications. Бэббидждің есептеу машиналары мен басқа механикалық құрылғыларға қатысты жұмысынан алынған іріктеулер. Өмірбаян очеркін қамтиды.
- Capaldi, N. (2004). *John Stuart Mill: A biography*. Cambridge, England; Cambridge University Press. Милльге жеке, әлеуметтік және экологиялық әсер мен оның сол дәуірдегі басқа ойшылдармен қатынастарын қарастырады.
- Clarke, D. (2006). *Descartes: A biography*. Cambridge, England; Cambridge University Press. Құрылған шіркеудің дұшпандығын оятып, қайта жанданған ғылыми пәндердің қажеттілігін қанағаттандыратын философияны идеялар тарихына насихаттауда Декарттың қосқан үлесін сипаттайды.
- Dolnick, E. (2012). *The clockwork universe: Isaac Newton, the Royal Society, and the birth of the modern world*. New York: Harper Perennial. Ғылыми жаналықтарға жасалған шолу.
- Green, C., Shore, M., & Teo, T. Green, C., Shore, M., & Teo, T. (Eds.). (2001). *The transformation of psychology: Influences of 19th-century philosophy, technology, and natural science*. Washington, DC: American Psychological Association. XIX ғасырда жаңа психологияның дамуына әсер еткен әлеуметтік, зияткерлік, технологиялық және институттық идеялар мен практикаларға шолу.
- Johnson, G. (2008). *The ten most beautiful experiments*. New York: Knopf. Тарихи эксперименттерді сипаттайды. Зерттеудің практикалық әдісі ғылыми әлем мен күнделікті өмірді өзгертті.
- Kang, M. (2011). *Sublime dreams of living machines: The automaton in the European imagination*. Cambridge, MA: Harvard University Press. Ежелгі Грекиядан бастап Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірі арқылы XX ғасырға дейін автоматтар мен ерте механикалық философияның дамуы.
- Landes, D. S. (1983). *Revolution in time: Clocks and the making of the modern world*. Cambridge, MA: Belknap Press of Harvard University Press. Механикалық сағатты ойлап табу және уақытты дәл есептеу құралдарын анықтау мәселелерін қайта қарастырады. Олардың ғылым мен қоғамның дамуына келтірген әсерін бағалайды.
- Newton, R. (2004). *Galileos pendulum: From the rhythm of time to the making of matter*. Cambridge, MA: Harvard University Press. Ғылым тарихындағы негізгі мәселелерді қамтып, сағаттарды құрастырумен және күнтізбелердің тұжырымдамасын әзірлеумен айналысады.
- Reeves, R. (2008). *John Stuart Mill: Victorian firebrand*. New York: Overlook. Бұл өмірбаянда Милль идеяларының ұзақ мерзім бойы әсер етуі қарастырылады.
- Teresi, D. (2002). *Lost discoveries: The ancient roots of modern science from the Babylonians to the Maya*. New York: Simon & Schuster. Батыс ғылымындағы жетістіктер (математика, астрономия, физика, химия, геология және технология) ежелгі үндістердің, қытайлардың, арабтардың, полинезиялықтардың, майя мен ацтектердің қосқан үлестерінен болғаны баяндалады.
- Watson, R. (2002). *Cogito, ergo sum: The life of Rene Descartes*. Boston: Godine. Қазіргі әлем үшін маңызы зор – Декарттың өмірі туралы қызықты әңгіме.
- Wood, G. (2002). *Edison's eve: A magical history of the quest for mechanical life*. New York: Knopf. Автоматтардың, оның ішінде Еуропадағы механикалық ойыншықтар мен ойын-сауық құралдарының дамуын, сондай-ақ Томас Эдисон ойлап тапқан – сөйлейтін қуыршақты есепке алатын еңбек.

ФИЗИОЛОГИЯНЫҢ ПСИХОЛОГИЯҒА ЫҚПАЛЫ

К. Дэвидтің жұмысынан айырылуы: дер кезінде жұмыстан босаған К. Дэвид.

Бақылаушы адамның маңызы

Физиологияның алғашқы жетістіктері

Ми функцияларын зерттеу: ішінен картаға түсіру

Ми функцияларын зерттеу: сыртынан картаға түсіру

Жүйке жүйесіне жасалған «үрейлі» зерттеу

Механикалық рухтың әсері

Эксперименттік психологияның бастауы

Неліктен Германияда?

Герман фон Гельмгольц (1821–1894)

Гельмгольцтің өмірі

Гельмгольцтің жаңа психологияға қосқан үлесі

Эрнст Вебер (1795–1878)

Екі нүктенің ажыратпалық межесі

Білінер-білінбес айырмашылық

Густав Теодор Фехнер (1801–1887)

Фехнердің өмірі

Жан мен тән: өзара байланысты сандық бағалау

Психофизика әдістері

Жалпы психология негіздері

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

К. Дэвидтің жұмысынан айырылуы: дер кезінде жұмыстан босаған К. Дэвид

Дэвид Киннбрук күн сайын аяқкиімін жарқыратып тазалап қоятын. Оның жұмысының жалғыз ерекшелігі осы еді. Өйткені оның жұмысы жалғызділікті, іш пыстырарлық әрі талабы көп жұмыс-тын. Ол жұмыста қонып істейтін. Дэвид таңғы сағат жетіден кешкі сағат онға дейін, аптасына жеті күн жұмыс істеді. Бұған қоса кейде түннің бір уағында оның шағын бөлмесінде қауіп-қатер дабылы соғылса да, ол жұмысын одан әрі жалғастыра беретін. Осы жұмысы үшін мардымсыз жалақы алып, күніне үш уақыт тегін тамақ ішті... және, иә, нә, ұмытып барады екен-біз, аяқкиімін жалтыратып қоятын.

Ал енді мұндай керемет жұмысқа тұру үшін қандай біліктілік қажет сонда? Аталмыш жұмысқа қабылдайтын ғалымдардың бірі былай деп жазды: «Маған жалықпайтын, еңбекқор және де тілалғыш адамдар қажет. Олар жұмыс уақытында механикалық байқаумен, қалған уақытында жай есептеу процесімен айналысады» (quoted in Croarken, 2003, p. 286).

Киннбрук жұмыстан кеткеннен кейін, оның орнына келген адам бұл жұмысты былай сипаттады:

«Тап осындай адамды зеріктіретін басқа жұмыс жоқ шығар, сірә. Анда-санда қабырғадағы тесіктен жылт ететін тышиқан болмаса, тірі пенде жоқ, жападан-жалғыз жүргенің... Күн артынан күн, апта артынан апта, ай артынан айды ығыр ететін есеп жүргізумен өткізесің. Зеріккенде әңгімелесіп, жаныңа серік болатын еш пенде жоқ» (quoted in Croarken, 2003, p. 285).

Біз әңгімелеп отырған жер – Гринвичтегі (Англия) Корольдік обсерватория, уақыт – 1795 жыл еді. Киннбрук Король Сарайының астрономы – мәртебелі Невил Маскеллиннің көмекшісі болып жұмыс істеді. Ол бұл қызметте 1 жыл 8 ай 22 күн болды. Киннбруктің жұмыстан кетуі психологияның қалыптасуында айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Бірақ өзі бұл туралы еш нәрсе білмеді.

Киннбрук жұлдыздардың орын ауыстыруы барысында жасалатын есептеулердегі 0.5 секундтық уақыт айырмашылығына бола жұмыстан кеткен еді. Сізге бұл соншалықты көп айырмашылық емес те шығар, бірақ Маскеллин үшін бұл сұмдық жағдай еді. Жұлдыздың бір нүктеден басқа бір нүктеге ауысуына жұмсалатын уақыт Киннбруктің байқауында 0,5 секундқа кешіккен. Маскеллин осы үшін Киннбрукті жазғырып, алдағы уақытта аталмыш мәселеге өте абай болуын ескертті. Алайда, Киннбрук қанша тырысса да, айырмашылық ұлғайып кетті.

Маскеллиннің сол кездегі жазбасына көңіл аударсақ:

«Менің көмекшім Дэвид Киннбрук мырза, келісімге сәйкес, жыл бойына (1794 жыл) жұлдыздар мен планеталардың өту жолын өте жақсы байқады. Бірақ өткен жылдың тамыз айынан бастап Киннбруктің есептеуіндегі жұлдыздардың орын ауыстыруы менің есептеулеріммен салыстырғанда 0,5 секундқа кешігіп отырды. Ал 1796 жылдың басында аталмыш айырмашылық 0,8 секундқа дейін артты.

Мен Киннбрукті ұқыпты әрі тиянақты жұмысшы деп білемін, бірақ бүгіннен бастап онымен бірге жұмыс істеудің қажеті жоқ деп есептеймін» (quoted in Howse, 1989, p. 169).

Ол обсерваториядағы жұмысынан кейін өмірінің соңына дейін 14 жыл бойы мұғалім болып жұмыс істеді. Кейін белгілі болғанындай, ол ешқандай да қателік жасамаған болып шықты (Rowe, 1983)¹.

Бақылаушы адамның маңызы

Өлшеу қателіктерімен айналысқан Фридрих Вильгельм Бессельге (1784–1846) дейін, 20 жыл бойы, Киннбруктің оқиғасына ешкім мән берген жоқ. Ол Киннбруктің жасаған қателерін адамдар арасындағы жеке бас ерекшеліктерімен түсіндірді. Егер Маскеллиннің тапқан қатесін дұрыс деп есептесек, онда байқау уақытының айырмашылығын барлық астрономдардан табуға болады. Бұл құбылыс «жеке бас тепе-теңдігі» деп аталады. Бессель өз гипотезасын одан әрі зерттеп көріп, бұл тұжырымды дұрыс деп шешті.

Бессельдің ізденісінен екі қорытынды жасауға болады: біріншіден, астрономдар жұлдыздарды бақылайтын адамның жаратылысын ескеруі керек еді. Себебі бақылау деректеріне жеке сипаттамалар мен қабылдау ерекшелігі міндетті түрде әсер етеді. Екіншіден, бақылаушы адамның рөлін астрономияда ғана емес, ғылымның басқа салаларында да ескеру қажет.

2-тарауда көргеніміздей, Локк және Беркли сияқты эмпирикалық философтар адам қабылдауының субъективті сипаты туралы пайымдай келе, объектінің жаратылысы мен біздің қабылдауымыз арасында дәлме-дәл сәйкестік үнемі кездесе бермейтінін, мұндай жағдай сирек болатынын дәлелдеді. Бессель осы көзқарастың дұрыстығын жаратылыстану мен астрономия сынды нақты ғылымдардың материалдарымен анықтап берді. Ғалымдар өз эксперименттерінің нәтижелерін толық ескеру үшін бақылаушы адамның рөліне ерекше мән бергені жөн.

Физиологияның алғашқы жетістіктері

Жаңа психологияға шабыт және бағыт берген физиологиялық зерттеулер XIX ғасырдың соңына жатады. Әлбетте, бұл зерттеулер ертеректегі жұмыстарға сүйенуден басталды. XIX ғасырдың 30-жылдары неміс физиологі Иоганн Мюллердің (1801–1858) ықпалымен физиология эксперименттік бағыттағы пәнге айналды. Мюллер физиологияда эксперименттік әдісті пайдалануды қолдады. Ол Берлин университетінде анатомия мен физиологияның профессоры мәртебелі қызметін атқарды. Ғалым ретінде өте жемісті жұмыс істеді. Әр жеті апта сайын орташа есеппен бір ғылыми мақала жариялап отырған. Ол өзіне қол жұмсағанға дейін, 38 жыл бойы осы қарқынынан бірде-бір рет танған емес.

¹ 1811 жылы Маскеллин жұмыс орнында қайтыс болды. Обсерваторияда түні бойы қалатындықтан, ол арнайы костюм киіп жүретін. Алтын, шие және қара өрік түсті жібек жолақтармен тігілген костюм қалып болатын. 2011 жылы обсерваторияда өткізілген көрмеде осы костюм көпшілік назарына ұсынылды. Маскеллиннің ас қорыту проблемасына орай арнайы диета ұстанғанын оның биографы: «Ол бұғы етін, нәлім, қоян мен үйрек етін, қырғауыл, пудинг пен алманы көп пайдаланатын», – деп еске алады (Kennedy, 2011).

Оның ең ықпалды еңбектерінің бірі – өткен ғасырдың ортасынан бергі физиологиялық зерттеулердің қорытындысы жасалған және осы саладағы білімнің орасан көлемі жүйелендірілген – көп томдық «Адамзат физиологиясының нұсқаулығы» (*Handbook of the Physiology of Mankind*). 1833–1840 жылдар аралығында шығып отырған нұсқаулықта сол кезеңнің алдыңғы қатарлы еңбектерінен көптеген үзінділер келтірілген. Мұның өзі физиологиядағы эксперименттік әдістердің кеңінен тарағанын көрсетеді. Ал кітаптың бірінші және екінші томдарының ағылшын тіліне жедел аударылуы (1938 және 1842) бұл еңбекке деген сол кездегі өте үлкен сұранысты көрсетеді.

Сонымен бірге Мюллер физиология мен психологияда нервтердің нақты энергиялары теориясымен көпшіліктің зейінін аудартты. Ол белгілі бір нервті стимуляциялау әрдайым ерекше түйсінуге түрткі болатынын айтты. Себебі әрбір сенсорлық нервтің жекеменшік энергиясы болады. Бұл идея жүйке жүйесінде функцияларды окшаулауға және организмнің шеткі бөліктерінде сенсорлы рецепторлы механизмдерді анықтауға бағытталған көп зерттеулерді дүниеге әкелді. Ол сенсорлық нервтер мен жүйке жүйесін зерттегеннен кейін мидың сенсорлық деректерді сақтау қоймасын зерттеумен айналысты.

Ми функцияларын зерттеу: ішінен картаға түсіру

Мидың қызметін тікелей мидың тінін зерттеу арқылы анықтауға үлес қосқан физиологтер бұрын да аз болмады. Олар осы арқылы түрлі когнитивті функцияларды бақылаған мидың нақты бөліктерін табуға талпыныс жасады. Мұндай зерттеу жұмысының психология үшін маңызы зор болатын. Себебі ол мидың арнайы бөліктерін шектеп, зерттеу әдістерін жақсартты.

Лондонда жұмыс істеген шотландтық дәрігер Маршалл Холл (1790–1857) – рефлекстік мінез-құлықты алғаш зерттеген ғалым еді. Холл басы кесілген жануарлардың түрлі нерв ұштарын қоздырған кезде, олардың дене мүшелері біраз уақыт бойы қозғалғанын байқады. Ол «мінез-құлықтың сатылары ми мен жүйке жүйесінің түрлі бөліктерінен пайда болады» деп тұжырымдады. Атап айтқанда, Холл «мидың, жұлын миының рефлекстік әрекетіне, бұлшық еттерді тікелей қоздырған кездегі еріксіз қимылға байланысты ерікті қозғалыс жүзеге асады» деген болжам айтты.

Париждегі де Франс колледжінде жаратылыстану тарихының профессоры болып қызмет атқаратын Пьер Флуранс (1794–1867) көгершіннің миы мен жұлын миының бұзылуын және оның сақдарын зерттеді. Флуранстың пікірі бойынша, ми өте жоғары психикалық процестерді бақылайды, ортанғы ми бөліктері көру және есту рефлекстерін бақылайды, мишық қимыл-қозғалыс үйлесімін бақылайды, ал жұлын миы жүректің қағысын, тыныс алуды және басқа да тіршілік ету функцияларын бақылайды.

Холл мен Флуранстың қорытындысы дұрыс деп есептелгенімен, экстирпация (қандай да бір органды алып тастау) әдісі үшін жарамсыз еді. Экстирпацияда зерттеуші мидың осы бөлігін жойып немесе алып тастап, жануарлардың мінез-құлқындағы өзгерістерді бақылап, мидың осы бөліктегі функциясын анықтауға тырысады.

XIX ғасырдың ортасында миды зерттеудің екі қосымша тәсілдемесі: клиникалық және электростимуляция әдістері пайда болды. Париждің маңындағы жындыханада хирург қызметін атқарған Поль Брока (1824–1880) 1861 жылы клиникалық әдісті ойлап тапты. Брока көп жылдар бойы дұрыс сөйлей алмайтын адамға аутопсия (мәйітті сойып тексеру) жасады. Ол клиникалық тексеру нәтижесінде ми қабығының сол жақ жарты шарының үшінші мандайлық түйіншегіндегі зақымды анықтады. Брока мидың осы бөлігін сөйлеу орталығы деп шешті. Кейін осы бөлік Брока бөлігі деген атқа ие болды.

Экстирпация кезінде клиникалық әдісті қолданған тиімді. Себебі адамның миын зерттеу кезінде миының бір бөлігінің функциясын тоқтатуға өз еркімен

Экстирпация: жануар миының бір бөлігін алып тастау немесе жою арқылы оның қызметін анықтау және мінез-құлық өзгерістерін бақылау әдісі.

Клиникалық әдіс: адам қайтыс болғанға дейін мінез-құлық талалтарына жауап беретін мидың зақымдалған бөліктерін анықтау үшін ми құрылымын қайтыс болғаннан кейін зерттеу.

келісетін адамдарды табу қиын. Клиникалық әдіс емделушінің тірі кезіндегі мінез-құлқы күйіне жауап беретін мидың зақымдалған бөлігін зерттейді.

Броканың миы Париждегі Адам мұражайында сақталған. Қазіргі кезде оның миын Декарттың бас сүйегімен бірге көруге болады.

1870 жылы Густав Фрич пен Эдуард Гитциг миды зерттеуге арналған **электрстимуляция** техникасын алғашқы болып ұсынды. Бұл әдіс мидың қабығын зерттеу үшін әлсіз электрлі объектілерді қолданады. Ол қояндар мен иттердің ми қыртысының кейбір бөліктерін стимуляциялау арқылы олардың алдыңғы және артқы аяқтарын қимылдатады.

Электрстимуляция: қозғалыс реакциясын бақылау үшін ми қабатын әлсіз электр тогымен зерттеу әдісі.

Ми функцияларын зерттеу: сыртынан картаға түсіру

Миы ішін зерттегісі келген ғалымдардың арасында неміс дәрігері Франц Йозеф Галль (1758–1828) да бар еді. Ол өлген жануарлар мен адамдардың миын жарып қарады. Зерттеу нәтижесінде мидың ішінде ақ және сұр зат. миы жұлын миының қарама-қарсы жағымен жалғайтын нерв талшықтары мен мидың екі жартысын біріктіретін талшықтардың бар екені анықталды.

Галль күрделі зерттеу жұмысында мидың сыртқы көрінісіне назар аударды. Ол мидың көлемі мен пішіні арқылы мидың қабілеті туралы ақпарат алу мүмкіндігін анықтағысы келді. Балалық шағында көзі үлкен және маңдайы кең сыныптастарының ұзақ мәтіндерді оңай есте сақтайтынын байқайтын. Осы арқылы ол «адамдардың сөз арқылы есте сақтау органы көздің артқы жағында орналасады» деген тұжырым жасады. Галльдің ойынша: «Егер адамның бір қабілетін сыртқы пошым арқылы білуге болса, онда оның басқа қабілетін де солай көруге болады» (Morse, 1997).


Жануарлар миының көлеміне қатысты зерттеулер нәтижесінде «миы ірі жануарлардың әрекеттері миы кішкентай жануарларға қарағанда саналы түрде жүзеге асады» деген болжам жасалды. Алайда мидың пішінін зерттеу барысында Галльдің басы дауға қалды. Алғашқыда – краниоскопия, кейіннен френология атанған ағымның негізін қалаған ол «адам басының пішіні бойынша оның ақыл-ой және эмоциялық сипаттамаларын анықтауға болады» деп мәлімдеді. Осы идеяны қолдау барысында Галльдің ғалымдар арасындағы беделі күрт төмендеді. Оны әріптестері алаяқ деп санады.

Галльдің пікірі бойынша, адалдық, ақ пейілділік немесе өз қадірін сезіну сияқты ақыл-ой сипаттамалары жақсы дамыған болса, адам басында (бас сүйегінің бетінде) дөнес немесе шығынқы жер болады. Егер осы қабілеттері әлсіз болса, басының осы қабілеттерді сипаттайтын бөлігінде із тұрады. Көп адамдардың бас сүйегінің дөнес және ойық бөліктерін зерттей отырып, Галль адам миындағы 35 белгіні көрсетті (3.1-суретті қараңыз).

Галльдің шәкірті Иоганн Шпурцгейм және шотландтық френолог Джордж Комб френология қозғалысының идеясын көпшілікке тарата бастады. Олар Еуропа мен АҚШ-қа саяхаттап, френология бойынша дәрістер өткізді. Ағайынды Орсон және Лоренцо Фаулер френология идеясына қызығушылық танытып, френологияны табыс көзіне айналдырды. Миллиондаған америкалықтар өз бастарын тексертіп, ағайынды Фаулер олардың бас сүйектеріндегі дөнес бөліктерін сипаттап беріп, адамдардан ақы алды.

«1830 жылдардың соңында ағайынды Фаулер Нью-Йоркте, Бостонда және Филадельфияда клиникалар ашты. Олар френология мамандарын әзірлеу, френология бойынша материалдармен қамтамасыз ету, мысалы, адамның бас қаңқасын түсіндіретін мүсіндермен, басты өлшейтін циркульдермен, қабырғаға ілетін дисплей кестелерімен, бастың сипаттарын түсіндіру нұсқаулығымен және френологтерге арналған құрал-жабдықтары бар сөмкелермен қамтамасыз етті. Сондай-ақ ағайындылар басқа қалаларда өздерінің бизнесімен айналысу құқығын ұсынды» (Benjamin & Baker, 2004, pp. 4–5).

3.1-СУРЕТ. МИДЫҢ КҮШІ МЕН ОРГАНДАРЫ



ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ СПОСОБНОСТИ

БЕИМДІК	КӨҢІЛ АУАНЫ
Өмір сүруді қалау, жел-ішу, табу инстинкттері	10. Сақтық
1. Бүлдіргіштік	11. Ұнатушылық
2. Афроизия	12. Өзін-өзі қадірлеу
3. Ұрпақ жалғастыру қабілетінің молдығы	13. Ақ пейілділік
4. Жабысқақтық	14. Инабаттылық
5. Бір жерде тұрақты өмір сүру	15. Табаңдылық
6. Агрессиялық	16. Адалдық
7. Тұйық мінезділік	17. Үміт
8. Сарандық	18. Таңғалу
9. Жасампаздық	19. Қиялдау
	20. Қанағаттану
	21. Еліктеу

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЕ СПОСОБНОСТИ

КАБЫЛДАУҒА БЕИМ	РЕФЛЕКСИВТИ
22. Даралық	33. Тіл
23. Бейнелеу	34. Салыстыру
24. Көлем	35. Себеп
25. Салмақ пен орнықтылықты ажырату	
27. Орналасқан жері	
28. Тәртіп	
29. Есептеу	
30. Кездейсоқтық	
31. Уақыт	
32. Тембр	

Дереккөз: J. Spurzheim. 1834. *Phrenology or the Doctrine of Mental Phenomena.*

1838 жылы ағайындылар «Америкалық френология журналының» (*American Phrenological Journal*) негізін қалады. Бұл журнал 70 жылдан астам уақыт шығып тұрды. Ағайынды Фаулерлерге келушілер саны артып, френологтер бір қаладан екінші қалаға көшіп, «адам көп жиналатын жерлерде ақылы қызметтерін ұсынды... олар френологияға арналған кітаптар сатты» (Sokal, 2001, p. 25).

Френологиялық қоғамдар қалыптасып, көптеген америкалық компаниялар өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау кезінде френологтердің техникасына жүгіне бастады. Френолог-мамандар аталмыш техниканы баланың ой-өрісіне баға беру кезінде, темекі тартатын адамдарға, үйлене алмай жүрген адамдарға да қолданды. 1929 жылы Чарльз Леври және Фрэнк Уайт Миннеаполисте адам мінезін талдау компаниясын құрып, адамның басындағы дөңес жерлерді оқитын машина ойлап тапты. 2000 бөліктен тұратын құрылғы адамның басына кигізіліп, бастың 32 жеке нүктесін өлшеді. Машина өзінің қорытынды есебін басып шығарып, адамның миы 32 белгі бойынша бағаланды. Кейінгі жылдары осы аппараттың 33 данасы жасалып, сатылды (Jouce & Baker, 2008).

Пьер Флуранс Галльдің краниоскопия теориясына үлкен сын айтты. Ол ми бөліктерінің жүйелі бұзылуы кезінде адамның бас пішіні ми тінінің негізін құрайтын контурларға сәйкес келмейтінін анықтады. Ми тіні өте жұмсақ болғандықтан, ол бас сүйекте дөңес және ойық бөліктерді жасауға қабілетсіз болып шықты. Флуранс және басқа физиологтер Галльдің белгілі бір ақыл-ой функцияларына арналған бөліктерін қате деп санады. Егер сіз басыңызда томпақ бір бөлік байқасаңыз, ол бөліктің сіздің ақыл-ой немесе эмоциялық ерекшеліктеріңізге ешқандай қатысы жоқ.

Галльдің миды сыртынан кескіндеу әрекеті сәтсіз аяқталды. Бірақ оның идеялары және экстирпация, клиникалық және электрмен стимуляциялау әдістері арқылы мидың белгілі бір функцияларын оқшаулауға болады. Ал 15-тарауда френологияның негізгі идеясын, яғни қазіргі нейрофизиология зерттеулерінде мидың белгілі бір бөліктеріне берілген жеке сипаттамаларды түсіндіреміз (Wray, 2010).

Жалпы, френологияның бастапқы кезеңдегі жетістігі мен кейінгі сәтсіздігінен сабақ алмай болмайды. Ол сабақтың қай заманда да, қандай ағымға да тікелей қатысы бар. Идеяның, ағымның немесе ой мектебінің танымал болуы мен идеялардың жарамды болуы арасында қандай да бір мәжбүрлі байланыс жоқ екенін де ескеруіміз керек. Психология тарихшысы Дэниел Робинсон: «Журналдар көп данамен сатылған кезде Галльдің теориясы шарықтап тұрды... Білімді азаматтар бір-бірінің бастарын қарап көруден арланбады. Осындай әрекеттер салдарынан мынаны түсінуге болады: «Қарапайым адамдарды алдап мойындату арқылы Галльдің теориясын жарамды деп есептеуге болмайды», – деді (2003, p. 200). Бұдан шығатын қорытынды: кеңінен таралған дүниенің барлығы бірдей шындық емес.

Жүйке жүйесіне жасалған «үрейлі» зерттеу

Бұл дәуірде жүйке жүйесінің құрылымы мен нейронды белсенділік табиғатының зерттеулері жасалды. 2-тарауда нейронды белсенділік табиғатының екі түсініктемесін: Декарттың нерв түтіктері теориясы мен Гартлидің тербеліс теориясын естеріңізге салдық.

XVIII ғасырдың соңында италиялық физиолог Луиджи Гальвани (1737–1798) нерв импульстерінің жаратылысы электрлі болатынын болжады. Ол найзағай соққанда өзінің балконына құрбақаларды темір ілмектерге іліп қойып, эксперимент жасады.

Жақын жерде найзағай соққан кезде «құрбақалар балконнан көшеге секіріп кететіндей болып, олардың аяқтары қалшылдап, дірілдеді» (Blum, 2013).

Ол өліп қалған құрбақалармен эксперимент жасауын жалғастыра берді. Бұл эксперименттерінде электр тогы құрбақаларға әсер етіп, оларды қимыл-қозға-

лысқа келтірді. Гальванидің еңбектерінен алынған «гальванизациялау» сөзінің түп төркіні біреуді немесе бір нәрсені ойламаған жерден селк еткізу, я қозғалысқа келтіру дегенді білдіреді.

Гальванидің зерттеу жұмысын жалғастырған оның жиені Джованни Альдини (1762–1834) бұлшық еттердің жиырылуын тудыратын электрлік тітіркендіру процесінің тиімділігіне назар аударды. Бұл эксперименттерді жүзеге асыру үшін ол өлім жазасына кесілген қылмыскерлердің бастарын пайдаланды (Boakes, 1984, p. 96). Лондондағы экспериментті көруге келген адамдар электр тогы бір мезетке болсын адамға өмір сыйлайды деп ойлады.

Ағылшын жазушысы Мэри Шелли, осы электр тогымен өткізілген қойылымдардың әсерінен өзінің әйгілі «Франкенштейн» (*Frankenstein*) романын жазды. Шығармада дененің бөлшектері мен мазардағы қалдықтардан құралған өлі денеге электр тогының көмегімен жан бітеді. Альдини жан күйзелісіне түскен адамдарға электрлік конвульсивтік терапия сынағын да жүргізіп көрді. «Психикалық ауруларды емдеуге арналған электрлік конвульсивтік терапияны (ЭКТ) ресми түрде Альдини терапиясынан кейін 200 жыл өткен соң ғана қолдана бастады. Тура осындай экспериментті Альдини терапиясымен бір уақытта өткізген адам Бенджамин Франклин еді» (Bolwig & Fink, 2009).

Алессандро Вольта (1745–1829) «вольта бағанасы» деп аталатын алғашқы электр батареясын ойлап тапты. Бұл өнертабыс ғалымдарға электр энергиясын өндіруге арналған дайын құралдарды ұсынды. Вольта есімінен электр өлшемін білдіретін *вольт* термині пайда болды. Вольтаны «жақсы өмір сүруді қалайтын жан еді» деп суреттейді. «Той-томалақты жақсы көретін Вольта концерттерге, операларға баруды, әйелдермен бірге көңіл көтеруді ұнататын» (Montillo, 2012, p. 53).

XIX ғасырдың ортасында, ғалымдардың пікірі бойынша, нерв импульстерінде электр тогы болған. Олар жүйке жүйесін электр импульстарының өткізгіші деп есептеп, орталық жүйке жүйесін коммутациялық станцияға тенеген. Бұл жүйе импульстерді сенсорлық немесе қимылдық нерв талшықтарына тұйықтайды деп тұжырымдады.

Аталмыш көзқарас Декарттың нерв түтіктері теориясы мен Гартлидің тербеліс теориясын дамытты. Оның мән-мағынасы концептуалды тұрғыда бір-бірімен ұқсас еді. Жаңа және бұрынғы пікірлер рефлексік жолмен түсіндіріліп, әлдебір нәрсе сыртқы әлемнен сезім органына әсер етіп, нерв импульсін қоздырады. Нерв импульсі мида немесе орталық жүйке жүйесінде тиісті орынға жылжиды. Импульске жауап ретінде жаңа импульс пайда болып, организм реакциясын ояту үшін импульс қимылдық нервпен беріледі.

Сарагоса университетінің медицина факультетіндегі анатомия профессоры – дәрігер Сантьяго Рамон Кахал (1852–1934) ми мен жұлын миындағы нерв импульстерінің қозғалыс бағытын анықтады. Ол ашқан жаңалығы үшін 1905 жылы Корольдік ғылымдар академиясының Гельмгольц медалін және 1906 жылы Нобель сыйлығын алды. Сол уақыттағы ғылыми журналдарда испан тілі қолданылмағандықтан, Рамон Кахалға ғылыми қауымдастыққа өзінің зерттеу нәтижелерін түсіндіру қиындық туғызды. Ол өзі ертеректе ойлап тапқан жаңалықтардың ағылшын, неміс немесе француз тілдеріндегі журналдарда «жаңадан ашылған жаңалық» ретінде қайта жария болып жатқанын көргенде қатты күйзелетін (Padilla, 1980, p. 116).

Осы кезеңде ғалымдар жүйке жүйесінің анатомиялық құрылымын зерттеуге де кірісіп кетіп еді. Нерв талшықтары белгілі бір түйіспелерде (синапстарда) байланысатын жеке құрылымдардан (нейрондардан) тұрды. Бұл нәтижелер адамның жұмыс істеуінің механикалық бейнесімен үйлеседі. Ғалымдардың пікірі бойынша, жүйке жүйесі, ақыл сияқты, атомдық құрылымдардан түзілді. Ал бұл, өз кезегінде, жүйке жүйесін де, сағат сияқты, қарапайым компоненттерге бөлшектеуге немесе кішірейтуге болады дегенді білдіретін.

Механикалық рухтың әсері

XIX ғасырда физиологияда да механизм рухы басым болды. Әсіресе бұл рухтың көрінісі Германияда айрықша еді. 1840 жылдары Иоганн Мюллердің шәкірттері Берлин Физика қоғамын құрды. Бұл ғалымдар физика заңдарын басшылыққа ала отырып, кез келген құбылыстарды түсіндіруге болады деп сенді. Олар физиологияны физикамен байланыстырып, физиологияны механикалық түсініктер аясында дамытқысы келді. Өз идеяларынан қанаттанған төрт ғалым, кейбір деректер бойынша, бір-біріне қан шығарып тұрып ант берген. Олардың қол қойған құжатында «өмір физикалық және химиялық реакциялардың ғана нәтижесі» делінген. Сонымен, XIX ғасырда физиологияда материализм, механицизм, эмпиризм, эксперименттік және өлшеу әдістері тоғысты.

Ежелгі физиологияның мұндай жетістіктері психологияда ғылыми әдістемеге ықпал еткен зерттеу әдістерін қолданды. Философтар өздерінің психологиялық зерттеулерінде эксперименттік әдістерді қолданса, физиологтер психикалық процестердің негізін салған механикалық эксперименттер өткізе бастады. Олардың келесі қадамы эксперименттік әдістерді қолдану болды.

Британдық эмпириктер білімнің жалғыз қайнар көзі түйсіну екенін дәлелдеді. Астроном Бессель ғылымда түйсіктер мен қабылдаудың маңызын көрсетті. Физиологтер сезімдердің құрылымы мен функцияларын анықтады. Енді түйсінуді сандық өлшеммен бағалау кезі келді. Адамның денесін зерттейтін техникаға қол жетті. Енді психологиялық ойды зерттеу әдістерін табу қажеттілігі туындады. Эксперименттік психология қалыптаса бастады.

Эксперименттік психологияның бастауы

Жаңа психологияның зерттеу пәні болып есептелетін санаға эксперименттік әдісті алғаш рет қолданған төрт ғалым – Герман фон Гельмгольц, Эрнст Вебер, Густав Теодор Фехнер және Вильгельм Вундт еді. Барлығы да неміс ұлтынан шыққан. Физиологиямен айналысқан олар ғылымның соңғы жетістіктерінен жақсы хабардар болды.

Неліктен Германияда?

XIX ғасырда психология ғылым ретінде Батыс Еуропаның көп елдерінде, әсіресе Англия, Франция мен Германияда жақсы дамыды. Ғылым құралдарымен қатар, зерттеу мәселелері үшін таптырмайтын құлшыныс, адалдық немесе оптимизм сынды қасиеттерге бірде-бір ұлттың үстемдігі жүрмейтіні белгілі жайт. Десе де, неліктен эксперименттік психология Англия мен Францияда емес, Германияда пайда болды? Себебі жаңа психологияның қалыптасуы үшін неміс ғылымы батынша толыққанды негіз қалап үлгерді.

Немістердің ғылымдағы жетістіктері. XIX ғасыр қарсаңында неміс ой-пікірі эксперименттік психологияның қалыптасуына жол ашты. Эксперименттік физиология басқа елдерге қарағанда неміс қоғамында барынша мойындалды. Биологиядағы, зоологиядағы және физиологиядағы зерттеу жұмыстары көп еңбектенуді қажет етеді. Ал мұндай талаптар немістердің мінезіне сәйкес келетін. Биология мен физиология дерек алатындай үлкен ғылымға әлі айналып үлгермегендіктен, Англия мен Францияда биологияны ғылым ретінде бірден мойындай қойған жоқ. Алайда Германия биологияның анықтамасы мен классификациясын дәл танып үлгергендіктен, оны неміс ғылымы аса жатсынбады.

Жалпы неміс жұрты ғылымға кең мағынада қарады. Егер Франция мен Англия сандық анализ қолданылатын физика мен химияны ғана ғылым деп есептесе, Германияда фонетика, лингвистика, тарих, археология, эстетика, логика мен әдебиет сын да ғылым есебінде қарастырылды. Француз және ағылшын ғалымдары адам

санасы сияқты күрделі тақырыпқа ғылыми-зерттеу әдістерін қолдануға күмәнмен қараса, немістер адамның ойлау қызметін зерттеуге белсене кірісті.

Неміс университеттеріндегі реформаторлық қозғалыс. XIX ғасырдың басында профессорлар мен студенттер үшін неміс университеттерінде академиялық білім алу еркіндігіне бағытталған реформалар жүргізілді. Профессорлар оқыту және зерттеу тақырыптарын өздері тандай алды. Студенттер қатып қалған оқу жоспарына сүйенбей, өздері қалаған дәрістерге де қатысты. Мұндай еркіндік психология ғылымына да қатысты еді.

Университет атмосферасы ғылыми ізденістердің гүлденуі үшін қолайлы жағдай жасады. Профессорлар дәріс оқып қана қоймай, студенттермен бірге арнайы жабдықталған зертханаларда эксперименттер өткізді. Басқа бірде-бір мемлекетте ғылымға осыншалықты көңіл бөлінбеді.

Германия жаңа ғылыми әдістерді менгеру үшін көп мүмкіндіктер ұсынды. Мұнда экономикалық фактордың басым ықпалы болғаны да жасырын емес. Университеттердің саны да көп болды. 1870 жылға қарай Германия автономды корольдік, герцогтік және қала-мемлекеттердің конфедерациясы болып бірікті. Осы аймақтардың қай-қайсысында да жалақысы жоғары оқытушы-профессорлар құрамы мен ең жаңа ғылыми жабдығы бар университеттер болатын.

Ол заманда Англияда Оксфорд пен Кембридж университеттерінен басқа оқу орны жоқ еді. Екі университетте де кез келген пән бойынша бірде-бір ғылыми жұмысқа қолдау жасалмады. 1877 жылы Кембридж университеті «бұл дегеніміз – дінді қорлау, яғни адамның жанын азаптау» деген желеумен эксперименттік психологияны оқытуға тыйым салды (Hearnshaw, 1987, p. 125).

Кембридж университеті бұдан кейін жиырма жыл бойы эксперименттік психология пәнін оқытпаса. Оксфордта 1936 жылға дейін бұл пән туралы әңгіме қозғалмады. Англияда Чарльз Дарвин мен Фрэнсис Гальтон сияқты жеке табысы бар ер-азаматтар ғана ғылым жолын таңдай алды. Франциядағы жағдай да дәл осындай еді.

1876 жылы Мэриленд штатының Балтимор қаласында Джонс Хопкинс зерттеу университеті құрылғанға дейін АҚШ-та зерттеу жұмысымен айналысатын университеттер жоқтың қасы еді. Неміс университеттерінің үлгісінде салынған альма-матердің негізгі мақсаты түлектерді ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуға бейімдеу болатын. Расында да, Балтимор қаласы «Құрама Штаттардың шығыс жағалауындағы Германия аумағының кішкентай бір бөлігі» іспетті еді. Психолог және философ Джон Дьюидтің айтуы бойынша (7-тарауды қараныз). «студенттер мен оқытушылар (Хопкинс университетінің үйірме бөлмесінде) неміс сырасын ішіп, неміс әндерін айту үшін кездесетін» (quoted in Martin, 2002, p. 56).

«Америка жоғары біліміндегі ұлы трансформацияның бастауы» саналған Джонс Хопкинс университеті XX ғасырдың басында АҚШ-та пайда болған басқа университеттер үшін үлгі саналды (Cole, 2009, p. 20).

Басқа елдермен салыстырғанда, ол кезде Германияда ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері көп еді. Неміс еліндегі зерттеуші ғалымдар Франция, Англия немесе АҚШ-тағы әріптестеріне қарағанда жақсы табыс тапты. Сол себепті де Германияда жалақысы жоғары, құрметті профессор атағын алу мүмкіндігі жоғары еді. Десе де, бәрібір дәрежесі жоғары лауазымға қол жеткізу ондай шаруа емес болатын. Болашағы бар университет ғалымына маңызы бар зерттеу жұмысымен айналысу талабы қойылатын. Университетке білімі мен біліктілігі өте жоғары мамандар ғана таңдап алынатын.

XIX ғасырда неміс ғалымдары ғылымның барлық саласында дерлік ауыз толтырып айтарлық жаңалықтар жасады. Оның ішінде, әлбетте, жаңа психология да бар. Сол себепті де ғылыми психологияның дамуына тікелей қатысы бар адамдардың арасында Германия университеттері профессорларының болуы ешқандай да кездейсоқтық болмаса керек.



ГЕРМАН ФОН ГЕЛЬМГОЛЬЦ


Герман фон Гельмгольц (1821–1894)

XIX ғасырдың ең ұлы ғалымдарының бірі – Герман фон Гельмгольц – физика, медицина және физиология салалары бойынша жемісті еңбек еткен бірден-бір тұлға. Оның Фехнер және Вундтпен бірлесіп жасаған жұмысы жаңа психологияның қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті (Stock, 2013). «Адамның сезім мүшелері машиналар сияқты жұмыс істейді» деген ол механикалық және детерминистік әдіске баса назар аударды. Техникалық һәм механикалық салыстырулар жасауды ұнататын ғалым нерв импульстерін өткізу процесін телеграф жұмысына ұқсататын (Ash, 1995).

Гельмгольцтің өмірі

Ол Потсдамда (Германия) дүниеге келді. Оның әкесі гимназияда сабақ берді. Денсаулығының әлсіз болуына байланысты Гельмгольц үйінде оқып, білім алды. Ол 17 жасында Берлин медицина университетіне оқуға түсті. Оқуын бітіргеннен кейін, әскери хирург болуға келісімін бергені үшін, Гельмгольц университетте тегін оқыды. Әскери хирург қызметіндегі жеті жыл ішінде математика мен физика бойынша біліктілігін арттырды. Бірнеше мақала жариялады. Ол «Энергияның тұрақтылығы» деген мақаласында математикалық жолмен энергияны сақтау заңын тұжырымдады. Әскердегі борышын өтегеннен кейін Гельмгольц Кенигсберг, Бонн, Гейдельберг университеттерінде физиология және Берлинде физика пәндерінен сабақ берді.

Гельмгольц бірнеше ғылым саласы бойынша терең зерттеулер жасады. Визуалды қабылдау зерттеуімен айналысып жүріп, ол көздің торын зерттеуге арналған құрылғы – офтальмоскопты ойлап тапты. Оның есімі ғылыми ортаға және бұқара халыққа кеңінен танымал болды. Ол бар жоғы 30-ақ жасында ірі лауазымға қол жеткізіп қана қоймай, аты әлемдік деңгейде танылған ғалымға да айналып үлгерді (Cahan, 1993, p. 574).



Электрмагнитті құрылғыдан қуат алатын және көптеген зертхана құралдары үшін энергия өндіретін Гельмгольц козғалтқышы

Гельмгольцтің физиологиялық оптика жөніндегі үш томдық «Физиологиялық оптика жөніндегі анықтамалық» (*Handbook of Physiological Optics*) еңбегінің (1856–1866) маңызды болғаны соншалық – оны 60 жыл өткен соң ағылшын тіліне

аударды. Ол өзінің «Үндерді түйсіну» (*On the Sensations of Tone*) атты еңбегінде (1863) акустикалық мәселелер бойынша жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижесін жариялады. Аталмыш еңбекте ол ашқан жаңалықтарын топтастырып, қалған қолжетімді әдебиеттердің тізімін береді. Ол түрлі: іздер, түстерді ажырата алмау, араб және парсы музыкалық өлшемі, адам көзінің қозғалысы, мұздықтардың пайда болуы, геометриялық аксиомалар және аллергия сияқты тақырыптарда еңбек жазды. Кейінгі жылдары Гельмгольц, жанама болса да, сымсыз телеграф пен радионы ойлап табуға өз үлесін қосты.

Гельмгольц 1893 жылы АҚШ-тағы Дүниежүзілік Чикаго жәрменкесінен оралған сапарында кемеде құлап, басынан қатты зақым алады. Бір жылдан соң ол инсультке ұшырады. Оның әйелі Гельмгольцтің инсульт алғаннан кейінгі күйін былай сипаттайды: «Оның ойлары шатасып, миындағы шынайы өмір мен қиял әлемі араласып кетті... Оның жаны тәнінен ажырап кеткен. Ғылым мен мәңгілік заңдарға бағынатын жаны әдемі қиял әлеміне кетіп қалғандай әсер береді» (quoted in Koenigsberger, 1965, p. 429).

Гельмгольцтің жаңа психологияға қосқан үлесі

Гельмгольцтің нерв импульсінің жылдамдығы және көру мен естуге қатысты зерттеулерінің психологиядағы маңызы өте зор. Нерв импульсінің жылдамдығын лездік деп қарастыратын ғалымдар оны өлшеу мүмкін емес дейтін.

Гельмгольц – бақаның аяғындағы бұлшық еттер мен қозғалыс жүйкесін тітіркендіру реакциясы арқылы нерв импульсінің өту жылдамдығын эмпирикалық жолмен өлшеген алғашқы ғалым. Ол нақ тітіркендіру сәті мен оның нәтижесін жазып қою үшін маңызды дәлелдер ұсынды. Түрлі ұзындықтағы нервтермен эксперимент жасай отырып, бұлшық еттің жанындағы нервті тітіркендіру сәті мен бұлшық ет реакциясының мезеті арасындағы уақыт айырмашылығын анықтады. Содан кейін тура сол экспериментті бұлшық еттен алыс орналасқан нервті тітіркендіру арқылы жасады. Эксперименттердің нәтижесі бойынша нерв импульсінің өту жылдамдығы орташа есеппен секундына 90 футқа (*1фут 30,48 см-ге тең*) тең екені анықталды. Тәжірибе арқылы Гельмгольц «нерв импульстері белгілі бір жылдамдықпен өтеді» деп тұжырымдады. Мұндай жағдайды ми мен ойлау қызметінің процестері бір уақытта емес, бірінен соң бірі жүріп отыратынын растады.

Оның көру механизмін зерттеу жұмысы да психологияға айтарлықтай әсер етті. Ол «көруді бір нүктеге тоғыстырған кезде көздің ішкі бұлшық еттері, көз жанарын қозғалтатын механизмдері және көздің сыртқы бұлшық еттері қолданылады» деп қарастырды. Гельмгольц түс теориясын да қайта зерттеді. 1802 жылы Томас Юнг осы теорияға арналған ғылыми еңбек жариялады. Қазір түсті ажыратып көру теориясы Юнг – Гельмгольц теориясы деп аталады. Гельмгольцтің есту механизміне, атап айтқанда, дыбыстарды қабылдауға, үндердің үйлесіміне, резонансқа арналған зерттеулерінің де маңызы зор болды. Гельмгольцтің көру мен есту механизміне қатысты еңбектері қазіргі психология оқулықтарына енгізілген.

Ол ғылыми-зерттеулердің қолданбалы немесе практикалық жақтарына ерекше мән берді. Гельмгольц эксперименттерді деректер алу үшін ғана өткізген жоқ. Оның пікірі бойынша, ғалымның міндеті – ақпарат жинау, содан кейін жиналған білімді практикалық мәселелерде қолдану. Бұл әдістеме АҚШ-та негізі қаланған функциялық психология мектебінде одан әрі дамыды (7 және 8-тарауларды қараңыз).

Гельмгольц психолог емес-тін. Тіпті психология оның негізгі қызығушылық танытқан саласы да емес еді. Алайда ол сезім мүшелерінің қызметін зерттеуге айтарлықтай күш салып, маңызды жаңалықтар ашты. Соның арқасында белгілі бір мәселелерді зерттеу барысында (жаңа психология үшін маңызы ерекше болып саналатын) эксперименттік әдісті қолдану үрдісі маңызға ие болды.



ЭРНСТ ВЕБЕР

<https://en.wikipedia.org>

Екі нүкте арасындағы ажыратпалық меже: екі түрлі қайнар көзді танытын мезет.

Білінер-білінбес айырмашылық: адам анықтай алатын екі физикалық тітіркендіргіш арасындағы ең аз айырмашылық.

Эрнст Вебер (1795–1878)

Эрнст Вебер 1815 жылы Лейпциг университетінде докторлық дәрежеге ие болғаннан кейін, 1817 жылдан бастап 1871 жылға дейінгі бар өмірін осы университет қабырғасында анатомия мен физиологиядан сабақ беруге арнады.

Сезім физиологиясы оның ғылыми қызығушылығын оятқан негізгі тақырыптардың біріне айналды. Ол психологияға физиологияның эксперименттік әдістерін енгізді. Веберге дейін сезім органдарын зерттеу саласы көру мен есту сезімдерін зерттеумен ғана шектелді. Вебер ғылымның зерттеу аясын кеңейтті. Ол бұлшық ет пен тері қабатының сезімталдығын зерттеуге көшті.

Екі нүктенің ажыратпалық межесі

Нақты жанасып сезінуді, атап айтқанда, адамның тері қабатының екі нүктесі арасындағы қашықтықты экспериментпен анықтау мәселесі – Вебердің жана психологияға қосқан үлесі еді. Бұл эксперимент бойынша адамдар арнайы құралдың көмегінсіз денеге жанасу сезімінің қанша рет болғанын айтуы керек. Сынаққа қатысушылар екі тітіркену нүктесі бір-біріне жақын орналасқан кезде жанасу бір рет болғанын айтса, екі тітіркену нүктесі арасындағы қашықтық ұлғайған сайын жанасудың бір не болмаса екі рет болғанын анық айта алмады. Қатысушылар екі нүкте арасындағы қашықтық өте үлкен болғанда ғана екі рет жанасқанын мәлімдеді.

Бұл эксперимент екі нүкте арасындағы ажыратпалық межені, яғни екі түрлі қайнар көзді танытын мезеттің бар екенін көрсетті. Вебер тәжірибелері меже теориясын алғаш рет экспериментпен растады. Теория бойынша физиологиялық және психологиялық реакциялардың пайда болу кезі бар. Бұл теория психологияда әлі күнге дейін кеңінен қолданылады. Меже теориясы сананы зерттеуге бейімдеп, аталмыш теория бейсанадан санаға өтудің әлдебір нүктесі бар екенін болжайды. Біз бұл туралы 13-тарауда талқылаймыз.

Білінер-білінбес айырмашылық

Вебер психологияда математикалық әдіспен өлшеу мәселесін де қарастырды. Вебер әрең байқалатын айырмашылық шамасын – екі жүк салмағындағы адам тани алатын ең аз айырмашылықты анықтағысы келді. Ол экспериментке қатысушылардан екі жүкті көтеріп, жүктің қайсысы ауыр екенін анықтауды өтінді. Эксперименттің әр кезеңінде бір жүктің салмағы өзгеріссіз қалып, екінші жүктің салмағы өзгеріп отырды. Егер білінер-білінбес айырмашылық болса, олардың салмақтары бірдей деп қабылданды. Бірақ жүктердің салмағындағы айырмашылық белгілі бір кезеңде анықталды.

Эксперименттер барысында Вебер білінер-білінбес айырмашылықты константа деп атап, ол стандартты, бастапқы кезде ұсынылған салмақтың 1/40 мөлшерін құрады. Басқаша айтқанда, экспериментке қатысушылар салмағы 41 грамм жүк пен салмағы 40 грамм жүкті ажыратты. Егер жүктің салмағы 80 грамм болса, қатысушы адам оны басқа жүктен айыруы үшін екінші жүктің салмағы 82 грамм болуы тиіс еді.

Содан кейін Вебер салмақты бұлшық етпен анықтау мүмкіндігін зерттеді. Ол экспериментке қатысушыларға осы жүктерді қолдарына салып бергеннен гөрі, бұл жүктерді өздері (қолымен, білектерімен, иықпен) көтергенде жүктердің салмағындағы айырмашылықты жақсы сезінетінін байқады.

Жүктерді адамның өзі көтергенде жанасу және бұлшық етпен сезіну арқылы айырмашылықты байқаса, басқа бір адам қатысушының қолына жүкті ұстатқанда жүкті көтеретін адамның сезіну (түйсіну) мүшесі ғана жұмыс істеді. Жүкті қолға алғанда (1:50) емес, жүкті жерден көтерген кезде ең аз айырмашылықты (арақатынас 1:40) сезінуге болады. Вебердің пікірі бойынша, салмақтың ең аз айырмашылығын анықтау кезінде бұлшық етпен іштей сезіну әсер етеді.

Вебер осы эксперименттердің негізінде айырмашылықты ажырата білу қабілеті екі жүктің салмағындағы абсолют айырмашылыққа емес, салыстырмалы айырмашылыққа байланысты деп тұжырымдады. Ол айырмашылықтарды визуалды (көзбен көріп) анықтау тәжірибелерін де жүргізеді. Мұнда бұлшық етпен сезінуге қарағанда шамалардың арақатынасы аз болды. Вебер «екі тітіркендіргіш арасындағы білінер-білінбес айырмашылықты анықтау үшін әлдебір тұрақты коэффициентті – әр сезім үшін жеке коэффициентті енгізуге болады» деп тұжырымдады.

Вебердің зерттеулері физикалық тітіркендіргіш пен осы тітіркендіргішті қабылдауымыз арасында тікелей сәйкестіктің болмайтынын дәлелдеді. Алайда, Гельмгольц сияқты, Вебер де физиологиялық процестерге ғана қызығушылық білдіріп, өз ізденістерінің психология үшін маңызын ойлаған жоқ. Дене түйсіктері мен ойлау арасындағы, тітіркендіргіш пен оны кейінірек қабылдау арасындағы өзара байланысты зерттеуге жаңа бағыт айқындалды. Бұл ғылымға жаңа серпін берді. Енді басты мәселе – оны лайықты түрде қолдану.

Вебердің тәжірибелері психологиялық құбылыстарды зерттеу кезінде эксперименттік әдісті пайдалануға әсер етті. Вебердің сезіну межесін өлшеу саласындағы зерттеулерінің маңызы зор. Сезімдерді өлшей алу дерегі қазіргі психологияның барлық аспектілерінде қолданылады.



<https://en.wikipedia.org>

ГУСТАВ ТЕОДОР ФЕХНЕР

Густав Теодор Фехнер (1801–1887)

Густав Теодор Фехнер – саналы ғұмырында қыруар еңбек еткен, жан-жақты ғалым. Ол еңбекке жарамсыз болып қалғанға дейін физиологиямен, физикамен, психофизикамен және философиямен айналысты. Осылардың ішінде оған ең көп танымалдық әкелген психофизика саласындағы еңбектері еді.

Фехнердің өмірі

Фехнер 1817 жылы Лейпциг университетінің медицина факультетіне түскен кезде, Вебер сол жерде физиология бойынша дәріс оқып жүрген болатын. Фехнер өмірінің соңына дейін Лейпцигте тұрды.

Ол медицина факультетін бітіргенше университеттегі материалистік көзқарастарды қолдайтындарға қарсы шықты. «Доктор Мизес» лақап атымен медицина мен ғылымды келемеждейтін сатиралық эсселер жазды. Ғылымға деген махаббаты мен метафизикалық немесе абстрактілі пайымдауға қызығушылығы оның бойындағы екі күштің қайшылығын көрсетті. Фехнер материалистік және атомдық әдістемеге қызығушылық танытты. Ғылымға атомистік көзқарас ұстануға қатты алаңдаған ол «ғаламда материалдық «көлеңке» және рухани «жарқын» жақ бар» деп білді.

Фехнер медициналық білім алғаннан кейін физика және математика ғылымдарымен айналысты. Атап айтқанда, физика және химия бойынша француз тілінен оқулықтар аударды. Ол XIX ғасырдың 30-жылдарының соңында түйсіну мәселесімен айналысты. Визуалды қалдық суреттерді зерттеу үшін көзіне түрлі түсті әйнек тағып, күнге тура қарағандықтан, көзін зақымдап та алды.

Фехнер 1833 жылы Лейпциг университетінде профессор қызметіне жұмысқа тұрады. Бірақ кейінірек бірнеше жылға созылған депрессияға ұшырайды. Оның ұйқысы қашып, ас қорыту жүйесі дұрыс жұмыс істемейді. Жарыққа соншалықты сезімтал болғандықтан да, уақытының көп бөлігін қабырғасы қара түске боялған қараңғы бөлмеде өткізді. Ол кітап та оқи алмады. Анасының дауыстап оқыған кітабын болар-болмас ашылған есік саңылауы арқылы тыңдап отыратын.

Ол зерігуден сейіліп, депрессиядан арылу үшін алғашқы кезде түн қараңғылығында серуендеді. Ал күн жарықта серуенге шыға калса, көзін танып алып жүретін. Оның қолданбаған емі жоқ: іш өткізетін дәрілер ішті, электр те-

рапиясын алды. бұмен емделіп, теріге ыстық заттарды қойып та көрді. Алайда бірде-бір әдіс оның жанына жақпады.

Фехнер невроздық ауруға шалдыққан деген болжам айтылады. Оның бір танысы Фехнерді емдеуге қатысты түс көреді. Түсінде ол Фехнерге дәмдеуіштер, рейн шарабы мен лимон шырынында маринадталған, шикі сан еттен дайындалған тағам берген. Фехнер біраз уақыт бойы осы тағамнан дәм татып көреді.

Оның өзін-өзі жақсы сезінуі ұзаққа созылмады. Жарты жыл өткен соң, Фехнердің денсаулығы нашарлап, ақыл-естен айырылып қалатындай жағдайға душар болды. Ол турасында Фехнер: «Егер мен жаман (үрейлі) ойларымнан арылмасам, ақыл-есімнен айырылып қалатындай сезімде болдым. Кейде басыма болмашы бір сұрақтар еніп алатын. Олардан құтылу үшін бірнеше сағат, кейде бірталай күн қажет болды», – дейді (Kuntze, 1892, quoted in Balance & Bringmann, 1987, p. 42).

Фехнер миға немесе көзге күш түсіретін істермен емес, күн сайын қара жұмыспен айналысқанды жөн санады. «Мен таңғыштар, шамдар жасап, жіп иіріп, асүй бөлмесінде жасымық тазалап, қант ұнтақтадым. Сәбіз бен шалқанды тазалап, турадым... осыларды істеп жүріп, талай мәрте өліп қалғым да келді» (Fechner in Kuntze, 1892, quoted in Balance & Bringmann, 1987, p. 43).

Фехнердің біртіндеп өмір сүруге құштарлығы оянып, ол лимон шырыны мен шарап қосылған шикі сан еттен жасалған диетаны қайта бастады. Бір күні ол түсінде 77 санын көрді. Фехнер денсаулығын қалпына келтіру үшін 77 күн қажет деп шешті. Оның болжамы тура шықты. Фехнердің көңіл күйі жақсарып, депрессия эйфорияға ұласты. Оны галлюцинациялар мазалап, ол өзін әлемнің барлық құпиясын ашу үшін жаралғаны, Құдайдың өзі оны таңдап алғаны туралы сандырақтады. Осы көңіл күйдің арқасында ләззат алу қағидасы туралы өз ойларын дамытты. Көп жылдардан кейін бұл қағиданы Зигмунд Фрейд өз жұмысында қолданды (13-тарауды қараңыз).

Фехнер осыдан кейін 86 жасқа дейін ауырмай-сырқамай өмір сүрді. 40 жыл бұрын Лейпциг университеті мүгедектер қатарына қосып, зейнетақы тағайындағаны болмаса, ол соңғы демі қалғанша ғылымға аса маңызды үлес қосып кетті.

Жан мен тән: өзара байланысты сандық бағалау

1850 жылғы 22 қазан психология тарихындағы атаулы күн болып саналады. Сол күні таңертең төсегінде ойланып жатқан Фехнерге ішкі түйсігі ми мен дене арасында байланыстырушы бір заңдылық бар екенін «сыбырлай» қойды. Бұл заңдылықты психикалық түйсіну мен физикалық тітіркендіргіш арасындағы сандық қатынас арқылы көрсетуге болады.

Фехнер «тітіркенудің артуы түйсіну қарқынының артуына түрткі болмайды» деп тұжырымдады. Тітіркену қарқыны геометриялық прогрессияда, ал түйсіну қарқыны арифметикалық прогрессияда артты. Мысалы, қоныраудың дыбысы тағы бір қоныраудың даусына қосылып естілгенде, бұл қоныраудың он қонырауға қосылып дыбысталуынан әлдеқайда қатты сезіледі. Сондықтан тітіркену қарқыны түйсіну санына салыстырмалы түрде әсер етеді.

Фехнер түйсіну саны (психикалық қасиет) тітіркену (дене немесе физикалық қасиет) санына байланысты екенін көрсетті. Түйсінудегі өзгерістерді өлшеу үшін түрлі тітіркену кезіндегі өзгерістерді өлшеу керек. Сөйтіп, психикалық және физикалық дүниелерді сандық көрсеткіштермен салыстыра бастады. Фехнер эмпирикалық әдіс арқылы жан мен тәнді бөлетін кедергіден өтті.

Барлығы концептуалдық тұрғыдан анық болса да, шынайы өлшемдерді қалай жасауға болады? Зерттеуші субъективтік және объективтік тітіркену, сондай-ақ физикалық тітіркену санын нақты анықтауы қажет. Тітіркендіргіштің физикалық қарқынын, яғни жарықтың ашықтық деңгейін немесе түрлі жүктердің салмағын өлшеу қиын емес. Бірақ субъектінің тітіркенуге қарсы саналы түрде сезінуін қалай өлшеуге болады?

Фехнер түйсінудің екі өлшеу тәсілін ұсынды. Біріншіден, тітіркендіргіштің бар-жоқтығын, оның сезіліп-сезілмейтінін анықтауға болады. Екіншіден, экспериментке қатысушылар алғашқы түйсіктердің пайда болуы туралы хабарлайтын тітіркендіруші қарқынының деңгейін орнатуға болады. Абсолюттік сезімталдық межесінің төменгі бөлігінде ешқандай түйсіктер анықталмайды, ал осы меженің жоғары жағында субъект әлдебір нәрсені сезеді.

Абсолюттік меже: меженің төменгі және жоғары бөліктерінде ешқандай түйсінулер анықталмайтын нүкте.

Абсолюттік меже – маңызды, бірақ толық қалыптаспаған түсінік. Себебі ол бір түйсіну аспектісін – оның төменгі деңгейін белгілейді. Тітіркену мен түйсіну күштері арасындағы байланысты анықтау үшін түйсіну мен оларға сәйкес келетін түйсіну мәндерінің барлық диапазонын тура анықтау қажет. Бұл үшін Фехнер сезімталдықтың ажыратпалық межесін, яғни түйсінуде өзгерістер тудыратын екі тітіркендіргіш арасындағы ең аз айырмашылық идеясын ұсынды. Мысалы, сыналушылар түйсінудегі айырмашылықты сезу үшін жүктің салмағын қаншалықты көбейтуі немесе азайтуы қажет?

Әлдебір салмақтың қаншалықты ауыр екенін (субъект үшін салмақтың қаншалықты ауыр екенін) анықтау үшін біз физикалық тәсілдерді қолдана алмаймыз. Бірақ психологиялық түйсіну қарқынын білу үшін физикалық өлшеу әдістерін негізгі әдіс ретінде қабылдай аламыз. Ең алдымен, сыналушы айырмашылықты сезінуі үшін жүктің салмағын қаншалықты азайту қажет екені анықталады. Содан кейін біз жүктің салмағын осы төменгі мәнге дейін өзгертеміз және ажыратпалық межені қайта іздейміз. Себебі екі жағдайда да салмақтың өзгерісі білінер-білінбес қана. Фехнер бұл өзгерістерді субъективтік түрде тең деп есептеді.

Ажыратпалық меже: түйсінуде өзгерістер тудыратын екі тітіркендіргіш арасындағы ең кішкентай айырмашылық.

Қатысушы объектіні қабылдап, түсінгенше осы процесс қайталануы мүмкін. Егер салмақтың әр азаюы субъективтік түрде кез келген басқа азаюға тең болса, салмақтың азаю ретінің саны – білінер-білінбес айырмашылықты түйсіну саны – түйсінулердің субъективтік шамасының объективтік өлшемі ретінде қарастырылуы мүмкін. Сөйтіп, түйсінудегі айырмашылықты сезінуге қажетті тітіркенуді сандық көрсеткішпен бағалауға болады.

Фехнер әр сезім үшін тітіркенуді үлкейтудің әлдебір салыстырмалы мәні бар деп есептеді. Тітіркену әрдайым түйсіну қарқынындағы өзгеріске түрткі болады. Сөйтіп, түйсіну (ой немесе психикалық қасиет) тітіркену (дене немесе материалдық қасиет) сияқты сандық өлшемге бағынады. Олардың арасындағы арақатынасты $S = K \log R$ логарифм түрінде көрсетуге болады. Мұнда: S – түйсіну шамасы, K – экспериментпен белгіленген тұрақты шама, R – тітіркену шамасы. Тітіркену геометриялық прогрессияда, ал түйсіну арифметикалық прогрессияда артады. Тітіркендіргіштердің түйсінуге қатынасы логарифмдік қисық түрінде ұсынылады.

Фехнер бұл арақатынасты анықтау үшін Вебердің зерттеулерінің ешқандай әсері жоқ деп мәлімдеді. Алайда Вебер де сол Лейпциг университетінде Фехнермен бір уақытта жұмыс істегені мәлім. Фехнердің айтуы бойынша, ол өз зерттеуін жасап жүрген кезде Вебердің жұмысы туралы ештеңе білмеген.

Психофизика әдістері

Фехнердің зерттеуі нәтижесінде психофизика (психикалық және материалдық әлем арасындағы өзара байланысты) ілімі пайда болды. Жүктерді көтеру, жарық беру, визуалды және сезіну қашықтығымен байланысты эксперименттерді өткізе отырып, Фехнер психофизикада бірыңғай әдіс ойлап тапты, сондай-ақ қолданыстағы екі маңызды әдістемені жүйелендірді.

Психофизика: психикалық және физикалық процестер арасындағы өзара байланысты ғылыми-зерттеу.

Экспериментке қатысушылар тітіркендіргішке әсер ету мөлшері эталонды тітіркендіргішке ұқсас деп анықтағанша, орташа қателік әдісі оларға түрлі тітіркендіргіштермен әсер етеді. Бірнеше сынақтардан кейін стандарт тітіркендіргіш пен эксперимент қатысушылары көрсеткен тітіркендіргіштер арасындағы айырмашылықтың орташа шамасы шығарылады және жасалған бақылаулар

Орташа қателік әдіс: сыналушылар әсер ету дәрежесі бойынша эталонды тітіркендіргішке ұқсайтынын талқанша, олар түрлі тітіркендіргіштердің әсер ету реакция жылдамдығы мен түйсінудегі айырмашылықты зерттеу әдістемесі.

оның қателігін көрсетеді. Бұл әдіс реакция уақытын, сондай-ақ көру және есту айырмашылықтарын өлшеу үшін қолданылады.

Тұрақты стимул әдісін қолданған кезде қатысушылар бірнеше рет екі тітіркендіргішті салыстырады да, олардың дұрыс жауаптарының саны есептеледі. Мысалы, экспериментке қатысушылар, ең алдымен, 100 грамдық стандарт салмақты, содан кейін басқа салмақты – 88, 92, 96, 104 немесе 108 грамды көтереді. Олар екінші көтерген жүктің салмағы алғашқы жүк салмағынан ауыр ма, жеңіл ме, әлде оған тең бе, соның жауабын айтуы керек.

Межені белгілеу әдісінде (білінер-білінбес айырмашылықтар межесі) экспериментке қатысушыларға екі тітіркендіргіш, мысалы, белгілі салмақтағы жүктер ұсынылады. Қатысушылар екі жүктің салмағында айырмашылықты анықтағанша, бір жүктің салмағы ұлғайтылады немесе азайтылады. Көп эксперимент өткізіледі. Ажыратпалық межені анықтау үшін белгіленген айырмашылықтар ғана орташа мәнге келтіріледі.

Фехнер жеті жыл бойы психофизикалық зерттеулер өткізді. Нәтижелердің бір бөлігін 1858 және 1859 жылдары екі кітапта жариялады. 1860 жылы оның шығармаларының толық жинағы «Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) кітабына енгізілді (Fechner, 1860/1966, p. 7). Материалдық және психикалық, физикалық және психологиялық дүниелер арасындағы өзара байланыстар туралы нақты ғылымды баяндайтын бұл шығарма – Фехнердің психологияның ғылым ретінде дамуына қосқан бірден-бір үлесі. Фехнердің тітіркендіру мен түйсіну қарқыны арасындағы сандық өзара байланысқа қатысты жаңалығын маңызы жағынан гравитация заңымен бірдей деп айтуға болады.

2010 жылы аталмыш еңбектің 150 жылдық мерейтойы тойланған кезде бір тарихшы: «Бұл екі томдық – психологиялық құбылыстарды эксперименттік және сандық тұрғыда зерттеуге болатынын паш еткен алғашқы еңбек. Бұған психология тарихын зерттейтін мамандардың еш дауы болмаса керек». – деп жазды (Robinson, 2010, p. 409). Фехнер психологияға бейсана түсінігі мен саналы түсіну межесінен төмен стимулдар идеясын енгізді (Romand, 2012).

«Психофизика элементтерінде» Фехнер материя мен ақыл, стимул мен түйсіну арасындағы айырмашылықты талқылады. Сонымен бірге Фехнер «ішкі» және «сыртқы» психофизика дегенді ажырата білді. Ішкі психофизиканың ми мен нервтердің түйсінуі мен қозуы арасындағы өзара байланысқа қатысы бар. Осындай физиологиялық процестерді дәл өлшеу мүмкін емес. Сондықтан ол сыртқы психофизикамен, оның психофизикалық әдістерімен өлшенетін стимул мен түйсінудің субъективтік қарқыны арасындағы арақатынаспен айналыса бастады.

XIX ғасырдың басында неміс философы Иммануил Кант «психикалық процестерді сандық көрсеткіш түрінде бағалау эксперименттерін өткізу мүмкін емес, сол себепті психология ешқашан нағыз ғылымға айналмайды» деп тұжырымдады (Stuim, 2006). Фехнердің зерттеулері Канттың тұжырымын жоққа шығарды. Фехнердің психофизикалық зерттеулеріне сүйене отырып, Вильгельм Вундт эксперименттік психологияның жоспарын құрды. Фехнердің әдістері көптеген психологиялық мәселелерді шешуге көмектесті. Ғалым психологияға нақты әрі ыңғайлы өлшеу әдістерін ұсынды.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) еңбегінен (1860) алынған психофизикаға қатысты материалдардың түпнұсқа дереккөзі

Густав Фехнер

Психофизика жан мен тәннің немесе материалдық және менталды, физикалық және психологиялық дүниелердің функциялық түрде тәуелді қатынастарының нақты теориясын білдіреді.

Біз интроспективтік байқаумен қабылданатын немесе дене, физикалық һәм материалдық дүниелерден абстракцияланатын барлық құбылыстарды жаңға қатысты деп есептейміз. Сыртқы дүние аспектілерінің бірі – айқын әрекеттерге сүйенетін ішкі және сыртқы бақылауды қарастырған жағдайда ғана бұл белгілер осы аспектілерге қатысты болады.

Кез келген жағдайда психофизикадағы барлық талқыланатын және зерттелетін тақырыптар жеке анализ немесе сырттай байқау арқылы көрінетін материалдық және менталды дүниелердің құбылыстарымен не болмаса феноменологиялық қатынастар, категориялар, ассоциациялар және дедукциямен ғана байланыстырылады. Түйіндеп келгенде, психофизиканың физикалық тұрғыдан физика мен химияға, ал психикалық тұрғыдан эксперименттік психологияға қатысы бар. Ол метафизикалық тұрғыдан феномендік құбылыстан бөлек жан немесе тән жаратылысына мүлдем жүгінбейді.

Біз физикалық функцияға тәуелді құбылыстарды психикалық құбылыстар деп атаймыз. Себебі олардың арасында тұрақты немесе заңды байланыс бар. Осы екі байланыстың біреуі болғандықтан және олардың біреуі өзгеріске ұшырағандықтан, басқасынан осы құбылыстар байқалуы мүмкін.

Жан мен тән арасындағы функциялық байланыс расталған. Осыған қарамастан, осы фактінің себептері, сондай-ақ оны түсіндіру және оны тарату деңгейі туралы шешілмей келген дау да бар.

Осы дәлелдің метафизикалық тұстарына көңіл аудармай, психофизика жан мен тәннің көріну тәсілдері арасындағы нақты функциялық байланысты анықтауға тырысады.

Материалдық және менталды әлемде қандай заттар сан және сала, алыс және жақын деп салыстырылады? Сондай бағытта немесе қарама-қарсы бағытта олардың өзгерістерін реттейтін қандай заңдылықтар бар? Психофизика осы сауалдарға нақты жауап беруге тырысады.

Басқаша айтқанда, заттардың ішкі және сыртқы пайда болу тәсілдерінде олардың бір-біріне қатыстылығы қандай? Олардың тиісті өзгерістеріне қатысты қандай заңдылықтар бар?

Жан мен тән арасында функциялық байланыс болғандықтан, біз осы байланысты бір бағыттан бақылай аламыз. Өзара байланысты математикалық функциямен, яғни x және y айнымалы шамалар арасындағы теңдеумен көрсетуге болады. Бұл теңдеуді басқа бір функция деп те қарастыра аламыз.

Алайда психофизикада физикалық дүниелер өлшеуге болады және психикалық өлшем деректері физикалық өлшеуге байланысты алынады. Сондықтан психофизика осы әдістемені қолданады.

Дененің сыртқы аспектілеріне немесе ішкі функцияларына байланысты психофизика сыртқы және ішкі түрлерге бөлінуі мүмкін.

Сыртқы психофизика ғана тікелей тәжірибе жүргізу үшін қолайлы, сол себепті психофизиканың негізгі эмпирикалық деректерін осы салада ғана іздеуге болады. Сондықтан алғашқы нүкте сыртқы психофизикадан басталуы тиіс. Алайда сыртқы психофизика ішкі психофизиканы үнемі есепке алуы қажет. Себебі тәннің сыртқы әлемі тәннің ішкі әлемі арқылы ақылмен байланысты болады.

Психофизика, бір жағынан, психологияға негізделсе, екінші жағынан, психологияға математикалық негіз береді. Сыртқы психофизика физикадан құралдар мен әдістеме алады. Ішкі психофизика физиология мен анатомияға, әсіресе жүйке жүйесіне сүйенеді.

Түйсіну стимуляцияға байланысты. Жақсы түйсіну күшті стимулға байланысты. Алайда стимул мен тәннің қандай да бір ішкі процесінің аралық әрекеті арқылы ғана түйсіну пайда болады. Түйсіну мен стимул арасындағы заңды қатынастарды талқан сияқты, олар стимул мен ішкі физикалық белсенділік арасындағы заңды қатынастарды қамтуы керек. Дене процестерінің жалпы өзара әрекеттесуі осы ішкі қызметтің жаратылысы туралы жалпы қорытынды жасайды.

Сыртқы психофизика саласында заңды қатынастардың маңызы зор. Физикалық өлшемдер солардың негізінде психикалық өлшемге әсер етеді.



Жалпы психология негіздері

XIX ғасырдың ортасында ғылыми әдістер психикалық құбылыстарды зерттеудің үйреншікті құралына айналды. Арнайы әдістемелер, құралдар жасалды, кітаптар жазылды. Көпшілік психологияның ғылыми әдістемесіне назар аударыла бастады. Ағылшын эмпирикалық философиясы және астрономия жөніндегі еңбектер сезімдердің рөлін айқындаса, неміс ғалымдары олардың функциялық аспектілерін сипаттады. Позитивтік «уақыт рухы» осы екі психологиялық мектептердің жақындасуына ықпал етті. Алайда бұл мектептерді жаңа ғылымға біріктіретін тұлға қажет болды. Оның есімі Вильгельм Вундт еді.

Материалды бекіту сұрақтары

1. К. Дэвид неліктен жұмысынан айырылды және оның психология тарихына қандай қатысы бар?
2. «Жеке бас тепе-теңдігі» деген не? Жаңа психологияда «жеке бас тепе-теңдігі» деген нені білдіреді?
3. Бессельдің Локк, Беркли және басқа эмпирикалық философтардың жұмыстарына қандай қатысы бар?
4. Ежелгі философиядағы оқиғаларды адам табиғатының механикалық бейнесімен қалай көрсетті?
5. Ми функцияларын салыстыру үшін ғалымдар қандай әдістер ойлап тапты?
6. Галльдің краниоскопия әдісін және оның ағымын сипаттап беріңіз. Оларды қалай әшкереледі?
7. Берлин Физика қоғамының негізгі мақсаты қандай?
8. Жаңа психологияны жасау үшін физиология британдық эмпиризммен қалай үйлескенін сипаттаңыз.
9. Эксперименттік психология неліктен Германияда пайда болды?
10. Гельмгольцтің нерв импульсінің жылдамдығы бойынша өткізген зерттеулерінің маңызы қандай?
11. Вебердің екі нүктелі ажыратпалық меже бойынша зерттеуін сипаттаңыз. Психология үшін бұл идеялардың маңызы қандай?
12. Фехнер 1850 жылдың 22 қазанында қандай жаңалық ашты? Ол түйсінуді қалай өлшеді?
13. $S = K \log R$ теңдеуі арқылы көрсетілген тітіркендіргіш қарқыны мен түйсіну қарқыны арасындағы байланыс қандай?
14. Фехнер қандай психофизикалық әдістер қолданды? Психофизика психологияның дамуына қалай әсер етті?
15. Ішкі психофизика мен сыртқы психофизика арасындағы айырмашылық қандай? Фехнер не нәрсеге назар аударды және неліктен?

Ұсынылған әдебиеттер

- Burrell, B. (2004). *Postcards from the Brain Museum: The improbable search for meaning in the matter of famous minds*. New York: Broadway Books. Мидың құрылымы мен функцияларын түсіндіру үшін мидың жұмыс істеу ерекшеліктерін көрсетеді.
- Cahan, D. (Ed.). (1993). *Hermann von Helmholtz and the foundations of nineteenth-century science*. Berkeley: University of California Press. 1853–1892 жылдар аралығында Гельмгольцтің лекцияларын ұсынады. Лекциялар жинағында ғылыми жетістіктер мен ғылымға әсер еткен зияткерлік және әлеуметтік жағдайлар қамтылған.
- Dobson, V. & Bruce, D. (1972) *The German university and the development of experimental psychology*. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 8, 204–207. Бұл еңбекте Германияда жаңа психологияның даму кезіндегі ғылыми көзқарастардың еркіндігі туралы баяндалады.
- Heidelberg, M. (2004). *Nature from within: Gustav Theodor Fechner and his psychophysical worldview*. Pittsburgh: University of Pittsburgh Press. Фехнердің идеяларының өзіндік ерекшелігіне қатысты оның өмірі мен жасаған еңбегі туралы ақпараттық шолу.
- Zimmer, C. (2004). *Soul made flesh: The discovery of the brain and how it changed the world*. New York: Free Press. Жаң, ми және сана туралы ғылыми ойдың 200 жылын қарастырады.

Жаңа психология

Бір мезетте бірнеше іспен айналысу мәселесі

Қазіргі психологияның негізін салушы

Вильгельм Вундт (1832–1920)

Вундттың өмірі

Лейпцигтегі өмірі

Вундттың мультимедия сыныбы

Мәдени психология

Сана тәжірибесін зерттеу

Интроспекция әдісі

Сана тәжірибесінің элементтері

Саналы тәжірибе элементтерін ұйымдастыру

Германиядағы Вундт психологиясының тағдыры

Вундт психологиясын сынға алу

Вундттың мұрасы

Неміс психологиясындағы өзге ілгерілеушіліктер

Герман Эббингауз (1850–1909)

Эббингауздың өмірі

Оқып-үйрену мәселесін зерттеу

Сөзделгі мағынасыз бұйындарды зерттеу

Психологияға қосқан басқа үлесі

Франц Brentano (1838–1917)

Ойлау процесін зерттеу

Карл Штуumpf (1848–1936)

Феноменология

Освальд Кюльпе (1862–1915)

Кюльпе мен Вундт көзқарастарындағы қайшылықтар

Бір мезетте бірнеше іспен айналысу мәселесі

Вильгельм Вундт бір мезетте бірнеше іспен айналысу мүмкін дегенді өмірі естіген емес. Ондай бола қалған жағдайда да, екі шаруамен бір мезетте айналысу дұрыс емес деп санаған. Мысалы, мәтіндік хабарлама жібере отырып, сіз университет қалашығындағы сайқымазақты байқай алар ма едіңіз? Әрине, XIX ғасырдың ортасында мұндай құбылысты ешкім көріп те, естіп те көрген емес. Шыны керек, көп адамдар, уақытымыз бен назарымызды қажет ететін кез келген әркім телефондар, жылдам жіберілетін хабарламалар, электронды пошта, видеоойындар және тағы басқа электронды құрылғылар пайда болғанша, бұл мәселеге мән бермеген.

1861 жыл еді. АҚШ-та азаматтық соғыс басталған кез. Бұл шақта 29 жасар Вильгельм Вундт физиология саласында зерттеумен айналысып, Гейдельберг университетінде дәріс оқып жүрді. Өріптестері ұмытшақ әрі қияли атаған Вундт бұл кезде студенттеріне зертхана жұмысын үйретуге талпыныс жасап жүрді. Ол өз үйіндегі шағын зертханада түрлі зерттеулер жасау арқылы психологияның жаңа ғылым ретіндегі дамуына серпіліс туғызғысы келді.

Вундт кейінгі жылдары Фридрих Бессельдің, Дэвид Киннбруктің жұмыстан кетуіне қатысты, 1796 жылы қайта қарастырған өлшем қателіктерінің «жеке бас тепе-теңдігіне» назар аударды. «Вундт

телескоптардағы тор сызықтар арқылы өтетін жұлдыздардың өту жылдамдығын өлшейтін астрономдардың жұмысындағы жүйелі айырмашылықтарға шұқшия қарады. Бұл жердегі болар-болмас айырмашылықтар [Киннбрук пен Маскеліннің жағдайындағы болмашы жарты секунд] астрономның назарды бірінші жұлдызға не болмаса есептеу құрылғысына аударуынан туындайтын еді» (Blumenthal, 1980, p. 121).

Егер бақылаушы алдымен жұлдызға қараса, ол өзінше бір есеп жасайды. Ал егер ол бірінші тор сызыққа қараса, есеп те басқаша болады. Бақылаушы бір мезетте екі объектіге бірдей назар аудара алмайды. Вундт осы мәселені зерттеу нәтижесінде маятник сағатына өзгеріс енгізді. Енді ол есту және визуалды стимулдарды көрсеткісі келді. Мұндай жағдайда сағаттың қонырауы мен тілі жылжымайтын нүктенің жанынан тербеліп өтті. Ол құралды ой өлшегіш немесе ми өлшегіш (*Gedankenmesser*) деп атап, оны екі стимулды қабылдау кезіндегі психикалық процесті өлшеу үшін қолданды.

Осы экспериментке қатысып отырған өзін жалғыз субъект ретінде есептеп, бір мезетте екі зағты қабылдау мүмкін емес деген қорытынды жасады. Ол қонырау

Жүйелі эксперименттік
интроспекция
Қалыпсыз ой
Бюрбург зертханасын-
дағы ғылыми ізденістер
Түсініктеме
Материалды бекіту
сұрақтары
Ұсынылған әдебиеттер

дыбысының естілуі мен сағат тілінің нақты бір нүктеден өтуіне бір мезетте назар аудармады. Оның өлшемдерінің нәтижесі бойынша, қос стимулды бірінен соң бірін тіркеуге 1/8 секунд уақыт жұмсалды. Стимулдар бақылаушыға кездейсоқ бір мезетте пайда болып отырды.

Вундттың бір мезгілде бірнеше нәрсеге назар аудару мәселесі бүгін де өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Көп деректерге сүйенетін болсақ, «егер сіз бір мезетте екі нәрсе жасасаңыз, екі ісіңіз де сәтті шықпайды» (Sullivan & Thompson, 2013, p. 12).

Адамның мны «бір мезетте бір заттан артық дүниеге назар аудармамайды» (Wu, 2013, p. 3). Біз бір мезетте бір когнитивті тапсырмадан артық тапсырманы тиімді орындай алмаймыз (see Gorlick, 2009; Hosking, Young, & Regan, 2009; Jensen, 2013; Lin, 2009; Richtel, 2010; Shellenbarger, 2004).

«Сана бір ой мен бір дүниені ғана қабылдай алады. Біз бір мезетте бірнеше құбылысты қабылдай алмаймыз. Біз оларды рет-ретімен ғана қабылдай аламыз», – деген Вундт өз заманынан озық туған адам еді (quoted in Diamond, 1980b, p. 39). Осы тәсілмен Вундт ақылды өлшеді. Әрине, Фехнер – ақылды бірінші болып өлшеген ғалым. Алайда Вундт экспериментті жаңа ғылымның негізі ретінде қолданды. (Дэвид Киннбрук болса, өзінің қаншалықты маңызды рөл атқарғанын білмеген күйі дүниеден өтті.)

Қазіргі психологияның негізін салушы

Вундт – психологияның ресми академиялық пән ретінде қалыптасуының негізін салушы адам. Ол алғашқы болып зертхана жасап, алғаш журнал шығарып, эксперименттік психологияны ғылым ретінде дамытты. Ол түйсіну мен қабылдау, назар аудару, сезу, реакция уақыты мен ассоциация сияқты тақырыптарды зерттеді. Вундттан кейінгі психология тарихындағы кейбір ғалымдардың пікірлері оның көзқарастарына қайшы келсе де, оның қазіргі психологияның дамуына қосқан үлесін ешкім жоққа шығара алмайды.

Жаңа психологияның негізін салу мүмкіндігі неліктен Фехнерге емес, Вундтқа бұйырды? Фехнердің «Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) 1860 жылы жарияланды. Бұл Вундттың психологиямен айналыса бастағанынан 15 жыл бұрын болған жайт еді. Вундттың өзі Фехнердің еңбегін эксперименттік психологиядағы «алғашқы текетірес» деп көрсетті (1888, p. 471). Фехнер қайтыс болғаннан кейін оның құжаттары Вундтқа табыс етілді. Вундттың шәкірті Э.Титченер (5-тарауды қараңыз) Фехнерді эксперименттік психологияның негізін салушы деп есептеді (Benjamin, Bryant, Campbell, Luttrell, & Holtz, 1997). Егер тарихшылар Фехнер еңбегінің маңызын мойындаған болса, онда неліктен олар Фехнерді психологияның атасы деп санамады?

Оның жауабы ой мектебінің құрылу процесінде жатыр. Ол, әлбетте, жоспарлы түрде жүзеге асатын дүние. Оған ғаламат ғылыми үлес қосуға қажетті қасиеттерден бөлек, жеке тұлғалық қабілеттер мен ниет керек. Бұрынғы ілім мен жарияланымдарды біріктіріп, жаңадан пайда болған материалдарды дамыту керек. Ол тұрасында психологияның бір тарихшысы былай дейді:

«Негізгі идеялар пайда болған кезде, қандай да бір негізін салушы тұлға барлығын өз қолына алып... маңызды дүниелердің қосатынын қосып, оны жарыққа шығарып, жарнамалайды, оған көптің көзін жеткізеді. Қысқа қайырганда, ол осылайша өз мектебін «қалыптастырады» (Boring, 1950, p. 194).

Идеяның тиімді әсер ету мәселесі оның өзіндік ерекшелігі сияқты маңызды дүние (Berscheid, 2003, p. 110).

Кейінгі жазылған пікірлерге құлақ түрсек, мектеп қалыптастырудың тағы бір қыры ғылыми қауымдастыққа идеяны сату қажеттілігінде жатыр екен: «Идеяның қажеттілігіне көптің көзін жеткізу – идеяның пайда болуы сияқты маңызды дүние».

Вундттың қазіргі психологияның қалыптасуына қосқан үлесі – оның жүйелі эксперимент идеясын насихаттауы. Жалпы мектеп қалыптастыру мен оның негізін қалау – екеуі екі бөлек дүние. Бірақ ғылымның қалыптасуы үшін, ғимаратты бірге тұрғызатын архитектор мен құрылысшы сияқты, оның екеуі де керек, екеуі де маңызды.

Міне, осы айырмашылықты байқай білген адам Фехнерді неліктен психологияның негізін салғандардың қатарына қоспайтынын түсінеді. Қарапайым тілмен айтқанда, ол жаңа ғылымды табуға талпынбады. Оның мақсаты – менталды және материалдық әлем арасындағы қатынастарды түсіну болды. Ол ғылыми негізі бар ақыл мен дененің бірыңғай тұжырымдамасын сипаттауға тырысты.

Ал Вундт саналы түрде жаңа ғылымның негізін салды. «Физиологиялық психология қағидаларының» (*Principles of Physiological Psychology*) бірінші басылымының алғы сөзінде (1873–1874) ол: «Көпшілікке ұсынылған осы жұмыс – ғылымның жаңа саласын ажыратып көрсету», – деп жазды. Вундт психологияны жаңа, тәуелсіз ғылым ретінде насихаттауды мақсат тұтты. Десе де, Вундт психологияның негізін салған адамға жатпайды. Психология қаншама шығармашылық талпыныстардың нәтижесінде дүниеге келді.

XIX ғасырдың екінші жартысында сананы түсіну үшін эксперименттік әдісті қолдануға «уақыт рухы» әбден пісіп-жетілді. Ал Вундт болса, ақиқат дүниені насихаттаудың бірден-бір шебері еді.

Вильгельм Вундт (1832–1920)

Вундттың өмірі

Вильгельм Вундт балалық шағын Германияның Мангейм қаласының жанындағы кішкентай қалада өткізді. Ол балалық шағында әйгілі жазушы болуды армандайтын. Кішкентай Вильгельм мектепте нашар оқыды. Ағасы интернатта оқығандықтан, ол отбасында жалғыз бала сияқты тәрбиеленді. Вундттың әкесі шіркеу қызметшісі болып жұмыс істеді. Ата-анасы ашық-жарқын адамдар болғанымен, Вундттың есінде әкесі жағымсыз адам ретінде қалды. Бір күні мектепке келген әкесі, мұғалімді тыңдамай отырғаны үшін, Вундттың бетінен шапалақпен бір салады. Екінші сыныптан бастап Вундттың оқуымен әкесінің көмекшісі айналысты. Жас діни қызметкердің жұмыс орнының басқа жаққа ауысуына байланысты, Вундт ата-анасының рұқсатымен 13 жасқа дейін ұстазының үйінде жатып оқыды.

Вундттар – оқу-білімге жүйрік әулет еді. Оның ата-бабалары ғылымның барлық саласында дерлік жетістіктерге жеткен. Алайда ата-бабасынан бері жалғасып келе жатқан осы бір дәстүрдің жас Вундтқа қатысы жоқтай көрінетін. Өйткені ол қияли еді. Гимназиядағы алғашқы оқу жылын сәтсіз аяқтап, сыныптастарына ілесе алмады. Мұғалімдер де оны келемеждеп бағатын. Алайда уақыт өте келе, Вундт өз-өзін қолға алып, жақсы жетістіктерімен көзге де түсе бастады. Мектепті жақсы көрмесе де, ақыл-ойы толысу үшін көп оқыды. Вундт 19 жасында мектепті бітіргенде университетте оқуға тас түйін дайын еді.

Вундт дәрігер боламын деп шешті. Себебі дәрігер мамандығы табыс көзімен бірге, ғылыммен айналысуға мүмкіндік берді. Әуелі Тюбингенде, кейін Гейдельбергтегі университетте медицинадан білім алды. Ол анатомияны, физиологияны, физиканы, медицинаны және химияны зерттеді. Алайда біраз уақыт өткен соң, Вундт практикалық медицинадан бас тартып, толығымен физиологиямен айналысуға шешім қабылдады.

Вундт ұлы физиолог Иоганн Мюллер жұмыс істеген Берлин университетінде бір семестр білім алып, Гейдельбергке оралады. 1855 жылы Гейдельбергте докторлық дәреже алған ол 1857 жылдан бастап 1864 жылға дейін университетте дәріс оқып, Герман фон Гельмгольцтің лаборанты болып қызмет атқарады. 1864 жылы доцент атанған Вундт Гейдельбергте 10 жыл жұмыс істеді.



ВИЛЬГЕЛЬМ ВУНДТ

<https://en.wikipedia.org>

Физиологиямен айналысу барысында Вундт психологияны жеке эксперименттік ғылым ретінде қарастырғысы келді. 1858 жылдан бастап 1862 жылға дейін өз идеяларын «Сезім арқылы қабылдау теориясына қосқан үлесі» (*Contributions to the Theory of Sensory Perception*) еңбегінде жариялады. Бұл шығармада Вундт үйдегі зертханасында жасаған эксперименттерін сипаттап, жаңа психология әдістерін баяндады. Осы кітапта ол алғаш рет *эксперименттік психология* ұғымын енгізді. Фехнердің «Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) (1860) мен Вундттың аталмыш еңбегі жаңа ғылымның алғашқы елеулі туындылары есебінде қарастырылды.

1863 жылы Вундттың «Адам және жануарлардың санасы туралы дәрістер» (*Lectures on the Minds of Men and Animals*) еңбегі жарық көрді. Бұл кітаптың маңыздылығы сонша – алғашқы басылымынан кейін 30 жыл өткен соң ағылшын тілінде қайта басып шығарылды. Бұл шығармада Вундт реакцияны өлшеу және психофизика мәселелерін қарастырады.

1867 жылдан бастап Вундт Гейдельберг университетінде физиологиялық психология бойынша өзінің алғашқы лекциялар курсына оқиды. Бұл дәрістер «Физиологиялық психология қағидалары» (*Principles of Physiological Psychology*) атты екі томдық кітап түрінде 1873 және 1874 жылдары басып шығарылды. Бұл еңбек Вундттың редакциясымен 37 жыл ішінде 6 рет басылды. Ең соңғы нұсқасы 1911 жылы жарық көрді. Вундттың туындысы психологияны тәуелсіз эксперименттік ғылым ретінде қалыптастырды.

Көп жылдар бойы «Физиологиялық психология қағидалары» психолог-экспериментшілерге негізгі мәлімет көзі мен психология дамуының жазбасы есебінде таптырмас құрал болды. Кітаптың «Физиологиялық психология» деген атауы дұрыс қойылмаған да шығар. Вундттың заманында Германияда «физиологиялық» сөзі «эксперименттік» деген сөздің синонимі еді. Сөйтіп, Вундт аталмыш еңбегінде физиологиялық психология туралы емес, эксперименттік психология туралы жазды (Blumenthal, 1998).

Лейпцигтегі өмірі

Вундт 1875 жылы Лейпциг университетінде философия профессоры атағын алды. Осы кезден бастап оның ғылыми қызметінің ең ұзақ әрі маңызды кезеңі басталады. Бұл университетте 45 жыл жұмыс істеді. Ол Лейпцигте зертхана ашып, 1881 жылы «Философия ілімдері» (*Philosophical Studies*) журналының негізін қалады. 1906 жылы Вундт өз журналының атауын «Психологиялық ілімдер» (*Psychological Studies*) деп өзгертті. Вундттың жетекшілігінде білім алып, зерттеумен айналысқысы келетін студенттер саны көбейе бастады. Олардың ішінде психологиялық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан бірнеше жас студент болды. Кейінірек Вундттың жетекшілігінде білім алған америкалық студенттер АҚШ-та өз зертханаларын ашты. Осылайша Лейпциг зертханасының қазіргі психологияның дамуына қосқан үлесі зор болды. Лейпциг зертханасы жаңа эксперименттік орталықтарды құру моделіне айналды.

Вундттың шәкірттері Италияда, Ресейде және Жапонияда зертханалар ашты. Оның көп шығармалары орыс тіліне аударылды. Вундттың шығармашылығына қызығушылық білдірген ресей психологтері 1912 жылы Мәскеуде Вундт зертханасының дәл көшірмесін жасады. 1920 жылы жапон ғалымдары Токио университетінің негізінде тағы бір зертхана құрды. Алайда XX ғасырдың 60-жылдары студенттік толқулар салдарынан бұл зертхана өртеніп кетті (Mullberger, 2008, p. 169). Лейпцигке келген студенттерді жалпы көзқарастар мен идеялар біріктірді. Осы жас ғалымдар алғашқы ресми психологиялық мектепті қалыптастырды.

Вундттың Лейпцигтегі лекцияларының танымал болғаны соншалық – оның дәрісіне жиналатын студенттердің саны 600-ден асып кететін. 1890 жылы оның бір лекциясына қатысқан Э. Титченер өзінің хағында Вундтты былай сипаттады:

«Қызметші есікті ашып, аудиторияға Вундт кіріп келді. Үстіне киген киімі қара түсті; иығы қушиған, арықтау денелі, бүкірейіп жүреді; дене бітімі биік болып көрінгенімен, оның бойы 5 фут, 9 дюйм (1 фут 30,48 см-ге тең) ғана еді.

Ол гүрс-гүрс етіп, мінбеге шықты. Оны басқаша суреттеу мүмкін емес еді. Жаны құоды ағаштан жаралғандай, мінбеде әрі-бері қозғалғанда да арсы-гүрсі дыбыс шығып тұрды. Оның бұл қылығы маған ерсі көрінді. Алайда оны менен өзге ешкім де байқамағандай еді...

Вундт дәріс оқығанда бірде-бір рет қағаздарына көз салмады...

Оның қолында маза жоқ еді. Вундт қолын бірде жоғары көтеріп, бірде нұсқап, бірде оңды-солды сілтеумен болды... оның қимылы сөзге өзгеше сертін беріп, бәрін жандандырып жібергендей көрінді...

Ол дәрісін дәл уақытында тоқтатты. Сосын тықылын сәл азайтып, аудиториядан шығып кетті. Осы бір тықыл болмаса, мен қалған бар процеске тамсанып бақтым (Baldwin, 1980, pp. 287–289).

Вундт сабырлы, көнбіс адам болатын. Оның күндері белгіленген тәртіп бойынша өтетін. Таңертең Вундт қандай да бір кітаппен немесе мақаламен айналысатын. Арасында студенттердің жұмыстарын тексеріп, өзінің журналын редакциялады. Түс кезінде ол университеттегі емтихандарға қатысатын немесе зертханасына баратын. Зертханасында көп уақыт өткізбейтін. Бар-жоғы 5–10 минут. Ол психологияның дамуы эксперименттік зерттеулерге байланысты деп ойлағанымен, «өзі зертханада көп уақыт өткізбейтін» (Cattell, 1928, p. 545).

Түстен кейін Вундт серуендеп жүріп кезекті дәрісіне дайындалды. Өдетте оның дәрісі түстен кейін, сағат 16:00-де, басталатын. Кешкісін оның отбасы мүшелері музыка тындап, саясат туралы, студент жастар мен жұмысшылардың құқықтары туралы әңгіме қозғайтын. Ол жақсы табыс тапты. Сол себепті де үйде қызметшілер ұстап, қонақ қабылдайтын мүмкіндігі бар еді.

Вундттың мультимедия сыныбы

Қазіргі таңда мультимедиялық жабдықтар мен құрылғыларға толы сыныптар көп. Мультимедиялық сыныптардың қарапайым үлгісі Лейпцигтегі Вундт колледждерінің мультимедиялық сыныптары болатын.

Ол кезде жарықтың орнына сиқырлы шам аталып кеткен қарапайым құрылғы қолданылатын. Слайд-проекторға ұқсайтын шам бастапқыда жарықты газбен берсе, кейін электр тогы арқылы беріп отырды. Оның көмегімен әйнек слайдтар үлкен экранға шығарылды. Қабырғада ілініп тұрған маға экранның қызметін атқарды. Оларды қолданған кезде дәріс залдары театрда отырғандай әсер берді.

Лейпциг университетіндегі үлкен сыныпта «бірнеше экран болды. Оларды еденнен жоғары көтеруге немесе төбеден түсіруге болатын. Бірнеше шамнан бейне алынды. Нұсқаушылар мен олардың көмекшілері 1870 жылдардағы жаңалық саналатын осы дисплейлер арқылы дәріс өткізуге әжептәуір уақыт дайындалды» (Smith, 2011, p. 30).

Вильгельм Вундт сол дәуірдегі жаңа медиатеchnологияны қолданушылардың бірі болды. Оның америкалық шәкірттері психологияның жаңа жүйесімен бірге, өздерінің сыныптарына сиқырлы шамдарды да енгізді.

Мәдени психология

Вундт зертхана мен журналдың негізін қалап, көп зерттеу жобаларын басқарып, философиямен де айналысты. 1880–1891 жылдар аралығында ол этика, логика, философия бойынша жұмыстар жазды. Вундт психологияны философиядан ажыратуға қарсы болды (Araujo, 2013; Lamiell 2013a, 2013b).

Өзінің әлеуметтік психология бойынша жазылған бірінші кітабында Вундт жан-жақты зерттеген тақырыбымен айналысты. Ол «Мәдени психология»

(*Cultural Psychology*) атты он томдық көлемді еңбек әзірлеп, оны 1900–1920 жылдар аралығында жариялады. (Кейде «Мәдени психология» тақырыбы «Этникалық психология» (*Folk Psychology*) деп қате беріліп жүрген кездері болады.) Вундт тіл, өнер, мифология, әлеуметтік негіздер сияқты, мәдениеттің объективтік өнімдерінде көрініс табатын адамның психикалық процестерін мәдени психологияда зерттеді. Осы еңбектің пайда болуымен бірге, психология ғылымы эксперименттік және әлеуметтік деп екі тармаққа бөлінді.

Вундт қарапайым психикалық процестерді – түйсіну мен қабылдауды зертханалық зерттеулер арқылы қарастыру қажет деп санады. Бірақ ол біздің мәдени тәрбиеміздің басқа аспектілерімен және тілмен байланысты оқып-үйрену қабілеті мен жады сияқты, жоғары психикалық процестерді зерттеу үшін эксперименттік әдіс жарамсыз деп есептеді. Вундттың пікірі бойынша, әлеуметтану, антропология, әлеуметтік психологияның жоғары ойлау қызметінде эксперименттік зерттеу әдістерінен бөлек әдістерді қолдануға болады. Тану процесінің дамуы барысында Вундттың жетекші әлеуметтік күштерінің рөлі маңызды.

Вундт мәдени психологияның дамуына 10 жыл арнады және осы бағыт бойынша «көп тәжірибе жинақтады» (Wong, 2009, p. 232). Бірақ мәдени психология америкалық психологияның дамуына айтарлықтай үлес қоспады. 90 жыл бойы «Америкалық психология журналында» (*American Journal of Psychology*) жарияланған мақалаларда Вундттың «Мәдени психологиясы» шығармасына 4 пайыз сілтеме жасалған. Салыстыру үшін: «Физиологиялық психология қағидаларына» (*Principles of Physiological Psychology*) 61 пайыз сілтеме жасалды (Brozek, 1980).

Америкалық психологияда Вундттың мәдени психологиясына қызығушылықтың болмау себебі – мәдени психологияның пайда болу кезеңімен байланысты. Мәдени психология 1900–1920 жылдар аралығында кеңінен таралды. Бұл кезеңде АҚШ-та жаңа психология дами бастады. Америкалық психологтер өздерінің жеке идеяларына сүйенуді жөн санады. Сол дәуірдің әйгілі зерттеушілерінің бірі «мәдени психология америкалық психологияның есейген кезеңінде пайда болып, оған қызығушылық білдіргендер саны аз еді» деп мәлімдеді (Judd, 1961, p. 219).



Archives of the History of American Psychology, University of Akron

Вундт және оның шәкірттері уақыт реакциясына эксперимент өткізуде

Вундт өзі қайтыс болған 1920 жылға дейін теориялық жұмысы мен жүйелі зерттеуін ешқашан тоқтатқан емес. Қатаң күн тәртібімен жұмыс істеуге дағдыланған ол өзінің психологиялық мемуарларын қайтыс боларының аз-ақ алдында жазып бітірді. Вундт 1853–1920 жылдар аралығында 54 мың бет жұмыс жазған екен. Күніне орта есеппен 2,2 бет дүние жазған (Boring, 1950; Bringmann & Balk, 1992) ол жазушы болам деген балалық шағындағы арманын жүзеге асырды.

Сана тәжірибесін зерттеу

Сана Вундт психологиясының тақырыбы болатын, алайда ол бастапқы кезде бейсана мәселесімен де айналысқан. Тарихшылар оның сананы ғана зерттеумен айналысқанын айтады (Агацjo, 2012).

XIX ғасырда Вундттың жүйесінде дамыған эмпирицизм мен ассоцианизмнің барлық теориялары көрініс тапқан. Вундт «сана – күрделі құбылыс деп есептеді және оны зерттеу үшін анализ немесе редукционизм әдісі сәйкес келеді» деді. Ол: «Қандай да бір құбылыстың құрамдас элементтерін толық сипаттау оны зерттеудегі алғашқы қадам болуы керек», – деп жазды (quoted in Diamond, 1980a, p. 85).

Алайда эмпириктер, ассоцианистер мен Вундт арасындағы ұқсастық осы ғана. Вундт сана элементтерінің – ми атомдарының статикалық күйі идеясымен келіспеді. Олар әлдебір механикалық процестің нәтижесінде бір-бірімен жалғанады. Оның пікірі бойынша, сана жеке құрылымды ұйымдастыруда белсенді рөл атқарады. Демек, сананың құрамдас бөліктерін, құрамын немесе оның құрылымын ғана зерттеу психологиялық процестерді түсінудің бастамасы ғана.

Волюнтаризм. Вундт мидың өзін-өзі ұйымдастыру қабілетіне басты назар аударғандықтан, ол өз жүйесін волюнтаризм деп атады. Басқаша айтқанда, волюнтаризм ерік-жігер күші ойлау процесін жоғары деңгейде ұйымдастырады. Вундт ағылшын эмпириктері мен ассоцианистері (кейіннен Титченер де) сияқты, элементтердің өзіне емес, олардың белсенді ұйымдастыру немесе синтездеу процесіне сүйенді. Вундт ойлайтын сана қабілеті өзінің құрамдас элементтерін жоғары деңгейде синтездеуге ерекше мән берсе де, сана элементтері оның теориясының негізін қалады. Бұл элементтерсіз сана ештеңе ұйымдастыра алмайтын еді.

Аралық және тікелей тәжірибе. Вундттың пікірі бойынша, психологтер аралық тәжірибеге қарағанда тікелей тәжірибені зерттеуге қызығушылық танытуы тиіс.

Вундттың пікірі бойынша, психологтер, негізінде, субъектінің тікелей тәжірибесімен жұмыс істейді. Аралық тәжірибе тәжірибе элементтерінен бөлек ақпаратпен немесе біліммен қамтамасыз етеді. Бұл – әлемді тану тәжірибесін қолданудың әдеттегі формасы. Мысалы, біз гүлге қарап, оны «қызыл» дейміз. Бірақ біз бірінші кезекте «қызыл түсті» тануға емес, алдыңғы өмірлік тәжірибемізден белгілі гүлге қызығушылық білдіреміз.

Алайда визуалды қабылдаудың тікелей тәжірибесі гүлге қарап отырған адамның алдыңғы тәжірибесіне байланысты емес, ол қызыл гүлді тікелей қабылдауға ғана байланысты.

Тура осылай біз жайсыздық сезімін сипаттаймыз. Мысалы, тісіміз ауырғанда біз басымыздан өткен тәжірибені сипаттаймыз. Егер әлдебіреу «менің тісім ауырып тұр» десе, онда біз аралық тәжірибе туралы әңгіме қозғаймыз.

Вундт адамның тікелей тәжірибесін маңызды деп есептеді. Мысалы, қызыл түсті немесе жайсыздықты қабылдау тәжірибесі – сананың құрамдас элементтерінің белсенді ұйымдастыру түрі. Өзінің ғылыми-зерттеулерінде ғалымдар материалдық объектілерді құрылымдық элементтерге бөледі. Сонымен бірге Вундт ойлау процесін элементтерге немесе құрамдас бөліктерге бөлуге тырысқан. Орыс химигі Д. Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық кестесін жасау мәселесі Вундттың ойына серпін берді. Тарихшылар «Вундт периодтық ойлау кестесін жасауға кірісті» деген болжам айтты (Marx & Cronan-Hillix, 1987).

Волюнтаризм: ерік-жігердің адамның ой-санасын үлкен идеяларға ұштастыра алатын қабілеті бар деген ұғым.

Аралық тәжірибе тәжірибе элементтерінен бөлек ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Тікелей тәжірибе: әр түрлі түсініктемелерден тазартылған тәжірибе.

Интроспекция: жеке ойлар немесе сезімдер туралы хабарлау үшін жеке ақыл-ойды қарастыру.

Интроспекция әдісі

Вундт өз психологиясын сана тәжірибесі туралы ғылым деп сипаттады. Сондықтан психология әдісі жеке сананы бақылауды қамтуы тиіс. Адам осындай бақылауларды жасайды. Ол **интроспекция** – жеке ойлау күйін тексеру әдісін пайдалана алады. Вундт бұл әдісті ішкі сезіну деп атайды. Интроспекция ұғымын Вундт ашқан жоқ. Бұл атаудың пайда болуы Сократпен байланысты. Вундттың үлесі эксперименттерді өткізу мен нақты ғылыми әдістерді пайдаланудан тұрады.

Психологтер интроспекция әдісін физикадан қабылдап алды. Физика саласында бұл әдіс жарық пен дыбысты, ал физиологияда сезім органдарын зерттеу үшін қолданылды. Сезім органдары туралы мәлімет алу үшін зерттеуші қандай да бір тітіркендіргіш қолданды. Содан кейін сыналушыға Фехнердің ғылыми жұмысындағы түйсінулерді сипаттау ұсынылды. Сыналушы екі жүктің салмағын салыстыра отырып, санасының қобалжуын тіркей отырып, жеке түйсінуін талдады.

Вундт Лейпциг зертханасында өзі белгілеген ережелерге сәйкес интроспекция немесе ішкі сезіну эксперименттерін өткізді. Аталмыш ережелерге мыналар кіреді:

- бақылаушылар эксперименттің басталуын дұрыс анықтай алуы керек;
- бақылаушылар өзінің назар аудару деңгейін ешқашан азайтпауы қажет;
- эксперимент бірнеше рет өткізілетіндей етіп ұйымдастырылуды тиіс;
- тітіркену факторларындағы өзгерісті бақылау үшін эксперимент шарттары қолайлы болуы тиіс.

Соңғы шарт эксперименттік әдістің мәнін: тітіркену факторлары мен сыналушының түйсінуіндегі өзгерістерді бақылауды білдіреді. Вундттың пікірі бойынша, өзін-өзі талдау немесе ішкі қабылдау түрі барлық өңделмеген деректерді ұсынады. Сыртқы қабылдау да астрономия мен химия сияқты ғылымдар үшін деректер ұсынды. Сыртқы қабылдау кезінде бақылау фокусы бақылаушыдан тыс орналасады. Мысалы, жұлдыздар немесе ыдыста химиялық заттарды араластырудан туындайтын реакциялар. Ішкі қабылдау кезінде фокус бақылаушының бақылау аясында, яғни оның саналы қобалжулары аясында орналасады.

Сыртқы қабылдау жаратылыстану ғылымдарының нақты бақылаулары арқылы эксперименттік жағдайларда ішкі қабылдау мақсаты болады. Сондықтан Вундт бақылаушыларды дұрыс дайындықтан өткізу қажет деп есептеді. Вундттың зертханалық зерттеулерін ұсыну үшін бақылаушыларды дұрыс бағалар алдында олар 10 000 жеке интроспективті бақылауға қатысуы тиіс.

Осындай тұрақты оқып-үйрену процестерінің нәтижесінде субъектілер механикалық бақылаулар жасап, саналы тәжірибені жылдам қадағалай алды. Вундттың теория бойынша дайындықтан өткен бақылаушылары процесті ойлау үшін кідіріп, ойланып қалмайтын. Олар бірден өздерінің саналы тәжірибесі туралы хабарлай алды. Сөйтіп, тікелей тәжірибені бақылау мен хабарлау әрекеті арасындағы қашықтық өте кішкентай болып есептеледі.

Вундттың пікірі бойынша, заттар өздерінің ішкі қобалжуын сипаттайтын сапалы интроспекцияны сирек қабылдайды. Оның іздеген интроспективті тәжірибе түрі әртүрлі физикалық стимулдардың көлемі, қарқыны мен ұзақтығына қатысты субъектілердің саналы ой-пікірімен байланысты. Оларды психофизикалық зерттеулерде жасалған сандық ой-пікірлерге жатқызуға болады. Вундттың зертханалық зерттеулерінде стимулдың жағымды болуы, бейненің қарқыны немесе түйсіну сапасы сияқты субъективтік немесе сапалы жаратылысы туралы хабарламалар қолданылды. Оның көп зерттеулері күрделі зертханалық жабдықтан алынған объективтік өлшемдерді қамтыды. Осы өлшемдердің көпшілігінде сандық түрде тіркелген реакция уақыты көрсетілді.

Вундттың сапалы және сандық деректерді қолдануын зерттеген бір ғалым 1883–1903 жылдары жарық көрген 20 томдық «Философиялық зерттеулер» (*Philosophische Studien*) еңбегінде жарияланған 180 эксперименттік зерттеудің төртеуі

ғана сапалы интроспективті дерек қолданылғанын хабарлады (Danziger, 1980, р. 248). Вундт жеткілікті мөлшерде объективтік деректер жиналған кезде ғана саналы тәжірибе элементтері туралы қорытынды жасады.

Сана тәжірибесінің элементтері

Жаңа психологияның пәні мен әдістемесін анықтаған Вундт оның мақсат-міндеттерін айқындады. Ол:

- *сананың негізгі элементтерін зерттеу арқылы сана процестерін талдағысы;*
- *осы элементтердің қалай синтезделетінін немесе бірігетінін анықтағысы;*
- *элементтердің ұйымдастырылуын жүзеге асыратын байланыс заңдылықтарын айқындағысы келді.*

Түйсіктер. Вундттың пікірі бойынша, түйсіктер – тәжірибенің екі қарапайым формасының бірі. Сезім мүшелеріне қандай да бір тітіркендіргіш әсер етіп, пайда болған импульстер миға жеткен сайын түйсіктер туындайды. Вундт түйсіктерді қарқыны, ұзақтығы және модальдық сапасы бойынша ажыратты.

Вундт түйсіктер мен пайда болатын ойдағы бейнелер арасын ажыратып қарамады. Себебі бейнелер бас ми қабығының қозуымен де байланысты болды.

Сезімдер – бастапқы тәжірибенің тағы бір формасы. Түйсіктер мен сезімдер бірдей тікелей тәжірибе барысында бір мезгілде туындайды. Сезімдер – түйсіктердің субъективтік қосымшасы. Бірақ ол сезім мүшесінен тікелей пайда болмайды. Сезімдер түйсіктерден кейін жүреді. Түйсіктер күрделі күйді қалыптастыру үшін біріккен кезде сезім қасиеті туындайды.

Вундт өз-өзіне талдау жасау барысында үш өлшемді сезімдер теориясын жетілдірді. Ол метрономмен (қысқа уақыт аралығын соққымен білдіретін құрылғы) бірнеше эксперимент өткізгеннен кейін басқаларынан гөрі кейбір ырғақты композицияларды ұнататынын анықтады. Эксперименттің белгілі бір мезетінде ғалымның бойында субъективтік ләззаттану немесе жайсыздық сезімі пайда болды (мұндай субъективтік сезім соққымен қоса пайда болатын физикалық түйсіктермен бірге туындады). Содан кейін ол «кез келген сезім күйі әрдайым жағымды және жағымсыз күйлер арасындағы диапазонда орналасады» деген болжам айтты.

Эксперименттерді өткізу барысында Вундт тағы бір сезім түрін анықтады. Ол метрономның келесі соққысын күткенше, оның бойында аздап зер салу сезімі пайда болып, метрономның соққысы естілгеннен кейін босансу сезімі туындағанын аңғарды. Тұрақты жайлылық-жайсыздық процесінен бөлек, оның сезімдерінде тағы бір өлшем – зер салу мен босансу өлшемі бар екенін тұжырымдады. Сонымен бірге соққы ырғағы ұлғайған сайын, ол аздап қозғанын және ырғақ баяулаған сайын тыныштала бастағанын сезді.

Вундт метрономның ырғағын өзгерте отырып, өз-өзіне талдау жасап, тікелей сезінетін тәжірибені (сезімдер мен түйсіктерді) зерттеп, жайлылық – жайсыздық, зер салу – босансу, қозу – тынышталу сияқты үш бағыттағы сезім өлшемдерін түйіндеді. Кез келген сезім белгілі бір үш өлшемді кеңістіктің әлдебір диапазонында орналасады.

Вундттың пайымдауынша, эмоциялар элементарлы сезімдердің күрделі қосындысы болады және оларды үш өлшемді теория көмегімен өлшеуге болады. Сөйтіп, Вундт эмоцияларды ойлау элементтеріне келтіреді. Үш өлшемді сезімдер теориясының пайда болуы Лейпциг пен Еуропаның басқа ғылыми зертханаларында зерттеу жұмыстарының күшеюіне ықпал етті, бірақ уақыт сынынан өте алмады.

Саналы тәжірибе элементтерін ұйымдастыру

Вундт саналы тәжірибе элементтеріне назар аударғанына қарамастан, ол біздің шынайы әлемдегі объектілерге қарағанда түйсінудің тұтастығын аңғаратынымыз-

Үш өлшемді сезімдер

теориясы: Вундттың сезімдер теориясы үш өлшем (белгі): ләззаттану – жайсыздық, ынта қою (зер салу) – босансу, қозу – тынышталу негізінде жасалған.

Апперцепция: ойлау элементтерінің шығармашылық синтезі.

ды мойындады. Сіз далаға қараған кезде ағашты көресіз. Тәжірибелі бақылаушы адамдар өздерінің интроспекция нәтижесі деп Вундттың зертханасында есеп беретін жеке түйсінулерді немесе жарықтың, түстің, яки көлемнің саналы тәжірибесін көрмейді. Шынайы әлемде біздің визуалды тәжірибеміз ағашты қарапайым түйсіктер мен сезімдер ретінде емес, оны тұтастай бағалайды.

Сананың жеке құрамдас бөліктерінен тұтас тәжірибе қалай пайда болады? Осы құбылысты түсіндіру үшін Вундт **апперцепция** теориясын ұсынды. Ол базалық элементтерді тұтас бір дүниеге ұйымдастыру процесін шығармашылық синтез деп атады (басқаша айтқанда, психикалық құрамдас бөліктер қағидасы). Осы процестің нәтижесінде элементтер комбинациясынан жаңа қасиет пайда болады. Вундт былай деп жазды: «Әрбір күрделі психикалық құбылыстың сипаттамалары оның құрамдас бөліктерінің сипаттамасының қосындысынан тұрмайды» (1896, p. 375). Бәлкім, сіз тұтас нәрсе оның бөліктерінің қосындысынан тұрмайды дегенді естіген боларсыз. Гештальт-психологияның өкілдері ұсынған идея осы еді (12-тарауды қараңыз). Шығармашылық синтезге ұқсас ұғым химияда да қолданылады. Химиялық элементтердің бірігуі нәтижесінде күрделі құрылым немесе құрамдас бөліктер пайда болады. Олардың қасиеттері бастапқы элементтерде кездеспейді.

Сонымен, апперцепция – бұл белсенді процесс. Біздің санамыз әсер алатын түйсіктер мен сезімдерге сәйкес әрекет етіп қана қоймайды. Ол осы элементтерден тұтас дүние құрап шығады. Көптеген британдық ғалымдар мен эмпирикалық және ассоциативті психология өкілдеріне қарағанда, Вундт ассоциация байланысын пассив және таза механикалық процесс деп қарастырған жоқ.

Германиядағы Вундт психологиясының тағдыры

Қазіргі психологияда Вундт қызметінің нәтижесінде пайда болған маңызды ғылыми жетістіктерді бүкіл көпшілік мойындады. Алайда Вундттың психологиясы Германиядағы академиялық ғылымның жалпы бейнесін бірден өзгерте алмады. Вундттың көзі тірі кезінен бастап, 1941 жылға дейін (ол қайтыс болғаннан кейін 20 жыл өткен соң) Германия университеттеріндегі психология философияның бір тарауы күйінде жүрді. Өйткені көптеген психологтер мен философтар аталмыш екі ғылымды бір-бірінен ажыратуға қарсы болды. Алайда бұл мәселенің айтарлықтай контекстік һәм прагматикалық сипаты да болған еді. Яғни Германиядағы университеттерді қаржыландыруға жауап беретін үкімет шенеуніктері тәуелсіз ғылыми бөлімдер мен зертханалар ашу үшін жаңа ғылымның дамуына қосымша қаражат бөлуді қажет деп санаған жоқ.

1912 жылы Берлинде эксперименттік психологтер ұйымы жиналған кезде үкімет шенеуніктерінен ресми қаржылық қолдау көрсетуді талап етті. Берлин шаһарының мэрі барлық психологиялық зерттеулерден қандай да бір пайдалы нәтижелер көруді мақсат етті. Ол: «Психология қаржылық қолдауға ие болу үшін оның өкілдері қоғамға өздерінің келтіретін пайдасын дәлелдеуі қажет», – деп, мәселенің ашығын айтты (Ash, 1995, p. 45).

Вундт психологиясының сана элементтерін сипаттау мен ұйымдастыруға бағытталуы практикалық мәселелерді шешуге жарамсыз болып шықты. Вундт психологиясының АҚШ-та көпшілікке тарала қоймауының бір себебі де осы болуы керек. Вундттың психологиясы таза академиялық ғылым деп саналды. Вундт қолданбалы мәселелерге қызықпады. Біртіндеп Вундт психологиясы әлемнің ғылыми мектептерінде таныла бастады. Германияда ғана оны жеке ғылым етіп көрсету процесі өте баяу жүзеге асты.

1910 жылға қарай (Вундт қайтыс болардан 10 жыл бұрын) Германияда психология бойынша үш журнал, бірнеше оқулық басылып, зертханалар ашылды. Алайда ресми нұсқаулықтарда өздерін философ емес, психолог деп көрсеткен ғалымдардың саны төртеу-ақ еді. 1925 жылға қарай Германияда өздерін психолог санайтын 25 ғалым болса, 23 университеттің 14-де ғана дербес психология факультеті бар еді (Turner, 1982).

Дәл осы кезде АҚШ-та психолог-ғалымдар мен психология факультеттерінің саны артып, көп кітаптар жарық көрді. Психологияны практикалық максаттарда қолдану үшін арнайы әдістемелер жасалды. Кейін белгілі болғанындай, америкалық психологияның дамуында Вундт психологиясының үлесі зор еді.

Вундт психологиясын сынға алу

Вундттың ішкі қабылдау немесе интроспекция әдісі ең көп сынға алынған тақырып еді. Сыншылар: «Түрлі бақылаушылардың интроспекциясы әртүрлі нәтижелер берген кезде олардың қайсысы дұрыс екенін қалай анықтай аламыз?» – деген сауал қойды. Интроспекция әдісін қолданатын эксперименттер әрдайым бір нәтиже бермеді. Интроспективті бақылау өзін-өзі бақылау болып есептелгендіктен, ол жеке тәжірибе деп қана есептелді. Сөйтіп, бұл әдісті сынға алып, ескерту жасайтындар саны көбейді. Вундт өзінің қатесін мойындады. Ол бұл әдісті жетілдіру үшін бақылаушыларды көбірек дайындап, оларды тәжірибеге қатыстыру арқылы аталмыш әдісті жақсартуға болатынын айтты.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«Психология очерктері» (*Outline of Psychology*) еңбегінен (1896) алынған шығармашылық синтез қағидасы және психикалық тең әсер етуші күшке қатысты материалдардың түпнұсқа дереккөзі

Вильгельм Вундт

Психикалық тең әсер етуші күштер заңы кез келген психикалық құрылымның қасиеттерінен тұрады. Олар осы құрылымның құрамына кіретін элементтердің қасиеттері негізінде түсіндірілуі мүмкін. Бірақ олар элементтердің қасиеттерінің қарапайым қосындысы ретінде қарастырылмайды. Ол идеялық және эмоциялық қасиеттерді ескерген үндестік жеке реңктердің қарапайым қосындысынан маңызды. Кеңістік пен уақыт олардың реттілігін құрайтын элементтердің өзара әрекеттесуінен шығады. Осыған қарамастан, мұндай реттілікті осы элементтерге тең қасиеттер деп қарастыруға болмайды. Мұндай нативистік теорияларды (сананың туа бітуі мен оның тәжірибеден дара болуы туралы ілім) болжайтын адамдар шешімі табылмаған қарама-қайшылықтар шырмауында қалып отыр. Белгілі бір тәжірибенің ықпалы нәтижесінде кеңістік және уақыт түсініктерінің кейінгі құрылымдарына жол бере отырып, соңында олар жаңа қасиеттердің пайда болуына мүмкіндік берді.

Соңында, апперцепциялық функциялардың, қиял мен ақыл-ес қызметінің арқасында бұл заң нақты тұжырымдалуы мүмкін. Апперцепциялық синтезбен үйлескен психикалық элементтер оқшауланған мәнінен бөлек, жаңа мәнге ие болады. Сонымен бірге олар, өнер туындылары немесе логикалық ойлау реті сияқты, апперцепциялық синтездің күрделі өнімдерінде байқалады.

Сөйтіп, психикалық тең әсер етуші күштер заңы *шығармашылық синтез қағидасымен* түсіндіріледі. Жоғары рухани шығармашылық саласында бұрыннан мойындалған бұл қағида басқа психикалық процестер саласында кең қолданылған жоқ және бұл заңның психикалық себептілік заңдарымен араласуы салдарынан қате түсіндіріліп келді.

Рухани әлемдегі шығармашылық синтез қағидалары мен энергияны сақтау қағидасы сияқты, табиғи әлемнің жалпы заңдары арасында қарама-қайшылықтар тұжырымдамасы да осылай сабақтасты. Бастапқы кезден парасатты көзқарас пен қандай да бір салада бағалау мен өлшеудің бастапқы нүктелерінің айырмашылықтарына байланысты мұндай қарама-қайшылықтардың болуы мүмкін емес. Себебі жаратылыстану мен психология тәжірибенің түрлі саласын емес, әртүрлі пікірлер тұрғысынан бір тәжірибені зерттейді...

Объективтік масса, күш немесе энергия **физикалық өлшемдердің** зерттеу тақырыбына айналды. Объективтік тәжірибені бағалау үшін қосымша түсініктерді қолдану керек және тәжірибеден алынған жалпы заңдар қандай да бір жеке-дара тәжірибеге қарама-қайшы келмеуі тиіс. Субъективтік құндылықтар мен мақсаттар психикалық құрамдас бөліктер мен олардың тең әсер етуші күштерін салыстыратын психикалық зерттеулердің тақырыбы болады. Құрамдас бөліктердің мақсаттарымен салыстырған кезде бүтін нәрсенің субъективтік құндылығы маңыздырақ болуы мүмкін және масса, күш немесе энергияға еш өзгеріссіз өзіндік және мінсіз сипаты кездеседі. Сыртқы ерік-жігер әсері кезіндегі бұлшық еттің қимылдары, сезіммен қабылдау, ассоциациялар мен апперцепциялық функциялармен жалғасатын физикалық процестер энергияны сақтау қағидасына бағынады. Бұл жағдайда, осы энергияларды білдіретін психикалық құндылықтардың сандық шамасы өзгеріссіз қалуына қарамастан, психикалық құндылықтарда біршама айырмашылықтар болуы мүмкін.



Сонымен қатар Вундттың саяси мәселелер жөніндегі жеке пікірлері сынға ұшырады. Бір тарихшы бұл туралы былай деп жазды: «Вундт зерттеген психология құлдырап, оның еңбектері ағылшын тілді әлем ішінде ешкімге керек болмай қалды» (Blumenthal, 1985, p. 44). Ғалым «Вундттың Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы ашық ескертулері – оның психологиясының сынға ұшырауының басты себебі» деген болжам айтты. Вундт Англияны соғысты бастаған мемлекет деп айыптап, Германияның Бельгияға басып кіруін өзін-өзі қорғау әрекеті ретінде бағалады. Вундттың мұндай мәлімдемелері қате болды және америкалық психологтер Вундтқа қарсы шықты (see Benjamin, Durkin, Link, Vestal, & Acord, 1992; Mullberger, 2009; Sanna, 1993).

Оның саяси көзқарасы Вундттың Нобель сыйлығының иегері атануына кері әсерін тигізді. Ол 1907 және 1909 жылдары екі рет Нобель сыйлығына ұсынылып, 1915 жылы алты үміткердің қатарына енді. Вундт «әлемдегі ең танымал психолог болса да», ол Нобель сыйлығының иегері атана алмады (Benjamin, 2003, p. 735). Бірінші дүниежүзілік соғыстың екінші жылы өтіп жатқан кезеңде Германия үкіметінің саясатына қарсы көңіл күй басым еді.

Вундт жүйесіне қарсылық білдірушілер саны артты. Кейінгі жылдары Вундттың психологиялық мектебіне бәсекелес болатын психологиялық мектептер дүниеге келді. Атап айтқанда, Германияда – гештальт-психология, Австрияда психоанализ мектептері ашылса, АҚШ-та функционализм мен бихевиоризм ағымдары пайда болды.

Сонымен бірге Германияның экономикалық және саяси күштері Вундт жүйесінің жойылып кетуіне ықпал етті. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия экономикасының құлдырауы салдарынан жоғары оқу орындары қаржылық дағдарысқа тап болды. Лейпциг университеті өзінің кітапханасына Вундттың соңғы шыққан еңбектерінің көшірмелерін сатып ала алмады.

1943 жылы желтоқсанның 4-де психологтердің бірінші буынын оқытып, тәрбиелеген Вундттың зертханасы британдықтар мен америкалықтардың бомбалауы барысында талқандалды. Сөйтіп, психологияның табиғаты, мазмұны, формасы және Вундт психологиясының шаңырағы болған зертхана да жойылды.

Вундттың мұрасы

Вундт ғылымның жаңа саласын зерттеумен айналысты және осы мақсат үшін арнайы зертхана әзірледі. Ол өз журналында нәтижелерді жариялап, адам санасы табиғатының жүйелі теориясын қарастырды. Оның шәкірттері Вундт жетілдірген әдістерді өз эксперименттерінде қолданды. Ол психологияны жаңа ғылымның барлық белгілерімен қамтамасыз етті.

Вундттың психологиялық ағымын қабылдауға өз дәуірі де дайын еді. Бұл кезең әсіресе неміс университеттеріндегі физиологиялық ғылымдардың табиғи даму нәтижесінің бір көрінісі еді. Вундттың еңбегі осы ағымның шарықтау шегін көрсетіп, оның дамуына кері әсерін тигізген жоқ. Осылайша, Вундттың қажырлы еңбегі мен ерлігінің арқасында қазіргі психологияның негізі қаланды. Оның өз ісіне адалдығы мен күш-жігерін сарқа жұмыс істегені сондай – қазіргі кезең психологтері арасында да Вундттың орны ерекше екенін атап өтпей болмайды. Вундт қайтыс болғаннан кейін, америкалық психологияның 49 тарихшысы арасында өткізілген сауалнама нәтижесі бойынша Вундт психология тарихына үлес қосқан ірі ғалымдар қатарына кірді (Korn, Davis, & Davis, 1991).

Вундттан кейінгі психология тарихындағы ғалымдар Вундттың психология саласында жасаған шектеулеріне қарсы болды. Оның көзқарасы сынға алынса да, Вундттың психологиядағы мәртебесі арта түскені анық. Революциялардың қандай да қарсылық білдіретіндей мақсаты болуы тиіс. Вундттың еңбегі қазіргі эксперименттік психологияның сенімді әрі тамаша бастауын қамтамасыз етті.

Неміс психологиясындағы өзге ілгерілеушіліктер

Вундттың жаңа психологиядағы үстемдігі ұзаққа созылмады. Ғылымның түрлі салалары басқа неміс зертханаларында да дамып отырды. Вундт психологияның негізін салушысы болғанымен, өзге ғалымдар да осы саланың дамуына ықпал етті. Вундттың пікірімен келіспейтін зерттеушілер басқа идеялар ұсынды және олардың барлығы психологияның дамуына айтарлықтай үлес қосып бақты. Неміс ғалымдарының орасан еңбегінің нәтижесінде Германия психология ағымының орталығына айналды.

Англиядағы даму процесінің нәтижесінде психология саласында түрлі тақырыптар мен бағыттар пайда болды (6-тарауды қараңыз). Чарльз Дарвин эволюция теориясын ұсынса, Фрэнсис Гальтон тұлғалық айырмашылықтар психологиясын зерттеді. АҚШ-қа жеткен осы идеялар психологияның даму бағытына әсер етті.

Сонымен бірге Лейпцигте Вундттың қарамағында білім алған америкалық психологтер еліне оралып, Вундт психологиясының жаңа америкалық психологиясын қалыптастырды. Сөйтіп, Вундт психология негізін қалағаннан кейін, аз ғана уақыт өткен соң, оның жаңа ғылымы бірнеше бағыттарға бөлінді және оның жетістіктері көп жетістіктердің бірі болып қалды.



<https://en.wikipedia.org>

ГЕРМАН ЭББИНГАУЗ

Герман Эббингауз (1850–1909)

Вундттың «жоғары психикалық функцияларды экспериментпен зерттеу мүмкін емес» деген көзқарасы айтылғаннан кейін неміс психологі Герман Эббингауз осы мәселені қайта зерттеді. Ол – жад пен оқып-үйрену қабілетін эксперименттік әдіспен зерттеген алғашқы психолог. Ол Вундттың пікірін теріске шығарып, ассоциация мен оқытып-үйрету процестерін зерттеу тәсіліне өзгерістер енгізді.

Эббингауздың өмірі

Эббингауз 1850 жылы Германияның Бонн қаласына жақын жерде дүниеге келді. Ол Бонн, Галль және Берлин университеттерінде білім алды. Университеттегі оқу барысында оның қызығушылығы тарих пен әдебиеттен философияға ауысып, франк-пруссия соғысына қатысқаннан кейін, 1873 жылы философиядан ғылыми дәреже алды. Ол Англия мен Францияда 7 жыл бойы жеке зерттеумен айналысып, ғылымға қызығушылықпен қарай бастады.

Вундттың Лейпцигтегі зертханасының ашылуынан үш жыл бұрын Эббингауз Лондондағы кітап дүкенінен Фехнердің «Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) кітабының көшірмесін сатып алды. Осы еңбектің арқасында оның жаңа психологияға қатысты пікірі мен психологиядағы бағыты өзгерді.

Фехнердің психологиялық құбылыстарға қолданған математикалық әдістемесі Эббингауз үшін үлкен жаңалық болды. Ол да психологияда қатал жүйелі өлшемдер қолдануға талпынды. Оның мақсаты жоғары психикалық процестерге эксперименттік әдісті қолдану еді. Британдық ассоцианистердің кеңінен танымал идеяларына қызыққан Эббингауз адамның оқып-үйрену қабілетін зерттеуге шешім қабылдады.

Оқып-үйрену мәселесін зерттеу

Эббингаузға дейін эмпирикалық және ассоциативтік психологияның британдық ізбасарларының әйгілі еңбектерінде қалыптасқан ассоциацияларды зерттеу әдісін көпшілік мақұлдады. Зерттеушілер процесті кері бағытта зерттеп, қалыптасқан байланыстардың жаратылысын анықтауға тырысты.

Эббингауздың әдістемесі өзгеше болды. Ол мәселені ассоциациялардың қалыптасуы тұрғысынан қарастырды. Сөйтіп, ол идеялар тізбегі қалыптасатын ассоциациялардың пайда болу шарттарын көрді және оқып-үйрену процестерін объективті түрде зерттей алды.

Эббингауздың оқып-үйрену және ұмыту жөніндегі жұмысы эксперименттік психологиядағы керемет мысалдардың бірі деп бағаланды. Бұл Вундттың көп зерттеу тақырыптарымен салыстырғанда, физиологияның бір бөлігін құрамайтын, таза психологиялық мәселені қарастырған алғашқы батыл бастама еді. Сөйтіп, Эббингауздың революциялық зерттеулері эксперименттік психологияның саласын айтарлықтай кеңітті. Оқып-үйрену мен жад ешқашан эксперименттік жолмен зерттелмегенін еске сала кетейік. Шынында, әйгілі Вильгельм Вундт мұндай эксперименттер мүмкін емес деген еді.

Өзінің ғылыми дәрежесі, жұмысты жүргізу үшін қажетті университет, құрал-жабдықтары, ұстазы, студенттері мен зертханасы болмаса да, Эббингауз осы эксперименттерді өткізуге ниеттенді. Бес жыл бойы ол жалғыз өзі қатаң әрі толық бақылау орнату арқылы бірнеше зерттеу жұмысын жүргізді. Экспериментке қатысушы міндетін де жалғыз өзі атқарды.

Эббингауз ассоциациялардың туындау жиілігі мен есте сақтау сапасы арасындағы байланысты орнататын әдісті – оқып-үйрену процесінің басты өлшемі деп есептеді. Ол бұл әдісті ассоциативтік психологиядан қабылдады. Эббингауз «жаттауға арналған материалдың қиындығын түсіну үшін осы материалды толық жеткізуге қажетті қайталау санын бағалауға болады» деді. Ол түйсінулерде білінер-білінбес айырмашылықты анықтауға қажетті тітіркендіргіштің қарқынын өлшеу арқылы түйсіктерді жанама түрде өлшеді. Эббингауз осыған ұқсас әдістемені жадты өлшеу үшін де қолданды. Ол материалды жаттауға қажет мүмкіндіктер санын есептеді.

Эббингауз есте сақтауға арналған материал ретінде үш әріптен тұратын буындардың тізімін пайдаланды. Ол эксперимент нәтижесінің дұрыс болуы үшін тізімдегі буындарды қажетті жиілікте қайталады. Сөйтіп, ол қайталау кезінде пайда болатын қателерден құтылып, есте сақтау процесінің орташа бағалау мәнін тапты. Эббингауз өз эксперименттеріне белгілі бір әдіс қолданды: ол қажетті материалды күн сайын белгілі бір уақытта жаттап отырды.

Сөздегі мағынасыз буындарды зерттеу

Эббингауз зерттеу пәнін қарастыру үшін жаттауға арналған материал ретінде оқып-үйрену процесін түрлендірген мағынасыз буындарды қолданды. Вундттың шәкірті Э.Б. Титченер (5-тарауды қараңыз) мағынасыз буындарды пайдалану Аристотель дәуірінен кейін аталмыш салада жасалған алғашқы маңызды қадам екенін атап өтті.

Эббингауз өлеңдерді немесе оқиғаларды жаттауға арналған материалды қолданған кезде күнделікті кейбір сөздердің орнына баламалар іздестірді. Мағынасыз буындардың тілін түсінген адам оларды белгілі бір ассоциациямен түсінді. Бұл ассоциациялар жаттау процесін жеңілдетті. Эксперимент кезінде сыналушы олармен таныс болғандықтан, зерттеуші экспериментке қатысушыларды дұрыс бақылай алмады.

Эббингауз өз тәжірибелерінде сыналушыға мүлдем бейтаныс және ешқандай ассоциациялар туындатпайтын біртекті материал қолданғысы келді. Әдетте екі дауыссыз және бір дауысты дыбыстан тұратын мағынасыз буындар (мысалы, *lef*, *bok* немесе *yat*) осы талаптарға жауап берді. Ол карточкаларға үш әріптен үйлесетін буындарды жазып, 2300 буындық қор әзірледі. Осы буындардың ішінен жаттауға шамалап бір буындарды іріктеп алды. Бұл соңғы жылдар бойы ойлап жүрген мәселе болатын.

Мағынасыз буындар: жад процестерін зерттеу эксперименттерінде жаттау кезінде қолданылатын мағынасыз буындар қатары.

Кейінгі тарихи деректер бойынша, жүз жыл өткен соң, 1980 жылдары Эббингауздың мақалаларындағы барлық сілтемелерді және эксперименттері кезінде жасалған жазбаларын зерттеген, сондай-ақ оның жұмыстарының ағылшын тіліндегі аудармаларын неміс тіліндегі түпнұсқа мәтіндерімен салыстырған неміс психологінің деректері мағынасыз буындардың мәндерін жаңадан түсіндірді (Gundlach, 1986). Бұл буындарды толығымен сандырақ деп санауға болмайды.

Олардың арасында үш әріптен басқа, төрт, бес және алты әріптен тұратын буындар да кездеседі. Эббингауздың «буындардың мағынасыз қатары» деп айтқысы келген сөздерді ағылшын тілінде «мағынасыз буындар қатары» деп қате аударған. Эббингауздың пікірі бойынша, жеке буындардың мән-мағынасы емес, жалпы буындар тізімінің мағынасы болмауы тиіс.

Эббингауздың шығармаларды қайта түсіндіруі оның ағылшын, француз, неміс, латын және грек тілдерін жақсы меңгергенін көрсетті. Сондықтан оған ешқандай мағына бермейтін буындар ойлап табу қиынға соқты. Зерттеуші: «Шын мәнінде Эббингаузға мүлдем мағынасыз дыбысталатын әріптердің үйлесімдерін табу қиын. Оның кейбір ізбасарлары мағынасыз, ассоциация тудырмайтын буындар ойлап табуға тырысты». – деп тұжырымдады (Gundlach, 1986, pp. 469–470).

Эббингауз түрлі жағдайларда оқып-үйрену және жаттау ерекшеліктерін анықтау үшін мағынасыз буындарды қолданып, бірнеше эксперимент өткізді. Ол осы эксперименттердің бірінде буындардың мағынасыз тізімін жаттау жылдамдығы мен мағыналы материалды жаттау жылдамдығы арасындағы айырмашылықты зерттеді. Бұл үшін Байронның «Дон Жуан» поэмасынан үзінді жаттады. Шығармадағы әр шумақ 80 буыннан тұрды және, Эббингауздың пікірі бойынша, бір шумақты жаттау үшін шамамен 9 рет оқып шығу керек еді. Ол 80 буынды жаттаған кезде кемінде 80 рет қайталап шықты. Эббингауз «мән-мағынасы жоқ материалды жаттау мағыналы материалды жаттағаннан гөрі тоғыз есе қиын» деген тұжырым жасады.

Сонымен қатар Эббингауз материалдың көлеміне байланысты оны жаттау үшін ұсынған мінсіз жаңғыртуға қажетті қайталап жаттау санына қатысты тәуелді байланысты зерттеді. Материал көлемі көп болған сайын, оны қайталап жаттау мөлшері мен қайталауға жұмсалатын уақыт көбірек қажет. Бір буынды жаттауға жұмсалатын орташа уақыт буындар саны артқан кезде көбейе түседі. Мұндай тұжырымды болжау оңай. Неғұрлым көп материал жаттау қажет деп санасаңыз, соғұрлым көп уақыт қажет болады. Эббингауздың жұмысы ұқыптылығымен, эксперимент талаптарын қатаң сақтауымен, деректерді математикалық жолмен талдауымен бағаланды. Эббингауздың буындар тізімінің артуымен бірге, әр буынды жаттау уақыты мен барлық буындарды жалпы жаттау уақыты артады.


Эббингауз жад пен оқып-үйренуге әсер ете алатын басқа да факторларды зерттеді. Олардың ішінде артығымен қайталап жаттау, буындар тізімінің ішіндегі ассоциациялар, жатталған материалды қайталау, жаттау мен еске түсіру арасындағы уақыт сияқты факторлар бар. Жад процесіне уақыт факторының әсерін зерттеу негізінде Эббингауз ұмыту қисығын («Эббингауз қисығы») құрастырды. Бұл қисық бойынша материал жатталғаннан кейін – алғашқы бірнеше сағатта тезірек ұмытылады. Содан кейін ұмыту жылдамдығы ақырын азаяды (4.1-сурет).

Ол «Жад туралы: эксперименттік психологияға үлесі» (*On Memory: A Contribution to Experimental Psychology*) (1885) еңбегінде өзінің тәжірибелерін сипаттады. Психология тарихында Эббингауз сияқты өзінің өмірін экспериментке арнаған басқа тұлға болмаған. Оның тәжірибелерінің нәтижелері нақты шықты, жасалу процесі ұқыпты әрі белгілі бір әдіспен жүзеге асты. Сондықтан 100 жылдан астам уақыт бойы психологияның барлық оқулықтарында осы тәжірибелерге сілтеме жасалады.

Осыған қарамастан, қазіргі кезеңдегі бір психологтің айтуы бойынша, «бүгінгі күні бірде-бір рецензияланатын журнал Эббингауздың монографиясын жария-

ламайтын еді. Себебі барлық жоба бір қатысушыға (Эббингаузға) ғана және бір экспериментшіге (Эббингаузға) ғана негізделген» (Erdelyi, 2010, p. 623).

4.1-СУРЕТ. ЭББИНГАЗДЫҢ МАҒЫНАСЫЗ БУЫНДАРҒА АРНАЛҒАН ҰМЫТУ ҚИСЫҒЫ



Психологияға қосқан басқа үлесі

Эббингауз 1890 жылы физик Артур Кенигпен бірге «Сезім мүшелерінің психологиясы мен физиологиясы» (*Journal of Psychology and Physiology of the Sense Organs*) журналын шығарды. Сол кездегі Германияға мұндай журнал қажет еді. Себебі Лейпциг зертханасының зерттеулерін жариялап тұратын бірден-бір басылым – Вундттың журналы сол кездегі барлық жаңалықтарды бірдей қамти алмады. Вундттың журналынан кейін тоғыз жыл өткен соң пайда болған жаңа басылымдарға деген қажеттілік психологияның көлемі мен саналуандығы бойынша қарқынды түрде өскенін көрсетеді.

1902 жылы Эббингауздың Фехнерге арнаған «Психология қағидалары» (*The Principles of Psychology*) еңбегі жарыққа шықты. 1908 жылы оның көпшілікке арналған «Психология очерктері» (*A Summary of Psychology*) туындысы жарық көрді. Кейін бұл қос еңбек бірнеше рет қайта басып шығарылды. Эббингауз 1909 жылы өкпе қабынуынан қайтыс болғаннан кейін кітаптарын өзге мамандар өңдеп отырды.

Эббингауз психологияға ешқандай теориялық үлес қоспады, ресми жүйе де құрмады, шәкірт те тәрбиелемеді. Ол өзінің психологиялық мектебінің де негізін қаламады. Ол тек жадты эксперименттік зерттеу арқылы түсіндірді.

Ғалым еңбегінің құндылығын бағалаудың жалғыз өлшемі – оның ғылыми көзқарастары мен тұжырымдары уақыт сынынан сүрінбей өту-өтпеуіне байланысты. Бұл тұрғыдан алатын болсақ, Эббингауздың ғылымға қосқан үлесі айрықша бағаланады. Оның зерттеулері қазіргі психологияның негізгі тақырыптарының бірі – жоғары психикалық процестерді зерттеу кезінде сандық және эксперименттік әдістері объективті жолмен қолданылды. Эббингауздың арқасында ассоциациялардың қасиеттері шынайы ғылыми-зерттеуге айналды. Жүз жылдан астам уақыт өтсе де, оның оқып-үйрену және жад жаратылысы туралы қорытындылары әлі де өз маңызын жоғалтпады.



<https://en.wikipedia.org>

ФРАНЦ БРЕНТАНО

Франц Brentано (1838–1917)

Франц Brentано 16 жасында дін қызметкерлерін дайындайтын оқуға түсті. Берлин, Мюнхен және Тюбинген университеттерінде білім алып, 1864 жылы философия маманы болып шықты. Сол жылы оған діни атак беріліп, кейін Вюрцбург университетінде философиядан сабақ бере бастады. Ол Аристотельдің ғылыми ізденістеріне қызықты. 1870 жылы Римдегі Ватикан соборы Рим папасының «мінсіз тұлға» доктринасын қабылдаған болатын. Brentано осы доктринаға түбегейлі қарсы шықты әрі діни атағы мен діни лауазымына байланысты берілген профессорлық қызметінен бас тартты.

Вундттың «Физиологиялық психология қағидаларының» (*Principles of Physiological Psychology*) екінші томы шыққаннан кейін, 1874 жылы Brentаноның «Эмпирикалық тұрғыдағы психология» (*Psychology from an Empirical Standpoint*) еңбегі жарияланды. Brentаноның еңбегі Вундттың көзқарастарына қарсы келді және психологияда басқаша ойлау көрінісі байқалды. Сол жылы Brentано Вена университетінің профессоры қызметіне тағайындалады. Бірақ алты жыл өткен соң, үйленуіне байланысты жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Себебі Австрияда бұрын діни қызметкер болған адамның үйленуіне тыйым салынған еді.

Жұмыссыз жүрсе де, университеттен іргесін аулақ салмаған Brentано студенттерге ақысыз дәріс оқыды. Оның ықпалы күн өткен сайын күшейіп, өте танымал ұстазға айналды. Оның шәкірттерінің ішінде кейін психология саласында айтарлықтай із қалдырғандары да аз емес. Соның бірі – Христиан фон Эренфельс болса, екіншісі Зигмунд Фрейд еді. Brentанодан білім алған Фрейд оны «данышпан» һәм «өте ақылды жігіт» деп атады (Gay, 1988, p. 29). 1894 жылы Brentано оқытушылықтан кетіп, өзінің жеке зерттеу жұмыстарын Швейцария мен Италияда жалғастырды.

Brentано да, Вундт сияқты, психологияны жеке ғылым ретінде қарастырғысы келді. Алайда Вундттың психологиясы – таза эксперименттік психология болса, Brentаноның негізгі ғылыми әдісі – бақылау еді. Бірақ ол эксперименттерді өткізу қажеттілігін жоққа шығармады. Brentаноның пікірі бойынша, психологияда толыққанды эмпирикалық әдістеме кеңінен қолданылады, себебі ол эксперименттік және бақылау мен жеке тәжірибеден алынған деректерді пайдаланады.

Ойлау процесін зерттеу

Brentано Вундттың «психология сананың құрамын зерттеуі тиіс» деген идеясын қолдамады. Ол психикалық белсенділікті – психологияның негізгі зерттеу тақырыбы деп санады, яғни көру әрекетінің өзін қарастырды. Сөйтіп, Brentаноның әрекет психологиясы Вундттың «психология психикалық процестердің элементтерімен айналысуы керек» деген пікіріне қарсы болды.

Brentано «тәжірибені құрылым ретінде және тәжірибені қызмет ретінде ажыратып қарау керек» деген пікірді ұстанды. Мысалы, тітіркендіргіш ретінде қызыл түстің сенсорлық құрамы оны қабылдау әрекетінен ажыратады. Оның тұжырымы бойынша, алаңдау әрекеті психологияның негізгі тақырыбына жатады. Түс – психикалық емес, физикалық қасиет болып есептеледі. Ал түсті көру әрекеті – бұл психикалық процесс. Әлбетте, кез келген әрекет объектінің бар-жоқтығын тексереді. Сенсорлық құрамның қандай да бір үлесі әрдайым болады. Әлбетте, кейбір сенсорлық мазмұн көрсетілуі тиіс. Себебі, егер көретін ештеңе болмаса, көру әрекетін жүзеге асыру мүмкін емес.

Психологияны зерттеудің жаңа тұжырымдамасы басқа ғылыми әдісті ойлап табуы қажет етті. Өйткені қабылдау актілері Вундт пен Лейпцигтегі зертханада оның студенттері тәжірибеден өткізген интроспекция немесе ішкі түйсіну әдісі арқылы талданбайды. Психикалық әрекеттерді зерттеу жан-жақты бақылауды қажетсінді. Brentаноның әрекет психологиясы эксперименттік әдіске қарағанда,

Әрекет психологиясы: ақыл-ой мазмұнына қарағанда ақыл-ой қызмет-қарекетіне бағытталған Brentаноның психология жүйесі.

эмпирикалық әдіске қатысты еді. Оның әдістемесі эксперименттік болмаса да жүйелі бақылауға сүйенгенін еске саламыз.

Брентано психикалық әрекеттерді екі тәсілмен:

1. жад арқылы (белгілі бір психикалық күймен байланысты психикалық процесті еске түсіреді);
2. елестету (қиялдау) (психикалық күйді елестетіп, ілеспе психикалық процестерді бақылайды) арқылы зерттеуге болатынын дәлелдеді.

Брентаноның ізбасарлары көп еді. Алайда психологияда Вундт жүйесі көпшілік арасында беделді болатын. Себебі оның еңбектері көп мөлшерде жарық көрді және таратылды. Сонымен бірге Вундттың психофизика әдістері арқылы түйсіну немесе сананың құрамын зерттеу мәселесі Брентаноның өзі сезіне алмайтын процестерді зерттеу мәселесін түсінуден әлдеқайда жеңіл еді.



КАРЛ ШТУМПФ

<https://en.wikipedia.org>

Карл Штумпф (1848–1936)

Баварияда дәрігерлер отбасында дүниеге келген Карл Штумпф бала кезінен ғылымға қызығып, музыканы өте жақсы көрді. Ол 7 жасынан бастап скрипкада ойнауды үйренді, бірнеше жылдан кейін бес аспапты меңгерді. 10 жасында өзінің музыкалық шығармашылығымен айналысты. Вюрцбург университетіне оқуға түскен Штумпф Брентаноның шығармашылығына қызығып, философия және жаратылыстану ғылымдарымен шұғылданды. Ұстазы Брентаноның кеңесі бойынша Геттинген университетіне ауысып, 1868 жылы доктор дәрежесін алды.

1894 жылы Штумпф Берлин университетінің профессоры атағын иеленді. Алғашқы жылдары үш бөлмелі үйде ашылған зертхана кейінірек ірі ғылыми институтқа айналды. Бұл зертханадағы зерттеу бағдарламалары ауқымы жағынан Лейпциг зертханасындағы бағдарламалармен салыстыруға келмесе де, Штумпф Вундттың басты қарсыласы еді. Штумпфтың қарамағында гештальт-психологияның (12-тарауды қараңыз) негізін қалаған екі тұлға оқыды. Ал оның психологиялық мектебі Вундттың көзқарасына қарсы шықты.

Штумпфтың психология жөніндегі алғашқы шығармалары кеңістікті қабылдауға қатысты еді. Бірақ оның ең маңызды еңбегі «Дыбыстар психологиясы» (*Psychology of Tone*) музыкамен байланысты еңбек болатын. 1883 және 1890 жылдары осы кітаптың екі томы жарық көрді. Штумпф музыкаға арналған туындыларының арқасында, Гельмгольд сияқты, акустика мәселесін зерттеді. Оның шығармалары музыканың психологиялық аспектілерін зерттеудің алғашқы талпынысы еді.

Феноменология

Вундтқа қарағанда Штумпфтың неліктен икемді әдістеме қабылдағанын Брентаноның ықпалы түсіндіре алады. Штумпф «феномендер психологияның дереккөзі болады» деген еді. Белгілі бір тұрғыдан интроспекцияға ұқсайтын феноменология объективті тәжірибені, яғни тәжірибенің алғашқы деректерін сипаттайды. Штумпф Вундттың тәжірибелерді элементтерге бөлу тұжырымымен келіспеді. Оның пікірі бойынша, мұндай әдіс тәжірибені жасанды әрі абстрактылы күйге келтіреді. Сондықтан тәжірибе табиғи жаратылысынан айырылады. Кейін Штумпфтың шәкірті Эдмунд Гуссерль феноменология философиясын ұсынды (12-тарау).

Штумпф пен Вундт музыканы қабылдау интроспекциясы жөнінде қызу пікірталас жүргізді. Штумпф теориялық дауды көтерді, ал Вундт оның жеке басына тиісе бастады (Stumpf, 1930/1961, p. 441). Сонда көкейде «музыкалық дыбыстарды зерттеу барысында Вундт сияқты кәсіби психологке сүйенген дұрыс па, әлде Штумпф сияқты музыка сарапшыларының бақылау нәтижелеріне сенеміз бе» де-

Феноменология: тәжірибенің қалай болғанын зерттеген және оның элементарлы компоненттерін азайтуға ықпал етпеген Штумпфтың интроспективті әдісі. Білімге деген әдістеме тікелей тәжірибенің пайда болуымен бірге, әділетті сипаттауға негізделген, талданбайды және элементтерге бөлінбейді.

ген сұрақ туындады. Штумпф Вундттың Лейпциг зертханасында алған нәтижелерін қабылдаудан бас тартты.

Музыка және акустика саласындағы ізденістерін жалғастыра отырып, Штумпф музыкалық жазбалар архивін жасады. Сонымен бірге ол Берлинде Бала психологиясы қауымдастығының негізін қалады. Тағы бір еңбегінде сезімдерді түйсіктермен ұштастырды. Оның бұл идеясы қазіргі психологиядағы когнитивті теориялармен үндес. Штумпф Вундттан бөлек жұмыс істеп, неміс психологтері арасында жаңа психологияның көкжиегін кеңейтті.



ОСВАЛЬД КЮЛЬПЕ

<https://en.wikipedia.org>

Освальд Кюльпе (1862–1915)

Бастапқы кезде Освальд Кюльпе Вундттың ізбасары болды. Бірақ кейінірек Вундт ұсынған кейбір шектеулерге қарсы шықты. Кюльпенің ғылыми қызметі Вундт психологиясы бас тартқан мәселелерді зерттеуге арналды.

Кюльпе 1881 жылы Лейпциг университетіне оқуға түсті. Ол тарихты зерттегісі келді. Алайда Вундт идеяларының ықпалымен философия мен эксперименттік психологияны зерттеумен айналысты. Ғылыми дәрежеге қол жеткізгеннен кейін Кюльпе университетте Вундттың көмекшісі қызметін атқарды. Студенттер Кюльпені «жанашыр жан» деп атайтын, себебі ол студенттерге олардың мәселелерін шешуге көмектесетін (Kiesow, 1930/1961, p. 167).

Ол 1893 жылы шыққан «Психология очерктері» (*Outline of Psychology*) еңбегін Вундтқа арнады. Аталмыш еңбекте Кюльпе психологияны жеке тұлғаның тәжірибе деректерін зерттейтін ғылым деп көрсетті.

Кюльпе 1894 жылы Вюрцбург қаласы университетінің профессоры атанады. Ал екі жыл өткен соң Вундттың зертханасына бәсекелес болатын зертхана ашады. Вюрцбург университетінің студенттері арасында америкалықтар да болды. Солардың бірі – Джеймс Роулэнд Энджелл кейін функционализм бағытының дамуына үлес қосқан тұлғаға айналды (7-тарауды қараңыз). Кюльпе өмір бойы шәкірттері мен зерттеу ісіне адал болып қалды. Үйленбей өткен оның «менің сүйікті әйелім – ғылым» деген сөзі де бар (quoted in Ogden, 1951, p. 4).

Кюльпе мен Вундт көзқарастарындағы қайшылықтар

«Психология очерктері» кітабында Кюльпе күрделі психикалық функцияларды қарастырған жоқ. Бірақ бірнеше жыл өткен соң, ол «ойлау процестерін эксперимент арқылы зерттеуге болады» деген ойға келді. Эббингауз жоғары психикалық процестердің бірін – жадты зерттеу үшін эксперименттік әдісті қолданады. Егер жадты зертхана жағдайларында зерттей алатын болсақ, неліктен ойлау процесіне де эксперимент өткізбеске? Кюльпе осы сұрақтың жауабын іздестіру барысында бұрынғы ұстазы Вундтқа қарсы көзқараста болды. Себебі Вундт «эксперименттік әдіс күрделі психикалық процестерге қолданылмайды» деген болатын.

Жүйелі эксперименттік интроспекция

Вюрцбург психологиясының Вундт зертханасындағы ізденістерден айырмашылығы – интроспекция құбылысына қатысты болуы. Кюльпе жүйелі эксперименттік интроспекция әдісін ұсынды. Бұл әдіс бойынша экспериментке қатысушыға қандай да бір күрделі тапсырма (түсініктер арасында логикалық байланыстар орнату сияқты тапсырма) беріледі. Тапсырманы орындағаннан кейін жасаған әрекеттерін ретроспективті түрде сипаттауы тиіс еді. Басқаша айтқанда, сынаққа қатысушылар оларда процесс қалай өткенін, мысалы, пайымдауды қалыптастыру процесі қалай өткенін айтып беруі керек. Вундт зертханасында мұндай ретроспективті бақылау жасалмады. Вундт саналы тәжірибені зерттеуге тырысты. Ол бастан өткізген тәжірибені жад бойынша зерттеуден бас тартты. Вундт Кюльпенің интроспекциясын «интроспекцияға еліктеу» деп атады.

Жүйелі эксперименттік интроспекция: Кюльпенің интроспективті әдісі; субъектілер эксперимент тапсырмасын бітіргеннен кейін когнитивті процестердің ретроспективті есептерін қолданады.

Кюльпенің интроспективті әдісі жүйелі болды. Себебі бастан өткізген тәжірибенің сипаты белгілі бір уақыт аралықтарына бөлінді. Бақылаулардың нәтижелерін түзету, тексеру және бекіту үшін осыған ұқсас тапсырмалар бірнеше рет орындалды. Бақылаулар кезінде сыналушыға қосымша сұрақтар қойылып, бақылаушыны қызықтыратын ойлау процесіне олардың назарын бағыттай алды.

Кюльпе мен Вундттың интроспективті әдістері арасында басқа да айырмашылықтар кездесті. Вундт сынаққа қатысушылардың алған әсерін толық сипаттауын қолдамады. Көп жағдайда оның зерттеулері, психофизикалық эксперименттерде жүктердің салмағы туралы реакцияның немесе тұжырымның пайда болу мезеттері сияқты, объективті, сандық өлшемдерге сүйенді. Кюльпенің жүйелі эксперименттік интроспекциясында, керісінше, сынаққа қатысушылардың ойлау процестерінің сипаты туралы субъективті, сапалы және тиянақты сипаттамаларына назар аударылды.

Кюльпе мен Вундттың интроспективті әдістемелері арасында басқа да айырмашылықтар болды. Вундт субъектілерінің өзінің субъективті саналы әсерлерін егжей-тегжейлі сипаттауына қарсы болатын. Оның зерттеулерінің көп бөлігі объективті, сандық өлшемдерге, психофизикалық зерттеулердегі реакция уақытына немесе салмақ туралы пайымдауларға арналды. Керісінше, Кюльпенің жүйелі эксперименттік интроспекциясы субъектілердің ойлау процестерінің табиғаты туралы толық субъективті, сапалы хабарламаларын атап өтті. Кюльпенің субъектілері ауыр салмақ сияқты стимулдардың қарқынына баға беруден гөрі, ауқымды іс-әрекеттерді жүзеге асырды. Олардың эксперименттік тапсырмаға әсер етуі кезінде олардан күрделі ақыл-ой операцияларын сипаттауды өтінді.

Кюльпенің жүйелі эксперименттік интроспекциясында экспериментші зерттеу барысында белсенді рөлге ие болады. Вундттың зертханасында экспериментшінің қатысуы стимул материалын ұсынумен және субъект бақылауының нәтижелерін белгілеумен шектелді. Сондықтан Вундттың экспериментшілері нақты бақылауларға қатыса алмады. Алайда Кюльпенің әдістемесінде экспериментшілер бақылаушылардың эксперименттік стимулдарға реакцияларын анықтау үшін оларға тікелей сұрақтар қойды.

Мұндай сауалнама бақылаушылардың өздері сезінген күрделі психикалық оқиғаларды егжей-тегжейлі әрі нақты сипаттауын талап етті. Кюльпе олардан реакция уақытынан, ауыр салмақтың жеңіл салмақпен салыстырғандағы пайымдауларынан немесе басқа да сандық өлшемдерден бөлек қосымша ақпарат қажет етті. Бір тарихшы «Кюльпе осы, шынында, Вундттың интроспекция ұғымына шектеу жасап тастамады ма?» деген болжам да айтты (Danziger, 1980).

Сөйтіп, Кюльпенің әдістемесі саналы тәжірибе кезінде субъектінің санасында болып жатқанды тікелей зерттеуге бағытталды. Оның мәлімденген мақсаттары жоғары ақыл-ой процестерін қамтып, интроспективті әдісін жетілдіру үшін Вундттың психология пәні туралы тұжырымдаманы кеңейтуден тұрады.

Қалыпсыз ой

Кюльпенің психология тақырыбы мен әдісін жетілдіру қызметінің нәтижелері қандай? Вундт жүйесінде саналы тәжірибені құрамдас бөліктерге, түйсіктерге және бейнелерге бөлуге болады. Кюльпенің Вюрцбург мектебінің психологтері алған ойлау процестерінің интроспекция нәтижелері басқа көзқарасты ұстанды. Оның негізінде ойлау процесі сенсорлық жолмен немесе бейнені елестетусіз жүзеге асады. Осы қорытындылардың негізінде қалыпсыз ой теориясы қалыптасты. Аталмыш теорияда түйсіктер мен бейнелер ойлау процесі кезінде қосалқы рөлді атқарады. Сөйтіп, Кюльпенің зерттеулері сананың бейсенсорлық формасының бар-жоқтығын анықтайды.

Кюльпенің еңбегі бір мезгілде бірнеше жерде бірдей жаңалық ашу мысалын келтіреді. Кюльпенің қалыпсыз ой жаңалығына ұқсас жаңалықты тура сол кезде

Қалыпсыз ой: ой сенсорлық жолмен немесе қиял компонентінсіз жүзеге асатын Кюльпенің идеясы.

америкалық психолог Роберт Вудвортс (7-тарау) пен француз психологі Альфред Бине (8-тарау) ашты.

Вюрцбург зертханасындағы ғылыми ізденістер

Кюльпе мен оның студенттері әртүрлі дүниелерді зерттеп отырды. Сондай маңызды зерттеулердің бірі – Карл Марбенің салмақтың салыстырмалы өлшеуін зерттеген еңбегі еді. Марбенің пікірі бойынша, түйсіктер мен ұғымдар эксперимент тапсырмасын орындау кезінде болса да, олар шешім қабылдау процесіне әсер етпейді. Сынаққа қатысушылар қай салмақ жеңіл, қай салмақ ауыр екендігі туралы түсініктің адам миында қалай қалыптасатынын түсінген жоқ. Сынаққа қатысушылар «бірінші салмақтың ойлау бейнесін жадында ұстап тұрып, екінші салмақтан алған сенсорлық әсермен салыстырып, пайымдау жасайды» деген пікірге қарсы болды.

Генри Уайттың зерттеулері бойынша, вербальды-ассоциативтік эксперименттерді өткізген кезде сынаққа қатысушылардың санасында түсініктер қалай қалыптасатыны туралы нақты деректер алу мүмкін емес. Бұл Кюльпенің «саналы тәжірибе түйсіну мен бейнелерге ғана қатысты емес» деген гипотезасын растады. Уайттың эксперименттерінде сынаққа қатысушылар жауаптың логикалық құрылымын жасамай-ақ, дұрыс жауап берді. Уайт «сананың жұмысы эксперимент аяқталғанға дейін, яғни экспериментті орындау ережелерін игере бастағанда жүзеге асады» деген тұжырым жасады.

Сынаққа қатысушылар бейсанаға қандай да бір бағыт беріп, ең тиімді жауап алды. Тапсырмаларды орындау ережелері игеріліп, негізгі бағыт анықталғанда шынайы тапсырма сананың қандай да бір әрекетінсіз орындалады. Бұл зерттеулер сананың жасырын жағы оның қызметін әлдеқалай бақылайтынын растады. Бейсана адамның мінез-құлқына айтарлықтай әсер етуі тәжірибенің сана элементтері мен бейсана жұмысындағы үрдістерге байланысты екенін дәлелдеді. Бұл идея Зигмунд Фрейдтің психоанализ теориясының негізін салды.

Түсініктеме

Біз психологияның ресми негізі қалануынан кейін оның төңірегінде түрлі пікірталастар туындағанын көрдік. Алайда ғалымдардың арасында түрлі көзқарас болуына қарамастан, ертедегі психологтер психологияны тәуелсіз ғылым ету үшін бірікті. Психология пәні мен әдістері әртүрлі болса да, Вундт, Эббингауз, Brentano, Штумпф және басқа да ғалымдар адам табиғатын зерттеу мәселесіне өзгерістер енгізді. Бір жазушының мәлімдеуінше:

«Психология жанды зерттеу ілімі емес, бақылаулар мен эксперименттер арқылы адам организмінің белгілі бір реакцияларын зерттеу ілімі» болды. Түрлі көзқарастарды ұстанғандарына қарамастан, неміс психологтері ортақ іспен айналысты: олардың таланты, еңбекқорлығы мен ғылыми жұмысқа бірыңғай бағыт ұстануы арқасында Германияның университеттерін жаңа психологияның орталығына айналдырды» (Heidbreder, 1933, p. 105).

Алайда Германия өзінің психологиядағы көшбасшылық позициясын ұзақ ұстап тұра алмады. Біз 5-тарауда Вундттың психологиясы оның шәкірті Э.Б. Титченердің жетекшілігімен АҚШ-та қалай дами бастағанына күз боламыз.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Сіздің пікіріңіз бойынша, қазіргі таңда тұрақты мультимедиялық жетістіктердің арқасында Вундттың бір мезетте бірнеше іспен айналысуға болмайды деген көзқарасы өзектілігін жоғалтты ма? Неліктен жоғалтты? Неліктен жоғалтқан жоқ?
2. Неліктен Вундт жаңа психологияның негізін салушы болып есептеледі?
3. Ғылымдағы «негіз» бен «қайнар көз» арасындағы айырмашылықты сипаттаңыз?
4. Вундттың мәдени психологиясын сипаттаңыз. Психологияның осы түрі оның бөлінуіне қалай түрткі болды?
5. Мәдени психологияның америкалық психологияға неліктен әсері аз болды?
6. Вундттың психологиясы неміс физиологтері мен британ эмпириктерінің жұмысына қалай әсер етті? Волонтаризм тұжырымдамасы нені білдіреді?
7. Сана элементтері дегеніміз не? Олардың психикалық өмірдегі рөлі қандай?
8. Жанама және тікелей тәжірибені қалай ажыратуға болады?
9. Вундттың әдіснамасы мен оның өзін-өзі талдау ережелерін сипаттаңыз. Ол сандық немесе сапалы интроспекцияның дамуына ықпал етті ме? Неліктен?
10. Ішкі және сыртқы қабылдауды ажыратыңыз. Апперцепцияның мақсаты не?
11. Апперцепцияның Джеймс Милль мен Джон Стюарт Милльдің жұмысымен қандай байланысы бар?
12. Германиядағы Вундт психологиясының тағдыры қандай? Вундттың жүйесін сынағандар нені негіз етіп алды?
13. Эббингауздың оқытып-үйрету және жадты зерттеуін сипаттаңыз. Бұл Фехнердің жұмысына қалай әсер етті?
14. Brentano психологиясының Вундт психологиясынан қандай айырмашылықтары болды?
15. Штумпф пен Вундттың интроспекция мен тәжірибені элементтерге бөлуге қатысты көзқарастарында қандай айырмашылықтар бар?
16. Кюльпе жүйелі эксперименттік интроспекция арқылы нені түсіндірді? Кюльпе әдістемесінің Вунд әдістемесінен қандай айырмашылықтары бар?
17. Қалыпсыз ой тұжырымы Вундттың сана тәжірибесіне қарсы қандай пікір білдірді?
18. Көп айырмашылықтардың болуына қарамастан, Вундттың, Эббингауздың, Brentano-ның және Штумпфтың еңбектерінде қандай ортақ дүниелер кездесті?

Ұсынылған әдебиеттер

- Baldwin, B. T. (1921). In memory of Wilhelm Wundt by his American students. *Psychological Review*, 28, 153–158. Америкалық студенттердің Вундт туралы естеліктері.
- Danziger, K. (1980). A history of introspection reconsidered. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 16, 241–262. Вундттың интроспекциясы сенсорлықты сезу жауаптарымен шектелгенін және экспериментке қатысушылардың сұрақтарына субъективті жауаптарды енгізу үшін әдісті басқа психологтердің қалай кеңейткенін сипаттайды.
- Langfeld, H. S. (1937). Stumpfs "Introduction to Psychology." *American Journal of Psychology*, 50, 33–56. Штумпфтың 1906–1907 жылдарда Берлин университетіндегі психологиядан кіріспе курстарын сипаттайды.
- Lindenfeld, D. (1978). Oswald Kulpe and the Wurzburg school. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 14, 132–141. Кюльпенің философиялық көзқарастарының оның психология тұжырымдамасына ықпалын сипаттайды және осы саланың даму маңызын бағалайды.
- Postman, L. (1968). Hermann Ebbinghaus. *American Psychologist*, 23, 149–157. Эббингауздың жадты экспериментпен зерттеу әдісін сипаттайды.
- Sullivan, B., & Thompson, H. (2013, May 5). Brain interrupted: How distractions make us dumber. *New York Times*. Қазіргі әлемде бір мезетте бірнеше іспен айналысуға қатысты зерттеулерге қысқаша шолу.
- Wong, W. (2009). Retracing the footsteps of Wilhelm Wundt *History of Psychology*, 12, 229–265. Психологияда соңғы оқиғалар аясында Вундт идеяларының, мақсаттары мен әдістерінің өзектілігін бақылау.

Структурализм

Асқазан зондын жұтқыңыз келе ме?

Эдвард Брэдфорд Титченер (1867–1927)

Титченердің өмірі: «Сіздің сақалыңыз өртеніп жатыр»

Титченердің экспериментшілері: әйелдерге қатысуға рұқсат етілмейді

Саналы тәжірибенің мазмұны

Стимул қателігі

Интроспекция

Сана элементтері

Титченер өзінің әдістемесін өзгертті ме?

Структурализмді сынга алу

Интроспекцияны сынга алу

Титченер жүйесін сынга алудың басқа объектілері

Структурализмнің қосқан үлесі

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Асқазан зондын жұтқыңыз келе ме?

Сіз асқазаныңызға баратын зондты өз еркіңізбен жұтқыңыз келе ме? Содан кейін осы зондпен ыстық су жіберілсе ше? Одан кейін суық су? Және осының барлығы психологиялық зерттеулердің игілігі үшін жасалса? Сізге шешім қабылдау үшін қосымша уақыт қажет пе?

Егер сіз XX ғасырдың басында Нью-Йорктегі Корнелл университетінде психология мамандығына байланысты білім алған болсаңыз, сізге осындай ұсыныс міндетті түрде айтылған болар еді. Профессор Эдвард Брэдфорд Титченердің мінезі қатал болғаны соншалық – оның барлық шәкірттері ғылым үшін жасалатын қандай да болсын эксперименттерге қатысудан бас тарта алмайтын. Студенттер оны өзі зерттеп жүрген психологиялық жүйеге қажетті деректермен қамтамасыз ететін. Қалай дейсіз бе? Олар интроспекция өткізіп, оған өздерінің не сезінетіндерін айтып беріп отырды.

Сол заманда Корнеллде интроспекция өте күшті бастама болды және Титченердің аспиранттары өз жұмыстарын беріліп істеді. Егер асқазан зондын қарастыратын болсақ, студенттер зондты ішкі органдардың сезімталдығын зерттеу үшін жұтты. Зондты жұтудың өзі көп қиындықтар туғызды. Олардың көбі жұтқан кезде шашалып, құсып жатты.

Студенттер белгілі бір уақытта осы зонд арқылы ыстық су жіберіп, өздерінің әсерімен бөлісті. Олар кейінірек суық сумен осы процесті қайталады. Тағы бір экспериментте студенттер жуынатын бөлмеге қойын кітапшаларын алып кіріп, дәрет сындырған кездегі әсерлерін жазып жүрді.

Сонымен бірге жыныстық қатынастар туралы зерттеулер де жасалды. Үйленген студенттер жыныстық қатынасқа түскен кездегі қарапайым түйсінулер мен сезімдерін жазып, олардың физиологиялық реакцияларын анықтау үшін денелеріне өлшеу құралдарын жапсырып алатын. Алайда бұл зерттеу жұмысы сол заманда көп айтылған жоқ. Титченердің шәкірті Кора Фридлайн 1960 жылы осы эксперименттің нәтижелерін Вирджиниядағы¹ Рэндольф-Макон колледжінде бір дәрісінде көрсетті.

Сол кездері Корнелл қалашығында осындай зерттеулердің өтіп жатқаны көпшілікке мәлім болып, психология зертханасына «адамгершілікке жат, лас жер» деген атақ та табылды. Әйелдерге арналған жатақханада тұратын студенттерге зертханаға қараңғы кезде баруға тыйым салынды. Жатақханада таралған өсек-әңгімелерге сенсек, жұтатын зондқа мүшекап кигізетін жағдайлар да болған-мыс. Фридлайнның зертхананы «кім-кім үшін де қауіпсіз жер емес» дейтіні содан болса керек.

¹ 1960 жылы басып шығарылған Фридлайнның ескерту көшірмелерін ұсынғаны үшін Ф.Б. Роуга алғысымызды білдіреміз.



ЭДВАРД БРЭДФОРД
ТИТЧЕНЕР

<https://en.wikipedia.org>

Эдвард Брэдфорд Титченер (1867–1927)

Титченер әрдайым өзін Вундт жүйесін ұстанушы санайтын. Алайда АҚШ-қа келгеннен кейін, ол Вундт жүйесіне елеулі өзгерістер енгізіп, өзінің жеке теориясын ойлап тапты. Бұл теорияны структурализм деп атап, аталмыш теория Вундттың көзқарастарын одан әрі дамытты. Шынтуайтында, екі жүйенің түбегейлі айырмашылықтары болды және «структурализм» термині Титченер қолданатын әдіс-темеге қатысты ғана қолданылды. Структурализм Құрама Штаттарда кеңінен танымал болып қана қоймай, жаңа қозғалыстар ығыстырып шығарғанға дейін, жиырма жыл бойы өз үстемдігін жүргізді.

Вундт сана элементтерінің бар екенін мойындады. Бірақ оның басты уайымы – соларды ұйымдастыру, яғни апперцепция арқылы оларды жоғары дәрежелі когнитивті процестерге синтездеу еді. Вундттың пікірі бойынша, сананың психика элементтерін өз еркімен ұйымдастыратын күші бар. Мұндай әдіс-теме британдық эмпириктер мен ассоцианистер қолдайтын ассоциациялар туралы селқос, механикалық түсініктерден едәуір ерекшеленді.

Титченер ассоциация арқылы психика элементтерін және олардың механикалық байланысын зерттеуге кірісті. Алайда ол апперцепцияға қатысты Вундттың ілімін қолданудан бас тартып, осы элементтерге зейінін аударды. Психологияның негізгі міндеті сананың элементарлы құрамдас бөліктерін ашудан, яғни сананы бөліктерге бөлуден және оның құрылымын анықтаудан тұрды.

Титченердің жемісті еңбек еткен жылдары негізінен Корнелл университетінде өтті. Оксфорд университетінің мантиясын киіп өткізетін оның әрбір дәрісі сахналық көрініс іспетті еді. Дәріс өтетін жерді көмекшілер мұқият дайындайтын. Барлық дәріске бірдей қатысуға міндеттелген жас оқытушылар алдыңғы қатарда отырды. Титченер жеке есіктен кіріп, бірден кафедраға қарай жүретін. Вундттан бар-жоғы екі-ақ жыл дәріс алғанына қарамастан, Титченер өзінің басқару стилі, дәріс оқу тәсілі мен, ақыр аяғы, сақалына дейін ұстазына ұқсайтын. Тегі ағылшын болса да, Титченерді «жақсы білмейтін адамдар оны көбінесе неміс деп қабылдап жататын» (Boring, 1927, p. 493). Кейін белгілі психология тарихшысы болған Е.Г. Боринг атты сол кездегі студент: «Вундт пен Титченердің ұқсастығы – олардың екеуі де автократ әрі деспот тұлғалар еді», – дейді. Титченер есейген сайын менменшіл мінез қалыптастырып, «басқаша көзқарастағы адамдарды үзілді-кесілді қабылдай алмайтын» дәрежеге жеткен сыңайлы (Jeshmaridian, 2007, p. 20).

Титченердің өмірі: «Сіздің сақалыңыз өртеніп жатыр»

Титченер Оксфорд университетінде философия мен ежелгі әдебиеттен дәріс оқып, физиологиядан ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді. Тіл үйренуге қабілетті ол латын, грек, неміс, француз және итальян тілдерін жақсы меңгерді. Бірде университет профессоры Титченерге голланд тілінде жазылған мақала беріп, оған бір аптадан кейін баяндама дайындауды тапсырды. Титченер голланд тілін білмейтіндіктен, оған дау айтады. Профессор: «Олай болса голланд тілін үйреніп ал», – дейді. Титченер бір аптада тілді меңгеріп алады.

Оксфордта жүрген кезінде Титченер Вундт теорияларына қызықты. Бірақ әріптестері мен ұстаздары оның бұл қызығушылығын қолдаған жоқ. Титченерге, Вундттың өзінен тәлім алу үшін, ғылым-білімнің ордасына айналған Лейпцигке барудан өзге жол қалмады. Ол 1892 жылы Лейпцигте доктор дәрежесін алды. Титченер студент кезінде Вундттың отбасымен жақсы араласты. Олар Титченерді үйге жиі шақырып, таудағы үй-жайларында рождество мерекесін бірге қарсы алатын (Leys & Evans, 1990).

Титченер доктор дәрежесін алған соң, өз елінде эксперименттік психология саласының негізін салғысы келді. Алайда Англиядағы оның әріптестері жаңа ғылыми тәсілдемеге күмәнмен қарады. Оксфордта бірнеше ай жұмыс істеген

Титченер Корнелл университетіндегі ғылыми зертхананы басқару үшін АҚШ-қа кетуге бел байлайды. Ол сол кезде бар болғаны 25-ақ жаста еді. Бар өмірін Корнеллде өткізген ол 60 жасында ми ісігінен қайтыс болды. Оның миы, ми сипаттамаларының айырмашылықтарын зерттеу үшін, 1889 жылдан бері жинақталған топтаманың бірі ретінде Корнеллде, шыны құтыда, көпшілік назарына ұсынылған (Young, 2010).

1893–1900 жылдар аралығында Титченер зертхана жабдықтап, зерттеу жүргізіп, мақалалар жазумен айналысты. Оның психологиядағы бағыты Корнеллге неғұрлым көп студент тартқан сайын, ол шәкірттеріне тәжірибелерді өткізу міндетін жүктеп, өзі эксперименттік жұмысқа тікелей қатыспаған.

35 жыл ішінде оның жетекшілігімен психология бойынша 50-ден астам докторлық диссертация жазылды. Олардың басым бөлігінде Титченер идеялары байқалды. Өзінің беделін пайдаланып, ол студенттері үшін зерттеу тақырыптарын таңдады. Соңында структурализм деп аталатын өзінің жеке жүйесін құрып, оны қарапайым тілмен «атауға тұрарлық жалғыз ғылыми психология» деп түсіндірді (quoted in Roback, 1952, p. 184).

Титченер Вундттың кітаптарын неміс тілінен ағылшын тіліне аударып отырды. Вундт жылдам жұмыс істейтін. Титченер «Физиологиялық психология қағидаларының» (*Principles of Physiological Psychology*) үшінші басылымын аударып біткенде, Вундт төртінші басылымды аяқтап үлгерді. Ал Титченер төртінші басылымды аударам дегенше, Вундт бесінші басылымды жарыққа шығарып қойды.

Титченердің өз еңбектеріне «Психология очерктері» (*An Outline of Psychology*) (1896), «Психологияның бастапқы курсы» (*Primer of Psychology*) (1898) және «Эксперименттік психология: практикалық сабақтарға арналған нұсқаулық» (*Experimental Psychology: A Manual of Laboratory Practice*) (1901–1905) атты төрт томдық кітабы кірді. Соңғы кітабының жеке томдары «Нұсқаулықтар» (*Manuals*) деп қана аталып, АҚШ-та эксперименттік психология саласының дамуына ықпал етті. Титченердің барлық оқулықтары көпшілікке танымал болып, орыс, итальян, неміс, испан және француз тілдеріне аударылды.

Титченер де, Вундт сияқты, әйгілі лектор деген атаққа ие болды. Оның дәрістеріне көп адам қатысатын. Боринг оның алғашқы дәрісіне барған кезін былай сипаттайды: «Оның дәрісін тыңдау үшін көп адам жиналатын. Мен оқытушының ерекше бір тыпсым күші туралы артық ештеңе айта алмаймын... Оның әсіресе үндес әуездер туралы дәрісі ерекше еді. Сол процесі көз алдыңызға елестетіп көріңізші өзіңіз! Мен ол кезде инженер мамандығын оқып жүрген студент едім. Осы дәрістерден алған әсерім соншалықты – мен бес жылдан кейін психологияға ауыстым» (Boing, 1927, p. 494).

Егде жасқа жеткен Титченердің психологиядан тыс айналысатын хоббилері де пайда бола бастады. Енді ол демалыс күндері өз үйінде кішігірім оркестрдің дирижері болып, бірнеше жыл бойы Корнелл университетінде «бейресми музыка профессоры» атанды. Нумизматикаға қызығушылығының арқасында қытай және араб тілдерін үйреніп, тиын бетіндегі белгілерді оқи алатын дәрежеге жетті. Титченер көп әріптестерімен хат алмасып тұратын. Оның хаттары негізінен машинкада басылып, ескертулер қолмен жазылатын.

Ол – ағылшын тіліне «эмпатия» сөзін кездейсоқ енгізген адам. Сөздің негізгі мағынасын өзгерткен тағы бір мысалда Титченер (1-тарауды қараңыз) неміс тіліндегі «симпатия» сөзін ағылшын тіліне «эмпатия» деп аударып, ол сөз мүлде өзге мағынаға ие болып шыға келген (Jahoda, 2005).

Ол жасы ұлғайған сайын университеттің ғылыми өміріне араласуын азайтты. Титченер Корнелл университетінің тірі аңызы еді. Алайда көп оқытушылар оны білмеген я болмаса ешқашан көрмеген-тін. Себебі ғылыми жұмыспен үйде айналысқандықтан, университетте көп бола бермейтін. Шәкірттерінің өзі оған қатты қажет болған жағдайларда ғана үйіне телефон соғатын.

Титченерде неміс профессорының деспоттық мінез-құлқы болғанына қарамастан, егер оның студенттері мен әріптестері оған құрмет көрсетсе, өте мейірімді әрі қамқор жанға айналатын. Университетте жас оқытушылар мен аспиранттар Титченердің машинасын ешқандай мәжбүрлеусіз жуып, оның үйіндегі терезелерді жөндеп берген кездері де болған.

Оның шәкірті болған Карл Далленбах Титченердің «нағыз психолог болу үшін темекі шегуді үйрену қажет» деген сөзін алға тартқаннан кейін (1967, p. 85), оның көп студенттері сигара шеге бастаған.

Аспиранты Кора Фридлайнның айтуы бойынша,

«бірде оның баяндамасын талқылау кезінде темекі тұтатқан Титченердің сақалына от тиеді. Бұл кезде Титченер сөйлеп тұрғандықтан, оның сөзін бөдуге аспирант қыздың батылы жетпейді. Ақыр аяғы, шыдамаған Кора Фридлайн: «Кешіріңіз, профессор, сіздің сақалыңыз жаным жатыр», – деген. Содан профессор сақалымен әуре боламын дегенше, киімінің біраз жері де жаным үлгерген»².

Титченердің студенттерге деген қамқорлығы олардың университет бітіруімен аяқталған жоқ. Мысалы, Далленбах доктор дәрежесін алғаннан кейін медицина мектебіне барып жұмыс істегісі келді. Бірақ Титченер оған Орегон университетінен оқытушылық қызмет тауып береді. Медицина мектебіне баруына ұстазы қарсы болмайды деп ойлаған Далленбах бұл турасында: «Орегонға баруға мәжбүрмін. Себебі Титченер менің оқуыма және бірлескен зерттеуіме жұмсалған уақыттың босқа кетпеуін қалады», – деп еске алады (Dallenbach, 1967, p. 91).

Боринг Титченердің көп студенті ұстазының жеке өміріне араласуына наразылық білдіргендерін еске алды. «Оның көп қабілетті аспиранттары Титченердің студенттерінің өміріне араласуы мен әрдайым бақылау жүргізуіне қарсылықтарын білдірді» (Boeing, 1952, pp. 32–33).

Титченердің өз тобына кірмейтін психологтермен қарым-қатынасы нашар болды. 1892 жылы Америка Психологтер қауымдастығына мүшелікке қабылдағаннан кейін, көп өтпей, ол аталмыш ұйымнан шығатынын мәлімдеді. Себебі қауымдастық Титченер плагиатпен әшкерелеген бір ғалымды өз қатарынан шығарғысы келмеді. Титченердің қауымдастықта мүше болып отыруы үшін, оның мүшелік жарнасын көп жылдар бойы достары төлеп отырды.

Титченердің экспериментшілері: әйелдерге қатысуға рұқсат етілмейді

Титченердің экспериментшілері деп аталатын бір топ психологтер 1904 жылдан бастап өздерінің зерттеу нәтижелерін талқылауға кірісті. Титченердің өзі осы кездесулерді өткізу тәртібін, талқылау тақырыптарын белгілеп, «қонаққа кімдерді шақыру қажет» деген шешімді қабылдады. Жазылмаған ереже бойынша әйелдер жұмыстарды талқылауға қатыстырылмады. Оны студенттердің бірі былай еске алады: «Титченер түтінге толы кабинетте ауызша баяндама жасағандарды тоқтатып қойып, ашық сынға алып, жоққа шығарғанды жақсы көретін. Ал әйелдер қауымы темекі түтініне шыдамайтын еді» (1967, p. 315).

Аталмыш топтың жиналысына қатысуға Пенсильваниядағы Брин Мар колледжінің бірнеше студент қызы да ниет білдіреді. Алайда оларға «дереу кабинеттен шығып тұрындар» деген бұйрық беріледі. Бір күні олар жасырын түрде жиналыс өтетін кабинетке кіріп, көрші бөлмедегі үстелдің астына тығылып, Борингтің қалыңдығы мен тағы бір әйел «жартылай ашық есіктен көрші бөлмеде естіліп жатқан баяндамаларды тындап, мұнда жиналған ер адамдардың психология деп жүргенін түсінгісі келді. Олардың көрші кабинетте тығылып отырғанын ешкім байқамай қалды» (1967, p. 322).

² From L. T. Benjamin, Jr, based on material in the Cora Friedline papers. Archives of the History of American Psychology, University of Akron, Ohio

110 жыл (1886 жылдан бастап 1996 жылға дейін) өмір сүрген Люси Мэй Боринг 1912 жылы Корнеллде кандидаттық диссертациясын қорғап, Вассар және Уэльс колледждерінде сабақ берді. Тұрмысқа шыққаннан кейін ол, өз заманындағы орта таптан шыққан көптеген жоғары білімді әйелдер іспетті, үн-түнсіз күйеуінің шаруаларына көмектесті. Алайда оның еңбегін елеп-ескерген ешкім болған емес.



Archives of the History of American Psychology, University of Akron

1916 жылғы Титченердің экспериментшілерінің бас қосуы. Байқасаңыз, суретте кем дегенде бес адамның қолынан сигар көруге болады

1912 жылы экспериментшілердің жиналысында Кристин Лэдд-Франклин (1847–1930) Титченерден өзінің эксперименттік психология туралы мақаласын оқып шығуын өтінді. Кристин Гёттинген университетіндегі Г.Мюллер зертханасында және Берлиндегі Гельмгольц зертханасында түрлі түстер көру мәселесімен айналысты. Мұның алдында ол Джон Хопкинс университетінде математика саласы бойынша докторлық дәреже алу талаптарын орындады. Бірақ, Кристин әйел болғандықтан, оған ғылыми дәреже берілмеді. 44 жыл өткен соң ғана Хопкинс әкімшілігі оған доктор дәрежесін ұсынды.

1912 жылы Титченер Кристиннің жиналысқа қатысуы туралы өтінішіне қарсылық білдіргенде, Кристин былай деп жазды: «Экспериментші психологтердің кездесулеріне әйелдерді қатыстырмайтыныңызды естіп, таңғалып отырмын. Мұндай көзқарасты ұстануыңыз – ескіліктің белгісі!» (quoted in Scarborough & Furumoto, 1987, p. 126). Кристин көп жылдар бойы Титченердің ұстанған көзқарасын адамгершілікке жат қылық деп есептеді.

Титченер досына жазған хатында былай деді: «Мен Лэдд-Франклин ханымның жиналысымызға әйелдердің қатысуына тыйым салынғанына байланысты берген жауабына таңғалып отырмын. Ол газет беттерінде жеке басыма түрлі наразылықтар білдіретінін айтты. Бәлкім, ол бізді қорқытып-үркітіп, жиналыстарымызды жер астында өткізуге мәжбүр ететін шығар» (quoted in Scarborough & Furumoto, 1987, p. 126).

Титченер әйелдер қауымына экспериментші топтың кездесулеріне қатысуға тыйым салса да, психологияда әйелдердің жетістіктеріне қолдау көрсетті. Гарвард және Колумбия университеттері әйелдерді аспирантура курсы бағдарламасына қабылдаудан бас тартқан кезде, ол Корнелл университетіндегі курстарға аспирант қыздарды бірінші болып қабылдай бастады.



МАРГАРЕТ ФЛОЙ
УОШБЕРН

<https://en.wikipedia.org>

Докторлық диссертация қорғаған 56 шәкірттің 18-і әйелдер еді. Титченердің жетекшілігімен қорғаған әйелдер саны оның басқа әріптестерімен салыстырғанда көп болды. Титченер деканның қарсылық білдіруіне карамастан, профессор әйелді қызметке алған жайттар да кездескен.

Маргарет Флой Уошберн – психология саласы бойынша докторлық диссертация қорғаған Титченердің алғашқы аспиранты. Кейін Маргарет: «Ол менімен не істеу керектігін өзі де түсінбеді». – деп еске алды (Washburn, 1932, p. 340). Уошберн салыстырмалы психология мәселелері жөніндегі еңбектің (*The Animal Mind, 1908*) авторы және Ұлттық ғылым академиясына сайланған алғашқы психолог-әйел атанды. Ол Америка Психологтер қауымдастығының президенті қызметін де атқарды.

Титченер өмір бойы психолог-әйелтерге қолдау көрсетіп келді. Мұның бір дәлелі – Уошберннің жетістіктері. Титченер әйелдерді экспериментшілер жиналыстарына қатыстырмаса да, психология есігінің әйелдер үшін ашық болуы мәселесінде көптеген ер-психологтердің қарсы пікірлерін өзгертуде қолдан келген көмегін аяған жоқ.

Экспериментші психологтер 1929 жылы өздерінің қоғамын құрды (www.scp psych.org). Әйелдерді де мүшелікке қабылдаған олар (Уошберн алғашқы мүшелердің бірі) қазіргі таңда жыл сайын кездесу өткізіп тұрады (Гудвин, 2005). «Экспериментші психологтер қоғамы» 2004 жылы Корнелл университетінде өздерінің 100 жылдық мерейтойын тойлады. Университеттегі бір оқытушы қонаққа Титченердің миын алып келді (Benjamin, 2006a, p. 137).

Саналы тәжірибенің мазмұны

Титченердің пікірі бойынша, психология пәні саналы тәжірибені зерттеуден тұрады. Себебі дәл осындай тәжірибе сынаққа қатысушы субъектіге байланысты. Білімнің осы түрі жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелерін зерттейтін ғалымдардан алатын білімнен өзгеше болады. Мысалы, дыбыстар мен жарық физика мен психологияның зерттеу тақырыбы болып есептеледі. Алайда физика бұл құбылыстарды физикалық процестердің өту тұрғысынан, ал психологтер адамдардың осы құбылыстарды қалай бақылап, қабылдауы тұрғысынан зерттейді.

Титченер психологиядан басқа ғылымдардың эксперименттерінде «сынаққа қатысушы субъектіге тәуелді емес» деген тұжырым жасады. Бұл ойды түсіндіру үшін қарапайым бір мысалды қарастыруды ұсынды. Бөлмедегі ауа температурасы Фаренгейт бойынша 85 градус делік. Бөлмедегі температура бөлменің ішінде әлдебіреудің бар-жоқтығына байланысты өзгермейді. Алайда бөлмеде бақылау-

ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН



«Психология оқулығынан» (*A Textbook of Psychology*) (1909) алынған
структурализмге қатысты материалдардың түпнұсқа дереккөзі

Эдвард Б. Титченер¹

Адам барлық білімді тәжірибеден алады. Білім алудың басқа қайнар көзі жоқ. Бірақ, көріп отырғанымыздай, адам тәжірибесі түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Бір-бірінен алшақ екі көзқарасты қарастыратын болсақ, екі жағдайда қандай тәжірибе алынатынын аңғаруға болады. Бірінші жағдайда, біз тәжірибені нақты бір тұлғасыз қарастырамыз. Екінші жағдайда, біз тәжірибені тұлғамен байланыстырып қарастырамыз. Көзқарастардың алшақтығы өте үлкен болады. Олардың әрқайсысын қарастырғанда тәжірибеде қандай айырмашылық болады?

¹ Э.Б. Титченердің «Психология оқулығы» кітабынан алынған үзінді Macmillan Publishing Co. Inc. рұқсатымен басып шығарылды (6–9-беттер). Macmillan Publishing Co. Inc. 1909 жылғы авторлық құқықтары. 1937 жылы София К. Титченер қайта тексерген.

Ең алдымен, физикамен таныстыратын үш ұғымды: кеңістікті, уақыт пен массаны алайық. Физикалық кеңістік бір мезгілде геометриялық, астрономиялық және геологиялық кеңістік болады. Ол өзінің әр нүктесінде тұрақты әрі өзгеріссіз. Оның өлшем бірлігі – сантиметр. Қай жерде қолдансаңыз да, сантиметр барлық жерде сантиметр болып қалады. Физикалық масса мен оның өлшем бірлігі де әрдайым тұрақты. Үш мысалда да біз экспериментке қатысушы тұлғасыз қарастырылатын кеңістік, уақыт пен массаны қабылдау тәжірибесін қарастырдық.


Эксперименттің субъектісін назарға алатын басқа көзқарасты қарастырайық. 5.1-суретте бейнеленген екі тік сызық физикалық тұрғыдан тең; сантиметрмен көрсетілген олардың ұзындығы бірдей. Тікелей сіз қарастырып отырған осы сызықтар әртүрлі болып көрінуі мүмкін. Шалғай бір жердегі станцияның күту залында өткізген бір сағат уақытыңыз физикалық тұрғыдан қызық бір пьесада өткізген бір сағат уақытқа тең. Бірақ сіз үшін станцияның күту залында жалғыз өзіңіз өткізген уақыт пен театрдағы өткізген уақытыңыз бірдей болып сезілмейді. Әртүрлі диаметрдегі екі дөңгелек картон қорапты (мысалы, 2 және 8 сантиметр) алып, олардың ішіне салмағы 50 грамм құм себіңіз.

Қораптардың физикалық массалары бірдей болғандықтан, олар таразыда теңесіп тұрады. Алайда сіз оларды бір мезетте екі қолыңызға алып көтерсеңіз, диаметрі кіші қорап ауыр болып көрінеді. Мұнда біз зерттеу субъектісіне байланысты кеңістікті, уақыт пен массаны қабылдау тәжірибесін байқаймыз. Бірінші көзқарас бойынша, біз физика заңдары мен фактілерін көрсек, екінші көзқарас бойынша психология заңдары мен фактілерін аңғарамыз.

Физика оқулықтарындағы басқа да құбылыстарды: жылуды, дыбыс пен жарықты қарастырып көрелік. Физиканың анықтамасы бойынша жылу – молекулярлы қозғалыс энергиясы. Басқаша айтқанда, жылу дене бөлшектері өз арасында қозғалу арқылы пайда болатын энергия формасы болып есептеледі. Жылу сәулелері жарық сәулелерімен бірге сәуле энергиясына, яғни кеңістік толған эфирдің жарық беретін бөлшектерінің толқынды қозғалысы нәтижесінде таралатын энергияға жатады. Дыбыс – дене тербелістері нәтижесінде пайда болатын энергияның формасы. Ол созылмалы ортаның толқынды қозғалыстары арқылы таралады. Мұндай орта қатты, сұйық немесе газ тәрізді болады. Егер түйіндеп айтар болсақ, жылу – молекулалардың қозғалысы, жарық – эфирдің толқынды қозғалысы, ал дыбыс – ауаның толқынды қозғалысы.

Осы тәжірибе түрлері зерттеу субъектісінен жеке қарастырылатын физикалық әлем жылы да, суық та, қараңғы да, жарық та, шулы да, дыбыссыз да емес. Тәжірибе адамға тәуелді болғанда ғана біз жылу мен суықты, көп түстерді, түрлі дыбыстарды қабылдаймыз.

Мұның барлығы психологияның зерттеу тақырыбына жатады.



шылар аптап ыстықтан киналғандарын айтса, онда температураны қабылдау олардың алған әсерлеріне байланысты. Титченер үшін саналы тәжірибенің осы түрі психологиялық зерттеулердің жалғыз дұрыс фокусы болды.

Стимул қателігі

Саналы тәжірибені зерттеген кезде Титченер стимулдың қателігіне, яғни объектіні қабылдауға және объектінің өзіндік ықпалының психикалық процестерінің араласып кетуіне жол бермеді. Мысалы, алманы көріп, оны алма деп қана сипаттайтын бақылаушылар оның түсі мен формасын анықтамайды. Мұны «стимул

Стимул қателігі: бақыланатын тітіркендіргіш немесе объекті арқылы зерттелетін психикалық процесті шатастыру.

қателігі» деп атайды. Титченердің пікірі бойынша, бақылау объектісі қарапайым тілмен емес, оны саналы қабылдайтын терминдер тілімен сипатталуы тиіс.

Бақылаушылар психикалық процестерге емес, объект стимулдарына назар аударған кезде, олар бұл зат туралы бұрын білген мәліметінен басқа еш нәрсе айта алмайды. Шынында, барлық бақылаушылар алманың қызыл, жылтыр және дөңгелек екенін біледі. Олар түс, жарық және геометриялық сипаттамалардан басқа нәрселерді түсіндіргенде объектіні бақыламай тұрып, өз қабылдауларын баяндайды. Олар да тікелей емес, аралық тәжірибеге тап болады.

Титченер сана-сезімді – сол сәтте болатын біздің толқып сезінген қабылдауымыздың жиынтығы, ал сананы (ақыл-ой) біздің өмір бойы жинаған тәжірибеміздің жиынтығы деп түсіндіреді. Сана-сезім мен ақыл-ой көп жағынан ұқсас келеді. Сана-сезім ағымдағы мезетте болатын психикалық процестерді қамтыса, ақыл-ой осы процестердің жалпы қорытындысын қамтиды.

Титченер қарастырған құрылымдық психология қолданбалы мәні жоқ, таза ғылым болды. Титченер бұл ғылымның міндетіне «аурушаң психиканы» емдеу, адам санасын өзгерту немесе қоғамды реформалау кірмейтінін ескертті. Психиканың мәнін немесе құрылымын ашу оның жалғыз мақсаты болып есептеледі. Ол «ғалымдар өзінің зерттеулерінің практикалық құндылығына қатысты алаңдамауы қажет» деп санады. Сондықтан өз-өзіне анализ жасайтын және сананың мәнін іздестіруге лайықты емес бала психологиясының, зоопсихологияның және басқа бағыттардың дамуына қарсы болды.

Интроспекция

Титченердің өзін-өзі талдау формасы немесе өзін-өзі бақылауы бақылаушыларға негізделді. Олар өздерінің саналы күйінің элементтерін стимулды таныс аппен хабарлаудың орнына, сипаттауға машықтанды. Титченер әркім тәжірибені стимул тұрғысынан үйренеді деп түсінді. Мысалы, қызыл, жылтыр және дөңгелек затты алма деп атауды үйренді. Күнделікті өмірде бұл пайдалы әрі қажет еді. Алайда оның психологиялық зертханасында бұл практика толық зерттелмеген.

Титченер өз әдісін сипаттау үшін Кюльпе енгізген жүйелі эксперименттік интроспекция терминін қолданды. Кюльпе сияқты, ол интроспекция барысында бақыланатын субъектілердің психикалық қызметі туралы толық, сапалы әрі субъективті хабарламалар пайдаланды. Титченер объективті, сандық көрсеткіштерге назар аударған Вундттың әдістемесіне қарсы болды. Себебі Титченердің пікірі бойынша, мұндай әдіс санада пайда болатын қарапайым түйсіктер мен бейнелерді анықтай алмайды.

Басқаша айтқанда, оның жүйесінің мәні – апперцепция арқылы элементтердің синтезі емес, күрделі саналы тәжірибені құрамдас бөліктерге бөлу. Титченер жеке бөліктердің зерттеуіне ерекше мән берсе, Вундт бүтін, тұтас дүниелерді зерттеуге назар аударған. Көптеген ағылшын эмпириктері мен ассоцианистері сияқты, Титченер адам психикасының атомдарын ашуға тырысты.

Титченер Вундттан білім алу үшін Лейпцигке аттанар алдында өзін-өзі талдау әдістемесін қалыптастырды. Бір тарихшының болжамы бойынша, Титченер Оксфордтың студенті болса да, оған Джеймс Милльдің еңбектері әсер етті (Danziger, 1980).

Өзіне қажетті деректер ұсынып отырған бақылаушылар тұрғысынан Титченер механикалық философияның ықпалын байқады. Ол өзінің ғылыми жұмыстарында зерттеу субъектілерін *реагенттер* деп атайды. Химияда қолданылатын термин басқа заттарды анықтау үшін немесе олардың сандық өлшемі үшін қолданылатын заттарды білдіреді. Реагент, шынында, қандай да бір басқа заттан жауап немесе жылдам жауап алу үшін қолданылатын пассивті реактив болады.

Зертханасындағы бақылаушыларға осы түсінікті қолдана отырып, Титченер осы бақылаушыларды стимулдардың сипаттамаларын объективті түрде белгілей-

тін механикалық жазу құрылғылары ретінде қарастырды. Субъектілер әділ, бейтарап машиналар болуы тиіс. Вундттың идеяларына сәйкес әзірленген бақылаулар механикаландырылған және әдеттегідей болатыны соншалық – сыналушылар саналы процесті жүзеге асырып отырғанын білмей қалады. Титченер былай деп жазды:

«Психологиядағы бақылайтын адам, физикадағы бақылаушы адам сияқты, бақылап отырған құбылыстарының бақылау күйін субъективті назарға алу-ды толығымен ұмытады... біз білетін бақылаушылар дайындықтан өткен. «Бақылау күйі» механикаландырылған» (1912а, р. 443).

Егер зертханадағы бақылаушыларды машиналар деп қарастырсақ, барлық адамдарды да машиналарға ұқсатуға болады. Бұл көзқарас Галилей мен Ньютон дәуірінен бастап қалыптасты. Психология тарихынан мәлім болғанындай, XX ғасырдың алғашқы жартысында эксперименттік психологияны адам-механизм бейнесінде таныстыру процесі әлі де жалғасып жатты.

Титченер «психологиядағы интроспективтік бақылау да эксперименттік бақылау болуы керек» дегенді айтты. Ғылыми эксперимент ережелеріне сүйенген ол:

«Эксперимент – қайталанатын, оқшауланатын және өзгертілетін бақылау. Сіз бақылауды жиі қайталаған сайын, зерттелетін құбылыстарды анық көріп, оларды толық сипаттай аласыз. Бақылауды бөгде факторлардың ықпалынан оқшаулаған сайын, сіздің міндетіңіз жеңілдей түседі және кездейсоқ жағдайлардың ықпалымен сіздің қате жолға түсу қаупіңіз де азая түседі. Бақылауды түрлендіру мүмкіндігі кеңейген сайын, тәжірибе біркелкі болып, сіздің заңдылықтар орнату мүмкіндігіңіз артады», – деген болатын (1909, р. 20).

Титченердің зертханасында реагенттердің рөлін атқаратын адамдар түрлі стимулдардың ықпалын зерттеп, өздерінің алған әсерін ұзақ әрі мұқият бақылады. Мысалы, фортепианоны аккордпен басып ұрады. Аккорд бірге дыбысталатын үш бөліктен тұрды. Адамдар қанша дыбыстарды, дыбыстардың сипаттамаларын



Archives of the History of American Psychology, University of Akron

Титченер үйіндегі жұмыс кабинетінде студенттерімен жиі кездесетін

және сананың басқа да негізгі атомдарын немесе элементтерін ажырата алатынын хабарлайды.

Басқа бір экспериментте берілген сөзді дауыстап айтқызды. Титченердің сипаттамасы бойынша, реагентке «осы стимул санаға беретін әсерді: осы сөздің сізге қалай әсер ететінін, қандай идеялар тудыратынын бақылауды» ұсынды» (1910, quoted in Benjamin, 1997, p. 174). Титченердің зертханаларындағы бақылаушыларды нәліктен толық оқытып-үйрету қажет екенін және олардың субъективті пайымдаулары нәліктен болуы тиіс екенін осы мысалдардан көре аласыз.

Сана элементтері

Титченердің пікірі бойынша, психологияның үш негізгі міндеті бар:

1. саналы процестерді қарапайым құрамдас бөліктерге бөлшектеу;
2. топтастырушы заңдарды анықтау;
3. сана элементтерінің физиологиялық күйлермен байланысы.

Сөйтіп, Титченердің құрылымдық психологиясының мақсаттары жаратылыстану ғылымдарының мақсаттарымен сәйкес келеді. Шынында, ғалымдар зерттегісі келген саланы таңдағаннан кейін, олар оның элементтерін анықтау үшін осы элементтер күрделі құбылыста қалай бірігетінін және заңдарды қалай тұжырымдайтынын көрсетеді. Титченердің зерттеулерінің негізгі бөлігі сана элементтерін анықтауға арналған.

Титченер сана құрылымының үш негізгі элементін: түйсіктерді, бейнелер мен эмоциялық күйлерді есептеуді ұсынды. Түйсіктер негізгі қабылдау элементі болады және бізге дыбыстар, көрінетін бейнелер, иістер мен басқа әсер түрінде беріледі. Бейнелер идеялардың элементі болып, ағымдағы мезетке қатысы жоқ, мысалы, жадымыздағы болып жатқан әсерді көрсетеді. Эмоциялық күйлер рухани әсер бейнесі болады және махаббат, өшпенділік немесе қайғы-қасірет сияқты сезімдермен беріледі.

Титченер «Психология очерктері» (*An Outline of Psychology*) (1896) еңбегінде зерттеу барысында анықталған түйсік элементтерінің тізімін ұсынды. Ол 44 000-нан астам атауды қамтып, олардың 32 820 көру түйсігін және 11 600 дыбыс түйсігін құрады. Әр элементтің саналы әрі өзіндік айырмашылықтары бар. Сонымен бірге ол күрделі түйсіктер мен идеялардың пайда болуы үшін басқалармен біріктірілуі мүмкін.

Одан әрі бөлінбейтін негізгі элементтерді құрап, олар химиялық элементтер сияқты жеке топтарға бірігуі мүмкін. Қарапайым болуына қарамастан, психикалық элементтердің бір-бірін ажырататын сипаттамалары бар. Титченер осы 4 белгіні барлық түйсіктердің негізгі сипаттамасы деп есептеп, олар осы түйсіктердің әрқайсысында кездесетінін айтты:

- «суық» немесе «қызыл» сияқты сөздермен анықталатын сананың бір элементін басқа бір элементтен ажырататын сипаттамасы болады;
- қарқындылық түйсіну күшімен, әлсіздігімен, дыбыс деңгейімен немесе жарықтығымен анықталады;
- ұзақтық түйсіктің уақыт шегіндегі шамасымен сипатталады;
- анықтық саналы әсер алу кезінде назар салу рөлін анықтайды. Біздің көз алдымыздағы тәжірибе назарымыз бағытталмаған тәжірибеден гөрі анық болады.

Түйсіктер мен бейнелерде осы төрт белгінің барлығы бар. Ал эмоциялық күйлерде сапа, қарқындылық пен ұзақтық қана кездеседі. Титченердің пікірі бойынша, эмоциялық күйлерде нақтылықтың болмау себебі зейін қоюдың тікелей эмоцияларда болмауымен байланысты. Сондықтан қайғы-қасірет немесе ләззаттану сияқты сезімдерге назарымызды аударған кезде мұндай сезімдер жоғалады.

Кейбір сенсорлық процестердің экстенсивтік қасиеті бар. Себебі бұл процестер объектілердің кеңістік параметрлерімен байланысты.

Барлық саналы процестер осы қасиеттердің біріне сәйкестендірілуі мүмкін. Кюльпенің ашқан жаңалықтары Титченердің көзқарасын өзгерте алмады. Оның пайымдауы бойынша, кейбір анық емес қасиеттер ойлау процесі барысында көрінеді. Бірақ олар түйсіктерге немесе бейнелерге қатысты болады. Титченер Кюльпенің зерттеу объектілері «стимул қателігінің құрбаны» болған деп мәлімдеді. Себебі Кюльпе саналы процестерге емес, объектінің өзіне көп назар аударды.

Титченердің аспиранттары Корнелде эмоциялық күйлерді талдауға қатысты көп зерттеулер жүргізді. Осының нәтижесінде Вундттың үш өлшемді сезімдер теориясынан бас тартуға мүмкіндік берді. Титченердің пікірі бойынша, сезімдердің бір өлшемі – ләззаттану/ләззаттанбау сезімі бар. Ол Вундттың зер салу/босансу және қозу/күйзелу сияқты сезімдерді өлшеудің басқа параметрлері туралы болжамынан бас тартты.

Титченер өзінің әдістемесін өзгертті ме?

Титченер өмірінің соңына қарай өзінің құрылымдық психология жүйесін түбегейлі өзгертті. Ол 1918 жылдан бастап өз дәрістерінен көзқарастар тақырыбын алып тастады. Мұның орнына «психология негізгі психикалық элементтердің орнына сапа, қарқындылық, ұзақтық, анықтық пен экстенсивтік сияқты сипаттамаларды бағалай отырып, қабылдау процестеріндегі айырмашылықтарды зерттеуі тиіс» деген болжам айтты. «Сіз түйсінулер немесе эмоциялар терминдерімен ойламаңыз. Бұл тәсілдеме он жыл бұрын болған. Қазіргі таңда бұл түсінік ескірді. Сіз өлшем сияқты ұғымды қолданып ойлануыңыз керек», – деп жазды (Evans, 1972, p. 174).

1920 жылдардың басында Титченер «құрылымдық психология» терминіне де күмән келтірді және бұл жүйені экзистенциалдық психология деп атаған жөн деп ойлады. Сонымен бірге ол интроспективті әдісті қайта қарап, әсерді бірнеше құрамдас бөліктерге бөлмей зерттеп, феноменологиялық әдістемені қолдады.

Титченер ұзағырақ өмір сүрсе, құрылымдық психологияға түбегейлі өзгерістер енгізер еді. Ғалымдардың бойында бар, бірақ толығымен көрсете алмайтын идеялар өзгерістерге икемді әрі ашық болды. Титченердің хаттары мен дәрістерін толық зерттеу нәтижесінде осы өзгерістер тұтастай жинақталды (see Evans, 1972; Henle, 1974). Осы идеялар ресми түрде Титченердің психологиялық жүйесіне кірмесе де, олар оның ойының бағыт-бағдарын көрсетті. Оның өмірден озуы бұл мақсатқа жетуге мүмкіндік бермеді.

Структурализмді сынға алу

Әдетте адамдар тарихта ескі көзқарасқа қарсы шығу арқылы танымалдыққа ие болып жатады. Бірақ Титченерде бәрі керісінше болды. Барлық әріптестері алға жылжыған кезде, ол өз көзқарасын ұстанып қалды. XX ғасырдың 20-жылдары америкалық және еуропалық психологиядағы интеллектуалды атмосфера күрт өзгерді, бірақ Титченер жүйесі туралы ресми мәлімдеме айтылмады. Нәтижесінде көп психологтер оның құрылымдық психологиясын ескірген қағидалар мен әдістерді ұстану талпынысы деп қарастырды.

Психолог Джеймс Гибсон: «Титченерге үлкен сый-құрмет көрсетілсе де, менің әріптестерім оның теориясын немесе әдісін қажетсінбеді», – деді (1967, p. 130). Титченер психологияның іргесін қалап жатырмын деп ойлады. Алайда оның жетістіктері психология тарихындағы бір саты ғана еді. Структурализмнің дәуірі оның дүние салуымен аяқталды. Титченер тірі кезінде структурализмнің қолдауға ие болуы оның өктем тұлға екенін аңғартты.

Интроспекцияны сынға алу

Титченер мен Кюльпе зертханаларында жүзеге асқан бақылау түрі үшін интроспекция әдісіне бағытталған сын лайықты. Мұнда сыртқы стимулдарға объективті әрі сандық жауаптарға қатысты Вундттың ішкі қабылдау әдісіне қарағанда, сана элементтері туралы субъективті идеялары қарастырылады.

Көпшілікке танымал интроспекция біраз жылдар бойы қолданылып келді. Сондықтан бұл әдісті сынға алу ешкімге жаңалық болған жоқ. Титченердің жұмысы пайда болғанға дейін жүз жыл бұрын неміс философы Иммануил Кант «кез келген интроспекция әрекеті саналы тәжірибені өзгертеді, себебі оның құрамына бақылаушы элемент енгізіледі» деп жазды.

Философ-позитивист Огюст Конт та интроспективті әдісті сынады. Оның пікірі бойынша, егер ақыл-ой өзінің қызметін бақылай алатын болса, ол бақылайтын және бақыланатын екі бөліктен тұруы тиіс, алайда мұндай жағдай мүмкін емес (Wilson, 1991). Конт былай деп жазды:

«Ақыл-ой өзінің ішінде болып жатқан құбылыстардан басқа барлық әрекеттерді бақылай алады... Мұндай жағдайда бақылайтын және бақыланатын органдар бір нәрсе болады, ал мұндай әрекет мінсіз әрі табиғи бола алмайды. Ақыл-ойды бақылау үшін ол өзінің қызметін тоқтата тұруы тиіс. Алайда сіз бақылағыңыз келген қызметті тоқтататын болса, оны қалай бақылайсыз? Мұндай әдіс оң нәтиже бермейді» (1830/1896, Vol. 1, p. 9).

Ағылшын дәрігері Генри Модсли психопатология бойынша жасаған жұмысында интроспекцияны сынауды жалғастырды:

«Интроспекцияны қолдаушылар арасында келісім аз. Келісім бар жерде интроспекционистер мұқият дайындықтан өтеді және олардың бақылауларына әсер ететін қате түсінік қалыптасады» (1867, quoted in Turner, 1967, p. 11).

Сөйтіп, интроспекция әдісі мүмкіндігінше ғылым талаптарына жауап беруі үшін, Титченер осы әдісті жетілдірді. Оның тәсілдемесі интроспекцияға қатысты нақтырақ болған сайын, әдісті сынға алу жалғасты.

Сынға алудың бір бөлігі интроспекция анықтамасына қатысты еді. Бәлкім, ол Титченердің өзіне де қиындықтар туғызды және ол эксперименттің ерекше талаптарымен байланысты тығырықтан шығу жолдарын іздеуге тырысты. Титченер:

«Бақылаушы сүйенетін тәртіп эксперимент мақсаты мен экспериментші нұсқауларына сәйкес бақыланатын санамен бірге толық өзгереді. Мұнда интроспекция жалпы түсінік болып, ерекше әдістемелік процедураларды кеңінен қамтиды» (Titchener, 1912b, p. 485).

Құрылымдық интроспекциямен айналысатын адамдарға қатысты Титченер әдістемесін сынға алған тағы бір мәселе бар еді. Титченер аспиранттарының кейбір сөздерді қолдануына тыйым салынды. Мысалы, структуралист үшін «мен үстелді көріп тұрмын» деген сөздің ғылыми мәні болмады. Себебі «үстел» сөзінде заттардың белгілі бір категориясын білдіріп, белгілі түйсіктер комбинациялары негізінде мағына берді.

Сөйтіп, структуралисте «мен үстелді көріп тұрмын» деген сөз бақылаушының саналы тәжірибесіне қатысты ештеңе білдірмеді. Структуралист сөздің мағынасында қамтылған түйсіктер жиынтығына емес, тәжірибенің ерекше элементарлы формаларына қызықты. Оның пікірі бойынша, «үстел» деп айтатын бақылаушылар «стимул қателігін» жасады.

Алайда, егер қарапайым сөздер лексикадан алып тасталса, онда бақылаушылар алған әсерін қалай сипаттайды? Бұл үшін ерекше интроспективті тіл жасап шығару қажет еді. Титченер (сондай-ақ Вундт) саналы тәжірибені қамтамасыз ету үшін эксперименттің сыртқы жағдайларын бақылау маңызын атап өткен-

діктен, екі бақылаушы бірдей әсер алуы қажет еді. Осындай ұқсас әсер сыртқы жағдайларды қатал бақылау кезінде байқалса, бақылаушылар үшін мағынасы бар сөздерден бөлек арнайы жұмысшы сөздігін жасау мүмкін болатын. Сонында, адамдардың алған әсері көбінесе ұқсас болғандықтан, олар бірдей мағына беретін бәріне ортақ сөздер ойлап тауып, қолданады.

Интроспективті тілді жасау идеясы жүзеге аспады. Бақылаушылар арасында эксперимент жағдайларын қатал бақылауда ұстағанның өзінде келіспеушіліктер жиі туындайтын. Өртүрлі зертханада интроспекция жақтаушылары әркілі нәтижелер алды. Бір стимул материалының интроспекциясымен айналысатын бір зертханадағы сыналушылар мұндай бақылауларды жиі жасамайтын. Осыған қарамастан, Титченер соңында келісім жасалатынын ескертті. Егер интроспективті қорытындыларда жеткілікті тұтастық болса, структурализм мектебі ұзағырақ өмір сүрер еді.

Сонымен бірге интроспекция сыншылары интроспекцияны ретроспекция формасы деді. Себебі тәжірибе мен сол туралы жіберілген хабарлама арасында белгілі бір уақыт өтеді. Эббингауздың пікірі бойынша, біз тәжірибе өткеннен кейін тез ұмытамыз. Бірақ структуралистер былай деп жауап берді: біріншіден, олардың бақылаулары ең аз мерзімдік кешігумен өткізіледі және, екіншіден, олардың болжамы бойынша, бақылаушы хабарлама жасағанша әсерді жеткізетін алғашқы психикалық бейне болады.

Біз алған әсерді зерттеу үшін интроспекция әдісін қолданған кезде, оның ішінде өзгерістер туындауы мүмкін. Саналы түрде ашулану интроспекциясының қиындығын қарастырып көрелік. Саналы түрде назар аударған кезде ашуы тез тарқап кетуі мүмкін. Алайда Титченер: «Тәжірибелі бақылаушылар өздеріне жүктелген тапсырманы саналы әсер алмай, автоматты түрде орындайды», – дейді.

XX ғасырдың басында Зигмунд Фрейд ұсынған бейсана ұғымы (13-тарауды қараныз) интроспективті әдісті тағы бір рет сынға алды. Фрейдтің айтуы бойынша, егер біздің психикалық қызмет етуіміздің бір бөлігі бейсаналы түрде болса, интроспекция мұны зерттей алмайды. Бір тарихшы былай деп жазды:

«Ақылдың барлық функциялары саналы бақылау үшін қолжетімді деген сенім интроспективті анализдің негізін құрады. Себебі адамның барлық ойлау аспектілері анықталмаса, өзіне-өзі анализ жасау арқылы психикалық қызметтің бір үзінді бейнесін жасай алатын еді. Егер сана мұзтаудың көрінетін шыңы ғана болса, онда өзіне-өзі анализ жасаудан еш пайда жоқ» (Lieberman, 1979, p. 320).

Титченер жүйесін сынға алудың басқа объектілері

Интроспекция әдісі – Титченердің көзқарасын сынға алудың жалғыз объектісі емес. Структурализмді саналы процестерді жеке элементтерге бөлу тәсілдемесінің жасандылығымен айыптады. Оның қарсыластары «бүкіл тәжірибе бастапқы күйінде қалпына келмейді» деді. Олардың мәлімдеуінше, алған әсер әлде бір жеке түйсінулер, бейнелер немесе эмоциялық күй түрінде емес, осы факторлардың жиынтығы ретінде пайда болады. Сондықтан саналы тәжірибенің әлдебір бөлігі оны жасанды бөлу кезінде жоғалады. Кейін осы дәлелді гештальт-психология мектебі (12-тарауды қараныз) структурализмге қарсы қолданды.

Психологияның структуралистік анықтамасы да сынға алынды. Титченер өмірінің соңында бұл ғылым бірнеше бағытта дами бастады. Себебі олар өздерінің әдістері мен міндеттері бойынша сәйкес келмеді. Олардың қатарында бала психологиясы мен жануарлар психологиясы болды. Оның тұжырымдамасы жаңа бағытты қамтып зерттеу үшін тым шектеулі болатын. Психология Титченердің ойлау шегінен асып, қарқынды түрде дамуын жалғастырды.

Структурализмнің қосқан үлесі

Титченердің структуралистік қатты сынға алынғанына қарамастан, Титченер мен оның жақтастарының психологияның дамуына қосқан үлесі зор болды. Олардың саналы тәжірибені зерттеу пәнінің нақты анықтамасы қалыптасты. Бақылауға, экспериментке және өлшеуге негізделген зерттеу әдістері ғылыми параметрлерге сәйкес келді. Адам саналы тәжірибе кезінде сананы жақсы меңгергендіктен, өзін-өзі бақылау зерттеудің ең жақсы әдісі болды.

Структурализмді зерттеу пәні мен оның мақсаттары өзінің өзектілігін жоғалтса да, интроспекция әдісі психологияның көп саласында қолданылды. Психофизиканың қазіргі зерттеулерінде, мысалы, экспериментке қатысатын адамдарға «қай дыбыс қатты немесе ақырын естіледі» деген сұрақ қояды. Өдеттен тыс жағдайларда ғарышта салмақсыздық күйіндегі адамдардан өзіне-өзі есеп беруі тиіс. Науқастардың көңіл күйі туралы есебі, ұсынылып отырған тестілерге жауабы да интроспекцияның нұсқалары болады.

Күрделі логикалық пайымдаулар сияқты танымдық процестерді қамтитын интроспективті есептер адам қызметінің түрлі салаларында қажет болады. Мысалы, кәсіпорындардың психологтері жабдықты жетілдіру үшін жаңа электронды құрылғылар арқылы қызметкерлердің түйсінулері туралы интроспективті есептерін зерттейді. Осы ақпарат пайдаланушылар үшін өте ыңғайлы құрылғыларды, сондай-ақ эргономикалық орындықтар мен үстелдерді жетілдіру үшін қолданылуы мүмкін. Жеке тәжірибеге негізделген осындай ауызша хабарламалар мағлұматтарды жинаудың заңды формасы болып есептеледі. Сонымен бірге когнитивті психология оның саналы процестерге қызығушылығымен бірге, интроспекцияға легитимділік ұсынады (15-тарау). Сөйтіп, Титченердің ұсынған әдісіне ұқсамайтын интроспективті әдіс жарамды күйінде қалады.

Структурализмнің қосқан үлесі оның қызмет көрсетуінен тұрады. Структурализм психологиядағы жаңа ағымдардың өз күштерін біріктіруіне қарсы мықты дәстүрін қамтамасыз етті. Пайымдаудың жаңа мектептері структуралистік позицияны қайта тұжырымдау арқылы тіршілік етті. Ғылымда ілгерілеу үшін бірденені қарсы қою керек. Титченер структуралистік қарсы қою идеясы болғандықтан, психология структурализм жүйесінің алғашқы шектерінен асып түсті.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Өзінің шәкірттеріне зонд жұтқызған кезде және жуыну бөлмесіне дәптермен бірге кіру кезінде Титченер қандай ақпарат ізледі?
2. Титченер тәсілдемесінің Вундт тәсілдемесінен қандай айырмашылығы бар?
3. Титченердің психологиядағы әйелдерге қатысты парадокстық көзқарастарын сипаттаңыз. Титченер әйелдерге қолдау көрсетті ме, әлде кемсітті ме?
4. Титченердің пікірі бойынша, психологияның зерттеу пәніне не кіреді? Психологияның зерттеу пәнінің басқа ғылымдардың зерттеу пәнінен қандай айырмашылығы бар?
5. Стимул қателігі деген не? Мысал келтіріңіз. Титченер стимул қателігінен қалай құтылуға болады деп есептеді?
6. Титченер сана мен ақыл арасындағы айырмашылықты қалай сипаттады?
7. Титченер интроспекциясының әдісін сипаттаңыз. Оның Вундттың әдісінен қандай айырмашылығы бар?
8. Әсер алушы адамнан бөлек тәжірибе мен әсер алатын адамға тәуелді тәжірибе арасындағы айырмашылықты талқылаңыз. Мысалдар келтіріңіз.
9. Титченердің ойлайтын адам мен жалпы адамдардың көзқарастарындағы «реагент» термині нені білдіреді?
10. Титченердің үш элементарлы күйі мен менталды элементтердің төрт белгісін сипаттаңыз.
11. Титченер өмірінің соңында өзінің жүйесін қалай өзгертті?
12. Титченердің жұмысына дейін интроспекция әдісі қалай сынға алынды?
13. Титченердің интроспекция тәсілдемесі

қандай негізде сынға алынды? Ол сыншыларына қалай жауап берді?

14. Титченер тексеру мен өзін-өзі талдау жасау арасында қандай айырмашылық бар деді?
15. Титченердің айтуынша психологиялық зерт-

теулерде ретроспекцияның рөлі қандай?

16. Титченердің структуралисті туралы қандай қосымша сыни ескертулер жасалды?
17. Титченер структуралистінің психологияға қосқан үлесін сипаттаңыз.

Ұсынылған әдебиеттер

- Angell, K. (1928). Titchener at Leipzig. *Journal of General Psychology*, 1, 195–198. Титченердің шәкірті оның жеке қасиеттерін сипаттайды.
- Beenfeldt, C. (2013). *The philosophical background and scientific legacy of E. B. Titchener's psychology: Understanding introspection*. New York: Springer Science & Business Media. Титченердің жаңа психологиядағы тәсілдемесін талдау. Бұл еңбекте британдық эмпириктер мен ассоцианистер философиясы мен Титченердің сананы элементтерге дейін бөлуіне ерекше назар аударылады.
- Boring, E. G. (1953). A history of Introspection. *Psychological Bulletin*, 50, 169–189. Титченердің интроспекция формалары туралы толық ақпарат береді және кейінгі ой мектептерінде интроспективті есептерді сипаттайды.
- Danziger, K. (1980). The history of introspection reconsidered. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 16, 241–262. Британдық, неміс және америкалық психология жүйе-

лерінен алынған интроспекция теориясы мен практикасына арналған түрлі көзқарастарға шолу жасау.

- Hindeland, M. J. (1971). Edward Bradford Titchener: A pioneer in perception. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 7, 23–28. Титченердің түйсіну мен қабылдау тақырыптарына эксперименттік тәсілдемені қарастырады.
- Lieberman, D. A. (1979). Behaviorism and the mind: A (limited) call for a return to introspection. *American Psychologist*, 34, 319–333. Өзіне-өзі талдау жасауға қарсы тарихи дәлелдерді қарастырады, көп дәлелдердің жарамсыз екенін тұжырымдайды және қазіргі психология мәселелеріне интроспективті әдістерді кең қолдануды қолдайды.
- Pillsbury, W. B. (1940). Margaret Floy Washburn (1871–1939). *The Psychological Review*, 47(2), 99–109. Уошберннің өмірі, мінезі және психологияға қосқан үлесі туралы әңгімелейтін қызық некролог.

Функционализмнің қалыптасуына әсер еткен жағдаяттар

Дженниді көруге келген адам

Психологиядағы функционалистер наразылығы

Дарвинге дейінгі эволюция

Эволюциядан қашып құтыла алмайсыз

Дарвиннің өмірі (1809–1882)

Адамның жабайы ортадан өркеннетті әлемге шығуы

Табиғи сұрыпталу арқылы пайда болған «Түрлердің шығу тегі туралы» шығармасы

Құнақ пен Миннесота тышқанын зерттеу

Дарвиннің психологияға қосқан үлесі

Жеке адамның айырмашылықтары: Фрэнсис Гальтон (1822–1911)

Гальтонның өмірі

Психикалық тұқымқуалаушылық

Статистикалық әдістер

Ақыл-ой қабілеттерін сынау тестілері

Идеялар ассоциациясы

Психикалық бейнелер

Иіс сезу арифметикасы және басқа да оғаш тақырыптар

Түсініктеме

Жануарлар психологиясы және функционализмнің дамуы

Джордж Джон Романес (1848–1894)

К. Ллойд Морган (1852–1936)

Түсініктеме

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Дженниді көруге келген адам

Дженни екі жасар бала сияқты киінетін, жүріс-тұрысы да балаға ұқсайтын. Оны көруге көп адам жиналатын. Олар оған тамсана қарайтын. Себебі Дженни кішкентай балаға ұқсаған орангутан маймыл еді. Ол Лондон зообағындағы керіктің торында тұратын. Бұл 1838 жыл еді.

Ол кезде мұндай жануарды көрген адам Еуропада көп емес-тін. Дженниді көруге келген адамдардың бірі таң-тамаша қалып жатса, енді бірі оның құдды адам сияқты жасайтын іс-қимылдарынан абдырап қалатын. Ол кішкентай қыз сияқты көйлек киіп алып, үстелге отырып, қасықпен тамағын ішіп, қараушы адамның не айтқысы келгенін түсінуге тырысып бақты. Сонымен бірге ол өзіне ненің рұқсат етілгенін және ненің рұқсат етілмегенін түсінді.

Дженниді көруге келген адам былай деп жазды:

«Дженниді қараушы адам оған алманы көрсетті де, бермей қойды. Дженни оның иығына шығып алып, ұрын-соғып, сөзге көнбейтін бала сияқты жылады. Қараушы адам: «Дженни, егер сен жыламай, жақсы қыз болсаң, мен саған алма беремін», – деді. Дженни қараушы адамның айтқанын толық түсініп, жылағанын тоқтатты. Қараушы адам оған алма берді» (Aydon, 2002, p. 128).

Бәлкім, Дженниді көруге келген ер адам оған қарап тұрып, өзінің екі кішкентай баласын еске алған болар. Бірнеше ай өткен соң, ол зообаққа қайтып келіп, үрлемелі сырнайы мен айна алып келді. Ол сырнаймен Дженнидің алдында ойнап, содан кейін оған берді. Ол да сырнайды ерніне салып ойнады. Дженниге айна берген кезде, ол өзінің бейнесін көру үшін айнаға қайта-қайта қарай берді. Ер адамның балалары да дәл осылай істейтін.

Қараушы адам Дженнидің зообаққа келушінің қолынан нан алғанын көрді. Дженни нанды алғаннан кейін қараушыға қарап, оның рұқсатын алғаннан кейін ғана нанды жеді. Кейде ол тіл алмайтын баланың қылығын көрсететін. Істеме деген нәрсені істейтін. Дженни өзін қараушы көрмей тұр деп ойлағанда қателіктер жасап, тығылып қалатын. Оны жазалаған жағдайда, көрпенің астына тығылатын (Keupes, 2002, p. 50).

Дженнидің іс-қимылдары зообаққа келген ер адамға қатты әсер етті. Ол енді «Адамдар мен жануарлар, шынымен де, ұқсай ма?», «Олардың эмоциялары бірдей бола ма?» немесе «Біз қаншалықты жануарларға жақынбыз?» деген сұрақтарға жауап іздей бастады (Heilgiman, 2009, p. 48).

Ол сосын өзінің қойын кітапшасына: «Орангутанды үй ішінде байқап көріңіз. Оның ақыл-ойын тексеріңіз ... содан кейін маймылдың мақтануына мүм-

кіндік беріңіз... Менмендігі жоғары адам өзін Жаратушының ұлы туындысымын деп есептейді. Менің ойымша, біздің жануарлармен байланысымыз бар», – деп жазып қойды (Ridley, 2003, p. 9).

Ал Дженниден әсер алған зообакқа келуші ер адамның есімі Чарльз Дарвин болатын.

Психологиядағы функцияшылдар наразылығы

Чарльз Дарвин мен оның эволюция тұжырымдамасы сана құрылымынан бастап, оның функцияларына дейінгі аралықтағы жаңа психологияның фокусын өзгертті. Бұл функциялық ой мектебінің дамуына ықпал еткені сөзсіз.

Функционализм психиканың қызмет етуі немесе организмнің қоршаған ортаға бейімделу мәселелерімен айналысады. Функциялық психология ағымы психикалық процестердің ролі мен мәніне күш салды. Функцияшылдар психиканы шынайы әлемде практикалық нәтижеге алып келетін функциялар мен процестерді зерттеді. Вундт пен Титченер өткізген психика зерттеулері адамның психикалық қызметіндегі практикалық нәтижені көрмеді.

Алғашқы америкалық психология жүйесі – функционализм – Вундттың эксперименттік психологиясы мен Титченердің структурализміне қарсы шыққан ағым. Бұл екі бағыт та «Сана қандай функция атқарады және оны қалай жүзеге асырады» деген сұраққа жауап бере алмады.

Олар организмнің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуі жағдайындағы зерттеумен айналысқандықтан, күнделікті тапсырмаларды шешу үшін психологияны қолдану мәселелерімен де айналысуына тура келді. Сөйтіп, қолданбалы психология АҚШ-та тез дамып, ол функцияшылдардың басты шығармашылық мұрасы болып есептелді.

Біз осы тарауда жануарлардың мінез-құлқын зерттейтін Чарльз Дарвин, Фрэнсис Гальтон және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінен функциялық психология ағымын қарастырамыз. Функционализмнің жолбасшылары өз идеяларын жетілдірді.

Дарвиннің эволюция мәселелеріне арналған «Түрлердің шығу тегі туралы» (*On the Origin of Species*) еңбегі (1859) Фехнердің «Психофизика элементтері» (*Elements of Psychophysics*) кітабынан (1860) – 1 жыл, ал Вундттың Лейпцигтегі зертханасынан 20 жыл бұрын жарық көрді. 1869 жылы Гальтон жеке айырмашылықтар мәселелері жөнінде өзінің жұмысын бастады. XIX ғасырдың 80-жылдары жануарлардың психологиясын зерттеу тәжірибелері өткізілді.

Сөйтіп, Вундт пен Титченер сана функцияларын, жануарлардың жеке айырмашылықтары мен мінез-құлқын зерттеуден бас тартқан кезде, функцияшыл ғалымдар аталмыш мәселелерді зерттей бастады. Америкалық психологтердің жаңа буыны психологияға психикалық функцияларды, тұлғалық айырмашылықтарды және тәжірибеден өтетін тышқандардың зертханаларын енгізді.

Дарвинге дейінгі эволюция

Аристотель – (б.д.д. 384–322 жж.) жануарлардың түрлері арасында ұқсастықтар мен мінез-құлық айырмашылықтарының бар екенін мойындаған алғашқы ғалым. Мысалы, ол «адамның қолы құстардың қанаты мен балықтардың жүзбеқанатына ұқсас» деген болжам айтты. Алайда ол жануарлардың түрлері эволюцияға ұшырап, өзгереді деп ойламады. Себебі сол дәуірдегі адамдардың санасы мұндай жаңалыққа әзір емес еді.

IX ғасырда Иракта дүниеге келген жас ғалым аль-Джахиз табиғи сұрыпталу идеясына жақындай түсті. Аль-Джахиздің «Жануарлар» (*Book of Animals*) кіта-

бында олардың 350 түрі сипатталған. Оның пікірі бойынша, Құдай барлық тірі жанларды әр түрлі формада жаратты, бірақ жануарлардың түрлері арасындағы функциялар мен формасында өзара байланыс бар. Жануарлар тірі калу үшін өзінің ортасына қалай бейімделуі керектігін және Құдайдың қалауымен жануарлардың мықтылары ғана аман қалатынын тұжырымдады.

Алайда оның еңбегінің эволюция теориясына қатысы жоқ еді. Дарвин өз жұмысында оны да қолданбады. Оны қолдануға мүмкіндігі де болған жоқ. «Дарвин араб тілін білмеген және бұл еңбектің ағылшын тілінде аудармасы болмады. Қазір де бұл еңбек толық ағылшын тіліне аударылмаған» (Stott, 2012, p. 44).

XVIII ғасырда Дарвиннің зерттеу жұмысына оның атасы Эразм Дарвин ықпал етті. Дәрігер Эразм Дарвин «Құдай жер бетінде тіршілік ету формасын орнатты, бірақ жануарлардың немесе өсімдіктердің түрлерін өзгерткеннен кейін Құдай жер бетіндегі іске араласпады» деген болжам айтты. Эразм Дарвиннің сөзі бойынша, ұзақ уақыт бойы жануарлардың формаларында табиғи заңдарға сәйкес өзгерістер жасалып, олар қоршаған орта өзгерістеріне бейімделген.

Эволюциядан қашып құтыла алмайсыз

1809 жылы француз натуралисті Жан-Батист Ламарк тірі табиғаттың даму теориясын тұжырымдап шығарды. Ол теория бойынша сыртқы жағдайларға бейімделуге ұмтылатын жануарлардың сыртқы түрін өзгертуге көңіл бөлді. Ламарктың пікірі бойынша, бұл өзгерістер тұқымқуалаушылық арқылы берілді. Оның теориясына сәйкес, керік мойнының ұзын болуы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өзгерістердің нәтижесі. Бұл өзгерістер керіктердің азық іздеуі кезінде ағаштардың жоғары бұталарына созылу қажеттілігінен туындады.

1800 жылдардың ортасында ағылшын геологі Чарльз Лайель геологияға эволюция түсінігін енгізіп, Жер шары түрлі даму кезеңдерінен өтіп, қазіргі күйіне жетті деген болжам жасады.

Ол 1844 жылы «Жаратылыстың пайда болуы» (*Vestiges of the Natural History of Creation*) атты еңбегін жариялады. Онда өсімдіктер мен жануарлардың эволюциясы сипатталады. Аталмыш туынды Еуропа мен АҚШ-та кең таралды. Еңбекпен танысқандардың ішінде әйгілі философтар, ғалымдар мен теологтерден өзге, АҚШ президенті Авраам Линкольн мен Британ патшайымы Виктория да бар еді. Бұл тақырып қарама-қарсы пікірлерді өрттей қаулатып, эволюция ұғымының қоғамның әр саласында кеңінен таралуына айтарлықтай ықпал етті (Caton, 2007).

Ғасырлар бойы дүние жаратылысын Інжіл нұсқасы бойынша түсініп келген ғалымдарды балама түсінік іздеуге не итермеледі? Оның бір себебі – ғалымдар жер бетін мекендейтін беймәлім жануарлар мен өсімдіктер туралы көбірек мәліметтер ала бастады. Зерттеушілер бұрын беймәлім болып келген жан-жануарлардың бар екенін анықтады. Сондықтан бұл жерде «Нұх пайғамбар кемеге жан-жануарлардың барлығын жұптап салған болса, олардың барлығы кемеге қалай сыйып кетті» деген күдіктің тууы да заңды еді. Ашылған жаңа түрлердің көптігі сондай – ғалымдардың аталмыш оқиғаға күдікпен қарамауына амалы да болмады.

1501 жылы Америка құрлығына есімі берілген италиялық зерттеуші Америго Веспуччи Оңтүстік Америка жағалауына барған үшінші саяхатында былай деп жазды: «Мұнда Испанияда жоқ жабайы аңдар жыртылып айырылады. Пума, бабыр, жабайы мысықтың түр-түрі, біз білмейтін қасқыр, қызыл бұғы, маймылдар мен мысықтардың жеті атасы...мартышкалар мен алып жыландар, айта берсе көп енді... Осыншама жан-жануардың Нұхтың кемесіне сыюы неғайбыл дүние» (Boorstin, 1983, p. 250).

1830 жылдары Англия мен Еуропаның басқа елдерінде адамдар өздеріне ұқсайтын түрлі жануарларды алғаш рет көрді. Англияның зообақтарында адамдар орангутанмен танысты. Кейде маймылдарды ел аралатып таныстырды. 1835

жылы Лондон зообағына Томми есімді шимпанзе әкелінді. 1837 жылы Дженни-орангутан көрмеге қойылды. Екі жыл өткен соң тағы бір орангутан көрмеге әкелінді. 1850 жылдары аталық орангутан Англия және Шотландия қалаларына саяхатқа шықты. Бұл саяхат барысында маймылдың ақыл-ойы мен мінез-құлқының адамдарға ұқсас екені көрсетілді.

1853 жылы горилланың қаңқасы адам қаңқасымен бірге Британ мұражайына қойылды. Адам мен горилланың арасындағы ұқсастық көп адамды ыңғайсыз жағдайға қалдырды. Мұндай ұқсастықтан кейін адамдар өзін жер бетіндегі бірегей тіршілік иесіміз деп есептемеді.

Сол кезде зерттеушілер сүйектері мен қалдықтары тіршілік етіп жатқан жан-жануарлардың бірде-біреуіне ұқсамайтын беймәлім мақұлықтарды да тауып жатты. Мұндай дүниелердің ғалымдарды қызықтырғаны соншалық – көптеген адамдар енді жаппай қаңқа мен қалдық жинауға кірісіп кетті.

«XVIII ғасырда Ұлыбританияда ауқатты адамдардың үйлерінде кездесетін жан-жануарлардың қалдықтары асқан талғампаздық пен мәдениеттің бір белгісі сияқты еді. Мұндай заттар өте сирек кездесіп, әдемі көрінетін... тасқа айналған жануарлар мен өсімдіктерге ие болудың өзі білімге деген құштарлықты, жаратылыстану философиясын түсінуді, жер бетіндегі құпия процестерді танып білуді меңзеді» (Winchester, 2001, p. 106).

Адамдар осы қалдықтар мен сүйектер арқылы адамның шығу тегінен қандай да бір сыр тартқысы келді. Осындай артефактілердің көп мөлшерде пайда болуы ғалымдардың «тіршілік етіп жатқан жан-жануар атаулы уақыт өте келе өзгеріске ұшырайтын тұрақсыз форма» деп ой қорытуына түрткі болды. Жануарлардың бұрынғы түрлері жойылып, олардың жаңа түрлері пайда болды. Кейбіреулері тіршілік етіп жүрген формаларын өзгертті. Бұдан «табиғаттағы барлық тіршілік иелері қандай да бір өзгерістердің нәтижесінде пайда болды ма, әлде олар әлі де эволюциялық процесті жалғастырып отыр ма» деген сұрақ туындады.

Ғалымдардың зерттеу тақырыбында және күнделікті өмірде түрлі өзгерістер байқалды. Өнеркәсіптік революцияның ықпалымен «уақыт рухы» да түбегейлі өзгеріске ұшырады. Халықтың ауыл-аймақтардан қарқынды дамып келе жатқан индустриалды орталықтарға көшіп-қонуы салдарынан қоғамдық құндылықтар, қоғамдағы өзара қарым-қатынастар жүйесі, мәдени және моральдық нормалар бұзылды. Ғылымның рөлі де айқындала бастады. Ғылыми ой-сананың жетістіктері негізінде адам мен қоғам туралы түсінікке бейімделген адамдардың саны артты.

Заманның қалауымен өзгерістер енгізу қажет еді. Аталмыш өзгерістер фермерлерге де қатысты болды. Олардың өмір сүру тынысы ауыл шаруашылығы машиналарының жұмыс істеу процесімен және жануарлардың сүйектерін зерттеумен айқындалып, ғалымдардың жұмыс істеу процесімен анықталды. Қоғамдық және ғылыми орта табиғаттың эволюциялық даму идеясын мойындауға жағдай жасады. Алайда ол нақты фактілердің жетіспеушілігі салдарынан адамдардың санасында болжамдар күйінде қалыптасты. Дарвиннің «Түрлердің шығу тегі туралы» (*On the Origin of Species*) еңбегі жарық көргеннен кейін эволюция идеясына дәлелдер жеткілікті болып, ол ғылыми теорияға айналды.

Дарвиннің өмірі (1809–1882)

«Дарвинді жолы болғыш адам деп қарауға болады. Оның атасы Англиядағы ең танымал ер-азаматтардың бірі еді. Ол аталарының арқасында кішкентай кезінен бастап ақылды адамдар мен шығармашылық иелерінің ортасында жүрді. Әкесі өте ауқатты адам болатын. Сол себепті ол есейе келе әкесі қаламайтын дүниені еш уақытта жасамайтынын толық түйсінді. Ол кейінгі өмірінде де әкесінің айтқанын бұлжытпай орындап өтті. Соның арқасында әйгілі ғалым өмірінің соңына дейін қамқорлық пен қолдаудан еш кенде болмады» (Aydon, 2002, p. xxiii).



ЧАРЛЬЗ ДАРВИН

<https://en.wikipedia.org>

Балалық шағында Чарльз Дарвин әлемге танымал ғалым болады деп ешкім ойлаған жоқ. Ол жұрттың назарын аудару үшін ұрлық жасап, өтірік айта салудан еш жалтармайтын. Оны көрген адамдар Чарльз өте бұзық болғанын айтады. Жаман қылығы үшін бөлмеге қамалған оның терезені сындырмақшы болғаны да бар (Desmond & Moore, 1991). Оның осындай қылығын көрген дәрігер әкесі әулеттің атына кір келтіре ме деп, көп уайымдайтын.

Сабак үлгерімі мез болмағанымен, Чарльзге жаратылыстану тарихын оқу, монеталар мен минералдарды жинау ұнайтын. Эдинбург университетінің медицина мамандығына түскен ол, көп өтпей-ақ оқуды еш қызығы жоқ дүние санады. Енді әкесі оны діни қызметкер болу керек деп шешті. Жас Дарвин үш жылын Кембридж университетінде өткізді. Оқу тұрғысынан, бәлкім, бұл да ол үшін босқа уақыт жоғалту кезеңі болған шығар, алайда әлеуметтік тұрғыда бұл Чарльздің ең бір бақытты шағы еді. Ол бар уақытын өзі азған, ақыл-есі жарым деп суреттейтін замандастарымен шарап ішіп, ән айтып, карта ойнаумен өткізді. Осы кезде ара жинаумен де айналысып көрді.

Оның ұстазы, әйгілі ботаник Джон Стивенс Хенслоу Дарвинді «Бигль» кемесіне натуралист-зерттеуші қызметіне тағайындады. Бұл кеме британ үкіметі тарапынан ғылыми мақсаттармен дүниені шарлап шығуға тиіс еді. Олар 1831–1836 жылдар аралығындағы әйгілі саяхат барысында Оңтүстік Америкада, Таитиде, Жаңа Зеландияда, Вознесение және Азор аралдар шоғырында зерттеу жүргізді.

Дарвин мұрнының пішініне байланысты кеме бортындағы жұмыстарға жіберілмеді. Френологиямен айналысатын кеме капитаны Роберт Фицрой адамдардың мінез-құлқын оның бет-әлпетіне қарап ажырататындықтан, Дарвиннің мұрнын жақтырмады. Оның ойы бойынша, Дарвиннің мұрын пішіні жалқаулықты білдіретін (Heiligman, 2009, p. 8). Алайда ол мұның бәрі керісінше екенін бәрібір дәлелдеп шықты. Айтпай кетуге болмайтын тағы бір жайт – мұрнының пішіні әйгілі ғалымның өзіне де ұнамады. Өзінің ойынша, мұрны «тым үлкен әрі пияз тәріздес» еді. Фицрой аса діндар адам болғандықтан, кемедегі натуралист адам саяхат барысында Інжілдің жаратылыс жөніндегі теориясын айғақтайтын дүниелер табумен айналысса екен деді. Бірақ Чарльз ол ойлаған адам болмай шықты.

Дарвин экспедицияға қатысуының арқасында жануарлар мен өсімдік әлемінің сан алуан түрімен танысып, көптеген жан-жақты материал жинауға мүмкіндік алды. Сонымен бірге оның мінезі де өзгерді. Ол тірі табиғат эволюциясы теориясының негізін салғысы келді.

1839 жылы Дарвин өзінің жиені Эммаға үйленіп, 3 жыл өткен соң отбасымен бірге Лондонның жанындағы Даун аулына көшіп барды. Оның денсаулығы соншалықты мез емес-тін. Күнделікті тыныштығын әлдебірдене бұзған кезде, ол түрлі аурулармен ауырып қалатын. Сөйтіп, Дарвин ауырған кезде сыртқы әлеммен байланысын үзіп, жаңа теорияны зерттеу жұмыстарымен ғана айналысты. Оның өмірбаянын жазған бір кісі Дарвиннің ауруын «шығармашылық процесті туындататын ауру» деген анықтама берді (Pickering, 1974).

«Дарвин оңаша өмір сүріп, қонаққа барудан қашып, үйіне де қонақ шақырмайтын. Ол үйіне кімнің келгенін біліп отыру үшін бөлмесіне айна орнатып қойды. Дарвин үйінен басқа жерде ұйықтамайтын. Оның денсаулығы нашар болып, басқа жерде оның көңіл күйі дұрыс болмайтын» (Desmond & Moore, 1991, pp. xviii–xix).

Оның өз денсаулығына алаңдайтындай себептер бар еді. Шіркеу қызметкерлері мен кейбір ғалымдар табиғат эволюциясы идеясын ғайбаттап бақты. Діни басшылық мұндай идея қоғамдық қағидаларды тәлім-тәрбиелік тұрғыдан ыдыратады деп ойлады. Діни адамдар өздерінің уағыз-насихаттарында «адам мен жануар арасында айырмашылық болмаса, олардың мінез-құлқында да айырмашылық болмас еді» дегенді айтты.

Дарвин өзін «шайтан ісін уағыздаушы» деп атап, оның эволюция теориясы өзін өлім жазасына басын тіккен адамның жұмысы деп мойындады (Desmond & Moore, 1991). Өзінің идеяларын жариялағаннан кейін еретик атанып, қарғыс алатынын түсінді.

Жиырма екі жыл өткен соң ғана Дарвин әлемді өзінің жаңалықтарымен таныстырды. Өзінің теориясын жариялаған кезде оның қолында ғылыми дәлел болуы тиіс еді. Сондықтан ол асықпай, өте тыңғылықты жұмыс істеді.

1842 жылы Дарвин өз теориясының алғашқы 35 бетін әзірледі. Екі жылдан кейін оның еңбегі 200 беттен тұрды. Өзінің жаңалығын құпия сақтады, геолог Лайель мен ботаник Джозеф Хукер ғана оның мазмұнымен таныса алды. Ол 15 жыл бойы жинаған материалдарын терең зерттеп, дәлелдерді тексеріп, қайта қарап отырды.

Адамның жабайы ортадан өркениетті әлемге шығуы

Дарвин 1858 жылы жас натуралист Альфред Рассел Уоллестен хат алмағанда, өзінің еңбегін жариялауды қаншалықты кейінге қалдыратынын бір құдай білсін. Уоллес Вест-Индияда жүрген сапарында Дарвин теориясына ұқсас өзінің эволюциясын ойлап тапты. Алайда оның теориясын дәлелдейтін материал аз болды. Уоллестің сөзіне сенсек, оның бұл теорияны ойлап табуға бар-жоғы үш-ақ күні кеткен. Уоллестің өмірбаянын жазған ғалым:

«Екі сағат ішінде қатты қалтырап, терлеп (безгек ауруының белгілері), жүдеп кетсе де, Уоллес табиғи сұрыпталу теориясын ойлап тапты. Бұл көпжылдық тәжірибе мен ізденістің нәтижесі еді. Кейінгі екі күн ішінде ол осы теорияны жазып шықты», – деді (Slotten, 2004, p. 144).

Уоллес өзінің жаңалығын қалай ашқанын былайша бөліседі: «Маған «неліктен біреулер өледі де, енді біреулер өмір сүреді» деген сұрақ маза бермеді. Әлбетте, бұл сұрақтың жауабы анық еді: кез келген ортада ең жақсы бейімделгендер ғана тіршілік етеді. Ауруға шалдыққандар арасында денсаулығы мықтылары ғана тірі қалады. Денсаулығы мықты жануарлар ғана жауларынан, мықтылардан, ең жылдам немесе ең айлакер жануарлардан, аштықтан, аңшылардан сақтана алады немесе асты жақсы қорытатын тіршілік иелері ғана аман қалады және т.б. Содан мен мынадай қорытындыға келдім: өзін-өзі қорғау барысында тек мықтылар, бейімделгендер ғана аман қалады» (Stoff, 2012, p. 261).

Уоллес Дарвинге жазған хатында өзінің жаңалығы туралы оның пікірін білгісі келді және бұл жаңалығын жариялау үшін Дарвиннен көмек сұрады. Уоллестің мақаласы Дарвинге қатты әсер етіп қана қоймай, оның берекесін қашырды. Дарвин мақалаға қарап, өзінің өмір бойы айналысқан жұмысын оқып отырғандай әсер алды. «Дарвиннің кез келген идеяға қатысты үстемдігі бос әурешілік болып, оның өзіндік ерекшелігі шайылып кетті» (Raby, 2001, p. 137).

Көп ғалымдар сияқты, Дарвин да айрықша атакқұмар еді. Ол өз күнделігінде: «Мен арзан атакқа ұмтылмаймын... Мақтан үшін жасалатын жұмысты иттің етінен жек көрем. Ал егер кімді-кім идеяларымды менен бұрын жарияласа, өзімді өзім қорлағандай әсер алар едім», – деп жазған (Merton, 1957, pp. 647–648). Лайельдің сөзі бойынша, Дарвин Уоллеске көмектескен жағдайда, Дарвиннің эволюция теориясы бойынша жасаған еңбегі босқа кетіп, ол авторлық құқықтан айырылар еді (Benjamin, 1993).

Уоллесті бір ойлап, еңбегін жарыққа шығаруды бір ойлап, басы қатып жүргенде Дарвиннің 18 айлық ұлы қызамықтан қайтыс болады. Уоллестің хатын көп ойлап, әбден қажыған ол, ақыр соңында, мынадай қорытындыға келеді: «Егер мен жылдар бойы зерттеген дүниемнен айырылып қалсам, ең ауыры сол болар еді. Бұл әділетті шешім болады деп айтпас едім... Егер мен өз еңбегімді дәл қазір жарияламасам, өз-өзімді сыйламағандық деген осы» (Merton, 1957, p. 648).

Лайель мен Хукер Уоллестің хаты мен Дарвиннің болашақ кітабынан үзіндіні 1858 жылы шілденің 1-де болатын Линней қоғамының (швед натуралисі Линнейдің атындағы ғылыми қоғам) жиынында оқуға ұсыныс білдіреді. Бірақ дәл сол күні Дарвиннің ұлы да жер қойнына тапсырылатын болады. Бары сол. Ал кейінгі тарихты көзіқарақты оқырман өзі де біледі. Дарвиннің «Түрлердің шығу тегі туралы» (*On the Origin of Species*) кітабы көптің таңданысы мен қарсылығын қатар тудырды. Түрлі сын, пікірлерге ұшырағанына қарамастан, Дарвиннің атағы аспандап сала берді.

Ол кітабы жарық көрген кезде бойына жабысқан жаңа дерттен запы болып жүрген еді. Ол дертін «ұзақ уақыт бойы құсқым келеді», «денеме бөртпелер мен сыздауықтар қаптап кетті» немесе «өзімді әлсіз сезіндім» деп сипаттады (Desmond, 1997, p. 257). Ем алу үшін Англияның солтүстігіне бет алған Дарвин содан екі ай бойы ешкімге төбе көрсетпей қояды.

Уоллес Дарвинге ұқсас теорияны ойлап тауып, оған лайықты бағасын алмағаны үшін аса қатты қайғыра қоймады. Линней қоғамында Дарвин екеуінің еңбектері оқылатынын естіген Уоллес «мені асыра бағалап жіберді» деді. Ол өзінің мақаласын жіберу арқылы Дарвиннің «тарихтағы ең маңызды еңбектерінің бірін тездетіп жариялауға» ықпал еткеніне разы болды (Raby, 2001, pp. 141–142).

Уоллес 1913 жылы 90 жасында қайтыс болды. Линней қоғамы Уоллестің жасаған жетістіктері үшін оны жерлеу рәсімін өз мойнына алды. Дорсеттің (Англия) Бродстоун зиратындағы Уоллестің мазарында биіктігі жеті футтық ағаш діңі бейнеленген. Уоллес туралы деректі фильмдерді YouTube-тен көруге болады (Lichtman & Shattuck, 2013).

Дарвиннің кітабымен танысқаннан кейін Уоллес досына былай деп жазды: «Мен осы кітаптың аяқталған күйін, ондағы жиналған ауқымды дәлелдерді, оның жазылу сарынын көргім келді... Дарвин мырза жаңа ғылым ойлап тапты». Оның Дарвинге жазған хаттарында да осындай мақтау айтылып жатты. Уоллес Дарвиннің жауап хатын сақтап қалды. Онда Дарвин: «Мынау адамзат баласына тән әлсіздіктерден бойыңызды аулақ ұстайтыныңыз қандай жақсы. Бірақ сіз өзіңізді тым кемсітіп жібердіңіз. Егер сізде мендегідей мүмкіндік болса, сіз де бұл жұмысты ойдағыдай, бәлкім, менен де күштірек атқарған болар едіңіз». – деп жазған болатын (Slotten, 2004, pp. 172–173).

Табиғи сұрыпталу арқылы пайда болған «Түрлердің шығу тегі туралы» шығармасы

Бүгінгі таңда Дарвиннің эволюция теориясын білмейтін адам кемде-кем. Сол себепті біз мұнда оның негізгі ережелеріне шолу ғана жасаймыз. Тіршілік иелерінің өзгеріп тұру фактісін анықтаған Дарвин ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын өзгерістерді тұқымқуалаушылық арқылы беріледі деген ойға келді. Дарвиннің пікірі бойынша, табиғи сұрыпталу процесінде қоршаған ортаға ең бейім организмдер ғана аман қалатындықтан, тіршілік етудегі үздіксіз күресте ортаға бейімделе алмағандар жойылады.

1789 жылы экономист Томас Мальтустың «Халықты қоныстандыру тәжірибесі» (*Essay on the Principle of Population*) атты кітабын оқығаннан кейін, Дарвин аман қалу үшін күресу идеясын тұжырымдады (кезінде осы еңбек Альфред Уоллесті де жігерлендірген болатын). Мальтустың пайымдауы бойынша, әлемдегі азық-түлік өндірісі арифметикалық прогрессияда, ал Жердегі халық саны геометриялық прогрессияда өсіп келеді. Бұл жағдай көп адамдардың ашаршылықтан өлу қаупіне түрткі болады. Мұндай кезде тез бейімделгіш, айлакер, ерік-жігері күштілер ғана тірі қалады.

Дарвин өзінің табиғи сұрыптау тұжырымын жетілдіру үшін Мальтус қағида-сын барлық тірі организмдерге қатысты қарастырды. Осы түсінік бойынша, тіршілік ету күресінде жеңген жануарлар ұрпақтарына табиғи сұрыпталу кедергісі-

нен өткен дағдылар мен артықшылықтарды беруге тырысады. Бұл өзгерістерді тұқымқуалаушылықпен енгізу заңының бір көрінісі болғандықтан, кейін жана ұрпақ өкілдеріне өз әсерін тигізеді және оның кейбір өкілдерінде ата-анасымен салыстырғанда тіршілік ету үшін күресінде үлкен артықшылыққа ие болады. Соңында ұрпақтан-ұрпаққа берілетін осы қасиеттер айтарлықтай түрішілік өзгерістерді туындатады. Кейде түрішілік айырмашылықтардың терең болғаны соншалық – ол жана түрлердің пайда болуына алып келеді.

Дарвин табиғи сұрыпталуды эволюцияның жалғыз даму механизмі деп қарастырмады. Ол Ламарктың «организмнің жүре қабылдаған өзгерістері кейінгі ұрпаққа беріледі» деген пікірімен де келісті.

Томас Генри Хаксли және эволюция төңірегіндегі пікірталас. Кейбір ғалымдар эволюция теориясын қолдаса, тағы біреулер бұл теорияға қарсы шықты. Дарвиннің өзі ашық пікірталасқа қатыспады. Аталмыш теорияның белсенді жақтасы әрі дау-дамайға араласқысы келіп, құлшынып тұратын адамдардың бірі – биолог Томас Генри Хаксли (1825–1895) еді (Bibby, 1972). (Атақты биолог Джулиан мен «*Brave New World*» футуристтік романының авторы Олдос Хакслидің немерелері болып келеді).

Дарвин Хакслиді «уағыз (бұл жерде эволюцияны меңзеп отыр) таратушы бірден-бір сүйкімді жан» деді (Desmond, 1997, p. xiii). Хаксли ғылым жауларымен, эволюцияға қарсы шыққандармен ашық пікірталасқа сұранып тұратын жалынды әрі шешен адам болатын. Дарвиннің кітабы баспадан шығудан бір күн бұрын ол Дарвинге: «Қажет болса, мен басымды тігуге әзірмін», – деп хат жазды (Reel, 2013, p. 82).

Хакслидің үндеуі көпшіліктің, оның ішінде, әсіресе кара жұмысшылардың қолдауына ие болды. Ол ғылымды – жаңа дін, аман қалудың жаңа жолы деп уағыздады. Хакслидің өмірбаянын жазған биограф былай деп еске алады: «Қолдарын сүйел басқан сақалды жұмысшылар оны тыңдау үшін ағылып келетін... оның евангелистер немесе бүгінгі рок жұлдыздарының табынушылары сияқты, өз тындарманы бар еді» (Desmond, 1997, p. xvii). Адамдар оны көшеде тоқтатып, қолтаңба алып жатса, такси жүргізушілері одан жолақы алудан бас тартатын.

«Түрлердің шығу тегі туралы» кітап жарық көргеннен кейін Британия Ғылымды қолдау қауымдастығы Оксфорд университетінде эволюция туралы пікірталас ұйымдастырды. Дарвиннің жақтастары мен достары оны осы пікірталасқа келуге үгіттеп-ақ бақты. Алайда ол көпшілік ортасына барып, өз ойын қорғау дегенді суқаны сүймейтін. Достары үгіттеуін қоймады, ал пікірталас жанжал шығатындай өршіп кетті. Оның биографы бұл турасында: «Оны бұл дау-дамайдан асқазаны сақтап қалды. Кездесуге екі күн қалғанда Дарвиннің денсаулығы мүлдем нашарлап кетті. Дерт адамға қуаныш сыйлайтын осындай сәттер де болады» (Browne, 2002, p. 118).

700 адамдық аудиторияда Дарвин мен оның эволюциясын қорғауға Хаксли шықса, епископ Сэмюэл Уилберфорс (ұзақ сөйлейтініне байланысты «Мылжың Сэм» атанып кеткен) Інжілді қорғап сөз сөйледі.

Дарвиннің идеяларына сілтеме жасаған Уилберфорс өзінің маймылдан жаралмағанына қуанатынын айтты. Хакслидің жауабы мынадай еді: «Егер маған таңдау салса, ақиқатты іздеу кезінде оны бұрмалау үшін білімі мен шешендік өнерін қолданатын адам болудың орнына, қарапайым маймылдың ұрпағы болуды қалайтын едім» (White, 1896/1965, p. 92).

Дебатқа қатысып отырғандардың ішінде Дарвинмен бірге «Бигль» кемесінде саяхат жасаған бұрынғы капитан Роберт Фицрой да бар еді. Ол сол саяхат арқылы Дарвиннің зерттеулеріне көмектескені үшін өзін кінәлап бақты. Қолына Інжілді ұстап, сөз сөйлеген Фицрой көпшілікті Құдайдың сөзіне сенуге шақырды. Бірақ оны ешкім тыңдамады. Дарвиннің биографы ол турасында: «Бөлмеде тыныштық орнады. Фицрой ешкімді тыңдата алмай, креслоға отырды», – деп жазды (Browne, 2002, p. 123).

«Бигль» кемесіндегі саяхаттан кейін Фицройдың өмірінде қиын кезең басталды. Парламенттегі қызметі мен Жаңа Зеландия губернаторы қызметін атқарғаннан кейін ол метеорологиямен айналысу үшін Англияға оралды. Ол «ауа райын болжаудың іргелі әдістерін жасап, дауылдарды ескерту мен сигналдар жүйесін ойлап тауып, ауа райы болжамын жасады. Шынтуайтында, «ауа райы болжамы» терминін ойлап тапқан дәл сол» (Gribbin & Gribbin, 2004, p. 5). Алайда оның Дарвинді кемеге алуға қатысты ойы қалған өмірінде оның миына тыныштық бермеді.

Фицрой Дарвинге эволюция теориясын зерттеуге көмектескені үшін өзін кінәлады. Егер ол Дарвинді «Бигль» кемесіне алмаса, мұндай теория болмайтын еді. Дарвин «Түрлердің шығуы туралы» кітаптың бір данасын Фицройға жіберген кезде, ол: «Өзімді тіпті ең ежелгі маймылдың ұрпағымын деген ойдың өзінен де «асылданып» кететіндей ештеңе көріп тұрғаным жоқ», – деген екен (Nichols, 2003, p. 311).

Оксфордтағы пікірталасдан кейін, бес жыл өткенде, шіркеуге баруға жиналып жатқан капитан өз тамағын өзі орып жіберіп, дүние салды. Дарвин «Фицройдың өліміне өкініш білдіргенімен, оған таңғалмады. Себебі ол «Бигль» кемесінде Фицройдың дені дұрыс емес екенін бір жолы көрген болатын» (Browne, 2002, p. 264). Кейін Дарвин Фицройдың жесір әйеліне қомақты ақша берді.

Дарвиннің кейінгі еңбегі. 1871 жылы жарық көрген «Адамның пайда болуы» (*The Descent of Man*) еңбегінде адамның дамуының төменгі кезеңінен бастап, жоғары деңгейіне дейін сипаттама берілген. Мұнда адамдар мен жануарлардың психикалық процестеріндегі ұқсастыққа назар аударылды. Кітап бірден көптің ықыласын тудырды. Бір танымал журнал шолушысы ол жайында: «Қонақ бөлмеде кейін шыққан романдармен өзара бәсекеге түссе, кабинеттерде ғалымдар мен теологтерді естен тандырды. Қайда болмасын, ол таңдану, ашулану, сүйсіну сияқты аралас эмоциялар сыйлады», – деп жазды (Richards, 1987, p. 219).

Дарвиннің теориясы көп адамдарды естен тандырды. Епископтың әйеліне адамдардың маймылдан пайда болғаны туралы Дарвин тұжырымын айтқан кезде, ол: «Сүйіктім, мұны бір қателік деп үміттенейік. Ал егер бұл айтылғандар рас болса, онда мұндай шындық көпшілік арасында таралып кетпесін деп дұға етейік», – деді (Bibby, 1972, p. 41).

Дарвин кейінірек адамдар мен жануарлардың эмоциялық күйін зерттеді. Ол тірі жандардың эмоциялық күйлеріне тән ым-ишараттар мен қалыптардың алмасуы эволюциялық теория терминдерімен түсіндірілуі мүмкін деп ойлады. «Адамдар мен жануарлардың эмоцияларын білдіруі» (*The Expression of the Emotions in Man and Animals*) (1872) кітабында ол эмоциялық ым-ишараттар қандай да бір практикалық мақсаттарды көздейтін қозғалыстардың салдары болатынын айтты. Сөйтіп, эмоциялық көріністер өзгеріске ұшырап, олардың ішінде тиімдісі ғана қолданылды (Hess & Thibaut, 2009; Nesse & Ellsworth, 2009).

Сонымен бірге ол адамның бет-жүзі мен ым-ишарат тілі ішкі эмоциялық күйлердің «туа біткен және бақыланбайтын көріністері» екенін айтты. Мысалы, тән ауруы – бет-аузын тыжырайту арқылы, қанағаттану сезімі күлкі арқылы берілді. Дарвин адамдар мен жануарлардың осындай көрініс түрлері эволюциялық құралдар арқылы берілетінін мәлімдеді. Оның биографы былай деп жазды: «Ол үшін адам баласының бет-жүзіндегі қимыл-қозғалыстар олардың арғы ата-бабасы жануарлардан таралатынына бірден-бір айғақ болып көрінді» (Browne, 2002, p. 369).

Дарвин өзінің ұлы туралы жазған күнделігі арқылы бала психологиясы әдебиетіне ерте үлес қосты. Ол баланың дамуын мұқият жазып жүрді. Оның «Бүлдіршіннің биографиялық очеркі» (*A Biographical Sketch of an Infant*) атты еңбегі «Mind» журналында жарияланды (1877). Күнделік психологияның дамуына бастау болып, Дарвин «бала психологиясы адам эволюциясы кезеңдерімен бірге бірнеше даму сатысынан өтеді» деген пікір айтты.

Дарвиннің кітаптарын, құжаттарын, қойын кітапшалары мен хаттарын www.darwin-online.org.uk сілтемесі арқылы көруге болады. Бұл сайтта оның мақалалары мен қолжазбаларын, өмірбаянын, некрологтері мен естеліктерін, сурет топтамаларын көруге, MP3 аудиофайлдарын көшіріп алуға, «Бигль» кемесімен сапарындағы күнделікпен танысуға мүмкіндік бар.

Құнақ пен Миннесота тышқанын зерттеу

Дарвин Тынық мұхитындағы Галапагос аралдарында, Оңтүстік Америка жағалауында жануарлардың түрлеріне көп бақылау жүргізді. Қоршаған ортаның түрлі жағдайларына байланысты бір түрден шыққан жануарлар әр түрлі эволюциялық жолмен дамыды.

Көп жыл өткен соң, Дарвиннің зерттеуіне сүйенген Принстон университетінің биологтері Питер және Розмари Гранттар бір топ аспиранттармен бірге, қоршаған ортаның керемет өзгерістеріне бейімделген құнақтың 13 түрінің кейінгі ұрпақтарында анықталған өзгерістерді бақылау үшін, аралға келді. 1973 жылы басталған зерттеу бағдарламасы 30 жылдан астам уақытқа созылды. Зерттеушілер осы құстың бір ұрпағынан екінші ұрпағына берілген эволюциялық айырмашылықтардың куәгері атанды. Питер мен Розмаридің пікірі бойынша, Дарвин табиғи сұрыпталу процесіне толық мән бермеген. Мысалы, құнақтардың эволюциясы олар күткеннен де жылдам болған.

Құнақтардың бір түрінде байқалатын өзгерістер құрғақшылық кезінде басталды. Құрғақшылық жағдайында құнақтың азығы қатты тікен дәндер еді. Тұмсығы үлкен құнақтар ғана (шамамен жалпы құнақтың 15 пайызының ғана тұмсығы үлкен еді) осындай дәндерді бөліп жей алатын. Тұмсығы кішкентай құнақтар дәндерді шаға алмай, өле бастады. Сөйтіп, мұндай құрғақшылық жағдайында құнақ тұмсығының қалың немесе үлкен болуы қоршаған ортаға бейімделуге қажетті құрал болатын.

Тұмсығы үлкен құнақтар ұрпағын көбейткен кезде алдыңғы ұрпақпен (буынмен) салыстырғанда олардың ұрпағының тұмсықтары 4–5% үлкен болды. Табиғи сұрыпталу тек бір ұрпақ ішінде ғана мықты, ортаға жақсы бейімделген түр шығарды.

Кейін жауын-шашын басталды. Аралдарда дауыл тұрып, көп жерлерді су басып, ірі дәндерді жел ұшырып әкетіп, ағаштарда ұсақ дәндер ғана қалды. Ұсақ дәндер құнақтардың негізгі азығына айналды. Енді тұмсығы үлкен құнақтар қажет азықты жинай алмай қиналды. Аман қалу үшін олардың тұмсығы жіңішке болуы тиіс еді. Жағдайдың қалай өзгергенін болжап отырған боларсыз. Питер Грант былай деп жазды: «Құнақтардың ішінде табиғи сұрыпталу процесі кері бағытта жүре бастады. Тұмсығы үлкен құнақтар қырылып, енді тұмсығы жіңішке құнақтар көбейе бастады. Таңдау күрт өзгерді» (Weiner, 1994, p. 104).

Кейінгі ұрпақтарда тұмсықтың орташа көлемі біршама кішірейді. 2003–2004 жылдардағы құрғақшылықтан кейін, он жыл өткен соң, өзгерген ортаға байланысты тұмсықтың көлемінде тағы бір эволюция байқалды (Grant & Grant, 2006). Ортаның өзгерістеріне бейімделген тағы бір түр қалыптасты. Осылайша, Дарвин болжағандай, қоршаған ортаға лайықты бейімделгендер ғана аман қалды. 2006 жылы зерттеушілер құнақ тұмсығының ұзындығындағы өзгерістерге жауап беретін гендерді камтитын молекуланы сәйкестендіре алды (Cromie, 2006).

Кейінгі зерттеулердің нәтижесі бойынша, жануарлар өзгеріске ұшырайтын ландшафтыларға бейімделе алатын болып шықты. Мысалы, Миннесотада қалада мекендейтін тышқандар ауылдық жерде мекендейтін тышқандармен салыстырғанда миының көлемін үлкейтіп, күрделі ортаға бейімделді (Snell-Rood & Wick, 2013; Zimmerman, 2014).

Тағы бір зерттеуінде, Небраска мен Оклахомада автомагистральдардың көбеюіне және автокөліктердің жылдам жүруіне байланысты, құстар өздерінің

канаттарының ұзындығын эволюциялық жолмен қысқарту арқылы қоршаған ортаға бейімделді. Қанаты қысқа құстар жақындап келе жатқан көлікті көргенде орнынан жылдам ұшып кетеді. Ал қанаты ұзын құстарға орнынан ұшып кету үшін көбірек уақыт қажет және олардың көлік астына түсу қаупі жоғары болады (Aldhaus, 2013).

Дарвиннің психологияға қосқан үлесі

Дарвин 1859 жылы былай деп жазды: «Болашақта бұдан да маңызды зерттеулер болатынына көзім жетеді. Психологияның жаңа іргесі қаланады» (Dewsbury, 2009a, p. 67). Дарвиннің болжамы дәл шықты. Оны біз «Эволюциялық психология» жайлы сөз болатын 15-тарауда талқылайтын боламыз. Дарвин болжаған «жаңа ірге» психологияның фокусын, саласы мен бағытын анықтаудың заманауи тәсілін қалыптастырды. Осы саланың танымал бір өкілі былай деді: «Эволюциялық психология – психологиядағы әрбір қосалқы пәнді қамтиды» (Buss, 2009, p. 1). Қазір Дарвин айтқандай, психологияның барлық аспектілерінде табиғи сұрыпталудың ықпалын қолдайтын дәлелдер өте көп (Kruger, 2009; Lieberman & Haselton, 2009).

Бірақ мұндай даму кешірек жүзеге асты. XIX ғасырдың соңында Дарвин қайтыс болғаннан кейін оның жұмысы сол кездегі психологияның жаңа саласын мынадай тәсілдермен түбегейлі өзгертті:

- *жануарлар психологиясындағы жаңа тәсілдеме;*
- *сана құрылымына емес, функцияларына жаңадан мән беру;*
- *көп салалардан әдістеме мен деректерді қабылдау;*
- *жеке айырмашылықтарды сипаттау мен өлшеудің жаңа тәсілдемесі.*

Эволюция теориясы ғылым үшін адам мен жануарлардың психикалық процестерінің тұтастығымен байланысты мүмкіндіктер жасады. Егер адам санасы эволюция жолы арқылы қарапайым формалардан бастап, қазіргі даму деңгейіне жетсе, онда жануарлар мен адамдардың психикалық қызметінде ұқсастықтың болғаны рас па? Осылайша Декарт екі ғасыр бұрын көтерген адам мен жануарлар арасындағы айырмашылықтар туралы мәселені енді қайта қарастыру қажеттігі туды.

Ғалымдар фауна өкілдерінің мінез-құлқын зерттеу адамның мінез-құлқын түсіну үшін қажет деп түсінді. Сондықтан олар жануарлар психикасының қызметін зерттеуге кірісіп, психологиялық зертханаларда жаңа тәжірибелер жүргізе бастады.

Жануарлардың психологиясын зерттеу осы саланың дамуына әсер етеді. Функцияшылдар мен бихевиористер іс жүзінде адам психологиясы мен мінез-құлқының барлық формаларын қалыптастыру үшін эксперименттік зерттеу нәтижесінде алған жануарлардың күшті сабақтастығын қамтамасыз етуі қажет (Greenwood, 2008, p. 103).

Эволюция теориясы психологияны зерттеу пәніне де өзгерістер енгізді. Ертеде структуралистер сананың мазмұнын талдауға ерекше мән беретін. Дарвиннің жұмыстары әсіресе Америкада жұмыс істеген структуралистердің сана атқаратын қызметтерді зерттеуіне себепкер болды. Көп зерттеушілер үшін бұл сананың жеке элементтерін талдаудан гөрі маңызды болып көрінді.

Сыртқы жағдайларға бейімделу барысында психология организмнің қалай жұмыс істейтініне көбірек мән берген сайын, көп зерттеушілер Вундт пен Титченер бастаған психикалық элементтерді қарастырудан бас тартты. «Функционализм Дарвин теориясына әсер етіп қана қоймай, психологияның жаңа ғылыми негізін қалаудың ерекше талпынысын байқатты» (Green, 2009, p. 75).

Сонымен бірге Дарвин теориясы жаңа ғылымда қолданылатын зерттеу әдістерін кеңінен қарастыруға мүмкіндік берді. Вундттың Лейпциг зертханасында физиология құралдары, әсіресе Фехнердің психологиялық әдістеріне қатысты

құралдары қолданылды. Адамдар мен жануарларға қолданылатын нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін Дарвиннің әдістері физиологияға негізделген зерттеу тәсілдеріне ұқсамады. Дарвиннің мағлұматтары көп дереккөздерге, атап айтқанда, геологияға, археологияға, демографияға, жабайы және үй жануарларын бақылауға, сондай-ақ оларды сұрыптауға сүйенді. Жоғарыда айтылған білім салаларынан алынған мәліметтер Дарвиннің теориясын растады.

Бұл теорияда ғалымдардың адамның психикасын эксперименттік интроспекциядан бөлек тәсілдермен зерттей алатын дәлелдері де болды. Дарвин сияқты, оның көзқарастарының эволюция процестеріне және сананың ерекше рөліне ықпалын сезінген психологтер түрлі зерттеу әдістерін кеңінен қолдана бастады. Сонында бұл эксперименттік материалдар көп мөлшерде жинақталды.

Эволюция теориясының психологияға әсері жеке тұлғаның айырмашылықтарына артып келе жатқан қызығушылықтан да байқалды. «Бигль» кемесімен саяхат жасау барысында көптеген жануарларға жасалған бақылау нәтижесінде Дарвин әр жануар түрінің ішінде болатын өзгерістерге қатысты өз ойын айқындады.

Егер жаңа ұрпақ алдыңғы ұрпаққа тура сәйкес келетіндей дамыса, онда эволюция процесі жүзеге аспайтын еді. Сөйтіп, өзгергіштік қағидасы эволюциялық теорияның маңызды постулаттарының біріне айналды.

Структурализм жақтаушылары психикалық қызметтің барлық түрлерін қамтыған жалпы заңдылықтарды іздестірген кезде, Дарвиннің идеясынан әсерленген психологтер жеке адамның айырмашылықтары мен оларды бағалау тәсілдерін зерттей бастады.

Тақырыпты түрлендіру үшін біз Дарвиннің өмірбаянынан бір үзінді тандап алдық. Бұл үзіндіде оның зерттеулері немесе теориясы қарастырылмайды. Мұнда оның жетістігіне ықпал еткен – бойындағы тұлғалық қасиеттеріне қатысты көзқарастары баяндалады.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«Чарльз Дарвиннің өмірбаяны» (*The Autobiography of Charles Darwin*) еңбегінен (1876) алынған материалдардың түпнұсқасы

Менің кітаптарым негізінен Англияда сатылды, көп тілдерге аударылды және шет елдерде бірнеше басылымнан өтті. Мен «еңбегім жемісті болуы үшін жасаған туындыларың шет елдерде сынақтан сүрінбей өтуі тиіс» дегенді көп еститінімін. Бұл пікірмен толық келісе алмаймын. Бірақ егер осы талаптарға сүйенетін болсақ, менің есімім ұзақ жылдар бойы ел аузында сақталып қалуы тиіс. Сондықтан жетістігіме себепкер болған адамның ақыл-ой қасиеттері мен жағдайларын талдаған жөн шығар. Алайда мұндай талдауды ешкім дұрыс жүзеге асыра алмайды.

Хаксли сияқты кейбір ақылды адамдардың бойындағы жылдам түсінгіштік қасиет менде жоқ. Сондықтан менен сыншы шықпайды. Біреудің кітабы немесе мақаласын алғаш рет оқыған кезде тәнті боламын. Ал мен оның әлсіз тұстарын әбден ой елегінен өткізгеннен кейін ғана анықтаймын. Мен ұзақ әрі таза абстрақтылы ой ағымына ілесіп отыра алмаймын. Сондықтан мен ешқашан метафизика немесе математика саласын дұрыс меңгере алмадым. Менің жадымның ауқымы кең, бірақ ойларым бұлыңғыр. Менің бақылауларым немесе оқығаным жасаған қорытындыға қайшы келеді немесе маған «осы қорытындыңыздың пайдасы бар» деп айтудың өзі жеткілікті. Шамалы уақыт өткен соң, мен өзімнің қызметімнің басталатын жерін еске түсіре аламын. Менің есте сақтау қабілетімнің нашар болғаны соншалық – бір датаны немесе поэзиядағы қысқа өлең жолдарын бірнеше күннен кейін еске түсіре алмаймын...

Өзімнің жақсы қасиеттерімді айтар болсам, адамдардың назарынан тыс қалған дүниелерді ескеріп, оларды қатаң бақылауда ұстай аламын. Фактілерді бақылау мен жинақтауға жұмсалатын күш-жігерім жеткілікті. Сонымен бірге жаратылыстану ғылымдарына деген махаббатым тұрақты әрі жалындап тұр. Алайда натуралист әріптестерімнің ғылымға деген сүйіспеншілігіме құрмет көрсетуі оң әсерін тигізді. Ерте балалық шағымнан бастап барлық керіп, бақылаған дүниелерімді түсінгім келді немесе түсіндіргім келді, яғни кейбір жалпы заңдылықтарға сәйкес келетін фактілерді топтастырғым келді. Маған осындай жайттар жылдар бойы түрлі түсініксіз ой салып келді. Мен басқа адамдардың артынан көз жұмып, ілесіп жүре

алмаймын. Қандай да бір гипотезаны қанша жақсы көріп тұрсам да (ол гипотезаны әр пәнге ойластыруға қарсы бола алмаймын), сол гипотезаға қарсы фактілер пайда болған кезде одан бас тарту үшін сананы еркін ұстауға тырысамын. Шынында, менде басқа таңдау болған жоқ... Бірнеше уақыт өткен соң, бас тарта алмаған немесе қатты өзгеріске ұшырамаған тұжырымды гипотезаны еске түсіре алмаймын. Бұл жағдай аралас ғылымдарда дедуктивтік пайымдауға күмәнмен қаратты. Екінші жағынан, бұл ғылымның дамуы үшін зиянды деп есептеймін. Әр тұжырымды сынға алатын ғалым уақытын босқа жұмсамауы тиіс. Бірақ мен ондай адамдарды сирек кездестірдім және олар тікелей немесе жанама түрде қолданылатын эксперименттерді немесе бақылауларды жасауға жиі кедергі келтіретін...

Менің әдеттерім белгілі бір әдістерге сүйенгендіктен, олардың нақты зерттеу жұмысымда еш пайдасы жоқ. Соңында мен өзімнің нанымды тауып жөйтіндей іспен айналыстым. Денсаулығымның нашарлап кетуіне байланысты, мен бірнеше жыл бойы бос уақытымды ойын-сауыққа жұмсай алмадым.

Сондықтан менің ғалым ретіндегі жетістігім күрделі әрі түрлі ақыл-ой қасиеттерімен ерекшеленді. Ақыл-ой қасиеттерінің ішінде ғылымға деген махаббат, шексіз шыдамдылық, фактілерді бақылау мен жинауға қажетті ерік-жігер, әділетті айқындау үлесі мен парасатты мағына сияқты қасиеттердің маңызы зор. Ал бойымдағы бірқалыпты қабілеттерімнің ғалымдардың наным-сенімдеріне әсер етуі таңғаларлық жағдай.

Жеке адамның айырмашылықтары: Фрэнсис Гальтон (1822–1911)

Фрэнсис Гальтонның адам мүмкіндіктеріндегі (адам қабілеттеріндегі) ақыл-ой мұрасы мен жеке адамның ерекшеліктері жөніндегі жұмыстары жаңа психологияға эволюция ұғымын (рухын) қалыптастырды. Гальтонға дейін жеке адамның ерекшеліктері феномені зерттеуге тиісті пән есебінде қарастырылды.

Испан дәрігері Хуан Урте (1530–1592) – адамның қабілеттерінде және ұстанымдарында жеке адамның ерекшеліктерін анықтаған ғалым. Гальтон жасаған зерттеуден 300 жыл бұрын Урте осы салада «Дарынды адамдарды зерттеу» (*The Examination of Talented Individuals*) кітабын жариялады. Бұл еңбекте ол адам қабілетіндегі жеке адамның ерекшеліктеріне тоқталды (Diamond, 1974). Уртенің пікірі бойынша, балалардың жеке қабілеттеріне байланысты білімді меңгеру жоспарын құру үшін олардың жеке қабілеттерін ерте жастан бастап зерттеу керек. Жеке ерекшеліктерді бағалағаннан кейін, мысалы, музыкалық қабілеті бар студентке музыкалық және музыкаға жақын салаларды зерттеу мүмкіндігі ұсынылады.

Уртенің еңбегі аздап танымал болды, бірақ Гальтонның заманына дейін бұл идеяларға көп адамдар қызықпады. Вебер, Фехнер және Гельмгольц өздерінің эксперименттік нәтижелерінде жеке адамның ерекшеліктерін көрсетсе де, бұл ғалымдар осы нәтижелерді жүйелі түрде зерттемеді. Вундт пен Титченер жеке адамның ерекшеліктерін психологияның бір бөлігі ретінде қарастырған жоқ.



ФРЭНСИС ГАЛЬТОН

<https://en.wikipedia.org>

Гальтонның өмірі

Фрэнсис Гальтон таусылмайтын шығармашылық идеялар мен ерекше ақыл-ойға (жанама бағалаулар бойынша оның IQ коэффициенті шамамен 200-ге тең болды) ие адам болды. Ол дактилоскопия (осы жұмыстардың нәтижелерін кейін криминалистер қолданды), сән өнері, халықтың сыртқы деректеріне географиялық факторлардың әсері, ауыр атлетика және Құдайға сыйыну тиімділігі сияқты тақырыптарды зерттеді. Ол телетайпқа арналған баспа құрылғысын, құлыптарды ашуға арналған керек-жарақты және перископты (бұл құрылғы арқылы бір топ адам ішінде тұрып, олардың үстінен шеруді бақылай алды) ойлап тапты.

1822 жылы Бирмингемде (Англия) дүниеге келген Гальтон тоғыз баланың кенжесі еді. Оның әкесі бай әрі атақты әулеттен тараған банкир болатын. Олардың тегінен көптеген танымал мемлекеттік қайраткерлер, діни қызметкерлер мен әскери басшылар шықты. Фрэнсис алғыр, зерек бала болып өсті.

«Бір жасында барлық бас әріптерді оқи алатын Гальтон 18 айлығында ағылшын және грек әліпбесін меңгеріп алды. Үй ішінде ойнап жүрсе де, осы әріптер үнемі оның көз алдында тұруы тиіс еді. 2,5 жасында ол өзінің алғашқы кітабын оқып шықты... 5 жасында Гомер туындыларын түсініп оқи алды» (Brookes, 2004, p. 18).

Фрэнсис 16 жасында әкесінің талап етуімен Бирмингем қалалық аурухана-сында дәрігердің көмекшісі есебінде тәжірибеден өтті. Ол науқастарға дәрі-дәрмек таратып, медициналық әдебиеттермен танысты, науқастардың сынған жерлерін емдеп, зақымдалған саусақтарды танды; тіс жұлып, балаларға екпе салды һәм классикалық әдебиет оқумен айналысты. Алайда оған ауруханадағы жұмыс ұнамады. Ол бұл жұмысты еркінен тыс, әкесінің қалауы бойынша ғана атқарды.

Ауруханадағы жұмыс барысында Гальтонның басынан өткен бір оқиға оның ақылының ұшқырлығын байқатты. Ол түрлі дәрі-дәрмектердің әсерін түсіну үшін әр дәріні аз мөлшерде жеке-жеке қабылдап, әрқайсысының қалай әсер еткенін жазып отырды. Гальтон өз тәжірибесін *A* әрпінен басталатын дәрі-дәрмектерден бастап, зерттеуін *C* әрпінен басталатын дәрі-дәрмектермен аяқтады. Себебі *C* әрпіндегі дәрі-дәрмек құрамындағы кретон майы эксперимент барысында оның ішін өткізді.

Ауруханада бір жыл жұмыс істегеннен кейін Гальтон Лондондағы Корольдік колледжде медициналық білім алды. Бір жыл өткен соң оның жоспары өзгерді. Кембридж университетінің Тринити колледжіне ауысып, математиканы үйренді. Исаак Ньютон мүсінінің қырағы көзқарасы оның математикаға деген қызығушылығын арттырды. Ол ауыр күйзеліс салдарынан оқуынан қол үзіп қалса да, университеттегі оқуын аяқтап, диплом алды. Кейінгі жылдары (өзі жек көретін) медицина саласымен айналысуын жалғастырды. Бірақ әкесі қайтыс болғаннан кейін медицина саласындағы жұмысын тоқтатты.

Бір френологтің айтуы бойынша, Гальтонның бас формасы ғылыми қызметпен айналысуға лайықты емес еді. Басының формасы бойынша Гальтон далада белсенді зерттеу жұмыстарымен айналысуы керек екен. Френологтің өзіне қатысты айтылған ойын анықтау үшін, ол саяхат жасап жүріп, зерттеумен айналысты. Африканы аралап жүріп, ақ нәсілді адамдар аз баратын қауіпті аймақтарға сапар шекті. Гальтонның биографы айтып берген мына бір жайт болмаса, жалпы Африкаға жасалған саяхат оған жақсы әсер қалдырған еді:

«Үйінен алыс жақтарға аттанған Гальтон бойындағы ұялшақтықты жеңу үшін жезөкше әйелдердің қызметіне тапсырыс берді. Осындай «ерлігінің» арқасында ұзақ жылдар бойы венерологиялық аурумен ауырды. Оқиға болған 1846 жылдан бастап Гальтонның әйелдермен арасы суыт кетті» (Brookes, 2004, p. 60).

Ол Англияға оралғаннан кейін барған сапары туралы өзінің қысқаша есебін жариялап, Корольдік География қоғамының медалін иеленді. Ал 1850 жылдары экспедицияларға қатысуын тоқтатуға мәжбүр болды. Гальтонның өзі бұл қадамын отбасылы болуымен және денсаулығының нашарлап кетуімен байланыстырды. Беймәлім жерлерді зерттеу барысында ол «Саяхат жасау өнері» (*The Art of Travel*) кітабын жазды. Гальтон бірнеше ғылыми экспедицияны ұйымдастыруға қатысты. Сондай-ақ ол мұхиттың арғы жағындағы отар елдерде әскери борышын атқаратын жауынгерлерге арнап, далалық жағдайда аман қалуға қатысты дәріс оқыды.

Гальтон өзінің сарқылмас ынта-жігері арқасында табиғаттану бағытында метеорологиямен де айналысып, атмосфера күйіне қатысты мағлұматтарды автоматты тіркеу құралын ойлап тапты. Гальтонның осы саладағы еңбегі қазіргі кездегі ауа райы картасын жасауға түрткі болды. Гальтон бұл саладағы жаңалықтарын қорытындылап, кітап жазды. Оның бұл туындысы – дүниежүзілік ауа райы процестерін ауқымды түсіндіретін алғашқы ғылыми еңбек болатын.

Гальтонның немере ағасы Чарльз Дарвин «Түрлердің шығу тегі туралы» әйгілі еңбегін жариялаған кезде, ол жаңа теорияны зерттеуге кірісті. Ол: «Бұл жаңалық (Дарвиннің теориясы) жалпы адамдардың ойына әсер еткені сияқты, менің де санама айтарлықтай сілкініс жасады», – деді (Gillham, 2001, p. 155). Бірінші кезекте ол эволюцияның биологиялық аспектілеріне қызығушылық білдіріп, жүре біткен қасиеттерді шынында тұқымқуалаушылықпен беріліп-берілмейтінін білу үшін қояндардың қанын бір-біріне құю нәтижелерін байқап көрді. Ұзақ уақыт бойы эволюциялық процестердің генетикалық мәселелері Гальтонның назарынан тыс қалып қойса да, оның кейінгі жұмыстарында әлеуметтік мәселелер де қарастырылды. Оның қазіргі психологияға қаншалықты ықпалы болғанын осы жұмыстар паш етті.

Психикалық тұқымқуалаушылық

1869 жылы Гальтонның психология бойынша «Туа біткен данышпан» (*Hereditary Genius*) атты жазған алғашқы еңбегі жарық көрді. Дарвин бұл еңбекпен танысқаннан кейін немере інісіне: «Бұрын-соңды осыншалықты қызықты кітап оқып көрмеп едім. Лайықты дүние жасауыңмен құттықтаймын», – деп жазды. Осы еңбегінде Гальтон «данышпан баланың данышпан адамдардың отбасында дүниеге келуіне қоршаған ортаның ықпалы аз болады» деген дау айтты. Гальтонның пікірі бойынша, текті әкеден ақылды ұлдар туады (Ол кезде қыздардың әйгілі адаммен неке құрудан бөлек жоғары лауазымға ие болып, мансап құру мүмкіндігі аз болатын).

Гальтон өз кітабында сілтеме жасаған көптеген биографиялық мағлұматтар әйгілі ғалымдар мен дәрігерлердің шежіресіне қатысты болатын. Оның зерттеулерінің нәтижесі бойынша, әр әйгілі адам данышпандықпен бірге, оның ерекше формасын иеленеді. Мысалы, ұлы ғалым ғылымда жетістікке жеткен отбасында дүниеге келеді.

Гальтонның түпкі мақсаты – «текті» тұлғалардың дүниеге келуіне ықпал ету және «түкке қажеті жоқ» тұлғалардың дүниеге келуіне жол бермеу. Осы мақсатқа жету үшін ол евгеника ғылымын ойлап тапты. Евгеника (сөзбе-сөз аударғанда «асыл, игі» дегенді білдіреді) ғылымы адамдардың бойындағы қасиеттерді жақсартумен айналысады (Gillham, 2001, p. 207). Оның пікірі бойынша, адамның тегі, үй жануарлары сияқты, жасанды сұрыпталу жолымен жақсартылуы мүмкін. Егер дарынды балалар көпшілік арасынан іріктеліп, көп ұрпақ бойы бір-бірімен ғана некелесетін болса, онда нәтижесінде аса дарынды, жаңа адам нәсілі пайда болатын еді. Гальтон кейінгі сұрыптау жұмысын жасау үшін аса дарынды ерлер мен әйелдерді іріктеп алып, арнайы зияткерлік тестілер әзірлеуді ұсынды. Сонымен бірге ол тестіден сәтті өткендерге бір-бірімен некелесіп, отбасы құруын ынталандыру үшін материалдық жағдай жасауға кеңес берді. Гальтонның өзінен ұрпақ тармаған. Бәлкім, бұл оның Африкада шалдыққан ауруына немесе генетикалық сипаттағы мәселеге байланысты болған шығар.

Өзінің евгеника теориясын тексеру үшін Гальтон статистикаға жүгінді. «Туа біткен данышпан» кітабында адамдарды дарындылығы бойынша сұрыптап, тұқымқуалаушылық мәселесін шешу үшін ол статистикалық әдістерді қолданады. Оның мағлұматтарына сәйкес, қабілеті орташа адамдармен салыстырғанда әйгілі адамдардың ұлдарының әйгілі болу ықтималдығы жоғары болды. Мысалы, дарынды ата-аналардың 4000 баласының арасынан 977 ұл кейін атақты тұлғаға айналса, ата-аналары кездейсоқ жолмен таңдалған дарынды балалардың саны бар-жоғы 332 ғана болған.

Гальтонның пікірі бойынша, жақсы өмір сүру жағдайларына, білім алу мүмкіндіктеріне немесе қандай да бір әлеуметтік артықшылықтарға байланысты деп ойлайтындай, кейбір отбасында данышпандардың дүниеге келу ықтималдығы жоғары болмады. Сондықтан ол «адамның данышпан болуы немесе болмауы ұсынылған мүмкіндіктерден емес, тұқымқуалаушылыққа байланысты» деген тұжырым жасады.

Гальтон тұқымқуалаушылық мәселесі бойынша «Ағылшын ғалымдары» (*English Men of Science*) (1874), «Табиғи тұқымқуалаушылық» (*Natural Inheritance*) (1889) сияқты 30-дан астам еңбек жазды. 1901 жылы ол «Биометрика» (*Biometrika*) журналын басып шығарып, 1904 жылы Лондон университетінің колледжі жанында евгеника зертханасының негізін қалап, нәсілді жетілдіру идеяларын тарату қоғамын құрды. «*Tua біткен даньшпан*» кітабының бір үзіндісінде Гальтон әрқайсысымызға тұқымқуалаушылықпен белгіленген физикалық және ақыл-ой дамуының шектеулерін талқылайды. Оның пікірі бойынша, адам қанша ақыл-ой немесе физикалық күшін жұмсаса да, өзінің генетикалық қорындағы мүмкіндігінен асып түсе алмайды.

Статистикалық әдістер

Егер Гальтон сандық мағлұматтарды есепке алмай, олардың статистикалық өңдеуін өткізбесе, ол ешқашан мәселенің зерттелуіне толық риза болмас еді. Бұл үшін ол өзі ойлап тапқан әдістерді қолдануы тиіс болатын.

Бельгиялық математик, суретші, ақын әрі жазушы Адольф Кетле «статистика адамның мінез-құлқы мен қоғам туралы түсінік қалыптастырады» деді (Cohen, 2005, p. 126). Сонымен бірге биологиялық және әлеуметтік процестерді талдау үшін кездейсоқ шамаларды қалыпты үлестіру заңдылығы мен статистикалық әдістерді алғашқы болып қолданды.

Жаратылыстану ғылымдарында бақылау мен эксперименттер кезінде өлшеу қателіктерін анықтағанда әдетте осы заң қолданылды. Кетле – 10 мың адамның бойын өлшеп, олардың шамасы қалыпты үлестіруге бағынатынын көрсеткен алғашқы ғалым. Оның *l'homme moyen* (орташа адам) термині физикалық өлшемдердегі көп нәтиже олардың орташа мәні немесе үлестіру ортасы төңірегінде топтастырылады, ал қалған мағлұматтар саны олардың осы шамадан ауытқуына байланысты азаяды.

Гальтон Кетленің алған нәтижелерінен әсерленіп, «бұл әдістеме психология мағлұматтарын талдау үшін қолданылуы мүмкін» деген болжам айтты. Мысалы, ол университеттік емтихандарда алынған бағалардың әртүрлі болуы қалыпты үлестіру заңдылығына бағынады деп пайымдады. Қалыпты заңдылықтың қарапайым болуына әрі оны түрлі сипаттамаларда қолдану қолайлылығына байланысты, Гальтон адамның сипаттамалары екі негізгі шамамен: орташа үлестіру бағасымен (арифметикалық орта) және орташа бағаның төңірегінде шашырау диапазонымен (стандартты ауытқу) бағалануы мүмкін дейді.

1888 жылы Гальтонның статистика саласындағы жұмыстары арқасында алғаш рет ең маңызды шама – корреляция пайда болды. Факторлық анализ әдістері сияқты тестілердің негізділігін және сенімділігін анықтаудың қазіргі әдісі Гальтонның корреляция жаңалығымен тікелей байланысты. Бұл жаңалық Гальтонның тұқымқуалаушылық белгілерінің сандық сипаттамалары өзінің орташа мәніне қарай кері кететін бақылауларының нәтижесі еді. Мысалы, оның ойы бойынша, орта есеппен алғанда бойы биік адамдардың ұлдарының бойы өз әкелерінен кішкентай болса, бойы өте аласа адамдардың ұлдарының бойы өз әкелерінен биік болады екен.

Гальтонның қолдауымен оның шәкірті Карл Пирсон, бүгінгі күні де қолданылатын, «Пирсонның корреляция коэффициентін анықтау» формуласын ойлап тапты. Корреляция коэффициентін символмен белгілеу үшін ағылшын тіліндегі *regression* – регрессия сөзінің бірінші әрпі «*r*» қолданылады. Бұл Гальтонның тұқымқуалаушылық белгілерінің орташа мәнге оралу маңызын мойындады. Көп жылдар бойы Пирсон өзінің ғылыми беделі әрдайым «формуладағы атымен» ғана шектеледі деп уайымдады. «Оның бұл үрейі расқа шықты да» (Baumgartner, 2005, p. 84).

Корреляция – бихевиоризм, жаратылыстану және инженерлік ғылымдардағы зерттеулердің негізгі құралына айналды. Кейін Гальтонның жаңашылдық жұмыстары негізінде көптеген басқа да статистикалық бағалау әдістемелері жетілдірілді.

Пирсон шамамен 30 жыл бойы (1890 жылдардан бастап 1920 жылға дейін) статистикалық әдістер жөніндегі атақты зерттеушіге айналды. Көптеген америкалық Лондонға келіп, Пирсонмен бірге статистика әдістерін үйренді. Сондықтан басқа елдермен салыстырғанда АҚШ-та статистика кеңінен қолданыла бастады (Bellhouse, 2009).

ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН



«Туа біткен данышпан» (*Hereditary Genius*) кітабынан (1869) алынған материалдың түпнұсқа дереккөзі: оның заңдылықтары мен салдарын зерттеу

Фрэнсис Гальтон

Балаларды жақсы болуға үйрететін, балалар бірдей болып дүниеге келетін және ұл бала мен ұл бала, бір адам мен басқа адам арасындағы айырмашылықтарды көрсететін мекемелер туралы жазылған әңгімелерде кейде ашық, кейде тұспалмен айтылатын гипотезалардың тұрақты қолданылып, моральдық әсері болуына қарсымын. Табиғи теңдік талабына мүлдем қарсымын. Балабақша, мектеп, университет және кәсіби жұмыс орны қарсы айтылған ойларыма негізгі дәлел болады. Сананың белсенді қабілеттерін дамытуға білім мен әлеуметтік ықпалдың күшін де, ұстаның бұлшық еттерін дамыту үшін оның білек күшін қолдану әсерін де мойындаймын. Ұстаның өз еркімен жұмыс істеуіне мүмкіндік берейік, ол Геркулес тәрізді мықты адамның ғана қолынан келетін ерліктердің бар екенін көреді. Алайда Геркулес тәрізді адам жүріс-тұрысы аз өмір салтындағы адам болуы мүмкін.

Физикалық жаттығулар жасап жүрген әр адам өзінің бұлшық ет күшін анық сезеді. Ол жүре бастағанда, ескек ескенде, гантельді гимнастикамен айналысқанда немесе жүгірген кезде күннен-күнге бұлшық еттерінің күшейгенін және өзінің төзімділігінің артқанын сезеді. Осы жаттығулармен алғаш айналысып жатқан кезде ол өзінің бұлшық еттерін жаттықтыру шегіне жеттім деп алдауы мүмкін. Күннен-күнге бұлшық еттердің өсу қарқыны біртіндеп азайып, ол соңында жойылып кетеді. Оның максимал өнімділігі белгілі бір шамамен анықталады. Ол дайындықтың шарықтау шегіне жеткен кезде биіктікке немесе қашықтыққа секіру барысында әр дюймдегі көрсеткішін есептей бастайды. Динамометрді қысқан кезде жарты футтық күш салуды үйренеді. Ол соққыны өлшейтін аппаратқа соққы жасап, өзінің соққы көрсеткішін белгілі бір деңгейге жеткізеді. Сөйтіп, бұлшық ет жүгіру, ескек есу, жүру және басқа да физикалық күш түсіру кезінде қозғалыста болады. Адам қандай да бір жаттығумен, күш салу арқылы да бұлшық ет күшінің белгілі бір шегінен аса алмайды.

Бұл тәжірибе әр студенттің өзінің ақыл-ой қабілеттерінің жұмысымен сезінген тәжірибеге ұқсас келеді. Мектепке алғаш рет баратын бала интеллектуалды қиындықтарға тап болып, кейін өзінің қаншалықты ілгерілеушілік жасағанына таңғалады. Ол ақыл-ой қабілетінің дамығанына және практикалық қолдану көлемінің артуына мақтанып, әлем тарихында өзінің ізін қалдырған қаһарман кейіпкердің бірі болдым деп ойлауы мүмкін. Ол мектепте және колледжде емтихандарда сыныптастарымен қайта-қайта жарысып, олардың арасында өзінің орнын табады. Осындай жарыстарда кейбір бәсекелестерін жеңе алатынын, кейбіреулерімен тең білімі бар екенін, ал тағы біреулердің интеллектуалды мүмкіндіктеріне шамасы жетпейтінін түсінеді.

Жаңа үмітпен және менмендігі жоғары ол жиырма екі жасында университетті тәмамдап, бәсекелестіктің үлкен ортасына түседі. Алдында ғана өткен тәжірибе осы алаңда да қажет болады. Мүмкіндіктер пайда болады. Әр адамға осындай мүмкіндіктер беріледі және олар осы мүмкіндіктерді қармап қала алмайды. Ол көп нәрселерді тырысып жасап көреді. Бірнеше жыл өткен соң, егер ол менмендікке салынбаса, қандай істерді жасай алатынын және қандай істерді жасай алмайтынын анық білетін болады. Ер жеткен кезде ол өзінің шектеулі мүмкіндіктерін байқап, сыртқы әлемнің өзінің әлсіз тұстарын бағалағанын және өзінің шынайы қабілетін біледі немесе білуі тиіс. Ол менменшілдік пен мансапқұмарлықтың үмітсіз талпыныстарымен қиналмайды. Бірақ ол өзінің мүмкіндігі жетпейтін істермен шектеліп, Жаратушының оған атқара алатын қабілетке сай жақсы жұмыспен айналысып жатқанына шын сенімді болғанда шынайы моральдық тыныштық күйіне жетеді.



Ақыл-ой қабілеттерін сынау тестілері

Ақыл-ой қабілеттерін сынау тестілері: моторлық дағдылар мен сенсорлық қабілеттерді сынау тестілері.

Гальтонның америкалық шәкірті және Вундттың бұрынғы шәкірті Джеймс Маккин Кеттелл ақыл-ой қабілеттерін сынау тестілерін ойлап тапса да, оларды жетілдірген алғашқы ғалым Гальтон болатын. Гальтонның негізгі болжамына

сәйкес, адамның ой-өрісі оның сенсорлық қабілеттерімен өлшенуі мүмкін. Жеке адамның ой-өрісі жоғары болған сайын, оның сенсорлық қызмет ету деңгейі жоғары болуы тиіс. Бұл болжам Джон Локктың «біз білімді түйсіктер арқылы меңгереміз» деген эмпирикалық көзқарасынан туындады. Гальтонның пікірі бойынша, осы болжам дұрыс болса, «дарынды адамдарда түйсіну қасиеттері өте ерекше болмақ».

Өзінің зерттеулерін жүзеге асыру үшін Гальтон көп адамдардың сенсорлық өлшемдерін жылдам әрі нақты жасайтын құрылғы ойлап табуы қажет еді. Мысалы, дыбысты ажыратудың ең жоғары жиілігін анықтау үшін ол арнайы ысқырық ойлап тапты. Бұл эксперименттер кезінде ысқырық адамдар мен жануарларға қолданылды. Гальтон Лондон жануарлар бағында іші қуыс таяқпен серуендегенді ұнататын. Оның таяқшасына резеңкелі алмұрт пен ысқырық орнатылды. Ол алмұртты қысқан кездегі шыққан дыбысқа жануарлардың реакциясын бақылады. 1930 жылдарға дейін Гальтонның ысқырығы кез келген психологиялық зертхана жабдығының міндетті элементіне айналды. Кейін ысқырық жетілдірілген электронды құралдармен алмастырылды.



Адамның психометриялық қабілетіне қатысты мағлұматтарды жинау үшін Гальтон өзінің антропометриялық зертханасын құрды

Гальтонның екі түстік ренкті ажырату дәлдігін өлшеуге арналған фотометрді, дыбыс пен жарыққа реакция уақытын анықтауға арналған калибрленген маятникті және кинетикалық немесе бұлшық ет сезімталдығын салыстыруға арналған жүктер жиынтығынан тұратын құралды ойлап тапқанын атап өткен жөн. Сонымен бірге ол ұзындықты тексеру үшін қашықтықтың айнымалы шкаласы бар арнайы тақтайшаны және иіс сезімін тексеру үшін түрлі заттарды қамтитын бөтелкелер жиынтығын ойлап тапты. Гальтонның тестілері көп жылдар бойы психологиялық зертханаларда қолданылатын жабдықты жетілдіруге түрткі болды.

Жаңа әдістерді меңгерген Гальтон тәжірибелердің мағлұматтарын жаппай жинауға кірісті. Ол 1884 жылы антропометриялық зертхананың негізін қалады. Бастапқы кезде зертхана Лондон халықаралық медицина көрмесінде қолданылып, содан кейін Лондондағы Оңтүстік Кенсингтон мұражайына өткізілді.

Бұл зертхана алты жыл бойы жұмыс істеді. Осы мерзім ішінде Гальтон 9000-нан астам адамның тексеріс нәтижелерін жинақтады. Ол ені 6, ұзындығы 36 фут тар бөлмедегі ұзын үстелге антропометриялық және психометриялық өлшемдерге арналған құралдарды орнатты. Мұнда келген әр адам аз-кем ақшамен-ақ барлық тексерістен өте алатын. Зертханадағы көмекшілер тексеріс нәтижелерін картотекаға енгізіп отырды.

Зертханаға келушілердің бойы, салмағы, өкпе көлемі, түрлі бұлшық еттердің шекті күші, тыныс алу жиілігі, есту, көру және түстерді қабылдау қабілеттері сияқты параметрлері анықталды. Әрбір адамға бас-аяғы 17 тест берілді. Жан-жақты зерттеу бағдарламасының мақсаты ұлттың интеллектуалды әлеуетін айқындау үшін Ұлыбритания халқының адами мүмкіндіктер диапазонын анықтау еді.

АҚШ-тың бір топ психологтері жүз жыл өткен соң Гальтон алған тексерістердің мағлұматтарын талдады (Johnson et al., 1985). Олар қазіргі тестілер мен өткен ғасырда өткізілген зерттеулердің нәтижелері арасындағы маңызды корреляцияны анықтай алды. Осының арқасында мағлұматтардың статистикалық сенімділігі туралы қорытынды жасалды. Сонымен бірге бұл мәліметтерде тексерілген балалардың, жасөспірімдердің және ересек адамдардың даму процестері туралы пайдалы ақпарат камтылды. Салмақ, қолдың құлашы, өкпе көлемі және білектің қысу күші көрсеткіштері кейінгі әдебиеттердегі көрсеткіштерге жуықтайды. Гальтонның кезіндегі даму қарқыны ғана қазіргі даму қарқынымен салыстырғанда баяу болып шықты. Осылайша психологтер «Гальтон мағлұматтарының ғылыми құндылығы әлі де жойылған жоқ» деген қорытынды жасады.

Идеялар ассоциациясы

Гальтон ассоциацияларды зерттеу саласында екі мәселемен: идеялар ассоциациясының сан алуандығын зерттеумен және ассоциациялардың (реакция уақыты) пайда болуы үшін қажетті уақытты анықтаумен айналысты. Ассоциациялардың сан алуандығын зерттеу әдістерінің бірі бойынша, сыналатын адам Лондондағы Трафальгар алаңы мен Сент-Джеймс сарайы арасында орналасқан Полл Молл көшесі бойындағы әртүрлі заттарға қарап, осы заттар ассоциативті түрде сыналушы адамға ой салғанша көшемен 450 ярд жүріп өтуі тиіс еді.

Гальтон осы әдісті алғаш рет өзіне сынап көргенде жол бойы көрген 300 объектінің жанынан өткен кезде туындаған ассоциациялар санына таңғалды. Ол бұл жағдайда көптеген ассоциациялардың өткеннен сақталған, ұмытылып кеткен әсерлерден қалған естелік екенін байқады. Бірнеше күннен соң осы экспериментті қайталап, алғашқы серуен кезінде туындаған ассоциациялардың көпшілігі осы жолы қайта пайда болғанын аңғарды. Мұндай нәтиже оның бұл мәселеге қатысты қызығушылығын азайтты. Ол реакция уақытын өлшеу эксперименттерімен айналысып, бұл эксперименттер өте сәтті шықты.

Осы тәжірибені өткізу үшін Гальтон 75 сөзден тұратын тізім әзірледі. Олардың әрқайсысы жеке парақ бетіне жазылды. Бір апта өткеннен кейін ол осы сөздерді бір-бірден қарап, әр сөзден туындаған екі ассоциацияның пайда болу уақытын хронометрдің көмегімен белгілеп отырды. Көп ассоциациялар бір сөзден тұрды. Бірақ бұл сөздердің кейбіреулері көп сөзбен сипаттауды қажет ететін бейнелер немесе ойдағы суреттер болды. Келесі тапсырмада осы ассоциациялардың табиғатын анықтау қажет еді. Гальтон осы ассоциациялардың жалпы санының шамамен 40 пайызы балалық шақ пен жастық шаққа қатысты екенін анықтап, балалық шақта алған ерте әсердің ересек адамның тұлғасына ықпал ететінін көрсетті.

Сонымен бірге Гальтон бұрынғы оқиғаларды саналы түсінікке жеткізетін бейсаналы ойлау процестерінен әсер алды. Ол: «Миымның ең жақсы жұмыс істеу кезі – миымның санадан толығымен тәуелсіз (дербес) болуы», – деп сенім білдірді (quoted in Gillham, 2001, p. 221). «Ми» (*Brain*) журналында (1979) жарияланған мақалада Гальтон бейсана түсінігінің маңызына тоқталды. Бейсананың

маңызы туралы білгісі келген Зигмунд Фрейд Венада осы журналға жазылып, Гальтон еңбектерінен әсер алғаны сөзсіз.

Гальтонның алған нәтижелерімен салыстырғанда оның ассоциацияларды зерттеуге арналған эксперименттік әдісі ғылым үшін маңызды болды. Қазіргі таңда ол сөз ассоциациясы тесті деген атпен белгілі. 4-тарауда айтып өткеніміздей, Вундт сыналушы адамның реакциясын бір сөзбен шектеп, Лейпциг зертханасында осы әдісті қолданды. Психоаналитик Карл Юнг (14-тарау) өзінің тұлғаға қатысты сөз ассоциациясына арналған әдістемесін жетілдірді.

Психикалық бейнелер

Гальтонның психикалық бейнелерге қатысты зерттеулерінде психологиялық сауалнама алғаш рет кеңінен қолданылды. Сыналушы адамға қандай да бір жағдайды, мысалы таңғы аста болған жағдайды, еске түсіруін өтініп, жадында оның бейнесін елестетуі қажет болды. Содан кейін бейненің бұлыңғыр немесе анық, ашық немесе көмескі, түрлі түсті немесе ала түсті және тағы басқа күйде болғанын белгілеп қою керек еді. Гальтонның таныс ғалымдарынан құралған бірінші сыналушы топтағы бірде-бір адамның айқын бір бейненің пайда болғанын елестете алмауы оны таң-тамаша қалдырды. Тіпті олардың кейбіреулері Гальтонның неі мензеп тұрғанын да түсінбеді.

Гальтон түрлі бұқара топтарын терең зерттеу барысында егжей-тегжейіне дейін анық әрі айқын бейнелер туралы мағлұматтар алды. Ол әйелдер мен балаларда пайда болатын бейнелер нақты және айқын болатынын байқады. Статистикалық анализ нәтижесінде Гальтон, адамның басқа сипаттамалары сияқты, психикалық бейнелер қалыпты қисық заңдылығына сәйкес бұқара халық арасында үлестірілді.

150 жылдан астам уақыттан кейін екі америкалық психолог – ғалымдар мен колледж студенттерінің психикалық бейнелерін салыстырып, Гальтонның экспериментін қайталады. Олар осы екі топтың арасында ешқандай айырмашылық байқамады. Ғалымдар (физиктер мен химиктер) Гальтонның қойған сұрақтарына, мысалы сол күнгі таңғы астың бейнелеуге қатысты, жеткілікті визуалды бейнелерді көрсетті (see Brewer & Schommer-Aikins, 2006).

Гальтонның көп жұмыстары сияқты, осы мәселеге қатысты зерттеулер туа біткен ұқсастықтарды көрсетуге байланысты болды. Атап айтқанда, туыстық қатысы жоқ адамдарға қарағанда, бір атадан туған бауырларда ұқсас бейнелердің пайда болу ықтималдығы жоғары.

Иіс сезу арифметикасы және басқа да оғаш тақырыптар

Гальтонның дарынының жан-жақтылығы зерттеулердің сан алуандығынан да көрініс табады. Ол өзін көшеде кездесетін барлық тірі жан аңдып жүргенін елестететін есі ауысқан науқастың күйінде болуға тырысты. Бір тарихшы былай деп жазды: «Таңғы серуеннің соңында оны жай тұрған жылқы да аңдып тұрғандай көрінді. Жылқы оған қарамай тұрса да, ол өзінің іс-қимылдарын жасырып тұр деп ойлады» (Watson, 1978, pp. 328–329).

Ол Құдайға сыйыну мүмкіндіктерінің қандай да бір нәтижелерге жетуін зерттеп, бұл іс-әрекеттердің науқастарды емдейтін дәрігерлер, ауа-райын өзгертуге тырысатын метеорологтер үшін немесе күнделікті өмір сүруіне әсер ететін діни қызметкерлер үшін де тиімсіз деп шешті. Гальтон адамдарда пайда болатын мәселелер мен айналасындағы адамдармен орнаған қарым-қатынастарына қатысты діни көзқарастарды ұстанатын және ұстанбайтын адамдар арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деп сенді. Гальтон евгеника арқасында пайда болатын мінсіз нәсілдің эволюциялық дамуы жәннатқа кіруден әлдеқайда жақсы деп пайымдады.

Гальтонның сандық және статистикалық анализдегі қызығушылықтары қандай да бір есептеуден жиі байқалды. Университет пен театрдағы есінеу мен

жөтелу санын есептеу арқылы дәріс пен қойылымның (спектакльдің) зеріктіру мөлшерін анықтады. Портрет салатын суретшінің қимылын бақылағанда оның қылқаламмен портретке шамамен 20 мың рет бояу жағатынын есептеп шығарды. Гальтон сандар арқылы емес, иіс арқылы есептеу жүргізіп те көрді. Сандардың мәнін өзі ұмыту үшін хош иістерге цифрлық мәндер беріп, қосу мен алу үшін осындай оғаш терминдер қолдана бастады. Осы интеллектуалды жаттығулардың нәтижесінде «Психологиялық шолу» (*Psychological Review*) америкалық журналының бірінші нөмірінде «Иістерді сезу арифметикасы» (*Arithmetic by Smell*) мақаласы жарық көрді.

Түсініктеме

Психологиямен 15 жыл айналысқан Гальтонның өзі психолог болмаса да, оның зерттеулерінің нәтижелері жаңа психологияның дамуына жаңа бағыт-бағдар берді. Оның құдай берген дарыны мен темпераменті бір саламен шектеліп қалуға мүмкіндік бермеді. Гальтонды қызықтыратын және кейін басқа ғалымдардың зерттеу пәні болған мәселелер тізімі бейімделу, тұқым қуалау мен қоршаған орта өзгерістерінің салыстырмалы ықпалы, статистикалық әдістерді пайдалану, сауалнамалар мен психологиялық тестілерді қолдану мәселелерін қамтыды. Гальтонның АҚШ психологиясының дамуына қосқан үлесі психологияның негізін салған Вильгельм Вундтпен салыстырғанда айқын болғаны анық.

Жануарлар психологиясы және функционализмнің дамуы

Дарвиннің эволюциялық теориясы жануарлар психологиясының дамуы үшін негізгі стимул болды. «Психологияның басқа салаларына қарағанда Дарвиннің жануарлардың мінез-құлқын зерттеудегі жетістігі зор еді» (Burghardt, 2009, p. 102). Дарвиннің «Түрлердің шығу тегі туралы» еңбегі жарияланғанға дейін ғалымдар жануарлардың психикасымен айналысқан жоқ. Себебі олар үшін жан-жануарлар жаны мен санасынан айырылған аппараттар (машиналар) болып қарастырылды. Декарт та осы көзқарасты ұстанып, «жануарлардың адамдармен ешқандай ұқсастығы жоқ» деп, үнемі қайталап отыратын.

Дарвиннің еңбегі барлығына қолайлы көзқарасты түбегейлі өзгертті. Дарвиннің ұсынған дәлелдері «адам мен жануар психикасы арасында ешқандай айырмашылық жоқ» деген болжам ұсынды. Адамдар мен жануарлардың барлық психикалық және физикалық аспектілері бірыңғай тұрғыдан талдануы мүмкін. Себебі ұзақ эволюциялық өзгерістер нәтижесінде адамдар жануарлардан пайда болғаны қарастырылады. Дарвин былай деп жазды: «Адам мен жоғары санатты сүтқоректілердің психикалық қабілеттері арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ» (1871, p. 66). Ол көптеген тіршілік иелерінің ләззат алу мен ауруды, қуаныш пен қайғыны сезетініне, түстер көретініне және олардың елестету қасиеттері барына сенді. Дарвиннің пайымдауы бойынша, құрттардың өзі де тамақтан ләззат алатынын көрсетіп, жыныстық құштарлығы мен қарым-қатынас орнату талпынысын байқатып, оларда белгілі бір сана формасының болуын растайды.

Егер жануарлардың ақыл-ой қабілеттерінің бар-жоқтығын, сондай-ақ олардың психикасы мен жануарлардың психикасы арасында үздіксіз байланысты көрсете алса, алынған фактілер Декарттың пайымдауының жарамсыз екенін растайтын еді. Осы міндет ғалымдардың – жануарлардың интеллектісін іздестірудегі бастапқы межесіне түрткі болды.

Дарвин «Адам мен жануарлардың эмоцияларын білдіруі» (*The Expression of the Emotions in Man and Animals*) атты еңбегінде (1872) өзінің теориясын қорғап, «адам эмоцияларының белгілері жануарлардың кейбір мінез-құлық типтерінен

алынған» деді. Осы идеяны растау үшін түрлі мысалдар келтірді. Атап айтқанда, ол адамдардың біреуді ұнатпағанын ернін тыжырайту арқылы білдіретін эмоциясын жануарлардың дұшпанын қорқыту үшін азу тістерін көрсететін қылығымен байланыстырды.

«Түрлердің шығу тегі туралы» кітабы жарық көргеннен кейін жануарларда интеллектінің бар-жоқтығы тақырыбы ғылыми ортада ғана емес, көпшілік арасында да ерекше қызығушылық тудырды. 1860–1870 жылдары адамдардың көпшілігі бұрын жануарларда байқалмаған ақыл-ой қабілеттерін көрсететін олардың мінез-құлық белгілерін хабарлап, түрлі бағыттағы журналдарға хат жаза бастады. Үй мысықтары мен иттердің, жылқылар мен шошқалардың, ұлулар мен құстардың ерекше ақыл-ой белгілері туралы түрлі оқиғалар туындады.

Ұлы экспериментші Вильгельм Вундттың өзі де бұл әуестіктен бас тарта алмады. Вундт 1863 жылы әлемдегі бірінші психолог атанғанға дейін-ақ қоныздардан бастап борсықтарға дейінгі түрлі тіршілік иелерінің ақыл-ой қабілеттері туралы еңбек жазған болатын. Ол бұл еңбегінде сенсорлық қабілетін ең аз көрсететін жануарларда бағалау және саналы қорытынды жасау қабілеті бар екенін айтты.

Жалпы жабайы аңдарды ақыл-ойы кем не төмен деп қарауға болмайды. Вундттың айтуынша, олардың қабілетінің адам баласынан көп айырмашылығы жоқ. Көптеген қабілеттің оқу һәм үйрену арқылы келетінін айтпаса да түсінікті. Отыз жыл өткен соң, жануарлардың ақыл-ой қабілеті адаммен бірдей деген ұстанымды қолдаған Вундттың аталмыш мәселеге қатысты көзқарасы біршама өзгерді.

Джордж Джон Романес (1848–1894)

Ата-анасы балалық шағында «басы жұмыс істемейтін ақымақ» деп есептеген ағылшын психологі Джордж Романес жануарлардың интеллектісін зерттеу мағлұматтарын жүйелендірген ғалым болды (Richards, 1987, p. 334). Жас кезінде оған эволюция теориясы қатты әсер етті. Кейін, Дарвинмен достасқан кезде, Дарвин Романеске жануарлардың мінез-құлқы бақылауларын жазған дәптерін берді. Сөйтіп, ол Романеске эволюция теориясына психика мәселесін, өзінің тірі жандар дене құрылысына қатысты ұқсас болған теорияны қолдануға қатысты жұмысының бір бөлігін атқаруды сеніп тапсырды.

Романес досының берген тапсырмасын тыңғылықты орындады. Ол ауқатты адам болғандықтан, күнкөріс үшін жұмыс іздеп әуре болмады. Оның жалғыз міндетті жұмысы – жылына екі апта уақытын алатын Эдинбург университетіндегі дәріс болатын. Әдетте ол Лондонда және Оксфордта қыс мезгілін өткізсе, жаз айларында теңіз жағасына университеттегідей жабдықталған зертхана салып, уақытын сонда өткізді.

1883 жылы Романес «Жануарлар интеллектісі» (*Animal Intelligence*) деп аталатын еңбегін жарыққа шығарды. Бұл салыстырмалы психологияның алғашқы кітабы болып есептелді. Еңбекте қарапайым бір жасушалы организмдердің – құмырсқалар мен өрмекшілердің, бауырымен жорғалаушылардың, балықтар мен құстардың, пілдердің, маймылдар мен түрлі үй жануарларының мінез-құлқы туралы мағлұматтар жинақталған. Оның мақсаты барлық тіршілік иелерінің интеллектуалды дамуының үздіксіздігін көрсету үшін (а) фауна өкілдерінің ақыл-ой қабілетінің жоғары деңгейі мен (б) жануарлардың ойлау функцияларының адамның ойлау функцияларымен ұқсастығын суреттермен сипаттау еді. Романестің айтуы бойынша, «шаянның саналы іс-әрекеттері мен адамның саналы іс-әрекеттері арасында шын мәнінде ешқандай айырмашылық жоқ» екенін көрсеткісі келді (Richards, 1987, p. 347).

Ол «менталды сатыны» жетілдіріп, осы «сатыға» жануар түрлерін психикалық әрекет ету дәрежесіне қарай орналастырды (6.1-кесте). Романес бұл кестеге тіршіліктің жоғары формасымен қатар, төменгі формаға жататын медузалар, теңіз кірпілері мен ұлуларды да енгізді. Романестің тәсілдемесі сирек жағдай

Сирек жағдай әдісі: жануарлардың мінез-құлқы туралы бақылау есептерін пайдалану.

Ұқсату арқылы интроспекция: бақылаушының ақыл-ойында болатын процесс, жануардың ақыл-ойында ұқсас процесі қабылдау арқылы жануарлардың мінез-құлқын зерттеу әдісі.

әдісі деп аталды. Аталмыш әдіс жан-жануарлардың мінез-құлқындағы кездейсоқ бақылауларды тіркеу хәм айту арқылы жүзеге асты. Алайда осы мәліметтердің көпшілігі зерттеу жұмыстары аса дәлдікке сүйенбеген сенімсіз және дайындығы жоқ бақылаушылардан келіп түсіп жатты.

Романес өз жұмысында аналогиялар арқылы күлкілі әрі жарамсыз болған интроспекция әдісін қолданған. Осы әдісті пайдаланған кезде зерттеуші оның миында бақыланатын жануардың ойлау процестері сияқты процестер болатынын болжады. Интеллект пен ерекше ойлау функцияларының болуы жануардың мінез-құлқын бақылау арқылы және адамның ойлау процестері мен жануарда болатын процестер арасында ұқсастықтар іздестірілді.

6.1-КЕСТЕ. РОМАНЕС БЕЛГІЛЕГЕН АҚЫЛ-ОЙ ҚЫЗМЕТІНІҢ САТЫСЫ

ТҮРЛЕРІ	ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ
Приматтар, иттер	Белгісіз моральдық негіздер
Маймылдар, пілдер	Құралдарды қолдану
Құстар	Суреттерді тану, сөздерді түсіну
Аралар, соналар	Идеялар коммуникациясы
Бауырымен жорғалаушылар	Адамдардың түсінуі
Омарлар, шаяндар	Себеп
Балық	Ұқсастықтар ассоциациясы
Ұлу, кальмар	Жалғастық ассоциациясы
Теңіз жұлдызы, теңіз кірпісі	Есте сақтау
Медуза, теңіз желайдары	Сана, ләззаттану, ауруды сезу

Дереккөз: *Feral Children and Clever Animals: Reflections on Human Nature* (p. 192), by D.K. Candland. 1993. New York: Oxford University Press.

Романес аналогия арқылы интроспекция процесін былай сипаттады:

«Өзімнің жеке интеллектімнің процестері мен олардың менің организмimde туындататын іс-әрекеттері туралы субъективті біліміме сүйеніп, басқа организмнің бақыланатын іс-қимылдары арқылы мен екі қызмет негізінде белгілі бір ойлау процестерінің бар болу фактісін анықтаймын» (Romanes, quoted in Mackenzie, 1977, pp. 56–57).

Осы әдісті қолдану негізінде Романес жануарлардың адам сияқты логикалық тұжырымдар жасай алатынын, идеяларды қалыптастырып қабылдай алатынын, күрделі пайымдауларды және күрделі есептерді шеше алатынын болжады. Олардың кейбір ізбасарлары жануарларға адамның орташа деңгейінен айтарлықтай асатын интеллектуалды қабілеттер тағайындаған.

Романес маймылдар мен пілдерден кейін ең ақылды жануар деп есептеген – мысықтарға арналған өз жұмысында ат айдаушыға тиесілі бір мысықты бақылап, сипаттады. Мысық бірнеше іс-қимыл арқылы атқораға апаратын есікті аша алды. Интроспективті аналогия әдісіне сәйкес Романес мынадай тұжырымға келді:

«Мұндай жағдайларда мысықтарда есіктің механикалық қасиеттері туралы нақты түсінік болды. Олар жабылмаған есікті ашу үшін алға қарай итеру қажет екенін білді... Біріншіден, мысық есіктің тұтқаны басып, шаппаны жылжыту арқылы ашылатынын байқауы тиіс. Екіншіден, «сезімдер логикасы» арқылы адамның қолымен орындалатын іс-қимылдарды табанымен де орындауға болатыны туралы тұжырымдады. Мысық артқы аяқтарына тұрып, шаппаны алдын ала ашып, есікті итерген кезде бұл процесс адаптивті пайымдаулар нәтижесі деп қарастырылуы мүмкін» (1883, pp. 421–422).

Романестің тәжірибелеріне қазіргі ғылыми қатал жүйе жетіспейді. Ал бастапқы фактілер мен олардың субъективтік түсініктемесі арасындағы байланыс нақты көрінбейді. Қазіргі таңда оның зерттеу әдістері мен алынған нәтижелерінің кемшіліктері айқын болса да, ғылым әлемінде салыстырмалы психологияның дамуы мен осы саладағы эксперименттік әдістерді жетілдіруде ерен еңбегін мойындау белгісі ретінде оның есімі құрметпен айтылады.



<https://en.wikipedia.org>

К. ЛЛОЙД МОРГАН

Үнемдеу заңы: Ллойд Морган заңы. Егер жануарларға психикалық процестердің төменгі деңгейі жеткілікті болса, онда олардың мінез-құлқы жоғары деңгейдегі психикалық процестердің болуы қажет еместігін түсіндіреді.

К. Ллойд Морган (1852–1936)

Романес өзінің шәкірті деп атаған Конви Ллойд Морган «кездейсоқ әдісі» мен аналогия арқылы интроспекцияның ғылыми жарамсыздығын түсінді. Томас Генри Гекслидің студенті болған Морган – Англиядағы Бристоль университетінің психология және педагогика профессоры, сондай-ақ қала ішінде бірінші болып велосипедпен жүрген адамдардың бірі еді.

Морган жануарлардың аса жоғары интеллектуалды қабілеттерін шектеу үшін үнемдеу заңын (Ллойд Морган заңы деп те аталады) ұсынды. Егер жануарларға психикалық процестердің төменгі деңгейі жеткілікті болса, онда олардың мінез-құлқына жоғары деңгейдегі психикалық процестердің қажеті болмады. Морган 1894 жылы осы идеяны ұсынып, ол екі жыл бұрын Вундттың үнемдеу заңының пайда болуына алып келеді. Бұл заңда Вундт: «Күрделі қағидалар қарапайым қағидалармен түсіндіру мүмкін болмаған кезде қолданылады» (Richards, 1980, p. 57). Морганның мақсаты антропоморфизмді жою емес, оны қолдану саласын азайтып, салыстырмалы психология әдістемесіне ғылыми негіз беру. Ол Романестің антропоморфизмнің қажеттігіне және оны толығымен психологиядан ажыратып тастамау идеясына келісті, бірақ оның ықпалын барынша азайтуға тырысты.

Морган былай жазды:

«Романестің оқиғалар жинағы арқасында ... Мен салыстырмалы психология туралы ғылымның негізін осындай (кездейсоқ) әдістермен қалыптастыруға болатынын сездім. Көп оқиғалар, психологиялық дайындығы өте төмен бақылаушылар туралы кездейсоқ жазбалар, қосымша пікірлер болды. Содан кейін мен жануарлардың ақылынан ғылымға қажетті мағлұматтарды алуға болатынына күмәнмен қарадым» (1930/1961, pp. 247–248).

Жануарлардың мінез-құлқын бақылап, жеке психикалық процестерді интроспективті зерттеу арқылы түсіндіруге тырысып, Морган шын мәнінде Романес сияқты әдістеме қолданды. Алайда ол өзінің үнемдеу заңын қолданып, қарапайым мінез-құлық арқылы түсіндіруге болатын іс-қимыл кезінде оларға жоғары сатыдағы психикалық процестерді беруден бас тартты.

Морганның пікірі бойынша, көп жануарлардың мінез-құлқы сезімтал тәжірибеге негізделген немесе ассоциацияларға негізделген үйрету. Ол үйретуді рационалды пайымдаумен немесе идеяларды қалыптастыру мен қабылдау мүмкіндігімен салыстырғанда төменгі сатыдағы процесс ретінде қарастырды. Морган заңын қолдану нәтижесінде аналогия арқылы интроспекцияны пайдалану шектеліп, сонында объективтік ғылыми әдістермен ығыстырылды.

Морган – жануарлардың психологиясы бойынша ауқымды зерттеулер атқарған алғашқы ғалым. Алғашқы кезде оның эксперименттеріне ғылыми қатал жүйе жетіспеуіне қарамастан, олар кейбір жасанды қиындықтары бар табиғи жағдайларда өткізілетін жануарлардың мінез-құлқын мұқият бақылауды қамтыды. Мұндай тәжірибелердің зертханалық сынақтарға қарағанда бақылау үшін мүмкіндіктері азырақ болды, бірақ олардың Романестің кездейсоқ оқиғалар әдісімен салыстырғанда біршама артықшылықтары бар еді.

Түсініктеме

Англияда салыстырмалы психология бойынша алғашқы жұмыстар атқарылды. Бірақ аз уақыт өткен соң, АҚШ осы саладағы көшбасшылық рөлге ие болды. Романес 50 жасқа жетпей мидың қатерлі ісігінен қайтыс болды. Ол қайтыс болғаннан кейін Морган ғылыми жұмысынан бас тартып, университет әкімшілігіне қызметке тұрды.

Салыстырмалы психология Дарвиннің жануарлар әлемінің тұтастығы туралы болжамынан туындаған пікірталастың нәтижесі болды. «Функция ұғымы мен организмдердің эволюциясы барысында олардың физикалық құрылымы аман қалу жағдайларының талаптарымен анықталады» деген пікір Дарвин теориясының негізі болған еді. Жалпы тіршілік етуші бейімделгіш жүйеде функциялық элемент ретінде биологтердің әр анатомиялық құрылымды қарастыруына себепкер болды. Психологтер психикалық процестерді осы тұрғыдан зерттей бастаған кезде, олар қосарланған психология бағытын – функциялық психологияны ойлап тапты.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Лондон зообағындағы Дженни атты орангутанды көру қайсыбір адамдарды неге қолайсыз жағдайға душар етті?
2. Функциялық психологтер сананың қандай аспектілерімен айналысты? Ол психологияны күнделікті өмірдегі мәселелерге қолдануға қалай әсер етті?
3. Функциялық психологтер Вундттың психологиясы мен Титченердің структурализміне қарсылық білдіргенде неге сүйенді?
4. Эволюция теориясы нәліктен XIX ғасырдың ортасында қабылданды?
5. Эразм Дарвин мен Жан Батист Ламарк қабылдаған эволюция әдістемесін түсіндіріңіз.
6. Сапарлар мен зерттеулер саны қалай көбейді? Тасқа айналған жануарлар мен өсімдіктерді жинауға адамдардың қызығушылығының артуы эволюция идеясына қалай әсер етті?
7. Миннесотада тышқандар мен құстарды зерттеу эволюциялық теорияны қалай қолдайтынын түсіндіріңіз.
8. Дарвин өзін «шайтанның қолшоқпары және оның жұмысы адам өлтіруді мойындаумен тең дегенде» нені меңзеді?
9. Мальгустың халық және азық-түлікпен қамтамасыз ету доктринасының ықпалымен Дарвиннің табиғи сұрыпталу тұжырымдамасы қандай болды?
10. Томас Генри Гекслидің Дарвин теориясына қолдау көрсету рөлін сипаттаңыз.
11. Дарвиннің идеялары психология пәні мен әдістерін қалай өзгертті?
12. Гальтонның жұмысына үлес қосқан Хуан Уартенің еңбектерін сипаттаңыз.
13. Гальтонның психикалық тест жөніндегі еңбегі Джон Локктың эмпирикалық көзқарасы ықпалынан қандай әсер алды?
14. Адамның сипаттамаларын өзгерту үшін Гальтон қандай статистикалық құралдарды жетілдірді? Гальтонның туа біткен данышпан жөніндегі зерттеуін сипаттаңыз.
15. Гальтон идеялар байланысын қалай зерттеді? Ол ақыл-ойды қандай жолмен сынақтан өткізді?
16. Жануарлар психологиясының дамуына Дарвиннің эволюция теориясы қалай ықпал етті? Вундт оны алғашында қалай қабылдады?
17. Аналогия бойынша оқиға әдісі мен интроспекцияны сипаттаңыз. Романестің менталды кестесін түсіндіріңіз.
18. Морган аналогия бойынша интроспекцияны қалай шектеді? Морган жануарлардың ақлын зерттеу үшін мына әдістердің қайсысын қолданды: (а) оқиғаларды жинақтау, (б) эксперименттік зерттеулер, (в) экстирпация әдісі, (г) электрлі стимуляция?

Ұсынылған әдебиеттер

- Aydon, C. (2002). *Charles Darwin: The naturalist who started a scientific revolution*. New York: Carroll & Graf. Дарвиннің отбасылық өмірі мен қызметі туралы есеп. Оның идеяларының 100 жылдан астам уақыт бойы ықпалы туралы фотосурет пен эссе қамтылған.
- Browne, J. (2002). *Charles Darwin: The power of place*. New York: Knopf. Дарвиннің үлкен биографиясының екінші томы. Ол Дарвиннің Альфред Рассел Уоллестің жұмысына реакциясын, «Түрлердің шығу тегін» жариялауды және Дарвин идеяларының викториандық кезеңге әсерін қамтиды. Бірінші том: Charles Darwin: Voyaging кітабы 1996 жылы жарыққа шықты.
- Costall, A. (1993). How Lloyd Morgans canon backfired. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 29, 113–122. Жануарлардың мінез-құлқын зерттеуде Морган мен Романестің әдістемелерін талқылайды.
- Diamond, S. (1977). Francis Gallon and American psychology. *Annals of the New York Academy of Sciences*, 291, 47–55. Функциялық психологияның америкалық негізін қалаушыларына Гальтонның ықпалын сипаттайды.
- Eldredge, N. (2005). *Darwin: Discovering the tree of life*. New York: Norton. Дарвиннің туғанына 200 жыл толуына арналған көрмеде мұражай жетекшісі Дарвиннің дәптерлерін қалпына келтіріп, Дарвин өз идеяларын қалай ұйымдастырғанын, қалай сұрыптаудан өткізгенін талдайды.
- Fancher, R. (2009). Scientific cousins: The relationship between Charles Darwin and Francis Galton. *American Psychologist*, 64, 84–92. Интеллектуалды және философиялық мәселелер бойынша екі ұлы ғалыммен олардың келісімдері және келіспеушіліктері арасындағы жеке және ғылыми қарым-қатынастарды сипаттайды.
- Fisher, M., Garcia, J., & Sokol-Chang, R. (2013). *Evolutions empress: Darwinian perspectives on the nature of women*. New York: Oxford University Press. Эволюцияда әйелдердің рөлі еленбей, жеңілдетілгенін айтқан, эволюцияға феминистік көзқарастағы 33 автордың очерктері.
- Gribbin, J., & Gribbin, M. (2004). *Fitzroy: The remarkable story of Darwins captain and the invention of the weather forecast*. New Haven, CT: Yale University Press. «Бигль» кемесімен атақты сапарындағы Дарвиннің капитаны және ауа райын болжау тарихы туралы әңгімелейді.
- Heiligman, D. (2009). *Charles and Emma: The Darwins' leap of faith*. New York: Holt. Дарвиннің отбасылық өміріне қысқаша шолу және оның әйелі мен балаларының Дарвиннің жұмысына көңіл бөлуіне қалай көмектескені туралы.
- Keynes, R. (2002). *Darwin, his daughter, and human evolution*. New York: Riverhead Books. Дарвиннің адамды азаптаулар туралы түсініктерінің дамуына оның 10 жасар қызының өлімінің ықпалын талқылайды.
- Morgan, C. L. (1961). *Autobiography*. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 237–264). New York: Russell & Russell. (Ресми еңбек 1930 жылы басып шығарылды). Конви Ллойд Морган өзінің өмірін және жануарлар психологиясы бойынша жұмысын сипаттайды.
- Shermer, M. (2002). *In Darwins shadow: The life and science of Alfred Russel Wallace*. New York: Oxford University Press. Осы «психология тарихы жөніндегі биографиялық зерттеу» Уоллестің эволюциялық теорияны қалай кодтайтынын, ғылыми дәстүр формасын бұзатын бірегей кейіпкер екенін көрсетеді.
- Slotten, R. (2004). *The heretic in Darwin's court: The life of Alfred Russell Wallace*. New York: Columbia University Press. Уоллес пен Дарвин табиғи сұрыпталу рөлін жеке тұжырымдаған сындарлы сәтті баяндайды. Уоллестің әлеуметтік әділеттілік, жер реформасы және спиритуализм сияқты басқа да қызығушылықтарын сипаттайды.
- www.victorianwcb.org. Браун университетіндегі ағылшын тілінің профессоры қолдау көрсететін веб-сайт. Бұл веб-сайт саяси және әлеуметтік тарихты, философияны, ғылым мен технологияны қамтыған Викториа дәуіріндегі ақпарат пен ресурстарды ұсынады. Бэббидж, Дарвин, Гальтон, Гексли, Лайель, Уоллес және басқалары туралы материалдар бөлімі.

Функционализмнің дамуы мен қалыптасуы

Құлағына мақта тыққан философ

Америкаға жеткен эволюция: Герберт Спенсер (1820–1903)

Әлеуметтік дарвинизм

Синтетикалық философия

Машиналар эволюциясының жалғасы

Герман Холлерит және перфокарталар

Уильям Джеймс (1842–1910): функциялық психологияның көріпкелі

Джеймстің өмірі

Отбасылық өмірі

Психология қағидалары

Психологияның зерттеу объектісі: санаға қатысты жаңа көзқарас

Психология әдістері

Прагматизм

Эмоциялар теориясы

«Менің» үш түрі

Әдеттер

Әйелдердің функциялық тегіздігі

Мэри Уитон Калкинс (1863–1930)

Түрленгіштік гипотезасы

Хелен Бредфорд Томпсон Вулли (1874–1947)

Лета Стеттер Холлингворт (1886–1939)

Грэнвилл Стэнли Холл (1844–1924)

Холлдың өмірі

Эволюция және дамудың рекапитуляция теориясы

Түсініктеме

Функционализмнің қалыптасуы

Чикаго мектебі

Джон Дьюи (1859–1952)

Құлағына мақта тыққан философ

Әлемдегі ең танымал адамдардың бірі бола тұра, жұрттың дабыр-дұбыры ойына кедергі келтірмес үшін Лондон көшелерімен өткенде құлағына мақта тығып жүретін бір адам бар. Егер құлағына қандай да бір шуыл естіле қалса, ол үшін онда бүкіл бір күні текке кеткені. Оған «біздің философ» деп ат қойып, айдар таққан Чарльз Дарвин еді. Жұрт көзіне ол «бағыт-бағдарсыз құр сенделіп жүретін», «есі кіресілі-шығасылы, оқи да, жаза да алмайтын» міскін біреу болып көрінетін (Coser, 1977, pp. 104–105).

Үйіндегі том-том болып жиналған кітаптар көрінбес үшін кітап сөресіне перде тұтып қоятын. Содан болар, кітап мұқабасындағы атауларға зейін аударар бермейтін. Пойызбен саяхаттай қалса, жаңа кітабының қолжазбасын беліне жіппен айналдыра буып алатын, кейде онысы пальтосынан қылтиып шығып тұратын.

Тамыр соғысын байқау керек болса, көлігі қайшыласқан Лондон көшелерінде күймені тоқтатып қоятын да, өзгелердің жолын бөгегеніне қыңқ етпестен, тамыр соғысын өлшеп отыра беретін (Francis, 2007). Сонымен бірге ол бір мезгілде болмаса да, флейтада ойнағанды және коньки тепкенді ұнататын.

1882 жылдың жазында АҚШ-қа сапарлай барған оны халық құшақ жая қарсы алады. Нью-Йоркте өзін құтқарушыға теңеген, америкалық болат құю өнеркәсібінің негізін салушы, мультимиллионер Эндру Карнегиден жүздеседі. Осынау оғаш қылықты ағылшын философы жетекші америкалық кәсіпкерлердің, ғалымдардың, саясаткерлер мен діни қайраткерлердің түсінігінде, шынымен де, құтқарушы жұлдыз іспетті еді. Содан да ол көл-көсір марапат пен мадақтан аяқ алып жүре алмады.

Осыған қарамастан, ол «қалған өмірін жүйке жүйесі зақымданған, жартылай мүгедек» күйде өткізді. Ұйқысыздықты жеңу үшін үсті-үстіне апиын ішетін. Соның салдарынан күніне бір-екі сағаттан артық жұмыс істеуге шамасы келмеді. Көп жұмыс істеген жағдайда жүйке күйзелісіне ұшырайтын (Coser, 1977, pp. 104–105). Ол өз дәуірінің атакты ойшылы атанса да, «торығу мен күйзелуден, жалғыздық пен жабырқаулықтан» шыға алмады (Werth, 2009, p. ix).

Еңбекке толық жарамсыз болып қалғанша, XIX ғасырдағы ең табысты жазушылардың біріне айналды. Кітаптарының көбін ауызша айтатын да, хатшысы қағазға түсіретін. Кейде теннис ойындарының арасында, тіпті кейде қайықта келе жатып та хатшысына жаздырып отыратын.

Оның мақала түріндегі еңбектері танымал журналдарда басылып, кітаптары мыңдаған данамен сатылды, ал ол ұсынған философиялық дүниетаным кез келген университетте міндетті пән ретінде оқытылды. Оның өмірбаянын зерттеушілердің бірі былай деп жазды: «1860 жылдардың басында Спенсер АҚШ уни-

Рефлекторлық доға
Түсініктеме
Джеймс Роуленд Энджелл
(1869–1949)
Энджеллдің өмірі
Функциялық
психология саласы
Түсініктеме
Колумбия университетіндегі
функциялық психология
Роберт Сеснонс Вудворте
(1869–1962)
Вудворттың өмірі
Динамикалық психология
Функциялық психоло-
гияны сынға алу
Функциялық психоло-
гияның үлесі
Материалды бекіту
сұрақтары
Ұсынылған әдебиеттер

верситеттерін жай оғындай селк еткізді және кейінгі 30 жыл бойы өз үстемдігін жүргізді» (Peel, 1971, p. 2).

Егер оның жұмысын бірнеше сағатқа дейін шектейтін жүйке ауруы болмағанда, ол бұдан да көп кітап жазып шығарар еді. Дарвиннің басындағы жағдайға ұқсас, Спенсер де 35 жасында ұйқысыздықпен бірге, жүрек талмасы, ас қорыту жүйесінің бұзылуы сияқты қат-қабат қиындыққа тап болады. Дарвин сияқты, оның ауруы күшеюімен бірге, ойлау жүйесі де дами түсті. Оның дүниетанымы жана америкалық психологияның даму бағытына ерекше әсер етеді. Бұл Герберт Спенсер болатын.

Америкаға жеткен эволюция: Герберт Спенсер (1820–1903)

Спенсердің көпшілікке ұсынған философиясы – дарвинизм – күштілердің аман қалуының эволюциялық тұжырымдамасы болды. Бірақ осы теорияны дамытуда Спенсер Дарвиннен де ілгері кетті.

Дарвиннің идеялары мен эволюциялық теориясы АҚШ-та үлкен сұранысқа ие болды. Бұл идеялар университет пен академиялық ортада, танымал журналдар мен кейбір діни басылымдарда талқыға салынды. XIX ғасырда Америкада эволюция теориясы үлкен қолдауға ие болды. Қазіргі жүргізілген сауалнамалар нәтижесі бойынша америкалықтардың үштен бір бөлігі эволюция теориясын қолдамайды және бұл теориядан бас тарту көрсеткіші басқа дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары (see Heddy & Nadelson, 2013; Timmer, 2013). Герберт Спенсердің кезінде Нью-Йоркте эволюция теориясы жақсы қабылданды.

Әлеуметтік дарвинизм

Спенсер адам мен әлеуметтік институттарды қамтыған ғаламның барлық аспектілерінің дамуы эволюциялық даму деп санады. Ғалам күштілердің аман қалу заңына сәйкес дамиды (Спенсердің өз ойы бойынша). Осы ережеден адам мен қоғамға қатысты эволюция тұжырымдамасы қалыптасты. Оны әлеуметтік дарвинизм деп атады. Жаңа теория Америкада тез таралды.

Спенсердің утопиялық көзқарасы бойынша күштілердің аман қалу заңына жүгінер болсақ, ең мықты жеке тұлғалар мен жүйелер ғана аман қалады. Заттардың табиғи тәртібіне сыртқы күштер әсер етпейінше, адамның жетілуі жалғаса береді. Спенсердің идеялары индивидуализм мен еркін кәсіпкерлік рухының гүлденуіне ықпал етті. Философ үкіметтің азаматтардың өмірін реттеуін сынға алып, білім беру мен тұрғын үй құрылысына субсидиялар бөлуіне қарсы болды.

Спенсердің пікірі бойынша, басқа тіршілік иелері сияқты, адамдар мен ұйымдар өз күшімен дамуы керек. Мемлекеттің кез келген көмегі табиғи эволюциялық процеске қайшы келеді.

Ортаға бейімделе алмайтын жеке тұлғалар, бағдарламалар, коммерциялық және басқа да институттар күштілердің аман қалу қағидасына төтеп бере алмайды және бүкіл қоғамның жақсаруы үшін олардың өздігінен жойылуына немесе «сахнадан кетуіне» мүмкіндік берген жөн. Егер үкімет нашар жұмыс істейтін жүйелерді (адамдарды, топтарды, ұйымдарды) қолдай берсе, мұндай жүйелер қоғамды әлсіретіп, ең күшті және бейімделгендердің тіршілік ету заңын бұзады. Ең күштілер аман қалған жағдайда қоғам кемелденген күйге жетеді деген еді.

Осы идеялар Америкадағы индивидуализм рухына толық сәйкес келді. Сондықтан «күштілердің аман қалуы» және «тіршілік ету үшін күресу» сөз тіркестері XIX ғасырдың соңында америкалық қоғамның ұлттық санасының бір бөлігіне айналды. Теміржол магнаты Джеймс Дж. Хилл Спенсердің идеясын қайталады: «Теміржол компанияларының тағдыры бейімделгендердің аман қалу заңымен анықталады». Д. Рокфеллер: «Ірі бизнестің дамуы – ең бейімделгендердің аман



ГЕРБЕРТ СПЕНСЕР

<https://en.wikipedia.org>

қалуы». – дейді (Hill and Rockefeller as quoted in Hofstadter, 1992, p. 45). Бұл сөздер XIX ғасырдың соңындағы америкалық қоғамды бейнелейді. АҚШ Спенсер идеяларының нақты іске асыру үлгісі болды.

Алғашқы америкалық қоныс аударушылар өте еңбекқор болды. Олар еркін кәсіпкерлік, өз-өзін қамдай алу және үкіметтік реттеуден тәуелсіз болу қағидаларын уағыздады. Олар күштілердің аман қалатынын жақсы түсінді. Батыл да жасампаз, қолынан іс келетін адамдарға жер-ана бойындағы барын берді, өмір күн сайын табиғи сұрыпталу қағидаларының дұрыс екенін айқындай түсті. Әсіресе Батыс шепте аман қалу мен жетістікке жету жаулаққан орта талаптарына бейімделу қабілеттеріне байланысты екенін көрсетті. Бейімделе алмағандар қырылып жатты. Америкалық тарихшы Фредерик Джексон Тернер өмірінде күресіп жеңімпаз атанғандарды былай сипаттады:

«Дәрекі күш алғырлықпен үйлескен. Олар өнертапқыштығы арқасында мақсатқа жетудің амалын табады. Өз пайдасын тез қармауға тырысады... Ұлы жобаларды жүзеге асырады. Олар шаршамайды және үнемі бастамашыл келеді. Бұл индивидуализмнің шынайы жеңісі» (Turner, 1947, p. 235).

АҚШ-та халық практикалық тиімділікке, пайдаға, функцияшылдыққа бейімделген. Америкалық жаңашыл психология ғылымы осы талпыныстарды бейнелейді. Міне, осы себептен АҚШ-та эволюциялық теория тез тарады. Америкалық психология функциялық болды, себебі эволюция қағидалары мен функционализм америкалықтарға өте жақын еді. Спенсердің көзқарастары америкалық мінезге үндес болғандықтан, оның философиялық дүниетанымы барлық таным салаларына әсер етті. Әйгілі америкалық уағызшы Генри Уорд Бичер Спенсерге былай деп жазды: «АҚШ қоғамының ерекше күйі сіздің еңбектеріңізді Еуропамен салыстырғанда өте жемісті етіп, жандандыра түсті» (Hofstadter, 1992, p. 31).

Синтетикалық философия

Спенсер синтетикалық философия деп аталатын философиялық дүниетанымды қалыптастырды. («Синтетикалық» деп айтылуы жасанды дегеннен гөрі синтез немесе біріктіру мағынасында қолданылды.) Адам білімі мен тәжірибесінің барлық салаларында қолданылатын эволюциялық қағидалар жалпы жүйенің негізін құрады. Оның идеялары 1860 жылдан бастап 1897 жылға дейін басып шығарылған 10 томдық шығармалар жинағына арқау болды.

Сол замандағы жетекші ғалымдардың көбі бұл шығармаларды данышпандық еңбектер деп атады. Конви Ллойд Морган Спенсерге жазған хатында: «Ғылымдағы өз ұстаздарымның арасында мен Сізге қарыздармын», – деді. Альфред Рассел Уоллес өзінің тұңғыш ұлына философ Спенсердің есімін берді. Дарвин Спенсердің кітабын оқып шығып, «Спенсердің ойы оның ойынан әлдеқайда ілгері кеткенін» айтады (quoted in Richards, 1987, p. 245). Дарвин Спенсердің жұмысын жоғары бағаласа да, Спенсердің өзін ұната қоймады: «Менің ойымша, ол өте өзімшіл адам» (Werth, 2009, p. 101).

Спенсердің 1855 жылы алғаш жарияланған «Психология қағидалары» (*The Principles of Psychology*) атты екі томдық еңбегін Уильям Джеймс өзінің Гарвардтағы алғашқы психология курсына негізгі оқулық етіп алады. Осы еңбекте Спенсер адамның санасы қазіргі деңгейге жету үшін даму мен бейімделудің ұзақ жолын жүріп өткенін айтады. Спенсер жүйке мен ойлау процестеріне бейімделу қасиеті тән, ал күрделеніп келе жатқан адамның тәжірибесі мен мінез-құлқы қалыпты эволюциялық процестің бір бөлігі екенін атап көрсетеді. Аман қалу үшін организмнің бейімделе білуі керек.

Синтетикалық философия: білім мен тәжірибе эволюциялық қағидалармен түсіндіріледі деген Спенсердің идеясы.

Машиналар эволюциясының жалғасы

2-тарауда атап өткеніміздей, механизмдер адам іс-қимылдары (автоматтар) мен оның жеке ойлау процестерін (Бэббидждің есептеу машинасы) қайталау үшін жасалған. Кейбір ғалымдар «жоғары даму формаларына қарай механизмдер адамдар мен жануарлар сияқты эволюцияға ұшырауы мүмкін бе» деген сауал қояды. 1859 жылы Дарвиннің теориясы жарияланғаннан кейін бұл сауал өз-өзінен пайда болып, адам өмірінің механикалық баламасы туралы ойлар ғылыми орта мен қоғамда кең тарай бастады.

Ағылшын жазушысы, суретші әрі музыкант Сэмюэл Батлер (1835–1902) – осы сауалды ашық қойған және адам ойлап тапқан механизмдерге эволюциялық теорияны теліген алғашқы адам. Ол қой өсірумен айналысу үшін Жаңа Зеландияға көшіп барады. Кейін Дарвин мен Батлер көп жылдар бойы хат алмасып тұрады.

Батлер «Дарвин машиналар арасында» деген эссесінде: «Машиналардың эволюциясы жүзеге асты», – деп жазды. Оның айтуынша, біз салыстыру үшін бас-тапқы кезде қалдық құрылғыларды, нінтіректерді, сыналарды және тегершіктерді қолдансақ, кейінірек өнеркәсіпте күрделі машиналарды, үлкен паровоздарды, ал мұхитта лайнерлерді қолдана бастадық.

Ол механизмдердің эволюциясы тіршілік иелеріндегідей, табиғи сұрыпталу мен тіршілік ету үшін күрес арқылы жүзеге асады деді. Өнертапқыштар үнемі жаңа құрылғылар ойлап тауып отырады және осы құрылғыларды алдыңғыларына қарағанда біршама жетілдіре түседі. Сөйтіп, жаңа машиналар жаңа жағдайларға бейімделе алмайтын ескі және қарапайым машиналарды ығыстырады немесе қолданыстан шығарады. Нәтижесінде ескірген механизмдер, динозаврлар сияқты, жойылуға ұшырайды. Техниканың тез дамуы Батлерге машиналар эволюциясының жануарлар әлеміндегі эволюциядан қарқынды әлдеқайда жылдам екенін көрсетті. Мысалы, Батлер механизмдердің автоматтандырылуын және адам интеллектісін модельдеу мүмкіндіктерін болжады. Батлердің көзі тірісінде-ақ болжамдары ақыл-оймен есептеу процесі үшін болса да, шындыққа айнала бастады.

XIX ғасырдың соңында Бэббидж ойлап тапқан есептеуіш қозғалтқыш сол заманның талабынан шыға алмады. Адам мен механикалық есептеуіштерге қойылатын талаптар дамуы жоғары машиналарды қажет етті. 1890 жылы АҚШ-тағы халық санағын жүргізуге осындай машиналар қажет еді.

10 жыл бұрын мұндай санақты жүзеге асыру үшін жеті жыл жұмсалды. 15 мың адам АҚШ-тың әр азаматының жасы, жынысы, этникалық шығу тегі, тұрғылықты жері мен басқа да сипаттамалары туралы мағлұматтарды қолмен есептеді. Нәтиже бойынша 21 000 беттен асатын есеп толтырылды.

Сол кезде халық саны күрт өскені соншалық – санақ рәсімін өзгерту қажет болды. Өйтпегенде, 1890 жылғы санақ 1900 жылдың басындағы санаққа дейін бітпейтін еді. Ақпарат өндеуге арналған жаңа әрі жетілдірілген машина керек болды.

Герман Холлерит және перфокарталар


Инженер Герман Холлерит (1859–1929) ақпарат өндеудің жаңа әрі жетілдірілген тәсілін ойлап тапты. Холлериттің жаңашылдық тәсілдемесі арқылы компьютерлердің шығу тарихын зерттеген екі тарихшы былай сипаттайды.

«Музыканың аккордеондағы перфокарталар тізбегінде жазып қойылатыны сияқты, әр адамның санақ нәтижесін ойығы бар қағаз лентаға немесе перфокарталар жинағында тесіктер үлгісіне тіркейді. Сонда ғана ойық-тесіктерді автоматты есептеу машинасын пайдалануға және кестелерді құруға болатын» (Campbell and Aspray, 1996, p. 22).

Холлерит 62 миллион адамнан алынған нәтижені есептеу үшін 56 миллион карта қолданды. Әр картада 36 сегіз биттік ақпаратты сақтайтын орын бар. Сөйтіп, 1890 жылғы АҚШ-тағы халық санағы бұрынғы санақтармен салыстырғанда көп ақпарат ұсынып, екі жылда аяқталды.

Қолмен есептеу әдісімен салыстырғанда 5 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы үнемделді. Холлериттің перфокарталар жүйесі ақпараттың осы түрін өңдеуді түбегейлі өзгертіп, уақыт өте келе машиналар адамның танымдық қызметін қайталайтынын байқатты.

«Америкалық ғылым» (*Scientific American*) журналында «Бір жапырақ қағаз миы бар жансыз машиналарды қалай жөнелді» атты мақала жарияланғаны бар (Dyson, 1997). 1896 жылы Холлерит *Tabulating Machine* компаниясын құрып, 1911 жылы сатып жіберді. *Computing-Tabulating-Recording* корпорациясы болып 1924 жылы қайта құрылады, қазіргі таңда оны IBM деп атайды.



УИЛЬЯМ ДЖЕЙМС

<https://en.wikipedia.org>

Уильям Джеймс (1842–1910): функциялық психологияның көріпкелі

Уильям Джеймстің жеке тұлғасы мен оның америка психологиясының дамуындағы ролі бір-біріне мүлде қарама-қайшы. Өз еңбектерінде функционализмді болжай отырып, АҚШ-тағы жаңа ғылыми психологияның негізін қалады. Психология тарихы бойынша соңғы зерттеулерге сәйкес, ол қайтыс болғаннан кейін 80 жыл өткен соң, Джеймс дүниежүзілік психология ғылымында танымалдығы жағынан Вундттан кейінгі орынға ие болып, америкалық психологтер тізімінің көшін бастады (Korn, Davis and Davis, 1991).

Әйгілі философ әрі психолог Джон Дьюи Джеймс туралы «сөз жоқ, америкалық психологтер арасындағы ең ұлысы ... кез келген елде ... бәлкім, кез келген уақытта» деді. Бихевиоризмнің негізін салушы Джон Б. Вотсон Джеймсті «осыған дейін әлем танитын ең атақты психолог» деп атады (quoted in Leary, 2003, pp. 19–20).

Алайда Джеймстің әлдебір әріптестері оның психология ғылымының дамуына кері әсер еткенін айтады. Ол телепатияға, көріпкелдікке, спиритизмге қызықты. Мұны қайтыс болғандардың рухтарымен тілдесуге деген талпыныстары мен басқа да мистикалық тәжірибелері растайды. Эксперименттік психологияны қолдаушы көптеген америкалық ғалым, солардың ішінде Титченер мен Кеттелл де бар. Джеймсті ғылыми тұрғыдан қарастырылмайтын – «жоғарыдан келген» психикалық құбылыстарды қолдағаны үшін қатаң сынға алды.

Джеймс психология саласында біраз уақыт еңбек етіп, кейін басқа салаға ауысады. Психологияға өлшеусіз үлес қосқан осынау тартымды да күрделі мінездің иесі өмірінің соңына қарай психология ғылымымен біржола қош айтысады. Принстон университетінде оқыған кіріспе лекциясында өзін психолог деп атамауын өтінген кезі де болған. Оның ойынша, психология – «бұл анық дүниелерді қайта өңдеу». Бірақ Джеймс өзі менсінбеген психологияда ерекше мәртебеге ие болды.

Джеймс функциялық психологияның негізін салған жоқ, бірақ сол кезде америкалық психологияны функционализм идеясының ауанына негіздей отырып жазды. Оның ғылыми шабыты психологтердің кейінгі буынына беріліп, функциялық психологияның дамуына әсер етті.

Джеймстің өмірі

Уильям Джеймс Нью-Йорктегі «Astor House» қонақ үйінде дүниеге келеді. Ата-анасы өте әйгілі әрі аумақты адамдар болған. АҚШ-тағы екінші бай адам саналған әкесі бар күш-жігерін балаларының жақсы білім алуына жұмсайды. Өзінің айтуынша, америкалық мектептер жақсы білім бермегендіктен, балалық шағында

Джеймс Англияда, Францияда, Германияда, Италияда, Швейцарияда оқып, АҚШ-та да бірнеше мектеп ауыстырады.

Джеймс саналы ғұмырын шетелдерді аралаумен өткізді. Отбасында біреу-міреу ауыра қалса, әкесі оларды қалай емдеу керегін жақсы білді. Ауырған балаларын ауруханаға емес, Еуропаға жіберіп отырды. Анасы да балаларын сырқат кездерінде ғана бауырына басып, жақын тартатын. Джеймстің де денсаулығының нашар болуы ешкімді таңғалдырмаса керек.

Балаларының ештеңеден тарыға қоймайтынын білсе де, әкесі жас Уильямның ғылымға деген құштарлығын барынша қолдады. Ұлына химиялық тәжірибелерге арналған «Бунзен жанарғысы мен таңғажайып сұйықтықтар жиынтығын» әпереді. Уильям оларды бір-бірімен араластырып, қыздыратын, сөйтіп үсті-басын былғайтын да жүретін. Кейде әкесінің қарсылығына қарамай, шағын жарылыстар да жасайтын» (Allen, 1967, p. 47).

Джеймс 18 жасқа толғанда суретші болғысы келді. Алты ай бойы Ньюпортта Уильям Ханттың шеберханасында дәріс алады. Сурет салу машығы жақсы болғанмен, нағыз суретші боларлық дарыны жоқтығына көзі жетеді. Ақыры ол Гарвард университеті жанындағы Лоуренс ғылыми мектебіне оқуға түсуге бел буады. Сөйтіп жүргенде Солтүстік штаттар мен Оңтүстік штаттар арасында азамат соғысы бұрқ ете қалады. Джеймс әскери борышын өтеу үшін майданға сұранады. Бірақ әкесі қарсы болады. Соғысқа барарлықтай ауыз толтырып айтатын себептің не соған татырлық үкіметтің жоқ екенін айтады. Ағасы Генрих те әскери борышын өтемейді, тек екі інісі әскерге аттанады.

Жүйкесінің сыр беруі. Гарвардқа келген соң көп өтпей, денсаулығы сыр бере бастайды, өзіне деген сенімділіктен айырылады. Бұл Джеймсті күйгелектікке түсіріп, жүйкесі жұқарған үстіне жұқара түседі. Зертхана жұмысына қойылатын талаптардың ауыр болуына байланысты, ол химияны тастап, медицина мектебіне ауысады. Бірақ медицинаға да көңілі соға қоймайды.

Ол: «Дәрігерлік іс – көбінесе адамды алдау. ... тек хирургия ғана кей жағдайларда оң нәтиже беруге көмектеседі. Дәрігердің болуы емделуші мен оның отбасына моральдық әсер етуден басқа ештеңе де емес. Ол аздай, дәрігер қалтаңды қағады», – деп жазды (Allen, 1967, p. 98).

Джеймс медицинаны тастап, зоолог Луи Агассидің көмекшісі ретінде экспедицияға аттанады. Оның мақсаты – Бразилиядағы Амазонка алабын мекендейтін жануарлар түріне қатысты ақпарат жинау. Осы сапар арқасында Джеймс биологияда мансап жолына көтерілуге мүмкіндік алады. Бірақ түрлі жануарлар туралы ақпаратты егжей-тегжейлі жинау және экспедициялық өмірдің басқа да ерекшеліктері оны қажытып жіберді. «Менің бұл сапарым қателік болды. Бәлкім, мен белсенді әрекет етуден гөрі, пайымдауға жаралған шығармын», – деп жазды Джеймс (Simon, 1998, p. 93). Химия мен биологиядағы сәтсіз тәжірибесі Джеймстің психология саласында эксперимент өткізуді ұнатпауына түрткі болды.

1865 жылы, Бразилия сапарынан оралғаннан кейін, Джеймс медицинадағы оқуын қайта жалғастырады. Себебі одан басқа қызығатын нәрсесі де қалмаған еді. Жиі ауыратын. Күйзеліс, асқазан ауруы, ұйқысыздық, көздің әлсіреуі, иық сүйегінің қақсауы жанына маза бермеді. «Америка – оның жан шыдатпас сырқатына себеп болса, жалғыз емі – Еуропа болды» (Miller and Buckhout, 1973, p. 84).

Джеймс Германиядағы сауықтыру орындарына аттанады. Көп кітап оқып, достарына түрлі хаттар жазады. Бірақ жан күйзелісінен шыға алмайды. Джеймс Берлин университетінде психология бойынша бірнеше лекцияға қатысып, «психология ғылым ретінде қалыптасып келеді» деп атап көрсетеді (Allen, 1967, p. 140). Сол жылы, егер ол көктемге дейін сауығып кете алатын болса, онда атақты Гельмгольд пен «әлдебір Вундт деген адамнан» психология ғылымын те-

рендей үйренетінін айтады. Джеймс қыстан аман-есен шығады, бірақ Вундтпен кездесе қоймайды. Вундттың есіміне ол Лейпциг зертханасын құрмай тұрып-ақ, 10 жыл бұрын қанық болуы оның ғылым мен интеллектуалды дамудың барлық үрдістерінде жүргенін растай түседі.

Джеймс 1869 жылы Гарвардта медицина ғылымдарының докторы атағын алады, бірақ торығу мен жан күйзелісінен бәрібір арыла алмайды. Ой-санасын үрейдің билеп алғаны соншалық – өзіне-өзі қол жұмсау туралы да ойлайтын. Бойын қорқыныш билеп, кешкісін үйінен шығудан қалады. Жан сауғалап Массачусетс штатындағы Соммервильге барып тұрақтайды. Бірақ алған ем-домның ешбірі нәтиже бермейді.

Биографтың айтуынша, бұл тұста Джеймс «нағыз заржақ шағымшының» біріне айналып үлгерген еді. 1870 және 1871 жылдары оның аузынан тек көзінің, нықтарының қалай ауыратыны, көңіл күйінің жоқтығы, өмірінің босқа өтіп жатқаны туралы ғана еститінбіз (Richardson, 2006, p. 128). Бірақ сол кезде бұл Джеймстің басында ғана бар тауқымет емес еді.

Неврастения (жүйкенің жұқаруы). 1881 жылы америкалық невролог Джордж Бирд «неврастения» терминін енгізіп, бұл күйді америкалық ерекшелікке ие күйгелектік деп атады. Сондай-ақ оның белгілері: депрессия, алаңдаушылық, ұйқысыздық, гипохондриа, бас ауруы, тері бөртпесі, жүйкенің жұқаруы мен мидың күйреуі деп білді (Lutz, 1991; Schuster, 2011). Джеймс бұл синдромды неврастения (*Americanitis*) деп атап, ол жоғары тап өкілдерінің арасындағы ең танымал ауруға айналды (Holtzman, 2012; Ross, 1991).

«XIX ғасырдың екінші жартысында көптеген зерттеуші «неврастения эпидемиясы» деп атап кеткен бұл ауру жоғары тап өкілдері арасында кең таралды. Неврастения жүйке күшінің сарқылуын, қимылсыз депрессияны, ерік-жігердің әлсіреуін білдірді. Бұл дертке ең әуелі білімді адамдар мен ұяң адамдар жиі шалдығатын болған. Буржуазиядан шыққан мүгедек балалардың таңдаған кәсіптеріне байланысты осы ауруды анықтау тәжірибесі қалыптасты» (Lears, 1987, p. 87).

Сонымен бірге Бирд «неврастения Солтүстік және Шығыс штаттардағы «ой еңбегімен айналысатындардың» арасында жиі кездесетінін, сондай-ақ мұның адамның жүйке энергиясын сарқылуға жеткізетінін» атап көрсетті. Бирд бұл ауруды уақыттың қарқынды дамуымен байланыстыра келіп, жұмыс кестесінен ауытқымай, өзін жұмысқа күштеп жегудің салдары деп білді. Бирд былай деп жазды: «Нақтылық – жүйке күшін сарқитын бірден-бір нәрсе. Біз үнемі, көбінесе ессіз күйде, әсіресе ұйқы кезінде, сондай-ақ сергек жүрген уақыттарда қандай да бір сәтте бірдеңе істеген кезде белгілі бір қысым әсерінде жүреміз» (Freeman, 2009, p. 78).

1882 жылы Нью-Йорктегі Дельмонико мейрамханасында сөз сөйлеген Спенсер қарқынды жұмыс істеудің психикалық күйге өте қауіптілігін мәлімдеді. Америкалық бизнес және өнеркәсіп өкілдерінен тұратын қауымға қарата ол: «Америкалықтар үшін жұмыс патологиялық дертке айналды. Қатты қажыған америкалықтар өздерінің психикалық және физикалық саулығына қауіп төндірді», – деп атап көрсетті (Sharin, 2007, p. 75). Спенсер бұл ойын бір мезгілде бірнеше іспен айналысу және тәулігіне 24 сағат жұмыс істеу мәселесіне қатысты айтты.

XIX ғасырдың басында АҚШ-та жүйке жұқаруының белгілері кеңінен таралды. Джеймстің көптеген досы, туысы мен әріптесі осы тектес жүйкенің тозуына шалдықты. Достарының бірі былай деп жазды: «Жаңа Англияда жасы 35-ке жетіп, өзіне қол жұмсағысы келмейтін адам бар ма екен?» Джеймс оған: «Надан адам ғана өзіне-өзі қол жұмсауды ойламайды», – деп жауап жазады (Townsend, 1996, pp. 32–33). Бұл ауру америка қоғамының жоғары білімді аумақты бөлігін

түгелге жуық қамтыды, тіпті «Жүйкесі жұқармаған адам қалған жоқ» деген тақырыппен танымал мақала да шығады (Miller, 1991). Уильям Джеймстің қандай ортада өмір сүргені осыдан-ақ белгілі.

Rehall фармацевтикалық компаниясы осы ауруды емдейтін дәрі-дәрмектерді қарастырумен айналысты. Ол неврастения тудыратын жүйке күйзелісі мен талығу сияқты басқа да белгілеріне ем болатын *Americanitis Elixir* дәрісін патенттейді (Marcus, 1998). Сол кезде жасалған тағы бір жана «жүйке тонигі» Кока-Кола деп аталды (Pendergrast, 1993).

Неврастенияға шалдыққан әйелдер, әсіресе интеллектуалдар мен феминисткалар «жұмыс істемей, ештеңе оқымай немесе қоғамдық өмірге араласпай төсекте алты апта немесе одан көп уақыт өткізуі тиіс және май құрамы жоғары диетада салмақ жинауы қажет» деген бастамалар көтерілді (Showalter, 1997, pp. 50, 66).

Ал ерлер жағы өмір сүру салтын бұлай шектемеуі тиіс делінді. Керісінше, таза ауаға жиі шығып, қарқынды дене еңбегімен айналысу ұсынылды. Сол кездегі беделді тұлғалардың бірі былай деп жазды: «Бұл ер адамға өзінің ерік-жігерін сынап, жүйке ауруының әйелдерге тән әсерінен әлсіреген батылдық қасиетін нығайта түсер еді» (Stiles, 2012, p. 32).

Психологияға жол ашу. Үмітсіздік қажытқан Джеймс саналы түрде болмаса да, 1869 жылы өмір сүру философиясының мәнін ашқандай болады. Ол философия тақырыбында жазылған көптеген кітапты, оның ішінде Шарль Ренувьенің ерік-жігер еркіндігі туралы эссесін оқиды. Джеймске осы француз философының көзқарастары қатты әсер етеді. Ол ерік-жігердің алғашқы әрекеті оның тіршілік етуіне күш береді деп сенді. Өз ерік-жігеріне деген сенім адамды жан күйзелісінен алып шығады деп үміттенді. Бұл сенім Джеймске айтарлықтай көмектесті, себебі ол 1872 жылы Гарвардта физиологиядан дәріс беру ұсынысын қуана қабылдайды. Оның ойынша, «жауапты жұмыс адамға көрік сыйлайды» (James, 1902, p. 167). Бір жыл өткен соң, Джеймс демалысқа шығып, Италиядан қайтып келгенінде оқытушылық қызметіне оралды.

Джеймс шамамен сол кезде сананы өзгертетін кейбір химиялық заттардың әсеріне қызыға бастайды. Ол азот оксидтерін және миға оттегі жеткізуге әсер ететін амилнитритті жеке тәжірибелерінде пайдаланып көрген адамдар туралы оқиды. Ол осы заттарды өзіне сынап көрмек болады. Бұл туралы биограф былай дейді: «Денедегі өзгерістердің әсер етуіне байланысты сананың өзгерген күйіне қатысты (Джеймстің) көп эксперименттерінің бірі еді» (Corge, 1999, p. 7).

Джеймс психология пәні бойынша 1875–1876 жылғы оқу жылына арналған «Физиология мен психология арасындағы қатынастар туралы» алғашқы лекциялар курсына өтеді. Сөйтіп, Гарвард АҚШ-тағы қазіргі эксперименттік психологияны оқытатын алғашқы университетке айналады. Джеймстің өзі психологиядан арнайы дәріс алған емес. Психологияға арнаған алғашқы дәрісін өз қолымен жазған.

Отбасылық өмірі

1878 жыл Джеймстің өмірінде екі бірдей ерекше оқиғамен есте қалды: бірі – әкесінің айтуымен Элис Хоув Гиббенске үйленсе, екіншісі – баспагер Генри Холлтонмен жаңа кітабын басып шығару туралы шарт жасасады. Бұл еңбегі психология ғылымы бойынша классикалық туындылардың біріне айналды. Автор кітапты жазуға бал айында кіріседі де, тек 12 жылдан соң жазып бітіреді.

Аталмыш жұмыстың ұзаққа созылуының басты себебі – ол шетелге көп шығатын. Еуропаға саяхаттап шықпады дегеннің өзінде, Нью-Йорк пен Нью-Гэмпширдің тау-жоталарын кезіп кететін.

«Оның хаттарын оқитын болсаңыз, оның саяқ жүруге үйір екенін, басқалармен жақын қарым-қатынас орнату оған жайсыздық түгеізатынын көресіз.

Саяхат ол үшін сергудің бір амалы болатын. Отбасында әр бала туған сайын буынып-түйініп жолға шығатын. Әрине, онысына кейін өзі де өкінетін. Үйге тоқтамайтын. Әсіресе Рождество, Жаңа жыл, туған күн кештерінде Нью-порттан барынша алыс кетуге тырысатын... Джеймс табиғат пен жалғыздықтан ләззат алу үшін отбасынан безетін, ондай кездерде өзі де жеңілдеп қалатын» (Myers, 1986, pp. 36–37).

Джеймс сияқты сезімтал жан үшін баланың дүниеге келуі адам айтқысыз мехнатпен бірдей еді. Жұмыс істей алмайтын. Әйелінің балаларды айналып-үйірілгені ашуына тиетін. Екінші ұлы туғанда бір жылға Еуропаға кетіп қалып, бір қаладан екінші қалаға көшіп-қонумен жүрді. Венециядан әйеліне жазған хатында италиялық бір қызға ғашық болғанын айтады. «Менің осынау ессіз құмарлықтарыма әлі-ақ үйреніп кетесің», – деп жазды ол (Lewis, 1991, p. 344). Джеймстің өзге әйелдерге көз сүзуі Элиске жайсыз тигенімен, сол үшін ашу шақырып, бұлқан-талқан болуға қақы жоқ еді. Бір кезде өзіне де дәл солай ғашық болғанын жақсы білетін.

Джеймстің ғашық болған әйелдері көп болатын, оның ішінде акын-жазушы Эмма Лазар да бар. (Эмма Лазар – әйгілі Бостандық мүсініндегі «Қажытқан мехнатыңды маған сыйла» атты өшпес өлең жолдарының авторы.) Джеймс өзі ғашық болған әйелдері жайлы Элистен еш жасырмайтын. 53 жасында Джеймс 21 жастағы қызға ғашық болады, оны «кішкентай ғана мінсіз раушан гүл түйнегіне» теңейді. Джеймс онымен жиі көрісіп, өмір бойы хат алысып тұрды (Fisher, 2008, p. 539). Элис Джеймстің «үй қызметшісі демей, кездескен әйелдермен таныса кететін» мінезін ұната қоймайтын. Ал Джеймс болса, өзінің осынау сүйкімді мінезі әйеліне де ұнайды деп ойлады (Simon, pp. 215–216).

Джеймс қалада болған кездерінде Гарвардта дәріс оқып тұрды. 1885 жылы философия ғылымдарының профессоры, ал 4 жылдан кейін психология ғылымдарының профессоры атанды. Осы аралықта ол еуропалық көптеген психологтермен, оның ішінде Вундтпен танысады. Джеймстің пікірінше, «оның жағымды даусы мен күлімсіреген жүзі жаныңа шуақ дарытқандай». Бірнеше жыл өткен соң, Джеймс былай деп жазды: «Вундт – ешқандай да данышпан емес, жай профессор ғана және оның міндеті – бәрін білу, әр сұраққа өзінің жеке пікірінің болуы» (Allen, 1967, pp. 251, 304).

Сынға ілінген кітап. 1890 жылы Джеймстің екі томдық «Психология қағидалары» (*The Principles of Psychology*) атты кітабы жарыққа шығады. Қазір бұл еңбек психологиядағы негізгі туындылардың бірі болып есептеледі. Кітаптың жарық көргеніне 80 жыл өткенде психологтердің бірі былай деп жазды: «Джеймстің «Психология қағидалары» кітабы – ең сауатты, мықты жазылған және ағылшын немесе басқа тілдерде пайда болған психология бойынша ең түсінікті еңбек» (MacLeod, 1969, p. iii). Бұл еңбек студент психологтердің бірнеше буынын тәрбиелеген ең үздік оқулық болды. Аталмыш кітап – бүгінгі күнде де әуесқой оқырманның қолынан түспейтін құнды дүние.

Бірақ Джеймстің «Психология қағидаларын» бәрі бірдей ұната қойған жоқ. Джеймстің көзқарастарын сынға алған Вундт пен Титченерге де бұл еңбек ұнай қоймады. Вундт: «Бұл таза әдебиет. Керемет туынды, бірақ бұл психология емес», – деп жазды (Bjork, 1983, p. 12). Вундт аталмыш шығарманы қатты сынады. С.Х. Джадтың пікірі бойынша, ол бар болғаны Лейпцигтегі Вундт зертханасынан шыққан америкалық студент ғана.

«Лейпцигтен басқа жерде білім алған америкалық психология майталмандарын көзге іле қоймайтын ол әсіресе Джеймске қатты шүйлікті. Джеймс жүйелі ойлаудан тыс әрекеттер жасады. Ол Вундтты сынап қана қоймай... сынын ащы мысқылмен жеткізді. Бұл шектен шыққандық еді... Джеймсті алдыңғы қатарлы ойшылар санатынан ысырып тастады» (1930/1961, p. 215).

Кітапқа Джеймстің өзінің де көңілі тола қоймады. Ол баспагерге жазған хатында қолжазбаны «жиіркенішті, шикі, бос сөзі көп, екі-ақ затты ғана – психология сияқты ғылым жоқ және Уильям Джеймс – дарынсыз топас дегенді ғана дәлелдейтін еңбек» деп атады (Allen, 1967, pp. 314–315).

«Психология қағидалары» жарық көргеннен кейін Джеймс психологияға алып-қосары таусылып, психологиялық зертханаға жетекшілік етуден бас тартады. Ол Гарвард зертханасы директоры және психология оқытушысы қызметіне Фрайбург университетінің профессоры Гуго Мюнстербергті ұсынады. Өзі философиялық ізденістерін жалғастырды.

Мюнстерберг, Джеймс сеніп тапсырғандай, Гарвардтың эксперименттік зерттеулеріндегі жетекші позицияларын ұстап тұра алмады. Оны түрлі қолданбалы мәселелер қызықтырып, зертханалық жұмыстары ақсай берді. 8-тарауда айтылғандай, Мюнстерберг қолданбалы психологияның негізін қалаушылардың, сондай-ақ оны жан-жақты танытушылардың бірі болды.

Гарвард университетінде психологиялық зертхана ашу Джеймстің бастамасы болғанымен, ол эксперименттік әдістерді қолдай қоймады. Зертханалық тәжірибелердің нәтижелеріне ешқашан сенбеді және атқарылған шаруаларға көңілі толмады. Джеймстің пікірі бойынша, америкалық университеттерде зертханалар тым көп, бірақ «Психология қағидаларында» осы зертхана нәтижелері зертханаларға жұмсалған күш-жігермен салыстырғанда әлдеқайда төмен болып көрінді.

Өмірінің соңғы 20 жылында Джеймс философиялық жүйені жетілдіре түсті. 1890 жылы ол алдыңғы қатарлы америкалық философ ретінде мойындалды. 1902 жылы «Діни тәжірибенің алуантүрлілігі» (*The Varieties of Religious Experience*) атты кітабы жарық көреді. Оқыту процесінде психология әдістерін қолдану мәселелеріне арналған «Мұғалімдермен тілдесу» (*Talks to Teachers*) (1899) атты тағы бір еңбегі жарыққа шығады. Бұл еңбек педагогикалық психологияның негізін қалады, сондай-ақ психология пәнін мектепте қалай оқытудың әдістемелік негіздері алғаш рет талқыға түсті.

Психология қағидалары

Ғалымдардың Джеймсті ең ұлы америкалық психолог атауының себебі неде? Оның үш себебі бар. Біріншіден, оның тілі анық болуы, бұл ғылыми тілде сирек кездесетін жайт. Оның стилінде пәктік пен керемет сиқыр бар. Екіншіден, Джеймс Вундт көзқарасына қарсы көзқарас қалыптастырды. Оның түсінігінше, психологияның мақсаты – сананың элементтерге бөлінуін анықтау және оны зерттеу. Соңында, Джеймс психологияның жаңа функциялық тәсілдемесіне жақын, санаға басқаша қараудың балама жолын ұсынды. Басқаша айтқанда, америкалық психология уақыт тұрғысынан Джеймс айтқысы келген дүниелерге әзір еді.

Джеймстің «Психология қағидалары» негізінде америкалық функционализмнің іргетасы қаланды. Вундт пен Титченер айтқандай, психологияның мақсаты – тәжірибе элементтерін анықтау емес, сананың бейімделу функциясын зерттеу. Джеймс сананың бізді аман алып қалуға қажетті мақсаттарға жетелейтінін жазды. Сана – күрделі ортада өмір сүретін, даму сатысы жоғары тіршілік иелерінің маңызды функциясы. Бұл функциясыз адам эволюциясының жүзеге асуы мүмкін емес.

Сонымен бірге Джеймс адам табиғатының бейрационалды аспектілерін атап көрсетті. Адам – ойлай алатын және құмарлыққа бейім импульсивті тіршілік иесі. Ерекше ойлау процестері туралы айтып қана қоймай, Джеймс бейрационалды рөлді де ерекше атап өтеді. Ол дененің физикалық күйі интеллектіге әсер ететінін айтты. Пікір эмоциялық факторлардың ықпалымен қалыптасады. Адамдардың қажеттіліктері мен қалауы пайымдаулар мен түсініктердің қалыптасуына әсер етеді. Сөйтіп, Джеймс адам толығымен рационалды тіршілік иесі емес деп білді. Джеймстің «Психология қағидаларында» айтқан кейбір мәселелерін қарастырып көрейік.

Психологияның зерттеу объектісі: санаға қатысты жаңа көзқарас

Джеймс «Психология қағидалары» еңбегінде «психология – менталды өмір, оның құбылыстары мен жай-күйі туралы ғылым» деген пікір айтады (1890, Vol. I). Зерттеу пәні тұрғысынан мұндағы негізгі мәселе – құбылыстары мен жай-күйі. «Құбылыстар» сөзі психологияны зерттеу пәнінің тікелей тәжірибе саласына ауысқанын көрсетеді. «Менталды өмірдің жай-күйіне байланысты, Джеймс психикалық процестер үшін дене мен мидың маңызды ерекше екенін айтады».

Джеймс Вундт позициясының жасанды сипаты мен шектеулі болуына қарсы болды. Ол «саналы әсер, Вундт айтқандай, элементтер тобы немесе жиынтығы емес, әу бастан қарапайым түрге ие» деп жазды. Интроспективті анализ арқылы дискретті элементтерді ашу осы элементтердің дайындықтан өткен бақылаушыдан дербес өмір сүре алмайтынын көрсетеді. Психологтің эксперимент нәтижелерін түсіндіруі, ең алдымен, оның көзқарастарына байланысты.

Арнайы дайындықтан өткен адам немесе аспаз дәмдегі кез келген адам ажырата алмайтын жеке элементтерді айыра алады. Ас ішкен кезде кез келген адам талдай алмайтын дәмдер қоспасын сезінеді. Джеймстің кейбір адамдардың психологиялық зертхана жағдайында жеке әсерін талдай алу фактісі олар сипаттайтын жеке элементтердің осындай тәжірибе әсерінен кез келген адамның санасында кездесетінін білдірмейді.

Вундттың тәсілдемесінен қатты әсерленген Джеймс саналы тәжірибеде элементар түйсіктер жоқ деп мәлімдеп, олар ой қорыту немесе абстракциялаудың күрделі серіппе тәрізді процесінің нәтижесі деп санады. Джеймс:

«Элементар түйсіктер ешкімде өздігінен болмайды. Тұғаннан бастап біздің санамыз түрлі объектілер мен байланыстарға толы болады, ал біз қарапайым түйсіктер деп айтатын ұғымдар жоғары деңгейге жиі жететін зейіннің талғамы болып есептеледі», – деп жазды (James, 1890, Vol. 1, p. 224).

Джеймс саналы тәжірибені жалған элементтерге жасанды түрде талдап ыдыратудың орнына психологияның жаңа бағдарламасын ұсынды. Ол барлық психикалық өмірдің тұтастығын, үздіксіз өзгеріп тұратын тәжірибенің бүтіндігін жариялады. Сана үздіксіз ағым түрінде тіршілік етеді. Оны сана ағыны деп атайды және оны жеке элементтерге немесе фазаларға бөлшектеу оның мәнін бұрмалайды.

Сана ағыны үздіксіз қозғалыста болып, үнемі түрі өзгертіндіктен, біз бірден артық бір ойды немесе түйсікті сезіне алмаймыз. Объект немесе тітіркендіргіш туралы сан мәрте ойлануға болады, бірақ бұл ойлар бірдей болмайды. Олардың айырмашылығы аралық тәжірибемен байланысты. Сөйтіп, сананың кері айналмайтын, бағытталған, кумулятивті сипаты пайда болады.

Ойлау процесі де үздіксіз. Сана ағынында аралықтар болуы мүмкін. Мысалы, ұйқы кезінде. Бірақ ояңғаннан кейін біз еш қиналмастан сана ағынын қалпына келтіреміз. Сонымен бірге психика сұрыптағыш қасиетке ие. Біз эмпирикалық әлемнің қандай да бір бөлігіне назар аудара аламыз. Демек, ми оған әсер ететін тітіркендіргіштерге ішінара жауап береді, сүзгіден өткізеді, біреуін тандап, басқаларынан бас тартып, оларды біріктіреді.

Релеванттық, яғни өзара тығыз байланыс таңдау өлшемі болады. Ми релевантты тітіркендіргіштерді сана логикалық түрде жұмыс істей алатындай етіп таңдайды. Нәтижесінде саналы ой қорыту жүзеге асады.

Джеймстің пікірі бойынша, ең бастысы – сана мақсаты. Сананың биологиялық пайдасы бар, олай болмағанда тіршілік ете алмайды. Сананың мақсаты немесе функциясы адамға – таңдау, қоршаған ортаға бейімделу қабілетін беру.

Джеймс саналы таңдау мен «әдетті» екі бөлек қарастырды. Оның ойынша, әдеттер бейсаналы әрі еріксіз орындалады. Сана біз жаңа мәселеге және оның шешу жолын таңдау қажеттігіне тап болғанда ғана әрекетке көшеді. Бұл Джеймс шығармашылығына эволюциялық теорияның әсері бар екенін көрсетеді.

Сана ағыны: Джеймстің идеясы бойынша, сана тұрақты, біріккен ағын болады және оны элементтерге ыдырату оның мәнін бұрмалайды.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«Психология (қысқаша курс)» (*Psychology (Briefer Course)*) еңбегінен (1892)
алынған санаға қатысты материалдың түпнұсқа дереккөзі

Уильям Джеймс

Сана үнемі өзгеріс үстінде болады. Бұл тұжырыммен мидың бірде-бір күйінде қандай да бір тұрақтылық жоқ деуден аулақпын. Шындық болса да, мұны анықтау қиын. Неге назар аударғым келеді деп сұрасаңыз, бірде-бір мемлекет бұрынғы күйіне қайтып оралмайды. Қазір біз көреміз, естиміз, қорытынды жасаймыз, қалаймыз, еске түсіреміз, күтеміз, жақсы көреміз, жек көреміз, басқа да жүздеген амалдармен біздің ақылымыз кезек-кезек әлденемен айналысып жатады. Бірақ мұның барлығы – қарапайым күйлердің комбинациясынан пайда болған күрделі күйлер. Қарапайым күйлер басқа заңдылыққа бағынбай ма? Мысалы, біздің бір объектіден алатын түйсінуіміз үнемі бірдей бола ма? Фортепианоны бірдей күшпен ойнаған кезде біз оның үнін тура солай естиміз бе? Шөптің жасыл түсі, аспанның көк түсі тура солай көріне ме, иісудың ыдысын қанша иіскесек те, оның иісі бірдей бола ма? Метафизикалық софистика «біз бұлай жасамаймыз» деген болжам айтады. Бұл мәселені терең зерттейтін болсақ, біз тоқты әр сезінген сайын, денеміз бірдей түйсінуді екі рет қайталамайды.

Екі рет қайталанатын нәрсе – объект тура сол күйінде екі қайталануы мүмкін. Біз бір нотаны қайта-қайта естиміз. Біз жасыл түс қасиетін немесе иісудың иісін бірдей сеземіз, бір ауруды тура сол күйінде сезінеміз.

Біз үнемі сенетін нақты әрі абстрақты ақиқат, физикалық және идеалды ақиқат біздің ойлағанымыздан бұрын пайда болып, біздің идеяларымыз бір-біріне ұқсайтын идеялар деген болжам жасатты... Терезеден көрінетін шөптің түсі күннің астында да, көлеңкеде де жасыл болып көрінеді. Ал суретші болса, оның бір жағын қара қоңыр түсті етіп, екінші жағын ақшыл сары түсті етіп бояп, оған шынайы сенсациялық әсер береді. Әдетте біз бірдей заттың түрлі қашықтықтарда және түрлі жағдайларда қалай көрініп, қалай естілетініне мән бермейміз. Біздің анықтағымыз келетіні – заттардың тұтастығы. Осылардың тұтас екенін бізге сендіретін кез келген түйсік заттардың бір-біріне ұқсас екенін көрсету үшін қиын амалдармен қарастырылады.

Бұл фактінің дәлелі ретінде пайдасы жоқ түрлі түйсінулердің субъективті сәйкестігін көрсетеді. Түйсіну деп аталатын барлық оқиға жеке-жеке алынған екі саналы қасиет бірдей болатын-болмайтынын айтудың мүмкін емес екеніне түсініктеме болады. Абсолюттік әсер алу қасиетінен гөрі, біздің бір уақытта басқа әсерлерге қатынасымыз көбірек назар аудартады. Айнала қараңғы болған кезде қараны түйсіну сезімі ақ объектіні көруге мүмкіндік береді. Ай жарығындағы ақ мәрмәр тас күн жарығында нағыз мәрмәр тастан 10000–20000 есе жарық болады.

Мұндай айырмашылық саналы түрде ешқашан зерттелмеген. Бұл бірнеше жанама пайымдаудан тұжырымдалады. Біздің сезіміміз үнемі өзгеріп тұрады. Сондықтан бір объект бізге тура сол түйсінуді оңайлықпен қайта бермейді. Ұйқылы немесе сергек кезде, аш немесе тоқ кезде, шаршаулы немесе жігерлі кезде, түнде немесе таңертең, жазда не қыста, балалық шақта, ер жеткенде және қартайған шақта өзімізді әртүрлі сезінеміз. Бірақ біз сезімдеріміз сол бір әлемді тура сол саналы қасиеттермен және саналы заттармен көрсететініне ешқашан күмән келтірмейміз. Сезім айырмашылығы бір жастан басқа бір жасқа ауысқанда, заттар туралы эмоцияларымыздың түрлі органикалық көңіл күйдегі айырмашылығынан көрінеді. Ашық, қызықтыратын дүниелер әлсіз, жалпақ және тиімсіз болып беріледі. Біз бір нәрсеге қатысты жүйелі көзқарастарымызда түсініксіз айырмашылықтардың пайда болуына жиі таңғаламыз. Біз «бұл мәселені қалай ойластырып едік, өткен айда мұны қалай шешіп едік?» деген сұрақтар қоямыз. Біз миымыздың осыны ойлау күйінен өтіп кеттік, енді оны қалай істеудің ретін білмейміз. Біз дүниелерді жылдан-жылға жаңа тұрғыдан көреміз. Жалған нәрсе шындыққа айналады, қызық нәрсе жансыз дүниеге өзгереді. Әлемді қорғайды деген достарым жасырынып отыр. Кезінде таңғажайып болып көрінген әйелдер, жұлдыздар, орман мен сулар енді түк қызықсыз!



Психология әдістері

Психология тұлғалық және тікелей сананы зерттейтіндіктен, оның ең жақсы құралы – интроспекция. Джеймс былай деп жазды: «Бірінші кезекте біз әрдайым интроспективті байқауға сүйенуіміз керек... ішімізге үніліп, нені ашқанымызды сипаттау керек. Сананың күйі ашылатынына ешкім күмәнданбайды» (1890, Vol. 1, p. 185). Джеймс интроспекция әдісіне байланысты барлық қиындықтарды сезді және оны мінсіз дүние деп есептемеді. Осыған қарамастан, ол интроспективті байқау нәтижелерін түрлі байқаушылардан алынған мағлұматтарды салыстырып, тексеруге болады деп білді.

Джеймс эксперименттік әдісті кең қолданбаса да, оның психологиялық зерттеу үшін, әсіресе психофизика, кеңістікті қабылдау анализі, жадты зерттеу үшін пайдасы бар деп есептеді.

Эксперименттік және интроспективті әдістерге қосымша ретінде Джеймс психологияда салыстырмалы әдісті қолдануды ұсынды. Джеймс балалардың интеллекті әлсіз дамыған әрі психикалық ауытқулары бар адамдардың психикалық функцияларын зерттей келе, психикалық ауытқуларды зерттеу қажет деген қорытындыға келді.

Джеймстің кітабында қарастырылған әдістер туралы тақырып құрылымдық және функциялық психология арасындағы айырмашылықты көрсетеді: америкалық функционализм Вундт пен Титченердің интроспекциясымен шектелмейді. Ол басқа да әдістерді қолданады. Сондықтан психологияның көкжиегі кеңі береді.

Прагматизм

Джеймс психология үшін прагматизмнің маңызын атап көрсетті. Оның басты қағидасы идея немесе түсініктің практикалық салдарында қарастырылуы тиіс. Прагматикалық көзқарасты «нәтиже беретін нәрсе шындық» деген сөздермен түсіндіруге болады. 1870 жылдары Джеймстің досы болған математик әрі философ Чарльз Сандерс Пирс прагматизмнің негізгі идеяларын талдай отырып көрсетті. Джеймстің «Прагматизм» (*Pragmatism*) (1907) атты кітабы жарық көргенге дейін Пирстің еңбегі қалың оқырманға тарала қоймады. Бұл еңбек доктринаға философиялық ағым формасын әкелді. (Айтпақшы, 1869 жылы Пирс өз мақаласында АҚШ ғалымдары ішінде алғашқы болып Фехнер мен Вундттың жаңа психологиясына арнайы тоқталып өтеді).

Эмоциялар теориясы

1884 жылы Джеймстің мақаласында, кейін «*Психология қағидаларында*» айтылған эмоциялар теориясы сол кездегі эмоциялық күйлер табиғатына қайшы келді. Психологтердің пікірінше, эмоциялық күйдің субъективті психикалық әсері физикалық әрекет алдында жүзеге асады. Мысалы, адам жабайы аңды көріп, қорқып, қашып құтылады. Бұл эмоция (қорқыныш) физикалық реакциядан (қашып құтылу) бұрын болады.

Джеймс бұл түсінікті өзгертті: физикалық реакция эмоциядан, әсіресе қорқыныш, ашу, қайғы және махаббат сияқты эмоциялардан бұрын болады. «Біз болып жатқан физикалық өзгерісті сеземіз. Міне, осыны эмоция деп айтады» (James, 1890, Vol. 2, p. 449).

Осы айтылғанды растау үшін Джеймс интроспективті бақылау мысалын келтірді. Егер физикалық өзгеріс болмаса, жүрек қағысы жиілеп, бұлшық еттерге күш түспесе, онда эмоция да болмайды. Джеймстің көзқарасы ғылыми ортада үлкен пікірталас туғызып, көп зерттеулерге түрткі болды. 1885 жылы дат психологі Карл Ланге эмоциялық күйлерге қатысты осыған ұқсас пікірді айтады. Сондықтан бұл теория «Джеймс-Лангенің эмоциялар теориясы» деген атауға ие болады.

«Меннің» үш түрі

Джеймс адамның өз қадірін сезуі үш компоненттен тұрады деп болжады. *Материалдық* «мен» – дене мүшелерім, отбасы, үй немесе көйлек кию стилім деген сияқты өзіндік дүниелерден тұрады. Оның пікірі бойынша, киім таңдау өте маңызды. «Адам тұлғасы үш бөліктен: жаны, тәні және киімінен тұрады деген» ертеде шыққан мақал шындыққа жанасады деп жазды. Біз киімімізге сәйкес келеміз және киіну үлгісі арқылы өзімізді сәйкестендіреміз (James, 1890, Vol. 1, p. 292).

Әлеуметтік «мен» – басқа адамдар тарапынан мойындалған «мен». Джеймс біздің бойымызда көп әлеуметтік «мен» бар екенін айтады. Біз түрлі адамдарға

Прагматизм: әрекетке негізделген практикалық салдар тұрғысынан түсініктердің, пайымдаулардың маңызын қарастыратын философиялық ілім.

түрлі сипаттарымызбен көрінеміз. Мысалы, сіз достарыңыз немесе ғашығыңызға қарағанда, ата-ананызбен басқаша қарым-қатынас орнатасыз. Осының нәтижесінде сізге әрқайсысы әртүрлі болып көрінеді. Үшінші компонент – *рухани* «мен» – біздің ішкі немесе субъективті жан дүниемізге қатысты «мен».

Психологтердің пікірі бойынша, біздің киім таңдау стиліміз бен киім кию үлгіміз материалдық, әлеуметтік және рухани «менге» әсер етеді. Сонымен бірге басқа адамдардың бізді қабылдап, танып, бағалауы біздің киінуімізге әсер етуі мүмкін.

Сөйтіп, Джеймс үшін киім адамның өз ойын білдіруінің маңызды формасы болуы мүмкін. Ол өзінің әлеуметтік жағдайы мен тап нормасынан ерекшеленетін үрдіспен киінді. «Сыпайы стандарттан ауытқыған» бұршақ өрнекті галстуктер тағып, түрлі түсті шақпақ торлы шалбар киді (Watson, 2004, p. 218). Ол сән стандарттарына қарамастан, «ерекше жейдесімен» көзге түсіп жүретін. Оның көпшіліктен өзгеше болғысы келгені анық.

Әдеттер

Джеймстің пікірі бойынша, кез келген тіршілік иесінде «бірнеше әдет» болады (James, 1890, Vol. 1, p. 104). Ал әдет – жүйке жүйесінің бір бөлігі. Қайталанатын немесе әдеттегі әрекеттер «жүйке тінінің» икемділігін арттыруға арналған. Әдет қайталанатын әрекеттерді оңай орындап, сананың назарын аз жұмсайды. Сонымен бірге Джеймс әдеттердің үлкен әлеуметтік мәні бар деп болжады. Оның тұжырымы көбінесе мынаған саяды:

«Әдет – белгіленген ережелер аясында бізді ұстап қалатын жалғыз нәрсе... ол біз алған тәрбие немесе алғашқы тәжірибеге сүйеніп, өміріміздің соңына дейін күресуге мәжбүр етеді және біздің жаратылысымызға қайшы келетін дүниелерге күш жұмсауға итермелейді. Себебі біз басқа нәрселерге бейімделмегенбіз, ал қайта үйрену өте кеі...»

«Сіз жиырма бес жасыңызда сауда агентінің, дәрігердің немесе адвокаттың кәсіби мінез-құлқын ажырата аласыз. Оның келбетінде, ойында, наным-сенімдерінде алдебір жік көрінеді. Пенжактың қыртысы жазылуды мүмкін, бірақ адам осы жіктен айырыла алмайды. Жалпы алғанда, оның осылай болғаны да жақсы» (James, 1890, Vol. 1, p. 121).

Оның «Психология қағидалары» аталатын еңбегінің пайда болуы психология тарихындағы маңызды оқиға болды. Жүз жыл өтсе де, бұл еңбекке деген қызығушылық жоғалған жоқ (Donnelly, 1992, Jonson and Henly, 1990). Ол мындаған студенттің көзқарасына әсер етіп, жаңа психологияны структурализмнен функционализмге бет бұрғызып, функциялық психология мектебінің негізін қалады.

Әйелдердің функциялық теңсіздігі

Мэри Уитон Калкинс (1863–1930)

Джеймс – Мэри Уитон Калкинстің жоғары білім алуына және ғалым-әйелдерге қатысты қате түсінік пен теңсіздік кедергісінен өтуіне көмектесті. Кейін Калкинс психологияның дамуына елеулі үлес қосты, ол жад процестерін зерттеу үшін жұптық ассоциациялар әдісін қолдану идеясын ұсынды (Madigan & O'Hara, 1992). Калкинс Америка Психологтері қауымдастығының алғашқы төрағасы атанды. 1906 жылы оның есімі, CLLIA философия докторы дәрежесі берілмей келген әйелдердің ерен еңбегін бағалау көрсеткіші бойынша, ең ықпалды 50 психолог ішінде он екінші орында тұрды (Furumoto, 1990).

Ол ресми түрде Гарвард университетіне оқуға түсе алмады, бірақ Джеймс оны шәкірті етіп шақырып, университет басшылығынан оған доктор дәрежесін беруді талап етті. Университет әкімшілігі бас тартқан соң, Джеймс Калкинске:



<https://en.wikipedia.org>

МЭРИ УИТОН
КАЛКИНС

«Ғылымда сіз бен басқа әйелдерге көп қысым көрсетілді. Сіздің күш-жігеріңіз кез келген қамалды бұза алады деген сенімдемін. Мен өз тарапымнан қолымнан келгеннің бәрін жасаймын», – деп жазды (quoted in Benjamin, 1993, p. 72).

Калкинстің емтихан жұмыстары (Джеймс және басқа профессорлар бейресми түрде өткізген) «Гарвардта өтіп, өте керемет» деп бағаланса да, Джеймстің қолдау көрсетіп, жақтасқанына қарамастан, Гарвард университеті оған философия докторы дәрежесін бермеді (quoted in Simon, 1998, p. 244).

Жеті жылдан кейін, 1902 жылы, Калкинс Уэллесли колледжінің профессоры болып, жад саласында өзінің зерттеулерімен танымал болғанда, Гарвард университеті оған әйелдерге арнаулы орта білім беретін Редклифф колледжінің атағын ұсынды. Калкинс Редклифф колледжінің емес, Гарвард түлектерінің талаптарын баяғыда орындап тастағанын айтып, бұл ұсыныстан бас тартты және әкімшіліктің оған әйел ретінде қарап, шеттеткеніне наразылық білдірді. Әйтсе де Гарвард университеті Калкинстің өзіне тиесілі атақты талап етуін қабыл алмады. Кейінірек Колумбия университеті оны өзінің құрметті доктор лауазымына шақырды (Denmark&Fernandez, 1992). Ал Гарвард университеті 1963 жылға дейін әйелдерге доктор дәрежесін бермей келді.

Калкинстің басынан өткен осы бір жайт XX ғасырдағы жоғары білім саласындағы әйелдер төңіздігінің айқын көрінісі болды. Дей тұрғанмен, университетке оқуға қабылданбаған әйелдердің алдыңғы буынымен салыстырғанда, Калкинстің жолы болды. Еуропа мен АҚШ-тың академиялық білім беру саласында әйелдер колледж бен университетте оқуға қабылданбады. 1636 жылы негізі қаланғанда-ақ Гарвард университеті әйелдерді студент ретінде қабылдаған жоқ. 1830 жылдан бастап АҚШ-тағы кейбір колледждер осындай тыйымдарды жойып, әйелдерді студент ретінде мойындады.

Адамдардың табиғи интеллектуалды ерекшелігіне қатысты сенім осы шектеудің негізгі себебі болды. Әйелдер ер адамдармен бірдей білім алу мүмкіндігіне ие болса да, әйелдердің бойындағы «туа біткен интеллектуалды ерекшеліктер» алған білімінің жемісін жегізбеді. XIX ғасырда Дарвин мен басқа психологтер де осы пікірмен келісті.

Қазір психология бойынша доктор дәрежесін алатын түлектердің көбі әйелдер. Әйткені олардың басым бөлігі психология саласына ден қойған. Алайда біз психология тарихында ер адамдардың ықпалы басым болғанын көрдік. Тағы бір еске салатын жайт – Маргарет Уошберн әйел болғаны үшін Колумбия университетіне оқуға түсе алмады. Йель университеті, Чикаго университеті және тағы басқа университеттер 1892 жылы ғана қыздарды оқуға қабылдауға келісті. Психологияның ғылыми пән ретінде ресми негізі қаланғаннан кейін, 20 жыл бойы, әйелдер психология саласында маман ретінде қалыптасып, осы саланың дамуына елеулі үлес қоса алған жоқ.

Түрленгіштік гипотезасы

Адамдардың интеллектуалды ерекшелігі туралы аңыз Дарвиннің ер адамның өзгергіштігі туралы түсініктеріне негізделген гипотезасынан шығады (Shields, 1982, Shields & Bhatia, 2009). Дарвин «көптеген жануарлардың еркегі ұрғашысына қарағанда физикалық сипаттамалары мен қабілеті жағынан айтарлықтай дамыған» деген тұжырым жасады. Ол ұрғашы жануардың сипаттамалары мен қабілеттері орташа көрсеткішке сәйкес келеді дегенді айтты.

Орташа көрсеткіш төңірегінде топтастыру үрдісінен кейін әйелдерді білім алуға икемсіз, интеллектуалды немесе ғылыми жұмыста жетістікке жетуі екіталай деп есептеді. Бұл «әйелдердің миы ерлердің миынан кем дамыған» деген ой қалыптастырды. Ер адамдарда таланттың қырлары сан түрлі болғандықтан, олар түрлі ынталандырушы ортаға бейімделіп, одан пайда көре алатын. Сөйтіп, әйелдер ер адамдарға қарағанда қоршаған ортаның талаптарына сәтті бейімделуге

Түрленгіштік гипотезасы:

бұл гипотеза бойынша ер адамдар әйел адамдарға қарағанда физикалық және ақыл-ой дамуы тұрғысынан алда және әйелдердің қабілеттері көбінесе орташа болып келеді.

қажетті физикалық және ақыл-ой қызмет тұрғысынан төменгі сағыда тұр деп қарастырылды. Бұл жыныстар арасындағы функциялық теңсіздік туралы идеяның кең таралуына әсер етті.

«Есейген шағында әйелдердің миы мен жүйке жүйесі ақыл-ой процестерімен атап айтқанда, объективті рационалдылық пен шынайы шығармашылық еңбекпен шұғылдануға қабілетсіз болып келеді» (Shields, 2007, p. 96). Френология ілімінің өзі ер адамның интеллект деңгейінің әлдеқайда жоғары екенін алға тартты. «Әйелдердің кішкентай миы, мидағы сұр заттың ұсақ болуы, түйіршіктер саны әйелдердің интеллектуалды тұрғыдан төмен екенін және әйелдер миының жас баланың миымен сәйкес келетінін дәлелдейді» (Appignanesi, 2008, p. 110).

Танымал теорияға сәйкес, орта білімі жоқ әйелдер білім алуға келгенде физикалық және эмоциялық тұрғыдан зардап шегеді делінген. Кейбір психологтер «әйелдердің білім алуы олардың әйел ретіндегі табиғатына қауіп төндіріп, етеккір циклын бұзып, ана болуға деген құлшынысын бәсеңдетеді» деп жазды. Егер әйелдерге білім беру керек болса, онда «оларға ана болуды үйрету керек» деді бір психолог (G.S.Hall, quoted in Diehl, 1986, p. 872).

Гарвард медицина мектебінің профессоры: «Әйелдердің білім алуы адам нанғысыз ми қалыптастырып, олардың денсаулығын әлсіретеді, – деп тұжырымдай келе, – нормадан тыс белсенді ми қызметі іске қосылып, ас қорыту жүйесі нашарлайды», – деп жазды (E.Clarke, quoted in Scarborough & Furumoto, 1987, p. 4). Сонымен қатар профессор «ер мен әйелдің бірдей білім алуы Құдай мен адамзат алдында жасалған үлкен қылмыс» екенін айтты (Clarke, 1873, p. 127).

XX ғасырдың алғашқы жылдары екі психолог-әйел жыныстардың функциялық теңсіздігі ұғымына қарсы шықты. Жаңа функциялық психологияның эмпирикалық әдістерін қолданып, Хелен Бредфорд Томпсон Вулли және Лета Стеттер Холлингворт – Дарвин мен басқа ғалымдардың әйелдерге қатысты пікірлерінің қате екенін мәлімдеді.

Хелен Бредфорд Томпсон Вулли (1874–1947)

Хелен Бредфорд Томпсон 1874 жылы Чикаго қаласында дүниеге келді. Оның анасы әйелдердің білім алу идеясын қолдап, үш қызын да колледжге оқуға жіберді. 1897 жылы Хелен Томпсон Чикаго университетінде бакалавр дәрежесін және 1900 жылы докторлық дәрежесін алды. Джон Дьюн оның алғашқы профессоры болып, ол Хеленді ең үздік шәкірті ретінде бағалады (quoted in James, 1994). Париж бен Берлинде тағылымдамадан өткен соң, Томпсон Массачусетс штатындағы Маунт-Холиоок колледжінде психологиялық зертхана меңгерушісі болды.

Ол Поль Вулли есімді дәрігерге тұрмысқа шығып, күйеуімен бірге Филиппинге аттанды. Күйеуі сол жақта зертхана директоры болып қызмет атқарды. 1908 жылы олар Огайо штатының Цинциннати қаласына көшіп барып, Хелен балаларды әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерімен айналысатын қоғамдық білім беру жүйесінде кәсіби дайындық бюросының директоры қызметіне тағайындалады. Оның бала еңбегі мәселелері жөніндегі зерттеулері негізінде Еңбек туралы штат заңына бірнеше түзетулер енгізілді. (Сол кездері көп штаттарда 8 жастан асқан балалар үшін фабрикалардағы жұмыс күнінің ұзақтығы күніне 10 сағат, аптасына алты күн болды. Кейбір штаттарда ғана балалардың жасына, жұмыс күнінің ұзақтығына немесе ең төменгі жалақыға қатысты заңнамалық шектеулер қойылды).

1921 жылы Хелен кәсіби даярлықты қадағалау ұлттық қауымдастығының президенті лауазымына сайланды. Вулли отбасы сол жылы Мичиган штатының Детройт қаласына көшіп барып, Хелен сондағы Мерилл-Пальмер институтына жұмысқа тұрды. Хелен балалардың ақыл-ой және психикалық дамуын зерттеуге бағытталған бастауыш мектепке арналған бағдарлама жасады. Ол 1924 жылы Колумбия университеті жанындағы Баланың әл-ауқаты институтының директоры



<https://en.wikipedia.org>

ХЕЛЕН БРЕДФОРД
ТОМПСОН ВУЛЛИ

болып, балалардың ерте шақта дамуы, кәсіби даярлық пен мектепте кеңес беру жүйесіне жетекшілік ету мәселелерімен айналысты.

Хелен Вуллидің Чикаго университетінде қорғаған докторлық диссертациясы ерлердің биологиялық артықшылығы туралы Дарвин тезисін экспериментпен зерттеудің алғашқы талпынысы еді. Бұл идеяның айқын болғаны соншалық – ол ешқандай қосымша ғылыми-зерттеуді қажет етпеді (James, 1994). Хелен 25 ер адам мен 25 әйелді қатыстырып, бірнеше сынақ өткізді. Осы сынақтар барысында моторика, сезгіштік (дәм, иіс сезу, есту, ауырсынуды сезу және көру), интеллектуалды қабілеттер мен тұлғалық сипаттар зерттелді.

Зерттеу нәтижелері эмоциялық сипаттамалар бойынша жыныстар арасында айырмашылықтардың жоқ екенін және интеллектуалды қабілеттер бойынша аздаған айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Сонымен бірге зерттеулер жад пен сенсорлық мүмкіндіктер сияқты сипаттамалар бойынша әйелдердің артықшылықтарын байқатты. Кейін Вулли осы айырмашылықтардың биологиялық көрсеткіштерге емес, әлеуметтік және қоршаған орта факторларына, демек, бала тәрбиесіне және ұлдар мен қыздардың қабілет ерекшеліктеріне байланысты екенін дәлелдеді (Rossiter, 1982).

Вулли өз еңбегінің қорытындысын «Жыныстардың психикалық ерекшеліктері: психикалық дені сау ерлер мен әйелдердің эксперименттік зерттеулері» (*The Mental Traits of Sex: An Experimental Investigation of the Normal Mind in Men and Women*) деген тақырыппен жариялады (Thompson, 1903). Ер-азаматтардан тұратын психологтер қауымдастығы оның тұжырымдарына наразылық білдірді. Г. Стенли Холл (1904) оның еңбегінде феминистік көзқарас басым деп айыптады. Биологиялық тұрғыдан алғанда, әйелдердің ер адамдардан кем дамымағаны туралы зерттеу жұмысын әйел адамның жүргізгені осы зерттеудің шынайылығына күмән келтірді (James, 1994).

Кейін Вулли «Психологиялық бюллетень» (*Psychological Bulletin*) деп аталатын беделді журналға «ерлер мен әйелдердің психологиялық ерекшеліктері туралы екі еңбегін жариялады (Woolley, 1910, 1914). Еңбегінің нәтижесіне қарсы ұсынған ер-психологтердің дәлелдерінен кейін Хелен: «Жеке басының наным-сенімі, жалған сенім, негізі жоқ пікірлердің қолдауымен қалыптасқан логика, сәтсіздік пен ақымақтық кедергі болған жерде ғылым қуу бекер», – деп жазды (Milar, 2010, p 26).

Вулли отыз жыл бойы ағарту саласында еңбек етіп, ғылыми-зерттеулермен айналысты, балалардың дамуы мен білім алуы саласында басқа психолог-әйелдердің жұмысын басқарды. Денсаулығы сыр беріп әрі некесі бұзылған соң осы саладан кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп, психология саласындағы оның орнын басқа әйелдер басты.

Лета Стеттер Холлингворт (1886–1939)

Лета Стеттер Небраска штатында жағдайы төмен отбасында дүниеге келді. Ол лашық үйде өмір сүріп, бір бөлмелі мектепке барды. Лета үш жасында анасынан айырылды, ал әкесі оны ата-әжесінің тәрбиесіне берді. Ол 10 жыл өткен соң Летаны өзімен алып кетіп, басқа әйелмен бірге өмір сүрді. Өгей шешесі Летаны ұнатпады. Лета басқа әйелмен бас қосқаны үшін әкесін кешірмеді.

Ол болашағынан зор үміт күттірмесе де, Небраска штатындағы университетке оқуға түсіп, 1906 жылы оқуын «Фи-Бета-Каппа» үздік белгісімен бітірді. Оқудан кейін екі жыл бойы колледжде сабақ берді. Ол өзінің болашақ жары – Гарри Холлингворт екеуі Джеймс Маккин Кеттеллдің жетекшілігімен Колумбия университеті жанында психология бойынша докторлық диссертациясын жазды. 1908 жылы Лета мен Гарри үйленді. Ол Нью-Йоркте Барнард колледжінде сабақ берді, алайда тұрмысқа шыққан әйелдің мемлекеттік мектептерде сабақ бере алмауы оны қатты таңғалдырды әрі қынжылтты.

Лета Холлингворт өзін әдебиет саласында сынап көрді. Бірақ өзінің шағын әңгімелерін ешқайда жариялай алмады. Өзінің таланты мен қарым-қабілетін қай-



<https://en.wikipedia.org>

ЛЕТА СТЕТТЕР
ХОЛЛИНГВОРТ

да жұмсарын білмеген Лета жабырқау күй кешіп, қатты қапаланды. Кейін Гарри: «Лета ешбір себепсіз жылап қалуы мүмкін», – деп жазды. Мұның басты себебін Лета: «Мықты әрі қабілетті екенімді, ақыл-есімнің бүтіндігін біле тұра, тұрмысымның түзелуіне еш үлес қоса алмайтыныма қынжыламын», – деп түсіндірді (Klein, 2002, p. 65).

Жас отбасы ақшадан таршылық көрді. Гарри біраз ақша жинап, Летаның пост-дипломдық даярлық курсынан өтуі үшін қосымша кеңес беру жұмысына тұрды. 1916 жылы Лета Колумбия университеті жанында педагогикалық колледжде психология бойынша докторлық дәрежесін алды. Осы колледжде Эдвард Ли Торндайк оның жетекшісі болды. Лета бірнеше жыл бойы Нью-Йоркте мемлекеттік қызметте психолог ретінде жұмыс істеді. Бес жыл өткен соң, оның есімі «Америка ғалымдары» индексында пайда болды. Осылайша оның әйелдер психологиясын зерттеуге қосқан үлесі ескерілді.

Лета Холлингворт түрленгіштік гипотезасы аясында ауқымды эмпирикалық зерттеулер жүргізіп, «физикалық, психологиялық және эмоциялық тұрғыдан алғанда, әйелдер ерлерге қарағанда бейімделгіш» деген идея айтты. Оның 1913–1916 жылдары түрлі жастағы адамдарға, демек, сәбилерге, ер және әйел студенттерге, етеккір кезеңіне тап болған әйелдерге жасаған сынағы (әйелдердің психикалық және эмоциялық көңіл күйі табиғи дене процестерімен байланысты болған кезде) физикалық және сенсорлы-функциялық қызмет пен интеллектуалды қабілеттерге негізделді. Зерттеу нәтижесінде түрленгіштік гипотезасы мен әйелдердің ақыл-ойы мен қабілетінің толық еместігі жоққа шығарылды. Мысалы, ол етеккір циклының әйел адамның танымдық және іс-қимыл дағдыларына немесе интеллектуалды қабілетіне еш әсер етпейтінін анықтады (Hollingworth, 1914).

Сонымен бірге ол туа біткен аналық инстинкт тұжырымдамасымен келіспеді және әйелдер бала туу арқылы қуанышқа бөленеді деген пікірге күмәнмен қарады. Ол «әйелдің неке мен отбасынан бөлек қандай да бір салада жетістікке жетуі мүмкін емес» деген пікірді де жоққа шығарды. Ол «әйелдердің қоғамға толық үлес қосуына биологиялық факторлардан гөрі әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастар себепкер болады» деп жазды (Benjamin&Shields, 1990; Shields, 1975).


Лета Холлингворт кәсіби бағыт-бағдар беру мәселелері жөніндегі кеңес берушілерді «жас әйелдерге бала бағып, үй шаруашылығымен ғана айналысумен шектелмеу керек» деген ойды насихаттауға шақырды. «Америкада үй шаруасындағы ең мықты әйел кім екенін ешкім білмейді. Үй шаруасында мінсіз әйел болмайды және бола алмайды», – деп жазды ол (quoted in Benjamin&Shields, 1990, p. 177).

Лета Холлингворт клиникалық, білім беру және мектеп психологиясына, атап айтқанда, *дарынды* балалардың (осы терминді ойлап тапқан) білім және эмоциялық қажеттіліктеріне де елеулі үлес қосты (Benjamin, 1975). Оның зерттеулерінің сапасы мен ауқымдылығына карамастан, ол қандай да бір қолдауға ие болмады (Hollingworth, 1943).

Ол суфражистік қозғалыстарға белсенді түрде қатысып, әйелдерге тең сайлау құқықтарын беру (бұл 1920 жылы ғана толық көлемде берілді) үшін күресті. Сонымен бірге Нью-Йорктегі шерулер мен демонстрацияларға қатысты. Лета асқазан обыры дертінен 53 жасында қайтыс болды. «Ол ауруын 10 жыл бойы түсініксіз себептермен жасырып келді» (Stanley&Brody, 2004, p. 4).

Грэнвилл Стэнли Холл (1844–1924)

Уильям Джеймс шын мәнінде алғашқы америкалық психолог атанғанымен, 1875–1900 жылдар аралығындағы АҚШ-тағы психологияның қарқынды дамуы Джеймстің ғана көмегімен жүзеге асқан жоқ. Бұл ретте Г. Стэнли Холл америкалық психология тарихындағы тағы бір ерекше тұлға әрі Джеймстің замандасы болды.



ГРЭНВИЛЛ
СТЭНЛИ ХОЛЛ

<https://en.wikipedia.org>

Холл америкалық психологияның жолбасшысы атанды. Психология саласы бойынша алғашқы америкалық доктор дәрежесін алды. Ол алғашқы психологиялық зертхананың алғашқы америкалық студенті болғанын айтты. Кейін, тарихи мағлұматтар бойынша, оның екінші болғаны анықталады (Benjamin, Durkin, Link, Vestal, & Acord, 1992). Холл АҚШ-та алғашқы психология зертханасын ашты, сондай-ақ алғашқы америкалық психология журналын жарыққа шығарды. Ол – Кларк университетінің алғашқы ректоры, Америка Психологтер қауымдастығының алғашқы құрылтайшысы әрі алғашқы президенті, алғашқы қолданбалы психологтердің бірі. Тау бөктерінен жалаңаш күйде домалауды жақсы көретін жалғыз адам Холл еді.

Холлдың өмірі

Г. Стэнли Холл Массачусетс штатының бір фермасында дүниеге келді. Оның анасы тақуа, мейірімді әрі нәзік жан еді. Алайда әкесі өте қатал адам болатын. Кейде Холлды ұрып-соғатын. 14 жасында оны әкесі қатты ұрғанда, Холл «ашуланған күйінде кері шегініп, жұдырықтарын түйіп, әкесін ұрғысы келді. Әкесінің түрі бұзылып, сол кезден бастап Холлды ұрып-соғуын доғарды» (Hulbert, 2003, p. 53).

Өзіне талап қоюды ұнататын Холл өмірінде қандай да бір жетістікке қол жеткізуді көздеді (Ross, 1972, p. 12). Азамат соғысы басталғанда он жеті жастағы Холл өзін майданға жібермеу үшін пара берген әкесінің қылығына намыстанды. Холл өзін кінәлі сезініп, әскерге бармағаны үшін кез келген жазаны өтеуге әзір болды (VandcKemp, 1992).

Ол 1863 жылы Уильям колледжіне оқуға түседі. Соңғы курсында Холл көптеген марапат пен ең ақылды студент атағының иегері атанды. Ол эволюциялық теориямен құлшына айналысты. «Мен алғаш рет «эволюция» сөзін естіп, гипнозға түскендей әсер алдым. Ол менің құлағымға майдай жақты» (Hall, 1923, p. 357).

Колледжді бітіргеннен кейін, қандай іспен айналысарын білмеген Холл Нью-Йорктегі біріккен діни семинарияға түсті. Ол діни қызметке қызыға қоймады, оның эволюцияға қызығушылығы діни қызметіне қайшы еді. Көпшілік мақұлдаған көзқарасы үшін оны ешкім елеген жоқ. Холл оқытушылар мен студенттер алдында өзінің уағызын оқыған кезде, семинария басшысы тізерлеп отырып, Холлдың амандығы үшін Құдайдан дұға еткен екен. Ол өзінің ата-анасына жазған хатында: «Мен пастордың талаптарына сәйкес келмеймін». – депті (Hulbert, 2003, p. 55).

Танымал дін қызметшісі Генри Ворд Бичердің кеңесі бойынша, Холл Германиядағы Бонн университетіне философия мен діни ілімді оқуға кетті. Сонымен бірге ол Берлинде физиология және физика бойынша дәрістерге қатысты. Университеттегі сабақтарымен бірге, ол театр мен сыра ішетін жерлерге де барды. Бұл діни ілім алып жүрген адам үшін өте батыл қадам еді.

Діни ілім пәнінен сабақ беретін профессордың жексенбі күндердің бірінде сыра ішкенін көрген ол қатты таңғалғанын жазды. Холл өзі ұнатқан қыздармен уақытша көңіл қосқан сәттері туралы да еске алды. Олардың кейбіреуі оның құмарлығын оятып, «өмірге деген құлшынысын арттырды» (quoted in Lewis, 1991, p. 317). Осылайша Холлдың Еуропада еркін жүріп, алаңсыз өмір сүргені анық.

1871 жылы Холл еріксіз үйіне оралды. Себебі, бір биографтың айтуынша, ата-анасы Холлдың Еуропадағы білімін шындай түсуіне қолдау көрсетпеген (White, 1994). Сол кезде 27 жастағы Холл дипломын алмастан әрі белшесінен қарызға батып, еліне оралған еді. Семинарияны аяқтаған соң (діни лауазым иесі болмаса да), ол 10 аптадай Пенсильвания штатындағы Каудеспортта, ауыл шіркеуінде, уағыз оқыды. Бір жыл бойы жеке сабақтар беріп, содан кейін Огайо штатындағы Антиох колледжінде оқытушы қызметіне орналасты. Мұнда ол ағылшын әдебиетінен, француз және неміс тілдерінен, әдебиет пен философиядан сабақ берді. Сонымен қатар кітапханашы міндетін атқарып, хорға жетекшілік етті, шіркеуде уағыз оқыды.

Психолог ретінде қалыптасуы. Вундттың «Физиологиялық психологиясы» (*Physiological Psychology*) 1874 жылы Холлдың жаңа ғылымға деген қызығушылығын оятты. Ол Антиох колледжінде жұмыс істеп жүріп, кезекті демалысқа шықты. Массачусетс штатының Кембридж қаласына көшіп келіп, Гарвард университетіне ағылшын тілі мұғалімі болып орналасты. Холл медицина мектебінде зерттеу жүргізіп жүрген екінші курс студенттеріне ағылшын тілінен сабақ бере бастады, сондай-ақ Уильям Джеймспен бірге жұмыс істеді. Олар жақын дос ретінде араласып, демалысқа да бірге шықты. Джеймс Холлды «білімді адам» деп сипаттайды» (quoted in Leary, 2009, 1 p.). Ол 1878 жылы кеңістікті көре білуге қатысты ғылыми еңбегін қорғап, АҚШ-тағы психология саласында алғашқылардың бірі болып докторлық дәрежесін алды.

Холл докторлық дәрежесін алғаннан кейін Еуропаға қайта аттанды. Ең алдымен, ол Берлинде физиологияны зерттеп, содан кейін Лейпцигте Вундттың шәкірті болды. Мұнда ол Фехнермен көрші тұрды. Вундттың жетекшілігінде жұмыс істегенімен, Холлдың үміті ақталмады. Ол барлық дәрістерге қатысып, эксперименттерге сыналушы рөліне де келісіп, физиология бойынша өзінің зерттеулерін де жүргізді. Оның кейінгі қызметінде Вундттың айтарлықтай ықпалы болмағаны байқалады. Холл 1880 жылы АҚШ-қа оралғаннан кейін өз мамандығы бойынша жақсы жұмыс таба алмады. Бірақ 10 жыл ішінде ол ұлттық деңгейдегі тұлғаға айналды. Холл өзінің психологиялық білімін педагогикада қолданудың артықшылықтарын жақсы түсінді. Ол 1882 жылы Ұлттық Педагогика қауымдастығы жиналысында бала психологиясын зерттеуді мұғалім кәсібіндегі негізгі басымдық етіп көрсету қажеттігі туралы идеясын ұсынды.

Бұл ойын ол барлық жерде қайталап айтты. Гарвард университетінің ректоры Холлға білім беру мәселелері бойынша бірнеше дәрістік сабақ әзірлеуге ұсыныс білдірді. Ол жасаған баяндамаларынан кейін танымал бола бастады, сөйтіп, оны Джон Хопкинс университетіне оқытушы қызметіне шақырды. Бұл университет Балтиморда бес жыл бұрын құрылған АҚШ-тың алғашқы аспирантура орталығы еді.

Холлдың дәрістері айрықша маңыздылыққа ие болып, ол Джон Хопкинс университетінде профессор атанды. Ол 1884 жылы АҚШ-та «психофизиология зертханасы» деп аталатын алғашқы ресми психологиялық зертхана құрды (Pauly, 1986, p. 30). Ол көптеген шәкірт тәрбиеледі, олардың ішінен Джон Дьюи және Джеймс Маккин Кеттелл сияқты атақты психологтер шықты.



Ferdinand Hamburger, Jr. Archives, Johns Hopkins University

АҚШ-тағы алғашқы зертхана саналатын – Джон Хопкинс университетіндегі Холлдың психологиялық зертханасы

Холл 1887 жылы АҚШ-тағы алғашқы және бүгінгі таңда да танымал «Америкалық психология журналының» (*American Journal of Psychology*) негізін қалады (see Young&Green, 2013). Журнал теориялық және эксперименттік идеялардың негізін қалауға себепкер болды, америкалық психологияға тұтастық пен тәуелсіздік рухын берді. Холл бұл журналдың алғашқы басылымын аса көп мөлшерде басып шығарды. Журнал редакциясы журналдың жарық көруіне жұмсалған шығынды бес жыл өткен соң өтей алды.

Колледж президенті. Холл кейінгі жылдары Массачусетс штатының Вустер қаласындағы Кларк университетінің алғашқы президенті болды. Ол осы қызметке орналаспас бұрын еуропалық жоғары оқу орындарының қызметімен танысу үшін ұзақ мерзімді сапарға шығып, университетке оқытушылар мен зерттеушілерді шақырды. Кларк университетінің алғашқы 100 жылғы тарихын зерттеген бір жазушы: «Холлдың сапары – басталмаған жұмысы үшін төленген демалыс сапары болды. Ресей әскери академиясын, ежелгі грек бекіністерінің қираған үйінділері мен жезөкшелер үйін, цирктерді және тағы басқа көрікті жерлерді аралауы мүлде орынсыз болған еді», – деп жазды (Koelsch, 1987, p. 21).

Кларк университетінде жұмыс істеп жүріп, Холл неміс университеттері мен Джон Хопкинс университетін үлгі ретінде қарастырды. Бұл оқу орындарының білім беру жүйесінен гөрі, ғылыми-зерттеулеріне көп көңіл бөлді. Холл өз қаражатына «Педагогикалық мектеп» (*Pedagogical Seminary*) журналын (қазіргі таңда «Генетикалық психология» (*Journal of Genetic Psychology*) журналы) басып шығара бастады. Аталған журналда педагогика және бала психологиясы бойынша материалдар жарық көрді. Ал 1915 жылы Холл «Қолданбалы психология» (*Journal of Applied Psychology*) журналының негізін қалады. Бұл АҚШ бойынша психологияға арналған он алтыншы журнал болды.

1892 жылы Холлдың қолдауымен Америка Психологтер қауымдастығының негізі қаланды. Қауымдастық өткізген жиында Холлдың үйіндегі кабинетінде он шақты психолог жиналып, жаңа ұйымның жобасын әзірледі. Олар Холлды ұйымның алғашқы жетекшісі етіп сайлады. 1900 жылға қарай қауымдастыққа 127 адам мүше болды.

Холл – Зигмунд Фрейдтің психоанализ әдісіне ден қойған алғашқы америкалықтардың бірі. Оның арқасында АҚШ-та осы бағытқа ерекше мән бере бастады. Ғалым 1909 жылы, Кларк университетінің 20 жылдық мерейтойына орай, Зигмунд Фрейд пен Карл Юнгті бірнеше конференцияға қатысуға шақырды. Бастапқы кезде ғалымдардың көпшілігі психоанализ әдісіне күмәнмен қараған еді. Ал Холлдың бұл әрекеті өте батыл қадам болды.

Холл фрейдистік психоанализге зор қызығушылық таныта бастады. Фрейдтің сапарынан кейін «университет Фрейд іліміне ерекше ден қойған». Бір студент: «Бұл жер сіз бұрын-соңды көрмеген бірден-бір айрықша жер болмақ», – деп жазды (Leroge, 2011, p. 34).

Психология ғылымы Холлдың жетекшілігімен Кларк университетінде кең қанат жая бастады. Холл университет басшысы болып тұрған отыз алты жыл ішінде психология ғылымын меңгерген 81 жас ғалым диссертация қорғады. Оның студенттері әр дүйсенбі сайын кешкі мезгілде Холлдың үйінде өтетін тартысты семинарларды асыға күтетін болды. Оқытушылар осы дәрістер барысында аспиранттар үшін сынақтар өткізді. Кейде төрт сағатқа созылатын кездесулердің соңында үй қызметшілері кабинетке үлкен ыдыспен балмұздақ алып келетін. Холл өз студенттерінің бақылау жұмыстарын аяусыз сынайтын. Льюис Терман былай еске алатын:

«Бақылау жұмыстарын тексерген кезде Холл бізді тәнті ететін ақыл-ойы мен қиялына жүгінетін. Шәкірттерінің айлар бойы жазған еңбегіне Холл тосыннан көп пікір жазатын. Мен әрдайым үйге есеңгіреген күйде оралып, сергу»

үшін сұға түсетінмін. Содан кейін бірнеше сағат бойы төсекте жатып, сол кеште айтқым келген, бірақ айта алмаған ұтымды ойларымды ішімнен қайталайтынмын» (Terman, 1930/1961, p. 316).

Қабілетті жас ғалымдарды тәрбиелей жүріп, көпшілік алғысына бөленген тәжірибелі педагог Холл өте ашық адам болатын. Кларк немесе Джон Хопкинс университетіндегі Холлдың шәкірттері америкалық психологтердің басым бөлігін құраған кезең де болды. Кейін аспиранттарының үштен бір бөлігінің, ұстазы сияқты, түрлі колледждердің басшыларына айналуы Холлдың жеке ықпалының болғанын дәлелдейді.

Холлдың тұсында Кларк университеті АҚШ-тың басқа оқу орындарымен салыстырғанда, әйелдер мен кәмелетке толмаған шәкірттер үшін ашық еді. Ерлер мен әйелдердің бірдей білім алуына қарсы ұстанған көзқарасына қарамастан, ол әйелдерді аспирантураға және кіші оқытушы қызметіне қабылдады. Сонымен бірге алғашқылардың бірі болып Кларк университетіне жапон студенттерін қабылдап, еврейлерді жұмысқа алуға шектеу қоядан бас тартты. Сол кезде көптеген университет оқытушы қызметіне еврейлерді қабылдамайтын. Холл аспирантураға афроамерикалықтарды да қабылдады.

Холлдың шәкірті Френсис Самнер – психология саласында докторлық дәреже алған алғашқы кара нәсілді америкалық. Ол Вашингтондағы Говард университетінің психология бөлімшесін басқарды. Осында кара нәсілді адамдарға психология ғылымын үйрету үшін оқу бағдарламасын бекітті (Dewsbury&Pickren, 1992). Сонымен қатар Самнер неміс, француз және испан журналдарынан мыңдаған мақала аударып, оларды америкалық психология журналдарына басып шығарды.

Төбешіктен домалау. Холлдың биографы оның күйзеліске жиі түсетінін жазды. Бірақ Холл күрделі психикалық күйзеліске ешқашан ұшырамаған сынайлы. Холл көңіл күйінің құбылмалығын патологиялық себептермен байланыстыратынын мойындады. Ол саналы тұмырында арагидік өзінің отбасылық фермасына барып, университет басшыларының көбі жасамайтын оғаш рәсімді орындайтын. Ол үстіндегі киімін толық шешіп, төбешіктен домалайтын. Ол: «Жаланастанып, төбешіктен домалағанда өне бойымның тітіркенгенін, сүйсінгенін және сырылғанын сезіп, жабайылыққа оралғандай болатынмын. Мен осы әрекетімді балалық шағымда да жасайтынмын», – деп жазды (quoted in Karier, 1986, p. 179).

Холл АПҚ президентінің екінші мерзіміне сайланғаннан кейін, бірнеше ай өткен соң, 80 жасында қайтыс болды. АПҚ-ның 120 мүшесінің 99 мүшесі Холлды әлемдік деңгейдегі психологтердің алғашқы ондығына кіреді деп есептеді. Мамандардың көбі оның педагог ретіндегі таланты мен психологияның дамуына қосқан үлесін бағалап, ортодокстық бағытқа қарсы шыққанын атап өтті. Алайда Холлды жақсы танитын адамдар оның жеке қасиеттерін сынға алды.

Холл адамдармен тіл табыса алмайтын, сенімсіз, мақсатқа жету жолын талғмайтын, өте кү әрі өзімшіл адам болатын. Сонымен бірге оның «бақталастыққа жаны жақын болғаны соншалық – бойындағы қызғанышын жасырмай, әріптестерімен өшігуге дейін баратын» (Youniss, 2006, p. 225). Кейінгі жылдары Холлмен арадағы достығына сызат түскенде Уильям Джеймс Холл туралы: «Оның бойында ірілік пен жоқтан өзгеге мін тағатын қасиеттер ұштасқан», – деп жазды (quoted in Myers, 1986, p. 18). Алайда Холлдың сыншылары да сауалнаманың нәтижелерімен келісіп: «Холл, осы саладағы басқа кез келген үш ірі тұлғамен салыстырғанда, зерттеу жұмыстарын көп жасаған ғалым еді» деп мәлімдеді (quoted in Koelsch, 1987, p. 52).

Эволюция және дамудың рекапитуляция теориясы

Холл психологияны әр қырынан зерттегенімен, ғылыми ізденіс жолында адасып, ақырында бір тақырыпқа – эволюциялық теорияға келіп тоқтады. Ол өз еңбе-

гін «ақыл-ойдың қалыпты дамуы бірнеше эволюциялық сатыдан тұрады» деген тұжырымға негіздеді.

Холлды адам мен жануарлардың дамуы және олардың бейімделу мәселелері қызықтырды. Сондықтан оны генетикалық психолог деп жиі атайтын. Бұл қызығушылық Холлдың бала психологиясын зерттеумен айналысуына түрткі болды. 1893 жылы Чикагодағы Дүниежүзілік көрмеде сөйлеген сөзінде ол: «Біз бүгінге дейін психологияны үйрену үшін Еуропаға бардық. Бала психологиясын зерттеу мәселесіне баса назар аударайық. Сонда Америкада психология ғылымы дамиды», – деді (quoted in Siegel & White, 1982, p. 253). Холл психологиядағы білімін шынайы әлемдегі бала өмірін зерттеуге қолданғысы келді. Оның бір студенті «балалар оның зертханасына айналды» деген еді (Averill, 1990, p. 127).

Холл өзінің зерттеулеріне Германияда танысқан сауалнама әдісін кеңінен қолданды және оның студенттері 194 сауалнаманы түрлі зерттеулер үшін сәтті пайдаланды (White, 1990). Бұл әдістеменің кең қолданысқа енгені соншалық – біраз уақыттан соң АҚШ-та оны Холл есімімен байланыстырды. Алайда бұл әдістемені Англияда Фрэнсис Гальтон оған дейін ұсынған болатын. Холлдың бала психологиясын зерттеуі о бастан үлкен қоғамдық қолдауға ие болып, бала дамуын зерттеуге мүмкіндік берді.

Холлдың «Жасөспірім жастағы түйсіктер мен сезімдер» (*Adolescence: Its Psychology and Its Relations to Physiology, Anthropology, Sociology, Sex, Crime, Religion, and Education*) (1904) деп аталатын 1300 беттік, екі томдық шығармасы ең ауқымды еңбек болып есептелді. Жасөспірім психологиясының шынайы ғылыми-зерттеулері – 10 жылдық еңбектің нәтижесі еді (Amett & Cravens, 2006, p. 165). Холл жетілдірген психологиялық дамудың рекапитуляция теориясы осы еңбекте баяндалды. Шын мәнінде, Холл балалар даму барысында балалық шақтағы бейсана күйден бастап, ересек өміріндегі саналы, өркеніетті адам күйіне дейін психиканың барлық даму сатысын қайталайтынын айтты (таудан жалаңаш күйде домалаған кезінен басқа жағдайларда).

«Жасөспірім жастағы түйсіктер мен сезімдер» атты еңбегі үлкен пікірталас тақырыбына айналды. Себебі бұл еңбекте жыныс мәселесіне айтарлықтай мән берілді. Холл нәпсіқұмар деп айыпталды. Психолог Э.Л. Торндайк бұл кітапта «жыныс ерекшеліктеріне байланысты қалыпты және зиянды әрекеттер мен сезімдер бұрын-соңды ағылшын әдебиетінде ешқашан талқыланбаған» деді. Әріптесіне жазған бір хатында Торндайк одан да өткір сын айтты. Ол Холлдың кітабы туралы «кателерге, мастурбация мен Иисуска толы. Ол – нақұрыс адам» деп жазды (quoted in Ross, 1972, p. 385).

Холл Кларк университетінде жыныс мәселелері бойынша дәріс те оқыды. Әйелдер оның сабағына қатыспаса да, бұл дәрістер үлкен дау-дамай тудырды. Сөйтіп, ол дәрісті тоқтатуға мәжбүр болды. Себебі «аудиторияда бөтен адамдар қаптап, есіктің түбінде тыңдайтындар да болды» (Koelsch, 1970, p. 119).

«Холл жыныс тақырыбынан басқаны жаза алмай ма? – деп жазды Энджелл Титченерге. – Бұл тақырыпқа аса көп мән беру моральдық тұрғыдан дұрыс емес әрі ақымақтың ісі деп ойлаймын» (quoted in Boakes, 1984, p. 163). Көп ұзамай психолог-әріптестерінің арасында туындаған қызу пікірталас аяқталды. Холл назарын басқа мәселеге аударды.

Холл есейген сайын адам дамуының соңғы сатысына қызығушылық білдірді. 78 жасында ол «Қартаю» (*Senescence*) атты (1922) еңбегін жариялады. Бұл еңбекте қартайған шақтағы адамдардың психологиялық ерекшеліктеріне алғаш рет шолу жасалды. Холл өлер шағында «Психологтің естеліктері» (*Recreations of a Psychologist*) (1920) және «Психологтің жан сыры» (*The Life and Confessions of a Psychologist*) (1923) атты екі автобиографиялық еңбегін жазды.

Рекапитуляция теориясы:
балалардың психологиялық дамуы адам ұрпағының тарихын қайталайды деген Холлдың идеясы.

Түсініктеме

Бір күні Холлды аудиторияда «Психика саласындағы Дарвин» деп таныстырды. Оны осылай салыстыру әдісі Холлға ұнады. Себебі бұл оның ғылыми талпыныстарын дәл бейнеледі. Басқа бір аудиторияда оны «әлемдегі бала психологиясын зерттейтін беделді тұлға» деп таныстырып, ол бұл сипаттамамен де келісті (Koelsch, 1987, p. 58).

Өзінің екінші өмірбаянында: «Менің саналы ғұмырым қисынсыз әрекеттер мен ессіз ермектерге толы болатын. Олардың кейбіреулері әуесқой, басқа біреулері болмашы еді. Біреуі ұзақ сақталып, тағы біреуі бір мезетте ұшып жойылатын», – деп жазды (Hall, 1923, p. 367–368). Ол өз бойындағы осы ауытқуларды жасырған емес. Өте батыл, байқампаз, қызуқанды жан әріптестерімен жиі дауласып қалатын. Бірақ уайымшыл емес еді.

Функционализмнің қалыптасуы

Функционализм идеясының төңірегінде біріккен ғалымдар жаңа психологиялық мектепті құруға ниеттене қоймады. Олар Вундт пен Титченердің шектеулеріне қарсы шықты, бірақ бұл ағымды тағы бір «изммен» алмастырғысы келмеді. Оның басты себебі – идеологиялық емес, жеке себепке қатысты еді. Бірде-бір функцияшылдар Вундт пен Титченердің ағымын орнатқысы келмеді. Функционализм кезі келгенде психология мектебінің көп сипаттамаларына ие болды, бірақ оның бастамашыларының мақсаты бұл емес еді. Олар сол кезде пайда болған ортодокстық ағымды өзгерткісі келді.

Сөйтіп, функционализм ешқашан, Титченер структурализмі сияқты, жүйелі әрі қатал және ресми ерекшеленген жоқ. Функциялық психологияның орнына біртұтас құрылымдық психология қолданылды. Бірнеше функциялық психолог бірге әрекет еткенімен, олар бір-бірінен ерекшеленді. Дегенмен барлығы сана функцияларын зерттеуді ортақ мақсатқа айналдырды.

Сонымен бірге функцияшылдарды ақыл-ой функциясының нәтижесі ретінде психологияның – адамдардың түрлі ортада әрекет етуі сияқты күнделікті мәселелерде қалай қолданылатыны қызықтырды. АҚШ-тағы қолданбалы психологияның қарқынды дамуы (8-тарауда айтылатын) функционализм ілімінің бірден-бір маңызды бөлігі саналады.

Титченер 1898 жылғы «Философиялық көзқараста» (*Philosophical Review*) жарияланған «Құрылымды психология постулаттары» (*The Postulates of a Structural Psychology*) деп аталатын мақаласында «құрылымды» сөзінің орнына «функциялық» сөзін қолданып, функционализмнің дамуына өзінше ықпал еткен болуы керек. Титченер аталған мақалада құрылымды және функциялық психология айырмашылықтарының аразігін ажырата отырып, структурализмнің бірден-бір айқын бағыт екенін атап көрсетті.

Сөйтіп, функционализмнің негізін қалаушы атанған Титченер дау-дамайдың ортасында қалды. Титченер өз ұстанымына өзі ат қоймайынша, оған ешбір атау берілген жоқ. Ол осы бір ағым ауқымының кенеюіне себепкер болып, «функционализм» терминінің психология саласына енуіне зор үлес қосты.

Чикаго мектебі

Әлбетте, функционализмді психологиялық мектепке айналдыру Титченердің ғана емес, функциялық психологияның негізін кездейсоқ салушылардың да арқасында жүзеге асты.

Психологияның функционализм сияқты жаңа бағытының негізін қалаған психологтердің бар екенін толық негізбен айтуға болады. Олар – Джон Дьюи және Джеймс Роулэнд Энджелл. Олар 1894 жылы Чикаго университетінде пайда бол-

ды, кейіннен олардың фотосуреттері «Тайм» (*Time*) журналының мұқабасында жарқырап шыға келді. Уильям Джеймстен басқа ешкім Дьюи мен Энджеллді жана жүйенің негізін қалаушы деп мойындаған жоқ. Джеймс олардың мектебін «Чикаго мектебі» деп атады (see Backe, 2001, p. 328).



ДЖОН ДЬЮИ

<https://en.wikipedia.org>

Джон Дьюи (1859–1952)

Джон Дьюи қарапайым бала болып өсті және Вермонт қаласындағы университетте оқыған кезде алғырлығымен ерекшеленген емес. Ол университетті бітіргеннен кейін бірнеше жыл сабақ беріп, өз бетінше философияны зерттеп, бірнеше ғылыми мақала жариялады. Содан кейін Балтимордағы Джон Хопкинс университетінде аспирантураны аяқтап, 1884 жылы докторлық дәрежесін алды. Мичиган және Миннесота университеттерінде сабақ берді.

Ол 1886 жылы АҚШ-та қазіргі психология бойынша алғашқы оқулық басып шығарды (оқулықтың атауы нақты анықталмаған, бірақ оның атауы «Психология» болуы мүмкін). Бұл еңбек өте танымал болды. Алайда Джеймстің 1890 жылы жарық көрген «*Психология қағидалары*» атты оқулығының танымалдығы одан асып түсті.

Дьюи Чикаго университетіндегі 10 жыл бойғы қызметінде барлық күш-жігерін психологияға жұмсады. Ол оқу зертханасының негізін қалады, университетте қайта құру жүргізіп, прогрессивті идеяларға жол ашты. 1904 жылы ол Нью-Йоркке көшіп келіп, Колумбия университетінде көп функцияшыл психологтердің тағы бір бағыты – білім және философия саласындағы психологияның қолданбалы мәселелерімен айналысты.

Дьюи ұлы ғалым ретінде танылғанымен, оқытушылыққа жоқ еді. Оның бір шәкірті Дьюидің жасыл берет кигенін еске алып:

«Ол сыныпқа кіріп, тақтаның жанына отырып, алдына жасыл беретін қойып, бірқалыпты дауыспен дәріс оқитын... Ұйқысы келген адам Дьюидің лекциясына қатыссын. Бұл «мылжыңның» дәрісін тыңдап отырып, еріксіз ұйықтап кетуге болады», – дейді (May, 1978, p. 655).

Ол түстен кейін оқитын шәкірттерін жоспарланған уақыттан артық ұстайтын. Себебі өз пәніне қатты қызығып кететін. Оның әйелі бір баласын Дьюиге үйге қайтуды ескерту үшін сыныпқа жіберетін. «Ол өз ойын айтып біткенше, баласын әдетте артқы орынға отырғызып қоятын» (Martin, 2002, p. 259).

Рефлекторлық доға

1896 жылы Дьюидің «Психологиялық шолу» (*Psychological Review*) журналында жариялаған «Психологиядағы рефлекторлық доға теориясын» (*The Reflex Arc Concept in Psychology*) функциялық психологияның бастамасы деп есептеуге болады. Бір тарихшы осы мақаланы функциялық қозғалыстың жаңалығы деп атады (Bergmann, 1956, p. 268). Мақаланың танымал болғаны соншалық – «Психологиялық шолудың» алғашқы 50 томдығында жарияланған ең ықпалды мақала атанды» (Backe, 2001, p. 329).

Осы бір маңызды әрі соңғы еңбегінде Дьюи рефлекторлық доға теориясының психологиялық молекуляризмін, элементаризмін және редукционизмін қатаң сынады. Мұнда тітіркендіргіш пен тітіркену реакциясы жеке-жеке қарастырылады. Дьюи Вундт пен Титченердің «мінез-құлық пен саналы тәжірибе бөлшектерге немесе элементтерге айналуы мүмкін» деген тұжырымына күмән келтірді. Сөйтіп, Дьюи олардың психологиядағы тәсілдеме негіздеріне қарсы шықты.

Рефлекторлық доға теориясын қолдаушылар мінез-құлық әрекетін баланың оттан қолын тартып алуы сияқты тітіркенуге реакция білдіруімен түсіндіруге болады деді. Дьюи баланың отты көргендегі іс-әрекетіне сәйкес, рефлексия формасы доғаға емес, шеңберге ұқсайды деді. Ең алдымен, баланы от қызықтырады.

Рефлекторлық доға: сенсорлық стимулдар мен моторлы реакциялар арасындағы байланыс.

содан кейін ол оттың қаупін түсініп, оттан қорқа бастайды. Реакция баланың тітіркендіргішті (отты) қабылдауын өзгертеді. Сондықтан қабылдау мен процесс (тітіркендіргіш пен реакция) жеке түйсіну мен реакциялар жиынтығы емес, біртұтас дүние ретінде қарастырылуы тиіс. Сөйтіп, Дьюи рефлекторлы мінез-құлықты жеке сенсомоторлы элементтерге келтіруге негіз жоқ екенін және сәйкесінше сананы құрамдас бөліктері арқылы ғана зерттеуге болмайтынын дәлелдеді.

Дьюи мінез-құлықты жасанды ғылыми конструкция түрінде емес, организмнің қоршаған ортаға бейімделу формасы ретінде қарастыру қажеттігін айтты. Сөйтіп, «психология адамның біртұтас организмін зерттеуі керек» деп жазды.

Түсініктеме

Эволюция теориясы Дьюидің ойларына әсер етті. Аман қалу үшін күресу кезінде сана мен мінез-құлық организмнің өмір сүруіне жағдай жасайды, сана организмнің тіршілік етуіне мүмкіндік беретін мінез-құлық қалыптастырады. Демек, функциялық психология тірі организмді зерттеумен айналысады.

Дьюи өзінің психологиясын *функциялық психология* деп атаған емес. Структурализмнің негізгі тұжырымдарына сын айтылуына қарамастан, ол құрылым мен функцияны бөліп қарауға болмайды деп есептеді. Ал Энджелл мен басқа психологтер функциялық психология мен құрылымдық психология – психологияның екі түрлі формасы деп тұжырымдады.

Дьюи психологтер мен басқа ғалымдардың көзқарастарына әсер етіп, ғылыми ойларын философиялық тұрғыдан тұжырымдады. 1904 жылы ол Чикаго университетінен кетіп, функционализм қозғалысына Энджелл жетекшілік етті.

Джеймс Роулэнд Энджелл (1869–1949)

Джеймс Роулэнд Энджелл функционализм бағытын кәдімгі психологиялық мектепке айналдырды. Джеймстің арқасында Чикаго университетіндегі психология факультеті сол кездегі ең беделді факультетке айналып, функциялық психологтерді дайындайтын бірден-бір орталық саналды.

Энджеллдің өмірі

Энджелл Вермонт штатында оқытушылар отбасында дүниеге келді. Оның атасы Род-Айленд штатындағы Провиденс қаласы Браун университетінің ректоры, ал әкесі Вермонт университетінің, сонан соң Мичиган университетінің ректоры болды. Энджелл – Дьюи оқыған Мичиган университетінде курстық жұмысын тәмамдады. Ол Джеймстің *«Психология қағидаларымен»* де танысты. Оның пікірі бойынша, бұл еңбек басқа кітаптармен салыстырғанда оның ойына ерекше әсер етті. Энджелл бір жыл бойы Джеймспен бірге Гарвард университетінде жұмыс істеп, 1892 жылы магистр дәрежесін алды.

Содан кейін Галл мен Берлиндегі университеттерде оқуын жалғастырды. Берлинде Эббингауз бен Гельмгольцтің дәрістеріне қатысты. Ол Лейпцигте оқуды армандады. Алайда Вундт сол жылы шәкірт қабылдамаған еді. Энджелл оқуын аяқтағанымен, докторлық дәрежесін ала алмады. Оның диссертациясы неміс тілінде сауатты жазылған жағдайда ғана қабылданатын болды. Бірақ еңбекті қайта жазу үшін ол ешбір табыс көзінсіз Галлда қалуы тиіс еді.

Сондықтан Миннесота университетінің қызметке тағайындау ұсынысын қабыл алды. Мұндағы жалақы төмен болса да, төрт жылдық келісімді аяқтап, үйленгісі келген жас жігіт үшін бұл жақсы мүмкіндік болатын. Докторлық дәреже алмаса да, Энджелл жас ғалымдарды дайындауға зор үлес қосып, елеулі еңбегі үшін көптеген марапатқа ие болды.

Миннесота университетінде бір жыл жұмыс істеген соң, Энджелл 25 жыл бойы жұмыс істеген Чикаго университетіндегі қызметіне қайтып барды. Ата-



<https://en.wikipedia.org>

ДЖЕЙМС РОУЛЕНД
ЭНДЖЕЛЛ

бабасының жолын қуып, Йель университетінің ректоры болып тағайындалды. Ол 1906 жылы Америка Психологтер қауымдастығының 15-президенті болып сайланды. Университеттегі қызметінен кеткен соң, Ұлттық радиохабар тарату компаниясының басқармасында қызмет етті.

Time журналы ғана емес, басқа адамдар да Энджеллді «жігерлі, сергек, ақ көңіл адам» деп сипаттайтын. Чикаго университетінде оны «Күн нұрын шашқан Джим» деген лақап атпен атады. «Оның көше ережесін сақтамай, кез келген жерден өтетін әдетінен онымен бірге жүру немесе көлікке бірге міну қауіпті болатын. Ол бағдаршамға қарау дегенді білмейтін. Еш қорықпастан көлікті сенімді жүргізетін» (quoted in Dewsbury, 2003, pp. 66–69).

Функциялық психология саласы

Энджелл 1904 жылы «Психология» (*Psychology*) деп аталатын оқу құралын жарыққа шығарып, онда функциялық тәсілдеме жайында сипаттады. Бұл еңбектің жемісті болғаны соншалық – 1908 жылға дейін төрт рет басылып шықты. Бұл оның функциялық көзқарасының қызығушылық тудырғанын танытты. Энджелл аталған еңбегінде «сананың қызметі организмнің бейімделу қабілеттерін арттырады» деп тұжырымдады. Психологияның мақсаты организмнің қоршаған орта жағдайларына бейімделуге сананың қалай ықпал ететінін зерттеу еді.

1906 жылы Энджелл Америка Психологтер қауымдастығына үндеу жолдап, функциялық психология саласына елеулі үлес қосты. (Үндеу «Психологиялық шолуда» жарияланды.) Біз бұған дейін қалыптасып үлгерген жүйенің арқасында немесе оған қарамастан жаңа ағымдардың өрісі кеңейіп, маңыздылығы артатынын байқадық. Энджелл әуел бастан «ғылыми доданың» шекарасын айқындап, өзінің алғы сөзін: «Мен қандай да бір жаңа жоспарлардан бас тартуға қарсымын; мен шынайы жағдайларды әділетті түрде топтастыратын дүниелермен айналысамын». – деп аяқтады (1907, p. 61).

Энджелл функциялық психологияны осы саладағы жаңалық емес, ол қашанда психологияның ажырамас бір бөлігі деп санады. Керісінше, құрылымдық психология – психологияның бұрыннан келе жатқан әрі ауқымды функциялық саласынан алшақтап кеткен еді. Энджелл кейіннен функциялық ағымның негізгі үш бағытын атап көрсетті:

1. Функциялық психология – ақыл-ой операцияларын зерттейтін, құрылымды психологияға қарағандағы ағым. Титченердің элементаризм тәсілдемесі әлі де өз маңызын жойған жоқ. Ал Энджелл осы тәсілдемеге қарама-қайшы келетін функциялық психологияның дамуына ықпал етті. Функциялық психологияның міндеті – қандай да бір жағдайдағы ақыл-ой процесінің әрекет етуін анықтау.
2. Функциялық психология – сананың негізгі қызметін зерттейтін сала. Сөйтіп, сана утилитарлы, прагматикалық тұрғыдан қарастырылады. Себебі ол организм қажеттіліктері мен қоршаған орта қажеттіліктері арасындағы байланыстырушы құрал қызметін атқарады. Организмнің құрылымдары мен функциялары организмнің қоршаған ортаға бейімделуіне және аман қалуына мүмкіндік беретіндіктен тіршілік етеді. Энджелл «сана сақталғандықтан, ол организм үшін маңызды қызмет атқаруы тиіс» деген болжам айтты. Функционализм ағымы тұжырымдау мен белсенділік таныту сияқты сана мен ақыл-ой процесстерінің рөлін айқындайды.
3. Функциялық психология – организмнің қоршаған ортамен толық өзара байланысы бар психофизикалық қатынастар (сана мен организм (жан мен тән) арасындағы байланыстар) психологиясы. Функциялық психология сана мен тәннің барлық қызметін зерттейді және олардың арасында еш айырмашылық жоғын айтады. Ол жан мен тәнді бір топқа жатқызып, оларды өзара байланысты деп есептейді.

Түсініктеме

Энджелл Америка Психологтер қауымдастығына функциялық психологияның ауқымы кеңейгенде келді. Энджелл білікті оқытушылармен және функциялық психологияға ден қойған шәкірттерімен бірге бұл ағымды өз зертханасы мен зерттеу базасы бар ғылыми бағытқа айналдырды. Ол функциялық психологияны ресми түрде бағытқа айналдыру үшін күш-жігерін салып, оның дамуына барынша қолдау білдірді.

Алайда ол функциялық психологияның психологиялық мектеп еместігін және Чикаго университетімен ғана шектелмеуі керектігін айтудан жалықпады. Энджеллдің осы мәлімдеулеріне қарамастан, функциялық психология дамыды және оны «Чикаго мектебі» деп атады. Бұл атау Чикаго университетінің психология факультеті ұстанған және оқытқан психологиямен байланыстырылды.

Колумбия университетіндегі функциялық психология

Құрылымдық психологиямен салыстырғанда, функциялық психологияның ешқандай зерттеу тәсілдемесі болмағанын атап өттік. Функциялық психологияның негізі Чикаго университетінде қаланып, дамығанымен, Роберт Вудвортс Колумбия университетінде оның тағы бір бағытын қалыптастырды. Колумбия университеті функциялық бағыттың екі бірдей өкілі үшін зерттеу базасына айналды. Олардың бірі – америкалық функцияшыларды өзінің психологиялық зерттеулерімен тәнті еткен Джеймс Маккин Кеттелл (8-тарауды қараңыз) болса, екіншісі – жануарлардың мінез-құлқын зерттеумен айналысып, функциялық психологияға бет бұрған Э.Л. Торндайк (9-тарауды қараңыз) еді.

Роберт Сессионс Вудвортс (1869–1962)

Энджелл мен Кэрр жетекшілік еткен функциялық психология мектебіне Вудвортстың ресми түрде қатысы жоқ еді. Ол қандай да бір ағымға мүше болған ғалымдарға қойылатын шектеулерге қарсы болды. Алайда Вудвортстың психология туралы жазған еңбектері Чикаго мектебіндегі функциялық психологияға негізделген.

Вудвортстың өмірі

Вудвортс 60 жылдан астам уақыт бойы зерттеуші, сүйікті мұғалім, жазушы және редактор ретінде психологиямен айналысты. Массачусетс штатындағы Амхерст колледжінде бакалавр дәрежесін алып, жоғары мектепте – ғылымнан, содан кейін шағын колледжде математикадан сабақ берді.

Оның өмірін күрт өзгерткен мыналар болды: біріншіден, ол Г. Стэнли Холлдан дәріс алды; екіншіден, Уильям Джеймстің «Психология қағидаларымен» танысты. Сөйтіп психолог болуға бел байлайды.

Ол Гарвард университетіне оқуға түсіп, магистр дәрежесін алады, сондай-ақ 1899 жылы Колумбия университетінде Джеймс Маккин Кеттеллдің қолынан докторлық дәрежесін алады. Вудвортс үш жыл бойы Нью-Йорк ауруханаларында физиологиядан дәріс оқиды және Англияда физиолог Чарльз Скотт Шеррингтонмен бірге бір жылдай жұмыс істейді. 1903 жылы ол Колумбия университетіне оралып, 1945 жылға дейін, жұмыстан кеткенше сонда қызмет етеді. Оның студенттер арасында танымал болғаны соншалық – екінші рет 89 жасында зейнетке шыққанша үлкен аудиторияларда дәріс оқиды.

Вудвортстың бұрынғы студенті Гарднер Мерфи оны психология курсынан оқытқан ең жақсы оқытушы ретінде еске алады. Мерфидің айтуынша, Вудвортс



<https://en.wikipedia.org>

РОБЕРТ СЕССИОНС
ВУДВОРТС

аудиторияға «үтіктелмеген, қап тәрізді ескі костюмі мен әскери бәтәңкесін киіп» келетін. Тақтаға келіп, «талай жыл еске алып жүру үшін қойын дәптерімізге жазып қоюға тұрарлық, ешкімге ұқсамайтын әлдебір сөздерді айта жөнелетін» (Murphy, 1963, p. 132).

Вудворте өз мақалалары мен «Динамикалық психология» (*Dynamic Psychology*) (1918) және «Мінез-құлық динамикасы» (*Dynamics of Behavior*) атты кітаптарында (1958) психология туралы терең ой қозғайды. 25 жыл бойы бес басылымда үздіксіз жарияланып отырған «Психологияға кіріспе» (*Psychology*) (1921) атты еңбегі сол кездегі психология бойынша жазылған еңбектерден қымбатқа сатылды. Оның «Эксперименттік психология» (*Experimental Psychology*) (1938, 1954) атты еңбегі де классикалық оқу құралы болды. 1956 жылы Вудворте, психология саласында білімнің ұйымдастырушысы және біріктірушісі ретінде, ғылыми психологияның қалыптасуы мен кейінгі дамуына қосқан үлесі үшін Америка Психологиялық зерттеулер қорының «Алтын медалімен» марапатталды.

Динамикалық психология

Вудвортстың психологияға қатысты тәсілдемесін тың дүние деуге келмейтін. Психология ғылымы пайда болғанға дейін ол қазіргі психологтер ұстанған тәсілдеме болды. Психология саласындағы ілімдер ынталандырушы әсерді зерттеуден және жауапты реакциядан, яғни объективті сыртқы оқиғалардан басталуы керек. Бірақ психологтер мінез-құлықты түсіндіруге келгенде ынталандырушы әсер мен жауапты реакцияны ғана қарастырды да, олар зерттеудің ең маңызды бөлігі – тірі организмді естен шығарады. Ынталандырушы әсер нақты жауапты реакцияның негізгі себебі болып есептелмейді. Түрлі энергетикалық деңгейі, ағымдағы және өткен тәжірибесі бар организм де жауапты реакцияны анықтау үшін әрекет етеді.

Психология ынталандырушы әсер мен жауапты реакция арасындағы интерполяцияланатын организм деп қарастырылуы тиіс. Вудвортстың айтуы бойынша, сана мен мінез-құлық психологияның мәні болу керек. (Гуманистік психология саласындағы мамандар мен әлеуметтік теорияшылдар кейін осы көзқарасты қабылдады.)

Сыртқы тітіркендіргіш, сондай-ақ организмнің сыртқы көрінісі объективті түрде бақылануы мүмкін. Бірақ организм ішіндегісін өзін-өзі талдау (интроспекция) арқылы ғана білуге болады. Сөйтіп, Вудворте бақылау әдісі және эксперименттік әдіспен бірге, психология үшін өзін-өзі талдауды пайдалы құрал ретінде қарастырды.

Вудворте Джон Дьюи мен Уильям Джеймстің ілімі негізінде жетілдірілген динамикалық психологияны функциялық психологияға енгізді (Дьюи «динамикалық» сөзін осы контексте 1884 жылы, ал Джеймс 1908 жылы қолданды). Динамикалық психология ынталандырумен байланысты. Вудворте «ынталандыру ғылымын» жетілдіруге бар күшін салды.

Біз Вудвортстың көзқарасы мен Чикаго мектебінің функциялық психологиясы арасында ұқсастық таба алсақ та, Вудворте мінез-құлық негізінде жатқан физиологиялық оқиғаларға ерекше мән берді. Оның динамикалық психологиясы себеп-салдар байланыстарына шоғырланса, оның негізгі қызығушылығы адамдарды ынталандыратын күштерге қатысты болды. Ол «психологияның мақсаты адамдардың мінез-құлық себептерін анықтауы тиіс» деп есептеді.

Вудворте біртұтас жүйені қолдамады және ғылыми ойдың жеке бағытын дамытуға немқұрайды қарады. Оның көзқарасы қарсылық білдіру көзқарасына емес, ол басқа тәсілдемелердің пайдалы сипаттарын мұқият жетілдіру мен синтезіне негізделді.

Динамикалық психология:
Вудвортстың сезімдер мен мінез-құлыққа негізі бар факторлар мен уәждердің ықпалына қатысты психология жүйесі.

Функциялық психологияны сынға алу

Құрылымдық психологияны қолдаушылар тарапынан функциялық ағымға өткір сын-пікір айтылды. АҚШ-та алғаш рет жаңа психология қарсы топтарға: құрылымдық психологияны жақтаушы Корнелл университетіндегі Титченер зертханасы, функциялық психологияны жақтаушы Чикаго университетінің психология кафедрасы болып екіге бөлінді. Айыптаулар екі жақтан да келіп түсті. Екі жақ та өз көзқарастары ғана шындыққа жанасатынына сенді.

Титченер мен оның ізбасарлары функциялық психологияны – психология саласына мүлдем қатысы жоқ деп есептеді. Неліктен? Себебі функциялық психология құрылымдық психологияның пәні мен әдістерін қолданбады. Сөйтіп, Титченердің пікірі бойынша, сананың элементтерге интроспективті анализінен ауытқыған психологияның кез келген тәсілдемесін шын мәнінде психология деп айтуға келмейді. Функциялық психологияның жақтаушылары психологияның дәл осы анықтамасына күмән келтіргені сөзсіз.

Сонымен бірге функциялық психологияны жақтаушылар таза (теориялық) және қолданбалы ғылым арасындағы бұрынғы пікірталасты қайта көтере отырып, практикалық мәселелерге деген функциялық психология жақтаушыларының қызығушылығымен байланысты кемшілікті анықтады. Құрылымдық психология жақтаушылары психология саласындағы білімді шынайы мәселелерге қолдануды жақтамады, ал функциялық психология жақтаушылары психологияның таза ғылым ретінде қалыптасуына жете мән бермеді және ешқашан өзінің практикалық қызығушылықтары үшін кешірім сұраған да емес.

Функциялық психологияның жақтаушылары таза әрі қолданбалы психологияның қатал ғылыми рәсімдерді ұстана алатынын және тиімді зерттеулерді зауыттарда, кеңселерде, аудиторияларда және университет зертханаларында өткізуге болатынын айтты. Олар кез келген зерттеу саласының ғылыми құндылығын анықтайтын пән емес, әдіс екенін айтты.

Таза және қолданбалы ғылым арасындағы пікірталас америкалық психологияда ауқымды мәселеге жатпайды. Себебі қолданбалы психология кең таралды. Психологияны шынайы өмір мәселелеріне практикалық қолдану – функциялық психологияның ең маңызды әрі ұзақ мерзімді үлесі.

Функциялық психологияның үлесі

Құрылымдық психологияға қатысты функциялық психологияның күшті текетіресі АҚШ-та психологияның дамуына елеулі түрде ықпал етті. Құрылымнан функцияға көшу салдары да маңызды болды. Құрылымдық тәсілдеменің бір бөлігі болып есептелмеген жануарлардың мінез-құлық зерттеулері психология үшін маңызды зерттеу саласына айналғаны тағы бір нәтиженің көрсеткіші еді.

Кең таралған функциялық психология да психикалық кемшіліктері бар сәбилерді, балалар мен ересектерді зерттеу аясына алды. Функциялық психологияның жақтаушылары интроспективті әдісті физиологиялық зерттеулер, ақыл-ой қабілеттерін тексеру, сауалнама парақтары, сондай-ақ мінез-құлықты объективті сипаттау сияқты басқа әдістерді қолдану нәтижесінде алынған мағлұматтармен толықтырды. Құрылымдық психологияның жақтаушылары бас тартқан осы тәсілдемелердің психология үшін алар орны ерекше.

1920 жылы Вундт қайтыс болады. 1927 жылы Титченер дүние салады. Олардың психологияға қатысты тәсілдемелері көлеңкеде қалып қойды. 1930 жылға қарай функциялық психологияның маңыздылығы толық мойындалды. 8-тарауда байқайтынымыздай, функциялық психология қазіргі америкалық психологияда өз ізін қалдырып, психология саласында практикалық мәселелерді шешуде зерттеу әдістері мен мағлұматтарын қолдануға мән берді.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Спенсер әлеуметтік дарвинизм тұжырымдамасымен не айтқысы келді?
2. АҚШ басқа елдерге қарағанда Спенсердің әлеуметтік дарвинизм идеяларына неліктен бейім болды?
3. Дарвиннің машиналарды құру жолындағы даму идеяларын кім таратты? Оның механикалық эволюцияға қатысты көзқарасын сипаттаңыз.
4. XIX ғасырдың ортасында Бэббидж жетілдірген есептеу машинасы неліктен осы ғасырдың соңында жарамсыз болып есептелді?
5. Холлериттің ақпаратты машина тәсілімен өңдеу тәсілдемесін сипаттаңыз.
6. Жүйке жұқару белгілерін сипаттаңыз. XIX ғасырдағы америкалық қоғамның қай сегменті осыдан зардап шекті?
7. Жүйке жұқаруына арналған дәрі-дәрмектер ерлер мен әйелдер үшін қалай бөлінді?
8. Неліктен Джеймс негізгі америкалық психолог болып есептелді? Оның зертхана жұмысына қатысы қандай?
9. Джеймстің сана туралы түсінігі Вундттың түсінігінен қалай ерекшеленді? Джеймстің пікірі бойынша сананың мақсаты қандай?
10. Сананы зерттеу үшін Джеймстің қандай әдістері лайықты деп табылды? Жаңа психология үшін прагматизмнің құндылығы қандай?
11. Джеймстің пікірі бойынша адамның жеке тұлғаны қабылдауының құрамдас бөліктері қандай? Оның пікірі бойынша жеке тұлғаны қабылдауда кімнің рөлі жоғары?
12. Өзгеріштік гипотезасы мен оның ерлердің артықшылығы туралы түсінікке әсерін сипаттаңыз. Вулли мен Холлингворт өткізген зерттеулер осындай түсініктерді жоққа шығаруға қалай көмектесті?
13. Дарвиннің эволюциялық теориясы Г. Стэнли Холлдың жұмысына қалай әсер етті? Холл жетілдірген даму рекапитуляциясы заңын сипаттаңыз.
14. Титченер мен Дьюн функциялық психологияның қалыптасуына қалай әсер етті? Неліктен функциялық психологияның біртұтас формасы болмады? Біртұтас құрылымдық психология қалай өмір сүрді?
15. Энджеллдің пікірі бойынша функциялық психологияның негізгі үш тақырыбы қандай?
16. Вудвортстың динамикалық психологиясын және оның өзіндік анализге қатысты көзқарасын сипаттаңыз. Вудвортс өзін функциялық психологияның жақтаушысымын деп есептеді ме? Неліктен есептеді немесе неліктен есептемеді?
17. Функциялық психологияның психологияға тигізген әсерін құрылымдық психологияның үлесімен салыстырыңыз.
18. Неліктен қолданбалы психология құрылымдық психологиямен емес, функциялық психологияға сәйкес дамыды?

Ұсынылған әдебиеттер

- Appignanesi, L. (2008). *Mad, bad and sad: Women and the mind doctors*. New York; Norton.
- Бүкіл тарих бойы әйелдердің шығармашылық өмірі мәдени және саяси нормалармен қалай шектелетіні және ауытқулар немесе ашық бағынбау көбінесе психикалық тұрақсыздық деп анықталатыны туралы әңгіме.
- Campbell-Kelley, M., & Aspray, W. (1996). *Computer: A history of the information machine*. New York: Basic Books. Холлериттің жұмысы мен 1890 жылғы халық санағына арналған перфокарта табуляторынан бастап компьютерді жетілдіруді бақылау.
- Furumoto, L. (1991). From “paired associates” to a psychology of self: The intellectual odyssey of Mary Whiton Calkins. In G. A. Kimble, M. Wertheimer, & C. White (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (pp. 57–72). Washington, DC: American Psychological Association. Калкинстің әйелдер колледжі оқу контекстінде эксперименттік психология саласындағы зерттеулерге тәсілдемесін сипаттау (Уэллсли, 1887–1930).
- Klein, A. (2002). *A forgotten voice: A biography of Leta Stetter Hollingworth*. Scottsdale, AZ: Great Potential Press. Сол кездегі әйелдерге берілген мүмкіндіктерді пайдалану үшін күресті, сондай-ақ оның әсіресе дарынды балаларға арналған психология мен білімге үлесін сипаттау.
- Lewis, R. W. B. (1991). *The Jameses: A family narrative*. New York: Farrar, Straus and Giroux. Уильямді (психолог), Генрихті (жазушы-романист) және Алисану (саяси радикал) қамтыған Джеймстің отбасы туралы әңгіме.

- Джеймстің басқа отбасылық өмірбаянымен танысу үшін P. Fisher, *House of Wits* (New York: Holt, 2008) қараңыз.
- Lutz, T. (1991). *American nervousness, 1903: An anecdotal history*. Ithaca, NY: Cornell University Press. XX ғасырдың басында АҚШ-тың кең таралған мәдени ауруы – жүйке жұқаруын талқылау және Уильям Джеймс пен басқаларға оның ықпалын пайымдау.
- Martin, J. (2002). *The education of John Dewey: A biography*. New York: Columbia University Press. Дьюидің жеке өмірі мен ілгері білім алу идеяларын жүзеге асыру туралы жиі оқылатын әңгімесі.
- McKinney, F. (1978). Functionalism at Chicago—memories of a graduate student: 1929–1931. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 14, 142–148. Чикаго университеті психология факультетінің оқытушылар құрамын, студенттерді, курстық жұмыс пен интеллектуалды климатты сипаттау.
- Richardson, R. D. (2006). *William James: In the maelstrom of American modernism*. Boston: University of Nebraska Press. Уильям Джеймстің жеке және интеллектуалды өмірбаяны.
- Simon, L. (1996). *William James remembered*. Lincoln: University of Nebraska Press. Джеймс қызметі кезінде отбасы мүшелерінің, достары мен интеллектуалды тұлғалардың Джеймс туралы естеліктерін біріктіру.
- Thorne, F. C. (1976). Reflections on the Golden Age of Columbia's psychology. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 12, 159–165. Колумбия университеті психология факультетінің оқытушылар құрамы мен ғылыми-зерттеудегі қызығушылықтарын сипаттау (1920–1940).
- Werth, B. (2009). *Banquet at Delmonicos: Great minds, the Gilded Age, and the triumph of evolution in America*. New York: Random House. Эволюциялық теорияның бизнеске, теологияға және үкіметке ықпал ете отырып, XIX ғасырдағы америка ғылымы мен қоғамына қарсы шығуына қатысты мәселелерді қарастыру.

Қолданбалы психология: функционалық психологияның жалғасы

Есірткі заттарын тәркілеу:
құтқару психологиясы

Практикалық психология-
ның дамуы

Америкалық психология-
ның дамуы

Психологияның қоғамдық
маңызы

Экономиканың қолданба-
лы психологияға ықпалы

Ақыл-ой қабілетін тексеру
Джеймс Маккин Кеттелл
(1860–1944)

Вундтпен бірге жүргізген
зерттеуі

Гальтонмен бірге жүргіз-
ген зерттеуі

Ақыл-ой қабілетін тексеру
Түсініктеме

Психологиялық тестілеуді
бастау

Бине, Терман және
ақыл-ой коэффициентіне
негізделген тест

Менталды жас

Бірінші дүниежүзілік
соғыс және ақыл-ой қа-
білетін топтық тексеру

Тұлғаның типін анықтауға
арналған топтық тестілер

Қоғамның сынақты
қабылдауы

Медицина және техника
саласындағы идеялар

Нәсілдік мәселелер

Тест сұрақтарындағы
мәдениетке қатысты қате
түсініктер

Өйелдердің тестілеу қозға-
лысына қосқан үлесі

Клиникалық психология
қозғалысы

Лайтнер Унтмер
(1867–1956)

Есірткі заттарын тәркілеу: құтқару психологиясы

1909 жылы 20 қазанға қараған түні есірткінің ірі партиясын тәркілеу операциясы барысында АҚШ барлау агенттері Теннесси штаты Чаттануга қаласының сыртындағы тас жолда жүк машинасын тоқтатты. Олар құрамында есірткі құралдары бар тауарды, яки 40 үлкен және 20 кішкентай бөшкені тәркілемек болды. Бұл бөшектердегі сусын Кока-Кола еді, оның құрамында есірткі тектес зат – кофеин болды.

Кофеин өлім-жітімге алып келетін, адам ағзасына қауіпті зат болумен қатар, ел үкіметі Кока-Коланың құрамындағы кофеиннің әсерінен бұл сусынды ішкен жастар «адамгершілікке жат» қылық істейді деп мәлімдеген еді (Pendergrast, 1993). Бір басылым былай деп жазды: «Сегіз бөтелке Кока-Коланың құрамында адамның өліміне себепкер болатын кофеин мөлшері бар» (Laskow, 2013, p. 4).

Компания айыбын мойындаса, үлкен қиындыққа душар болар еді. Сондықтан компания өз құқын қорғау үшін көп қаражат жұмсады. 1911 жылы бұл іс сотқа жетті. Сот отырысы болатын күн жақындап қалса да, алкогольсіз сусын құрамындағы кофеин мөлшерінің адамның мінез-құлқына кері әсер етпейтіні жөнінде компания адвокаттарының дәлелі болмады. Олар мұны зерттейтін психолог іздестіріп, ол біздің пікірімізді растайды деп үміттенді.

Әуелі олар АҚШ-тағы танымал психолог Джеймс Маккин Кеттеллге өтініш жасады. Бірақ ол да, басқа психологтер сияқты, бұған қызығушылық танытпады. Алайда бір адам бұл ұсынысқа көп ойланбастан келісе кетті. Оның аты-жөні Гарри Холлингворт еді.

«Мен бұл іске бар ынта-жігеріммен кірістім, – деді ол. – Маған ақша қажет болды. Осы ұсыныстың арқасында алған білімімді пайдаланып, ақша табуыма мүмкіндік туды. Бұл жерде тергеуге жұмсалатын шығындар ғана емес, кеткен уақытым мен жасаған қызметім үшін алдын ала еңбекақы төленді» («Benjamin, Rogers and Rosenbaum», 1991, p. 43).

Холлингворт Нью-Йорктегі Барнард колледжінде сабақ бергенде, оған ең төменгі жалақы төленді. Жұбайы Лета Стеттер оқытушылық қызметке орналаса алмады (отбасылық жағдайына байланысты) әрі өзінің новеллаларын сата алмады. Жоғары оқу орнына түскісі-ақ келді. Бірақ оқуға қаражат болмады. Кейін Лета Coca-Cola компаниясына қарсы қозғалған істі зерттеушінің көмекшісі болып тағайындалып, Холлингвортпен бірге жоғары оқу орнында білім алатындай табыс тапты.

Көп қаржы төленсе де, Гарри Холлингворт ғылыми-зерттеуі кезінде компаниядан этикалық нормаларды сақтауды талап етті. Ол «компания айтқанын істетті»

Лайтнер Уитмердің өмірбаяны
Балаларға арналған психологиялық клиника
Түсініктеме
Клиникалық психологияның дамуы
Психологиядағы индустриалды-ұйымдастыру қозғалысы
Уолтер Дилл Скотт (1869–1955)
Скоттың өмірбаяны
Жарнама және оның адамдарға ықпалы
Қызметкерлерді іріктеу
Түсініктеме
Дүниежүзілік соғыстардың әсері
Хоторидағы зерттеулер мен ұйымдастыру факторлары
Лиллиан Гилбрет
Хьюго Мюнстерберг (1863–1916)
Мюнстерберттің өмірбаяны
Америка сапары
Сот психологиясы және кәсіпкерлердің түсініктері
Психотерапия
Индустриалды психология
Түсініктеме
АҚШ-тағы қолданбалы психология: ұлттық манна
Түсініктеме
Материалды бекіту сұрақтары
Ұсынылған әдебиеттер

деген айыптаулардың бәрін теріске шығарды. Сонда да Соса-Солa компаниясы оның талабымен келіспеді. Бұл компанияның беделіне нұқсан келтірсе де, зерттеу нәтижесін жариялауға рұқсат етті. Өрі қаншалықты қолайлы болса да, бұл мағлұматтарды жарнама мақсатында пайдаланбауға келісті.

Манхэттендегі алты бөлмелі пәтерде жүргізілген 40 күндік зерттеу ісі ең мықты университеттердің зертханаларында өткізілген тәжірибелерден еш кем болмады. Кофеинді түрлі мөлшерде пайдаланған кездегі сенсорлық, моторлық және ақыл-ой дағдыларына сай шамамен 64000 өлшем алынды (Benjamin, 2009). Зерттеу барысында сусынның қандай да бір зиянды әсері немесе тиімділігінің азаюы байқалмады.

Соса-Солa компаниясы сот ісін жеңді, алайда кейін АҚШ Жоғарғы соты бұл шешімнің күшін жойды. Холлингворт пен психология ғылымы үшін бұл зерттеудің маңызы үлкен болды. Алпауыт корпорация нәтижесі қандай болса да тәжірибелік зерттеуді қаржыландырды. Психологтердің кәсіби шеберлігіне деген күмән болмады, олар қолданбалы психологияда жемісті де табысты қызмет атқара білді.

Практикалық психологияның дамуы

XIX ғасырдың соңында АҚШ-та эволюциялық доктрина мен функциялық психология тез қолданысқа енді. Америкалық психологияда Вундтқа қарағанда Дарвиннің, Гальтонның және Спенсердің идеяларының үстем екенін байқаймыз. Бұлар қызықты әрі парадоксқа толы тарихи феномен болып саналды. Ал Вундт америкалық психологтердің алғашқы буынына өз ілімін үйретті. Бірақ шәкірттері оның ілімін қоғамға толық жеткізбеді. Вундттың америкалық студенттері оны ұстаз тұтса да, көпшілігі Вундтты «өте қатал адам, ал оның идеялары консервативті және түк те қызық емес» деп есептеді (Rose, 2011, p. 360).

Вундттан білім алған студенттер – жас психологтер АҚШ-қа оралғанда ұстаздары үйреткен ілімге онша ұқсамайтын психология ғылымын дамытуға кірісті. Сөйтіп, бұл ғылым жаңа ортаға бейімделіп, бірте-бірте өзгерді.

Вундт ілімі мен Титченердің құрылымдық психологиясы уақыттың ықпалымен Американың интеллектуалды қоғамында бастапқы күйінде ұзақ сақтала алмады. Сол себепті олардың ілімі функциялық психологияға айналды. Вундт пен Титченер практикалық психологияға күмәнмен қарады. Олар адамның қарапайым интеллектімен айналыспады және күнделікті жағдайларды талқыламады. Америкалықтар тиімділікті бағалайды. Қолданылатын әдістемелерді құп көреді. Г.Стэнли Холл былай деп жазды: «Бізге қолдануға болатын психология қажет. Вундттың философиялық қағидалары ешқашан жүзеге аспайды, себебі бұл америкалық рухпен және мінезбен үйлеспейді» (Hall, 1912, p. 414).

Америкалық психологтердің келесі буыны психологияға немістің агрессиялы тәсілін енгізді. Олар интеллектінің нені білдіретінін емес, оның не істейтінін зерттей бастады. Джеймс, Энджелл және Дьюи сияқты кейбір америкалық психологтер оқу зертханаларында функциялық психологияны жетілдірсе, басқалары бұл ілімді университеттен тыс жерлерде дамытты. Функциялық психология ғылымның жеке саласы ретінде бөлініп шыққанда, практикалық психология қалыптаса бастады.

Қолданбалы психология мамандары мектеп, зауыт, жарнама агенттіктері, сот, жүйкесі бұзылған балалар үйі мен психикалық сауықтыру орталықтары сияқты қоғамдық орындарда жұмыс істеді. Олар функциялық психологияның негізін қалаушыларға қарағанда, америкалық психология ғылымының табиғатын түбегейлі өзгертті. Бұл ғалымдар туралы көп жазылды. Мәселен, 1900 жылы психология ілімі бойынша америкалық журналдарда жарияланған зерттеу мақалаларының 25%-ы қолданбалы психологияға, ал 3%-ы интроспекцияға қатысты болды (O'Donnell, 1985).

Сөйтіп, «жаңа» психология ілімін таратқан Вундт пен Титченерді басқа психологтер басып озды. Құрылымдық психологияның маманы Титченер америкалық психологиядағы радикал өзгерісті мойындады. Ол 1910 жылы: «Егер сол кезде психология ғылымындағы соңғы 10 жылдағы өзгерісті бір сөйлеммен айт десе. «психология практикалық қолданыс тауып отыр» деп жауап берер едім». – деп жазды (Evans, 1992, p. 74).

Америкалық психологияның дамуы

АҚШ-та психология қарқынды дамып, өркендеді. 1880–1900 жылдар аралығында америкалық психологияның дамуы ғылым тарихында ерекше құбылыс болып есептелді:

- 1880 жылы АҚШ-та психологиялық зертханалар болмады; 1900 жылға қарай олардың саны 41-ге жетті және олар Германиядағы зертханаларға қарағанда жақсы жабдықталды.
- 1880 жылы америкалық психологиялық журналдар болмады; 1895 жылы олардың саны үшеу болды.
- 1880 жылы америкалықтардың психологияны оқыт-үйренуіне жол ашқан жалғыз орын – Германия болды; 1900 жылға қарай АҚШ университеттерінде психология мамандығы бойынша шамамен 40 докторлық бағдарлама болды.
- 1910 жылы жарияланған психологиялық мақалалардың 50 %-ы неміс тілінде, 30 %-ы ағылшын тілінде жазылды. 1933 жылға қарай жарияланған 522 мақала ағылшын тілінде, небәрі 14 % неміс тілінде болды (Wertheimer&King, 1994). ХХ ғасырдың соңында ағылшын тілі халықаралық кездесулерде және басылымдарда негізгі қолданыс тіліне айналды. Америка Психологтер қауымдастығының «Психологиялық қорытынды» журналында мақалалар ағылшын тілінен басқа тілдерде жарияланбады (Draguns, 2001).
- 1913 жылы жарық көрген «Ғылым майталмандары» атты британдық басылым АҚШ-тың психология саласында басым болғанын, Германия, Англия және Францияны қоса алғанда әлемдегі маңдайалды психологтердің басым бөлігі (84) АҚШ-та екенін мәлімдеді (Benjamin, 2001; Joncich, 1968; Wertheimer&King, 1994).

Жиырма жылға жетер-жетпес уақыт ішінде психология ғылымы Еуропада тарала бастады. Америкалық психологтер бұл саланың даусыз көшбасшысына айналды. Джеймс Маккин Кеттелл Америка Психологтер қауымдастығы аясындағы 1895 жылғы президенттік жолдауында былай деп мәлімдеді:

«Соңғы бес жыл ішінде Америкада психологияның академиялық дамуы таңғаларлық дүние. Психология арнайы орта білім беретін оқу орындарының оқу бағдарламасында міндетті пән болып есептеледі. Ал университет пәндері арасында психология оған ден қойған студенттер саны мен орындалған жұмыстар көлемі жағынан өзге де жетекші ғылымдармен бәсекелесе алады» (1896, p. 134).

Психологияның қоғамдық маңызы

Психология оқу бөлмелері мен тәжірибелік зертханаларда ғана емес, шынайы әлемде де ілгері жылжыды.

«Жалпы қоғам осынау жаңадан қанат қаққан пәнге лезде зор қызығушылық танытты. Студенттер психология пәні бойынша бакалавр және магистр дәрежесін алуға ағыла бастады. Танымал журналдар негізгі мақалаларын

осы саладағы жаңалықтарға арнады және білім, өнеркәсіп және медицина саласында практикалық қолданыс табады деп күтті» (Fuller, 2006, p. 221).

Психология ғылымы 1893 жылы Чикагода өткен Дүниежүзілік жәрмеңкеде Америка қоғамына алғашқы қадам жасады. Психологтер Англиядағы Гальтонның антропометриялық зертханасына ұқсас бағдарлама аясында зерттеу аппараты мен сынақ зертханасы көрмелерін ұйымдастырды. Келушілер аз ғана ақшаға өздерінің сенсорлық, іс-қимыл және ақыл-ой қабілетін өлшей алды. Адамдардың қуанышында шек болмады.

«Газет-журналдар ең ірі құрал-жабдықтармен қамтылған психологиялық зертхананың көпшілік тарапынан қолдауға ие болғанын жариялады. Бұл көрме білім беру саласына зор үлес қосты. Психологтерге алғаш рет халықаралық жәрмеңкеде ресми көрме жасау мүмкіндігінің берілуі нәтижесінде қоғам аталған пәнді мойындады» (Shore, 2001, p. 72–83).

1904 жылы Миссури штатының Сент-Луис қаласында, Луизиананы сатып алу күніне орай, бұдан да ауқымды көрме ұйымдастырылды. Осынау айтулы күні өз заманының мандайалды бірқатар психологі сөз сөйледі. Олар – Е.Б. Титченер, К. Ллойд Морган, Пьер Жанет, Г. Стэнли Холл және Джон Б. Уотсон (Benjamin, 2004). Вундттың кезінде психология саласы мұндай қолдауға ие болмайтын еді. Германияда да мұндай елеулі оқиға болған жоқ. Психологияны көпшілікке таныту процесі америкалық темпераментті байқатты. Ол Вундттың психология формасын функциялық психологияға түрлендіріп, эксперименттік зертхана шегінен шығуға мүмкіндік берді.

Осылайша, Америка психологияны құшақ жая қабылдады. Бүгінде бұл саланың ауқымы оның негізін қалаған тұлғалардың ойлағанынан әлдеқайда кеңейді. Бір психолог «психологиялық зерттеу саласында америкалықтар басым болып тұр» деп атап өтті. Олар басқа елдердің психологтерімен салыстырғанда ғылыми-зерттеуді көбірек жүргізеді. Алайда АҚШ-тың психология саласындағы мамандарының үлесі дүниежүзі бойынша 5 пайыздан төмен (Arnett, 2008, p. 602).

Экономиканың қолданбалы психологияға ықпалы

Қолданбалы психологияның пайда болуына сол дәуірдің америкалық интеллектуалды рухы себепші болғанымен, оның дамуына өзге де, анағұрлым практикалық, контекстік күштер ықпал етті. 1-тарауда экономикалық факторлардың америкалық психологиядағы екпіндерді ауыстырудағы рөлі – ғылыми-зерттеуден қолданысқа өтуі жайлы баяндадық. XIX ғасырдың соңына қарай психологиялық зертханалар саны көбейе бастады. Ал психология саласындағы докторлық дәрежесі бар америкалық мамандар саны одан сайын арта түсті. Жеке табыс көзі жоқ көптеген ғылым докторы күнкөріс үшін қаражат іздеп, университеттегі болашағы бар қызметтен бас тартуға мәжбүр болды. Соның бір мысалы – Гарри Холлингворт және оның Coca-Cola компаниясындағы жұмысы.

Холлингворт бірнеше компания үшін қолданбалы зерттеу жүргізді. Мысалы, қару-жарақ өндірушісінің жарнамасын орналастыру үшін ең қолайлы аумақты анықтап, Wrigley сағызының артықшылығын түсіндірді. Оның зерттеуіне қарағанда, адам мұндай сағызды шайнаған кезде ауыздағы бұлшық еттер қимылдап, қозғалыста болады (Hollingworth, 1939; Kellman, 2013).

Күнделікті өмірдегі мәселелерді шешу мақсатында осындай зерттеулермен айналысқан жалғыз Холлингворт емес. Қолданбалы психология саласындағы басқа да зерттеушілер мен ғылыми жаңалық ашушылар да экономикалық қажеттілікке қарай әрекет етті. Бұл ғалымдардың өздерінің практикалық жұмыстарына деген құлшынысы болмады дегенді білдірмейді. Керісінше, олар өз мамандықтарын жақсы көрді және адамның мінез-құлқын күнделікті өмірде және зертханаларда тиімді зерттеуге болатынын түсінді. Кейбір психологтер қолдан-

балы психологиямен түпкілікті айналысқысы келіп, осы салада жұмыс істеуге шешім қабылдады. АҚШ-тағы қолданбалы психология саласының алғашқы буыны кедейшілікте өмір сүрмеу үшін ғылыми-тәжірибелік зерттеуден бас тартуға мәжбүр болды.

АҚШ-тың батыс штаттарындағы қаржыландыру деңгейі төмен университеттерде сабақ беретін психологтердің жағдайы тым мүшкіл болатын. 1910 жылға қарай америкалық психологтердің үштен бірі осындай оқу орындарында қызмет етті. Олардың қатары көбейген сайын психологияның жаңа саласында қаржы шешуші рөл атқаратынын штаттардағы заңнамалық органдар мен жоғары оқу орындарының әкімшілігіне дәлелдеу керек болды. Соның салдарынан оларға қысым жасалды.

К.А. Рукмик 1912 жылы АҚШ-тағы психологтердің қызметін зерттеген кезде, колледждер мен университеттердегі әкімшілік лауазымды тұлғалар мен студенттер арасында психология ғылымының танымал болуына қарамастан, бұл салаға деген немқұрайдылықты көрді. Психология бағдарламасы жеткілікті деңгейде қаржыландырылмады, зертханалар да толық жабдықталмады, олардың болашағы бұлыңғыр болды. Бұл ғылыми қоғамның дертін емдеу үшін психология кафедрасы, факультеті және бөлімшелерін қаржыландырып, оқытушылардың жалақысын көбейту керек болды.

Г. Стэнли Холл елдің батысындағы бір университеттің профессорына психологияның ықпалын «университеттен тыс жерлерде де танытып, қандай да бір қоғам қайраткері не партия өкілі психология ілімін сынға ала алмайтындай» етуге кеңес берді. Кеттелл әріптестерін «психологияны іс жүзінде қолданысқа енгізуге және қолданбалы психология ғылымын жетілдіруге» шақырды (O'Donnell, 1985, pp. 215–221).

Шешім мынадай болды: психологияның іс жүзінде жұмыс істеу қағидалары мен әдістеріне қоғамдық маңыз беру керек. Ол үшін оны қай жерде қолдану керек? Ақырында оның да жауабы табылды. Мемлекеттік мектептерде тегін оқитын оқушылар саны күрт көбейді. 1870–1915 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 7 миллионнан 20 миллионға дейін өсті. Бұл кезде үкімет тарапынан мемлекеттік білім беруге бөлінетін қаражат 10 есеге артты, яки 63 миллион доллардан 605 миллион долларға өсті (Siegel & White, 1982). Білім беру саласындағы бұл өзгеріс психологтердің назарын аударды.

Холл «білім беру саласына психологияны енгізу (психология үшін) таптырмас көмекші болады» деген (1894, quoted in Leary, 1987, p. 323). Қолданбалы психологияны қолдамайтын Уильям Джеймстің (1899) өзі аудиторияда психологияны оқыту туралы «Оқытушымен сұхбат» (*Talks to Teachers*) кітабын жазды. 1910 жылға қарай америкалық психологтердің үштен бірі орта білім жүйесіне психология ілімін енгізуге қызығушылық білдірді. Қолданбалы психология мамандарының төрттен үші осы салада жұмыс істеді. Сөйтіп, психология күнделікті өмірдегі орнын таба білді.

Осы тарауда біз қолданбалы психология мамандарының өнеркәсіп, қылмыстық жазалау жүйесі, психиатриялық клиникалар сияқты қоғамдық орындар мен психологиялық тестілеуге тигізген ықпалы мен қызметін талқылаймыз. Бұл мамандар психолог-теоретик болу үшін Лейпцигте Вундттан білім алды. Алайда олар америкалық университеттерде қызмет ете бастаған кезде Вундттың ілімін жалғастырмай, басқа бағытқа мойын бұрды. Олардың психологиясы Вундтқа қарағанда, Дарвин мен Гальтонның ықпалына көбірек ұшырады, сөйтіп, Вундттың ілімі Америка жерінде басқаша өзгерді.

Ақыл-ой қабілетін тексеру

Америкалық психологияның функциялық қызметі Джеймс Маккин Кеттеллдің өмірі мен қызметінен жақсы көрінеді. Ол ақыл-ой қабілетін зерттеу үшін прак-

тикалық және тестілеу тәсілдерін қолданды. Кеттеллдің психологиясы адамның сана-сезімінен гөрі қабілетін көбірек зерттеп, осы тұрғыдан алғанда, ол функциялық психологияның маманына айналды.



<https://en.wikipedia.org>

ДЖЕЙМС МАККИН
КЕТТЕЛЛ

Джеймс Маккин Кеттелл (1860–1944)

Кеттелл 1880 жылы Пенсильвания штатындағы әкесі басшылық еткен Лафайетт колледжінде бакалавр дәрежесін алды. Білімін одан ары жалғастыру үшін Еуропаға кетіп, ең алдымен Геттинген университетіне түсіп, содан кейін Лейпцигтегі Вильгельм Вундтқа барды.

Философиядан қорғаған диссертациясының нәтижесінде 1882 жылы Джонс Хопкинс университетіне оқуға түсті. Құрамында есірткі бар заттарды қабылдап көріп, соның әсерінен оның психологияға деген қызығушылығы арта түскен сынайлы. Ол марихуана, морфин, апиын, кофени, темекі, шоколад сияқты түрлі заттарды байқап көріп, тәжірибе жасады. «Бұл тек кәсіби қызығушылықтан», – деп түсіндірді оны. Марихуана сияқты кейбір есірткілер оның көңіл күйін көтеріп, күйзелістен арылтты. Ол журналға өзінің когнитивті қызмет етуіне осы есірткі заттардың әсер еткенін жазып отырды.

«Мен ғылым мен философияда тың жаңалықтар аштым деп ойладым. Бірақ ойымдағыны таң атқанша есте сақтай алмайтынымнан қорықтым». Кейінірек ол былай деп жазды: «Оқу қызықсыз болып барады. Сонда да болса мән бермей, оқуымды жалғастыра бердім. Зерттеу жазуым үшін көп уақыт қажет болды. Өлденеден абырап, сасқалақтаған күй кештім» (Sokal, 1987, p. 25).

Соған қарамастан, психологиялық тұрғыдан алғанда, Кеттелл түрлі есірткі заттарының маңызын мойындамай қойған жоқ. Ол өзінің мінез-құлқы мен психикалық күйін бар зейінін салып бақылады. «Мен өзімді екі бөлек адамдай сезіндім. Оның біреуі екіншісіне тәжірибе жасап, бақылаумен болды» (Sokal, 1987, p. 25).

Кеттелл Хопкинс университетінде оқып жүргенде, екінші семестрде Г. Стэнли Холл психологиядан дәріс бере бастады. Ол Холлдың зертханада өткізетін сабағына жазылды. Ал ақыл-ой қабілетін зерттеген кезде реакция уақытына тәжірибе жасауды ойлады. Бұл оның психолог болуға деген ынтасын күшейтті.

Вундтпен бірге жүргізген зерттеуі

Кеттеллдің 1883 жылы Германияға, Вундттың жанына оралуы психология тарихында түрлі аңыздардың басты тақырыбына айналып, тарихи деректердің қалай бұрмаланатынын тағы бір дәлелдеді. Кеттелл Лейпциг университетіне келіп, Вундтқа былай депті-міс: «Профессор мырза, сізге көмекші қажет. Ол көмекші мен боламын» (1928, p. 545).

Кеттелл Вундтқа ғылыми жұмысының тақырыбы – тұлғалық айырмашылықтар психологиясы туралы айтты. Ал Вундт бұл тақырыпқа үстірт қарады. Сыбыстарға сенсек, Вундт Кеттеллді және оның жобасын *ganz Amerikanisch* (қарапайым америкалық) деп сипаттады. Оның бұл айтқаны тура келді. Тұлғалық айырмашылықтарға деген қызығушылық, яғни эволюциялық теорияның табиғи нәтижесі сол кезден бастап неміс психологиясының емес, америкалық психологияның айрықша белгісіне айналды.

Сонымен қатар Кеттелл Вундтқа жазу машинасын сыйлады. Вундт оның көмегімен көптеген кітап жазды. Осы сыйлығы үшін Кеттеллдің әріптестері: «Ол пайдасынан зияны артық іс жасады. Себебі Вундт оның арқасында екі есе көп кітап жазды», – деп мысқылдады (1928, p. 545).

Кеттеллдің хаттар мен журналдар мұрағатын мұқият зерттей келе, бұл әңгімелердің ойдан шығарылғаны белгілі болды (Sokal, 1981). Кеттеллдің бірнеше жылдан кейін жазған баяндамалары осы уақытта болған оқиғалар тұсында жазылған

хаттары мен газет мақалаларына сәйкес емес. Мәселен, Кеттелл Вундтка жазу машинасын қолдануды үйретті. Бірақ сыйға тартқан жоқ.

Кеттелл Вундтың шәкірті ретінде өз күшіне сенімді болды. Бұған әке-шешесіне жазған мақтанға толы хаттары дәлел. «Мені өзімшіл екен деп ойлап қалмаңыздар. Бірақ мен Вундтан да (уақыт реакциясы туралы) білімдімін. Менің еңбегім Вунд пен оның шәкірттерінің еңбегінен анағұрлым бағалы. Профессор Вунд менімен жақсы қарым-қатынаста және менің талантымды жоғары бағалайды» (Benjamin, 2006a. pp. 64–65).

Гальтонмен бірге жүргізген зерттеуі

Кеттелл 1886 жылы доктор дәрежесін алған соң, Брин-Маур колледжінде және Пенсильвания университетінде психологиядан дәріс оқу үшін АҚШ-қа оралды. Кейін Англиядағы Кембридж университетіне барып дәріс оқыды. Сонда Фрэнсис Гальтонмен танысты. Олардың тұлғалық айырмашылықтарға қатысты көзқарастары мен ойлары бір жерден шықты. Ал зор танымалдыққа ие Гальтон оған адамдар арасындағы психологиялық айырмашылықтарды бағалау идеясын ұсынды (Sokal, 1987, p. 27).

Кеттелл Гальтонның қызығушылықтарының ауқымдылығына және оның өлшем мен статистикаға ерекше мән беруіне таңғалды. Гальтонның пікірі бойынша, Кеттелл «математикадан сауатсыз», қосу және алумен қарапайым қателер жібергенмен, сандық анықтауға, топтарға жіктеуге, сондай-ақ бағалау коэффициенттеріне (рейтингілерге) ерекше мән берген (Sokal, 1987, p. 37). Кеттелл (осы тарауда кейінірек сипатталатын) құндылығы бойынша көркемдеу әдісін жетілдірді және тәжірибелік зерттеу нәтижелерінің статистикалық анализінен сабақ берді.

Вундт статистикалық әдістемені қолдамады. Сол себепті Гальтонның Кеттелл дүниетанымына әсер етуі нәтижесінде статистикаға назар аударылып, америкалық жаңа психологияның сипаттамасына айналды. Сонымен қатар америкалық психологтердің не себепті жеке тұлғаларды емес, статистикалық бағалауға мүмкіндік беретін үлкен топтарды зерттеуге аса мән бергенін түсіндіреді.

Гальтон, Эббингауз, Холл және америкалық психолог Торндайк XIX ғасырдың соңғы онжылдығында мағлұматтардың графикалық бейнесін жиі қолданды. 1900 жылы корреляция коэффициентін есептеу формуласын ұсынған ағылшын статисі Карл Пирсон «хи-квадрат» өлшемін жетілдірді. Англиядағы әріптестеріне қарағанда америкалық психологтер қос әдісті кеңінен қолданды. 1907 жылы Стэнфорд университетінің психологі Джон Эдгар Гувер эксперименттік және бақылау топтарын қолдаушылардың біріне айналды (Dehue, 2000; Smith, Best, Sylke&Stubbs, 2000).

Кеттелл статистикадан басқа, Гальтонның евгеника саласындағы еңбегіне қызығушылық білдірді (6-тарауды қараңыз). Ол қылмыскерлер мен ақыл-есі кем немесе психикалық ауытқуы бар адамдарды стерилизациялауды және дені сау, ақыл-есі түзу адамдар бір-бірімен неке құрған жағдайда оларды ынталандыруды ұсынды. Ол өзінің жеті баласына, егер олар колледж оқытушыларының ұлқыздарына үйленсе, әрқайсысына 1000 доллар беретінін айтты (Sokal, 1971).

Кеттелл 1888 жылы әкесінің көмегімен Пенсильвания университетінің психология профессоры атанды. Кеттеллдің әкесі университетте философия кафедрасы ашылатынын біліп, ұлына осы қызметті алып беру үшін өзінің досы – университет ректорына өтініш білдірді. Ол Кеттеллге кәсіби беделін көтеру үшін көбірек мақала жариялауға кеңес берді. Сөйтіп, ол Вундтан жеке ұсыныс хат алу үшін Лейпцигке барып қайтты. Әкесі ректорға өзінің аukatты екенін, Кеттелл үшін жалақының жоғары болуы маңызды емес екенін айтты. Осылайша, Кеттелл мардымсыз жалақымен жұмысқа алынды (O'Donnell, 1985).

Кейіннен Кеттелл өзін дүниежүзі бойынша психология пәнінен сабақ беретін ең алғашқы оқытушы ретінде таныстырды. Шындығында, ол философия пәнінің

оқытушысы болатын. Ол Пенсильвания университетінде небәрі үш жыл қызмет атқарды. Сонан соң Колумбия университетінің психология факультетін басқарып, бақандай 26 жыл еңбек етті. Ол Колумбия университетінде қызмет еткенде, АҚШ-тың жоғары оқу орындарымен салыстырғанда, психология ғылымының докторлары осында көбірек болды.

Сонымен қатар Кеттелл бірқатар журнал шығарды. Ол Холлдың «Америкалық психология журналына» (*American Journal of Psychology*) көңілі толмай, 1894 жылы Марк Болдуинмен бірігіп «Психологиялық шолу» (*Psychological Review*) журналын шығара бастады. Александр Грэмнің қаражат тапшылығынан жабылғалы жатқан «Ғылым» (*Science*) атты апталық журналын сатып алды. Аталған басылым бес жылдан кейін Американың Ғылымға қолдау көрсету қауымдастығының ресми журналына айналды. 1906 жылы Кеттелл «Американың ғылым қайраткерлері» (*American Men of Science*) және «Білім көшбасшылары» (*Leaders in Education*) аталатын анықтамалықтар жинағын шығара бастады. 1900 жылы «Әйгілі ғылым» (*Popular Science Monthly*) журналын сатып алды. 1915 жылы журналдың атауын сатып, «Ғылыми күнтізбе» (*Scientific Monthly*) деген атаумен жалғастырды. 1915 жылы «Мектеп және қоғам» (*School and Society*) деген тағы бір апталық журнал шықты. Кеттелл осы басылымдарды жарыққа шығарумен және сатып алумен айналыса, жұбайы Жозефина аталған журналдардың бейресми «бас редакторы» қызметін атқарды (Sokal, 2009, p. 99).

Кеттелл – профессор университет жұмысынан өзін алшақ ұстауы тиіс деп санады. Сөйтіп, кампустан 64 шақырым жерде орналасқан Гудзон өзенінің бойындағы Уэст-Пойнт (Нью-Йорк штаты) ауданының Гаррисон деген бөлігіне қоныстанды. Университетке деген теріс көзқарасын білдіріп, өз үйін «бағынбайтын бекініс» деп атады (Sokal, 2009, p. 99). Ол өзіне лайық атау болды. Кеттеллдің үйінде зертхана мен редакторлық жұмыс бөлмесі болды. Ол университетке аптасына екі-үш рет қана барды.

Кеттеллдің оқшаулануы университет әкімшілігімен қарым-қатынасын ушықтырып жіберді. Ол «университетті басқаруға қатысты көптеген шешімдерді әкімшілік өкілдері емес, оқытушы-профессорлар құрамы қабылдауы тиіс» деген негіздеме келтіріп, осы құрамның университет өміріне қатысу мүмкіндігін кеңейтуді талап етті. Осы мақсатта америкалық университеттердің профессорлар қауымдастығының негізін қалауға көмектесті. Ол қазір де жұмыс істеп жатыр. Кеттелл Колумбия университеті әкімшілігімен іскерлік қарым-қатынас орнатқан кезде аса сыпайылық танытқан емес. Сол себепті ол «жігіттік қасиеті жоқ, бірбеткей, жағымсыз әрі мінезі дөрекі» деген мінездеме алды» (Gruber, 1972, p. 300). Кеттеллдің биографы былай деп жазды: «Ол өзіміздікке жиі бой алдырды. Басқалардан өзінің пікірін құптауын күтті. Өзіне назар аудармаған топтармен санаспады» (Sokal, 2009, p. 90). Сонымен қатар «мінезі ауыр, қырсық әрі қыршаңқы» деп сипатталды.

Университеттің сенімді өкілдері 1910–1917 жылдар аралығында орын алған үш бірдей оқиғаны ескеріп, Кеттеллді қызметінен босатты. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеттелл әскерге шақырылғандардың әскери жаттығуларға қатысуына қарсылық танытып, америкалық конгрессмендерге екі бірдей хат жолдады. Кеңес басшылығы осыны пайдаланып, оған қарсы шешуші соққы берді. Бұл позиция көпшілік арасында кең таралмаған еді. Алайда Кеттелл ұстанған пікірінен қайтпады. 1917 жылы ол АҚШ мемлекетіне адал емес деген айыппен қызметтен босатылды.

Тарихи тың деректер бойынша, ФББ агенттері оның үйіне баса-көктеп кірген көрінеді. «Ол бұған қатты ашуланып, университеттің сенімді өкілдеріне деген ашуы үдей түсті» (Sokal, 2011, p. 103). Ол жала жапқаны үшін университет басшылығының үстінен шағымданып, сотта 4000 доллар өндіріп алды. Бірақ бұрынғы қызметіне қайта орналаса алмады. Кеттелл әріптестерінен алшақтап, университет әкімшілігі туралы сатиралық памфлеттер жазды. Кеттеллдің жаулары

көбейе түсті. Ол академиялық жұмысқа енді қайтып оралмады. Академиялық жұмыстың орнына Американың Ғылымға қолдау көрсету қауымдастығымен және басқа да ғылыми қоғамдармен бірлесе жұмыс істеп, мақала жазумен айналысты.

Ақыл-ой қабілетін тексеру

Ақыл-ой қабілетін тексеру: қимыл дағдылары мен сезім қабілетін тексеру; интеллект тестілері ақыл-ой қабілетінің анағұрлым күрделі критерийлері арқылы жүзеге асады.

1890 жылы жарияланған мақалада Кеттелл «ақыл-ой қабілетін тексеру тесті» терминін енгізді. Ол: «Психология тәжірибе мен белгілі бір негізге сүйенбесе, жаратылыстану ғылымдарындағы айқындық пен нақтылыққа жете алмайды. Көптеген жеке тұлғалардың ақыл-ой қабілеті мен әлеуетін тексеру арқылы осыған қол жеткізуге болады», – деп жазды (Cattell, 1890, p. 373). Кеттелл студенттерді бірнеше рет тексерді.

Кеттеллдің тесті адамның ақыл-ой қызметі мен когнитивті (танымдық) қабілетін күрделі тапсырмалар беру арқылы тексеретін психологтердің әдістерінен ерекшеленді. Гальтонның тәсілі сияқты, Кеттеллдің тесті бастапқыда элементарлы сенсомоторлы өлшемдерді, оның ішінде динамометриялық қысымды, қозғалыс жылдамдығын (50 см қашықтықта қолдың жылдам қимылдауы), терінің екі қабатын ауырту үшін маңдайға тиген күшті, салмақты өлшеген кездегі аз-маз айырмашылықтарды, дыбысқа көрсетілген реакция уақытын, сондай-ақ түстерді ажырату уақытын қарастырды.

Кеттелл 1901 жылы студенттердің академиялық үлгерімін анықтаған тест нәтижесін алып, жеткілікті мағлұматтар жинастырды. Жекелеген тексерістер арасындағы өзара корреляция сияқты, олардың қорытындысы өте төмен болды. Кеттелл Титченер зертханасында осындай нәтижелер алғандықтан, жастар колледжде тапсырарда немесе олардың интеллектісін тексерерде мұндай тестілер тиімсіз деп тұжырымдады.

Түсініктеме

Кеттеллдің Америкадағы психология ғылымына ықпалы өте-мөте зор болды. Ол бар күш-жігерін психология ғылымын дамытуға арнады. Психологияның «білгірі» атанып, дәрістер оқыды, журналдар шығарып, жұртшылыққа өз ілімін таратты.


Гальтонның еңбектеріне сүйене отырып, Кеттелл рухани құндылықтар мен адамның ақыл-ой қабілетінің сипатын зерттеді. Бірнеше ғалымның зерттеу жұмыстарының нәтижесін саралау арқылы қорытынды шығарды. Әр ғылым саласындағы білікті мамандардың жұмыстарын талқылап, баға берді. Олардың ішінде америкалық ғалымдар да бар. «Америка ғалымдары» (*American Men of Science*) атты кітабы осындай ізденістің нәтижесінде жарық көрді. Кітаптың атауына қарамастан, оған Америка ғылымындағы қайраткер әйелдер туралы да материалдар енді. 1910 жылы шыққан кітабында жалпы психологтердің 10 пайызы болатын 19 ғалым-әйел туралы мәліметтер келтірді (O'Donnell, 1985).

Өзінің ақыл-ой әлеуетін анықтап, жекелеген адамдардың қарым-қабілетін тексерген, сондай-ақ қолданбалы психологияны дамытқан Кеттелл Америкадағы функциялық психологияны түрлендіре түсті. Кеттелл қайтыс болғаннан кейін, тарихшы Е.Г. Боринг ғалымның балаларына былай деп хат жазды: «Меніңше, Америкадағы психология ғылымының тамырын неміс психологиясынан ажыратуға, Уильям Джеймске қарағанда, сіздердің әкелеріңіз көп үлес қосты» (Bjork, 1983, p. 105).

Психологиялық тестілеуді бастау

Бине, Терман және ақыл-ой коэффициентіне негізделген тест

Кеттелл «ақыл-ой қабілетін тексеру тестін» енгізгенмен, француз психологі Альфред Бине (1857–1911) ақыл-ой қабілетін тексерудің нақты әдісін алғаш ойлап



Archives of the History of American Psychology, University of Akron

Алғаш рет Альфред Бине ойлап тапқан ақыл-ой қабілетін тексеретін тест кейін жаппай қолданысқа енген Стэнфорд-Бине интеллект шкаласына айналды

тапты. «Бине психология ғылымына кездейсоқ келді және ... жалпы ақыл-ой әлеуетін анықтайтын ғылыми әдісті іске асырғанша бірнеше рет сәтсіздікке ұшырады» (Murdoch, 2007, p. 29). Бине құқық пен медицина саласындағы мамандарды да зерттеді, осы екі саладағы қызметкерлерге зерттеу жүргізді.

22 жасында жүйке ауруынан айыққан Бине психология ғылымында өзіндік сүрлеуін салды. Ол 200-ден астам кітап пен мақала жариялады. 1895–1911 жылдары Париждегі Сорбон зертханасының директоры болды (Nicolas&Sanitioso, 2012). Бос уақытында Париж театрында қойылған төрт пьеса жазды.

Кеттелл таңдаған өлшемдерден анағұрлым күрделі өлшемдерді пайдаланған Бине адамның когнитивті (танымдық) қабілеттерін тиімді өлшеп, ақыл-ой қабілетін тексере бастады. Ол Гальтон мен Кеттеллдің тәсілдemesімен келіспеді. Олар интеллект деңгейін өлшеу үшін сенсомоторлы процестерді қолданды. Оның болжамы бойынша, жад, зейін, елестету, түсіну сияқты когнитивті функцияларды бағалау интеллект деңгейін жеткілікті өлшейді.

Ол екі кішкентай қызды субъект ретінде алып, өз үйінде зерттеу жүргізді. Зерттеуді негізге алып, осындай тұжырымға келді. Бастапқы кезеңде Гальтон мен Кеттелл қолданған сенсомоторлы сынақ түрлерін жасады. Алайда ол балаларының ересектер сияқты, жылдам әрекет еткенін анықтады. Сол кезде ол когнитивті қабілеттерді тексеру әдісіне жүгінді. Бұл тапсырманы орындау үшін қыздар мен ересектер арасындағы ерекше айырмашылықты тапты.

1904 жылы Бине практикалық қажеттіліктің нәтижесінде осы көзқарасты растау мүмкіндігіне ие болды. Францияның Білім беру министрлігі оқу үлгерімі төмен балалардың қабілетін зерттеу үшін комиссия құрды. Бұл комиссияға Бине мен Теодор Симон (психиатр) тағайындалды. Олар әр түрлі жастағы балалардың интеллект деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар ойлап тапты. Олар бұл тапсырмаларды саралап, күрделілік деңгейі тәртібімен үлестірілген отыз есептен



<https://en.wikipedia.org>

ЛЬЮИС ТЕРМАН

Менталды жас: белгілі бір тапсырмалар орындай алатын орташа қабілеттері бар балалардың жасы.

Ақыл-ойдың даму коэффициенті: менталды жастың нақты (хронологиялық) жасқа бөлініп, 100-ге көбейту формуласы бойынша анықталатын адамның интеллект деңгейін білдіретін сан.

тұратын, ақыл-ой қабілетін тексеру сынағын жетілдірді. Осы сынақ кезінде үш когнитивті функция: бағалау, түсіну және логикалық қорытындыға ерекше назар аударылды.

Менталды жас

Үш жыл өткен соң олар тексеру сынағын қайта қарап, кеңейтті. Сондай-ақ нақты тапсырмаларды орындай алатын, қабілеті орташа балалардың жасы ретінде анықталған менталды жас тұжырымын енгізді. Егер төрт жасар бала орташа деңгейдегі бес жастағы бала менгеретін барлық сынақтардан өтсе, онда мұндай жастағы балаға бес жастағы менталды жас беріледі.

1911 жылы аталған тексеру сынағының үшінші басылымы жетілдіріліп, түзетілген басылымы жарық көрді. Алайда Бине қайтыс болған соң, ақыл-ой қабілетін тексерумен байланысты жетістіктер АҚШ-қа тиесілі болды. Биненің жұмысы Францияға қарағанда АҚШ-та танымал бола бастады. 1940 жылдары ақыл-ой қабілетін тексеру жұмыстары Францияда кең таралмады.

Биненің тестілеу материалдары француз тілінен аударылып, 1908 жылы америкалық психологтерге ұсынылды. Оңтүстік Калифорния университетінің ешқашан жеңіліп көрмеген жалғыз футбол бапкері Генри Годдард (1866–1957) (Benjamin, 2009b) аталған сынақты ағылшын тіліне аударды. Ол Кларк университетінде Г. Стэнли Холлдан философия ғылымының докторы дәрежесін алды. Бұдан кейін ақыл-ойы кем балаларға арналған мектепте жұмыс істеді. Годдард өзінің ақыл-ой қабілетін тексеру материалын – интеллект деңгейін өлшеуге арналған Бине-Симон шкаласы деп атады. Ол ақыл-ой қабілетін тексеру туралы жұмыстарға грек тілінде «ақыл-есі кем» деген мағына беретін «*жарымес*» терминін енгізді.

Холлмен бірге оқыған Льюис М. Терман 1916 жылы сол кезде стандартқа айналған тестілеу нұсқасын жетілдірді. Терман оны Стэнфорд-Бине деп атады. Ол университетті бітіргеннен кейін Холлмен тығыз байланыста болып, ақыл-ойдың даму коэффициенті тұжырымын қабылдады. Неміс психологі Уильям Штерн менталды жас пен нақты (хронологиялық) жас арасындағы қатынасты анықтайтын ақыл-ой дамуы коэффициентін өлшеу рәсімін алғашқы болып жетілдірді. Стэнфорд-Бине бірнеше өзгерістерге ұшырады, қазір әлі де кеңінен қолданылуда.

Бірінші дүниежүзілік соғыс және ақыл-ой қабілетін топтық тексеру

1917 жылы, АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысқа енгенде, Гарвард университетінде Титченердің төрағалық етуімен Эксперименттік психология қауымдастығы мүшелерінің кездесуі өтті. Америка Психологтер қауымдастығы президенті Роберт Йеркс жиналған бір топ маманға «Психологияның әскери экономика жағдайына қандай көмегі тиеді?» деген сауалды жолдады. Титченер Ұлыбритания азаматы болғандықтан, пікірталасқа қатысудан бас тартты. Ол, соғыс туралы пікірталасқа қатыспау үшін, орындығын алып, бөлмеден шығып кетті. Психологияның «технологияға арналған ғылымға» айналу қаупінен қорыққан Титченер оны кез келген практикалық мәселелерді шешуге қолдану идеясын құптамады (O'Donnel, 1979, p. 289).

Әскери іс-қимылдарды енгізу мақсатында америкалық әскерді жұмылдыру үшін қолбасшылар шақырылушыларды топтастырды. Оларға тиісті тапсырмалар тағайындау кезінде шақырылушылардың интеллект деңгейін бағалау мәселесі көтерілді. Стэнфорд-Бине сынағы ақыл-ой қабілетін жеке тексеруден тұрды және мұндай тексерісті тиісті түрде өткізу үшін біліктілігі жоғары маманның болуы талап етілді. Осынша көп адамды қысқа уақытта аттестациядан өткізу кезінде мұндай сынақты мүлде жасауға болмайтыны айдан анық еді. Әскер оңай өткізілетін топтық тексерісті қажет етті.

Йеркс ақыл-ой қабілетін топтық тексеру сынағын жетілдіру үшін әскери майор атағы бар қырық психологтен тұратын жеке құрам жинады. Олар ұсынылған бірнеше сынақты тексерді. Бұл кезде олардың бірде-біреуі жалпыға бірдей қабылданбаған. Ол Терманмен бірге оқыған Артур С. Отис әзірлеген бір сынақты таңдады.

Бірнеше жауап нұсқасы бар сұрақтар жүйесін әзірлеу Отистің ақыл-ой қабілетін тексеруге қосқан ең маңызды үлесі болды. Бұдан кейін Йеркс тобы әскери альфа және бета нұсқасын дайындады. (Бета – ағылшын тілінде сөйлей алмайтын, сауатсыз адамдарға арналған нұсқа; ауызша немесе жазбаша нұсқалардың орнына қолмен немесе ым тілімен жеткізіледі).

Бұл бағдарлама бойынша жұмыс баяу жүрді. Соғыс аяқталуға үш ай қалғанда әскерге шақырушылардың ақыл-ой қабілетін нақты тексеру туралы ресми бұйрықтар берілмеді. Сөйтіп, бір миллионнан астам адам осы тексерістен өтті. Ол кезде әскер қолайлы болатын, мұндай ақпарат алуды қажет етпеді. Себебі бұл бағдарламаны жүзеге асырған психологтер алған нәтижелерге таңғалды.

Алынған мәліметтер көптеген америкалықтардың сауатсыз екенін анықтауға көмектесті. «Тексерістен өткен әрбір төрт адамның біреуі әріп танымайтын және күнделікті газеттегі мақалалардың мағынасын түсінбейтін немесе үйіне хат та жаза алмайтын» (Murdoch, 2007, p. 86). Бұл бағдарлама әскери күш-жігерге болмашы әсер етсе де, қоғамдық пікір психологияның беделін күшейтті. Бұл ретте әскерде өткізілетін осындай сынақтардың кейінгі көптеген сынақтардың негізіне айналғанын атап өтуге болады.

Тұлғаның типін анықтауға арналған топтық тестілер

Психологтердің әскери мұқтаждықтарға арналған жұмысы да тұлғаның сипаттамаларын анықтауда топтық сынақтарды тездетті. Бұған дейін тұлғаны бағалау үшін шектеулі талпыныстар ғана жасалды. XIX ғасырдың соңында кезінде Вундттың шәкірті болған неміс психиатры Эмиль Крепелин «еркін ассоциациялар тестін» қолданды. Бұл сынақ бойынша емделуші ойына келген бірінші сөздің көмегімен сөз стимулына жауап берді (Гальтон өткізген сынақ). 1910 жылы Карл Юнг өз емделушілерінің тұлға кешенін анықтау үшін сөз ассоциацияларының ұқсас тестін жетілдірді (14-тарауды қараңыз).

Осы екі тәсіл тұлға типінің жеке сынақтары болды. Әскер тарапынан неврозбен ауыратын немесе жүйке ауруларына бейім жауынгерлерді бөлуге қызығушылық білдірілген кезде Роберт Вудворд жеке мәліметтер бланкісін, өз-өзіне есеп беру сауалнамасын әзірледі. Сауалнамада тұлғаларға қолданылатын жүйке белгілерін тексерді. Әскери альфа мен әскери бета нұсқалары сияқты, тұлғалардың мәліметтер бланкісі болашақ топтық тексерістерге арналған үлгі болды.

Қоғамның сынақты қабылдауы

Көпшіліктің сынақты қабылдау қайшылығында психологиялық тестілеу жеңіске жетті. Көптеген қызметкерлер, оқушылар, сондай-ақ жоғары оқу орнына түсуге арналған өтініштерді беретін тұлғалар бірнеше сынақтарға тап болды. Олардың нәтижелері өмір сүру барысын анықтай алды. XX ғасырдың 20-жылдарының басында мемлекеттік мектептерде ақыл-ой қабілеті сынағынан 4 миллион оқушы өтті. 1923 жылдың өзінде Терман Стэнфорд-Бине шкаласы бойынша тестілеу нұсқасы жарты миллионнан астам данамен сатылды. АҚШ-тағы мемлекеттік білім беру жүйесі ақыл-ой даму коэффициенті төңірегінде толығымен қайта құрылды. Осы коэффициентке сәйкес алынған ұпайлар бойынша студенттердің оқу үлгерімдерін бағалау ең маңызды өлшемге айналды.

Нәтижесінде көптеген психологтер психологиялық сынақтарды қолданып, жоғары табысы бар жұмыстарға орналасты (Вотом, 2009). Кейбір пысық психологтер болашағы бар бейсболшыларды анықтау үшін сынақтарды қолдануға үміттенді. Атақты бейсболшы Бейб Рут Колумбия университетінде психологиялық зертханада сынақтан өтуге келісті. Мұнда оның атақты бейсболшы атауына

себепші болған ерекше қасиеттерді анықтау мақсатында сенсорлық-моторлы дағдылардың көмегімен тапсырмаларды орындау нәтижесі тексерілді. Бұл тестілер Гальтон мен Кеттелл қолданған тестілерге ұқсас болды (Fuchs, 2009). Жасалған сынақтар сәтсіз аяқталды. Алайда бір тарихшы былай деп мәлімдейді:

«Психология «ерекше ерліктер жасау, шеберлік пен мүмкіндіктерді көрсету негізін анықтауға қабілетті ғылым» деген сенім психологтердің осы пәннің қоғамдық сәйкестігін анықтаудағы жетістігін, сондай-ақ көпшіліктің осы ғылымның сұраққа жауап ұсыну қабілетіне сенімін растады» (Fuchs, 1998, p. 153).

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап АҚШ-та тестілеу «эпидемиясы» таралды. Мектептерге, жоғары оқу орындарына, зауыттар мен кенселерге оқуға қабылдану немесе жұмысқа орналасу үшін өтініш бергендер тұрақты түрде сынақтан өткізіле бастады.

1926 жылы Принстон университетінің психология профессоры Карл Бригам сізге белгілі сынақты – академиялық қабілеттерді анықтауға арналған емтиханды ұсынды. Ол Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде ақыл-ойдың даму коэффициентін анықтауға арналған топтық сынақтарды жетілдірумен айналысты. Осы сөздік қорға және математикалық білімге аса мән берген сынақ жоғары оқу орындарына түсетін үміткерлерді іріктеу үшін тиімді болды.

Қазір орта мектептегі бір жарым миллионнан астам оқушының болашағымен байланысты көптеген дүние емтиханда алған балы арқылы бағаланады (жылына 500-ге жуық оқушы абсолюттік балл алады). Пікір қайшылықтары осы сынақ анықтайтын қажетті нәрсеге келергі келтіреді. Бригамның академиялық қабілетті анықтауға арналған емтихан нәтижелері бойынша алған ұпайлар оқушының «жалпы білім беру дайындығын, отбасылық ортасын, ағылшын тілін білу деңгейін және барлығын өлшеу тәсілі болады» (quoted in Kolbert, 2014, p. 40). Қазіргі зерттеулер академиялық қабілетті анықтауға арналған емтиханды тапсыру нәтижелері бойынша алған ұпайлардың жоғары оқу орнында орташа академиялық балмен және жалпы ақыл-ой қабілетін тексеру нәтижелерімен белгілі бір қатынаста тұратынын көрсетеді (Hambrick, 2011). Мұндай сынақ өткізілетін ЖОО үшін оқушыларды дайындайтын, сондай-ақ коммерциялық негізде оқытылатын жекеменшік мектептер – миллиардтаған табыс көзі.

Медицина және техника саласындағы идеялар

Ғылыми тұрғыдан жас әрі қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындарға сенім білдіріп, өкілеттік беру үшін ақыл-ой қабілетін тексеретін тұлғалар медицина және техника саласындағы бұрынғы пәндердің терминологиясын қабылдады. Олардың мақсаты – адамдарды психологияның «қалыптасқан» ғылымдар сияқты заңды әрі ғылыми сипаты бар екеніне сендіру.

Психологтер емделуші сияқты сынақ алатын адамдарды сипаттады. Мұндай сынақ дәрігерлерде ғана бар термометрлерге ұқсас болды. Тиісті дайындықтан өтпеген бірде-бір маманға термометрді қолдануға рұқсат етілмеді; психологиялық сынақтарға қатысты ұқсас шағымдар талап етілді. Психологтерге емделушінің «ақыл-ой механизмдерін» талдап, «сананың ішін көруге» мүмкіндік беретін «рентген машиналары» сияқты сынақтар жарнамаланды. «Психологтер өздерін дәрігерлерге ұқсас әсерді көбірек сезінген сайын, қоғамға тура осындай мәртебе беруді қажетсінгендей болды» (Keiger, 1993, p. 4).

Сонымен қатар техника саласында да метафоралар бар. Мектептер – білім беру фабрикалары, ал сынақтар фабрика өнімін (студенттердің интеллект деңгейін) өлшеу тәсілдері деп аталды. Қоғам көпірге теңелді. Ал ақыл-ой қабілетін тексеру конструкцияның қоғамнан алшақталып, арнайы емдеу мекемелеріне орналастырылатын ең әлсіз элементтерді (қоғамның ақыл-есі кем азаматтарын) анықтау арқылы осы көпірдің күшін сақтайтын ғылыми құрал болды.



<https://en.wikipedia.org>

ГЕНРИ ГОДДАРД

Нәсілдік мәселелер

Психологиялық тестілеу бағытындағы ағымның дамуы бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан қоғамдық пікірталастың бір бөлігіне айналды. 1912 жылы Бине тестін ағылшын тіліне аударған Генри Годдард АҚШ-қа келетін миллиондаған еуропалық келімсектердің кіру бекеті – Нью-Йорк маңындағы Эллис аралына барды. Жаңа қоғамға келген адамдарды тексеретін Эллис аралының дәрігерлері «ақыл-есі кем адамдардың мемлекетке кіруіне кедергі келтіре алмайтынына» алаңдады (Richardson, 2003, p. 143). Годдардтың пікірі бойынша, бұл дәрігерлер ақыл-есі кем адамдардың жалпы санының 10 пайызын ғана анықтады. Ол дәрігерлердің орнына Бине ойлап тапқан ақыл-ой қабілетін тексеру материалын пайдаланды. Психологтер осы сынақты өткізуді ұсынды.

Годдардтың пікірі бойынша, Эллис аралына келген адамдарды алғаш тексеру барысында ақыл-есі кем бір адамды тандап алып, аудармашы арқылы ағылшын тілінде Бине тестін өткізіп, оның диагнозы расталды. Алайда аудармашының өзі АҚШ-қа келгенде сұрақтарға жауап бере алмағанын және сынақтың ағылшын тілі мен американың мәдениетін білмейтін адамдар үшін әділетсіз екенін айтты. Годдард мұнымен келіспеді (Zenderland, 1998).

Келімсектерді тестілеу, яғни (олардың барлығы сынақта қолданылатын ағылшын тілі білімінің шектеулі деңгейін ғана білді) Годдардтың тестілеу нәтижесі бойынша орыстардың 87 пайызының, еврейлердің 83 пайызының, венгрлердің 80 пайызының және италиялықтардың 79 пайызының менталды жасы 12-ден төмен, ақыл-есі кем болған (Cannato, 2009; Gold, 1981).

Барлық жағдайда бұл тест ағылшын тілін жетік білмейтін адамдар үшін ағылшын тілінде өткізілді. Сынақтан өтетіндерге үлкен кедергі келтірілсе де, Годдардтың өткізген тесті негізінде алынған мәліметтер кейін ақыл-ой кемістігіне шалдыққан нәсілдік және этникалық топтардың көшіп-қонуын шектейтін федералды заңнаманы қолдау үшін қолданылды.

1921 жылы, Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, әскерге шақырылғандардың сынақ негізіндегі нәтижелері жария болғанда, интеллектуалдық деңгейдегі нәсілдік айырмашылықтар идеясы қосымша қолдауға ие болды. Сынақ барысын-



<http://www.eugenicsarchive.org>

Эллис аралына келген келімсектің ақыл-ой қабілетін тексеру процесі

да кара нәсілді, сондай-ақ Жерорта жағалауы мен Латын Америкасы елдерінен келген келімсектердің ақыл-ойының даму коэффициенті ақ нәсілді адамдарға карағанда төмен екені анықталды.

Бұл мәліметтер ғалымдар, саясаткерлер мен журналистер арасында сұрақтардың туындауына негіз болды. Егер азаматтары ақымақ болса, кез келген демократиялық жолмен сайланған үкімет өмір сүруін қалай жалғастыра алады? Ақыл-ойдың даму коэффициенті төмен топтарды сайлауға жіберу керек пе? Ақыл-ойдың даму коэффициенті төмен елдерден келген келімсектердің мемлекетке кіруіне үкімет жол бермеу керек пе? Барлық адамдар бірдей болып жаратылған деген түсінік қайда қалады?

Тест сұрақтарындағы мәдениетке қатысты қате түсініктер

1880 жылдары АҚШ-та интеллектуалдық деңгейге байланысты нәсілдік айырмашылықтар тұжырымы одан әрі дамыды және Жерорта теңізі жағалауы мен Латын Америкасы елдерінен келетін келімсектерді квота бойынша қабылдау мәселесі де қозғалды. Сонымен бірге ақыл-ой қабілетін тексеру жүйесі құрылғанға дейін америкалық кара нәсілді адамдардың ақыл-ойы төмен деген пікір кең таралды.

Өзіндік ой-пікірі бар, Пенсильвания штатындағы Линкольн университетінің ректоры, афроамерикалық Хорас Манн Бонд (1904–1972) бұл көзқарасты қатты сынады. Чикаго университетінде білім беру саласы бойынша доктор дәрежесін алған Бонд бірнеше кітап пен мақала жариялады. Ол осы еңбектерінде кара және ақ нәсілді адамдар арасындағы IQ көрсеткіштері туа біткен факторлардан гөрі, экологиялық факторлармен байланысты екенін айтады. Оның зерттеулері нәтижесінде, солтүстік штаттардағы кара нәсілді адамдар оңтүстіктегі ақ нәсілді адамдарға карағанда барлау сынақтары бойынша көп ұпай алып, кара нәсілді адамдардың генетикалық ақыл-ойы төмен деген түсінікті жоққа шығарды (Jackson, 2004).

Көптеген ақ нәсілді психологтер оның дәлел ретінде келтірген сынағы біржақты екенін алға тартты. Бірақ кейіннен осы тестке қатысты келіспеушіліктер мен дау-дамай тоқтады. 1994 жылы, «Қалыпты үлестіру қисығы» (Herrnstein and Murray, 1994) мақаласы жарияланғаннан кейін, осы тақырып қайта қозғалды. Бұл мақалада интеллектіні бағалайтын тест сұрақтарының нәтижелері негізінде кара нәсілді адамдардың ақ нәсілді адамдарға карағанда интеллектісі төмен делінген. Алайда интеллектіге байланысты зерттеулер бұл нәтижелерде қандай да бір мәдени әсердің жоқтығын растайды (Rowe, Vazsonyi & Flannery, 1994; Suzuki & Valencia, 1997). Сонымен бірге тестілеу жөніндегі 52 негізгі сарапшы мынадай қорытынды жасады: «АҚШ-та интеллектуалдық тест ағылшын тілінде сөйлейтін америкалық кара нәсілді немесе басқа да жергілікті адамдарға қатысты мәдени түрде біржақты етіп жасалмаған. Нәсіл мен әлеуметтік тапқа қарамастан, барлық америкалықтар үшін де IQ көрсеткіштері тура осыны көрсетіп отыр» (Gottfredson, 1997, p. 14). АПҚ Ғылыми мәселелер жөніндегі кеңес әзірлеген баяндамада танымдық қабілеттерге арналған сынақ сұрақтары ешкімді кемсітпейтінін аңғарта отырып, сандық тұрғыдан қоғам тарапынан жасалған кемсітушілікті бейнелейді (Neisser, 1996).

Әйелдердің тестілеу қозғалысына қосқан үлесі

Біз көптеген психолог-әйел үшін академиялық университеттік мансаптың есігі жабық болғанын растайтын бірқатар фактілерді білеміз. Осыған байланысты психолог-әйелдер қолданбалы зерттеу саласымен айналысуға мәжбүр болды. Олар клиникалық психология және бала мен мектеп педагогикасы саласында психологиялық кеңес беруге ерекше мән берді. Көптеген психолог-әйел осы салаларда, әсіресе түрлі психологиялық сынақтарды әзірлеу және пайдалану практикасында айтарлықтай із қалдырды.

Флоренс А. Гудинаф 1924 жылы Стэнфорд университетінде доктор дәрежесін алды. Ол балалардың интеллектуалдық дамуын өлшеу үшін кеңінен қолданылатын «Адамның бейнесін сал» тестін (қазіргі кезде Гудинаф-Харрис графикалық тесті деген атпен белгілі) әзірледі. Психологиялық зерттеулерге арналған сынақтарды қолдану саласында Флоренс Гудинаф жиырма жыл бойы Миннесота штатының Баланы дамыту институтында қызмет етті. Ол басқа да психологиялық сынақтарға жан-жақты талдау жасады (Goodenough, 1949). Сондай-ақ ол бала психологиясы саласында бірнеше еңбек жазды.

Калифорниядағы Балаларға арналған психологиялық клиниканың директоры Мод Меррил Джеймс 1937 жылы Льюис Терманмен бірге, кейінірек Терман-Меррил тесті деген атпен белгілі, интеллектуалдық дамуға арналған Стэнфорд-Бине тестінің жаңа нұсқасын ұсынды. Тельма Гуинн Терстоун (1927 жылы Чикаго университетінде доктор дәрежесін алған) психолог Л.Л. Терстоунға тұрмысқа шықты. Ол да, көп әйелдер сияқты, күйеуімен бірге жұмыс істеп, үлесі мен жетістіктері лайықты еленбей қалды. Ол ақыл-ой қабілетін анықтау сынақтарын әзірлеумен айналысты. Солтүстік Каролина университетінде педагогика профессоры қызметін атқарып, психометриялық зертхана директоры болды. Оның күйеуі Тельман «сынақтар дайындаудың данышпаны» ретінде сипатталды (Terstone, 1952, p. 317).

Психе Кеттелл (1993–1989) – Джеймс Маккин Кеттелдің қызы. Кеттелл қызын жоғары білім алуға лайық емес деп танып, оған қолдау көрсетпеді. Психе Кеттел әкесінің қолдауына ие болмаса да, 1927 жылы Гарвард университетінде доктор дәрежесін алды. Ол тұрмыс құрған жоқ және АҚШ-та баланы асырап алуға рұқсат алған, тұрмысқа шықпаған бірінші әйел болды. Оның тестілеу қозғалысына қосқан үлесі Кеттеллдің сәбилердің ақыл-ой қабілеті шкаласының Стэнфорд-Бине тестіне арналған жас ерекшелігі диапазонын арттыруды қамтыды. Оның интеллектіні өлшеу шкаласы үш айлық нәрестелерге арналған еді (Bazar, 2010).

Анна Анастаси (1908) Фордхем университетіндегі ұзақ қызметі барысында өзін бірнеше психологиялық сынақтың дарынды авторы ретінде көрсетті. Ол колледжде 15 жасында түсіп, 21 жасында доктор дәрежесін алды. Жетістікке апарар жолын жастайынан бастады. Ол профессор Гарри Холлингворттың ықпалымен өзін психологияға арнауға шешім қабылдады. Анастаси (1993) психологиялық тестілеу жетекшілігін қамтыған 150-ден астам мақала мен кітап басып шығарды. 1971 жылы Америка Психологтер қауымдастығының президенті болып сайланып, бірнеше марапатқа, оның ішінде ғылымдағы жетістігі үшін ұлттық медальге ие болды (Goode, 2001). Зерттеулердің бірі ағылшын тілді психолог-әйелдердің арасындағы ерен еңбегі үшін оның есімімен аталды (Gavin, 1987).

Анна Анастаси бір жыл өткен соң тұрмыс құрды. 25 жасында Анна жатыр мойны қатерлі ісігіне шалдықты. Ауруын емдегенмен, бала сүйе алмады. Сол себепті өзінің ауруын жетістігінің негізгі себептерінің бірі ретінде қарастырды. Онымен қатарлас әйелдер аналық сезім мен кәсіби мансап арасында таңдау жасауы керек еді. Іс жүзінде оның таңдауы жасалып, өзін еш кінәлі сезінбей, кәсіби мансабын жетілдіруге бағыттау мүмкіндігін иеленді (Hogan, 2003, p. 267). Анна Анастаси 92 жасында қайтыс болды.

Қолданбалы психология саласындағы психолог-әйелдердің айтарлықтай жетістіктеріне қарамастан, олардың жалпы кәсіби қызметін жемісті деп айту қиын. Толық ғылыми жұмыс жүргізу үшін бос уақыт, қаржылық қолдау және тәжірибелерді өткізу кезінде жоғары курс студенттерінің көмегі қажет еді. Әдетте психолог-әйелдер академиялық емес салада жұмыс істеп, жоғарыда айтылған жағдайлардың болуын армандайтын. Қолданбалы зерттеу саласындағы жұмыстың оны жүзеге асырған ұйымнан тыс жерде мойындалуы қиындық туғызатын.

АҚШ-та түрлі қолданбалы зерттеулердің артуы, функционализм мұрасы психолог-әйелдердің мамандық бойынша жұмыс табуына белгілі бір мүмкіндік берді.

Алайда олар бұрынғысынша, академиялық зерттеу саласынан тыс қалып қойды. Осы салада кез келген ғылым тарихын қызықтыратын теориялық оқиғалар болды.

Академиялық саладағы көптеген психологтер қолданбалы зерттеулерге қара жұмыс ретінде қарады. Сондықтан қолданбалы зерттеулер, әсіресе психологиялық көмек көрсету саласындағы зерттеулер «әйелдердің жұмысы» ретінде ғана қарастырылды. Жалпы психология тарихындағы көптеген қолданбалы зерттеулердің маңызы, сондай-ақ клиникаларда, госпитальдарда, әскери және үкіметтік зерттеумен айналысқан қолданбалы зерттеу институттарында жұмыс істеген көптеген психолог-әйелдің рөлі бағаланбады. 1941 жылы Америка Қолданбалы психология қауымдастығының үштен бірі әйелдер болса да, бұл қауымдастықтың президент лауазымына ешқашан әйел сайланбағанын атап өту керек (Rossiter, 1982). Осы кезде әйелдер білім беру және клиникалық мекемелерде психологтердің барлық бос қызмет орындарының жартысына орналасты (Gilgen, Gilgen, Koltsova&Oleinik, 1977).

Клиникалық психология қозғалысы

Кеттелл ақыл-ой қабілетін бағалау үшін психологиялық әдістерді қолдана отырып, америкалық психологиядағы бетбұрысқа ұмтылғанда, Кеттелл мен Вундттың бір студенті психологияны қалыптан тыс мінез-құлықтың диагнозын анықтау мен оны емдеу үшін қолданды. Вундт қазіргі психологияның негізін қалағаннан кейін, 17 жыл өткен соң, оның бұрынғы шәкірті психологияның тағы бір практикалық қолданысын тапты. Бұл оның ұстазының көзқарасына қайшы келді.

Лайтнер Уитмер (1867–1956)

Кеттелл Колумбия университетіне ауысқаннан кейін, Лайтнер Уитмер Пенсильвания университетінде психология оқытушысы болып қызмет етті. Оны өте ұрысқак, тұйық әрі менменшіл адам деп сипаттайды (Landy, 1992). Уитмер клиникалық психология деп аталған бағытты дамыта бастады. 1896 жылы әлемдегі алғашқы психологиялық клиниканы ұйымдастырды.

Уитмердің өз клиникасында атқарған қызметтерінің қазіргі кездегі клиникалық психологияға еш қатысы болмағанын атап өту керек. Өз жұмысында Уитмер «жек көрген» және еш таныс емес психотерапияны қолданған жоқ (Taylor, 2000, p. 1029). Ол ұсынған, қазір мектеп психологиясы деген атпен белгілі қолданбалы сала оқушылардың ақыл-ой дамуындағы ауытқуларға диагностика жасауға және емдеуге арналған. Уитмер клиникалық психологияның дамуына ықпал етіп, осы терминді дұрыс қолданса да, шын мәнінде, бұл бағыт Уитмер айналысқан қызметтен әлдеқайда ауқымды болатын.

Уитмер колледжде клиникалық психология бойынша бірінші курсқа сабақ беріп, «Психологиялық клиника» (*Psychological Clinic*) журналын басып шығарды. 29 жыл бойы редакторлық қызмет атқарды. Ол адамдардың ақылын зерттеген жоқ, олардың мәселелерін шешуге көмектесетін функционализм өкілдерінің қатарында болды.

Лайтнер Уитмердің өмірбаяны

Лайтнер Уитмер 1867 жылы Филадельфияда дүниеге келді. 1884 жылы Пенсильвания университетін бітіріп, біраз уақыт Филадельфиядағы жекеменшік мектепте тарих пен ағылшын тілінен сабақ берді. Содан кейін университетке құқықтану мамандығына оқуға түсті. Ол ешқашан психолог болуды армандаған емес. Бірақ кейін пікірін өзгертті. Ол толық емес жалақыға көмекші жұмысына орналасқысы келді және осындай бос жұмыс орындарының бірі Кеттеллдің психология кафедрасында болды.



ЛАЙТНЕР УИТМЕР

<https://en.wikipedia.org>

Енді қазіргі америкалық психологияның дамуына ықпал еткен экономикалық факторлармен қайта ұшырасамыз. Уитмер биографтарының бірі былай деп жазды: «Уитмер белгілі бір мұқтаждықтарына байланысты психологиямен айналыса бастады. Ол толық емес жалақыға көмекші болып істеді. Оған қосымша табыс көзі қажет еді» (McReynolds, 1997, p. 34).

Уитмер реакция уақытында жеке айырмашылықтарды зерттей бастады. Оның үміті Пенсильвания университетінде доктор дәрежесін алу болды. Бірақ Кеттелдің басқа жоспары бар еді. Ол Уитмерді жоғары бағалап, оны өзінің мұрагері етіп таңдады. Жас ғалым үшін бұл үлкен мүмкіндік болды. Кеттел оған бір ғана талап қойды: Уитмер Вундттың жетекшілігімен Лейпцигте доктор дәрежесін қорғауға тиіс болды. Немістердің білім беру деңгейі өте жоғары болғандықтан, Уитмер келісімін берді.

Лайтнер Уитмер Германияда Вундт пен Кюльпеден сабақ алды. Титченер оның курстасы еді. Уитмер Вундттың зерттеу әдістеріне аса сенім білдірмей, күмәнмен қарады. Ол Вундттың Титченерге бақылауларын қайталап жасауын талап еткенін еске алды. Себебі «Титченердің алған нәтижелері Вундт күткен нәтижелерден мүлде бөлек болды» (O'Donnell, 1985, p. 35).

Уитмер Вундттың қарсы реакция уақытына арналған зерттеулерінде ерікті болып жұмыс істеді. Алайда бұл зерттеу тез аяқталды. Себебі оның жауап беру реакциясының уақыты «Вундттың зертханасы тіркеген барлық көрсеткіштер ішіндегі ең жылдам тіркелген көрсеткіш болатын». Соның нәтижесінде Вундт Уитмерді тиісті түрде интроспективті зерттеулермен айналыспағаны үшін айыптады (Benjafield, 2010, p. 56). Вундт Уитмер алған деректерді пайдаланудан бас тартты. Ал Уитмер интроспективті әдістің тиімділігіне күмәнмен қарады.

Уитмер кейінірек Лейпцигте ғылыми дәрежеден басқа ештеңе алмағанын айтты. Вундт – Уитмердің Кеттелмен бірге бастаған жауап беру реакциясы уақытын зерттеу жұмысын жалғастырып, оның сана элементтерінің интроспективті зерттеулерімен айналысуын шектеді.

Лайтнер Уитмер өзінің докторлық дәрежесін алып, 1892 жылдың жазында Пенсильвания штатының университетіне жаңа қызметке орналасты. Сол жылы Титченер де ғылыми дәрежесін алып, Корнелл университетіне барды. Ал Вундттың тағы бір шәкірті – Хьюго Мюнстерберг – Уильям Джеймстің шақыруымен Гарвардқа қызмет етуге келді. Сол жылы Г. Стенли Холл Америка Психологтер қауымдастығын ашты. Лайтнер Уитмер қауымдастықтың мүшесі болды. Вундттың бұрынғы студенттерінің арқасында америкалық психология функциялық қолданбалы рухпен толықты.

Уитмер екі жыл бойы жеке тұлға айырмашылықтары мәселелері мен ауру психологиясы бойынша зерттеулерді жүзеге асырып, мақалалар жариялады. Эксперименттік психологиямен айналысты. Бірақ ол үнемі психологияны мінез-құлықтағы ауытқулар диагностикасында қолдану мүмкіндігін іздеді. Ол 1896 жылдың наурыз айында бір мүмкіндікке ие болды. Бұл мүмкіндік ертеректе еске алынған экономикалық жағдайлармен байланысты еді. Жалпыға бірдей мемлекеттік білімге мемлекеттен көп қаржы бөлінді.

Штаттардың көптеген білім беру басқармаларында оқыту қағидалары мен әдістемелерін жетілдіруге арналған педагогика бөлімдері құрылды және психологтерге – осы бөлім шенеуніктеріне, тереңдетілген бағдарламалар бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік мектеп мұғалімдеріне арнайы курстар оқу ұсынылды. Психологиялық факультеттер студенттердің көп мөлшерде ағылып келуінен айтарлықтай ұтты. Себебі факультет бюджеті онда оқитын студенттер санына тәуелді еді.

Психологиялық клиника құру. Пенсильвания университетінде мемлекеттік мектеп мұғалімдері үшін жаңа курстар ұйымдастырылып, Уитмер сонда дәріс

оқыды. Оның курсындағы тыңдаушылардың бірі – оқытушы Маргарет Магьюир 1896 жылы Уитмерден басқа сабақтардан үлгерімі жақсы, бірақ көркем жазуда қиындыққа тап болған 14 жасар оқушысына қатысты кеңес алғысы келді. Бұл мәселені психологтер шеше алды ма? Уитмер кейін былай деп жазды: «Психология даму жағынан артта қалған адамдарға көмектесуі тиіс деп ойлаймын» (McReynolds, 1987, p. 853).

Көп ұзамай Уитмер университет жанында өмірлік ісіне айналған клиника ашты. Бірнеше ай ішінде ақыл-есі кем, зағип және есі ауысқан балаларды емдеу әдістері бойынша курс әзірлеп, «Педиатрия» (*Pediatrics*) журналында «Психологиядағы практикалық жұмыс» (*Practical Work in Psychology*) мақаласын жариялады. Бұл мақалада ол ұқсас тапсырмаларды шешу кезінде психологияны пайдалануға кеңес береді.

Ол Америка Психологтер қауымдастығының жыл сайынғы конференциясында өз жұмысын таныстырып, алғаш рет *клиникалық психология* терминін пайдаланды. 1907 жылы Уитмер көп жылдар бойы осы мәселені зерттеген жалғыз басылым – «Психологиялық клиника» (*Psychological Clinic*) журналының негізін қалады. Бірінші басылымында психология үшін жаңа қызмет саласын, жаңа мамандану – клиникалық психологияны ұсынды. Одан кейінгі жылы ақыл-есі кем және есі ауысқан балалар үшін мектеп-интернат құрды. Ал 1909 жылы оның клиникасы университеттен бөлініп, жеке әкімшілік мекемеге айналды.

Уитмер клиникалық психология жүйесін дамытып, оны іске асырды. Пенсильвания университетінде қызмет етті. Лайтнер Уитмер 1956 жылы 89 жасында дүние салды. Г.Стэнли Холлдың жетекшілігімен қызмет атқарып, 1892 жылы бірнеше психологпен бірігіп, Америка Психологтер қауымдастығын құруды ойластырды.

Балаларға арналған психологиялық клиника

Дүниежүзіндегі алғашқы клиникалық психолог Уитмердің қызметінде бағыт ұстанатындай ешқандай да бір мысал болған жоқ және жалғыз жұмыс істегендіктен, ол диагностика мен емдеудің жеке әдістерін дамытты. «Маған көмектесуі мүмкін кез келген әдістердің болмауы осы балаларды зерттеумен айналысуға және жеке әдістемелерді әзірлеуге түрткі болды. Сондықтан мен мақсатыма өз күшіммен жетуге мәжбүр болдым» (Witmer, 1907/1996, p. 249).

Уитмердің клиникасына даму ауытқулары мен оқып-үйрену, гиперактивтілік, қате сөйлеу және ауқымы кең моторика проблемасына қатысты балалар келіп түсті. Уитмер осы салада белгілі бір тәжірибе жинап, диагностика мен емдеудің стандарт бағдарламаларын әзірледі. Ол клиникаға тек дәрігерлерді емес, әлеуметтік қызметкерлер мен психологтерді де қабылдады.

Уитмер психологиялық қызмет етуге физикалық проблемалардың да кедергі келтіруі мүмкін екенін түсінді. Сондықтан клиника дәрігерлері балада туындаған қиындықтардың қате тамақтанумен немесе көру және есту кінәратымен байланысы бар-жоғын анықтап, оларды жан-жақты тексерді. Психологтер емделушілерді сынақтан өткізіп, әлеуметтік қызметкерлер ауру тарихын дайындады, отбасы туралы мәлімет жинады.

Балалармен жұмыс істеуді бастаған Уитмер мінез-құлықтағы көп ауытқулар мен оқып-үйренудегі қиындықтар генетикалық факторлармен байланысты деп болжады. Алайда ол клиникалық тәжірибенің артуымен бірге, қоршаған ортаның ықпалы маңызды рөл атқаратынын түсінді. Уитмер қазіргі рухани байыту бағдарламасына тың жаңалық әкелді. Ол баланы дүниеге келген сәттен бастап түрлі сенсорлық тәжірибемен қамтамасыз ету қажеттігін айтты. Сонымен қатар үй мен мектептегі жағдай жақсарса, баланың мінез-құлқы да түзелетініне, мінез-құлықтың қоршаған ортаның өзара қатынастарына тікелей байланысты болатынына сенді.

Түсініктеме

Көптеген психологтер Уитмердің жолын қуды. 1914 жылы АҚШ-та 20 психологиялық клиника жұмыс істеді. Олардың көбі Уитмер клиникасының үлгісі бойынша ашылды. Сонымен қатар Уитмер психологтердің кейінгі буынын өзінің әдістемесі бойынша оқытып, клиникалық жұмыстың қағидаларын бұрынғы студенттеріне де насихаттады. Уитмер арнайы білім беру саласында да ықпалды тұлға болды. Оның бір шәкірті – Моррис Вителес – Уитмердің зерттеу аясын кеңейтіп, балаларды емдеумен бірге, кәсіби дағдыларға үйрететін клиника ашты. Бұл АҚШ-тағы осы бағытта жұмыс істейтін алғашқы мекеме болды. Уитмердің ізбасарлары оның клиникалық әдістемесін ересектердің ауытқушылықтарын анықтауда және емдеуде қолданды.

Клиникалық психологияның дамуы

Уитмердің психологияны қалыптан тыс мінез-құлыққа диагностика жасау мен емдеуде қолдануға бағытталған жұмысына қосымша – екі бірдей қызықты кітап осы мәселенің танымалдығын арттырды. Ақыл-есі кем адамдарға арналған клиниканың бұрынғы емделушісі Клиффорд Бирс «Сананы билеу» (*A Mind That Found Itself*) атты кітабын (1908) жазды. Бұл еңбекте психикалық ауытқулары бар адамдарға адамгершілікпен қарау туралы мәселе көтеріледі. Хьюго Мюнстербергтің әйгілі «Психотерапия» (*Psychotherapy*) (1909) аталатын еңбегінде түрлі психикалық ауытқуларды емдеу әдістері қарастырылады. Бұл кітаптың жарық көруі клиникалық психологияның әрі қарай дамуына септігін тигізді. Себебі оның ішінде ақыл-есі кем адамдарға көмек көрсетудің нақты жолдары ұсынылды.

Зигмунд Фрейдтің идеялары клиникалық психологияның дамуына зор ықпал етті (13-тарауды қараңыз). Ол осы идеялардың арқасында Уитмердің алғашқы клиникасынан тыс аймақтарға шықты. Фрейдтің психоанализ саласындағы жұмысы психологияның алдыңғы қатарлы өкілдері мен америкалық қоғамды таңғалдырумен қатар, олардың наразылығын тудырды. Оның идеялары клиникалық психологтерге психоаналитикалық терапияның алғашқы тәсілдерін берді.

Алайда клиникалық психология алғашында өте баяу дамыды. Зигмунд Фрейд 1918 жылы АҚШ-қа келгеннен кейін, 9 жыл өткен соң, елде клиникалық психология бойынша мамандар даярлайтын арнайы бағдарламалар болмады. 1940 жылдың өзінде клиникалық психология – психологияның аз ғана саласын қамтыды. Психикалық ауытқуы бар адамдарды емдеу тәсілдері көп болмағандықтан, клиникалық психологтердің жұмыс табуы қиын еді. Клиникалық психология мамандары жеке бағдарламалар бойынша әзірленген емес және олардың қызметі түрлі сынақтар өткізуден тұрды.

АҚШ Екінші дүниежүзілік соғысқа енген сәттен бастап, 1941 жылы жағдай өзгерді. «Әскерге шақырылған азаматтардың көбі үрей тудыратын ауытқуларға ұшырап, күйзеліске шалдықты және тізгінделмейтін ашу-ызаға бой алдырды. Оларға әлеуметтік мінез-құлыққа қарсы әрекеттер мен басқа да психикалық ауытқулар тән болатын. Олар төсекке жіберіп қоятын, қоғамнан шет қалған адамдар еді» (Engel, 2008, pp. 43–44). 1945 жылы, соғыс аяқталар кезде, екі миллион адам психикалық ауытқуға байланысты әскери қызметтен босатылды. Олардың шамамен бір миллионы қызмет барысында психикалық ауытқулардан емделді. Шамамен 500000 адам ұқсас себептермен емделіп шықты (Schultz, 2013).

Әскери басшылық мұндай жағдайда адамдарға көмектесе алатын психологтер мен мамандар жеткілікті емес екенін түсініп, тез шешім қабылдады. Бұл жағдай клиникалық психологияның ауқымды әрі дамып келе жатқан қолданбалы саласына айвалуына түрткі болды. Әскер клиникалық психологтерге жауынгерлер арасындағы эмоциялық ауытқуларды емдеуге қажет жүздеген бағдарламаға тапсырыс берді.

Соғыстан кейін клиникалық психологтерге деген қажеттілік арта түсті. Ардагерлер ісі жөніндегі басқарма түрлі психологиялық ауытқуларға шалдыққан 40 мың соғыс ардагері үшін жауап берді. Сонымен бірге үш миллионнан астам адам қалыпты өмірге оралу үшін кәсіби қайта даярлық пен жеке кеңес алуға, соғыс салдарынан еңбекке жарамсыз 315 мыңға жуық ардагер психологиялық көмекке мұқтаж болды. Психикалық денсаулық жөнінде кәсіби кеңесшілерге сұраныс өсті. Сұраныс ұсыныстан едәуір асып түсті.

Ардагерлер істері жөніндегі басқарма осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін университеттерде білім алған психологтердің біліктілігін арттыру бағдарламаларын қаржыландырып, ардагерлерге арналған госпитальдар мен клиникаларда жұмыс істеуге ниет білдірген аспиранттарды оқытуға қаражат бөлді. Осы бағдарламаларды енгізу нәтижесінде клиникалық психологтерге түрлі емделушілермен жұмыс істеуге тура келді. Олар соғысқа дейін оқып-үйрену мен тілдесу қиындық келтіретін балалармен айналысса, соғыстан кейінгі жылдары ересек адамдардағы күрделі эмоциялық проблемалар диагностикасы мен эмоциялық күйзелісті емдеуі тиіс болды. Қазір АҚШ-та Ардагерлер істері жөніндегі министрлік психологтер үшін әлі де ең ірі жұмыс беруші болып саналады.

Клиникалық психологтер психикалық денсаулық орталықтарында, мектептерде, коммерциялық ұйымдарда да жұмыс істейді, жеке практикамен айналысады. Клиникалық психология – бұл қолданбалы бағыттың ең ірісі. Себебі барлық психолог-аспиранттардың үштен бір бөлігі клиникалық психологияға маманданған.

Психологиядағы индустриалды-ұйымдастыру қозғалысы

Лейпцигте Вундттан білім алған тағы бір америкалық студент – Уолтер Дилл Скотт интроспективті психологияны артқа тастап, бизнес пен жарнамада ғылыми жаңа әдістер қолданды. Скотт өмірінің басым бөлігін сауда және өндіріс саласындағы тиімділік мәселелерін шешуге, сондай-ақ ірі кәсіпкерлер мен тұтынушыларды ынталандыру мәселесіне арнады.

Уолтер Дилл Скотт (1869–1955)

Скотттың қызметінен функциялық психологияның практикалық мәселелерді шешуге деген қызығушылығын байқауға болады. Психология тарихшыларының бірі былай дейді:

«Скотт зерттеу жұмыстарын Вундттың білім алған жері – Лейпцигтен Чикагоға оралғаннан кейін жариялады. Бұл жұмыстарында ол немістердің теориясына емес, америкалықтардың ішкі жан дүниесіне жақын тиімділікке ерекше мән береді. Скотт ынталандыру мен импульстерді дерексіз түсініктер деп сипаттамай, тұтынушыларға, арнайы тыңдаушылар мен жұмысшыларға әсер ету туралы айтты» (Von Mayrhauser, 1989, p. 61).

Скотт психологиядағы бірқатар бағытты алғашқы болып ашты. Ол – осы саладағы алғашқы кітаптың авторы; қолданбалы психология ғылымының профессоры атағын алған алғашқы адам. Ол психологиялық консалтинг компаниясының негізін бірінші болып қалады. Психологтер арасында АҚШ әскеріндегі «Ерен еңбегі үшін» медалімен бірінші болып марапатталды.

Скотттың өмірбаяны

Уолтер Скотт Иллинойс штатының Нормэл қаласы маңындағы фермада дүниеге келді. Алқапта жұмыс істеп жүріп, жұмыстың тиімділігін арттыру идеясына әуестенді. Әкесі жиі ауырғандықтан, отбасылық шағын ферманы 12 жасынан



УОЛТЕР ДИЛЛ СКОТТ

<https://en.wikipedia.org>

бастап өзі басқарды. Бір күні ол аздап тынығу үшін екі жылқысын атызға қарай айдап әкелді. Оған алыстан Иллинойс штаты қоғамдық университетінің ғимараты көрінді. Уолгер осы ғимаратқа қарап тұрып, өмірде әлденеге қол жеткізу үшін уақытты босқа өткізбеу керектігін түсінді. Ол фермада әр сағат сайын жылқыларын тынықтыруға 10 минут жұмсады. Бір күн ішінде бір жарым сағат уақыт жоғалтты. Босқа кеткен осы уақытты оқуға арнауға бел байлаған. Скотт сол күннен бастап алқапқа шығарда әрдайым өзімен бірге кітабын алып, қолы қалт еткенде кітап оқыды.

Скотт университетке түсуге ақша табу үшін өзі әзірлеген консервіленген бүлдіргенді сатып, металл сынықтарын жинап, бір күндік жұмыспен айналысты. 19 жасында фермасын тастап, Иллинойс штатындағы қоғамдық университетке оқуға түсті. Екі жыл өткен соң конкурсқа қатысып, Иллинойс штатының Эванстон қаласындағы Солтүстік-батыс университетінде оқу грантын ұтып алды. Оқып жүріп репетитор болып, ақша тапты. Университеттің футбол командасында ойнап, осы жерде өзінің болашақ жарын – Анна Марси Миллерді жолықтырды.

Осы кезде мансап жолын таңдаған Скотт Қытайда миссионер болуға шешім қабылдады. Бұл үшін үш жыл оқып, білім алуы тиіс еді. Скотт Чикаго теологиялық семинариясын бітіріп, қашық елдерге баруға әзір болғанда, бос жұмыс орындары қалмады. Қытайда миссионерлер көп болатын. Енді ол психологиядағы мансабы туралы ойлана бастады. Психологияны зерттей бастағанда ғылымға деген қызығушылығы оянды. Бір күні оның Лейпциг зертханасы туралы мақалаға көзі түсті. Шәкіртақы, қосымша жалақы және қарапайым қажеттіліктер арқасында Скотт Германияға барып келуге және үйленуге жететіндей бірнеше мың доллар үнемдей алды.

1898 жылдың 21 шілдесінде Скотт қалыңдығымен бірге Германияға аттанды. Ол Лейпцигте Вундттан білім алды. Ал Анна Галл қаласында тұрып, университетте әдебиет бойынша докторлық диссертациямен айналысты. Олар Германияда өткізген екі жыл бойы тек демалыс күндері көрісті. Доктор дәрежесін алғаннан кейін үйлеріне оралды. Скотт Солтүстік-батыс университетінде психология мен педагогикадан сабақ бере бастады. Осы кезден бастап оның жалпы қолданбалы психологияға бейімділігі және білім беру мәселелеріне деген қызығушылығы байқалды.

Бірнеше жыл өткен соң, жарнамасының тиімділігін арттыру мақсатында психологиялық әдістерді қолдануға көмек сұраған жарнама бюросының иесі Скотпен жүздескеннен кейін пікірін өзгертті. Бұл идея оған қатты ұнады. Америкалық функционализм рухына сүйене отырып, психология арқылы шынайы өмірдің түрлі мәселелерін шешу үшін Вундт психологиясынан ауытқып, мүлде басқа бағытқа ауысты.

Скотт осы тақырып бойынша «Жарнама теориясы мен практикасы» (*The Theory and Practice of Advertising*) (1903) аталатын алғашқы кітабын жазды. Бұл кітаптан кейін Скоттың өзге де мақалалары мен кітаптары жарық көрді. Осы салада оның білімі мен тәжірибесі, сондай-ақ іскерлік ортада беделі мен байланысы артты. Ол қызметкерлер құрамын іріктеу мен басқару мәселелеріне жүгінді. 1909 жылы Солтүстік-батыс университеті жанындағы коммерциялық мектепте жарнама профессоры атанды. 1916 жылы Скотт Питтсбургтегі Карнеги техникалық университетінде қолданбалы психология ғылымының профессоры атанып, Сауданы зерттеу бюросының директоры болып тағайындалды.

1917 жылы, АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғысқа енген кезде, Скотт әскери адамдарды іріктеу барысында өзінің білімін қолдануды ұсынды. Оның ұсынысы бірден бағаланған жоқ. Себебі әлі де қоғамда психология практикалық пайда алып келеді деген бірінғай ой болмады. Скотт бірге жұмыс істеген армия генералы профессорларға сенімсіздікпен қарады. «Ол профессорлардың аяққа оратылмауын талап етіп, АҚШ-тың Германиямен соғыс жағдайында тұрғанын және оның қайдағы бір тиімсіз тәжірибелер өткізуге уақыты болмағанын айтты» (Scott,

Von Maunhauser. 1989, p. 65). Скотт ашуға булыққан әскери генералды сабырға шақырып, бірге тамактануды ұсынды. Ол генералға жауынгерлерді іріктеуде психологиялық әдістердің маңызын дәлелдеді. Соғыс аяқталғанда Скоттың айтқандары іс жүзінде расталып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Соғыс аяқталған соң, Скотт корпорацияларға қызметкер таңдау және жұмысшылардың өнімділігін арттыру мәселелері бойынша консалтинг қызметтерін көрсететін жеке компаниясының («Скотт компаниясы» деген атпен танылды) негізін қалады. Сонымен қатар Солтүстік-батыс университетінің президенті болып сайланып, 1920–1939 жылдар аралығында осы қызметті атқарды. Скотт-Холл университеті Уолтер Дилл Скотт және Анна Миллер Скоттың есімдерімен аталды.

Жарнама және оның адамдарға ықпалы

Скоттың жарнама мәселелеріне қатысты еңбектерінде Вундттың эксперименттік психологиясының, әсіресе оның практикалық салаға енгізген талпыныстарының ықпалы байқалады. Мысалы, оның айтуынша, сезім органдары дегеніміз –

«жанның бейнесі. Біз объектіден көп түйсінулер алған сайын, оны жақсы түсіне бастаймыз. Жүйке жүйесінің функциясы – бізді қоршаған объектілердің қалай дыбысталатынын, сезілетінін, дәмі берілетінін білу.

Жарнамалық хабарландыруларды кейде коммерция әлемінің жүйке жүйесі деп атайды. Дыбыстар туралы ешқандай түсінік оятпайтын музыкалық аспаптар жарнамасы нашар жарнама болып есептеледі... Біздің жүйке жүйеміз әр объектіден жан-жақты түйсіну беретіні сияқты, жүйке жүйесімен салыстырылатын жарнама да оқырманға жарнамаланатын заттың өзі тудыратын түрлі бейнелер беруі тиіс» (Jacobson, 1951, p. 75).

Скотт тұтынушылардың рационалды түрде жұмыс істей алмайтынын және жарнаманың ықпалына жылдам ұшырайтынын айтты. Ол эмоцияларды, қобалжуды және сентименталдықты жарнамалардың ықпалын арттыратын негізгі факторлар деп есептеді. Онын ойынша, жарнама ер-азаматтардан гөрі әйелдерге көбірек әсер етеді.

Скотт илану заңын қолдана отырып, жарнама берушілерге – тұтынушыларға берген хабарландыруында тікелей командалар қолдануға кеңес берді. Мысалы, «алмұрттың хош иісін беретін сабынды пайдаланыңыз». Кері қайтарылатын купондар пайдалану идеясы да Скотқа тиесілі. Бұл жағдайда тұтынушы әлдебір әрекет жасау қажет, яғни журналдан немесе газеттен купонды қиып алып, толтырып, тауардың тегін үлгісін алу үшін оны поштамен жіберу керек. Көптеген жарнама берушілер осы әдістерді қолданды. 1910 жылға қарай олар кең тарала бастады.

Қызметкерлерді іріктеу

Ең жақсы қызметкерлерді, әсіресе сатушыларды, басшыларды және әскери ұйым қызметшілерін іріктеу үшін Скотт арнайы шкалалар мен топтық сынақтар ойлап тапты. Сынақ арқылы осы салада өзін көрсете білген адамдардың қасиеттері бағаланды.

Скотт клиникалық психология саласында Уитмер тап болған мәселемен бетпе-бет келді. Сонымен қатар Скоттың жұмыстарын үлгі ретінде алып, жеке тәсілдемесін дамыта алатын шәкірттері болмады. Ол көптеген әскери шенеуніктер мен коммерциялық кәсіпорын басшыларынан жұмысшыларының сыртқы келбетін, мәнерін, шынайылығын, өнімділігін, мінезі мен өмірлік құндылықтарын бағалауды өтінді. Осылайша, басшының пікірі бойынша, бос жұмыс орнына үміткерлерде болашақ жұмысын жемісті орындауға қажет қасиеттердің бар екені анықталды. Бүгінгі күні де осыған ұқсас әдіс қолданылады.

Скотт интеллектуалдық және өзге де қабілеттерді бағалау үшін психологиялық сынақтар жасады. Оның сынақтары әр үміткерді жеке және бір топ үміт-

керді тексеру үшін жарамды болды. Бұл тәсіл көп адамдардың қабілетін тез әрі тура бағалауды қажет ететін ірі кәсіпорындар мен әскери кадр қызметі үшін өте маңызды еді. Скоттың сынақтары Кеттеллдің және басқа да практикалық психологтердің ұқсас зерттеулерінен ерекшеленді. Скоттың мақсаты – жалпы интеллектіні анықтау емес, адамның өз интеллектісін қалай қолданатынын анықтау. Басқаша айтқанда, ол интеллектінің күнделікті өмірде қалай жұмыс істейтінін түсінгісі келді.

Ол интеллектіні нақты тану қабілеттері тұрғысынан емес, тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен дұрыстығын бағалап, практикалық тұрғыдан қарастырды. Кейінгі айтылған ерекшеліктер – жақсы орындаушыға қажет қасиеттер. Ол өзін көрсете білген қызметкерлердің бағасымен салыстырылатын үміткерді тестілеу барысында алынған бағаға қызығушылық білдірді. Алайда сынақ арқылы сыналушының ақыл-ой қабілетін анықтау қарастырылмады.

Түсініктеме

Скотт та, Уитмер сияқты, психология тарихында ерекше орынды иеленген жоқ. Оның бірнеше себебі бар. Көптеген практикалық психологтер сияқты, Скотт та өзінің жеке теориясын тұжырымдаған жоқ, психология мектебін де ашпады, студенттер арасында сенімді ізбасарлары да жоқ еді. Ол академиялық ізденістермен аз айналысты және мақалалары ғылыми журналдарда сирек жарияланды.

Жеке корпорациялар мен әскер үшін оның жұмысы практикалық сипатқа ие болып, нақты мәселелерді шешуге және нақты қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталды. Академиялық ортадан шыққан бірқатар психологтер, әсіресе ірі университеттер мен белгілі зертханаларда ерекше орын иеленіп отырған психологтер практикалық психологтер жұмысының құндылығына сенбей, олардың психологияның функциялық ғылымының дамуында үлесі жоқ деп есептеді.

Скотт және басқа қолданбалы психологтер бұл пікір төңірегінде дауласты. Олар практикалық қолданыс пен ғылымның ілгерілеуі арасында ешқандай қарама-қайшылықтардың жоқ екенін айтты. Практикалық психологтер көпшіліктің практикалық психологияға қызығуының өзі оның құндылығын растайтынын көрсетіп, өз кезегінде, іргелі психологиялық зерттеулерге шақырды. Сөйтіп, алғашқы машықтанған психологтер америкалық психологияның функциялық рухын бейнеледі.

Дүниежүзілік соғыстардың әсері

Бірінші дүниежүзілік соғыс индустриалды-ұйымдастыру психологиясының дамуына ықпал етті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Скотт АҚШ әскеріне ерікті түрде көмектескісі келді және коммерциялық кәсіпорын басшыларының кәсіби қасиеттерін бағалау бойынша зерттеулер негізінде әскери офицерлерді іріктеуге арналған арнайы бағалау шкалаларын ұсынды. Соғыс аяқталар кезде үш миллион жауынгердің біліктілігін бағалады. Оның жұмысы психологияның практикалық құндылығының кеңінен танымал болған бір үлгісі еді. Соғыстан кейін индустриалды психологтердің қызметіне сұраныс жоғары болды: саудагерлер, өнеркәсіп басшылары және үкіметтік ұйымдар қызметкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіруге және оларды жұмысқа қабылдау кезінде психологиялық тестілеу қағидаларын енгізуге талпынды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде көптеген психологтер әскерге шақырушыларды тестілеуге, іріктеуге және үлестіруге тікелей қатысты. Сонымен қатар күрделі әскери техниканы басқару (мысалы, жылдамдығы жоғары ұшақтарды) да тиісті қабілеттер мен дағдыларды қажет етті. Психологтер тез үйренетін және басқа да қажетті қасиеттері бар адамдарды іріктеу үшін кадр даярлаудың жаңа сынақтары мен әдістемелерін жетілдірді. Индустриалды психология аясында

соғыс жағдайының талабына жауап ретінде инженерлік немесе техникалық психология, басқару және эргономика психологиясы деген бағыттар пайда болды.

Инженерлік психология мамандары қару-жарак жүйелері саласында мамандармен жұмыс істей отырып, адамның мүмкіндіктерін зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Ол кейін адамның қабілеттерін оңтайлы ескеретін техникалық жабдықты жетілдіру кезінде қолданылды. Инженерлік психология мамандары бүгінде әскери технология саласында ғана емес, тұрмыстық техника заттарын, автокөлік панельдерін, компьютер, смартфондар, компьютер пернетақтасын және дисплейлер жасайтын өнеркәсіп саласында және әскери технологиялар саласында қызмет етеді. Күнделікті өмірде қолданатын әрбір құралда ақпаратты көрсету тәсілі инженерлік психология мамандарының қатысуымен жүзеге асты.

Хоторндағы зерттеулер мен ұйымдастыру факторлары

Индустриалды психология 1920 жылдары әр адамның өзіне лайықты жұмыс істеуі үшін үміткерлерді іріктеуге ерекше назар аударды. 1927 жылы бұл сала Иллинойс штатының Хоторн қаласындағы Батыс электр компаниясына тиесілі жана зерттеу бағдарламасы аясында кеңейтілді (Roethlisberger&Dickson, 1939). Бұл ізденістер қызметкерлерді іріктеп үлестіру аясынан шығып, адамдардың өзара қарым-қатынасы және қызметкерлердің ынтасы мен түсінуі күрделі мәселелерін қарастырды.

Зерттеу жұмысы еңбек жағдайларының, мысалы, бөлмедегі жарық пен температураның жұмыс нәтижесіне әсерін талдаудан басталды. Қорытынды зауыт басшылары мен психологтердің өздерін таңғалдырды. Жұмысшылар үшін әлеуметтік және психологиялық еңбек жағдайлары физикалық орта көрсеткіштеріне қарағанда әлдеқайда маңызды.

Мәселен, зерттеушілер 20000 жұмысшымен әңгімелесіп, сұхбаттасудан гөрі, оны өткізуі фактісі (себебі оны мұқият зерттеп, қарап, тыңдады) сұхбат алынған қызметкерлердің ынтасын әлсіретіп, оларды тілалғыш және салмақты етіп көрсетті деп тұжырымдады (Lewin, 2005, p. 65).

Басқаша айтқанда, зерттеу бағдарламасы аясында жұмысшылармен бетпе-бет тілдесу немесе олардың жұмысын бақылау – компания басшысының жұмысшы-



Courtesy of Lucent Technologies, Inc. © 2004 Lucent Technologies, Inc. All rights reserved.

1920–1930 жылдары Хоторн (Иллинойс) қаласындағы Батыс электр компаниясына тиесілі зауытта тәжірибелі психологтер адамдар арасындағы қатынастар, басшылардың басқару стильдері, қызметкерлердің ынтасы, еңбек санасы сияқты күрделі салада зерттеулер жүргізді

ларға қамқорлықпен қарайтынына және әрқайсысын бағалайтынына, оларды индустриалды алып машина механизміндегі ұсақ бөлшек ретінде қарастырмайтынына сендірді.

Хоторнда өткізілген зерттеу жұмыстары психологтерге жұмыс орнында әлеуметтік-психологиялық ортаны зерттеу және басшылық стилі, бейресми топтар, қызметкерлер мен менеджерлер арасындағы өзара қарым-қатынастар және ынталану, жұмыс өнімділігі мен жұмыстан қанағаттану сияқты басқа да факторларды зерттеумен айналысуға мүмкіндік берді. Коммерциялық кәсіпорын басшылары жұмысты атқару сапасына айтарлықтай ықпал ететін факторларды тез түсінді. Америка Психологтер қауымдастығының Индустриалды психология бөліміне «Индустриалды және ұйымдастыру психологиясы қоғамы» деген атау берілу арқылы ұйымдастыру факторының маңызы мойындалды.

Лилиан Гилбрет

Индустриалды-ұйымдастыру психологиясы әу бастан әйелдер үшін мансап мүмкіндігін ұсынған кәсіптердің бірі болды. Лилиан Моллер Гилбрет (1878–1972) 1915 жылы Браун университетінде бірінші болып ғылым докторы дәрежесін алды. Күйеуі Фрэнк Гилбретпен бірге еңбек өнімділігінің тиімділігін арттыру әдісі ретінде – «уақыт пен қозғалысты» талдаумен айналысты. Сонымен қатар ол – жұмысшылардың қозғалысы мен дене іс-қимылдарын талдау үшін жұмыс орнында бейнекамераға түсіру құндылығын алғаш мойындағандардың бірі (Belliveau, 2012).

Сол кездегі компания басшылары оның елеулі жетістіктеріне қарамастан, психолог-әйелді кеңсеге немесе зауытқа жұмысқа қабылдаудан бас тартты. Лилиан мен Фрэнк өндіріс тиімділігі туралы кітап жазғанда, баспагер оның есімін кітап мұқабасына жариялауға қарсы болды. Ол мұны «кітап мұқабасындағы әйел адамның есімі кітапқа деген сенімді төмендетеді» деп түсіндірді. Басқару психологиясына арналған жеке кітабын Лилиан Гилбреттің орнына Л.М. Гилбрет деп жазуға келісім бергеннен кейін ғана басып шығаруға рұқсат берді. Егер оның кітабында әйел есімі тұратын болса, онда бірде-бір бизнесмен бұл кітапты ешқашан сатып алмайтынын айтты. Дегенмен Лилиан Гилберт осы және басқа да кедергілерден өтіп, мақсатына жетті (Kelly&Kelly, 1990; Lancaster, 2004). Оның портреті АҚШ-тың пошта маркаларына да басып шығарылды.

Ол бұл жетістікке 12 баласын тәрбиелей отырып жетті. «Лилиан 1905–1922 жылдар аралығында дүниеге 13 бала әкелді. Балаларының арасы 15 ай еді. Бір баласы бес жасында қайтыс болды» (Leroge, 2009, p. 88). Кейін оның екі баласы балалық шақтары туралы баяндайтын «Көтерме бағамен арзанырақ» (*Cheaper by the Dozen*) атты кітапты басып шығарды. Лилиан 90 жасқа толғанда да жұмысын тоқтатқан жоқ. Оның жұмысты басқару және тиімді өнімділікке қатысты зерттеу жұмыстары мен жаңашыл идеялары ұйымдар мен тұрмыста қолданыла бастайды. Тоңазытқыштардың есіктерін қосымша сөрелермен жабдықтау – оның керемет идеяларының бірі. Бұл әдіс тоңазытқыштың сыйымдылығын арттырып, оның дизайнын жақсартты (Лилиан Гилбрет туралы толығырақ ақпарат алу үшін мына сілтеме бойынша өтіңіз: www.webster.edu/~woolfllm/gilbreth2.html). Бүгінде индустриалды-ұйымдастыру психологиясы саласында докторлық дәрежесі бар барлық мамандардың жартысы әйелдер екенін атап өту керек.

Хьюго Мюнстерберг (1863–1916)

Хьюго Мюнстерберг – америкалық психологияда керемет жетістікке жеткен және көпшілікке танылған неміс профессоры. Ол танымал журналдарда жарияланған жүздеген мақаланың авторы. Клиникалық, өнеркәсіптік және сот психологиясы сияқты қолданбалы салалар бойынша жиырма шақты кітап басып шығарды.



<https://en.wikipedia.org>

ХЬУГО МЮНСТЕРБЕРГ

Теодор Рузвельт пен Уильям Говард Тафт президенттігі кезінде Вашингтондағы Ақ үйге жиі бас сұғатын АҚШ-тың іскерлік және үкіметтік элитасының бірқатар өкілдері Хьюгодан кеңес алды. Германия кайзері Вильгельм, болат құю магнаты Эндриу Карнеги, философ Бертран Рассел, кино жұлдыздары мен зиялылар онымен таныстықтарын мақтан тұтты. Оның жетістіктеріне 18 мақала арнаған «Нью-Йорк Таймс» (*New York Times*) газетінде ол туралы жиі жазылатын (Dennis, 2011).

Сонымен қатар Мюнстерберг Гарвард университетінің құрметті профессоры және Америка Психологтер қауымдастығының және Америка Философтар қауымдастығының төрағасы болып сайланды. Ол – АҚШ пен Еуропада қолданбалы психологияның негізін қалаған және тыңшылық үшін айыпталған екі психологтің бірі.

Ол туралы «қолданбалы психологияның керемет уағыздаушысы» деп жазатын (O'Donnell, 1985, p. 225). Оның биографы Мюнстербергті былай сипаттайды: «Іскер публицист, жұртты таңғалдыратындай жаңалықтарға толы. Үнемі өзін жетілдірумен айналысты, ғылымды дамытып, отанын құрметтеумен өтті» (Hale, 1980, p. 3).

Ол өзімішл және өзіндік пікірі жоғары адам болатын. Философ Джордж Сантаяна оны «мадақ-салтанатты» сүйетін және «өзімішл» адам деп сипаттайды. Мюнстерберг бірде трансатлантикалық саяхат барысында Сантаянаға: «Кемеле адамдардың көп болуы менің осы кемеле болуыма байланысты. Сондықтан мен қуаныштымын», – дейді (Benjamin, 2006, p. 419).

Ақырында, оның атақ-даңқы ешкімге керек болмай қалды. Өмірінің соңында Мюнстербергті бәрі жек көріп, келемеж етті. Ол газет беттерінде сайқымазаққа теңеліп, өмірінің көп жылын арнаған университетте оны ешкімнің көргісі келмеді. Америкада ең жексұрын адамдардың біріне айналды (Benjamin, 2006, p. 113). Ол 1916 жылы дүние салғанда, америкалық психологияның данышпаны болып есептелген адамның мазарында мақтау сөздер көп айтылмады.

Мюнстербергтің өмірбаяны

19 жастағы Мюнстерберг 1882 жылы Германияның Данциг қаласынан (қазіргі таңда Польшадағы Гданьск қаласы) Лейпциг қаласына көшті. Лейпциг университетінде медицинаны оқып-үйренгісі келді. Бірақ Вильгельм Вундттың бірнеше дәрісіне қатысқаннан кейін болашақтағы жоспарын өзгертті. Қазіргі психология медициналық зерттеулер мен практика бере алмайтын жарқын болашағымен қызықтырды.

Мюнстерберг 1885 жылы Вундттың жетекшілігімен докторлық диссертациясын қорғап, арада екі жыл өткен соң Гейдельберг университетінде докторлық дәрежесін алды. Бұл дәреже оған болашақта академиялық зерттеулермен айналысуға қосымша мүмкіндік берді. Ол Фрайбург университетінде сабақ бере бастады. Университетте тиісті бөлме болмағандықтан, үйінде өз қаражатына зертхана жабдықтады. Психофизикалық тәжірибелерінің нәтижелері бойынша бірнеше мақала жариялап, көп ұзамай оның зертханасына Еуропаның түкпір-түкпірінен студенттер келе бастады. Мансап жолы ойдағыдай басталып, профессорлық қызмет пен құрметті ғалым атағына ие болды.

Уильям Джеймс 1892 жылы Мюнстербергті Гарвард университетінің психологиялық зертхана директоры қызметіне шақырды. Джеймс неміс әріптесін Гарвардқа тартуды көздеді. АҚШ-тағы ең жақсы зертхананы Мюнстерберг сияқты данышпан адам басқаруға лайық деп тапты. Мюнстерберг Германияда қалғысы келді, бірақ оның атакқұмарлық қасиеті Джеймстің ұсынысын қабылдауға мәжбүр етті.

Америка сапары

Ол үшін Германиядан АҚШ-қа сапары және эксперименттік психологиядан қолданбалы психологияға өту оңай болған жоқ. Бастапқы кезде Мюнстерберг қолданбалы психологияның таралуын қолдамады. Ай сайын шығатын америкалық «Атлантика» (*Atlantic Monthly*) (1898) журналында жарияланған мақаласында білім саласындағы мәселелерді шешу үшін психологияны қолданатын немесе психологиялық көрсеткіштерді өлшеу үшін сауалнамаларды және басқа да әдістерді пайдаланатын әріптестерін сынға алды (Benjamin, 2006). Сөйтіп, ол Кеттеллді қоса алғанда көптеген атақты психологтерден алшақтай бастады. Көпшілікке арналған кітаптарды жазатын, кәсіпкерлерге ақылы дәріс оқитын және сарапшы ретінде өз қызметтерін ұсынатын америкалық психологтерді сынға алды. Алайда Мюнстерберттің өзі де осы жұмыстарды атқаратын.

Гарвардта он жыл жұмыс істеген Мюнстерберг Германияда өзіне профессор қызметін ұсынатын университетті таппайтынын түсініп, ағылшын тілінде «Америкалық мінез» (*American Traits*) (1902) аталатын алғашқы кітабын жазды. Ол мұнда америкалық қоғамның психологиялық, әлеуметтік және мәдени талдауын сипаттады. Өте дарынды жазушы болған Мюнстерберг өз хатшысына бір ай ішінде 400 беттік кітапты баяндап берді. Уильям Джеймс «Мюнстерберттің миы ешқашан шаршамайды» деген еді.

Кітапқа қатысты жақсы пікірлер Мюнстерберттің көпшілікке арнап жазуына түрткі болды. Нәтижесінде оның мақалалары психология журналдарынан гөрі танымал журналдарда көбірек басыла бастады. Ол сана мазмұны саласындағы психологиялық зерттеулермен айналысуды тоқтатып, психология арқылы шешілетін күнделікті мәселелермен айналысты.

Оның мақалаларында сот істері, қазіргі қылмыс заңнамасы, тұтыну тауарларының жарнамасы, маманның кеңестері, сондай-ақ психикалық денсаулық пен психотерапия, бизнес пен кинематография психологиясы туралы тақырыптар қозғалды. Сонымен қатар Мюнстерберг оқыту және бизнес мәселелері бойынша тиісті корреспонденттік курстар әзірледі. Кинотеатрларда жиі көрсетілген интеллект сынақтар туралы фильм түсірді.

Мюнстерберг қорқақ емес еді. 18 адам өлтірді деген айып тағылған даулы сот процесі кезінде кәсіби кісі өлтірушінің интеллектісіне арналған 100 шақты сынақ өткізді. Айыпталушы бір кәсіподақ басшысын адамдарды өлтіруге тапсырыс берді деп кінәлады. Мюнстерберг алқа сотының шешімі шыққанға дейін «сынақ нәтижелерінің негізінде кісі өлтірушінің кәсіподақ басшысын кінәлағаны рас» деп мәлімдеді. Сот кәсіподақ басшысын ақтаған кезде, Мюнстербергке деген сенім жойылды. Бір газет бетінде оны «құбыжық профессор» деп атады, яғни оның іс-әрекеттері адамдар арасында үрей туғызды.

Мюнстерберг 1908 жылы алкогольді ішімдіктерді сатуға тыйым салуды енгізуге қатысты пікірталастарға белсенді түрде қатысты. Ол психолог ретінде өзінің көзқарасын және алкогольді ішімдіктерді шектеулі мөлшерде сату тиімді екенін дәлелдеп, құрғақ заңға қарсы шықты. Адольфус Буш пен Густав Пабсты қоса алғанда, АҚШ-та жұмыс істейтін неміс сыра қайнатушылары Мюнстерберттің көзқарасына таңғалып, АҚШ-тың алдында Германияның беделін көтеру үшін Мюнстербергке қолдау көрсетіп, ірі сомада ақшалай көмек берді. Өкінішке қарай, Мюнстерберттің құрғақ заңды сынап мақала жариялағанынан кейін, бірнеше апта өткенде, Буш неміс мұражайының негізін салуға 50 мың доллар қаржы бөлді. Сол кездегі тыншылық ортада бұл қаржы бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударды.

Мюнстерберттің әйелдердің қоғамдық өмірдегі рөліне қатысты көзқарасы туралы да айта кету ләзім. Ол Мэри Уитон Калкинспен бірге (7-тарауды қараңыз) Гарвардтағы басқа да магистрант-әйелдерге қолдау көрсеткенмен, ғылыми жұмыс әйелдерге аса жоғары талаптар қояды деп есептеді. Оның пікірі бойынша, әйелдер үйде отырып, мансаптан бас тартуы, мектептерде сабақ бермеуі тиіс.

Себебі олар ер адамдармен бәсекелесе алмайды және ұл балалар үшін беделді адам бола алмайды. Ол әйелдерді рационалды шешім қабылдай алмайды деп есептегендіктен, олардың алқа сотына қатысуына қарсы болды. Ал әлемнің газет беттерінде бұл туралы түрлі мақалалар жарияланды.

Гарвард университетінің президенті мен Мюнстербергтің бірқатар әріптестері оның төңірегіндегі айқай-шуды, сондай-ақ оның практикалық психологияға қызығушылығын қолдамады. Бірінші дүниежүзілік соғыста, Мюнстерберг өзінің отанын ашық түрде қолдаған кезде, шиеленіскен қатынастар өз шегіне жетті. Америкалық қоғамда Германия үкіметіне қарсы көңіл күй басым еді. Германия соғыста басқыншы болды, ал Мюнстерберг Германия азаматы болғандықтан, өз отанын ашық түрде қолдады.

Газеттер Мюнстербергтің, шындығында, құпия тыңшы, неміс офицері болғанын айтып, оны Гарвард университетіндегі қызметінен босатуға шақырды. Лондон газеті оны неміс үкіметінің агенті деп атады. Оның көршілері «Мюнстербергтің қызы ауласында асырайтын көгершіндерді басқа тыңшыларға хабарлама беру үшін пайдаланады» деп күдіктенді. Гарвард университеті түлектерінің бірі, егер Мюнстерберг қызметінен босатылса, университетке 10 миллион доллар беруге уәде етті (Spillmann&Spillmann, 1993).

Әріптестері оны жақтырмады. Мюнстерберг қоқан-лоқыға толы хаттар ала бастады. Ақыр аяғында, қуғын-сүргін мен орынсыз шабуылдар оның рухын төмендетті. 1916 жылдың 16 желтоқсанында газет беттерінде Еуропадағы бейбітшілік келіссөздері туралы болжамдар пайда болды. Мюнстерберг әйеліне жазған хатында «Көктемге қарай бейбітшілік орнайды» деген еді (Munsterberg, 1922, p. 302). Ол университетке қалың қарды омбылап жаяу барды. Университетке жеткенде қатты шаршаған еді. Соған қарамастан, аудиторияға кіріп, дәріс оқи бастады. Ол «шамамен жарты сағат сөйлеп, бір мезетте тоқтап қалды. Үстелге сүйенгісі келгендей, оң қолын созды» (*New York City Evening Mail, December 16, 1916*)¹. Құлап түскен ол инсульттен қайтыс болды.

Сот психологиясы және куәгерлердің түсініктері

Сот психологиясы – психология және құқықтану салаларын қамтиды. Мюнстерберг қылмыстардың алдын алу, күдіктілерден жауап алған кезде гипнозды пайдалану, кінәлі мен куәгерлердің түсініктеріне сенім білдіру деңгейін анықтау үшін сынақтарды пайдалану сияқты тақырыптарға мақалалар жазды. Әсіресе қылмысты қате түсіну ықтималдығы мен оны дұрыс сипаттау мәселесіне қызығушылық білдірді.

Ол қылмысты ұқсатып жасағаннан кейін куәгерлерден бірден жауап алу барысында зерттеу жасады. Еске түсіру қиындық туғызбауына қарамастан, сыналушылардың жауаптарында көрген қылмыстың егжей-тегжей мәліметтеріне қатысты айтарлықтай ауытқулар байқалды. Сол себепті Мюнстерберг: «Егер қылмыс пен істі қарауға бірнеше ай уақыт бөлінсе, сот залында куәгерлердің жауаптары қаншалықты дұрыс болады?» – деген сұрақ қойды.

1908 жылы оның «Куәгердің жауабы» (*On the Witness Stand*) деген еңбегі жарық көрді. Ол осы еңбегінде сот шешіміне әсер ететін психологиялық факторларды сипаттайды. Олар: қате түсініктер, куәгерлерді қарама-қарсы жауапқа алу барысындағы болжамдар рөлі, күдіктінің немесе жауапкердің эмоциялық күйіндегі өзгерістерді анықтау үшін физиологиялық өлшемдерді пайдалану (тамырдың соғуы, қан қысымы, терінің тітіркенуі). 2009 жылы кітап қайта басылып шығып, 2013 жылы сатылымға түсті. 1976 жылы Америка Психологтер қауымдастығының жанынан Америка Заңгерлер мен психологтер қоғамы ашылды. Оның мақсаты – сот психологиясын дамытуда іргелі және қолданбалы зерттеулерді пайдалану.

¹ Бостонның кітапханасында сақталған Мюнстербергтің құжаттарын зерттеу негізіндегі ақпаратты ұсынғаны үшін д-р Л.Т. Бенджаминге ерекше алғысымызды білдіреміз.

Психотерапия

Мюнстербергтің 1909 жылы жарық көрген «Психотерапия» (*Psychotherapy*) аталатын кітабы қолданбалы ғылымдарға негізделді. Ол емделушілерді клиникада емес, зертханада тегін емдеді. Ол дәрігердің абырой-беделіне сүйеніп, емделушілерінен оларға қандай әдістер қолданылатынын жасырмады. Мюнстерберг Зигмунд Фрейдтің ойын құптап, психикалық аурулар бейсанада жасырын қайшылықтар нәтижесінде емес, өз мінез-құлқын қоршаған ортаға бейімдей алмауы салдарынан пайда болады деп есептеді. Мюнстербергтің пікірі бойынша, «Ешқандай бейсана болған емес» (Landy, 1992, p. 792). Фрейд 1909 жылы Г.Стенли Холлдың шақыруымен Кларк университетіне келгенде, Мюнстерберг елден әдейі кетіп қалды. Ол текетірестен қашып, Фрейд Еуропаға қайтып кеткенде ғана АҚШ-қа оралды.

Мюнстербергтің психотерапия туралы кітабы клиникалық психология мәселелеріне қоғамның назарын аудартқанына қарамастан, осы оқиғаға дейін Пенсильвания университетінде жеке клиникасын ашқан Уитмер бұл еңбекті қабылдамады. Уитмер Мюнстерберг жеткен танымалдыққа жете алмады және жетуге де тырыспады. Ол «Психологиялық клиника» (*Psychological Clinic*) журналы үшін жазған бір мақаласында Мюнстербергті психотерапиялық емдеу әдістерін жарнамалай отырып, өз кәсібін «қорлады» деп шағымданды.

Мюнстерберг әлдеқандай бір гипнозшы тәрізді болды. Себебі «(Гарвардтың) психология профессоры өте пысық болатын. Ол өзінің психологиялық зертханасында бірнеше жүйке ауруын емдегендей әсер қалдырды» (Hale, 1980, p. 110).

Индустриалды психология

Мюнстерберг сондай-ақ индустриалды психологияның дамуына қолдау көрсетті. Оның 1909 жылы шыққан «Психология және нарық» (*Psychology and the Market*) деп аталатын мақаласын осы қызметтің бастауы деп есептеуге болады. Мақалада психологияның пайдасы, атап айтқанда, кәсіби-техникалық дайындық, жарнама, персоналды басқару, ақыл-ой қабілетін тексеру, жалданатын жұмысшылардың ынтасын бағалау, жұмыстың қажыту және бірқалыпты сипатының еңбек өнімдігіне әсері сияқты өндіріс салалары көрсетілді.

Мюнстерберг кеңесші болып жұмыс істеген компанияларда бірнеше маңызды зерттеу жүргізді. Оның нәтижелері «Психология және өндірістің тиімділігі» (*Psychology and Industrial Efficiency*) атты кітабында (1913) жарияланды. Кітаптың танымал болғаны соншалық – бестселлерлер тізіміне енді. Мюнстерберг еңбектің тиімділігі мен өнімділігін арттырудың ең жақсы тәсілі – жұмысшыларға олардың мінезі мен ақыл-ой қабілетіне сәйкес келетін қызмет тандап беру екенін дәлелдеді. Бірақ мұны қалай жүзеге асыруға болады? Интеллектіге арналған сынақтар және өндіріс процесін модельдеу сияқты психологиялық іріктеу әдістерін пайдаланып, жұмыс берушілер болашақ жұмысшылардың білімін, дағдылары мен қабілеттерін анықтай алады.

Мюнстерберг психологиялық іріктеу техникасы еңбек өнімділігін арттыруға қалай әсер ететінін көрсете отырып, кеме капитаны, трамвай жүргізушісі, телефон операторы және сатушы сияқты түрлі кәсіп иелерімен зерттеу жүргізді. Мысалы, ол жұмыс кезінде әңгімелесу еңбек тиімділігін төмендететінін айтты. Сондықтан жұмысшылардың бір-бірімен тілдесуін қиындату үшін олардың жұмыс орнын тілдесу процесіне қиындық туғызатындай етіп орналастырды. Мысалы, Мюнстерберг зауытта станоктар арасындағы қашықтықты үлкейтуге болатынын немесе кеңседегі жұмыс орындарын аралықтармен бөлуге болатынын (кеңселерде жұмыс орындарын аралықтармен бөлуді ойлап тапқан) мәлімдеді.

Түсініктеме

Мюнстерберг теорияларға тұжырымдама жасаған жоқ, жаңа ой мектептерін де ашпады және қолданбалы психологиямен айналысқаннан бастап іргелі зерттеулер жүргізген емес. Оның зерттеулері функциялық, яғни нақты мақсаттарға және адамдарға көмектесуге арналғанын айтты. Ол Вундттан білім алып, интроспективті әдісті зерттегеніне қарамастан, адамзат үшін пайдалы әдістемелер мен жаңалықтарды пайдаланғысы келмеген әріптестерін сынға алды. Мюнстербергтің көмескі әрі жарқын тағдырын бір сөзбен сипаттауға болады: психология функциялық және пайдалы болуы тиіс. Ол, неміс мінезді ерекшеліктеріне қарамастан, өз уақытына лайық нағыз америкалық психолог болды.

АҚШ-тағы қолданбалы психология: ұлттық мания

Кеттелл Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында психология ғылымы психологтердің қызметін, «олардың картадағы және газеттің алғашқы беттеріндегі орнын» қамтамасыз етті деп тұжырымдады (O'Donnell, 1985, p. 239). Бұл тақырып бойынша Холл былай деп мәлімдеді: «Соғыс қолданбалы психологияға үлкен импульс берді. Жалпы психология үшін ол үлкен игі іс еді... Біз таза ғылыммен ғана айналыспауымыз керек» (Hall, 1919, p. 48). «Эксперименттік психология журналы» (*Journal of Experimental Psychology*) сияқты психологиялық басылымдар соғыс кезінде өз қызметін тоқтатқанда, «Қолданбалы психология журналы» (*Journal of Applied Psychology*) гүлдене бастады. 1918 жылы соғыс аяқталуға жақын қалғанда қолданбалы психология беделді кәсіпке айналды. Торндайқтың айтуы бойынша, «қолданбалы психология – бұл ғылыми жұмыс. Бизнес, өнеркәсіп немесе әскер үшін психология жасау басқа психологтер үшін психологияны құрудан қиынырақ. Сондықтан ол шеберлікті қажет етеді» (Camfield, 1992, p. 113).

Соғыс жылдарында қолданбалы психологияның жеткен жетістігі ғылымға да өз пайдасын тигізді. Тарихта алғаш рет жеткілікті мөлшерде қаржы бөлінді. Ал университет психологтері үшін жұмыс орындары жетіп артылды. Психологияның жаңа факультеттері, жаңа зертханалар ашылды. Профессорлар мен оқытушылардың жалақысы өсті. Америка Психологтер қауымдастығы мүшелерінің саны үш есеге артты. 1917 жылы 336 адам болса, 1930 жылы 1100 адамға жетті (Camfield, 1992). Осыған қарамастан, дәстүрлі психологтер бұрынғысынша қолданбалы психологияны жақтырмады. Стэнфорд-Биненің интеллектуалдық дамуға арналған тестін жасаған Льюис Терман бірқатар беделді психологтердің кез келген тестілеу бағдарламасына жақтырмай қарағанын айтты. Мені психолог ретінде ешкім менсінбегенін сездім (1961, p.324).

1919 жылы іргелі ғылымдардың өкілдері басқаратын Америка Психологтер қауымдастығы мүшелікке қабылдау талаптарын өзгертті. Қауымдастыққа кіретін үміткерлер енді эксперименттік зерттеулерін жариялауы тиіс еді. Шын мәнінде, бұл қолданбалы зерттеулермен айналысатын, машықтанған психологтердің, әсіресе психолог-әйелдердің жолына бөгет болды. Себебі олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қолданбалы психологиямен айтарлықтай шектелді.

Көптеген университет психологтері қолданбалы психологияға теріс көзқараста болғанмен, оның танымалдығы тез артып, қолданбалы психология «ұлттық манияға» айнала бастады (Dennis, 1984, p. 23). Адамдар психологтердің ерлі-зайыптылардың үйлесімсіздігінен бастап жұмысымен қанағаттанбауына дейінгі барлық мәселелерді шешуге, автокөліктен бастап тіс пастасына дейін – барлығын сатуға көмектесе алатынына сенді. Жаңа журналдар ғылымдағы осы жаңа саланы қолдады. Олардың ішінде: «Қазіргі психолог» (*The Modern Psychologist*) және «Психология: денсаулық, бақыт және жетістік» (*Psychology: Health, Happiness,*

Success) журналдары болды (Benjamin&Bryant, 1997). 1923 жылы «Нью-Йорк Таймс» журналында: «Жаңа психология ғылымы адамның бір қызмет саласынан басқа қызмет саласына жол салып, әрдайым оның маңызын растады», – деп жазылған (Dennis, 2002, p. 377).

Шынайы өмірдің мәселелерін шешуге арналған психологияның артып келе жатқан қажеттілігі психологтердің академиялық зерттеулерден қолданбалы салаларға ауысуына түрткі болды. 1921 жылы Кеттелдің «Америка ғалымдары» (*American Men of Science*) анықтамалығында психологтердің 75 пайыздан астамы қолданбалы салалармен шұғылданғаны туралы мәліметтер жарияланды. 1910 жылы бұл көрсеткіш 50 пайызға жеткен еді (O'Donnell, 1985). 1920 жылдардың басында Америка Психологтер қауымдастығының Нью-Йорк бөлімшесінің конференцияларында соғысқа дейінгі жылдармен салыстырғанда, қолданбалы зерттеулерге арналған баяндамалар саны артты (Benjamin, 1991).

Алайда қолданбалы психология 1930 жылдардың басында, дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың онжылдығында, уақыт талаптарына жауап бере алмағаны үшін сынға алынды. Іскерлік әлемнің өкілдері индустриалды психологияның кез келген дағдарыс мәселесін шеше алмайтынына қынжылды. «Нью-Йорк Таймс» және өзге де ықпалды газеттер психологтерді өз мүмкіндіктерін асыра көрсеткені үшін және дағдарыс кезіндегі жағдайды жақсартуға алмағаны үшін сөкті. Қоғамның психологияға деген назары әлсіреп, 1941 жылы, АҚШ Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқанда, оның аты қайта жаңғырды. Соғыс қайтадан психологияның дамуына ықпал етті.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында (1941–1945) психология көп мәселелерді шешті және бұл жағдай оның беделін көтерді. Америкалық психологтердің 25 пайызы әскердің қызметіне тікелей араласты. Қалғандары өздерінің зерттеулерімен жанама түрде көмектесті. Психология тарихшысы Е.Г. Боринг әскерде борышын өтегісі келгендерге арналған кітапты жазу үшін психология саласы бойынша 40 шақты маманнан тұратын топ құрып, ауқымды бастаманы қолға алды. Бұл кітап «Қарулы күштерге арналған психология: өзіңіз және сізді қоршаған адамдар туралы не білесіз?» (*Psychology for the Fighting Man: What You Should Know About Yourself and Others*) деп аталып, өз заманының бестселлеріне айналды.

Психологтер әскери адамдарға мораль және дайындық мәселесінен бастап қалай тамақтану керекін үйретіп, жыныстық тәрбие берді. Журналист Марджори Ван де Уотер мен психолог Боринг бірлескен редактор болып жұмыс істеді. Ол психологтердің прозасын қайта жазып, оны әдеттегі адамдардың аудиториясына бейімдеді. «Бастапқы кезде Боринг әскерге құрмет көрсетіп, оны ер адамның лақап атымен басып шығаруды өтінді. Бірақ бұл жоспарынан бас тартты» (Harris, 2013, p. 81).

Психолог-әйелдердің қарулы күштердің жұмысына қатысуға мүмкіндігі болмады. Олардың кейбіріне қоғамдық жұмыспен айналысу ұсынылды. АҚШ қарулы күштері қатарында қызмет ететін 1006 психологтің 33-і ғана әйел болды (Gilgen and others, 1997).

«Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және соғыстан кейінгі Америкада өмір сүрудің өзгерген талаптары психологияның әр саласының қарқынды өсуіне және мемлекет тарихында кәсіби психологтердің қажеттілігі артуына түрткі болды» (Pickren, 2007, p. 279). Қолданбалы психология ХХ ғасырдың екінші жартысында зерттеуге негізделген академиялық саладан көп жылдарға озып кетті. Психологтердің көпшілігі университеттерде жұмыс істеп, эксперименттік зерттеулермен айналысқанын сенімді түрде айта алмаймыз. Қазіргі психологтердің арасында университетте қызмет ететіндер 30 пайыздан төмен. Көптеген мамандар бұрынғыдай, қолданбалы психологияның тез дамып келе жатқан салаларымен шұғылдануда.

Америка Психологтер қауымдастығының қызметіне де ерекше көңіл бөліне бастады. Білікті психологтер қауымдастықтағы негізгі басшылық қызметтерді иеленді (көбінесе клиникалық психология өкілдері еді). 1988 жылы академиялық зерттеулер саласында жұмыс істейтін АПҚ мүшелерінің тобы, Америка Психологтер қоғамы сияқты, жеке ұйым құруға түрткі болды.

Түсініктеме

Германияда Вундттан психологиялық білім алған Холл, Кеттелл, Уитмер, Скотт және Мюнстерберг заманынан бастап, АҚШ-тағы психология ғылымы радикалды өзгерістерге ұшырады. Олардың күш салуы арқасында психология дәріс бөлмелерінің, кітапханалардың және күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналған зертханалардың басты мәселесі болудан қалды.

Тестілеу, мектеп және жоғары білім, клиникалық, кеңес беру, индустриалды және сот психологиясынан бөлек, тұтынушы, халық, қоршаған орта психологиясы, әлеуметтік, терапиялық, реабилитациялық, отбасылық, спорттық, сауықтыру психологиясы және әскери психология, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары психологиясы пайда болды. Психологтер наркомания, дін, өнер, соғыс пен бейбітшілік, этникалық азшылықтар және т.б. мәселелермен айналысады.

Психология саналы тәжірибенің психикалық элементтерімен немесе мазмұнымен жұмыс істегенше оны қолдану саласын кеңейту мүмкін емес еді. Ғылыми ойдың функциялық мектептеріне арналған, 6, 7 және 8-тарауларда сипатталған адамдар, идеялар мен оқиғалар америкалық психологияны Вундттың Лейпциг зертханасы шекарасынан асырып жіберді. Маңызды өзгерістерге ұшырау туралы сұрақтарды назарларыңызға ұсынамыз:

- Дарвиннің бейімделгіштікке және жұмыс істеуге қатысты көзқарастары;
- Гальтонның жеке тұлға айырмашылықтарын анықтау;
- америкалық психологияның прагматизмі және практицизмі;
- сана мазмұнын зерттеуден Джеймстің, Энджеллдің және Вудвортстың жүзеге асырған психология функцияларын зерттеуге өтуі;
- экономикалық және әлеуметтік факторлар, сондай-ақ соғыс факторы.

Осы факторлардың арқасында өмірімізді өзгертуге арналған психология белсенді, табанды, танымал және ықпалды ғылымға айналды. Америкалық практикалық психологияның мықты қозғалысы психологияда бихевиоризм ой мектебімен күшейді.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Соса-Сола компаниясы үшін келтірілген Холлингворттың зерттеулері америкалық психологияны қалай өзгертті?
2. Психологиядағы Вундт пен Титченердің әдістемелері неліктен АҚШ-та қолдау таппады?
3. 1880–1900 жылдары АҚШ-тағы психологияның гүлденуіне қандай факторлар әсер етті? Нақты мысалдар келтіріңіздер.
4. АҚШ-тағы қолданбалы психологияның дамуына экономикалық факторлар қалай әсер етті?
5. Кеттеллдің жұмысы америкалық психологияның сипатын қалай өзгертті? Психология көпшілік арасында танымал болуы үшін ол қалай ықпал етті?
6. Кеттелл мен Биненің ақыл-ой қабілетін тексеруге арналған сынақтарын салыстырыңыз.
7. Бірінші дүниежүзілік соғыс психологиядағы тестілеудің дамуына қалай әсер етті?
8. Психикалық жас пен ақыл-ойдың даму коэффициенті тұжырымдамаларына анықтама беріңіз. Оларды қалай есептеуге болады?
9. Келімсектердің интеллектісі мен жетілмегендігі бойынша нәсілдік айырмашылықтар теориясын дәлелдеу үшін аталған сынақтар АҚШ-та қалай қолданылды?

10. Азшылық өкілдеріне қатысты қате наным-сенімдер интеллектуалдық даму сынақтарына әсер етті ме? Жауаптарыңызды негізденіздер.
11. Психологиялық тестілеуде әйелдердің рөлін сипаттаңыз. Олардың жұмысын нәліктен кәсіби кемшіліктерге жатқызуға болады?
12. Уитмер мен Мюнстербергтің жұмысы клиникалық психологияның дамуына қалай әсер етті?
13. Уитмер мен Мюнстербергтің клиникалық психология көзқарастарындағы айырмашылық қандай?
14. Скотт пен Мюнстербергтің индустриалды-ұйымдастыру психологиясын құрудағы рөлін сипаттаңыз.
15. Хоторнда және екі соғыс кезінде өткізілген зерттеулердің индустриалды-ұйымдастыру психологиясына ықпалы қандай болды?
16. Лилиан Гилбреттің индустриалды-ұйымдастыру психологиясының дамуындағы рөлі қандай?
17. Мюнстербергтің тікелей көзқарастары басқа психологтер арасында нәліктен танымал болмады? Нәліктен қоғам оны жақтырмады?
18. 1920 және 1930 жылдары, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қолданбалы психологияның танымалдық көрсеткіштерін салыстырыңыз.

Ұсынылған әдебиеттер

- Fuchs, A. H. (1998). Psychology and “The Babe.” *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 34, 153–165. Психологияны спортта қолдану мысалы келтіріледі. Атақты бейсболшы Бейб Рут ойыншылардың әлеуетін анықтау үшін оның дағдылары Колумбия университетінің психологиялық зертханасында сыналды.
- Kunda, D. P. (1976). The concept of suggestion in the early history of advertising psychology. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 12, 347–353. Уолтер Дилл Скотт және басқалары ұсынған жарнама мен сендірудің бұрынғы психологиялық теорияларын талқылайды.
- Lancaster, J. (2004). *Making time: Lillian Moller Gilbreth: A life beyond “Cheaper by the Dozen!”* Boston: Northeastern University Press. Жұмыс ортасының адами компонентін көрсеткен және әйелдердің дәстүрлі рөлдерін талқылаған психологтің және инженердің тартымды өмірбаяны.
- Landy, F. J. (1992). Hugo Munsterberg: Victim or visionary? *American Psychologist*, 47, 787–802. Мюнстербергтің қолданбалы психологияға қосқан үлесін зерттейді.
- Laskow, S. (2013). Good ‘til the last drop. *Lapham’s Quarterly*. www.laphamsquarterly.org/roundtable/good-til-the-last-drop.php. FDA есірткі ішімдігі және Холлингворттың ішімдіктің зиян емес деңгейін көрсеткен зерттеуі барысында АҚШ үкіметінің Кока-Коланы тоқтату талпыныстарына шолу жасау.
- McReynolds, P. (1997). *Lightner Witmer: His life and times*. Washington, DC: American Psychological Association. Уитмердің өмірі мен қызметін және оның Пенсильвания университетіндегі клиникасының дамуын сипаттайды.
- Murdoch, S. (2007). *IQ: A smart history of a failed idea*. New York: Wiley. Интеллектіні өлшеу жөнінде Биненің алғашқы сынақтарынан бастап күрделі бағалау құралдарына дейінгі күш-жігерін бақылайды. Стандартты тестілеуге байланысты күмәнді әдістер мен артық тәуелділік қаупін негіздеу үшін сынақ нәтижелерін қате пайдалануды, нәсілдік кемсітушілікті қарастырады.
- Spillmann, J., & Spillmann, L. (1993). The rise and fall of Hugo Münsterberg. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 29, 322–338. Мюнстербергтің өмірі, оның Гарвардтағы зертханасы және оның сот пен индустриалды психологияға қосқан үлесі сипатталады.
- Von Mayrhauser, R. T. (1989). Making intelligence functional: Walter Dill Scott and applied psychological testing in World War I. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 25, 60–72. Ақыл-ой қабілеті тестілерін құрудағы Скоттың, Торндайқтың және басқаларының күш-жігері баяндалған.
- Zenderland, L. (1998). *Measuring minds: Henry Herbert Goddard and the origins of American intelligence testing*. New York: Cambridge University Press. Годдардтың интеллектіні тексеру қозғалысына қосқан үлесі және АҚШ-тағы кең таралған қосымшалар қарастырылады.

Бихевиоризмнің қалыптасуына әсер еткен жағдаяттар

Ақылды жылқы Ганс
Жаңа ғылымның қалыптасуына жасалған қадам
Революцияға ұласу
Позитивизм рөлі
Зоопсихологияның бихевиоризмге әсері

Жак Леб (1859–1924)
Егеуқұйрықтардың, құмырсқалар мен жануарлардың санағы
Зоопсихолог болудың машақаты
Объективті зоопсихология жолында
Ганс, шынында, ақылды болды ма?

Эдвард Ли Торндайк (1874–1949)
Торндайктың өмірбаяны
Жануарлармен көш айтысу
Коннекционизм
Арнайы жәшік
Үйрету заңдылықтары
Түсініктеме

Иван Петрович Павлов (1849–1936)
Павловтың өмірбаяны
Отбасылық өмірі
Зертханадағы өмір
Аңыз адам
Шартты рефлексдер
Із-түзсіз жоғалғандар: тізе рефлекстері және ұмытшақтық
Түсініктеме

Владимир Бехтерев (1857–1927)
Байланыстырылған рефлексдер
Түсініктеме

Ақылды жылқы Ганс

Ақылды Ганс – психология тарихындағы ең танымал жылқы. Әрине, ол психология тарихы үшін қарапайым жылқы ғана болатын, бірақ жануар болса да, оның жетістіктерін ешкім жоққа шығармайды. 1900 жылдардың басында Еуропа мен АҚШ-та Ганс туралы жұрттың бәрі білетін. Ол әлемдегі ең ақылды жылқы ғана емес, жер бетіндегі ең ақылды төрт аяқты жануардың бірі болды.

Ақылды Ганс Берлинде бағылды, сонда танымал болды. Жарнама берушілер оның суретін тауарларының сұранысын арттыру үшін пайдаланды. Оған арнап әндер, журналдарда мақалалар және кітаптар жазылды. Оның ерекше қабілетін әйгілі математиктер зерттеді және, осы ғалымдардың пікірі бойынша, оның сандық мәндерді қабылдау қабілеті 14 жасар ұл баланың деңгейіне сәйкес келеді екен.

Ганс қосу мен алуды, қарапайым және ондық бөлшектері бар есептерді шығарып, сөздерді қайталап, монеталарды сәйкестендіріп, карта ойындарын ойнай білді, түрлі заттарды танып, жад процестерін көрсетті. Әрине, мұның барлығы неміс тілінде жүзеге асты. «Нью-Йорк Таймстың» бір журналисі Ганс туралы: «Бірнеше сөйлем құрастырып, оларды келесі күні айныппай еске түсіре алатын, 12 түс пен реңкті (14 тамыз, 1904) ажырататын қабілеті бар», – деп жазды. Ганс сұрақтарға белгілі бір мөлшерде тұяғымен жер тарпып немесе қажетті затқа қатысты басын изеп жауап береді.

Ганстан: «Осында тұрған мырзалардың қаншасы қалпақ киген?» – деп сұрайды.

Ақылды Ганс әйел адамдардың басындағы қалпақты есептемей, оң аяғымен тақылдатып жауап береді. «Мына әйелдің қолында не бар?». Жылқы арнайы сызба бойынша «қолшатыр» деген жауапты көрсетеді. Ганс қолшатыр мен таяқшаларды, сондай-ақ түрлі қалпақтарды ажырата білген.

Сонымен бірге Ганс кез келген сұраққа ойланып, дұрыс жауап бере алады. Мысалы, шеңберде қанша бұрыш бар деп сұрасаңыз, ол «Жоқ» деген жауапты ишаратпен көрсетеді (Fernald, 1984, p. 19).

Адамдар Гансқа қайран қалды. Оның иесі – математика оқытушысы Вильгельм фон Остен жеткен жетістігіне дән риза. Ол Гансқа адам сияқты ойлау негіздерін бірнеше жыл бойы үйреткен (бұрын ол мысық пен аюды үйретіп көрген, бірақ бұл ісінен ештеңе шықпапты).


Фон Остен Ганстың қойылымдарынан ешқандай қаржылық пайда көрмеді. Өз үйінің ауласында қойылған қойылымдар үшін мүлдем ақы алмады. Тіпті Ганс танымал болғаннан кейін де ешқандай пайда көрген жоқ. Ол барлық күш-жігерін

Функциялық психологияның бихевиоризмге әсері
Психология бағытының өзгеруі

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

ғылыми жаңалық ашу үшін сарп етті. Дарвиннің адам мен жануарлардың ойлау процестерінің ұқсастығы туралы болжамы дұрыс екенін дәлелдегісі келді. Фон Остен жылқы сияқты, басқа жануарларға да жеткілікті мөлшерде білім берілмегендіктен, олар сауатсыз қалып қойған деп сенді. Оның болжамы бойынша, жылқыны дұрыс оқып-үйреткен жағдайда оның саналы жануар екенін дәлелдеуге болады. Ол жұмсаған күш-жігерінің арқасында батыс әлемінің адамдарын осыған көптеп сендіре алды.



Ақылды жылқы Ганс

Алайда бұл іс-әрекеттерге күмәнмен қарайтындар да болды. Олар «Ганс немесе басқа бір жануар, шын мәнінде, осындай ақылды бола ала ма» деген сауал қойды. Олар мұнда бір алаяқтық бар деп ойлады. Кейбіреулер мұны ғасыр дауы деп атады. Сіз жануардың қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бере алатынына сенесіз бе? Жануар, шынымен, интеллектуалды қабілеттерін көрсетті ме? Мұның психология тарихына қандай қатысы бар? Ақыр соңында бұл құпияның сырын психолог ашты.

Жаңа ғылымның қалыптасуына жасалған қадам

XX ғасырдың екінші жиырмажылдығында, Вильгельм Вундт ресми түрде психологияның негізін қалағаннан кейін 40 жыл өткен соң, ғылым өзінің негіздерін түбегейлі қарастыруға міндетті болды. Психологтер интроспекция мүмкіндіктеріне мән бере қоймады, психикалық элементтердің бар екеніне күмән келтіріп, психология таза ғылым болып қалуы тиіс дегенмен келіспеді. Лейпцигте немесе Корнеллде қабылданбайтын психологияны қолданып, функцияшыл психологтер ережелерді қайта жазды.

Функционализм қозғалысы революциялық емес, эволюциялық сипатқа ие болды. Функцияшылдар Вундт пен Титченердің ережелерін жоюға барын салды. Сол мақсатта ішінара өзгертулер енгізді, кейбір жерлерін толықтырды, кейбір жерлерін түзетті, уақыт өте келе психологияның жаңа формасы пайда болды. Бұл іс-әрекет сырттан жасалған шабуылдан гөрі, іштен жасалған қайта құруды білдірді. Функцияшылдардың көшбасшылары өздерін ресми мойындатуға тырысқан жоқ. Олар

алдына ескінің негізінде жаңа нәрсені құруды мақсат етіп қойды. XX ғасырдың екінші жартысындағы америкалық психология саласының жағдайы осындай еді. Функционализм дамып келе жатты, бірақ структурализм жақтастарында ерекше позициялар болмаса да, олар күшті позицияларды әлі де ұстап тұрды.

Революцияға ұласу

1913 жылы жоғарыда айтылған позициялардан бас тартып, соғыс жарияланған болатын. Қарсылық білдірген ағым ескірген ағымды толығымен жоюды көздеді. Оның көшбасшылары ескіні жаңартпай, ешқандай ымыраға барғысы келмеді. Бұл революциялық қозғалысты бихевиоризм деп атады. 35 жастағы психолог Джон Б. Уотсон оның көшбасшысына айналды. Уотсон осыдан он жыл бұрын өзі құлатқысы келген функциялық психология орталығы болған Чикаго университетінде Джеймс Роулэнд Энджелден философия докторы дәрежесін алады.

Бихевиоризмнің негізгі ережелері өте қарапайым, батыл да бірбеткей болды. Бұл ағым ғылыми психологияны *стимул* мен *реакция* терминдерімен объективті түрде сипаттауға болатын – байқалатын мінез-құлықпен ғана айналысуға шақырды. Уотсон психологиясы кейінірек ойлау процесіне қатысты барлық тұжырымдар мен терминдерден бас тартады. Ежелгі философия кезінен бастап қолданылып келген *бейне*, *түйсіну*, *ақыл-ой* және *сана* сияқты сөздер мінез-құлық ғылымы үшін барлық маңызын жоғалтты.

Уотсон әсіресе сана тұжырымын жоққа шығарғысы келді. Оның пікірі бойынша, сананың мінез-құлық психологиясы үшін ешқандай құндылығы болмады. Ол «ешкім, ешқашан сананы көрген жоқ, ұстап та, иіскеп те, тістеп дәмін көріп не қозғап та көрген жоқ» деді. Сана – «жан» сияқты, тәжірибелі тексеруге қолжетімсіз ғылыми бір олқылық қана (Watson & McDougall, 1929, p. 14). Сөйтіп, саналы процестердің бар екенін болжайтын интроспекция әдістері орынсыз деп есептеліп, мінез-құлық туралы ғылымға еш қатысы жоқ деп саналды.

Позитивизм рөлі

Бихевиоризм ағымының негізгі идеяларының авторы тек Уотсон ғана болған жоқ, ағым оған дейін де көп жылдар бойы психологияның өз ішінде дамып, жетіле түсті. Уотсон, ілімнің басқа да негізін салушылар сияқты, қолданылып келген идеялар мен ережелерді әрі қарай дамытты. Біз психологияның жаңа жүйесін тұжырымдау үшін Уотсон сәтті біріктірген негізгі күштерді қарастырамыз: объективизм мен механицизмнің философиялық дәстүрлері, зоопсихология мен функциялық психология. Шынайылығы еш күмән туғызбайтын, позитивті білімді (фактілерді) көздейтін позитивизм ілімінің негізін салушы – француз философы Огюст Конт (2-тарауды қараңыз) объективизм тарихындағы ең маңызды тұлғаға айналды. Конттың пікірінше, жаратылысы бойынша әлеуметтік және объективті түрде бақыланатын білім жалғыз шынайы білім болып есептеледі. Бұл өлшемдер жеке санаға тәуелді және объективті бақыланбайтын интроспекцияны қарастырмай жок.

XX ғасырдың алғашқы жылдары ғылымда позитивизм – уақыт рухы деп есептелді. Көптеген америкалық психологтер сияқты, Уотсон өз еңбектерінде позитивизмді сирек талқылады. Себебі бұл кезде оның қажеті болмады. Тарихшының пікірі бойынша, психологтер «позитивистер сияқты әрекет етті» (Logue, 1985, p. 149). Сөйтіп, Уотсон бихевиорист ретінде жұмыс істей бастағанда, объективтік, материалдық және механикалық ықпал күшті болып, олардың әсерінің нәтижесінде психологияның жаңа түрі пайда болды. Бұл бағытта жан да, сана да болмады. Психологияның бұл түрі естуге немесе ұстап көруге болатынды ғана зейінге алды. Адамдарды әлдебір машина ретінде қарастыратын мінез-құлық туралы ғылымның пайда болуы осы әдістеменің нәтижесі еді.

Зоопсихологияның бихевиоризмге әсері

Уотсон нақты тұжырымдама ұсынып, зоопсихология мен бихевиоризм арасындағы айқын байланысты көрсетті. Ол «бихевиоризм ХХ ғасырдың алғашқы он жылында өткізілген зерттеулердің тікелей жалғасы болады» дегенді атап көрсетті (1929, р. 327). Біз эволюциялық теория негізінде дамып келе жатқан зоопсихологияны Уотсон бағдарламасының ізашары деп атай аламыз. Ол төменгі сатыдағы организмдердің санасының бар екенін және адам санасы мен жануарлар санасы арасында сабақтастықтың бар екенін көрсетуге түрткі болды.

Біз 6-тарауда зоопсихологияның екі ізашары – Романес пен Морганның жұмыстарын атап өттік. Сөз әдістемесінен бөлек, Морган ұсынған үнемдеу заңы мен эксперименттік тәжірибені ұстануы негізінде зоопсихология өте объективті ғылымға айналды. Осыған қарамастан, зерттеу фокусында әлі де сана қалып қойды. Сөйтіп, оның әдістемесі объективті күйде қалса да, зерттеу пәні өзгеріске ұшыраған жоқ.

1889 жылы Альфред Бине «Микроорганизмдердің психикалық өмірі» (*The Psychic Life of Micro-Organisms*) атты еңбегін жариялап, бұл еңбекте «бір жасушалы организмдер заттарды қабылдап, ажырату қабілетіне, сондай-ақ мақсатты мінез-құлық қабілетіне ие» деген болжам айтты. 1908 жылы Френсис Дарвин (Чарльз Дарвиннің ұлы) өсімдіктерде сананың болуы мәселесін талқылады. Біз АҚШ-та зоопсихологияның қалыптасуын зерттей отырып, жануарлардағы сана процестеріне қызығушылықты байқаймыз. Мұның басты себебі Романес пен Морганның көзқарастарының әсері болды.

Жак Леб (1859–1924)

Неміс психологі және зоологі Жак Леб зоопсихологияның объективті болуы үшін маңызды қадам жасады. Ол жанбыр жауа бастағанда үйіндегі көгалды суаратын. Жак, Чикаго университетін қоса есептегенде, АҚШ-тың бірнеше ғылыми мекемесінде қызмет етті. Романестің антропоморфизм дәстүрлері мен интроспекция әдістеріне қарсы шыға отырып, сонымен бір уақытта тропизм немесе мәжбүрлі іс-қимылдар негізінде жануарлардың мінез-құлық теориясын жетілдірді. Лебтің пікірі бойынша, жануарлар тітіркенуге автоматты түрде жауап береді. Олардың жауап беруі қандай да бір тітіркендіргіштің арқасында мәжбүрлі түрде болады. Сондықтан жануарлардың ойлау процестерін талдау негізінде қандай да бір түсініктемені қажет етпейді.

Лебтің зоопсихологияға қатысты тәсілдемесін объективті әрі механикалық деп атауға болса да, ол бұрынғы түсініктерден құтыла алмады. Ол эволюциялық даму сатысының жоғары сатысында тұрған жануарларда сана бар деп есептейді (Loeb, 1918). Өз көзқарасын түсіндіре отырып, Леб жануарлардағы сана ассоциативті жад түрінде көрінеді деген тоқтамға келеді. Бұл дегеніміз – жануарларды белгілі бір тітіркендіргішке белгілі бір жолмен жауап беруге үйретуге болады деген сөз. Егер жануар өз атына немесе белгілі бір дыбысқа жауап берсе, бұл қандай да бір ойлау байланысы мен ассоциативті жадты растайды. Яғни Лебтің механикалық әдістемесінің өзінде сана идеясы бар.

Чикаго университетінде Лебтің дәрістерін тыңдаған Уотсон Лебтің механикалық көзқарастарын ұнатып, оның жетекшілігімен зерттеу жүргізгісі келді. Алайда Энджелл мен факультеттің тағы бір оқытушысы – невролог Х.Х. Дональдсон Уотсонды бұл жоспарынан бас тартуға көндіреді. Мұның түрлі болжамдары болды, бірақ негізгі себебі – Лебтің объективизмінің қолдау таппауы.

Егеуқұйрықтардың, құмырсқалар мен жануарлардың санасы

ХХ ғасырдың басында эксперименттік зоопсихология мамандары аянбай еңбек етті. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары ақыл-ой қабілеттерін тексеруге

Тропизм: мәжбүрлі қозғалыс.

Ассоциативті жад: жануарларда сананың бар екенін дәлелдейтін, стимулдар мен реакциялар арасындағы байланыс.



РОБЕРТ ЙЕРКС


U.S. National Library of Medicine

арналған тестілерді жасауға талпынған Роберт Йеркс 1900 жылы жануарларды зерттей бастайды. Ол өз тәжірибелеріне түрлі жануарларды, медуза мен жаңбыр құрттарын, бақаларды, маймылдарды пайдаланады. 1907 жылы ол «Биші тышқан: жануарлардың мінез-құлқын зерттеу» (*The Dancing Mouse: A Study in Animal Behavior*) атты кітабын жазды (Carmichael, 1951). Оның зерттеулері салыстырмалы психологияның әсерін күшейтті.

1900 жылы Кларк университетіндегі Уиллард Смолл егеуқұйрық үшін лабиринт (9.1-суретті қараңыз) ойлап тапты. Саяхатшылар арасында бүгінге дейін танымал. Лондонның жанында орналасқан – Хэмптон-Корт лабиринті жоғарыда айтылған лабиринттің негізін қалады, келушілер қашықтығы жарты мильдік, биік қоршаумен қоршалған жолдар арасынан дұрыс жолды табуы керек еді (Goodwin, 2012). Осы кезден бастап лабиринттегі ақ егеуқұйрық психология факультетіндегі студенттердің бірнеше буыны үшін оқыту процестерін зерттеудің тұрақты стандарт әдісіне айналды.

Сана түсінігі зоопсихологияға дендеп ене бастады, лабиринтпен жүгіріп жүрген егеуқұйрықтың өзінде саналы іс-қимылдар байқалды. Егеуқұйрықтың мінез-құлқын түсіндіре отырып, Смолл бейне және идея сияқты терминдерді қолданды. Сөйтіп, ол психикалық процестер мен жеке психикалық элементтерді пайдалануды жалғастырды. Қызметінің басында Уотсонның өзі де осы ықпалға ұшырады. Осыған қарамастан, оның 1903 жылы аяқталған докторлық диссертациясының тақырыбы: «Жануарларды оқып-үйрету: ақ егеуқұйрықтың физикалық дамуы» деп аталды. 1907 жылы ол егеуқұйрықтардың саналық қабылдауы мәселелері туралы зерттеді.

9.1-СУРЕТ. ЛАБИРИНТТЕГІ ЕГЕУҚҰЙРЫҚ; АШ ЕГЕУҚҰЙРЫҚ ЛАБИРИНТ АРҚЫЛЫ ЖҮРІП, ӨЗ ҚОРЕГІН ТАБУЫ КЕРЕК



9.1-сурет. Лабиринттегі егеуқұйрық:

аш егеуқұйрық өзіне қорек тапқанша лабиринтте еркін жүреді

1906 жылы Чикаго университетінің түлегі Чарльз Генри Тернер (1867–1923) «Құмырскалардың мінез-құлқы туралы кейбір ескертулер» (*A Preliminary Note on Ant Behavior*) аталатын мақаласын жариялады. Уотсон «Психологиялық бюллетень» (*Psychological Bulletin*) деп аталатын беделді ғылыми журналында осы мақалаға шолу жасады. Уотсон осы шолуда Тернердің мақаласындағы *мінез-құлқы* сөзін алғаш рет қолданды. Бәлкім, Уотсон осы терминді баспасөз бетінде алғаш рет қолданған да болар, бірақ бұрын шәкіртақы алу үшін өз өтінішінде пайдаланған екен (Cadwallader, 1984, 1987).

Афроамерикалық Тернер 1907 жылы Чикаго университетінде докторлық дәрежесін алады (Lee, 2012). Зоология саласында ғылыми дәрежесін алғанына қарамастан, ол жануарлардың салыстырмалы зерттеулеріне арналған көптеген ғылыми мақалаларды психологиялық журналдарда жариялап тұрды, психологтер оны өз әріптесі ретінде таныды. Бұрын айтып өткеніміздей, этникалық азшылық өкілдерінен шыққан психологтер үшін жұмыс орны жеткіліксіз еді және осыған байланысты оның оқытушылық қызметпен айналысу мүмкіндіктері шектеулі болатын. Осыған қарамастан, орта мектепте жаратылыстану пәнінің оқытушысы болып жұмыс істеп, жандықтарды үйрету және мінез-құлқы саласында маңызды жаңалықтар жасады (Abramson, 2009, p. 344).

1910 жылға қарай салыстырмалы психология саласында зерттеулермен айналысатын 8 зертхана құрылды, олардың ішінде Кларк, Гарвард және Чикаго университеттеріндегі зертханалар жұмысын бірінші болып бастады. Көп университеттер осы тақырып бойынша оқу курстарын ашты. Титченердің алғашқы аспиранты Маргарет Флой Уошберн (5-тарауды қараңыз) Корнеллде зоопсихологиядан сабақ береді. Оның «Жануарлардың санасы» (*The Animal Mind*) (1908) атты кітабы зоопсихология саласында 25 жыл бойы жетекші басылым болған алғашқы кешенді шолу болып есептелді (Pillsbury, 1940; Scarborough, 2010).

«Жануарлардың санасы». Тақырыбының өзі біраз нәрседен хабар берсе керек. Бұл еңбекте жануарларда сана бар деген ой айтылады. Нақ осы ой интроспекция әдісінде жасалды. Бұл әдісте жануарлардың санасы мен адамдардың санасы арасындағы ұқсастық бары туралы баяндалады. Уошберн былай деп түйді: «Біз жануарлардың мінез-құлқының барлық психикалық түсініктемелері адамның мінез-құлқымен ұқсас өткізілуі тиіс деген пікірді мойындауымыз керек. Жануарлардың санасында болып жатқандарды антропоморфизмдік көзқараспен түсінуіміз керек» (1908, p. 88).

Уошберннің еңбегі сол кездегі жануарлар психологиясының алғашқы толық зерттеуі және ең соңғысы болды. Одан кейін шыққан мінез-құлқыға арналған бірде-бір жұмыста ойлау процестері туралы айтылмайды.

«Герберт Спенсерді, Ллойд Морган мен Йерксті қызықтырған сұрақтар маңызын жоғалтты, әдебиеттен ығыстырылды. Осы салада шыққан кейінгі оқулықтар бағыт-бағдары бойынша бихевиористік болып, негізінде оқыту мәселелерін ғана көтерді» (Demarset, 1987, p. 144).

Зоопсихолог болудың машақаты

Мінез-құлқы және санамен айналысуына қарамастан, зоопсихология саласында маман болу өте қиын шаруа еді. Заң шығарушылар мен университет әкімшілігі бұл саланы практикалық маңызы бар сала деп қарастырған жоқ. Гарвард университетінің президенті «салыстырмалы психология бойынша зерттеу жұмыстарының болашағы күмәнді. Шығыны көп, қоғамға пайда келтіретіндей ештеңесі жоқ» деп санады (Reed, 1987a, p. 94). Йеркс былай деп жазды:

«Мен таңдаған салыстырмалы психология мамандығынан гөрі, оқыту психологиясының профессорлық дәрежесін алу мүмкіндіктері жоғары және академиялық тұрғыдан да өте пайдалы екені және өз көзқарасымды өзгерту қажеттігі туралы маған сытайы түрде түсінікті айтылды» (1930/1961, pp. 390–391).

Йеркстің зертханасында білім алған көптеген студент салыстырмалы психология бойынша жұмыс таппай, қолданбалы салаларға ауысты. Университетте салыстырмалы психология бойынша жұмысқа орналасқандар кафедрада қысқарту жүрген жағдайда бірінші болып жұмыстан кететіндерін жақсы түсінді. Қаржылық қиындықтар кезінде бірінші кезекте зоопсихология мамандары жұмыстан босатылатын.

Уотсонның да алғашқы еңбек жолы оңай бола қоймады. Ол 1904 жылы Йеркске жазған хатында былай деді: «Бізде жануарларды ұстайтын жер жоқ, жер болғанның өзінде тәжірибе өткізу үшін қаражат жоқ» (Watson, 1904, quoted in O'Donnell, 1985, p. 190). 1908 жылы жануарларды зерттеуге арналған 6 еңбек жарияланды. Бұл бір жылда психология бойынша жарияланған мақалалардың 4 пайызы еді.

Келесі жылы Америка Психологтер қауымдастығының конференциясында Уотсон – Йеркске барлық зоопсихология мамандарын ортақ асқа шақыруды ұсынғанда ғана барлығының бір дастарқан басына жиналатынына көзі жетеді. Олар бар-жоғы 9 адам болатын. Кеттелдің «Америка ғалымдары» (*American Men of Science*) атты анықтамалық басылымында 218 психологтің алтауы ғана жануарлардың мінез-құлқын зерттеумен айналысатынын көрсетті. Бұл психологтердің болашағы мәз емес еді, бірақ олардың көбі жануарлар мінез-құлқы психологиясына адал қызмет етті. Соның нәтижесінде ғылымның осы саласы дамуын тоқтатқан жоқ.

Объективті зоопсихология жолында

«Жануарлардың мінез-құлқы» (*Animal Behavior*) журналы (кейін «Салыстырмалы психология» (*Journal of Comparative Psychology*) атауы берілді) 1911 жылы шыға бастады. 1906 жылы «Ғылым» (*Science*) журналында орыс физиологі Иван Павловтың мақаласы жарияланады. Бұл мақалада америка қоғамына оның зоопсихология саласындағы еңбегі ұсынылды. Йеркс пен орыс студенті Сергей Маргулис Павловтың ұсынған әдістері мен нәтижелерін «Психологиялық бюллетень» (*Psychological Bulletin*) (1909) журналында жариялайды.

Павловтың зерттеулері объективті психологияны толығымен және Уотсонның бихевиоризмін жартылай қолдады. Сөйтіп, зоопсихология зерттеу пәні мен әдістері бар объективті сала ретінде дами бастады. Жануарлардың мінез-құлқын объективті зерттеуге қатысты осы үрдіс 1904 жылы Германияда үлкен қолдауға ие болды. Осы жылы ақылды Ганстың дарындылығын зерттеу үшін үкіметтік комиссия да құрылды. Комиссия жылқы әрекетінің не жалған, не шын екенін анықтауға тиіс болды. Комиссияның құрамына цирк директоры, мал дәрігері, атбегі, ақсүйек, Берлин зообағының директоры және Берлин университетінің психологі Карл Штумпф кірді.

Ганс, шынында, ақылды болды ма?

1904 жылдың қыркүйек айында ұзақ мерзімді зерттеуден кейін комиссия мынадай тұжырымға келді. Ганстың қожайыны ештеңені нұсқап көрсетпесе де, жылқы саналы әрекет етті. Ешқандай алаяқтық әрекеттер анықталмады. Бірақ Штумпф бұған қанағаттана қоймады. Ол жылқының осыншама түрлі сұрақтарға қалай дұрыс жауап беретінін түсінген жоқ. Бұл мәселені зерттеуді өзінің бітіруші студенті Оскар Фунгстқа тапсырады. Оскар экспериментші-психолог ретінде бұл тапсырмамен мұқият айналысты.

Ганстың бапкері жоқ кезде де сұрақтарға жауап беретінін ескерген Фунгст басқаша бір сынақ жүргізіп көрмек болады. Ол сұрақ қоятын адамдарды екі топқа бөледі, жылқыға қойылатын сұрақтардың жауабын білетін адамдарды – бір топқа, ал сұрақтың жауабын білмейтіндерді екінші топқа қосады. Осы эксперименттің нәтижесі бойынша жылқы сұрақтың жауабын білетін адамдардың сұрақтарына

ғана дұрыс жауап қайтарады. Демек, сұрақ қоюшы бейтаныс адам болса да, Ганс әлдеқандай жолмен одан ақпарат алып отырған.

Бірнеше эксперименттен кейін Фунгст мынадай қорытындыға келеді. Ганс фон Остеннің сәл ғана бас изеуімен, тұяқтарымен жерді тарпиды. Жылқы жеткілікті мөлшерде жер тарпыған соң, фон Остен бас изеуін тоқтатып, жылқы аяқтау қажет деген белгіні қабылдайды. Фунгст тіпті өмірінде жылқыға жолап көрмеген адамдардың да жылқымен сөйлескенде осыған ұқсас бас изеу қимылдарын жасайтынын анықтайды.

Сөйтіп, Ганста ешқандай да танымның жоқ екені анықталады. Оның шартты рефлексі ғана дамыған екен. Гансқа сұрақ қойған кезде оның тұяғымен жер тарпуы алдындағы адамның бас изеуіне байланысты болған. Ал карама-қарсы ишарат жасалғанда, жылқы жер тарпуын тоқтата қояды.

Остен жаттықтыру барысында дұрыс жауап берген Гансқа сәбіз немесе қант беретін. Жүре келе, Гансты әр дұрыс жауабына бола ынталандыру қажеттігі азайып, жағдайға байланысты ғана ынталандырып отырған. Бихевиористік психология маманы Б.Ф. Скиннер шартты рефлексті шыңдау барысында мерзімдік, үзкі ынталандырудың тиімділігін дәлелдеді.

«Остен – Фунгсттың әзірлеген есебі туралы не ойлады? Ол өзін аяққа тарталғандай сезінді. Қорланғаны соншалық – денсаулығы сыр бере бастайды. Ол Фунгстқа емес, Гансқа ашуланды. Остеннің ойынша, Ганс оны алдап соқты. Ауруға душар болуын жылқының сол алаяқтығының кесірі деп білді. Ол, шынында, қатты ауырды. Дәрігерлер фон Остенге бауырдың қатерлі ісігі деген диагноз қояды» (Candland, 1993, p. 135).

Фон Остен оңбағандығы үшін Гансты кешіре алмады. Ол жылқыны қарғап, Гансты өмірінің соңына дейін арбаға жегуге ант берді. Фунгсттың жаналығынан кейін, екі жыл өткен соң, фон Остен қайтыс болады. Өліміне рақымсыз аттын жауапкер екенін айтады. Бірақ сонда да Гансты интеллектуал жануар деуден тандабайды.

Ақылды Ганстың жана иесі – бай зергер Ганс Кралл – Ганс пен тағы басқа екі жылқыны қойылымдарға шығарады. Жануарлар тұяқтарымен жер тарпып, сұрақтарға жауап береді. Олардың жауаптары үнемі дұрыс болды. Сондықтан Кралл оларды «Сиқырлы жылқылар» деп атайды. Олар көпшілікті түрлі айла-тәсілдерімен, санның квадрат түбірін есептеумен таңғалдырды. Фунгстың зерттеулері көп адам үшін белгісіз болып қала береді. Бұл зерттеулер Ганстың қабілеттері таңғажайып дүние емес, жүре біткен рефлекстердің нәтижесі екенін дәлелдеді.

Ақылды Ганстың басындағы жағдай жануарлардың мінез-құлқын зерттеуде эксперименттік тәсілдемені қолданудың маңызын көрсетті. Ол психологтердің жануарлардың санасы туралы айтылған мәлімдемелеріне күмәнмен қарауға түрткі болды. Осыған карамастан, жануарлар түрлі жағдайларға байланысты үйренуге, өз мінез-құлқын өзгертуге қабілетті. Жануарлардың миында не болып жатқанын абстрактілі пайымдағаннан гөрі, жануарларды эксперименттік тұрғыдан зерттеу пайдалы екеніне ешкім күмәнданбады.

Джон Б. Уотсон – Фунгсттың ақылды Гансқа жасаған тәжірибелері туралы эксперименттің есебіне «Салыстырмалы неврология және психология» (*Journal of Comparative Neurology and Psychology*) журналына сыни пікір берді. Фунгсттың зерттеу нәтижелері Уотсонның санадан гөрі, мінез-құлықпен жұмыс істеу қажет деген сенімін одан әрі нығайта түсті (Watson, 1908).

Эдвард Ли Торндайк (1874–1949)

Торндайк – зоопсихология саласындағы ең беделді зерттеушілердің бірі. Ол сыртқы мінез-құлыққа ерекше мән беретін объективті, механикалық үйрету теориясын жетілдіре түсті. Торндайктың пікірі бойынша, психология психикалық эле-



ЭДВАРД ЛИ ТОРНДАЙК

<https://en.wikipedia.org>

менттерді немесе сана тәжірибесін емес, мінез-құлықты зерттеуі тиіс. Сондықтан ол функцияшылдар айтқан объективтілік үрдісін күшейтті. Ол үйретуді субъективті терминдермен емес, тітіркендіру мен реакция арасындағы нақты байланыстармен түсіндірді. Алайда кейде сана мен психикалық процестерге де кейбір сілтемелер жасады.

Торндайк пен Иван Павловтың еңбектері бір уақытта ашылған тәуелсіз жаңалықтың үлгісі болды. Торндайк 1898 жылы әсер ету заңын ашса, Павлов 1902 жылы осыған ұқсас нығайту заңын ашты.

Торндайктың өмірбаяны

Эдвард Ли Торндайк АҚШ-та толық білім алған алғашқы америкалық психологтердің бірі болды. Психологияның ғылым ретінде пайда болғанына 20 жыл өткен соң, ол Германияға бармай-ақ, АҚШ-та ғылыми диссертациясын жазады. Коннектикут штатындағы Миддлтаунда Уэсли университетінің жоғары курс студенті болып жүргенде-ақ Уильям Джеймстің «*Психология қағидалары*» атты кітабын оқып, психологияға деген қызығушылығы оянды. Торндайк кейін Гарвардта Джеймстен білім алып, үйрену процесін зерттей бастайды.

Ол эксперимент субъектілері ретінде балаларды тартып, зерттеу өткізуді жоспарлайды, бірақ антрополог-ғалымдар балалардың денесін өлшеу кезінде киімін шешкені үшін үлкен дауға қалғаннан кейін, университет әкімшілігі бұл экспериментке шектеу қояды. Торндайк балаларға тәжірибе жүргізе алмайтынын білген соң, құс балапандарына тәжірибе жасауды қолға алады. Оның бұл ойына Морганның балапандарға қалай тәжірибе жасағаны туралы айтылатын дәрістері түрткі болса керек.

Торндайк кітаптардан құрастырылған лабиринтпен балапандарды жүгіртіп үйретті. Бірақ балапандарды орналастыратын жер табу қиын болды. Үй несі балапандарды жатын бөлмеде ұстауына рұқсат бермеді. Енді ол Уильям Джеймстен ақыл сұрайды. Джеймс зертханадан немесе университет мұражайынан бөлме іздестіріп көреді, бірақ еш нәтиже болмайды. Ол, ақырында, Торндайк пен оның балапандарын өз үйінің жертелесіне көшіріп әкеледі.

Торндайк Гарвардтағы оқуын аяқтай алмады. Сөз салған қызы тұрмысқа шығудан бас тартқан соң, Бостоннан алыс жаққа кету үшін Колумбияның Кеттелл университетіне өтініш береді. Кеттелл университеті оған шәкіртақы төлейді. Торндайк екі балапанын алып, Нью-Йоркке аттанады. Колумбияда жануарларды зерттеу жұмысын жалғастыра береді. Мысықтарға, иттерге тәжірибе жүргізеді. Тәжірибе барысында өзі ойлап тапқан пазл жәшікті пайдаланады.

Ол 1898 жылы докторлық атағын қорғайды. Оның «Жануарлардың санасы: жануарлардағы ассоциативті процестерді эксперименттік зерттеу» (*Animal Intelligence: An Experimental Study of the Associative Processes in Animals*) атты еңбегі «Психологиялық шолу» (*Psychological Review*) журналында жарияланып, бұл жұмыс тәжірибесінде жануарлар жайында қорғалған докторлық диссертация болып есептелді. Кейіннен Торндайк балапандарды, балықтарды, мысықтарды және маймылдарды ассоциативті үйрету бойынша маңызды зерттеулер жариялады.

Жануарлармен қош айтысу

Мақсат қойғыш Торндайк өзінің қалыңдығына былай деп жазды: «Мен бес жыл ішінде психологияның шыңына жетуді армандаймын, содан кейін 10 жыл сабақ беріп, ғылымнан кетемін» (Boakes, 1984, p. 72). Торндайк зоопсихология саласында көп істеген жоқ. Бұл саламен диссертация жазып, беделге ие болу үшін айналысқанын өзі де мойындайды. Зоопсихологияда жетістікке жету мүмкіндігі жоқтың қасы еді. Жануарларды зерттеу ғылымнан гөрі қолданбалы психология бойынша жұмысқа орналасу үшін таптырмайтын мамандық болды.

Торндайк Колумбия университетінің Педагогикалық колледжінде психологиядан нұсқаушы ретінде қызметке тұрады. Колледжде балалармен және жастар-

мен жұмыс істей отырып, жануарларды үйрету және зерттеу әдістерін қолдану мәселелерімен айналысты. Ол білім беру психологиясы мен ақыл-ой қабілеттерін тестілеу саласында жетістікке жетті, бірнеше кітап жазып, 1910 жылы «Оқыту психологиясы» (*Journal of Educational Psychology*) журналының негізін қалады. Ол психология саласының биігіне көтеріліп, 1912 жылы Америка Психологтер қауымдастығының президенті болып сайланады. Торндайк кітаптары мен тесттерін жариялаудан көп табыс табады, 1924 жылы оның жылдық табысы 70 мың доллар, яғни 2014 жылғы көрсеткіш бойынша 1 миллион долларға тең болады.

Колумбия университетінде 50 жыл еңбек еткен Торндайк психология тарихында өте жемісті еңбек еткен ғалым болды. Оның библиографиясында 507 еңбек бар. Ол 1939 жылы жұмыстан кетіп, қайтыс болғанға дейін (1949 жылы) ғылымнан қол үзбеді.

Коннекционизм

Торндайк коннекционизм деп аталған эксперименттік әдісті ойлап тапты. Ол былай деп жазды:

«Егер оған адамның санасын талдау қажет болса, онда ол жағдайлар, жағдай элементтері, жағдайлардың құрамдас бөліктері және реакциялар, жауап беру дайындығы, стимулдар, тежеу және реакциялар бағыты арасында байланыс іздейтін едім. Үйрену – байланыс. Сана – адамның байланыс жүйесі» (Thorndike, 1931, p. 122).

Бір ғана айырмашылығын айтпағанда, бұл ұстаным ассоциация туралы ескі философиялық түсініктің логикалық жалғасы болды (2-тарауды қараңыз). Торндайк идеялар арасындағы ассоциация немесе байланыс туралы пайымдаудың орнына жағдайлар мен реакциялар арасындағы байланыс ұғымын енгізді.

Ол өзінің психологиялық теориясына объективті негізді енгізуіне қарамастан, психикалық процестерді қарастыруды жалғастыра берді. Тәжірибе жасалатын жануарлардың мінез-құлқын қарастыра отырып, ол қанағаттандыру, қанағаттанбау және жайсыздық ұғымдары туралы айтты, ал бұл терминдер көп жағдайда мінез-құлққа қарағанда, психикаға қатысты болды. Сөйтіп, Торндайк еңбектерінен Романес пен Морганның ықпалы сезіліп тұрды. Объективті ой қорытындысы негізінде жануарлардың психикалық қызметін объективті талдау субъективті қорытынды негізінде жануарлардың әсерін сипаттауға ұласты.

Торндайк та, Леб сияқты, «жануарларда жоғары деңгейде сана мен интеллект жоқ» деген ой айтты. Ғылымның негізі қаланған кезден бастап зоопсихологияда объективті мінез-құлқты зерттеудің эксперименттік әдістерінің маңызы артумен бірге, сана рөлі біртіндеп төмендей берді.


Торндайктың жұмыстарында менталды реңктің болуына қарамастан, біз оның тәсілінің механикалық негіздерін ескеруіміз керек. Ол мінез-құлқты зерттеу үшін оны элементарлы құрамдас бөліктерге: стимул – реакцияға бөлу қажет деп есептеді. Ол, британдық эмпиризмнің ізбасарлары сияқты, структуралистермен бірге аналитикалық және атомдық көзқарасты да жақтады. Стимул – реакция байланыстары мінез-құлқ элементтері болып, олардан күрделі мінез-құлқ қалыптасады.

Арнайы жәшік

Торндайк тәжірибе жасалатын жануарлардың үйрену қабілетін зерттеу үшін ағаш жәшіктер мен таяқшаларды қолданып, «арнайы жәшік» ойлап тапты (9.2-суретті қараңыз). Жәшікке салынған жануар оның ішінен шығу үшін жәшіктің құлпын ашуды үйренуі тиіс болатын. Торндайк жануарлардың үйрену қабілетін зерттеу үшін аппарат ретінде қолданылатын арнайы жәшікке қатысты бүкіл ойын толық жазып, көрсетті және Романес пен Морганның мысық пен иттердің есік құлпын аша алатынын көрсеткен эпизодтық сипаттамаларына мән берді.

Коннекционизм: жағдайлар мен реакциялар арасындағы байланыстарға негізделген Торндайктың үйретуі.

9.2-СУРЕТ . ТОРНДАЙКТЫҢ АРНАЙЫ ЖӘШІП



Торндайк бірнеше сериялы экспериментте тор жәшікке аш мысықты салып қояды. Жәшіктен шығу үшін оған қораптың алдына тағам қойылады. Мысық тетікті немесе шынжырды тартуы арқылы ілгішті босатып, есікті ашу үшін кейде бірнеше әрекетті бірден істеуге мәжбүр болды. Ең алдымен, мысық ойына келген іс-қимылдарды жасайды, есікті ніскеп, қарап, тағамға жету үшін тырмалай бастайды. Алғашқы әрекеттер кезінде мінез-құлқының дұрыстығы кездейсоқ болды. Келесі талпыныстар кезінде кездейсоқ мінез-құлық сирек кездесіп, соңында толық үйрене бастайды. Осыдан кейін мысық торға салынған сәттен бастап дұрыс әрекетке көшеді. Торндайк осы мағлұматтарды тіркеу үшін үйретудің сандық өлшемдерін қолданады. Әдістемелердің бірі – күткендегідей нәтиже бермесе, қате мінез-құлық көріністерін тіркеуден тұрды. Бірнеше талпыныстан кейін қате мінез-құлық өте сирек кездесе бастайды. Басқа әдістеме мысықты торға салғаннан бастап, оның тордан шығу уақытын тіркеуден тұрды. Үйрену барысында шығу әдісін іздеу уақыты азая түседі.

Торндайк қолайлы және қолайсыз салдарын ескере отырып, бекіту және шығару сияқты жауап беру реакциялары қағидасын сипаттайды. Мысықтың жәшіктен шығуға мүмкіндік бермейтін қолайсыз жауап беру реакциялары біртіндеп жойылып, бірнеше эксперименттен кейін барлық мүмкіндікке қол жеткізеді. Сонымен бірге жануардың сәтті талпыныстары бірнеше эксперименттен кейін оның санасында қатталып қалады. Үйретудің мұндай тәсілі қателер мен сынақтар әдісі арқылы үйрету деп аталды. Торндайқтың өзі оны сынақтар мен кездейсоқ жетістік әдісі деп атады.

Қателер мен сынақтар әдісі: жетістікке апаратын реакцияларды қайталауға негізделген үйрету.

Эффект заңы: белгілі бір жағдаятта қанағаттандыру сезімін тудыратын іс-әрекеттердің өзге, бұрын болған жағдаятпен ассоциациялы байланысқа түсуі.

Үйрену заңдылықтары

Торндайк ресми түрде эффект заңы түрінде бекіту және ығыстырудың жауап беру реакциялары туралы өз ойларын төмендегідей тұжырымдайды:

«Осы жағдай қанағаттандыруды тудыратын кез келген іс-қимыл жағдайымен байланыстырылады. Сондықтан ол қайта пайда болған кезде осы іс-

қимылдың пайда болу ықтималдығы бұрынғыға қарағанда жоғары болады. Керісінше, жайсыздық туғызатын кез келген іс-қимыл азая бастайды. Сондықтан ол қайта пайда болған кезде осы іс-қимылдың пайда болу ықтималдығы өте аз болады» (1905, р. 203).

Үйрену заңы: белгілі бір жағдаяттағы іс-әрекеттің қайталанған сайын өзге жағдайлен ассоциациялық байланысының күшейе түсуі.

Үйрену заңы. Әр нақты жағдайда кез келген реакция сол жағдайға тікелей байланысты болады. Кез келген жағдайда реакция жиі көрінген сайын, ассоциативті байланыс тығыз бола түседі. Керісінше, егер ұзақ уақыт бойы реакция жүзеге асырылмаса, ассоциативті байланыс та әлсірейді.

Басқаша айтқанда, нақты жағдайда жауап беру реакциясын қайталау оның күшеюіне алып келеді. Торндайқтың кейінгі зерттеулері бірнеше рет қайталаудан гөрі, реакцияның қолайлы салдары (яғни қанағаттандыратын жағдай) тиімді екеніне көз жеткізді.

Торндайк кең ауқымды эксперименттік бағдарлама аясында эффект заңын қайта зерттеді. Бұл зерттеуге адамдар тартылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, реакцияны ынталандыру оның нығаюына жол ашты. Бірақ жазалау кері нәтиже бермейтінін көрсетті. Торндайк жазалаудан гөрі, ынталандыруға ерекше зейін аудару үшін эффект заңын қайта қарады.

Түсініктеме

Торндайқтың адамдар мен жануарларды үйрету саласындағы зерттеулері психологияға үлкен бетбұрыс әкелді. Оның жұмыстары америкалық психологияда үйрету теориясын дамыта түсті, оның зерттеулеріндегі объективтілік рухы бихевиоризмнің дамуына маңызды үлес қосты. Уотсон: «Торндайқтың зерттеулері бихевиоризмнің іргетасына айналды», – деп жазды. Иван Павлов Торндайқтың еңбегін жоғары бағалай келіп, былай дейді:

«Жаңа тәсілмен жұмыс істей бастағаннан кейін, бірнеше жыл өткен соң, мен Америкада физиологтер емес, психологтердің осыған ұқсас тәжірибе жасағанын білдім. Мен сол кезден бастап америкалық зерттеулерді мұқият зерттей бастадым. Бұл бағытта алғаш зерттеу жүргізген Э.Л. Торндайк екенін мойындауым керек. Оның эксперименттері біздің тәжірибелерімізден екі немесе үш жыл бұрын жасалды, ал оның кітабын ауқымды жұмыс пен нәтиже дәлдігі бойынша классикалық еңбек деп айтуға болады» (Pavlov, 1928, quoted in Joncich1968, pp. 415–416).

Иван Петрович Павлов (1849–1936)

Иван Павловтың үйрету саласындағы әйгілі зерттеулері субъективті идеялардан объективті идеяларға, сондай-ақ бездер немесе бұлшық еттердің секрециясы сияқты санмен өлшенетін физиологиялық процестерге баса зейін аударды. Осының нәтижесінде Павловтың жұмысы мінез-құлықты зерттеудің жаңа әдісі мен оны байқау және модификациялаудың жаңа әдістерін тауып, Уотсонды толықтыра түсті.

Павловтың өмірбаяны

Иван Павлов Ресейдің орта бөлігінде, Рязаньда, дүниеге келді. Ол деревнялық дін қызметкерінің отбасындағы 11 баланың ең үлкені еді. Мұндай үлкен отбасындағы өмір оны ерте бастан еңбекқорлыққа және жауапкершілікке тәрбиеледі. Ол бұл қасиеттерді өмір бойы сақтап келді. Жеті жасында оқыс оқиға салдарынан бас жаракатын алып, бірнеше жыл бойы мектепке бара алмайды. Сондықтан әкесі оны үйде дайындайды. Діни қызметкер атану үшін Павлов діни семинарияға түседі. Алайда Чарльз Дарвиннің зерттеулері туралы мақаланы оқыған соң, ойын түбегейлі өзгертеді. Ол университетке түседі. Зоопсихология саласында таңдаған мамандығы бойынша оқуы үшін, жүздеген шақырым жерді жаяу жүріп өтіп, Санкт-Петербургке келеді.



ИВАН ПАВЛОВ

<https://en.wikipedia.org>

Университетте білім алғаннан кейін, Павлов ақсүйектер мен шаруалар табынан ерекшеленетін Ресей қоғамында жаңа пайда болып келе жатқан таптың – интеллигенцияның өкіліне айналды. Тарихшылардың бірі былай деп еске алады:

«Павлов өзі шыққан шаруалар ортасы үшін зиялы болды, бірақ ақсүйектер үшін өте қарапайым әрі кедей еді. Мұндай әлеуметтік жағдайлар ғылымға берілген интеллектуалдарды көптеп тудырды, олардың бүкіл өмірі ғылымға арналды. Павлов та солардың бірі болатын. Ғылым мен эксперименттік зерттеулерге жан-тәнімен берілген ол орыс шаруасының күш-қуаты мен қарапайымдылығынан күш алды» (Miller, 1962, p. 177).

Көп жыл өткен соң, Павлов өзінің профессорлықтан гөрі, шаруаға көбірек жақын болғанын еске алады (quoted in Saunders, 2006, p. 20). 1875 жылы Павлов дәрігерлік қызмет студент гөрі, ғылыми дәреже алып, физиологиялық зерттеулермен айналысу үшін медицинадан сабақ ала бастайды. Екі жыл Германияда білім алады, содан кейін Санкт-Петербургке оралып, бірнеше жыл бойы зертхана көмекшісі болып қызмет етеді.

Отбасылық өмірі

Павлов эксперименттік ғылымға адал болды. Жалақы, киім-кешек, күнкөріс сияқты тұрмыстық жағдайға бас қатырған емес. 1881 жылы үйленген әйелі Сара күйеуінің ғылымнан тыс шаруаларымен айналысты. Олар үйленісімен ортақ келісімге келеді: егер әйелі күнделікті өмірдегі шаруалармен айналысса, ол ешқашан темекі шекпеуге, карта ойнамауға және қонаққа сенбі, жексенбі күндері кешкі уақытта баруға уәде етеді. Басқаша айтқанда, ол жұмыс кестесін бұлжытпай ұстанып, қыркүйектен бастап мамыр айына дейін аптасына жеті күн жұмыс істейді де, жазғы уақытын деревняда өткізеді.

Сара жалақы алу уақытын күйеуінің есіне салып тұратын. Бұл Павловтың ақшаға жүрдім-бардым қарайтынын көрсетсе керек. Сондай-ақ әйелі оған өз бетімен киім сатып алуға рұқсат етпейтін. Жасы жетпістен асқан Павлов бірде трамваймен зертханаға бара жатып, трамвайдың тоқтауын күтпей секіріп кетіп, аяғын сындырып алады. Жанында тұрған бір әйел: «Ой, Құдайым-ау! Бұл данышпан адам ғой, бірақ аяғын сындырмай, трамвайдан түсе алмайды», – деп қайран қалады (Gantt, 1979, p. 28).

41 жасында Санкт-Петербургтегі әскери-медицина академиясында фармакология профессоры атанғанша, 1890 жылға дейін Павловтың отбасы кедейшілікте өмір сүреді. Содан бірнеше жыл бұрын, докторлық диссертациясын жазып жүргенде, олардың тұңғышы дүниеге келді. Дәрігерлер әйелі мен баласын ауылдық жерге апармаса, баланың тірі қалуы екіталай дегенді айтады. Павлов қарызға ақша алады, бірақ тым кеш еді. Сәби шетінеп кетеді. Павлов біраз уақыт бойы зертханадағы төсекте түнеп жүреді, ал әйелі мен екінші баласы туыстарына барып тұрады. Себебі олардың пәтер жалдауға ақшалары жоқ болатын. Бірақ Павлов оған еш мойыған емес.

Зертханадағы өмір

Павлов зерттеу ісіне ерекше қызыққанымен, эксперименттерді сирек өткізген. Ол басқалардың жасаған тәжірибелерін мұқият байқайтын. 1897–1936 жылдар аралығында Павловтың жетекшілігімен 500-ден астам ғылыми еңбек жазған 150-ден астам зерттеуші жұмыс істеді. Студенттерінің бірі былай деп еске алады:

«Зертхана сағат механизмі сияқты жұмыс істеді» (Todes, 2002, p. 107). «Павлов зерттеушілерді зауыттағы жүйеге біріктірді және оларды өзінің көзі мен қолы іспетті пайдаланды. Павлов оларға ерекше тапсырмалар берді, иттерге тәжірибе жасау үшін қажетті жабдықтармен жабдықтады, эксперименттерді бақылады, олардың нәтижелерін түсіндірді және олардың жазбаша жұмыстарын толығымен редакциялап отырды» (Todes, 1997, p. 948).

Павлов қызба мінезімен танымал болды. Ол жұмыста көмекшілеріне жиі ұрсатын. 1917 жылғы Қазан революциясы кезінде қызметшілерінің бірін он минутқа кешіккені үшін қатты сөгеді. Көшедегі ағыс-шабыс та олардың жұмысына бөгет бола алмайды. Әйтсе де оның ашуы тез тарайтын. Павловпен жұмыс істеген зерттеушілер өздерінен не күтіп тұрғанын білетін, өйткені Павлов кемшілікті бетке айтатын. Айналасындағыларға адал іске келгенде өте талапшыл болатын.

Бұрқ етпе мінезі барын өзі де жақсы білетін. Зертхана қызметкерлерінің бірі мұндай қорлыққа шыдамайтынын айтып, жұмыстан босатуын сұрайды. Оған «Павлов өз мінезінің осындай жасайсыз екенін... сондықтан зертханадағы жұмыстан кетем деуі ақылға сыйымсыз екенін» айтқан (quoted in Windholz, 1990, p. 68). Эксперимент сәтсіз шықса, Павлов қатты күйзелетін, ал нәтижеге жетіп жатса, қуаныштан қызметкерлерімен бірге иттерді де құттықтайтын.

Ол иттерге мүмкіндігінше адамгершілікпен қарауға тырысты және жаңуарлар душар болатын хирургиялық рәсімдер оның жанына бататын. Алайда ғылыми эксперименттер мұнсыз болмайтын.

«Адамның ең жақын досы иттің жоғары ақыл-ой қабілетінің арқасында физиологиялық эксперименттің құрбаны болып отырғанын күйзеле отырып мойындау қажет. Итті басқа жаңуармен алмастыру мүмкін емес. Ол экспериментке қатысушы болып, өзінің түсіністігімен және даярлығымен зерттеудің нәтижелілігіне ықпал етеді» (Pavlov, quoted in Todes, 2002, p. 123).

1935 жылы Павловтың зерттеу орталығының бағында субұрқақпен безендірілген итке ескерткіш орнатылады. «Бақтың ортасында үлкен иттің мүсіні бар тұғыр орнатылған, тұғыр зертхана зерттеулері және Павловтың сөздері бар барельефтермен безендірілген. Иттердің басы пішіндес сегіз мүсінінің ауыздарынан су атқактап ағып тұрады» (Jonson, 2008, pp. 136–137). Павлов мысықтарды ұнатпады. Оларды «шыдамсыз, быж-шыж еткіш мейірімсіз тіршілік иесі» деп атады (quoted in Saunders, 2006, p. 10).

Аңыз адам

Зертханада қызмет еткен поляк психологі Ежи Конорский Павловтың студенттері оны патшадай көріп, құрметтегенін еске алады. Конорский былай деп жазады:

«Павловтың шәкірттерінің арасында қызғаныш туып, ұстаздарына жақын болуға тырысты. Адамдар Павловпен жақын сөйлескендерін мақтан тұтты. Павловтың әр адамға қарым-қатынасы топтың иерархиясын қалыптастыратын негізгі фактор болды» (1974, p. 193).

Павловтың еңбектерін ағылшын тіліне аударған америкалық студент У.Х. Гант Павловпен алғаш кездескен күнін «өмір бойы ұмытпағанын» жазды (Kosmachevskaya&Gromova, 2017, p. 303).

Павлов – өзінің зертханасында әйелдер мен еврейлерге сынақ жүргізуге рұқсат еткен санаулы орыс ғалымдарының бірі. Ол антисемитизм туралы тақырып қозғалса ашуланатын. Қалжыңды түсіне білетін және қалжыңдаса алатын. Кембридж университетінде құрметті атақты иелену кезінде балконда отырған студенттер ойыншық итті жіпке байлап, төмен түсірді. Павлов осы итті пәтеріндегі жұмыс үстеліне орналастырды.

Йель университетінде философия ғылымының докторы атағына үміткер болған Э.Р. Хилгард 1929 жылы Коннектикут штатының Нью-Хейвен қаласында өткен ІХ Халықаралық Психологтер конгресінде Павловтың сөзін тыңдады. Павлов орыс тілінде баяндама жасады. Аудармашыға ағылшын тіліне аударуға уақыт беріп, үзіліс жасады. Кейін аудармашы Хилгардқа былай деді: «Павлов кідіріп, маған «Сіз бұл туралы бәрін білесіз. Оларға осы туралы баяндап беріңіз. Ал мен әрі қарай жылжып, басқа тақырыпты қозғайын» деді» (Fowler, 1994, p. 3).

Павловтың Кеңес үкіметімен қарым-қатынасы шиеленіске толы болды. Ол 1917 жылғы Қазан төңкерісін және Кеңес үкіметінің саяси-экономикалық жү-

йесін ашық түрде сынады. Миллиондаған адамды өлтіріп, абақтыға қамаған диктатор Иосиф Сталинге наразылық хаттарын жазды. Павловтың кеңестік ғылыми жиындарға қатысудан бас тартуы оның бұл режимге қарсы екенін көрсетті. Билікке теріс көзқараста болуына қарамастан, Павлов кеңестік бюрократияның қолдауына ие болып, өз зерттеулерін үкіметтің араласуынсыз жүргізуге рұқсат алды (see Zagrina, 2009).

Павлов бүкіл ғұмырын ғылымға арнады. Сырқаттанып қалса да бақылаумен айналысатын. Тіпті қайтыс болар күні де бақылауын жалғастырды. Өкпенің қабынуынан әлсіреген Павлов дәрігерді шақырып, оған өз жағдайын: *«Мийым дұрыс жұмыс істемейді. Біртүрлі күй кешемін. Іс-әрекетімді басқара алмаймын. Денем жансызданып бара жатқандай»*, – деп сипаттайды. Ол біраз уақыт бойы дәрігермен өзінің күйін талқылады. Сосын ұйықтап қалды. Оянған соң төсектен тұрып, киімін іздей бастады. Ол: *«Тұратын уақыт болды. Көмектесіңдерші, киінім керек»*, – деді. Сол сәтте жастыққа сылқ түсіп, жантәсілім етті (Gantt, 1941, p. 35).

Шартты рефлексдер

Павлов ұзақ әрі жемісті іс-әрекеті барысында негізгі үш мәселемен айналысты. Олардың бірі – жүрек, жүйке функцияларына, ал екіншісі негізгі ас қорыту бездеріне қатысты еді. Ол ас қорыту мәселелері бойынша еңбектерімен әлемге танылып, 1904 жылы Нобель сыйлығына ие болды. Оның ғылыми қызметінің үшінші саласы – **шартты рефлексдерді зерттеу** болды.

Шартты рефлексдер ұғымы көптеген ғылыми жаңалықтар сияқты, кездейсоқ жүзеге асты. Павлов ас қорыту бездерін зерттеу кезінде (1927/1960) асқазан сөлін иттің ағзасынан тыс жинауға мүмкіндік алу үшін зерттеп, мөлiметтерді тіркеу үшін хирургиялық араласу әдісін пайдаланды.

Иттің аузына тамақ түскен сәттен бастап еріксіз бөлінетін сілекей функцияларын зерттеу Павловтың жұмысының бір аспектісі болды. Павлов кей жағдайда иттің аузына тамақ түскенге дейін сілекей бөліне бастайтынына назар аударды. Иттер тамақты көргенде немесе оны үнемі тамақтандыратын адамды көргенде, ауыздарынан сілекей бөлінді. Сөйтіп, сілекей бөліну реакциясы тітіркенумен байланысты болды.

Физикалық рефлексдер. Павлов мұны бастапқы кезде физикалық рефлексдер деп атады. Олар зертхана иттерінде бастапқы кезден ерекшеленетін тітіркендіргіштер әсерінен туындады. Павлов бұдан мынадай тұжырым жасады: аталған рефлексдер тамақтандыру мен осы тітіркендіргіштер (адамның түрі мен оның шығаратын дыбыстары) арасындағы ассоциативті байланыстың пайда болуымен жүзеге асады.

Зоопсихологияның сол кездегі «уақыт рухына» сәйкес, Павлов та, Торндайк пен Леб сияқты, зертхана жануарларының психикалық әсеріне баса мән берді. Ол алғашында шартты рефлексдердің орнына физикалық рефлекстер терминін қолданды. Павлов субъективтілік пен антропоморфизм рухында оқиғаларды сипаттай отырып, жануарлардың қалауы, түсініктері мен ерік-жігері туралы жазды. Кейін Павлов барлық психикалық анықтамаларды жоққа шығарып, объективті, сипаттау әдістемесін қолданды.

«Бастапқы кезде өзіміздің физикалық тәжірибелерімізде жануардың субъективті күйін елестетіп, нәтижелерді түсіндіруге тырыстық. Бірақ бұл әрекетімізден ештеңе шықпады. Тексеру мүмкін емес жеке көзқарастар мен қарама-қайшылықтар туындады. Сондықтан біз зерттеуімізді таза объективті негізде жүзеге асыруымыз қажет болды» (Сину, p. 65).

Павлов «Шартты рефлексдер» (*Conditioned Reflexes*) аталатын еңбегінің ағылшын тіліндегі аудармасында (1927) осыдан 300 жыл бұрын рефлексдер туралы идеяны дамытқаны үшін Декартқа алғысын білдірді. Ол Декарттың жүйке рефлексі деген атауының зерттеу жұмысына негіз болғанын айтты.

Шартты рефлексдер:
стимулдар мен реакциялар арасындағы байланыстың қалыптасуына негізделген шартты рефлексдер.

Павловтың итке жасаған алғашқы тәжірибелері тым қарапайым болды. Ол қолына бір тілім нан ұстап, оны бермес бұрын итке көрсетті. Нанды көргенде иттің сілекейі аға бастады. Тамақ жегенде иттің аузынан сілекейдің ағуы ас қорыту жүйесінің табиғи реакциясы болды. Мұндай реакция ешқандай үйретуді қажет етпейді. Павлов мұны туа біткен немесе шартсыз рефлекс деп атады.

Алайда тамақты көргенде сілекейдің бөлінуі рефлекске жатпайды және үйретуді қажет етеді. Павлов мұндай реакцияны шартты рефлекс деп атады (*психикалық рефлекс* түсінігінен бөлек). Себебі ол тағам мен оны жұту арасындағы ассоциативті байланысқа тәуелді болды.

У.Х. Гантт Павловтың еңбектерін орыс тілінен ағылшын тіліне аудару кезінде «байланысты» терминінің орнына «шартты» сөзін қолданды. Кейін Гантт терминді ауыстырғанына өкініш білдірді. Осыған карамастан, «шартты рефлекс» термині әлі де көпшілік арасында қолданылады.

Павлов, қорқыныш немесе агрессия туындамаған жағдайда, көптеген тітіркендіргіштерден зертхана жануарларында сілекей бөлу шартты реакциясы пайда болатынын байқады. Павлов зуммерлерді, лампаларды, ысқырықтарды, музыкалық дыбыстарды, қайнаған судың дыбысын, тықылдаған метрономды тексеріп, бірдей нәтиже алды.

Павловқа тән ұқыптылық пен дәлдік иттің сілекейін жинау әдістемесінен байқалды. Иттің жағындағы хирургиялық тілікке резеңке түтік орнатылды. Сілекей сезімтал серіппеге орнатылған платформаға түскен сайын, айналмалы барабандағы маркер іске қосылды. Сілекей тамшылары мен уақытының нақты мөлшерін тіркеуге мүмкіндік беретін құрылғы Павловтың тәжірибені жүргізудің стандартты талаптарын қамтамасыз ету, қатаң бақылау және қателердің түп негізін жою үшін ғылыми әдісті ұстанып, көп күш жұмсағанын көрсетті.

Үнсіздік мұнарасы. Павлов бөгде әсерді жоюға баса мән беріп, арнайы бокстар жасады. Олардың бірі – тәжірибе жасалатын жануарларға, екіншісі тәжірибешіге арналды. Тәжірибеші итке көрінбей тұрып, түрлі тітіркендіргіштерді қолданды, сілекейін жинады және оны қоректендіре алды.

Бірақ мұндай сақтандыру шаралары оны қанағаттандырмады. Павловтың болжауынша, зертханадағы сыртқы шулар тәрізді қоршаған орта жағдайлары бәрібір әсер етіп, тәжірибе нәтижелерін өзгертуі мүмкін еді. Ол орыстың бір кәсіпкері ойлап тапқан құралдарды пайдаланып, «Үнсіздік мұнарасы» деген үш қабатты зертхана ғимаратының жобасын жасады. Мұнара терезесіне қалың әйнектер салынды, бөлмелерге герметикалық окшаулауды қамтамасыз ететін екі қабат болат есіктер салынды. Аралықтарды ұстайтын болат арқалықтарға құм төселді. Ғимарат арықпен қоршалып, іші сабанға толтырылды. Дірілдеу, шу, температураның ауытқуы, иістер мен жел көздері толығымен жойылды. Павлов тәжірибе жасалатын жануарларға тәжірибе барысында ұшырайтын тітіркендіргіштерден басқа ештеңе әсер етпеуге күш салды.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«Шартты рефлексстер» (*Conditioned Reflexes*) кітабынан (1927) алынған материалдардың түпнұсқа дереккөздері

Иван Павлов

Декарттың жүйке рефлексстері туралы идеяларын негізге алдық. Бұл – керемет ғылыми тұжырымдама. Себебі ол қажеттілікті білдіреді. Оны мына жолмен сипаттауға болады: сыртқы немесе ішкі тітіркендіргіш қандай да бір жүйке рецепторына әсер етеді. Нәтижесінде жүйке импульсі пайда болады. Ол жүйке талшықтары арқылы орталық жүйке жүйесіне беріледі және жүйке байланыстары әсерінен жаңа жүйке импульсін құрайды. Ол, өз кезегінде, жүйке талшықтары арқылы белсенді органға етеді. Сол жерде жасуша

құрылымдары белсенді жауап қайтарады. Сөйтіп, тітіркендіргіштің белгілі бір жауабының қажеттілігімен себеп-салдар байланысы туындайды. Организмнің барлық қызметі белгілі бір заңдарға бағынуы тиіс екені анық байқалады.

Рефлексстер құдды адам ойлап тапқан белдіктер іспетті. Зерттеу жұмысының басында «тәжірибеші мен зерттеу камерасындағы итті оқшаулау қажет және тәжірибе барысында оған ешкімді кіргізуге болмайды» деп айтылды. Алайда бұл сақтандыру шарасы жеткіліксіз болды. Себебі тәжірибеші тітіркендіргіштердің көп мөлшерінің тұрақты қайнар көзі болды. Тәжірибе нәтижелері бұрмалану үшін иттерге әсер ететін көздің жыпылықтауы, дененің күйі, тыныс алуы және т.б. сияқты тітіркендіргіштер, аз ғана іс-қимыл жеткілікті еді.

Тәжірибешінің артық ықпалын жою үшін, оны ит тұрған бөлме сыртына жайғастырды. Осы рефлексстерді зерттеуге арналмаған зертханаларда мұндай сақтандыру шарасы жарамсыз болып есептелді. Жануар басқа бөлмеге орналастырылғанмен, оның айналасындағы қоршаған орта өзгеріп тұрады. Бөлменің жанынан өтіп бара жатқан адамдардың аяқ дыбыстары, көрші бөлмедегі кездейсоқ әңгімелер, есіктің жабылуынан шығатын дыбыстар немесе өтіп бара жатқан автокөлік дірілі, көшедегі айғай-шу және бөлмеге терезеден түсетін көлеңке иттердің рецепторларына әсер ететін, байқалмайтын тітіркендіргіштер әрекетін атқарып, зертханалық жануардың миының жарты шарында тітіркендіру туғызып, тәжірибе нәтижелері бұрмаланды.

Осындай факторлардың әсерін жою үшін Петроградтағы Тәжірибелік медицина институтында арнайы зертхана (Үнсіздік мұнарасы) салынды. Ол Мәскеудің бір кәсіпкері берген қаражатқа тұрғызылды. Бұл зертхананың негізгі мақсаты – иттерді бақылауға келмейтін сыртқы тітіркендіргіштер әсерінен қорғау. Бұл мақсат арнайы конструкциялар мен мұнараны арықпен қоршау арқылы жүзеге асты. Ғимарат ішіндегі зерттеуге арналған барлық бөлмелер (әр қабатта төрт бөлмеден) бір-бірінен крест тәрізді дәліз арқылы оқшауланып, жоғарғы және бірінші қабат аралықтармен бөлінді. Зерттеуге арналған әр бөлме дыбыс өткізбейтін материал арқылы екі бөлікке бөлінді. Олардың біреуі – тәжірибешіге, екіншісі зертхана жануарына арналды. Зерттеушілер тітіркендіргіштің зертхана жануарына әсер етуін, оған қайтарылған тиісті рефлексорлық жауапты тіркеу үшін электрлік немесе пневматикалық әдісті қолданды. Бұл шараларды қолдану зерттеушілерге тәжірибені сәтті өткізуге қажет – қоршаған орта жағдайларын жасауға мүмкіндік берді.

Бекіту: белгілі бір істің қайталануын болдыратын стимул.

Шартты тәжірибе. Павловтың зертханасындағы әдеттегі тәжірибені байқап көрелік. Шартты тітіркендіргіш (мысалы, жарық) әсер ете бастайды. Бұл жағдайда шам жанады. Осыдан кейін тәжірибеші бірден шартсыз тітіркендіргішті көрсетеді. Жарық пен тамақтың бір уақытта пайда болуы сан мәрте қайталанғаннан кейін, жарықты көргенде жануардың сілекейі еріксіз ағады. Жарық пен тамақ арасында ассоциативті байланыс орнатылады және жануар шартты тітіркендіргішке жауап бере бастайды. Мұндай үйрету процесі жарықты қосқан сәтте тамақтың пайда болуы бірнеше рет қайталанған жағдайда ғана жүзеге асады. Осылайша, бұл әдіс бекіту (тамақ) болғанда ғана іске асады.

Павловтың тәжірибелік бағдарламасы ұзақ уақыт бойы жалғасты. Вундттың кезінен басталған қандай да бір басқа бағдарламамен салыстырғанда көп адамның қатысуын қажет етті. Павловтың «Шартты рефлексстер» атты еңбегінде келесі үзіндіде оның Декарттың жұмысын негізге алып, аналитикалық, механикалық және атомдық әдістемелер қалыптастырғанын көреміз. Сондай-ақ оның зерттеу жүргізуде аса қиын жағдайларға тап болғанын атап өту керек.

Із-түзсіз жоғалғандар: тізе рефлексстері және ұмытшақтық

Дәл осындай жаңалықты Павловтың замандасы ашты. 1904 жылы Пенсильвания университетінің түлегі, Лайтнер Уитмердің шәкірті – америкалық жас жігіт Эдвин Беркет Твитмайер (1873–1943) Америка Психологтер қауымдастығының конференциясында өзінің докторлық диссертациясы материалдары бойынша жазылған мақаласын ұсынды. Оның жұмысы тізенің тітіркену рефлексіне арналды. Твитмайер зерттеу барысында қатысушылардың тізеден төмен балғамен соғудан ерекшеленетін тітіркендіргіштерге жауап қайтара бастағанын аңғарды. Ол сыналушылардың реакциясын жаңа және әдеттен тыс рефлекс түрі деп сипаттап, зерттеуді әрі қарай жалғастыруды ұсынды.

Алайда конференцияға қатысқандардың ешқайсысы Твитмайердің баяндамасына қызығушылық танытпады. Баяндамадан кейін оған ешкім сұрақ қоймады.

Зерттеу жұмыстарын ешкім елемеді. Сөйтіп, Твитмайер бұл тақырыпқа қайта оралмады (Fernberger, 1943).

Твитмайердің ұзақ уақыт бойы хабар-ошарсыз қалуының себебін тек болжауға болады. Бәлкім, америкалық ғылыми қоғам шартты рефлекстердің жаңа ұғымын қабылдауға әзір болмаған шығар. Твитмайер жас болғандықтан, мақсатына жетуге және жаңалық ашуға қарым-қабілеті мен материалдық жағдайы жетіспеген болар. Әлде сол күн қолайсыз сәт болды ма екен?!

Твитмайер – Уильям Джеймс төрағалық еткен бірнеше сағаттық конференцияда түскі ас алдында сөз сөйлеп, баяндама жасағандардың бірі. Конференция ұзаққа созылып, ақыр соңында Джеймс (қарны қатты ашып, зеріккен болар) Твитмайердің баяндамасын талқылауға жеткілікті уақыт бермей, аяқтай салды (Coop, 1982).

Досы әрі әріптесі жазған қазанамада: «Твитмайердің осы жағдай туралы естеліктері бойынша, зерттеу нәтижелеріне көпшіліктің тиісті қызығушылық білдірмеуі көңілін қалдырып, аралас сезім тудырды», – деп жазылған. (Irwin, 1943, p. 452).

Тарихшылар психология ғылымында маңызды жаңалығымен танылуға мүмкіндігі болған ғалым туралы қайғылы әңгімені жиі еске салады. «Твитмайердің қалған өмірінде «психология ғылымына зор үлес қосуым мүмкін еді» деген оймен күрескені анық» (Benjamin, 1987, p. 1119).

Твитмайердің жаңалығынан шамамен сегіз жыл бұрын бейімдеудің негізгі қағидаларын көрсеткен австриялық физиолог Алоис Крейдль де Павловтың ізбасары болды.

Крейдль алтын балықтың зертханадағы аквариумде стимулдар арқылы қоректенетінін байқады. Балық күтушінің тәсілін көрген Крейдль «содан кейін судағы дірілге сақ бола бастады» (Logan, 2002, p. 397). Алайда Крейдльді түйсіну процесі көбірек қызықтырды. Сондықтан бұл тұжырымдар ғылыми қауымдастық аясында талқыланбады.

Түсініктеме

Павлов жануарлардағы жоғары ақыл-ой процестерін физиологиялық тұрғыда сана-сезім деген ұғымсыз сипаттауға болатынын көрсетті. Оның әдіс-тәсілдері мінез-құлық терапиясы сияқты салаларда кең қолданысқа ие болды. Терапия қозғалысының негізін қалаушы Джозеф Вольпе болды (1915–1997). Ол Павловтың әдістерін дамытуға мүмкіндік беретін маңызды принциптерді атады (Volpe & Plaud, p. 1997). Павловтың зерттеу жұмысы зерттеу объектісі мен әдіске деген объективтілікті арттыруға септігін тигізді.

Павлов жаңа психология ғылымының негізін құрайтын механицизм мен атомизм дәстүрлерін жалғастырды. Оның көзқарасы бойынша, адамдар мен иттер өзге жануарлар сияқты, механизмдер болып саналды. Ол мына көзқарасты ұстанды: *«Тірі ағза құдды машина іспетті. Өте күрделі. Соған қарамастан, машина сияқты көңіш және тіл алғыш»* (Mazlish, 1993, p. 124).

Павловтың шартты әдістері психология ғылымына өзін-өзі ұстаудың негізгі элементін, адамның күрделі мінез-құлқын зертханалық жағдайда зерттеуге мүмкіндік беретін нақты жұмыс бірлігін алып келді. Джон Б. Уотсон осы жұмыс бірлігіне зейін аударып, оны бағдарламасының түп қазығына айналдырды. Павлов Уотсонның жұмысына ризашылығын білдіріп, Құрама Штаттарда бихевиоризмнің дамуы оның идеялары мен әдістерінің көрсеткіші екенін атап өтті.

Ең қызығы, Павлов көзі тірісінде психология ғылымын құптамады. Алайда оның идеясы дәл осы салаға зор ықпал етті. Павлов ойлаудың құрылымдық және функциялық мектептерімен таныс болды. Уильям Джеймстің жұмысымен танысып, ортақ келісімге келді. Бірақ әлі де болса осы мәртебеге қол жеткізе алмағанын айтып қынжылды және психологияның ғылым бола алатынына көзі жетті. Павлов кейінірек өзінің көзқарасын қайта қарады. Кей кездері өзін тәжірибелі психолог деп атады. Оның әу бастағы теріс көзқарасы психологтердің ғылымды әрі қарай дамытуына кедергі болған жоқ.

Владимир Бехтерев (1857–1927)

Владимир Бехтерев – жануарлар психологиясы мен бихевиоризмнің дамуындағы бірден-бір маңызды тұлға. Ол осы ғылымның субъективті идеялардан объективті түрде бақыланатын мінез-құлыққа ойысуына септігін тигізді. Ол орыс физиологі, невропатолог және психиатр Иван Павловпен салыстырғанда аса танымал болған жоқ. Дей тұрғанмен, ол көптеген ғылыми-зерттеу салаларының негізін салушы.

Бехтерев патша билігі мен Ресей үкіметін ашық сынға алған саяси радикал болды. Ол ресейлік жоғары оқу орындарынан шығарылған әйелдер мен еврейлерді жұмысқа алып, оқуға түсірді. 1881 жылы Бехтерев Санкт-Петербург Әскери медицина академиясын бітірді.

Лейпциг университетінде Вундтпен бірге оқып, Берлин мен Парижде қосымша курстардан өтті.

Қазан университетінің жүйке аурулары кафедрасының профессоры лауазымын алу үшін Ресейге қайта оралды. 1893 жылы Әскери медицина академиясында психикалық және жүйке аурулары кафедрасы құрылып, психиатриялық емхана ашылды. Ал 1907 жылы Психоневрология институты құрылды.

Павлов Бехтеревтің еңбектерінің біріне қарсы пікір білдіргеннен кейін, олар бірін-бірі көре алмайтын қас дұшпанға айналды.

«Бехтерев пен Павловтың бір-біріне өш болғаны сонша – олар тіпті көшеде жаға жыртыса кететін. Қандай да бір ғылыми конференцияда ұшырасып қалса, араларында кикілжің туындайтын. Олар үнемі қырғи-қабақ болды. Бірін-бірі жамандап, аяқтан шалуға тырысты. Бехтеревтің қандай да бір жақтаушысы халық алдында мәлімдеме жасаса, Павлов оған қарсы шықты. Бұл оның шартты рефлексіне айналды» (Ljunggren, 1990, p.60).

1927 жылы, большевиктер патшаны тақтан тайдырғанына он жыл өткен соң, Бехтерев Мәскеуге шақырылды. Ол күйзеліске жиі ұшырайтын Иосиф Сталинді емдеуге тиіс болды. Бехтерев диктаторды тексеріп болған соң, оған *паранойя* деген ауыр диагноз қойды. Күдікті Бехтерев дәл сол күні қайтыс болды.

Аутопсия жасауға рұқсат етілмей, денесі кремацияланды. Сталин Бехтеревті психиатриялық ауыр диагноз қойғаны үшін өлтіртізген деген болжам бар. Кейін Сталин Бехтеревтің зерттеу жұмыстарына қысым көрсетіп, ұлын өлім жазасына кесті (Lerner, Margolin & Witztum, 2005, Ljunggren, 1990). 1952 жылы, Сталиннің қайтыс болуына бір жыл қалғанда, Кеңес Одағы Бехтеревтің құрметіне пошта маркасын шығарды.

Байланыстырылған рефлексер

Павлов ас қорыту бездерінің сөлін зерттеумен ғана айналысса, Бехтерев, негізінен, моторикаға қатысты шартты рефлексерді зерттеді. Басқаша айтқанда, Павловтың бұлшық етке қатысты шартты принциптерін қолданды. Бехтеревтің негізгі жаңалығы – моторлық реакцияларды зерттеу нәтижесінде анықталған **байланыстырылған рефлексер** болды. Ол электр тогы көзінен саусақты тартып алу сияқты рефлекторлық қозғалыстардың тек шартсыз ынталандырудан (электр тогының соғуы) емес, сондай-ақ бастапқы тітіркендіргішпен сәйкес келетін стимулдардың нәтижесінде пайда болатынын анықтады. Мәселен, ток соққан кезде шығатын зуммер дыбысы сыналушыны саусағын тартып алуға мәжбүрлейді.

Бұл құбылысты психикалық процестер терминдерімен түсіндіруге болар еді. Алайда Бехтерев бұл реакцияларды *рефлекторлық* деп санады. Ол жоғары деңгейдегі күрделі мінез-құлықты дәл осылай түсіндіруге болатынына сенді және төмен деңгейлі моторлық рефлексердің жинақталуы немесе қосындысы ретінде түсіндірді. Ойлау процесінің бұлшық еттің ішкі әрекеттеріне байланыстылығын да атап өткен еді. Кейін бұл идеяны Уотсон іліп әкетті. Бехтерев психологиялық

Байланыстырылған рефлексер: рефлексер шартсыз ынталандырумен ғана болады.

құбылыстарға және психиатриялық терминдер мен ұғымдарды пайдалануға объективті қарауды талап етті.

Ол 1907 жылы жарияланған идеясын «Объективті психология» (*Objective Psychology*) кітабында сипаттады. 1913 жылы неміс және француз тілдеріне аударылды. Үшінші басылымы 1932 жылы ағылшын тілінде «Жалпы адамзат рефлексологиясының қағидалары» (*General Principles of Human Reflexology*) деген атаумен жарық көрді.

Түсініктеме

Жануарлар психологиясы қайнар көзінен – Романес пен Морганның еңбектерінен бастап психология ғылымының зерттеу пәні мен әдіснаманы таңдауда біртіндеп үдемелі объективтілікке қарай жылжығанын байқауға болады. Бұл саладағы алғашқы зерттеу жұмыстары сана мен психикалық процестер тұжырымдамасын тудырды. Олар субъективті зерттеу әдісіне негізделді. Алайда XX ғасырдың басында жануарлар психологиясы зерттеу пәні және қолданылатын әдістер бойынша толыққанды объективті ғылымға айналды. «Бездердің сөз шығаруы», «рефлекторлық реакциялар», «әрекеттер», «мінез-құлық» тәрізді терминдер жануарлар психологиясының субъективті таным-түсініктен біржолата арылғанына дәлел болды.

Уақыт өте келе жануарлар психологиясы мінез-құлық туралы саланың – бихевиоризм бағытының үлгісіне айналды. Бұл бағыттың негізін қалаушы Уотсон зерттеу кезінде адамдарды емес, жануарларды пайдалануды жөн көрді. Ол мамандардың зерттеу нәтижелерімен танысып, оларды өңдеген соң, мінез-құлық туралы ғылымның адамдарға да, жан-жануарларға да сай келетін негіздерін жасады.

Функциялық психологияның бихевиоризмге әсері

Мінез-құлықтың тағы бір кезеңі функционализм деп аталады. Уотсонның заманында толыққанды объективті ой мектебі болмағанына қарамастан, функциялық психология басқа ағымдардан жоғары деңгейдегі объективтілігімен ерекшеленді. Кеттелл мен оның пікірлестері мінез-құлық пен объективтілікке баса зейін аударып, интроспекция ұғымына қарсылық білдірді (8-тарауды қараңыз). 1915 жылы Колумбия университетін тәмамдаған Марк Артур Мэй (1891–1977) Кеттеллдің зертханаға барғанын былай еске алады:

«Мэй Кеттеллге құрал-жабдықтарды көрсетті. Кеттелл одан ерекше әсер алды. Бірақ Мэй студенттерінен алған интроспективті мәлімдемелерді көрсеткенде, Кеттелл: «Мынаның бәрі түкке тұрғысыз», – деп, зертханадан шығып кетті» (May, 1978, p. 655).

Қолданбалы психология ғалымдары сана мен интроспекция тұжырымдамасын қолданысқа енгізе алмады. Арнайы салаларда объективті функциялық психологияның принциптері мақұлданды. Уотсон ғылым аренасына шыққанға дейін функциялық психологтер Вундт пен Титченердің саналы тәжірибе психологиясынан алыстап кетті. Кейбір функциялық психологтер еңбектер мен дәрістерде сананы емес, мінез-құлықты зерттеуге негізделген объективті психологияны құптады.

1904 жылы Миссури штатының Сент-Луис қаласында өткен Дүниежүзілік жәрмеңкеде Кеттелл былай деген екен:

«Психология ғылымы сана-сезімді зерттеумен шектелуі тиіс» деген пікірмен келіспеймін. Интроспекциядан басқа зерттеу пәні жоқ деген түсінік кеңінен

таралды. Алайда қазіргі нәтижелер бұл түсінікті жоққа шығарды. Меніңше, өзім жүргізген немесе зертханада жүргізілген зерттеулердің басым бөлігі физикаға немесе зоологияға қатысты жұмыстармен қатар, интроспекция ұғымымен де тығыз байланысты емес. Қазіргі заманда адам табиғатын зерттеу туралы білімді іске асырудың XIX ғасырда өмір сүрген физиктердің жетістіктеріне тең келетін және материалды әлемді зерттеудің маңызы бола алатын нәтижелер беруі әбден мүмкін» (1904, pp.179–180–186).

Кеттелл сөз сөйлегенде, Уотсон да залда болды. Оның болашақтағы позициясының Кеттеллдің тұжырымдарымен ұқсастығы сонша – кейін бір тарихшы Уотсонды бихевиоризм бағытының «әкесі», ал Кеттеллді «атасы» деп атауды ұсынды (Burnham, 1968).

Психология бағытының өзгеруі

Уотсон бихевиоризм бағытының негізін қалардан он жыл бұрын Құрама Штаттардағы интеллектуалдық климат объективті психология идеясын дамытты. Шын мәнінде, америкалық психологияның қозғалысы бихевиористік бағытта болды. Колумбия университетінің түлегі Роберт Вудвортс 1904 жылдан бастап америкалық психологтердің басым бөлігінің «біртіндеп бихевиоризмге ойыса бастағанын, психологияны сананы сипаттайтын ғылым ретінде емес, мінез-құлық туралы ғылым ретінде тани бастағанын» атап өтті (1943, p. 28).

1911 жылы Титченермен бірге білім алған Уолтер Пиллсбери өзінің еңбегінде психологияны мінез-құлық туралы ғылым ретінде сипаттады. Ол физикалық әлемдегі өзге объектілермен қатар, адамға да объективті түрде қарау керектігін баса айтты. Дәл сол жылы Макс Мэйер «Адам мінез-құлқының негіздері» (*The Fundamental Laws of Human Behavior*) атты еңбегін жариялады. Уильям Макдугал «Психология: мінез-құлықты зерттеу» (*Psychology: The Study of Behavior*) деген еңбек (1912) жазды. Ал Уотсон тәлім алған Джон Хопкинс университетінің психологі Найт Данлап психология ғылымынан «интроспекция» деген ұғымды алып тастауды ұсынды.

Сондай-ақ сол жылы Уильям Монтаг АПК-ның Нью-Йорктегі бөлімшесінде «Психология ақылынан адасты ма?» (*Has Psychology Lost Its Mind?*) тақырыбында баяндама жасады. Ол «ақыл-ой немесе сана деген ұғымнан арылып, мінез-құлық тұжырымдамасын психологиялық зерттеудің объектісі ретінде алуға» шақырды (quoted in Benjamin, 1993, p. 77).

1910 жылы Чикаго университетінің маңдайалды функциялық психологтерінің бірі – Д.Р. Энджеллдің болжауынша, америкалық психология жоғары деңгейдегі объективтілікке өтуге дайын деді. 1910 жылы ол «сана» деген терминнің «жан» деген термин сияқты, психология ғылымынан түбінде жойылатынын айтты. Үш жылдан кейін, Уотсонның бихевиоризм туралы тұжырымдарының жариялануына аз қалғанда, Энджелл (1913) «сана» туралы ұмытып, оның орнына адамдар мен жануарлардың мінез-құлқын объективті түрде сипаттау анағұрлым пайдалырақ деген тоқтамға келді.

Осылайша, «психология – мінез-құлық туралы ғылым деп аталуға тиіс» деген ойды қолдайтындар қатары арта бастады. Уотсонның ұлылығы жаңа идеяны бірінші болып ұсынуында емес, уақыттың нені талап ететінін анық түсінуінде. Ол батыл түрде жауап қайтарып, төңкеріс агенті атанды. Ол өзінің зор табысқа жететініне сенімді еді.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Ақылды Ганстың жануарлар психологиясына әсерін талқылаңыз. «Pfungsf» тәжірибелері нені көрсетті?
2. XX ғасырдың екінші онжылдығында психология ғылымы қалай өзгерді?
3. Уотсон негізін қалаған бихевиоризм бағытының негізгі қағидаларын атаңыз және олардың Вундт пен Титченердің позицияларынан айырмашылығы бар ма?
4. Неліктен Уотсон сана мен интроспекция әдісін зерттеуге қарсы болды?
5. Уотсонның айтуы бойынша, жаңа психологияны қалыптастырған негізгі үш күштің атауы қандай?
6. XX ғасырдағы Zeitgeist (уақыт рухы) қозғалысында позитивизм бағыты қандай рөл атқарды?
7. Жануарлар психологиясының дамуын Романес пен Морганның жұмысынан бастап сипаттаңыз. Неліктен жануар психологі болу қиын болды?
8. Леб, Уошберн, Смолл және Тернер жаңадан пайда болған жануарлар психологиясына қандай үлес қосты?
9. Торндайктың коннекционизмінің ассоциация деген философиялық ұғыммен байланысы.
10. Торндайктың пазл-бокс туралы зерттеуін және нәтижелер арқылы анықталған үйрену заңдарын сипаттаңыз.
11. Торндайктың адам мен жануардың мінез-құлқы туралы зерттеуінің бихевиоризм бағытының дамуындағы маңызы.
12. Павловтың зерттеу жұмысы кезінде психикалық тәжірибелерге зейін аударып, сыртқы әсерлерді байқағаны туралы айтып беріңіз.
13. Ұялы телефон шырылдағанда қоянның аузынан сілекей бөліну үшін қандай тәжірибе жүргізер едіңіз?
14. Павловтың жұмысы Уотсонның бихевиоризміне қалай әсер етті?
15. Павловтың шартты рефлекс тұжырымдамасын Бехтеревтің байланыстырылған рефлексімен салыстырыңыз.
16. Твитмайердің психология тарихшыларына деген қызығушылығы қандай болды?
17. XX ғасырдың екінші онжылдығында америкалық психология ғылымында, дәлірек айтсақ структурализм мен функционализм бағыттарында, қандай атмосфера болды?
18. Функционализм мектебі Уотсонның бихевиоризміне қалай әсер етті?

Ұсынылған әдебиеттер

- Dewsbury, D. A. (1990). Early interaction between animal psychologists and animal activists and the founding of the APA Committee on Precautions in Animal Experimentation. *American Psychologist*, 45, 315–327. Салыстырмалы психология мен жануарлардың құқығы жөніндегі қозғалыс арасындағы шиеленіс; Холл, Павлов, Торндайк және Уотсон сияқты жануар зерттеушілеріне жасалған медиашабуылдар.
- Fernald, D. (1984) *The Hans legacy: A story of science*. Hillsdale, NJ: Erlbaum. Ақылды Ганс туралы хикая және оның ғылыми-зерттеуінің тұжырымдары.
- Scarborough E. (2010) Understanding the animal mind. *Monitor on psychology* 41(8), 28–29. Маргарет Уошберннің психология ғылымына қосқан үлесі және оның жануарлардың санасын зерттеуге болады деген сенімі.
- Todes D. (2001). *Pavlov's physiology factory: Experiment, interpretation, laboratory enterprise*. Baltimore: Johns Hopkins University Press.
- Павловты ғылыми кәсіпкер ретінде бейнелейтін ғылыми еңбек.
- Windholz, G. (1990) *Pavlov and the Pavlovians in the laboratory*, *Journal of the History of the Behavioral Sciences*. 26, 64–74. Павлов зертханасында дағдылы жұмыс күндерінің қалай өткені және Павловтың өзінің қызметкерлері мен студенттеріне қалай ықпал еткені баяндалады.
- Yerkes, R. M (1961). *Autobiography*. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography (Vol. 2, pp. 381–407)*. New York: Russell&Russell. (Түпнұсқа 1930 жылы жарық көрді.) Йеркстің салыстырмалы психологиядағы тәжірибесі.
- Zagrina N. (2009). Ivan Petrovich Pavlov and the authorities. *Neuroscience and Behavioral physiology*, 39, 383–385. Жақында галамтор сайттары ресейлік ғылыми дереккөздерден Павловтың үкіметпен қарым-қатынасы туралы құжаттарды ағылшын тіліне аударып, жарыққа шығарды.

Бихевиоризмнің бастауы

Психолог, бала және балға: мұны үйде қайталамаңыз

Кішкентай Альбертке не болды?

Джон Б. Уотсон (1878–1958)

Уотсонның өмірі

Магистратурада оқыған жылдары

Бихевиоризмнің дамуы

Уотсонның әйелдер жайлы көзқарасы

Уотсонның пікір қайшылығын тудырған бағдарламасы

Бихевиоризм әдістері

Механистикалық дәстүрлі жалғастыру

Бихевиоризм зерттейтін мәселелер

Түйсік

Эмоциялар

Альберт, Питер және қоян

Ойлау процестері

Бихевиоризмнің танымал үндеуі

Батылдыққа толы жаңа әлем

Психологияның қарқынды дамуы

Уотсон бихевиоризмін сынға алу

Карл Лэшли (1890–1958)

Уильям Мак-Дугалл (1871–1938)

Уотсон – Мак-Дугалл пікірталасы

Уотсон бихевиоризмінің психологияны дамытуға қосқан үлесі

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Психолог, бала және балға: мұны үйде қайталамаңыз

Әдеміше келген жас аспирант қыз қолына бала ұстап отыр, ал қасында тұрған сымбатты психологтің қолында балғасы бар. Аспирант қыз ақырын қолын бұлғап, сәбидің назарын төбеде ілулі тұрған ұзындығы төрт метр қалың темір ілгіштен басқа жаққа аударды. Әлгі кісінің балғаны алып, бар күшімен темір ілгішті ұрғанын бала байқамай қалды.

Екеуінің ғылыми-зерттеу жұмысының есебінде: «Баланың демалысы жиілеп, еліріп кетті де, қолын жоғары көтерді. Ол балғамен ілгекті қайта ұрғанда, баланың түрі тыржынып кетті, ал үшінші рет ұрғанында, бала аңырап жылай бастады», – деп жазылған (Watson & Rayner, 1920, p. 2).

Сіз бұл адамдардың кім екенін және не істеп тұрғанын түсінген боларсыз. Бұл эксперимент тарихта «Кішкентай Альберт» деген атпен қалды. Сымбатты психолог – бихевиоризм мектебінің негізін салушы, 42 жастағы Джон Б. Уотсон еді. Ал көмекшісі – 21 жасар аспирант Розали Рейнер болатын. Розали Джонс Хопкинсте оқып жүргенде, университетке сол заманның ең қымбат спорттық машинасы – Статс Бэйркатпен келетін. Екеуі психология тарихында көп өзгеріс жасады, алайда мұның соны Уотсонның ғылым әлемімен қош айтысуымен аяқталды.

Баланың арт жағында ілініп тұрған темір ілгішті балғамен ұру операциясы жүргізілгенде, Альберт небәрі сегіз айлық еді. Уотсон Альбертті дені сау, ақыл-есі дұрыс, мінезі ауыр, салмақты бала болған соң тандап алғанын айтты.

Олар тәжірибе жасағанға дейін екі ай бойы Альбертке біраз қызық көрсетті. Ол ақ егеуқұйрық, қоян, ит, маймыл, күйіп жатқан газет және бетперделердің неше түрін көрді. Алайда Альберт оның ешқайсысынан қорыққан жоқ. Альберттің жақындары зертханада балғамен тәжірибе жасалғанға дейін оны ештеңеден қорықпайды деп ойлады.

Уотсон темір ілгішті балғамен тарсылдатқанда, Альберттің бойында алғаш рет қорқыныш сезімі пайда болды. Бұл Уотсонның әрі қарай зерттеу жүргізуге қызығушылығын арттырды. Альбертті ақ егеуқұйрықпен ойнатқызып қойды да, сәлден соң тағы да балғаны тарсылдатып қалды. Балғаның тарсылынан шошып қалғандықтан, бала енді егеуқұйрықты көрген сайын қорқып, жылайтын болды.

Осылайша Уотсон мен Рейнер «көбінесе көзге елеусіз болып көрінетін қарапайым жағдайлар баланың психикасына әсер етіп, бойына үрей ұялатады» деген қорытынды жасады. Содан кейін олар Альберттің қоян, ит, тон, Санта-Клаустың бетпердесі және т.б. ақ түсті мамық заттардан қорқатынын байқады.

Уотсон тәжірибе нәтижесін қорытындылай келе, «қорқыныш сезімі адам бойында кішкентай кезінде қалыптасып, өмір бойы қалады» деген тұжырымға келді.

Кішкентай Альбертке не болды?

Кішкентай Альбертке не болды? Өмірінің соңына дейін ақ түсті мамық заттардан қашып жүрді ме? Әлде психотерапиялық ем алды ма? Мүмкін, өскенде психолог болған шығар? Бұл сұрақтың жауабын ешкім білмейді, алайда кейбір психолог-ғалымдар Альберт балақайдың кім екенін білу үшін біраз күш жұмсады.

Көпке дейін Альберттің шын есімі мен шыққан жерін анықтау мақсатында біраз адам ізденді (Beck, Levinson, & Irons, 2009; DeAngelis, 2010; Powell, 2010). Соңғы дереккөздерде Малтон Альберттің шын аты-жөні Дуглас Мерритт делінген. Сонымен қатар олар Альбертті, Уотсонның дені сау, ақыл-есі дұрыс деп сипаттағанындай емес, керісінше, баланың жүйкесіне зақым келген деген жорамал айтады. Уотсон зерттеу жұмыстарының маңызын жоғалтпау үшін әдейі бұл ақпаратты жұрттан жасырған деген пайымдаулар да бар (Bartlett, 2012; Beck & Irons, 2011; DeAngelis, 2012; Fridlund, Beck, Goldie, & Irons, 2012).

Тарихта сыры ашылмаған жағдайлар өте көп. Кейбір дереккөздерде «Дуглас Мерритттің Альберт болуы әбден мүмкін. Кішкентай Альберт жайлы іс әлі жабылған жоқ, оны ары қарай зерттеу керек» деген пікірлер айтылған (Powell, 2011, p. 107). Дегенмен Джон Б. Уотсонның психология мен бихевиоризмнің дамуына зор үлес қосқанын ешкім жоққа шығармайды.

Джон Б. Уотсон (1878–1958)

Біз Уотсонның психологиялық ойлаудың жаңа мектебін құруына әсер еткен бірнеше үрдісті қарастырдық. Уотсон жаңа мектептің негізін салу мен оны нақты бір жүйеге келтірудің оңай болмайтынын түсінді, кейде өзінің талпынысын бұрыннан келе жатқан трендтерді кристалдау әрекетіне тенеітін. Уотсон да, атақты психолог Вильгельм Вундт сияқты, алдына жаңа психологиялық мектептің негізін қалауды мақсат етіп қойғанын ресми түрде жариялады. Ғылым тарихында өздерін бихевиоризмнің бастамашысы санайтындар мұны естіп, одан теріс айналды.

Уотсонның өмірі

Джон Б. Уотсон Оңтүстік Каролина штатының Гринвилл қаласына жақын манайдағы фермада дүниеге келген. Бастауыш сыныпты бір ғана бөлмеден тұратын мектепте оқыды. Анасы өте діндар, ал әкесі, керісінше, Құдайға сенбейтін, ішімдікке үйір, содыр мінезді адам болған, көңілде әйелдерінің саны жетіп артылатын. Ешқашан бір жерде тұрақтап жұмыс істей алмаған соң, үй іші өмір бойы кедейшіліктен көз ашпады. Фермасының арқасында ғана нанын тауып жеп отырды. Көршілері оларды аяйтын әрі жеккөрінішпен қарайтын.

Уотсонның жасы 13-ке толғанда әкесі отбасын тастап, көңілдесімен қол ұстасып қашып кетті. Ол сол үшін әкесін өмір бойы жек көріп өтті. Арада біраз жыл өткен соң, Уотсонның танымал әрі бай тұлғаға айналғанын естіген әкесі ұлын іздеп, Нью-Йоркке барды. Алайда Уотсон онымен кездесуден бас тартты. Дегенмен Уотсонның әкесіне ұқсайтын жерлері көп еді. Ол жайлы «ұлы да, тура әкесі сияқты, әйелжұмар әрі бурбонға қатты әуес болды. Жұбайына қаншама рет опасыздық жасады» делінген (Kavler, 1986, p. 133).

Уотсонды жасөспірім кезінде сотқар жігіт болған деп сипаттайды. Бозбала кезінде қандай жалқау әрі тілазар болғанын өзінің жазбаларынан да оқуға болады. Ол келесі сыныпқа көшуге жетерлік балл жинау үшін ғана сабақ оқыған. Ұстаздары оны «ұқыпсыз, ерегісшіл, тәртіпсіз оқушы» деп сипаттаған. Үнемі төбелестің қақ ортасында жүретін. Мектеп қабырғасында жүріп екі рет түрмеде отырған, оның бірінде қала сыртында қару атқаны үшін тұтқындалған еді. Соған қарамастан, анасына берген «дін қызметшісі боламын» деген уәдесінде тұрып, он алты жасында Гринвиллдегі Фурман баптистік университетіне оқуға түсті. Жас



<https://en.wikipedia.org>

ДЖОН Б. УОТСОН

Уотсон ол жерде философия, математика, латын және грек тілдерін оқыды. Ал 1899 жылдың күзінде аталған университетті аяқтап, Принстондағы діни оқу орнына түсуді көздеді.

Алайда Фурман университетінің соңғы курсына оқып жүргенде, Уотсон бір қызық жағдайға тап болады. Профессор бірде емтихан жұмыстарын қағазға кері тәртіппен жазған студенттерге «қанағаттанарлық» деген баға қоятынын ескертті. Ал Уотсон оған ерегісіп, емтихан жауаптарын қағазға кері тәртіппен жазып шығады да, оқудан шығып кетеді. Бұл туралы Уотсонның өзі жазып кеткен еді. Кейінірек, тарихи деректерді зерттеу кезінде, Уотсонның осы емтиханнан құламағаны белгілі болды.

Өмірбаяншы Уотсонның жазған хикаяларын оқып, оның ерекше адам болғанын аңғаруға болады дейді. «Уотсонның қашанда табысқа жетуге талпынысы зор болатын. Бірақ кейде сын көтере алмай, қызбалыққа салынып, айналасындағы адамдармен жиі сөзге келіп қалатын. Осы мінезі үшін оның көп алдында қадірі болмады» (Buckley, 1989, p. 11). Фурман университетінің оқытушыларының бірі Уотсон жайлы: «Аздап жалқаулығы болмаса, өте тамаша студент еді... толықтығы да өзіне жарасатын... сымбатты, ержүрек жігіт болатын... алайда өзін өзгелерден жоғары санайтын. Сондықтан болар, айналасындағылардың пікірі оны мүлдем қызықтырмайтын», – деп жазыпты (Brewer, 1991, p. 174).

Уотсонның университеттегі білім көрсеткіші айтарлықтай мәз болған жоқ. «Грек және латын тілдерінен қорытынды емтихан тапсырып болған соң, кокаинге әуестене бастады. Емтихан алдында тәулік бойы Кока-Кола сусынын ішіп, есін әрең жинайтын» (Kavler, 1986, pp. 115–116).

Магистратурада оқыған жылдары

Уотсон Фурман университетінде тағы бір жылға қалып, 1899 жылы магистр дәрежесін алып шықты. Алайда сол жылы оның анасы дүние салды, осылайша оның «дін қызметкері боламын» деген уәдесі де ұмыт болды. Принстондағы діни оқу орнына түсем деген ойынан айнып, Уотсон Чикаго университетіне тапсырды. «Уотсон өте атакқұмар жігіт болатын, оны өзінің қоғамдағы орны жайлы мәселе қатты алаңдататын. Болашақта қандай мамандық несі болатынын білмесе де, ғылым әлемінде өз қолтаңбасын қалдыруды армандайтын. Алайда ол кедейлігінен қымсынып, өзін қоғамда қалай ұстауды білмей дал болатын. Чикагоға небәрі елу доллармен келген еді» (Buckley, 1989, p. 39).

Уотсон атакты философ Джон Дьюимен бірігіп диссертация жазу үшін Чикаго университетін таңдаған еді. Алайда, біраз уақыт өткен соң, ол Дьюимен ортақ тіл таба алмайтынын түсінді. Уотсон өз естеліктерінде: «Мен оның тілін түсіне алмадым. Ол қазір де мен үшін түсініксіз адам», – деп жазды (Watson, 1936, p. 274). Осылайша, оның философияға деген қызығушылығы біржола басылды.

Уотсон Энджеллдің функциялық психология аясындағы жұмыстарын оқып шығып, психологияға ден қоя бастады. Сонымен қатар ол Жак Лебпен бірге биология мен физиологияны қатар оқи бастады. Жак Леб оған механицизмнің не екенін түсіндіреді.

Уотсон оқудан тыс бірнеше жерде жұмыс істеді. Пансионда даяшы қызметін атқарды және зертханада сыпырушы болып жұмыс істеді, оның міндетіне Энджеллдің жұмыс үстелінің шаңын сүрту де кіретін. Уотсон аспирантураны бітірер кезде ауыр депрессияға шалдықты, түн мезгілінде жарықсыз ұйықтай алмайтын болды. Кейде күйзелістен арылу үшін түн ортасында тұрып, жаяу серуендейтін.

Уотсон жиырма бес жасында, яғни 1903 жылы философия ғылымдарының докторы дәрежесін алып, Чикаго университетінің ең жас докторы атанды. Университетті үздік бағамен бітіріп шыққанына қарамастан (*magna cum laude and Phi Beta Kappa*). Уотсонның өзіне-өзі көңілі толмады. Себебі Энджелл мен Дьюи оны үш жыл бұрын бітірген Хелен Брэдфорд Томпсон Вуллиммен салыстырып,

оған карағанда Уотсонның докторлық жұмысы мардымсыз болғанын айтқан еді (7-тарауды қараныз). Уотсон: «Оған тен келер адам бар ма екен деп ойлаушы едім. Мен қаншама жыл бойы оның жетістігін көре алмай жүрдім», – деп жазған еді (1936, р. 274).

Сол жылы Уотсон абыройы асқақтаған беделді әулеттен шыққан Мэри Икес атты өзінің он тоғыз жасар студентіне үйленді. Мэри емтихан жауабын жазудың орнына, Уотсонға арнап ғашықтық өлең жазып жіберген еді. Ол ғылыми дәреже алды ма, жоқ па – белгісіз, бірақ Уотсонға қол жеткізгені анық.

Уотсонның ғылыми жетістігі. Уотсон 1908 жылға дейін Чикаго университетінде оқытушы болып жұмыс істеді. Егеуқұйрықтардың физиологиялық және неврологиялық жетілуі жайлы диссертациялық жұмысын жариялап, жануарларды зерттеуге бір табан жақын екенін көрсетті. Уотсон өз жазбаларында:

«Мен ешқашан адам баласына тәжірибе жасағым келген емес, ондай тәжірибе жасайтындарды сұқаным сүймейді. Мен мұны адамдарға жасалған қорлық деп санаймын. Жануарларға тәжірибе жасағанға не жетсін? Соның арқасында биологияға бір табан жақындай түстім. Ғылыми тәжірибелер адамдар мен жануарларға бірдей әсер етеді. Сондықтан мен әріптестерімнен артта қалдым деп ойламаймын», – деп жазды (1936, р. 276).

Әріптестері Уотсонның интроспекция саласында білімі таяз болғанын айтады. Оның бойында интроспекциялық әдіспен психологиялық зерттеу жүргізе алатындай ерекше қабілет болмаған. Бәлкім, оның объективті мінез-құлық психологиясын зерттеуіне себепші болған осы жағдай шығар? Егер ол өзі таңдаған ғылым саласының негізгі тәсілдемесі саналатын интроспекциядан еш нәтиже шығара алмаса, онда ғылыми лауазыммен біржола қош айтысар еді. Уотсонның басқа амал ойлап табуына тура келді. Егер психология мінез-құлықты ғана зерттейтін ғылым болса, онда тәжірибені адам баласына ғана емес, жануарларға да жасауға болады. Демек, зоопсихология мамандары да бұл ілімді дамытуға зор үлес қоса алады.

1908 жылы Уотсонды Мэриленд штатындағы Джонс Хопкинс университетіне профессор ретінде жұмысқа шақырды. Қанша жерден Чикагоны қимағанымен, Уотсон университет ұсынған лауазымды қызметтен бас тарта алмады. Жаңа жұмыс орнында Уотсонды жеке зертхана мен жоғары жалақы күтіп тұр еді. Ол Джонс Хопкинс университетінде он екі жыл қызмет етті, бұл оның қызметіндегі ең жемісті кезең болды. Уотсонды Джонс Хопкинс университетіне Кеттеллмен «Психологиялық шолу» (*Psychological Review*) журналының негізін салған Джеймс Марк Болдуин (1861–1934) шақырған еді. Арада бір жыл өткен соң, Болдуин үлкен дау-жанжалдың кесірінен қызметінен кетуге мәжбүр болды, полиция оны жезөкшелер үйінде қолға түсірді. Болдуин: «Кешкі астан соң қасымдағы жігіттерге ілесіп барған бетім сол еді. Мен ол жерде жеңіл жүрісті әйелдердің жүретінін бұрын білмеппін», – деп, университет президентінің алдында ақталуға тырысты. Бірақ бәрі бос әуре еді (Evans & Scott, 1978, р. 713). Ол полицияға өзі жайлы жалған ақпарат берген, яғни басқа біреудің атын атап, өзін АҚШ Қаржы және қазынашылық министрлігінің қызметкері ретінде таныстырған.

Аталған жағдай Джонс Хопкинстің абыройына кір келтірген соң, университет басшылығы Болдуинді жұмыстан шығарып жіберді (Wozniak, 2009; Wozniak & Santiago-Blay, 2013). Болдуин Америка психологиясынан шеттетіліп, қалған жылдарын Англия мен Мексикада өткізді. 1934 жылы Париж қаласында көз жұмды. Он бір жыл өткен соң осындай жағдай тағы қайталанды, бұл жолы университет президенті Уотсонның қызметтен кетуін талап етті.

Болдуин жұмыстан босаған соң, Уотсонның қызметі жоғарылады. Ол психология кафедрасының меңгерушісі атанып, Болдуин басқарған әйгілі «Психологияға шолу» журналының редакторы лауазымын алды. Осылайша ойламаған

жерден Уотсонның бағы жанып, отыз бір жасында Америка психологиясының беделді өкіліне айналды. Ол жазбаларында: «Өмірім мүлдем басқа арнаға ауысты. Ақыры еркіндіктің дәмін таттым. Мен енді жұмысыма жан-тәніммен берілдім», – деп жазған.

Алайда Уотсонның үй ішінде береке болмады. Екінші ұлы туған соң. Уотсон «екі баламен шектелейік» деп жазды (Hulbert, 2003, p. 131). Бара-бара оның қылтың-сылтыңы арта бастады. әкесі сияқты, көпшілік арасында «әйелқұмар» деген атпен танымал болды. Уотсоннан сұхбат алған бір психолог: «Оған психология ғылымы төңірегінде қанша сұрақ қойсам да, төсектес болған әйелдерінен басқа ештеңе айтқан жоқ», – деп жазған еді (Chamberlin, 2012, p. 20).

Уотсон Хопкинс студенттері арасында өте танымал болды. Олар Уотсонға арнап түрлі альбомдар шығарды, оны ең сымбатты профессор деп таныды. Уотсонның абыройы күннен-күнге арта түсті. Бірақ оның атаққұмарлығы мұнымен шектеліп қалған жоқ. Кейде осы дәрежеден айырылып қалудан қорқып, қатты қиналатын. «Ондай кездері түнде ұйықтай алмай, азаптанатын. Жарықты сөндірісе, көз алдына балалық шағында елестеген сайтандар көрінетін» (Kapier, 1978, p. 128).

Бихевиоризмнің дамуы

Уотсон 1903 жылдан бастап объективті психологияға ерекше назар аудара бастады. Ал 1908 жылы Балтиморда жыл сайын өтетін Оңтүстік философия және психология қоғамының кезекті конференциясында алғаш рет өз ойын ортаға салды. Уотсон психикалық процесс пен ойлау процесі түсініктерінің ғылымда ешқандай салмағы жоқ екенін айтып бақты. 1912 жылы Кеттеллдің шақыруымен Колумбия университетіне келіп, тағы сол тақырыпты қозғады. Бір жылдан соң «Психологиялық шолу» журналына әйгілі мақаласын шығарып (Watson, 1913), бихевиоризмнің ғылымның бір бөлшегі ретінде қалыптасуына негіз салды.

1914 жылы «Мінез-құлық: салыстырмалы психологияға кіріспе» (*Behavior: An Introduction to Comparative Psychology*) атты кітабы жарыққа шықты. Уотсон бұл еңбегінде зоопсихологияны мойындауға шақырады және зертханалық жануарларға тәжірибе жүргізудің артықшылықтарын айтады. Жас буын психологтер мен аспиранттарға оның мінез-құлық психологиясы туралы ойы ұнады. Олар Уотсонды көнерген мифтерді жоққа шығарып, психология ғылымына жаңа леп алып келді деп санады.

Алдымен аспирант, кейін Америка Психологтер қауымдастығының Психологияны дамыту бөлімінің президенті атанған Мэри Ковер Джонс (1896–1987) жас буынның Уотсонның кезекті ғылыми жұмыстарын қандай құлшыныспен күткені жайлы ой шертеді. Ол бір сөзінде: «Уотсонның жаңалықтары Еуропа халқын дүр сілкіндіргені рас, ал біз оған оң қабақ таныттық. Ол дивандық психологиядан реформа мен іс-әрекет психологиясына барар жолды көрсетті... біз оны панацея ретінде қабылдадық», – деген (Jones, 1974, p. 582). Егде жастағы психологтер Уотсонның бағдарламасына көңіл бөлгісі келмеді. Көпшілігі оның тұжырымдамаларын теріске шығарды.

«Психологиялық шолу» журналына мақаласы шыққан соң, екі жылдай өткенде, Уотсон Америка Психологтер қауымдастығының президенті болып сайланды. Осы тағайындаудан кейін Уотсонның әлемдегі белді психологтермен қарым-қатынасы жақсарып, ақырында, оның психология ғылымына қосқан үлесі мойындалды.

Уотсон бихевиоризмнің тәжірибелік маңызы болғанын қалады. Оның идеялары тек зертханамен шектелген жоқ. Ол бихевиоризм түсінігін бүкіл әлемге паш ету үшін қолданбалы психология саласындағы мамандардың санын арттырды. Сонымен қатар Джонс Хопкинс университетінде бизнес факультетінде студенттеріне жарнама психологиясы бойынша және аспиранттарға өндірістік психология бойынша дәріс берді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Уотсон АҚШ әскерінің белді мүшесі болды, ол жауынгер ұшқыштарды іріктейтін арнайы тест ойлап шығарды және жоғары биіктікте оттегінің үлес қысымының азаюынан ұшқыштардың қалай киналатынын зерттеді. Сонымен қатар сарбаздарға арнап, жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу туралы фильм түсірді. Британдық психолог Уотсонның жауынгерлерге арналған жыныстық қатынас жайлы фильмінің сәтсіз шыққанын айтты (Smith, 2013, p. 24). Соғыс аяқталған соң Уотсон мен дәрігерлер бірлесе отырып, нарық әлеміне сай кадр таңдау мен басқару мәселесі бойынша кеңес беретін Өнеркәсіптік қызмет көрсету корпорациясын құрды (DiClemente & Nantula, 2000).

1919 жылы оның келесі кітабы «Бихевиоризм тұрғысынан қарағандағы психология» (*Psychology from the Standpoint of a Behaviorist*) деген атпен жарыққа шықты. Ол кітапқа осы еңбегін Кеттеллге арнайтынын жазады. Еңбекте бихевиоризм негіздері туралы, зоопсихологияның әдістері мен қағидаларын адамдарды зерттеу кезінде де қолдануға болатыны жөнінде айтылған.

Уотсонның әйелдерге қатысты көзқарасы. Уотсонның үйінен береке қашты, оның қыздармен қыдырғаны әйелінің ызасын тудырды. Уотсон өзінің Энджеллге жазған хатында Мэримен арасы суып кеткенін айтады. «Ол мені жанына жақындатқысы келмейді. Шынында, өміріміздің астан-кестені шыққаны ма?» – деп жазады (Watson, quoted in Buckley, 1994, p. 27).

Уотсонның отбасындағы жағдай әрі қарай ушыға берді. Ол өзінің аспиранты әрі ассистенті, балтиморлық аukatты отбасынан шыққан Розали Рейнер атты уыздай жас бойжеткенге ес-түссіз ғашық болды.

Уотсон оған арнап қаншама ғашықтық хат жазды. Оның он бесін әйелі жатын бөлменің тартпасынан тауып алды. Ажырасу процесі кезінде әлгі хаттардың үзінділері *Baltimore Sun* газетінде жарияланды. Соның бірінде:

«Мен жан-тәніммен толықтай сендікпін. Менің жаным сені ғана қалайды, ал жүрегім сен деп соғады. Екеуімізді хирургиялық операциямен бір адамға айналдырса да, мен сені сағынуымды қоя алмастын», – деп жазылған.

Бұл оқиға Уотсонның қызметіне кері әсерін тигізді. Джонс Хопкинс университетінің басшылығы оның жұмыстан кетуін талап етті. Өмірбаяншы: «Уотсон үшін бұл күтпеген жағдай болды. Соңына дейін оны, шынында, қызметтен босататынына сенген жоқ. Оның ғылымға қосқан үлесі кез келген айыбын жуыпшайып кетеді деп ойлаған еді», – деп жазған (Buckley, 1994, p. 31). Уотсон Розали Рейнерге үйленсе де, академиялық дәрежелерінің бірде-бірін қайтара алмады.

Жаман атағы шыққан Уотсонды ешқандай университет жұмысқа қабылдамады. Ол енді жаңа өмір бастау керектігін түсінді. Досына жазған хатында: «Мен бизнеспен айналыса аламын. Дегенмен өз жұмысымды жақсы көремін. Зерттеулерімнің психология ғылымында алар маңызы зор. Алайда мен кетсем, еңбегімнің бәрі зая кете ме деп қорқамын», – деп жазған еді (quoted in Pauly, 1986, p. 39).

Уотсонның ғылым әлеміндегі әріптестері, тіпті Чикаго университетіндегі ғылыми жетекшісі Энджелл де оны ашық сынға алды. Оның академиялық қоғамдастыққа қатты көңілі қалды, олардың айтқан сынын сатқындыққа санады. Тек Корнелл университетінің оқытушысы Э.Б. Титченер ғана Уотсонға эмоциялық тұрғыдан қолдау көрсетті.

Титченер Роберт Йеркске жазған хатында: «Уотсонның бала-шағасына жаным ашиды, тіпті өзін де аяймын. Оның психология ғылымына бес-он жылдан соң бірақ қайтып оралғаны дұрыс болар еді», – деп жазған (Leys & Evans, 1990, p. 105).

Уотсонның бизнестегі жолы. Уотсон табысының үштен екі бөлігін бала-шағасына алимент ретінде төлеуге міндеттенген еді. Сондықтан ол қол қусырып отырмай, жаңа кәсіппен айналыса бастады. 1921 жылы Дж. Уолтер Томпсонның

жарнама агенттігіне жұмысқа кірді. Жалақысы жылына 25 мың доллар болды, яғни мұндағы табысы университеттегі жалақысына қарағанда төрт есе көп еді. Ол бизнес әлемімен жақынырақ танысу үшін тұтынушылар арасында сауалнама жүргізді, кофе сатты, Мэйси әмбебап дүкенінде кассир болып жұмыс істеді. Уотсон алғырлығы мен еңбекқорлығының арқасында үш жыл ішінде фирманың вице-президенті дәрежесіне дейін көтерілді. 1936 жылы басқа жарнамалық агенттікке ауысып, сол жерде 1945 жылға дейін жұмыс істеп, зейнетке шықты.

«Уотсон адамдарды машиналарға ұқсатты, яғни адамдардың іс-әрекеті мен машиналардың жүрісін бақылауға, басқаруға, болжауға болады деп санады. «Тұтынушыларды ынталандыруға бағытталған жарнамалық шараларды жсі өткізіп тұру керек. Себебі жарнама адамға ерекше психологиялық және эмоциялық тұрғыдан әсер етеді», – деп жазды» (Buckley, 1982, p. 212).

Уотсон «тұтынушылардың мінез-құлық теориясын арнайы зертханада зерттеу керек» деген ұсыныс жасады және жарнамалық хабарларда мәтіннен бұрын стильге назар аударылуын талап етті. Тұтынушыға әсер ету үшін жаңа дизайн ойлап табу қажеттігін айтты. Ондағы мақсаты – тұтынушылардың осы сәтте пайдаланатын тауарларынан бас тартып, жаңа тауар пайдалануға көшуіне ықпал ету.

Біраз уақыт бойы тауар мен қызмет көрсету жарнамаларына танымал адамдарды түсіруді және адамдардың эмоциялары мен қажеттіліктерін айқындау әдістерін ойлап тапқан Уотсон деп келді. Алайда соңғы зерттеулерде осы әдістердің Уотсонға дейін пайда болғаны айтылады. Уотсон бұл әдістерді тек белсенді түрде пайдаланған (Coop, 1994; Kreshel, 1990). Дегенмен Уотсонның жарнама бизнесіне қосқан үлесі зор болды. Соның арқасында Уотсонның абыройы қайтадан артып, тұрмысы түзелді. 1930 жылдарға қарай жылына табатын табысы жетпіс мың АҚШ долларына жетті, бұл сома қазіргі миллион доллармен парапар.

1920 жылдан соң Уотсон ғылым әлемімен жанама қарым-қатынас орнатты. Бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен өз идеяларын әлемге паш етуді көздеді. Түрлі аудиторияларда дәріс оқыды, радиоға сұхбат берді, танымал журналдарға мақалаларын шығарды. Кезекті бір мақаласында көп ұзамай неке институты жойылатынын айтты. Ол: «Моногамияның дәурені өтіп бара жатыр. Әлеуметтік механизм де өз жайына кетті. Енді емін-еркін өмір сүруімізге болады», – деп жазды (Simpson, 2000, p. 64). Егер Уотсон мұнымен халықты таңғалдырғысы келсе, онда ойы іске асты.

Бихевиоризмнің ілгері жылжуы. Уотсон бихевиоризм туралы идеясын өз мақалалары арқылы қалың жұртшылыққа танытуға тырысты. Ол ойын қысқа да нұсқа, түсінікті, қарапайым тілмен жеткізді. Уотсон өз өмірбаянында ғылыми еңбектерін психологиялық журналдарға жариялауға мүмкіндігі болмаған соң, қалың жұртшылыққа сатуды жөн санағанын жазған (Watson, 1936). Мақалалары халық арасына кеңінен тараса да, Уотсон ғылыми қоғамдастықтан одан ары шеттетіліп тасталды. «Онсыз да бихевиоризм қағидаларының ғылыми доктрина ретінде қарастырылуына әрең төзіп жүргендер Уотсонның мұнысын «шектен шығушылық» деп санады» (Kreshel, 1990, p. 56).

Уотсон сонда да психологиямен қош айтысқан жоқ. Оны Нью-Йорк қалалық әлеуметтік зерттеулер мектебіне дәріс оқуға шақырды. Алайда ол бұл жерде ұзақ уақыт тұрақтай алмады. Оны «студентін жыныстық қатынасқа итермеледі» деген айыппен жұмыстан шығарып жіберді, алайда бұл заң жүзінде дәлелденген жоқ (Buckley, 1989).

Нью-Йорк әлеуметтік зерттеулер мектебіндегі дәрістер легі Уотсонның «Бихевиоризм» атты кітабының басылып шығуына негіз болды. Ол осы еңбегі арқылы қоғамның жақсаруына өз үлесін қосқысы келді. Кітап алғаш рет 1925 жылы жарыққа шықты. Алайда Уотсон кітаптың аз уақыт ішінде дайындалғанын және оны баспаға шығаруда тым асығыстық жасағанын мойындады. «Мен оқыған дәріс-

терімді асығыс қағазға түсіріп, баспаға беріп жіберіппін...» (Carpentero, 2004, p. 185). 1930 жылы кітаптың өңделген нұсқасы жарыққа шықты. Екі басылым да оқырман жүрегінен орын алып, психология ғылымына қатысы жоқ қаншама адам Уотсонның идеяларымен таныс болды.

Бала тәрбиелеу әдістері. 1928 жылы Уотсонның «Жас нәресте мен баланы психологиялық тәрбиелеу» (*Psychological Care of the Infant and Child*) атты кітабы жарыққа шықты, автор бұл еңбегінде өз замандастарының бала тәрбиелеу әдістерін қатаң сынға алды. Ол: «Бүгінгінің ата-аналары жауапсыз. Олардың көбін психологиялық өлім жазасына кесу керек», – деп жазды (Hulbert, 2003, p. 123). Ол оқырмандарынан баланы қоршаған ортаның жағымсыз әсерінен қорғауды талап етті; өтінген жоқ, бұйрық ретінде талап етті. Кітап баланы бихевиористік тәсілмен тәрбиелеу жайлы ақыл-кеңеске толы болды. Уотсонның айтуы бойынша:

«Ата-ана ешқашан баласын құшақтап сүймеу керек, тізесіне отырғызбау керек. Еміреніп бара жатсаң, ұйықтар алдында балаңа қайырлы түн тілеп, маңдайынан бір рет қана сүй. Ал таңертең қол берісіп амандас. Егер бала күрделі тапсырманы орындай алса, басынан сипауыңа болады. Баланы орнымен еркелетіп, керек кезде қаталдық таныту керек. Осы әдістерді үйренсеңіз, балаңызға бұрын қалай қарағаныңыз үшін ұялатын боласыз» (1928, pp. 81–82).

Уотсонның балалары. Уотсонның кітабы қалың жұртшылыққа қатты әсер етті. Америкада сан жылдар бойы қалыптасып келген бала тәрбиелеу тәсілдері түбегейлі өзгерді. Уотсон да өз балаларын осы тәсіл бойынша тәрбиеледі. Уотсонның Калифорниядағы кәсіпкер ұлы Джеймс 1987 жылы берген сұхбатында:

әкесінің балаларына жылдық танытпағанын, ешқашан оларды құшақтап, еркелетпегенін айтты. Ол әкесінің безбұйрек, томаға-тұйық, сезімін сыртқа білдірмейтін, біреуге аяушылық таныта алмайтын адам болғанын айтады. Тағы бір сұхбатында: «Інім екеуіміз ешқашан оны өзімісініп, еркелей алмайтынбыз. Үнемі бізге еркелету мен жақсы көрудің балаға жаман жағғынан әсер ететінін айтып отыратын. Ол толығымен бихевиористік ілімге берілген адам еді. Ешқашан біздің маңдайымыздан иіскеп, арқамыздан қаққан емес. Біздің үйде ондайға қатаң тыйым салынған. Ұйықтар кезде қолымыздан ұстап жатса зой деп армандайтынбыз. Бірақ Билли екеуіміз ата-ана мейіріміне зәру болып өстік», – дейді (Hammush, 1987, pp. 137–138).

«Ата-ана» (*Parents Magazine*) отбасылық журналында Розали Рейнер Уотсонның «Мен – бихевиористің балаларының анасымын» атты мақаласы шықты. Розали онда бала тәрбиесіне келгенде күйеуі екеуінің ойы бір жерден шықпайтынын айтқан еді. Мақалада: «Мен бихевиоризм ғылымының алдында басымды иемін. Тек бала тәрбиесі жайлы пікірімен келіспеймін. Керісінше, балаларды еркелету керек, себебі алда оларды не күтіп тұрғанын ешкім білмейді. Мен балаларыммен күліп-ойнағым келеді. Алайда бихевиористер күлкі баланың санасын бұзады деп санайды», – деп жазылған (Simpson, 2000, p. 65). Розали балаларынан сүйіспеншілік сезімін жасырудың қандай қиын екенін, кейде бихевиоризмге қолды бір сілттеп, балаларын құшағына алғысы келетінін жазды. Алайда Розалидің балаларына жылы шыраймен қарағаны Джеймстің есінде жоқ.

Уотсонның екі ұлы да бозбала кезі мен есейген кезінде ауыр күйзеліске ұшырады. Бір баласы өзіне-өзі қол жұмсап қайтыс болды. Ал екінші ұлы суицидтік импульспен күресем деп, психологиялық ауруға шалдықты. Біраз жылдан соң қызы өзіне қол жұмсады. Уотсонның бірінші әйелінен туған қызы күйеуінен ажырасқан кезде қанша рет өзіне қол жұмсамақ болды. Ол қызына: «Мен кез келген жағдайда өзіме-өзім қол жұмсағым келіп тұрады. Балтимордағы ажырасу ісінен

кейін осындай күйге ұшырадым», – деп түсіндірген болды (Hartley & Commire, 1990, p. 273). Уотсонның қыздан туған немересі – актриса Маризет Хартли депрессия мен маскүнемдіктен зардап шекті, ішімдік ішкен сайын оны да суицидтік ой мазалайтын. Хартли бір сөзінде: «Біздің үйдегілердің бойында бір-біріне деген жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер болған емес», – деген (Stimpert, 2010, p. 2). Шамасы, Уотсон бихевиористік тәсіл бойынша бала тәрбиелеу жайлы кітап жазғанымен, отбасына айтарлықтай көңіл бөлмеген.

Арада бірнеше жыл өткен соң Джеймс: «Мен әкем ұстанатын бихевиористік қағидаларға жан-тәніммен сендім, алайда Билл екеуіміз адамша сөйлесуді ұмытып қалдық. Ақыр аяғында Билл өз-өзіне қол жұмсады, ал мен жүйке ауруына шалдықтым. Әкем аяғы бұлай болатынын қайдан білсін?» – деп жазды (Smirle, 2013, p. 3).

Уотсонның әйелдер жайлы көзқарасы

Уотсонның нәзік жандар жайлы көзқарасы мен дауыс беру құқығына ие болу үшін күресіп жүрген әйелдер жайлы айтқан пікірі біршама журналдарда жарық көрді. Ол: «Төсек қатынасынан ләззат алмайтын әйелдер ғана әр нәрсеге бір ұрынып жүреді», – деп кесіп айтты.

«Әйелдердің көпшілігі бір-біріне жақтырмай қарайды, зіркілдеп сөйлейді, ұрысқа бір табан жақын тұрады. Олар тұрақты түрде төсек қатынасымен айналыспайтын әйелдердің қатарынан», – деп жазды (Watson, 1929, p. 10).

Тағы бір сөзінде: «Төсек қатынасынан ләззат ала бастаған кезде әйелдер басылып қалады. Ондай әйелдер сабырлы, тілалғыш, өмірлеріне риза болып келеді. Оларды қоғамда болып жатқан жағдайлар мүлдем аландатпайды. Алайда 30 жастан кейін әйелдердің тартымдылығы азая бастайды, ал балалы әйелдердің 40 жасқа қарай әбден сиқы қашады», – деп жазған.

Уотсон: «Ер адамдар қырыққа келсе де, күш-жігері мен тартымдылығын сақтап қалады», – деді. Кезекті бір сұхбатында: «Ер адамдар өздерін қатты күтеді, сондықтан жас көрінеді. Ал олардың серіктері семіріп, жиіркенішті болып кетеді», – деп жазды (Karier, 1986, p. 141). Басқаша айтқанда, Уотсон әйелдерді жер қылды!

Уотсонның соңғы жылдары. Өзі ақылды, сымбатты әрі сөзге шешен Уотсон ерекше тартымдылығының арқасында әлемге әйгілі болды. Қашанда елдің алдында, жұрттың назарында жүрді. Желкенді қайық жарысына қатысып, Нью-Йорктің бетке ұстар қаймақтарымен араласты. Махаббат жолында кез келген құрбандыққа баруға дайын болды. Коннектикутта зәулім үй тұрғызып, үй қызметшілерін жалдады. Бірақ ол кейде ескі киімдерін киіп, есік алдында бақша екенді жақсы көретін.

«Уотсонға бала кезінен батылдық пен өжеттікті қажет ететін ойын түрлері ұнайтын, ал есейген соң аң аулау мен балық аулауға жиі шығатын еді. Ол Хемингуэйдің кейіпкерлеріндей, ер тұлғалы батыл адам болды» (James Watson, Hamush, 1987, p. 138).

Уотсон қанша жерден танымал, бай болғанымен, үнемі күйзелісте жүретін. 1933 жылға қарай күйзелістен біржола арылудың жолын іздеп, суицидтік мінезқұлық жайлы зерттеу жүргізе бастады. Ол елу адамға сауалнама жүргізіп, өмірді не үшін жақсы көретінін сұрастырды. Алайда олардың жағымсыз жауабын естіп, одан сайын көңілі түсіп кетті. Арасында бірен-сараны ғана өмір сүруге құлшынысы барын айтты. Сауалнама қорытындысы жайлы пікірін Уотсон *Cosmopolitan* журналына берген сұхбатында айтқан еді.

Розали 1935 жылы 37 жасында өмірден озды. Джеймс Уотсон сол кезде алғаш рет әкесінің балаларын құшағына алып, жылағанын айтады. Кейін оларды

интернатқа берді. Ұлдары Розалидің қазасынан соң әкелерінің бірде-бір рет анасы жайлы сөз қозғамағанын айтады.

Уотсон нью-йорктік психолог Миртл МакГроуге әбден мұнын шағып, Розалидің қайтыс болғанына көңілге алмай жүргенін айтты. Әйелінен жиырма жас үлкен болған соң, Уотсон өзін бұрын өлем деп ойлаушы еді. Қабырғасы қайысып, қайғыдан қажып кеткенін МакГроуге айтып, әбден шерін тарқатты (McGraw, 1990). Ол көп ұзамай қоғаммен біржолата қатынасын үзіп, уақытының бәрін тек жұмысқа арнайтын болды. Зәулім үйін сатып, өзінің кішкентай кезіндегі баспанасына ұқсайтын ағаш үйге көшіп барды.

1957 жылы Америка Психологтер қауымдастығы 79 жасар Уотсонға «Құрметті азамат» атағын беруді ұсынды. Сонымен қатар оның ғылыми еңбегін жоғары бағалап, қазіргі заман психологиясының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін алғыс айтты. Уотсонды досы Нью-Йоркке алып келіп, марапаттау рәсімі өтетін қонақ үйге орналастырды.

«Алайда рәсім басталарға санаулы минут қалғанда Уотсон залға кіруден бас тартып, орнына үлкен ұлын жіберді. Уотсон мұндай жауапты сәтте өзін-өзі ұстай алмай, залда жылап жіберем бе деп қорықты» (Buckley, 1989, p. 182).

Бір жылдан соң Уотсон көз жұмды. Бірақ қайтыс боларының алдында қолжазбалары мен хат-хабарларының бәрін өртеп, тарихта ештеңе қалдырмады.

Бихевиоризм мектебі жайлы әңгімемізді Уотсонның ең алғаш жазған «Бихевиорист көзқарасы тұрғысындағы психология» мақаласынан бастағанымыз жөн болар. Келесі параграфтан Уотсонның жаңа психология жайлы анықтамасы мен оның структурализм мен функционализм туралы айтқан сын-пікірлерін оқи аласыз. Сонымен қатар Уотсон көп саланы қамтитын қолданбалы психологияны ғылымның бір саласына жатқызуға болады деп санады.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

Бихевиоризм тарихынан түпдерек: «Бихевиорист көзқарасы тұрғысындағы психология» (*Psychology as the Behaviorist Views It*) (1913) мақаласынан үзінді¹

Джон Б. Уотсон

Бихевиоризм өкілінің көзқарасымен қарағанда, психология жаратылыстану ғылымдарының объективті эксперименттік саласы болып саналады. Оның теориялық міндеті – мінез-құлықты болжау, байқау және басқару. Интроспекцияны бихевиоризм бағытының ажырамас бөлігі деуге болмайды, себебі интроспекция деректерінің ғылыми құндылығы тек сана-сезім түсінігіне ғана байланысты. Бихевиорист жануарлар реакциясының бірыңғай жүйесін жасар кезде адам мен қасқырдың арасында ешқандай айырмашылық жоғын байқады. Адамның мінез-құлқы оның күрделілігі мен дамуының жоғары деңгейіне қарамастан, бихевиористік зерттеу схемасының бір бөлігін ғана құрайды.

Мен психологияны қатаң сынға алғым келмейді. Ол онсыз да соңғы елу жылда эксперименттік пән ретінде қаншама сәтсіздікке ұшырап, ақыры жаратылыстану ғылымдарының қатарынан өз орнын ала алмады. Психологияны барша адам түсіне бермейді, себебі ол – эзотерикалық ғылым. Егер сіз менің зерттеулерімнен қорытынды шығара алмасаңыз, бұл сіздің ынтаңыз төмен деген сөз емес, демек, сіздің интроспекциялық әдістерді пайдалануда осал болғаныңыз. Шабуыл эксперименттік қондырғыға емес, бақылаушыға жасалады.

Психологияның сана-сезімге сілтеме жасаудан толық бас тартатын уақыты келген сияқты. Енді бақылаудың мән-маңызы тек психикалық жағдайға байланысты деген өтірікпен өз-өзімізді алдаудың керегі жоқ. Біздің сана-сезімнің табиғаты мен қызметіне қатысты алыпсатарлық мәселелерде шатасып кеткеніміз сонша... мен, экспериментші зерттеуші ретінде, өзіміздің бастапқы позицияларымыздың және олардың негізінде дамып жатқан проблемалардың дұрыс емес екенін сезінемін.

Мен жүйелі немесе құрылымдық психологтермен ғана таласыл жүрген жоқпын. Соңғы он бес жылда функциялық психологияның дамып келе жатқаны әжептеуір байқалады. Психологияның бұл түрі структуралистердің статикалық әдістерін ашық түрде сынап, «сананың жай-күйін интроспективті оқшауланған

¹ Джон Б. Уотсон. «Бихевиорист көзқарасы тұрғысындағы психология». // Психологияға шолу. – 1913, №20, 158–17-бб. 1913 жылы Америка Психологтер қауымдастығы рұқсатымен басып шығарылды.



элементтерге бөлудің орнына, сана процестерінің физиологиялық сипатына ерекше көңіл бөледі» деген мін айтты.

Мен функциялық психология мен құрылымдық психологияның айырмашылығын анықтау үшін бар күшімді салдым. Алайда талпынысым зая кетті, керісінше, өзім шатасып кеттім. «Сөзім», «қабылдау», «әсер ету», «эмоция», «ерік» сияқты терминдерді структуралистер мен функционалистер бірдей қолданады. Бұл түсініктер олардың мазмұнын қарастырған кезде онсыз да соншалықты қиын болса, ал олардың функцияларын түсінуге тырысқанда мүлдем шатасасың. Ал функцияны интроспекция әдістерін қолдану арқылы қарасаң, тұңғыықтан шығар жол таба алмай қаласың.

Уолтер Пилсберидің кітабын қолыма алып, психологияның «мінез-құлық ғылымы» ретінде сипатталғанын көргенде, таңғалдым. Тағы бір жерде психологияға «психикалық жай-күйлер ғылымы» деген анықтама берген. Келешегінен көп үміт күттіретін осындай мәлімдемелерді оқығанда мәз болып, енді басқаша қағидаларға негізделген зерттеумен айналысамыз деп ойлады. Алайда бірнеше беттен соң «мінез-құлық ғылымы» деген анықтама алып тасталып, қайтадан әдеттегідей сезу, көру, елестету, қабылдау түсініктері жайлы жазылған.

Егер психологияға Пилсбери сияқты анықтама берсек, онда «сана-сөзім», «мазмұн», «интроспективті анықтау», «ақыл-ой» сияқты т.б. терминдерді қайта қолданбауымыз керек. Оларды «ашулану», «реакция», «мінез-құлықтың қалыптасуы» және «қоршаған ортаның әсері» деген терминдермен алмастыруға болады. Осы сәттен бастап-ақ біржола жаңа терминдерге көшуді ұсынамын.

Психологияның эксперименттік психологиядан ажыраған және интроспекцияға тәуелсіз салаларының өркендеп дамуы ешқашан бихевиоризм ұстанымын өшірмейді деп сенемін. Эксперименттік педагогика, есірткі психологиясы, жарнама психологиясы, заң психологиясы, эксперименттік психология, психопатология қарқынды дамып, тіршілікке икемді ғылым салаларына айналды. Кейде оларды қателесіп «практикалық» немесе «қолданбалы» психология деп атайды. Әрине, бұл өрескел қателік болып саналады. Болашақта психологияны қолданатын кәсіби бюролардың саны артуы әбден мүмкін. Қазір бұл салалардың тек ғылымға ғана қатысы бар және адамның мінез-құлқына шынайы бақылау жасайтын кең жинақтарды іздеуге мүмкіндігі бар.

Мысалы, әртүрлі шумақтан тұратын өлеңді қалай тезірек жаттауға болатынын эксперимент жасау арқылы білуге болады: бәрін бірден жаттау керек пе, әлде алдымен бір шумақты жаттап, сосын келесі шумаққа өту керек пе... Біз өз тұжырымымызды қолдануға бағыттаймыз. Бұл принципті қолдану не қолданбау – мұғалімнің өз еркі.

Есірткі психологиясына келсек, кофеиннің белгілі бір мөлшері адамға қалай әсер ететінін айта аламыз. Кофеиннің тиісті мөлшері жұмыс жылдамдығына және дәлдігіне жағымды әсер етеді деп қорытынды жасауға болады. Біз мұны жалпылама қағидаға сүйеніп айтып отырмыз. Ал зерттеу нәтижелерін пайдалана ма, жоқ па – оны әркімнің өз құзырына қалдырамыз.

Куәгерлер жауабының рас-өтірігін анықтау барысында, ең әуелі, уақыт аралығына мән береміз. Сонымен қатар оқиға болған жердегі жылжымалы және жылжымайтын объектілерге, олардың түсі мен пішініне қатысты дәлдігін тексереміз. Алынған дәйектерді қолдану не қолданбауды әр елдің сот алқасы шешеді.

Егер «таза» психолог осы тарауда көтерілген мәселелерге қызығушылық танытпай, өзінің эксперименттік психологиямен алыстан араласатынын айтса, демек, ол бұл мәселелердің ғылыми маңыздылығын түсінуге қабілетсіз және адам өмірін зерттейтін психологияға қызығушылық танытпайды деген сөз. Жоғарыда айтылған психологиялық бағыттардан байқаған жалғыз кемшілігім – тіпті материалдардың басым бөлігі интроспекция тұрғысынан қарастырылған. Негізі объективті нәтижелер бойынша мәлімдемелер елдеқайда құнды болар еді. Шынымды айтсам, «сана-сөзім» терминінің түсінігі мен мазмұнын тіпті түсінбедім. Интроспективті деректерді іздеу үшін түрлі эксперименттер жасап, олардың нәтижелерін жариялайтынды да мен үшін түсініксіз жағдай.

Менің ғылым жолындағы даму жоспарым біртіндеп қазіргі психологтердің қолданысында жүрген «сана-сөзім» терминінің ұмыт болуына әкеле жатыр. Бұл мәселеге терең үңілгім келмейді, себебі мұның соңы метафизика шытырманьына алып келеді. Егер сіз бихевиориске «сана-сөзім» ұғымын, басқа да жаратылыстану ғылымдары секілді, ерекше бақылау объектісіне айналдырмай қолдануына мүмкіндік берсеңіз, демек, сіздің оған көп пайдаңыз тиді деген сөз.

Уотсонның пікір қайшылығын тудырған бағдарламасы

Уотсонның дәстүрлі психологияға шабуылы мен әріптестерін жаңа жолға шақыруы психологтер арасында үлкен дау тудырды. Енді Уотсонның негізгі қағидаларын қайта қарастырып шығайық. Психология – сана-сөзімді зерттейтін ғылым



емес, ол – тек жаратылыстану ғылымдарының объективті-эксперименттік саласы емес... психология мінез-құлықты зерттейтін ғылымға айналуы керек. Зерттеу жұмыстарын адамдарға да, жануарларға да жүргізуге болады. Заманауи психология менталды тұжырымдамалардың бәрін ысырып тастап, бихевиоризмнің тітіркену және ынталандыру сияқты түсініктерін ғана қолдануы керек. Психологияның негізгі міндеті – мінез-құлықты болжау мен байқау.

Уотсонның бағдарламасы көбіне қызық көрінгенімен, оны барлығы бірдей құшақ жая қарсы алған жоқ. Алғашында бихевиоризм санаулы басылымдарда ғана жарық көрді, оның өзінде көп адам мән бере қойған жоқ еді. Уотсонның 1919 жылы шығарған «Бихевиорист көзқарасы тұрғысындағы психология» (*Psychology from the Standpoint of a Behaviorist*) атты кітабынан соң жаңа серпін пайда бола бастады.

Уотсонның ойымен келіспеген психологтердің бірі – Мэри Уайтон Калкинс еді. Ол психологиялық процестер интроспекцияның көмегімен ғана зерттелуі керек деп есептейтін психологтердің атынан сөз сөйледі. Бұл пікірталас біраз жылға созылды. Маргарет Флой Уошбэрннің бірде қызбалыққа салынып кеткені соншалықты – Уотсонды психологияның дұшпаны деп айыптады.

Алайда Уотсонның идеясын қолдаушылардың саны күн сайын арта бастады, әсіресе жас психологтердің арасында танымал болды. Жиырмамыншы жылдардың басында университеттерде бихевиоризмді оқытатын курстар ашыла бастады, ал «бихевиоризм» сөзі кәсіби журналдарда жиі кездесетін болды. Бихевиоризмнің басты оппоненті Уильям Мак-Дугалл жаңа ағымның қарқынды дамып келе жатқанын көріп, халық алдына шығып, жаңа ағымға ермеуін сұрады. Ал Титченер бихевиоризмнің психологтердің арасына жік түсіргенін айтып, наразылық білдірді. Алайда 1930 жылға қарай Уотсон: «Бихевиоризм терминінің маңыздылығы артқаны сонша – ешқандай университет оны оқытудан бас тартпайтын болды», – деп мақтанышпен жариялады.

Бихевиоризм әдістері

Ғылыми психологияның алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап өзін ежелден келе жатқан жаратылыстану ғылымы – физикамен байланыстыруға ұмтылғанын көрдік. Психология жаратылыстану ғылымдарының әдістерін өз қажеттіліктеріне қарай ыңғайлауға тырысты. Бұл үрдісті бихевиоризмнің ойлау доктринасынан айқын көруге болатын еді.

Уотсон психологтердің жаратылыстану ғылымдарының деректерімен ғана шектеліп, объективті психологиялық зерттеулерге ғана көңіл бөлгені жөн деп санады. Бихевиористің зертханасында объективті әдістер ғана қолданылатын. Бихевиоризм төмендегі әдістерді қамтиды:

- *аспаптардың қолданылу-қолданылмауын байқау;*
- *тестілеу әдісі;*
- *ауызша жауап беру әдісі;*
- *шартты рефлекс әдісі.*

Байқау әдістері – басқа әдістер үшін қажетті негіз. Объективті тестілеу әдістері бұрыннан қолданылып келеді, алайда Уотсон тестілеу барысында адамның психикалық қасиеттеріне емес, мінез-құлқына назар аудару керектігін айтты. Уотсонның әдістері ақыл-ой мен жеке қасиеттердің көрсеткіштерін өлшеген жоқ, оның орнына сыналушыларды тест тапсыруға ынталандыратын жағдай жасап, олардың жауабын таразылады.

Бихевиоризм саласында ауызша жауап беру әдісі үлкен дау туғызды. Уотсон интроспекцияға қарсы позиция ұстанып, өз зертханасында ауызша жауап беру әдісінің қолданылуын жақтырған жоқ. Кейбір психологтер «кезінде Уотсон ин-

троспекцияны жарамсыз деп танығанымен, оны қайтадан қолданысқа енгізу үшін осындай айла ойлап тапты» деген ұйғарым жасады.

Уотсон не үшін ауызша жауап беруге жол берді? Себебі интроспекцияға деген өшпенділігіне қарамастан, интроспекцияны кеңінен қолданған психофизиктердің жұмысын елеусіз қалдыра алмады. Сөйлеу реакциялары объективті түрде бақыланатын құбылыс болған соң, олар бихевиоризм үшін, кез келген басқа қозғаушы реакциялар сияқты, қызығушылық туғызады. Уотсон өз сөзінде: «Адамның сөйлегеніне қарап та оның мінез-құлқын анықтауға болады. Яғни адамның ойын ашық жеткізуі тура бейсбол ойнаумен тең». – деген еді (Watson, 1930, p. 6).

Дегенмен ауызша жауап беру әдісі бихевиористер арасында кең талқыға түсті. Уотсонның қарсыластары оны семантикалық өзгеріс енгізу үшін өтірік рөл ойнауда деп айыптады. Уотсон ауызекі хабарлардың көбіне дәл болмайтынын және олардың объективті байқаудың орнын баса алмайтынын, ауызша жауапты дыбыстардың айырмашылықтарын білу мақсатында ғана қолдану керектігін айтты. Жасырын ойлар мен сезім күйлері жайлы ауызекі жазбалар тексеруге келмейді деп есептелді.

Уотсон бихевиоризмді ресми түрде жариялаған соң екі жылдан кейін, яғни 1915 жылы, бихевиоризм тарихында шартты рефлекс әдісі пайда болды. Шартты рефлекс әдісі алғашында тек шектеулі диапазонда қолданылды. Американың барша психологтеріне Уотсонның арқасында ғана кеңінен танылды. Уотсон психолог Эрнест Хилгардка өзінің шартты рефлексерге деген қызығушылығы Бехтеревтің жұмыстарын зерттеу барысында ояғанын айтты, кейінірек Павловтың да орнын атап өтті (Hilgard, 1994).

Уотсон шартты рефлексер мен тітіркендіргіштер тығыз байланысты деді. Шартты рефлексер ми қыртысында жаңа реакция оятқан тітіркендіргішпен байланыста болып, нәтижесінде жаңа рефлекторлық доға түйықталды.

(Шартты рефлекс ретінде тамақ әкелмей тұрып, қоңырау дыбысын естігенде иттің сілекейі ағуын айтуға болады.) Уотсонның бұл әдісті таңдаған себебі – ол мінез-құлықты талдаудың объективті әдістерін ұсынды, атап айтқанда, «ынталандыруға жауапты» байланыстармен түйістірді (S-R).

Барлық мінез-құлықты осы қарапайым компоненттерге дейін қысқарту мүмкін болғандықтан, шартты рефлексер әдісі зертханада адамның мінез-құлқына күрделі зерттеуді жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Механистикалық дәстүрді жалғастыру

Уотсон британдық эмпириктер құрған, құрылымдық психологтер қабылдаған атомдық механистикалық дәстүрді жалғастырды. Физиктер бүкіл әлемді қалай зерттесе, ол да адамның мінез-құлқын солай зерттеді, яғни мінез-құлықты 414 түрлі компонентке, атомдар мен элементтерге бөлді.

Объективті әдістерге айрықша зейін аудару, интроспекцияны жою – психология зертханасында адамдардың мінезі мен рөлін өзгертуді білдіреді. Вундт пен Титченер сыналушыларға байқаушы әрі бақылаушы ретінде қарады, себебі олар өздерінің саналы тәжірибелерін бақылап отырды. Олардың рөлі экспериментшілерге қарағанда әлдеқайда маңызды болды.

Бихевиоризмде сыналушылар аса маңызды рөл ойнаған жоқ. Олар ештеңе байқамайды, керісінше, оларды экспериментші үнемі бақылап отырады. Бихевиористер экспериментке қатысушыларды «бақыланушылар» деп атаудың орнына «сыналушылар» немесе «субъектілер» деп атады. Ал экспериментшілер эксперименттің шарты мен субъектілердің эксперименттерге реакциясын қадағалайтын зерттеуші-психологтерге айналды.

Осылайша, сыналушылардың мәртебесі төмендеп кетті. Олар бұдан былай ештеңе бақылай алған жоқ, өздерінің мінез-құлықтарын ғана көрсетті. Ал мінез

ересекте де, балада да, есі ауысқан адамда да, кептер мен тышқанда да – бәрінде бар. Мұның соны бихевиористердің адамдарға қарапайым механизм ретінде қарауына әкеліп соқты. Бір тарихшы бұл жайлы: «Кіреп кезде ынталандырады, ал шығар кезде реакциясын байқайды», – деп жазды (Burt, 1962, p. 232).

Бихевиоризм зерттейтін мәселелер

Уотсонның бихевиоризм психологиясының басты тақырыбы – мінез-құлық элементтері, яғни бұлшық ет қозғалысы мен бездердің бөлінуі болды. Психология мінез-құлық ғылымы ретінде терминология мен менталды түсініктерге сүйенбей, объективті түрде сипаттауға болатын әрекеттермен ғана айналысуы керек.

Уотсон бихевиористер ағзаның мінез-құлқын тұтас зерттеуі керек деген пікірді ұстанды. Мінез-құлықты зерттеу кейде қарапайым көрінгенімен, кейде күрделеніп кетеді. Күрделі зерттеулерді Уотсон «акт» терминімен атайтын. Ол реакциялар актісіне тамақтану, кітап жазу, би билеу және үй салу сияқты әрекеттер кіреді деп санады. Былайша айтқанда, «акт» термині адам денесінің қоршаған ортаға әсер ететін қимыл-қозғалысын білдіреді. Мінез-құлық әрекеттері қанша жерден күрделі болғанымен, қажет кезде моторлы реакцияға дейін төмендетілуі мүмкін.

Реакциялар айқын немесе жанама болуы мүмкін. Анық жауаптар ашық және тікелей байқалады. Висцеральды қозғалыстар, гладкулярлық секреция және жүйке импульстері сияқты жанама жауаптар дененің ішінде пайда болады. Олар ашық болмаса да, әлі де мінез-құлық деп есептеледі. Уотсон барлық психологиялық деректердің, іс жүзінде жан-жақты жауаптардың қоса бақылануын талап етті. Ол кейбір мінез-құлық элементтерінің бақылауда болуы мүмкін екенін мойындады. Организмде болып жатқан қимыл-әрекеттер мен реакциялар арнайы құралдар арқылы қадағаланады.

Уотсонның бихевиоризмі субъективтік әдістер мен менталды түсініктерден ада ғылым құру болып саналады. Енді Уотсонның психологияны зерттейтін негізгі үш тақырыпқа көзқарасы қандай болғанын қарастырып көрелік. Ол тақырыптар – түйсік, эмоция және ой. Жүйелі теорияның құрушылары секілді, Уотсон бихевиоризмді өзінің терең танымдарының негізінде дамытты. Бұл жағдайда мінез-құлықтың барлық салалары «ынталандыру-реакция» (S-R) терминдері аясында қарастырылуы керек дегенді білдіреді.

Түйсік

Уотсон басынан бастап мінез-құлықта түйсіктің рөлін мойындауға шақырды. Ол өзінің «Мінез-құлық: салыстырмалы психологияның бастауы» (*Behavior: An Introduction to Comparative Psychology*) атты кітабында (1914) түйсіктің он бір түрін сипаттайды. Уотсон Флорида жағалауына жақын Тортуга аралында бізтұмсық шағала мен суда жүзетін құстардың мінез-құлқын зерттеді. Зерттеуді Джонс Хопкинс университетінің студенті Карл Лэшли екеуі бірге жүргізген еді. Лэшлидің айтуынша, Тортугадағы экспедиция жұмысы темекі мен виски таусылғанда тоқтап қалған көрінеді.

Уотсон 1925 жылға қарай өз ұстанымын өзгертіп, түйсік тұжырымдамасынан толық бас тартты және «түйсік сезімі болып көрінетін адамның мінез-құлық аспектілері – шын мәнінде әлеуметтік шартты рефлексдер» деген пікір айтты. Адамның мінез-құлқын түсінудің басты кілті білім алу екенін мойындаған Уотсон өзінің бұрынғы көзқарастарынан бас тартты. Ол мұнымен ғана тоқтаған жоқ: түйсіктің рөлін жоққа шығарды, тіпті тұқым қуатын қасиеттердің бар екенін тандудан бас тартты.

Тұқым қуалайтын әдеттер болмайды, бала кішкентай кезінде көрген-білгенін істейді. Балалар спортқа немесе музыкаға қабілетті болып тумайды, оларға ата-анасының немесе қамқоршысының тәрбиесі ықпал етеді.



Ferdinand Hamburger, Jr. Archives, Johns Hopkins University

Уотсон нәрестенің ұстау рефлексіні тексеруде (сурет 1919 жылғы фильмінің түсірілімінен алынды)

Ата-ана мен әлеуметтік ортаның едәуір ағартушылық әсеріне назар аудару – Уотсонның феноменді қоғамдық танымының себептерінің бірі болды.

Уотсон ата-ана мен әлеуметтік ортаның басым көпшілігін ағартушылыққа шақыру арқылы феноменді қоғамда танымал болды. Ол балаларды қарапайым әрі оптимистік тұрғыда кез келген бағытқа үйретуге болатынын айтты және олардың мүмкіндігі қандай да бір генетикалық факторлармен шектелмейтінін түсіндірді.

«Бала тәрбиесіне оның туа бітті қасиеттерінен гөрі, қоршаған ортаның ықпалы көбірек әсер етеді» деген пікірді жалғыз Уотсон ғана ұстанған жоқ. Уотсонның бұл ұстанымы XX ғасырдың басындағы америкалық психологияда айрықша орын алды. Егер мінез-құлықтың өзгеруі мүмкін болмаса, психологияны мінез-құлықты түрлендіру немесе байқау мақсатында қолдануға болмайтын еді. Егер мінез-құлықты реттеуде түйсіктің ықпалы болса, онда оны өзгерту мүмкін емес, ал егер мінез-құлық жаттығуларға байланысты болса, онда ол шын мәнінде өзгеруі мүмкін.

Эмоциялар

Уотсон «эмоция дегеніміз – дененің арнайы тітіркендіргіштерге реакциясы» деген анықтама берді. Шабуыл немесе агрессия сияқты тітіркендіргіштер адам ағзасында жүрек соғысының жиілеуі мен қан қысымының жоғарылауы сияқты біраз өзгерістер тудырады. Бұл теория қандай да бір ішкі сезімдер мен эмоциялы қабылдауды білдірмейді.

Әрбір эмоцияда психологиялық өзгерістердің белгілі бір түрлері болады. Уотсон жауап реакцияларының сыртқы көрінісін мойындағанына қарамастан, әлі де ішкі басымдыққа сенді. Ол «эмоцияларды адам келбетінің өзгеруінен, терлеуі мен жүрек қағысының жиілеуінен байқауға болады» деп тұжырымдады.

Уотсонның эмоциялар теориясы Уильям Джеймс теориясына карағанда әлдеқайда күрделі көрінеді. Джеймстің теориясында «адам денесіндегі өзгерістер тітіркендіргішпен тікелей байланысты және осы органикалық өзгерістерден кейінгі сезім эмоцияларға айналады» дейді. Уотсон Джеймстің ұстанымын қатан сынға алды. Уотсон «ахуал мен күйзеліс сезімін қабылдаудың саналы процесін алып тастау эмоцияларды ынталандырудың объективті жағдайына, ағзаның айқын реакциясына және ішкі физиологиялық өзгерістерге байланысты» деп мәлімдеді.

Уотсон қазіргі классикалық зерттеулерде нәрестелердің эмоциялық реакцияларын тудыратын тітіркендіргіштерді зерттеді. Ол нәрестелердің бойындағы негізгі үш эмоциялық реакцияны көрсетті. олар – қорқыныш, ашу-ыза және сүйіспеншілік. Қорқыныш – айқай-шу мен күтпеген жерден бірденені кездейсоқ жоғалтудың әсерінен. жек көру сезімі – еркіндікті шектеуден, ал махаббат еркелету, денелердің түйісуі, аймалау мен сипалаудың нәтижесінде туындайды. Сондай-ақ Уотсон мінез-құлықтың әр тітіркендіргішке тән типтік үлгілерін анықтады. Біздің барлық эмоциялық жауабымыз негізгі эмоциялар процесі арқылы күшейтіледі және олар бастапқыда іске асыра алмайтын ынталандыру қабілетін оятуы мүмкін.

Альберт, Питер және қоян

Уотсон шартты рефлекснің көмегімен он бір айлық Альбертке эксперимент жасау арқылы өз теориясының дұрыстығын баршаға дәлелдеді. Бастапқыда ешқандай егеуқұйрықтан қорықпаған бала эксперимент соңына қарай ақ егеуқұйрықтан қорқатын болды. Тәжірибе соңында Уотсон «адамдардың қорқыныш сезімдері мен уайымдары балалық шақта туындайды» деген қорытынды жасады. Олар, Фрейд айтқандай, ешқандай бейсаналық жанжалдардан туындамайды. Уотсон зерттеу нәтижесінде сананың объективті байқауда болмайтынына көзін жеткізіп, бейсаналық ұғымды жоққа шығарды. Ол бастапқыда Фрейдтің көптеген тұжырымдамаларына таңғалатын, алайда кейін психоанализді «вудуизм» деп қабылдай алмады (Rilling, 2000. p. 302).



Archives of the History of American Psychology, University of Akron

Уотсон көмекшісі Розали Рейнердің қолындағы Альбертті бақылап тұр. Бала екі аяғының ортасындағы егеуқұйрықты ұстауға ұмтылуда. Эксперимент мақсаты – егеуқұйрықты үркіту арқылы баланың бойындағы үрейді бақылау



МЭРИ КОВЕР ДЖОНС

<https://en.wikipedia.org>

Уотсон Альберттің сынағын алдын ала эксперименттік зерттеу ретінде сипаттады. Бірақ ол ешқашан ойдағыдай іске аспады. Психологтер содан бері біршама әдіснамалық кемшіліктерді байқағанмен, Альбертті зерттеудің нәтижелері ғылыми дәлел ретінде қабылданып, барлық психологиялық оқулықтарға енді. Уотсонның бұл еңбегі қанша жерден шала болғанымен, үлкен танымалдыққа ие болды.

Альберт ақ егеуқұйрықтар мен қояндардан әбден қорқып қалғандықтан, Уотсон енді оны бойындағы қорқыныш сезімінен арылта алмады. Альбертке қайта эксперимент жасау мүмкін емес еді. Осы эксперименттен соң Уотсон ғылым әлемінен кетіп, енді қайтып мұндай мәселелермен айналыспады. Біраз уақыт өткен соң, ол Нью-Йоркке көшіп келіп, жарнама саласында қызмет етті. Сонда жұмыс істеп жүріп, өзінің зерттеулері жайлы дәріс оқыды. Тындалмандарының арасында Розали Рейнердің Вассарда бірге оқыған құрбысы – Мэри Ковер де бар еді. Уотсонды тындап шыққан Мэри «шартты рефлексдердің көмегімен балаларды қорқыныштан арылтуға бола ма?» деп ойлана бастады. Ол Розали арқылы Уотсонмен танысып, кейін психология тарихында классикалық мысалдардың тағы біріне айналған зерттеумен айналысты (Jones, 1924).

Мэри үш жасар Питер есімді балаға тәжірибе жүргізді. Бала осы тәжірибеге дейін қояннан қатты қорқатын болған. Питер тамақ ішіп отырғанда, қоянды сонда алып келетін, алайда баланы шошытпас үшін алыста ұстайтын. Бұл көрініс бірнеше рет қайталанған соң, бірте-бірте қоянды балаға жақынырақ ұстайтын болды. Кейін Питер қоянға бауыр басып кетті, қорыққаны былай тұрсын, оны сипайтын болды. Сөйтіп, Питер қояннан да, оған ұқсас басқа жануарлардан да қорықпайтын болды.

Мэри Ковер Джонстың зерттеулері мінез-құлық терапиясының негізін салды (яғни адам бойындағы жат қылықтарды осы әдіс арқылы түзейді). Арада елу жыл өткен соң бұл әдіс кеңінен танымал болды. Мэри Джонс ұзақ уақыт бойы Берклидегі Калифорния университетінің Балаларды қорғау институтында еңбек етті. 1968 жылы «Баланы дамыту психологиясына қосқан зор үлесі үшін» атағымен марапатталды.

Ойлау процестері

Ойлау процесінің дәстүрлі көзқарасы бойынша, «мидағы ойлардың әлсіз болғаны сонша – ешбір жүйке импульсі бұлшық еттерге қозғаушы нервтер арқылы өтпейді, демек, бұлшық еттер мен бездерде реакция болмайды» деп саналды (Watson, 1930, p. 239). Аталған теорияға сәйкес, бұлшық ет реакциясы болмағанда байқау және эксперимент жүргізу үшін ой қалыптастыру процесін жүргізу мүмкін емес. Ақылға қонымсыз ойлар материалдық емес деп саналды. Сондықтан ешқандай физикалық нүктелері болмады (Bouton, 2009; Hall, 2009).

Уотсонның мінез-құлық жүйесі ойлауды моторлық мінез-құлыққа қарай азайтуға тырысты. Ол адамның жұмыс істеуінің барлық аспектілері – сенсомоторлық мінез-құлықтың белгілі бір түрі және ойлау процесі сөйлеуге немесе қозғалысқа қатысты болу керек деп ойлады. Осылайша, ол еркін сөйлеуге үйрететін бұлшық еттер қозғалыстарын қысқартып, үнсіз әңгімеге көшуге тырысты. Ата-аналар мен мұғалімдер балалардың қатты дауыстап сөйлесуіне рұқсат бермейді, сондықтан іштей сөйлеуге дағдыланып қаламыз. Нәтижесінде ойлау үнсіз сөйлесудің тәсілі болып қала береді. Уотсон мінез-құлықтың жалпылама көп бөлігі ретінде тіл бұлшық еті мен жұтқыншақты (дыбыс деп аталатын) шоғырландырған. Сондай-ақ ынталандырудың бірден-бір ашық реакциялары ретінде қимыл-қозғалыстар арқылы ойымызды жеткізуге тырыстық.

Көптеген адамдардың өз-өзімен сөйлесетінін мойындауы Уотсонның ой-пікірінің дұрыстығына деген сенімін арттырды. Мысалы, колледж студенттерінің интроспективті есептерді зерттеу нәтижесі эксперимент барысында жазылған ойлардың 73 пайызы ішкі әңгіме барысында пайда болғанын көрсетті (Faithing, 1992).

Дегенмен мұндай дәлелдер бихевиористер үшін ыңғайсыз болғандықтан, интроспективтік сараптаудың бірін қолданған. Уотсон мінез-құлық теориясын қолдау үшін интроспективтік сараптауларға тәуелді болған жоқ. Бихевиоризм үнсіз сөйлеу қозғалыстарының объективтілігін дәлелдеді және жазудың тәжірибелік әрекеттерін ойлаудың тіл мен жұтқыншақ қозғалыстары арқылы жасады.

Бұл өлшеулер субъектілер ойланатын уақытта пайда болған әлсіз қозғалыстарды көрсетті. Мысалы, есту қабілеті нашар адамдар бір-бірімен ымдау арқылы сөйлеседі. Дәлірек нәтижеге қол жеткізе алмағанына қарамастан, Уотсон сөз сөйлеудің өзіндік мінез-құлқының бар екеніне сенді және келешекте зертханалық жабдықтарды дамытуды ойлады.

Бихевиоризмнің танымал үндеуі

Уотсонның батыл пікірлері неліктен психологиядан тыс үлкен қоғамды баурап алды? Әрине, бастапқыда көп адам оған мән берген жоқ, кейін ғалымдар бұрын психологияның саналы ғылым болғанын, Уотсон келгелі психологияның қоғамда беделі жоғалғанын айтып, оны шеттеткісі келгені анық. Уотсон көтерген мәселелер психологтерді айтарлықтай толғандырды.

Уотсон басқарылатын және бақыланатын мінез-құлыққа негізделген қоғамның жаңа түрін ұсынды. Бұл халықты жандандыру мақсатында догмалар мен мифті немесе әртүрлі ойлау тәсілдерін еркін ғылыми тұрғыда қолдануды білдірді. Оның көзқарасы ескі идеялардан бас тартқан адамдардың жүрегінде үміт отын оятты. Бихевиоризм өзінің әуесқойлығы мен сенімділігі жағынан дінге ұқсайтын еді. Уотсонның бихевиоризмге арнап жазған жүздеген мақалалары мен кітаптар арасында «Бихевиоризм атты дін» (*The Religion Called Behaviorism*) деген кітабы да бар еді (Verma, 1927). Б.Ф. Скиннер атты 23 жастағы жігіт алғашқылардың бірі болып Уотсонның осы еңбегін оқып шығып, кітап жайлы пікірін Американың ең танымал әдеби журналына жіберді. Скиннер өз сөзінде: «Олар менің пікірімді жарияламады. Алайда осы мақаланы жазу барысында өзімнің бихевиористік бағытты ұстанатынымды сезіндім», – деді (Skinner, 1976, p. 299). Скиннер кейінірек Уотсонның жұмысын жетілдіруге және кеңейтуге бар күшін салды (11-тарауды қараңыз).

Уотсонның идеяларынан туындаған танданыстар жайлы мақалалар жиынтығын оның 1925 жылы жарыққа шыққан «Бихевиоризм» (*Behaviorism*) атты кітабынан көруге болады. «Нью-Йорк Таймс» газетінің шолушысы «Бұл адамзаттың интеллектуалды даму тарихындағы жаңа дәуір!» деп жазды (1925 жыл 2 тамыз). Ал «Нью-Йорк Геральд Трибун» газеті болса «Уотсонның ғылыми еңбектерінің тарихта алар маңызы зор» деп жазды (1925 жыл 21 маусым).

Уотсон балаларға ерте жастан берілетін тәрбие мен қоршаған ортаның ықпалы мінез-құлықты қалыптастырушы фактор екеніне және тұқым қуалау процестерінің әсері мейлінше аз екеніне бүкіл әлемнің көзін жеткізуге тырысты. «Бихевиоризм» кітабында жиі кездесетін мына параграфтың бұған дәлел болары анық:

«Менің тәрбиеме оннан астам дені сау, ақыл-есі түзу бала алып келіңіздерші. Олардың қабілеті мен икемділігіне, нәсілі мен тұқым қуалайтын қасиеттеріне қарамастан, кездейсоқ таңдау жасау арқылы оларды дәрігер, қорғаушы, суретші, саудагер, тіпті жалаңаяқ ұры ғып тәрбиелей аламын» (Watson, 1930, p. 104).

Батылдыққа толы жаңа әлем

Уотсонның Альбертті зерттеу секілді шартты рефлексиялық эксперименттері ересек жастағы барлық эмоциялық бұзылулар нәресте, бала және жасөспірім ке-

зеңінде болған жағдайларға байланысты екеніне көз жеткізді. Ересектердің жүйке жүйесінің бұзылуы – балалық шақтағы қателіктердің нәтижесі. Сондықтан бала тәрбиесінің арнайы бағдарламасы ересектердің жүйке жүйесінің бұзылуының алдын алады. Уотсон кішкентай балалардың мінез-құлқын бақылау мүмкін екенін және ата-аналардың бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөлуі керектігін айтты. Ол бихевиоризм қағидаларына сүйене отырып, қоғамды жақсарту жоспарын ойлап тапты.

Уотсон өз пайымдауларының растығын тәжірибе жүзінде дәлелдегісі келгенімен, ешкім оған эксперимент жасауға он шақты бала бермеді. Алайда Уотсон еңсесін түсірген жоқ, келешекте оның тұжырымдамаларының растығына адамдардың көзі жететініне сенді және «қоршаған ортаға қарағанда, тұқымқуалаушылық факторлардың ықпалы мықты» деп санайтын адамдардың өз сөздерін растау үшін ешқандай мысал келтіре алмайтынын атап өтті.

Уотсонның бихевиоризм жүйесі шеңберінде жақсы өмір сүру бағдарламасын «Бихевиоризм» кітабынан алынған келесі үзіндіден оқи аласыз. Оны оқып шыққан соң, көпшіліктің бихевиоризмді не үшін жаңа діни доктрина ретінде қабылдағанын түсінесіз.

«Бихевиоризм – ерлер мен әйелдердің мінез-құлық принциптерін түсінуге дайындайтын ғылым. Бұл ғылым ерлер мен әйелдердің өз өмірін өзгертуге ұмтылуына және балаларын дұрыс бағытта тәрбиелеуіне негізделеді. Мен сіздерге кез келген дені сау баланың өскенде бай әрі беделді тұлға болып шығуы мүмкін екенін айтқым келеді. Ол үшін балаға дұрыс тәрбие беріп, өмірге бейімделуіне мүмкіндік жасаңыз және оны саламатты өмір салтына үйретіңіз. Баланың санасын мыңдаған жыл бойы қалыптасып келе жатқан аңызбен, саясат жайлы жиіркенішті хабарлармен, ешқандай мәні жоқ наным-сеніммен уламаңыз. Мен ешкімді революцияға шақырмаймын, адамдарды Құдайды ұмытып, жаңа ұйым құруға, жалаңаш жүруге, шөптен және жеуге болатын тамырлармен қоректенуге және «махаббат еркіндігіне» шақырмаймын. Мен сіздердің ілгері дамып, жаңаша өмір бастауыңызға ғана сеп болғым келеді. Егер сіз бала-шағаңызды еркіндікте тәрбиелесеңіз, онда әлем өзгерер еді. «Еркіндік» дегенді «бетімен кетушілік» деп түсінбеңіз, мен еркін тәрбиені айтып тұрмын. Басқаша қалай түсіндірерімді де білмеймін. Ата-анасына қарағанда көкірегі ояу, көзі ашық балалар келешекте өз балаларына бұдан да жақсы тәрбие берсе, әлем толығымен өзгермей ме?» (Watson, 1930, pp. 303–304).

Уотсонның дінге негізделген көне алыпсатарлық этиканы бихевиоризмге негізделген жаңа эксперименттік этика бағдарламасына ауыстырамын деген жоспары сол күйі орындалған жоқ. Уотсон бағдарламаларының қаңқаларын жасап, болашақ зерттеушілерге аманат ретінде қалдырды. Арада біраз жыл өткен соң, Уотсонның аяқталмаған жұмысын ары қарай Скиннер жалғастырды.

Психологияның қарқынды дамуы

Психология 1920 жылдарға қарай ғылым әлемінде қанатын кең жая бастады. Уотсон айрықша сүйкімділігі мен адам баласына рухани шабыт сыйлай алуының арқасында америкалықтардың сүйікті психологіне айналды және бүкіл Америка халқы бір жазушының психологияның қарқынды дамуын Уотсонмен байланыстырғанына елең ете қалды. Америкалық қоғамның көп бөлігі психологияны жарқын өмірге апарар жол деп санады, көп ұзамай күнделікті шығатын газет беттерінде «Психологтің кеңесі» деген айдар пайда болды.

Джозеф Ястроу (1863–1944) 1920–1930 жылдары Америка Құрама Штаттарының ең танымал психологіне айналды (Pettit, 2007, p. 162). Ол 1886 жылы Джонс

Хопкинстен PhD дәрежесін алып, академиялық мансабын Висконсин университетінде жалғастырды. Өзінің қоғамдық бағалауы мен ресми қолдау көрсетуі психологияны танымал ету үшін маңызды деп санап, түрлі журналдарға психология жайлы мақалалар жазды (Jastrow, 1930/1961, p. 150). Ол жазбаларында күйзелісте жүрген адамдарды емдеу, алаяқтардың психологиясы, қорқыныш пен алаңдаушылық, IQ ұпайының құндылықтары, өзін-өзі кем сезіну, отбасылық қақтығыстар және неге кофе ішетініміз жайлы түрлі тақырыптарды қамтыды. Әлбетте, психология Вундт пен Титченердің тәжірибелік жұмыстарынан соң ұзақ жол жүрді.

Ястроудың «Психикалық денсаулықты қалай күту керек?» деген мақаласы жүз елуден астам газетте жарық көрді. Сонымен қатар ол «Ақыл-ой хабаршысы», «Әйелдерге шолу радиосы» атты бүкіл елге танымал радиобағдарламаларға қатысты. Оның «Сіздің өміріңізде психология басты рөл атқарады» (*Piloting Your Life: The Psychologist as Helmsman*) деген нұсқаулығы үздік кітаптар тізіміне енді. Психологияның күнделікті өмірдегі пайдасы туралы мақалалары *Popular Science Monthly*, *Cosmopolitan* және *Harper's* секілді танымал журналдарда жарық көрді (Behrens, 2009; Hull, 1944). Альберт Уингем психолог болмаса да, «Ақыл-ой тәрбиесін зерттеу» (*Exploring Your Mind*) атты мақала жазып, оқырмандардың зор ықыласына бөленді. Мақалада былай делінген:

«Адамдар бұрындары психология ғылымын дәл қазіргідей қажет етпеген. Бүгінде жасөспірімдер өздерінің ақыл-ой қабілетін өлшеп, не нәрсеге бейімділігі барын анықтап, болашақта кім болатыны жайлы шешім қабылдай алады. Психологияның арқасында кәсіпкерлер кімді жұмысқа алу керекін біледі. Ата-аналар мен тәрбиешілер психологияны бала тәрбиесінде қолданады. Қысқасы, психология бәріне керек.»

«Адам баласы психология ғылымынсыз ешқашан өркеніеттің шыңына қол жеткізе алмайды» (Wiggam, 1928, quoted in Benjamin, 1986, p. 943).

Канадалық әзілкеш Стефан Батлер Ликок: «Психология бұрын сыртқы әлеменен оқшауланған ғылым еді, оны оқымайтындарға ешқандай кесірін тигізбейтін. Алайда 1924 жылға қарай оны барлық жерден көретін болдық, – деді. – Қазір біз кез келген уақытта психологиялық орталыққа хабарласып, психологтің көмегіне жүгіне аламыз. Құдды су құбыры жарылып, апаттан құтқарушы бригаданы шақырғандай... Жақында барлық ірі қалаларда «Психолог 24 сағат бойы қабылдайды» деген жарнамалық баннерлер ілінетін шығар», – деп мысқылдады (Benjamin, 1986, p. 944).

Джон Б. Уотсон арқылы психология ғылымын бүкіл Америка Құрама Штаттары мойындады.

Уотсон бихевиоризмін сынға алу

Түбегейлі қайта қарау мен қолданыстағы тәртіпті толығымен ауыстыруды ұсынатын, яғни бұрыннан келе жатқан барлық теориялардан бас тартуға шақыратын кез келген бағдарламаның қатаң сынға ұшырауы анық. Уотсон бихевиоризмнің негізін қалаған кезде, америкалық психология үлкен объективтілікке қарай ауысты, бірақ психологтердің бәрі бірдей Уотсон ұсынған экстремалдық нысандарды қабылдауға дайын болған жоқ. Көп адам, соның ішінде негізінен объективтілікті қолдайтындар, Уотсон жүйесі, сенсорлық процестер мен қабылдау процестері секілді, психологияның маңызды компоненттерін байқамайды деп санайды.

Карл Лэшли (1890–1958)

Лэшли – Уотсонның Джонс Хопкинс университетіндегі студенті болып, осы оқу орнында PhD дәрежесін алды. Ол Миннесота, Чикаго және Гарвард университет-



<https://en.wikipedia.org>

КАРЛ ЛЭШЛИ

терінде психолог-физиолог болып қызмет етті. Кейінірек еңбек жолын Йерксте приматтарды зерттейтін биологиялық зертханада жалғастырды.

«Лэшли бала күнінде ғимараттар мен көпірлер құрастырғанда қалай қиналса, адамдарды зерттегенде тура солай қиналатынын және адамдар мен машиналардың ұқсастығын аңғарғанда психологияның қандай ғылым екенін бір-ақ түсінгенін айтады» (Murphy, 1992, p. 213).

Лэшли егеуқұйрықтардың ми механизмін зерттеу барысында Уотсонның кей тұжырымдарына күмән келтіргеніне қарамастан, бихевиоризм бағытының нағыз жақтаушысы болды. Ол «Ми мен ақыл-ойдың механизмдері» (*Mechanisms and Intelligence*) (1929) атты еңбегінде нәтижелерін түйіндеп, негізгі екі қағида ұсынды: олар – жаппай әсер ету заңы мен теңдік құбылыс қағидаты. Жаппай әсер ету заңы – оқытудың тиімділігі ми қабығының бүлінбеген бөлігі, яғни ми қыртысының мазмұны қаншалықты көп болса, соғұрлым жақсы білім алуға болады деп есептейді. Ал теңдік құбылыс қағидаты ми қыртысының бір бөлігі оқу процесіне үлес қосқан кезде ми қабығының басқа бөлігіне тең болатынын көрсетеді.

Лэшли ми қабығында арнайы сенсорлық және қозғалтқыш орталықтар барын, сондай-ақ сенсорлық және қозғалтқыш механизмдердің арасын байланыстыру керектігін айтты. Бұл жаңалық рефлексиялық доғаны мінез-құлықтың қарапайым компоненті ретінде растауы мүмкін. Дегенмен оның нәтижелері Уотсонның жүйке жүйесінің нүктелері арасындағы қарапайым байланыстар туралы идеясына қайшы келді, соған сәйкес ми қозғалмалы қозғалтқыш импульстарына кіретін сенсорлық жүйке импульстарын ауыстыруға ғана қызмет етті. Лэшлидің зерттеуі бойынша, ми оқу процесінде Уотсон айтып кеткеннен де белсендірек рөл атқарады. Осылайша, Лэшли Уотсонның мінез-құлқының шартты рефлексстер арқылы аздап күрделенгенін мойындады.

Лэшлидің жұмысы Уотсон жүйесінің негізін қалады және объективті зерттеу әдістерінде бихевиоризмнің талаптарын әлсіретпеді. Керісінше, Лэшлидің жұмысы Уотсонның психологиялық зерттеулердегі объективті әдістерінің маңыздылығын растады.

Уильям Мак-Дугалл (1871–1938)

Уотсонның басты қарсыластарының бірі – ағылшын психологі Уильям Мак-Дугалл еді. Ол 1920 жылы Құрама Штаттарға көшіп келді. Алғашында Гарвард университетінде жұмыс істеді, кейін Дьюк университетіне ауысты. Мак-Дугалл (1908) жұртшылыққа өзінің инстинктивті мінез-құлық теориясымен және әлеуметтік психологияға арнап жазған кітабымен танылған. Мак-Дугалл әлеуметтік психологияға көп үлес қосқанмен, өзі көпшіл адам емес еді. Өз сөзінде:

«Мен ешқашан бөтен ортаға кірісіп кете алмайтынмын, ешқашан бір партияға мүшелікке кіре алмадым. Маған топтық өмір мен топпен бірге ойлау қызық болып көрінгенімен, қашанда шетте қалып қоятынмын», – деген еді (McDougal, 1930, p.192).

Ол ерік-жігер, скандинавия нәсілінің артықшылығы мен психикалық зерттеулер сияқты, аса танымал емес тұжырымдарды қолдады, осындай көзқарасы үшін үнемі америкалық баспасөз өкілдерінен балағат сөз еститін. Сонымен қатар психологиялық қоғам да 1920 жылдары бихевиоризмді сынағаны үшін Мак-Дугаллды жерден алып, жерге салды. Шын мәнінде Мак-Дугалл мен Уотсонның бір-бірімен баспасөз беттерінде айтысып жүргеніне біраз жыл болған еді (Larson, 1972, p. 3).

Мак-Дугаллды америкалық психологияның негізгі күштерінің қуғындағаны сонша – оған бәрі жеккөрінішпен қарайтындай көрінетін (Innis, 2003, p. 102). Мак-Дугалл қатты науқастанып қалғанда, америкалық бір психолог халық алды-

Жаппай әсер ету заңы: үйрену тиімділігіне кортикалды тінің тұтас масса қызметі жауап береді.

Теңдік құбылыс қағидаты: үйрену процесіне ми қабығының бір бөлігі өзге бөліктермен тең дәрежеде қызмет етеді деген ұғым.



УИЛЬЯМ МАК-ДУГАЛЛ

<https://en.wikipedia.org>

на шығып, «психология үшін оның өлгені дұрыс» деп еді. Роберт Йеркс: «Мак-Дугаллдың өмірі қайғыға толы болды» – деп жазды (Innis, 2003, p. 91).

Мак-Дугаллдың инстинкт теориясында адамның мінез-құлқы, ойы мен іс-әрекеті оның туа біткен бейімділігіне байланыстылығы айтылған. Алғашында оның идеяларын жұртшылық жап-жақсы қабылдады, алайда кейін халық біртіндеп бихевиоризм жағына шығып кетті. Уотсон түйсіктер ұғымын жоққа шығарды, қарсыластар арасында осы үшін қақтығыс басталды.

Уотсон – Мак-Дугалл пікірталасы

Уотсон мен Мак-Дугалл өзара келіспеушіліктерін талқылау мақсатында 1924 жылдың 5 ақпанында Вашингтон қаласындағы психология клубында кездесті. Вашингтондағы ешбір жоғары оқу орнына қатысы жоқ психология клубы жайдан-жай тұрған жоқ еді. Пікірталасқа мыңнан астам адам қатысты. Олардың аз ғана бөлігі психология саласының өкілдері болды: сол жылдары Америка Психологтер қауымдастығының небәрі 464 мүшесі бар еді. Уотсон бихевиоризмінің танымалдығына байланысты аудиторияға жиналған адамдардың саны көп болды. Дегенмен пікірталастың төрешісі жеңісті Мак-Дугаллға берді. Бұл пікірталас жайлы мәліметтер «Бихевиоризм үшін шайқас» (*The Battle of Behaviorism*) атты ғылыми еңбекте жарияланды (1929).

Мак-Дугалл пікірталасты оптимистік көңіл күймен бастады. «Менің доктор Уотсонға қарағанда артықшылығым басым. Бұл артықшылықтың басымдылығы сондай – тіпті өзіме әділетсіз сияқты көрінеді. Себебі ақыл-есі дұрыс адамдардың бәрі мені жақтайды», – деді ол (Watson & McDougall, 1929, p. 40). Ол Уотсонның мінез-құлық жайлы ақпарат – психологиялық зерттеулердің дұрыс бағыты деген ойымен толық келісетінін, алайда оның сана-сезім жайлы айтқан пікірін мүлдем қолдамайтынын айтты (Кейінірек бұл ұстанымды гуманистік бағыттағы психологтер мен әлеуметтік-оқыту теорияшылдары растаған болатын). Мак-Дугалл «егер психологтер интроспекцияны қолданбаса, онда олар субъект реакциясының мәні мен сөздердің айқындығын қалай анықтай алады? Өзін-өзі байқау әдісіңіз арман мен қиял жайлы бірдене айта ала ма? Эстетикалық тәжірибені қалай түсінуге және бағалауға болады?» деп сұрағысы келді. Уотсонмен пікірталаста Мак-Дугалл бихевиористердің скрипка концертінен алған әсерін бихевиоризм тілімен сипаттап көрді:

«Мен залға кірсем, бір кісі қолына аттың жалын алып, мысықтың ішегімен ойнап отыр екен. Ал оның алдында анда-санда шапалақ ұрып отырған мың шақты адам отыр. Мұндай қызықты оқиғаларды бихевиорист қалай түсіндіре алады? Қалайша мыңдаған адам татжылмай бір кісінің мысықтың ішегімен ойнағанын бақылап отыр? Ол ойнауын аяқ астынан доғарса, мына халық қандай күйге түседі?»

«Ақыл-есі дұрыс адам залда отырған қауымның скрипка әуенін тыңдап, рахаттанып отырғанын, музыкантқа деген ризашылығын білдіру үшін дауыстап қошеметтеп, анда-санда шапалақ ұрып отырғанын түсінеді. Ал бихевиорист болса, рахат пен ауру жайлы, қошемет пен ризашылық туралы ештеңе білмейді. Ол ойының бәрін «метафизикалық түсініктермен» араластырып тастаған соң, мұндай құбылыстарға басқаша түсініктеме іздейді. Мейлі, іздесе – іздей берсін. Оның іздеу жұмыстары әлі бірнеше ғасырға созылады» (Watson & McDougall, 1929, pp. 62–63).

Сосын Мак-Дугалл Уотсонның «адамның мінез-құлқын бала кезден бағдарламалап қоюға болады, себебі мінез-құлық тәрбиеге байланысты қалыптасады» деген тұжырымын сынға алды. Мак-Дугалл: «Мұндай психология таңдау еркіндігіне мүмкіндік бермейді», – деді. Егер детерминизм ұстанымы дұрыс болып, адамдарда ерік болмай, өз іс-әрекеттері үшін жауап бере алмаса, онда білімінді

жетілдіруден не пайда бар? Онда ешкім соғыстың алдын алмайды, әділетсіздік үшін күреспейді немесе белгілі бір мақсатқа жетуге тырыспайды.

Сонымен қатар Уотсонның ауызша жауап беру әдісі жайлы пікірі де қызу талқыға түсті. Мак-Дугалл бұл әдістің шалағайлығын атап өтті. Себебі, Уотсонның тұжырымдамасы бойынша, уақыт аралығын дәлелдеу мүмкін болса, онда бұл әдісті қолдануға болады, ал егер арада көп уақыт өтсе, бұл әдіске жүгінуден пайда жоқ деп саналды. Әлбетте, бихевиористік қозғалыстың басты мақсаты – тек дәлелденген деректерді пайдалануға көзделді.

Бихевиоризм мектебінің құрылғанына он бір жыл толғанда Уотсон – Мак-Дугалл пікірсайысы өтті. Мак-Дугалл «бірнеше жылдан кейін Уотсонның ұстанымы із-түзсіз жоғалып кетеді» деген болжам айтты. Алайда арада бес жыл өткен соң, бихевиоризмнің өшпегенін көрген Мак-Дугалл кезінде асыра айтқанын мойындады (Watson & McDougall, 1929, pp. 86, 87).

Уотсон бихевиоризмінің психологияны дамытуға қосқан үлесі

Уотсон ғылым саласында жиырма жылдай ғана еңбек етті, алайда осы жиырма жыл ішінде оның психологияны дамытуға қосқан үлесі зор болды. Уотсон өзгерістері психологияға ғана емес, тұтастай ғылым саласына әсер етті. XIX ғасырда ғылымның барлық салалары керемет жетістіктерге қол жеткізді, ал XX ғасыр одан да зор таңғажайыптарға толы болды. Ғалымдарға жеткілікті уақыт берілсе, олар кез келген мәселенің шешімін таба алады деген пікір қалыптасты.

Уотсон психологияны өз әдістері мен терминологиясына біршама объективті етіп алды. Уотсонның позициялары көптеген ғылыми-зерттеулерге серпін бергеніне қарамастан, кейінірек оның тұжырымдамалары қолданыстан шығып қалды. Уотсон бихевиоризмінің орнын объективизм атты жаңа сала алмастырды (бұл жайлы 11-тараудан оқи аласыз). Тарихшы Е.Г. Боринг 1929 жылы бихевиоризмнің дәурені аяқталғанын айтты. Революциялық қозғалыстар ұйымдастырып, Уотсон негізін салған бихевиоризмді аман алып қалуға болар еді, алайда он алты жылдық тарихы бар ғылыми бағытты әрі қарай сақтап қалу қажет болмады.

Уотсонның бихевиоризмі кезінде психологиядағы барлық ескі трендтерді жеңіп шыққан еді. 1926 жылы Висконсин университетінің аспиранты Вундт пен Титченерді білетіндердің саны аз еді. Объективті әдістер америкалық психологияның ажырамас бөлігі болып саналды.

Бағдарламасы ешқашан өзінің өршіл мақсаттарына жете алмағанына қарамастан, Уотсон психология тарихында ғылыми мектептің негізін қалаушы ретінде танылды. Уотсонның жүз жылдығы мен психология ғылымының жүз жылдығы 1979 жылдың 5 сәуірінде қатар тойланды. Симпозиум Уотсон атындағы зертхана орталығы бар Фурман университетінде өтті, оған Құрама Штаттардың барлық психологтері жиналды. Жиында Б.Ф. Скиннер «Дж.Б. Уотсонның мен үшін орны қандай?» деген тақырыпта сөз сөйледі. Алайда жерлестері оны онша ұната қоймайтынын білдірді. Көпшілігі оны «баптистік тәрбиеден бас тартқан мансапқұмар кәпір» деп сипаттады («Greenville News», April 5, 1979). Дегенмен 1984 жылы оның туған жеріне баратын автожол бойында Уотсонға арналған ескерткіш тақта орнатылды.

Уотсонның жеке қасиеттерінің арқасында бихевиоризм түсінігі халық арасына кеңінен танылды. Харизма мен тартымдылыққа ие Уотсон өз идеяларын айрықша ынта-жігермен, ерекше шабытпен насихаттайтын. Ол көптің пікіріне қарсы тұра алатын мықты тұлға болды. Джон Б. Уотсон осындай қасиеттері мен уақытты ұтымды пайдалана алуының нәтижесінде психология пионерлерінің бірі атанды.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Уотсонның «кішкентай Альбертті» зерттеуіне қандай сын айтар едіңіз? Кішкентай балалардың шартты эмоциялық реакцияларын қалай зерттер едіңіз?
2. Уотсон бихевиоризмді неліктен адам мен қоғамның өмірін жақсартады деп санады?
3. Уотсонның бала тәрбиесіне деген көзқарасын сипаттаңыз. Оның өз балаларымен қарым-қатынасы қандай болды?
4. Уотсон 1913 жылы жазған мақаласында структурализм және функционализмге қандай сын айтты?
5. Жас психологтер буыны Уотсонның идеяларын қалай қабылдады?
6. Уотсон қандай зерттеу әдістерін ғылыми психология үшін ауадай қажет деп санады?
7. Уотсонның ауызша жауап беру әдісін қолдануы неліктен біршама дау туғызды?
8. Бихевиористердің адам рөлі мен мақсатына қатысты көзқарасының интроспекционистік көзқарастан айырмашылығы неде?
9. Уотсон тақырыбы мен әдіснамасы XIX ғасырдан бастап атомистік, механистикалық және эмпирикалық дәстүрді қалай жалғастырғанын талқылаңыз.
10. Уотсон жауаптар мен әрекеттер арасындағы айырмашылықты қалай көрсетті? Нақты және жанама жауаптардың айырмашылығы неде?
11. Уотсонның түйсік пен ойлау процестеріне қатысты көзқарасын сипаттаңыз.
12. Альберт пен Питердің зерттеуі Уотсонның эмоциядағы оқыту рөлі туралы идеясын қалай қолдады?
13. Уотсонның жерлестері ол жайлы «дінсіз мансапқұмар» деген пікірде болуы неліктен?
14. Лэшлиндің жаппай әрекет ету заңы мен тендік құбылысы принципін сипаттаңыз.
15. Лэшлиндің зерттеуі Уотсон жүйесінің бір бөлігінің беделін түсіруінің себебі неде?
16. Уотсон бихевиоризмі бұрынғы функциялық психологтердің еңбегінсіз соншалықты танымал болар еді деп ойлайсыз ба?
17. Мак-Дугалл – Уотсон бихевиоризмінің қандай объектілерін сынады?

Ұсынылған әдебиеттер

- Baum, W. (2004). *Understanding behaviorism: Behavior, culture, and evolution*. Hoboken, NJ: Wiley-Blackwell. An overview of the history of behaviorism and its applications to everyday life; discusses reinforcement, behavior analysis, and stimulus control as well as social and cultural issues. Баум, В. (2004). Бихевиоризмді түсіну: мінез-құлық, мәдениет және эволюция. Хобокен, Нью-Джерси: В.Блэквелл. Мінез-құлықтың тарихы мен оның күнделікті өмірде қолданылуы туралы шолу; көтермелеу, мінез-құлықты талдау, ынталандыруды байқау, әлеуметтік және мәдени проблемаларды талқылау.
- Brewer, C. L. (1991). Perspectives on John B. Watson. In G. A. Kimble, M. Wertheimer, & C. White (Eds.). *Portraits of pioneers in psychology* (pp. 171–186). Washington, DC: American Psychological Association. Reviews Watson's life and contributions to psychology and notes Furman University's efforts to acknowledge Watson's importance. Брюер, С. Л. (1991). Джон Б. Уотсонның келешегі. Г.А.Кимбл, М.Вертхеймер және С. Уайт (ред.). Психологиядағы пионерлер портреттері (171–186-бб.). Вашингтон, АҚШ: Америка Психологтер қауымдастығы. Уотсонның өмірі мен оның психологияға қосқан үлесі. Уотсонның маңыздылығын растайтын Фурман университетінің зерттеулері.
- Buckley, K. W. (1989). *Mechanical man: John Broadus Watson and the beginnings of behaviorism*. New York: Guilford. Describes Watson's academic and business careers and his role as a popularizer of psychology. К.В. Бакли (1989). Механикалық адам: Джон Бродес Уотсон және бихевиоризм бастамалары. Нью-Йорк: Гилфорд. Уотсонның ғылым мен бизнестегі мансабы мен оның психологияны танымал етудегі рөлін сипаттау.
- Duke, C., Fried, S., Pliley, W., & Walker, D. (1989). Rosalie Rayner Watson: The mother of a behaviorist's sons. *Psychological Reports*, 65, 163–169. About Watson's wife, who coauthored the study of conditioned emotional reactions and assisted in the preparation of Watson's book on child care. С.Дюк, С.Фрайд, У.Плэйли және Д.Уолкер (1989). Розали Рейнер Уотсон:

«Мен – бихевиористің балаларының анасымын». Психологиялық есептер, 65, 163–169. Шартты эмоциялық реакцияларды зерттеу және күйеуі Уотсонмен бірге бала күтімі туралы кітап жазған Розали Рейнер жайлы.

- Hannush, M. J. (1987). John B. Watson remembered: An interview with James B. Watson. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 23, 137–152. An interview with the son of John B. Watson and Rosalie Rayner Watson, in an effort to link the psychologist's life with the theory he promoted. М.Дж.Ханнуш (1987). Джон Б. Уотсон туралы естелік; Джеймс Уотсонмен сұхбат. Мінез-құлық ғылымдарының тарихы жайлы журнал, 23, 137–152-бб. Психологтің өмірі мен оның теориясының арасындағы байланысты білу үшін Джон Уотсонның ұлы және әйелімен жүргізілген сұхбат.
- Jastrow, J. (1961). *Autobiography*. In C. Murchison (Ed.). *A history of psychology in autobiography*

(Vol. 1, 135–162). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930.) Includes Jastrow's views on the popularization of psychology. Дж. Джастроу (1961). Өмірбаян. С. Мерчисон (ред.), Психологияның өмірбаяндық тарихы (1-том, 135–162-бб). Нью-Йорк: Рассел және Рассел (түпнұсқа 1930 ж. жарық көрген). Джастроудың психологияны танымал ету туралы көзқарасын қамтиды.

- Samelson, F. (1981). Struggle for scientific authority: The reception of Watson's behaviorism, 1913–1920. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 17, 399–425. Reports the impact of Watson's ideas after the publication of his behaviorist manifesto. Ф. Самельсон (1981). Ғылыми өкілеттілік үшін күрес: Уотсонның бихевиоризм тәсілдері, 1913–1920 жж. Мінез-құлық ғылымдарының тарихы жайлы журнал, 17, 399–425-бб. Уотсон идеясының ықпалы туралы әңгімелейді.

Қалыптасқаннан кейінгі бихевиоризм

Жануарлардың ақыл-ойы
дамуын зерттеу

Бихевиоризмнің үш кезеңі
Операционизм

Эдвард Чейз Толмен
(1886–1959)

Мақсатты бихевиоризм
Аралық айналымы шама
Үйрену теориясы
Түсініктеме

Кларк Леонард Халл
(1884–1952)

Халлдың өмірі
Механицизм рухы
Объективті әдіснама және
сандық бағалау
Жігер
Үйрену
Түсініктеме

Беррес Фредерик Скиннер
(1904–1990)

Скиннердің өмірі
Колледжде және магистратурада оқу кезеңі
Өмірінің соңғы жылдары
Скиннердің бихевиоризмі
Оперантты шарттылық
Нығайту тәртібі
Жүйелі аппроксимация:
мшез-құлықты қалыптастыру
Автоматтандырылған манек
Көгершіндер соғысқа барады
Уолден Екі: бихевиористер қоғамы
Мінез-құлық модификациясы
Скиннер бихевиоризмін сынау
Скиннер бихевиоризмінің қосқан үлесі

Жануарлардың ақыл-ойы дамуын зерттеу

Оны IQ хайуанаттар бағы деп атайтын. Бак Арканзас штатындағы Хот-Спрингс қаласында орналасқан еді. Ол 1955 жылдан бастап 1990 жылға дейін 35 жыл жұмыс істеді. Мыңдаған адам осы бақта жануарлардың түрлі қызықты қылықтарын тамашалаған. Бұл жануардың өз қылығы сияқты көрінгенімен, шындығында, әр жануар мұқият үйретілген еді. IQ хайуанаттар бағында ештеңе назардан тыс қалмады. Олардың арасында көгершін, тауық, жанат және басқа да ақылды Ганстар болды. (Bailey & Gillaspy, 2005; Bihm, Gillaspy, Lammers, & Huffman, 2010; Drumm, 2009).

Мәселен, Присцилла деген доңызды алып қарайық. Жалпы, доңыздардың таңғаларлық ештеңе жасай алмайтыны белгілі. Кіру ақысын оларды көру үшін ғана төлейсіз. Алайда Присцилла керемет еді. Ол таңертең ерте тұру рәсімін көрсететін. Алдымен, радионы қосып, таңғы ас қойылған үстелден тамақтанатын. Сосын кірлеген киім-кешектерді жинап, бөлмесін шаңсорғышпен тазалап өтеді. Содан кейін көрермендер қойған сұрақтарға «иә» немесе «жок» дегенді білдіретін белгілерді жандыру арқылы жауап беретін.

IQ хайуанаттар бағының тағы бір жұлдызы – адамдармен «тик-так-тоу» ойнайтын Құс-ми деген тауық еді. Құс ылғи жеңіп шығатын немесе тепе-тең ойнайтын. Тіпті ұлы психолог Б.Ф. Скиннерге қарсы ойнағанда да жеңілгені туралы дерек тіркелмеген. Бір кездері АҚШ-тағы көрмелер мен казиноларда Құс-ми сияқты жүздеген тауық адамға қарсылас болып ойнады, ешқайсысы жеңілген жоқ. 2012 жылы тауық жаттықтырушыларының бірі «адамдардың бәрі өзін тауықтан ақылдымын деп санайды. Ал тауық соққы бергенде, сенерін де, сенбесін де білмей қалады» деген (Gregory, 2012, p. 15).

Құс-миден басқа «бір тауық пианинода бес ноталы музыка ойнаған. Екінші бір тауық костюм мен аяқкиім киіп, степ (tap dance) билеген. Үшінші тауық ұясында ағаш жұмыртқа туған; жұмыртқалар көрменкеге домалап түседі екен. Көрермен сегізге дейінгі кез келген санды атаса, тауық кідіріссіз сонша жұмыртқа тауып беретін болған» (Breland & Breland, 1951, p. 202).

IQ хайуанаттар бағында арқанмен жүретін, бейсбол мен покер ойнайтын, шартылдақтан оқ ататын да тауықтар болатын. Қояндар алаңға сиреналарын бипілетіп, кішкентай өрт сөндіргіш машина мініп шығушы еді. Үйректер пианинода ойнап, даңғыра ұрды, тотықұстар велосипед теуіп, жанаттар баскетбол ойнады. Ешкілер билеп, дала тышқандары трапецияда айналды, қояндар сүйісті (Jouce & Baker 2008, 1955 жыл 28 ақпан).

Осы хайуанаттар бағын бұрынғы психология саласының аспиранттары Келлер және Мариан Бриланд 1955 жылы құрды. Олар ақша табу үшін университетті тас-

Әлеуметтік бихевиоризм:
когнитивті қарсылық
білдіру

Альберт Бандура (1925)

Әлеуметтік когнитивті
теория
Жанама нығайту
Өмірімздегі модельдер
Теледидар мен шынайы
өмірдегі зорлық-
зомбылық
Тұлғаның тиімділігі: өзше
сену
Тұлға тиімділігін зерттеу
нәтижелері
Ұжымдық тиімділік
Мінез-құлқы өзгерту
Түсініктеме

**Джулиан Роттер
(1916–2014)**

Когнитивті процестер
Бақылау локусы
Кездейсоқ жаңалық
Түсініктеме

Бихевиоризм тағдыры

**Матерналды бекіту
сұрақтары**

Ұсынылған әдебиеттер

тап. жануарлардың мінез-құлқын психологиялық әдістермен зерттеу арқылы күн көрді. Алғаш танысқан кезде Марианды жақындары, бойы аласа болғандықтан, «тышқан» деген лақап атпен атайтын. Бір күні зертханадағы егеуқұйрық тістеп алып, алғашқы медициналық көмек алуға жүгіріп шыққан Мариан Келлерге соқтығысып қалады (Неткен романтика десеңізші!).

Олар арада бір жыл өткенде үйленді. 1943 жылы мемлекеттік жәрменкелер мен туристік орындарда қолданылатын жануарларды жаттықтырумен айналысатын «Жануарлардың мінез-құлқы» деген кәсіп ашты. IQ хайуанаттар бағы ашылғанға дейін олардың жұмыстары туралы *Wall Street Journal*, *Tune*, *Life* және *Reader's Digest* журналдарында көптеген мақалалар жарияланып, олар жап-жақсы танымал болып қалған еді. Жетістіктерінің шыңына шыққанда ерлі-зайыпты Бриландтар ірі турист орталықтарында 140-қа жуық үйретілген жануар қатысқан шоу жасады. Бұдан екі есе көп гастрольге шықты. Сондай-ақ жүздеген жануарға фильмдерде, теледидар бағдарламаларында және жарнамаларда рөл ойнауды үйретті. Жалпы алғанда, 150-ден астам түрге жататын 6000-нан астам жануар дайындады (Maгg, 2002). Олардың тәжірибелерінде үйрете алмаған жануар болмаған тәрізді.

Олар мұның бәріне қажет негізгі бихевиоризм әдістерін XX ғасырдың жетекші бихевиорисі Б.Ф. Скиннерден үйренген еді. (IQ хайуанаттар бағы туралы толығырақ білу үшін www.uakron.edu/chp/abe/the-iq-zoo/ сайтынан немесе психология тарихын зерттеу орталығы негізін қалаған IQ хайуанаттар бағының ресми сайтынан www.3.uca.edu/iqzoo көре аласыздар.)

Бихевиоризмнің үш кезеңі

Джон Б. Уотсон психологияны бір түнде өзгерткен жоқ. Ол бұған біз ойлағаннан әлдеқайда ұзақ уақыт жұмсады. 1924 жылға қарай, бихевиоризмді ресми түрде енгізіп қойғаннан кейін, оның үлкен қарсыласы Титченердің өзі америкалық психологияның бихевиоризмге душар болғанын айтты. Ал 1930 жылға қарай Уотсон өз ой-пікірінің жеңіске жеткенін айтарлықтай сеніммен жариялай алды.

Уотсонның бихевиоризмі – бихевиоризм ой мектебі эволюциясының алғашқы кезеңі болды. Екінші кезең – необихевиоризм – 1930–1961 жылдар аралығына дейін созылды. Бұл кезеңде Толмен, Халл және Скиннер жұмыс істеді. Осы необихевиористер мынадай ойлар айтты:

- Психологияның ядросы – танымды зерттеу.
- Мінез-құлқының көп түрін, қандай күрделі болса да, шартты рефлекс заңдарымен (*laws of conditioning*) түсіндіруге болады.
- Психология операционизм принципін қабылдауы керек.

Бихевиоризмнің үшінші эволюциялық кезеңі – необихевиоризм немесе социобихевиоризм. Ол шамамен 1960 жылдан 1990 жылға дейін созылды. Бұл кезеңде Бандура мен Роттердің еңбектері пайда болды; когнитивті процестерді зерделеуге қайта оралу мен ашық бихевиоризмге назар салуды құптаумен ерекшеленді. Бихевиоризмнің екінші және үшінші кезеңі осы тарауда қамтылады. Бірақ алдымен операционизм ғылымына тоқталайық.

Операционизм

Необихевиоризмнің басты белгісі – операционизм. Операционизмнің мақсаты – ғылымның тілі мен терминологиясын объективті әрі дәл анықтау; ғылымды іс жүзінде байқалмайтын, физикалық түрде көрінбейтін «псевдопроблемалардан» арылту. Операционизм кез келген ғылыми жаңалықтың немесе теориялық құрылымның құндылығы сол жаңалыққа немесе тұжырымға келу барысында қолданылған операциялардың құндылығына байланысты деген принципті ұстанады.

Операционизм: физика ғылымының ұғымын оған қатысты жасалған операциялар мен амал-шараларға байланысты дәл терминдермен сипаттауға болады дейтін доктрина.

Операциялық көзқарасты Гарвард университетіндегі Нобель сыйлығының лауреаты, физик У. Перси Бриджмен (1882–1961) айтты. Оның «Қазіргі физиканың логикасы» (*The Logic of Modern Physic*) атты кітабы (1927) көптеген психологтердің назарын өзіне аударды. Бриджмен физикалық ұғымдарды нақты анықтауды, физикаға қатысы жоқ ұғымдарды алып тастауды талап еткен.

«Біз объектінің ұзындығы дегенді қалай түсінеміз? Қандай да бір заттың ұзындығын деп басып айта аламыз, демек, объектінің ұзындығы деген сөзді түсінеміз, ал физикаға одан басқа ештеңе керек емес. Кез келген заттың ұзындығын табу үшін белгілі бір физикалық операцияларды орындау керек. Осылайша, егер ұзындық өлшеген кездегі операциялар бекітілген болса, ұзындық туралы концепті де бекітілген.

Ұзындық концептісі операциялар жиынтығынан артық немесе кем болмайды. Концепт – операциялардың тиісті жиынтығының синонимі» (Bridgman, 1927, p. 5).

Осылайша, физикалық концепт өзін анықтаған операциялармен немесе шаралармен бірдей. Көптеген психологтер бұл принципті өз жұмысында пайдалы болады деп ойлайды және соны қолданғысы келеді.

Бриджменнің псевдопроблемаларды, яғни объективті эксперименттермен тексеруге келмейтін проблемаларды жою туралы талаптары бихевиористерге ерекше ұнады. Жан бар ма, жоқ па, жанның табиғаты тәрізді эксперимент арқылы тексеру мүмкін болмайтын ұғымдар мен гипотезалардың ғылым үшін еш мән-маңызы жоқ. Жанды зертханада байқау мүмкін бе? Жанды өлшеуге және басқаруға бола ма? Жанның мінез-құлқына әсерін зертханада анықтауға бола ма? Егер бұл сұрақтардың жауабы болымсыз болса, демек, ол концептінің ғылымда еш пайдасы, маңызы, өзектілігі жоқ. Бұл «жан жоқ» дегенді білдірмейді, бірақ оны операциялау мүмкін еместігін білдіреді.

Осы ойға сүйеніп, индивид санасы туралы концепт немесе жеке саналы тәжірибе де психология ғылымы үшін псевдопроблема болып шықты. Сананың бар-жоқтығын немесе сананың сипатын объективті әдістер анықтай да, зерттей де алмайды. Демек, операционизм бойынша психологиялық ғылымда санаға орын жоқ.

Сыншылар операционизм туралы «психологтер терминдер мен концептілерге анықтама беру үшін бұрындары қолданған, физика ғылымының ресми бекітілімі емес» деген пікір айтты. Бриджменнің кітабындағы британдық эмпириктердің еңбектерінде операционизм туралы материал аз. Америка психологиясында әдіснама және субъектіде объективтілікке талпыныс ұзақ мерзімді процесс болғанын көрдік. Сондықтан Бриджменнің кітабы 1927 жылы шықпай тұрып-ақ, көптеген психологтер операционизм идеясын зерттеу жүргізу мен теория жасау түрі ретінде қабылдады және іске асырды.

Алайда Германиядағы Вильгельм Вундт заманынан бастап физика жаңа психология үшін нағыз ғылыми салықалылықтың критерийі, үлгі тұтатын моделі болды. Физиктер операционизмді өздерінің ресми доктринасы санайтынын жариялағанда, көптеген психологтер олардың артынан ерді. Тіпті психологтер физиктерге қарағанда операционизмді кеңірек қолданды. Нәтижесінде 1921–1930 жылдар аралығында кәмілетке толған необихевиористер, соның ішінде Б.Ф. Скиннер, психологияға операционизмді енгізді (Moore, 2005).

Бриджмен ұзақ жасады, ол психологияның операционизмді ұнатуына ғана емес, одан теріс айналуына да куә болды. Жетпіс тоғыз жасында айықпас дертке ұшырағанын біліп, жеті томдық шығармалар жинағына жасаған индексті бітірді де, оны баспагерге жіберіп, өзіне қол жұмсады. Ол «бұдан кешіксем, өзіме-өзім қол жұмсауға да шамам келмей қалар» деп қорықты. Суицид алдында: «Мүмкін, бұл күн мен өзім жазып отырған соңғы күн болар», – деп жазыпты (Nuland, 1994, p. 152).



ЭДВАРД ЧЕЙЗ ТОЛМЕН

<https://en.wikipedia.org>

Эдвард Чейз Толмен (1886–1959)

Алғашқы бихевиористердің бірі – Эдвард Толмен Массачусетс технологиялық институтында инженер-техник мамандығына оқыған. 1915 жылы Гарвард университетінің психология мамандығына ауысып, докторлық дәрежесін қорғады. 1912 жылдың жазында Толмен Германияда гештальт-психолог Курт Коффкамен бірге оқыды. Аспирантураның соңғы курсында Титченердің структуралық психологиясынан дәріс алып, Уотсонның бихевиоризмімен танысты. Аспирант кезінде Толмен интроспекцияның ғылыми құндылығына күмән келтірген. 1952 жылы жазған өмірбаянында Уотсонның бихевиоризмі өзіне «зор стимул және тірек» болғанын айтқан.

Толмен Эйвонстон қаласындағы Солтүстік-батыс университетінде (Иллинойс) оқытушы болып жұмыс істеді. Кейінірек, 1918 жылы, Калифорниядағы Беркли университетіне ауысты. Берклиде салыстырмалы психологиядан дәріс оқып жүріп, үйрену тақырыбы бойынша егеуқұйрықтарға зерттеулер жүргізді. Сол кезде Уотсонның бихевиоризміне көңілі толмай, өз әдістемесін жасай бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Толмен стратегиялық іс-әрекеттер басқармасында (Орталық барлау агенттігінің алғашқы атауы) қызмет етті. Ол 1950 жылдардың басында жаңа Калифорния штатына берілгендік антын енгізуге қарсы болған оппозицияға демеу көрсеткен (Carroll, 2012).

Мақсатты бихевиоризм

Толменнің негізгі көзқарастары «Жан-жануарлар мен адамдардың бойындағы мақсатты мінез-құлық» (*Purposive Behavior in Animal and Men*) (1932) атты кітабында келтірілген. Оның мақсатты бихевиоризм жүйесі, бір қарағанда, мақсат және бихевиоризм деген бір-біріне қарама-қайшы ұғымдардың қосындысы сияқты болып көрінеді. Организмге белгілі бір мақсат таңу сана ұғымын, яғни бихевиоризм психологиясында орны жоқ менталистік концептіні өзіне жақындатуды білдіреді. Толмен субъект пен әдіснамада алған бетінен қайтпайтын бихевиорист болып қала беретінін айтты. Ол психологтерден сана концептісін қабылдауды талап етпеді. Уотсон тәрізді, ол да интроспекцияны жоққа шығарды, организмдердің объективті байқауға келмейтін ішкі көңіл тебіреністеріне қызығушылық танытпады.

Толмен мінез-құлықтың мақсаттылығын интроспекцияға сілтеме жасамай-ақ немесе организм тебіреніс кезінде не сезетініне болжам жасамай-ақ, объективті бихевиоризм терминдері бойынша анықтауға болатынын айтты. Толмен үшін барлық іс-әрекет белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталаыны анық болды. Мәселен, зертханадағы мысық эксперименттік пазл-қораптан шығуға, егеуқұйрық лабиринтті менгеруге тырысады. Ал бала фортепьянада ойнауды немесе футбол ойнауды үйренгісі келеді.

Басқаша айтқанда, бихевиоризм мақсатқа жетуге, бір нәрселерді игеруге бағдарланады. Егеуқұйрық сыртқа шығу үшін лабиринтте қайта-қайта әрі-бері жүреді, жүрген сайын қателіктері азая береді. Егеуқұйрық үйренуде. Үйрену әрекеті – жануарда да, адамда да объективті бихевиоризм бар екенінің дәлелі. Толмен организмнің объективті реакциясымен ғана айналысқанын ескерейік. Оның өлшеулерінің бәрі, мінез-құлықтағы өзгеріс терминдері үйрену функциясы ретінде бағаланды. Бұл – объективті дерек беретін бірден-бір шара.

Уотсоншыл бихевиористер мақсатты мінез-құлыққа таңуды сынға алды. Олар кез келген мақсаттылыққа сілтеме – саналы процестерді таңуды білдіретінін айтты. Саналы адам ба, жануар ма – Толмен үшін бәрібір және сана тәжірибесі мақсатты мінез-құлықпен байланысты болса, организмнің бихевиоризм туралы шартты жауап беруге әсерін тигізери анық. Толмен тек ашық жауаптарға ғана қызығушылық танытқан.

Мақсатты бихевиоризм:

Толмен жүйесі, мақсат қоюды немесе белгілі бір мақсатқа ұмтылуды есепке алып, мінез-құлықты объективті зерттейді.

Аралық айнымалы шама

Толмен бихевиорист ретінде, бастапқы себепті мінез-құлық пен соңғы нәтижелі мінез-құлық объективті байқауға және операция терминдерімен сипаттауға келетін болу керек деп санады. Ол бес тәуелсіз аралық айнымалыны бихевиоризм себептері ретінде көрсетті. Олар: қоршаған ортаның стимулдары, физиологиялық түртікілер, тұқымқуалаушылық, бұрынғы оқуы немесе жас ерекшелігі. Толмен математикалық тендеуде мінез-құлықтың бес айнымалы функциясын көрсеткен.

Толмен бақыланатын тәуелсіз айнымалылар мен нәтижелі жауап бихевиоризмі (бақыланатын тәуелді айнымалылар) арасына мінез-құлықтың нақты детерминанты болып саналатын бақыланбайтын факторлардың жиынтығын аралас айнымалылар ретінде берді. Бұл факторлар – стимулдандыру жағдайы байқалған жауаппен байланыстыратын ішкі процестер.

Аралас айнымалылар:
мінез-құлықтың нақты детерминанты болып саналатын, бақыланбайтын нем болжамды факторлар.

Бихевиористердің S-R формуласы (стимул – реакция), Толменнің алаңдаушылығына қарай, енді S-O-R деп оқылуы керек. Аралық айнымалы O – организмнің ішінде (организмде) болып жатқан нәрсе. Бұл – стимулдандыру жағдайы мінез-құлыққа тікелей әсер ететін фактор. Бірақ аралас айнымалы мәндер объективті бақылана алмайтындықтан, психологияға ешқандай пайдасы болмады. Тек эксперименттік (тәуелсіз) аралас және бихевиоризм (тәуелді) айнымалымен тікелей байланысты болса ғана жағдай басқаша болады.

Аралас айнымалының классикалық мысалы – аштық; зертханада адамның немесе жануарлардың аштығын көре алмаймыз. Бірақ аштықты эксперименттік айнымалылармен дәл және объективті, мысалы организм соңғы рет тамақ ішкеннен бергі уақыт мөлшерімен байланыстыруға болады. Сондай-ақ оны объективті реакциямен немесе бихевиоризм айнымалысымен, мысалы жеген тамақ мөлшері немесе тамақ жеу жылдамдығымен, байланыстыруға болады. Осылайша, бақыланбайтын килігу факторы – аштық – дәл эмпирикалық баға ала алады. Демек, сандық өлшеу мен эксперименттік манипуляция жасауға болады.

Бақыланатын оқиғалар – тәуелсіз және тәуелді араластарды анықтау жолында Толмен бақыланбайтын, ішкі жағдайлардың операциялы сипатын жасауға мүмкіндік алды. Ол алғашында өз әдістемесін «оперантты бихевиоризм» деп атады, кейін «аралық айнымалылар» деген терминді таңдады.

Үйрену теориясы

Толменнің мақсатты бихевиоризмінің көп бөлігін үйрену теориясының мәселелері құрады. Толмен сыйақы беру немесе стимулдандыру үйренуді нығайтуға онша әсер етпейді деген себеппен Торникелдің эффект заңын (law of effect) қабылдамады. Оның орнына үйренудің когнитивті теориясын ұсынды. Ол бір тапсырманы қайта-қайта орындау қоршаған орта факторлары мен организм арасындағы өзара байланысты нығайтады деп болжады. Осылайша, организм қоршаған ортаны тану арқылы пайда болған осындай қарым-қатынастарды Толмен «гешталт белгі» деп атады.

Мысал ретінде лабиринттегі аш егеуқұйрықты қарастырайық. Егеуқұйрық лабиринтте жүгіріп, біресе дұрыс жолға, біресе бұрыс жолға түседі, біресе тығырыққа тіреледі. Нәтижесінде егеуқұйрық азықты табады. Келе-келе ол лабиринтте беталды жүре бермей, мақсатқа бағытталып жүреді. Лабиринттің әр жолаырығына үмітпен қарайды. Егеуқұйрық жолаырықтардағы белгілердің азықтың бар не жоғын білдіретінін түсінеді.

Егеуқұйрықтың үміті ақталып, азық табылса, гешталт белгі (белгілі бір тандау нүктесіне байланысты күту ұзақтығы) нығайтылады. Осылайша, жануар гешталт белгінің тұтас бір жүйесін қалыптастырады. Бұл схема жануардың қозғалыс әдеттерінің жиынтығын емес, жануардың танып-үйренгенін, яғни лабиринттің когнитив картасын көрсетеді. Егеуқұйрық өзінің лабиринтін жақсы игерді немесе қоршаған ортасына толық бейімделді.

Оның миында дала картасына ұқсас бір нәрсе пайда болды, ол егеуқұйрықтың белгілі бір қозғалыстармен ғана шектелмей, бір жерден екінші жерге баруына мүмкіндік береді. Толменнің пікірінше, құбылыстың мұндай түрі өзі тұратын жерінен жақсы білетін адамдарда да кездеседі. Олар өздері қалыптастырған когнитивті карта көмегімен бір жерден екіншісіне бірнеше жолмен бара алады.

Түсініктеме

Толмен – қазіргі заманғы когнитивті психологияның жолбасшысы (15-тарауды қараңыз). Оның оқу проблемалары мен аралас айнымалы концепт туралы еңбектері ғылымға көп әсер етті. Өйткені аралас айнымалы мәндер байқауға келмейтін ішкі жағдайларды операциялық түрде айқындау әдісі болғандықтан, мұндай жағдайларды ғылыми-зерттеу үшін маңызды субъектілер жасады. Аралас айнымалыларды Халл мен Скиннер сияқты необихевиорист-мамандар пайдаланған.

Толменнің тағы бір маңызды үлесі – егеуқұйрықтарды психологиялық зерттеуге арналған тиісті субъект ретінде шын жүректен қолдауы. Толмен зерттеуінің басында егеуқұйрықтарға тәжірибе жасауға құлықты емес-ті. Ол бұл туралы: «Маған олар ұнамайды. Олардан жаным түршігеді», – деген (Tolman, 1919, quoted in Innis, 1992, p. 191).

1945 жылға қарай оның көзқарасы былай өзгерді:

«Еске сала кетсек, егеуқұйрықтар торда тұрады. Олар эксперимент жасалардың алдында араққа тойып алып, өлердей мас болмайды. Олар соғыстарда бір-бірін өлтірмеген. Олар әлемді талқандайтын механизм ойлап тапқан жоқ. Ойлап тапқан күннің өзінде, сол механизмдерді байқай алмай, сорлап қалмас еді. Олар нәсілдік немесе таптық қақтығыстарға да бармайды. Саясаттан, экономикадан және психология туралы әдебиеттен алышақ. Олар таза, сүйкімді және керемет мақұлықтар» (Tolman, 1945, p. 166).

Ақ егеуқұйрық Толменнің және басқалардың еңбектерінің нәтижесінде 1930–1960 жылдар аралығында необихевиорист-ғалымдар мен теоретиктердің алғашқы зерттеу тақырыбы болды. Ақ егеуқұйрықтарды зерттеу егеуқұйрықтар ғана емес, басқа да жануарлар мен адамдардың мінез-құлқындағы негізгі ішкі процестер туралы да түсінік береді деп шешті. Толмен «психологиядағы маңызды нәрсенің бәрін, негізінен, лабиринттегі таңдау нүктесіндегі егеуқұйрық детерминаторларын эксперименттік және теориялық талдаулар арқылы зерттеуге болады» деп жазды (Innis, 2000, p. 92). Ақ егеуқұйрықтар өріп жүргенде, адамның не қажеті бар?

Кларк Леонард Халл (1884–1952)

Кларк Халл және оның ізбасарлары 1940–1960 жылдары америка психологиясында басты рөл атқарған. Ешбір психолог ғылыми-зерттеу әдістерін енгізу мәселелеріне осынша мән беріп, осыншама адал еңбек сіңірмеген. Халл математика мен шартты логикада керемет дарынды болған және осы дарынын психологияда жемісті қолданған. Халлдың бихевиоризмі Уотсондікінен күрделірек болды. Халл өзінің магистранттарына «Уотсон тым аңғал және оның бихевиоризмі тым қарапайым және дөрекі» деген (Gengerelli, 1976, p. 686).

Халлдың өмірі

Халлдың денсаулығы өмір бойы нашар болды, көзі де нашар көрді. Бала кезінде іш сүзегінен өмірден өтіп кете жаздап, есте сақтау қабілетіне нұқсан келді. Жиырма төрт жасында полиомиелитпен ауырып, мүгедек болып қалды. Бір аяғынан ақсап, өзі ойлап тапқан көрсетгі киіп жүрді. Халлдың ата-анасы кедей еді, бала бірнеше рет оқуын тоқтатуға мәжбүр болған. Ақша табу үшін оқытушылықпен айналысты. Оның ең үлкен игілігі – табысқа жетуге деген мотивация еді. Ол жолында кездескен көптеген кедергілерді табандылықпен жеңе білді.



КЛАРК ЛЕОНАРД ХАЛЛ

<https://en.wikipedia.org>

1918 жылы 34 жасында Висконсин университетінен PhD дәрежесін алды. Психологияға ауысқанға дейін сонда тау-кен ісін зерттеді. Он жыл бойы Висконсин университетінде дәріс беріп, ғылыми-объективті әдістер мен функциялық заңдарды енгізуге жол ашты. Халл концептінің қалыптасуын, темекінің мінез-құлыққа әсерін, тестілер мен өлшеулерді зерттеді. Қабілетті тестілеу бойынша оқулық жариялады (Hull, 1928).

Вашингтондағы Смитсон институты музейлерінде қойылған корреляцияны есептеу үшін статистикалық талдау әдістерін әзірлейтін машина ойлап тапты. Гипнозды және болжамдылықты зерттеуге он жыл уақытын бөлді. Отыз екі мақала жариялап, зерттеуді қорытындылайтын кітап жазды (Hull, 1933).

Халл 1929 жылы Павлов заңдарына негізделген бихевиоризм теориясын қалыптастыруға қызығушылық танытты. Йель университетінде ғылыми-профессор ретінде қызмет атқарды. Ол бірнеше жыл бұрын Павловтың еңбектерін көп оқыды, оны шартты рефлексдер мен үйрену тақырыбы қызықтырды.

Павловтың «Шартты рефлексдеріне» (*Conditioned Reflexes*) «ұлы кітап» ретінде сілтеме жасап, жануарларды зерттеу субъектісі ретінде пайдалануға шешім қабылдады. Ол бұрынырақ зертханадағы иістен жиіркенгендіктен, егеуқұйрықтарды зерттемейтін. Енді Йелде Е.Р. Хилгард бағып отырған тап-таза егеуқұйрықтарды иіскеп көрді де, «егеуқұйрықтарды қолдануға болады екен» деп шешті (Hilgard, 1987, p. 201).

Халл 1930 жылдары *шартты рефлексдер* туралы мақаласын жариялап, жоғары деңгейлі күрделі мінез-құлықтарды *шартты рефлексдер қалыптасуының* негізгі қағидаларының терминдерімен түсіндіруге болатынын атап өтті. Халл «Мінез-құлық негіздері» (*Principles of Behavior*) (1943) атты еңбегінде мінез-құлықтың барлық қырларын қамтыған кешенді де дәл теориялық негіз белгілеген. Көп ұзамай ол әлемдегі ең жиі сілтеме жасалатын, танымал психологтердің бірі болды.

1940 жылдары Американың жетекші психологиялық журналдарында жарияланған эксперименттік мақалалардың қырық пайызы, оқу мен ынталандыру туралы мақалалардың жетпіс пайызы Халлдың еңбектеріне сілтеме жасады (Spence, 1952). Халл теориясының ертеректегі нұсқаларына негізделген көзқарастарын қайта қарап, үнемі тексеріп, дамытып отырды.

Жүйесінің ең соңғы нұсқасын 1952 жылы жарық көрген «Мінез-құлық жүйесі» (*A Behavior System*) аталатын кітаптан көруге болады.

Механицизм рухы

Халл бихевиоризм пен адам табиғатын механистік терминдермен сипаттап, адамның жүріс-тұрысын автоматты, физика тілімен беруге болады деп санады. Халлдың айтуынша, бихевиористер субъектілерін машиналар деп санауы керек. Ол бір күні машиналар ойлауға қабілетті болып жасалып, адамның басқа когнитивті функцияларын көрсетеді деп сенді және осы көзқарасын компьютерлер пайда болғаннан көп бұрын айтты.

1926 жылы Халл: «Адам организмі – ең керемет машиналардың бірі, бірақ бар болғаны машина ғана. Маған «ойлау процестерінің арқасында организмнің барлық маңызды функцияларын орындай алатын машина жасауға болады» деген таңғаларлық ой келеді», – деп жазды (Amsel & Rashotte, 1984, p. 2–3).

Еуропалық сағаттар, механикалық мүсіндер және саңғитын үйректерде көрініс тапқан XVII ғасырдың механицизм рухы Халлдың еңбектерінен де көрінді.

Объективті әдіснама және сандық бағалау

Халлдың механистік, редукционистік және объективті бихевиоризмі оның зерттеу әдісінің қандай болуы керектігі туралы ашық көзқарасын білдіреді. Біріншіден, ол объективті болуы керек. Екіншіден, сандық болуы керек, бихевиоризм заңдары математиканың дәл тілімен сипатталуы керек.

Гипотезалық-дедуктивтік

әдіс: экспериментпен сыналуды тиіс тұжырымдарды шығаруға болатын постулаттарды бағалау әдісі.

Халл ғылыми-зерттеулер үшін пайдалы төрт әдіс қарастырған. Олардың үшеуі: қарапайым байқау, жүйелі бақыланбайтын бақылау және гипотезаларды эксперименттік тексеру сол кезде кеңінен қолданыста болды.

Халл ұсынған төртінші әдіс **гипотезалық-дедуктивтік әдіс** – экспериментпен тексерілетін тұжырымдарды дедуктивтік жолмен шығаруға болады деген постулаттар орнатуға арналған әдіс.

Бұл тұжырымдарды қайта қарау эксперименттік сынаққа жіберілген және эксперименттік дәлелдемелермен қамтамасыз етілмеген жағдайда ғана қажет болды. Егер оларға қолдау көрсетіліп, тексерілсе, онда ғылымға енуі мүмкін. Халл: «Психология, өзге жаратылыстану ғылымдары сияқты, шын мәнінде объективті болса, бихевиористік бағдарламаның негізгі қағидасы болған жалғыз дұрыс әдіс – *гипотезалық-дедуктивтік әдіс*». – деді.

Жігер

Халлдың пікірі бойынша, бихевиоризм мотивациясының себебі – оңтайлы биологиялық жағдайлардан ауытқудан туындаған организмнің мұқтажы. Алайда биологиялық жігер концептісін өз жүйесіне тікелей енгізудің орнына. Халл психологияда бұған дейін де қолданылып жүрген терминді – жігердің аралық айнымалысын постулаттады. «Жігер – мінез-құлықты ынталандыратын стимул» деп анықтама берді. Халлдың пікірінше, жігерді редуциялау немесе қанағаттандыру – күшеюдің жалғыз жолы. Жігердің әсер ету күшін эмпирикалық тұрғыдан депривацияның (жоқшылықтың) ұзақтығымен немесе қарқындылық күшімен және нәтижеге әкелетін мінез-құлықтың энергиялық шығынымен анықтауға болады. Халл депривацияның ұзақтығын жетілмеген өлшем деп санап, организм реакциясының күшіне көбірек көңіл бөлді.

Халл жігердің екі түрін постулаттады. Бірінші жігер организмнің тіршілік етуі үшін керек табиғи биологиялық қажеттіліктермен байланысты. Бірінші жігерге: тамаққа, суға, ауаға, секске, температураны реттеуге, дефекацияға, зәр шығаруға, ұйқыға және ауруды жеңілдетуге деген қажеттіліктер жатады. Алайда Халл организмдер бірінші қажеттіліктерден өзге де күштермен мотивациялануы мүмкін екенін мойындады.

Осылайша, ол «танымның нәтижесінде пайда болатын және қоршаған ортаның стимулдарына қатысты екінші жігер бар» деген болжам айтты. Ол бірінші қажеттілікті жоюмен байланысты, бірақ нәтижесінде өзі де өте керек қажеттілікке айналуы мүмкін. Бұл бұрын бейтарап стимулдар қажеттілік сипаттамаларына ие болуы мүмкін дегенді білдіреді, өйткені олар негізгі жауапты немесе бірінші жігердің күйі туындаған жауаптарға ұқсас жауаптарды шығара алды.

Қарапайым мысал: ыстық пешке жақындау және күйіп қалу. Күйіктен зақымданған тері ауырсынып, адам тезірек аурудан арылғысы келеді, яғни бірінші жігер туындайды. Бірінші жігермен байланысты қоршаған ортаның өзге стимулы – мысалы пеш, келешекте бір көргеннен-ақ сол адамның қолын тартып алуы – пайда болады. Осылайша, пешті көру үрейден арылу стимулына ықпал етеді. Яғни мінез-құлқымызды стимулдандыратын үйреншікті орта қажеттігі дамиды.

Үйрену

Халлдың үйрену теориясы күшейту принципіне негізделген, ал ол Торндайктың эффект (әсер ету) заңының маңызды бөлігі. Халлдың бастапқы күшейту заңы стимул мен реакцияның арасындағы қатынастан қажеттілік азайса, келесіде дәл сондай стимул пайда болғанда – дәл сондай реакция тудыратынын көрсетеді. Сыйақы немесе күшейту Торндайктың қанағаттану ұғымы тұрғысынан емес, бастапқы қажеттілікті азайту тұрғысынан анықталады. Осылайша, Халлдың үйрену теориясы үшін бастапқы күшейту (бірінші жігердің азаюы) өте маңызды.

Халлдың жүйесі екінші немесе үйренген жігерлерден тұратындықтан, екінші күшейтуді де зерттеумен айналысты. Егер екінші жігердің пайда болуына байла-

Бастапқы күшейту заңы:

егер стимул – реакция арасындағы байланыс организмнің қажеттілігінің азаюымен бірге жүрсе, дәл сондай стимул болғанда, реакцияның дәл сондай болу ықтималдығы артады.

нысты стимулдың қарқындылығы азайса, онда ол жігер екінші күшейту ретінде әрекет етеді.

«Демек, күшейту жағдайымен жүйелі түрде ассоциацияланатын кез келген стимул сол ассоциацияның көмегімен шартты тежелу қабілетіне ие бола алады. Ол осылай стимулдың қарқындылығын төмендетіп, нәтижесінде өз бетімен жана күш алады. Бұл жанама бейтарап күштер үйрену арқылы жасалатындықтан, оны екінші нығайту деп атайды» (Hull, 1951, pp. 27–28.)

Стимул-реакция байланыстары бірнеше күшейтулер жасалудың нәтижесінде одан сайын күшейтіледі. Халл S-R байланысын **үйреншікті күш беріктігі** деп атады. Бұл функция кондицияның сақталуына қатысты. Күшейту болмаған кезде үйрену болмайды, бұл жағдайдағы күшейту жігерді әлсірету үшін керек. Халл күшейтуге негізделген бұл көңіл күйді жігерді азайту теориясы деп атады. Ол Толменнің когнитивті теориясына қарама-қайшы.

Үйреншікті күш: стимул-реакция қосылысының күші, бірнеше күшейтулердің функциясы.

Түсініктеме

Уотсонға және басқа да бихевиористерге жасалған шабуылдар необихевиоризмнің жетекші экспоненті ретінде Халлға да жасалды.

Психологиядағы бихевиористік тәсілдемеге қарсы психологтер Халлды бірден қарсыластар қатарына жатқызды. Халлдың жүйесі жалпылауы аз болғаны үшін сынға ұшырады. Халл айнымалыларды сандық түрде дәл анықтау кезінде амалсыздан тар шеңберде жұмыс істеді. Постулаттарын бір ғана тәжірибе нәтижелерімен тұжырымдаған кезі көп болды. Қарсыластары эксперименттік демонстрациялар кезінде алынған деректерді мінез-құлықтың барлық түріне жатқызу керек дегенге күмән келтірді. Мысалы, «адамның қабағында шартты рефлекстің пайда болуының ең қолайлы интервалы (Постулат 2)» деген өлшем немесе егеуқұйрықта шартты рефлекстің пайда болуына қажетті азықтың грамдық салмағы» (Постулат 7) (Hilgard, 1956, p. 181).

Дәл сандық бағалау қажет және мақтауға тұрарлық әдіс болса да, Халлдың тәсілдемесіндегі тым шектен шығушылық зерттеу нәтижелерінің қолдану аясын тарылтты.

Халлдың психологияға әсері елеулі болды. Оның шығармашылығынан шабыттанған зерттеулер саны психология тарихындағы Халлдың жетістіктерін дәлелдей түспек. Халл психология ғылымындағы объективті бихевиористік тәсілдемені қорғады, күшейтті және кеңейтті. Бір тарихшы былай деп жазған: «Ғылымның қай саласын алмайық, нағыз теоретик-данышпан – сирек құбылыс. Халлды психология ғылымындағы сондай адам ретінде бірінші орынға қоямыз» (Lowry, 1982, p. 211).

Беррес Фредерик Скиннер (1904–1990)

Б.Ф. Скиннер ондаған жылдар бойы әлемдегі ең танымал, беделді психолог болды. 1990 жылы ол қайтыс болғанда «Америкалық психология» (*American Psychologist*) журналының редакторы «психологияда өшпес із қалдырған алыптардың бірі» деп мақтады (Forwer, 1990, p. 1203). Ал *Journal of the History of the Behavioral Sciences* журналында «бихевиоризмдегі жетекші тұлға» деп сипатталған (Keller, 1991, p. 3).

Скиннер 1950 жылдан бастап АҚШ бихевиоризмінің басты тұлғасы болды. Ол бұл салаға өз ісіне берілген жігерлі ізбасарларды тартты. Қоғамды бихевиористік байқау бағдарламасын әзірледі. Бүгінгі күні қолданылып жүрген бихевиоризм әдістерін жетілдірді. Сәбилер үшін автоматтандырылған манеж ойлап тапты. Оның «Уолден Екі» (*Walden Two*) атты романы жарық көргеннен кейін алпыс жылдан астам уақыт бойы оқырман сұранысына ие болып келеді.

Скиннердің 1971 жылы жарық көрген «Еркіндік пен ар-ұжданды аттап» (*Beyond Freedom and Honor*) атты кітабы өте жақсы сатылды. Оның пікірі теледи-



БЕРРЕС ФРЕДЕРИК СКИННЕР

<https://en.wikipedia.org>

дарлық ток-шоуларды дамытуға мүмкіндік берді, радио және теледидар бойынша кемінде 40 бағдарламаға қатысты. *Time* журналының мұқабасына шықты.

Оның атақ-даңқы жер жарды. Скиннердің атына психологтер ғана емес, бұқара халық та қанық еді. 1972 жылы *Psychology Today* журналы «Америка тарихында алғаш рет психология профессоры теледидар жұлдызы атағын алды» деп жазды (Rutherford, 2000, p. 372). Бұл асыра мақтау емес еді.

Скиннердің өмірі

Скиннер Пенсильваниядағы Саскуэханна қаласында дүниеге келген. Ол балалық шағы ата-анасының сүйіспеншілігіне бөленіп, жайма-шуақ жағдайда өткенін айтады. Ол ата-анасы бітірген кішкентай орта мектепте оқыды. Скиннердің сыныбында небәрі жеті оқушы бар еді. Ол бала кезінде өз қолымен сал арба, ұшақтың моделін жасап алатын. Шатырды картоп пен сәбізбен атқылайтын бу зеңбірек ойлап тапты. Мәңгілік двигатель ойлап табуға бірнеше жылын арнады. Скиннер тасбақа, жылан, кесіртке, құрбақа және боршатышқандар туралы оқығанды ұнатты, үйінде сүйікті жануарларын асырады. Бірде аудандық жәрменкеде үйретілген көгершіндерді көріп, өзі де көгершін асырады, оларға түрлі қылықтар үйретуді қолға алды.

Скиннердің психологиялық жүйесінде өзінің балалық шағы мен жастық шағында басынан өткендері көрініс тапқан. Оның көзқарасы бойынша, адам өмірі – оның өткен өмірінің жемісі. Скиннер өз өмірінің, өз теориясындағыдай, алдын ала шешіліп қойылғанын, дұрыс, тәртіппен бекітілгенін, тағдырының өзін қоршаған ортаға тікелей байланысты екенін айтқан.

Колледжде және магистратурада оқу кезеңі

Скиннер Нью-Йорктегі Гамильтон колледжіне оқуға түсті. Алайда колледж оған ұнаған жоқ.

«Мен студенттік өмірге еш бейімделмеген едім. Бұл бауырластыққа не екенін білмей қосылдым. Мен спортта нашар болдым. Мұз хоккейінде аяғымды жарақаттап алдым. Баскетболшының баскетбол добы басымды соққанынан азап шектім... Сонымен бірге колледждің қажетсіз талаптарына (соның бірі – күнде шіркеуге бару) көңілім толмай, көптеген студенттердің ғылымға қызығушылық танытпауын ұнатпадым» (Skinner, 1967, p. 392).

Скиннер колледждің жұмысын тоқтату мақсатында факультет пен әкімшілікті әзіл-қалжың арқылы ашық сынға алды. Ол колледждің ағылшын тілі факультетін тәмамдап, *Phi Beta Kappa* қоғамына кіруге мүмкіндік алды. Жазушы болуды қалады. Ақын Роберт Фрост жазғы әдеби семинарлардың бірінде Скиннердің өлеңдері мен әңгімелеріне оң баға берген. Колледжді бітіргеннен кейін екі жыл бойы оқшауланып, әдеби шығармалар жазумен айналысты. Бірақ әдебиеттегі жетістігі айтарлықтай болмағандықтан, азап шегіп, психиатрдың кеңесін алу туралы ойлады. Өзін жолы болмайтын адамға санап, өзін-өзі бағалауы төмендеді. Сондай-ақ өзі ғашық болған бес-алты қыздың оны елемей, теріс айналуы махаббаттан да көңілін қалдырды. Бірде қатты ренжігені сонша – бұрынғы құрбысының атын қолына күйдіріп жазды.

Уотсон мен Павловтың шартты рефлексстердің пайда болуы туралы эксперименттерін оқып, адам табиғатының әдеби аспектілерімен айналысуды қойып, ғылым жағына кілт бұрылды. Скиннер ешқашан колледжде психология курсы оқымай-ақ, 1928 жылы Гарвард университетінің психология магистратурасына түсті. Сонда үш жыл оқып, PhD дәрежесін алды. Кейін докторантуралық тағылымдамадан өтіп, Миннесота (1936–1945) және Индиана университеттерінде (1945–1947) дәріс оқыды. Содан кейін Гарвардқа қайта оралды.

Ол диссертациясының тақырыбын еңбек жолының басынан аяғына дейін ұстанды. «Рефлекс-стимул мен реакцияның арасындағы корреляция, басқа ештеңе

емес» деп санады. Скиннер мінез-құлықты сипаттаудағы рефлекс тұжырымдамасының пайдасын айтып, Декартқа лайықты баға берді.

Скиннер 1938 жылғы «Организмдердің мінез-құлқы» (*The Behavior of Organism*) атты кітабында осы жүйенің негізгі ұғымдарын сипаттады. Төрт жылда кітаптың 80-ақ данасы, сегіз жылда 500 данасы сатылған. Негізінен жағымсыз сын-пікірлер айтылды. Бірақ арада елу жыл өткен соң, қазіргі заманғы психологияға бетбұрыс жасаған аз ғана кітаптардың біріне айналды» (Thompson, 1988, p. 397).

Бастапқыда кітабы сәтсіздікке ұшырағанына карамастан, оның білім беру және клиникалық психология сияқты қолданбалы салаларда пайдасы болды. Скиннер идеяларының осындай кеңінен қолданылуы оның шынайы әлем проблемаларын шешу жолындағы үлкен талпынысына байланысты. Кейін «Ғылым мен адамның мінез-құлқы» (*Science and Human Behavior*) (1953) деп аталатын еңбегі бихевиористік психологияның негізгі оқулығына айналды.

Өмірінің соңғы жылдары

Скиннер сексен алты жасында қайтыс болғанға дейін жемісті жұмыс істеді. Үйінің жертелесіне Скиннер жәшігін жасап қойды. бұл жәшік – оңтайлы нығайтуды қамтамасыз ететін бақыланатын орта. Ол бірнеше кітап сөресі мен кішкентай теледидар сыятын сары пластик сауыт төсекте ұйықтады. Күнде түнгі сағат онда төсегіне ұйықтауға жататын. Үш сағат ұйықтап, бір сағат жұмыс істеп, тағы үш сағат ұйықтап, таңғы сағат бесте тұрып, тағы үш сағат жұмыс істеді. Содан кейін кеңсесіне барып, жұмысын жалғастырған. түстен кейін музыка тыңдап. өзін-өзі нығайтумен айналысты.

Ол жазудан ләззат алатын, жазу оған айтарлықтай күш беретін. Жетпіс сегіз жасында өз тәжірибелеріне сүйеніп, «Егде жаста интеллектіні қалай сақтауға болады?» (*Case of Intellectual Self-Management in the Old Age*) тақырыбына мақала жазды (Skinner, 1983). Мақаласында есте сақтау қабілетінен айрылып қалмау үшін миды күнделікті жаттықтырып, ара-арасында демалтып тұру керектігін айтты. Ол психологиялық әдебиеттерде Зигмунд Фрейдке қарағанда, өзіне көбірек сілтеме жасалатынын естіп, қуанды. Бірде Скиннерден досы: «Шығармашылығыңыздың негізгі мақсаты осы болды ма?» – деп сұрағанда, ол: «Мен оны жасай аламын деп ойладым». – деген (Bjork, 1993, p. 214).

1989 жылы Скиннерге лейкемия диагнозы қойылды. Өмір сүруге екі ай ғана уақыты қалған еді. Ол радиоға берген сұхбатында өз сезімін былай сипаттады:

«Мен діншіл емеспін, сондықтан да өзім өлгеннен кейін не болатынына алаңдамаймын. Маған бірнеше айдан кейін өмірден өтетінім туралы айтқанда, менде ешқандай сезім туындаған жоқ. Дүрбелең де, қорқыныш та, үрей де болмады. Осыны әйелім мен қыздарыма айтатынымды ойлағанда ғана көзіме жас келді, толқыдым. Әрине, өлген кезде жақындарыңның жанына жара түсіресің. Оған қарсы тұрар еш шара жоқ. Мен жақсы өмір сүрдім. Өміріме шағымдануға еш себеп жоқ. Енді өмірімнің соңғы бірнеше айын да рахаттанып, қуанып өткізбекпін» (Catania, 1992, p. 1527).

Қайтыс болуына сегіз күн қалғанда, әбден әлсіреген Скиннер АПҚ-ның 1990 жылғы Бостондағы мәжілісіне арнап мақала жариялады. Ол өзі ойлап тапқан бихевиоризмнің формасын сынаған когнитивті психологияға қарсы өткір пікірлерін айтты. Дүниеден өтетін түні жазған «Психология ақыл-ой ғылымы бола ала ма?» (*Can Psychology Be a Science of Mind?*) (1990) аталатын соңғы мақаласында өзінің психологиядағы көзқарасын бұрмалаған когнитивті қозғалысты тағы бір айыптады.

Скиннердің бихевиоризмі

Скиннердің ұстанымы Уотсон бихевиоризміне бірнеше жаңару енгізді. Бір тарихшы: «Уотсонның рухы бұзылмайды. Ол Б.Ф. Скиннердің еңбектері арқылы тазаланып, тыныстауда», – деп жазды (MacLeod, 1959, p. 34). Халл діні берік бихевиорист саналса да, оны мен Скиннердің көзқарасы арасында үлкен айырмашылық болды. Халл теорияның маңыздылығы туралы айтса, Скиннер зерттеу жүргізуге, оның нәтижесін түсіндіруге теориялық негізі жоқ эмпирикалық жүйені толық жақтады.

Скиннер өз сөзінде: «Мен ешқашан проблемаға гипотеза арқылы шабуылдаған емеспін. Ешқашан теория шығармадым немесе теорияларды эксперименттік тексеруге жіберген емеспін. Менде бихевиоризмнің алдын ала ойластырылған үлгісі, физиологиялығы да, менталдығы да болған жоқ және концепциялығы да болған емес деп ойлаймын», – деген (1956, p. 227). Скиннер, Уотсон мен Павловты айтпағанда, басқа психологтердің жұмысына назар аудармады. «Маған психологиядағы басқа біреудің ой-пікірін өз ойыма біріктіру өте қиын. Мен психологиядан ешкімді дерлік оқымадым», – деген (quoted in Overskeid, 2007, p. 591).

Скиннердің бихевиоризмі жауаптарды зерттеуге арналған. Ол мінез-құлықты түсіндіруге қарағанда, сипаттаумен көбірек айналысты. Оның зерттеулері тек бақыланатын мінез-құлықпен шектелді. Скиннер ғылыми-зерттеулердің міндеті – экспериментші бақылайтын стимулдың жағдайлары мен организмнің кейінгі реакциялары арасында функциялық қатынастар орнату деп санады.

Скиннер организмнің ішінде не болып жатқанына мүлдем алаңдамады. Оның бағдарламасы ішкі субъектілер туралы – мейлі, ол айнымалылардың килігуі болсын, жігер болсын, физиологиялық процестер болсын – еш болжам айтпады. Стимул мен жауаптың арасында не болса да, Скиннердің бихевиорисі зерттейтіндей объективті мағлұмат жоқ. Сондықтан Скиннердің таза бихевиоризм сипаттама-сының «бос организм» тәсілдемесі деп аталуы өте негізді.

Адам организмі ішкі күштердің емес, қоршаған ортадағы күштердің көмегімен, сыртқы күштер арқылы бақыланады және жұмыс істейді. Бұл жерде Скиннердің ішкі физиологиялық немесе тіпті ақыл-ой жағдайларының бар-жоқтығына күмән келтірмейтінін ескерейік. Ол мінез-құлықты ғылым жүзінде зерттеу үшін олардың пайдалы екенін жоққа шығарды. Өмірбаяншысы Скиннердің позициясы психикалық «оқиғаларды жоққа шығару емес, түсіндірме ретінде олардан бас тарту» деген (Richelle, 1993, p. 10).

Скиннердің өз замандастарынан айырмашылығы – көп субъектіні немесе субъектілік топтардың орташа жауаптарын статистикалық салыстыруды қажет етпеді. Ол бір субъектіні жан-жақты зерттеу әдісін қолданды.

«Адамның не істейтінін болжау көбінесе белгілі бір адаммен қарым-қатынас жасауында немесе қандай да бір құндылықта емес... Ғылым адамның жеке адамдармен қарым-қатынасында ғана пайдалы. Яғни топтық мінез-құлыққа қатысты бихевиоризм ғылымы нақты істі түсінудімізге көмектеспейді» (Skinner 1953, p. 19).

1958 жылы скиннерлік бихевиористер, негізінен, басты психологиялық журналдардың статистикалық талдау және субъектілік модельдің өлшемі жөніндегі жазылмаған талаптарына жауап ретінде *Journal of the Experimental Analysis of Behavior* журналын ашты.

Скиннердің «Ғылым мен адамның мінез-құлқы» (*Science and Human Behavior*) атты кітабынан алынған төмендегі үзіндіде Декарт және XVII ғасырдағы Еуропаның механикалық әдістеме өкілдерінің еңбектері оның психологияға деген көзқарасына қалай әсер еткенін сипаттады. Бұл үзіндіден үш жүз жыл бұрынғы тарихтың XX ғасыр психологіне келтірген пайдасының жақсы үлгісін көреміз. Сондай-ақ бұл үзінді машиналардың үздіксіз эволюциясын және олардың бұрынғыдан да бетер өміршең болып бара жатқандығын көрсетеді.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

«**Ғылым және адамның мінез-құлқы**» (*Science and Human Behavior*) атты кітаптан (1953) алынған үзінді

Беррес Ф. Скиннер

Мінез-құлық – тірі организмдердің негізгі сипаты. Мінез-құлықты өмірдің өзі десе де болады. Қозғалатын кез келген нәрсені, әсіресе оның қозғалысының бағыты болса немесе қоршаған ортаны өзгерту әрекеті болса, тірі жан деп атауға болады. Қозғалыс организмнің кез келген үлгісін шындықтың кейпіне енгізеді. Театр қуыршағы қимылдағанда тіріліп кеткендей болады, ал темекі тартып, қозғалатын пұттар бізді қайран қалдырады. Роботтар мен басқа да механикалық заттар бізді қозғалуымен ғана таңғалдырады. *Анимациялы* фильм деген сөздің этимологиясында бір мән бар.

Машиналар қозғалғандықтан ғана тірі сияқты көрінеді. Бүмен істейтін күректің ғажаптығы аңызға айналған. Жақсы таныс емес машиналар қорқыныш тудыруы мүмкін. Бүгінде оларды тірі жан деп қателесетін адамдарды ақымақ дейміз, бірақ бір кездері оларға адамдардың барлығы қайран қалатын. XIX ғасырдың ақыны Уильям Вордсворт пен Сэмюэл Тейлор Колридж бұл қозғалтқыштың қасынан өтіп бара жатады. Вордсворт «мұның өз өмірі мен еркі бар сияқты екен» дейді. Сонда Колридж «иә, бұл бір идеясы бар алып» деген екен.

Адамның мінез-құлқын имитациялайтын механикалық ойыншық рефлексиялық әрекет деп аталатын теорияға алып келді. XVII ғасырдың бірінші жартысында жеке және қоғамдық саябақтарға белгілі бір қозғалыстың фигуралары көптеп орнатылды. Олар гидравликалық түрде жұмыс істеді. Саябақта серуендеп келе жатқан жас әйел жасырын жатқан шағын платформаны басып кетугі мүмкін еді. Одан клапан ашылып, поршеньге су құяды, бұталар арасынан қорқынышты мүсін шыға келіп, әйелді қорқытатын. Рене Декарт бұл мүсіндердің қалай жұмыс істегенін, сондай-ақ олардың тірі жанға қаншалықты ұқсайтынын жақсы білді. Декарт осыны түсіндірген гидравликалық жүйе екіншісін де түсіндіругі мүмкін деп санады. Мидағы жүйке арқылы өтетін сұйықтықпен қозғалысқа түскен бұлшық ет ісінеді. Бұл дененің бетіндегі миға дейін созылған жүйкелер клапандарды ашатын қылдар болуы мүмкін.

Декарт адам организмді үнемі осылай жұмыс істейді деп айтқан жоқ. Ол жұмысының көп бөлігін жануарлар жағдайында түсіндірді. Бірақ «рационалды жанға» әрекет ету сферасын қалдырды, мұнысы діни қысымға байланысты болу керек. Жақында қосымша қадам жасалды, бірақ ол «машина-адам» деген ілім шығарды. Доктринаның танымалдығы оның шындыққа ұқсайтынына байланысты емес. Декарт теориясын ешкім сенімді түрде қолдаған жоқ, тек оның жанжалды метафизикалық және теориялық салдарлары ғана қызығушылық тудырды.

Сол уақыттан бері екі нәрсе болды: біріншіден, машиналар тірі жан тәріздес болып кетті, ал тірі организмдер машиналарға ұқсап кетті. Қазіргі заманғы машиналар күрделі ғана емес, олар әдейі адам сияқты жұмыс істейтін етіп жасалған. «Адам сияқты» құрылғылар күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Есіктер біздің келе жатқанымызды сезіп, өздері ашылады. Лифтілер бұйрығымызға бағынып, қажетті қабатқа тоқтайды. Механикалық-қол тасымалдау конвейерінен керексіз затты алып тастайды. Тағы бір құрылғылар түсінікті хат жазып береді. Механикалық немесе электрлік есептеуіштер өте күрделі немесе тым көп уақытты талап ететін математикалық теңдеулер мен амалдарды орындай алады. Қысқаша айтқанда, адам өзін алмастыратын машиналар жасай білді. Нәтижесінде тірі организм өзінің бірегейлігін жоғалтты. Ата-бабаларымызбен салыстырғанда, біз машиналарды онша қызықтамаймыз. Соған қарамастан, біз тірі организмнің қалай жұмыс істейтіні туралы көп жаңалық аштық және оның машина тәріздес қасиеттерін жақсырақ байқаймыз.



Оперантты шарттылық

Оперантты шарттылық: табылған стимулды емес, организмнен шыққан мінез-құлқы қатыстыратын үйрену жағдайы.

Студент-психологтердің бірнеше буыны Скиннердің оперантты шарттылық эксперименттері және олардың И.П. Павлов зерттеген респонденттерден несімен ерекшеленетіні туралы оқыды. Павловтың шарттылық жағдайында белгілі бір стимул нығайту шартындағы реакциямен жұпталған. Бихевиористік жауапты нақты бақыланатын стимул шақырады; Скиннер оны респонденттің мінезі деп атады.

Организмнің реакциясы тосын болу үшін оперантты мінез сырттай байқалмайтын антецедент стимулдан пайда болады. Бұл – жауап тудыратын стимул жоқ дегенді емес, реакция болған кезде ешқандай стимул сезілмейді дегенді білдіреді. Алайда зерттеушілер ешқандай стимул көре алмайды. Өйткені олар стимулды қолданбаған, сондықтан оны көре алмайды.

Респондент мінез бен оперант мінездің тағы бір айырмашылығы – оперант мінез организмді қоршаған ортаға әсер етеді. Респондент мінез әсер етпейді.

Павловтың зертханасындағы шынжырмен байлаулы итке зерттеуші стимулды (тамақты) көрсеткенде, ит оған жауап беруден (сілекейін шұбыртудан) өзге ештеңе істей алмайды. Ит стимулды (тамақты) өздігінен ала алмайды. Скиннер жәшігіндегі егеуқұйрықтың оперантты мінез-құлқы құралға негізделген, өйткені ол өз стимулына (тамағына) қол жеткізді. Скиннер 1933 жылы Кларк Халл алғаш рет пайдаланған *Скиннер жәшігі* деген атауды ұнатпады. Алайда *Скиннер жәшігі* әлемде кең таралды және жиі қолданылды.

Скиннер жәшігіндегі егеуқұйрық ниітіректі басқанда, оған тамақ берілді, ниітіректі баспайынша, ештеңе берілмеді. Осылай егеуқұйрық қоршаған ортаға әсер етті. Скиннер оперант мінез күнделікті, типтік үйрену жағдайын жақсы көрсетеді деп ойлаған. Мінез-құлық, негізінен, операнттық типке жататындықтан, мінез-құлық туралы ғылымда ең тиімді тәсілдеме – оперант мінезді шарттылау (conditioning) мен өшіруді (extinguishing) зерттеу.

Скиннердің классикалық эксперименттік демонстрациясы *Скиннер жәшігіндегі ниітіректі* басу арқылы жүзеге асады. Тамақтан қағылған егеуқұйрық жәшікке салынды, оған жан-жағын тіміскілеп шығуға мүмкіндік берілді. Ол тіміскілеу барысында кездейсоқ тамақ салынған сәттен шығаратын механизмді іске қосатын ниітіректі басып кетеді. Сөйтіп, тамақтың дәмін татқаннан кейін егеуқұйрықта тез арада шартты рефлекс пайда болды. Зейін аударайық, егеуқұйрықтың мінез-құлқы (ниітіректі басуы) қоршаған ортаға әсер етті, азыққа қол жеткізудің құралы болды. Бұл эксперименттегі тәуелді айнымалы қарапайым да түсінікті: ол – реакция жылдамдығы.

Осы негізгі эксперименттен бастап Скиннер **немдену туралы заң (law of acquisition)** шығарды. Ол былай дейді: «Егер мінез-құлықты нығайтатын стимул болса, оперантты мінез-құлықтың күші артады. Ниітіректі жылдам басып қалу үшін тәжірибе керек болса да, негізгі параметр – нығайту. Тәжірибенің жалғыз өзі ештеңе бере алмайды, ол тек қосымша нығайту шарасының іске асуына мүмкіндік береді».

Скиннердің немдену заңы Торндайк және Халлдың үйрену туралы ұстанымдарынан басқаша. Скиннер, *Торндайк* тәрізді, нығайтудың ауырсыну – жағымды сезім немесе қанағаттану – қанағаттанбау тәрізді салдарлары туралы ештеңе айтқан жоқ. Сондай-ақ Скиннер ешқашан жігерді азайту тұрғысындағы терминдермен нығайтуды түсіндіруге әрекет жасамады. Ал Кларк Халл түсіндірген болатын. Торндайк пен Халл жүйелері – түсіндірмелі, ал Скиннердің жүйесі – сипаттамалы.

Нығайту тәртібі

Скиннер жәшігіндегі ниітіректі басу жөніндегі алғашқы зерттеулер оперант мінез үшін нығайтудың рөлін көрсетті. Бұл жағдайда егеуқұйрықтың ниітіректі әр басқан әрекеті күшейтілді. Яғни дұрыс әрекет жасаған сайын егеуқұйрыққа тамақ берілді. Алайда шынайы әлемде нығайту әрдайым дәйекті немесе үздіксіз болып тұрмайды, соған қарамастан, нығайту кездейсоқ және сирек болса да, үйрену процесі жүреді. Скиннер былай деп жазды:

«Біз конькимен сырғанау немесе шаңғы тебу кезінде әрдайым жақсы мұз немесе қар таба алмаймыз ... Немесе әрдайым белгілі бір мейрамханада жақсы тамақ ала бермейміз, өйткені аспазы қандай екенін әрдайым біле бермейсің. Досымыз әрдайым үйінде болмайтындықтан, оған қоңырау шалғанда үнемі жауап алмаймыз. ... Индустрия мен білімнің даму сипаттамалары үнемі дерлік үздіксіз бола бермейді. Өйткені әрбір қажеттілікті күшпен алу арқылы мінез-құлықты бақылау мүмкін емес» (1953, р. 99).

Жеке тәжірибеніңді қарастырыңыз. Сабалқа үнемі жақсы дайындалып жүрсеңіз де, әр сынақтан А (өте жақсы) баға ала алмауыңыз мүмкін. Немесе жұмыста сапалы да жылдам жұмыс жасасаңыз да, күн сайын мақтау-мадақтауға ие бо-

Немдену заңы: егер мінез-құлықты нығайтатын стимул болса, оперантты мінез-құлықтың күші артады.

Нығайту тәртіптері: нығайтудың түрлі жылдамдықтары мен уақыттарын қамтитын жағдайлар.

луыңыз немесе жалақыңыздың көтерілуі екіталай. Осылайша Скиннер ауыспалы нығайтудың мінез-құлыққа қалай әсер етуі мүмкін екенін білгісі келді. Организмнің жауаптарын анықтауда бір нығайту тәртібі екіншісіне қарағанда жақсырақ болуы мүмкін бе?

Егеуқұйрықтарды азықтандыру. Бұл зерттеулерге деген қажеттілік таза ғылыми қызығушылықтан емес, шаруашылыққа байланысты қажеттіліктен туындаған еді. Бұл ғылымның кей оқулықтарда көрсетілетін идеал бейнесінен өзгеше екенін көрсетеді. Скиннер бірде, сенбі күні түстен кейін, зертханалық егеуқұйрықтардың азығы таусылуға жақын қалғанын байқады. Ол кезде (1930 жылдары) зертханаларды жануарлар азығымен жабдықтайтын арнайы компаниялар ашымен жоқ еді. Эксперимент жасаушы (немесе магистранттар) азықты қолмен шиыршықтап жасайтын. Бұл ұзақ уақытты қажет ететін процесс екені түсінікті.

Скиннерге «демалысымды жем шиыршықтап өткізгенше, егеуқұйрықтардың жауап реакциясына қарамастан, минутына бір рет нығайту берсем не болады?» деген ой келді. Мұндай тәсілдеме бойынша жем үнемделіп, азық қоры сенбі, жексенбіге жету керек. Сөйтіп, Скиннер, әртүрлі жылдамдық пен нығайту уақытын сынау үшін, мұндай эксперименттердің бірнеше сериясының жоспарын жасады (Ferster & Skinner, 1957; Skinner, 1969).

Сол зерттеулердің бірінде Скиннер әр реакция сайын нығайту алған жануарлардың реакция жиілігін белгілі бір уақыт интервалы өткеннен кейін ғана нығайту алған жануарлардың реакция жиілігімен салыстырды. Екінші шарт интервалы өзгермейтін нығайту кестесі деп аталды. Мысалы, минутына бір рет немесе төрт минут сайын бір рет нығайту берілуі мүмкін. Ең бастысы, жануар белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана нығайтылып отырған.

Жалақысы аптасына бір рет немесе айына бір рет төленетін жұмыс интервалы өзгермейтін кестеде нығайтылады. Қызметкерлерге жалақы өндірілген тауар санына (жауаптардың саны) емес, өткен күндер мен апталардың саны үшін төленеді. Скиннердің зерттеуі нығайтқыштер арасындағы уақыт интервалы неғұрлым қысқа болса, жануарлар соғұрлым тез реакция беретінін көрсетті. Ал нығайтулар интервалы ұзарса, жауап беру жылдамдығы төмендейді.

Нығайту жиілігі жауаптың жойылуына да әсер етеді. Үздіксіз нығайту кенет тоқтап қалғанда, мінез-құлықтың реакциясы өте жылдам өшіп қалады. Ал нығайту үзік-үзік үзіліспен жасалса, ондай болмайды. Шартты рефлекстері о бастан үзілісті, үзік-үзік нығайтуға негізделген кейбір көгершіндер он мыңға дейін нығайтусыз реакция көрсеткен.

Бекітілген нығайтқыш коэффициент кестесінде нығайту белгілі бір уақыт интервалынан (бұрын айтылғандай) кейін емес, алдын ала берілген жауаптардан кейін ұсынылады. Бұл жағдайда нығайту белгілі бір уақыт өткеннен кейін емес, белгілі бір шартты реакция орындалғаннан кейін болады. Алғаш рет нығайтқыш алғаннан кейін он немесе жиырма рет жауап беру қажет болуы мүмкін. Тұрақты арақатынас кестесіндегі жануарлар бекітілген уақыт интервалы кестесіндегі жануарлардан гөрі әлдеқайда тезірек жауап береді. Бекітілген аралықты нығайту туралы жедел жауап беру қосымша нығайтуды қамтамасыз етпейді. Белгіленген уақыт аралығында жануар интіректі бес немесе елу рет басуы мүмкін. Бірақ ол сонда да көрсетілген мерзім аралығынан өткеннен кейін ғана нығайтылады.

Бекітілген жиіліктегі нығайту кестесіндегі ең жоғары көрсеткіш егеуқұйрықтарда да, көгершіндерде де, адамдарда да байқалды. Мәселен, келісімді жалақы, яғни жұмыс істеушінің жалақысы өндірілген бұйым санына байланысты; бұйымдардың сатылуына байланысты коэффициенттік төлем төленеді. Бірақ бұл нығайту кестесі төлемнің әрбір бірлігі үшін мүмкін емес. Ол жұмыс көлемін талап ететін арақатынасы тым жоғары болмаған кезде және белгілі бір күткен нығайту оған жұмсалған күшке парапар болса ғана табысты әрекет етеді.

Жүйелі аппроксимация: мінез-құлықты қалыптастыру

Скиннердің оперант шарттылық экспериментінде оперант мінез (нінтіректі басу) – зертханалық егеуқұйрық қоршаған ортаны тану барысында көрсететін қарапайым әрекет. Яғни зерттеушінің шыдамы жетсе, мұндай әрекеттің жасалу ықтималдығы жоғары. Десек те, жануарлар мен адамдар әдеттегі жағдайда болу ықтималдығы әлдеқайда төмен көптеген күрделі оперант мінездер көрсететіні түсінікті. Күрделі іс-қимылдар көрсеткен Присцилла деген доңызды немесе IQ-хайуанаттар бағындағы Құс-мидың қызықты қылықтарын еске түсірейік. Олар мұндай күрделі іс-әрекетті қалай үйренді? Зерттеуші, жаттықтырушы немесе әке-шешесі жануарға немесе балаға тосын емес іс-әрекетті қалай жасатады?

Скиннер (1953) бұл сұрақтарға жүйелі аппроксимация әдісі арқылы жауап берді. Ол бір көгершінге белгілі бір жерді шоқуды өте тез үйретті. Көгершіннің дәл сол жерді шоқу ықтималдығы аз болды. Алғашында көгершін керекті жерге қарай бұрылмас бұрын оған жем берілді. Келесіде көгершін керекті жерге қарай сәл жүрмейінше, нығайтқыш (жем) берілмеді. Одан кейін нығайтқыш тек әлгі жерге жақындай түскен қозғалысы үшін ғана берілді. Сосын әлгі жерге басымен ұмсынған кезде нығайтқыш берілді. Ақыр соңында көгершін тұмсығымен жерді шоқпаны деген кезде күшейтілді. Бұл тәжірибе ұзақ уақытты қажет ететін сияқты көрінгенімен, Скиннер көгершіндерді үш минутқа жетпей-ақ кондициялады (conditioned).

Бұл эксперименттік шара жүйелі аппроксимация терминін түсіндіреді. Ең керекті құлық пайда болғанша мінез-құлық жүйелі де ретті кезеңдерден өтіп, организм күшейе түседі. Скиннер «балалар сөйлеуді дәл осылай үйренеді» дейді. Нәрселер былдырлап, мағынасыз дыбыс шығарғанда, ата-анасы оған жымып, күліп, сөйлеу арқылы нығайтады. Біраз уақыттан кейін ата-ана баласының былдырын әртүрлі тәсілдер қолдану арқылы нығайтады. Бұл процесс жалғасу барысында ата-ананың нығайтуы шектеліп, тек дыбыстарды дұрыс пайдалану мен айтуын қадағалайды. Осылайша, тілдік дағдыларын игерудегі күрделі құлық бірнеше кезеңде дифференциалды нығайту арқылы қалыптасады.

Автоматтандырылған манеж

Скиннердің оперант кондициялау жәшігі оны психологтер арасында танымал етті, ал қоғамда танымалдыққа жеткізген – бала күтімін автоматтандыруға арналған әуе манежі (Benjamin & Nielsen-Gammon, 1999). Скиннер мен оның зайыбы екінші рет балалы болу туралы сөз қозғағанда, әйелі алғашқы екі жылда бала күтімі тым көп дене еңбегін қажет ететінін айтты. Сондықтан Скиннер ата-аналардың күнделікті міндеттерін жеңілдету үшін механикаландырылған орта ойлап тапты. Дегенмен бұл манеж коммерциялық тұрғыдан қолжетімді етіп жасалса да, табысты өнім болмаған. Скиннердің қызы екі жасқа толғанша өмірін осы манежде өткізгенде, оның ешқандай жағымсыз әсері байқалмаған.

Скиннер алғаш рет осы құрылғыны 1945 жылы *Ladies Home Journal* журналында, сосын өз өмірбаянында былай деп сипаттады:

«Бұл кішкентай тіршілік кеңістігін «бала бағушы» деп атадық. Оның дыбысты сіңіріп алатын қабырғалары мен қабырға-бойы үлкен терезесі болды. Ылғалдандырылған және жылытылған ауа төменгі жағындағы сүзгілер арқылы еніп, матрас ретінде қолданылатын қатты тартылған кенептің шет-шетінен жоғары қарай жылжиды. Ұзындығы он ярд жолақтың тазаланған бөлігі кенептен өтіп, межелі жерге бірнеше секундта жетеді» (Skinner, 1979, p. 275).

Скиннер әуе манежі бала бағуды өте жеңілдетіп, стандарттайды деп үміттенді. Бірақ бұл идея жұртшылықты онша қызықтырмағандықтан, көңілі қалды. Манежде тек үш жүзге жуық бала ғана бағылды. Жұрт бесікті егеуқұйрықтарға арналған Скиннер жәшігімен байланыстырса керек. Ата-аналар өз баласын стерильді ортада өсіргісі келмеді (Joyce & Faye, 2010).

Жүйелі аппроксимация: күрделі мінез-құлықты игеру түсініктемесі. Ол бойынша сөйлеуді үйрену сияқты әрекеттер түпкі мақсатқа жақындағанда немесе соңғы дұрыс әрекетке жақындағанда ғана нығайтылады.

Оқыту машинасы. Скиннер 1920 жылдары Сидней Пресси ойлап тапқан оқыту машинасының таралуына да септігін тигізді. Өкініштісі, Прессидің ол құрылғысы уақытынан озып жасалған дүние еді, сондықтан оны нарыққа шығаруға деген қызығушылық жеткіліксіз болған (Pressey, 1967). Бірақ арада 30 жыл өткен соң жұртшылықтың назары кенет сол құрылғыға ауды (Benjamin, 1988). 1920 жылдары Пресси машинасын «енді оқушыларға сабақ беру әлдеқайда тиімді болады, мұғалім саны азаяды» деп таныстырған болатын. Алайда ол кезде мұғалімдер жетіп артылатын, сондықтан қоғам бұл жаңалыққа назар аударар қойған жоқ.

Ал 1950 жылдары, Скиннер осы құрылғыны жарнамалағанда, мұғалімдер жетіспейтін, студент көп болды. АҚШ ғарышты зерттеуде Кеңес Одағымен бәсекелес еді, қоғам білім беруді жақсартуға мүдделі болды. Скиннер осы саладағы жұмысын «Оқыту технологиясы» (*The Technology of Teaching*) (1968) аталған еңбегінде қорытындылады. Оқу машиналары *тарихтағы ең үлкен білім беру революциясы* деп аталды. Скиннер бұл құрылғы барлық білім беру әдістерінің алдына шығады деп ойлады (Rutherford, 2012, p. 3). Құрылғы 1950–1960 жылдары, компьютерлік оқу әдістемелерімен ауыстырылғанға дейін, кеңінен пайдаланылды.

Көгершіндер соғысқа барады

Скиннер екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ерлі-зайыпты Бриландтардың қолдауымен әскери ұшақтардан жердегі нақты нысандарға бомба тастауды басқаратын жүйе әзірледі. Зымыранның тұмсық конустарына орналастырылған көгершіндер нысанның суретін шоқуы тиіс болатын.

Олардың реакциясы (шоқуы) зымыран қанаты бұрыштарының дұрыс бағытталуына әсер етті. Скиннер «көгершіндер жоғары дәлдікпен әрекет етеді» деді.

Алайда АҚШ әскері тұмсық конусын ашып, күрделі электронды жабдықтардың орнына үш көгершінді көргенде, қуана қоймады. Олар қару-жарақ арсеналына көгершін пайдаланудан бас тартты (Skinner, 1960). Олардың бұл әрекетінен Скиннердің көңілі қалды. «Біздің бірден-бір қиындығымыз – ешкім бізді (бихевиоризмді) ғылым ретінде мойындап, санаспауында» (Pigeon Guided Missiles, 2010, p. 3). Скиннердің көгершін басқаратын зымыранның тұмсық конусы қазір Вашингтондағы Смитсон институтының Америка тарихы ұлттық музейінде сақтаулы тұр (Keap, 2013).

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде психолог Дональд Гриффин жарқанаттарды мини-бомбалармен жабдықтамақ болды. Жарқанаттар табиғи инстинктке еріп, Жапонияның ағаш ғимараттарының қараңғы жерлеріне қонақтайды-мыс. Сол кезде бомба жарылады-мыс. Қарулы күштер бұл идеяны да қабылдамады (Drumm & Ovre, 2011).

1960–1970 жылдарда Келлер мен Мариан Бриланд АҚШ Қорғаныс министрлігіне көп қызмет жасады.

«Олар шағалаларға көлдер мен мұхиттарды түгел шарлап, іздестіру жүргізуді үйретті. Көгершіндерді жол бойында снайперлердің бар-жоғын анықтап келуге дайындады. Қарғалардың тұмсығына мини-камера іліп, алыс қашықтықтардан суретке түсіріп келу тәрізді күрделі тапсырмаларды орындатқызды. Құстар өз міндеттерін дұрыс орындап, қайтып оралды» (Gillaspy & Bihm, 2002, p. 293).

Уолден Екі: бихевиористер қоғамы

Скиннер мінез-құлықты бақылау бағдарламасын ұсынып, зертханалық зерттеу нәтижелерін жалпы қоғамға қолдануға әрекет жасады. Ал Джон Б. Уотсон шартты рефлексті саламатты өмір сүруге қолдану керектігін жалпылама сөздермен ғана айтты. Скиннер өз идеясы іске асса, қоғам қалай жұмыс істейтінін толық сипаттады. Ол 1948 жылы «Уолден Екі» (*Walden Two*) деп аталатын роман

жазып, онда мыңға жуық тұрғыны бар ауылдың тіршілігін суреттеген. Бұл қауымдастықта өмірдің әр аспектісі жағымды нығайту арқылы басқарылған.

Кітапта, Скиннердің өзі 41 жасында басынан кешкен, орта жас күйзелісі сипатталады. Ол күйзелісті жеңіп, жас кезіндегі жазушы болсам деген арманына оралды. Жеке өміріндегі және мамандығындағы тартыстарды басты кейіпкер Т. Е. Фрейзер арқылы жеткізді. «Уолден Екінің өміріндегі көп оқиға менің өз өмірімнен алынған, – деп жазды Скиннер. – Т. Е. Фрейзерге өзім айтуға батылым жетпеген ойларды айтқыздым» (Skinner, 1979, pp. 297–298).

Скиннер кітапты жарыққа шығаратын баспаны үш жыл іздеді. Көптеген редакторлар «шығарманың тілі ауыр, сюжеті дұрыс жоспарланбаған, оқиғалар тым баяу өрбиді» деп, қолжазбаны қайтарып берді (Wiener, 1996). Сөйтіп жүргенде, Скиннер бихевиористік психологиядан оқулық жазып өткізген бір баспа оның әдеби шығармасын да басуға келісті. Оқулық оның өте жоғары сұранысқа ие «Ғылым және адамның мінез-құлқы» (*Science and Human Behavior*) атты еңбегі еді (1953). Содан бері «Уолден Екі» 3 миллионнан астам таралыммен сатылды, әлі де басылып шығып жатыр.

Скиннердің романында суреттелген қоғам оның «адам – машина тәрізді» деген идеясына негізделген. Бұл идея Галилей мен Ньютон, британ эмпириктері, сосын Уотсон мен Скиннер арқылы көрсетіледі. Скиннердің шартты рефлекстермен күшейтілген механистік, аналитикалық және детерминистік, жаратылыстанушылық тәсілдемесі көптеген бихевиорист-психологтерді қоршаған орта жағдайымен таныс болу және жағымды нығайтуды қолдану арқылы адам мінезін бағыттауға, дамытуға және қалыптастыруға болады деп сендірді.

Мінез-құлық модификациясы

Скиннердің жағымды нығайтуға негізделген қоғамға арналған бағдарламасы теория жүзінде ғана болды, ал адамдардың немесе шағын топтардың мінез-құлқын бақылау немесе модификациялау іс жүзінде кеңінен қолданылды. Жағымды нығайту арқылы мінез-құлықты модификациялау – психиатриялық клиникаларда, зауыт-фабрикаларда, мектептерде, түзету мекемелерінде нормадан тыс немесе жат мінез-құлықты өзгерту, жақсарту үшін қолданылатын ең танымал әдіс-тәсілдердің бірі.

Тамақ ішкісі келгенде немесе өзіне назар аударту үшін долданып, мінез көрсететін баланы көзге елестетіп көріңіз. Ата-анасы баланың талаптарын орындаса, онда олар жағымсыз мінезді нығайта түседі. Мінез-құлықты модификациялаған кезде аяқпен жер тепкілеу немесе айғайлау сияқты іс-қимылдар тиімді қосымша демеуге ие болмауы керек. Қажет және қанағаттандыруға лайықты мінез-құлық үшін ғана тиімді демеу жасау қажет. Біраз уақыттан соң баланың мінез-құлқы өзгереді, себебі мінез көрсету қажет нәтиже бермейтінін түсінеді.

Оперантты шарттау және нығайту – жұмыстан қалуды азайту, жұмыс көрсеткіштерін жақсарту, қауіпсіздік техникасын сақтау және жұмыс дағдыларын үйрету үшін мінез-құлықты өзгерту кеңінен қолданылатын жұмыс орындарында да пайдаланылады. Мінез-құлықты түрлендіру бағдарламалары психиатриялық клиника емделушілерінің көңіл күйін өзгерту үшін пайдаланылу барысында өздерінің тиімділігін дәлелдеді. Емделушілер жақсы мінез-құлқы үшін белгілі бір игіліктерге алмастыруға болатын төсбелгі түріндегі сыйақы алды, ал теріс мінез-құлық үшін сыйақы берілмеді. Біртіндеп мінез-құлықта оң өзгерістер байқала бастады.

Бұл әдіс дәстүрлі клиникалық әдіс-тәсілдерден басқаша: емделушілердің санасында болып жатқан процестер Скиннер жәшігіндегі егеуқұйрықтардың санасына қаншалықты әсер ететіні назарға көп алынбайды. Сыртқы мінез-құлық пен оң әсер беретін нығайтуға ерекше назар аударылды.

Зерттеулер бойынша, мінез-құлықты модификациялау бағдарламалары әдетте ұйым немесе мекеме аясында ғана сәтті орындалады. Сыртқы жағдайларда көп

Мінез-құлық модификациясы: тұлғаның немесе топтың мінез-құлқын бақылау немесе түрлендіру үшін тиімді қосымша күшті пайдалану.

нәтиже бермейді. Себебі оң әсер беретін демеу бағдарламасы мінез-құлықтың қажетті өзгерістерін сақтау үшін жалғастырылуы тиіс. Егер медициналық персонал қажетті мінез-құлықты күлімсіреп, мақтап немесе басқаша мақұлдау белгілерімен нығайта алса, мұны емделушілерге қолдануға болады.

Жазалау – мінез-құлықты модификациялау бағдарламасының бір бөлігіне жатпайды. Скиннердің пікірі бойынша, адамдар талап етілгеннен басқа әрекеті үшін жазаға тартылмайды. Олардың мінезі жақсы жаққа қарай өзгерсе, қолдауға немесе сыйақыға ие болды. Скиннер мінез-құлықты модификациялау үшін оң әсер ететін нығайту жазаға қарағанда тиімдірек екеніне сенді.

Скиннер (1976) балалық шағында өзін әкесі ешқашан ұрып жазаламағанын, ал анасы жаман сөз айтқаны үшін аузын бір рет сабынмен жуғанын жазды. Бірақ жазаның оның мінез-құлқына қандай да бір әсері туралы ештеңе айтпаған.

Скиннер бихевиоризмін сынау

Скиннер бихевиоризмінің шектен тыс позитивизмі және барлық теорияларды жоққа шығаруы көп сыналды. Скиннердің қарсыластары «барлық теориялық құрылымдарды жоққа шығаруға болмайды» деді. Себебі эксперименттің детальдары ерте жоспарланатындықтан, осының өзі – қарапайым теория құрудың бір дәлелі. Сонымен бірге Скиннердің өз жұмысының негізі ретінде шартты рефлекс-тер пайда болуының негізгі принциптерін қабылдауы – белгілі бір мөлшерде теория жасау болып есептеледі.

Қалыптасқан көзқарастар жүйесі Скиннердің экономикалық, әлеуметтік, саяси және діни мәселелерде сенімділігін арттырды. Ол 1986 жылы «Батыс өмір салтында не нәрсе дұрыс емес?» аталатын мақаласын жазды. Бұл мақалада ол: «Батыс елдері тұрғындарының мінез-құлқы нашарлап кетті, бірақ оны мінез-құлықты эксперименттік талдау негізінде шығарылған принциптерді қолдану арқылы жақсартуға болады», – деді (1986, р. 568). Сыншылар Скиннердің тәжірибелі мағлұматтар негізінде жорамалдауға (экстраполяциялауға) дайындығы оның теорияға қарсы ұстанымдарымен қайшы келетінін айыптады. Бұл оның – өзінің қоғамды қайта құру жобасын енгізу үшін қатаң бақыланатын мағлұматтар аясынан шығып кететінін аңғартады.

Скиннердің «кез келген мінез-құлық жаттанды» деген сөзін оның бұрынғы студенттері – Келлер мен Мариан Бриланд жоққа шығарды. Олар үйреткен доңыз, тауық, алақоржын, дельфин, кит, сиыр және тағы басқа жануарлар «инстинктивті мінез-құлыққа» қарай ойысу үрдісін көрсетті. Инстинктивті мінез-құлық оларға азық табуға кедергі болса да, олар қосымша жәрдем алған нәрсені инстинктивті мінез-құлықпен алмастырды.

Доңыздар мен жанаттар қосымша қолдау ретінде азықты пайдаланып, тиын алып, оны белгілі бір қашықтыққа апарып, ойыншық банкіге салуды үйренді. Алайда біраз уақыт өткен соң, жануарлар қажетсіз мінез-құлық таныта бастады.

«Доңыздар жолда тоқтап, тиынды құмға көміп, оны тұмсықтарымен қазып алды; жанаттар кір жуу іс-қимылына ұқсас әрекет арқылы тиынды алуға көп уақыт жұмсады. Бастапқы кезде қызық болып көрінгенімен, соңында мұндай әрекет тым ұзаққа созылып, көрермен үшін бүкіл шоу қызықсыз болып қалды. Коммерциялық тұрғыдан алып қарағанда, бұл қиын жағдайға дүшар етті» (Richelle, 1993, p. 68).

Жануарлардың әрекеттері инстинктивті мінез-құлық болып есептелді. Жануарлардың туа біткен мінез-құлқы жүре біткен мінез-құлықтан басым болып, бұл азық табуға кедергі келтірген еді. Сөйтіп, нығайту, Скиннер айтқандай, барлық жерде жақсы нәтиже бере алмады.

Скиннердің балаларды сөйлеуге үйрету тәсілі де дәу туғызды. Себебі мінез-құлықтың белгілі бір түрлері туа біткен қасиеттерге жатты. Нәрестелер сөзбе-сөз тілді үйренген кезде әр айтылған сөзі үшін ешқандай қолдауды керек етпеді. Олар сөйлемдерді құрауға қажетті грамматикалық ережелерді менгереді. Скиннердің

қарсыластары айтқан осы ережелерді қалыптастыру әлеуеті – жүре біткен, жаттанды емес, туа біткен қасиет болады (Chomsky, 1959, 1972).

Скиннер бихевиоризмінің қосқан үлесі

Осы сынға қарамастан, Скиннер 1950–1980 жылдардағы бихевиористік психологияның көшбасшысына айналды. Осы кезеңде америкалық психология басқа психологтердің еңбектеріне қарағанда, көп жағдайда Скиннер еңбектерінің ықпалымен қалыптасты. 1958 жылы Америка Психологтер қауымдастығы Скиннерге «Ғылымның дамуына қосқан үлесі үшін» сыйлығын беріп, «америкалық психологияның дамуы мен жас ғалымдарды тәрбиелеуге үлкен ықпал етті» деп бағалады.

1968 жылы ол АҚШ үкіметінің «Ғылымға қосқан үлесі үшін» ұлттық медаліне ие болды. Америка Психология қоры Б.Ф. Скиннерді алтын медальмен марапаттауға ұсынды; оның фотосуреті *Time* журналының мұқабасына шықты. 1990 жылы Америка Психологтер қауымдастығының «Психологияға қосқан үлесі үшін» құрмет тақтасына қойылды. 1971 жылы оның «Еркіндік пен ар-ұжданды аттау» (*Beyond Freedom and Dignity*) атты кітабы ұлттық бестселлер болды.

Скиннердің өзі «түрлі ұлттық және қалалық ток-шоудың ең танымал кейіпкеріне» айналды. Бір ай бойы миллиондаған америкалықтар Б.Ф. Скиннердің «Еркіндік пен ар-ұжданды аттау» еңбегімен танысты немесе хабардар болды. Оған көптеген хаттар, телефон қоныраулары келіп түсті, көп адамдар келіп жолықты. Бейтаныс адамдар онымен амандасып тұрды. Бір жазушының пікірі бойынша, ол «кино немесе теледидар жұлдызының танымалдығына ие болды» (Bjork, 1993, p. 192).

Скиннердің негізгі мақсаты – жеке адамдар мен қоғам өмірін жақсарту екенін түсіну маңызды (see Rutherford, 2009).

Оның болмысы механикалық болса да, ол шын мәнінде гуманист еді. Бұл қасиеті адамдардың мінез-құлқын отбасы, мектептер, кәсіпорындар мен ауруханалар жағдайында модификациялауға жұмсаған күш-жігерінен аңғарылады.

Ол өзінің бихевиоризм технологиясы адамдардың қайғы-қасіретін жеңілдетеді деп үміттенді, бірақ қаншалықты атакты да танымал болса да, осы жүйенің көпшілік арасында кең қолданылмауынан көңілі қалды.

Бихевиоризм зертханалық, клиникалық, ұйымдастыру және басқа да шынайы жағдайларда қолданылса да, әлеуметтік-тәрбиелік тәсілдемені қолданатын Альберт Бандура мен Джулиан Роттерді қоса алғанда, необихевиористердің еңбектерінде Скиннердің зерттеулеріне қарсы пікірлер айтылды.

Әлеуметтік бихевиоризм: когнитивті қарсылық білдіру

Бандура мен Роттер, сондай-ақ олардың әлеуметтік бихевиоризм тәсілдемесінің ізбасарлары өздерін бихевиоризм жақтаушылары деп есептеді. Алайда олардың бихевиоризмінің түрі Скиннердің формасына мүлдем ұқсамады. Олар бихевиоризмнің психикалық және когнитивті процестерден бас тартуының дұрыстығына күмән келтіріп, әлеуметтік үйрену немесе әлеуметтік-бихевиористік тәсілдеме деп аталатын жаңа бағытты қалыптастырды. Бұл – психологиядағы когнитивті революцияның бастауы еді. Әлеуметтік үйрену теориясы ғылыми ойлау бихевиоризм мектебінің дамуының үшінші кезеңінен өтуде. 15-тарауда біз оның қайнар көздері мен ең ықпалды когнитивті қозғалыстарды талқылаймыз.

Альберт Бандура (1925)

Альберт Бандура Канададағы шағын қалада дүниеге келген. Оның мектебінде жиырма оқушы және екі мұғалім болды. Оның ата-анасы Польшадан көшіп келіп, баласына жақсы білім беруді қалады. Анасы Альбертке мынадай ой айтты:



АЛЬБЕРТ БАНДУРА

<https://en.wikipedia.org>

«Сенде екі таңдау бар. Егін алқабында жұмыс істеп, сырахананда мас болып жүру немесе оқып, білім алу» (quoted in, 2007, p. 3). Бандура білім алуды дұрыс деп тапты.

Ол мектепті бітіргеннен кейін Аляска жолдарындағы Юкона аумағында құрылысшылар бригадасымен жұмыс істеді. «Кредиторлардан немесе алимент төлеуден жасырынып жүрген немесе шартты түрде сотталғандар сияқты әртүрлі адамдардың арасында жұмыс істеген Бандураланың тундрадағы күнделікті өмірдің психопатологиясын бағалау қабілеті тез дамыды» (Distinguished Scientific Contribution Award, 1981, p. 28).

Бандура Ванкувердегі британдық Колумбия университетіне оқуға түсіп, осы жерде өз өмірін неге арнайтынын түсінді. «Мен сабақтары ерте басталатын инженерлермен бірге келдім. Сондықтан ағылшын тілі сабағын күтіп отырып, кітапхана үстеліндегі курстар каталогін қарап шықтым. Одан таңертеңгілік уақытта өтетін психологияға кіріспе курсы бар екенін көрдім. Осы курсқа жазылып, өзімнің болашақ мамандығымды таптым» (Bandura, 2007, p. 46).

Сөйтіп, психология курсы Бандура үшін қолайлы уақытта өткендіктен, психологияның бірінші курсы бітірді. 1952 жылы Бандура Айова штатындағы университетте докторлық дәрежесін қорғап, өзі профессор атағын алған Стэнфорд университетінде оқытушы болып жұмыс істеді.

Әлеуметтік когнитивті теория

Бандураның әлеуметтік когнитивті теориясы Скиннердің бихевиоризмімен салыстырғанда, бихевиоризмнің экстремалды емес түрі болып есептеледі. Ол психологияның когнитивті факторларға қызығушылығын жандандырды. Бандураның жалпы тәсілдемесі бихевиоризмге негізделген. Оның зерттеулері сыналусылардың өзара әрекеттесуі кезінде сыналусы адамдардың мінез-құлқын байқауға сүйенеді. Ол интроспекцияны қолданбайды және мінез-құлқтың қалыптасуында немесе түрленуінде нығайтуға (қолдау көрсетуге) ерекше мән береді.

Бандураның әдістемесі әлеуметтік үйрену теориясы атауына ие болды, себебі ол бихевиоризмнің әлеуметтік жағдайларда қалыптасуын және түрленуін зерттеумен айналысады. Бандура тәжірибені бір-бірімен өзара әрекеттесетін адамдарға емес, егеуқұйрықтар мен көгершіндер сияқты кейбір жануар түрлеріне ғана қолданған Скиннердің зерттеулерін сынға алды. Бандураның пікірі бойынша, егер қазіргі әлемге тән әлеуметтік өзара әрекет зерттеу жұмысында еленбесе, психологияда жана ғылыми жанадықтардың ашылуынан үміттенбеу керек.

Алайда Бандура жүйесі бихевиористік ғана емес, когнитивті жүйе болып та есептеледі. Ол сенім, үміт, нұсқау сияқты нұсқамаларды нығайтудың сыртқы сызбаларына әсерін атап өтті. Бандураның айтуы бойынша, бихевиоризм реакциясы роботтардағы немесе машиналардағы сияқты сыртқы тітіркендіргіштермен автоматты түрде қосылмайды.

Керісінше, тітіркендіргіштердің реакциялары өздігінен іске қосылады. Сыртқы нығайту мінез-құлқты өзгертеді. Алайда бұл жағдайда адам саналы түрде нығайтуды қабылдайды, осындай жағдай келесі жолы қайталанса, тиісті мінез-құлқын таныту кезінде сәйкес нығайту жүзеге аспайды.

Жанама нығайту

Бандура Скиннердің «адамның мінез-құлқын нығайту арқылы түрлендіруге болады» дегенімен келісіп, адам эмпирикалық жолмен, қандай да бір нығайтусыз, мінез-құлқтың барлық түрлерін іс жүзінде менгеруге болатынын дәлелдесе де, бізге әрдайым нығайту қажет емес; біз басқа адамдардың мінез-құлқын және осы бихевиоризм салдарын бақылап, жанама нығайту арқылы басқа біреулердің тәжірибесінен үйрене аламыз.

Біреуден үлгі алу мен жанама нығайту негізінде үйрену қабілеті «адам басқа адамдардың тәжірибесін жеке өз тәжірибесінде сезіне алмау салдарын бағалап,

Жанама нығайту: үнемі жеке нығайту қажет емес, басқа адамдардың мінез-құлқын бақылап, осы мінез-құлқтың салдарынан үйренуге болатын Бандураның ұғымы.

болжай алады» дейді. Бандура «стимул мен реакция, мінез-құлық пен нығайту арасындағы байланыс, Скиннер жүйесінде қарастырылғандай, тікелей жүзеге аспайды» деген. Ол стимул мен реакция арасындағы аралық механизм түсінігін енгізді, осы механизм тұлғаның когнитивті процестері болып саналады.

Өміріміздегі модельдер

Когнитивті процестер элеуметтік когнитивті теорияда маңызды рөл атқарады, Бандураның Скиннер жүйесінен негізгі айырмашылығы – осы. Бандураның айтуынша, мінез-құлықты өзгертудің тиімді факторы – нығайту кестесі емес, адамның осы нығайту кестесі туралы ойы. Алынған нығайтулар тәжірибесі негізінде үйренудің орнына, біз басқа адамдарды бақылап, олардың бихевиоризм модельдерін өлшеп, модельдеу арқылы үйренеміз. Скиннердің пікірі бойынша, нығайтуды байқайтын адам мінез-құлықты да байқайды. Бандураның пікірі бойынша, қоғамдағы «модельдерді» байқайтындар мінез-құлықты да бақылайды.

Бандура мінез-құлқымызға әсер ететін модельдердің сипаттамаларын ауқымды түрде зерттеді. Ол біздің – бір жыныстағы, бірдей жастағы, біздің мәселемізге ұқсас мәселелерді шешетін, өзімізбен тең деңгейдегі адамдардың мінез-құлқын модельдеуге бейім екенімізді көрсетті. Сонымен қатар бізге қоғамда жоғары дәрежеге ие «модельдердің» мінез-құлқы қатты әсер етеді. Түрлі мінез-құлықтарға әртүрлі деңгейде еліктейді. Қарапайым мінез-құлық түрлері күрделі түрлерге қарағанда жиі қайталанады. Әсіресе балалар агрессиялы және дұшпандық мінез-құлықты қайталайды (Bandura, 1986). Сөйтіп, шынайы өмірден және бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп-білетініміз біздің мінез-құлқымызды анықтайды.

Теледидар мен шынайы өмірдегі зорлық-зомбылық

Әлемнің бірнеше елдерінде өткізілген зерттеулер бойынша, теледидар мен кинодағы зорлық-зомбылықты көп көретін немесе уақытын видеоойындар ойнаумен өткізетін балалар зорлық-зомбылықты сирек көрген балаларға қарағанда қатыгез әрі агрессиялы мінез-құлық көрсетеді (Anderson et al., 2010; Rogoff, Paradise, Arauz, Correa-Chavez, & Angelillo, 2003; Uhlmann & Swanson, 2004). Зерттеулер бойынша, рәпті жиі тыңдайтын жасөспірімдер бұл жанрды аз тыңдайтын балаларға қарағанда, қаскөй әрі агрессиялы мінез көрсетеді (Chen, Miller, Grube, & Walters, 2006).

Басқа зерттеулер көшедегі жарыс видеоойындары, көлік жүргізу ережесін бұзу, темекі шегу, ішімдік ішу және жыныстық қатынастармен байланысты бейне көрсетілімдер жат мінез-құлық түрлерін көрсетуге түрткі болатынын аңғартты (Fischer, Greitmeyer, Kastenmuller, Vogrincic, & Sauer, 2011). Мектепте, үйде немесе көрші аудандарда зорлық-зомбылықты бақылау агрессиялы, дөрекі бихевиоризм танытуы мүмкін (Elson & Ferguson, 2014).

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы адамға зорлық-зомбылықтың әсері туралы тұжырымдардың күшті болғаны соншалық – АҚШ бас хирургі, сондай-ақ Психикалық денсаулық ұлттық институты, Америка Медицина қауымдастығы мен Америка Психиатрия қауымдастығы зорлық-зомбылықты көріп-бақылайтындар зорлық-зомбылыққа ұшырайды дегенді бірауыздан айтты (Pozius, Kam-bam, & Bender, 2013).

Тұлғаның тиімділігі: өзіне сену

Бандура (1982) тұлғаның тиімділігі ұғымына байланысты маңызды зерттеу жүргізді. Ол бұл ұғымды «өзін-өзі құрметтеу және жеке басының адамгершілік сезімдері» деп сипаттады. Зерттеу бойынша жеке тиімділігі жоғары адамдар өз өміріндегі қолайсыз жағдайлардан жол тауып шыға алады.

Олар кез келген кедергіден өту қабілетіне ие болғысы келеді. Түрлі сынақтарға қарсы келеді, өз тапсырмаларын қиындатады және жетістікке жету үшін өз

Тұлғаның тиімділігі: өзін-өзі құрметтеу және өмірлік мәселелерді шеше алу қабілеті.

күштеріне сенудің жоғары деңгейін сақтайды. Зерттеушілердің бірі тұлғаның тиімділігін «өзіне сену қабілеті» деп сипаттап, «орындағыңыз келген нәрсені орындай алатыныңызға сену – жетістікке жету рецептісінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі» деп жалғастырды (Maddux, 2002, p. 277).

Өмірде түрлі жағдайларға тап болған тұлғалық тиімділігі төмен адам өзінің шарасыз екенін сезеді; ол өзінің қалыптасқан жағдайға әсер ете алатын күші аз немесе мүлдем жоқ деп есептейді. Қиындыққа немесе кедергіге кезіксе және осы қиындықтан өтудің бірінші талпынысы сәтсіз болса, кейінгі талпыныстардан тез бас тартады. Мұндай адамдар табысқа жету өзіне байланысты емес деп есептейді.

Тұлға тиімділігін зерттеу нәтижелері

Бандураның зерттеулері тұлғаның тиімділігімен байланысты түсініктер адам қызметінің көп жақтарына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Мысалы, жеке тиімділігі жоғары адамдар мансапты таңдаудың мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырып, жетістікке көбірек қол жеткізеді; олар үйрену кезінде жоғары бағаға ие болып, өздерінің алдына жоғары мақсат қояды, тәни және рухани денсаулығы мықты болады. Жалпы, әйелдермен салыстырғанда, ерлердің тәни және рухани денсаулығының тиімділігі жоғары болады. Ерлер мен әйелдерде жеке тиімділік өмірінің ортасында ең жоғары деңгейге жетіп, 60 жастан кейін біртіндеп төмендейді.

Тұлға тиімділігінің жоғары дәрежесі өмірдің көп аспектілерінде оң әсерге түрткі болады. Мысалы, тұлға тиімділігі жоғары адамдар өздерін жақсы сезініп, күйзеліске алаңдамайды, тән ауруларына төзімді келеді, тұлға тиімділігі төмен адамдарға қарағанда, аурудан немесе операциядан тез жазылады.

Сонымен бірге тұлға тиімділігі сыныптағы және жұмыстағы өнімділікке әсер етеді. Мысалы, тұлға тиімділігі жоғары қызметкерлер тұлға тиімділігі төмен қызметкерлерге қарағанда, өз жұмысына қанағаттанады, өз ұйымына адал және жұмысында және оқыту бағдарламаларында жақсы жұмыс істеуге ынталы (Salas & Cannon-Bowers, 2001; Gupta, Ganster, & Kepes, 2013).

Сондай-ақ әлеуметтік тиімділігі жоғары адамдар байланыс пен достық орнатуға өздерін сенімді сезінеді. Олар эмоциялық игіліктің жоғары деңгейін сезінеді және тұлға тиімділігі төмен адамдарға қарағанда, интернетке деген құштарлығы төмен болады (Hegman & Betz, 2006; Iskender & Akin, 2010). Германияда мектеп мұғалімдерін ұзақ мерзім бойы бақылауда тұлға тиімділігін жоғары сезінген мұғалімдер тұлға тиімділігін төмен сезінген мұғалімдерге қарағанда, өз шәкірттері тарапынан жақсы мұғалім деп бағаланды. Оқушылар олардың шеберлігіне жоғары баға береді. Бағаланғандар кейін тұлға тиімділігінің жоғары деңгейін дамытты. Өз шәкірттерінің оң пікірлері ынталандырып, өздерін одан да сенімді сезінуге түрткі болды (Holzberger, Philipp, & Kunter, 2013).

Ұжымдық тиімділік

Бандураның зерттеулері топтар түрлі тапсырмаларды орындауға әсер ететін тиімділіктің ұжымдық деңгейлерін дамытатынын көрсетті. Спорт командалары, корпоративтік департаменттер, әскери объектілер, қалалық кварталдар мен саяси іс-қимылдар коалициясы сияқты түрлі топтардағы зерттеулер «қабылданатын ұжымдық тиімділік күшті болған сайын, топтың алға қойған мақсаттары мен оқып-үйренуіне мотивациялық үлесі жоғары болады, олар кедергілер мен қиындықтарды оңай жеңеді, стресс факторларына моральдық рухы мен төзімділігі жоғары әрі жұмыс сапалы орындалады» (Bandura, 2001, p. 14). Италиядағы ірі қаржы ұйымының қызметкерлерін зерттеу жоғары ұжымдық тиімділігі бар адамдар тұлға тиімділігі төмен адамдарға қарағанда, өз компаниясына адал екенін көрсетті (Petitta & Borgogni, 2011).

Мінез-құлықты өзгерту

Бихевиоризмде әлеуметтік когнитивті әдістемені жетілдіру кезіндегі Бандураның міндеті – қоғам қажетсіз немесе қалыптан тыс деп қарастыратын мінез-құлық түрлерін өзгерту. Оның пайымдауларына сәйкес, егер қалыптан тыс мінез-құлықты қоса алғанда, барлық бихевиоризм түрлері басқа адамдарды бақылау және олардың мінез-құлқын модельдеу негізінде зерттелетін болса, демек, мінез-құлықты қайтадан қалыптастыруға болады немесе оны жартылай өзгертуге болады. Скиннердің айтуынша, Бандура ішкі саналы немесе бейсана қақтығыстарға емес, қалыптан тыс жағдайлардың сыртқы көріністеріне, яғни мінез-құлыққа назар аудартты. Бандураның айтуынша, симптомдарды емдеу – аурудың өзін бірге емдеу, себебі симптом мен ауру – біртұтас нәрсе.

Мінез-құлықты өзгерткен кезде модельдеу қолданылады: сыналушылар олардың үрейін тудыратын жағдайларда модельді бақылауы тиіс. Мысалы, иттен қорқатын балалар өзі сияқты баланың итке жақындап, ойнай бастағанын бақылайды. Осы балалар қауіпсіз қашықтықта құрдастарының біртіндеп итке жақындап, оны тордың сыртынан сипап, соңында оған жақындап, онымен ойнағанын көреді. Осындай жолмен үйрену нәтижесінде баланың иттен туындайтын үрейі біршама әлсірейді. Сыналушылардың қорқынышты жыланмен ойнағанын бақылауды – саналы түрде үйретудің бір мысалы ретінде көрсетуге болады. Олар аз уақыттан соң, біртіндеп жыланға жақындап, оны қолына алады.

Бандура ойлап тапқан бихевиористік терапия әдістері клиникалық практикада, бизнесте, білім саласында кең қолданылады. Олар көптеген эксперименттік зерттеулерде расталды. Бұл әдістер түрлі фобиялардан – жыланнан, жабық кеністіктен, ашық кеністіктен, биіктіктен қорқудан құтылудың тиімділігін дәлелдеді. Сонымен бірге олар невроздарды, жыныстық бұзылуларды, кейбір үрейлі күйлерді емдеу кезінде пайдалы, сондай-ақ тұлғаның тиімділігін арттырады және колледж студенттері арасында қобалжуды азайтады.

Бандураның жұмысы дамып жатқан елдерде әлеуметтік және мемлекеттік мәселелерді шешуге тиісті мінез-құлыққа арналған модельдерді ұсынатын бұқаралық ақпарат құралдарының бағдарламаларына бейімделген. Модельдеу әдістеріне бағытталған бихевиоризм қажетсіз жүктілік, СПИД таралуын бақылау, сауаттылықты насихаттауға қолдау көрсету, әйелдердің мәртебесін арттыру және бала санын жоспарлау стратегияларын жүзеге асыру сияқты мәселелерді қамтиды. Бұқаралық ақпарат құралдары бағдарламасының мағлұматтары өзінің мінез-құлқын өзгерту үшін тыңдаушылар мен көрермендерге арналған модельдер ретінде ойлап табылған кейіпкерлерге сүйенеді. Зерттеулер қауіпсіз жыныстық қатынас, бала санын жоспарлау және әйелдердің жағдайын жақсарту сияқты мәселелерге оң көзбен қараушылардың біршама артқанын мәлімдеді (Bandura, 2007, 2009; Smith, 2002).

Түсініктеме

Альберт Бандура ойлап тапқан бихевиоризмнің әлеуметтік-когнитивті тәсілдемесін дәстүрлі бихевиоризм қолдаушылары сынға алды. Олардың пікірі бойынша, когнитивті процестер мінез-құлыққа әсер ете алмайды. Бандура бұл сынға былай деп жауап берді: «Мұның бәрі адамдардың ой-пікірін өзгертуге әсер етпейді деп отырып, адамдарды өз сеніміне бұру үшін мақала, кітап жазуға, мінберден сөйлеуге қаншама уақыт пен күш жұмсайтын радикал бихевиористерді көргенде күлкің келеді» (Evans, 1989, p. 83).

Әлеуметтік-когнитивті теория зертхана жағдайында мінез-құлықты зерттеудің және клиникалық мекемелер мен шынайы әлемде мінез-құлықты өзгертудің тиімді тәсілі ретінде психологияда кеңінен мойындалды. Бандураның көп әріптестері оның қазіргі психологияға қосқан үлесін растайды. 1974 жылы Альберт Бандура Америка Психологтер қауымдастығының президенті болды және 1980

жылы «Ғылымға қосқан үлесі үшін» сыйлығын иеленді. 2004 жылы психология саласындағы жетістіктері үшін АПҚ сыйлығының иегері. 2006 жылы «Америка Психология қорының алтын медалі» сыйлығының лауреаты атанды.

Оның ойлап тапқан теориясы функциялық және практикалық тұрғыдан қарағанда, америкалық психологияға үндес келеді. Зертханадағы зерттеу жұмысында қолданған кезде осы теорияның тәсілдемесі объективті әрі жарамды болып есептеледі, қазіргі интеллектуалды ортаға сәйкес келеді. Мұнда ішкі когнитивті процестерді зерттеуге үлкен мән беріледі және шынайы өмір қажетіне қолданылады.

Джулиан Роттер (1916–2014)

Джулиан Роттер Нью-Йорктің Бруклин ауданында дүниеге келген. Ұлы күйзеліс кезінде, 1929 жылы, әкесі бизнесінен айырылғанша оның отбасы жақсы өмір сүрген. Он үш жасар Роттер үшін экономикалық жағдайдың өзгеруі өмірінің бет-бұрыс сәтіне айналды. Роттер былай деп жазды: «Өмір бойы артымнан қалмай келген әлеуметтік әділетсіздік қызығушылығымды оятты, сондай-ақ адамдардың мінез-құлқына әсер ететін жағдаяттарға мән беруді үйретті» (1993, р. 274).

Ол оқушы кезінде бір күні Алфред Адлер мен Зигмунд Фрейдтің психология жөніндегі кітаптарымен кездейсоқ танысады. Өз достарының көрген түстерін талдауды ермек етіп, кейін психолог болуға шешім қабылдайды. Бірақ сол кезде психологтерге жұмыс табылмайтынына ренжіп, Бруклин колледжінде негізгі пән ретінде химияны таңдайды. Алайда ол бірде Адлермен кездесіп, табысты мамандық болмаса да, психологияға біржола ауысады. Роттер ғылыммен айналысып, академиялық мансабын көтеруді көздейді, бірақ еврейлерге қатысты қате көзқарас ғылым жолын жалғастыруына кедергі келтірді. «Маған еврейлер білімді болса да, Бруклин колледжінде және аспирантурада ғылыми қызметке орналаса алмайды деп ескерткен еді. Сол ескертулер шын болып шықты» (Rotter, 1982, р. 346).

Роттер 1941 жылы Индиана штаты университетінде докторлық дәрежесін алғаннан кейін, Коннектикутта мемлекеттік психиатриялық ауруханаға жұмысқа тұрады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде АҚШ армиясында психолог болып жұмыс істейді. Соғыс біткен соң, 1963 жылға дейін, Огайо штаты университетінде қызмет атқарып, Коннектикут университетіне ауысады. Ол 1988 жылы ғылымға қосқан үлесі үшін АПҚ сыйлығын алады.

Когнитивті процестер

Д. Роттер бихевиоризмнің когнитивті түрін жетілдірді. Мұнда, Бандураның әдістемесі сияқты, ішкі субъективтік әсердің болатыны айтылған. Сондықтан оның бихевиоризмі, Бандураның бихевиоризмі сияқты, Скиннердің бихевиоризміне қарағанда радикал емес. Роттер Скиннерді жеке субъектілерді оқшаулап қарағаны үшін сынға алды және адамның мінез-құлқы әлеуметтік тәжірибе негізінде қалыптасатынын айтты. Роттердің зертханалық зерттеуі өте қатал бақыланды және оның зерттеулеріне әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайындағы адамдар ғана қатыстырылды.

Роттердің жүйесі Бандураның жүйесіне қарағанда когнитивті процестерді кеңінен қарастырады. Роттердің болжамы бойынша, біз өмірімізге әсер ететін қобалжуларға ықпал ететін санаға иеміз. Сыртқы тітіркендіргіштер мен олардың нығайтылуы адамның мінез-құлқына әсер етуі мүмкін, бірақ осы ықпалдың мәні мен дәрежесін когнитивті факторлар анықтайды. Роттер мінез-құлық (1982) нәтижесін анықтайтын төрт қағиданы атап өтті:

- *біз мінез-құлқымыз арқылы субъективті жорамалдар жасаймыз; жорамал осы мінез-құлық қатысуы мүмкін сан және сапа терминдерімен анықталады;*

- *біз белгілі бір мінез-құлық белгілі бір нығайтуға түрткі болады деген ықтималдықты бағалаймыз және осы бағалау негізінде өз мінез-құлығымызды түзетеміз;*
- *біз түрлі нығайтуға түрлі мән береміз және түрлі жағдайларда олардың салыстырмалы «құнын» бағалаймыз;*
- *жеке тұлға ретінде біз үшін бірегей болатын түрлі психологиялық ортада әрекет ететіндіктен, бірдей нығайтулар түрлі адамдарға түрлі әсермен әсер етеді.*

Яғни Роттердің айтуынша, ішкі когнитивті күй болып табылатын субъективті әсер мен үміттеріміз бізге сыртқы факторлардың қалай әсер ететінін анықтайды.

Бақылау локусы

Роттердің нығайту дереккөздерінің зерттеу жұмысы нәтижелі болды. Кей адамдар нығаяу олардың мінез-құлқына байланысты екеніне сенеді; мұндай адамдар туралы олардың **ішкі бақылау локусы** бар деп айтады. Басқа біреулер нығаяу сыртқы факторлармен ғана анықталады деп сенеді. Бұл адамдарда мінез-құлықтың сыртқы бақылау локусы бар (Rotter, 1966).

Осы екі дереккөз мінез-құлыққа алуан түрлі әсер қалдырды. **Сыртқы бақылау локусы** бар адамдар үшін нығаяу тұрғысынан алғанда, адам қабілетінің немесе іс-қимылдарының маңызы ерекше емес. Сондықтан олар өте аз күш жұмсайды немесе жағдайды өзгертуге мүлдем тырыспайды. Ішкі бақылау локусы бар адамдар өз өмірі үшін жауап береді және осыған сәйкес әрекет етеді.

Ішкі бақылау локусы: нығаяу әркімнің өз мінез-құлқына байланысты деген сенім.

Сыртқы бақылау локусы: нығаяу сыртқы факторлармен ғана анықталады деген сенім.

11.1-КЕСТЕ. 1-Е шкаласының таңдау элементтері

1. Адам өміріндегі көптеген бақытсыз жағдайлардың кейбірі сәтсіздікпен түсіндіріледі.
Сәтсіз жағдайлар адам жасаған қателіктерден болады.
2. Бізде соғыстың негізгі себептерінің бірі адамдардың саясатқа жеткілікті мөлшерде қызықпауынан туындайды.
Соғысты қанша тоқтатуға тырысса да, ол әрдайым бола бермек.
3. Ақырында, адам өзіне лайықты құрметке ие болады.
Өкініштісі, кей адам қанша тырысса да, оның қасиеттері мойындалмайды.
4. Мұғалімдер оқушыларға әділетсіз қарайды деген сөз – бос сандырақ.
Көп оқушылар олардың бағалары кездейсоқ жағдайға байланысты екенін түсінбейді.
5. Тиісті үзіліс жасамай, жақсы көшбасшы болу мүмкін емес.
Көшбасшы бола алмаған қабілетті адам – өз мүмкіндігін пайдаланбаған адам.
6. Қанша тырыссаңыз да, сізді бәрібір біреу ұнатпайды. Басқа адамдарға ұнай алмаған адам өзін басқалардың алдында қалай ұстауды білмейді.

Дереккөз: From «Generalized Expectancies for Internal Versus External Control of Reinforcement», by J. B. Rotter, 1966, Psychological Monographs, 80, p. 11.

Роттердің зерттеулері бойынша, ішкі бақылау локусы бар адамдардың сыртқы бақылау локусы бар адамдарға қарағанда тәни және рухани жағынан дені сау болады. Ішкі бақылау локусы барлардың артериалды қысымы төмендеу, оларда жүрек және тамыр аурулары сирек кездеседі, үрей мен депрессия деңгейі төмен. Олар үйрену кезінде жақсы баға алады және өмірінде көп мүмкіндік бар екеніне сенеді. Әлеуметтік дағдылары жақсы, танымал және сыртқы бақылау локусы бар адамдарға қарағанда өзін-өзі бағалау деңгейі жоғарырақ.

Роттердің жұмысы бойынша, тұлғаны бақылау локусы ата-ананың немесе тәрбиешінің баламен орнатқан қатынасы негізінде қалыптасады. Ішкі бақылау локусы бар ата-аналарды өз балаларына көмекші, жетістіктері үшін көп мақтайтын, ретті талап қоя білетін және өзара қарым-қатынаста авторитарлы емес адамдар деп атауға болады.

Роттер бақылау локусын зерттеуге арналған тесті жетілдірді. Тест мәжбүрлі таңдаудың 23 нұсқасынан тұрады, субъектілер өздерінің наным-сенімдерін жақсы сипаттайтын әр жұптан бір жауапты таңдайды (11.1-кесте).

Кездейсоқ жаңалық

Біз Скиннердің демалыс күндерін егеуқұйрықтарға жем түйіршіктерін жасаумен зертханада өткізгісі келмеуі нәтижесінде нығайту кестесін кездейсоқ ашқанын көрдік. Ғылымның әрдайым рационалды түрде, оқулықтардағыдай жүйелі дамымайтынын байқадық. Зерттеу саласының қалыптасуына кездейсоқ факторлар да ықпал етеді. Роттердің бақылау локусы концептісіне қатысты әріптесінің кездейсоқ жасаған ескертуі осы жаңалықтың ашылуына түрткі болған.

Роттер карточкалар жиынтығымен жұмыс істейтін сыналушыларға эксперимент жүргізді: карточканың теріс жағындағы шаршы ма, әлде шенбер ме – соны айтып беруі тиіс. Олардың экстрасенсорлық қабылдау қабілеттері бойынша бағаланатыны айтылды. Бір карточка жиынтығымен жұмыс істеп болғаннан кейін, олардан екінші карточка жиынтығымен қаншалықты сәтті жұмыс істейтіндерін бағалауды өтінді.

Кей қатысушылар өз нәтижелерінің алдыңғы сынаққа қарағанда төмен болатынын айтты, себебі олардың бірінші сынақтағы болжамдары сәтті болған. Басқа қатысушылар екінші тапсырманы алдыңғы тапсырмаға қарағанда одан да жақсы орындайтынына сенді.

Роттер осы зерттеуді жүргізген кезде, Э. Джерри Фарес шәкіртінің клиникалық жаттығуына жетекшілік етіп жүрген болатын. Фарес Роттерге адамдармен араласа алмай, жабырқап жүрген емделуші туралы айтып берді. Өлгі ер кісі Фарестің өтініші бойынша мейрамханаға барып, бірнеше әйелмен билеп қайтыпты. Алайда бұдан кейін де оның көңілі көтерілмеген. Бірақ Фареске сол күн туралы бір сәтті күн болғанын айтып: «Ол күн енді ешқашан қайталанбайды», – депті.

Роттер әңгімені естіген кезде мынаны түсінді:

«Эксперименттерде жетістікке жетсе де, осы пациент сияқты, риза болмайтындар кездесіп тұрады. Мен шәкірттеріммен бірге ерікті қатысушыларға олардың жетістігін немесе сәтсіздігін әдейі жасаған түрлі эксперименттер өткіздім. Көп жағдайларда дұрыс немесе бұрыс болуына қарамастан, кейбір еріктілер келесі жолы да қателесуім мүмкін деген ойын өзгертпеді. Басқа біреулер, оларға не айтылса да, келесі жолы тапсырманы дұрыс орындаймыз деп ойлады. Осы кезде мен жұмысымның екі жағын біріктіріп, бірін – машықтанған зерттеуші ретінде, екіншісін – ғалым ретінде салыстырдым. Кейбір адамдар өздерін сыртқы күштер басқарып жатқанын сезсе, басқа біреулер барлық нәрсе өз күш-жігерімен болатынына сенді» (quoted in Hunt, 1993, p. 334).

Біздің көңілімізде «егер Фарестің емделушісі биге барып келгеннен кейін өзінің танымалдығы туралы пікірін өзгертсе, Роттер бақылау локусы идеясын жетілдіре алар ма еді» деген сұрақ қалды.

Түсініктеме

Роттердің әлеуметтік үйрену теориясы өз қатарына сенімді ізбасарлар тартты. Олар әу бастан эксперименттік зерттеулерге ден қойып, Роттердің мінез-құлыққа әсер ететін когнитивті айнымалы шама мәні көзқарастарына келісті. Роттер-

дің зерттеулері өте дәл әрі нақты бақылауда болғандықтан, олар эксперименттік растауға жарамды. Көптеген ғылыми-зерттеулер, оның ішінде ішкі немесе сыртқы бақылау локусына қатысты зерттеулер де бар, бұлар Роттердің бихевиоризмінің когнитивті тәсілдемесіне қолдау болып есептеледі. Роттердің пікірі бойынша, оның бақылау локусының концептісі «психологияда және басқа әлеуметтік ғылымдарда кең зерттелетін концептілердің біріне» айналды (1990, p. 489).

Сіз болжағандай, бақылау локусы мен Бандураның тұлға тиімділігі концептісі арасында кейбір ұқсастықтар бар. Колледж студенттері мен фармацевтикалық компания қызметкерлерінің ірі зерттеуі екі концепт арасындағы өзара мықты байланысты анықтады (Judge, Erez, Bono, & Thoresen, 2002). Екі бақылау локусы мен тұлғаның тиімділігі өміріміздегі оқиғалар мен оларды игеру қабілетімізді қаншалықты бақылай алатынымызға байланысты. Ең басты айырмашылықтардың бірі – бақылау локусының түрлі жағдайларда топтастырылуы. Ал тұлға тиімділігі нақты жағдайлармен байланысты жүзеге асуы мүмкін. Екі концепт мұқият зерттеліп, әлеуметтік когнитивті әдістемеге қосқан маңызды үлес ретінде қарастырылады.

Бихевиоризм тағдыры

Бихевиоризмнің когнитивті қарсылығы бихевиористік қозғалыста өзгеріске ұшырауына қарамастан, когнитивті тәсілдемені қолдайтын Бандура, Роттер және басқа да необихевиористер өздерін бихевиористік деп есептейді. Біз оларды әдістемелік бихевиористер деп атай аламыз. Себебі олар ішкі когнитивті процестерге психологияның бір бөлігі деп сүйенеді. Ал радикал бихевиористер психология кез келген болжанған ішкі күйлерді емес, мінез-құлықтың сыртқы көріністері мен қоршаған орта стимулдарын ғана зерттеуі тиіс деп есептеді. Уотсон мен Скиннер – радикал бихевиористер. Ал Халл, Толмен, Бандура және Роттер әдістемелік бихевиористер деп жіктелуі мүмкін.

Скиннердің бихевиоризм мектебі 1980 жылдары шарықтау шегіне жетіп, 1990 жылы Скиннер қайтыс болғаннан кейін оның ағымының ықпалы да азайды. 1948 жылы Скиннер ашқан «Гарвард көгершіні» зертханасы 1998 жылы жабылды (Azar, 2002). Скиннер қайтыс болар алдында өзі ойлап тапқан бихевиоризм бағыты үстемдігінен біртіндеп айырылып, когнитивті тәсілдеменің ықпалы артты. Басқа ғалымдар «ірі университеттерде аздаған ғалымдар ғана өздерін бихевиористерге жатқызады» дегенмен келісті. Іс жүзінде «бихевиоризм термині өткен шақта» қолданылады (Baars, 1986, p. 1).

Материалды бекіту сұрақтары

1. Психология тарихында доңыз-Присцилланьың рөлі қандай?
2. Бихевиористік ой мектебінің үш эволюциялық кезеңін сипаттаңыз.
3. Қай психологтерді бихевиористерге жатқызуға болады? Олардың пікірлері қандай негізгі тұстарда тоғысады?
4. Операционизм деген не және ол XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы необихевиористерге қалай әсер етті?
5. Псевдомәселе деген не? Неліктен бихевиористер псевдомәселеге қызығушылық танытты?
6. Аралық айнымалы шама мысалын келтіріңіз. Мұны қалай жылдам анықтауға болады?
7. Толмен мақсатты бихевиоризмді қалай түсіндірді?
8. Халлдың бихевиоризмі Уотсон мен Толменнің концептілерінен несімен ерекшеленеді?
9. Халлдың бірінші және кейінгі жігер, бірінші және кейінгі нығайту концептілеріне анықтама беріңіз.
10. Скиннердің механикалық рухты, аралық айнымалы шаманы және статистиканы пайдаланудағы теория жасау көзқарасын сипаттаңыз.

11. Операнттық үйрету мен шартты рефлекстің классикалық түрде жасалуын сипаттаңыз. Операнттық үйрету мінез-құлықты модификациялауға қалай қолданылады?
12. Скиннердің игеру заңы деген не? Оның Торндайк пен Халлдың үйрену көзқарасынан қандай айырмашылығы бар?
13. Белгіленген аралық пен белгіленген қатынас кестелері арасында қандай айырмашылық бар? Әрқайсысына мысал келтіріңіз.
14. Итке шеңбер бойымен жүруді үйрету үшін жүйелі апроксимация әдісін қалай қолданар едіңіз?
15. Скиннердің жүйесі не үшін сынға алынды?
16. Бандура мен Роттердің когнитивті факторларға қатысты көзқарастарының Скиннердің көзқарастарынан қандай айырмашылықтары бар?
17. Мінез-құлықты өзгерту үшін модельдеу қалай қолданылады? Мысал келтіріңіз.
18. Өзін-өзі жоғары бағалайтын адамдардың өзін-өзі төмен бағалайтын адамдардан қандай айырмашылықтары бар?
19. Өзін-өзі бағалау мен бақылау локусының мінез-құлыққа тигізген әсерін анықтаңыз.

Ұсынылған әдебиеттер

- Bandura, A. (1976). Albert Bandura. In R. I. Evans (Ed.), *The making of psychology: Discussions with creative contributors*. New York: Knopf. Бандураның өмірі мен еңбек жолы туралы сұхбат.
- Freeman, J. (2010). *The tyranny of e-mail*. New York: Scribner. Электрондық поштадағы хабарламаны қабылдау кезінде нығайту кестесінің мінез-құлыққа әсері.
- Kuhlmann, H. (2005). *Living Walden Two: B. F. Skinner's behaviorist Utopia and experimental communities*. Champaign: University of Illinois Press. Скиннердің бихевиоризмі мен нығайтудағы бихевиоризм қағидалары негізінде қоғамның құрылымы мен қызмет етуі сипатталады.
- Rutherford, A. (2009). *Beyond the box: Skinner's technology of behavior from laboratory to life*. Toronto: University of Toronto Press. Скиннердің жұмысындағы мінез-құлықты талдайды және оның идеяларының зертхана эксперименттерінде түрлі қолданбалы жағдайларда дамуын көрсетеді.
- Skinner, B. F. (1953). *Science and human behavior*. New York: Free Press. Скиннердің адамның мінез-құлқын ғылыми талдау тәсілдемесі.
- Smith, L. D., & Woodward, W. R. (Eds.). (1996). *B. F. Skinner and behaviorism in American culture*. Bethlehem, PA: Lehigh University Press. Скиннердің элеуметтік философиясын талдау; оның Америка қоғамына ықпалын көрсетеді.
- Tolman, E. C. (1952). *Autobiography*. In E. G. Bor-ing, H. S. Langfeld, H. Werner, & R. M. Yerkes (Eds.), *Өмірбаян және психология тарихы (4-том, 323–339-бб.)*. Worcester, MA: Clark University Press. Толманның психологиядағы жетістіктері туралы.
- Walter, M. (1990). *Science and cultural crisis: An intellectual biography of Percy Williams Bridgman (1882–1961)*. Stanford, CA: Stanford University Press. Бриджменнің өмірі мен еңбектерін таныстырады және операционизм ілімімен бірге, оның ғылым философиясында қандай маңызды тұлғаға айналғанын сипаттайды.
- Watrin, J., & Darwich, R. (2012). On behaviorism in the cognitive revolution: Myth and reactions. *Review of General Psychology*, 16, 269–282. Психологияны қайта құрудағы когнитивті революцияның рөлі мен мінез-құлықты өзгерту бағдарламасы арқылы бихевиоризмнің тұрақты мәнін талқылайды.
- Wiener, D. N. (1996). *B. F. Skinner Benign anarchist*. Boston: Allyn & Bacon. Сынаққа қатысушылармен, әріптестерімен және студенттермен сұхбат негізінде жасалған Скиннердің психологиялық және интеллектуалды портреті.

Гештальт-психология

Тосын инсайт (түсінік)

Гештальт революциясы

Көздің көргенінен де көп
перцепция (қабылдау)Гештальт-психологияның
қалыптасуына әсер еткен
жәйттарФизикадағы «уақыт
рухының» өзгеруіФи феномені: Вундт психо-
логиясына қарсы шығуМакс Вертхаймер
(1880–1943)

Курт Коффка (1886–1941)

Вольфганг Келлер
(1887–1967)Гештальт революциясы-
ның табиғатыПерцепцияның констант-
тықтары

Анықтама беру мәселесі

Перцепцияның гештальт
қағидаларыҮйренуге қатысты
гештальт зерттеулері:
қырағылық және
маймылдар менталитеті

Түсініктеме

Адамдардағы нәтижелі
ойлау

Изоморфизм

Гештальт-психологияның
таралуы

Бихевиоризммен күрес

Фашистік Германиядағы
гештальт-психология

Әріс теориясы:

Курт Левин (1890–1947)

Левиннің өмірі

Тіршілік кеңістігі

Мотивация және
Зейтарник эффектісі

Әлеуметтік психология

Тосын инсайт (түсінік)

Вольфганг Келлердің маймылдарды зерттеумен айналысуы арқасында Африка жағалауынан 200 миль қашықтықта орналасқан Тенериф аралы психология тарихындағы ең атақты аралдардың біріне айналды. Бұл жерде ақылды Ганс деген жылқы немесе Присцилла атты доңыздың жаңа бір түрі туралы әңгіме қозғалмайды. Ол екеуін белгілі бір жолмен үйреткен немесе әрекет етуге мәжбүрлеген. 1913 жылы неміс психологі Вольфганг Келлер Тенериф аралына барғанға дейін «жануарлар істеп көру мен қателесу әдісімен ғана үйренеді, оң нәтижеге жету үшін оларға жем беріп ынталандыру керек» деген түсінік болған. Алдыңғы тарауларда сөз болған жануарлардың басым көбінің мінез-құлқы зерттеушінің немесе үйрететін маманның талаптарына сәйкес болған.

Келлер Тенерифке маймыл үйрету үшін келмеген еді. Ол тек жануарлардың қандай да бір мәселені қалай шешетінін көргісі келді. Ол маймылдар адамдарға қарағанда анағұрлым ақылды және түрлі мәселелерді адамдармен бірдей шеше алады деп есептеді. Бұл үшін ол сырттағы көрінетін жерге жем қойып, маймылдарды торға отырғызып, қолдарына жемге қол жеткізетін құрал-жабдық берді де, өзі шетте бақылап отырды.

Нова есімді ұрғашы маймыл Келлер торға қойып кеткен таяқты алды. Біраз уақыт таяқпен жер сызғылап, қызығушылығы тарқағаннан кейін оны тастай салды. Он минуттан кейін Келлер тордың сыртына бірнеше жеміс қойды. Маймыл тордан қолын созды, бірақ жеміске қолы жетпеді. Содан кейін ол қиысылап ұлыды да, «үмітін жоғалтқандай жерге сұлап жатып қалды» деп жазды Келлер. Бірнеше минуттардан соң таяққа қарады да, өкіргенін қойып, таяқты қайта қолына алды. Ол тор арасынан таяқты шығарып, жемісті таяқпен өзіне қарай жылжыта бастады.

Келлер бір сағаттан соң сынағын қайталады. Бұл жолы Нова алғашқымен салыстырғанда, таяқты жылдам қолданып, жемін алды. Үшінші ретте ол таяқты алып, өзінің шапшаң реакциясын көрсетті. Нова жемге таяқпен жетіп, белгілі бір іс-қимылдарды жасағанша, Келлер істеп көру мен қателесу әдісін қолданбады. Керісінше, оның іс-қимылдары арнайы мақсатта, іріктемелі болды. Оның мінез-құлқы Торндайқтың арнайы жәшігіндегі мысықтар немесе лабиринттегі егеуқұйрықтардың мінез-құлқынан ерекшеленді.

Тенерифте мінез-құлқын зерттеген Нова және басқа шимпанзелер әртүрлі үйрету әдістерін тез қабылдайтын қабілет көрсетті. Олардың іс-қимылдары мінез-құлқын пен ақыл-ойды зерттеуде басқа әдістер мен тәсілдерге негізделген, психологиядағы революциялық өзгерістердің бастауымен байланыстырылды.

Гештальт-психологияны
сынау

Гештальт-психологияның
үлесі

Материалды бекіту
сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Гештальт революциясы

Біз Вильгельм Вундттың бастапқы идеяларынан, кейін Титченер одан әрі жетілдірген, функциялық ой мектебінің пайда болуынан бастап, Уотсон мен Скиннер бихевиоризмінің таралуына және осы қозғалыстың ішіндегі танымдық міндеттерге дейінгі психологияның даму жолын бақыладық. АҚШ-та осы идеялар қалыптасқан кезде Германияда революциялық маңызы бар гештальт-психология ағымы пайда болды. Бұл Вундт психологиясына қарсы шығудың көрінісі еді, бірақ сондай-ақ ол идеялардың зерттеушілерді жаңа концептілер іздеу мен жаңа жүйелер жасауға шабыттандыратын маңыздылығының да дәлелі болатын.

Вундт жүйесін сынға алған гештальт-психология оның элементтік (атомистік) табиғатына баса назар аударды. Жаңа бағытты қолдаушылар Вундттың сенсорлық элементтердің іргелі мәртебесін мойындауын пайдаланып, оны сынның басты нысанына айналдырды. Вольфганг Келлер былай деп жазды: «Барлық психологиялық құбылыстар бір-бірімен байланысы жоқ инертті атомдардан тұрғанына таңғалдық және ассоциациялар осы атомдарды біріктіретін жалғыз фактор болды» (1959, p. 728).

Жаңа ағымның наразылық білдіруінің мәнін жақсырақ түсіну үшін 1912 жылға оралу қажет. Сол кезде Уотсонның бихевиоризмі функционализмге және Вундт пен Титченердің теорияларына қарсы шықты. Торндайк пен Павловтың зертханаларында жануарларға жасалған тәжірибелер үлкен ғылыми жаңғырық болып естілді. 13-тарауда толығырақ айтылатын Зигмунд Фрейдтің психоанализі он жыл бұрын қалыптасты.

Гештальт-психологтердің Вундт көзқарасына қарсы қозғалысы АҚШ-тағы бихевиористердің қозғалысымен бір уақытта басталғанына қарамастан, бұл ағымдар бір-бірінен тәуелсіз болып, бір идеяға қарсылық білдіру нәтижесінде пайда болды. Алайда кейін осы жаңа бағыттарды жақтаушылар арасында да қақтығыс туындады. Гештальт-психологтер сананың жеке құндылығын мойындады, бірақ оны атомдарға немесе элементтерге бөлмек болғандарды сынға алды. Ал бихевиористер сана ұғымының ғылыми психологиядағы маңызын мойындаудан бас тартты.

Гештальт-психологтер Вундттың тәсілдемесін (себебі олар оны жақсы түсінді) «кірпіш пен ерітінді» психологиясы ретінде қарастырып, сана элементтері (кірпіштер) өздерінің арасында ассоциация процесінің ерітіндісімен бекітіледі деп түсіндірді. Олар Вундт идеяларының қателігі мен өз көзқарастарының дұрыс екенін дәлелдеу үшін мынадай ой айтты: біз терезеден көшеге қарағанда аспан мен ағашты қабылдаудан тұратын жарық пен реңктердің қандай да бір сенсорлық элементтерін емес, ағаш пен аспанды көреміз.

Сонымен бірге гештальт-психологтер «сенсорлық элементтер біріккен кезде жаңа құрылымды немесе конфигурацияны құрайды» деді. Егер бірнеше музыкалық нотаны жинақтап, басын құрайтын болсақ, онда бұл комбинациядан жеке бір элемент – нотада жоқ музыкалық әуен пайда болады. Бұл түсінікті былай жеткізуге болады: бүтін өзін құрайтын бөлшектерден өзге нәрсе. Әділетін мойындау керек, Вундт өзінің шығармашылық синтезі доктринасында осы жағдайдың маңызын түсінді. Соған қарамастан, гештальт-психологтер осы идеяны өздерінің революциясының басты мәселесі етіп алды.

Көздің көргенінен де көп перцепция (қабылдау)

Гештальт-психологтер мен Вундт теориясы арасындағы негізгі айырмашылықты түсіну үшін өзіңізді Германияда XX ғасырдың басындағы психологиялық зертхананың зерттеу нысаны болдым деп елестетіңіз. Зертханадағы психолог сізден үстелде не жатқанын сипаттауды өтінеді. Сіз:

«Кітап», – дейсіз.

«Әрине, бұл кітап, – деп келіседі ол, – бірақ шын мәнінде не көріп тұрсыз?»

«Шын мәнінде не көріп тұрсыз» дегенді қалай түсіңізге болады? Бұл сұрағыңызбен не айтқыңыз келеді?– деп, сіз түсінбей тағы бір рет сұрайсыз. – Айттым емес пе, кітап көріп тұрмын деп. Қызыл мұқабалы кішкентай кітап».

Психолог табандылық танытады: «Сіз не көріп тұрсыз? Оны барынша дәл сипаттап беріңіз».

«Сіздіңше, бұл кітап емес пе? Мүмкін, мұнда бір көзбояушылық бар шығар?»

Психологтің даусынан сабырсызданып тұрғаны байқалады: «Бұның кітап екені рас, ешқандай көзбояушылық жоқ. Мен тек сіздің нақты не көріп тұрғаныңызды сипаттап беруіңізді өтінемін».

Сіз енді күмәндана бастайсыз да, абайлап былай дейсіз: «Мына бұрыштан қарасақ, мұқабасы қою қызыл параллелограмға ұқсайды».

«Мінеки, – дейді ол қанағаттанып, – енді сіз параллелограмм түріндегі қара қызыл дақты көріп тұрсыз. Тағы не көріп тұрсыз?»

«Ақшыл сұр жиегін, одан төменіректегі қою қызыл түсті жұқа жолақты көріп тұрмын. Оның астындағы үстелді көріп тұрмын». Психолог аздап қабазын түйді. «Үстелді айнала шамамен бір-біріне параллель жатқан ақшыл қоңыр жолақтары бар қоңыр дақтарды көріп тұрмын».

«Жақсы, жақсы», – дейді ол сізге алғысын білдіріп.

Үстел мен кітапқа қарап тұрып, ана кісінің сізге қалайша осындай тұжырымдар жасатқанын ойлана бастайсыз. Оның сізді секемшіл етіп тастағаны сонша – «жаңа не көрдім, әлде оны көрдім деп ойладым ба» деп, өз-өзіңізге сене алмай отырып қаласыз. Сосын абайлай сөйлеп, сәл ғана уақыт бұрын үстел үстінде жатқан кітапты көріп, оны басқаша қабылдағаныңызды айтасыз.

Сіздің пайымдауларыңыз кенет үзіледі. Өйткені дәл сол сәтте Вильгельм Вундтты еске салатын адам пайда болады. «Менің перцепция теориямды растайтын тағы бір дәлел табуға көмектескеніңіз үшін алғысымды білдіремін. Сіз «көрген кітап қарапайым түйсінулер жиынтығы екенін» дәлелдедіңіз. Көргеніңізге нақтырақ анықтама беруге тырысқаныңызда, сіз заттар емес, тұр-түстер ұғымын пайдалануға мәжбүр болдыңыз. Себебі адам алдымен тұр-түспен түйсінеді және кез келген нысанды тұр-түспен қабылдауға болады. Сондықтан сіздің кітапты қабылдауыңыз атомдардан тұратын молекула сияқты жеке түйсінулерден тұрады».

Осы аз ғана сөз үлкен пікірталасқа айналды. «Сандырақ! – деді залдың арғы бетінен бір дауыс. – Не деген сандырақ! Кітап шынайы, нақты, тікелей қабылданатын зат екенін кім болса да біледі». Осы сөздерді айтқан психолог Уильям Джеймске ұқсайды, бірақ неміс акцентімен сөйлейді, өзі өте ашулы. «Бастапқы түйсінуді қабылдау мәліметі деп айтып отырғаныңыз сіздің қиялыңыздың жемісі ғана. Зат – түйсінулер жиынтығы емес. Сол жерден кітап көрудің орнына қою қызыл дақ көрген адамның дені сау емес».

Дау өрши бастағанда, сіз есікті ақырын жауып, зертханадан шығып кетесіз. Сіз біздің сезім мүшелеріміз арқылы келіп түсетін ақпаратты ұсынудың екі тәсілі болады деген екі түрлі ғылыми көзқарасқа күә болдыңыз¹.

Гештальт-психологтер қабылдау деген көзбен көргеннен де көбірек мағлұмат беретініне сенеді. Басқаша айтқанда, біздің қабылдауымыз сезім элементтері қабылдайтын түйсінулермен қоса, сезім мүшелері қамтамасыз ете алатын қарапайым физикалық параметрлер жиынтығынан да тұрады.

¹ Психологиядан: «Science of Mental Life» (Психикалық өмір туралы ғылым), Д.А. Миллер, 1962, Нью-Йорк «Harper & Row». Авторлық құқық Джордж А. Миллерге тиесілі, 1962 ж., «Harper & Row» баспасының рұқсатымен қайта басылып шығарылды.»

Гештальт-психологияның қалыптасуына әсер еткен жайттар

Басқа ғылыми ағымдар сияқты, гештальт-психология өз бастауын бұрын болған идеялардан алады (Vezzani, Marino, & Giorgi, 2012). Перцепция бүтіндігіне негізделген оның басты қағидасын неміс философы Иммануил Канттың (1724–1804) еңбектерінен табуға болады. Ол өзінің трактаттарын үй киімін киіп отырып жазды. Канттың пікірі бойынша, үстел үстінде жатқан кітап сияқты «объект» деп атағанымызды қабылдаған кезде, біз бөлек-бөлек сезімтал элементтерден тұратын психикалық процестерді бастан кешкендей боламыз.

Бұлар, біз 2-тарауда егжей-тегжей талқылаған, ағылшын эмпириктері мен ассоцианистер айтқан сенсорлы элементтерге ұқсайды. Бірақ Кант бұл элементтердің мағыналы-мәнді ұйымдастырылуы ассоциацияның механикалық процесінің көмегімен жүзеге аспайды дейді. Керісінше, біздің санамыз қабылдау процесі барысында бірыңғай тәжірибе қалыптастырады. Сондықтан, эмпириктер мен ассоцианистер болжағандай, перцепция сезімтал элементтердің селкөс әсері де емес, комбинациясы да емес, элементтердің келісімді тәжірибенің ішіне кіріп, белсенді ұйымдастырылуы болып саналады. Сөйтіп, сана перцепцияның шикі нәтижелеріне белгілі бір түр мен пішін береді.

Вена университетінде жұмыс істеген психолог Франц Brentano (4-тарауды қараңыз) Вундттың саналы тәжірибесінің жеке құрамдас бөліктер түріндегі түсінігіне қарсы болды және психология түсіну, сезіну процесін зерттеуі тиіс деді. Оның айтуы бойынша, Вундттың интроспекциясында көптеген ойдан шығарылған шектеулер бар, ол пайда болатын әсерлерді тікелей әдістермен бақылауды қолдады. Сөйтіп, Brentano әдісі кейіннен пайда болған гештальт-психологияға жақын болды.

Прага университетінің профессоры Эрнст Мах (1838–1916) өзінің «Сезім-түйсіктерді талдау» (*The Analysis of Sensations*) деп аталатын кітабында гештальт-психологияның пайда болуына тікелей әсер етті. Мах бұл кітабында түйсінулер ретінде әуенге ұқсайтын геометриялық пішіндер мен уақыт құрылымы сияқты кеңістік бейнелерін қарастырды. Осы кеңістік және уақыт түйсінулері жеке элементтерге тәуелсіз болатын. Мысалы, шеңбердің кеңістіктегі пішіні ақ немесе қара, үлкен немесе кішкентай болатын, алайда ол кез келген жағдайда шеңберге тән қасиетті сақтайтын. Ол кез келген жағдайда шеңбер еді.

Махтың пікірі бойынша, біздің нысанды қабылдауымыз оның кеңістік жағдайындағы өзгерістермен байланысты емес. Біз үстелді үстінен қарасақ та, жанынан қарасақ та үстел деп қабылдаймыз. Тура осылай, біздің қабылдауымыздағы әуен жылдам орындалса да, баяу орындалса да, уақыт формасы өзгерсе де, біз үшін әуен болып қала береді.

Мах идеялары Христиан фон Эренфельстің (1859–1932) идеяларында жалғасын тапты. Ол қарапайым түйсінулердің бірігуімен түсіндірілмейтін қасиеттер бар деген болжам айтты. Ол бұл қасиеттерді жеке түйсіну арқылы қабылданбайтын қасиеттер – «гештальт қасиеттері» деп атады. Мысалы, әуенге оның кез келген ырғаққа ауыстырған кезде сақталып қалатын формасының қасиеті тән. Әуен түйсінулерге тәуелді емес.

Эренфельс пен оның ізбасарлары «форманың өзі жаңа бір элемент, оны біздің санамыз құрып, сезім элементтеріміз басқарады» деп санады. Сөйтіп, олардың айтуы бойынша, сана біздің элементарлы түйсінуімізді бір қалыпқа келтірді. Гештальт-психологияның негізін қалағандардың бірі – Прагада Эренфельспен бірге оқыған Макс Вертхаймер. Ол: «Эренфельстің еңбектері жаңа идеялардың дамуына маңызды импульс берді». – деді.

Атомизм идеяларына қарсы шыққан Уильям Джеймстің зерттеулері гештальт-психологияның құрылуына негіз болды. Джеймс сана элементтерін дерексіз ұғымдар ретінде қарастырды. Ол біз нысандарды түйсінулер жиынтығы ретінде

емес, біртұтас дүние ретінде қабылдаймыз деді. Гештальт-психологияның негізін қалаушы – Курт Коффка және Вольфганг Келлер де Карл Штумпфтың студенттері болатын. Олар да Джеймстің еңбектерін зерттеді.

Болып жатқан тікелей тәжірибені дұрыс сипаттау негізіне сүйенетін доктринадан тұратын, неміс философиясы мен психологиясындағы феноменология – гештальт-психологияның пайда болуына әсер еткен тағы бір ғылыми ағым. Онда тәжірибе талданбайды, жеке элементтерге бөлшектенбейді және басқаша жолмен бөлінбейді. Феноменология саналы ойды басшылыққа алатын адамдардың қарапайым әсерлерін зерттеп, белгілі бір ішкі бағыт-бағдары бар, дайындықтан өткен бақылаушылардың алған әсерлерін салыстырады.

Феноменология: тікелей тәжірибе пайда болған мөлшерде оны объективті сипаттауға негізделген білімнің тәсілдемесі, талданбайды және элементтерге бөлінбейді.

Физикадағы «уақыт рухының» өзгеруі

Уақыт рухының білім-ғылым, әсіресе физика саласындағы өзгерісі гештальт-психологияның дамуына айтарлықтай әсер етті. XIX ғасырдың соңғы онжылдығында физиктер атомистика қағидаларын аз қолданып, электр тогы әсерінен туындайтын күштік желілермен қиылысатын кеңістік бөліктерінің күш өрістері идеясына негізделген жаңа концептіге сүйенді.

Күш өрісі: магниттік немесе электр тогы сияқты күштік желілермен өтетін кеңістіктер.

Галилей мен Ньютонның дәстүрлі қағидаларын пайдаланып, түсінуге де, түсіндіруге де қиындық туғызатын құбылыс – магнетизм – осының классикалық үлгісі. Мысалы, біз темір ұнтақтарын астында магниті бар қағазға төтетін болсақ, содан кейін оны абайлап сілкісек, ұнтақтар белгілі бір суретке сәйкес орналасады. Темір ұнтақтар магнитпен жанаспайды, бірақ оның күштік өрісінен әсер алады. Жарық пен электрдің де ұқсас қасиеттері бар. Электрлі-магнитті процестерді зерттеген ғалымдар олардың жеке элементтер мен бөлшектердің жиынтық әсеріне жатпайтын мүлде жаңа құбылыстар екеніне сенімді болды.

Сөйтіп, жаңа психология ғылымының құрылуына қатты әсер еткен атомизм немесе элементаризм идеясы физикада белсенді түрде қайта зерттеле басталды. Физиктер ойлауға өрістер терминдері және физикалық процестердің өзара байланыс бірлігі тұрғысынан қарады. Олардың көзқарастары перцепция мәселесінде ұқсас тәсілдемені жетілдірген гештальт-психологтерге қолдау болды. Гештальт-психологтер ұсынған идеялар жаңа физикада көрініс тапты. Психологтер тарихи тамыры терең жаратылыстану ғылымдарынан асып түскісі келді.

Физика саласындағы жаңа идеялардың гештальт-психологияға әсерінде жеке байланыстардың да ізі байқалады. Келлер заманауи физиканың негізін қалаушылардың бірі – Макс Планкпен бірге оқыды. Келлер Планктың арқасында «физикалық өрістер теориясы мен гештальт-психологиядағы перцепция тұтастығы мәселесі арасындағы байланысты сезіндім» деп жазды. Келлер атомизм идеясына қарсылықтың артқанын және оны кең ұғым беретін өрістер теориясымен алмастыру керек екенін айтты. Ол: «Гештальт-психология психологияның кейбір маңызды тарауларында өріс физикасының қосымшасына айналды», – деп жазды (1969, р. 77).

Ал бихевиоризмнің негізін салған Джон Уильям Уотсон жаңа физикамен жақсы таныс болмаса керек, мінез-құлыққа негізделген редукциялық әдістемемен одан әрі айналыса берді. Ол физиканың атомизм қағидаларымен жақсы үйлесетін ескі көзқараста қалып қойды.

Фи феномені: Вундт психологиясына қарсы шығу

Гештальт-психология 1910 жылы Макс Вертхаймер өткізген ғылыми-зерттеу нәтижесінде қалыптасты. Кезекті демалысқа шығып, Германияда пойызбен саяхаттап келе жатқан Вертхаймердің басына мынадай ой келді: «Біз кейде қозғалыс жоқ кезде оның болып жатқанын қалай байқаймыз?». Ол Франкфуртта пойыздан

түсіп, ойыншық стробоскоп сатып алды да, қонақ үй бөлмесінде өз болжамын тексере бастады. (Қазіргі проекциялық аппараттың ізашары – стробоскоп көрерменге нысанның қозғалысы әсерін беріп, олардағы өзгерістің ретті фазаларының бейнелерін бір мезетке көрсететін құрылғы.) Кейін Вертхаймер Франкфурт университетінде тағы екі психолог – Коффка және Келлермен бірлесіп, осы мәселені терең зерттеді.

Коффка және Келлер сыналушы субъектілер рөлін атқарған Вертхаймердің эксперименті шын мәнінде жоқ қозғалысты, заттардың қозғалып бара жатқандай әсер беретінін қабылдауды зерттеуге арналған. Оны анықтау үшін Вертхаймер қозғалыс «әсері» терминін қолданды. Тахтископты пайдаланып, ол екі кесік арқылы сәуле өткізді, кесіктердің біреуі тігінен орналасып, екіншісі шамамен тік бұрышпен салыстырғанда 20–30 градусқа еніс күйде болды. Егер жарық сәулесін бірінші бір кесіктен, содан кейін ұзақ уақыттан (200 миллисекундтан) соң басқасынан өткізгенде, бақылаушылар сәуленің алғашында бірінші кесіктен, содан кейін екінші кесіктен рет-ретімен пайда болуын көрді. Егер уақыт аралығын қысқартса, бақылаушыларға екі кесік те жарықтанған болып көрінді. Жарық желісі аралықтың онтайлы ұзақтығы кезінде бір кесіктен – екіншіге және, керісінше, 60 миллисекунд шамасында үздіксіз өтіп тұрды.

Бұл сізге айтарлықтай жаңалық емес болып көрінуі мүмкін. Ғалымдардың мұндай құбылыстар туралы білгеніне бірнеше жыл болған, ал кинофильмдердің пайда болғанына он жыл болған. Онда қозғалыс болып көрінетін әсер неліктен революциялық жаңалық ретінде қарастырылды? Оның жауабы мынада: сол кездегі психологтердің Вундт теориясына негізделген көзқарастарына сәйкес, барлық саналы тәжірибе элементарлық сезімтал элементтерге бөлінуі мүмкін.

Онда қозғалыс әсерін беретін қабылдау қалайша екі қозғалмайтын жарық жолақтарындағы жеке элементтердің қосындысымен түсіндіріледі? Бір қозғалмайтын тітіркендіргіш басқасына қосылып, қозғалыс әсерін бере ала ма? Бере алмады. Вертхаймер тәжірибесінің қарапайым идеясы да осы болды. Ол Вундт жүйесімен түсіндіруді керек етпеді.

Вертхаймер өзінің зертханасында эксперименттік тұрғыдан құпталған феномен әдеттегі сезініп-түйсіну тәрізді қарапайым екенін жақсы білді. Дегенмен мұның бір немесе бірнеше қарапайым сезініп-түйсінулерден өзге, ерекше бір құбылыс екенін сезді және оны **фи феномені** деп атады. Вертхаймер сол кезгі психология түсіндіре алмаған фи феноменін қалай түсіндірді? Оның анықтамасы өз эксперименті сияқты қарапайым болды. Вертхаймердің пікірі бойынша, қозғалыс әсерін беретін қозғалыс түсіндіруді қажет етпеді; ол перцепция түрінде ғана бар және қарапайым бөлшектерге бөлінбейді.

Вундт теориясына сәйкес, осы стимулдардың интроспекциясы қатар екі жарық бөлігін қабылдайды, басқа ештеңе де емес. Осыған қарамастан, екі жарық жолағын пайдаланып, тәжірибелік интроспекция жасалса да, жарықтың қозғалыс жолағын кез келген жағдайда бақылау жалғаса берді. Анализ өткізудің басқа талпыныстары сәтсіздікпен аяқталды.

Бүтін нәрсе – жарықтың бір кесіктен екінші кесікке өтіп жатқандай қозғалысы – оның құрамдас бөліктер сомасынан (екі қозғалмайтын жарық сәулесі) өзгеше болды. Сөйтіп, дәстүрлі атомистік ассоцианистер психологияға қарсы шықты.

1912 жылы Вертхаймер «Қозғалысты қабылдаудың эксперименттік зерттеулері» (*Experimental Studies of the Perception of Movement*) атты мақаласында зерттеуінің нәтижелерін жариялады. Осы мақала гештальт-психология ғылыми мектебінің негізі қалануына түрткі болды.

Макс Вертхаймер (1880–1943)

Макс Вертхаймер Прага университетінде заң мамандығын оқығанымен, кейін философия мамандығы бойынша білім алды. Содан соң Берлин университетін-

Фи феномені: екі қозғалмайтын жарықтың бір жерден басқа жерге қозғалып бара жатқан елесі.



МАКС ВЕРТХАЙМЕР

<https://en.wikipedia.org>

де философия мен психология бойынша ғылыми ізденістерін жалғастырды. 1904 жылы Вюрцбург университетінде Освальд Кюльпенің жетекшілігімен докторлық дәрежесін алды. Содан соң Франкфурт университетінде дәріс берді, зерттеу жұмысын жалғастырып, 1929 жылы профессор атағына ие болды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде сунгуір қайықтар мен фортификациялық құрылыстарға арналған есту құрылғылары бойынша әскери зерттеулер жүргізді.

1920 жылдары Вертхаймердің Берлин университетінде жүргізген зерттеулері гештальт-психологияны одан әрі дамыта түсті. Оның бір студенті Вертхаймердің кабинеті ашық қызыл түске боялғанын еске алады. Соған карағанда, Вертхаймер ашық түстерді – қою түстер деп тапса керек. Оның пікірі бойынша, «егер бөлменің түсі сұр немесе жасыл болса, адам жұмыс істей алмайды, ал егер қызыл түс сияқты ашық түспен боялса, жұмыс та жақсы жүреді» (King & Wertheimer, 2005, p. 188).

Вертхаймердің дәріс беру тәсілі де адамның ынтасын оятатын, психикалық бейнелері анық әрі айқын болатын. Кейбір студенттер оны оңай түсінеміз десе, кейбіреулері оның ойы түсініксіз дейтін. Профессордың құлшынысына, ой-сеніміне тәнті болған бір студент Вертхаймердің айтқандарын түсінетін студент бірен-саран деп есептеді. «Вертхаймерді түсіну үшін мен апта сайын оның екі немесе үш лекциясына қатысып, жарты жыл уақытымды жұмсадым. Оны түсіне бастаған кезде қатты таңғалдым. Барлығы өзгерді, менің өмірге деген көзқарасым өзгерді. Кенет өмірімдегі барлық нәрселер ашық жарқын түске айналып, өмірім мәнді бола бастады» (King & Wertheimer, 2005, p. 171).

Сол бір студенттің өмірі айтарлықтай өзгеріске ұшырады. 22 жасында ол 43 жасар профессорына (профессор оған өзінің жұмысбасты адам екенін айтып ескертсе де) күйеуге шықты. Макс әйеліне былай деді: «Мынаны үнемі есте сақтаңыз. Мен әрқашан жұмыс орнымда боламын. Әрдайым жұмыс істеп отырамын. Мен гештальт теориясын ойлап табуым керек» (King & Wertheimer, 2005, p. 172). Вертхаймер ештеңені дабырайтып айтпайтын еді.

Курт Гольдштейн және Ганс Груленің қолдауымен Вертхаймер, Коффка және Келлер 1921 жылы гештальт-психология мектебінің ресми басылымына айналған «Психологиялық зерттеулер» (*Psychological Research*) журналының негізін қалады. 1938 жылы фашистік үкімет оның басылымын тоқтатып тастады, ал 1949 жылы басылым қайта жанданды.

1933 жылы Гитлер Германиядағы билік басына келгенде, Вертхаймер фашистік Германиядан қашқан босқын ғалымдардың бірі болып, Нью-Йоркке көшіп келді. Ол өзін әлеуметтік зерттеулердің жаңа мектебімен байланыстырып, мұнда өмірінің соңына дейін жұмыс істеді. Америкада өмір сүрген жылдары жемісті болғанымен, ол жаңа тіл мен мәдениетке әрең бейімделді.

1994 жылы, Германиядан гештальт-психологтер кеткеннен кейін 60 жыл өткен соң, Франкфурт университеті Макс Вертхаймердің лекциялар топтамасын жинастырды. Оның ұлы – сол кездегі атақты америкалық психолог Майкл әкесі сабақ берген залда әкесінің құрметіне дәріс оқыды (King & Wertheimer, 2005).

Макс Вертхаймер жас психолог Абрахам Маслоуға қатты әсер етті. Маслоу Вертхаймердің жеке қасиеттерін зерттей бастады. Вертхаймерді бақылау нәтижесінде Маслоу өзін-өзі маңызды ету тұжырымдамасын жетілдіріп, 14-тарауда көретініміздей, гуманистік психология мектебін құрды.

Курт Коффка (1886–1941)

Берлинде дүниеге келген Курт Коффка гештальт-психология өкілдерінің ішіндегі ең тапқыры еді. Ол Берлин университетінде білім алды. Психологияны Карл Штумпфен бірге зерттеп, 1909 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Кейінгі жылдары Коффка Вертхаймердің ойын жалғастырды. Коффка былай деп жазады:

«Біз бір-бірімізді жақсы көретінбіз, ортаққұлшыныспен жұмыс істедік, алған біліміміз де бірдей, бір-бірімізбен күнде кездесіп, күнде әңгімелесетін едік... тәжірибе өткізгендегі әсерді (мен әлі де сезінетіндеймін)... оның [Фи феноменінің] маңызын түсіндік... Қазір ол бәріне түсінікті әрі оны біз психологияға енгіздік» (Ash, 1995, pp. 120, 131).



<https://www.britannica.com>

КУРТ КОФКА

Келлер көп жылдан соң былай деп жазды: «Коффа өте тәкаппар болатын. Оның бірденеден қорыққанын ешқашан көрмедім. Біреулерге сенімді дос болды. Барлығы оны әділетті, жомарт жан деп білетін» (1942, p. 101).

Коффа 1911 жылы Франкфурттен 40 милль қашықтықта орналасқан Гисен университетіне жұмысқа тұрып, 1924 жылға дейін осы жерде қызмет етті. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде психиатриялық клиникада миына зақым келген науқастарды емдеді.

Соғыстан кейін, америкалық психологтер гештальт-психологияның танымалдығы арта бастағанын түсінген кезде, Американың «Психологиялық бюллетень» (*Psychological Bulletin*) деп аталатын журналына «Перцепция: гештальт-теориясына кіріспе» (*Perception: An Introduction to the Gestalt-Theorie*) аталатын мақала жазды (Коффа, 1922). Онда гештальт-психологияның іргелі ұғымдарын маңызды зерттеу нәтижелерімен қатар таныстырды. Ол АҚШ-тағы психологтер үшін гештальт қозғалысын жан-жақты түсіндірген алғашқы мақала болса да, оның пайдасынан зияны көп болды.

Тақырыптағы «перцепция» сөзі гештальт-психологтер психологияның басқа салаларымен айналыспайды деген жаңсақ пікірлер қалыптастырды. Макс Вертхаймер 1925 жылы гештальт-психология перцепциямен ғана байланысты деу «кеңінен таралған қате пікір» деп жазды (quoted in King, Wertheimer, Keller, & Crocheteire, 1994, pp. 1–2). Шын мәнінде, гештальт-психология когнитивті процестер, ойлау, оқытып-үйрету және саналы тәжірибенің басқа аспектілерімен айналысты. Макс Вертхаймер гештальттың перцепцияға бағытталған бастапқы көзқарасын былай түсіндірді:

«Гештальт-психологтердің өз жарияланымдарын перцепция тақырыбы төңірегінде шоғырландыруының басты себебі «уақыт рұхымен» байланысты. Сезіну мен қабылдау зерттеулері нәтижелеріне көп сүйенген гештальт-психологтер Вундттың осы теориясына қарсы шықты. Сөйтіп, олар Вундтқа өз қамалында шабуылдау үшін перцепцияны таңдады» (1979, p. 134).

1921 жылы Коффа Германияда және АҚШ-та танымал болған бала психологиясының дамуы туралы «Ақыл-ойдың толысуы» (*The Growth of the Mind*) атты кітабын жариялады. Коффа Корнелл университетінде және Висконсин университетінде шақырылған профессор ретінде сабақ беріп, 1927 жылы Массачусетс штатының Нортгемптондағы Смит колледжіне профессор болып тағайындалды. Ол 1941 жылға дейін осы университетте жұмыс істеді. Ал 1935 жылы «Гештальт-психология қағидаларын» (*Principles of Gestalt Psychology*) жариялады. Түсінуге қиын болғандықтан гештальт-психологияның негізгі оқулығы бола алған жоқ.

Вольфганг Келлер (1887–1967)

Вольфганг Келлер гештальт қозғалысының ең үздік таратушысы аталады. Оның аса ұқыптылықпен және дәлдікпен жазылған кітаптары гештальт-психология турасындағы ең негізгі еңбектер болып саналады. Келлердің физика бойынша Макс Планкпен бірге жүргізген жұмыстары психологияның физика саласымен бірігуі тиіс екенін дәлелдеп, гештальт (бейне) ұғымы физикада ғана емес, психологияда да бар дегенді айтты.

Ол Эстонияда дүниеге келген. Бес жасында оның отбасы Германияның солтүстігіне көшіп барады. Ол Тюбингенде, Боннда және Берлинде университеттік

білім алып, 1909 жылы Берлин университетінде Штумпфтың жетекшілігімен докторлық дәрежесін қорғады. Ол Вертхаймерден және оның ойыншық стробоскопынан бұрын Франкфурт университетіне оқуға түсті.

Келлер 1913 жылы Пруссия Ғылым академиясының шақыруымен шимпанзелерді зерттеу үшін Африканың солтүстік-батыс жағалауына. Канар аралдарындағы Тенерифке барды. Тенерифке келгеннен кейін, 6 ай өткенде, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталып, Келлер еліне орала алмайтынын хабарлады (басқа неміс азаматтары соғыс жылдары елдеріне оралды).

Өзінің тарихи мағлұматтарына сүйене отырып жасаған бір психологтің болжамы бойынша, Келлер неміс тыңшысы болған, тыңшылық қызметті зерттеу жұмысымен бүркемелеген (Ley, 1990). Сонымен бірге оның үйінің жоғары қабатында күшті радиотаратқыш жасырылған және Келлер оны одақтастардың кемелері туралы ақпарат жеткізу үшін қолданған.

2006 жылы америкалық психолог Келлер тұрған үйді барып көріп, үйдің «жартас үстінде орналасқанын, Атлант мұхитын тамашалауға арналған жақсы орын» екенін байқайды. «Егер ол құпия таратқышты қолданған болса, онда бұл жер бақылау үшін ең қолайлы орын болған» (Johnson, 2007, p. 907). Алайда осы болжамдарды растайтын дәлелдер болмаған (Luck, 1990).

Келлердің тыңшылықпен айналысқаны туралы нақты дәлел жоқ, алайда ол жеті жыл бойы аралда шимпанзелердің мінез-құлқын зерттегені анық. Ол өзінің жүргізген жұмысына байланысты «Маймылдар менталитеті» (*The Mentality of Apes*) атты кітабын (1917) шығарды. 1924 жылы бұл кітап екінші рет басылып, ағылшын және француз тілдеріне аударылды. Бастапқы кезде ол шимпанзелерді зерттеуді қызықты деп тапса да, кейін жануарлармен жұмыс істеуден зерікті. Ол былай деп жазады: «Маймылдарды күнде-күнде бақылап, екі жыл бойы жұмыс істеу адамның өзін шимпанзе сияқты етіп жібереді, осы себепті жануарлардың мінезіндегі қандай да бір нәрсені тез аңғару қабілеті азаяды. қиындай түседі» (cited in Ash, 1995, p. 167).

Келлер 1920 жылы Германияға оралды. Шимпанзелерін Берлин зообағына сатты, алайда олар ауа райының өзгеруіне шыдай алмай, көп ұзамай өліп қалды.

Ол екі жыл өткен соң Штумпфтың орнына Берлин университетінің профессоры болып тағайындалды. Мұндай атақтың берілуінің басты себебі – «Статикалық және стационарлы физикалық гештальттар» (*Static and Stationary Physical Gestalts*) атты кітабының жарық көруі. Келлердің пайымдауы бойынша, гештальт-теория – барлық ғылымдарға таралуы тиіс табиғаттың жалпы заңы.

1920 жылдардың ортасына таман ажырасып, дәулетті шведтің студент қызына үйленді, содан соң алғашқы отбасынан қалған төрт баласымен араласқан емес. Алпыс жыл өткен соң, екінші әйелі ғалымның жалпы үйленуге қарсы болғанын айтады. Келлер үйленуді «бостандықтан айырылу» деп есептеп, отбасылық өмірді ұнатпаған. Оның пікірінше, «әрбір адамның бостандығы болуы керек» (quoted in Ley, 1990, p. 201). Кейін Келлер қолы дірілдейтін ауруға шалдықты, онысы көңіл күйі бұзылғанда анық байқалатын. Зертханадағы көмекшілері Келлермен амандасқанда, қолының діріліне қарап, көңіл күйін білетін.

Келлер 1925–1926 оқу жылында Гарвард және Кларк университеттерінде дәріс оқыды, сонымен қатар студенттерге танго үйрететін. 1929 жылы «Гештальт-психология» (*Gestalt Psychology*) деп аталатын іргелі үлкен еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте гештальт қозғалысы туралы егжей-тегжейлі баяндалған.

Ол 1935 жылы фашистік Германиядағы үкіметпен келісе алмай, елінен көшіп кетті. Өзінің дәрістерінде саяси режимді сынға алғаннан кейін, фашистік жеңдеттер оның дәрістеріне баса-көктеп кіріп, қоқан-лоқы көрсетті. Алайда ол мұндай әрекеттерден қорықпады, содан оны өлім жазасына кесу қаупі туды. Ол Берлин газетіне батыл түрде мәлімдеме-хат жариялап, неміс университеттеріндегі еврей оқытушыларды жұмыстан шығарған фашистік үкіметке өз наразы-

лығын білдірді. Хат кешкілік газет бетінде жарияланды, ғалым өзін және оның достарын гестапо адамдары алып кетеді деп күтті. Бірақ олар сол күйі келмеді.

Келлер еврей ғалымдарды жұмыстан шығаруға ашық түрде қарсы болған жалғыз неміс психологі еді (see Geuter, 1987). Студенттер мен оқытушылардың көбі фашистік үкіметтің саясатын әу бастан-ақ құлшыныспен қолдады. Бір факультет мүшесі Адольф Гитлерді «ұлы психолог» деп атаған болатын, тағы бірі «көреген дана және өте терең ойшыл» деп сипаттады (quoted in Ash, 1995, p. 342).

Неміс психология қоғамының көшбасшылары фашистік режимді қолдап, олар журналдардағы еврей редакторларын түгелдей жұмыстан шығарды. Гитлерге табынды. Қоғамдық кездесулерде еврейлердің «қара күш иелері» екендігі туралы айтып отырды (Mandler, 2002b, p. 197).

Келлер АҚШ-қа көшіп кеткеннен кейін Пенсильваниядағы Суортмор колледжінде сабақ берді. Сол жерде бірнеше кітабын жарыққа шығарды. «Психологиялық зерттеу» (*Psychological Research*) гештальт журналының редакторы болды. 1956 жылы АПҚ-ның «Ғылымға қосқан ерекше үлесі үшін» сыйлығының иегері атанды, ал 1959 жылы АПҚ президенті болып сайланды.

Гештальт революциясының табиғаты

Гештальт психологтерінің идеялары неміс психологиясының қалыптасқан академиялық дәстүрлеріне қарама-қайшы еді. АҚШ-та Вундттың теориясы мен Титченердің структурализміне қарсылық әлсіз болатын, өйткені функционализм Америка психологиясына түпкілікті өзгерістер енгізіп үлгерген еді. Мұндай өзгерістер Германияда болмаған. Сондықтан гештальт теориясы туралы сөз болғанда, оған ешкім де аса мән бермеген. Барлық зиялы революционер-көшбасшылар тәрізді, гештальт қозғалысының мүшелері ескі көзқарасты толығымен өзгертуді талап ететін еді. Келлер былай деп жазды:

«Біз өзіміз ашқан жаңалыққа қатты толқыдық, одан кейін де табылуы тиіс деректерді асыға күттік. Бұл бізді қанаттандырған қарапайым жаңалық емес еді, біз өзімізді еркін сезіндік, түрмеден шыққандай әсер алдық. Ал университеттерде оқытылатын психология біз үшін түрме сияқты көрінді, біз оны студент кезімізде түсіндік» (1959, p. 728).

Перцепцияның константтықтары

Вертхаймердің «қозғалып тұрған сияқты» нысанды қабылдауға байланысты тәжірибелерінен соң, гештальт-психологтер өзге де перцепция құбылыстарына назар аудара бастады. Перцепцияның константтығына байланысты жүргізген тәжірибелері олардың ғылымдағы орнын күшейтуге сеп болды. Мысалы, терезенің қарсы алдында тұрсақ, көз торламасына тікбұрышты бейне жобасы түседі, ал егер бір жақ шетіне тұрсақ, көз торламасындағы бейне трапеция тәріздес болып өзгереді, ал бірақ біз терезені сол тікбұрыш ретінде қабылдай береміз. Яғни сенсорлық құралдарымыз өзгеріске ұшыраса да (көз торламасында проекцияланатын бейне), біздің терезені қабылдауымыз тұрақты күйінде қала береді.

Сол сияқты, жарық пен көлемнің тұрақты сенсорлық элементтері өзгеруі мүмкін, алайда қабылдау өзгермейді. Демек, перцепция тәжірибесіндегі көзге көрінетін қозғалыс жағдайындағыдай, бұл жағдайда біртұтастық және жақсы деңгейдегі сапа бар дегенді білдіреді. Ал осы сапа ешбір компоненттерде жоқ. Сонымен, бұл жерде сенсорлық стимуляцияның сипаты мен іс жүзінде пайда болған қабылдау сипаттамалары арасында айырмашылық болады. Қабылдауды жай ғана элементтер жиынтығы немесе жекелеген бөлшектердің жалпы саны деп түсіндіруге болмайды.

Перцепциялық (қабылдау) константтылық: сенсорлық элементтер өзгерсе де, қабылдаудағы біртұтастық өзгермейді.

Перцепция (қабылдау) – толық әрі біртұтас нәрсе. Гештальт және оны талдау немесе бөлшектерге бөлу біртұтастықты жойып жібереді.

«Элементтерді зерттеуден бастап сәтсіздікке душар етеді, өйткені олар – бейне мен абстракция нәтижелері және олар – тікелей тәжірибе арқылы алынған өнімдер. Гештальт психологиясы қарапайым перцепция теориясы мен жедел тәжірибеге оралуға тырысады, одан жекелеген элементтер жиынтығын емес, біртұтас толық дүниелер көреміз дегенді шегелеп айтады; түйсіну мөлшерін емес, ағаштарды, бұлттар мен аспанды көреміз дейді. Мұны растау үшін олар кез келген адамды тәжірибеге шақырып, өзін қоршаған ортаға жай ғана көзін ашып қарауды өтінеді» (Heidbreder, 1933, p. 331).

Анықтама беру мәселесі

«Гештальт» сөзі көп пікірталас тудырды. Функционализм мен бихевиоризмге қарағанда, бұл термин теорияның нақты немен айналысатыны туралы мәлімет бермейді. Сондай-ақ ағылшын тілінде дәл балама аудармасы жоқ. Соған қарамастан, ол психологияның жиі қолданылатын терминдерінің біріне айналды. Оның «форма», «пішін», «конфигурация» деген жиі қолданылатын баламалары бар.

Келлер «Гештальт-психология» (*Gestalt Psychology*) деген кітабында (1929) бұл сөз неміс тілінде екі түрлі мағынасында қолданылатынын айтады. Бірінші мағынасы – пішін немесе нысанның қасиеті дегенді білдіреді. Бұл мағынасында гештальт нысанның бұрыштық немесе симметриялық деген ұғымдарымен сипаттала алатын жалпы қасиеттеріне жатады және үшбұрыштық тәрізді ерекшеліктерін геометриялық пішінмен немесе әуеннің екпінмен сипаттайды.

Екінші мағынасы біртұтас және нақты болмысты білдіреді. Осы мағынасында бұл сөз «үшбұрыштық» дегеннен гөрі, үшбұрыштың өзіне қатысты бола алады.

Сонымен «гештальт» сөзі нысанға да, оған тән ерекшеліктерге де қатысты қолданылатын термин болып шықты. Сонымен қатар термин тек визуалды немесе тіпті сенсорлық саламен ғана шектелмеген. Ол зерделеуді, ойлауды, эмоция мен мінез-құлықты да қамти алады (Köhler, 1947). Жалпы алғанда, гештальт-психология өкілдері психологияның барлық салаларын қамтығысы келді.

Перцепцияның гештальт қағидалары


Вертхаймер 1923 жылы жарық көрген еңбегінде гештальт психологиясы мектебінің перцепция құрылымының қағидаларын түсіндірді. Ол «біз нысандарды жекелеген түйсінулердің жиынтығы емес, «қозғалып тұрған сияқты» нысандай, яғни біртұтас күйінде қабылдаймыз» деді. Бұл гештальт қағидалар шын мәнінде біздің айналамыздағы әлемді ұйымдастыру және жіктеу қағидаларымен бірдей.

Ең негізгі белгісі: перцепция әрдайым біз түрлі пішіндер мен үлгілерді естіп-көргенде бірден туындайды. Перцепциялық өрістің бөлшектері өзара бірігіп, жалпы фонда ерекшеленіп тұратын құрылым жасайды. Перцепциялық құрылым – тосын және міндетті түрде болатын жағдай, ол біз естігенде де, көргенде де туындайды. Ассоцианистердің пікірі бойынша, әдетте, біз үлгілерді пішіндеуді үйренуге міндетті емеспіз, алайда кейбір жоғары деңгейдегі перцепция, мысалы нысандарды атымен атау, үйренуге тәуелді.

Гештальт теориясы бойынша, ми – динамикалық жүйе және оның барлық элементтері белсенді, белгілі бір уақытта бір-бірімен белсене араласады. Мидың визуалды аймағы жекелеген визуалды кіріс нысандарына жеке өзі ғана жауап бермейді, ол бұл элементтерді ассоциацияның өзге де механикалық процестерімен байланыстыра қабылдайды. Бір-біріне қасиеттері ұқсас элементтер бірігуге жақын, ал әртүрлі қасиетті элементтер бірікпейді.

Кейбір перцепциялық құрылымдар тізімделген (304-бетте) және 12.1-суретте көрсетілген.

12.1-СУРЕТ. ПЕРЦЕПЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ



1. **Жақындық.** Уақыт және кеңістік жағынан бір-біріне жақын орналасқан бөлшектер біріктіріліп қабылдануға жақын. 12.1 (а)-суретте бір үлкен топтама емес, үш қос бағанадағы шеңберлерді көресіз.
2. **Үздіксіздік.** Біздің перцепциямызда бағытқа еру, элементтерді байланыстыру үрдісі бар, бұл оларды үздіксіз әрі бір бағытта бір-біріне байланыста етіп көрсетеді. 12.1 (а)-суретте сіз кішкентай шеңберлердің бағанасын бақылауға бейімсіз.
3. **Ұқсастық.** Мұндай бөлшектер бірігуге, топ құруға бейім. 12.1 (ә)-суретте шеңберлер мен нүктелер орналасқан, сіз оларды біріктірген, бірдей күйінде қабылдауға бейімсіз.
4. **Аяқтау.** Біздің перцепциямызда тағы бір мынадай үрдіс бар, біз аяқталмаған нәрсені аяқталған күйінде көруге бейімбіз. 12.1 (б)-суретте пішіндер аяқталмаса да, оларды үш шаршы ретінде қабылдаймыз.
5. **Қарапайымдылық.** Жағдай қолайлылығына қарай, біз пішіндерді барынша сәйкестеп қарауға тырысамыз. Гештальт-психологияда мұны *прагранц* немесе *жақсы форма* деп атайды. Жақсы гештальт симметриялы, қарапайым және тұрақты, ол одан әрі қарапайым немесе одан әрі жақсы болмайды. 12.1 (б)-суреттегі пішіндер жақсы гештальттар, себебі олар анық және аяқталған түрде қабылданады.
6. **Пішін-фон.** Біз перцепциямызды нысан (пішін) мен оның артындағы планы (фонды) көретіндей етіп ұйымдастыруға бейімбіз. Сонда пішін бізге жақсырақ байқалады, ол фонның арқасында айқындалып тұр. 12.1 (в)-суретте пішін мен фон реверсті бейне болып тұр, сіз перцепцияңыз қалай қалыптасқанына қарай, екі бет-әлпетті немесе құмыраны көре аласыз.

Перцепцияның бұл принциптері біздің жоғары деңгейлі менталды процесстеріміз бен өмірлік тәжірибелерімізге байланысты емес, олар біз қарап-қабылдайтын нысандарда өздігінен, өз бетінше тұр. Вертхаймер оларды перифериялық (көмекші, қосымша) факторлар деп атады. Дегенмен ол ағзадағы орталық фак-

торлардың перцепцияға әсер ететінін мойындады. Мысалы, тану мен қарым-қатынастың жоғары деңгейлі менталды процестері перцепцияға әсер етуі мүмкін. Жалпы алғанда, негізінен, гештальт-психологтері зерттеу мен тәжірибе әсерлеріне қарағанда, перифериялық факторларға көп көңіл бөлді.

Үйренуге қатысты гештальт зерттеулері: қырағылық және маймылдар менталитеті

Келлердің (1913–1920) ұзақ уақыт бойы Тенериф аралында қалып, шимпанзелерді зерттегенін білеміз. Ол маймылдардың қандай да бір мәселені шешу қабілеттерін тексерді. Аталған зерттеулер жануарлар отырған тордың ішінде және сол торлардың айналасындағы аумақтарда жүргізілді. Пайдаланылған құралдар қарапайым болды, олар: торлар, банандар, банандарды алуға арналған таяқтар және тордың төбесіне бекітілген жемістерді алуға арналған жәшіктер. Гештальт бағытындағы перцепция көзқарасымен қаруланған Келлер өзінің жануарлармен жүргізген зерттеулерінің нәтижелерін біртұтас жағдайда және ынталардың арақатынасы тұрғысынан сипаттады. Оның пікірінше, мәселені шешу қабілеті перцепцияны қайта құрылымдауға қатысты еді.

Бір зерттеуінде тор сыртындағы бананға жіп жалғанды, жіп маймылға дейін тартылды. Маймыл бананды торға кіргізуі тиіс еді. Маймыл көп ойланбастан, бананды торға тартып алды. Келлер жануарға «бұл тапсырма оңай болды, ол не істеу керек екенін тез түсінді» деген шешімге келді. Бірақ торға қарай бірнеше жіп тартылғанда, маймыл қай тізбектің ұшында банан бар екенін және қай жіпті таңдайтынын бірден шеше алмаған. Келлер маймылдың бұл мәселені шешуі «о бастан ойланбаған, саналы болмаған, байыппен қаралмаған» деген ойға келді.

Келесі бір экспериментте жеміс тор сыртындағы шимпанзенің қолы жетпейтіндей жерге қойылды. Егер таяқ тордың жанында, жемістің тура алдында жатса, жануар оны бір жағдайдың аясында қабылдайды да, таяқты бірден алып, бананға қол жеткізуге пайдаланар еді. Егер таяқ тордың артқы жағына қойылса, онда жеміс пен таяқты бір жағдайдың бөлігі ретінде қарастыру қиынырақ болады. Осы жағдайда, мәселені шешу үшін перцепция өрісін қайта құрылымдау қажет.

Басқа бір экспериментте банан тор сыртына, қол жетпейтін жерге, екі бамбук таяғы тор ішіне қойылды. Таяқтар қысқа болғандықтан, жеке қолданса, бананға бәрібір қол жеткізе алмайтын еді. Жемісті алу үшін екі таяқты (ұштарын бір-біріне біріктіру арқылы) бір-біріне жалғау керек еді. Сонда оның ұзындығы бананды алуға жететін. Осы арқылы жануар екі таяқтың арасындағы жаңа байланысты визуалдауы қажет болатын.

Келлердің кітабынан келтірілген келесі жолдарда оның шимпанзелерге жүргізген эксперименттері мен бақылау жазбалары беріледі. Келлер шимпанзелердің тамақты алу барысында құралдарды қолдануды үйренгенін баяндайды. Мұнда эксперименттер арқылы шимпанзелердің ынта нысаны – жемісті тордың төбесінен алу үшін жәшіктерді қалай пайдаланғаны айтылады.

Келлердің өзі жүргізген зерттеу жұмыстарын қарапайым тілмен түсіндіре білетіні назар аудартады. Ол шимпанзелердің жеке тұлғалары мен олардың ерекше қасиеттерін бақылады. Ресми эксперименттік жоспарды немесе белгілі бір өлшемдерді ұстанған жоқ, қатаң түрде жүргізілген эксперименттік емдеу де, бақылаушы топ та болмады, статистикалық талдау да жасалмады. Келлер алдын ала ұйымдас-тырылған зерттеу кезінде жануарлардың реакциясын бақылап, соны сипаттады.

Түсініктеме

Инсайт: тосыннан, кенет түсіну.

Келлер «Тенериф аралындағы зерттеу нәтижесі инсайттың бар екенін, яғни бұрын беймәлім өзара байланыстарды кенет түсіну мен аңдаудың бар екенін дәлелдейді» деді. Сұлтан көптеген ұмтылыстардан кейін мәселені ұқты. Ол төбеде



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

Вольфганг Келлердің гештальт-психология турасындағы «Маймылдар менталитеті» (*The Mentality of Apes*) еңбегінен (1927) үзінді

Вольфганг Келлер¹

Шимпанзелерде жоғарыда орналасқан нысандарды алуға көмектесетін арнайы құралдар мен бейімделу заттары немесе құрылыс материалдары жоқ. Алайда олар, егер аталған жағдайлар туындаса және қолдарында материал болса, оны пайдаланып, қажетті жерге қол жеткізуді үйрене алады.

Ересек шимпанзе мұндай құрылым барысында, шын мәнінде, қиындықтарға тап болатынын көп жағдайда ұмытып кетеді. Өйткені олар құрылыс материалының екінші бөлігін біріншісіне біріктіру біріншісін жерге қойғанмен бірдей, жай ғана бір қимылды қайталау деп түсінеді. Яғни бірінші жәшікті жерге қойғанда, жәшіктің беті ол үшін жер беті болып қана қала береді, сондықтан да құрылыс процесіндегі үйренетін жалғыз факторы – көтерілу фактісі. Демек, бұл жерде құрылыс барысында жануарлар абайлап қозғала ма, жәшіктерді қалай болса солай ұстай ма, қоя ма және т.б. сұрақтар туындайды.

Сұлтанның құрылыс салудағы бірінші ұмтылысы туралы жазылған толық мәліметті бергеннен кейін, тағы бір қиындықтың бар екені белгілі болды: Сұлтан (ең ақылды шимпанзе) алғаш рет екінші жәшікті алып, оны әрі-бері сілтеп біраз тұрды, алайда бірінші жәшіктің үстіне қойған жоқ. Екінші ретте ол жәшікті алып, еш ойланбастан бірінші жәшіктің үстіне қойды, алайда жәшікті тігінен қойғандықтан, оның биіктігі жоғарыда ілінген жемісті алуға жетпеді.

Эксперимент бірден әрі қарай жалғасты, нысан төбенің ойыс жақ шетінде шамамен екі метрдей биіктікте ілулі тұрды, ал Сұлтан өзінің құрылысын ескі орнынан қозғамады. Сұлтанның бірінші ұмтылысынан түк шықпағаны алаңдатты, себебі ол ұзақ уақыт бойы жәшіктер туралы мүлде ұмытып, тіпті мән бермей қойды, әдетте ол жаңа шешім тауып, оны тез арада қайталайтын.

Әрі қарай экспериментте қызықты жағдай болды: жануар бұрынғы әдістеріне жүгіне бастады. Күтушісін қолынан тартып, объект ілінген жерге ертіп апаруға тырысатын әдетімен, мені де солай апаруға тырысты, бірақ онысынан түк шықпады. Егер Сұлтан тағы да солай қайталаса, күтуші оның айтқанын істеуі тиіс болатын. Бірақ ол күтушінің арқасына шығып, оны тізерлеп отыруға ыңғайлады.

Біреу сөткен соң мына көрініс орын алды: Сұлтан адамның иығына шықты, содан кейін оны нысан тұрған жерге қарай тартқылады, күтуші тізесін бүкті. Жануар иықтан түсіп, ренжіді, содан кейін оны екі қолымен тартқылап, күтушіні тік тұрғызуға тырысты. Адамды құрал ретінде қолданып, жұмыс істеудің қызықты жолы!

Сұлтан шешімді өздігінен тапты. Біз ойлағанның басқаша әрекетке көшті. Соған байланысты енді жәшіктерге қарамай қойғандықтан, оған көмек беру жөн деп шештім. Мен Сұлтан үшін жәшіктерді тура нысанның астына апарып, бірінің үстіне бірін қойдым да, оның нысанды алуына мүмкіндік бердім.

Сұлтанның күтушіні тік тұрғызуға тырысқанын айтып өтуім керек. Түсінбестік орын алмасын деп, рәсім барынша дәл сипатталды. Бұл бір-ақ рет болған мысал деген күдік туындамас үшін (Сұлтан мені және күтушіні тек бір рет емес, үнемі баспалдақ ретінде қолданғысы келді), мен осыған ұқсас тағы бірнеше жағдайдың қысқаша сипаттамасын келтіріп өтейін.

Сұлтан тордың сыртында және қол жетпейтін жерде тұрған нысанды ала алмады; мен тордың ішінде, оның жанындамын. Ол бірнеше рет әртүрлі ұмтылыс пен іс-әрекеттер жасағаннан кейін маған келді. Маған жармасып, торға қарай жетеледі. Бар күшімен қолымды төменге тартып, өзі иығыма шыққысы келгенін білдірді. Сосын қолымды тордан шығарып, нысанды алғысы келді. Менің келмейтінімді білген соң, күтушіге барып, тура солай істеуге тырысты.

Біраздан соң ол осы іс-қимылын тағы бір рет қайталады, бір ғана айырмашылығы: бірінші – жалынып, мені тордың жанына шақырып алды, мен бұл кезде тордың сыртында едім. Мен қатты қарсылық көрсеттім, жануар қатты жалынып, мен қолымды нысанға апарғанша тыныштық бермеді, алайда мен оның қалағанын орындамадым, яғни жемісті тор ішіне екеліп бермедім (бұл келешек эксперименттерге қажет болған соң жасалды).

Қатты ыстық болған бір күні жануарлар су ішуді ұзақ күтті, осы кезде олар күтушінің қолынан, аяғынан, тізесінен ұстап алып, оны тордың ар жағына – әдетте су тұратын құмыра жақтағы есікке қарай итермеледі. Біраздан соң бұл тіпті әдетке айналып кетті; егер күтуші оларға банан беріп, тамақтандыруға тырысса, Чика оның қолынан жемістерді асықпай алып, шетке қарай қойып, оның өзін есікке қарай итермелейтін (Чика үнемі шөлдеп жүретін).

Осындайды көріп, шимпанзелерді ақылы жоқ және түк сезінбейтін жануарлар деп есептеу қате болар еді. Жануарлардың адам денесін жақсы сезінетінін атап өтуім қажет, әсіресе, егер адам ешқандай пальто кимей, жейде мен шалбар ғана киіп, жергілікті киім кию үлгісінде жүрсе. Егер оларға бір нәрсе бейтаныс бола қалса, олар соны қызыға зерттей жөнеледі, мысалы адамның киім киісі немесе сырт келбеті өзгерсе (мысалы, сақал пайда болса), Гранде мен Чика бірден соны анықтаумен айналысып кетеді.

¹ В. Келлердің «Маймылдар менталитетінен» алынды (135–172-бб.). 1927, Лондон: Роутледж және Кэган Поль

Сұлтанға көмек бергеннен кейін, жәшіктер біразға дейін ұмыт қалды. Төбеге тағы да жаңа нысан ілінді. Сұлтан екі жәшікті де ойланбастан барып алды да, бірінің үстіне бірін қойды, алайда ол оны өзіне алғашқы эксперимент жасаған – нысан ілінген және өзі жәшіктерді қаластырған жерге апарып қойды. Жәшіктерді құрылыс жасауға қолдану жөнінде өткізілген жүз шақты эксперименттің ішіндегі ең ақымақ әрекеті осы болатын.

Сұлтан осының берін жасай жүріп, әбден шатасты және шаршады, себебі эксперимент ыстық жерде² бір сағаттан артық уақытқа созылды. Сұлтан ешқандай мақсатсыз жәшіктерді бірінің үстіне бірін қойып жүріп, ақыры нысанның астына қойды; Сұлтанның нысанға қолы жетті және оған кетуге рұқсат етілді. Мен оның мұндай қорыққан және есі шыққан сәтін алғаш көруім.

Келесі күні басты қиындық неде екені түсінікті болды. Сұлтан бір жәшікті нысанның астына апарып қойды, алайда екіншісін әкелуге ақылы жетпеді. Ақырында, біз оған жәшіктерді бірінің үстіне бірін қойып бердік, сосын ол нысанды алды. Төбеге ілінген жаңа банан (бұрынғы құрылғы бұзылды) оған ой салған жоқ. Ол күтушіні баспалдақ ретінде қолдануға тырысуын жалғастыра берді, біз тағы да құрылым жасап бердік. Үшінші нысанның астына Сұлтан жәшікті апарып қойды, келесі жәшікті соның жанына қойды, ол осы бір шешуші сәтте тоқтап қалды. Қатты абдырап тұрғаны білінеді. Екінші жәшікті ұстаған күйде төбеге нысанға қарап-қарап қояды. Кенет сол екінші жәшікті бірінші жәшіктің үстіне қойды. Ұзаққа созылған сенімсіздік пен әрі-сәрі іс-әрекеттен кейін оның кенет батыл қимылдауы таңғалдырды.

Екі күн өткен соң эксперимент тағы қайталанды; нысан жаңа жерге ілінді. Сұлтан жәшікті нысанның астына сәл қисығырақ орналастырды, сосын нысаннан көз алмаған күйі екінші жәшікті алып келе жатып, оны қолынан түсіріп алды. Тағы басқа бірнеше іс-әрекеттен соң (төбені жағалай өрмелеу, бақылаушыны тартқылау) қайтадан құрылыспен айналысуға кірісті. Ол бірінші жәшікті асықпай дәлдеп нысанның астына орналастырды, екіншісін орналастыру үшін көп еңбек етті, біресе айналдырады, біресе қисайтады, сосын оны ақырында жәшіктің үстіне қойды, алайда екінші жәшік қисық әрі орнықсыз қойылды. Сұлтан жәшіктердің үстіне шығып бара жатып, жәшіктермен бірге құлады.

Әбден шаршаған ол бөлменің бір бұрышында екі жәшік пен нысанға қарап біраз жатты. Біршама уақыт өткен соң бір жәшіктің үстіне шығып, нысанды алуға тырысты, сосын секіріп түсіп, екіншісін алып дәлдеді, біраз уақыт қиналғаннан кейін, ақырында, оны да бірінші жәшіктің үстіне орналастырды. Бірақ жәшіктер бір-біріне тура дәлдеп қойылмағандықтан, оларға шыға бергенде жәшіктер тепе-теңдікті ұстай алмай, құлай берді. Ештеңені өлшемей көп қиналды, бірнеше ұмтылыстан соң жәшіктер кездейсоқ бірінің үстіне бірі тура қойылды. Бұл қимылдардың барлығы еш ойланбастан, дәлденбей, еш жоспарсыз қайталана берді. Соңғы рет әйтеуір дұрыс тұрған соң, жәшіктерге шығып, нысанды алды.

Осы жағдайдан кейін Сұлтан екінші жәшікті бірден қолданатын болды және қапай қоюды үйреніп алды.

² Біраз уақыт өткен соң, алғашқы айлар ішінде жануарларға тым қарқынды жұмыс істеткенімді аңғардым; уақыт өте келе оларды мазалауды азайттым, маймылдардың жағдайына және климатқа сәйкес әрекет еттім.

ілінген банан мен жәшіктердің арасындағы байланысты түсінуді үйренді. Келлер бұл құбылысты неміс тілінде *insight* (*einsicht*) деп атады. Бұл сөз түсіну, пайымдау, ұғыну, мәселенің байыбына бару, сұраққа тереңдеп ену деп аударылады.

«Ешқандай арнайы жағдай жасалған жоқ, – деп жазды ол, – бар болғаны белгілі бір нүкте бар, жануар оның не нәрсе екенін түсінеді, осы сәттен бастап жануардың белгілі бір мінез-құлқы қалыптасады, қандай тамаша» (quoted in Ley, 1990, p. 182). Жануарлар психологі америкалық Роберт Йеркс өзінің Келлермен бір уақытта жүргізген зерттеуінде орангутандардың мінез-құлқын түсіну тұжырымын растайтын дәлелдер тапқан, ғалым бұл концептіні «мағыналық үйрену» деп атады.

Иван Павлов 1930 жылдары Келлердің кейбір ғылыми-зерттеулерін қайталап көрді. Маймылдар төбеге ілінген тамақты алу үшін жәшіктерді бірінің үстіне бірін қою керек еді. Оның айтуынша, жануарлар мәселені шешуге бірнеше ай жұмсады. Сондықтан ол Келлердің «маймылдардың жағдайды түсінуі жылдам дамиды» деген пайымдауына күмәнмен қарады. Маймылдардың мәселені шешу қабілетін «бейберекет, хаос» деп атады. Павлов эксперимент нәтижелері Торндайктың эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелерінен алшақ кетпегенін айтты (Windholz, 1997).

Келлердің шимпанзелерін күтуші Мануэль Гонсалес Гарсия 1974 жылы тілшіге түрлі оқиғаларды, әсіресе Сұлтан туралы әңгімелерін айтып берді. Күтушінің

айтуы бойынша, Сұлтан өзге маймылдарды тамақтандыруға көмектеседі екен. Гонсалес банан таратқанда, оларды Сұлтанға ұстатып қоятын көрінеді. «Әрбіріне екеуден» деген ауызша бұйрық айтылған кезде, ол үйме бананнан екі жемістен үзіп алып, әр маймылға таратып шығатын» (quoted in Ley, 1990, pp. 12–13).

Бір күні Сұлтан күтушінің есікті сырлап жатқанын көрді. Күтуші кетіп қалғанда, ол шөткені алып, оның қимылын қайталайды. Тағы бір күні Келлердің кіші ұлы Клаус тордың карама-қарсысында отырды да, тесіктердің арасынан бананды алғысы келіп тартқылағанымен, ала алмады, сол кезде қарны тоқ Сұлтан бананды 90 градусқа бұрып, шығарып берді. Сондықтан Келлер ұлына Сұлтанды «өте ақылды жануар» дейтін.

Бірде Сұлтан Клаусқа ағашқа шығуға көмектесіп жіберді. Әкесі ашулы түрде «түс» деп бұйырғанына карамастан, ол түспей қойды. Ақыры Клаус төменге түскенде, Келлер оны ұстап алып, шолақ шалбарын шешіп, құйрығынан соғып-соғып алады. Біраздан кейін Сұлтан Келлердің артынан байқатпай келеді де, шалбарын шешіп қалып, соғып-соғып жібереді. 70 жыл өткен соң, Клаус сұхбат алушыға осы оқиғаны «көздері жайнап» отырып әңгімелеп берді (Ley, 1990, p. 240).



Yerkes Primate Research Center, Emory University

Шимпанзе әртүрлі ұзындықтағы таяқтарды жемісті алу үшін қолдануда. Йеркстің приматтарды зерттеу орталығы

Келлер шимпанзелермен жүргізген тәжірибелер нәтижесінде инсайтты және маймылдардың мәселені шешу қабілеті бар екенін байқады және осыған байланысты өз теориясының Торндайқтың эмпирикалық үйрену теориясынан айырмашылығы бар деп есептеді. Келлер Торндайқтың жұмысын сынады. Оның экспериментіндегі жағдай жасанды болған, ондағы жануарларға тек бейберекет іс-қимыл жасауға ғана рұқсат етілген. Келлердің айтуынша, Торндайқтың жұмбақ жәшіктеріндегі мысықтардың шешім қабылдау механизмін (бар элементтердің біртұтас жағдайға қатысы) зерделеуге мүмкіндіктері болмады, сондықтан да мәселені эмпирикалық жолмен ғана шешуге тырысты.

Сол сияқты, лабиринттегі егеуқұйрық алдындағы жолды ғана көрді, лабиринтті тұтастай көре алмады. Сондықтан ол біртіндеп, бір жүргенде тек бір жолды ғана еңсере алды. Гештальт бойынша, инсайт-үйрену іске аспай тұрып, жануар мәселенің әртүрлі бөліктерінің арасындағы байланысты игеріп алуы керек.

Бұл зерттеулер гештальт-психологияның мінез-құлықтың молярлық немесе жаһандық тұжырымдамасына демеу болды. Ол бихевиористер айтып жүрген мо-

лекулярлық немесе атомистік көзқарасқа қайшы еді. Сонымен бірге бұл – зерттеуді үйрену процесіне тұлғаны қоршаған психологиялық ортаны қайта ұйымдастыру немесе реструктуризациялау кіреді деген гештальт идеясын да бекітті.

Адамдардың нәтижелі ойлауы

Вертхаймер дүниеден озғаннан кейін басылып шыққан, оның нәтижелі ойлау туралы кітабында (Wertheimer, 1945) үйренудің гештальт принциптерін адамдардың шығармашылық ойлау қабілетіне қолданады. Оның ұсынысы бойынша, ойлау мәселені біртұтас ұғыну арқылы жүзеге асады. Үйренуші жағдайды біртұтас күйінде қарастырады, оқытушы да жағдайды біртұтас ретінде таныстыруы тиіс. Сіз бұдан мәселенің шешімі көрінбейтін, соқыр сезімге бағытталған және үйренуші дұрыс жауапты кездейсоқ тапқанша қателіктер жасай беретін эмпирикалық әдістен айырмашылықты көре аласыз.

Вертхаймердің кітабында берілген жағдайлар балалардың геометриялық мәселелерді шешудегі ойлану процестерінен физик Альберт Эйнштейннің салыстырмалылық теориясын жасаған кездегі күрделі танымдық процестеріне дейін түрленеді. Вертхаймер мәселедегі тұтастық оның бөлшектеріне қарағанда үстемдігін қолдаған және оның әртүрлі жастарда және әртүрлі күрделі деңгейлерде болатынына дәлелдер тапқан. Ол «мәселенің егжей-тегжейі жалпы жағдайдың аясында қарастырылуы керек» дегенді қолдады. Содан соң мәселені шешу кезінде біртұтас мәселеден бөлшектерге қарай жылжу керек, керісінше емес.

Мысалы, егер сыныпта оқытушы сөздің элементтерін немесе санға байланысты жаттығуларды мағыналы біртұтас күйінде қарастырса, оқушылар тезірек түсінеді және мәселе мен оның шешімін бірден қабылдайды. Вертхаймердің көрсетуінше, мәселені шешудің негізгі принциптері бір рет жақсылап қабылданса, оны өзге де жағдайларға қолдануға және көшіруге болады.

Ол механикалық дайындық және механикалық үйрету сынды дәстүрлі білім беру тәжірибесін сынға алды. Қайталауды өте пайдалы деп тапты, механикалық жолмен үйретілген оқушының мәселені іштей түсінбейінше, өздігінен шеше алмайтынын дәлел ретінде келтіреді.

Алайда атаулар мен даталар механикалық қайталау әдісімен бекітілген ассоциациялар арқылы үйретілуі керек. Осылайша, ол қайталаудың белгілі бір мақсаттар үшін пайдалы екенін мойындайды. Дегенмен қайталау түсінуден немесе шығармашылықпен ойланудан, немесе нәтижелі ойланудан гөрі механикалық іс-қимылға әкелетінін атап айтты.

Изоморфизм

Гештальт психологтері адамдардың белгілі бөліктерді емес, біртұтас жағдайды қабылдайтынын түсінген соң, перцепция процесіне қатысы бар ми механизмдеріне назар аударды. Олар қабылданған, гештальттардың негізгі жүйкелік корреляциялары туралы теория жасауға тырысты.

Гештальтшылар ми қабығына – элементтері белгілі бір уақытта белсеніп, өзара қарым-қатынасқа түсетін динамикалық жүйе ретінде қарады. Бұл идея жүйкенің сенсорлық кіріс ақпараттарын ассоцианистік принциптерге байланысты механикалық түрде бір-біріне қосатын телефонға теңейтін механистік тұжырымдамаға қарама-қайшы еді. Ассоцианистік көзқарас бойынша, ми салғырт жұмыс жасайды, сенсорлық элементтерден қабылдаған сигналдарды белсенді ұйымдастыруға немесе модификациялауға мидың қауқары жетпейді. Бұл соңғы теория перцепция мен оның нейробиологиялық аналогінің арасында тікелей ұқсастық бар екенін көрсетеді.

Анық қозғалысты зерттеген Вертхаймер мидың іс-әрекеті конфигуралды, біртұтас процес деп таныды. Өйткені көзге көрінетін қозғалыс пен іс жүзіндегі қозғалыс тәжірибеден бір мезетте өткізілгендіктен, ми қабығындағы процестер де бірдей болуы тиіс. Бұдан шығатын тұжырым: ми процестері осыған сәйкес жүріп отырады.

Басқаша айтқанда, фи феноменін түсіндіру үшін психологиялық немесе сана тәжірибесі мен мида болып жатқан процестердің арасында өзара сәйкестік болуы керек. Бұл идея **изоморфизм** деп аталады. Бұл принцип биология мен химияда да қабылданған. Гештальт психологтері перцепцияны белгілі бір географиялық аумаққа ұқсайтын, бірақ оны дәл кескіндей алмайтын картаға теңеді. Қалай десек те, карта – шынайы өмірді қабылдауға көмектесетін сенімді жолсерік.

Келлер Вертхаймердің ұсынған ойын «Статикалық және тұрақты физикалық гештальттар» (*Static and Stationary Physical Gestalts*) атты еңбегінде (1920) әрі қарай дамытты. Онда Келлер «ми қабығындағы процестер күш өрістеріндегідей әрекет етеді, магнит айналасындағы электромагниттік күш өрісінің әрекеті сияқты, сенсорлық импульстарға жауап беріп, жүйкелік қызмет аймағы пайда болуы мүмкін» дейді, ол сенсорлық импульстарға жауап берген мидағы электрмеханикалық процестер туралы айтып отыр.

Гештальт-психологияның таралуы

Гештальт қозғалысы 1920 жылдардың орта шеніне қарай Германиядағы жүйелі, доминант және күшті мектеп болды. Оның орталығы Берлин университетінің Психология институтында орналасты. Қозғалысқа қызығушылық білдірген студенттер өте көп болатын және олар әртүрлі елдерден келген (олардың жартысына жуығы әйелдер) еді. Институт бұрынғы Король сарайы қанаатында орналасты, онда психологиялық мәселелерді гештальт тұрғысынан қарастыруға арналған түрлі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген әлемдегі ең үлкен зертхана орналасқан-ды. Гештальт «Психологиялық зерттеу» журналы үлкен құрметке ие болған.

1933 жылы Германия билігі нацистердің қолына өткен соң, олардың антиинтеллектуализмі, антисемитизмі және репрессиялық іс-әрекеттері көптеген ғалымдарды, оның ішінде гештальт мектебінің негізін қалаушылар да бар, елден кетуге мәжбүр етті.

Гештальт-психологияның негізгі орталығы енді АҚШ-қа ауысты. Онда олар өз идеяларын жеке таныстары және еңбектерін жариялау арқылы таратты. Мектеп ресми түрде орныққанға дейін де Американың көптеген психологтері оның идеяларын сіңіріп өсті.

Коффка мен Келлер жазған бірнеше кітап неміс тілінен ағылшын тіліне аударылып басылды және Американың психология жөніндегі журналдарында талданды. Америкалық психолог Гарри Хельсонның «Америкалық психология» (*American Journal of Psychology*) журналында жарияланған мақалалары гештальт теориясының Құрама Штаттарда тез таралуына ықпал етті (Helson, 1925, 1926).

Коффка мен Келлер Құрама Штаттардағы университеттерде дәріс оқуға, конференцияларға қатысуға келіп жүрді. Үш жыл ішінде Коффка 30 баяндама жасаса, Келлер университетінде өткізілген тоғызыншы Халықаралық психология конгресінде негізгі баяндаманы жасады (екінші негізгі баяндамашы Иван Павлов болды. Осы жолы Роберт Йеркстің шимпанзелерінің бірі оған түкіріп жіберген еді).

АҚШ-та гештальт-психологияға деген қызығушылық тез артқанымен, оның ресми мектеп болып қалыптасуы және қабылдануы бірнеше себептерге байланысты баяу жүрді. Біріншіден, бұл кезде бихевиоризм өте танымал болатын. Екіншіден, зерттеушілердің тілге жетік болмауы кедергі болды. Гештальт-психологияның негізгі еңбектері неміс тілінде жарық көретін, сондықтан да оны аудару кезін-

Изоморфизм: психологиялық немесе саналы тәжірибе мен мидағы негізгі тәжірибе арасында байланыс бар деп санайтын доктрина.

дегі қателіктер түсінбестік тудыратын. Үшіншіден, алдында айтып өткеніміздей, көптеген психологтер гештальт-психологияны қабылдау категориясымен ғана айналысатын көзқарас деп түсініп жүрді. Төртіншіден, мектептің негізін қалаушылар – Вертхаймер, Коффка және Келлер – Құрама Штаттардағы арнайы бағдарламалары жоқ шағын колледждерде қызмет етті, сондықтан да оларға шәкірт табу, сол арқылы идеяларын жалғастыру қиын болды.

Бесінші және ең басты себебі – Америка психологиясының гештальт теориясы оған қарсы Вундт пен Титченердің теорияларынан әлдеқайда озып кетіп еді. Бихевиоризм оппозицияның екінші кезеңіне кіретін. Сондықтан Америка психологиясы неміс психологиясына қарағанда, Вундттың элементистік (атомистік) позициясынан әлдеқайда алыстап кеткен еді. Америка психологтерінің пікірінше, өздері талдап кеткен идеямен гештальт психологтері енді ғана күресіп жатыр еді. Гештальт психологиясы Құрама Штаттарға ескірген идеяға қарсылық білдіруші ретінде келді.

Бұл жағдайда гештальт мектебінің қалыптасуы оңай болған жоқ. Тарихтан мәлім, революциялық қозғалыстардың барлығы белгілі бір қалыптасқан дүниелерге қарсылық білдіру арқылы дамығанын білеміз, ол үшін қозғаушы күш керек, сол арқылы идеялар таралады. Алайда гештальт психологтері Америкаға келгенде, оларға қарсы тұратындай ешкім болмады.

Бихевиоризммен күрес

Гештальт-психологтер Америка психологиясындағы үрдістермен таныса сала алдарына жаңа мақсат қойды. Америка психологиясында жоққа шығарылып қойған Вундт теориясына қарсы шығудың еш керегі болмағандықтан, олар енді бихевиоризм мектебіне тән редукционизм мен атомизмді сынауға кірісті. Сонымен гештальт-психологтер бихевиоризмді, Вундт психологиясы тәрізді жасанды абстракциямен жұмыс жасайды деп сынады. Олар үшін өз қабілетіне үнілу редукциясын менталды элементтерге (Вундт) дейін сараптаудың немесе объективті редукцияны арнайы жағдайдағы ынта-жауап бірліктерінде қарастырудың (Ватсон) арасында үлкен айырмашылық жоқ еді. Нәтиже әдеттегідей болды: молярлық әдістен гөрі молекулярлық әдіс қолдау тапты.

Гештальт-психологтер, сонымен бірге бихевиористердің өз қабілетіне үнілу құндылығы мен сананың кез келген болмысын танудан бас тартуына қарсы күресті. Коффка, бихевиористерше, «сананы танымай тұрып, психологияны дамытамын деу еш мағынасыз, сонымен қатар мұндай жағдайда психология бар болғаны жануарларды зерттеу жинағы болып қала береді» деді.

Гештальт психологтері мен бихевиоризм психологтерінің арасындағы қарсылық эмоциялық және жеке тұлғалық тұрғыдан да күшейе берді. 1941 жылы Филадельфияда өткен ғылыми конференциядан соң Кларк Халл, Э.Ч. Толмен, Вольфганг Келлер және біраз психологтер сыра ішуге барған екен. Келлер сол кезде Халлдың өз дәрістерінде «анау бір аты өшкір гештальтистер» деген тұрпайы сөзді айтқанын естіп қалады.

Аяқ астынан айтылған сөзге ыңғайсызданған Халл ғылыми көзқарастардың әртүрлілігі жеке бас араздығына айналмайтынына үміттенетінін айтады. Келлер: «Көптеген нәрселерді логикалық және ғылыми мәнерде талқылауға дайынмын, бірақ адамдар кейде сені ойын автоматына айналдырғысы келсе, онда мен қарсымын». – деп, жұдырығымен үстелді «құшырлана» қойып қалды (quoted in Amsel & Rashotte, 1984, p. 23)

Фашистік Германиядағы гештальт-психология

Гештальт психологияның өкілдері соғыс кезінде Германиядан қашып кетсе де, олардың біраз шәкірттері фашистік Германия 1945 жылы жеңіліске ұшырағанша сонда қалды. Гештальттың қолдаушылары перцепциядағы көру мен тереңдікті

зерттеуін тоқтатпады. Келлердің Психология институты Берлин университетімен қарым-қатынасын үзбеді, дегенмен фашистік режим кезінде бәрібір бұрынғыдай ашықтық пен академиялық бостандық болмады.

1936 жылы институтқа келген америкалық «бұрынғы гештальт мектебінің ордасындағы интеллектілік климат еш нәтиже бермей отыр» деп суреттейді (quoted in Ash, 1995, p. 340). Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі неміс психологтерінің барлығының зерттеулері көбінесе соғысқа байланысты болды және олар әскерилерге көмек берумен айналысты. Тәжірибелік және қолданбалы зерттеу тек таза ғылыми және теория жүзінде ғана болды.



<https://en.wikipedia.org>

КУРТ ЛЕВИН

Өріс теориясы: Курт Левин (1890–1947)

XIX ғасырдың соңына қарай ғылымда атомистік немесе элементтістік көзқарасқа өріс арақатынасы мағынасында қарау белең алғанын байқадық. Гештальт-психология осының айқын көрінісі. Психологиядағы өріс теориясы физикадағы күш өрісі концептісінің бір бөлігі ретінде пайда болды. Қазіргі кезде психологияда қолданылатын өріс теориясы термині көбінесе Курт Левиннің идеяларымен байланыстырылады. Левиннің жұмысы гештальт-психологияның аясында жазылды, алайда ол дәстүрлі көзқарас аясын әрі қарай кеңейтті, атап айтқанда, ғалым өз зерттеуіне адам қажеттілігі, тұлғалық қасиеттер және мінез-құлдыққа қоғамның ететін әсері сынды дүниелерді қосты.

Левиннің өмірі

Курт Левин Германияда, Могильнода, дүниеге келді. Фрайберг, Мюнхен және Берлин қалаларында оқып, білім алды. Ол психология бойынша PhD дәрежесін 1914 жылы Берлинде Карл Штумпфтың жетекшілік етуімен қорғады, сонымен қатар осы жерде математика мен физика пәндерін де оқыған болатын. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Левин Германия әскерінің қатарында болып, жараланды және Германияның Темір крест төсбелгісін алды.

Ол Берлин университетіне қайтып келіп, гештальт-психология бағытындағы ассоциация және мотивация категорияларын зерттеуге қызу кірісті, оның көп еңбектенгеніне қарай, көптеген адамдар оны гештальттың негізін салушы үш ғалымның бірі деп ойлайды. Ол өзінің өріс теориясын Америка психологтеріне 1929 жылы Йель университетінде өткен Халықаралық психология конгресінде таныстырды.

Осылайша, Левин 1932 жылы Стэнфорд университетіне шақырылған профессор ретінде келгенге дейін Құрама Штаттарда танымал болды. Келесі жылы ол фашистік қауіпке байланысты Германиядан кетуді ұйғарады. Ол Келлерге былай деп жазады: «Мен үшін елден кеткеннен басқа амал жоқ, бұл менің өмірімді тасталқан етсе де, осылай етуге тура келеді» (quoted in Benjamin, 1993, pp. 158, 160)².

Ол Корнелл университетінде екі жыл жұмыс істеп, кейін Айова университетіне ауысады. Баланың әлеуметтік психологиясына негізделген зерттеуінен сон Массачусетс технологиялық институтында топтық динамикаға арналған жана Зерттеу орталығын құруға шақыру алады. Осы қызметке келген соң аз ғана уақыттан кейін дүниеден қайтқанына қарамастан, оның зерттеуі өте нәтижелі болды, сондықтан қазір Мичиган университетінде орналасқан бұл орталық жұмысын әлі жалғастырып келеді.

Тіршілік кеңістігі

Отыз жылғы еңбек жолында Левин адамның мінез-құлқын физикалық және әлеуметтік тұрғыда толық сипаттап, кеңінен зерттелген сала – адам мотивация-

Өріс теориясы: Левиннің мінез-құлқты әлеуметтік әсерлер өрісі тұрғысынан түсіндіру үшін күш өрістері концептісін қолданатын жүйесі.

² Левиннің анасы мен қарындасы фашистік концлагерьде қайтыс болған.

сын танып-білу үшін беріле жұмыс істеді (Lewin, 1936, 1939). Ол ғылыми теорияны практикамен ұштастырып, әлеуметтік мәселелердің өмір сүру және жұмыс істеуге тигізетін әсерін негізгі тақырып етіп көтерді. Ол зауыт-фабрикаларды гуманизациялап, жұмыс орнын күнкөріс үшін ақша табуға баратын жер емес, жеке басты қанағаттандыра алатын орынға айналдырғысы келді.

Физикадағы өріс теориясын білетін Левин адамның психологиялық іс-әрекеті оның психологиялық өрісінде болады деп ойлауға итермеледі. Ол мұны тіршілік кеңістігі деп атады. Тіршілік кеңістігі бізге әсер ететін өткенді, қазіргі уақытты және болашақты қамтиды. Психологиялық тұрғыдан қарағанда, оқиғалардың әрқайсысы белгілі бір жағдайда мінез-құлықты анықтайды. Демек, тіршілік кеңістігі адамның қоршаған ортамен психологиялық қарым-қатынасына зәрулігінен тұрады.

Тіршілік кеңістігі дамудың түрлі деңгейлерін көрсетеді. Ол біздің жинақтаған тәжірибеміздің көлемі мен түрлеріне байланысты. Сәби тәжірибесіз болғандықтан, оның тіршілік кеңістігінде бірнеше ғана дифференциалды аймақ бар. Жоғары білімі бар, тәжірибесі көп ересектің тіршілік кеңістігі күрделі және көп дифференциалды.

Левин өзінің психологиялық процестер жөніндегі теориялық тұжырымын көрсету үшін математикалық модель іздеді. Өйткені ол топты немесе орташа бағамды емес, жеке адамды зерттеген еді, статистикалық анализдер ол үшін пайдасыз болды. Ол тіршілік кеңістігінің сызбасын көрсету мақсатында геометрияның бір саласы – топологияны таңдады. Онда адамның мүмкін болатын мақсаттары мен оның уақыты және оған жету жолдары көрсетіледі.

Ол өзінің топологиялық карталары аясында барлық психологиялық құбылыстар мен мінез-құлық формаларын сызып шығатын еді. Левин тұлғаның мақсатқа қарай жылжу бағытын көрсету үшін жебелерді (вектор сызықтар) қолданды, сонымен қатар таңдаулардың (валенттіктердің) үлесі туралы ұғым енгізді, ол, өз кезегінде, тіршілік кеңістігіндегі нысандардың оң немесе теріс құндылығын көрсетеді. Адамды өзіне тартатын немесе қанағаттандыратын нысандар – оң валентті, ал қауіп туындататын нысандар – теріс валентті. Оның диаграммалары кейде «такта психологиясы» деп аталып та жүрді.

12.2-суретте мінез-құлықтың қарапайым мысалы көрсетілген. Баланың киноға барғысы келеді, ата-анасы оны жібермейді. Эллипс – годологиялық кеңістік, «С» әрпі баланың өзін білдіреді. Жебе – баланың мақсатына талпынып тұрғанын көрсететін вектор – оң валентті. Вертикал сызық – мақсатқа жетер жолдағы кедергі, ата-ананың тыйым салуы – бала үшін теріс валентті.


Мотивация және Зейгарник эффектісі

Левин адам мен оны қоршаған орта арасындағы негізгі күй немесе тепе-теңдік ұғымын ұсынды. Кез келген кернеу немесе шиеленіс осы күйден ығыстырып, қысымға әкеледі, ал ол, өз кезегінде, іс-әрекетке итермелейді. Осы іс-қимыл жаңағы қысымды азайтуға және балансты қалпына келтіруге тырысу деп аталады. Осылайша, адам мотивациясын түсіндірудегі Левиннің пікірі мынадай: адам мінез-құлқы дегеніміз – қысым күйінде немесе қажеттілік күйінде тұру, содан кейін олардың әсерінен іс-қимылға бару және жағдайды жеңілдетуден тұратын цикл.

Осы ойды тексеру үшін ең алғашқы эксперимент 1927 жылы студент Блума Зейгарникке жасалды, оны Левин бақылады. Субъектіге тапсырмалар тізбегі мен олардың біразын аяқтауға мүмкіндік берілді, алайда эксперимент толық аяқталмастан үзілді. Левин мынадай болжамдар ұсынды:

1. Субъектіге тапсырма берілген кезде қысым жүйесі дамиды.
2. Тапсырма аяқталған кезде қысым жойылады.
3. Егер тапсырма аяқталмаса, қысымның қалып қоюына байланысты, субъект оны қайта қолға алады.

12.2-СУРЕТ. ТІРШІЛІК КЕҢІСТІГІНІҢ ҚАРАПАЙЫМ МЫСАЛЫ I



Зейгарник эффектісі: біткен істен гөрі бітпеген істі есте жақсы сақтау қасиеті.

Зейгарник нәтижелері айтылған болжамдардың барлығын растады. Субъектілер орындалған, аяқталған тапсырмаларға қарағанда, аяқталмаған тапсырмаларды ұмытпады. Осы аталған эффект сол кезден бері **Зейгарник эффектісі** деген атпен белгілі. Левиннің мотивацияға арналған осы зерттеуге деген ерекше қызығушылығы Берлиндегі Психология институты орналасқан жолдың арғы бетіндегі кафеде жұмыс жасайтын даяшының іс-қимылын бақылаудан туындаған. Ол бірде кешкісін студенттерімен кафеде кездесетін болып, күтіп отырады.

«...Кафедегілердің бірі даяшының тапсырыстарды жазып алмай-ақ, есіне дәл сақтайтынын айтып таңданады. Біраздан соң олар ақысын төлеп, кетіп қалады. Сонда Левин даяшыны шақырып алып, олардың қандай тапсырыс бергенін сұрағанда, даяшы ештеңенің есінде қалмағанын айтқан» (Ash, 1995, p. 271).

Клиенттер ақша төлесімен-ақ тапсырма орындалады, ал қысым өзінен-өзі жойылады. Даяшыға олардың қандай тапсырыс бергенін есіне сақтаудың қажеті жоқ.

Әлеуметтік психология

Левиннің әлеуметтік психологияға қызығушылығы 1930 жылдардан басталды. Бұл салада алғашқы зерттеушінің бірі болуының өзі-ақ оның психология тарихында көрнекті орын алатынын білдіреді. Левиннің әлеуметтік психологиясының мәні мынада: оның топтық динамикасын, яғни оның психологиялық концептілерін жекелеген тұлғаға да, топтық мінез-құлыққа да қолдануға болады. Адам және оны қоршаған орта психологиялық өріс құратыны сияқты, топ және оны қоршаған орта да әлеуметтік өріс құрады. Әлеуметтік мінез-құлыққа ие кіші топтар, топ мүшелері кедергілер мен коммуникация каналдары сынды әлеуметтік құрылымдардың ішінде және сонымен қатар өмір сүру нәтижесінде пайда болады. Кез келген уақыттағы топтық мінез-құлықты өріс жағдайындағы қызмет деп айтуға болады.

Левин әртүрлі әлеуметтік жағдайлардағы мінез-құлықтарға зерттеу жүргізді. Классикалық эксперимент аясында ұл балалар топтарының арасындағы көшбасшылықтың авторитарлық, демократиялық және либералдық түрлері қарастырылды (Lewin, Lippitt, & White, 1939). Зерттеу нәтижелері авторитарлық топтағы ұл балалардың өте агрессияшыл екенін көрсетті. Демократиялық режимдегі топ

ұлдарының арасында достық қарым-қатынас басым болған және олар басқа екі топқа карағанда, көбірек тапсырма орындаған. Левиннің бұл зерттеуі әлеуметтік зерттеулердің жаңа бағытын ашты және әлеуметтік психологияның пайда болуына негіз болды.

Сонымен бірге ол өзгерістерді таныстыратын, соған сай әлеуметтік мәселелерді зерделейтін әлеуметтік іс-әрекетті зерттеуге басты назар аударды. Оны нәсілдік әділетсіздік толғандырды, көпәтерлі үйде бірге тұру, бірдей жұмысқа қабылдану мүмкіндіктері және балалық шақтағы қате көзқарастың қалыптасуы мен оның алдын алу сынды мәселелер бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізді. Оның бұл еңбегінің нәтижесінде бір-біріне қарама-қарсы мәселелер зерттеу нысанына айналды, яғни мұнда эксперимент әдістері толық қолданылып, ешқандай жасанды және зертханалық жағдайлар қажет етілмеді.

Левин педагогтер мен бизнес-лидерлерге топаралық қақтығыстарды азайтуды, сезімталдықты және жеке әлеуметті дамытуды үйретуде үлкен үлес қосты. Оның сезімталдықты дамыту топтары (Т-топтары) 1960–1970 жылдары кеңінен таралған қақтығыс топтарының алдында жасақталған еді.

Жалпы айтқанда, Левин эксперименттерінің нәтижелері психологтердің қолдануына ыңғайлы болды. Оның әлеуметтік және бала психологиясы салаларына еткен әсері орасан. Концептілері мен техникаларының көбі әлі күнге дейін жеке тұлғаны және мотивацияны зерттеуде қолданылады.

Гештальт-психологияны сынау

Сын айтушылар гештальт-психологияның негізін қалаушылардың перцепция процестерін зерттеуінде ғылыми сипат жоқ екенін айтады. Мәселен, олар фи феноменін бақылағанда, оның бар екенін айтумен ғана шектелген, еш ғылыми түсінік бермеген. Бұл мәселенің бар екенін мүлде мойындамаумен бірдей.

Кейінірек эксперименттік психологтер гештальтистердің ұстанымы бұлыңғыр екенін және олардың негізгі концептілері ғылыми нақтыланбағанын да айтып өтті. Гештальт-психологтер ғылымның бұл мектебі енді ғана дамып келе жатқанын және кейбір анықтамалар мен түсініктердің аяқталмағанын түсіндіргісі келеді. Алайда аяқталмау мен бұлыңғырлық деген ұғымдардың арасында үлкен айырмашылық бар.

Өзге психологтер гештальт мектебінің зерттеулер мен эмпирикалық мәліметтердің орнына теориямен тым көп айналысқанын айтады. Алайда гештальт-психология мектебі теориялық ұғымдарды нақтылаумен қатар, дәлелдер келтіру барысында жеткілікті зерттеулер мен эксперименттер жүргізгені белгілі.

Осы көзқарасқа байланысты мынадай пікірлер айтылды: гештальт-психология мектебінің эксперименттері бихевиоризм мектебінікіне қарағанда төмен дәрежеде болды. Себебі олардың зерттеулерінде байқау аз және мәліметтерге статистикалық анализ жүргізілмеген. Гештальт-психологтердің бұлай етуінің себебі – олардың жүйесінде саннан гөрі сапа басымдығы маңызды болды. Олардың зерттеулерінің саны өзге мектептердегі жүргізілетін зерттеулер санынан азырақ. Гештальт мектебінің зерттеулері танымдық сипатта болды және психологиялық мәселелерді әртүрлі құрылымдар шеңберінде қарастырды.

Көптеген ғалымдар Келлердің зеректік жайлы мәселесіне де күмәнданды. Шимпанзенің екі таяғымен өткізілген тәжірибелердің мұндай қорытынды жасауға аздық ететіні сөз болды. Тіпті «мәселе аяқ астынан шешілмеген болуы да мүмкін, өйткені ол алдындағы өткен тәжірибелерден үйренуі ықтимал» деген пікірлер айтылды (see, for example, Windholz & Lamal, 1985).

Сонымен бірге біраз ғалымдар гештальт-психологиядағы физиологиялық болжамдар анық емес дегенді айтты. Гештальтистер, өз кезегінде, мұндай болжамдар алдын ала жасалғанын және жүйеге пайдалы болуы үшін қосымша жүргізілгенін айтады.

Гештальт-психологияның үлесі

Гештальт-психология ғылым саласында өзіндік із қалдыра алды және ол қабылдау, үйрену, ойлау, жеке тұлға мәселелерін қарастырған еңбектерге әсер етті. 2012 жылы Вертхаймердің фи феноменіне арналған еңбегі жариялануының 100 жылдығы құрметіне Германия Психология қоғамының ғасырлық мерейтойы өтті. Жиында баяндама жасаған оның ұлы – атақты америкалық психолог Майкл Вертхаймер: «XXI ғасырдың екінші онжылдығында гештальт-психология өмір сүруде және жағдайы жақсы», – деп мәлімдеді (2014, р. 130).

Өз заманындағы ең басты бәсекелесі – бихевиоризмнен басты айырмашылығы – өзінің жеке ерекшелігін сақтап қалуы. Оның негізгі принциптері өзге, жаңадан келген ағымдардың арасына сіңіп, жоғалып кеткен жоқ. Сондықтан бихевиоризм қатты дамып тұрған кезде де гештальт-психологияға деген қызығушылық жоғалмады. Өйткені саналы тәжірибе – психология айналысатын ең басты мәселелердің бірі.

Гештальт-психология мектебінің саналы тәжірибе мәселесін қарастыруы Вундт пен Титченер мектептерінің әдіс-тәсілдерінен ерекшеленгенімен, олар негізінен феноменологияның заманауи нұсқасына көңіл бөлді. Гештальт-психологияның қазіргі кездегі жақтастары «саналы тәжірибе бар және ол – психология зерттейтін өзекті мәселе» деген көзқарасты ұстанады. Алайда олар «ол ашық мінез-құлқ сияқты дәл әрі объективті түрде сипаттала алмайды» деп түсіндіреді.

Психологиядағы феноменологиялық әдіс-тәсіл АҚШ-қа қарағанда Еуропада көбірек тараған. Дегенмен оның әсерін америкалық гуманистік психология қозғалысынан байқауға болады (14-тарауды қараңыз). Заманауи когнитивті психологияның зерттейтін көптеген мәселелерінің түп тегі гештальт-психологиядан бастау алады.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Вундт теориясына қарсы шығушы гештальт-психология мен бихевиоризмнің арасындағы айырмашылықтарды түсіндір.
2. Гештальт психологтері «біртұтастықтың бөлшектер жиынтығынан айырмашылығы бар» және «бұл жерде көз көріп тұрған нәрседен өзге перцепция мәселесі де бар» дегенде нені меңзеді?
3. Егер сіз үстел үстіндегі кітапқа қарап тұрып, «мен үстел үстіндегі кітапты көріп тұрмын» десеніз, Титченердің айтуынша қандай қателік жіберген болар едіңіз?
4. Гештальт-психологияға дейін болған және оған әсер еткен ағымдар туралы айтыңыз.
5. Физикадағы «уақыт рухы» XIX ғасырдың аяғында қандай өзгерістер әкелді? Осы өзгеріс гештальт-психологияға қалай әсер етті?
6. Фи феномені деген не? Ол қалай пайда болады? Вундт психологиясы неліктен фи феноменін түсіндіре алмады?
7. Кей адамдар гештальт-психология перцепция мәселелерімен ғана айналысады деп неге қате ұғынды?
8. Перцепциялық ұйымдасудың кейбір принциптерін сипатта.
9. Перцепциялық константтар туралы зерттеулер гештальт көзқарасын қалай бекіте түсті?
10. «Гештальт» сөзі мектептің орнығуына қандай кедергілер келтірді?
11. Келлердің түсіну мәселесіне байланысты Тенерифте өткізген тәжірибелерінен мысал келтір.
12. Түсіну арқылы үйрену Торндайк сипаттаған эмпирикалық үйренуден несімен ерекшеленеді?
13. Гештальт-психологияның АҚШ-та орнығуына қандай факторлар кедергі келтірді?
14. Гештальт-психология қандай негізде сынға ұшырады?
15. Гештальт психологтері бихевиоризмді қандай негізде сынға алды?
16. Левиннің өріс теориясы концептісін сипаттаңыз және ондағы физиканың әсерін айтып беріңіз.
17. Өріс теориясының мотивация және әлеуметтік психологиямен байланысы қандай? Әлеуметтік іс-әрекетті зерттеу дегеніміз не?
18. Гештальт-психологияның жалпы психология ғылымына әсері қандай?

Ұсынылған әдебиеттер

- Arnheim, R. (1998). Wolfgang K uhler and Gestalt theory. *History of Psychology*, 1, 21–26. Келлердің физикалық гештальт кітабына жазған кіріспесінің ағылшынша аудармасы. Келлер өзінің идеяларын қалай дамытқаны және қалай бағалағаны сипатталған.
- Ash, M. G. (1995). *Gestalt psychology in German culture, 1890–1967: Holism and the quest for objectivity* Cambridge, England: Cambridge University Press. Cambridge, England: Cambridge University Press. Германиядағы гештальт психологияның дамуын сипаттайды және қозғалыс жетекшілерінің өмірі туралы тартымды деректер келтірілген.
- Cole, J. (2009). *The great American university*. New York: Public Affairs. АҚШ-қа қоныс аударған ғалымдардың Американың интеллектуалды өміріне енгізген оң өзгерістері туралы. Көптеген гештальт-психология қозғалысының көшбасшылары туралы да мысал келтірілген.
- Nelson, H. (1925, 1926). The psychology of Gestalt. *American Journal of Psychology*, 36, 342–370, 494–526; 37, 25–62, 189–223. Гештальт-психологияның көзқарастарын Америка психологтеріне таныстырған мақалалар топтамасы.
- Henle, M. (1978). One man against the Nazis: Wolfgang Kohler. *American Psychologist*, 33, 939–944. Келлердің Берлиндегі соңғы жылдары және Психологиялық институтты фашистердің репрессиясынан қорғаудағы жанкештілігі туралы баяндалған.
- Henle, M. (1987). Koffka’s *Principles* after fifty years. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 23, 23, 14–21. Коффканың «Гештальт-психологияның принциптері» атты кітабының эсері таразыланады.
- King, D. B. & Wertheimer, M. (2005). *Max Wertheimer and Gestalt theory*. Brunswick, NJ: Transaction Publishers. Гештальт психологиясы мектебімен тығыз байланыстыра отырып, Майкл Вертхаймердің әкесі туралы естелігі.
- Kohler, W. (1959). Gestalt psychology today. *American Psychologist*, 14, 727–734. Сол кезде кеңінен таралған бихевиоризм психологиясы мен гештальт-психологияның айырмашылықтары сипатталған.
- Sokal, M. M. (1984). The Gestalt psychologists in Behaviorist America. *American Historical Review*, 89, 1240–1263. АҚШ-та гештальт-психология қозғалысының таралуы туралы.

Психоанализдің пайда болуы

Бұл жай ғана түс пе еді?

Психоанализдің дамуы

Жаңа ой мектебі

Психоанализдің қалыптасуына әсер еткен жайттар

Ертеректегі бейсана теориялары

Бейсана ұғымының таралуы

Психикалық ауытқуларды емдеудің бұрынғы амал-тәсілдері

Гуманистік жолмен емдеу

Психиатриялық емдеудің дамуы

Гипноз

Гипноз құрметке бөленді: Шарко мен Жане

Чарльз Дарвиннің ықпалы

Фрейдке дейінгі жыныстық қатынас

Фрейдке дейінгі катарсис және түс көру

Зигмунд Фрейд (1856–1939)

Фрейдтің кокаин қолдануы

Үйленуі және балалары

Анна О. оқиғасы

Невроздың жыныстық қатынасқа байланысты себебі

Истерианы зерттеу

Балаларды жыныстық қатынасқа азғыру мәселесі

Фрейдтің жыныстық қатынасы туралы

Фрейдтің неврозы

Фрейдтің өз түсін талдауы

Жетістік шыңы

Бұл жай ғана түс пе еді?

Анасын бөлмеге алып кіргенде кішкентай ұлы оған шошына қарады. Осы көріністі ол ешқашан ұмытпақ емес. Ол анасының бетіне үнілді: анасы тым жас әрі сұлу еді. Бірақ ештеңе түсінбеді, анасы қимылсыз тып-тыныш жатыр. Ол ұйықтап жатыр ма, әлде өлген бе? Көзі анасын көтеріп тұрған адамдардың бет-әлпетіне түсті, бірақ олар адам емес сияқты.

Олар адамға мүлде ұқсамайды. Бойлары өрескел ұзын, киімдері біртүрлі, бет-әлпеттері тіпті адам шошырлық. Имиген ұзын тұмсықты құс тәріздес. Кенет бала түсінен шошып оялды. Төсегінен секіріп түсіп, ата-анасының бөлмесіне жүгіріп кірді. Шешесінің тірі екенін көргенде ғана өз-өзіне келіп, ұйықтап кетті.

Отыз жыл өтсе де, Зигмунд Фрейд үшін сол бір түс айрықша эмоциялық тәжірибе күйінде қалды. Кейін, түстерді талдауға өз әдістерін қолданғанда, мұның не екенін түсінді. Негізгі мағынасы түсінікті: анасын жоғалтудан қорқатын кішкентай ұл бала. Мұнда тұрған ештеңе жоқ. Алайда Фрейд сол түс туралы көбірек ойланған сайын, оған сол түстің қорқынышты, тіпті жан шошытарлық мағынасы ашыла түсті.

Фрейд түстің ең бір түсініксіз аспектісіне – ұзын тұмсықты құс тәріздес тіршілік иелеріне үнілді. Бұлар нені білдіруі мүмкін? Жеті жасар баланың санасындағы не нәрсе осы құбылыспен байланысты? Сонда ол балалық шағындағы өзінен анағұрлым сөзшең досын есіне алды. Тыйым салынған тақырып болса да, сол бала секс туралы көп айтатын. Фрейд неміс тіліндегі жыныстық қатынасты білдіретін сленг сөзбен сол бала арқылы таныс болды. Ол *vogeln* деген сөз еді.

Есейген Фрейд бұл сөздің мағынасы неміс тіліндегі құстар ұғымымен байланысты екенін білді. Оның қорқынышты түсіндегілер құс тәріздес болатын. Ол барлығын байланыстыра отырып, түсінің шын мағынасын ашты. Бұл жеті жасар баланың анасына деген сексуалды сағынышы еді.

Бір мәтелде айтпақшы, «бала – адамның әкесі» болса, Фрейдтің айтуынша және ойлауынша, онда анасын жоғалту және оны сүю туралы түс көрген бала мен сол түстің мағынасын ашқан орта жастағы дәрігердің арасындағы ұқсастықты көре аламыз. Фрейд осы нәрселерді зерттеу барысында психологияда тағы бір революция жасады.

Психоанализдің дамуы

«Психоанализ» термині мен Зигмунд Фрейдтің есімі қазіргі уақытта барлығына таныс. Психология тарихындағы өзге де негізгі тұлғалар – Фехнер, Вундт және Титченер есімдері психологиядан хабары аз адамдарға таныс болмаса, Фрейдтің

Фрейдтің АҚШ-қа келуі
Басқаша ойлау, наукастану және қашу

Фрейдтің емдеу әдістері

Фрейд – психотерапевт

Фрейд және дәстүрлі психология

Психоанализ – мінез-құлық жүйесі

Инстинкттер

Мінез-құлық деңгейлері

Үрей

Мінез-құлық дамуының психосексуалды кезеңдері

Фрейд жүйесіндегі механицизм және детерминизм

Психоанализ және академиялық психология: салыстыру

Психоаналитикалық ұғымдардың ғылыми негізі

Психоанализді сынау

Мәлімет жинау

Әйелдерге қатысты көзқарасы

Психоанализге қосқан үлесі

Американың поп мәдениеті және психоанализ мәселелері

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

есімін барлық саланың адамдары біледі. Ол – *Time* журналының мұқабасына үш рет шыққан адам, дүниеден озғаннан соң соңғы рет 60 жылдан кейін шыққан. 2006 жылы, 150 жылдық мерейтойында, оның суреті *Newsweek* журналының мұқабасына басылып, *Wall Street Journal* ол туралы мадаққа толы үлкен мақала шығарды. *Newsweek*-те автор оны «Бізді әлі де таңдандыратын керемет күш» деп сипаттаған (Adler, 2006, p. 43). Зигмунд Фрейд өркениет тарихындағы адамдардың өздері туралы ойлау жүйесін өзгерткен аз ғана адамдардың қатарында екені сөзсіз.

Фрейдтің ойынша, арғы-бергі тарихта адамзат ұжымдық эгосына үш рет соққы алды (Boehlich, 1990). Бірінші – поляк астрономы Коперник (1473–1543) жердің әлемнің орталық нүктесі емес, бар болғаны Күнді айналып жүрген көп планеталардың бірі ғана екенін дәлелдеді. Екінші – Чарльз Дарвиннің теориясы, ол бойынша адам – жекелеген түр емес, жануарлардың ең төменгі сатысынан дамыған тіршілік иесі. Үшінші соққының иесі – Фрейд, ол «біз өз өмірімізді ақылмен басқара алмаймыз» дегенді айтты. Бізді санамыздың түбіндегі күштер билейді, біз олар туралы аз білеміз және оны бақылай алмаймыз.

Хронологиялық тұрғыдан қарағанда, психоанализ психологияның өзге мектептеріне қосымша ретінде жүреді. 1895 жылғы жағдайды көз алдыңызға елестетіп көріңіз: Фрейд психология саласындағы тың ізденістерінің ресми түрде басталғанын білдіретін алғашқы кітабын басып шығарды. Сол жылы Вундт 63 жаста болды. 28 жастағы Титченер Корнеллде екі жыл болып, өзінің құрылымдық психологиясын дамытты. Функционализм АҚШ-та күш алып, дамып, тарала бастаған кез. Әлі бихевиоризм мен гештальт-психология пайда болмаған; Ватсон – 17 жаста, ал Вертхаймер 15-те еді.

Дегенмен 1939 жылы Фрейд қайтыс болғанда, бүкіл психология әлемі адам танымастай өзгеріп үлгерген еді. Вундттың, Титченердің структуралізі мен функциялық психологиясы тарих болып қалды. Гештальт-психология Германиядан Құрама Штаттарға ауыстырылды және Америка психологиясында бихевиоризм үстемдік құрды.

Жаңа ой мектебі

Фундаменталды қайшылықтарына қарамастан, психология мектептері бір академиялық қазынаның мұрагерлері еді. Олар Вильгельм Вундттың формаларынан көп нәрсені қабылдады және алға ұмтылыс пайда болды. Олардың концептілері мен ғылыми әдістері зертханаларда, кітапханаларда және дәріс залдарында шындала түсті әрі сезіну, қабылдау және үйрену тақырыптары кеңінен талқылана бастады. Керісінше, психоанализ университеттің де, ғылымның да жемісі болмады. Ол қоғамда психикалық сырқат деп танылған адамдарды емдеуге ұмтылыстан, яғни медицина мен психиатрия дәстүрлерінің тоғысқан нүктесінен туындады. Сондықтан да психоанализ, өзге мектептермен салыстырғанда, жеке мектеп болған жоқ (әлі де емес).

Психоанализдің пайда болған кезінен бастап негізгі психологиялық мектептерден мақсаты, нысаны және әдістемесі бойынша айырмашылығы зор болды. Оның пәні, нысаны – психопатология немесе әдеттен тыс мінез-құлық. Мұндай мәселелермен өзге мектептер айналыспайтын. Анығында бұл – зертханалық эксперименттен гөрі клиникалық зерделеу нысаны болуға лайық мәселе еді. Сонымен бірге психоанализ бейсана әрекеттерді зерттеді, мұны өзге жүйелер мүлде қарастырмайтын.

Вундт пен Титченер өз жүйелерінде бейсана күштер идеясын мүлде қабылдамады, өйткені өзін-өзі талдау әдісі бейсана дүниені зерттеуге қолданыла алмайтын. Бейсана нәрсе зерделенуге келмейтіндіктен, ол сенсорлық элементтерге дейін бөлшектене алмайтын. Функциялы психологтер болса, бар зейінін тек са-

наға ғана аударды, олар санадан тыс құбылыстарға еш зейін аудармады. Алайда Джеймс бейсана процестердің болатынын мойындаған. Энджелл 1904 жылы шыққан кітабында бейсаналыққа кітаптың соңында екі бет қана арнаған. 1921 жылы шыққан Вудвортстың кітабында бұл туралы сәл көбірек айтылғанымен, мардымды әңгіме қозғалмады. Әрине, бихевиоризммен айналысқан Ватсон бейсана іс-әрекет мәселесіне мүлде зейін аудармаған. Ол бейсаналыққа әлі де адам баласы айтып түсіндіре қоймаған ұғым ретінде қарады. Бұл ұғымды танып, түсіндірген Фрейд оны психологияға енгізді.

Психоанализдің қалыптасуына әсер еткен жайттар

Психоаналитикалық қозғалысқа әсер еткен негізгі үш қайнар көз:

1. Бейсана құбылыстар жөніндегі философиялық болжамдар.
2. Психопатологияны емдеу туралы алғашқы идеялар.
3. Эволюция теориясы.

Ертеректегі бейсана теориялары

XIX ғасырдың басында неміс философы және математигі Готфрид Вильгельм Лейбниц (1646–1716) өзі монодология деп атаған идеяны дамытты. Монадтар – физикалық атомдар емес, бірақ шынайы өмірдің жеке элементтері. Олар біз білетін материядан тұрмайды. Әрбір монад – ұзартылмаған психикалық болмыс, табиғаты бойынша менталды және, қалай дегенмен де, физикалық материяның кейбір қасиеттеріне ие. Монадтардың жеткілікті көлемі жинақталғанда ұзартылған монадтар тізбегін құрайды.

Монадтарды перцепцияға (қабылдауға) ұқсатуға болады. Лейбництің сенімінше, менталды іс-әрекеттердің (олар монадтардың іс-әрекетінен құралған) әртүрлі саналық деңгейлері бар. Олар толығымен бейсаналықтан бастап, толығымен саналыға дейінгі аралықта анықталады. Саналылығы аз деңгейлер ұсақ бөлшектер (petites) деп аталды; олардың саналы жүзеге асуы – апперцепция. Мысалы, жағаға соғылып жатқан толқындардың дыбысы – апперцепция, алайда ол жекелеген тамшылардан құралады (перцепция petites-тері). Біз саналы түрде әр тамшының тамғанына мән бермейміз, алайда олардың жеткілікті көлемде жинақталуы арқылы апперцепция жүзеге асады.

Неміс философы Иоганн Фридрих Гербарт (1776–1841) бір ғасыр өткенде Лейбництің бейсана туралы жазбасын әрі қарай дамытып, сана шегі концептісін жасады. Гербарт «механикалық уақыт рухының ықпалымен, белгіленген шектен төмен орналасатын идеялар бейсана деп есептеледі» деді. Идея саналы деңгейге қарай жоғарыласа, ол саналы түрде сезілген идея болғаны, яғни (Лейбництің терминімен айтқанда) апперцепция деп түсіндірді. Идеяның саналы деңгейге көтерілуі үшін ол саналы деп танылған идеялармен үйлесімді болуы керек. Саналы әрекеттерге сай келмейтін идеялар бір уақытта санада өмір сүре алмайды және ол санадан кетуге мәжбүр, өйткені ол тыйым салынған идеялардың қатарына енеді. Тыйым салынған идеялар (Лейбництің petites перцепциясы тәрізді) сана сызығының төменгі жағында орналасады. Гербарттың пікірінше, идеялар арасында конфликт туындайды, себебі олардың барлығы саналы түрде жүзеге асуға таласады.

Бейсаналық туралы Фехнер де біраз ойлар айтқан. Ол да шек ұғымын қолданғанымен, оның «ақыл дегеніміз айсбергке ұқсайды» деген болжамы Фрейдке көбірек әсер етті. Фехнердің пайымынша, бейсана – айсбергтің көлемді бөлігі, ол көзге көрінбейді және ол зерделеуге келмейтін күштер арқылы әсер етеді.

Эксперименттік психологияға көп нәрсе берген Фехнер еңбегінің психоанализге де әсер етуі қызықты. Фрейд өзінің бірнеше кітабында Фехнердің психо-

Монодология: Лейбництің перцепцияға (қабылдауға) ұқсас, монад деп аталатын физикалық нысандар туралы теориясы.

физиканың элементтері еңбегінен пікірлер келтіреді және оның жазбаларындағы негізгі концептілерін (рахаттану принциптері, психикалық энергия және агрессия) алады. Фрейд бала кезіндегі досына жазған хаттарында өзінің жасөспірім және жиырмаға толар-толмас жасында Доктор Мизес дегеннің сатиралық эсселерін оқығанды ұнататынын жазады, бұл – Фехнердің ғылым мен медицинадағы үрдістерді сынап жазғанда қолданатын лақап аты болатын (Boehlich, 1990).

Бейсана ұғымының таралуы

Бейсаналықты талқылау көбінесе 1880 жылдары Еуропа интеллектуалдарының арасында жүрді, сол кезде Фрейд өзінің клиникалық тәжірибесін бастап жатқан еді. Бұл тақырып кәсіби мамандардың ғана емес, оқыған адамдардың арасындағы әңгімелердің сәнге айналған тақырыбы болатын. «Бейсаналық философиясы» (*Philosophy of the Unconscious*) деп аталатын кітаптың кеңінен таралып кеткені сонша – оны тіпті тоғыз рет басып шығарған (Hartmann, 1869/1884). 1870 жылдары Германияда жарық көрген кітаптардың кем дегенде тең жартысының атауларында «бейсана» сөзі қолданылған.

Бейсана күштер адам бойында басымдық алуы мүмкін деген пікір танымал әдебиеттерде көптеп айтылды. Роберт Льюис Стивенсонның 1889 жылы жарық көрген «Доктор Джекил мен мистер Хайдтың қызық хикаясы» (*Dr. Jekyll and Mr. Hyde*) атты романында жақсы доктор бір дәрі ішіп, мінезінің кейбір қасиеттерін өз еркіне жібереді. Содан барлық жағымсыз нәрселерге құмар болып алады, ақырында, сол жаман жақтары жақсы жақтарын жеңіп отырады.

Сонымен, адам бойындағы бейсаналықты ең бірінші зерттеген Фрейд ғана емес болып шықты. Ол өзі жазушылар мен философтардың бұл мәселені кеңінен талқылағанын мойындайды, алайда оны ғылыми тұрғыда зерттеудің жолын өзі тапқанын айтады.

Психикалық ауытқуларды емдеудің бұрынғы амал-тәсілдері

Бұған дейін көзіміз жеткендей, жаңа қозғалыс дамуы үшін оның қарама-қайшылығы болу керек, ол сонымен күресіп, одан әрі дамуға серпін беретін күш алады. Бірақ психоанализ академиялық психология аясынан тыс дамығандықтан, Вундттың психологиясы немесе өзге де психология мектептері психоанализге қарсы шықпады. Фрейдтің қарсыласын табу үшін – ол жұмыс істеген саланы, ғалымның мамандығын, психикадағы ауытқуларды емдеу табиғатын зерделеуіміз керек.

Психикалық ауытқуларды емдеу тарихы таң қалдырады және депрессияға түсіреді. Психикалық ауытқудың бар екені б.з.д. 2000 жылдарда мойындалды. Вавилондықтар психикалық ауытқуы бар адамдарды шайтандар жаулап алған деп түсінді, оларды емдеуде магия мен дұға жасауды қолданды. Ежелгі еврей мәдениетінде психикалық ауытқумен ауыруды істеген күнәсі үшін берілген жаза деп түсінді және емдеу үшін сиқыр мен дұға етуге жүгінген. Грек философтары, әсіресе Сократ, Платон және Аристотельдер «ауытқу ой жүйесінің ретсіздігінен туындайды» деген пікірде болды. Олар «психикалық ауруды емдеу үшін арнайы сөздерді қайталау, сырқатты дерттен айығатынына сендіру керек» деді.

IV ғасырда христиан діні орныққанда, науқастарға «бойын шайтан жаулағандар» деп қарады. 1000 жылдан аса уақыт бойы оларды емдеу шіркеудің құзырында болды. Олар бойын жын-шайтан жайлап алған адамды неше түрлі әдістермен қинады, азаптады, қудалады. Шіркеудің қарамағындағы инквизиция XV ғасырдың басынан бастап 300 жылға дейін бұл ауруға шалдыққандарды дуагерлікке қатысы бар деп танып, оларды қатаң жазалады.

XVIII ғасырға қарай психикалық ауытқу иррационалды мінез-құлқ қатарына жатқызылды, енді науқастарды түрмеге көбірек ұқсайтын ауруханаларға

қамады. Оларды азаптамаसा да, өлтірмесе де, арнайы еммен емдемеді. Кейде ауруларды құлды зообактағы аңдардай, жұртқа көрсететін. Олардың кейбірінің аяқ-қолын кісендеп, өмір бойы төсекке таңды. Кейбіреуінің мойнына бейне бір ит тәрізді, шынжыр тағып, оны қабырғадағы ілмектерге бекітіп қоятын болған. Мұндай орындар қалың жұртқа «жындыхана» деген атпен белгілі болды. Оларды «әлі демі бітпегендердің моласы» деп атады (Scull, MacKenzie, & Hervey, 1996, p. 118).

Гуманистік жолмен емдеу

Испан ғалымы Хуан Луис Вивес (1492–1540) алғаш рет психикалық науқастарды адамгершілік тұрғысынан, гуманистік әдіспен емдеу керек дегенді айтты. Оның бұл ойы тілдік кедергілерге және географиялық жағдайларға байланысты Испания аумағында ғана танымал болды. Оның идеялары XVIII ғасырдың соңына қарай ғана тарай бастады.

Филипп Пинель (1745–1826) деген француз дәрігері психикалық ауытқуды жаратылыстану ғылымдары емдейтін табиғи ауру түрі деп қарастырды. Ол науқастардың кісендерін алып тастап, көдуілгідей тексеріп, шағымдарын тыңдау арқылы емдеді. Ол барлық мәліметтерді мұқият сақтап отырды. Онда аурудың тарихы, емделу кезіндегі жағдайы, ем нәтижелері мен әсерлері жазылып отырған.

«Психикалық ауруға шалдыққаны үшін науқас кінәлі емес, бірақ ол жазалауға ұшырайды. Бейшараларға гуманистік көзқарас қажет. Қарапайым тәсілдер арқылы олардың мұндай дертке шалдыққан себептерін іздеу қажет» (quoted in Wade, 1995, p. 25).

Пинельдің қарамағында емделіп, жазылып шыққан адамдардың қатары көбейді. Оған еліктеп, Еуропа мен Құрама Штаттарда науқастар кісеннен босатылды және психикалық ауытқуды ғылыми тұрғыдан зерттеу кеңінен қолға алынды. «Енді науқастарды психиатриялық ауруханаларда ғылымның араласуымен, бұзылып қалған автомобильді жөндеген тәрізді, арнайы дайындалған құрал-жабдықтармен емдей бастады. Осы кезде өндірістік революцияның күшеюіне орай, «жындыханаларға» арналған көптеген құрал-жабдықтар, құрылғылар, аппараттар жасалды» (Bazar & Burman, 2014, p. 68).

Доротей Дикс (1802–1887) – Құрама Штаттардағы психиатриялық ауруханаларды реформалаушы беделді тұлға. Ол өте діндар еді және өз басы депрессиядан үздіксіз зардап шегетін. Ол Пинельдің пациенттерін емдеудегі жетістіктеріне тәнті болып, оның тәжірибесін қолдануға бар күш-жігерін салды. Ол штаттарды аралай жүріп, жергілікті заң шығарушы органдарды психиатриялық ауруханалардағы ем түрін гуманистік бағытқа ауыстыруға күш салды. Азамат соғысы кезінде Одақтың жаралы сарбаздарының жағдайын жақсартуға еңбек етті. Ол белсенділігімен көзге түсіп, әскери медбикелердің басшысы болып тағайындалды.

XIX ғасырдың соңында бүкіл АҚШ аумағында жүйкесі ауыратындарды емдеу үшін көптеген психиатриялық ауруханалар (сондай-ақ «жындыхана» деген атпен белгілі) салынды. Оларды үлкен қамқорлыққа алып, онда емделуді барынша қолайлы және тартымды етті. Осы ғимараттардың әдемілігі сонша – тамашалауға туристер келе бастады. «Жындыхана туризмі» үлкен сұранысқа ие болды, газеттер бұл туралы «тамаша бақтарды, күтілген гүлзарлар, қызықты архитектуралық шешімдер және көптеген қалалармен бәсекеге түсе алатын ұтымды дизайнды көресіз» деп жазды (Bazar & Burman, 2014, p. 68). Адамдар жүйкесі ауыратындарды және олар тұтынатын заттарды көруге жеке-дара немесе экскурсиялық топтардың құрамында көптеп келді, түрмелерде де осыған ұқсас құбылыс болды (Migon, 2011).

Психиатриялық емдеудің дамуы

АҚШ-та ресми түрде тәжірибе жасауды бастаған алғашқы психиатр – Бенджамин Раш (1745–1813). Ол – Тәуелсіздік декларациясына қол қоюшылардың бірі. эмоциялық ауытқуларды емдейтін алғашқы госпиталь ашқан адам. Танымал механистік дәстүрлерге сүйене отырып жұмыс атқарған Раш өз көзқарасын тұжырымдағанда, әлемдегі бар нәрсе, «оның ішінде адам миы да бар, физикалық заңдар аясында түсіндіріле алады және ғылыми, рационалдық құрылымға бейімделе алады» деген (Gamwell & Tomes, 1995, p. 19).

Мысалы, Раш кейбір иррационалды мінез-құлық қанның тым көптігінен немесе тым аздығынан пайда болады дегенге сенді. Оның емі қарапайым еді: пациенттің қанын азайту немесе оған қан құю.

Раш өте жылдам айналатын орындық ойлап тапты, науқас мұндай ем-шара кезінде көбіне есінен танып қалатын. Ол шок-терапияның алғашқы кезеңінде емделушілерді мұздай суға салатын. Сонымен бірге Раш тыныштандыратын техниканы ойлап табушы адам ретінде де белгілі. Пациентті кеудесі, білегі және тобығынан байлап, орындыққа бекітетін де, басын ағаш құрсаумен қатты қысатын.

Аталған амалдар біз үшін тым қорқынышты көрінгенімен, Раштың ауытқуы бар адамдарға көмектесу мақсатында қызмет еткенін ұмытпаған жөн. Ол науқастарды ешкім назар аудармайтын орынға қамап қоюға қарсы болып, араша түсті, есінен адасқанды жын-шайтан билеген адам деп емес, науқас деп мойындады.

XIX ғасырда психиатрлар соматикалық және психикалық деген екі үлкен топқа бөлінді. Соматикалық әдістегілер «иррационалды мінез-құлықтың себептері мидың зақымдануы, дұрыс стимуляцияланбаған жүйке талшықтары немесе артық стимуляцияланған жүйке талшықтары сынды физикалық зақымдар» деген көзқараста болды.

Емдеу тәсілін психикалық тұрғыдан қарастырушылар себептерді эмоциялық немесе психологиялық жағдайлардан іздеді. Жалпы алғанда, соматикалық көзқарас үстем болды және ол неміс философы Иммануил Канттың идеяларымен бекітіліп отырды. Кант «эмоциялық қиындықтар адамды психикалық науқас етеді» дегенге күле қарады.

Психоанализ соматикалық көзқарасқа қарсы шыққан революциялық қозғалыс ретінде дамыды. Психикалық ауытқуды емдеу дами түскендіктен, кейбір ғалымдар эмоциялық факторлардың маңызы ми зақымдануы немесе өзге де физикалық зақымдардың әсеріне қарағанда күштірек екеніне сенімді болды.

Эммануэль қозғалысы. Психикалық ауытқуға экстрасенсорлық тұрғыдан келуді Құрама Штаттарда бастаған Эммануэль шіркеуінің емдеу қозғалысы болды. Оның іс-әрекеті керемет жетістікке жетті. Шіркеу психотерапияны жақтады. Өңгімелесу терапиясының пайдалы жақтарына басымдық берген бұл қозғалыс қоғамға және медицина саласына психикалық ауытқудың негізгі себептеріне психологиялық факторлардың кіретінін білдірді (Carlan, 1998; Gifford, 1997).

Қозғалыстың жетекшісі – Массачусетс штатындағы Бостон Эммануэль шіркеуінің пасторы Элвуд Уорчестер болды. Бұл қозғалыс 1906–1910 жылдар аралығында өте кең тарайды. Қасиетті Уорчестер ерекше діни қызметкер болды. Ол Германиядағы Лейпциг университетінде Вильгельм Вундттан білім алған, философия және психология ғылымдарының докторы болатын. Сонымен, Уорчестер – Вундттың америкалық студенттерінің бірі, оның эксперименттік психологиядағы әдістерін шынайы өмірдегі мәселелерде қолданды.

«Қозғалыс 1906 жылы басталды. Сол кезде Уорчестер шіркеуге келушілерге арналған қоғамдық дәрісінде келесі күні таңертеңгілік моральдық немесе психологиялық қиындықтары бар адаммен әңгімелесу үшін кездескісі келетінін айтады. Ол бірнеше адам келер деп үміттенген еді, бірақ 200 адам келгенде таңданысын жасыра алмады» (Benjamin & Baker, 2004, p. 49).

Уорчестердің ұсынысына орай сұраныстың да болғаны осыдан-ақ белгілі еді. Жекелеген адамдар мен топтарға әңгімелесу терапиясын әртүрлі дәрежедегі діни көшбасшылар жүргізді. Олар діни қызметкердің моральдық беделі мен күшін пайдаланып, сырқаттардың сенімін оятуға тырысты. Сол арқылы адамның мінез-құлқын бағыттауға, жол көрсетуге тырысты. Терапия бүкіл Құрама Штаттарда тез арада танымал болды. Содан кейін *Good Housekeeping* журналында мақалалар топтамасы шықты. бұл серия екі жылдай үздіксіз шығып тұрды. 1908 жылы Уорчестер мен екі әріптесінің авторлығымен «Дін және медицина: жүйке жүйесі бұзылыстарын моральдық бақылау» (*Religion and Medicine: The Moral Control of Nervous Disorders*) атты кітап жарық көрді. Бұл кітапты баспасөзде «ғылыми психотерапия саласындағы ең маңызды кітаптардың бірі» деп атады.

1909 жылы «Психотерапия» (*Psychotherapy*) деп аталатын журнал жарық көре бастады. Оның басты мақсаты мына сөздермен айқындалды: «сау психология, саламатты медицина және салауатты дін» (Zaretsky, 2004, p. 80). Фрейдтің дәл осы 1909 жылы Құрама Штаттарға сапар шегуі кездейсоқ жағдай емес еді.

Қоғам қозғалысты жақсы қабылдады, әңгімелесу терапиясының кең таралуына қарамастан, медициналық қоғам мен клиникалық психологтер бұл бастаманы құптамады. Олар, әсіресе Уйтмер мен Мюнстерберг, діни көшбасшылардың психотерапевт ретінде қызмет атқаруына үзілді-кесілді қарсы болды. Қалай дегенмен де, 1909 жылы Америкаға психоанализ идеяларымен келген Фрейдті Эмануэль қозғалысының өте танымалдығының арқасында жылы қабылдады. Әңгімелесу терапиясы енді ұлттық сананың бір бөлшегіне айналып үлгерді.

Гипноз

Гипнозға деген қызығушылық психикалық ауытқулардың экстрасенсорлық себептеріне зейін қоюды күшейте түсті. Эмоциялық ауытқуларды емдеуде гипнозды қолдану өз бастауын ғалымдықтан да, шоу көрсетуден де хабары бар веналық дәрігер Франц Антон Месмерден (1734–1815) алады. Ол оны құпияға толы, қараңғы күш дей келе. «жануар магнетизмі» деп атады.

Месмер адам денесінде физиктер қолданатын магнит тәрізді жұмыс істейтін күш болады деп сенді. Осы магнетизм – нысандарға еніп, оларға алыстан әсер ете алатын күш. Жануар магнетизмі қоршаған ортаны жайлаған магнит өрістері мен пациенттің бойындағы магнит өрістерін тепе-теңдікке келтіру арқылы жүйке жүйесінің бұзылыстарын емдей алады делінді.

Алғашында, Месмер психикалық ауытқуды пациентке магниттелген темір ұстау арқылы емдейтінін, ал кейін өзі бар болғаны пациенттің қолынан ұстап сипаса, өзінің магнит күші оған беріліп, емделетінін айтты. Венаның медициналық қауымы оны тектен-текке көзбояушы атаған жоқ.

Месмер Парижде үлкен жетістікке жетті. Ол Парижде жартылай қараңғы бөлмеде жанға жайлы музыка қойып, апельсин гүлінің жұпарын аңқытып, топпен бірге терапия сеанстарын өткізіп жүрді. Ақшыл көк түсті киім киіп, драмалық көріністер қойды. Бір-біріне жіппен байланған пациенттер магниттелген сұйықтық толтырылған ваннаның айналасында, одан шығып тұрған темір шыбықтардан ұстап тұратын. Месмер мен оның гипноздаушы көмекшілері пациенттердің арасымен жүріп отырып, әрқайсысының денесіне қолдарын тигізетін.

Пациенттер қалыпты жағдайға түскенге дейін транста болатын, сосын өздерін ғажайып күштің көмегімен жазылып кеттік деп есептейтін (Wade, 1995). «Месмер осылайша үлкен байлық жинады, бірнеше клиника ашты, ақсүйек әйелдермен бірге жабық кештерге қонаққа жиі барды. Месмер қолын сілтеп, денелеріне тигізсе, әйелдер конвульсияға түсіп, айғайлап, естерінен танатын» (Dingfelder, 2010, p. 30).

Оның ісін тексерген комиссия Месмердің емдеуі дұрыс емес екенін, шын мәнінде адамдарды емдегенін айтқанда, ол Швейцарияға қашып кетеді. Алай-

да месмеризм, яғни гипнозды қолдану тарап кетті, ол әсіресе Құрама Штаттарда кеңінен тарады. Сол кезеңнің мәдениет тарихшысының жазуында XIX ғасырдың ортасына қарай:

«... жиырма мың мен отыз мыңның аралығында месмерист-гипнозшының болғанын айтады, бұл тек Солтүстік-шығыс аймақта ғана. Олардың көбі өз күшін пайдаланды, өздерінің гипноздайтын нысандарының мінез-құлықтары мен қарым-қатынастарын реттеп отыратын еді. Таңғаларлығы, оларға келушілердің саны екі-үш мыңнан асып жығылатын» (Reynolds, 1995, p. 260).

Гипноз құрметке бөленді: Шарко мен Жане

Англияда месмеризм жаңа атпен белгілі болды және оған көбірек сенім білдірілді, себебі оны қолданған дәрігер-хирург Джеймс Брәйд (1795–1860) транс жағдайын нейрогипнология деп атады, осы сөзден кейінірек гипноз термині алынды. Брәйдтің тыңғылықты еңбегінің арқасында бұл жұмыс ғылыми сипат алды (see Schmit, 2005).

Француз дәрігері Жан Мартен Шарконың (1825–1893) жұмысынан соң, гипнозды медицина қауымы кәсіби түрде мойындады. Ол Париждегі психикалық ауытқуы бар әйелдерге арналған Сальпетриер неврология госпиталінің бас дәрігері болды. Истериясы бар біраз науқастарды гипноз арқылы емдеуде жетістікке жетті. Ең маңыздысы, истерияның белгілерін және гипнозды медициналық терминологияда қолданып, сол арқылы гипнозды Француз Ғылым академиясына түсінікті етті (Hustvedt, 2011).

Шарконың жұмысы ең алдымен, неврологиялық зерттеу болды, алайда ол сал ауруы сынды физиологиялық ретсіздікті де атап өтті. Шарконың студенті Пьер Жане (1859–1947) 1889 жылы Сальпетриер госпиталіндегі психологиялық зертхананың директоры болып тағайындалғанға дейін, көптеген дәрігерлер истерияны соматикалық немесе физикалық жағдайға жатқызды. Сонымен бірге Шарко – медицинаға да елеулі үлес қосқан адам.

П. Жане истерияның физикалық ақау екенін жоққа шығарды және оның естің бұзылуынан, бастан кетпейтін ойлардан, бейсана күштердің әсерінен болатын психикалық ауытқу екенін дәлелдеді. Ол гипнозды ем тәсілі ретінде тандайды. Сонымен Зигмунд Фрейд ғылыми-зерттеулерімен таныла бастаған кезде медициналық ұйымдар гипнозға қатты мән берді және психикалық аурудың психологиялық себептеріне зейін аударды. Жаненің еңбегі Фрейдтің көптеген идеяларының өмірге келуіне себеп болғанын да айта кету керек.

Психикалық ауытқуларды емдеудегі Шарко мен Жаненің еңбектері психиатрлардың көзқарастарын соматикалық (физикалық) тұрғыдан экстрасенсорлық (психикалық) тұрғыға ауыстырды. Дәрігерлер енді эмоциялық ауытқуларды емдегенде денені емес, ақылды емдеуге ауысты. Фрейд өзінің идеяларын жарыққа шығарардың алдында Еуропа мен Құрама Штаттарда «психотерапия» термині кеңінен танымал болып, ғылыми қолданысқа енген болатын.

Чарльз Дарвиннің ықпалы

1979 жылы аса көрнекті ғылым тарихшысы Франк Дж. Саллоуейдің «Фрейд: ойлаудың биологі» (*Freud: Biologist of the Mind*) атты еңбегі шықты. Онда автор Фрейдтің ойларына Дарвин жазбаларының күшті ықпалы болған деген пікірді айтады. Саллоуей өзінің бұл тұжырымын тарихтағы мәліметтерді жаңаша көзқараспен талдау деп түсіндіреді. Фрейд жылдар бойы мәліметтерді зерттеген. Саллоуей Фрейдтің жеке кітапханасындағы кітаптарды қарап шыққан, сонда ол Фрейдтің Дарвин еңбектерін мұқият оқығанын байқаған.

Фрейд Дарвиннің еңбектерінің бәрін оқып, кітап бетінің жиегіне өз пікірлерін қалдырыпты. Ол мақалаларында да Дарвинге үнемі жоғары баға беріп, әріптес-

теріне мақтап отырған. «Зигмунд Фрейд пен психоанализ революциясына жол ашып беруде Дарвин бәрінен көп еңбек сіңірді», – деп жазды Саллоуей (1979, р. 238). Өмірінің соңғы жылдарында Фрейд «психоаналитиктерге білім беруде Дарвиннің «Эволюция теориясын» оқыту өте қажет» дегенді айтып кетті (Ritvo, 1990).

Дарвин – Фрейд кейінірек психоанализдің негізгі мәселелері еткен бірнеше идеяны талдаған, оның ішінде бейсана психикалық процестер мен конфликтілер, түс көрудің маңызы, кейбір мінез-құлықтың жасырын символикасы, жыныстық ынтызарлығы қозудың маңыздылығы деген тақырыптар бар. Жалпы, Дарвин де, Фрейд тәрізді, сана мен мінездің иррационалды аспектілері төңірегінде ой қозғады.

Дарвин теориясы сондай-ақ Фрейдтің бала дамуы туралы идеяларына да әсер етті. Дарвин жазбаларын және басылмаған материалдарын Романеске берген (6-тарауды қараңыз), ол кейінірек Дарвиннің адам мен жануарлар ағзасындағы сана эволюциясы туралы ойларына сүйеніп, екі кітап жазды. Саллоуей кітапханадан Фрейдтің қолжазба комментарийлері бар Романестің кітаптарын тауып алды. Романес Дарвиннің «эмоциялы мінез-құлық балалық шақтан ересек болғанға дейін үздіксіз дамиды, ал сексуалды құмарлық жеті айлық сәбилік кезден пайда болады» деген ойларына баса зейін аударған.

Дарвин «адамға махаббат пен аштықтың биологиялық күші ерекше әсер етеді, барлық мінез-құлықтың негізі – осы екеуі» деді. Осыдан кейін он жылға жетер-жетпес уақытта неміс психиатры Ричард фон Крафт-Эбинг «жыныстық қатынастан қанағаттану мен өзін-өзі сақтау адам физиологиясындағы бірден-бір инстинкт» деген ұқсас пікір айтты. Яғни ұлағатты ғалымдар Дарвиннің ілімін құптаған және сексті адам мотивациясының негізгісі деп тапқан.

Фрейдке дейінгі жыныстық қатынас

3. Фрейдтің еңбегінде көрініс тапқан «уақыт рухының» тағы бір аспектісі – ғалым өмір сүрген XIX ғасырдың соңында Венадағы секске деген көзқарас. Фрейдтің заманындағы қоғамның тақуалығы сонша – секс тақырыбын ашық талқылаудың өзі шектен шығушылық болып саналатын. Дегенмен сексті шектеу Фрейдтің өзіне де, оның пациенттеріне айналған орта таптың жоғары қабатындағы неврозды әйелдерге де тән болса да, жалпы веналықтардың бәрі сондай деп айтуға болмас.

Ол кездегі Вена либералды қоғам болды. (Тіпті викториандық Англия мен пуритандық Америка іс жүзінде, біз ойлағандай, тәкаппар болмаған.) 1880–1890 жылдарда сексуалдықтың викториандық сублимациясы күйреді. Құмарлық қуу, жезөкшелік және порнография гүлденді.

Күнделікті өмірде және ғылыми әдебиетте секске қызығушылық байқалды. Секс XIX ғасырдың соңғы онжылдығында Еуропада да, АҚШ-та да көптеген ғылыми-зерттеулердің тақырыбы болды. «Сексолог» деп аталған зерттеушілер әдепсіз, аморальды, жиіркенішті, күнә деп саналып келген нәрсеге салқынқандылықпен қарап, риясыз зерттеді. Сексологтерге адам айналысатын секс түрлеріне қате, күнә, қылмыс деп қарамай, табиғи әлемнің ажырамас бөлігі ретінде табандылықпен зерделеу тапсырылды (Makari, 2008, р. 93).

Нәтижесінде Фрейд секске негізделген теориясын дамытпай тұрып, сексуалды патология, балалар сексуалдығы, секс қозуын басу және оның психика, тән денсаулығына әсері сияқты тақырыптарда зерттеу мақалалар жазды.

Неміс дәрігері Адольф Патце 1845 жылы секс-драйв үш жастағы балаларда байқалуы мүмкін деді. оны британдық психиатр Генри Модсли 1867 жылы растады. Крафт-Эбинг сенсация тудырған «Сексуалды психопатия» (*Psychopathia Sexualis*) кітабын 1886 жылы жариялады. Ал веналық дәрігер Альберт Молль балалық шақтағы сексуалдық және баланың өзге жынысты әке-шешесіне деген махаббаты туралы ойларын Фрейдтің Эдип комплексінен бұрын, 1897 жылы айтты.

Фрейдтің Венадағы әріптесі – невролог Мориц Бенедикт истериясы бар әйелдерді өзінің жыныстық өмірі туралы айтуға мәжбүрлеп, аурудан құлан-таза айықтырған. Француз психологі Альфред Бине дәстүрлі емес секс туралы еңбек жариялады. Тіпті Фрейдтің психоанализінде үлкен маңызы бар «либидо» деген сөздің өзі сол кезде-ақ Фрейдтің ойындағымен бірдей мағынада пайдаланылған. Осылайша, Фрейд еңбегіндегі секске байланысты ойлар бұрынырақ та айтылған. Сондықтан Фрейд адам мінез-құлқында жыныстық қатынастың рөлі туралы айтқан бірінші ғалым болуы екіталай.

Фрейдке дейінгі катарсис және түс көру

Эмоциялық қиындықтар мен бейсаналық қақтығыстарды пациенттің есіне түсіртіп емдеу тәсіліне байланысты «катарсис» ұғымы Фрейд еңбегін жарияламай тұрып танымал болған. 1880 жылы, Фрейдтің медицина докторы дәрежесін алуына бір жыл қалғанда, оның болашақ әйелінің немере ағасы Аристотель еңбектеріндегі катарсис ұғымы туралы кітап жазды. Содан кейін осы сөз ғалымдардың да, аксүйек зиялылардың да қатты қызығушылығын тудырды. 1890 жылдың өзінде ғана неміс тілінде катарсис туралы 140-тан астам еңбек жарияланды (Sulloway, 1979).

Фрейдтің түс символдары туралы көптеген идеялары XVII ғасырдың философиялық және психологиялық әдебиеттерінде айтылып қойған еді. Фрейд өзін түс талдаған алғашқы ғалыммын деп жарияласа да, тарих деректері өзгеше сөйлейді. Түсті талдау психиканың көзге көрінбейтін ағындарын эмпирикалық түрде зерттеудің өте ыңғайлы алаңы болған.

XIX ғасырдың соңында осы тақырыпта жыл сайын оннан астам жұмыс жарияланды. Тіпті Вильгельм Вундт және психофизиктер түс туралы зерттеу жүргізді, атап айтқанда, ұйқы кезінде сыртқы тітіркенудің сананы жаулап ала алатыны туралы айтты.

Фрейдтің үш замандасы сол кездің өзінде түсті зерттеп жүрді. Шарко «истериямен ұштасқан психикалық жарақаттың сыры науқастың көрген түсінде ашылуы мүмкін» деген болжам айтты. Жане истерияның себебі түсте қамтылған деп, түстің талдауын терапиялық құрал ретінде пайдаланды. Ал Крафт-Эбинг «санадан тыс сексуалды тілектер түстен табылуы мүмкін» деді (Sand, 1992).


Мэри Уитон Калкинс АҚШ-та 375 түстің, олардың ішінде өз түстері де бар, мазмұнын талдаған ғылыми эксперимент жүргізді. Осы түстердің көпшілігінде таныс адамдар мен өз өмірінің көріністері болған. Ол сол жұмыстың нәтижесін 1893 жылы «Түс статистикасы» (*Statistics of Dreams*) атты кітабында жариялады. Бұл Фрейдтің түс туралы кітабынан жеті жыл бұрын жарық көрген еді (Bulkeley, 2013; Calkins, 1893).

Фрейдтің ойларына түрлі жағдайлар әсер етсе де, біз оның және өзге зерттеушілердің талантын бағалауымыз керек. Олар түрлі идеялар мен пікірлер арқауын жинап, белгілі бір теориялық тұтас жүйе жасап шықты. Фрейд өзінен бұрынғы ізашарларды мойындады. Ол 1924 жылы «психоанализ аспаннан дайын күйінде түскен жоқ, ескі идеялардан бастау алып дамыды» деп жазды (Grubrich-Simitis, 1993, p. 265).

Зигмунд Фрейд (1856–1939)

Британ детектив романдарын оқып, ірімшік жеуді ұнататын Зигмунд Фрейд 1856 жылдың 6 мамырында Моравияның Фрайберг қаласында (қазіргі Чех Республикасының Прибор қаласы) дүниеге келген. 1990 жылы осы қаланың Сталин атындағы орталық алаңының атауы өзгертіліп, Фрейд алаңы болды. Фрейдтің әкесі шұға сатумен айналысқан. Ол ісі жүрмеген кезде отбасымен Лейпцигке көшіп, содан кейін, кішкентай Фрейд төрт жасқа толғанда, Венаға қоныс аударды.

Катарсис: эмоциялық қиындықтар мен бейсаналық қақтығыстарды пациенттің есіне түсірту арқылы емдеу тәсілі.



<https://en.wikipedia.org>

ЗИГМУНД ФРЕЙД

Фрейд бұл қалада шамамен 80 жыл өмірін өткізді. Фрейдтің әкесі үшінші әйелінен, яғни Зигмундтың анасынан 20 жас үлкен, мінезі қатал да өктем адам еді.

Бала Фрейд әкесін жақсы көрді және одан қорықты да. Алаңдасуы жұмсақта мейірімді кісі еді, ұлы оған өте жақын болды. Осылай әкесінен қорқуы мен анасына ынтығар болуын Фрейд «Эдип комплексі» деп атады. Осыдан Фрейд теориясының көптеген тұстары өз өмірлік тәжірибесінен алынғанын байқауға болады.

Анасы тұнғышын ерекше мақтан тұтты, оны назарынан бір сәт те тыс қалдырмай, қамқорлық жасады. Ол ұлының болашақта ұлы адам болатынына сенетін. Фрейд өз-өзіне сенімді, үлкен армандарға қол созған, алысқа қарайтын, атақ пен табысты армандайтын бала болып өсті. «Анасының сүйікті баласы болған ұл өмір бойы өзін жеңімпаз сезінеді, оның табысты болатынына деген сенімділігі кейін шын табысқа алып келеді», – деп жазған Фрейд (Jones, 1953, p. 5).

Фрейд кішкентайынан қабілетті бала екенін көрсетті. Үйдегі басқа жеті баланың бөлмелеріне балауыз жағылса, сабағын жақсы оқуы үшін Фрейдтің бөлмесінде ғана майшам жағылды. Оған кедергі жасамау үшін іні-қарындастарының музыкамен айналысуына да тыйым салынды. Осының бәріне қарамастан, ол туған бауырларымен алақөз болды, өйткені ата-анасы оларға да назар аударып, уақыт бөлетін.

Фрейд орта мектепке бір жыл ерте барды да, 17 жасында үздік бітірді. Ол үйде неміс және иврит тілдерінде сөйледі, мектепте латын, грек, француз және ағылшын тілдерін, сонымен қатар өз бетінше итальян және испан тілдерін үйренді. Оның Дарвиннің эволюция теориясымен таныстығы ғылымға қызығушылығын оятты, сөйтіп медицинамен айналысуға шешім қабылдады. Фрейд дәрігер болуға онша қызықпады, бірақ медициналық білімі ғылым саласында үлкен жетістікке жеткізетініне сенді.

Ол 1873 жылы Вена университетінде зерттеуін бастады. Медициналық білімге жатпайтын философия тәрізді сабақтардан да дәріс алғысы келгендіктен, дипломын сегіз жыл оқып барып алды. Ол биологиямен айналысып, жыныс мүшесінің құрылымын анықтау үшін 400-ден астам еркек жыланбалықты сойды. Одан жасаған қорытындысы көңілге қонымды болмады, бірақ бұл – оның жыныстық қатынасқа байланысты алғашқы ғылыми-зерттеуі. Енді ол физиология саласына ауысып, физиологиялық институттың микроскопына үңіліп, балықтардың жұлынын зерттеуге алты жыл уақыт жұмсады.

Фрейдтің кокаин қолдануы

Фрейдтің студент кезінде кокаин заңды және қолжетімді болатын. Фрейд осы мүмкіндікті пайдаланып, кокаинмен талай тәжірибе жасады. Ол кокаинді өзі де шекті, қалыңдығына, қарындастарына, достарына, таныстарына берді, медициналық практикасында қолданды. Күйзелісті, ас қорытуды жеңілдетеді деп, «ол жаман күндерді жақсарту, жақсы күндерді одан бетер жақсарту үшін» кокаин қолдануды жалғастыра берді. ...Кокаин Фрейдті күнделікті тіршілік бере алмаған қызыққа бөледі. Ол қалыңдығына романтикалық, эротикалық хаттар жазды, келешектегі жетістіктері туралы асақ армандарға берілді (Markel, 2011, pp. 81, 6).

Ол «кокаин – ишпастан теңіз ауруына дейінгі кез келген сырқатты жеңетін, өзін атақ пен даңққа жеткізетін керемет зат» деп сенді. Бірақ олай болмады. Фрейдтің әріптестерінің бірі – Карл Коллер оның кокаин қолданудың келешегі туралы айтқан әңгімесін кездейсоқ естіп қалады. Фрейд бірнеше рет зерттеу жүргізіп, көзге ота жасағанда кокаиннің анестезия болуға таптырмайтын зат екенін байқағанын айтқан. Бұл сөз, әрине, көз ауруларын емдеуді дамытуға, оның ішінде көз хирургиясына елеулі әсерін тигізді. Осылайша, Фрейд аңсаған даңққа Коллер қол жеткізді.

1996 жылы неміс тарихшысы Коллер Вашингтондағы Конгресс кітапханасында Фрейдтің жазбаларын қарап отырып, ішінде ақ ұнтақ бар шағын конверт тауып алды. Конвертте былай деп жазылыпты «Мен алғашқы экспериментте пай-

даланған кокаинның бірінші мөлшері. 1884 жылғы тамыз». Кітапхана әкімдігі ұнтақты тез арада жойып жіберді.

Фрейдтің кокаинның пайдасы туралы жазған мақалалары Еуропа мен АҚШ-қа дейін тарап, 1920 жылдарға дейін кокаин індетінің таралуына белгілі бір дәрежеде сол жарияланымдар кінәлі. Кокаинды көз отасынан басқа да мақсатта қолдануды қолдағаны үшін Фрейд қатты сынға ұшырады. Кейінірек Фрейд кокаинды қолдағанын өмірінің соңына дейін есіне түсірмеуге тырысып, осы еңбектерін библиографиясына да енгізген жоқ.

Фрейд оқуын бітірген соң кокаинды тастады деген сөз бар, бірақ оның хаттарын соңғы зерттеу, оның кокаинды одан әрі он жылдай, орта жасқа жеткенше қолданғанын көрсетті (Masson, 1985). Ол кокаинды 1884–1896 жылдары қолданып, сосын шарап ішуге көшкен болу керек: «Мен шарапқа үйреніп жатырмын, ол менің ескі досымдай болып барады. Шілдеде шарапты көп ішуді жоспарлап отырмын», – деп жазыпты бір досына (Markel, 2011, p. 177).

Үйленуі және балалары

Фрейд ғылым жолындағы еңбегін жалғастыра бергісі келді, бірақ Эрнст Брюкке есімді медицина профессоры және физиологиялық институттың директоры қаржылық қиындықтарды айтып, оны бұл ойынан айнытты. Фрейдтің университетте профессорлық қызметті ұзақ жылдар бойы күтуіне қаржылық жағдайы көтермеді. Енді Фрейд Брюккенің ақылын тыңдап, жеке дәрігерлікпен айналысу үшін тапсырылатын емтиханға дайындала бастады.

1881 жылы медицина ғылымдарының докторы дәрежесін алды, клиникалық невропатолог болып жұмыс істеді. Бірақ бұл жұмысты шын жақсы көріп емес, ақшасына бола жалғастырды.

Ол Марта Бернейспен сөз байласты, бірақ қолы қысқалықтан үйленуді кейінге қалдырды. Үйленген соң да үнемі қарызданып, ақша тапшылығын сезінді. Олар кездесіп жүрген төрт жылда Фрейд қалыңдығын кез келгеннен, тіпті Мартаның өз туыстарынан да қызғанды. Фрейд оған:

«Бүгіннен бастап сіз өз үйіңізде қонақсыз... Егер сіз мен үшін туған-туыстарыңыздан бас тартпасаңыз, менен айырыласыз, өміріңіз өкінумен өтеді және ешқашан бағыңыз ашылмайды. Мен тиранмын», – деп жазды (Appignanesi & Forrester, 1992, p. 30–31).

Фрейд көп уақытын жұмысына арнап, әйелі мен алты баласына жеткілікті көңіл бөле алмады. Ол демалысқа жалғыз өзі немесе Мартаның сіндісі Миннамен бірге шығатын. Өйткені Марта жаяу жүруді, саяхаттауды ұнатпайтын.

Анна О. оқиғасы

Фрейд тыныстау процесін, адам құлағындағы жарты шеңбер каналдың қызметін зерттеген Йозеф Брейер (1842–1925) есімді дәрігермен дос болды. Тұрмыс-жағдайы жақсы Брейер жас Фрейдке түрлі ақыл-кеңестер айтып, қарызға ақша беріп тұрды. Фрейд оны әкесіндей көріп, қатты сыйлады. Ал Брейер Фрейдке ақылы озық інісіндей қарады. «Фрейдтің интеллекті аспанда шарықтап жүр, – деп жазды Брейер достарының біріне. – Мен кейде оған лашыңға қараған тауықтай қараймын» (Ellenberg, 1972, p. 274).

Ол екеуі Брейердің тәжірибесінде болған қиын науқастарды талқылайтын, соның бірі – 21 жасар Анна О. туралы. Психоанализдің қалыптасуына осы оқиға көп әсер етті.

Ақылына көркі сай, 21 жастағы Анна деген қыз истерияның бірнеше белгісінен зардап шекті. Оның аяқ-қолы сал болып қалатын, ұмытшақ еді, ақылынан алжасатын, жүрегі айнитын, көруі нашарлап, тұтығып сөйлейтін. Бұл симптомдар

оған хал үстінде жатқан әкесін баққан кезде пайда болыпты. Брейер оны гипноздың көмегімен емдеген. Ол «Анна гипнозда болғанда ауруға себеп болған жағдайларды есіне түсіреді» деп ойлаған. Гипноз Аннаның денсаулығына оң әсер етіп жатқандай көрінген.

Брейер бір жыл бойы күн сайын Аннамен кездесіп тұрды. Анна О. оған күнделікті болған оқиғалардың ішінен жанына жарақат салғанын айтып беріп, осындай әнгімелесулерден кейін өзін анағұрлым жақсы сезінетінін айтып жүрді және Брейермен кездесулеріне «тазару», «сауықтыратын сұхбат» деген баға берді. Брейер емдеуді жалғастырғанда, Аннаның гипнозда есіне түсірген әнгімелері ішінде ол жиренішті деп бағалаған ойлар мен оқиғалар да болғанын байқаған. Гипноз арқылы көңілдегі ауыр естеліктерден арылғанда, аурудың бұрынғы белгілері әлсіреп немесе мүлде жоғалып кетіп отырған.

Уақыт өте келе Брейердің әйелі Анна мен күйеуінің арасындағы тығыз қатынасты байқап, қызғаныш білдірді.

Жас қыз Анна өзінің әкесіне деген сезімін терапевке ауыстырған. Бұған Брейердің сырт-келбетінің өз әкесіне ұқсауы әсер еткен. Сонымен бірге бұған себеп Брейердің науқаспен эмоциялық байланыс орнатуы да болуы мүмкін. Бір тарихшы былай деп жазды: «Оның жастығы мен тартымдылығы, нәзіктігі және есімінің анасының есімімен аттас болуы [Брейердің анасының есімі Анна болған] Брейердің бойында өз анасына деген Эдип сағынышын оятуы мүмкін» (Gay, 1988, p. 68). Кейін бұл жас қыздың Брейерге деген ілтипаты психологияда позитивті трансференс (ауысым) деген атаумен термин болып қалыптасты. Брейер ақыр соңында жағдайдың ушығып бара жатқанын түсініп, Аннаға әрі қарай оны емдей алмайтынын хабарлаған. Бірнеше сағаттан кейін Аннаның истериясы ұстап, толғақ қысқандай қатты киналған. Брейер бұл жағдайды гипноз арқылы қалпына келтіреді. Содан соң ол, аңыз бойынша, әйелімен Венецияға екінші бал айына кеткен, сол кезде әйелінің аяғы ауыр болған деседі.

Бұл әнгімеленің (аныздың) шындыққа сай келмейтінін психоаналитиктер мен көптеген тарихшы-ғалымдар дәлелдеді. Бұған қарап, тарихта мәліметтердің бұрмаланатынына тағы да көз жеткізуге болады. Аңыз осылайша 100 жылға жуық айтылып келді. Брейер әйелімен, шынында, Венецияға барған шығар, алайда олардың балаларының ешқайсысының туған жылы сол уақытқа сай келмейді (Ellenberger, 1972).

Кейінгі зерттеулер Брейердің Аннаны (шын есімі Берта Паппенхайм) катарсис әдісі арқылы аяғына дейін емдей алмағанын анықтады. Екі аптадан соң Брейер оған баруды тоқтатқан. Аннаны ауруханаға жатқызған. Ол сонда күні бойы әкесінің портретінің жанына отырып алып, оның моласына барғанын сағаттар бойы әнгімелеп отыратын. Онда галлюцинациялар мен конвульсиялар болатын, бет невралгиясынан зардап шегетін, тілі байланатын.

Ол морфинге тәуелді болған. Брейер оған морфинді бетінің ауырғанын басу үшін жазып беретін. Ол: «Үнемі салуға дайын тұратын шприцпен [морфинмен] бірге өмір сүруге ешкім де қызықпас», – деп жазды (quoted in Ramos, 2003, p. 239). Фрейд 1883 жылы Бертаны танитын әйеліне жазған хатында: «Брейер оны (Бертаны) ертерек о дүниеге кетсе екен деп тілейді, сонда бейшара әйел азаптан құтылар еді. Берта енді ауруынан айықпайды», – депті (quoted in Borch-Jacobsen, 2012, p. 3).

Кейін Берта Паппенхайм бірге-бірге сауығып, әйелдердің білім алуын жақтаған әлеуметтік қызметкер және феминист болды. Ол әйел құқығы жөнінде қысқа әнгімелер мен пьесалар жазған, сол үшін оның құрметіне пошта маркасы шығарылған. Ол 1936 жылы антифашистік көзқарасына байланысты гестапоның тергеуінен кейін қайтыс болған. 1992 жылы Бродвейде оның өміріне негізделген «Анна О. құпиясы» деп аталатын пьеса қойылды. Брейердің Анна О-ны емдеуі психоаналитика тарихындағы елеулі оқиға болып есептеледі, себебі Фрейд осы

Позитивті трансференс (ауысым): науқастың терапевке өз өміріндегі ерекше адам ретінде қарауы (мысалы, ата-анасы ретінде).

арқылы катарсис әдісімен танысты, яғни әңгімелесу арқылы емдеуді білді, кейін бұл әдіс оның еңбегінде ерекше орын алды.

Невроздың жыныстық қатынасқа байланысты себебі

Фрейд 1885 жылы оқуын бітіргеннен кейін шағын грант ұтып алады. Сол арқылы Парижге бірнеше айға оқуға барады. Онда Шаркомен бірге оқиды. Шарконың истерияны емдеуге гипнозды қалай қолданғанын көреді. Фрейд кейінірек оған әкесіндей қарай бастайды. Тіпті Шарконың қызына үйленсе, ғылым жолында үлкен биіктерге шыға алатынын да ойлайды. Фрейд тіпті Мартаға Шарконың қызының тартымдылығын сипаттап хат та жазады (Gelfand, 1992).

Шарко «истерияға жыныстық қатынастың қатысы бар» деген ойға Фрейдтің зейінін аудартады. Фрейд бір кеште Шарконың «белгілі бір науқастағы истерияның себебі жыныстық қатынасқа байланысты» дегенін құлағы шалып қалады: «Мұндай жағдайларда мәселенің кілті үнемі тек сыртқы жыныс мүшелерінде» (1914, р. 14). Фрейд Шарконың секс туралы айтқанда «қолын тізесіне айқастырып, бірнеше рет жоғары-төмен секіріп-секіріп алғанын» байқайды. Ол «танданғанымнан бір сәт сілейіп тұрып қалдым» деп жазды сонда (quoted in Prochnik, 2006, p. 135).

Фрейд Венаға қайтып оралған соң, эмоциялық дамудың бұзылуында сексуалдық негіз бар дегенді растайтын тағы бір оқиғаға тап болады. Сол заманның танымал гинекологі Рудольф Кробэк оған бір науқастың жағдайын мысалға алуды ұсынады. Науқас әйел өз дәрігерінің қайда жүргенін әр минут сайын біліп отырмаса, ауырып қалады екен. Кробэк Фрейдке бұл ауытқудың негізі оның күйеуінің белсіз болуынан дегенді айтады. «Кробэк былай айтты, – деп жазады Фрейд. – Мұндай ауруға керек жалғыз ғана емнің не екенін бәріміз де білеміз, алайда оны рецептке жазып бере алмайсың. Ол: «Мүше дұрыс. Қайта қолдану қажет!» (*Rx Penis Normalis dosim repetatur!*) (Freud, 1914). Кейін Кробэк бұлай демегенін айтты (Ritvo, 1990, p. 75).

Фрейд Брейердің гипноз бен катарсис әдістерін өзінің науқастарын емдеу үшін пайдаланды, алайда нәтижелеріне көңілі толмағандықтан, кейін оны тоқтатты. Бұл әдістің кейбір симптомдарды жеңілдетуде көмегі болғанымен, оның күші ұзақ уақытқа жетпеді. Көптеген науқастар қайта-қайта шағымданып келе беретін болды. Сонымен бірге кейбір неврозбен ауыратын науқастардың гипнозға оңай әрі толығымен беріле алмайтынын да байқап қалды. Ол катарсисіті қолдануды тоқтатты да, одан жаңа еркін ассоциация техникасын дамытып шығарды (Есіңізге түсіріңіз, біз 1-тарауда Фрейдтің айтатын дегені «еркін ассоциация емес, еркін басып кіру» деп айтып өткен болатынбыз).

Еркін ассоциация әдісімен емделіп жүрген пациент диванға жатады, оған ойындағысын ашық және еркін айтуға мүмкіндік беріледі. Ол әрбір идеясының атын атап, түсін түстейді, тіпті ол түкке тұрмайтын болса да, танданарлық болса да – бәрібір. Психоаналитиканың бұл жүйесіндегі Фрейдтің мақсаты – сана түпкіріндегі ойларды жаңғырту болатын, өйткені осы ойлар пациенттің мінез-құлқындағы ауытқулардың себебі деп түсінді.

Фрейдтің ойынша, пациенттің көңіліндегі барлық материалдың өз мәні болды, яғни олардың ешқайсысы кездейсоқ емес. Олар еркін ассоциация сеансы кезінде анықталатын. Пациент конфликтісінің табиғаты осы материалдардың санын бұзуына әкеп соқтырған, сондықтан да олар терапевтке айтылуы қажет.

Фрейд еркін ассоциациялар техникасы арқылы пациенттерінің естеліктерінің барлығы балалық шақпен байланысты екенін байқайды. Осы басынан өткізген оқиғалардың барлығы сексуалды мәселелермен байланысты болып шығады. Осыған дейін де эмоциялық ауытқулардың түп тамыры секстік факторларға байланысты деп түсініп келген және өз заманындағы секстік патологиялар туралы жазбалармен таныс Фрейд өз пациенттерінің әңгімелеріндегі секстік мазмұны бар материалдарға қатты көңіл бөле бастайды.

Еркін ассоциация: науқастың ойына келген нәрселердің барлығын айтуына мүмкіндік берілетін психотерапевтік техника.

Ол 1898 жылы «неврологиялық аурулардың тікелей және негізгі себебі жыныстық өмірдің факторларында» деп, сенімді түрде жазады (quoted in Breger, 2000, p. 117).

Истерияны зерттеу

Фрейд пен Брейер 1895 жылы «Истерия туралы зерттеулерін» (*Studies on Hysteria*) жариялайды. Бұл кітаптың шығуы психоанализдің ресми түрде бастау алғанын білдіреді, алайда бұл еңбекте «психоанализ» сөзі қолданылмаған, терминді Фрейд бір жылдан соң қолданды (Rosenzweig, 1992). Кітапта екі автордың да еңбектері жарияланған және бірнеше науқастың тарихы баяндалған. Оның ішінде Анна О. туралы оқиға да бар. Бұл еңбекке қарсы біраз көзқарастар білдірілгенімен, көбінесе жағымды пікірлер айтылып, жақсы қабылданды, сонымен бірге ғылыми және әдеби журналдарда еңбектің осы салаға қосылған үлкен үлес екені айтылып, бүкіл Еуропада кеңінен жарияланды. Бұл кітап Фрейдті өзі қатты ұмтылған танымалдыққа жеткізгенімен, оған өзінің көңілі толмады. Себебі одан кейінгі 13 жылда кітаптың бар болғаны 626 данасы ғана сатылған (Makari, 2008).

Фрейдтің «неврозды мінез-құлқтың негізгі және жалғыз себебі – жыныстық қатынас» деген көзқарасымен келіспеген Брейер әрі қарай бірігіп еңбек шығарудан бас тартты. Брейер секстік факторлардың маңызды екеніне келісті, алайда олардың жалғыз ғана себеп екеніне күмәнданды. Ол Фрейдке бұлай тұжырымдауға дәлел жеткіліксіз екенін айтты. Кітап шығару туралы келісімге келсе де, көзқарастарының әртүрлілігі олардың достығына сызат түсірді.

Фрейд өзінің дұрыстығына еш күмәнданбады, сондықтан да өз ұстанымын қолдауға қосымша мәлімет жинауды құп көрмеді. Оның асығуының бір себебі – идеяны өзінен бұрын басқа біреу жариялап жібере ме, өзінің алдын орап кете ме деп қорықты. Фрейдтің жетістікке жетуге деген асығыстығы ғылыми еңбектегі сақтық сезімінен басым түсуі де мүмкін.

Брейер Фрейдтің өз жұмысына деген осындай догмалық қатынасын дұрыс емес деп тапты. Фрейд те оған ашулы еді. Дегенмен истерияны емдеу туралы алғашқы еңбегін басып шығарғанда Фрейдтің ашу басылды. 1925 жылы, Брейер дүниеден озғаннан кейін жиырма жылдан аса уақыт өткенде, Фрейд ол туралы сағынышқа толы естелік жазды. Оның өзіне әкесіндей болғанын айтты. Брейердің ұлына: «Сіздің әкеңіз біздің жаңа ғылымымыздың дамуы үшін үлкен рөл атқарды», – деп, көңіл айту хатын жіберді (quoted in Hirschmuller, 1989, p. 321).

Балаларды жыныстық қатынасқа азғыру мәселесі

Невроз ауруында жыныстық қатынастың маңызды екеніне Фрейдтің ешқандай күмәні болмағанын білдік. Ол өзінің әйел-науқастарының көбісі көңілге сызат түсірген секстік тәжірибелерін бала кездерінде өткергенін байқады, мұндай жағдайларға көбіне отбасы мүшелерінің қатысы болған. Фрейд «қалыпты жыныстық қатынаста өмір сүретін адам невроздан зардап шекпейді» деген ойға келді.

Фрейд 1896 жылы Вена Психиатрия және невралгия қоғамы жиынындағы баяндамасында өзінің еркін ассоциациялар тәжірибесінің негізінде мына нәрсені анықтағанын мәлімдеді: науқастарды балалық шағында көп жағдайда жыныстық қатынасқа азғырушы – ересек туысы, кей жағдайда әкесі болған. Кейінірек, Фрейд осы азғырулардың есейген кезде науқастардың неврозды мінез-құлқына себеп болғанын айтты. Науқастардан жағдайды егжей-тегжей әңгімелеп беруді өтінгенде, олар оқиғаны ойдан шығарып отырғандай, мүдіріп, кідірген, абыр-жыған.

Қоғам мүшелері Фрейдтің мақаласын немқұрайды қабылдады. Қоғамның президенті Крафт-Эбинг «бұл бейне бір ғылыми ертегі сынды» деді (quoted in Jones, 1953, p. 263). Фрейд, өз кезегінде, сыншыларын «есектер» деп атап, дөрекі сөздермен сөкті. Негізінде, Фрейдтің еңбегіне деген қарсылық оның «балалық

шақта жыныстық қатынасқа азғырушылар көп болады» деген пікірімен байланысты еді.

Мұны қазіргі күннің фрейдшіл бір ғалымы «азғыру теориясына қарсылық невроздың негізгі себептері соматикалық негізде деп қабылданғандықтан немесе Фрейдтің клиникалық ем-шараларының нәтижесі сенімді болмағандықтан» деп жазды (Esterson, 2002, pp. 117–118). Қалай түсіндірілсе де, бұл мақала амбициясы күшті Фрейдке еш әсер етпеді.

Фрейд бір жылдай уақыт өткенде өз ұстанымын толық өзгертті. Енді ол науқастардың жыныстық қатынасқа азғырушылық туралы айтқандары мен сипаттағандары шын мәнінде болмағанын айтты. Олардың қиялдан құрастырған нәрселерін айтып жүргенін білу алғашында Фрейдтің өзіне соққы болды. Себебі ол осы айтылғандарға сүйене отырып, «науқастардың ересек кезіндегі иррационалды мінез-құлқы бала кездегі жыныстық қатынасқа азғырушылықтан болды» деген невроз теориясын жазған болатын. Алайда Фрейд науқастардың қиялы өздеріне шынайы болып көрінетінін түсінді. Өйткені науқастың қиялы жыныстық қатынасқа бағытталған еді, бар мәселеде ұшығы осы болды. Фрейд осылайша невроздың себебі жыныстық қатынас деген негізгі идеясын сақтап қалды.

Бір ғасырға жуық уақыт өткенде, 1984 жылы, Фрейд архивінің директоры болған психоаналитик Джеффри Массон: «Фрейдтің науқастары балалық шақта жыныстық қатынасқа азғырылғандары туралы өтірік айтқан». – деді. Оның айтуынша, Фрейд мәлімдеген балалық шақтағы сексуалдықтан алған жан жарасы шын мәнінде болған. Алайда Фрейд идеяны ғылыми орта мен қоғам қабылдауы үшін оларды фантазия деп өзгерткен деді (Masson, 1984). Көптеген ғалымдар Массонды айыптады, оның дәлелдері әлсіз деді (see Gay, 1988; Krüll, 1986; Malcolm, 1984). Осыған байланысты БАҚ-та жалпыұлттық дау болды.

«Вашингтон Пост» (*Washington Post*) газетіне берген сұхбаттарында (19 ақпан, 1984) аса көрнекті фрейдшіл ғалымдар Пол Розен мен Питер Гэй – Массонның теориясын өтірік пен жала, «психоанализ тарихын тұрпайы түрде бұрмалау» деп атады. Фрейд балалық шақта психосексуалды жарақат алу болатынын жоққа шығармаған. Ол тек ондай оқиғалар *үнемі* болып тұрады деген тұжырымынан бас тартқан. Фрейдтің өзі: «Балаларды жыныстық қатынасқа итермелеудің соншалықты жиі кездесетіні, шынында, сенуге келмейді», – деп жазған (1954, pp. 215–216).

Кейінгі зерттеулердегі дәлелдер балаларға қатысты жыныстық қатынас қылмыстары, шынмен де, кең тарағанын көрсетті, алайда, мүмкін, мұны Фрейдтің өзі қабылдай алмаған болар. Бір жазушы былай дейді: «Қызы мен әкесінің арасындағы жыныстық қатынас кәсіби әдебиетте көрсетілгеннен анағұрлым көп болды» (Letman, 1986, p. 65). Осы мәліметтерге сүйенген кейбір психоаналитиктер Фрейдтің «невроздың себебі балалық шақта болған жыныстық қатынасқа азғырылу тәжірибесі деген алғашқы теориясының дұрыс болуы мүмкін» деген ойларын білдірді. Фрейд шын мәнінде, Массон айтқандай, ақиқатты жасырды ма, әлде, шынында, науқастарының айтқаны қиял екеніне сенді ме – ол жағы бізге беймәлім.

1930 жылдары Фрейдтің шәкірті Шандор Ференци: «Науқастардың Эдип комплексінің симптомдары қиялдан туындамаған, керісінше, шын мәнінде болған секстік қылмыстың нәтижесі». – деді. Ол өзінің тапқан мәліметтерін 1932 жылы психоаналитиктер конгресінде баяндағанда, Фрейд оның сөз сөйлеуіне кедергі келтіруге тырысқан. Онысынан түк шықпағандықтан, Ференцидің көзқарасына қарсы мәлімдеме жасаған.

Фрейдтің алғашқы секстік қылмыс туралы теориясын сәл өзгертіп, жақсартуының бір себебі – егер оны дәлелдесе, барлық әкелер, оның ішінде өз әкесі де бар, өз балаларына қарсы қылмыс жасаған кінәлілер болып табылар еді (Krüll, 1986).

Фрейдтің жыныстық қатынасы туралы

Секстік азғыру теориясын өршелене жақтайтын Фрейдтің жеке басы жыныстық қатынасқа қарсы болды және сексте қиындықтарды бастан кешті. Бір шәкірті

Фрейдтің жас кезінде жыныстық қатынаспен айналысуда өзін-өзі шектегенін, әйелдерден ұялғанын және қорыққанын, 30 жасында үйленгенге дейін әйел баласына жақындамай, пәк жүргенін айтады (Bregier, 2009, p. 11).

Ол сексуалды тартымдылық қауіпті (тіпті неврозбен ауырмайтын адамдар үшін де), адамдар осы бір «жануарлық инстинктен» биік болуға тырысуы керек деп жазды. Жыныстық қатынас адамды күйзеліске ұшыратады, тән мен ақылды кірлетеді деген ұстанымда болып, 41 жасында, алтыншы баласы дүниеге келгеннен соң, әйелі Мартамен жыныстық қатынастан мүлдем бас тартқан. Ол: «Мен сияқты адамға жыныстық қатынастың еш қажеті жоқ», – деп жазды (Freud, 1954, p. 227).

Фрейд өзінің секстік өмірінің ерте аяқталуына әйелін себепкер деп танитын. Ол бірнеше жыл бойы белсіздіктен зардап шекті, кейде презервативті және сол кездегі бала тууды бақылаудың стандарт әдісі – үзіп жанасуды (*coitus interruptus*) ұнатпағандықтан, секспен айналысқысы келмеді. Ол төсек қатынасын ерте тоқтатуына әйелін кінәлады, кейбір түстерін де секспен айналысуды доғаруға мәжбүрлегені үшін пайда болған өкпе-наразылықтың көрінісі деп жоритын. Оның өмірбаяншысы «Ол өзін жапа шеккен адамға балады, өйткені әйелі көп бала туды, аяғы ауыр кезде жиі ауыратын және секстік ойындарға құлықсыз болатын», – деп жазды (Elms, 1994, p. 45). Фрейд енді сұлу әйел көрсе, тамсанатын болды. Оның айналасында сұлу әйел де өте көп болды. Фрейдтің достары оның студенттерінің арасында «сұлу қыздардың көптігі сонша – мұны кездейсоқтық деп айтуға болмай қалды» деген (Roazen, 1993, p. 138).

Сосын оның балдызы Минна Бернейс туралы өсек гу ете қалды. Минна Мартадан жасырақ және ақылдырақ болатын. Фрейд Миннаға өзінің шығармаларын талдаған ұзақ та жылы хаттар жазып тұрды. Мартаға ешқашан олай етпеген еді. Алтыншы сәби дүниеге келгеннен кейін, Фрейд Мартамен жыныстық қатынасты доғардым деп жариялаған соң, олардың үйіне Минна кеп қоныстанып, Фрейд 83 жасында қайтыс болғанға дейін тұрды. Марта бала туу мен бала күтімінен қатты шаршайтындықтан, Фрейдпен бірге саяхатқа Минна шығып тұрды. Екеуі тұрақтаған сол көп орындардың бірі – Швейцариядағы кішігірім қала еді, олар 1898 жылы сонда екі апта тұрды. 2006 жылы бір неміс ғалымы қонақ үйге тұрақтағандар тіркелген журналды тауып алды. Фрейд 11-бөлменің тұсына «Дәрігер Зигм. Фрейд және әйелі» (*Dr. Sigm. Freud u frau*) деп қол қойыпты (Markel, 2011, p. 159). Олардың арасында жақын қатынас болғандығына еш дәлел жоқ, бірақ қонақ үйдегі тіркеу журналы – «жақын қатынас болған» дейтіндерге жақсы уәж.

Фрейдтің неврозы

Фрейд көп ұзамай өз теориясының мысалына айналды. Оның жыныстық қатынастағы ауытқулары неврозға әкеліп соқтырды. Ол секстік өмірден бас тартқаннан кейін жыл өткенде болған невроздық жағдайды былай деп сипаттаған: «Түсініксіз көңіл күй, сана тұманды, жасырын күмәндар, біресе ана жерден, біресе мына жерден жарықтар жылтылдайды... өзіме не болғанын түсіне алмадым» (Freud, 1954, pp. 210–212). Оның мазасыздығының физикалық белгілері бас сақинасының ұстауы, кіші дәретте киналуы, бұлшық еттің түйілді болды. Ол өліп қалам ба деп қорықты, жүрегін күтті, таза ауада, ашық жерлерде көбірек саяхаттауға тырысты.

Фрейд өзіне жыныстық қозудың күшеюінен болған мазасыздық неврозы және неврастения деген диагноз қойды. Ол ертеректе ер адамның неврастениясы мастурбациядан болады деп тұжырымдаған болатын, ал мазасыздық неврозы үзіп жанасудан немесе жыныстық қатынастан шектелуден деген. Өз диагнозын осылай белгілеу арқылы «оның жеке өмірі өзі шығарған теориямен байланысып кетті және ол соның көмегі арқылы өз мәселелерін шешуге тырысты. Сонымен, Фрейдтің белсенді невроз жөніндегі теориясы оның өзінің невротикалық симптомдарына негізделіп жасалған» (Krüll, 1986, pp. 14, 20). Сөйтіп, психоанализдің қажеттігін түсіндіре отырып, өз түстерін талдау арқылы өзіне анализ жасау керектігін де түсінді.

Фрейдтің өз түсін талдауы

Түсті талдау: психотерапияда адамдағы бейсана конфликттерді ашу үшін түстерді түсіндіру техникасы.

Фрейд науқастың түстері мәліметтерге бай, эмоциялық материал бола алатынын және ауытқулардың себептерін анықтауға көмектесетінін түсінді. Оның барлық нәрсеңің себебі бар деген позитивистік сенімі «түс белгілі бір оқиға мен жағдайсыз, себепсіз өзінен-өзі болмайды» деп шешті. Олардың мәні науқас көңілінің түбінде жатқан мәселелерге байланысты. Фрейд өзін-өзі еркін ассоциациялар техникасы арқылы талдай алмайтынын білді. Өйткені бір мезетте әрі науқас, әрі дәрігер болу мүмкін емес-тін. Ол 1897 жылы өзінің досына «менің әзіргі ең басты пациентім – өзім» деп жазды (quoted in Kandel, 2012, p. 63). Сондықтан ол **түсті талдау** әдісін қолдануды ойлады. Танертен оянысымен түсін егжей-тегжейлі жазып, соған қарап еркін ассоциациялар жасады.

Түстерін талдауда өз әкесіне деген жағымсыз сезімін анықтады. Ол бала кезіндегі шешесіне деген махаббаты мен өзінің үлкен қызына деген сезімін ой елегінен өткізді. Осы талдаулардың нәтижелері оның теориясының негізіне айналды. Сонымен, оның психоаналитикалық жүйесі негізінен өзінің неврозын талдау мен балалық шағындағы тәжірибелерінен құрылғанын білдік. Өзі былай деп жазды: «Ең басты пациент – менің өзім» (quoted in Gay, 1988, p. 96).

Фрейдтің өзін-өзі талдауы екі жылға созылды. Нәтижесінде 1900 жылы «Түс жору» (*The Interpretation of Dreams*) атты еңбегі жарық көрді. Қазір бұл оның ең басты еңбегі деп танылады. Өзі бұл еңбегі жайлы: «Мұндағы жаналықтардың ең құндысы – менің осыны жасағаным», – дейді (quoted in Forrester, 1998). Осы кітапта ол алғаш рет Эдип комплексін атап көрсетті. Барлық ортада тез қабылданбастан да, көпшілік қауым еңбек туралы жақсы пікір білдірді. Венадағы, Берлиндегі және өзге де Еуропа қалаларындағы кәсіби журналдар талқылады, газет-журналдарда сөз болды. Цюрихте Карл Юнг еңбекті оқып шығып, психоаналитикаға бет бұрды.

Фрейд түстерді талдауға психоаналитиканың техникасы ретінде қарады. Ол күн сайын ұйықтар алдында өз түсін талдайтын. Бір қызығы, кітапта сипатталған 40-тан аса түстің бір-екеуі ғана жыныстық қатынас туралы. Ал Фрейд «түс әдетте балалық шақтағы секстік құштарлықпен байланысты» деген болатын. Фрейдтің түстеріндегі ең маңызды орын алған тақырып – атакқұмарлық, ал Фрейд өзінің атакқұмар емес екенін айтатын (Welsh, 1994).

Жетістік шыңы

Фрейд өз идеяларын жазуын және жариялауын жалғастырды.

«Ол 1900 жылдан бастап жылына кем дегенде бір кітап көлемінде еңбек жариялап тұрған. Егер біреу осылай жемісті жұмыс істесе және ол белгілі бір жан-жақты теорияны адамға қатысты секстік тартымдылық, шығармашылық, ауытқушылық, бір нәрседен айырылу, кінә, мазасыздық, көңілге жара түсіретін тәжірибелерді қайталауға деген бейімділікке қатысты қолданып, тұрақты жаза берсе, мұны байқамау мүмкін емес» (Messer & McWilliams, 2003, p. 76).

Фрейдше жаңылысу: ұмыт қалдыру немесе сөз барысында жаңылысу, бұл – адамдағы бейсана мотивтер мен мазасыздықтардың көрінісі.

Ол 1901 жылы «Күнделікті өмірдің психопатологиясы» (*The Psychopathology of Everyday Life*) атты еңбегін жариялады. Онда әйгілі «Фрейдше жаңылысу» термині сипатталған. Терминнің немісше атауы *Fehlleistung*, яғни дөрекі қателік немесе кемшілігі бар жұмыс деген сөз. Бұл термин 1950 жылдарға дейін танымал болған жоқ (Egard, 2007).

Фрейдтің пайымынша, күнделікті өмірде сыртқа шығуға ұмтылатын бейсана идеялар, мида жүретін күрес адамдардың ойлары мен іс-әрекеттеріне әсер етеді. Бірденені жаңылысып айту немесе байқамай қалу – адам оны өзі де әлі зерделемеген іштегі шын ниеттен немесе пиғылдан хабар береді.

1905 жылы «Секс теориясы туралы үш эссе» (*Three Essays on the Theory of Sexuality*) атты еңбегі жарық көрді. Үш жыл бұрын біраз студенттер Фрейдтен апта сайын психоанализ туралы семинар жұмыстарын жүргізуді өтінген болатын. Алғашқы кездесудің тақырыбы сигар жасау психологиясы болды (Kerr, 1993).

Осы студенттердің арасында Карл Юнг пен Альфред Адлер де бар еді. Олар кейін Фрейдтің жүйесіне қарама-қарсы маңызды жүйені дамытты. Оларды «маргинал невротиктер» деп атады (Gardner, 1993, p. 51).

Анна Фрейд оның шәкірттері туралы: «Біртүрлі, қияли және невроздан өздері зардап шеккендер», – дейді (quoted in Coles, 1998, p. 144). Осы топ мүшелерінің бірі – Герберт Нунберг: «Олар өзгелердің ғана емес, өз қиыншылықтарын да талқылайтынын; өздері ғана білетін, іштерінде жүретін ренішін, мастурбация жасайтынын, ата-аналары туралы естеліктерін, достары, әйелдері мен балалары туралы айтатын». – деген (quoted in Breger, 2000, p. 178).

Брейермен арадағы келіспеушіліктен соң Фрейд өз теориясындағы жыныстық қатынастың рөлі мәселесіне келгенде еш ымыраға бармайтын. Осы нәрселерді қабылдамаған немесе талқылай бастаған студенттерді бірден аластап тастайтын. «Психоанализ – менің қолымнан шыққан дүние, – деп жазады Фрейд. – Он жыл бойы мұнымен тұрақты айналысқан мен ғана болдым, психоанализді менен артық ешкім білмейді» (Freud, 1914, p. 7). Тіпті сенімді ізбасарларының бірі Фрейдті «психоанализдің атасы ғана емес, тираны!» деп атаған (Sadger, 2005, p. 40).

Фрейд отбасында да қатал болатын. Ол барлық жерде тәртіп пен жүйелілікті талап ететін. Фрейдтің келінінің: «Венадағы тамақ ішетін түскі уақытта, яғни сағат бірде сен дастархан басында отыруың қажет, соғыс па, басқа ма – ештеңеге қарамайтын, егер кешіксең, тамақ ішкізбейтін», – дегені бар (quoted in Verman, 2008, p. 641).

1900–1910 жылдар аралығында Фрейдтің дәрежесі көтерілді. Оның жеке тәжірибесі биік деңгейге жетті. Әріптестері оның айтқандарына құлақ түретін болды, ақша мәселесінде де қиналған жоқ. Аналитик ретінде өте табысты болғаны сонша – ол бағасы 25\$ тұратын сағат сатып ала алды. Фрейдшіл ғалым «сол кездегі соманы қазіргімен салыстырғанда, 4000\$-мен бірдей» дейді (Cohen, 2012, p. 120).

Фрейдтің АҚШ-қа келуі

Г.Стенли Холл 1909 жылы Фрейд пен Юнгті Массачусетсстегі Кларк университетінің жиырма жылдық мерейтойына сөз сөйлеуге шақырады. Фрейд дәріс оқып, психология докторы деген дәрежеге ие болады. «Фрейдтің дәрістерінен ең көп әсер алған адам Фрейдтің өзі шығар. Оның тыңдармандары Еуропадағыдан әлдеқайда жоғары деңгейде еді, Фрейд өзін маңызды эмпирикалық жаңалық ашқан ұлы ғалым және терапевт ретінде ұстады, ал олар, өз кезегінде, одан мақтауларын аямады» (Kerr, 1993, pp. 243–244).

Фрейд америкалық Джеймс, Титченер, Кеттелл сынды ұлы психологтермен кездесті. Фрейдтің дәрістері *American Journal of Psychology* журналында басылып, бірнеше тілге аударылды (Freud, 1909/1910). Фрейдтің бейсаналық туралы тұжырымын да америкалық оқырман жақсы қабылдады. Бұл идеяға қызығушылық канадалық жазушы Х. Аддингтон Брюстің жазғандарынан бастау алған еді. Брюс 1903–1917 жылдар аралығында бейсаналық туралы 63 мақала жазған және жеті кітап шығарған. Бұл осы тақырыпқа деген қызығушылықты арттырды (Dennis, 1991).

Фрейдті жақсы қабылдағанмен, оның өзі кей жерлерде кейбір нәрселерді ұната қоймады. Ол Америкадағы тағам сапасын ұнатпады, айтуынша, асқазанын ауыртқан. Қоғамдық дәретханалардың жетіспеуі, адаммен қарым-қатынастағы аса еркіндіктері, мысалы, Ниагара сарқырамасын көрсетіп жүрген жолсеріктің оны «кәрі досым» дегені ұнамаған. Ол өмірбаяншысына: «Америка – қателік; үлкен қателік, бұл – шындық, бірақ қателіктен басқа ештеңе де емес», – депті (Jones, 1955, p. 60). Уақыт өтсе де, осы ойын өзгертпеді.

Америкаға барған сапарына он төрт жыл өткенде одан Американың неге ұнамағанын сұрағанда: «Мен Американы жек көрмеймін, алайда өте өкінішті, Колумбтың Американы ашпағаны дұрыс болар еді», – деген (quoted in Rabkin, 1990, p. 34). Әділдік үшін айтып өту керек, Фрейд өзі 80 жылдан аса тұрған Вена-ны да ұнатпайтынын айтқан-ды.



Кларк университеті, 1909. Отырғандар (солдан оңға қарай): Зигмунд Фрейд, Г.Стенли Холл, Карл Юнг. Түрегеп тұрғандар (солдан оңға қарай): А.А. Брилл, Эрнест Джонс, Цандор Ференши

Басқаша ойлау, науқастану және қашу

Фрейдтің кейбір ойларының айналасында болған көзқарастардың әралуандығынан ғалымдардың арасында түрлі келіспеушіліктер болып, ресми Психоаналитика қауымдастығы біраз уақыттан соң ыдырады. 1911 жылы Фрейд Адлермен ренжісіп қалды, үш жылдан соң Юнгпен сөзге келіп қалды. Ол Юнгті өзінің рухани ұлы және психоаналитикадағы мұрагері санайтын. Фрейд қатты ашуланды. Бірде туыстарымен бірге тамақтанып отырған Фрейд бұрын сенімді деп жүрген әріптестерінің өзгеріп кеткендігі туралы айта бастағанда, апайы: «Мәселенің бар ұшығы өзінде, Зиги, сен адамдарды мүлде түсінбейсің», – деді (quoted in Hilgard, 1987, p. 641).

Фрейд 1923 жылы, атағы дүрілдеп тұрған кезде, ауыз қуысының обырына шалдықты. Одан кейінгі 16 жылда ол үнемі ауырды және таңдайы мен жоғарғы жақ сүйегінің біраз бөлігін алып тастаумен аяқталған 33 ота жасатты. Рентген сәулесімен, радиймен емделді, дәрігерлер ісіктің өсуін тоқтатады дегендіктен, вазектомия жасатты. Аузына жасанды ауыз құрылғысын орнатып, содан сөзі түсініксіз болды. Ол науқастары және шәкірттерімен ғана қарым-қатынас жасады. Бірақ ауырғанына қарамастан, күніне 20 сигар тарту әдетін қоймады.

Германияда Гитлер билікке келгеннен кейін, фашистік режимнің ресми психоаналитикаға деген көзқарасы айқын болды. 1933 жылдың мамыр айында Фрейдтің кітабы Берлинде жұрт көзінше отқа жағылды. Оның том-том кітаптары отқа лақтырылғанда, нацистер көшбасшысы былай деп айқайлады: «Адам жанын аздыратын секстік өмірді дәріптеу құртылсын, барлық ұлы адамдардың атынан Зигмунд Фрейдтің кітаптарын отқа тастаймын!» (quoted in Schur, 1972, p. 446). Фрейд: «Біз қандай прогресс жасап жатырмыз. Орта ғасырлар болса, мені де отқа тастар еді, бүгінде олар менің кітаптарымның жанғанына риза», – дейді (quoted in Jones, 1957, p. 182).

1934 жылға дейін айтулы еврей психологтері мен психоаналитиктерінің барлығы көшіп кетті. Фашистік Германияның олардан арылу бағдарламасы нәтижелі болды. Кезінде аса танымал болған Фрейд теориясы ұмытылды. Фашистік режим кезінде орныққан Берлиндегі Психологиялық зерттеулер институтының студенті

«Фрейдтің есімі ешқашан да аталмағанын және оның кітаптарына тыйым салынғанын» айтады (New York Times, July 3, 1984).

Қауіпті болса да, Фрейд Венадан кетпейтінін мәлімдеді. 1938 жылдың наурыз айында неміс әскері Австрияға кірді. Аздан соң фашист жендеттері оның үйіне басып кірді. Қызы Анна бір аптадан соң қамауға алынды. Ақырында, Фрейд кетуге мәжбүр болды. АҚШ үкіметінің араласуымен, фашистік билік оған Англияға кетуге рұқсат етті (Cohen, 2010). Фрейдтің төрт қарындасы Венада қалды, олар концлагерьде көз жұмды.

Елден кетуге виза беру үшін Фрейд гестапоның (құпия полиция) іс-қимылы барлық ережелерге сай болды деген құжатқа қол қоюы керек еді. Ол қол қойды және мынадай сарказмды комментарий қалдырды: «Шын жүректен барлық жұртқа гестапоны тілеймін» (quoted in Jones, 1957, p. 226). Мұны Фрейдтің досы әрі өмірбаяншысы Эрнест Джонс айтқан. Алайда кейіннен түпнұсқа құжатты тексергенде, ондай жазу болмаған (Decker, 1991). Бірақ алғашқы нұсқа басылымдарда жарияланып жүр.

Англияда Фрейдті жақсы қарсы алды. Онда ол қызыл кірпіштен салынған әдемі үйге орналасты. Бұл үй Маресфилд Гарденс көшесінде орналасқан, қазір Фрейд музейі. Ол өзімен бірге атақты диванын және басқа да заттарын ала келді. Досына хатында: «Мұнда Бергаспен салыстырғанда [Венада тұрған көшесі] әлдеқайда жақсы». – деп жазды (quoted in Collins, 2013, p. 23). Бірақ оның денсаулығы нашарлай берді. Достарына жазған хаттары мен күнделігінде ауру меңдеп жүргені туралы жазды. «Жұмысымды он екі күнге қоя тұруыма тура келді, аурудан жаным көзіме көрініп, жылытқыларды құшақтап, мен емес, науқастарым жатуы керек болған диванда жаттым» (Freud, 1939/1992, p. 229). Дегенмен тәні сау болмаса да, миы қарқынды жұмыс істеп, ақырғы демі үзілгенше еңбек етті.

Ол біраз жылдар өткенде өзіне дәрігер ретінде Макс Шурды таңдап алды. Фрейд оған өзін тектен-текке қинамауға уәде бергізді. 1939 жылдың 21 қыркүйегінде Фрейд Шурға: «Сен маған уақыты келгенде, ана дүниеге жөнелтуге уәде бердің. Енді бұл бар болғаны – жан қинау, ешқандай мағынасы қалмады», – деді (quoted in Schur, 1972, p. 529). Шур 24 сағат бойы морфинді мөлшерден тыс көп берді, оның көп жылғы азабы осылай аяқталды.

Үнемі өзгеріп отыратын тарихта Фрейд өлімі туралы айтылған осы нұсқаға сын тағылды. Архивтегі құжаттар Шурдың Фрейд өлген кезде жанында болмағанын, морфинді берген дәрігер Джозефин Стросс екенін айтады. Ол Анна Фрейдтің досы әрі зейнеттегі дәрігер-тін (Lacoursiere, 2008). Тіпті Фрейдтің өлімі де қарама-қайшылыққа толы.



ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН

Зигмунд Фрейдтің 1909 жылы 9 қыркүйекте Кларк университетінде оқыған истерия жөніндегі алғашқы дәрісінің түпнұсқасы¹

Фрейд бұл дәрісте Анна О. жағдайын талдайды.

Ханымдар мен мырзалар!

Америка студенттерінің алдында дәріс оқу – мен үшін соны да тебіренерлік оқиға. Мен бұл құрметке өз атымдағы Психоаналитика қауымдастығының арқасында ие болып отырмын, сондықтан еңгіме психоанализ туралы болады. Зерттеудің және емдеудің осы жаңа түрінің пайда болуы мен кейінгі дамуы жөніндегі тарихи шолуды сіздерге қысқаша жеткізуге тырысамын.

Психоанализдің негізін салушыны ұлықтау керек болса, ұлықтайтын адам мен емеспін. Венадағы тағы бір дәрігер – Йозеф Брейер истерияға шалдыққан қызға осы әдісті алғаш пайдаланған кезде (1880–1882) мен соңғы емтиханымды тапсырудан қолым босамай жүрген студент едім. Біз енді осы сырқаттың тарихын және емін қарастыруымыз керек, сіздер бұл жөнінде дәрігер Брейер екеуміз шығарған «Истерия туралы зерттеулер» (*Studies on Hysteria*) атты еңбектен егжей-тегжейлі қарай аласыздар...

¹ From «The Origin and Development of Psychoanalysis», by Sigmund Freud, 1910, *American Journal of Psychology*, 21, 181–210.

Доктор Брейердің емдел жүрген науқасы 21 жастағы өте ақылды қыз болатын. Екі жылға созылған сырқат барысында қызда бірқатар физикалық және психикалық аурулар пайда болып, тез арада ем-шара жасауды талап етті. Оның оң жақ аяқ-қолы сал болып, сезімталдығын жоғалтқан, кейде денесінің сол жағынан да сондай әсер сезілген. Көз жанары кеміп, көру қабілеті нашарлаған. Басын тік ұстау қиын болды. Бақылауға келмейтін қатты жөтел (*Tussis nervosa*) қинады. Тамақ жеген кезде жүрегі айныған және кей кездері қатты шөлдегеніне қарамастан, су іше алмаған. Оның сөйлеу қабілеті де төмендеді, ақыр соңында, өзінің ана тілінде сөйлеуден де, оны түсінуден де қалды. Ақырында, ол есалаң күйге түсті, яғни есінен алжасты, сандырақтады, бүкіл болмысы өзгерді. Біз бұған кейінірек тағы ораламыз.

Дәрігер болмаса да, мұндайды көргенде миға зақым келгенін, оның қызметі бұзылғанын, айығып кету мүмкіндігі жоқтың қасы және жақын арада өліп қалуы мүмкін екенін түсіну қиын емес. Алайда тәжірибелі дәрігер симптомдары ауыр болса да, қыздың жазылып кетуі мүмкін екенін айтар еді. Тексеріс қыздың өте маңызды ішкі мүшелерінің (жүрек, бүйрек) сау екенін көрсеткен, бірақ психикасы ауыр эмоциялық соққы алған. Мұндайды білгір дәрігер «үмітсіз» демейді. Бұл – ми органикалық зақымдалмаған, ежелгі грек дәрігерлерінің заманынан бері истерия деген атпен белгілі жұмбақ хал. Истерия өзге де қауіпті аурулардың белгісімен бірдей симптом көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда дәрігер науқастың өміріне қауіп жоқ және денсаулықтың қалыпқа келуі өздігінен болады деп пайымдайды. Бірақ истерияны өзге қауіпті аурулардан ажырату өте қиын. Бұл жерде оны ажыратудың тәсілдеріне тоқталып жату артық. Бізге дәрігер Брейер кезіккен жағдайдың диагнозы «истерия» екені жеткілікті. Анна өзі қатты жақсы көретін, ауыр науқасқа шалдыққан әкесін қарап жүрген кезде аурудың белгісі алғаш рет пайда болған. Сосын Анна өзі де ауырып қалған соң, әкесіне қарауға да шамасы келмеді.

Науқас Анна есалаңдығы ұстаған кезде өзінше міңгірлеп, түсініксіз бір сөздерді айтатын болған. Бұл оның ойын жаулап алған ассоциациялардан пайда болуы мүмкін. Осы сөздерді түсінген дәрігер қызды гипноздап, болуы мүмкін ассоциацияларды анықтау мақсатында қызға сол сөздерді қайта-қайта қайталап айтады. Сонда қыздың жағдайы жеңілдеп, психикасы қалпына келетін. Бұл бірнеше сағатқа созылатын, бірақ келесі күні ауруы қайта ұстайтын, оны да гипноздап, еңгімелесумен емдейтін.

Ауруы ұстағанда психиканың бұзылуы өте күшті эмоциялық шиеленістің салдары екені түсінікті болды. Ауырған кезде тек ағылшын тілін түсініп, сөйлеген науқас бұл емдеудің жаңа түрін «сөйлесу емі» немесе «мұржаны тазалау» деп атаған. Көп ұзамай дәрігер үнемі қайталанып отыратын психиканың бұзылуын уақытша жөндеп отырғанша, бірден сананы тазарту анағұрлым оңай екенін түсінген.

Науқас жағдаяттар мен алғаш рет соның әсерінен пайда болған ассоциативтік байланыстарды гипнозда еске түсіре алса, аурудың симптомдары жоқ болып кетеді. Тек бір шарты бар: сезіміне еркіндік беру керек.

Бір жылы жазда аптап ыстық болды, қатты шөлдеген қыз су ішейін десе, ешқандай нақты себепсіз су ішуге дәрменсіз болып қалды. Ол бір шыны суды қолына алатын, алайда оны ерніне тигізе сала, гидрофобияға шалдыққан адам секілді, бірден итеріп тастайтын. Сірә, осы бірнеше секундта ол есалаң күйге түсетін болар. Ол шөлін басу үшін қарбыз және сол тектес жемістерді ғана жейтін. Осылай апты аптаға созылған кезде, бір күні гипнозда өзінің жақтырмайтын ағылшын гувернанты туралы айта бастады және гувернанттың бөлмесіне кіріп барған кезде өзі жек көретін гувернанттың кішкентай иті шыныдағы суды ішіп тұрғанын көргенін жиіркеніштің барлық белгілерін көрсете отырып айтты. Науқас қыз едеп сақтап, ағылшын гувернантына ештеңе демеген. Ал қазір бойындағы ашуын барынша шығарған кезде, су сұрап, көп мөлшердегі суды ешқандай қиындықсыз ішіп алды да, гипноздан аузына шынысын тигізген күйі оянды. Осылайша симптом біржола жоғалды.

Осы тәжірибеге тоқталуға рұқсат етіңіздер. Ешкім ешқашан истерия симптомдарын мұндай жолмен емдеген емес немесе оның себептерін түсінуге осынша жақындаған жоқ. Осылай пайда болған басқа да симптомдар немесе олардың көпшілігі дәл осы әдіспен жойылады деген тұжырымдар дәлелденетін болса, онда бұл [үлкен маңызы бар] жаңалық болар еді. Брейер өзін осыған сендіру үшін бар күшін аямай, одан да күрделі басқа симптомдардың патогенездерін жүйелі түрде зерттеді.

Ол шын мәнінде солай болып шықты. Қыздың симптомдарының бәрі дерлік дәл осындай жолмен пайда болды. Бұл – біз кейінірек *психикалық жарақат* деп атаған эмоциялық реңкті тәжірибенің салдары мен іздері. Бұл құбылыстардың рөлі мен ерекшелігі олардың пайда болуына алып келген көріністермен байланысы арқылы түсіндірілді. Арнайы терминмен айтқанда, жағдайларды еске түсірумен анықталған. Сондықтан оларды еркелік немесе невроздың жұмбақ аспекті деп сипаттауға болмады.

Симптом тек бір ғана жағдайдың салдарынан туындамайды, әдетте бірнеше, бір-біріне ұқсас, қайта-қайта күйзеліске ұшыратқан жан жарақаттарының нәтижесінде пайда болады. Сондықтан науқасты емдеу үшін патогендік естелік топтамаларының барлығын кері хронологиялық ретпен қалпына келтіру қажет болды, яғни алғашқысын соңына, соңындағысын басына апару арқылы. Алғашқы және көп жағдайда ең маңызды жарақатқа кейінгілерін тазаламай, тікелей жету мүмкін емес болатын.

Әрине, сіздер менен иттің шыныдан су ішуіне байланысты жиіркеніштен пайда болған – су ішуден бас тартудан басқа да истерикалық симптом себептерінің мысалдарын естігілеріңіз келеді.

Алайда бағдарлама талабына сәйкес, мен бірнеше ғана мысалдармен шектелуім керек. Брейер мысалға науқастың көру қабілетінің нашарлауын мынадай сыртқы себептерге байланыстыруға болатынын айтады. Ауру әкесінің жанында көзіне жас толып отырған науқас қыздан әкесі көнет уақыттың қанша

болғанын сұрайды. Көзіне жас толған қыз анық көре алмай, сағатты көзінің алдына барынша жақындатады немесе ауру адам көріп қоймас үшін, көз жасын барынша тыюға тырысады.

Барлық патогенді әсерлер оның ауру әкесіне күтім жасаған кезінен басталған. Ол бірде түнде қызуы қаты көтерілген әкесінің жанында ота жасауы тиіс, Венадан келетін хирургті күтіп отырады. Анасы аз уақытқа сыртқа шығып кеткен болатын, ал Анна орындықтың арқалығына оң қолын тіреп, төсектің жанында отырған. Қыз қиялдап кетіп, қабырғада пайда болған қара жыланды байқайды, жылан науқас адамды шағуға ұмтылғандай болады (ол бұрын үй артындағы көгалдан жылан көріп, одан қорқып қалған болуы мүмкін және осындай бұрынғы тәжірибелер галлюцинация тудыруы ықтимал).

Ол жыланды қуып жіберуге талпынғанда, қолы қимылдамай қалған. Орындықтың арқалығына тірелген оң қолы қозғалыссыз, жансыз және шала сал болып [үю және шаншу] қалады, қыз қолына қараған кезде саусақтары ажалдың [тырнақтары] бар кішкентай жыландарға айналады. Бәлкім, ол жыланды сал болған оң қолымен құмақ болған, сол кезде қолының жансыздануы мен сал болуы жылан галлюцинациясымен ассоциация құрған болса керек.

Көрініс ғайып болғанда, ол Құдайына сиынуға тырысады, бірақ қиналып, сөйлей алмайды. Ақыры, ағылшын тіліндегі бесік жырының сөздері есіне түскенге дейін еш тіл қата алмады және осы уақыттан кейін осы тілде ғана ойлай және сөйлей алатын болды. Бұл көрініс гипноз кезінде еске түсірілгенде, сал болған оң қолы жазылып, емдеу аяқталады. Бірнеше жылдан кейін Брейердің зерттеулері мен емдеу тәсілін өз науқастарыма пайдаландым: менің тәжірибем онымен толық сәйкес келді...

Ханымдар мен мырзалар, осы қысқа баяндамамды қорытындылауға рұқсат етсеңіздер, осы кезге дейінгі зерттеу нәтижелерін былай тұжырымдар едім: *біздің истерияға шалдыққан науқастарымыз естеліктерден зардап шегеді*. Олардың симптомдары – еске түсірулер мен белгілі бір психикалық жарақаттардың естелік-символдары.

Фрейдтің емдеу әдістері

Фрейд еркін ассоциация әдісіндегі ассоциациялар әрдайым еркін емес екенін тапты. Ерте ме, кеш пе, науқас өзі еске алуы әрі қарай жалғастыра алмайтын межеге жетеді. Фрейдтің ойынша, осы қарсы тұру науқастың еске алуға ұялатын немесе жиіркенетін естеліктері бар екенін көрсетеді. Бұл қарсылық сол естелік ойға оралғанда пайда болатын азапқа қарсы қорғаныс секілді. Алайда азаптың болуы психоаналитикалық процесс проблеманың көзін табуға жақындағанын көрсетеді және психоаналитик осы саланы сынауды жалғастыра беруі тиіс.

Фрейдтің науқастардың мінезінен қарсыласу құбылысын ашуы оны психоанализдің негізгі репрессия принципін тұжырымдауға алып келді. Ол бұл принципті түрлі себептермен керексіз болған ойларды, естеліктерді немесе арман-тілектерді сана сферасынан итеріп шығарып тастау деп сипаттады. «Репрессияның мәні бір нәрсені кері қайтаруда және оны санадан аулақтатуда жатыр» деп жазады.

Кейінірек ол репрессияны «психоанализдің бүкіл құрылымын ұстап тұрған іргетас» деп жоғары бағалайды (Boag, 2006, p. 74). Санадан жағымсыз ойлар мен импульстар жай ғана шығарылып тасталмайды, олар мұнда күштеп сақталады. Психотерапевт осы репрессияланған материалды науқастың санаға қайта алып келуіне көмектесуі керек, осылайша күресе отырып, шешімін табуға болады.

Фрейд невротикалық науқастарды тиімді емдеу науқас пен психотерапевт арасында жақын жеке байланыс орнатуға тәуелді екенін мойындады. Біз алдында Анна О-ның әкесіне деген сезімі психотерапевт Брейерге ауысуы (трансфері) Брейерді мазалағаны сонша – ол қызды емдеуді тоқтатып қойғанын айтқан едік. Фрейдтің пікірінше, трансфер – емдеу процесінің қажетті бөлігі. Емнің мақсаты – науқасты психотерапевтке деген балалық тәуелділіктен арылтып, оған өз өмірінде ересек рөліне енуіне көмектесу.

Фрейд психоанализіндегі тағы бір маңызды емдеу әдісі – түсті талдау. Фрейдтің пікірінше, түстер жасырын қанағаттануды немесе басылған ынтызарлықты көрсетеді. Түстердің болмысы – адамның арманын орындау. Түс оқиғалары екі деңгейде пайда болады. Түстің айқын мазмұны – түсте қайталанатын науқасты мазалаған жайлар. Түстің шынайы маңыздылығы оның жасырын мазмұнында, түстің символикалық немесе жасырын мағынасында жатыр.

Қарсылық: бейберекет байланыс (ассоциация) кезінде ауыр естеліктердің қайта жаңғыруын болдырмайтын процесс.

Репрессия: үрей тудыратын бір нәрсенің бар екенін мойындамау, яғни жайсыздық тудыратын естеліктер мен түйсіктерді ойдан алып тастау.

Фрейдтің ойынша, науқастар түстерін сипаттаған кезде өздерінің жағымсыз құмарлықтарын (түстің жасырын мазмұны) символикалық түрде жеткізеді. Көптеген түс символдары түсін баяндап отырған адамға ғана байланысты болғанымен, басқа символдар баршамызға тән деп есептеледі (13.1-кестені қараңыз). Түс символдары әмбебап болып көрінгеніне қарамастан, белгілі бір түсті емдік мақсатта интерпретациялау науқастың жеке конфликтілері туралы білуді талап етеді.

Түстің бәрі эмоциялық қақтығыстан туындамайды. Кейбір түстер төсектің температурасы, жарымен жақындасу немесе жатар алдында тоя тамақ жеу секілді қарапайым стимулдардан пайда болады. Соңғы зерттеулер түстің мазмұнына теледидар, интернет және видео ойындар секілді электрондық медиалар да әсер ететінін көрсетеді (Gackenbach, 2009). Түстің бәрі репрессияланған немесе символдық мағынасы бар материалдарды көрсете бермейді.

Фрейд – психотерапевт

Психоанализдің ем ретіндегі танымалдығы артқанымен, Фрейд бұл жүйенің емдеу құндылығының әлеуетіне жеке қызығушылық танытпады. Оның негізгі мақсаты – адамдарды емдеу емес, адам құлқының динамикасын түсіндіру болды. Ол көбіне өзін психотерапевт емес, ғалыммын деп сезінді және еркін ассоциация мен түсті талдау әдістерін өзінің зерттеуіне мәлімет жинақтау құралы ретінде пайдаланды. Фрейд бұл тәсілдердің емдік қасиетін пайдаланудан бұрын ғылыми мақсатта өз кәдесіне жаратуды ойлады.

13.1-КЕСТЕ. ТҮС СИМВОЛДАРЫ НЕМЕСЕ ОҚИҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСЫРЫН ПСИХОАНАЛИТИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

СИМВОЛ	ТҮСІНДІРМЕСІ
Қасбеті тегіс, біркелкі ғимарат	Ер адам денесі
Сыртқы қабырғалары шығыңқы, рельефті, балконы бар ғимарат	Әйел адам денесі
Патша және патшайым	Ата-ана
Ұсақ жануарлар	Балалар
Балалар	Жыныстық мүшелер
Балалармен ойнау	Мастурбация
Шаштың, тістің түсуі	Піштіру
Ұзынша келген заттар (мысалы, ағаш діңі, қолшатырлар, галстуктер, жыландар, майшамдар)	Ерлердің жыныс мүшесі
Қоршалған кеңістіктер (мысалы, қораптар, пештер, шафтар, үңгірлер, қалталар)	Әйелдердің жыныс мүшесі
Баспалдақпен немесе сатымен көтерілу, көлік айдау, атпен жүру, көпірлерден өту	Жыныстық қатынас
Шомылу	Туу
Саяхатты бастау	Өлу
Көпшілік алдында жалаңаш қалу	Өзін басқалардың байқағанын қалау
Ұшу	Өзіне басқалардың таңырқағанын қалау
Құлау	Риза және қауіпсіз күйге (балалық шақ секілді) оралуды қалау

Науқас адамдарды емдеуге деген қызығушылығының аздығынан болар, Фрейд енжар, парықсыз психотерапевт ретінде сипатталған. «Менде көмектесуге деген құлшыныс жоқ», – дейді ол (Jones, 1955, p. 446). Оның құлшынысы – зерттеуге, ал теориясы адамның тұлға ретіндегі қызметін түсіндіруге негізделген.

Ол өз орындығын психоаналитикалық кушетканың бас жағына қою себебін: «Мен өзге адамдардың күніне сегіз сағат маған тесіліп қарап отырғанын көтере алмаймын». – деп түсіндіретін (Lingiardi & De Bei. 2011. 391 б.). Психоаналитикалық сессиялар барысында кейде ұйықтап та қалатын. Фрейдтің америкалық науқастарының бірі оның Джофи атты итін еске алады, ит Фрейдтің психотерапия сессияларына қатысатын. Джофи сыртқа шыққысы келіп, есікті тырналайтын кезде, Фрейд: «Джофи сіздің айтқаныңызды мақұлдамады», – дейтін. Егер Джофи қайта кіргісі келіп, есікті тырналаса, ол: «Джофи сізге тағы бір мүмкіндік бергісі келіп тұр», – дейді екен. Бірде науқас сезімге қатты беріліп кеткен кезде, Джофи оның үстіне секіріп шығады. Сонда Фрейд: «Көрдіңіз бе? Сіз өзіңізді үрейлендіріп жүрген нәрсенің көзін тапқаныңызға Джофи қатты қуанып кетті», – депті (Grinker. 2001. p. 39).

Фрейд және дәстүрлі психология

Фрейд жүйесі мазмұны және әдіснамасы жағынан сол кездегі дәстүрлі эксперименттік психологиядан қатты ерекшеленетін. Ғылыми дайындығына қарамастан, біз Фрейдтің еркін ассоциацияларға, түс талдауына және сырқатнамаларды құруға негізделе отырып, зерттеудің эксперименттік әдістерін пайдаланбайтынын көрдік. Ол мәліметті басқарылатын эксперимент арқылы жинақтамайтын немесе зерттеу нәтижелерін талдау үшін статистиканы пайдаланбайтын. Ресми эксперименттік әдістемеге көп сенбеуіне қарамастан, өз жұмыстарын ғылыми деп санайтын және сырқатнамалар мен өзінің жасаған анализі оның тұжырымдарын қолдау үшін жеткілікті деп сендіретін. Фрейд былай деп жазады:

«Мен өз алдыма адамның ішінде жасырын сақтайтын нәрселерін – гипноз күшін пайдалану арқылы емес, олардың не айтып, нені көрсететіндігін байқау арқылы анықтауды мақсат еткенде бұл тапсырманың өте қиын екенін ойлаған едім. Көгер көзі, еститін құлағы бар адам ешкімнің құпияны сақтай алмайтынына өзін сендіре алады. Егер тіл-ерні үнсіз қалса, ол көңіліндегісін сұхбаттарымен білдіріп қояды; әрбір мүшесі оны сатып жіберуге дайын тұрады. Сол себепті сананың тұңғиығында жатқан заттарды сыртқа шығару тапсырмасы – толығымен орындауға болатын нәрсе» (Freud, 1901, pp. 77–78).

Фрейд өз ойларын нақты дәлелдермен тұжырымдады, қайта қарастырды және кеңейтті, себебі мұны өзі ғана түсіндіре алатын еді. Оның жеке сыни қабілеттері өз теориясын қалыптастырудағы ең негізгі бет-бағдары болды. Өзінің айтуынша, Фрейдтің әдістерін пайдаланған психоаналитиктер ғана оның еңбегінің ғылыми құндылығына баға беруге білікті. Ол басқалардың, әсіресе психоаналитиканы жақтырмайтындардың сынын қабылдамады. Психоанализ оның жеке өзінің ғана жүйесі болған.

Психоанализ – мінез-құлық жүйесі

Фрейд жүйесі өз заманындағы психология кітаптарына тән барлық тақырыптарды қамтыған жоқ, алайда ол басқа психологтер елемей жүрген салаларды ашты: мінез-құлықты бейсана ынталандыру, бейсана күштердің арасындағы қақтығыстар және осы қақтығыстардың адам психикасына әсері. Ол адам болмысын толық түсінуге мүмкіндік беретін әдістемені дамытуға тырысты. Бұл осының алдында сөз болған ой мектептерінде қамтылмаған тақырыптар еді.

Инстинкттер: Фрейдтің айтуынша, тұлғаны және оның мінез-құлқын ынталандыратын ішкі стимулдар (мысалы, аштық)

Өмір инстинкттері: түрдің өзін-өзі сақтап қалуы және аман қалуы үшін азық, су, ауа және жыныстық қатынасқа деген қажеттілікті қанағаттандыруға ұмтылу.

Өлім инстинкттері: жойылу, қирау, агрессияға ес-түссіз ұмтылу.

Либидо: адамды ләззатты ой мен мінезге қарай ұмтылдыратын психикалық энергия (Фрейд).

Инстинкттер

Фрейдтің ойынша, **инстинкт** – тұлғаның қозғаушы және ынталандырушы күші, психикалық энергияны босататын биологиялық күш. *Instinct* сөзі ағылшын тілінде кең қолданысқа ие болғанымен, ол Фрейдтің ойындағысын бере алмайды. Ол неміс тіліндегі адам тұлғасына қатысты балама *instinkt* сөзін пайдаланбады, бұны жануар құмарлығын сипаттауға ғана қолданды. Адамның ішкі ынталандырушы күштерін сипаттау үшін Фрейд пайдаланған термин *trieb* болатын, оның ең дұрыс аудармасы – импульс немесе қозғаушы күш (Bettelheim, 1982).

Фрейдтің инстинкттері әдеттегі мағынадағы тұқым қуалайтын бейімділік емес, олар денедегі ынталандыру көздеріне қатысты. Инстинктің мақсаты – осы ынталандыруларды белгілі бір құлық арқылы алып тастау немесе орнын толтыру, олар: жеу, ішу немесе жыныстық қатынас әрекеті болуы мүмкін.

Фрейд адамның әрбір инстинктінің тұтас тізімін ұсынуға талпынған жоқ, алайда ол инстинкттерді екі негізгі топқа біріктірді: **өмір инстинкттері** және **өлім инстинкттері**. Өмірлік инстинкттерге аштық, шөлдеу және жыныстық қатынас жатады. Бұлар – түрлердің өзін-өзі сақтап қалуы және аман қалуы үшін жұмсалатын шығармашылық күш. Өмірлік инстинкттер көрініс табатын энергия түрі **либидо** деп аталады. Өлім инстинкттері мазохизм немесе суицид секілді ішке бағытталған жоюшы күш болуы мүмкін немесе жек көру және агрессия секілді сыртқа бағытталған болуы мүмкін. Фрейд есейе келе, агрессияның адам құлқы үшін, жыныстық қатынас секілді, күшті ынталандырушы күш бола алатынына көзі жетті.

Ол өзінің агрессияға бейім екенін білетін. Әріптестері оны айналасындағыларды жек көретін адам ретінде сипаттайтын және өзінің кейбір жазбалары да оның агрессиялық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл агрессиясы оның психоаналитика мектебінен бөлініп кеткендермен қатынасты мүлде үзіп тастауынан да байқалады.

Психоаналитиктер агрессия ұғымын өлім инстинктіне қарағанда ынталандырушы күш ретінде жылы қабылдады. Бір психоаналитик өлім инстинкттері «тарих қоқысына тасталуы тиіс» деп жазған (Becker, p. 1973, 99). Тағы біреуі «егер Фрейд – асқан дарын иесі болса, онда өлім инстинкті – басынан қиын күндерді өткізіп жатқан асқан дарын иесінің мысалы» екенін айтқан (Eissler, 1971).

Мінез-құлық деңгейлері

Фрейд ертеректегі еңбектерінде психикалық өмір – саналы және бейсана – екі бөліктен тұрады деген. Бейсана – айсбергтің көрінетін бөлігі секілді шағын және маңызы жоқ. Бетіндегіні ғана көрсетеді; яғни ол толық мінез-құлықтың үстіртін көрінісі ғана. Ол айсбергтің су астындағы бөлігі секілді, кең және қуатты бейсаналық инстинкттерден тұрады, ал инстинкттер – барлық адамның мінез-құлықтарының қозғаушы күші. Ал кейінгі жазбаларында бұл қарапайым саналы-бейсаналық айырымды қайта қарастырып, ид, эго және суперэго деген үш компонент ұсынды.

Ид. Фрейдтің ертеректегі бейсаналық ұғымына шамамен сәйкес келетін ид – мінез-құлықтың ең қарапайым және ең түкпірдегі, қол жеткізуге қиын бөлігі. Идтің қуатты күштеріне жыныстық қатынас және агрессиялы инстинкттер жатады. Фрейд: «Біз оны қозуды бейнелейтін қайнап тұрған қазан деп атаймыз. [Ид] құндылықты, жақсылық пен жамандықты, адамгершілікті білмейді», – деп жазды (Freud, 1933, p. 74).

Ид қоршаған ортаның еш жағдайымен санаспай, бірден қанағаттануды көздейді. Ид ләззат алу принципіне сәйкес әрекет етеді, ол қиындықтардан қашып, рахат іздейді. Фрейд неміс тілінде ид орнына – «ол» дегенді білдіретін *es* сөзін пайдаланған. Бұл терминді психоаналитик Георг Гроддек ұсынған. Гроддек

Ид: мінез-құлықтың психикалық энергия көзі және мінез-құлықтың инстинктпен одағының аспекті.

Фрейдке өзінің «Ол туралы кітап» (*The Book of It*) деп аталатын еңбегінің қолжазбасын жіберген (Isbister, 1985).

Ид – біздің психикалық энергиямыздың, либидоның негізгі көзі, ол қысым арқылы көрініс табады. Либидолық энергияның ұлғаюы қысымның ұлғаюына алып келеді. Сонда біз осы қысымды төзуге болатындай деңгейге дейін азайтуға тырысамыз. Қажеттіліктерімізді өтеу үшін және қысымның қолайлы деңгейін ұстап тұру үшін сыртқы шынайы әлеммен қатынас жасауымыз керек. Мысалы, қарны аш адамдар аштық тудырған қысымды азайту үшін азық табуға әрекеттенуі керек. Сол себепті идтің қажеттіліктері мен шынайы жағдай арасында байланыс орнауы керек. Ол эгомен қамтамасыз етіледі.

Эго: мінез-құлықтың инстинкттерді басқаруға жауапты рационалды аспекті.

Эго. Эго – ид пен сыртқы әлем жағдаяттарының ықпалдастығын оңтайландыратын делдал. Ид – ақылға бағынбайтын, жүгенсіз құмарлық, эго – саналылық пен рационалдылық. Фрейд эгоны *ich* деп атаған, «мен» деп аударылады. Ол эго деген сөзді ұнатпаған және оны сирек қолданған.

Ид көзсіз құмарлыққа еріп, шындықты көрмейтін болса, эго шындықтан хабардар, құмарлығын тізгіндей алады және идті соған сәйкес реттейді. Эго шындық қағидасын ұстанады, ол қанағаттануға қолайлы нысан кездескенше идтің ләззат іздеген, алып-ұшқан көңілін басып отырады.

Эго идтен тәуелсіз өмір сүрмейді, шын мәнінде эго өз қуатын идтен алады. Эго идке көмектесу үшін жаралған және идтің инстинкттерін әрдайым қанағаттандыруға тырысады. Фрейд эго мен идтің қатынасын ат пен шабандозға теңейді. Ат шабандозды алға қарай алып ұшады, алайда атты тым еркіне жібермей, тізгінін тежеп отыру керек, әйтпесе, ат құтырып, шабандозды аударып кетуі мүмкін. Сол секілді, ид те, тежеп отырмаса, рационалды эгоны құлатып кетуі мүмкін.

Суперэго: мінез-құлықтың қоғамдық және отбасылық құндылықтардан бастау алған моральдық аспекті.

Суперэго. Фрейд бойынша мінез-құлық құрылымының үшінші бөлігі – суперэго. Ол ерте жаста, бала мінез-құлық ережелерін ата-анасынан немесе тәрбиешілерінен мақтау немесе жазалау жүйесі арқылы үйренетін кезде пайда болады. Жазалануға лайық теріс мінез-құлық баланы ұятқа қалдырады, ол – суперэгоның бір бөлігі.

Ата-анасы немесе қоғамдық топ қабылдаған және марапат әкелетін мінез-құлықтар идеал эгоның бөлігіне айналады, ол – суперэгоның екінші бөлігі.

Осылайша бала кездегі мінез-құлықтар бастапқыда ата-ананың әрекеттерімен бақыланады, алайда суперэго қалыптасқаннан бастап, мінез-құлық өзін-өзі бақылаумен қалыптасады. Осы кезде адам мақтауға лайық іс істеп, ұя қылықтардан бас тарта бастайды. Суперэгоны белгілеу үшін Фрейд пайдаланған термин *über-ich* сөзі болатын, тікелей аударғандағы мағынасы «меннен жоғары мен».

Суперэго адамгершіліктің жоғарылығын білдіреді. Фрейд оны: «Кемелдікке талпыныстың қорғаушысы, қысқаша айтқанда, адам өмірінің кемел жағы ретінде мойындалған қасиеттерді психологиялық тұрғыдан барынша түсінуге тырысу», – деп сипаттаған (Freud, 1933, p. 67). Суперэгоның идпен қақтығыста болатынын анық байқай аласыз. Эго идтің қанағаттануын қолайлырақ уақыт пен орын тауындағанға дейін кейінге қалдыруға тырысады. Ал суперэго идтің құмарлық сезімдерін мүлдем басып тастауға тырысады.

Фрейд адамның жан дүниесінде үздіксіз күрес жүреді деп пайымдаған, себебі эгоға қарқынды және кері күштер қысым көрсетеді. Нәтижесінде пайда болатын қысымды азайту үшін эго идтің ләззатқұмарлық және агрессиялы пиғылдарын кейінге қалдыруға, шындықты қабылдауға және манипуляциялауға тырысуы және суперэгоның мінсіздікке деген ұмтылысына қолдау көрсетуі керек. Сондықтан эго үш жақты қысымға алынады: идтен, шындықтан және суперэгодан келетін тұрақты қауіптерден қысым көреді. Эгоның қатты қысымға ұшырауы нәтижесінде міндетті түрде үрей пайда болады.

Үрей

Үрей – эгоға қауіп төнгенін ескертуші. Фрейд үрейдің – объективті, жүйкелік, моральдық деген үш түрін сипаттаған. Объективті үрей шынайы әлемдегі өрмекші, жылан немесе емтихан тапсыру тәрізді шынайы қауіптерден қорқудан пайда болады. Басқа екі түрі – жүйкелік үрей мен моральдық үрей – объективті үрейден пайда болады.

Жүйкелік үрей ид инстинктерін қанағаттандыруға тән ықтимал қауіптерді мойындаудан туындайды. Бұл инстинктердің өзінен қорқу емес. Бұл – ид басым болған кез келген ретсіз мінез-құлықтардың нәтижесінде пайда болуы ықтимал жазадан қорқу. Басқаша айтқанда, жүйкелік үрей дегеніміз – албырт, қызба көңілдің тілегін білдіргені үшін жазаланудан қорқу.

Психикалық үрей – өзінің ар-ұяты алдындағы қорқыныш. Біз арымыздың құндылықтарына қарсы келетін әрекеттерге барғанда немесе тіпті ол туралы ойлағанда ұялып немесе өзімізді кінәлі сезінуіміз мүмкін. Одан пайда болатын психикалық үрейіміздің деңгейі ар-ұятымыздың қаншалықты дамығанына байланысты. Ізгілігі төмен адамдар психикалық үрейді азырақ сезінеді.

Үрей қысым тудырады, сондықтан адам қысымды азайту үшін әрекет жасауға тырысады. Фрейдтің теориясына сәйкес, эго қорғанысты дамытады, аталмыш қорғаныс механизмдері – шындықты бейсана түрде мойындамау немесе бұрмалау. Бұл қорғаныс механизмдерінің кейбірі 13.2-кестеде сипатталған.

Мінез-құлық дамуының психосексуалды кезеңдері

Фрейд науқастардың жүйкелік ауытқулары олардың бала кезінде бастан кешкен жағдайлардан пайда болады деп ойлаған. Ол – бала дамуының маңыздылығына көңіл бөлген алғашқы теоретиктердің бірі. Фрейдтің айтуынша, бес жасқа қарай мінез-құлық толық дерлік қалыптасып бітеді.

Оның адам жетілуі туралы психоаналитикалық теориясына сәйкес, бала бірқатар психосексуалды кезеңдерден өтеді. Осы кезде бала аутоэротикалы болады, яғни дененің эрогенді жерлерін ынталандыру арқылы немесе ата-анасының әлпештеуі кезінде ләззатты сезінеді. Әр даму кезеңі ерекше эрогенді жерлерге негізделген. Оральды (ауызды) кезең бала дүниеге келгеннен бастап екі жасқа дейін жалғасады.

Бұл кезеңдегі ему, тістеу, жұту секілді ауызды ынталандыру – сезімдік қанағаттанудың негізгі көзі.

Дұрыс қанағаттанбау (тым аз немесе тым көп) оральды тұлға түрін қалыптастыруы мүмкін, ондай адам шылым шегу, сүйісу, жеу секілді ауыз әдеттеріне қалыптан тыс бейім келеді.

Фрейдтің сенімінше, шектен тыс оптимизмнен сарказмға және цинизмге дейінгі ересек адам құлықтарының көпшілігін оральды даму кезеңінің оқиғаларымен байланыстыруға болады.

Анальды кезеңде қанағаттану ауыздан анусқа ауысады және балалар ләззатты дененің анальды бөлігінен алады. Бұл кезең баланы түбекке отыруға үйрету кезеңімен сай келеді.

Балалар нәжістерін шығара алады немесе ұстап қала алады. Екі жағдаят та ата-ана қалауының бұзылуын көрсетеді. Бұл кезеңдегі қақтығыстар анальды экспульсивті адамның қалыптасуына алып келуі мүмкін, олар нас, ысырапшыл және еркетотай келеді. Анальды ұстамды адам қалыптасса, ол тым ұқыпты, таза және бір нәрсеге берілген болып келеді. Ұқыптылық, тиімділік және тиянақтылыққа қатты көңіл бөледі (Haslam, 2011).

Төрт жастан бастап пайда болатын фалликалық кезеңде эротикалық қанағаттану сексуалды қиялдарды және жыныстық мүшені аймалауды, көрсетуді талап етеді. Эдип комплексі осы кезеңде пайда болады. Фрейд бұл комплексінің атын

Қорғаныс механизмдері:
«Менді» күнделікті өмірде болатын қақтығыстардан қорғайтын белгілі бір мінез-құлық типтері.

Психосексуалды кезеңдер:
баланың өзінің эрогенді жерлеріне назар аударатын даму кезеңдері.

Эдип комплексі: ұл баланың өз анасына деген санадан тыс құштарлығы, сондай-ақ әкесін өзімен алмастырғысы немесе кетіргісі келуі. Фрейдтің пікірі бойынша, Эдип комплексі 4–5 жастағы балада пайда болады.

ежелгі грек аңызына негіздеген. онда Эдип білместікпен әкесін өлтіріп, анасына үйленеді. Фрейд балалар қарама-қарсы жынысты ата-анасына сексуалды құмарлық танытып, өз жынысындағы ата-анасын бәсекелес ретінде қабылдайды. одан үрейленеді деген пікірді ұстанады. Фрейдтің бала кезде бастан өткерген тәжірибесі бұл ойын қуаттайды. Ол: «Мен бала кезімде анамды жақсы көретінімді және әкемнен қызғанатынымды байқадым». – деп жазды (Freud, 1954, p. 223).

13.2-КЕСТЕ. ФРЕЙДТІҢ ҚОРҒАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ

Мойындамау

Сыртқы қауіптің немесе көңілге қаяу түсіретін оқиғаның бар екенін мойындамау. Мысалы, аурудың соңғы кезеңіндегі адам өлімнің жақындап қалғанын мойындамауы мүмкін.

Орнын ауыстыру

Ид импульстерін қауіп төндіретін немесе қолжетімсіз нысандардан қолжетімді нысандарға ауыстыру. Мысалы, бастығына деген өшпенділікті баласына деген өшпенділікке ауыстыру.

Проекция

Өзіндегі үрейлі импульстерді басқа біреуге таңу. Мысалы, оқытушыңызды шын мәнінде сіз емес, оның сізді жек көретінін айту.

Логикалық негіздеу

Мінез-құлықты қабылдауға келетіндей және азырақ қауіп төндіретіндей етіп, қайта түсіндіру. Мысалы, сізді шығарып жіберген жұмыс орны шын мәнінде жақсы жұмыс орны болмағанын айту.

Кері жауап қалыптастыру

Адамды қозғап отырған идке қарсы ид импульстерін білдіру. Мысалы, сексуалды құмарлыққа шалдыққан адам порнографияға қарсы күрескер болуы мүмкін.

Кері оралу

Өмірдің қиындықтары азырақ, ертеректегі кезеңіне оралу, қауіпсіз кездердегідей, бала секілді немесе тәуелді қылық көрсету.

Репрессия

Үрей тудыратын бір нәрсенің бар екенін мойындамау, яғни жайсыздық тудыратын естеліктер мен түйсіктерді ойдан шығару.

Сублимация

Инстинктивті энергияны басқа мақсатқа бағыттап, ид импульстерін өзгерту немесе ауыстыру. Мысалы, сексуалды энергияны көркемдік шығармашылық құлыққа ауыстыру.

Кері оралу: өмірдің қиындықтары азырақ, ертеректегі кезеңге оралу, қауіпсіз кездердегідей, бала секілді немесе тәуелді қылық көрсету.

Балалар Эдип комплексін әдетте өздерін бірдей жыныстағы ата-анасына ұқсату арқылы жеңеді. Оған қоса, олар өздерінің қарсы жынысты ата-анасына деген сексуалды құмарлықтарын қоғамда қабылданған құмарлық түріне ауыстырады.

Алайда осы кезеңде пайда болған қарсы жынысқа деген көзқарас сақталып қалады және есейгенде қарсы жыныс өкілдерімен қарым-қатынасына әсер етеді. Өзін бір жыныстағы ата-анасына ұқсату нәтижесінің бірі – суперэгоның дамуы.

Бір жыныстағы ата-анасының қылықтары мен көзқарастарын қабылдай отырып, бала ата-анасының эго стандарттарын қабылдайды. Кішкентай кезінде осындай қиындыққа тап болған балалар бес жастан он екі жасқа дейін жасырын кезеңге енеді, бұл кезде жыныстық жетілудің басталуы осы кезеңнің басталғандығынан белгі береді. Осы кезде гетеросексуалды құлық маңызды болады және адам тұрмыс құруға және бала сүюге дайындала бастайды.

Фрейд жүйесіндегі механицизм және детерминизм

Структуралистер, одан кейін бихевиористер де адамға машина ретінде қарады. Олар алдымен адамның санасын, кейінірек адамның мінез-құлқын әбден бөлшек-

теп талдады. Адам табиғатына өзгеше тұрғыдан қарайтын Фрейдке де механистік идеялар әсер еткенін білу сізді таң қалдыруы мүмкін.

Фрейд барлық психикалық оқиғалар, тіпті түстер де алдын ала анықталған деп ойлады. Еш нәрсе өздігінен немесе кездейсоқ пайда болмайды. Әрбір әрекеттің саналы немесе бейсана мотивтері, немесе себептері болады. Сондай-ақ Фрейд барлық құбылыстарды физика ғылымымен түсіндіруге болады деген доктринаны қабылдады. Өзінің психоанализ жүйесінің бөлігі ретінде «анализ» сөзін қабылдап, Фрейд сол кезде физика мен химияда қолданылатын аналитикалық әдістерді мойындады (Naupal, 1993).

1895 жылы Фрейд өзінің ғылыми психология концептілерін дамытуға шешім қабылдады. Психология физиканың қағидаларына негізделуі керектігін және психикалық құбылыстар нейрофизиологиялық процестердің сипаттарының көпшілігін қайталайтынын көрсетуге талпынды. Психологияның мақсаты «психикалық процестерді мамандандырылған материалдық бөліктердің сандық түрде анықтауға болатын күйі ретінде көрсету» (Freud, 1895, p. 359).

Ол бұл жобаны аяқтаған жоқ, алайда оның кейінгі жұмыстарында физикадан, әсіресе механикадан, электрден және гидравликадан алынған ойлар мен терминдерді байқауға болады. Оның осы саладағы еңбектері тарихта ұмыт қалған, себебі бұл еңбектер 50 жылдан астам уақыт бойы белгісіз болған. Фрейд психологияда осындай әдістемелерді қарастырғанын сол уақытқа дейін ешкім білмеген.

Кейін Фрейд психологияны физиканың үлгісімен дамытамын деген ниетінен айныды. Психика физикалық немесе химиялық тәсілдердің стандартына сәйкес келмеді. Бірақ эксперименттік психологияны қуаттандырған детерминизм мен позитивистік философияға өмірінің соңына дейін адал болды. Механистік көзқарастың ықпалына қарамастан, ол сонымен ғана шектеліп қалған жоқ. Өзі сәйкес келмейді деген жерлерде философияны өзгертіп немесе жаратпай тастайтын. Өмірінің соңында механицистік тұжырымдаманың адам болмысын ұғынуға мүлде жеткіліксіз екенін жақсы түсінді.



Mary Evans, Sigmund Freud Copyrights

1937 ж. Фрейд Венадағы кабинетінде жұмыс істеп отыр. Оның айналасы Грекия, Рим мен Мысырдан жеткізілген жәдігерлерге толы

Психоанализ және академиялық психология: салыстыру

Психоанализ академиялық психологияның арнасынан тыс дамыды және көп жылдар бойы солай қала берді. Психоаналитика үшін Академиялық психологияның есігі жабық болды. *Journal of Abnormal Psychology* журналының 1924 жылғы санының аты-жөнін көрсетпеген авторы «еуропалық психологтердің бейсаналық туралы жазбаларының көптігіне шағымданды» (Fuller, 1986, p. 123). Редакция оларды керексіз деп кері қайтарды. Бұл қатаң мәлімдемеден кейін кәсіби баслымға психоанализ жөніндегі бірнеше ғана мақала қабылданып, бұл тыйым кем дегенде 20 жылға созылды.

Көптеген академиялық психологтер психоанализді қатты сынға алды. 1916 жылы Германияның жаугершілік агрессиясына байланысты, Германиядан шыққан барлық нәрсеге күмәнмен қарады. Кристин Лэдд-Франклин психоанализді «дамымай қалған неміс санасының жемісі» деп жазған. Колумбия университетіндегі Роберт Вудворте психоанализді саналы адамдарды ақылға сыймайтын қорытындылар жасауға итермелейтін «біртүрлі дін» деп, Джон Б. Уотсон оны «вудуизм» деп атады (Hornstein, 1992, pp. 255–256). Психоанализге үзілді-кесілді қарсы болған Джеймс Маккин Кеттелл – Фрейдті «қиял әлемінде секстен бұзылған жалмауыздар арасында өмір сүретін» адам ретінде сипаттаған (Fancher, 2000, p. 1027).

Америка психологиясы көшбасшыларының осы секілді және басқа да қатаң шабуылдарына қарамастан, Фрейдтің кейбір идеялары Америкадағы психология оқулықтарының ішінен табылатын. 1920 жылдары қорғаныс механизмдері ойдағы бейсаналық ұғымымен, түстердің жасырын және айқын мазмұнымен бірге шындап талқылана бастады (Popplestone & McPherson, 1994). Әйтсе де бихевиоризм психологиядағы басым ой мектебі болып қала берді, жалпы алғанда психоанализ ескерілмеді.

Алайда психоанализ 1930–1940 жылдары көпшілік назарын өзіне аудара бастады. Ол секстің қатыгездіктің және жасырын мотивтердің үйлесімі және әртүрлі психикалық мәселелерді емдей аламын деген уәдесімен тартымды, сүйкімді болды. Бұл академиялық психология жетекшілерінің ашуына қатты тиді. Олар «жұрт психоанализ бен психологияны шатастырып, екеуін бір нәрсемен айналысады деп ойлайды» деп қорықты.

Психологтер «психология секс, түстер және неврозды ғана қамтиды» деген ойды қатты жек көрді. Тарихшылардың айтуынша, «психологтер 1930 жылдары психоанализдің жай өткініші әуестік емес, ғылыми психологияның негізіне қауіп төндіретін шынайы қарсылас екенін анық түсінді» (Morawski & Hornstein, 1991, p. 114).

Психологтер осы қауіппен күресу үшін, психоанализдің ғылым критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында, оны эксперименттік әдіс арқылы тексеруге шешім қабылдады. Жүздеген зерттеулер жүргізіп, «психоанализ психологиядан артта қалған» деп жариялады. Бұл эксперименттік психологтердің көзқарасы болатын. Осы зерттеулердің көпшілігінің мақсаты күмәнді болғанымен, психологтер олардың нәтижесі өздерінің басым позициясын қайтарып берді деп сенді. Сонымен қатар бұл зерттеулер академиялық психология көпшіліктің қызығушылығына сай келетінін көрсетті, себебі ол психоаналитиктер зерттейтін нәрсені зерттейді (Hornstein, 1992).

1950–1960 жылдары бихевиористер психоаналитикалық терминологияны өз идеяларының тіліне аудара бастады. Мұны бірінші Уотсон бастап, «эмоция – әдеттер жиынтығы, невроз – түрлі жағымсыз жағдайлардың тоғысуы» деп анықтады. Скиннер Фрейдтің қорғаныс механизмдерін «оперантты шарттау тілінің формасы» деп сипаттады.

Ақыр соңында, психология Фрейдтік концептілердің көпшілігін өзіне енгізіп, оларды өздерінің негізгі бағыттарының бір бөлігіне айналдырды. Бейсаналықтың рөлі, бала кездегі тәжірибелердің маңыздылығы, қорғаныс механизмдерінің қызмет етуі – бұлар заманауи психологияның берік бөлігіне айналған психоаналитикалық ойлардың бірнеше мысалы ғана.

Психоаналитикалық ұғымдардың ғылыми негізі

Жоғарыда айтқанымыздай, көптеген Фрейдтік концептілер 1930–1940 жылдары күмәнді нәтижелері бар эксперименттік тексерулерден өткізілді. Кейінгі жылдары одан сенімділеу, құндылау зерттеулер жүргізілді. Психиатриядағы, психологиядағы, антропологиядағы және басқа да пәндердегі 2500 зерттеудің анализі Фрейд тұжырымдарының ғылыми негізділігін тексерді (Fisher & Greenberg, 1977, 1996).

Кейбір концептілер (ид. эго, суперэго, өлімді қалау, либидо және үрей) ғылыми негіздеуге келмегенімен, басқалары ғылыми тексеруге икемді болып шықты. Жарияланған зерттеулер анализі бойынша сол сыннан өткен ойлар мыналар:

1. Оральды және анальды тұлға түрлері мінез-құлқының кейбір сипаттары.
2. Кастрациядан (піштіруден) қорқу.
3. Түстер эмоциялық алаңдаушылықты көрсетеді деген ұғым.
4. Ұл балалардағы Эдип комплексінің аспектілері (әкесімен бәсекелестік және анасы туралы сексуалды қиялдар).

Тексерілген, бірақ эксперименттік зерттеулер құптамаған концептілер мыналар:

1. Түс көргенде бұрын орындалмаған тілектер мен армандар символикалық түрде қанағаттанады.
2. Ұл бала Эдип комплексінің әсерімен өзін әкесіне ұқсатып, әкесінен қорыққандықтан, оның суперэго қасиетін өзіне сіңіреді.
3. Әйел өз денесін ер адамдікімен салыстырғанда төмен санайды, әйелдің суперэго стандарты онша дамымаған, әйелге иденттілік сезіміне жету қиын.
4. Тұлға бес жасқа дейін қалыптасып, одан кейін көп өзгермейді.

Кейінгі зерттеулер бейсаналық күштің ойлау процесіне, эмоцияға және мінез-құлыққа айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Бейсаналықтың ықпалы Фрейд ұсынғаннан да кең таралған болуы мүмкін (example, Bornstein & Masling, 1998; Custers & Aarts, 2010; Scott & Dienes, 2010; Winkielman, Berridge, & Wilbarger, 2005). Бір зерттеуші атап өткендей, «бүгінде [психологиялық] қызметтердің көпшілігі саналы түрде тілейтін, қалайтын, қажет деп есептейтін дүниелерге қарсы деген келісім бар» (Pervin, 2003, p. 225). 15-тарауда когнитивті психологияның бейсана психикалық процестерді зерттеуді қайта қарастырғанын әңгімелейміз.

Сонымен қатар зерттеулер репрессияның қорғаныс механизмі, мойындамау, идентификация, проекция және орын ауыстыру деген концептілерді қолдады. «Фрейдше жаңылысу» деп аталатын концептіге жүргізген эксперименттер бойынша сөз бұрмалаудың кем дегенде бірнешеуі Фрейдтің ойына сәйкес келеді, олар: бейсаналық қактығыстар мен үрейлердің өздерін біртүрлі жолдармен ашып көрсетуі.

Фрейд психологияға түс тақырыбын енгізгендіктен, түстер бойынша көптеген зерттеулер әлі де жүргізіліп келеді. Зерттеулер біздің күнделікті өміріміздегі тәжірибелердің көпшілігі түсімізге не кіретінін анықтайтынын көрсетті. Мәселен, атыс-шабыс секілді қауіпке бас тігетін видеоойындар ойнау және тіпті қалай жатқанымыздың өзі түсімізге әсер ететіні белгілі болды. Ұйықтап жатқанда түсіміздегі бейнелерді анықтай алатын компьютерлік бағдарламалар жасап

шығарылуда (Barrett et al., 2014; Gackenbach, 2009; Horikawa, Tamaki, Miyawaki, & Kamitani, 2013; Phelps & Forbes, 2012; Yu, 2012).

Фрейдтің қағидаларын ғылыми түрде талдауға талпыныстағы маңызды нәрсе – психоанализдегі кейбір концептілерді ғылыми әдістермен тексеруге болады деген қорытынды.

Психоанализді сынау

Мәлімет жинау

Фрейдтің мәлімет жинау әдістері бірнеше рет айтарлықтай сынға ұшырады. Біріншіден, Фрейд мәлімет жинаған жағдаяттар жүйесіз және ретсіз болған. Ол науқастың әрбір сөзінің стенограммасын жасамаған, алайда науқаспен кездескеннен кейін, бірнеше сағаттан соң, жазылған жазбалармен жұмыс жасаған. «Мен оларды кешке, жұмыс біткеннен кейін, есіме түсіріп, жазамын» (Grubrich-Simitis, 1993, p. 20). Кейбір түпнұсқа мәліметтер (науқастың сөздері) өткен уақыт аралығында жадының әлсіздігінен және бұрмалау мен қалдырып кету ықтималдығы себепті жоғалып кеткен болуы мүмкін. Сондықтан мәліметтер науқастың айтқан сөздеріндегі Фрейдтің есінде сақталған сөйлемдерден ғана тұрады.

Екіншіден, Фрейд науқастың сөздерін еске түсіру барысында, өз ойын қуаттайтын материалды табу мақсатында, оларды өзінше түсінген болуы мүмкін. Ол өзі естігісі келген нәрсені ғана есіне түсіріп, жазып алуы мүмкін. Өрине, Фрейд барлығын мұқият жазып алуы да мүмкін, бірақ, ең бастысы, түпнұсқа материалдар сақталмағандықтан, біз оған толық сенімді бола алмаймыз.

Үшіншіден, бала кездегі жыныстық қатынасқа азғыру оқиғалары оның шын мәніндегі естігені емес, науқастың симптомдарына қарап, өзінің долбарлағаны болуы мүмкін. Фрейд әйел-науқастарының барлығы дерлік әкелері тарапынан жыныстық қатынасқа азғыруға ұшырағанын айтты деп сендіргеніне қарамастан, бір жазушы:

«... Фрейд келтірілген мысалдардың қаншалықты рас екенін тексеру барысында ондай жағдайлардың бірде-бірі орын алмағаны анықталды. Бірде-бір әйел-науқастың Фрейдке әкесі тарапынан жыныстық қатынасқа азғыруға ұшырағанын айтқанына дәлел жоқ. Бұл Фрейдтің долбарынан басқа еш нәрсе емес», – деген (Kihlstrom, 1994, p. 683).

Сыншылардың айтуынша, шын мәнінде секске азғыру болмаса да, Фрейд сондай естеліктерді еске түсіру немесе анықтау мақсатында ұсыныс немесе мәжбүрлеу іс-шараларын қолдануы мүмкін (Powell & Boer, 1994; Showalter, 1997). Фрейд тіпті жыныстық қатынасқа азғыру туралы естеліктер «науқастардың ойдан шығарған қиялдары» болуы мүмкін екенін мойындаған (Webster, 1995, p. 210).

Төртіншіден, Фрейдтің зерттеулері шағын және әртүрлі адамдар тобына негізделмеген, ол өзіне және өзімен бірге психоанализ сеансынан өтуге келіскен адамдармен шектелген. Фрейдтің жазбаларында егжей-тегжейлі қарастырылған істердің саны оннан аспайды және оның науқастарының көпшілігі жас, тұрмыс құрмаған, білімді, жоғары санаттағы әйелдер болған. Бұл шектеулі үлгілерден жалпы көпшілікке қатысты жалпылама қорытынды жасау өте қиын.

Бесіншіден, Фрейдтің психотерапия сеанстары жөніндегі жазбалары мен сол жазбаларға негізделіп жариялаған сырқатнамалары арасында айырмашылықтар бар. Зерттеушілер анализдің ұзақтығына қатысты, анализ барысында сипатталған оқиғалар ретіне қатысты және емделу туралы негізсіз пайымдауларға қатысты айырмашылықтарды анықтаған (Eagle, 1988; Mahony, 1986). Фрейд бұл мәлімдемелерді өзінің ұстанымын қолдау үшін әдейі жасады ма немесе бұл оның өзінің санасындағы күштердің нәтижесінде пайда болды ма – бұларды анықтау мүмкін емес.

Тарихшылар Фрейдтің жарияланбаған сырқатнамаларындағы қателіктерді анықтай алмайды, себебі ол науқастардың құжаттарының көпшілігін жойып жіберген. Фрейд Брейермен қатынасын үзгеннен кейін алты сырқатнаманы ғана жариялаған және олардың ешқайсысында психоанализді қолдайтын мардымды дәлел жоқ. Өмірбаяншы мынадай қорытынды жасайды:

«Бұл істердің кейбірі психоанализдің пайдасына күмәнді дәлел ұсынатыны соншалық – Фрейд оларды жариялап, қиналып несі бар деген ойға келесіз. Екі істің сипаттамасы толық емес және жасаған ем тиімсіз болған. Үшінші істі Фрейдтің өзі жүргізбеген (Sulloway, 1992, p. 160).

Алтыншыдан, егер тіпті психотерапиялық сессиялардың ұқыпты, сөзбе-сөз жазылған жазбасы сақталса да, науқастың әңгімелерінің шындыққа сәйкестігін растау әрдайым мүмкін бола бермейді. Фрейд науқастарының балалық шақта бастан кешкендерін растауға көп талпыныс жасамаған. Сыншылардың айтуынша, ол баяндалған оқиғалар бойынша науқастың туыстарынан және достарынан жауап алуы керек еді. Яғни ғылыми теория құрастырудағы бірінші кезең – мәлімет жинау – аяқталмаған, жетілмеген және ұқыпсыз жасалған деп сипаттауымыз керек.

Келесі кезең – мәліметтерден қорытынды шығару мен жалпылауға келетін болсақ, оның қалай жасалғанын бағалай алмаймыз, себебі Фрейд өзінің аргументін ешқашан түсіндірмеген. Оның мәліметтері сандық жағынан бағаланып, статистикалық жағынан талдауға келмейтіндіктен, тарихшылар олардың дәйектілігін және статистикалық құндылығын анықтай алмайды.

Әйелдерге қатысты көзқарасы

Ғалымдар Фрейдтің әйелдерге қатысты пайымдарымен келіспейді. Оның пайымдауынша, әйелдердің суперэгосы нашар дамыған және оларда өз дене-бітіміне қатысты кемшілік сезімі бар, себебі оларда ерлердікіндей аталық жыныс мүшесі жоқ. Психоаналитик Карен Хорни (14-тарауды қараңыз) Фрейдтің психоаналитикалық үйірмесінен осы мәселеге байланысты шығып кетті және әйелдер ерлердің жыныс мүшесіне қызғанышпен қарайды дегенге келіспей, өзінің жеке жүйесін дамытты. Мұның орнына ол еркектер әйелдердің аналық жатыр мүшесіне қызғанышпен қарайды деген көзқарасын білдірді.

Бүгінде көптеген психоаналитиктер Фрейдтің – әйелдердің психосексуалды дамуына қатысты ойларын негізсіз және дұрыс емес деп санайды. 14-тарауда Фрейдтің тұлғалық детерминанттары ретінде биологиялық күштерге, атап айтқанда секске, баса көңіл бөлуімен келіспейтін басқа да теоретиктердің еңбектері туралы әңгіме болады. Бұл теоретиктер тұлға дамуындағы әлеуметтік күштердің ықпалын зерттейді.

Басқа неофрейдистер Фрейдтің ерікті тілекті мойындамай және ынталандырушы күш ретінде алдан күтетін үміттер мен болашақ мақсаттарды елемей, тек өткенге үнілуге баса назар аударуын сынға алады. Кейбіреулер Фрейдтің тек невротиктерді негізге алып, психикасы сау адамдардың қасиеттерін елемей, тұлға теориясын қалыптастыруын сынға алады. Осылардың барлығы адам тұлғасы туралы балама теория жасаудың бастамасы еді. Мұндай балама теориялардың пайда болуы психоаналитика қауымдастығы ішіндегі бөлінуге және бөлініп шыққан бағыттардың өз алдына бөлек ресмиленуіне алып келді.

Психоанализге қосқан үлесі

Осыншама соққыға қарамастан, психоанализдің күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпауының себебі неде? Кей жағынан алғанда, мінез-құлық туралы барлық теорияларды ғылыми негізінің жеткіліксіздігі тұрғысынан сынға алуға болады.

Психологтер белгілі бір теорияны саралау барысында кейде ресми ғылыми дәлдіктен ерекше критерийлерге сүйенуіне тура келеді. Сондықтан психоанализді таңдағандар зерттеуін еш дәлелсіз жасайды деуге болмайды. Керісінше, психоанализді қабылдау сырттай қарағанда шындыққа ұқсас интуитивті көрініске негізделген.

Дәстүрлі эксперименттік әдістерге онша сенбейтін Фрейд өзінің жұмыстарын ғылыми тұрғыда негіздейтін жеткілікті дәлелдер бар деп сендірген. Оның сенімінше, идеялардың ғылыми негізделгендігін тексеруге тек өзі секілді білікті психоаналитиктер лайықты. Ол өзінің жүйесі «сансыз бақылаулар мен тәжірибелерге негізделгенін және осы бақылауларды өзі тексеріп, сосын басқаларға тексертіп көрген адам ғана оған баға беруге лайықты» екенін жазған (Freud, 1940, p. 144).

Фрейд еңбектерінің ғылыми негізі бар-жоқтығына қарамастан, оның АҚШ-тың академиялық психологиясына тигізген ықпалын ешкім жоққа шығара алмайды. Фрейдтің еңбектеріне деген қызығушылық әлі де жоғары. Алайда психоанализдің ем ретінде танымалдығы азайған. Мұны психоаналитик болуға талпынып жүрген адамдардың аздығына қарап білуге болады. Кейбір зерттеулер Фрейдтің идеяларынан пайда болған психодинамикалық психотерапияның тиімділігін дәлелдегеніне қарамастан, осылай болып отыр (Engel, 2008; Shedler, 2010).

Қымбат және ұзақ мерзімді Фрейдтік терапиялардың орнын мінез-құлықтық және танымдық терапиялар секілді қысқа мерзімді және арзан психотерапиялар басты. Кейбір психотерапевтер интернет арқылы жүргізілген виртуалды психоанализді тиімді тәсіл деп тапты. Бұл тәсілді пайдаланатындар виртуалды шындық күту залын, сонымен қатар терапия сессияларының өзін де симуляция жасай алады (Migone, 2013).

Бұл бетпе-бет терапиядан алшақтау үрдісі денсаулық сақтау бағдарламаларының шығынды азайту шараларына талпынуы себепті де күшейіп отыр. Бірнеше айға созылатын психотерапия курсына қарағанда, дәрігерге бір рет көрініп, психикалық әсері күшті дәрі жазғызып алу әлдеқайда арзанырақ. Ем ретінде жазылып берілетін антидепрессанттар мен антипсихотиктердің саны мен түрі соңғы 25 жылда күрт өсті (Carlat, 2010; Mojtabai & Olfson, 2010).

Өртүрлі дәрілерді қабылдау схемаларының дамуы психикалық ауытқулардың кейбір түрлері үшін психотерапияның қажеттілігін азайтты. Дәрілік терапиялардың көпшілігінің тиімділігі кейбір психотерапевтерді және клиникалық психологтерді психикалық ауруларға әсер ететін факторлар туралы өз ойларын өзгертуге итермеледі. Бұл психикалық ой мектептерінен алшақтап, соматикалық мектепке қайта оралуға алып келді.

Соматикалық немесе биохимиялық тәсіл бойынша, психикалық ауытқулар мидағы химиялық баланстың бұзылуынан пайда болады. Науқас дәріні ішіп алып, өзін жақсы сезіне алатын болса, қымбат, уақыт алатын психотерапияны қолданудың пайдасы қанша? Алайда дәрімен емдеу барлық жағдайда және барлық науқастарға үйлесе бермейді. Бір қызығы, Фрейд психикалық ауруларды емдеу дәл осылай дамитынын әлдеқашан болжап қойған.

Американың поп мәдениеті және психоанализ мәселелері

Фрейд идеялары Американың поп мәдениеті мен санаға үлкен ықпал етті. Бұл оның 1909 жылы Кларк университетіне жасаған сапарынан кейін-ақ айқын бола бастады. Газеттер Фрейд туралы көптеген мақалалар жариялады, 1920 жылы психоанализ бойынша 200-ден астам кітап жарық көрді (Abma, 2004). 1909 жыл мен Фрейд көз жұмған 1939 жылдар аралығында *New York Times* психоанализ жөнінде

1000-нан астам мақала жариялады. *Ladies Home Journal*, *The Nation* және *The New Republic* секілді журналдар тұрақты түрде очерктер шығарып отырды.

«Мэтро Голдуин Мейер» киностудиясы махаббат туралы фильмге ат салысу үшін Фрейдке \$100,000 ұсынды, алайда ол бұдан бас тартты. 1924 жылы қазанда Фрейд *Time* журналының мұқабасына шықты және сол кездерде оның түстер туралы еңбегінің танымал болып кеткендігі соншалық – ол туралы танымал өлең де жазылды. Оның бір шумағында: «Өткен түнде маған қандай түс көргенінді айтпа, себебі мен Фрейдті оқығанмын!» – делінген (Fancher, 2000, p. 1026).

Би-Би-Си 2005 жылы Фрейдтің батыс қоғамына ықпалы туралы төрт сағаттық телевизиялық деректі фильм шығарды. «Өзіміздік ғасыры» (*The Century of the Self*) оның теорияларының маркетинг пен жарнамаға, саяси үндеу мен қоғамдық қатынастарға қалай әсер еткенін көрсетті. Америкада бұлардың барлығын оның немере інісі Эдвар Бернейс дамытқан (Held, 2009; Stevens, 2005). Атап өткендей, Фрейдтің ойларына деген мұндай қоғамдық қызығушылық оның академиялық психологияда өз орнын алғанға дейін бәсеңдеген жоқ.

XX ғасырда мінез-құлықта, өнерде, әдебиетте және ойын-сауықта сексуалды шектеу әлсіреді. Жұрттың бәрі сексуалды импульстерді шектеу немесе басу зиян дегенге сенді. Алайда Фрейдтің секс туралы ойларын осыншалықты кері мағынасында түсіну қынжылтарлық жағдай. Ол ешқашан сексуалды кодтарды әлсіретуді немесе сексуалды еркіндіктің артуын қолдамаған.

Керісінше, оның ойы бойынша, сексуалды құмарлықты басып отыру өркениеттің аман қалуы үшін қажет болған. Соған қарамастан, XX ғасырдың басым бөлігінде көрініс тапқан секстегі еркіндік – жартылай Фрейд еңбектерінің салдары, себебі оның секске қатты көңіл бөлуі идеяларының кең таралуына көмектесті. Тіпті секс туралы ғылыми журналдар мен мақалалар жұртшылықтың қызығушылығын оятты.

Олай болса, «ғылыми қатаң тұрқырымның болмауына және әдіснамалық әлсіздігіне қарамастан, Фрейдтің психоанализі заманауи психологиядағы маңызды күшке айналды» деген қорытындыға келуіміз керек. Жарияланған сілтеме жасау индексіне сәйкес, Фрейд психологиядағы зерттеу әдебиеттерінде ең жиі сілтеме жасалатын адам болып қалуда (Мысалы, Fancher, 2000; Haagbloom et al., 2002). Психоанализ бөлімі (39-бөлім) – Америка Психологтер қауымдастығының ең ірі алтыншы бөлімі.

Time журналы Фрейдті 1956 жылы сәуірде [екінші рет] өзінің мұқабасына шығарған кезде, Америкада психоаналитикалық қозғалыс болып, психоаналитиктер кейінгі бірнеше онжылдықта психикалық саулық саласында басымдыққа ие болды» (Stossel, 2008, p. 16). Қазір, XXI ғасырдың өзінде, Фрейдтің тіпті психологиядан тыс салалардағы ықпалы да маңызды және әлеуетті. *New York Times* журналының редакциясы 1939 жылы, дүние салуына орай, Фрейдті «тоқмейілсудің заманымыздағы ең әлеуетті бұзушысы» деп атады (Bakalar, 2011, p. D7).

1929 жылы Э.Г. Боринг өзінің «Эксперименттік психология тарихы» (*A History of Experimental Psychology*) атты кітабында психологияда Дарвин және Гельмгольц тәрізді ұлы тұлғалар болмағанын жазған. Алайда Боринг 21 жылдан кейін жарық көрген екінші басылымында бұл көзқарасын өзгертті.

Сол аралықта болған психологиядағы өзгерістерді ескере отырып, ол Фрейдке деген танданысын білдірді:

«Қазір ол барлық нәрсенің бастамашысы ретінде қарастырылады. Уақыт рухының жаршысы болған ол бейсаналық процестердің қағидасын пайдалану арқылы психологияға басып кіре алды... Келесі үш ғасырдағы психология тарихын Фрейдтің атын атамай жазу мүмкін емес. Және жалпы психология тарихында да аты қалуы мүмкін. Біз бұл жерде ұлылықтың ең негізгі шартын көре аламыз: ол – өлімнен кейінгі атақ пен даңқ» (Boring, 1950, pp. 743, 707).

Материалды бекіту сұрақтары

1. Фрейдтің пікірі бойынша, ұжымдық адамзат эгосына жолданған тарихтағы ең ұлы үш сілкіністі атаңыз?
2. Психоанализдің тарихи дамуын психологиядағы басқа ой мектептерімен салыстыра отырып сипаттаңыз.
3. Бейсаналықтың структурализмдегі, функционализмдегі және бихевиоризмдегі рөлі қандай?
4. Лейбниц және Гербарт дамытқан бейсаналық теорияларын сипаттаңыз.
5. Фрейдке дейін психикалық ауруға шалдыққан адамдар қалай емделетін еді?
6. Фрейдке Месмер мен Шарко қалай әсер етті?
7. Эммануэль қозғалысы деген не? Ол психоанализдің АҚШ-та қабылдануына қалай әсер етті?
8. Психоанализге Фрейдтің балалық шақта өз басынан өткендері мен оның сексуалдықта деген көзқарасы қалай ықпал етті?
9. Фрейдтің пікірінше, Анна О-ның ісі неліктен соншалықты маңызды болды?
10. Фрейдтің бала кездегі жыныстық қатынасқа азғыру тәжірибелеріне қатысты көзқарастарындағы қайшылықтар қандай?
11. Дамудың психосексуалды кезеңдерін сипаттаңыз.
12. Репрессия, ид, эго, суперэгоға анықтама беріңіз? Өмір инстинкттері және өлім инстинкттері деген не?
13. Еркін қауымдастықтың, қарсылықтың және репрессияның емдік маңызы қандай?
14. Фрейд тұлға кезеңдерінің бір-бірінен ерекшеленетіні туралы не айтты? Неліктен олар бір-бірімен жиі қақтығысқа түседі?
15. Психоанализ бен басты академиялық психология арасындағы қарым-қатынас қандай?
16. Мәлімет жинау бойынша Фрейдтің тәсілдеріне қандай сын айтылды? Фрейдтің пікірінше, оның концептілері қалай тексерілуі керек?
17. Психоанализдің психологияға және қоғамдық мәдениетке жалпы әсері қандай болды?
18. Сіздің ойыңызша, Фрейдтің өзін әлемді өзгерткен үш адамның қатарына қосуы дұрыс па?

Ұсынылған әдебиеттер

- Burnham, J. (2012). *After Freud Left: A century of psychoanalysis*. Chicago: University of Chicago Press. 1909 жылғы Фрейдтің Америкаға сапарынан кейінгі жұмысындағы ілгерілеушіліктерді сипаттайтын жетекші психоанализ тарихшыларының мазмұнды эсселері.
- Decker, H. S. (1991). *Freud, Dora, and Vienna 1900*. New York: Free Press. Фрейдтің 18 жасар Дораны емдеуін сипаттайды, ол психикалық ауытқуларын жүйке сырқатына байланысты жөтел және дауыстың жоғалуы арқылы білдірген.
- Ellenberger, H. F. (1972). The story of “Anna O.”: A critical review with new data. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 8, 267–279. Анна О. оқиғасын катарсистік емнің прототипі ретінде бағалайды.
- Erard, M. (2007). *Um ... Slips, stumbles, and verbal blunders, and what they mean*. New York: Pantheon. Адамның сөйлеген сөздерін талдау арқылы тілді үйрену және тұлға жөнінде көп нәрсе білуге болады деген ойды ұсынады. Сөйлеудегі қателіктерді, оның ішінде «Фрейдше жаңылысу», шатасып айту, сөздерді орынсыз пайдалану және ресми тұлғалардың сөзден жаңылысулары қарастырылады.
- Evans, R. B., & Koelsch, W. A. (1985). Psychoanalysis arrives in America: The 1909 psychology conference at Clark University. *American Psychologist*, 40, 942–948. Фрейд, Юнг және психоанализді Американың ғылыми қауымына таныстырған кездесу туралы әңгіме болады.
- Freeman, L., & Streat, H. S. (1987). *Freud and women*. New York: Continuum. Фрейдтің анасымен, қарындастарымен, әйелімен, қыздарымен, сондай-ақ әйел әріптестері және науқастарымен қарым-қатынасын зерттейді.
- Hale, N. G., Jr. (1995). *The rise and crisis of psychoanalysis in the United States: Freud and the Americans, 1917–1985*. New York: Oxford University Press. АҚШ-тағы психоанализ тарихына толық шолу жасайды. Дәстүрлі және ревизионистік психоаналитиктер арасындағы пікірталастар және америкалық баспасөз құралдарында психоаналитикалық концептілердің қалай қолданылатыны туралы әңгімеленеді.
- Hustvedt, A. (2011). *Medical uses: Hysteria in 19th century Paris*. New York: Norton. Үш науқастың

өмірін сипаттау арқылы баяндалған истерияны анықтау және емдеу бойынша Шарко еңбегін зерттеу.

Makari, G. (2008). *Revolution in mind: The creation of psychoanalysis*. New York: Harper Collins.

1985–1946 жылдар аралығындағы психоанализдің толық тарихы, мұнда Фрейдтің психиканың болмысы жөніндегі ойларының өзгерісі көрсетілген. Фрейдтің карамағындағылар мен интеллектуалды диспуттардың дамуы бағаланады.

Markel, H. (2011). *An anatomy of addiction: Sigmund Freud, William Halstead, and the miracle drug cocaine*. New York: Pantheon.

Фрейд және америкалық дәрігер Уильям

Нолстэдтің өмірі арқылы XIX ғасырда кокаиннің пайдаланылуы және құмарлық туралы жақсы жазылған әңгіме.

Roazen, P. (1975). *Freud and his followers*. New York: Knopf. Фрейдтің өмірі, оның шәкірттерімен, олардың ішінде тұлға және психотерапия жөнінде өздерінің жеке идеяларын қалыптастыру үшін бөлініп кеткендерімен қарым-қатынасы жөнінде баяндалады.

Zaretsky, E. (2004). *Secrets of the soul: A social and cultural history of psychoanalysis*. New York:

Knopf. Фрейд идеяларының бірнеше онжылдықтар бойы жалпы мәдениеттегі өрлеуі, дағдарыстары және кеңінен таралуы сипатталады.



Қалыптасқаннан кейінгі психоанализ

Жалғыздықта өткен балалық шақ

Психоанализдегі бәсекелес фракциялар

Неофрейдистер және эго психологиясы

Анна Фрейд (1895–1982)

Бақытсыз балалық шақ

Сәйкестік дағдарысы

Бала анализі

Түсініктеме

Карл Юнг (1875–1961)

Юнгтің өмірі: тағы бір

бақытсыз балалық шақ

Фрейд әке

Жүйкеге түскен салмақ

Юнгтің аналитикалық

психологиясы

Ұжымдық бейсана

Архетиптер

Интроверсия және экстра-

версия

Психологиялық типтер:

функциялар мен ұста-

нымдар

Түсініктеме

Әлеуметтік психология теориялары: «уақыт рухының» қайта шабуылдауы

Альфред Адлер (1870–1937)

Адлердің жастық шағы

АҚШ-та танымал тұлғаға

айналғуы

Индивидуалды психология

Өзін-өзі кем сезіну

Өмір салты

Өздік сезімнің шығар-

машылық әлеуеті

Баланың дүниеге келу

теориясы

Адлердің көзқарасы

тудырған пікірталас

Зерттеу жұмыстарының

көмегі

Жалғыздықта өткен балалық шақ

Ұл бала көшеден екі панасыз марғауды кездестіріп, оларды қолына алды. Ол бір нәрсені жақсы көргісі, жанына жақын тартқысы келетін, бәлкім, өзі де біреудің сүйіктісі болғысы келген шығар. Бала өзін ешкім жақсы көрмейтінін білетін. Ол марғауларды үйіне алып келді, алайда анасы оларды ұлының қолынан жұлып алды да, басынан қабырғаға ұрып-ұрып жіберді. Марғаулардың жаны шыққанша ұруды жалғастыра берді. Бала анасының осындай жаман бірдеңе жасайтынын білсе керек еді.

Абрахам Маслоудың анасын жақсы көрмеуі ғажап емес. Оның сезімі, Фрейд айтқан, барлық ер балалар анасын жақсы көреді дегенге мүлде ұқсамайтын. Бұл балада анасына деген Эдип комплексі болмаған. Керісінше, оның анасына деген шынайы және терең ғадауаты оның бүкіл өмірлік жұмысының бағытын анықтады.

Нью-Йоркте, Бруклинде, жалға алған пәтерде тұратын ресейлік кедей иммигрант отбасында дүниеге келген жеті баланың бірі – Абрахамның балалық шағы қорқынышты түс секілді болған. Кейінірек, ол сұхбат алушыға «балалық шағымда қалай ақылымнан адасып кетпегеніме таңым бар» деген (Hall, 1968, p. 37). «Менің отбасым бақытсыз болатын, ал анам өте жаман адам еді» (Hoffman, 1996, p. 2).

Абрахам жалғыздықта, мейірім көрмей және ешкімге керексіз болып өсті. Ешкім онымен достаспады, әкесінен де қайран жоқ еді. Әкесі үйінен жиі кетіп қалатын, ішкіш, шатақ мінезді төбелескор және әйелқұмар, жеңіл жүрісті адам еді. Абрахамның әкесіне деген ыза мен өшпенділігі де жетерлік еді, алайда оның анасымен қарым-қатынасы одан да нашар болатын. Анасы Абрахамнан гөрі оның іні-қарындастарына жылы қарады, тұңғышына ашықтан-ашық алақөздік танытты. Ол аз ғана теріс қылығы үшін Абрахамның сазайын беретін және осындай қылығы үшін Құдай да жазалайтынын ескертетін. Тұңғыш ұлын үнемі сынап-мінеп, ол туралы ешқашан жақсы сөз айтқан емес. Осы әрекеттері үшін Абрахам анасын кешірмей өтті, анасы қайтыс болған кезде жерлеу рәсіміне қатысудан бас тартты.

Оның анасымен қарым-қатынасы эмоциялық өміріне ғана емес, сонымен қатар психологиядағы еңбектеріне де әсер етті. Өмірбаянына айтқан сөзінде былай дейді: «Менің өмірлік философиямның мәні және барлық зерттеу жұмыстарым және теория жасауым анам істеген барлық нәрсеге жеккөрінішпен қарсы шығудан бастау алады» (Hoffman, 1988, p. 9).

Ол жасөспірім кезінде басқа да қиындықтарға тап болады. Мұрны үлкен болғандықтан, өзін ұсқынсыз санайтын, дене бітімі арық болуынан өзін кем-тар сезінетін. Ата-анасы оны сырт келбетіне байланысты мазақтап, оның соншалықты ұсқынсыз және ебедейсіз екенін бетіне жиі басатын. Бірде туған-туыс

Түсініктеме
Карен Хорни (1885–1952)
Хорни және оның әкесі
Тұрмысқа шығуы, күй-зелісі және жыныстық қатынасы
Фрейдпен келіспеушіліктері
Базальды үрей
Невротикалық қажеттілік
Өзін-өзі идеал деп бағалау
Хорни және феминизм
Түсініктеме
Тұлға теориясының эволюциясы: гуманистік психология
Гуманистік психологияның қалыптасуына алдыңғы буынның әсер етуі
Гуманистік психологияның болмысы
Абрахам Маслоу (1908–1970)
Маслоудың жастық шағы
Шеруді тамашалауы
Өз әлеуетінің толық ашылуы
Түсініктеме
Карл Роджерс (1902–1987)
Роджерстің өмірі
Ғажайып киялдар
Жүйке бұзылуы
Адам әлеуетінің толық ашылуы
Толыққанды өмір сүретін адамдар
Түсініктеме
Гуманистік психологияның тағдыры
Позитивті психология: бақыт туралы ғылым
Мартин Селигман (1942)
Қиындықты көп көрген желкіншек
Позитивті психологияның қарқынды дамуы
Ақша және бақыт
Адамның денсаулығы мен жасы
Үйлену
Мінез-құлық
Бақытқа тағы қандай факторлар әсер етеді?
Не бірінші: бақыт па, әлде табыс па?
Өркендеу: бақыттың жаңа деңгейі
Түсініктеме
Тарихтағы психоаналитикалық дәстүр
Материалды бекіту сұрақтары
Ұсынылған әдебиеттер

жиналған үлкен жиында әкесі «балалардың ең ұсқынсызы Эйб» дегені бар (Hoffman, 1996, p. 6).

«Мен бұл әлемде жалғыз болатынмын. Өзімді біртүрлі қораш сезінетінмін. Бір нәрсені дұрыс істемей жүрген секілді терең мұң менің қаныма ерте араласқан еді. Ешқашан біреуден бір жерім артық деп сезінбейтінмін. Әрқашан бір дауасыз ауру тудыратын кемшілік сезімін кеше жүріп жетілдім» (Milton, 2002, p. 42).

Маслоу өзіндегі кемшілік сезімінің орнын спортшы болу арқылы толтыруға үміттенді, осы арқылы басқалар оны мойындап, өз қатарына қосады деп ойлады. Бірақ оны ешкім командасына қабылдамады, тіпті ешкімнің онымен ойнағысы да келмеді. Спортта жетістікке жете алмаған соң, зейінін кітапқа аударды. Жергілікті кітапхана оның жеке ойын алаңына айналды және кітап оқу мен білім алу оны жалғыздықтан құтылатын жолға алып шықты.

Ол оқу жылдарында Титченерден бастап Фрейдке дейінгі негізгі психология мектептерімен танысты және осы алуан түрлі психология анықтамалары ішінен адам табиғатын зерттеудің өзіндік жолын қалыптастыра білді. Есейген шағында оның ойлары оған бала кезінде жетіспеген атак пен даңқ, мақтау мен мадақ әкелді.

Психоанализдегі бәсекелес фракциялар

Вундт және оның эксперименттік психологиясының тағдыры секілді, Фрейд те өзінің жаңа психоанализ жүйесіне дара, монополиялы авторлығын ұзақ ұстап тұра алмады. Қозғалыс құрылғанына 20 жыл толмай жатып, ол өз ішінде негізгі мәселелерде келіспей қалған психоаналитиктер бастаған бәсекелес топтарға бөлінді. Фрейд бұл бөлінушілерге қатаң жауап қатты. Жаңа көзқарастағы психоаналитиктер шеттетіліп, жеккөрінішті атанды. Бір кездері Фрейдке қаншалықты жеке немесе кәсіби жақын болғанына қарамастан, өзінің ілімінен қол үзгені үшін Фрейд оларды аластатып, содан кейін ешқашан қайта сөйлеспей қойды.

Фрейдтің қызы Аннадан бастайық. Ол Фрейдтің еңбектерін әрі қарай кеңейтті, бірақ әкесінің идеяларына берік болып қала берді. Одан кейін Фрейдтің көзі тірісінде өз теорияларын дамытқан үш негізгі бөлінушіні талқылаймыз, олар: Карл Юнг, Альфред Адлер және Карен Хорни. Содан соң 1960 жылдары, Фрейд қайтыс болғаннан біраз жыл өткеннен кейін, пайда болған гуманистік психология қозғалысын талқылаймыз.

Екі негізгі теоретик – Абрахам Маслоу және Карл Роджерс – адам болмысына деген өздерінің жеке көзқарастарымен психоанализдің (сонымен қатар бихевиоризмнің) орнын басуға талпынды. Гуманистік психологияның бүгінгі күндегі жалғасы және кеңейтілген түрі – қазіргі позитивті психология. Ол адам әлеуетін зерттеуде эксперименттік әдісті пайдаланады. Естеріңізде болсын, теоретиктердің Фрейд ілімінен қаншалықты алшақ болғанына қарамастан, олардың идеялары не Фрейдтен алынған, немесе оның идеяларын әрі қарай жалғастырудан, не оған қарсы шығудан пайда болған.

Неофрейдистер және эго психологиясы

Біз атап өткендей, психоаналитикалық дәстүрде Фрейдтің арғынан ерген теоретиктер мен практиктердің барлығы бірдей оның жүйесінен бас тартып, оны күйрету керек деген ойды ұстанған жоқ. Ол кезде психоаналитиканың орталық бағыттарын бетке алған, жүйеге аз ғана өзгерістер енгізген неофрейдист-психоаналитиктердің шағын тобы қалған болатын. Фрейдті жақтаушылар енгізген негізгі өзгеріс – эго концептісінің кеңейтілуі. Эго идтің (id) қызметшісі емес, одан да маңыздырақ рөлге ие деп қарастырылды.

Эго психологиясы эго «идтен тәуелсіз, идтен бөлек өз қуатына ие және идтен бөлек қызмет етеді» деген ойларды қамтиды. Неофрейдист-психоаналитиктер

сонымен қатар ид импульстері қанағаттануға бағытталған кезде пайда болатын қактығыстардан эгоның азат екенін тұжырымдаған. Фрейдтің пікірінше, эго әрдайым идке жауап беріп отырған және оның қажеттіліктерінен ешқашан азат болмаған. Қайта қарастырылған көзқараста эго идтен тәуелсіз қызмет ете алады, бұл кең таралған фрейдтік ілімнен айтарлықтай алшақтау еді.

Неофрейдистер ұсынған тағы бір жаңалық – тұлғаның мінез ерекшеліктеріне әсер етуші күш ретінде биологиялық күштерге азырақ көңіл бөлу. Оның орнына әлеуметтік және психологиялық күштерге көбірек зейін салу. Неофрейдистер, сонымен қатар инфантильді сексуалдықтың және Эдип комплексінің маңыздылығын төмендетіп, «тұлғаның жеке мінез ерекшеліктерінің дамуы негізінен психосексуалды күштерге қарағанда, психоәлеуметтік күштердің әсерінен қалыптасады» дегенді ұсынды. Осылайша, бала кездегі әлеуметтік қатынастар шынайы немесе ойдағы секстік қатынастардан әлдеқайда маңыздырақ деп қарастырылды.



<https://en.wikipedia.org>

АННА ФРЕЙД

Анна Фрейд (1895–1982)

Зигмунд Фрейдтің қызы Анна – неофрейдистік эго психологияның жетекшісі. Алты баланың кенжесі Анна Фрейд «егер әке-шешеме контрацепция қолжетімді болғанда, дүниеге келмеген болар едім» деп жазады. Оның әкесі досына жазған хатында қызының дүниеге келгені жайлы қуанып емес, көңілсіз хабарлап, «егер ер бала туғанда хабарды телеграммамен жеткізген болар едім» депті (Young-Bruehl, 1988). Қалай болғанда да, Анна дүниеге келген жыл (1895) ерекше болды, символдық мәні бар десе де болатын шығар, себебі ол психоанализдің пайда болуымен тұспа-тұс келді. Анна – әкесінің жолын қуып, психоаналитик болған Фрейдтің жалғыз баласы.

Бақытсыз балалық шақ

Отбасында ата-анасы қаламаған қыз ретінде Аннаның балалық шағы бақытсыз болды. Ол жалығу және жалғыздық сезімдерін бастан кешті және үлкен бауырлары онымен бірге ойнамады. Анна анасының сүйікті қызы – әпкесі Софиге қызғанышпен қарайтын, ал өзі әкесінің сүйікті қызына айналды; әкесі «сигарына қалай ынтық болса, кенже қызына да сондай ынтық болды» (Appignanesi & Forrester, 1992, p. 277).

Ол Зигмунд Фрейдтің еңбектеріне 14 жасында қызығушылық таныта бастады. Вена Психоаналитика қауымдастығының жиналыстарында бұрышта үнсіз отырып, айтылған барлық нәрсені бойына сіңіріп алатын. Әкесіне деген күшті эмоциялы құштарлығы мен өзінің секс туралы ойларының әсерінен 22 жасында әкесімен бірге психоанализ жасады.

Ол атыс-шабыс, өлтіру, өлу және әкесін жаудан қорғау секілді көріністері бар қатыгез қиялдары туралы айтып берді. Көп уақыт құпия сақтаған бұл психоанализ төрт жылға созылған, сағат кешкі оннан басталған, аптасына алты сессиядан тұрған. Бұл сессияларда Анна әкесіне өзінің секс туралы қиялдарын әңгімелейді. Анализден риза болып шығатын ол әкесіне бұрынғыдан да жақын бола түсті (Edmundson, 2007, p. 61).

Кейінірек Фрейд қызымен бірге психоанализ жасауға талпынғаны үшін сынға алынды. Бұл жағдай «ақылға қонымсыз және инцест», «тосын оқиға», «диванның екі жағындағы Эдиптік әрекет» деген баға берілді (Mahony, 1992, p. 307). Қалай болғанда да, сол сәтте оларға бұдан басқа жол жоқ секілді көрінді. Бір тарихшы былай жазды: «Басқа ешкім бұл тапсырманы орындай алмас еді. Аннаның психоанализінде Фрейдтің оның әкесі ретіндегі рөліне қалай да күмән келтірілетін еді» (Donaldson, 1996, p. 167). Психоанализдің атасы саналатын адам өмірінің интимді жай-жапсарын білу басқа психоаналитиктер үшін ақылға сыйымсыз болды.

Сәйкестік дағдарысы

1924 жылы Анна алғаш рет Вена Психоаналитика қауымдастығының алдында ғылыми еңбегін баяндады. Оның «Ұрып-соғу фантазиялары және қиялдар» (*Beating Fantasies and Daydreams*) атты еңбегі науқастың сырқатнамасына негізделген делінеді, алайда, шын мәнінде, ол өзінің жеке фантазиялары туралы болатын. Ол ұрып-соғу, мастурбация және жақын адамдар арасындағы инцест-секстік қатынастар туралы қиялдарын сипаттап берді. Бұл еңбекті Фрейд және оның әріптестері жақсы қабылдап, оның қауымдастыққа кіруіне мүмкіндік берді.

Аннаның психоаналитик болуына байланысты Фрейдте екіұлай сезім болды. Анна осыған байланысты алты жылға созылған жеке-дара дағдарысты бастан кешірді. 30 жасында өзіне сөз айтқан әкесінің бірнеше жас шәкіртінің және отбасылық достарының ұсыныстарын қабыл алмай, психоаналитик болуға шешім қабылдады. Сонымен қатар америкалық бай мұрагер-әйел Дорати Тиффани Бурлингэммен ұзақ достасып, Доротидің балаларына екінші ана секілді болды.

Фрейд «Аннаның ақыры тұрмысқа шықпау және бала сүймеу туралы шешімін және, оған қоса, әйел адаммен тығыз эмоциялы байланысқа түсіп жүргендігі туралы естігенде қатты қынжылды» деген мәліметтер бар (Elms, 2001, p. 88). Алайда Анна Фрейдтің өмірбаяншысы екеуінің арасындағы қарым-қатынас сексуалды емес, тек эмоциялы болған деп сендіреді (Young-Bruehl, 1988).

Анна Фрейд өз өмірін психоаналитикалық теорияны дамытуға және кеңейтуге, сонымен қатар осы теорияны балалардағы эмоциялы ауытқуларды емдеуге арнады. Оның бұдан басқа жалғыз көңіл бөлгені – ұзақ уақыт ауырған кезде әкесіне күтім жасау болды. Әкесі қайтыс болғанда оның пальтосын өз шкафында сақтады. Әкесінің қайтыс болғанына бірнеше жыл өткенде Анна әкесі туралы түстерін баяндады. Ол былай деп жазды:

«Ол қайтадан осында. Соңғы түстердің барлығының сипаты бір: ондағы негізгі мәселе – менің оған ынтықтығым емес, оның маған ынтықтығы. Осы сипаттағы бірінші түсімде ол анық былай деді: «Мен әрқашан саған социальдықты ынтық болғанмын» (quoted in Zaretsky, 2004, p. 263).

Қырық жылдан астам уақыт өтіп, Аннаның демі бітуге таяғанда, оны саябаққа ертіп шыққан досы осы көріністі: «Денесі мектеп оқушысындай кішірейген Анна әкесінің жүннен жасалған үлкен пальтосына оранып [мүгедектер арбашасында] отыр», – деп суреттейді (Webster, 1995, p. 434).

Бала анализі

1927 жылы Анна Фрейд «Бала психоанализінің техникасына кіріспе» (*Introduction to the Technique of Child Analysis*) атты кітабын жариялады, онда Аннаның қызығушылықтарының бағыты көрінген еді. Ол балалардың – салыстырмалы түрде жетілмегендігі мен вербалды қабілеттерінің деңгейін есепке алатын бала психоаналитикалық терапиясын ойлап тапты. Зигмунд Фрейд жеке практикасында балаларды емдемегенімен, Аннаның жұмысын мақтан тұтты. Ол: «Аннаның бала психоанализіне деген көзқарасы менікінен тәуелсіз; мен оның көзқарасымен келісемін, бірақ Анна оларды өз тәуелсіз практикасына негіздеп дамытты», – деп жазды (Viner, 1996, p. 9).

Аннаның жаңашылдықтары ойын материалдарын пайдалануды және баланы үй жағдайында бақылауды қамтыды. Оның бақылауларының көпшілігі Лондонда өтті, онда Фрейдтің отбасы 1938 жылы Венадағы нацистерден қашып кеп, қоныстанған еді. Ол әкесінің үйінің жанынан клиника ашып, сол жерде бүкіл әлемнің клиникалық психологтерін қызықтырған емдеу орталығы және психоаналитикалық тренинг институтының негізін қалады. Лондондағы Анна Фрейд орталығы бүгін де жұмысын жалғастыруда. Оның зерттеулері 1945 жылдан бері жыл сайын шығып отыратын «Баланың психоаналитикалық зерттеуі» (*The Psychoanalytic*

Study of the Child) журналының сандарында жарияланып отырды. Оның еңбектері сегіз томға жинақталып, 1965–1981 жылдар аралығында жарық көрді.

Анна Фрейд эгоның иден тәуелсіз қызмет етуінің маңызын арттыру үшін дәстүрлі психоаналитикалық теорияны қайта қарастырды. Ол «Эго және қорғаныс механизмдері» (*The Ego and the Mechanisms of Defense*) (1936) атты еңбегінде эгоның үрейден қорғану кезінде әрекет ететін механизмдерін анықтайды. Фрейдтің стандартты қорғаныс механизмдерінің тізімі (13-тараудағы 13.2-кестені қараңыз) негізінен Аннаның жұмысы болатын. Ол механизмдерге кеңірек анықтама беріп, балаларға жасаған психоанализінен мысалдар келтірді.

Түсініктеме

Анна Фрейд және басқалар дамытқан эго психологиясы 1940 жылдар мен 1970 жылдардың бастапқы кезеңінде Америкадағы психоанализдің негізгі түріне айналды. Неофрейдистердің максаттарының бірі – психоанализді ғылыми психологияның қабылданған бөлігі ету болатын. «Олар мұны Фрейдтің ұғымдарын аудару, оңтайландыру және жұмыс барысында түсіндіру арқылы, психоаналитикалық гипотезаларды эксперименттік зерттеуді ынталандыру арқылы және психоаналитикалық психотерапияны жетілдіру арқылы жасады» (Steele, 1985, p. 222). Неофрейдистер осы жұмыс барысында психоанализ бен академиялық эксперименттік психология арасында бітімгерлік қатынас орнатуға жағдай жасады.

Карл Юнг (1875–1961)

Фрейд бір кездері Карл Юнгті өз баласы және психоаналитикалық қозғалыстың мұрагері санап, оны «менің ізбасарым және мұрагер ханзадам» деп атаған (McGuire, 1974, p. 218). 1914 жылы, олардың достықтары ажырағаннан кейін, Юнг Фрейдтің еңбектерінің көпшілігіне қайшы келетін өз аналитикалық психологиясын дамытты.

Юнгтің өмірі: тағы бір бақытсыз балалық шақ

Юнг Солтүстік Швейцарияда, атақты Рейн сарқырамасы маңындағы шағын ауылда өсті. Өзінің айтуынша, оның балалық шағы жалғыздықта, түсініспеушілікте және бақытсыздықта өтті (Jung, 1961). Әкесі иманын жоғалтқан дін қызметкері, екіжүзді, ашуланшак, қаныпезер адам болған. Өмірбаяншының айтуынша, «Карл әкесі ашуланып, үйді дүрліктірген кезде барлығын естіп отыратын» (Baig, 2003, p. 20). Анасы жүйке ауруына шалдыққан және көңіл күйі тұрақсыз адам еді. Ол үй шаруасындағы бақытты әйелден бір мезетте мұрнының астынан миңгірлеп, түсініксіз бірденелерді айтып жүретін жынды әйелге айналып кететін. Басқа бір өмірбаяншының пайымдауынша, «анасының туыстарының жүйкелері жұқарған» (Ellenberger, 1978, p. 149).

Юнг ата-анасының ешқайсысына, сонымен бірге бүкіл әлемге сенбеуге ерте жастан үйренді. Ол саналы, зерделі әлемнен бас тартып, көңілін өз қиялдары, елестері және түстеріне қарай, бейсана әлемге бұрды. Бұл оның бала кездегі жолсерігі болды және есейген кезде де солай болып қала берді. Юнгтердің көршісі елу жылдан астам уақыт өткенде бала Карлды алғаш көргенін еске алып: «Мен бұған дейін ешқашан мұндай кісікінік, тұйық құбыжықты көрген емеспін», – деп жазды (Baig, 2003, p. 23).

Ол қиын-қыстау кезендерде өз қиялдары арқылы бейсана әлемінен келген сигналдарға сүйене отырып, мәселелерді шешіп, шешім қабылдайтын болған. Колледжде түсерде оның негізгі зерттеу саласы түсінде аян береді. Ол өзінің терең жер астында ежелгі жануарлардың сүйегін қазып алып жатқанын көрді. Карл осы түсті «маған табиғат пен жаратылыстануды зерттеу керек» деп жорыды. Үш жасында түсінде жер астындағы үнгірде жүргені есте қалып, өзінің болашақта



<https://en.wikipedia.org>

КАРЛ ЮНГ

Аналитикалық психология:
Юнгтің жеке тұлға теориясы.

мінез-құлықты зерттейтінін анықтады. Осылайша, Юнг ақылдың төменгі қабаттарында жататын бейсана күштерге көңіл бөле бастады.

Юнг Швейцарияның Базель университетінде оқып, 1900 жылы медицина факультетін тәмамдап шықты. Ол психиатрияға қызығатын және оның алғашқы қызметі Цюрихтегі психиатриялық ауруханада болды. Оның директоры шизофрения жөніндегі еңбектерімен танымал – психиатр Эйген Блейлер еді. 1905 жылы Юнг Цюрих университетіне дәріс оқушы болып тағайындалды.

Бірнеше жыл өткен соң Швейцариядағы екінші ең бай мираскор қызға үйленіп, университеттен кетті. Өзін толығымен зерттеу жұмысына арнады және жеке практикамен айналысуға мүмкіндік алды. Ерлі-зайыптылар өздерінен туған үш қызға өте салқын, ресми тәрбие берді. Олар қыздарын сүймейтін де, құшақтамайтын да. Сәлемдесіп-қоштасқанда тек қол алысатын, кейде тіпті мүлде жуыспайтын.

Юнг наукастармен жұмыс істеу барысында оларға Фрейдтің диванға жатқызу тәсілін қолданған жоқ. Айтуынша, наукастарды диванға жатқызуға оның ешқандай құлқы болмады. Юнг пен оның наукастары бір-біріне қарама-қарсы ыңғайлы креслоларда отыратын болған. Ол кей кездері терапия сеанстарын өзінің желкенді қайығында, көл бетінде желмен жарысып өткізген. Кейде наукастарына ән салып беретін болған. Кей-кезде әдейі дәрекілік көрсететін. Бірде наукас белгіленген уақытта келгенде, Юнг оған: «О, жоқ. Мен бұлардың тағы біреуінің түріне қарай алар емеспін. Үйіңізге қайтыңыз да, өзіңізді өзіңіз емдеп алыңыз», – депті (Brome, 1981, p. 185).

Фрейд әке

Фрейдтің еңбектеріне 1900 жылдан бастап, өзі өте жоғары бағалаған, «Түс жору» (*The Interpretation of Dreams*) еңбегін оқығаннан кейін қызыға бастады. 1906 жылы Фрейдпен хат жазысып, Юнг бір жылдан кейін онымен кездесу үшін Венаға сапар шекті. Олардың алғашқы кездесуі 13 сағатқа созылды, бұл өте жақын, әке мен бала қарым-қатынасының керемет бастамасы болған еді (Фрейд Юнгтен 20 жастай үлкен).

Олардың арақатынастарында Фрейдтің психоаналитика теориясындағы Эдип комплексінің элементтері, яғни баласында әкесінің көзін жоюға деген ұмтылыс болуы мүмкін. Қарым-қатынастың күйреуіне алып келген тағы бір шиеленістіруші фактор – Юнг 18 жасында басынан кешкен сексуалды тәжірибе. Юнг әкесіндей санап жүрген бір кісі оны секс тұрғысынан азғырған. Юнг одан жиіркеніп, бірден қарым-қатынасты үзіп тастайды. Жылдар өткеннен кейін Фрейд, өзі ойлағандай, Юнгтің психоаналитикалық қозғалысты жалғастыруын қамтамасыз етуге талпынған кезде, Юнг мүмкін, тағы бір жасы үлкен кісі өзінен басым болғысы келгенін сезінсе керек, өзіне артылатын мұндай жүкке қарсы шықты. Юнгтің екі жағдайда да өз әкесіндей санаған адамдардан көңілі қалды. Мүмкін, алдыңғы оқиғаның кесірінен болар, Юнг – Фрейд қалаған жақын эмоциялық қарым-қатынасты сақтай алмады (Alexander, 1994; Elms, 1994).

Басқа психоаналитик шәкірттеріндей емес, Юнгтің Фрейдпен жұмыс істемей тұрып-ақ, кәсіби беделі жоғары еді. Ол психоанализге бет бұрған алғашқылардың ішіндегі ең атақтысы еді. Сондықтан да болар, Фрейдтің психоаналитикалық қауымындағы көбі әлі медицина саласындағы оқуын бітірмеген, кәсіби қалыптаспаған жас психоаналитиктермен салыстырғанда, Юнг тез әсерленгіш те, тез иланғыш та болмады, беделдінің сөзіне де бірден елп ете қоймайтын.

Юнг бір кездері өзін Фрейдтің шәкірті санағанымен, сыншыл болуды ешқашан тоқтатпаған. Қарым-қатынастарының бастапқы кезеңінде өз күмәндері мен қарсылықтарын көрсетпей отыруға тырысқан. «Бейсана психологиясы» (*The Psychology of the Unconscious*) (1912) атты кітабын жазу барысында қатты қинағанын айтады, себебі кітабы басылып шыққан кезде, дәстүрлі психоанализден

әлдеқайда өзгеше ойларды жарыққа шығарғаны үшін, Фрейдпен қарым-қатынасына нұқсан келтіріп аламын деп уайымдады. Фрейдтің ықтимал жауабын уайымдағаны соншалық – Юнг бірнеше айлар бойы жобаны жалғастыруға шамасы келмеді. Әрине, ол кітабын басып шығарды, болатын нәрсе ақыры болды.

Юнг 1911 жылы, Вена мүшелерінің қарсылығына қарамастан, Фрейдтің айтуымен Халықаралық психоаналитика қауымдастығының алғашқы президенті болды. Фрейд егер топтың президенті еврей болса, антисемитизм психоанализдің дамуына тосқауыл болады деп ойлады. Толық дерлік еврей ұлтынан құрылған веналық психоаналитиктер швейцарлық Юнгке сенімсіздікпен қарап, қарсы болды, себебі ол Фрейдтің анық фавориті еді. Еврей аналитиктердің саны басым ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар Юнгті антисемиттік көзқарас ұстанады деп сенді. Содан көп ұзамай Юнгтің Фрейдпен достығы әлсірей бастап, 1912 жылы жеке хат алмасу тоқтады, 1914 жылы Юнг қызметтен кетіп, қауымдастықтан шықты.

Жүйкеге түскен салмақ

Юнг 38 жасында үш жылға созылған ауыр эмоциялы қиындықтарға душар болды. Фрейд те өмірінің осы кезеңінде осыған ұқсас қиындықтарды бастан кешірген еді. Юнг ақылынан адасамын деп ойлады, ешқандай зияткерлік жұмысқа шамасы келмей, тіпті ғылыми кітапты да оқи алмай қалды. Ол өзіне қол жұмсау туралы ойлап, «өзін қайтуға болмайтын межеден асқанын сезген кездерде» жанына тапаншасын алып жататын (Noll, 1994, p. 207).

Осы жылдарда оның соңынан ақырзаман, үлкен қантөгіс және аласапыран елестері калмайтын еді. Ол бұл елестерін кейінірек «Қызыл кітап» (*The Red Book*) деген атпен белгілі болған 200 беттік журнал бетіне каллиграфия және егжей-тегжейлі сурет түрінде түсіріп отырған. Бұл журнал швейцариялық банк сейфинде құпия сақталып, 2009 жылы оның қайтыс болғанына шамамен 50 жыл өткенге дейін жарық көрмеген еді (Harrison, 2009).

Юнгтің елестері үздіксіз ағым ретінде келетін болған, ол оны басына тас түскендей сипаттайтын. «Мен құлап, бөлшектеніп кетпес үшін көбінесе үстелден ұстап қалатынмын», – дейді ол (Corbett, 2009, p. 36). Таңғаларлығы, осы күйзеліс кезінде Юнг науқастарды қабылдауды тоқтатпаған.

Ол бұл күйзелісті, Фрейд секілді, өз ақылының бейсана бөлігімен күресу арқылы шешті. Өз түстеріне, Фрейдтей, жүйелі түрде талдау жасамағанымен, Юнг өз қиялдары мен фантазияларында келетін бейсана импульстерге еріп отырды.

Бұл Юнг үшін үлкен шығармашылық кезеңі болды және өзінің мінез-құлық теориясын құруға алып келді. Ол былай деп жазды: «Өзімнің ішкі бейнелеріме баса назар аударып жүрген жылдар – өмірімдегі ең маңызды жылдар болды, ең маңызды нәрселердің барлығы сол кезде шешілген болатын» (Jung, 1961, p. 199). Ол өз тәжірибесіне сүйене отырып, тұлғаның дамуындағы ең маңызды кезең – Фрейд айтқандай, балалық шақ емес, өз жеке күйзеліс кезеңі болған – орта жас деген тоқтамға келді.

Юнгтің жеке күйзелісі өз ақылының бейсана бөлігімен күресу арқылы еңсерілді. Дегенмен оның мінез-құлқының кейбір аспектілері әдеттен тыс болып қала берді. Ол әр күні таңертең ыдыс-аяқтарымен сөйлесетін: табаға «Сәлеметсің бе?» немесе кофе шәйнегіне «Қайырлы таң!» – дей салатын еді (Baig, 2003, p. 568).

Ол үлкен көлемдегі ақшаны кітаптардың арасына немесе құтыға салып, бақшаға көміп жасыратын және құтылар қай жерде жасырылғанын ойға салатын өзі ойлап тапқан кодтарды тез ұмытып қалатын. Бұған қарамастан, Юнг 86 жасына дейін жазуын жалғастырып, өнімді еңбек етті, өз жүйесін дамытты.

Юнгтің аналитикалық психологиясы

Юнгтің өмірде басынан кешкендері оның аналитикалық психологиясына сөзсіз әсер етті. Өз бейсанасының күшін мойындауы оның болашақ кәсіби қызығушылықтарын анықтады. Оның секске деген көзқарастары жөніндегі автобиографиялық мәліметтер жетерлік. Юнгтің теориясында Эдип комплексі туралы ештеңе жоқ, себебі оның балалық шағында ондай ештеңе болмаған. Ол өз анасын семіз және тартымсыз санаған. Фрейдтің барлық ұлдарда өз анасына деген сексуалды ынтызарлық болады деген сөзін қабылдай алмаған.

Фрейдке керісінше, ол өзінде ешқандай секске қатысты секстік комплекстерді, шектеулерді және ынтызарлықтарды дамытпаған. Оған қоса, Фрейдтей емес, өзінің секстік әрекеттерін де шектеуге тырыспаған. Юнг ерлерге қарағанда өзіне әйелдердің серік болуын қалаған және оның жанында көбінесе тартымды әйел науқастар мен шәкірттері жүретін. Араларында романтикалық сезім туған жағдайда, ол секстік қатынасты бірінші бастауға іркілмейтін, олардың кейбірі тіпті бірнеше жылға созылатын. Ол тіпті әйел шәкірттеріне олардың өзіне ерте ме, кеш пе ғашық болып қалатындарын ескертетін (Noll, 1997). Юнг пен Фрейд арасындағы сәтсіз қатынастың талдауы мына нәрсені байқатады. «Секстік қажеттіліктерін еркін және жиі қанағаттандырып жүрген Юнг үшін секс адам мотивациясында аз ғана рөл ойнайды. Жүзеге асырылмай қалған жыныстық ынтызарлықтары және қанағаттанбау себебінен мазасызданған Фрейд үшін секс негізгі рөл атқарған» (Schultz, 1990, p. 148)

Юнг бала кезінде өзін басқа балалардан оқшау ұстап, жалғыз жүруді қалаған. Бұл таңдау оның теориясында – әлеуметтік қатынастардың орнына ішкі өсуге көңіл бөлуінде көрініс тапқан. Оған кері Фрейдтің теориясы тұлғааралық қатынастарға көбірек көңіл бөледі. Фрейдтің балалық шағы соншалықты оқшау және интровертті болмаған.

Юнгтің аналитикалық психологиясы мен Фрейдтің психоанализінің арасындағы тағы бір айырмашылық либидоға қатысты. Фрейд либидоны көбіне секстік жағынан анықтаса, Юнг оны жалпы өмірлік энергия және секс оның бір бөлігі ғана деп түсінеді. Юнг үшін негізгі либидолық энергия тұлғаға белгілі бір өмір кезеңінде не маңызды екеніне байланысты өсуде, көбеюде немесе басқа әрекеттерде көрініс табуы мүмкін.

Юнг пен Фрейд еңбектері арасындағы тағы бір айырмашылық – тұлғаға әсер ететін күштердің бағыты. Фрейд адамдарды бала кездегі оқиғалардың құрбаны ретінде сипаттайды. Юнг біз тек өткенімізбен ғана емес, сонымен қатар өзіміздің мақсаттарымызбен, үміттерімізбен және ұмтылыстарымызбен қалыптасамыз дегенге сенеді. Юнг үшін тұлға өз балалық шағының алғашқы бес жылындағы тәжірибесімен толық қалыптаспайды, ол өмір бойы өзгеріп отыруы мүмкін.

Юнг Фрейдке қарағанда ақылдың бейсана бөлігіне тереңірек еніп, зерттеуге талпынды. Ол ұжымдық бейсана деп аталатын жаңа өлшемді қосты, оған адамның жануар ата-тегінен бастап, барша ұрпақ атаулының бастан өткерген тәжірибесі кіреді.

Ұжымдық бейсана

Юнг бейсананың екі деңгейін сипаттап берді. Біздің саналы ақылымыздың астында жеке бейсана орналасқан, ол естеліктерден, импульстерден, тілектерден, әлсіз сезімдерден, адам өміріндегі ұмыт қалған және сананың түпкірінде қалған басқа да тәжірибелерден тұрады. Бұл бейсана деңгейі қатты терең емес. Жеке бейсанадағы оқиғалар саналы ақылға оңай оралуы мүмкін.

Жеке бейсаналы тәжірибелер кешендерге топталған, олар – ортақ тақырыптағы сезімдер мен естеліктердің үлгілері. Адам бұл кешендерді белгілі бір идеяға (билік немесе бағыныштылық секілді) алаңдаған кезде көрсетеді де, кейінірек бұл оның мінез-құлқына әсер етеді. Сондықтан кешен – тұтас тұлғаның ішіндегі шағын тұлға.

Жеке бейсана: бұрын сана деңгейінде болған, бірақ кейін ұмытылған немесе шеттетілген, түзінділері бар сана аумағы.

Ұжымдық бейсана: бұрынғы адамдар мен жануарлардың туа біткен тәжірибесін қамтитын психикалық қызметтің ең терең деңгейі.

Архетиптер: адамзат баласына дейінгі тіршілік иелері белгілі бір жағдайға тап болғанда қалай әрекет етсе, адамның іс-әрекетін соған ұқсас арнаға бағыттайтын, ұжымдық бейсана шеңберіндегі туа біткен тенденциялар.

Жеке бейсанадан төмен деңгейде ұжымдық бейсана орналасқан, ол тұлғаға белгісіз болып келеді. Ол алдыңғы ұрпақтардың, сонымен қатар жануар тегінің жинақтаған тәжірибелерінен тұрады. Әмбебап эволюциялық тәжірибелер тұлғаның негізін қалайды. Ұжымдық бейсана шеңберіндегі тәжірибелер бейсана болатынын есте сақтаныз. Жеке бейсанадағы тәжірибелерге қарағанда біз олардан хабарсызбыз және олардың бейнесі есімізде сақталмайды.

Архетиптер

Ұжымдық бейсана шеңберіндегі архетиптер деп аталатын туа біткен тенденциялар – саналы өмірдің ішкі детерминанттары. Олар, белгілі бір жағдайға тап болғанда адамзат баласына дейінгі тіршілік иелері қалай әрекет етсе, адамның іс-әрекетін соған ұқсас арнаға бағыттайды. Біз архетиптерді туу, ер жету, үйлену және өлім секілді маңызды өмірлік оқиғалармен байланысты эмоция түрінде немесе төтенше қауіпке реакция түрінде сезінеміз. Юнг архетиптерді бейсананың «құдайлар» деп атаған (Noll, 1997).

Юнг ежелгі өркениеттердің мифтік және көркем туындыларын зерттегенде, тіпті бір-біріне әсер етуге ешқандай мүмкіндіктері болмаған, уақыт пен кеңістікте бір-бірінен алшақ орналасқан мәдениеттерде де ортақ архетиптік символдардың бар екенін анықтады. Ол өз науқастары айтып берген түстерден де осы символдардың іздерін тапқан. Осы материалдардың барлығы оның ұжымдық бейсана концептісін қолдады. Жиі кездесетін архетиптер: персона, анима және анимус, көлеңке және өздік мен.

Персона – әркім басқа адамдармен қарым-қатынасқа түскен кезде киетін бетперде. Бетперде бізді қоғамға өзіміздің қалағанымыздай етіп көрсетеді, яғни персонна адамның шынайы болмысына сай келмеуі мүмкін. Персона ұғымы рөлдік ойынның социологиялық концептісіне сай келеді, біз онда әртүрлі жағдаяттарда адамдардың бізден күтетіндей әрекет етеміз.

Анима және *анимус* архетиптері әр адам басқа жынысқа тән кейбір сипаттарға ие деген ойды көрсетеді. «Анима» ер кісідегі әйел сипаттарына қатысты; ал «анимус» әйел адамдағы еркектік сипаттарды білдіреді. Басқа архетиптер секілді, бұлар да адам баласының тұрпайы өткенінен бастау алады; ол кезде ерлер мен әйелдер басқа жыныстың құлықтық және эмоциялы тенденцияларына еліктейтін болған.

Біздің қараңғы «меніміз» көлеңке архетип арқылы көрінеді және болмысымыздың хайуани бөлігі болып саналады. Юнгтің пікірінше, олар бізге төменгі өмір формаларынан мұра болып қалған. Көлеңке әдепсіз, құмар, тұрпайы әрекеттер мен тілектерден тұрады. Көлеңке бізге әдетте ұятымыз жібермейтін әрекеттерді істеуге бұйырады.

Біз ондай әрекетке қалай да барған болсақ, онда бізді бірдеңе иеленіп алып, соған итермеледі деуіміз ықтимал. Сол зат – көлеңке, болмысымыздың тұрпайы бөлігі. Көлеңкенің сонымен қатар оңды тұстары да бар, себебі ол – адамның толық дамуына қажет тосындық, жасампаздық, алғырлық және терең эмоциялардың көзі.

Юнг *өздікті* бәрінен маңызды архетип санаған. Бейсанадағы барлық аспектілерді біріктіре және үйлестіре отырып, өздік адамды тұтастықпен және тұрақтылықпен қамтамасыз етеді. Юнг оны тоқмейілсуге талпыныспен салыстырады. Ол тоқмейілсу деп гармонияны, толықтықты және өз мүмкіндіктерінің толық дамуын түсінеді. Алайда ол тоқмейілсуге қол жеткізу, өзі тұлға дамуындағы маңызды жылдар деп ойлаған, орта жасқа (30–40) жетпейінше мүмкін емес деп санайды. Бұл – тұлғаға қажет және маңызды өзгерістерді бастан кешіретін табиғи өтпелі кезең. Біз бұл жерден Юнг теориясындағы тағы бір өмірбаяндық элементті көреміз: оның орта жасы – өз жүйке күйзелісін еңсергеннен кейінгі ішкі толысуға жеткен кезі. Біз, атап өткендей, Юнг үшін тұлға дамуындағы маңызды кезең –

балалық шақ емес (Фрейдтің өмірі мен жүйесіндегі секілді), өз басында өзгеріс кезеңі болған 30–40 жас.

Интроверсия және экстраверсия

Юнгтің интроверсия және экстраверсия концептілері кең танымал. Экстраверт либидосын (қуатын) өзінен сыртқы оқиғалар мен адамдарға бағыттайды. Мұндай адамдар қоршаған ортасындағы күштерден қатты әсерленеді және басқалармен ашық араласады, әртүрлі жағдайларда өзіне сенімді болады. Интроверттің либидосы, керісінше, ішке бағытталған. Мұндай адам ойшыл, тұйық және сыртқы әсерлерге төзімді келеді. Интроверт экстраверпен салыстырғанда, басқа адамдарға және жағдайларға тап болғанда өзіне азырақ сенімді болуы ықтимал.

Бұл карама-қайшы ұстанымдар белгілі бір деңгейде әр адамда болады, алайда бір ұстаным екіншісінен басымрақ келеді. Ешкім де толық экстраверт не интроверт бола алмайды. Доминант ұстаным белгілі бір уақытта жағдаймен анықталады. Интроверт адамдар өзіне қолайлы жағдайда көбінесе ашық және көпшіл болып кетеді.

Психологиялық типтер: функциялар мен ұстанымдар

Юнгтің теориясында мінез-құлық айырмашылықтар тек интроверсиялық немесе экстраверсиялық ұстанымдар арқылы ғана емес, сонымен қатар төрт функция арқылы да көрінеді, олар: ойлау, сезіну, сезу және интуиция. Бұл қызметтер өзімізді объективті сыртқы әлемге немесе субъективті ішкі әлемге бағыттаудың жолдары.

- *Ойлау – мағына мен түсінуді қамтамасыз ететін концептілік процесс.*
- *Сезіну – бағалаудың және таразылаудың субъективті процесі.*
- *Сезу – физикалық нысандарды саналы қабылдау.*
- *Интуиция – бейсана түрдегі қабылдау.*

Юнг ойлау мен сезінуді жауап қайтарудың рационалды тәсілдері деп анықтады, себебі олар ақыл мен пайымның когнитивті процестерін қамтиды. Сезу және интуиция бейрационалды деп қарастырылады, себебі олар ойлауды пайдаланумен байланысты емес. Қызметтердің әр жұбы шеңберінде белгілі бір уақытта біреуі ғана басым болады. Доминант қызметтер, экстраверт ойлаушы немесе интроверт интуитивті секілді, сегіз психологиялық тип құру үшін экстраверсия немесе интроверсия доминанты ұстанымдарымен бірігеді.

Түсініктеме

Юнгтің ойлары дін, тарих, сурет өнері және әдебиет секілді әртүрлі салаларға әсер етті. Тарихшылар, теологтер және жазушылар оны шабыт көзі ретінде мойындаған. Алайда ғылыми психология, жалпы алғанда, оның аналитикалық психологиясының көп тұсын қабылдамады. Көптеген кітабы 1960 жылға дейін ағылшын тіліне аударылған жоқ. Жазу стилінің күрделілігі мен жүйесіздігі оның еңбектерін толық түсінуге кедергі болды.

Юнгтің дәстүрлі ғылыми әдістерді жақтырмауы көптеген эксперименттік психологтерді одан кері қайтарды. Олар Юнгтің мистикалық, діни негізделген теорияларын Фрейдтікінен де тартымсыз көрді. Сонымен қатар Фрейд жүйесінің эмпирикалық мақұлданыуына айтқан сынымыз Юнг еңбектеріне де қатысты. Юнг те бақыланатын зертханалық эксперименттерге қарағанда, клиникалық бақылау мен интерпретацияға жүгінетін болған.

Десек те, Юнгтің кейбір еңбектері психологияға ұзақ уақыттан бері үздіксіз ықпал етіп келеді. Мысалы, Юнг 1900 жылдары ойлап тапқан сөздік ассоциация-

лар тесті – қазір психологиядағы зертханалық және клиникалық стандарт құрал. Юнгтің тест нұсқасы, оның ойынша, эмоция тудыруы мүмкін деген 100 стимул сөзден тұрады. Ол әр сөзге жауап беру үшін науқас жұмсайтын уақытты, сонымен қатар стимул сөздердің эмоциялы қарқынын анықтайтын адамның психологиялық реакциясын өлшейтін еді.

Юнгтің сегіз психологиялық типі біраз зерттеулерге түрткі болды. Олардың ішінен ерекшелері – Майерс-Бриггс тип индикаторы, ол психологиялық типтерді өлшеу үшін құрылған мінез-құлық тесті. 1920 жылдары Кэтрин Бриггс және Изабель Бриггс Майерс жасаған бұл тест зерттеулерде және қолданбалы мақсаттарда, әсіресе жұмысшыларды жұмысқа алуда және психологиялық кеңес беруде кеңінен пайдаланылады. Интроверсия-экстраверсия концептісі ағылшын психологі Ганс Айзенктің «Тұлғаның Модели мінездемесін» дамытуға шабыттандырды. Бұл – осы екі мінездемені өлшеуге арналған тест. Бұл тесті пайдаланатын эмпирикалық зерттеулер Юнгтің ұғымдардың тым болмағанда кейбірі эксперименттік тестілеуге келетінін көрсетті. Бүгінгі психологияда Юнгтің интроверсия және экстраверсия ұғымдары кеңінен қабылданған.

Фрейдтің еңбектері секілді, Юнг теорияларының кеңірек аспектілері (кешендер, архетиптер және ұжымдық бейсана) ғылыми негіздеу талпыныстарына қарсы тұрады. Токмейілсу ұғымы Абрахам Маслоудың және гуманист психологтердің еңбектерінің алдын болжады. Орта жас күйзелісі ұғымын Маслоу және басқалары іліп алып, көпшілікпен тұлға дамуындағы маңызды кезең деп қабылдады. Оның жарамдылығы көптеген зерттеулермен дәлелденген.

Юнг анализіне шартты үйрену Еуропаның және АҚШ-тың бірнеше қалаларында қолжетімді, олардың қатарында Нью-Йорк, Сан-Франциско және Лос-Анджелес бар. 1946 жылы құрылған Аналитикалық психология қоғамы Юнгтің «Аналитикалық психология журналын» (*Journal of Analytical Psychology*) басып шығарады.

Әлеуметтік психология теориялары: «уақыт рухының» қайта шабуылдауы

Фрейдке XIX ғасыр ғылымының механистік және позитивистік көзқарастары ықпал еткенін айтқан болатынбыз. Ғасырдың соңына қарай жаңа пәндер адам болмысына басқаша қараудың жолдарын ұсынды, бұл жолдар биология мен физиканың ауқымынан тыс болатын. Антропология, социология және әлеуметтік психология бойынша зерттеулерде «адамдар – әлеуметтік күштер мен институттардың өнімі» деген тұжырымды қолдады, сол себепті ол биологиялық тұрғыға қарағанда қатан түрде әлеуметтік тұрғыдан зерттелуі керек.

Әр түрлі мәдениеттерді антропологиялық тұрғыдан зерттеулер көбейген сайын Фрейд сипаттаған кейбір невротикалық симптомдар мен табулар, ол ұсынғандай, барлық ұлттарға емес, кейбіреулеріне ғана тән екені анық болды. Мысалы, инцестке тыйым салу барлық мәдениеттерде жоқ. Сонымен қатар социологтер мен әлеуметтік психологтер адамның құлықтық негізінің көпшілігі биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттерден гөрі, оның өмірінің әлеуметтік жағдайына байланысты екенін білді.

Сол себепті уақыт рухы адам болмысы концептісін қайта қарастыруға шақырды, алайда Фрейд сонынан ерушілердің кейбірінің қорқынышына орай, тұлғаның биологиялық детерминанттығын ұстанудан қайтпады. Дәстүрмен азырақ шектелген жас психоаналитиктер Фрейдтің теориясын сол кездегі әлеуметтік ғылым идеяларына сәйкес өзгерту мақсатында ортодоксты психоанализден бөлініп кетті. Олардың «биологиялық инстинкттерге қарағанда, тұлғаға қоршаған орта көбірек әсер етеді» деген көзқарасы америкалық ой мен мәдениетке сай

келетін және Фрейдтің детерминистік көзқарасына карағанда оптимистік сценарий ұсынатын.

Енді «адамның мінез-құлқы биологиялық күштерден емес, балалық шағынан бастап тап болатын тұлғааралық қатынастардан қалыптасады» деген ойды ұстанатын екі оппозиционер – Альфред Адлер мен Карен Хорниді қарастырамыз.



АЛЬФРЕД АДЛЕР

<https://en.wikipedia.org>

Альфред Адлер (1870–1937)

1911 жылы Фрейдтен бөлініп кеткендіктен, Адлер әдетте психоанализдің орнына элеуметтік психологиялық әдістемені қолдаған алғашқы адам саналады. Оның тұжырымдамасында элеуметтік мүдде басты рөл ойнайды. Оның құрметіне бір ішекті квартет «Адлер» аталған.

Адлердің жастық шағы

Адлер Австрияда, Венадың маңында, бақуатты отбасында туған. Оның балалық шағы өзінің ауруы, ағасының қызғаншақтығы және анасының оған деген салқындығымен есте қалған. Ол өзін әлсіз және ұсқынсыз сезінетін. Адлер анасынан гөрі әкесіне жақын еді. Анасы табиғатынан салқын болатын, ол Альфредтен гөрі тұнғышын жақсы көрді. Альфред інісі қайтыс болғанда, анасының көп қайғырмай, аз уақыттан соң-ақ күлімдеп жүргенін түсінбей өтті. Ондай ананы қалай жақсы көрсін?

Ол кейінірек Фрейдтің Эдип комплексі анықтамасын жоққа шығарды. Бәлкім, бұл, Юнг секілді, оның да балалық шақта басынан өткенге сәйкес келмеуінен болар. Жас Адлер өз қатарластары арасында танымалдыққа ие болу үшін білек сыбана кірісіп, ақыры, өз үйінде көрмеген құрмет пен өзін-өзі қадірлеуге қол жеткізді.

Алғашында Адлердің нашар оқығаны соншалық – мұғалімі әкесіне баласының шамасы келетін жалғыз жұмыс – етікшіге көмекші болу екенін айтқан. Адлер табандылығы мен қайсарлығының арқасында сыныптағы озаттар қатарына қосылды. Ол білімді, қоғамдық кемшіліктері мен осал тұстарын еңсеруге тырысып, кейін кемшіліктердің орнын толтыру жөніндегі өз теориясының алғашқы мысалы болды. Теорияның ортасындағы өзін-өзі кем сезіну – оның балалық шағының тікелей көрінісі, Адлердің өзі мойындаған айыбы. «Менің өмірлік еңбегіммен таныс адамдар балалық шағымдағы деректер мен білдіріп жүрген көзқарастарымның арасында келісім бар екенін анық байқай алады», – деп жазды ол (Bottome, 1939, p. 9).

Адлердің еске алуынша, ол төрт жасында, пневмонияның ауыр түрінен айыққаннан кейін, дәрігер болуды ұйғарған. Осы мақсатты ұстанып, 1895 жылы Вена университетінің медицина факультетін бітіріп шықты. Офтальмологияға маманданып, жалпы медицинамен шұғылданған. Адлер 1902 жылы психиатрияға қызыға бастайды. Осы кезде Зигмунд Фрейдтің психоанализ бойынша апта сайынғы талқылау тобына қосылады. Фрейдпен тығыз жұмыс істегеніне карамастан, олар жеке араласқан жоқ (Фрейд бірде Адлер өзін жалықтырғаны туралы айтқаны бар).

Адлер келесі бірнеше жылдар бойы Фрейдтікінен біршама өзгеше (әсіресе Фрейдтің секстік факторларға ден қоюына қатысты) тұлға теориясын қалыптастырды. 1910 жылы Фрейд, ұлғайып бара жатқан алшақтықты азайтамын деген үмітпен, Адлерді Вена Психоаналитика қауымдастығының президенті етіп тағайындады, алайда 1911 жылы бәрібір қарым-қатынастары толық үзілді. Олардың айырылысуы ауыр болды. Адлер Фрейдті алаяқ деп сипаттап, оның психоанализін «қоқыс» деп атады. Фрейд те есесін жібермей, өз кезегінде, Адлерді «есерсоқ», «атақ қуып жынданған», сонымен қатар «параноик, қызғаншақ, садист және ақылы қысқа» деп атады (Gay, 1988, p. 223).

Индивидуалды психология:

Адлердің биологиялық факторларды әлеуметтік факторлармен қатар қарастыратын жеке тұлға теориясы.

АҚШ-та танымал тұлғаға айналуы

Адлер Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде (1914–1918) Австрия әскерінде психолог болып қызмет етті. Ол кейінірек Вена мектептер жүйесі үшін балаларға кеңес беретін клиникалар ұйымдастырды. 1920 жылдары өзі индивидуалды психология деп атаған, әлеуметтік психологиялық жүйе көптеген адамдарды қызықтырды. Ол АҚШ-қа дәріс оқуға жиі барып, Нью-Йорктің Лонг-Айленд медицина колледжінде медициналық психологияның профессоры болып тағайындалды.

Оның сөздері мен еңбектері Америкада кеңінен танылды. Өмірбаяншы Адлердің жеке қасиеттері, «аса өршіл әрекеттерімен бірге, оның жақындығы, оптимизмі және жылуды адамдардың оны атақты адам деңгейіне шығаруын және адам болмысының сарапшысы етіп қабылдануын оңайлатқанын» айтады (Hoffman, 1994, p. 160). Адлер Шотландияның Абердин қаласында дәріс беру кезінде көз жұмды.

Фрейд Адлердің қазасына байланысты қайғырып хат жазған досына, Адлердің өз көзқарасынан алшақтап кеткеніне өкініш білдіре отырып, былай деп жауап жазады:

«Мен сенің Адлер үшін қайғырып отырғаныңды түсінбеймін. Венаның маңайынан шыққан еврей баласы үшін Абердинде ажал құшудың өзі үлкен мансап және оның қаншалықты алыс кеткенінің дәлелі. Әлем оны психоанализге қарсы көрсеткен қызметі үшін онсыз да жақсы марапаттады» (Scarf, 1971, p. 47).

Индивидуалды психология

Адлер адам мінез-құлқы, негізінен, биологиялық инстинкттермен емес, әлеуметтік күштермен анықталады дегенге сенді. Ол әлеуметтік мүдде концептісін енгізді. Бұл концептісіне жеке-дара және қоғамдық мақсаттарға жетуде басқа адамдармен ықпалдасатынын ішкі әлеует деп анықтама берді. Әлеуметтік мүдделеріміз сәби кезден бастан өткендерден үйрену арқылы дамиды. Фрейдке қарсы шығып, Адлер адам тұлғасын қалыптастырудағы секстің ықпалын төмендетті. Сонымен қатар Ол бейсана құлық детерминанттарына емес, саналыларына көңіл бөлді.

Фрейд қазіргі құлықты өткен тәжірибелермен байланыстыратын болса, Адлер бізге болашаққа деген жоспарымыз көбірек әсер етеді деп санаған. Мақсатқа жетуді аңсау және алдағы оқиғаларды күту қазіргі мінез-құлқымызға әсер ете алады. Мысалы, өлімнен кейінгі мәңгілік қарғысқа сенетін адамның сенімі одан өзгеше адамға басқаша мінез-құлық көрсетуі әбден ықтимал. Фрейд тұлғаны жеке бөліктерге бөлсе (ид, эго және суперэго), Адлер тұлғаның тұтастығы мен бірізділігін атап өткен. Ол тұлғаның ресурстарын басты мақсатқа бағыттайтын ішкі, динамикалық күштерді негізге алды. Бұл мақсат – барлығымыз үшін басымдық (кемелдік сезімі) және өздіктің толық дамуы мен толығы.

Адлер мен Фрейдтің арасындағы тағы бір маңызды айырмашылық – олардың әйелге деген көзқарастары. Адлер Фрейдтің еркектің жыныс мүшесін қызғану концептісі туралы «әйелдер сезінуі мүмкін аталмыш кемшілік сезіміне ешқандай биологиялық себеп жоқ» деп сендірген. Адлер бұл ер адамдардың өздерінің ықтимал басымдық сезімін күшейту үшін ойлап тапқан дақпырты дегенді айтты. Әйелдер сезінуі мүмкін қандай да кемшілік сезімі, секстік рөлдер жөніндегі стереотиптер секілді, әлеуметтік күштердің нәтижесінде болады. Адлер жыныстар арасындағы теңдікке сеніп, сол кездегі әйелдер еркіндігі қозғалысын қолдаған.

Өзін-өзі кем сезіну

Адлер өз өміріндегі өзін-өзі кем сезіну сезімін ынталандырушы күш деп пайымдады. Бастапқыда Адлер өзін-өзі кем сезіну сезімін дене кемістіктерімен байланыстырған. Туа біткен әлсіздігі бар бала кемістіктерінің орнын толтыруға,

Әлеуметтік мүдде: Адлердің қоғамдық мақсаттарға жету үшін басқа адамдармен ықпалдасатынын ішкі әлеует деген концептісі.

Өзін-өзі кем сезіну: адамның өз-өзіне көңілі толмау әрекетін қолға алуға дәрменсіздік танытуы.

оған қатты көңіл бөлуге тырысады. Тұтығып сөйлейтін бала жақсы тілдік емнің арқасында мықты шешен болып кетуі мүмкін, аяқ-қолы әлсіз бала қарқынды жаттығулардың нәтижесінде спортшы немесе бишіден де асып түсуі мүмкін. Адлер кейінірек бұл концептіні кеңейтіп, оның қатарына шынайы не ойдан шығарылған кез келген физикалық, менталды немесе әлеуметтік кемшіліктерді қосты.

Сәби кездегі баланың дәрменсіздігі және басқа адамдарға тәуелділігі осы кемшілік сезімін оятады. Сол себепті бұл – барлық адам бастан кешетін сезім. Оны жеңу керектігін саналы түрде түсіне отырып, бала өзін жақсарту керек деген талпынысты жетекшілікке алады. Осы өзін-өзі итермелеу және тарту процесі бізді ұлы жетістіктерге жетелей отырып, өмір бойы жалғасады.

Өзін-өзі кем сезіну сезімдері тұлғаның және қоғамның дамуы үшін қызмет етеді, себебі олар үздіксіз жетілдіруге алып барады. Ата-анасы баласының бұл сезіміне тым еркелетумен немесе тым қаталдықпен қараса, балада нормадан тыс компенсаторлық құлық қалыптасады. Өзін-өзі кем сезінудің орнын толтырудағы сәтсіздік өзін кем сезіну комплексін дамытуы мүмкін, бұл адамды өмірлік қиындықтарға төтеп беруге дәрменсіз етеді.

Өмір салты

Адлердің айтуынша, артықшылыққа немесе кемелдікке деген талпыныс барлығына тән, алайда біздің әрқайсысымыз бұл мақсатқа жету барысында әртүрлі құлық көрсетеміз. Талпынысымызды ерекше және өзімізге ғана тән жауап түрінде көрсетеміз және осылайша өмір салтын қалыптастырамыз. Осы өмір салты біз шынайы немесе ойдан құрастырған кемшіліктердің орнын толтыратын құлықтардан тұрады. Дене бітімі әлсіз баланың мысалында оның өмір салты төзімділік пен күш-жігерін арттыратын жаттығулар мен спорттан тұруы мүмкін.

Өмір салты төрт немесе бес жаста қалыптасып, кейін өзгеруі қиынға соғады. Ол өмірдегі барлық кейінгі тәжірибелер шешімін табатын шеңберді қамтамасыз етеді. Бұл жерде Адлердің өмірдің ерте кезеңдерінің маңызын мойындайтынын қайтадан көріп отырмыз, алайда ол «біз өзіміз үшін өмір салтын саналы түрде қалыптастыра аламыз» деген тұста Фрейдтен ерекшеленеді.

Өздік сезімнің шығармашылық әлеуеті

Адлер өздік сезімнің шығармашылық күдіреті тұжырымдамасында «әркім өз тұлғасын өз өмір салтына сәйкес қалыптастыра алуы мүмкін» деді. Бұл белсенді, шығармашыл адам күші теологиялық адам рухы ұғымымен сай келуі мүмкін. Белгілі бір қабілеттер мен тәжірибелер бізге өткеннен мұра немесе қоршаған ортадан келеді, алайда белсенділікті пайдалану және осы тәжірибелерді ұғыну жолы әркімнің жеке мінез ерекшеліктерін, өмірге деген көзқарасының негізін құрайды. Адлердің айтқысы келгені: әркім өз болмысын және тағдырын қалыптастыруға саналы түрде әрекет етеді. Тағдырды өткен тәжірибелер мен бейсана күштер емес, әркім өзі анықтай алады.

Баланың дүниеге келу теориясы

Өз ата-анасының балалық шағын зерттей отырып, Адлер адам тұлғасы (жеке мінез ерекшеліктері) мен дүниеге келуі арасындағы байланысқа қызығушылық таныта бастады. Ол тұңғыш, ортаншы және кенже балалардың отбасындағы орнына сәйкес әртүрлі әлеуметтік тәжірибелері болуы мүмкін екенін және бұл өмірге деген көзқарастың, қиындықтарды еңсеру жолдарының әртүрлі болуына әкеп соқтыруы мүмкін екенін байқаған.

Тұңғыш бала екінші бала туғанша шексіз илтипатқа ие болады. Екінші бала дүниеге келгенде назардың бәрі соған ауып, тұңғыш бала сенімділігін жоғалтады, онда қызғаныш сезім пайда болады. Ол өктемдік көрсетіп, консервативтік танытып, өзінше тәртіп орнатуға құлшынуы мүмкін. Адлердің пайымдауынша, қыл-

мыскерлер, жүйке ауруына шалдыққандар және сексуалды тұрғыда бұзылғандар көбінесе тұңғыш балалар болатынын айтқан. Ол Фрейдті де әдеттегі тұңғыш бала болған деп таныған.

Адлер екінші баланы атакқұмар, тынымсыз және қызғаншак, әрдайым бірінші баладан асып түсуге тырысып жүреді деп сипаттады. Адлердің өзі де екінші бала болған және ағасымен өмір бойы тайталасып өткен. оның да есімі Зигмунд еді. Тіпті еңбегі үшін халықаралық деңгейдегі беделге ие болғаннан кейін де. Адлер өзін бакуатты кәсіпкер болған ағасының көленжесінде қалғандай сезінген екен. Ол Зигмундті: «Жақсы, еңбекқор адам және әрдайым менің алдымда болды. және *әлі де менің алдымда*». – деп еске алады (Hoffman, 1994, p. 11).

Қалай болғанда да, Адлер екінші баланы тұңғыш не кенже балаға қарағанда өмірге бейімдірек келеді деп санаған. Оның айтуынша, отбасындағы кенже бала көбіне ерке, оның бала кезде де, ересек болғанда да тәртібі нашар болуы ықтимал. Сонымен бірге отбасындағы жалғыз бала отбасынан сырт, ілтипаттан тыс әлемге бейімделуде қиындыққа тап болуы мүмкін.

Адлердің көзқарасы тудырған пікірталас

Фрейдтің «адам болмысында секстік күштер басым, ең маңызды жағдайлар бала кезде болады» деген теориясына қанағаттанбаған ғалымдар Адлердің тұжырымдамасын жылы қабылдады. Әрине, біз өзіміздің дамуымызды саналы түрде бағыптай аламыз және, генетикалық шектеулерге немесе бала кездегі оқиғаларға қарамастан, өзіміздің жақсы жағымызға ұмтыла аламыз деген ой әлдеқайда жағымдырақ және үміт күттіреді. Адлер адам болмысына деген әлдеқайда оптимистік және көпшілікті қанағаттандыратын көзқарас ұсынды.

Алайда индивидуалды психологияға айтылған сын аз болмады. Көптеген психологтер Адлердің теорияларының үстіртін және күнделікті өмірдегі қарапайым бақылауларға негізделгенін айтса, басқалары оның идеяларын көреген және терең санады. Фрейд Адлердің жүйесі тым қарапайымдығын айтты. Күрделі болғандықтан, психоанализді үйрену үшін екі жыл керек болуы мүмкін, алайда Адлерді меңгеріп алу үшін бірнеше апта да жеткілікті, себебі «Адлерден үйренетінінің шамалы» (Freud, quoted in Sterba, 1982, p. 156). Адлердің айтуынша, оның құндылығы да сонда. Ол өз жүйесі түсінуге жеңіл болуы үшін бақандай 40 жыл уақытын жұмсады.

Эксперименттік психологтердің Фрейд пен Юнгтің еңбектеріне такқан кемшіліктері Адлерге де қатысты. Оның науқастарға жасаған бақылаулары қайталауға немесе тексеруге келмейді, олар жүйеленбеген және бақыланбайды. Ол науқастар сөзінің нақтылығына көз жеткізуге талпынбаған және мәліметтерінде қалай талдау жасап, қандай қорытындыға келгенін, оның тәртібін түсіндірмеген.

Зерттеу жұмыстарының көмегі

Адлердің теорияларының көпшілігі ғылыми тұрғыдан бағалауға келмегенімен, оның дүниеге келу ұғымы көптеген зерттеулердің пәніне айналды. Зерттеулер тұңғыш сәбилердің өте ақылды және жетістікке құмар болатынын, екінші бала дүниеге келгенде ызақорлыққа бейім тұратынын көрсетті. Тұңғыштар көп жағдайда кейінгі балаларға қарағанда оқуды толық бітіріп, абыройлы қызметтер атқаруы және мансаптарында жетістікке көбірек жетуі ықтимал (Herrera, Zajonc, Weiczorkowska, & Cichomski, 2003; Kristensen & Bjerkedal, 2007). Бұл нәтижелер Адлердің көзқарасын қолдайды.

Жалпы алғанда, зерттеулер Адлердің екінші балалар өз бауырларына қарағанда бәсекеге көбірек қабілетті және өршіл келеді деген тұжырымын растамайды. Алайда соңғы қызықты зерттеулер бұған күмән тудыруда. Негізгі бейсбол лигасында ойнайтын 700 ағалы-ініліні талдаған бір зерттеу кіші бауырлардың ағаларына қарағанда базаны 10 есе көп бұзатындарын (бейсбол термині) және доп

беруде жетістіктері басым келетінін анықтаған. Осы және басқа да зерттеулер кіші ағайындардың скайдайвинг секілді қауіпті әрекеттерге көбірек бейім екенін көрсетеді (Sulloway & Zweigenhaft, 2010).

Зерттеулер Адлердің «отбасындағы жалғыз бала көбіне эгоист болады және шынайы өмірге қиын бейімделеді» дегенін растамайды. Кейбір зерттеулер отбасындағы жалғыз баланың биік жетістікке жетуге бейім, ақылды, бастамашыл, еңбекқор және өзін-өзі бағалай алатынын көрсетеді (Falbo & Polit, 1986; Mellor, 1990).

Түсініктеме

Адлер Фрейдтен кейінгі психоанализге айтарлықтай әсер етті (Olt, 2009). Бейсана процестерге қарағанда саналы, рационалды процестерге көңіл бөлетін эго психологтер Адлердің еңбектеріне сүйенеді. Адлердің тұлғаның әлеуметтік күштерге ден қойған еңбектері Карен Хорнидің зерттеулерінде қарастырылады. Біреудің өмір салтын қалыптастырудағы шығармашыл күш Абрахам Маслоуға ықпалын тигізді. Ол: «Альфред Адлер жылдан-жылға дұрысталып келе жатыр. Деректер көбейген сайын оның адамдық имиджін жақсартуда», – деп жазады (Maslow, 1970, p. 13).

Адлердің әлеуметтік айырмашылықтарға назар аударуы әлеуметтік ғылым теоретигі Джулиан Роттердің еңбектерінен байқалады, ол Адлер қайтыс болғаннан кейін, шамамен 50 жыл өткенде, «Адлердің адам болмысына соншалық терең ене алғанына әлі таңғалатынын» жазды (Rotter, 1982, pp. 1–2). Әлеуметтік және когнитивті айырмашылықтарды тануда Адлер өз заманынан алда болуы мүмкін, ол идеялар сол кездердегі психологияға қарағанда қазіргі күнгі психологияға көбірек сай келеді.

Адлердің идеялары кенінен таралғанымен, қоғамдағы танымалдық деңгейі өзі қайтыс болғаннан кейін төмендеп кетті және ғылымға қосқан үлесі үшін салыстырмалы түрде төменірек құрметке ие болды. Оның теориясынан көптеген концептілер алынса да, өзіне лайықты құрмет көрсетілмеді. Мысалы, *Times*-тағы (Лондон) Зигмунд Фрейдке арналған некрологте *өзін-өзі кем сезіну комплексі* терминін ойлап тапқан Фрейд делінген. Карл Юнг көз жұмған кезде *New York Times* терминнің авторы деп Юнгті атаған. Адлердің аты еш жерде аталмаған.

Адлершілердің айтуынша, индивидуалды психология – психологтер, психиатрлар, әлеуметтік қызметкерлер және білім қызметкерлері арасында әлі де ықпалды. «Индивидуалды психология: Адлер теориясының журналы, зерттеулер мен тәжірибелер» (*Individual Psychology: The Journal of Adlerian Theory, Research and Practice*) тоқсан сайын АҚШ-та жарияланып тұрады және басқа да Адлерлік журналдар Германияда, Италияда және Францияда басып шығарылады. Қазір Адлердің оқыту мекемелері Нью-Йоркте, Сан-Францискода және Чикагода, Канада мен Еуропаның кей бөлігінде жұмыс істеуде.

Карен Хорни (1885–1952)

Алғашқы феминистердің бірі – Карен Хорни Фрейдтің психоанализін Берлинде оқып, меңгерген. Ол өзін Фрейдтің идеясын жалғастырушымын деп есептеген.

Хорни және оның әкесі

Хорни Германияның Гамбург қаласында туған. Оның әкесі кеме капитаны болған. Ол ажарлы да ақжарқын анасынан көп жас үлкен, діндар, тұйық та сұсты кісі еді. Бірде анасы күйеуінің өліп қалғанын қалайтынын, өзінің оған кәрі қыз атанғысы келмегендіктен тұрмысқа шыққанын айтыпты.

Анасы Каренге қарағанда, оның ағасын көбірек жақсы көрген. Карен ағасына ұл болып туғаны үшін қызығатын. Әкесі Кареннің түрі мен ақылын үнемі кемсі-



КАРЕН ХОРНИ

<https://en.wikipedia.org>

тіп, кекетіп жүрген. Сондықтан ол өзін кемтар, қажетсіз сезініп, көңілінде өшпенділік сезімі оянған (Sayers, 1991). Карен 16 жасында күнделігіне: «Неліктен маған әлемдегі барлық сұлу нәрсе беріліп, тек ең биік нәрсе – махаббат қана берілмеген! Менің жүрегім махаббатқа өте ынтызар», – деп жазады (Horney, 1980, p. 30).

Ата-ана махаббатының жетіспеуі Хорни кейінірек «негізгі үрей» деп атаған қорқыныштың дамуына алып келді. Бұл – теоретиктің көзқарасына оның жеке тәжірибесі ықпалының тағы бір мысалы. Өмірбаяншы: «Карен Хорни барлық еңбектерінде өзін түсінуге және өз қиындықтарын жеңілдетуге барынша тырысты», – деп жазады (Paris, 1994, p. xxii).

Хорни жасөспірім кезінде үйінде жетіспеген махаббат пен түсіністікті іздеп, аса эмоциялы қызығушылық дамыта бастады. Ол «аса пәк қыздар үшін пәк орган» деп аталатын ақпараттық бюллетень шығарып, жезөкшелермен бірге көшеге шықты. Күнделігіне «қиялымда менің денемде ыстық ерін сүймеген жер, қиялымда мен дәмін татпаған азғындық қалмады» деп жазады (Horney, 1980, p. 64).

Тұрмысқа шығуы, күйзелісі және жыныстық қатынасы

Хорни әкесінің қарсылығын елемей, Берлин университетінің медицина факультетіне түсіп, оны 1913 жылы бітіріп шықты. Ол тұрмыс құрып, үш қызды (кейінірек олардың екеуіне Мелани Кляйн аналарымен түсініспеушілікті шешіп беру үшін психоанализ жасайды) дүниеге әкелгеннен кейін күйзеліске шалдыға бастайды. Ол ұзақ бақытсыздық және жабырқаулық кезеңін, сонымен қатар тұрмыстағы қиыншылықтарын сипаттайды. Ол жылауықтыққа, іш ауруларына, созылмалы шаршауға, компульсивті құлыққа, жұмысқа дәрменсіздікке және өзіне қол жұмсау туралы ойларына шағымданды.

Ол жеңіл жүрістерінен кейін күйеуімен ажырасып, өмір бойы жүрегінің қалауын іздеумен болды. Оның ең ұзақ, 20 жылға созылған махаббаты – психоаналитик Эрих Фромм еді. Ол Хорниден 15 жас кіші болды. Қарым-қатынастары аяқталған кезде Хорни қатты құлазыды. Ол өз күйзелістері мен сексуалды қиындықтарын жеңу мақсатында психоаналитикке көрінуді ұйғарды. Фрейдтік бағыттағы психоаналитик «оның махаббат іздеуі және жігерлі еркектерге қызығушылығы бала кездегі күшті де әміршіл әкесіне деген Эдип ынтызарлығының көрінісі» деді (Sayers, 1991).

Фрейдтің психоанализі көмектеспегенін түсінген кезде, Хорни өзіне-өзі психоанализ жасауға көшті және мұны өмірінің соңына дейін жалғастырды. Адлердің «дене бітіміндегі кемшіліктер өзін-өзі кем сезінуді тудырады» деген тұжырымы тұрғысында, ол «өзінің секстік әрекеттері мен медицинаны зерттеуі – әйелдің емес, еркектің әрекетіне көбірек ұқсайды» деген топтамға келді. Бұл оған өзін басым сезінуге көмектесті, алайда ол махаббат іздеуін тоқтатқан жоқ. Ол жасы ұлғайған сайын жас жігіттерге көңіл аудара бастады, олардың көпшілігі өзінің қарауындағы психоаналитиктер еді. Ал оларға деген көзқарасы үстіртін және салқын болатын. Өз досына осы жас жігіттердің бірі туралы әңгімелеп отырып, өзінің не соған тұрмысқа шығарын, не коккер-спаниель асырап аларын білмей отырғанын айтқан. Ақырында, ит асырап алған (Paris, 1994).

Хорни 1914–1918 жылдар аралығында Берлин Психоаналитика институтында ортодоксты психоанализді оқиды. Кейінірек сол жерде оқытушы болып, жеке практикасын бастады. Ол Фрейдтің белгілі бір концептілерімен келіспейтінін білдірді және әйел мінез-құлқы мәселелері жөнінде ғылыми мақалалар жазды. 1932 жылы Чикаго Психоанализ институты директорының орынбасарлығына тағайындалып, АҚШ-қа кетті. Сонымен қатар Нью-Йорк Психоанализ институтында сабақ беріп, науқастарды қарауын жалғастырды. Фрейд теориясына қарсылығының артуына байланысты сол топтан шығып кетті. Хорни Америка Психоанализ институтының негізін қалады және оны өмірінің соңына дейін басқарды.

Фрейдпен келіспеушіліктері

Хорни «адам тұрақты биологиялық күштерге тәуелді» деген Фрейдтің көзқарасымен келіспеді. Ол секстік факторлардың басымдығын мойындамады, Эдип теориясының жарамдылығына күмәнмен қарады және либидо мен тұлғаның үш бөлікті құрылым ұғымдарын қабылдамады. Алайда бейсана мотивацияны және эмоциялы, рационалды емес мотивтердің бар екенін мойындады.

Фрейдтің «әйелдер еркектердің аталық жыныс мүшесін қызғанады, әйелдің іс-әрекетін сол қызғаныш ынталандырады» деген ұстанымына қарсы болып, еркектерді әйелдердің аналық мүшесін қызғануы ынталандырады, яғни еркектер әйелдердің бала туа алу қабілетін қызғанады деп таласты. Ол осы қызғаныш бейсана түрде әйелдерді кемсітуге немесе олардың ролін төмендетуге бағытталған құлық деп санаған. Еркектер әйелдердің тең құқықтарын мойындамау, олардың мүмкіндіктерін шектеу, жетістікке жету талпыныстарына кедергі болу арқылы өз табиғи басымдықтарын сақтап қалуға тырысады. Хорни үшін мұндай еркектік мінез-құлықтың негізгі себептері – осы қызғаныш нәтижесінде пайда болатын – өзін-өзі кем сезіну. Хорни мен Фрейдтің адам болмысына деген көзқарастары да әртүрлі болған. Хорни былай деп жазады:

«Фрейдтің неврозға және оның еміне деген пессимизмі адамның мейірімділігіне және адамның өсіміне терең сенімсіздігінен туған. Оның пайымы бойынша, адам азап шегу және жою үшін жаралған. Менің жеке сенімім бойынша, адамның өз әлеуетін дамытуға және қадірлі адам баласы болуға мүмкіндігі де, құштарлығы да жетеді. Мен адамдар өзгере алады және өмір бойы шамасы келгенше өзгеруін жалғастырады деп сенемін» (Horney, 1945, p. 19).

Базальды үрей

Базальды үрей: жалғыздық пен дәрменсіздіктің толық, терең сезімі. Хорнидің айтуынша, бұл сезім негізінде невроз жатыр

Хорни жүйесінің басты концептісі – базальды үрей. Ол оны «қаскүнемдігі ықтимал әлемде жалғыз және демеусіз күйде қалған балада болатын сезім» деп анықтаған (Horney, 1945, p. 41). Бұл анықтама оның балалық шағындағы өз сезімдерін сипаттайды. Базальды үрей ата-ананың үстемдік құрып, баланы тежеп-басуы, мейірім мен қамқорлықты аз көрсетуі, тұрақсыз мінез-құлқы секілді әрекеттерінен пайда болады. Бала мен ата-ана арасындағы қауіпсіз қатынасқа кедергі келтіретін кез келген нәрсе базальды үрей тудыруы мүмкін. Яғни бұл күй туа бітпейді, баланың қоршаған ортасындағы әлеуметтік күштер мен қатынастар нәтижесінде пайда болады. Фрейдтің инстинкттерін ынталандырушы күш ретінде қабылдаудың орнына, Хорни дәрменсіз сәби қорқынышты әлемдегі үрейден қауіпсіздік, қорған және бостандық іздеуді басшылыққа алады дегенді ұсынды.

Хорни Фрейдтің «адам тұлғасы ерте жастан қалыптасады» деген ойымен келісті, алайда ол тұлға өмір сүру барысында өзгеруін жалғастыра беретініне кәміл сенді. Фрейд дамудың психосексуалды кезеңдерін егжей-тегжейлі сипаттаған болса, Хорни өсіп келе жатқан балаға ата-анасының және тәрбиелеушілерінің қалай қарым-қатынас жасайтынына көңіл бөлді. Ол баланың жетілу кезеңі секілді әмбебап даму сатыларын мойындамады. Хорни «егер бала сөйлеуге талпынып, ұқыптылық таныта бастаса, мұның бәрі ата-ананың мінез-құлқынан» деген тұжырым жасады. Баланың дамуында еш нәрсе әмбебап емес; барлық нәрсе әлеуметтік, мәдени және қоршаған орта факторларына тәуелді.

Невротикалық қажеттілік

Хорнидің айтуынша, базальды үрей ата-ана мен баланың қарым-қатынасынан туады. Балада әлеуметтік және психологиялық себептерден базальды үрей пайда болғанда, ол дәрменсіздік және қорғансыздық сезімдерін жену үшін ата-ананың мінез-құлқына жауап ретінде мінез-құлықтық стратегияларды дамытады. Осы

стратегиялардың қайсыбірі оның түпкілікті бөлігіне айналса – невротикалық қажеттілік (neurotic needs) деп аталады. Бұл – үрейге қарсы қорғану механизмі.

Бастапқыда Хорни махаббатқа зәрулік, табысты және тәуелсіз болуға құлшыныс сияқты қасиеттерді қоса алғанда, он невротикалық қажеттілікті атаған. Ал кейінгі еңбектерінде невротикалық қажеттіліктерді үш бағытқа біріктірген (Норнеу, 1945):

- *Елілдек, көңіш тұлға – мақұлдауға, құштарлыққа және доминант адамға деген қажеттілігін көрсете отырып, басқа адамдарға қарай жақындауды қажет ететін адам.*
- *Жеке тұлға – тәуелсіздікке, кемелдікке және бөлініп шығуға деген қажеттілігін көрсете отырып, адамдардан алшақтауды қажет ететін адам.*
- *Агрессиялы тұлға – билікке, қанауға, беделге, масаттануға және жетістікке деген қажеттіліктерін көрсете отырып, адамдарға қарсы жүруді қажет ететін адам.*

Адамдарға қарай жақындау өзінің дәрменсіздік сезімін мойындауды және басқалардың ынтықтығын оятуды меңзейді. Бұл – сол адамның басқа адамдармен өзін қауіпсіз сезінетін жалғыз жолы.

Адамдардан алшақтау бөлінуді, өзімен-өзі болуды, өз-өзіне жеткілікті құлық танытуды, тәуелділіктен қашуды талап етеді.

Адамдарға қарсы жүру жаугершілікті, бүліншілікті және агрессианы талап етеді.

Невротикалық қажеттіліктердің немесе бағыттардың ешқайсысы үреймен күресудің реалистік жолы емес. Өйткені олар үйлеспейтін болғандықтан, қақтығыстарға алып келуі мүмкін. Біз базальды үреймен күресу үшін құлықтық стратегияны құра салысымен, бұл модель баламалы мінез-құлықты қамтамасыз ету үшін икемді болудан қалады.

Тиянақталған мінез-құлық белгілі бір жағдаяттарға сай келмейтіндігін көрсеткен кезде, біз жағдаят қажет ететіндей жауап қатуға дәрменсіз боламыз. Бұл әбден қалыптасқан мінез-құлықтар біздің қиындықтарымызды күшейтеді, себебі ол толық тұлғамызға, басқа адамдармен, өзімізбен және жалпы өмірмен қарым-қатынасымызға әсер етеді.

Өзін-өзі идеал деп бағалау

Өзін-өзі идеал деп бағалау «Меннің» бұрмаланған бейнесін көрсетеді. Бұл – жүйкесі тозған адамға өзінің шынайы болмысын қабылдауға немесе түсінуге мүмкіндік бермейтін жалған бетперде. Бетпердені кие отырып, невротик өзінде ішкі қақтығыстар бар екенін мойындамайды. Ол өзінің идеалдандырылған бейнесін ғана көреді, өзін асқан ақыл, дарын иесімін деп есептейді, айналасына менсінбей қарайды.

Хорни мұндай невротикалық қақтығыстар туа біте пайда болады, одан құтылу мүмкін емес деп ойламайды. Олар сәби кездегі жағымсыз жағдаяттардан пайда болғанымен, бала үйінде ата-анасы тарапынан жылулық, түсіністік, қауіпсіздікті сезінсе және мейірімге бөленсе, олардың алдын алуға болады.

Хорни және феминизм

Хорнидің әйел психологиясы саласындағы көзқарастары маңызды. Оның өткен ғасырдағы феминистік позициясы әлі күнге дейін күшінде. Ол әйел психологиясы туралы жұмыстарын 1922 жылы бастады. Хорни – Халықаралық психоаналитикалық конгреске қатысқан алғашқы әйел. Берлинде өткен бұл кездесуге Зигмунд Фрейд төраға болды.

Хорни тұрмысқа шығу, ана болу арқылы өзіне идентификация жасайтын дәстүрлі әйел мен идентификацияны мансап куудан табатын заманауи әйел-

дің айырмашылығын көрсетті. Махаббат пен шығармашылық арасындағы бұл қақтығыс Хорнидің өз өміріне де тән еді. Оның бар назары жұмысына ауды, жұмысынан үлкен қанағат алды, бірақ өмір бойы махаббатын іздеумен өтті. Оның бұл дилеммасы ХХІ ғасыр әйелдері үшін де өзекті.

Түсініктеме

Психологтер мен психиатрлар Фрейдтің пессимистік теориясынан кейінгі Хорнидің невроздың алдын алу мүмкіндігі жөніндегі оптимизмін жақсы қарсы алды. Оның еңбектері тума факторлардың ықпалына аз мән беріп, тұлғаның дамуын әлеуметтік күштер тарапынан түсіндіруімен құнды.

Фрейд, Юнг және Адлер секілді, Хорни де науқастарды клиникалық бақылаудан кейін тұжырым жасаған, сол себепті ғылыми дәлелділік жағынан сұрақтар туындайды. Оның жүйесінде концептілер бойынша зерттеулер аз жүргізілген. Фрейд оның еңбектеріне қатысты тікелей пікір білдірмеген, алайда ол туралы «қабілетті, бірақ тым долы мінезді» дегені бар (Blanton, 1971, p. 65).

Тағы бір жерде Хорнидің еңбектерін жасырын мензей отырып, Фрейд: «Егер еркектің әуретіне деген талпынысын толық қанағаттандыра алмаған психоаналитик-әйел өз науқастары үшін осы фактордың маңыздылығын түсіне алмаса, аса таң қалмаймыз», – деп жазады (1940, p. 65). Фрейдтің өз көзқарастарының дұрыстығын түсінбеуіне Хорни де өкініш білдіргендей сипатталады (Paris, 1994).

Шәкірт тәрбиелей алмаса да, идеяларын тарататын журнал болмаса да, Хорнидің жұмысы айтарлықтай маңызды. Нью-Йорктегі Карен Хорни клиникасы оның көзқарастарына негізделген ем де жасайды, білім де береді.

Тұлға теориясының эволюциясы: гуманистік психология

Адам тұлғасын түсіндірудің жалғыз әдісі болған Фрейд психоанализінің ғұмыры ұзақ болған жоқ. Юнг, әлеуметтік психология теоретиктері және неофрейдтік жақтаушылар Фрейдтің көзі тірісінде бұл салаға айтарлықтай жаңалықтар енгізді. Тұлғаны зерттеу, теориялық зерттеу болсын, ғылыми-зерттеу болсын, саланы қарама-қайшы көзқарастарға бөле отырып, қарқынды дамыды. Қазіргі оқулықтарда бір-бірімен бәсекелес 15–20 теория қарастырылады. Бұл жүйелер ерекше қырларымен де, жалпы ұғымдарымен де ерекшеленетініне қарамастан, олар шығу тегіне келгенде белгілі бір дәрежеде Зигмунд Фрейд негізін қалаған ортақ мұраға ие.

Вундт психология тарихының эксперименттік жағында қызмет еткен болса, Зигмунд Фрейд те дәл сондай мақсаттарға психоаналитика тұрғысынан қызмет етті. Бұл басқалар үшін әрі шабыт көзі, әрі қарсылық көзі болды. Шартты болсын, теориялық болсын, кез келген құрылым іргесінің мықтылығына тәуелді болады. Вундт секілді, Фрейд те әрі қарай дамытуға болатын берік және күрделі негіз қалап кетті. Біз Фрейдтің кезінен бергі тұлға теориясы эволюциясының мысалы ретінде Абрахам Маслоу мен Карл Роджерстің еңбектерін және олардың гуманистік психология қозғалыстарын сипаттаймыз.

1960 жылдардың басында, психологияның ресми негізі қаланғанына 80 жыл толған кезде, Америка психологиясында үшінші күш дами бастады. Кейбір неофрейдистер секілді, гуманистік психология сол кездегі ой мектептерінің қайсысын болмасын қайта қарастыруға немесе бейімдеуге ниеттенген жоқ. Оның орнына гуманистік психологтер психологияның екі негізгі күші болып табылатын бихевиоризм мен психоанализді ығыстырып тастаймыз деп ойлады.

Гуманистік психология адам күші мен позитивті талпыныстарына, саналы тәжірибесіне, еркіне, адам әлеуетін жүзеге асыруға және адам болмысының тұтастығына деген сенімге аса көңіл бөлді. Бұл тақырыптардың бихевиоризм мен психоанализде көтерілетін тақырыптардан өзгеше екенін бірден байқаймыз.

Гуманистік психологияның қалыптасуына алдыңғы буынның әсер етуі

Гуманистік психологияның нышандарын алдыңғы буын психологтерінің еңбектерінен байқауға болады. Вундттың қарсыласы және гештальт-психологияның жаршысы Брентаноны қарастырайық. Брентано психологиядағы механистік, редукционистік және жаратылыстанушылық әдісті сынға алған және молекулалық құрамнан гөрі, сананы негізгі қасиет ретінде зерттеуді таңдаған.

Кюльпе саналы тәжірибелердің барлығы қарапайым формаларға келіп түйісе бермейтінін немесе стимулға жауап беру тұрғысынан түсіндірілмейтінін көрсетті. Джеймс те механистік тәсілдемеге қарсы болып, санаға және тұтас тұлғаға көңіл бөлуге шақырды. Гештальт-психологтер психология санаға «тұтастық» тәсілдемені пайдалануы керек деп сенді. Бихевиоризмнің үстемдігіне қарамастан, гештальт-психологтер «саналы тәжірибе – зерттеудің заңды және жемісті саласы» деуден қайтпады.

Гуманистік көзқарастың тамырларын психоанализден де табуға болады. Адлер, Хорни және басқа да тұлға теоретиктері Фрейдтің «біздің өміріміз бейсана күштермен басқарылады» деген ұғымымен келіспеді. Бұл дәстүрлі психоанализден бөлінушілер біздің өзінділік пен ерікке ие саналы жаратылыс екенімізге, бізге қазіргіміз, болашағымыз және өткеніміз әсер ететініне сенген. Осы теоретиктер тұлғаны өзін қалыптастыра алатын шығармашыл күдірет деп таниды.

Уақыт рухы прецеденттер мен трендтерді біріккен көзқарасқа ұйымдастыруда әрқашан ықпалды болып келген. Гуманистік психология 1960 жылдардағы Батыс мәдениетінің механистік және материалистік аспектілеріне қарсы көтерілген наразылықты көрсетті. Сол кездегі контрмәдениет көбіне колледж студенттері мен оқудан шығып қалғандардан тұратын хиппилерден құралған болатын, олардың кейбірі өздерінің сана мен тәжірибелерін ынталандыру және кеңейту үшін галлюциногенді есірткілерге жүгінетін болған. Олар топ ретінде психологиядағы гуманистік тәсілдемемен үндес идеалдарды ұстанған. Олар: адамның өзін-өзі танытуына көңіл бөлу, адамның шыңдалу қабілетіне сену, қазіргі сәтке және гедонизмге (өзінің ләззат іздеу инстинкттерін қанағаттандыру) ден қою, өзін-өзі ашуға бейімділік (ойын қысылмай жеткізу) және ақыл-ой мен парасатқа қарағанда сезімді көбірек бағалау.

Гуманистік психологияның болмысы

Гуманистік психологтер бихевиоризмнің адам болмысына деген көзқарасы тым тар, жасанды және жұпыны деген. Бихевиоризмнің сыртқы құлыққа баса мән беруі адам образын тереңдік пен мән-мағынадан айырады, дегуманизациялайды және адамды жануарлар мен машиналардың деңгейіне түсіреді деп түсінді. Гуманистік психология «адам детерминизмде, өміріндегі оқиғалар алдын ала анықталған күйде өмір сүреді» деген тұжырыммен келіспеді. Сонымен бірге гуманистік психологтер адам болмысы зертханалық егеуқұйрықтар мен роботтардан күрделі деп, адамды тек бейнелеп, бағамдап-өлшеп, «стимул-реакция» әрекеттердің жиынтығы деңгейіне дейін төмендетіп тастауға болмайтынын айтты.

Бихевиоризм гуманистік психологияның жалғыз қарсыласы болған жоқ. Ол сонымен қатар Фрейд психоанализінің детерминистік үрдістеріне және ондағы сана рөлінің төмендетілуіне қарсы шықты. Фрейдистерді тек жүйке және психикалық ауруларға шалдыққан адамдарды ғана зерттейтіні үшін сынға алды.

Егер психологтер тек менталды дисфункцияларға ғана көңіл бөлетін болса, олар эмоциялы саулық және адамның басқа да позитивті қасиеттері туралы қалай білмекші? Психология қуаныш, қанағат, экстаз, мейірімділік және жомарттыққа көңіл бөлмей, оның орнына адам табиғатының жағымсыз қасиеттерімен айналысты, адамның бірегей күштері мен ізгіліктерін елеген жоқ.

Гуманистік психологтер бихевиоризм мен психоанализдегі қабылданған шектеулерге жауап ретінде өздерін психологиядағы үшінші күшпіз деп сенді және бұл істе алға жылжыды. Гуманистік психология адам болмысының елеңбей қалған аспектілерін күрделі зерттеуде Абрахам Маслоу мен Карл Роджерстің еңбектерінде жақсы көрінеді.



АБРАХАМ МАСЛОУ

<https://en.wikipedia.org>

Абрахам Маслоу (1908–1970)

Маслоу гуманистік психологияның рухани әкесі атанған және қозғалыстың өркендеуіне басқаларға қарағанда ең көп үлес қосып, оны белгілі бір ғылыми орнықтылық деңгейіне жеткізген адам. Ол адамның шамасы келетін ең ұлы жетістіктерді түсінуге тырысқан, сондықтан психологиялық жағынан айрықша адамдардың шағын тобын, олардың психикалық жағдайы орташа немесе қалыпты деңгейдегі адамдардан несімен ерекшеленетінін зерттеген.

Маслоудың жастық шағы

Алдыңғы сабақтарда Маслоудың бақытсыз балалық шағын, оның жалғыздықтан және өзін-өзі кем сезінуден арылуы үшін кітап оқу мен білімге қалай бет бұрғанын әңгімелегенбіз. Корнелл университетіне оқуға түскенде психология сабағынан алған алғашқы әсері оны бұл ілімнен бездіріп жіберді. Ол Э.Б. Титченер жүргізген курс туралы «нашар, іш пыстырарлық және адамдарға еш қатысы жоқ болғандықтан, шошып қаша жөнелдім» деген (Hoffman, 1988, p. 26). Маслоу Висконсин университетіне ауысып, онда психологияға қатысты басқа көзқарас тапты. 1934 жылы осы жерден PhD дәрежесін қорғады.

Маслоу нағыз ватсондық бихевиористке айналып, механистік, жаратылыстанымдық тәсілдеме әлемдегі барлық мәселелердің шешімін таба алатынына сенімді болды. Кейінірек өмірлік және бірнеше кәсіби тәжірибелерінің нәтижесі адамның шексіз мәселелерін шешу үшін бихевиоризмнің тым шектеулі екеніне көзін жеткізді. Оған тұңғыш баласының тууы, философияны, гештальт-психологияны және психоанализді оқуы қатты әсер етті.

Маслоуға сонымен қатар фашистік Германиядан қашып келіп, АҚШ-қа қоныстанған еуропалық психологтер – Адлер, Хорни, Коффка және Вертхаймермен таныстығы ықпал етті. Гештальт-психолог Макс Вертхаймерге және антрополог Рут Бенедиктке аса зор құрмет сезімі оны психологиялық дені сау, өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алатын адамдардың сипатын зерттеуге алып келді. Маслоу үшін Вертхаймер мен Бенедикт адам болмысының ең мықты үлгілері еді.

Шеруді тамашалауы

Жапонияның 1941 жылдың 7 желтоқсанында АҚШ-тың Гавайда орналасқан Перл Харбор флотына тосын шабуылы Маслоуға қатты әсер етті. Шабуыл АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғысқа араласуына себеп болып, Маслоу осы жағдайға байланысты өткен шеруге куә болған еді.

Бұл туралы ол: «Сол сәт менің бүкіл өмірімді өзгертті және сол сәттен кейін істеп келе жатқан іс-әрекеттерімді анықтады», – деп жазады (Hall, 1968, p. 54). Ол өзін адамның ең жоғары идеалдарымен айналысатын психологияны дамытуға арнауды ұйғарды. Адамдардың жек көру, соқыр сенім, соғыстан гөрі әлдеқайда көркем құлықтарға қабілетті екенін көрсету үшін және адам тұлғасын жетілдіру үшін еңбек етті.

Маслоу ол кезде Бруклин колледжінде сабақ беретін еді. Оның сол жердегі психологияны гуманизациялауға бағытталған алғашқы талпыныстары өзіне қиындық келтірді. Бихевиористік психология қауымдастығы оған күн көрсетпеді. Студенттері оның ойларын қызықты деп танығанымен, университеттегі әріптес-

тері одан қашқақтады. Ол сол кездегі психологияда негізгі бағыт болған бихевиоризмнен тым алшақ, тым бейдәстүр саналды.

Негізгі басылымдардың редакторлары оның мақалаларын жариялаудан бас тартты. Маслоу өз теориясын 1951–1969 жылдар аралығында Брандейс университетінде дамытып, танымал кітаптар топтамасы түрінде басып шығарды. Ол сезімталдық тобы қозғалысын қолдап, 1967 жылы Америка Психологтер қауымдастығының (әрі қарай – АПҚ) президенті болып сайланды.

1960 жылдары Маслоу контрмәдениет қозғалысының жұлдызы және батырына айналды да, жастайынан аңсаған мадаққа ақыры қол жеткізді. «Жастар әсіресе Маслоудың еңбегін қызықты деп тауып, олардың көпшілігі үшін гуру секілді тұлғаға айналды» (Nicholson, 2001, p. 86). Адлердің терминдерімен айтқанда, Маслоу бала кездегі кемшіліктерінің орнын сәтті толықтыра алды.

Өз әлеуетінің толық ашылуы

Маслоудың пікірі бойынша, әр адамда өз әлеуетін толық ашуға деген ішкі талпыныс болады (Maslow, 1970). Адамның ең жоғары қажеттілігі болып саналатын бұл күй біздің бүкіл қасиетіміз бен қабілетіміздің белсенді пайдаланылуын, әлеуетіміздің дамуын және жүзеге асырылуын қажет етеді. Біз әлеуетімізді толық ашу үшін, алдымен, ішкі иерархияда төмен тұрған қажеттіліктерімізді қанағаттандырып алуымыз керек. Келесі қажеттілік бізді ынталандырмай тұрып, алдыңғы қажеттілік қанағаттандырылуы керек.

Маслоу ұсынған, қанағаттандырылып отыруы тиіс қажеттіліктер реті бойынша: физиологиялық, қауіпсіздік, бір нәрсеге қатыстылық пен махаббат, құрмет және өз әлеуетін толық жүзеге асыру (14.1-кестені қараңыз).

Маслоудың зерттеулері өз әлеуеттері толық жүзеге асыруға деген қажеттілігін қанағаттандырған, сол себепті психологиялық дені сау деп қарастыруға болатын адамдардың сипаттамасын анықтауға тырысты. Оның анықтауы бойынша, мұн-

Өз әлеуетінің толық ашылуы: адам қабілетінің толық ашылуы мен әлеуетінің жүзеге асуы.

14.1-СУРЕТ . МАСЛОУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІК ИЕРАХИЯСЫ /ПИРАМИДАСЫ



дай адамдар жүйке ауруларына шалдықпайды. Олар, шамамен, барлық жағдайда орта жаста немесе одан сәл ересек және әлемдегі жалпы адамдардың 1 пайызына жетпейді. Маслоу өмірбаянын немесе басқа да жазба деректерін талдау арқылы зерттеген, өз әлеуетін толық аша алды деген бірнеше ондаған адамның ішінде физик Альберт Эйнштейн, жазушы және қоғамдық белсенді Элеонор Рузвельт, афроамерикалық ғалым Джордж Вашингтон Карвер, гештальт-психолог Макс Вертхаймер бар.

Өз әлеуеттерін толық ашқан адамдар мынадай ортақ қасиеттерге ие:

1. шынайы өмірді объективті қабылдайды;
2. өз болмысына толық риза;
3. белгілі бір жұмысқа қызығушылығы бар және оған берілген;
4. мінез-құлқы қарапайым және табиғи;
5. өзімен-өзі болуды, кейде бір жерге барып, жалғыз болуды қалайды және тәуелсіздікке талпынады;
6. интенсивті мистикалық және діни жағдайларды басынан өткізген, қатты тебіреніп, өткір сезімдерді басынан кешкен;
7. барлық адамдарды аяйды және түсінуге тырысады;
8. бағыныңқы болуға қарсы, нонконформизм;
9. мінезі демократиялық бағытта;
10. өмірге шығармашылық көзқараспен қарайды;
11. әлеуметтік мүддесі жоғары (Адлердің идеясы).

Маслоу өз әлеуетін жүзеге асырудың алғышарттары: бала кезде ата-ана махаббатының жеткілікті болуы және өмірдің алғашқы екі жылында физиологиялық және қауіпсіздік қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы деп санаған. Егер балаға сәби кезінде өзін қауіпсіз және сенімді сезінетіндей жағдай жасалса (Маслоуда бұл әрине, болмаған), олар есейген кезде де сондай болып қала береді. Бала өмірінің алғашқы жылдарында ата-анасының жеткілікті махаббаты, қауіпсіздігі және құрметі болмаса, есейген кезде оған өз әлеуетін толық жүзеге асыру қиынға соғады.

Маслоудың «Мотивация және Тұлға» (*Motivation and Personality*) атты кітабынан алынған бұл үзіндіде ол өз әлеуетін толық аша алған адамдарды зерттеу барысында тапқан, біз жоғарыда атап кеткен қасиеттердің үшеуін сипаттайды. Кітаптың салыстырмалы түрде жеңіл, түсінікті тілмен жазылғанына және өз көзқарастарын қуаттау үшін Уильям Джеймс пен Альфред Адлердің еңбектеріне сілтеме жасалғанына көңіл бөліңіз.

ӨЗІ ОҚЫҒАН ДӘРІСТЕН



Абрахам Маслоудың «Мотивация және Тұлға» (*Motivation and Personality*) атты кітабынан (1970) алынған гуманистік психология туралы үзінділер

Ескірмейтін ризалық

Өз әлеуетін толық ашқан адам өмірдің қарапайым көріністеріне қайта-қайта сүйсінуден, қайта-қайта таңданудан жалықпайды. Өзгелер үшін бұл көріністер ескі, қызықсыз болуы мүмкін. Әлеуетін толық ашқан адам күн батып бара жатқандағы көріністі күн сайын бірінші рет көріп тұрғандай тамашалайды. Бұрын миллион гүл көрсе де, одан кейін көрген кез келген гүлдің сұлулығына таңдай қағады. Ол көрген мыңыншы сәби бұрын көрген бірінші сәбидей ғажал. Үйленгеніне отыз жыл болса да, өзінің некесін баянды санайды, алпыс жасқа келген әйелінің сұлулығына қырық жыл бұрынғы келіншекті көргендей тамсанады. Ондай адамдарды едеттегі жұмыс күні, күнделікті күйбең тірліктің өзі қызығымен еліктіріп әкетеді. Мұндай іңкәр сезімдер күнде емес, кейде, бірақ мүлде күтпеген сәттерде баурап алады. Адам өзеннің арғы бетіне пароммен он рет өтуі мүмкін, он бірінші рет өткенде ол паромға бірінші рет отырғандай сезініп, сұлулыққа сұқтанып, толқиды.

Әдемі нәрселерді таңдауда кейбір ерекшеліктер бар. Кейбіреулер негізінен табиғатты таңдайды. Тағы біреулері үшін ең бастысы – бала. Бірнешеуінің ынтасы музыкаға түседі. Бірақ олар өмірдің негізгі іс-әрекеттерінен ләззат алады, шабыттанады, қуат алады. Олардың ешқайсысы түнгі клубқа барудан, көп ақшаға келуден немесе жиын-тойларда жақсы көңіл көтеруден ләззат алмайды, шабыттанбайды, қуат та алмайды.

Ең күшті (мистикалық) әсер

Мистикалық әсер деп аталған және Уильям Джеймс өте жақсы сипаттаған субъективті көріністер біздің зерттеу нысанымыз үшін кеңінен тараған әсер, бірақ бұл әсер бәріне бірдей түгел тарамайды. Мұның алдындағы тарауда айтылған күшті эмоциялар кейде одан да бетер күшейіп, жайылып, хаосқа айналып, мистикалық әсерлер деп аталады.

Менің бұл тақырыпқа назар аударуым және қызығушылығым бірнеше зерттеу нысандарыммен сөйлескенде оянды. Олар өздерінің секстен алған ләззатын еміс-еміс есте бар таныс сөздермен суреттеді. Кейін түрлі жазушылардың өздері мистикалық әсер деп атайтын нәрсені сипаттау үшін осы сөздерді қолданғаны есіме түсті. Көз алдыға шексіз кеңістік келеді, өзіңді бұрынғыдан әрі күшті, әрі әлсіз сезінесің және бұл екі сезімді де бір мезетте бастан кешесің. Қатты экстаз бен таңданыс, сүйсіну сезімі, уақыт пен кеңістіктен тыс қалу, өте маңызды және бағалы бірдеңе болғандай, содан зерттеу нысаны белгілі бір дәрежеде трансформацияланып, күнделікті тіршілікте де күшейіп кеткендей күй кешу.

Бұл әсерді мыңдаған жылдар бойы байланыста болған ешбір діни және жаратылыстан тыс сипатқа жатқызуға болмайды. Бұл табиғи әсер, ғылымның юрисдикциясындағы әсер болғандықтан, мен оны ең күшті әсер деп атадым.

Біз сондай-ақ зерттеу нысандарынан мұндай әсерге бөлену сирек болуы мүмкін екенін білеміз. Діни әдебиет мистикалық және басқа әсерлердің арасында абсолютті, сапалық айырмашылық бар екенін айтады. Ол жаратылыстан тыс сипатынан айырыла салып, табиғи құбылыс ретінде оқылса, мистикалық әсерді интенсивтіктен жайлыға дейінгі сандық континуумға орналастыруға болады. Сонда біз жағымды мистикалық әсерді көптеген, бәлкім, тіпті ең көп индивидуумдар бастан кешетінін көреміз. Ал жекелеген қалаулы индивидуумдар оны жиі, бәлкім, күн сайын бастан кешеді.

Өткір мистикалық немесе ең күшті әсер өз болмысы мен трансценденттігі жоғалатын кез келген күйдің аса зор күшеюі тәрізді. Мысалы, проблеманы орталыққа дәлдеу, интенсивті зейін, интенсивті сезім әсері, музыка мен өнерден ессіз және интенсивті ләззат алу.

Әлеуметтік қызығушылық

Альфред Адлер ойлап тапқан бұл сөз – өз әлеуетін іске асырып жүрген зерттеу нысандарының адамзатқа деген сезімдерінің дәмін жақсы білдіре алатын бірден-бір сөз. Олар кейде біреуге ренжісе де, біреуден жиренсе де, біреуге қарсы болса да, өздерінің бар адам баласына ұқсас, сәйкес екенін терең сезінеді, бар адам баласын жақсы көреді және адам атаулының бәріне үйір. Сондықтан оларда бүкіл адамзатқа көмектессем деген шынайы тілек болады. Олар өзін басқалармен бірге, бір үйдің адамы санайды. Бауырлары ақымақ, әлсіз болса да, тіпті кейде жексұрындық қылық көрсетсе де, жалпы алғанда, ол бауырларын жақсы көреді. Бауырларын бәрібір оң-оңай кешіреді.

Мұндай көзқарастар жалпыға түсінікті болмағандықтан, бұрыннан кең таралмағандықтан, әлеуетін іске асырып жүрген кісінің өзін, барлық имани қасиеттерін көпшілік байқамауы да мүмкін. Өз әлеуетін іске асырып жүрген адамның өзгелерден ойы да, импульсі де, мінез-құлқы да, эмоциясы да өзгеше ғой. Ол белгілі бір негізгі бағыттарда өзін бөтен жерде жүрген өзге ғаламшарлық тәрізді сезінеді. Әйтсе де оны түсінетін аз ғана адам бар, оларға өзі өте ұнауы да мүмкін.

Ол орта санаттағы адамның кемшіліктеріне ренжіп, ашулануы да мүмкін. Мұндай кемшіліктер әдетте біреулерге бар болғаны келеңсіз жағдай тудырса да, ол үшін ауыр қайғыға айналуы кәдік. Бірақ өзі осындай адамдардан алшақ жүрсе де, өзін оларға туысқан сезінеді. Оларға кешірімді болмаса да, тым болмағанда құрметтеу керек екенін сезеді. Өзі көп нәрсені олардан жақсы істейді, олар көре алмағанды бұл көреді ғой. Өзі үшін айдан анық шындық адамдардың көпшілігі үшін көмескі ғой. Адлер осындайды «ағалық көңіл» деп атаған.

Түсініктеме

Маслоудың мәліметтері мен зерттеу әдістемесі сынға алынды, себебі ол жасаған жалпылау үшін пәндік сұрыптау тым шағын болды. Сонымен бірге зерттеу пәндері өзінің психологиялық саулық жөніндегі субъективті талаптарына сәйкес тандалған. Терминдері анықталмаған және тиянақсыз. Маслоу өзінің еңбектері ғылыми-зерттеудің қатаң талаптарына толығымен сәйкес келмейтінін мойындаған, алайда өз әлеуетін толық ашуда зерттеудің басқа жолы жоқ екенін айтып

таласқан. Ол өз еңбектеріне «толық емес» деп қарап, оның тұжырымдары бір күні толық дәлелденетініне сенген.

Соңғы зерттеулер Маслоу дамытқан – өз әлеуетін толық аша алғандардың сипаттамаларын және қажеттіліктер иерархиясын құптады. Мысалы, зерттеушілер қауіпсіздікке, бір нәрсеге қатыстылыққа және құрметке деген қажеттілігі толық өтелген адамдар қажеттіліктері қанағаттанбаған адамдарға қарағанда неврозды құлықты әлдеқайда аз көрсететінін анықтаған. Сонымен қатар өзін-өзі жоғары бағалайтын адамдардың өзін құрметтеуі, өзіне сенімділігі және қабілеттері жоғары болады.

Маслоу қайтыс болғаннан кейін, ондаған жылдар өткенде, жүргізілген зерттеу оның еңбектеріне қосымша демеу үстеді. Әлемнің әр түкпіріндегі 123 елде тұратын 40 000 адамды зерттеу негізгі физиологиялық қажеттіліктер мен қауіпсіздік қажеттілігі қанағаттанбаған адамның өз әлеуетін аша алмайтынын және бақытты бола алмайтынын көрсетті (Tay & Diener, 2011).

Тағы бір зерттеулер негізгі қажеттілік неғұрлым толық қанағаттандырылса, жоғары қажеттіліктердің қанағаттану мүмкіндігі жоғары болатынын, сондай-ақ жастарға қарағанда 35 жастағылар мен одан ересектер өз әлеуеттерін жақсы ашатынын көрсетті (Ivtzan, Gardner, Bemard, Sekhon, & Hart, 2013; Taormina & Gao, 2013).

Маслоу идеяларының эмпирикалық негіздемесі шектеулі болғанымен, оның адамның ең жоғары идеалдарымен жұмыс істеуге деген мақсатын бихевиоризм мен психоанализден көңілі қалғандар кеңінен қолдады. Теорияларының ықпалы психология шеңберінен тыс кеңінен таралды. Оқытушылар, әдіскерлер, бизнес және үкімет басшылары, денсаулық сақтау мамандары және тіршіліктің қазіргі қиындықтарын шешуге талпынып жүрген басқа да адамдар Маслоудың көзқарастарын өз қажеттіліктеріне сай және күнделікті мәселелерін шешуде пайдалы деп тауып отыр.

Психологияға деген тәсілдемесінің кейбір тақырыптарын қазіргі позитивті психология қозғалысынан табуға болады. Бұл көзқарасты дамытушылардың кейбірі Маслоуды жолбасшы ретінде бағалайды (Diener, Oishi, & Lucas, 2003). Маслоудың мұрасы осылайша бірнеше онжылдыққа, бір ғасырдан екінші ғасырға дейін созылды.



КАРЛ РОДЖЕРС

Карл Роджерс (1902–1987)

Карл Роджерс психотерапиядағы тұлғаға бағытталған терапия деп аталатын тәсілдемесімен танымал. Маслоу тәрізді, Роджерс те бір ғана басты мотивациялық фактор доминант деген теорияны негізге алды. Алайда Роджерстің идеялары Маслоу секілді эмоциялы дені сау адамдарды зерттеу нәтижелерінен емес, көбінесе өз университетіндегі психологиялық кеңес беру орталығындағы тәжірибелерінен туындаған.

Роджерс терапиясының атауы оның адам тұлғасына деген көзқарасын көрсетеді. Ол жақсару үшін жауапкершілікті психотерапевке емес (дәстүрлі психоанализдегі секілді), адамның өзіне жүктеу арқылы әр адам өз ойлары мен іс-әрекетін ұнамсыздан – ұнамдыға саналы және рационалды түрде өзгерте алады деп пайымдаған. Роджерс адам үнемі бейсана күштермен немесе бала кезде басынан өткендермен тұсауланып тұрады дегенге сенбеді. Адам тұлғасы осы сәтте және оны қаншалықты саналы бағалап-қабылдауы нәтижесінде қалыптасады.

Роджерстің өмірі

Карл Роджерс Иллинойс штатының Чикаго маңайындағы Ок-Парк қаласында дүниеге келген. Оның ата-анасы фундаменталистік көзқарасты қатаң ұстанған. Роджерстің сипаттауынша, бұл көзқарас оны бүкіл жастық шағында қыспақта

ұстаған. Олардың діни сенімдері, кез келген эмоцияны басып отыруы оны біреудің заңымен өмір сүруге мәжбүрледі. Кейінірек осы шектеулер бала бойында қарсылық сезімін туғызды, алайда бұл қарсылық жақын арада еш нәтиже берген жоқ.

Карл кітапты көп оқитын, тұйық бала еді. Ол үлкен ағасын ата-анасының еркесі санап, өзі әрдайым ағасымен бәсекелес болды. Ол «анасының мейіріміне мұқтаж болған сәттерде ағасының әзілдерінің нысаны болған ащы естеліктермен» өсті (Milton, 2002, p. 128).

Жалғыздық Роджерсті тек өз басынан өткен жағдаяттарға сүйенуге итермеледі, ол бұдан құтылудың жолын кітаптан тапты. Қолына тигеннің барлығын, тіпті сөздіктер мен энциклопедияларды да оқи беретін. Жалғыздығы ғана оны өз күшіне және өзінің әлемге жеке көзқарасына тәуелді болуға мәжбүрледі, бұл оның адам мінезін түсінуге бағытталған тәсілдемесінің негізі болуы тиіс сипат еді:

«Өткеніме қарап отырып, сұхбаттасуға, емдеуге деген қызығушылығым жас кезімдегі жалғыздығымнан пайда болғанын аңғарамын. Бұл адамдарға жақын болудың әлеуметтік мақұлданған жолы және мен сезінген тапшылықтың орнын толтыру болатын» (Rogers, 1980, p. 34).

Ғажайып қиялдар

Бала кезінде Роджерстің денсаулығы нашар болды, жақындары оны тым сезімтал әрі күйгелек санайтын. «Кейде қатыгездікке ұласатын бұл әзілдерден Карл өз қиял әлеміне қайта қашатын» (Rogers & Russell, 2002, p. 2).

Роджерстің 12 жасында үй іші фермаға көшті, сол жерде оның табиғатқа қызығушылығы оянды. Сол кезде ауыл шаруашылығы саласындағы түрлі эксперименттер, мәселелерді шешудің ғылыми жолдары туралы оқиды. Бұл оқу ақыл-ойын бойлағанымен, эмоциялы өмірі толқуда еді. Ол: «Менің сол кездердегі қиялдарым анығында біртүрлі болатын, дәрігер мұны, әлбетте, есі ауысқандық деп табуы мүмкін еді, алайда, бағыма қарай, мен ешқашан психологтерге қаралған жоқпын», – деп жазады (Rogers, 1980, p. 30).

Осылайша, жиырма екі жасында Қытайдағы Христиан студенттерінің конференциясына қатысу барысында өзін ата-анасының фундаменталистік тәртіптерінен ақыры босатып, әлдеқайда либералды өмір философиясын тандады. Ол басқалардың көзқарастарына жүгінгеннен гөрі, оқиғаларды өзінше түсіну арқылы өз өмірін дұрыс бағытқа бұруы керек дегенге сенді. Сонымен қатар адам өзін дамытуға белсенді түрде талпыну керек дегенді ұстанды. Бұл ойлар оның тұлға теориясының іргетасына айналды.

Ата-анасының діни көзқарастарынан бас тарту Роджерске еркіндік сыйлағанымен, физикалық және эмоциялық жағынан ауыр тиді. Қытайдан оралғаннан кейін, көп ұзамай, күйзелістің салдарынан асқазан жарасымен ауруханаға түсті. Ол колледжге қайта оралу алдында бір жылдай үйінде емделді.

Роджерс 1931 жылы Колумбия университетінің Тичерс колледжінде клиникалық және оқыту психологиясы бойынша PhD дәрежесін қорғады. Ол Балаларға қатыгездік көрсетуге қарсы қауымдастықта мүмкіндігі шектеулі және қылмыскер балалармен жұмыс істеп, 9 жылын өткізді. 1940 жылы Огайо штаты университетінде, Чикаго университетінде, Висконсин университетінде сабақ беріп жүріп, ғылыми мансабын бастады. Сол жылдары өз теориясын және психотерапия әдісін дамытып, өңдеді.

Жүйке бұзылуы

Ол ғылыми қызметте жүргенінде айтарлықтай ауытқуы бар науқасқа көмектесе алмағанынан жүйке бұзылуына шалдығады. Өзіне деген сенімі төмендеген Роджерс: «Психотерапевт ретінде өзімнің осалдығымды, адам ретінде пайдасыз

екенімді және психологияда болашағымның жоқ екенін сезіндім». – деп жазады (1967, р. 367). Бақытына қарай, бұл үшеуі де шындық болмай шықты.

Теориясын дамыту кезінде Роджерстің клиникалық тәжірибелерді психологиялық кеңес беру орталығындағы колледж студенттерімен өткізгенін есте сақтаған маңызды. Ол емдеген адамдар көбіне жас, сауатты және сөзге шебер болған. Жалпы алғанда, олардың мәселелері ауыр психикалық ауытқулар емес, бейімделуге қатысты болған. Бұл фрейдистер немесе басқа психологтер өз клиникалық тәжірибелерінде көрген зерттеу нысандарынан мүлде өзгеше.

Адам әлеуетінің толық ашылуы

Тұлғадағы ең ұлы ынталандырушы күш – өз әлеуетін толық ашуға деген ұмтылыс (Rogers, 1961). Бұл талпыныс туа біткенімен, бала кездегі тәжірибе немесе оқу оған көмектесуі немесе кедергі келтіруі мүмкін. Роджерс ана – бала қатынасының маңызын атап өтеді, себебі ол баланың қалыптасып келе жатқан өздік сезіміне әсер етеді. Роджерс позитивті қатынас деп атайтын, баланың мейірімге деген қажеттілігін анасы қанағаттандыратын болса, онда бала сау тұлға болып өсуге бейім болады.

Егер ананың баласына деген махаббаты дұрыс құлықпен шартталса (шартты позитивті қатынас), онда бала ананың қатынасын өзіне сіңіріп, пайдалылық шарттарын қалыптастыра бастайды. Бұл жағдайда бала өзін белгілі бір шарттарды орындағанда ғана пайдалы сезініп, оған сай келмейтін құлықты көрсетпеуге тырысады. Нәтижесінде баланың өздік сезіміне толық дамуға мүмкіндік берілмейді. Бала өздіктің барлық аспектілерін көрсете алмайды, себебі бұл құлықтардың кейбірін анасы тойтарып тастауы мүмкін екенін біледі.

Осылайша, психологиялық саулықтың даму алғышарты – бала кездегі шартсыз позитивті қатынас. Ең дұрысы, баланың мінез-құлқы қандай болмасын, анасының оған махаббаты мен түсіністігін көрсетуі. Шартсыз позитивті қатынасты көрген бала пайдалылық шарттарын дамытпайды және сол себепті өз ішкі «менінің» қандай да бір бөлігін басып отыруға мәжбүр болмайды. Осылай болғанда ғана адам өз әлеуетінің толық ашылуына жете алады.

Өз әлеуетін толық ашу – психологиялық саулықтың ең жоғары деңгейі. Роджерстің теориясы, өзінің айтуы бойынша, Маслоудың қағидаларына ұқсас, алайда олардың психологиялық сау адамның сипаттары бойынша айырмашылықтары бар.

Толыққанды өмір сүретін адамдар

Роджерстің айтуы бойынша, психикасы сау немесе толыққанды өмір сүретін адамдар мынадай қасиеттерге ие:

- барлық тәжірибелерге ашық;
- өмірдің әр сәтін толық пайдалануға талпыныс;
- басқалардың пікірі немесе ақылынан гөрі, өз инстинкттері мен интуициясын басшылыққа алу қабілеті;
- еркін ойлау және әрекет ету;
- шығармашылық деңгейі жоғары;
- өз әлеуетін өсіруге деген үздіксіз қажеттілік.

Роджерс барынша дамыған адамды жүзеге асырған деп емес, жүзеге асырушы деп сипаттаған. Мұнымен ол дамудың үздіксіз созылатын процесс екенін айтпақ болған. Тосын жағдайларға дайын болу және икемділік пен өсуге деген үздіксіз қабілет Роджерстің «Адамның қалыптасуы жөнінде» (*On Becoming a Person*) (1961) атты ең танымал кітабының атауында дәл көрсетілген.

Позитивті қатынас: анасының баласына деген шартсыз махаббаты.

Түсініктеме

Роджерстің тұлғаға бағытталған психотерапиясы психологияның дамуына көп ықпал етті. 1945 жылы АҚШ-та Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан кейінгі қалыптасқан әлеуметтік жағдай оның тез қабылдануын біршама жылдамдатты. Сырт елдерде әскери борышын өтеп келген ардагерлердің бейбіт өмірге қайта бейімделуіне көмек керек болды, сондықтан психологтерге және тез үйренуге болатын тиімді кеңес беру әдісіне сұраныс артты. Дәстүрлі психоанализге үйрену үшін медициналық білім мен бірнеше жылдық тәжірибе талап етілетін. Онымен салыстырғанда, Роджерстің тұлғаға бағытталған терапиясы әлдеқайда жеңіл және психотерапевтердің дайындығына уақыт та әлдеқайда аз кететін. Ол сол заман талабына әбден сай келді.

Соғыстан оралған ардагерлердің бейбіт өмірге бейімделуіне көмектесу үшін Ардагерлер қауымдастығы қамқорлығының аясында 400-ден астам колледжде Роджерстің идеяларын негізге алған кеңес беру орталықтары құрылды. Науқасқа бағытталған терапия үлкен қызығушылық тудырып, осы орталықтар тағы жүздеген колледжде ашылды. Роджерс Екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан күйзеліске ұшырап, танымалдық мәселесінде өз көзқарасын дамытуға дәрменсіз болып қалғанын айтты (Barrett-Lennard, 2012; McCarthy, 2014).

Роджерстің тәсілдемесі психологиялық кеңес беруде және психотерапияда ықпалды болды (Patterson & Joseph, 2007; Routh, 2010). Ол бизнес әлемінде менеджерлерді дайындау әдісі ретінде көмек көрсететін мамандықтарды – клиникалық психологтерді, әлеуметтік қызметкерлерді және психологиялық кеңес берушілерді дайындауға пайдаланылады. Әлем бойынша 50-ден астам кәсіби басылым мен 200-дей ұйым тұлғаға бағытталған терапияның кейбір түрлерін дамытуға қызмет етті.

Роджерс 1960 жылдардағы адам әлеуеті қозғалысында, психологияны гуманизациялауға деген жалпы ағымда ықпалды болған. Ол 1946 жылы Америка Психологтер қауымдастығының президенті болып сайланып, «Ғылымға қосқан ерекше үлесі үшін», «Кәсіпке ерекше үлес қосқаны үшін» марапаттарын иеленді.

Гуманистік психологияның тағдыры

Гуманистік психология қозғалысы өз жеке басылымы, қауымдастығы және Америка Психологтер қауымдастығының бөлімі болуы арқылы ресми мәртебеге ие болды. «Гуманистік психология журналы» (*Journal of Humanistic Psychology*) 1961 жылдан бастап, Америка Гуманистік психология қауымдастығы 1962 жылдан бастап, АПҚ Гуманистік психология бөлімі 1971 жылдан бастап жұмыс істей бастады. 1989 жылдан бастап «Гуманистік психолог» (*Humanistic Psychologist*) бөлімінің ресми журналы болса, 1986 жылы Санта-Барбарадағы Калифорния университетінде гуманистік психология архиві пайда болды. Осылайша ұйымдасқан ой мектебінің айқын сипаттары белгілі бола бастады.

Гуманистік психология – психологияға осы саладағы екі негізгі күшінен (бихевиоризм және психоанализ) өзгеше анықтама берді және әрбір ой мектебі бастапқыда мақтанатын нәрсе – өз жолының психологияға барар ең тура жол екенін мақтан тұтты.

Алайда мұндай сыртқы сипаттарына қарамастан, гуманистік психология толыққанды мектеп бола алмады. Бұл – қозғалыстың қалыптасқанына 20 жылдан астам уақыт өткеннен кейін гуманистік психологтердің өздерінің берген бағасы. Олардың біреуі: «Гуманистік психология керемет тәжірибе болды, алайда психологияда гуманистік мектептің болмауы және оның теорияларының ғылым философиясы ретінде танылмауы жағынан оны сәтсіз тәжірибе деуге болады», – деп жазды (Cunningham, 1985, p. 18).

Карл Роджерс онымен келісіп: «Гуманистік психологияның негізгі психология бағытына айтарлықтай ықпалы болмады. Біз салыстырмалы түрде маңы-

зы шамалы қозғалыс ретінде қабылдандық». – деп жазады (Cunningham, 1985, p. 16). Роджерстің гуманистік психологияның тағдыры жөнінде өткір баға бергеніне 10 жыл өтсе де, негізгі психологиялық бағыттарды қарастырып жүрген психолог оның бағасында гуманистік психология мәселелері «танғаларлықтай сөз етілмеген» дей келіп, оның басылымдардан, зерттеу гранттарынан, колледж курстарынан, лицензиядан және аккредитациялық стандарттардан шеттетілгенін меңзейді (Aanstoos, 1994, p. 2).

XXI ғасырда гуманистік психология негізгі психологиялық бағыттардан оқшау қалды (Giorgi, 2005). Бір ниеттес бақылаушы былай жазады: «1960–1970 жылдардың басындағы оның гүлдену уақытымен салыстырғанда, гуманистік психологияның Америка психологиясына ықпалы салыстырмалы түрде шамалы болып тұр» (Elkins, 2009, p. 268).

Гуманистік психология қабылданған психологиялық ой шеңберінен неліктен тыс қалды? Оның бір себебі – гуманистік психологтердің көпшілігінің университеттерде емес, клиникалық практикада болуы. Гуманистік психологтер жеке медициналық тәжірибе жасай отырып, университеттердегі психологтер деңгейінде зерттеулер жүргізіп, мақалалар жариялады, бірақ өздерінің дәстүрін әрі қарай жалғастыратын жаңа буын студенттерді дайындай алмады.

Ықпалдың болмауының тағы бір себебі – гуманистік психология қарсылығының уақытымен байланысты. Өз шарықтау кезеңінде – 1960, 1970 жылдардың басында – гуманистік психологтер бұл салада ықпалын жоғалтқан позицияларды шабуылдаумен болды. Фрейдтің психоанализі, Скиннердің бихевиоризмі онсыз да ішкі бөліністерден әлсіреп, екеуі де гуманистік психологияның ығына көніп, өзгере бастаған еді. Нәтижесінде гуманистік қарсылық алғашқы жылдардағыдай басым емес, әлсіз қозғалыстармен күресті.

Психологияны өзгерте алмаса да, психоанализ шеңберіндегі «адам өз өмірін саналы түрде еркін қалыптастыра алады» деген ойды күшейткені үшін гуманистік психологияға лайықты баға беруге болады. Гуманистік психология академиялық эксперименттік психологияға сананы зерттеуін жалғастыруға жанама түрде ықпалын тигізді, себебі ол когнитивті психология қозғалысымен бірге пайда болып, уақыт рухының бір бөлігіне айналды.

Когнитивті психологияның негізін қалаушылардың бірі: «Маған гуманистік психологтердің рухы қатты ықпал етті және когнитивті әдіс-тәсілдемені адам ағзасына ең гуманистік көзқарас деп таптым», – деп жазады (Neisser, quoted in Baars, 1986, p. 273).

Жалпы алғанда, гуманистік психология осыған дейін қалыптасып келе жатқан өзгерістерді бекітуге көмектесті және осы тұрғыдан оны сәтті деуге болады. Сонымен бірге ол ақыл-ойдың келесі мектебі – позитивті психологияның дамуына зор ықпал етті (Grogan, 2013; Nicholson, 2007).

Позитивті психология: бақыт туралы ғылым

Гуманистік психологияның тақырыбы – «психологтер адамның ең жағымды сипаттарымен қатар, ең жағымсызын да, позитив қасиеттерімен қатар, негатив қасиеттерін де зерттеуі керек» деген идеяны АПҚ президенті Мартин Селигман 1998 жылы қайта жаңғыртты. Селигман оптимизм және үміт ғылымы жөніндегі симпозиумда сөз сөйлеп, «үнемі негативке көңіл бөлуі жағымсыз, ауыр оқиғалардан келіп шығатын өсім мысалдарына, шеберлікке, талпынысқа және түсіністікке психологияның көзін байлап қойды» деген (Seligman, 1998, p. 1). Отыз жыл бұрын Маслоу айтқандай, Селигман былай деді:

«Әлеуметтік ғылымдар адамның мықты жақтары мен рақымшылдығын – альтруизмді, батылдықты, адалдықты, борыш сезімін, қуанышты, саулықты, жауапкершілік пен жақсы көңіл күйді – қосымша, қорғаныштық не-

месе анық сағым деп, ал әлсіздіктер мен негатив мотивацияларды – үрей, нәсіқұмарлық, өзімшілдік, параноя, ашу, ауытқулар мен көңілсіздік – шынайы деп қарастырғаны қалай болғаны?» (Seligman, 1998, p. 1).

Селигманның мақсаты психологтерді Маслоу мен Роджерстің жаңашыл еңбектерінде негізделген адам болмысы мен әлеуетінің позитив концептілерін дамытуға көндіру болатын (Seligman, Steen, Park, & Peterson, 2005).

Мартин Селигман (1942)

Америка психологиясына бақыт туралы ғылымды енгізіп, сонысымен өзге ой мектебі туралы жалғыз пікір айтқан Селигман онша бақытты жігіт емес еді. Табысты болғанына қарамастан, өзінің сирек қуанатынын айтады. Ол 2010 жылы жағымды сезімдері мен эмоциялары ең төмен – 30 пайыз адамдар арасында бірінші орын алды.

Ол *Philadelphia Inquirer* газетінің тілшісіне: «Жағымды сезім болмаса да, өмір жақсы және қанағаттанарлық бола алады. Менің өмірім қазір мағына мен мақсаттың төңірегінде өтіп жатыр», – депті (Burling, 2010, p. 14).

Одан бұрынырақ колледж студенттерін зерттегенде, олар бақыттылықтың жоғары он пайызын көрсетіпті. *New York Times* тілшісіне Селигман: «10 пайызға жақсы кандидат емеспін» – деді (Diener & Seligman, 2002).

Бірақ Селигман бақыттың бірнеше түрі болатынын, жұмысқа берілгенде өзіне өте қанағаттанатынын айтқан.

Қиындықты көп көрген жеткіншек

Әкесі ауыр инсульт алып, кісіге күні түсіп, мүгедек болып қалғанда, Селигман 13 жаста болатын. Ол: «Қиыншылықтар менің бүкіл өміріме түскен үлкен көлеңке», – деп жазды (Burling, 2010, p. 7).

Селигман жекеменшік әскери академияда оқыды, ондағы курсанттардың дені жоғары тап өкілдерінің, дәулетті адамдардың балалары еді. Ол өзі мен өзгелердің арасындағы айырмашылықты көріп, өзін аутсайдер сезінді. Сондықтан томаға-тұйық, жалғыз жүрді. Досы Селигманның бұл сезімнен ешқашан арылмағанын айтады: «Меніңше, ол әлі ішінен жоғары тапқа қабылдану үшін күресіп жүр» (Burling, 2010, p. 6).

Бірақ Селигман ақылды бала болды. Принстон университетіне түсті. Енді оның алдында екінің бірін: ғылыми дәрежені немесе кәсіби бридж ойыншысы болуды таңдау тұрды. Бриджді керемет жақсы ойнаса да, Пенсильвания штатының университетін таңдап, 1967 жылы докторлық дәрежесін қорғады. Ол әлі де сол оқу орнында адамдарды не бақытты ететінін зерттеп жүр.

Позитивті психологияның қарқынды дамуы

Селигманның позитивтік психологияға үндеуі өте жылы қабылданды. Ғылыми-зерттеулер, мақалалар мен кітаптар қарша борай бастады. 2001 жылы субъективті саулықтың, бақыттың себептері мен корреляттары және басқа да позитивті эмоциялар жөніндегі зерттеулер «соңғы қырық жылда мақалалар санының күрт өскенін» көрсетеді (Staudinger, 2001, p. 552).

2000 жылы АПҚ жетекші журналы – «Америка психологі» (*American Psychologist*) шамамен 200 беттік арнайы санын позитивті психологияға арнады. Бұл санда Фрейд және басқа да психологтердің еңбектерінде кездесе қоюы қиын ұғымдар – бақыт, кемелдік, адамның ұтымды қызмет етуіне көңіл бөлінді (Seligman & Csikszentmihalyi, 2000).

Сонымен қатар 2000 жылы бұл саладағы осы тектес алғашқы журнал – «Бақытты зерттеу журналы» (*Journal of Happiness Studies*) басылып шыға баста-

ды. Келесі жылғы «Америка психологі» санында позитивті психология бойынша төрт мақала шықты. Бұл мақалалар тобының тақырыбы «Позитивті психология не үшін қажет?» (*Why Positive Psychology Is Necessary*) деп аталды (Sheldon & King, 2001).

Селигман 2002 жылы «Шынайы бақыт: Ұзақ мерзімді шаттыққа жету жолында өз әлеуетінді жүзеге асыру үшін жаңа позитивті психологияны пайдалану» (*Authentic Happiness: Using the New Positive Psychology to Realize Your Potential for Lasting Fulfillment*) атты танымал кітабын басып шығарды. Кітаптағы бір мақала позитивті психология қозғалысын «ғылыми психологиядағы жаңа дәуір» деп сипаттады (Cowley, 2002, p. 49). Тағы бір журнал Селигманның суретін мұқабасына басып, оның шығармашылығына тұтас бір санын арнады. 2005 жылы Гарвард университетінде 855 студент жазылған ең танымал курс «Позитивті психология» болды. Басқа ешбір курс мұндай жетістікке жақындай да алмады.

2006 жылы «Позитивті психология» журналы (*Journal of Positive Psychology*) шыға бастады. Осылай, 20 жылға да жетпейтін аз уақыт ішінде бұл сала тандай қақтырар табысқа ие болды. АҚШ-тың Скаут қыздар қоғамында «Бақыт ілімі» төсбелгісі бар, ол бақытты болудың стратегиясы мен технологиясын үйрететін бір айлық курсты бітірген қоғам мүшелеріне беріледі (Wojcik, 2012, p.11).

2014 жылға қарай жыл сайын бұл тақырыпқа 10 000-нан астам мақала жарияланды; конференциялар өткізіліп, кітаптар жарық көруде, телевизиялық ток-шоулар бұл қозғалыстың мақсаттарын дәріптеуде.

Google-ден «қалай бақытты болуға болады» деген сұраққа 1, 8 млн рет жауап ізделіпті (Diener & Scollon, 2014).

Бүгінгі позитивті психология бойынша оқу құралдары әдетте субъективті әл-ауқат, бақыт туралы ғылым, махаббат және өмірге қанағаттану, әл-ауқатты арттыру шаралары, бос уақыт, максимал өнімділік, эмоциялы шығармашылық, оптимизм, үміт теориясы, бақытты болу үшін өмірлік мақсаттар құру және жұмыстағы позитивті психология секілді тақырыптарды қамтиды (мысалы, Compton, 2006).

Бақытты тұлғаның сипаты қандай? Субъективті саулық жағдайы деп нені санауымызға болады? Қандай адамдар бақытты және олардың бақытсыздардан қандай айырмашылығы бар?

Ақша және бақыт

Сіз «ақша» туралы ойлайсыз ба? Оған «иә» деп те, «жоқ» деп те жауап беруге болады; бұл сіздің сұрақты қалай қоюыңызға байланысты. Бір жүз отыз екі елде 136 000 адамға жүргізілген бір сауалнамада өмірге қанағаттанудың қаржылық табыспен бірге өзгертіні анықталды. Көбірек табыс табатындар аз табыстыларға қарағанда өмірлеріне айтарлықтай қанағаттанатынын айтқан (Diener, Ng, Harter, & Arora, 2010).

Алайда қуаныш, бақыт және субъективті әл-ауқат секілді позитивті сезімдердің ақшаға тәуелділігі азырақ және өзін қадірлі сезіну, өз өміріне өзі ие болу, жақын достар мен отбасының болуы секілді факторларға тәуелділігі көбірек. Сауалнаманы жүргізген негізгі зерттеуші өз сұхбатында ақша туралы: «Ақша қанағаттандырады, бірақ өзінді жақсы сезінуге көмектесе алмайды. Позитивті сезімдерге ақшаның ықпалы аз, оған көбіне адамдардың күнделікті істейтін істері әсер етеді», – деген (Stein, 2010, p. 1).

Бұл нәтижелер «Бақытты ақшаға сатып ала алмайсың» деген ескі мәтелді құптаса керек. Алайда қаржының жетіспеуі және экономикалық тұрақсыздық бақытсыздық әкелуі мүмкін. Тіпті миллион долларлық лотереяны ұтып алу да субъективті әл-ауқаттың уақытша көтерілуіне ғана алып келеді, ұтыс иеленушілердің көпшілігі кейін өздерінің бұрынғы деңгейіне қайта түседі.

Сонымен, егер сіз маған бар керегі үлкенірек үй мен қымбатырақ көлік десеңіз, қайтадан ойланып көріңіз. Ересектерге жүргізілген сауалнама үлкенірек және тартымдырақ заттардың бақытпен теңеспейтінін көрсетті. Бір зерттеуші «адам материалдық максаттарды көбірек көздеген сайын, тіршілікте қанағаты мен бақыты азая түседі» деген қорытындыға келген (Van Boven, 2005, p. 33). Тағы бір зерттеу кірісі жоғары адамдардың өмірі қарбалас болып, демалуға аз уақыт бөлетінін анықтаған. «Жоғары кірісті адамдар салыстырмалы түрде уақытының көп бөлігін бақытқа байланысты әрекеттерге емес, күйзелісі көп әрекеттерге бөледі» (Kahneman, Krueger, Schkade, Schwartz, & Stone, 2006, p. 1908).

Адамның денсаулығы мен жасы

Ақша мен әл-ауқат арасындағы қатынас секілді, денсаулық та бақытты болуға кепілдік бермейді. Алайда денсаулықтың болмауы, қаржылық табыстың төмендігі секілді, жалпы өмірге деген қанағатты төмендетіп жіберуі мүмкін. Біз талқылаған факторларға қатысты бақыт өлшемі бойынша ерлер мен әйелдер арасында ешқандай айырмашылық болмаған.

Жас пен бақыт арасындағы байланыс айқын секілді көрінуі мүмкін. Зерттеулер субъективті әл-ауқаттың жас келе көбейетіндігін көрсетеді, алайда бұл денсаулық мәселесі айтарлықтай және дене кемістігі бар егде адамдарға қатысты емес (Kunzmann, Little, & Smith, 2000). Ересектердің екі тобын (орташа жасы 31 және орташа жасы 68) салыстырған зерттеу нәтижесі бақыттың жаспен бірге артатынын көрсетті (Lacey, Smith, & Ubel, 2006).

18 бен 85 жас аралығындағы 340 000 америкалыққа жүргізілген сауалнама субъективті әл-ауқат пен өмірге қанағаттанудың 18 жаста жоғары, шамамен 50 жасқа дейін көтерілетінін және 85 жасқа келгенде өзін 18 жастағыдан да бақыттырақ сезінетінін анықтаған (Stone, Schwartz, Broderick, & Deaton, 2010).

28-ден асқан 7 000 америкалыққа жүргізілген зерттеу субъективті әл-ауқаттың, позитивті сезімдердің және өмірге қанағаттанудың барлығы ұзақ өмір сүрумен байланысты екенін анықтаған. Басқаша айтқанда, бақытты адамдар ұзағырақ өмір сүреді (Xu & Roberts, 2010). Испаниядағы егде адамдарға жүргізілген зерттеу жаттығу немесе басқа да дене белсенділіктерінің бақыт және объективті әл-ауқат сезімдерімен позитивті түрде және берік байланысты екенін айтады (Garatachea, Molinero, MartinezGarcia, Jimenez-Jiminez, Gonzales-Gallego, & Marquez, 2009).

Үйлену

Некедегі және жеке өмірдегі өзгерістер өмірге деген позитивті көзқараспен де байланысты екені анықталды. Зерттеу некелескен адамдардың мүлдем некелеспеген немесе ажырасқан, не жесір қалған адамдарға қарағанда бақыт деңгейі жоғарылау екенін көрсетеді. Бірақ адамның бақыт деңгейі жұбайының бақыт деңгейіне байланысты. Егер жұптың біреуі ренжісе, екіншісі де ренжиді. Сәйкесінше, біреуі қуанса, екіншісі де қуанады. Зерттеу баласы жоқ жұптар баласы бар жұптардан бақыттырақ екенін көрсетті. Тұңғыш бала дүниеге келгенде ерлі-зайыптылардың екеуінің де бақыты кемиді (Munsey, 2010).

Мінез-құлық

Субъективті әл-ауқаттың орташа шамасы бойынша жоғары балл алатын адамдар өз-өзіне сенімділік, бақылаудың ішкі локусы, өз өмірін бақылауда ұстауға деген үлкен ұмтылыс, өзін-өзі сыйлау, өзімен-өзі келісімде болу, өзін-өзі анықтау, өзгелермен қарым-қатынас жасау, адалдық сияқты қасиеттерден де жоғары балл алады. Олардың нейротизмі төменгі деңгейде болады. (Roberts, Walton, & Bogg, 2005; Ryan & Deci, 2001; Seligman & Csikszentmihalyi, 2000; Snyder & Lopez, 2001; Staudinger, Fleeson, & Baltes, 1999).

Бақытқа тағы қандай факторлар әсер етеді?

Нәсіл және этникалық өзгермелілерге келетін болсақ, зерттеулер кемсітушілік көрген афроамерикалық колледж студенттері мен үлкен жастағы адамдардың бақыт деңгейі кемсітушілік көрмегендерге қарағанда төменірек болатынын көрсетті (Prelow, Mosher, & Bowman, 2006; Utsey, Payne, Jackson, & Jones, 2002). Өздерін қара нәсілді қауымдастықпен байланыстыратын және қауымдастыққа қабылданған қара нәсілді колледж студенттерінің субъективті әл-ауқат деңгейі өзін қара нәсілді қауымдастықпен азырақ байланыстыратындарға қарағанда жоғарырақ (Postmes & Branscombe, 2002).

Сіз сыртқы тартымдылық бен бақыттың арасындағы байланыс шамалы екенін білгенде таң қалуыңыз мүмкін. 90 елді салыстырудың нәтижесі жоғары дамыған, урбанизацияланған және өндірісі дамыған ұлттардың азырақ дамыған елдерде тұратындарға қарағанда бақыттырақ екенін және көбірек өмір сүретінін көрсетті (Veenhoven, 2005).

Интернетке кіре алатын адамдар Интернеті жоқ адамдардан бақыттырақ екенін білу де таң қалдырады. Десек те, бұл нәтижелер адамның қаржылық табысына байланысты өзгереді. Интернетке кіре алатын адамдар жұпынылау тұрса да, дәулеттілермен салыстырғанда өз өмірлеріне көбірек риза. (Kelly, 2010). Толық сегіз сағат жұмыс істейтін адамдар жұмыс күндеріне қарағанда, апта соңындағы демалыс күндері өздерін бақыттырақ сезінеді. (Helliwell & Wang, 2014).

Не бірінші: бақыт па, әлде табыс па?

Бақытты адамдар жай бақытты болғаны үшін көбірек табысты ма? Әлде олар табысты болғаны үшін бақытты ма? Зерттеулер бақыттың бірінші келетінін және жетістікке жетелейтін құлықтарға алып баратынын көрсетеді (Oishi, Diener, & Lucas, 2007).

«Субъективті әл-ауқаты жоғары адамдар жұмысқа тұру кезіндегі сұхбаттасулардан сәтті өтуге, жұмысқа тұрғаннан кейін басымысынан оң баға алуға, жұмыста озат болып, жоғары өнімділік көрсетуге және басқару қызметтерді жақсырақ атқаруға бетім келеді» (Lyubomirsky, King, & Diener, 2005, p. 803).

Өркендеу: бақыттың жаңа деңгейі

2011 жылы Селигманның «Өркендеу: бақыт пен байлыққа деген тың көзқарас» (*Flourishing: A Visionary New Understanding of Happiness and Well-Being*) атты кітабы шықты. Ол бақыт шкаласының ең басында тұрған адамдар туралы айту үшін «бақыт», «бақуаттылық» деген сөздерден «өркендеу» деген сөз жақсы дейді. Бұл сұрыпталған топқа Жер шары халқының 10–18 пайызы ғана кіреді. Олар өздерін бақытты сезініп қана қоймайды, олардың байланыстары мен табыстары да өзгеше. Бір жазушы бұл туралы «бақыттың ар жағында не бар екенін көрсететін жаңа датчик» деген еді (Tierney, 2011, D2).

«Жалғыз бақыт, – деп тұжырымдайды Селигман, – өмірге терең де толық мән беруге жеткіліксіз. Адам бақуаттылықтың жоғары деңгейі – өркендеуге жету үшін өз таланты мен қабілетін дамыту керек. Өзгелермен терең де мәнді қатынас орнатуы керек, қоршаған әлемнің позитивті және конструктивті болуына үлес қосу керек. Бұрын біз бақыт деп атайтынды енді позитивті эмоция дейміз. Ол өркендеп жатқан тұлға құрамының бестен бірі ғана. Бұл компоненттерге мыналар жатады (Seligman, 2011, p. 24):

- жағымды эмоциялар (бұл бақыт және өмірге қанағаттануды қамтиды);
- өзара іс-қимыл;
- қарым-қатынастар;
- мағына;
- жетістік.

Жиырма үш елдегі 43 000 еуропалықты жаппай бақылау өркендеген деп сипаттауға болатын тұрғындардың пайыздық үлесіндегі айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетті. Ең жоғары деңгей Данияға тиесілі, бұл ел бұрынғырақтағы зерттеулерде де бақыт шкаласының ең басында тұратын. Гүлденудің одан кейінгі биіктігінде Швейцария, Австрия, Финляндия және Норвегия, ең төменгі деңгейде Польша, Болгария, Украина, Ресей Федерациясы және Португалия (Huppert & So, 2013) орналасқан.

Селигман әл-ауқаттың жалпы деңгейін көтеру үшін өркендеу тұжырымдамасын жұмыс орнына, мектепке және жалпы мәдениетке енгізу керек дейді. Қазіргі таңда АҚШ әскері миллионнан астам сарбазды позитивті психологиямен таныстыруда. Бұл сарбаздарды ПДЖБ және күйзелістің басқа түрлеріне төзімді болуға кешенді дайындау бағдарламасының аясында өтуде. Селигман позитивті психологияның болашағы туралы оптимистік көңіл күйде: «Мен 2051 жылға дейін еліміздің халқының 51 пайызы гүлденеді деп сенемін. Бұл – менің міндетім. Бұл – біздің мақсатымыз» (Burling, 2010, p. 3).

Түсініктеме

Позитивті психология бойынша зерттеулер мен теорияларға қызығушылық танытып отырған психологтердің саны бірте-бірте артуда. Әсіресе Абрахам Маслоудың өз әлеуетін ашу жөніндегі жұмыстары гуманистік психология қозғалысының ең берік мұрасының көрінісі болуы мүмкін. Позитивті психологияның ресми қозғалыс немесе ой мектебі ретіндегі болашақ дамуына келетін болсақ, Селигман және позитивті психологияның басқа да ізашарларының мақсаты ондай болмады. Селигман: «Біз позитивті психологияны – психологияның бағытын өмірдегі ең жаман нәрселерді зерттеуден өмір сүруге тұрарлықтай заттарды зерттеуге ауыстыру ғана деп білеміз. Біз позитивті психологияны бұған дейінгі болған нәрселердің орнын ауыстыру деп емес, оларды жай ғана толықтыру және кеңейту деп көреміз», – деп жазады (Seligman, 2002, pp. 266–267).

Кейбіреулер Селигманның берген бағасымен келіседі. Екі зерттеуші: «Қазіргі таңдағы тақырыптар ауқымының кеңдігі соншалық – позитивті психологияны шын мәнінде жалпы психология ретінде қабылдауға болады», – деп жазады (Simonton & Baumeister, 2005, p. 100). Басқалар да осыған ұқсас баға беріп отыр: «Позитивті психологияның болашағы ма? Оның болашағы – қарапайым психология» (Gable & Haidt, 2005, p. 108). Позитивті психологияның соңғы дәрежесі қандай болмасын, оның адам болмысына жаңаша тәсілдеме ұсынып отырғаны анық, бұл – тұлғаны бір ғасыр бұрын зерттей бастаған Зигмунд Фрейд ұсынған тәсілдемеден мүлде өзгеше.

Тарихтағы психоаналитикалық дәстүр

Біз Фрейдтің көзі тірісінде және көз жұмғаннан кейінгі психоаналитикалық мектеп шеңберінде пайда болған әртүрлі бағыттардың кейбірін сипаттап өттік. Қазіргі кейбір ұстанымдардың оның көзқарастарымен байланысы шамалы және оларды «психоаналитикалық» деп шартты түрде, психология шеңберіндегі бихевиористік-эксперименттік дәстүрден ажырату үшін ғана атауға болады. Психоанализдің ревизионист-теоретиктері бихевиоризмге қарағанда көбірек бөлінді. Небихевиористер енгізген өзгерістерге қарамастан, олар «құлық зерттеудің негізгі нысаны болып қалу керек» деген Ватсонның ойларына қосылды. Онымен салыстырғанда, Фрейдтің артынан ерушілердің кейбірі ғана оның «зерттеу нысаны бейсана биологиялық күштер болып қалуы керек немесе адамдар секс және агрессиямен ынталандырылады» деген ойын қолдады.

Нәтижесінде, бихевиоризмге қарағанда, психоанализде көптеген қосымша мектептер пайда болды. Бұл көзқарастардың көптігін өміршендіктің немесе әл-

сіздіктің белгісі деп қарастыруға болады. Оларға баға беретін уақыт әлі келген жоқ. Олар – Фрейдтің іргелі еңбектерін жариялай бастағанына жүз жылдан астам уақыт өткеніне қарамастан, әлі де жасалып жатқан тарих.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Маслоудың психологияға деген көзқарасына қандай жеке тәжірибесі ықпал етті?
2. Неофрейдистер Фрейдтің психоанализіне қай жағынан өзгерістер енгізді?
3. Әлеуметтік ғылымдағы уақыт рухының өзгеруі психоанализдің кейінгі дамуына қалай ықпал етті?
4. Анна Фрейдтің әкесімен қарым-қатынасын сипаттап бер. Ол психоанализге қандай өзгерістер әкелді?
5. Юнгтің өмірлік тәжірибесі оның аналитикалық психологиясына қалай әсер етті?
6. Юнгтің ұжымдық бейсана және архетиптеріндегі ұғымдарын сипаттап бер.
7. Юнгтің аналитикалық психологиясы Фрейдтің психоанализінен несімен ерекшеленеді?
8. Адлер мен Фрейд қандай мәселелер бойынша келіспеді?
9. Адлер «өмір салты» деп нені тұспалдағанын түсіндір. Адлердің теориясына сәйкес, өзін-өзі кем сезіну қалай дамиды?
10. Юнг пен Адлер психологияға қандай ұзақ мерзімді үлес қосты?
11. Хорнидің тұлғаға деген көзқарасына оның балалық тәжірибесі қалай әсер етті?
12. Фрейд пен Хорнидің әйел психологиясына деген көзқарастары несімен ерекшеленді?
13. Хорнидің базальды үрей, жүйкелік қажеттіліктер, идеалдандырылған өздік бейне ұғымдарын түсіндір.
14. Гуманистік психологтер бихевиоризм мен психоанализді не үшін сынға алды?
15. Өз әлеуетінің толық ашылуына және психологиялық дені сау адамдарға қатысты Маслоу мен Роджерстің ұстанымдарын салыстыр.
16. Маслоу мен Роджерстің теориялары не үшін сынға алынды?
17. Гуманистік психология психологияны өзгерту мақсатына не себепті жете алмады?
18. Қалай ойлайсыз, позитивті психология қозғалысының осы салаға ықпалы гуманистік психология қозғалысының ықпалына қарағанда көпке созыла ма? Жауабыңызды негізденіңіз.
19. Бақытқа әсер ететін қандай факторлар аталды?
20. Бақуат болу мен бақытты болудың айырмашылығы неде?
21. Сіздің жеке бақытыңызға әсер еткен факторларды атай аласыз ба?

Ұсынылған әдебиеттер

- Bair, D. (2003). Jung: A biography. Boston: Little, Brown. Юнгтің амбицияларының, тәкаппарлығының және бәсекелестігінің, сонымен қатар теоретик ретіндегі сонылығының үйлестірілген сипаттамасы. Оның идеяларының ұзақ мерзімді ықпалын бағалайды.
- Elkins, D. (2009). Why humanistic psychology lost its power and influence in American psychology. *Journal of Humanistic Psychology*, 49, 267–291. Гуманистік психология танымалдығының төмендеуін Америка психологиясы шегіндегі күштермен және жалпы мәдениеттегі консервативті идеологиялармен байланыстырады.
- Ellenberger, H. F. (1970). The discovery of the unconscious: The history and evolution of dynamic psychiatry. New York: Basic Books. Қарапайым, ежелгі адамдарды антропологиялық зерттеуден бастап Фрейдтің психоанализі және оның тармақтарына дейін бейсана жөніндегі идеяларды бақылайды (8-тарауда Адлер, 9-тарауда Юнг қарастырылады).
- Jung, C. G. (2009). The red book. New York: Norton. Юнгтің түстері, елестері туралы жазбаларының, сонымен қатар өз теориясын дамытқан 15 жылдық кезең бойы мұқият жиналған каллиграфиялары мен суреттерінің жинағы.

McLynn, F. (1997). Carl Gustav Jung. New York: St. Martin's Press. Кемеңгерлік сипаты бар ашу туғызатын кейіпкер ретінде сипатталған Юнгтің толық өмірбаяны.

Paris, B. J. (1994). Karen Horney: A psychoanalyst's search for self-understanding. New Haven, CT: Yale University Press. Хорнидің өмірін және оның неврозды және адамның ішкі «менін» түсінуге қосқан ауқымды үлесін сипаттайды.

Rogers, C. R., & Russell, D. E. (2002). Carl Rogers, the quiet revolutionary: An oral history. Roseville, CA: Penmarin Books. Жеке және кәсіби өмірі туралы Роджерспен жан-жақты сұхбат. Оның білімге, психиатриялық кеңес беруге,

психотерапияға және қақтығыстарды шешуге қатысты еңбектерін қамтиды.

Sayers, J. (1991). Mothers of psychoanalysis: Helene Deutsch, Karen Horney, Anna Freud, Melanie Klein. New York: Norton. Бұл психоаналитиктердің көзқарастарындағы басымдықты патриархалдықтан матриархалдыққа ауыстыра отырып, Фрейдтің психоанализін қайта анықтауға қалай үлес қосқанын қарастырады.

Young-Buehl, E. (1988). Anna Freud: A biography. New York: Summit Books. Бала анализі жүйесін дамытқан және әкесінің сырласы болған Фрейдтің қызы Аннаның өмірі мен еңбектерін қарастырады.



Психологияның үздіксіз дамуы

Жасап көріңіз, бұл сізге ұнауы мүмкін

Шахмат чемпионы ақылды компьютерден жеңілді

Ой мектептерін ой елегінен өткізу

Структурализм, функционализм, гештальт-психология

Бихевиоризм мен психоанализ

Психологиядағы когнитивті қозғалыс

Когнитивті психологияның қалыптасуына әсер еткен жайттар

Физикадағы уақыт рухының өзгеруі

Когнитивті психологияның қалыптасуы

Джорж Миллер (1920–2012)

Махаббат жеңеді

Гарвард және сиқырлы жеті саны

Когнитивті зерттеулер орталығы

Уақыты келген идея

Ульрик Найссер (1928–2012)

Аутсайдер

Өзін-өзі тану

Бағытты өзгерту

Сағаттан компьютерге дейін

Заманауи компьютерлердің пайда болуы

Жасанды интеллект

Алан Тьюрингтің өмірі (1912–1954)

Тьюринг және Ақшақар

Барыл тұрған әдепсіздік

Тьюринг тесті

Қытай бөлмесі

Тьюринг тестін тапсыру

Шахмат чемпионы

Жасап көріңіз, бұл сізге ұнауы мүмкін

Осы тараудағы «Өзі оқыған дәрістен» деген тақырыпты белгілі психолог жазған жоқ. Ол – 2001 жылғы Пулитцер сыйлығының лауреаты, журналист және телевизияның жаңалықтар аналитигі Хейнс Джонсонның еңбегі. Мақаланың шахмат туралы екенін көріп, қорықпаныз. Джонсонның сюжетіндегі адам құмарлығының күші мен драмасын сезіну үшін шахмат ойыны туралы ештеңе білудің қажеті жоқ.

Сіз мақаладан сол оқиғалардың қазіргі заман психологиясына қандай қатысы бар екенін көресіз.

Шахмат чемпионы ақылды компьютерден жеңілді

Гарри Каспаров – барлық гроссмейстерлердің ішіндегі шебері ғана емес, қарапайым әрі ұлы шахматшы. Көптің пікірі бойынша, ол – тарихтағы ең ұлы шахматшы. 1997 жылдың көктемінде, 34 жасында, ұзақ серпілістің шыңына жеткен соң, ол әлем чемпионы атағын 12 жыл ұстап тұрды.

Ол жеке адамға қарсы мульти-матчтарда әлі ешқашан жеңіліп көрген емес. Өзінің аса дарынды шахмат ойыншысы деген атағына әлі ешқашан күмән келтірген емес. Оның кез келген қарсыласына деген көңілі жеңістен кейін жек көрумен шектеседі. Бір жыл бұрын, мамыр айында ғана, Нью-Йоркте өзін таза ұпаймен ұтқан қарсыласына қарсы алты ойынның алғашқысында да солай болады деп ойлаған еді.

Матчтың жаңару барысында ұлы чемпионның қарсыласын қалай ойсырата жеңіп жатқанын тамашалауға келген шахмат сарапшылары күтпеген жағдайға тап болғаны соншалық – не деуді білмей қалды. Мұндай күйге түскен олар ғана емес еді. Интернет және теледидар арқылы әлемнің түкпір-түкпірінен көз тігіп отырған миллиондаған көрермендер Каспаровқа тән емес абдырауды көріп, таң болды. Алғашында ол бірдеңеге күмәнданып отырғандай болған, сосын қауіптену, жабығу, торығу мен өзін-өзі ұстай алмаудың белгілері көрінді. Ақыр аяғында, көңілі бұзылып тұрғандай болды. Оның үрейі ұшып, құты қашып тұрды.

Чемпионның күйреуге шақ қалып тұрған белгісі екінші ойын кезінде байқалды. Каспаровтың өз тәжірибесінде бірегей бір жайтқа тап болғаны дәл сол мезетте байқалды. Бұрын ол қарсыласының өзіне қарсы қолданылатын ой моделін түсініп, оның осал тұстарын пайдаланатын.

Когнитивті психологияның болмысы

Когнитивті нейробиология

Бұл жаңа френология ма?

Ойлау мүмкін ете алады

Интроспекцияның оралуы

Бейсананың когнитивтілігі

Бұл бұрынғы бейсана емес

Ақылды бейсана

Жануартану

Жануарлардың ойлай алу мәселесі: жақтастар мен қарсыластар

Жануарлардың мінез-құлқы

Когнитивті психологияның қазіргі ахуалы

Табыстың белгілері

Жағдаяттық когниция (таным)

Когнитивті жүктеме

Когнитивті қозғалыстың сыншылары

Эволюциялық психология

Оқып-үйренуден де маңызы ерек биология

Психологияда

бірлік бар ма, өзі?

Эволюциялық психологияға алдыңғы буынның әсері

Уильям Джеймс

Бихевиоризм

Алдын ала болжамды процестер

Когнитивті революция

Әлеуметтік биологияның ықпалы

Эволюциялық психологияның қазіргі жағдайы

Тарих әлі жасалуда: ол шексіз

Материалды бекіту сұрақтары

Ұсынылған әдебиеттер

Бұл жолы өйте алмады. Екінші матч екі жаққа да теңбе-тең болып бітті. Тағы бір ойын теңбе-тең аяқталды. Сосын қарсыласы ұтты. Сенбі күні қайта жалғасқан ойын тағы теңбе-тең бітті.

Каспаров жақсы бастады, жеңіп жатқанын түсініп отырды. Оның оппоненті шабыттана шегініп, батыл жүрістер жасады, Каспаровтың одан есеңгіреп қалғаны байқалды. Чемпионның аянышты күйге түскенін алғаш рет көрген гроссмейстерлер де естерінен танды. Оған тағы да тепе-тең нәтижені мойындауға тура келді. Матч бір күн үзілістен кейін дүйсенбіде аяқталды.

Матчқа барша әлем үңіле көз тікті. Телевизиялық жүйелер тілшілеріне осы ойын туралы прайм-тайм кезінде әңгімелеуді тапсырды. Газеттер шахмат аналитиктерін ғана емес, өздерінің ең жақсы тілшілерін де жіберіп, финалдық ойын нәтижесін бірінші бетке жариялауға дайындалды. Олар және теледидар мен Интернеттен қарап отырған миллиондар сенімділігі тәкаппарлығына сай Гарри Каспаровтың көзі тұманданып, мәнері баяулап, күйгелек, абыржұлы күйге енгенін көрді. Ол бірінші жүрісті жасамай жатып-ақ таяқ жеген адамдай күй кешті.

Қарсыласының жылдам, батыл жүрістері оны бұрышқа тыққанда, Каспаровтың еңсесі одан бетер түсіп кетті. Теледидар экрандары, кейінірек газеттер де оның ең қызықты сәтте шахмат тақтасына еңкейіп алғанын қалт жібермеді. Ол беті мен көзін қолымен жауып отыр, басы салбырап кеткен. Осы торығу сәтіндегі көрініс гұмырлық портретіне айналды. Бірер сәттен кейін Каспаров кенет орнынан тұрды. Ол ойын мен матчтан шыққанын хабарлады. Он тоғыз жүріс қана жасалған екен.

Гроссмейстерлер чемпионның кенет күйреп түскеніне қайран қалды. «Бұл – грек трагедиясының әсері», – деді матчқа төрешілік етуге жауапты шахмат комитетінің төрағасы. Ал Каспаровтың өзі қарапайым тілмен түсіндірді. «Мен жауынгерлік рухты жоғалттым, – деді ол. – Ойнауға еш құлқым жоқ». Бірнеше минуттан кейін болған баспасөз конференциясында «неге» деген сұраққа ол: «Мен адаммын. Өзім түсіне алмайтын бірдеңені көргенде, мен қорқамын», – деді.

Каспаров өзі түсіне алмайтын не көрді екен? Әлемнің ең мықты ойыншысы ойынды бұдан әрі ойнай алмайтындай, оны не қорқытты? Және оның психология тарихына қандай қатысы бар? Өзіңіз түсініп те қалған боларсыз. Каспаров компьютерден ұтылған еді.

Компьютердің әлемге танымал адамды жеңуі психологияда да, мәдениетте де болып жатқан түбегейлі өзгерістердің символына айналды. Ал енді психологияның үнемі өзгеріске түсіп жатқан болмысын тамашалап, ХХІ ғасырға өтейік.

Ой мектептерін ой елегінен өткізу

Біз психологиядағы әрбір ой мектебінің қалай пайда болғанын, белгілі бір уақыт гүлденгенін және кейінірек психоанализден басқалары заманауи психологиялық ойдың басым бағытының бір бөлігіне айналғанын көрдік. Сонымен қатар әр қозғалыстың өздеріне дейінгі мектептерге қарсылық көрсетуден күш алатынын байқадық. Содан соң қарсылық көрсетуге қажеттілік жоғалып, жаңа мектеп өз қарсыластарын ығыстырып болған кезде революциялық қозғалыс болудан қалып, белгілі бір уақытқа орныққан тәртіпке айналады.

Структурализм, функционализм, гештальт-психология

Әрбір мектеп психологияның дамуына қомақты үлес қосқан. Бұл тіпті бүгін, біз білетіндей, психологияда тікелей аз ғана із қалдырғанына қарамастан, структура-

лизмге де қатысты. Қазіргі психологияда Титченер секілді структуралистер жоқ. Бұдан бір ғасырға дейінгі уақытта да болмаған.

Соған қарамастан, структурализм Вундт көтерген бастаманы ілгері жылжытуда үлкен жетістікке жетті. Ол философияның қатандығынан азат, тәуелсіз психология ғылымын құру болатын. Структурализм психологияда ұзақ уақыт басымдыққа ие бола алмады, алайда бұл оның жаңа ғылымның алғашқы ой мектебі және кейінгі жүйелерге маңызды қарсылық көзі ретіндегі революциялық жетістіктерін кемітпейді.

Функционализмнің жетістіктерін қарастырайық. Ол да жеке мектеп ретінде көп жасай алмады. Дегенмен функционализм бар болғаны көзқарас немесе ұстаным болса да, қазіргі АҚШ психологиясы соның арқасында ғылым болып тұр. Бүгінгі америкалық психология – әрі ғылым, әрі мамандық. Ол өз пайымдарын функциялық, утилитарлық тәсілдеме арқылы өмірдің барлық дерлік салаларында пайдалануда. Ол психологияның болмысын шын мәнінде өзгертті деуге болады.

Ал гештальт-психология ше? Ол да, аз да болса, өз миссиясын орындады. Элементаризмге қарсылық ретінде дамып, психикаға біртұтас қарау көзқарасын қолдады. Гештальт-психологияның сана мәселелеріне деген қызығушылығы клиникалық психология, оқу, қабылдау, әлеуметтік психология және ойлау саласында ізденіп жүрген психологтерге әсер етті. Негізін қалаушылар күткендей, гештальт мектебі психологияны түбегейлі өзгерте алмаса да, оның ықпалы елеулі болды. Сондықтан оны жетістік деп сипаттауға болады.

Бихевиоризм мен психоанализ

Структурализм, функционализм және гештальт-психологияның жетістіктері бихевиоризм мен психоанализдің айрықша жетістіктерінен кейін екінші орында тұрғанын атап кеткен жөн. Бұл қозғалыстардың әсері өте терең болды және ой мектебі ретінде өздерінің ерекшелігі мен бірегейлігін сақтап қалды.

Біз бихевиоризм мен психоанализ, олардың негізін қалаушылар – Ватсон мен Фрейд дүниеден өткеннен кейін, бірнеше бағыттар мен фракцияларға бөлініп кеткенін көрдік. Бихевиоризм мен психоанализдің қай түрі болмасын барлық мүшелерінің ортақ қолдауына ие бола алмады. Тармақтардың пайда болуы жүйені бәсекелес топтарға бөліп, әрқайсысы шындыққа апаратын өз жолымен жүрді.

Осы ішкі бөлінулерге қарамастан, бихевиористер мен психоаналитиктердің психологияға деген көзқарастары бойынша өзара келіспеушілігі кемімеді. Мысалы, скиннерлік бихевиористер мен Бандура және Роттердің артынан еруші әлеуметтік бихевиористердің арасында Юнг және Хорнидің психоанализінің артынан ерушілерге қарағанда ұқсастықтар көбірек. Бұл екі ой мектебінің өміршеңдігін олардың әлі де жалғасып жатқан эволюциясынан көруге болады.

Біз Адлердің индивидуалды психологиясы психоанализдің соңғы кезеңі болғанын білеміз. Ал Скиннердің психологиясы бихевиоризмнің дамуын одан әрі жалғастыра түскеніне куә болдық. Сонымен қатар гуманистік психологияның жеке ой мектебі ретінде ықпалы болмағанына қарамастан, позитивті психология қозғалысының өсуі арқылы заманауи психологияға ықпал еткенін көрдік.

1960–1970 жылдарға қарай Америка психологиясында тағы екі қозғалыс пайда болды. Әрқайсысы психологияға жаңа анықтама беруге талпынды. Бұл қозғалыстар: когнитивті психология және эволюциялық психология.

Психологиядағы когнитивті қозғалыс

Ватсон 1913 жылғы бихевиористік үндеу-хатында психологиядағы ойлауға, санаға немесе санадағы процестерге жасалған барлық сілтемелер алып тасталуы керек деген болатын. Ватсонның үндеуіне құлақ асқан психологтер бұл ұғымдар-

ды еске алуды тоқтатып, барлық менталистік терминологияны ығыстырып тастады. Он жылдар бойы психология оқулықтары мидың қызмет етуін сипаттап, ақыл мен санаға қатысты қандай да ұғымдарды талқылаудан бас тартты. Адамдар тіпті психология мәңгілікке «ақылынан айырылды», «санасын жоғалтты» деп әзілдей бастады.

Содан соң (бұл процесс біраз уақыт бойы қалыптасты) кенет психология санаға қайта оралды. Бір кездері саяси бұрыс болған сөздер кездесулерде естіліп, баспа беттерінен көріне бастады. 1979 жылы «Америка психологі» (*American Psychologist*) тек сананы ғана емес, сонымен қатар болжалды интроспекция тәсілін де қарастырған «Бихевиоризм және Сана: интроспекцияға қайта оралуға (шектелуі) үндеу» (*Behaviorism and the Mind: A (Limited) Call for a Return to Introspection*) атты мақала жариялады (Liebetman, 1979).

Одан бірнеше ай бұрын журнал «Саналылық» (*Consciousness*) деген қарапайым атаумен мақала жариялаған болатын. Мақаланың авторы: «Ондаған жылдар бойы әдейі елемеуден кейін саналылық ғылыми-зерттеулерге қайта арқау бола бастады, ал тақырыптың талқылаулары психологиялық әдебиеттер үшін беделді жерлерде өтіп жатыр», – деп жазды (Natsoulas, 1978, p. 906).

1976 жылы АПҚ президенті өзінің жыл сайынғы жолдауында жиналған қауымға психологияның өзгергенін және жаңа тұжырымдаманың саналылыққа ден қойып келе жатқанын айтқан еді. Психологиядағы адам бейнесі «механикаланып емес, адамиланып келе жатыр» (McKeachie, 1976, p. 831). АПҚ өкілі мен беделді журнал саналылықты соншалықты ашық және болашағынан үміт күте талқылаған кезде, төңкерістің – тағы бір жаңа қозғалыстың – келе жатқаны анық секілді көрінеді.

Кіріспе оқулықтардағы кейінгі өзгерістер психологияны мінез-құлық туралы ғылым ғана емес, «мінез-құлық және менталды процестер ғылымы, мінез-құлық және оның менталды процестермен қатынасын түсіндіруге талпынатын ғылым» деп қайта анықтады. Осылайша, психологияның Ватсон мен Скиннердің ойлары мен талпыныстарынан әлдеқайда алыс кеткені анық болды. Жаңа ой мектебі бастау алып келе жатқан еді.

Когнитивті психологияның қалыптасуына әсер еткен жайттар

Психологиядағы барлық революциялық қозғалыстар секілді, когнитивті психология да бір түннің ішінде пайда болған жоқ. Оның сипаттарының көпшілігі алдын ала болжанған. Психологияның санаға деген қызығушылығы ерте бастан, ресми ғылымға айналмай жатып-ақ айқын болған. Грек философтары Платон мен Аристотельдің жазбаларында Британ эмпириктері мен ассоцианистері теорияларындағы секілді ойлау процестері қарастырылады.

Вундт жеке ғылыми пән ретінде психологияның негізін қалаған кезде, оның жұмыстары санаға бағытталған еді. Сананың шығармашылық белсенділігіне аса мән бергені үшін, оны заманауи когнитивті психологияның ізашары ретінде қарастыруға болады. Структуралистік және функциялық ой мектептері оның элементтері мен қызметтерін қарастыра отырып, сананы зерттеді. Алайда бихевиоризм саналылықты шамамен 50 жылға ұмыттырып, түбегейлі өзгерістер алып келді.

Э.С. Толменнің мақсаттық бихевиоризмі (11-тарау) когнитивті қозғалыстың тағы бір ізашары болды. Оның бихевиоризмі когнитивті өзгермелілердің маңызын мойындап, стимул-жауаптық тәсілдеменің жойылуына үлес қосты. Толмен когнитивті карталарды ұсынды, жануарларда мақсаттық құлықтың болатынын айтты және ішкі, бақылауға келмейтін жағдайларды жедел түрде анықтаудың жолы ретіндегі аралық өзгермелілерге ерекше көңіл бөлді.

Гештальт-психология өзі «ұйымдастыруға, құрылымға, қарым-қатынасқа, субъект рөлінің белсенділігіне және оқу мен есте сақтаудағы қабылдау рөлінің

маңыздылығына» (Hearst, 1979, p. 32) көңіл бөлгенімен, когнитивті психологияға әсер етті. Гештальт ой мектебі Америка психологиясында бихевиоризм басым болып тұрған жылдарда, шартты болса да, санаға деген қызығушылықты ұстап тұруға көмектесті.

Когнитивті психологияның тағы бір жаршысы – швейцариялық психолог Жан Пиаже (1896–1980) майонез бен сарымсақ жағылған қатқан нан жегенді ұната-тын. Ол өз зертханасында әйелдердің жұмыс істеуіне рұқсат берді, бұл сол кезде ерекше қадам болып саналатын (Bugman, 2012). Пиаже алғашқы ғылыми мақаласын 10 жасында жазған және кейінірек Карл Юнгпен бірге оқыған. Сонымен қатар Теодор Симонмен бірге жұмыс істеген және Альфред Бинеммен бірге ақыл қабілетінің алғашқы психологиялық тестін жасаған адам.

Пиаже кейінірек балаларды дамытуда маңызды жұмыстар жасады. Бірақ Фрейд ұсынған психосексуалды кезенді емес, когнитивті кезенді зерттеді. Пиаженің балалармен сұхбат жүргізу клиникалық әдісі және оның сұхбат кезінде барлығын егжей-тегжейлі қағазға түсіріп отырудағы табандылығы Готорнның (8-тарауда сипатталған) 1920 жылғы зауыт жұмысшыларына жүргізген атақты зерттеуіне шабыт берген (Hsueh, 2004).

Алайда Пиаженің когнитивті даму бойынша 1920–1930 жылдары жарық көрген еңбектерінің Еуропада ықпалы жоғары болғанымен, бихевиористік ұстаныммен сәйкес келмегені үшін Құрама Штаттарда кеңінен қолдау таба алмады. Алайда алғашқы когнитивті теоретиктер Пиаженің когнитивті факторларға көңіл бөлуін қолдады.

Когнитивті психологтердің ойлары Америка психологиясында бекінген кезде Пиаже ойларының маңызы айқын бола бастады. Ол – 1969 жылы АПҚ-ның «Ғылымға қосқан үлесі үшін» құрметті атағын алған алғашқы еуропалық ғалым. Оның жұмыстары балаларды зерттеуге бағытталғандықтан, когнитивті психология пайдалануы мүмкін мінез-құлық шеңберін кеңейтуге көмектесті.

Физикадағы уақыт рухының өзгеруі

Ғылымның негізгі концептілері қатты өзгеріске түскенде оның ақыл-ойдағы өзгерістердің көрінісі екенін білеміз. Ғылым, тірі организмдер секілді, қоршаған ортаның жағдайлары мен талаптарына бейімделеді екен. Когнитивті қозғалысқа түрткі болған және саналылықты қайта мойындау арқылы бихевиоризм идеяларын бәсеңдеткен қандай ақыл-ой климаты? Бұл сұраққа жауап беру үшін жаратылыстанудың тұрақты жетекшісі – физикаға ораламыз. Физика ұзақ уақыт бойы психологияға үлгі ретінде болған, себебі психология ғылым болып қалыптасқалы оған әсер етіп келеді.

XX ғасырдың басында физика аясында Альберт Эйнштейн, Нильс Бор, Вернер Гейзенбергтің еңбектерінен бастау алған көзқарас пайда болды. Олар Вундттан Скиннерге дейінгі психологтер ұстанған адам болмысына деген механистік, редуционистік және детерминистік көзқарастың прототипі – Галилей мен Ньютонның заманынан бері келе жатқан әлемнің механистік моделінен бас тартты. Физикадағы жаңа көзқарас объективтік идеясын, объекті мен субъектінің, сыртқы әлем мен бақылаушының арасына абсолюттік шек қою мүмкіндігін жоққа шығарды.

Физиктер табиғи әлемге жүргізетін кез келген бақылау оны бүлдіруі мүмкін екенін мойындады. Олар бақылаушы мен бақыланушы арасындағы, ішкі әлем мен сыртқы әлем арасындағы, менталды мен материалды арасындағы жасанды алшақтықты еңсеруге талпынуы керек болды. Осылайша, ғылыми-зерттеулер тәуелсіз және объективті танылатын ғаламнан біреудің сол ғаламды бақылауына ауысты. Заманауи ғалымдар енді өздері бақылайтын заттан соншалықты алыс болмайды. Олар белгілі бір дәрежеде «қатысушы-бақылаушыға» айналады.

Нәтижесінде объективті шындықтың толықтай идеалы енді қолжетімді болып саналмады. Физиктер бір кездері объективті білім санаған заттар шын мәнінде

субъективті, яғни бақылаушыға тәуелді деген сеніммен сипаттала бастады. Білім жеке басқа тәуелді деген бұл ой 300 жыл бұрын Беркли ұсынған ойға қатты ұқсайды. білім – субъективті, себебі оны қабылдап отырған адамның болмысына тәуелді.

Бір жазушы «біздегі әлем бейнесі «ана жақтағы» тәуелсіз шындықтың таза фотографиялық бейнесі болудан алыс, ол сурет салуға көбірек ұқсайды: басқаларға ұқсауы мүмкін субъективті жаратылыс, бірақ толығымен басқаның көшірмесі бола алмайды» (Matson, 1964, p. 137) деп атап өткен.

Физиктердің объективті, механистік зерттеу пәнінен бас тартуы және сонымен бір уақытта субъективтілікті мойындауы біздің әлеміміз жөніндегі ақпарат алудың жолы ретіндегі саналы тәжірибенің маңызды рөлін қайта қалпына келтірді. Физикадағы бұл революция саналылықты қайтадан психологияның зерттеу нысанының заңды бөлігі ету үшін жақсы дәлел болды.

Ғылыми психологиядағы ықпалды топтар ескі модельге кенеше жабысып, өздерін мінез-құлық туралы объективті ғылым деп анықтай отырып, жана физикаға жарты ғасырдай қарсы болғанымен, ол, ақырында, уақыт рухына жауап беріп, когнитивті процестерді қайта мойындау үшін өздерін барынша жетілдірді.

Когнитивті психологияның қалыптасуы

Когнитивті қозғалыстың өткеніне шолу жасасақ, бихевиористік психологияның негізін бірнеше жылда шайқалтқан жылдам өзгеріс секілді әсер қалдырады. Ол кезде, әрине, өзгерістің болары анық емес еді. Қазір соншалықты қарқынды көрінген өзгеріс ешқандай даңғазасыз баяу және байыпты жүзеге асты. Бір психологтің былай жазғаны бар: «Революция термині мұнда орынсыз болса керек. Ол жерде ешқандай жойқын оқиға болған жоқ; өзгеріс әртүрлі салаларда 10–15 жыл көлемінде баяу жүзеге асты; онда ешқандай айқын оқиға немесе көшбасшы болған жоқ» (Mandler, 2002a, p. 339).

Көп жағдайда тарихтағы прогресс оқиға біткеннен кейін ғана анық байқалады. Когнитивті психологияның пайда болуы бір түнде жүзеге асқан жоқ. Бүкіл саланы жалғыз өзі өзгерткен, барлығын өз ыркына бағындыра білетін Ватсон секілді дарынды тұлға болған жоқ. Функциялық психология секілді, когнитивті психологияның қандай да бір дара негізін салушысы болмады. Мүмкін, бұл сол саладағы еңбек етіп жүрген психологтердің ешқайсысында жана қозғалысты бастап жүруге деген амбицияның жоқтығына байланысты болса керек. Олардың мүддесі сындарлы болды: ол – психологияны қайта қарастыру жұмысын жалғастыру.

Өткенді шолып қарасақ, когнитивті психологияның тарихында екі ғалымның орны ерекше. Олар ресми мағынада қозғалыстың негізін қалаушылар деп аталмаса да, бірі – зерттеу орталығын ашу арқылы, екіншісі когнитивті психологияның дамуында елеулі еңбек саналатын кітаптарымен салаға үлкен үлес қосты. Олар – Джордж Миллер мен Ульрик Найссер. Олардың іс-әрекеті жана ой мектебінің құрылуымен байланысты кейбір жеке факторларды ашып көрсетеді.

Джордж Миллер (1920–2012)

Махаббат жеңеді

Джордж Миллерді «христиан ғылымды» ата-ана тәрбиелеген, олар психологияны күнә деп санаған (Pinker, 2013; Vitello, 2012). Ол ұяң да тұйық бала еді. Батыс Вирджинияда өсті. Тускалусадағы Алабама университетінде тарих және ағылшын тілі филологиясына маманданды. Ұялшақтықтан құтылу үшін драмалық клубқа қатысты, бұл оның бүкіл өміріне әсер етті. Ол жерде танысқан әдемі қыз психология мамандығын тандаған еді. Джордж сол қызбен бірге психологиядан семинарға қатысты да, бұрын тандаған мамандықтарын бірден жана мамандыққа өзгертті. Өйткені ол «ақыл-ой бәріне ықпал етуі мүмкін» екенін түсінген еді (Langer, 2012, p. 2).



<https://en.wikipedia.org>

ДЖОРДЖ МИЛЛЕР

Ол психолог қызға үйленді. филологиядан магистратурада оқыды. Бұл сала бойынша ешқандай курсты тәмамдамағанына қарамастан, бірде оған психологияға кіріспе бойынша студенттердің 16 тобына сабақ беруге ұсыныс жасалды. Кейінірек, оның айтуы бойынша, аптасына бір материалды 16 рет қайталаудан кейін онда психологияға деген сенім пайда болған.

Гарвард және сиқырлы жеті саны

Миллер ғылым жолын әрі қарай Гарвард университетінде жалғастырып, тілдік коммуникация мәселелері бойынша психоакустикалық зертханада жұмыс істеді. Ол 1946 жылы PhD дәрежесін алды. Бес жылдан кейін ол психолингвистика саласындағы елеулі еңбек – «Тіл және Коммуникация» (*Language and Communication*) аталатын кітабын (1951) жариялады. Миллер бастапқыда бихевиористік ой мектебін қабылдады. Айтуынша, таңдау болмады, себебі бихевиористер негізгі университеттер мен кәсіби қауымдастықтарда басымдыққа ие болды.

«Билік, құрмет, бедел, оқулықтар, қаржы, психологиядағы барлық нәрсе бихевиористік мектептің қолында болатын. ... біздің арамызда ғылыми психолог болғысы келетіндер оған қарсы тұра алмады. Себебі жұмыссыз қалуы мүмкін еді» (Baars, 1986, p. 203).

1950 жылдардың ортасында, статистикалық оқыту теориясын, ақпараттық теорияны және ақылдың компьютерге негізделген моделін зерттеуден кейін, Миллер бихевиоризмнің болашағы жоқ деген шешімге келді. Оған компьютер мен адам ақылының операциялары арасындағы ұқсастық әсер қалдырып, психологияға көзқарасы көбірек когнитивті бағытта бола бастады. Сол уақытта өзінде жануар түгі мен қайызғағына аллергия пайда болып, зертханалық егеуқұйрықтармен зерттеуді әрі қарай жүргізе алмады. Бихевиористер әлемінде зерттеу нысаны ретінде тек адамдармен жұмыс істеу кемшілік саналатын.

Миллердің когнитивті психологияға ауысуына сол кездегі психологтер бұнының көпшілігіне тән көтерісшіл болмыс та ықпал етті. Олар сол кезде оқытылып, тәжірибеленіп жатқан психологияға қарсы шығуға бейім, өздерінің жана бихевиористік факторларға карағанда когнитивтіге көбірек негізделген тәсілдемесін ұсынуға дайын жүретін. Бірақ Миллердің 50 жылдан кейін ол туралы былай жазғаны бар: «Мұның барлығы болып жатқан кезде шын мәнінде оның революцияшыл болғанын аңғармадық» (2003, p. 141).

1956 жылы Миллер сол кезден бері классикалық болып үлгерген «Сиқырлы жеті саны, қосу немесе алу екі: ақпаратты өңдеу қабілетіміздің кейбір шектеулері жөнінде» (*The Magical Number Seven, Plus or Minus Two: Some Limits on our Capacity for Processing Information*) мақаласын жариялады. Бұл еңбегінде Миллер біздің қысқа мерзімді сандарды (немесе сол сияқты сөздерді, түстерді) есте сақтауға арналған саналы қабілетіміз ақпараттың шамамен жеті «бөлшегімен» шектелгенін көрсетті.

Біз кез келген уақыт бөлігінде өндей алатын ақпарат көлемі осы. Бұл жаңалықтың маңызы мен ықпалы психологиялық ойда әлі бихевиоризм билік құрып тұрған сәтте оның саналы, когнитивті тәжірибелермен айналысуында болып отыр. Сонымен бірге Миллердің «ақпаратты өңдеу» тіркесін пайдалануы адам ақылының компьютерге негізделген моделінің ықпалын көрсетеді.

Когнитивті зерттеулер орталығы

Миллер гарвардтық әріптесі Джером Брунермен (1915) бірге адам ақылын зерттейтін зерттеу орталығын құрды. Миллер мен Брунер университет президентінен ғимарат сұрап, 1960 жылы оларға кезінде Уильям Джеймс тұрған үй берілді. Бұл оларға лайықты орын деп саналды, себебі Джеймс «Қағидалар» (*Principles*) атты кітабында адамның менталды табиғатын сөз еткен.

Жаңа мекемеге ат таңдау оңай іс болған жоқ. Гарвардпен байланыса отырып, орталықтың психологияда жаңа бағыт аша алатындай әлеуеті пайда болды. Олар өздерінің зерттеу нысанын белгілеу үшін «когниция» сөзін таңдап, мекемені «Когнитивті зерттеулер орталығы» деп атауды ұйғарды:

«Біз «когниция» сөзін пайдалану арқылы өзімізді бихевиоризмнен алыстаттық. Біздің ойлау процесіне қатысты бір сөз таңдағымыз келді, бірақ «менталды психология» деген сөз тым ауқымды көрінді. «Парасаттылық психологиясы» антропологиялық зерттеулерді ұсынатын секілді. «Халықтық психология» Вундттың әлеуметтік психологиясына ұқсас болып кетті. Сіз осы көзқарас жиынтығын атау үшін қандай сөз пайдаланар едіңіз? Біз когницияны таңдадық» (quoted in Baars, 1986, p. 210).

Орталықтың екі студентінің кейінірек еске алуы бойынша, сол кезде ешкім оларға когницияның нені білдіретінін, олардың қандай идеяны дамытуы керектігін айта алмаған. Орталық «нақты бір нәрсе үшін ашылмаған; ол басқаларға қарсы болу үшін құрылған. Мән-мағынасы да сол «қарсылығында» болды» (Norman & Levelt, 1988, p. 101). Бұл бихевиоризм емес еді. Басқарушы билік, ықпалды топ немесе сол уақыттың психологиясы емес еді. Орталықтың қызметін анықтай отырып, оның негізін қалаушылар өздерінің бихевиоризмнен қаншалықты өзгеше екенін көрсеткісі келді.

Уақыты келген идея

Біз байқағандай, әрбір жаңа қозғалыс өздерінің ұстанымы мен көзқарасы сол кездегі ой мектептерінен өзгеше екенін көрсеткісі келген. Бұл – өздерінің кім екенін және қандай өзгерістер енгізгелі тұрғанын анықтау үшін міндетті алғашқы кезең. Алайда Миллер уақыт рухына лайықты бағасын берді: «Біздің ешқайсысымыз Орталықтың жетістіктерін сіңірген еңбегінің нәтижесі деп қабылдамауымыз керек. Бұл өзі уақыты келген идея болатын» (Miller, 1989, p. 412).

Бихевиоризмнен ерекшелігіне қарамастан, Миллер когнитивті психологияны ғылымдағы нағыз революция деп қабылдамаған. Ол оны «кеңею» – баяу өсу немесе жинақтау арқылы өзгеру деп атаған. Ол қозғалысты революциялық емес, эволюциялыққа жақын деп қабылдаған. Психология тек ақыл-ойдың проблемаларымен ғана емес, мінез-құлықпен де айналысу керек деп санайтын парасатты психологияға қайта оралу деп қарастырған.

Орталықтағы зерттеушілер қарастырған тақырыптар ауқымы өте кең: тіл, есте сақтау, қабылдау, концептінің қалыптасуы, ойлау және даму (жас) психологиясы. Бұл салалардың көпшілігі бихевиористік сөздіктен алып тасталған. Миллер кейінірек Принстон университетінде когнитивті ғылымдарға арналған оқу бағдарламасының негізін қалады.

1969 жылы Миллер АПҚ президенті болып, «Ғылымға қосқан ерекше үлесі үшін» құрметті атағымен және психологияны қолдану саласында жеткен жетістіктері үшін Америка Психология қорының алтын медалімен марапатталды. 1991 жылы ол Ұлттық Ғылым медалімен, 2003 жылы АПҚ-ның «Психологияға ерекше үлес қосқан» атағымен марапатталды. Орталықта құрылған көптеген когнитивті психология зертханалары және оның соншалықты көп еңбек сіңірген тәсілдемесінің қарқынды дамуы мен рәсімделуі – оның жасап отырған жұмыстарының маңыздылығының тағы бір дәлелі.

Ульрик Найссер (1928–2012)

Аутсайдер

Ульрик Найссер Германияның Киел қаласында дүниеге келді, үш жасында ата-анасымен бірге АҚШ-қа келген. Балалық шағы туралы Найссер: «Мен қыздардан



УЛЬРИК НАЙССЕР

<https://en.wikipedia.org>

қорқатынмын, спортқа қабілетсіз болдым. тіпті дүкенге өзім бара алмайтын едім. Мен өзімді басқалардан аутсайдер (бөлек) санайтынмын. Достарым көп емес еді, мен оларды біртүрлі көретінмін. Бәлкім, өзім де біртүрлі болған шығармын», – деп жазады (2007, р. 272).

Ол колледждегі оқуын Гарвардтан бастап, физика мамандығын таңдады. Джордж Миллер атты жас психология оқытушысына еліктеген Найссер өзін физика қызықтырмайды деп шешті. Ол психологияға ауысып, Миллердің үлгерімі жоғары студенттерге арналған қарым-қатынас психологиясы және ақпараттық теория бойынша курсы оқып шықты. Оған Коффканың «Гештальт-психологияның қағидалары» (*Principles of Gestalt Psychology*) атты кітабы да ықпал еткен.

Найссер 1950 жылы Гарвардта бакалавр дәрежесін алғаннан кейін, Суортмор колледжінде гештальт психологі Вольфганг Келлердің жетекшілігімен магистрлік дәреже алады. Найссер PhD дәрежесін алу үшін Гарвардқа қайта оралып, оны 1956 жылы бітіріп шығады.

Психологиядағы когнитивті тәсілдемеге қызығушылығының артуына қарамастан, Найссер өзінің ғылыми мансап құрғысы келсе, бихевиоризмнен қашып құтыла алмайтынын түсінді. «Бұл сен оқуға тиіс нәрсе еді. Сен сол уақытта барлығын егеу-құйрыққа сынап көрсетпейінше, ешқандай психологиялық феномен шынайы деп қабылданбайтын еді» (Baars, 1986, р. 275). Найссер ғылымдағы алғашқы жұмысын Брэндис университетіндегі Абрахам Маслоу менгерушілік еткен психология кафедрасында бастады. Бұл уақытта Маслоу бихевиористік ілімнен бас тартып, психологиядағы гуманистік тәсілдемені дамытумен айналысуда еді.

Маслоу Найссерді гуманистік психологияға тартуда немесе осы бағытты психологиядағы үшінші күшке айналдыруда жетістікке жете алмады. Алайда ол Найссерге когнитивті психологиядағы өз мақсатын табуына жағдай жасады (кейінірек Найссер психологиядағы үшінші күш – гуманистік психология емес, когнитивті психология деп таласты).

Өзін-өзі тану

Найссер 1967 жылы «Когнитивті психология» (*Cognitive Psychology*) атты кітабын шығарды. Ол кітап өзінің жеке болмысын білдіретінін, яғни өзі қандай психолог болғысы келетінін, өзін анықтаудың талпынысы болғанын айтады. Кітап сонымен қатар психология тарихында айтулы орын алды, себебі ол психологиядағы жаңа тәсілдемені анықтады. Кітап өте танымал болды. Бір күні Найссер өзін когнитивті психологияның «атасы» деп атап жүргенін естіді.

Найссер 40 жылдан кейін: «Көзді ашып-жұмғанша когнитивті журналдар, ойлау және қабылдау процесі бойынша курстар, когнитивті психология бойынша оқу бағдарламалары, әртүрлі конференциялар пайда бола бастады. Өзім барлық жерде «когнитивті психологияның атасы» деп таныстырылатын жұлдызға айналдым. 40 жасқа толмаған жас жігіт үшін бұл бас айналарлық табыс болды», – деп жазады (2007, р. 284).

Бағытты өзгерту

Алайда көп ұзамай, оның өзі жасаған дүниесінен көңілі қалды. Тоғыз жылдан кейін Найссердің «Когниция және шындық» (*Cognition and Reality*) аталатын кітабы (1976) жарық көрді. Бұл жерде ол когнитивті позициялардың тарылып, мәліметтерді шынайы өмірден алудың орнына зертханалық жағдаятқа негізделетініне қанағаттанбайтынын білдіреді. Ол психологиялық зерттеулердің нәтижесі экологиялық тұрғыдан негізделуі керек дегенді айтты. Мұнымен зерттеулердің зертханадан тыс жағдаяттарға жалпылануы тиіс дегенді тұспалдайды.

Сонымен қатар Найссер когнитивті психологтер адамдарға күнделікті өмірде және жұмыста қиындықтарды шешуге көмектесіп, одан жасаған қорытындыла-

рын практикалық мәселелерге қолдана алуы тиіс дегенді баса айтты. Сондықтан адамдардың өмірде өз мәселелерін қалай шешетінін психологиялық тұрғыдан түсінуіне когнитивті психология қозғалысының қосатын үлесі болмашы деген қорытындыға келді. Осылайша, когнитивті психологияны құрған басты тұлға ашық сыншыға айналып, ертеректе бихевиоризмге қарсы шыққаны секілді, бұл қозғалысқа да қарсы шықты.

Найссер Титченердің миы сақталған жерге жақын орналасқан Корнелл университетіндегі кеңсесінде 17 жыл өткізгеннен кейін Атлантадағы Эмори университетіне ауысты. 1996 жылы Корнеллге қайтып келіп, 2012 жылы қайтыс болғанға дейін сонда жұмыс істеді (Cutting, 2012; Martin, 2012).

Сағаттан компьютерге дейін

XVII ғасырда сағаттың әлемге механикалық көзқарастың, кеңірек айтқанда адам ойының метафорасы болғанын екінші тараудан білеміз. Бұл механизмдер кең таралып, сананың қалай жұмыс істейтінінен хабар беретін түсінікті үлгі ретінде қарастырылған. Бүгінде әлемнің механикалық моделі және одан пайда болған бихевиористік психологияны, физикадағы субъективтілікті мойындау және психологиядағы когнитивті қозғалыс секілді, басқа көзқарастар ығыстырған.

Нәтижесінде сағат санаға деген заманауи көзқарастың пайдалы мысалы болудан қалды. XX ғасырдың машинасы – компьютер – біздің моделіміз және сананың жұмысына арналған жаңа метафора ретінде қызмет ету үшін пайда болды. Бір ғылым тарихшысы: «Ақылды қайта реинтродукциялаған (таныстырған) көлік және бихевиоризмнің құлауына әсер еткен маңызды делдал – «ми – компьютер» деген ой. Когнитивті революция туралы тарихи әдебиеттерде бұл пікір үйреншікті болып қалды», – деп жазды (Crowther-Heuck, 1999, p. 37).

Психологтер когнитивті құбылыстарды түсіндіру үшін компьютер операцияларына жүгінді. Жасанды интеллектінің көрінісі делінген компьютерлер көбіне адам терминдермен сипатталады. Есте сақтау қабілеті – жад, бағдарламалық код – тіл, ал жаңа компьютерлер буыны эволюциялы дамып келе жатыр деп айтылуда.

Шындығында, символдармен жұмыс істеуге арналған нұсқаулықтар жиынтығы болып табылатын компьютерлік бағдарламалар адамның ақыл-санасы секілді іс-әрекет етеді деп қарастырылуы мүмкін. Компьютер де, ақыл да қоршаған ортадан ақпарат (сенсорлық тітіркендіргіш немесе мәлімет) қабылдап, өңдейді. Олар бұл ақпаратты қорытып, күрделі әрекеттер арқылы басқарып, сақтап, оны қайта шығарып, сол бойынша әртүрлі жолмен әрекет етеді. Компьютерлік бағдарлама-лау осылайша адамның ақпаратты өңдеу, пайымдау және мәселені шешу процес-терін когнитивті түсінуге негіз болды.

Когнитивті психологтер адамның ойлау процесінің негізінде жатқан символдарды манипуляциялау ретіне қызығушылық танытады. Басқаша айтқанда, олар ақылдың ақпаратты қалай өңдейтінін білгісі келеді. Олардың мақсаты – бізге ойларды түсінуге және білдіруге, ұғымдар мен оқиғаларды есте сақтауға және еске түсіруге, мәселелерді анықтауға және шешуге мүмкіндік беретін ойлау модельдері болып саналатын, біздің әрқайсысымыз жадымызда сақтайтын бағдарламалар ашу.

125 жылдан астам тарихында психологияның зерттеу нысандарының моделі қарапайым сағаттардан – күрделі компьютерлерге дейін дамыды, алайда оның екеуі де механикалық екенін есте сақтау маңызды. Бұл ескі ой мектептерінен жаңаға дейінгі психология эволюциясындағы тарихи сабақтастықты көрсетеді. Біз сонымен қатар компьютерлер эволюциясындағы тарихи сабақтастыққа да куә болып отырмыз.

Заманауи компьютерлердің пайда болуы

Біз бұрынырақ Чарльз Бэббидж бен Генри Холлериттің адам секілді «ойлайтын» машиналар жасаған жұмыстарын көрдік. Алайда заманауи компьютерлер

дәуірінің басталуына алып келген Екінші дүниежүзілік соғыстың бас кезіндегі практикалық мәселе болатын. 1942 жылы АҚШ әскеріне артиллериялық қарумен атқылауы үшін шапшаң есептеудің жылдамырақ жолын табу ауадай қажет болды.

Зенбіректі снаряд нысанаға тиетіндей дәл бағыттау (әлі күнге дейін) қиын процесс болған. Бұл жауынгердің винтовканы дәлдеп, шүріппені басқанынан әлдеқайда қиын. Процестің мына бір сипаттамасын қарап көрейік: «Зенбіректі дәлдеу үшін қаруды бірнеше рет баптауы керек. Бұл артиллериялық снарядтың траекториясына әсер ететін барлық өзгермелілердің есебін жүргізу үшін [математикалық] кестені талап етеді. Өзгермелілер: желдің бағыты және жылдамдығы, ылғалдылық, температура, биіктік, тіпті оқ-дәрінің температура-сы» (Keiger, 1999, p. 40).

Артиллериялық қарудың әрбір түрі үшін баптаулар кітабы жүздеген, тіпті мыңдаған баптаулар кестесінен тұрады. Бір траекторияны жасау 12 сағат үздіксіз және күрделі есептеулерді қажет етеді (Friedel, 2007). Бұл жұмыс соғыс уақытында жаңадан жұмысқа алынған әйелдердің, механикалық есептеуіш машиналардың көмегімен жасалатын. (Бұл жұмысты атқаратын әйелдер «компьютерлер» деп аталатын.) Алайда олар бір жыл бойы артта қалып отырды: талаптарды орындай алмады. Жағдайдың ушыққаны соншалық – қолжетімді атыс кестелері болмағандықтан, кейбір зенбіректер ұрыстардан шет қалып отырды.

Бұл қажеттілік ең алғашқы алып компьютер – Электронды сандық интегратор және есептеуіштің (ENIAC) шығарылуына түрткі болды. Бұл 1943 жылы жасалып біткен таға пішіндес машина болды, «оның имектерінің ұзындығы шамамен 25 метр болып, үлкен үш бөлмені алып жатты. Оның биіктігі шамамен 2,5 метр, салмағы 30 тонна болды. Оның ішінде 17 468 вакуумдық түтік, 10 000 конденсатор, 70 000 резистор, 1 500 реле және 6 000 қолмен ажыратып-қосқыш бар, ондағы электрониканың көптігі сонша – өндірілетін жылуды тарату үшін үлкен желдеткіштер керек болды» (Waldrop, 2001, p. 45).

Бэббидждің есептеу машинасынан менталды операцияларды орындай алатын машиналардың пайда болуына дейін ұзақ уақыт өтті. ENIAC-тың қаншалықты қарапайым болғанын түсіну үшін оны өзіңіздің ноутбугыңыздың немесе смартфоныңыздың мүмкіндіктерімен салыстырып көру жеткілікті. Менталды қызметтерді атқару бойынша машиналардың эволюциясы қарқынды түрде жалғасуда және «бұл машиналар шынайы интеллектіні көрсете ала ма» деген сұрақ міндетті түрде пайда болады.

Жасанды интеллект

Біз когнитивті психологтердің «машиналар жасанды интеллектіні көрсете алады және адамдар секілді ақпаратты өңдей алады» дегенді ұсына келе, компьютерді адамның когнитивті қызметінің моделі ретінде қабылдағанын айтқанбыз. Бұл компьютердің ақыл-парасаты адамның ақыл-парасатымен бірдей дегенді білдіре ме? Компьютерлер ойлай ала ма? XVII ғасырда механикалық ойыншықтар адам қозғалыстары мен сөзін қайталайтын. Ал болашақта компьютерлердің жаңа буыны адамның ойлауын қайталай ала ма?

Бастапқыда компьютер ғалымдары мен когнитивті психологтер жасанды интеллект ұғымын қуана қарсы алған еді. 1949 жылы компьютерлер салыстырмалы түрде әлі қарапайым кезде «Алып Милар» (*Giant Brains*) деп аталатын кітаптың авторы былай деп мәлімдеп еді: «Машиналар ақпаратпен жұмыс істей алады, олар санай алады, қорытынды жасай алады және таңдау жасай алады, ол ақпаратпен саналы операциялар жасай алады. Сол себепті машина ойлай алады» (Dyson, 1997, p. 108).

Алан Тюрингтің өмірі (1912–1954)

Информатиканың әкесі деп жиі аталатын Тюринг (Turing) Англияда туды. Кембриджде білім алды, ғылым докторы дәрежесін Принстонда қорғады. 1942 жылы Англияға оралып, атақты Блетчли-паркіне жұмысқа орналасты. Блетчли-парк – Екінші дүниежүзілік соғыста немістердің өте маңызды ақпарат жіберуге арналған «Энигма» (*Enigma*) шифраторының кодын бұзумен айналысқан өте құпия объект. «Ол «Тюринг бомбасын» жасады. Тюринг бомбасы – Германияның үнемі өзгеріп тұратын *Enigma* шифраторын анықтайтын электронды құрылғы. Сол арқылы құпия хабарламаларды тауып алып, соғыстағы шабуыл жоспарын ашатын» (Temple, 2012).

Тарихшылар Тюрингтің өнертабыстары Екінші дүниежүзілік соғыста одақтастардың жеңуіне көп қызмет еткенін айтады. Тюринг құрылғысы соғыстың аяғына қарай немістің мындаған хабарламасының шифрын ашты. Блетчли-парк соғыстан кейін де 30 жыл бойы құпия болды.

Тюринг және Ақшақар

Тюринг ерекше, эксцентрик адам еді. Таныстарының көбі оны әпенді, қоғамға ебедейсіз жан санады. бұл оны кемсіту де болуы мүмкін. Ол Блетчлидегі жұмысына газтұтқыш тағып, велосипедпен баратын. Мұнысын өсімдіктердің тозанын жұтпау үшін деп түсіндіретін. Велосипедінің шинасы қанша айналым жасайтынын санап жүретін, шай ішетін ыдысын кеңсесіндегі радиаторға кісендеп қоятын.

«Блетчлиде шалбарының белін жіппен байлап алатын, пижамасын пальтосының үстінен киетін, сақал-мұртын сирек басатын, тырнағын сирек алатын» (Leavitt, 2006, p. 176). «Ол Уолт Диснейдің «Ақшақар және жеті ергежейлі» фильмін, әсіресе зұлым патшайымның алманы у құйылған ыдысқа батыратын эпизодын өте ұнататын. Фильмді көргеннен кейін бірнеше жыл бойы сол бір эпизодтағы «Алманы сыраға сал. Ұйқылы ажал келсін» деген сөздерді жиі қайталап жүретін» (Leavitt, 2006, p. 140).

Барып тұрған әдепсіздік

Тюринг соғыстан кейін компьютерлік бағдарлама жасауды жалғастырды, оны алда керемет сый-құрмет күтіп тұрды. Бірақ 1952 жылы оған «барып тұрған әдепсіздік» деген айып тағылды. Тюринг гомосексуалист еді, ал сол кезде бұл қылмыс саналатын. Оны тұтқынға алып, химиялық жолмен кастрациялады, денесіне эстроген гормонын екті. Бұл оны қатты күйзеліске түсірді. Ол екі жылдан кейін, 41 жасында, уға батырылған алма жеп қайтыс болды. Ақшақар туралы фильмнен айырмашылығы – өзіне-өзі қол жұмсады. Британ үкіметі 2009 жылы оның туған-туыстарынан ресми кешірім сұрады. Ал 2013 жылы Элизабет патшайым Тюрингке ресми рақымшылық жариялады. 1986 жылы басты рөлде Дерек Якоби ойнаған «Шифрды оқу» (*Breaking the Code*) спектаклі Тюрингтің өмір жолы және гомосексуализмнен арылуға тырысқаны туралы. 2014 жылы «Имитация ойыны» (*The Imitation Game*) фильмі экранға шықты. Онда Тюрингтің *Enigma* шифраторының кодын бұзғаны көрсетіледі. Рөлдерді Бенедикт Камбербэтч, Кира Найтли, Чарльз Дэнс атты кино жұлдыздары сомдаған.

Тюринг тесті

1950 жылы Алан Тюринг «компьютер ойлай алады» деген тұжырымды тексерудің жолын ұсынды. Ол Тюринг тесті деп аталады. Ол бойынша компьютермен қарым-қатынас жасап отырған субъект машинамен емес, шынайы адаммен қарым-қатынас жасап отырғанына сенуі керек. Егер субъект компьютердің жауабын адамның жауабынан ажырата алмаса, онда компьютердің интеллекті адаммен бірдей деген сөз. Тюринг тесті былай жұмыс істейді:

«Сұрақ қоюшы [субъект] интерактивті компьютер бағдарламасымен екі түрлі «сұхбат» өткізеді. Сұрақ қоюшының мақсаты – екі тараптың қайсысы компьютер арқылы сөйлесіп отырған адам, қайсысы компьютер екенін анықтау. Сұрақ қоюшы екі тарапқа кез келген сұрақ қоя алады. Алайда компьютер сұрақ қоюшыны алдап, өзінің адам екеніне сендіруге тырысады, ал адам өзінің шын мәнінде адам екеніне сендіріп бағады. Егер сұрақ қоюшы компьютерді адамнан ажырата алмаса, онда компьютер Тюринг тестін өткен болып саналады» (Sternberg, 1996, pp. 481–482).

Қытай бөлмесі

Тюринг тестінің түпкі ойымен барлығы келісе қоймады. Ең әсерлі қарсылықтардың бірі – қытай бөлмесі проблемасын алға тартқан америкалық философ Джон Серл (1932) болатын (Searle, 1980).

Жазу үстелінің үстінде отырмын деп елестетіңіз. Алдыңызда тұрған қабырғада екі ойық бар. Сол жақтағы ойықтан бірінен соң бірі қағаз парақтар пайда болып жатыр. Өр парақта қытай иероглифтері бейнеленген. Сіздің міндетіңіз – символдар жиынтығын формасы бойынша кітаптағы символдармен сәйкестендіру. Сәйкес келетін жиынтықты тапқаннан кейін, кітаптағы басқа символдар жиынтығын параққа көшіріп, оң жақтағы ойыққа тапсыру керек.

Бұл жерде не болып жатыр? Сіз өзіңізге берілген нұсқаулыққа (бағдарламаға) ере отырып, сол жақтағы ойықтан сигналдарды қабылдап, оң жақтағы ойыққа жазбаларыңызды ұсынасыз. Егер сіз Америкадағы көпшілік адамдар секілді болсаңыз, онда сіз қытайша жазуды оқып, түсіне алмайсыз. Сіздің істеп отырғаныңыз – бар болғаны механикалық түрде нұсқаулыққа еру ғана.

Егер қабырғаның арғы бетінде қытай психологі отырса, ол сіздің қытай тілін білмейтініңізден хабарсыз болады. Коммуникация сізге қытай тілінде келіп жатыр, сіз оған кітаптан алынған қытай тіліндегі сәйкес жауаптарыңызды қайтарудасыз. Бірақ сіз қанша хабарлама қабылдап, қаншасына жауап қайтарсаңыз да, әлі қытай тілін білмейсіз. Сіз ойланып отырған жоқсыз, тек нұсқаулыққа еріп отырсыз. Бұл жерде сіз интеллекті көрсетіп отырған жоқсыз, жай ғана бұйрықты орындап отырсыз.

Серлдің айтуынша, әртүрлі ақпаратты қабылдап, оған есті түрде жауап бере алатын компьютер бағдарламалары дәл қытай бөлмесіндегі субъект секілді әрекет етеді. Сіздің қытай тілін түсінбейтініңіз секілді, компьютер де өзі қабылдайтын ақпараттарды түсінбейді. Бұл жағдайда адам да, компьютер де қатаң түрде бағдарламалық ережелер жиынтығына сәйкес әрекет етеді.

Тюринг тестін тапсыру

Көптеген когнитивті психологтер «компьютерлер шын мәнінде ақылға ие болмаса да, ақылды секілді кейіп таныта алуы мүмкін» дегенмен келіседі. Алайда осы уақытқа дейін олардың ешқайсысы Тюринг тестінен өте алған жоқ. 1990 жылдан бері жыл сайын Лебнер сыйлығының алтын медалі үшін сайыс өткізіліп келеді. Оның мақсаты – қазылар алқасының 30 пайызын компьютер емес, адаммен қарым-қатынас жасап отырғандығына сендіре алатын компьютер бағдарламасын табу.

2014 жылға дейін ешкім жеңімпаз бола алмады. 2014 жылы қазылардың 33 пайызын «Украинаның Одесса қаласынан келген 13 жасар баламын» деп сендірген бағдарлама қола медальға ие болды (Griffin, 2014; McCoy, 2014). Бұл – Тюрингтің қайтыс болғанына 60 жыл толуына байланысты өткен іс-шарада болған жағдай.

Бірақ кейбір скептиктер мен реалистер біздің «жеңіс» деп жүргеніміздің толық жеңіс емес екенін еске салады. Қазылардың дені сол баланың тірі адам екеніне сенген жоқ. Сондықтан Тюринг тестінің компьютер ойлай алады деуі жорамал ғана, оны үзілді-кесілді жауап деп айта алмаймыз.

Шахмат чемпионы

Олай болса, біз компьютерлер әлі ойлай алмайды деген қорытындыға келуіміз мүмкін. Алайда олар өздерін ойлауға қабілетті етіп көрсете алады. Сондықтан біз шахмат чемпионы Гарри Каспаровты ойсыратқан 1997 жылғы шахмат матчына қайта ораламыз. Оның ұнжырғасын түсіріп, ойынды тастап кетуіне себеп болған нәрсе не десеніздер, бұл – қарсыласының компьютер болуы.

IBM компаниясы шығарған компьютердің аты *Deep Blue* болған. Оның салмағы үш тонна, ал екі бағанасының әрқайсысының биіктігі шамамен екі метр. Ол секундына 200 миллион шахмат позициясын өңдеуге қабілетті еді; үш минутта 50 миллиард жүрісті өңдей алатын. Тіпті ең ұлы шахмат шебері үмітін үзіп, ойынан бас тартса – таң қалмаймыз. Алайда осынша қабілеті бар *Deep Blue*, шынымен, ойлай ала ма?

Жалшылама жауап: жоқ, тіпті олар ойлай алатын секілді құлық танытса да, машиналар ойлай алмайды. Шахмат ойнайтын машиналарға қызығатын, ғылым тақырыбына жазатын британдық жазушы мынадай қорытындыға келді: «Компьютер өнімділігінің үздіксіз жетіліп жатқанына қарамастан, негізгі мақсат болып есептелетін машиналық интеллект бағытында алға жылжу аз. *Deep Blue*, басқа адамдар секілді, шахмат ойнай алатын компьютерді құрастырудың интеллектіге қатысы шамалы екенін көрсетті» (Standage, 2002, p. 241). Компьютердің барлық керемет қабілеттеріне қарамастан, оны адам баласы әлі де алдын ала бағдарламауы қажет.

Каспаров кейінірек: «Адам шығармашылығы мен интуициясын пайдаланып, адам секілді ойланып ойнайтын компьютер жасаудың орнына. [бағдарламашылар] секундына шахмат тақтасындағы 200 миллион ықтимал жүрісті жүйелі түрде бағалай алатын және санды күтірлетіп шайнап тастайтындай қатыгез күш арқылы жеңетін, машина секілді ойнайтын компьютер құрастырды». – деп жазды (Kasparov, 2010, p. 2).

Каспаров 2003 жылы шахмат ойнайтын компьютердің жаңа буыны – *Deep Junior*-ға қарсы ойнады. Матчтың алдында ол былай деген болатын: «Мен бұл жерге бүкіл адам баласының өкілі ретінде келіп отырмын. Мен барымды салатыныма уәде беремін». Бірақ ол тағы да қиындыққа тап болды. «Уайрд» (*Wired*) журналының шолушысы былай деп жазады:

«Каспаровтың күші бітуге аз қалды, ал Deep Junior енді ғана қызып келе жатыр. Қанішер робот секілді, компьютердің тоқтайтын ойы жоқ. Ешқашан. Гарридің шаршағаны бара-бара айқын байқалуда. Ол компьютерді істен шығару үшін және өзі де қателік жіберіп қоймау үшін сабыр сақтап, зейінін шашыратпауға тырысуда, алайда компьютерді істен шығару мүмкін емес секілді. Ол мұны елеп те жатқан жоқ» (wired.com/news.7/6/2006).

Каспаров 3:3 тең есепке келіскен кезде, көрермендер оған ысқырып, наразылық танытты. Қалай болғанда да, бұл ойын жасанды интеллектінің әлі күрделі – адам интеллектінің деңгейіне жетпегенін көрсетті.

Бірнеше жылдан кейін голланд шахматшысынан: «Компьютерге қарсы матчқа қалай дайындалып келесіз?» – деп сұрағанда, ол: «Мен балта алып келемін», – депті (Brynjolfsson & McAfee, 2014, p. 189).

Когнитивті психологияның болмысы

Біз когнитивті факторлардың Альберт Бандураның және Джулиан Роттердің элеуметтік үйрену теориясына қосылуы Американың бихевиоризмін өзгерткенін 11-тарауда айтқан едік. Бүгінде когнитивті қозғалыс бихевиористік психологияға ғана ықпал етіп отырған жоқ. Зерттеушілер когнитивті факторларды барлық дерлік: элеуметтік психологиядағы атрибуция теориясы, когнитивті диссонанс теориясы, мотивация және эмоция, тұлғаның мінез ерекшеліктері, оқып үйрену,

қабылдау, мәселелерді шешу, жасампаздық, адам интеллектісіндегі және жасанды интеллектіндегі ақпаратты өңдеу салаларында есепке алады. Клиникалық, коммуналдық, мектеп және өндірістік-ұйымдастырушылық психология секілді, қолданбалы салалар да когнитивті факторлардың ықпалына ұшыраған.

Когнитивті психологияның бихевиоризмнен бірнеше айырмашылығы бар. Біріншіден, когнитивті психология жай стимулға жауап берудің орнына ұғыну процесіне көңіл бөледі. Маңызды факторлар – стимул-жауап байланыстары емес, ойлау процестері мен оқиғалар, мінез-құлыққа емес, санаға көңіл бөлу. Бұл когнитивті психологтер мінез-құлықты елемейді деген сөз емес, алайда мінез-құлықтық жауаптар олардың зерттеулерінің жалғыз нысаны емес екенін білдіреді. Мінез-құлықтық жауаптар олармен бірге жүретін менталды процестер жөнінде тұжырым және қорытындылар жасаудың көзі болып табылады.

Екіншіден, когнитивті психологтер сананың тәжірибені қалай құрылымдайтынын немесе ұйымдастыратынын білгісі келеді. Гештальт психологтері, сонымен қатар Пиаже саналы тәжірибелерді (сезімдер және қабылдау) мағыналы бүтіндерге және құрылымдарға (паттернер) ұйымдастыру туа біткен бейімділік дегенді қолдайды. Сана менталды тәжірибелерге пішін және үйлесімділік береді: осы процесс – когнитивті психологияның зерттеу нысаны. Британ эмпириктері мен ассоцианистері және олардың XX ғасырдағы ізін басушы скиннерлік бихевиористер «сананың туа біткен ұйымдастырушылық қабілеті жоқ» деп сендірді.

Үшіншіден, когнитивті психологтер тұлға қоршаған ортадан қабылдайтын стимулдарды белсенді түрде және жасампаздықпен ретке келтіреді дегенге сенеді. Белгілі бір оқиғаларға саналы түрде қатысып және оны жадымызда сақтауды қалай отырып, біз білім алу, оны қолдану процесіне қатыса аламыз. Бихевиористер айтқандай, біз сыртқы күштерге пассив жауап беруші немесе сезімдік тәжірибелер жазылып отыратын бос ақ парақ емеспіз.

Когнитивті нейробиология

Адам миының қызметтерін карталау бойынша зерттеулер XVIII, XIX ғасырлардағы Холл, Флуранс және Броканың еңбектерінен бастау алады (3-тарауды қараңыз). Экстирпация және электрлік ынталандыру секілді әдістерді пайдалана отырып, ертеректегі психологтер мидың әртүрлі когнитивті функцияларды басқаратын арнайы бөліктерін анықтауға талпынған.

Бұл ізденіс бүгінгі күні когнитивті психология мен нейробиологияның қосындысы – когнитивті нейробиология деп аталатын салада жалғасып жатыр (Spear, 2007). Бұл саланың мақсаттары – «ми қызметтері менталды белсенділікке қалай алып келетінін» анықтау және «ақпаратты өңдеудің нақты аспектілерін мидың нақты бөліктерімен байланыстыру» (Sarter, Bernston, & Cacioppo, 1996, p. 13).

Когнитивті нейробиологияның зерттеушілері миды карталауда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді, бұл көбіне күрделі визуализациялау әдістерін дамыту мен пайдалану нәтижесінде мүмкін болды. Мысалы, электрэнцефалограмма (ЭЭГ) мидың жеке бөліктеріндегі электрлік белсенділіктердің өзгерістерін тіркейді. Компьютерлік аксиалды-томографиялық сканерлеу мидың егжей-тегжейлі көлденең қимасын көруге мүмкіндік береді.

Магнитті-резонанстық томографиямен (МРТ) сканерлеу мидың үш өлшемді суретін шығарып береді. Бұл әдістер қимылсыз суреттерді шығаратын болса, позитронды-эмиссиондық томографияның (ПЭТ) скандары әртүрлі когнитивті белсенділіктерді олардың пайда болу барысында тірі сурет түрінде көрсетеді. Осы және басқа да визуализациялау тәсілдері ғалымдарға бұған дейін қолжетімсіз болған белгілі деңгейдегі нақтылық пен дәлдік деңгейін қамтамасыз етті.

Бұл жаңа френология ма?

Түрлі когнитивті және мінез-құлықтық функцияларды мидың қай бөлігі бақылайтынын анықтауда үлкен қадамдар жасалуда. Бұл саланы жаңа френология (әзіл-шыны аралас) деп атады. Үшінші тарауда айтқанымыздай, адамның миын бассүйектегі «шұңқыр-қыраттарды» сезіп «оқу» XIX ғасырда Еуропада да, АҚШ-та да кеңінен танымал болды.

Қазір XIX ғасырда нейро-ғалымдар өздерінің жаңа құралдарын түрлі жеке қасиеттер мидың әртүрлі аймақтарында орналасқан деген идеясын қайта қарауда және зерттеуге пайдалануда (Wray, 2010) Мысалы, экстраверсия, адалдық және жұмсақ мінез секілді жеке қасиеттер МРК-ның көмегімен мидың сол аймағын дәйекті түрде зерттеу арқылы табылған. Басқа зерттеулер мидың депрессиямен байланысты белгілі бір бағыттарын анықтауда (Kandel, 2013).

Ойлау мүмкін ете алады

Когнитивті нейрофизиологтер адамның миы компьютерді басқара алатынын көрсетті. Ой электронды импульстердің көмегімен қимылға айналдырылады. Бұл мүмкіндік алғаш рет соңғы үш жыл бойы сал болып жатқан 25 жасар жігітті мысалға ала отырып көрсетілді. Оның ми қабығының қимылға жауап беретін бөлігіне орнатылған электронды сенсорлар компьютермен байланыстырылып, оған компьютерді ғана емес, сонымен қатар теледидарды және роботты басқаруға мүмкіндік берді, мұның барлығы оның ойының көмегімен ғана жүзеге асып отыр.

Ол бір минуттың ішінде компьютердің курсорын қимылдатуды үйренді, бұл оған электронды поштаны ашуға, роботтандырылған қолдың көмегімен заттарды қимылдатуға, қарапайым видеоойындарды ойнауға және экранда қисық дөңгелек салуға мүмкіндік берді. Ол басқаруды сол әрекет туралы ойлау арқылы, яғни соны қалау арқылы немесе сол әрекетті істеуге ниеттену арқылы жүзеге асырды. Әрине, ол ештеңені қолмен басқара алмады.

Нейробиологияның нейропротездеу деп аталатын іс жүзіндегі қолданысы осы секілді мүгедектігі бар адамдар бір күні айналасындағы заттарды басқарып, пайдалана алады деген үміт сыйлайды (Hochberg et al., 2006; Isa, Fetz, & Muller, 2009; Pollack, 2006).

Басқа бір экспериментте субъект басқа адамның қолының қозғалысын бақылау үшін Интернеттен мидың сигналын жібере алды. «Жіберуші» өзінің компьютерінде видеоойын ойнады. Іс-әрекетті экранда бастау үшін оған оң қолымен қозғалыс жасау керек болғанда қолын қозғалтып жатқанын елестетіп, өзі оны қимылдайтпай ұстап тұрды. Кампуста моторлы қозғалтқыштың үстінен электрлік ынталандыру катушкасын киген басқа субъект өзінің оң қолының сұқ саусағының видеоойындағы бірінші субъект істеп тұрған қимылды көрсету үшін пернетақта үстімен еріксіз жылжып бара жатқанын байқады (Armstrong & Ma, 2013).

Интроспекцияның оралуы

Когнитивті психологтердің саналы тәжірибелерді қабылдауы оларды ғылыми психологияның бірінші тәсілдемесі, Вундт бір ғасыр бұрын енгізген – интроспективті әдісті қайта қарастыруға мәжбүрледі. XX ғасырдың соңында бір психолог Вундт немесе Титченер айтқан мәлімдеменің ішінен айқын мына деректі атап өткен еді: «Егер бір саналылықты зерттегіміз келсе, біз интроспекция мен интроспективті есепті пайдалануымыз керек» (Farthing, 1992, p. 61). Одан беріректе тағы бір психолог: «Интроспекция психология үшін ауадай қажет», – деп, оның айтқанын қуаттайды (Locke, 2009, p. 24).

Психологтер интроспективті есептерді объективті және статистикалық талдауға икемді ету үшін оларды сандық жағынан бағалауға талпыныс жасады. Тәсілдемелердің бірі – ретроспективті феноменологиялық бағалау барысында

субъектіге, алдыңғы стимулдық жағдаятқа жауап қата отырып, өз субъективті тәжірибелерінің қарқынын бағалауға тапсырма беріледі. Басқаша айтқанда, субъект бұған дейін берілген стимулдарға жауап қату барысында пайда болған субъективті тәжірибелерін өткенге қарай отырып бағалайды.

Жетекші когнитивті психолог интроспекцияның кең қолданылып қана қоймай, сонымен бірге интроспекция арқылы белгілі болған саналы жағдайлар «көп жағдайда адамдардың мінез-құлқының жақсы жаршысы» болатынын атап өткен (Wilson, 2003, p. 131).

Интроспекция заманауи психологиядағы ең жиі пайдаланылатын ғылыми әдіс болғанымен, тіпті оның ең берілген жақтаушылары да ғылыми негіздеу жағына келгенде шектеулер бар екенін мойындайды. Мысалы, кейбір субъектілер зерттеушілердің көңілін қалдырмау үшін оларға, өздері естігісі келеді-ау деген жауапты беру арқылы, қоғам қалайтын интроспективті есеп беруі мүмкін. Интроспекцияға қатысты тағы бір мәселе – субъект терең бейсанада жатқандықтан, психологтерді қызықтырып отырған тақырып бойынша өздерінің кейбір ойлары мен сезімдерін еске түсіре алмауы мүмкін.

Бейсананың когнитивтілігі

Саналы менталды процестерді зерттеу бейсана когнитивті белсенділікке деген қызығушылықтың қайта жаңаруына алып келді. «100 жыл бойы елемеушілік, күмәндану және түнілуден кейін бейсана процестер қазір психологтердің ұжымдық санасын берік жаулады» (Kihlstrom, Barnhardt, & Tataryn, 1992, p. 788). Психологтер көбінесе бейсана кезінде ойлануды, ниетті және саналы ұғынуды қажет етеді деген көптеген қызметтерді атқаруға шамасы келетінімен келісуде. Зерттеулер біздегі ойлау мен ақпаратты өңдеудің көпшілігі алдымен бейсанада жүзеге асатынын көрсетеді, себебі ол саналы ақылға қарағанда тезірек және тиімді жұмыс істеуі мүмкін (Bargh & Morsella, 2008; Hassin, Uleman, & Margh, 2005; Wilson, 2002).

Бұл бұрынғы бейсана емес

Дегенмен бұл – Фрейд айтқан, санаға тек психоанализ арқылы әкелінген, басып-жаншылған тілектері мен естеліктері асып-тасыған бейсаналық ақыл емес. Жаңа бейсана көбінесе эмоциялы емес, рационалды болып келеді және стимулға жауап беруде когницияның бірінші сатысына қатысады. Сол себепті бейсана процестер оқып-үйренудің негізгі бөлігі және эксперимент арқылы зерттеледі.

Когнитивті бейсананың заманауи түрін психоаналитикалық (және сезбеушілік, ұйқылы, коматозды физикалық күйлер) түрінен ажырату үшін кейбір когнитивті психологтер «бейсаналық» деген терминді пайдаланады. Жалпы алғанда, когнитивті зерттеушілер көп адамдардың ойлау процесі бейсана деңгейінде жүзеге асатынына келіседі.

Ақылды бейсана

«Қазір бейсана алғашқы ойдан ақылдырақ болып шықты, ол күрделі вербалды және визуалды ақпаратты өңдеуге, тіпті болашақ оқиғаларды алдын ала сезуге (және жоспарлауға) қабілетті... Бейсана енді жай ғана стимулдар мен импульстердің қоймасы емес, ол мәселені шешуде, гипотезаны тексеруде, шығармашылықта маңызды рөл атқаратын болды» (Bornstein & Masling, 1998, p. xx)

Тұтынушының сатып алудағы мінез-құлқын зертханада эксперимент жүргізіп зерттеу де, бақылап зерттеу де бейсана ойдың (бұл жерде «зейінсіз ойлану» деп аталады) шығармашылдығы жоғарырақ және көптүрлі екенін көрсетті. Тұтынушының сатып алған затына қанағаттануына саналы ойдан гөрі бейсана ой

көбірек әсер ететіні байқалды (Dijksterhuis, Bos, Nordgren, & van Baaren, 2006; Dijksterhuis & Meurs, 2006).

Бейсана қабылдауды зерттеудің танымал тәсілдемесі сублиминалды қабылдауды (немесе сублиминалды іске қосуды) қамтиды, ол бойынша стимулдар субъектінің саналы ұғыну деңгейінен төмен деңгейде беріледі. Субъект стимулды ұғынбаса да, стимул субъектінің саналы процестері мен мінез-құлқын іске қосады. Осылайша, зерттеудің осы түрі біз естімейтін немесе көрмейтін стимулдардың бізге әсер ете алатынын көрсетеді.

Осы және басқа да жаңалықтар когнитивті психологтерді білім алу процестерінің (зертханалық жағдайда және одан тыс) саналы және бейсана деңгейлерде жүзеге асатынына және оқу процесіне қатысатын ойлау әрекеттерінің көпшілігі санасыз деңгейде жүретініне сендірді (Baumeister, Masicampo, & Vohs, 2011).

Жануартану

Когнитивті психологтер саналылықты тек адамдарға ғана емес, сонымен қатар жануарларға қатысты да жаңғыртты. Жануарлар психологиясы мен салыстырмалы психология 1880–1890 жылдары Романес және Морган баяндаған жануарлардың менталды өмірін бақылаудан бастап, 1950–1960 жылдары скиннерлік бихевиористердің механикалық стимул-жауап зерттеулері арқылы қазіргі когнитивті психологтердің саналылықты қайта жаңғыртуына дейінгі толық айналымды өтіп шықты.

Жануарларға саналылық қасиетін қайтару 1998 жылы «Жануартану» (*Animal Cognition*) журналының шыға бастауымен ресми мәртебеге ие болды. 2014 жылы АПК-ның «Эксперименттік психология журналы: жануарлардың мінез-құлық процестері» (*The Journal of Experimental Psychology: Animal Behavior Processes*) аталатын журналы жануарлар когнициясының маңызын мойындау үшін өз атауын өзгертті. Ол енді «Эксперименттік психология журналы: жануарларды зерттеу-тану» (*The Journal of Experimental Psychology: Animal Learning and Cognition*) деп аталады (Miller, 2014). Жаңа атауда мінез-құлық туралы ештеңе айтылмағанына назар аударыңыз.

1970 жылдардан бері жануар психологтері «жануарлар өздерінің құлықтарын бейімдік ұйымдастыру мақсатында шынайы өмірдегі кеңістіктік, уақыттық және каузалды құрылымдардың символикалық репрезентацияларын қалай кодтап, өзгертіп, есептеп және манипуляция жасайтынын» көрсетуге тырысып келеді (Cook, 1993, p. 174). Басқаша айтқанда, адамдарда бар деп қарастырылған компьютер секілді ақпаратты өңдеу жүйесі жануарларда да зерттелді.

Жануарлардың жады күрделі және икемді екені, және кейбір когнитивті процестердің адамдарда да, жануарларда да бірдей жұмыс істейтіні көрсетілді. Зертханалық жануарлар әртүрлі және күрделі ұғымдарды үйрене алады. Олар символдарды кодтау және ұйымдастыру, кеңістік, уақыт және сандар туралы абстракцияларды құру, себеп-салдарлық қатынастарды ұғыну секілді ойлау процестерін орындай алады. Сонымен қатар олардың еңбек құралдары мен басқа да аспаптарды пайдалануы және сол құралдарды әртүрлі жағдайларда пайдалана алу үшін бейімделу қабілеті оларда негізгі пайымдау қабілетінің бар екенін көрсетеді (Bania, Harris, Kinsley, & Boysen, 2009; Wynne, 2001).

Жәндіктерден бастап сүтқоректілерге дейінгі (аралар, шошқалар, егеуқұйрықтар, кептерлер, шимпанзелер, тотықұстар, дельфиндер және қарғалар) жануарларды зерттеу жануарлардың әртүрлі когнитивті қызметтерді атқара алатынын көрсетеді. Олар когнитивті карталар жасай алады, басқалардың себептерінің ұғына алады, өткен тәжірибені ескере отырып, жоспарлай алады, сандар ұғымын түсіну және ойлану арқылы мәселелерді шеше алады (Emery & Clayton, 2005; Pennisi, 2006).

Көптеген зерттеулер тотықұстар мен иттердің 2–5 жасар баланың деңгейінде ойлауға қабілетті екенін көрсетті. Шошқалар джойстик арқылы видеоойындарды ойнап, артында тұрған азықты табу үшін айнаны пайдалана алады. Бал аралары адамдардың түрін ажыратуды үйрене алады (Avargues-Weber, Portelli, Benard, Dyer, & Giorfa, 2010; Broom, Sena, & Moynihan, 2009; Jayson, 2009; Pepperberg, 2008).

Жануарлардың ойлай алу мәселесі: жақтастар мен қарсыластар

Бірақ, өздеріңіз ойлағандай, жануарлардың когнитивиясы жөніндегі ой әлі де карама-қайшы. Кейбір жануар психологтері «жануарлардың танымы адам танымы деңгейінде қызмет етеді» деген, жалпылауды қолдайтындай жеткілікті зерттеу нәтижелері жоқтығын айтады. XVII ғасырда Декарт ұсынған, адам мен жануардың қызмет етуі арасындағы алшақтық әлі де өзекті.

Бихевиористік психологтер жануарлардағы да, адамдардағы да саналылық ұғымын әлі де мойындамай отыр. Бір бихевиорист когнитивті жануарлар психологтері туралы: «Олар – бүгінгі күннің Джордж Романесі. Жануарлардағы есте сақтау, пайымдау және саналылық туралы болжам жасау жүз жыл бұрын болғаны секілді, әлі де күлкілі нәрсе». – деп еді (Baum, 1994, p. 138).

Атақты тарихшы оған қайшы пікір ұсынды:

«Жануарлар саналылықтың байқалатын барлық аспектілерін көрсете ала ма? Биологиялық дәлелдер оған нақты «иә» деп жауап береді. Онда олардың субъективті жағы да бар шығар? Ұзақ және үздіксіз өсіп келе жатқан ұқсастық тізімін, дәлелдердің салмағын ескерсек, мұның жауабы да көбірек «иә» дегенге тартып бара жатқан сыңайлы. Менің айтмайын дегенім: қазір ғылыми қауымдастық осы көзқарасқа қарай ауытп келе жатыр. Негізгі фактілер, ақыры, өз орнын тапты. Біз – әлемдегі жалғыз саналы жаратылыс иесі емеспіз» (Baars, 1997, p. 33).

«Егер жануарлар саналы болса, адам секілді танымдық қызметтерді атқара алатын болса, онда олар да мінез-құлқы сипатын көрсете ала ма» деген орынды сұрақ пайда болады. Көптеген психологтер бұған «иә» деп жауап береді.

Жануарлардың мінез-құлқы

Психологтер 1990 жылдардың басында Вашингтон штатының Сиэтл қаласында орналасқан океанариумдағы 44 қызыл сегізаяқты зерттеуге шешім қабылдады. Себебі ондағы ғалымдар мен бақылаушылар олардың мінездері әртүрлі екенін байқаған. Олар жануарларға өз мінездеріне сәйкес ат беріп қойған еді. Ұялшақ ұрғашы сегізаяққа жазушы Эмили Дикинсонның аты берілген. Тағы біреуі соншалықты агрессиялы және шатақ мінезді болғаны сонша – оған 1970 жылдардағы *Blood, Sweat & Tears* тобының рок мәнеріндегі әні құрметіне Лукреция МакИвэл деген ат берілген (Siebert, 2006).

Психологтер сегізаяқтардың мінез-құлқын үш эксперименттік жағдайда зерттеп, олардың үш фактор – белсенділік, әрекет қабілеттілігі және жалғару – бойынша ерекшеленетінін тапты. «Сегізаяқтардың тұлғасы, яғни жеке-дара мінез ерекшеліктері бола ма?» – деген сұраққа, олардың жауабы сенімді түрде «иә» болатын (Mather & Anderson, 1993).

Сол зерттеуден кейінгі басқа да зерттеулер балықтар, өрмекшілер, үй жануарлары, қорқаулар, шимпанзелер және иттер секілді көптеген жануарларда жеке мінез сипаттарының бар екенін анықтады. Мысалы, хайуанаттар бағындағы қорқауларды бақылаған қараушылар оларда адамға тән ашушандық, көпшілдік, әуестік және табандылық секілді қасиеттердің бар екенін байқаған. Қойлар әрі ұяң әрі батыл, осы сипат олардың мінез-құлқын анықтайды.

Тышқандар басқа тышқан қиналса, аяушылық білдіреді; бұл қасиет дельфиндерде, пілдерде және шимпанзелерде де байқалады. Экстраверсия мен көңілшілік деңгейі жоғары және невроз деңгейі төмен деп бағаланған орангутандардың субъективті әл-ауқат деңгейі де жоғары болған. Ал иттердегі мінез ерекшеліктері адамдардікіне ұқсас деп бағаланған (see Gosling, Kwan, & John, 2003; Hirayoshi & Nakajima, 2009; Miller, 2006; Sibbald, Erhard, McLeod, & Hooper, 2009; Siebert, 2006; Weiss, King, & Perkins, 2006).

«Жануарлардың мінез-құлқы туралы зерттеулердің пайда болуына байланысты, біз құстар мен жануарлар және олардың құлықтық ерекшеліктері туралы көбірек мәлімет алумен қатар, олардың адамдарға және адамның мінез-құлықтарына ұқсастықтарын да тауып жатырмыз» (Siebert, 2006, p. 51). Егер жануарлар ақпаратты саналы өңдеуде, темпераментте және жеке мінез ерекшеліктері бойынша адамдарға соншалықты ұқсас болса – бұл барлық тірі жаратылыстардағы эволюция маңыздылығының қосымша дәлелі бола ала ма? Эволюциялық психологияның салыстырмалы түрдегі жаңа саласы осы сұрақты зерттеуге бағытталған.

Когнитивті психологияның қазіргі ахуалы

Біз эксперименттік психологиядағы когнитивті қозғалыста және гуманистік психология мен Фрейдтен кейінгі психоанализ аясындағы саналылықтың психология пайда болған кездегі иеленген орталық позициясына қайта оралғанын көреміз. Психологияның зерттеу нысанының басым назары Вундт және Титченердің субъективтісінен Ватсон мен Скиннердің объективтісіне, одан кейін қайтадан субъективті оқиғаларға ауғанын көрсетеді. Саналылық берік және шешімді жолмен қайта оралды.

Табыстың белгілері

Когнитивті психология ой мектебі ретінде жетістіктің барлық сипаттарына ие болды. 1970 жылдары, он жылдың ішінде, қозғалыстың артынан ерушілердің көп болғаны сонша – олар өз журналдарын шығара бастады: «Когнитивті психология» (*Cognitive Psychology*) (алғаш рет 1970 жылы басылып шақты), «Когниция» (*Cognition*) (1971), «Когнитивті ғылым» (*Cognitive Science*) (1977), «Когнитивті терапия және зерттеулер» (*Cognitive Therapy and Research*) (1977), «Менталды бейнелер журналы» (*Journal of Mental Imagery*) (1977) және «Есте сақтау және когниция» (*Memory and Cognition*) (1983). «Саналылық және когниция» (*Consciousness and Cognition*) 1992 жылдан бастап және «Сананы зерттеу журналы» (*Journal of Consciousness Studies*) 1994 жылдан бастап шығарыла бастады. 2010 жылға қарай когнитивті психологияның әртүрлі аспектілерімен айналысатын 40-тан астам журнал шығатын болды.

Джером Брунер бірде когнитивті психологияны «біз әлі жете түсіне қоймаған революция» (Bruner, 1983, p. 274) деп сипаттаған еді. Нобель сыйлығының лауреаты, ғалым Роджер Сперри психологиядағы бихевиористік және психоаналитикалық төңкерістермен салыстырғанда, когнитивті немесе сана революциясы «ен батыл төңкеріс, бәрін қайта қарастырып, ең көп өзгеріс әкелген» революция болғанын айтты (Sperry, 1995, p. 35).

Когнитивті психологияның ықпалы психологтерді қызықтыратын көптеген салаларда сезіледі. Сонымен қатар когнитивті психологтер ақылдың білімді қалай алатынын зерттеуде бірегей, көпсалалы тәсілдеме қолдану үшін бірнеше ірі пәндердің жұмысын біріктіріп, кеңейтуге талпынды. Когнитивті ғылым деп аталып кеткен бұл ұстаным когнитивті психология, лингвистика, антропология, философия, компьютер ғылымдары, жасанды интеллект және нейробиологияның қосындысы болып табылады.

Джордж Миллер мұндай әртүрлі салалардың біріге алатынына күмәнмен қараса да (ол когнитивті ғылым дегеннің орнына когнитивті ғылымдар дегенді ұсынды), мультидисциплинарлық тәсілдеменің дамып келе жатқанына ешкім күмәнданбайды. Когнитивті ғылым зертханалары мен институттары АҚШ-тың барлық университеттерінде ашыла бастады, кейбір психология факультеттері когнитивті психология факультеттері деп өзгертілді. Қалай аталса да, когнитивті әдістеме менталды құбылыстар мен менталды процестерді зерттеуде психологияда және онымен байланысты басқа да пәндерде басымдыққа ие болды.

Бұл жаңа тәсілдеменің өзінің ізашары – бихевиоризмге жалғыз ұқсастығы эксперименттік әдісті пайдалануында. «Когнитивті психологтер ақылды зерттеу үшін пайдаланатын әдістер – бихевиористердің ақылды елемей, мінез-құлықты зерттеуге пайдаланған әдістерімен бірдей» (Marken, 2009, p. 137).

Жағдаяттық когниция (таным)

Когнитивті психологияның *жағдаяттық когниция* деп аталатын, соңғы кезде пайда болған тармағы ми белсенділігінде және сезу мен қабылдауда табылған танымның физикалық аспектілерін мойындайды. Бұл қабылдау және қозғалыс реакциясы жүйесі мида жүретін танымдық процестерге ықпал етіп, оны бағыттауының және көп жағдайда анықтайтынын білдіреді. Сол себепті «ақыл сыртқы әлеммен қатынасқа түсетін физикалық денеге қатыстылығы тұрғысынан түсінілуі керек» (Wilson, 2002, p. 625).

Мысалы, зерттеулер қарапайым ыстық немесе салқын кофе құйылған ыдысты ұстап тұру біздің басқа адамның мінез ерекшелігін бағалауымызға қалай әсер ететінін көрсетті. Салқын кофені ұстап тұрған адамдар ыстық кофе ұстап тұрған адамдардан басқаша баға берген. Басқа бір зерттеуде ауыр және жеңіл бумаларды ұстап тұру колледж студенттерінің шет ел валютасының құнын қалай бағалайтынына әсер еткен. Ауыр буманы ұстап тұрғандар жеңіл буманы ұстап тұрғандарға қарағанда валютаның құнын көбірек деп санаған. Осылайша, физикалық сигналдар жағдаятқа контекст беріп, ойлау процесіне әсер етті, бұл біздің ақпаратты өңдеуіміз ақылды ғана емес, денемізді де қамтиды деген тұжырымды қуаттайды (Jostmann, Lakens, & Schubert, 2009; Miles, Nind, & Macrae, 2010).

Когнитивті жүктеме

Когнитивті психологиядағы тағы бір маңызды тақырып – когнитивті жүктеу (шамадан тыс міндет жүктеу). Ол көп атқарымдылық деген атпен белгілі әрекеттермен айналысады. Зерттеулер әртүрлі электронды суреттер мен тапсырмаларды орындаған колледж студенттерінің оқу үлгерімі нашар болатынын көрсетті. Көп тапсырма атқаратындар зейінін бір мәселеге шоғырландыра алмайды. Олардың зейіні тез шашырап кетеді, бір тапсырмадан екіншісіне ауытқып отырып, ақпаратты ұйымдастыруда қиналады (Ophir, Nass, & Wagner, 2009). «Көп жұмыс атқаратындар барлық жұмысты шала істейді», – дейді зерттеушілердің бірі (Pennebaker, 2009). Бұл кампустан шығып келе жатқан колледж студенттерінің көпшілігі (1-тараудың басында берген мысалдағы) сайқымазақты неге көрмегенін түсіндіреді.

Он бір және жиырма бес жас аралығындағы білімгерлердің үлкен тобын салыстыру кезінде 11 жастағылардың когнитивті жүктемесі колледждегілермен салыстырғанда әлдеқайда аз болды. Демек, когнитивті жүктеме жасына байланысты жоғарылайды (Muttay & Thomson, 2011).

Когнитивті қозғалыстың сыншылары

Революция қай сәтте болса да, оған сын айтушылар әрқашан дайын болады. Мысалы, скиннерлік бихевиористердің көпшілігі когнитивті қозғалысқа қар-

сы шықты. Тіпті оны қолдайтындары да когнитивті психологтердің көпшілігі келіскен немесе маңызды санаған ұғымдардың аз екенін және терминология мен анықтамаларда қайшылықтар сақталғанын айтып, оның әлсіздіктері мен шектеулерін көрсетіп отырды.

Тағы бір сын пікір – мотивация мен эмоция секілді, ой мен мінез-құлыққа әсер ететін факторлардың орнына танымға тым көп зейін қоюға байланысты. Мотивация мен эмоцияға арналған кәсіби әдебиеттер көлемі соңғы бірнеше онжылдықта күрт төмендеген, ал таным бойынша басылымдар көбейген. Ульрик Найссердің пайымдауынша, мұның нәтижесі психологиядағы тәсілдемелердің аясының тарылуына және тиімсіз болуына алып келеді.

«Адамның ойлауы албырт және сезімтал келеді, адамдар күрделі мотивтер арқылы әрекет етеді. Компьютер бағдарламалары оған керісінше, ешқандай сезімсіз, бір іске берілген және ойы бірбеткей келеді» (Neisser, quoted in Goleman, 1983, p. 57). Ол бихевиоризмнің таза мінез-құлықпен ғана шектеліп қалғаны секілді, когнитивті психология да ойлау процестерімен ғана шектеліп қала ма деген қауіп білдірді.

Когнитивті психология әлі аяқталған жоқ. Ол әлі де даму үстінде болғандықтан, оның жалпы үлесі туралы айту әлі тым ерте. Ол шыңына жеткен басқа да ой мектептерінің сипаттарына ие: жеке журналдары, зертханалары, жиындары, өзіне тән терминдері, ой-пікірлері және ізбасарларының үлкен талабы бар.

Кезінде функционализм мен бихевиоризмді қалай талқыласақ, қазір когнитивизмді де дәл солай талқылаймыз. Кезінде басқа мектептер жеткен жетістікке когнитивті психология да жетті, психологияның негізгі бағытына айналды. Ал бұл – табысқа жеткен барлық қозғалыстар мен революциялардың табиғи даму жолы.

Эволюциялық психология

Эволюциялық психология «когнитивті революцияның екінші толқыны» деп аталды (Cosmides & Tooby, 2013, p. 201). Осыған байланысты, бірінші толқын сана мен жасанды интеллектіге жаңаша баса назар аудару болып саналады. Эволюциялық психология «адамдар – өткен ұрпақтардың аман қалуына жағдай жасаған жолмен жүріп-тұруға, ойлауға, сезінуге және үйренуге эволюциямен бағдарланған биологиялық жаратылыстар» дейді. Бұл тәсілдеме «белгілі бір құлықтық, танымдық және сезімдік бейімділігі бар адамдар аман қалуға, бала көтеруге және оны бағуға шамасы келеді» деген тұжырымға негізделеді.

Бір эволюциялық психолог айтқандай: «Жерін қорғаған, бала баққан және басымдыққа талпынған адамдар оларға керісінше мінез-құлықтағы адамдарға қарағанда жақсырақ көбейген. Нәтижесінде олардың соңғы ұрпақтарында, яғни қазіргі буынның өкілдерінде құлықтық бейімділіктің барлығы сақталған» (Funder, 2001, p. 209). Сол аман қалуға жағдай жасаған мінез-құлықтардың гендері «ұрпақтан-ұрпаққа тараған, себебі олар икемді, аман қалуға немесе жетістікке жетуге көмектескен және, ақыр соңында, кең тарап, стандарт құралға айналған» (Goode, 2000, p. D9).

Оқып-үйренуден де маңызы ерек биология

Бұл көзқарас бойынша, біздің адам болып қалыптасуымызда биологияның рөлі оқып-үйренуден анағұрлым маңызды. Эволюциялық психологтер әлеуметтік және мәдени күштердің үйрену арқылы біздің мінез-құлқымызға әсер ететінін мойындай отырып, бізде эволюциямен қалыптасқан туа біткен құлықтық бейімділіктер бар деді.

Эволюциялық психология төрт негізгі тұжырыммен айналысады:

1. Барлық психологиялық процестер белгілі бір негізгі деңгейде эволюциялық процестерден пайда болған немесе соның арқасында іске асады.

2. Дарвиннің табиғи және секстік іріктеу теориялары – дамыған психологиялық механизмдерді құруға жауапты ең маңызды эволюциялық процестер.
3. Дамыған психологиялық механизмдерді ақпаратты өңдеу құрылғысы ретінде сипаттауға болады.
4. Дамыған психологиялық механизмдер функциялық болып келеді; олар біздің ата-бабаларымыз тап болған қайталанатын бейімдік проблемаларды шешу үшін қызмет етеді (quoted from David Buss interview in Barker, 2006, pp. 69–70).

Эволюциялық психология – жануарлардың мінез-құлқы, биология, генетика, нейробиология және эволюциялық теория секілді басқа да пәндердің зерттеу нәтижелерін пайдаланатын кең сала. Ол бұл зерттеу нәтижелерін ақыл-парасат, мінез-құлық және жеке мінез ерекшеліктері, әлеуметтік психология және тәуекелшіл құлық секілді психологиялық салаларда пайдаланады (Buss, 2009; Kanazawa, 2010; Pawlowski, Atwal, & Dunbar, 2008; Webster, 2007).

Психологияда бірлік бар ма, өзі?

Біз 1-тарауда бүгінгі психологияның зерттеу нысандары жағынан көптеген салаларға бөлінгенін және осылардың барлығын бір психологияға түйістіретін тақырыптың жоқтығын айтқан едік. Эволюциялық психологияның жақтаушылары өздерінің анықтамасы осы шашыраған салаларды біріктіре алады деп мәлімдейді.

Эволюциялық психологияның негізін қалаушы Дэвид Басс эволюциялық психология жөнінде: «Ол – нағыз ғылымдағы революция, психология саласындағы парадигмалардың түбегейлі өзгеруі», – деп жазады (2005, р. xxiv). Ол келесі жылғы сұхбатында эволюциялық психологияны: «Психология тарихында болған ең маңызды ғылыми революциялардың бірі», – деп атаған (Barker, 2006, р. 73).

Эволюциялық психологияға алдыңғы буынның әсері

Өзін эволюциялық психология деп атайтын кез келген қозғалыс Чарльз Дарвинге қарыздар. «Белгілі бір сипаттарға ие болғандар ғана өміршен болып, өздеріне ұқсаған осындай сипаттары бар ұрпақ өрбітеді» деген ой Дарвин теориясындағы эволюциялық психологияның іргетасы болып есептеледі. «Эволюциялық психологияның және осыған ұқсас пәндердің пайда болуы – Дарвин көзқарасының жүзеге асуының белгісі» (Buss, 2009, р. 140).

Уильям Джеймс

1890 жылы Дарвин эволюция жөніндегі іргелі кітабын жариялағаннан кейін, 31 жыл өткенде, Уильям Джеймс өзінің «Психология қағидалары» (*The Principles of Psychology*) атты кітабында «эволюциялық психология» терминін пайдаланды. Джеймс кезінде күндердің күнінде психологияның эволюциялық теорияға негізделетінін болжаған. Сонымен қатар адамдардың құлқының көпшілігі инстинкт деп аталатын генетикалық бейімділікпен туған кезде бағдарламаланатынын айтып кеткен. Бұл инстинктивті құлықтар тәжірибе не оқу арқылы жетілдірілуі мүмкін, алайда ол бастапқыда тәжірибеге тәуелсіз пайда болады.

Джеймс көптеген құлықтардың инстинктивті екеніне сенген, оларға жылан немесе басқа да қауіпті жануарлардан, ерекше заттардан, биіктіктен қорқу сезімі және аман қалуға әсер ететін барлық нәрсе жатады. Джеймс қарастырған басқа да инстинктивті құлықтарға бала күтімі, махаббат сезімі, көпшілдік және сотқарлық (ұрысуға немесе төбелесуге бейімділік) жатады. Джеймстің айтуынша, инстинктивті құлықтар – табиғи іріктеуден және аман қалу немесе ұрпақ өрбіту секілді ерекше мәселелерді еңсеру үшін пайда болған бейімділіктер.

Бихевиоризм

1913–1960 жылдар аралығында, бихевиоризм билік құрып тұрған кезде, құлық генетикалық анықталған болуы мүмкін деген ойға қатты тыйым салынған болатын. Бихевиористердің айтуынша, барлық мінез-құлық жүре келе қалыптасады, алайда бихевиористер психологияда басым және жемісті болған жылдары да әр жерлерден туа біткен бейімділіктер мен генетикалық ықпал туралы ойлар шығып жататын.

Мысалы, 11-тарауда Скиннердің шәкірттері – ерлі-зайыпты Бриландтардың жұмысын талқылаған едік. Олар жануарларды IQ зообактарында, телевизиялық жарнамаларда, жәрмеңкелерде өнер көрсету үшін үйрететін. Олардың кейбір жануарлары инстинктивті жаққа ауысуға бейімділігін көрсеткені есіңізде болар. Жануарлар кей кездері өзін азықпен қамтамасыз ететіндерге тіпті тамақ бермеген жағдайда да инстинктивті құлықтар көрсетіп отырған. Бұл – азық табу бәрінен жоғары тұрды деген бихевиористік қағидалардың анық бұзылуы.

Алдын ала болжамды процестер

Сіз психолог Гарри Харлоудың (1971) аналық маймылдардың қамқорлығын зерттеген жұмысымен таныс боларсыз. Харлоу маймылдың балаларын екі түрлі жасанды аналық маймылмен өсірді. Олардың екеуі де сымнан тоқылған, бірақ біреуі жұмсақ, жағымды түкті матамен қапталған, ал екіншісі еш нәрсемен қапталмаған, қатты және сүт беруге арналған емізігі болған. Скиннердің ізбасарлары ынта-күш сүтпен қамтамасыз еткен, жұмсақ матамен қапталмаған анамен байланысты туындайтынына сенімді болған.

Маймылдар қорыққан кезде әрдайым азықпен қамтамасыз етіп отыратын анасына емес, жұмсақ анасына жабысты. Осыған қарағанда, азық табу және шартты рефлекссті дамытумен түсіндіруге болмайтын тағы бір бағыттаушы күш бар.

Позитивті психологияның бастамашысы болған Мартин Селигман (14-тарауда) жүргізген зерттеу адамдарды жыланмен, итпен, биіктік және туннельдермен қорқыту оңай екенін көрсетеді. Алайда адамдарды көлік немесе бұрауыш секілді бейтарап немесе аздап қорқынышты заттармен қорқыту әлдеқайда қиынға соққан (Seligman, 1971).

Жыланнан қорқу эволюцияда аман қалу үшін пайдалы, біз оған туа біте бейімделуіміз әбден ықтимал. Екінші жағынан, бейтарап нәрседен қорқудың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен аман қалу құндылығы жоқ, сол себепті олар сақталмаған. Бұл ой «фобиялар шын мәнінде классикалық жағдаяттар тудыру арқылы зерттелетінін көрсетеді, алайда ата-бабаларымызға қоршаған ортаға бейімделуге көмектескен қорқыныштарды қайта тудыру әлдеқайда жеңіл» (Siegel & Ward, 2002, p. 244).

Когнитивті революция

Когнитивті революция эволюциялық психологияның да алғышарты болған. Когнитивті қозғалыс адам санасын кез келген қабылдаған ақпаратын өңдей алатын компьютерге ұқсатты. Компьютерлік метафораның санаға қатысты жартысы «адам санасы өзінің көпжақты тапсырмаларын орындау үшін бағдарламаланып отыруы керек» дегенді білдіреді.

Осылайша, эволюциялық психология когнитивті революцияға сүйене отырып, адам және жануар болмысын түсінуде өзін қажетті ая ретінде көрсетуде. Ол саналылықтың маңыздылығына көңіл бөледі. Себебі сана уақыт өте келе дамыды. Эволюциялық психология «барлық саналы процестерге компьютер – метафора» деген түсінікке баса мән береді.

«Адам санасын құрайтын бағдарламалар аңшылық-терімшілікпен айналысқан бабаларымыздың күнделікті кезіккен бейімдік мәселелерді шешуі үшін табиғи іріктеу нәтижесінде пайда болған. Ол мәселелер: жү-

бын табу, басқалармен араласу, аң аулау, азық теру, балаларды қорғау, бағыт-бағдар табу, жыртықшылардан қорғану, құлдыққа түсіп қалмау және т.б. Мидың дамыған қызметі – қоршаған ортадан ақпаратты жинап, сол ақпаратты құлықты қалыптастыру және физиологияны реттеу үшін пайдалану. Сол себепті ми – жай ғана компьютер сияқты емес. Ол – ақпаратты өңдеуге арналған физикалық жүйе саналатын компьютер» (Tooby & Cosmides, 2005, p. 5).

Әлеуметтік биологияның ықпалы

Эволюциялық психологияға тағы бір әсер еткен нәрсе – 1975 жылы биолог Эдвар О. Уилсонның (1929) «Социобиология: жаңа синтез» (*Sociobiology: A New Synthesis*) (Wilson, 1975) атты іргелі кітабының шығуы болды. Кітапқа жағымды да, теріс те сын айтқандар болды. Екі жылдан кейін Уилсон *Time* журналының мұқабасына шықты. Ол сол жылы Ұлттық Ғылым медалімен марапатталды. Бұрын-соңды өрескелдігі байқалмаған Америка Ғылымды дамыту қауымдастығы жылдық жиналысында оның үстіне бір құмыра мұздай су құйып жіберді.

Уилсонның батыл және қарапайым тезисі көп адамның шамына тиді, себебі ол «барлығы бірдей жаратылған және адамның дамуын қоршаған орта мен әлеуметтік күштер ғана жақсарты алады» деген ойларға күмән тудырды. Уилсон «генетикалық ықпал мәдени ықпалдардан да маңызды» деген ой айтып, адамдардың ашуына тиді. Егер барлық мінез-құлықтар генетикалық тұрғыда анықталатын болса, онда оны тәрбиелеу, оқыту немесе басқа жолдар арқылы өзгертуге ешқандай үміт жоқ деген сөз.

Бұл Уилсонның негізгі ойы болмаса да, ол «тұлғаның жеке мінез ерекшеліктері туа анықталады» дегенді, қатты қарсылыққа қарамастан, берік ұстанды. Уилсон былай деп жазады:

«Адамдар құлыққа және әлеуметтік құрылымдарға ие болуға бейімділікті мұра етіп алады. Бұл бейімділік көптеген адамға тән болғандықтан, оны «адам болмысы» деп атай аламыз. Оның айқындаушы белгілеріне жыныстар арасындағы еңбектің бөлінуі, ата-ана мен бала арасындағы байланыс, жақын туысқанына деген жоғары альтруизм (жанқиярлық), иңіестікке жол бермеу, этикалық құлықтардың басқа да түрлері, таныс емес адамдардан күмәндану, рушылдық, топтар ішіндегі басымдық тәртібі, еркектің жалпы басымдығы, шектеулі ресурстарға қатысты аумақтық агрессия жатады. Адамдардың басқа бағытта жүруге еркі мен таңдауы болса да, олардың психологиялық даму арналары, бізге ұнасын-ұнамасын, белгілі бір бағыттағы гендердің тереңінде жатыр» (Wilson, 1994, pp. 332–333).

Уилсонның кітабына қатысты наразылықтың нәтижесінде «әлеуметтік биология» деген сөз теріс коннотацияға ие болғаны сонша – қолданыстан алып тасталды. 1989 жылы америка ғалымдарының бір тобы Уилсон бастаған саланы зерттеу үшін кәсіби қауымдастық құруды ұйғарды да, оны «Адам мінез-құлқы мен эволюциясы қауымдастығы» деп атады және өздерінің жиналыстарында әлеуметтік биология сөзін пайдаланбауға тырысты.

Уилсон бастаған зерттеу саласы бірқатар Америка психологтерінің өзгеріп жатқан көзқарастарына кіріге бастады. Олар өздерінің жұмысын «эволюциялық психология» деп атады. Осы тиімдірек атаумен бұл сала өте танымал болды (B. Webster, 2007).

Эволюциялық психологияның қазіргі жағдайы

Эволюциялық психология адам танымына немесе мінез-құлқына бағдарламаланып бекітілген, эволюцияланған психологиялық механизмдермен айналысады. Өйткені олар организмдердің эволюциялық тарихында аман қалуды және ұрпақ

өрбітудің ерекше мәселелерін сәтті шешкен. Бұл әдістеме өте тиімді және ықпалды болып, когнитивті нейробиологиядағы негізгі орынды жаулап алып жатыр (Confer, et al., 2010; C. Webster, 2007).

Эволюциялық психологияның танымалдығына қарамастан, әрбір жаңа қозғалыс секілді, оған айтылған сын да аз болған жоқ. Алдында атап өткендей, мінез-құлықты тек үйренудің немесе көбіне үйренудің нәтижесі деп ойлайтындар кез келген мінез-құлықтың биологиялық детерминанттарын талқылауға қарсы болады. Егер адамның болмысы генетикалық салыммен ғана анықталатын болса, онда позитивті әлеуметтік және мәдени күштердің мінез-құлықты жақсы жаққа өзгертуіне немесе адамдардың өз еркіне бағынып жүруіне ешқандай мүмкіндік болмас еді.

Эволюциялық психологтердің бұл сынға жауабы, Уилсон айтып өткендей, олардың мінез-құлық генмен ғана анықталады деп сендірмейтінінде болып отыр. Адамның мінез-құлқы өзгермелі, бізде таңдау құқығы бар. Әлеуметтік және мәдени күштер ықпалды және кейде олар белгілі бір жағдайларға жауап беру үшін туа біткен бағдарламалаудан басым бола алады немесе оны өзгерте алады.

Қарсыластар бұл саланың кеңдігі «теорияны кез келген сенімді жолмен тексеруді қиындатады дейді. Эволюциялық психологияның шамамен барлық нәрсені түсіндіре алу қабілеті абсолютті игілік емес» (Funder, 2001, p. 210). Оппоненттер сонымен қатар «жүздеген ұрпақтардан бергі белгілі бір мінез-құлықтың бейімделу тарихын жабайы ежелгі халықтармен қалай байланыстыруға болады?» деген сұрақ қояды.

Тарих әлі жасалуда: ол шексіз

Осы кітапты оқу барысында психологиядағы барлық әдістемелер, психологияны анықтаудың барлық талпыныстары сынға ұшырағанын және кемшін тұстары бар екенін байқадық. Когнитивті психология секілді, эволюциялық психологияның даму барысында оның толық құндылығы туралы баға беруге әлі ерте. Бұл да әлі жасалу үстіндегі тарих. Эволюциялық психологияның бір жақтаушысы бұл саланың қазіргі дәрежесі туралы: «Бізде қазір психологияны тереңірек және кеңірек негізбен қамтамасыз ететін мықты қайнар бар. Бірақ жасалатын жұмыс әлі де көп», – деген (Neisser, quoted Goode, 2000, p. D9).

Сонымен психологияға деген нағыз түпкілікті әдістемені және психологияны бірнеше онжылдықтар бойы сипаттай алатын ой мектебін іздестіру жалғасуда. Психология қандай болуы және не істеуі керек – эволюциялық психология мен когнитивті психология ақырғы төреші бола ала ма? Біз осыған дейін көрген нәрселерді негізге алатын болсақ, олай болуы екіталай сияқты.

Психология тарихы бізге бір нәрсе үйреткен болса, ол – белгілі бір ғылыми бағыт ресми түрде ой мектебі болып қалыптасқанда қарқынын қатты күшейтеді, бұл қарқынды тек теориялық қарсыластарды толық жеңу арқылы ғана тоқтатуға болады деген сабағы.

Бұлай болған кезде бір кездері қуатты болған жас қозғалыстың еркін тармақтары қатая бастайды. Икемділік – қаттылыққа, революциялық құштарлық қорғанушы позицияға айналып, көздер мен саналар жаңа идеяларды қабылдауды тоқтата бастайды.

Осылайша жаңа құрылым пайда болады. Сонымен дамудың жоғары деңгейіне эволюциялық өрлеу – бұл кез келген ғылымның дамуында болатын жайт. Ол – шексіз, үнемі үздіксіз өзгеріп отыратын, ортаға бейімделу үшін ескі түрден жаңа түр дамып шығатыны секілді, тоқтаусыз өсу процесі.

Материалды бекіту сұрақтары

1. Бүгінде ой мектебі ретінде қызметін тоқтатқан структурализм, функционализм және гештальт-психология ғылымға қандай әсер етті?
2. Когнитивті психологияның пайда болуына жол ашқан не болды?
3. Физикадағы «уақыт рухының» өзгеруі когнитивті психологияға қалай әсер етті?
4. Психологиядағы когнитивті революцияның алғашқы белгілері қандай?
5. Миллер мен Найссерді ынталандырған қандай жеке факторлар?
6. Когнитивті психология бихевиористік психологиядан несімен ерекшеленеді?
7. «Экологиялық негізделу» термині нені білдіреді? Ол психологияның барлық түріне тән бе, әлде когнитивті тәсілдемеге ғана тән бе?
8. Компьютерлер адам ақылының метафорасы ретінде қалай қызмет етеді? Компьютер болмаған кезде метафора ретінде не қызмет етті?
9. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде заманауи компьютерлердің пайда болуына қандай практикалық қажеттілік түрткі болды? ENIAC деген не?
10. XX ғасырдағы ең атақты шахмат матчы бізге машиналардың ойлау қабілеті жөнінде не айтады?
11. Тюринг тесті мен қытай бөлмесінің айырмашылығы неде?
12. Тюринг тесті компьютерлер ойлай алады деген тұжырымды қалай тексерді?
13. Когнитивті психология бихевиоризмнен қай жағынан ерекшеленетінін талқылаңыз.
14. Когнитивті нейробиологияны және миды карталау үшін қолданылатын әдістерді сипаттаңыз.
15. Когнитивті нейробиология қалай жаңа френология болып сипатталады?
16. Нейропротездеу деген не және оның когнитивті нейробиологияға қандай қатысы бар?
17. Когнитивті психологияда интроспекцияны пайдаланудағы шектеулер қандай?
18. Когнитивті бейсананың қазіргі түрі Фрейдтің көзқарасындағы бейсанадан несімен ерекшеленеді?
19. Сіздің пікіріңізше, жануарлар танымдық әрекеттерге қабілетті ме, әлде біз, шын мәнінде оларда жоқ, адамның функцияларын оларға таңып отырмыз ба?
20. Жануарларда жеке мінез ерекшелігі бар екенін көрсететін дәлелдер Дарвиннің эволюция ұғымын және эволюциялық психологияны қалай қуаттайды?
21. «Жағдаяттық когниция» және «когнитивті жүктеме» терминдері нені білдіреді? Сипаттап бер.
22. Эволюциялық психология мен когнитивті психологияның арасында қандай байланыс бар екенін сипаттап бер. Қайсысы қайсысына негізделеді?
23. Сіздің ойыңызша, психология әртүрлі психологияға деген тәсілдемелердің барлығын бір парадигмаға біріктірген деңгейге жетті ме? Эволюциялық психология осы саланың бөлшектелген, шашыранқы тарихының соңғы кезеңі бола алады деп ойлайсыз ба?

Ұсынылған әдебиеттер

- Baars, B. J. (1986). *The cognitive revolution in psychology*. New York: Guilford. Бихевиоризмнен когнитивті психологияға дейінгі өзгерістерді сипаттайды. Миллермен, Найссермен және басқа да когнитивті психологтермен сұхбатты қамтиды.
- Confer, J., Easton, J., Fleischman, D., Goetz, C., Lewis, D., Perilloux, C., & Buss, D. (2010). Evolutionary psychology. *American Psychologist*, 65, 110-126. Өсіп келе жатқан эволюциялық психология саласының қайшылықтарын, шектеулерін, даму болашағын қарастырады.
- Leavitt, D. (2006). *The man who knew too much: Alan Turing and the invention of the computer*. New York: Norton. Компьютердің ойлап табылуына алып келген идеялардың авторы және озат ойшылдың өте қызықты жазылған өмірбаяны. Гомосексуализм Англияда әлі әдепсіз әрі заңсыз саналған кездегі оның қайғылы өмірін сипаттайды.
- Miller, G. A. (1989). *Autobiography*. In G. Lindzey (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 8, pp. 391-418). Stanford, CA: Stanford University Press. Миллердің психологиядағы мансабына ықпал еткен ұстаздары туралы естеліктері қамтылған.
- Neisser, U. (2007). *Autobiography*. In *A history of psychology in autobiography* (Vol. 9, pp. 269-

301). Washington, DC: American Psychological Association. Найссердің жас кезін, парапсихологияға қысқа мерзімді қызығушылығын, студенттік жылдарын және психолог ретіндегі керемет мансабын сипаттайды.

Pinker, S. (2002). *The blank slate: The modern denial of human nature*. New York: Viking. Адам болмысының шашыраған мәдениеттердегі жалпы эволюциялық тақырыптарын баяндайды және біздің генетикалық мұрагерлігімізді қабылдауға үндейді. «Таза парақ», «игі жабайы адам» «машинадағы елес» секілді адам болмысының кең тараған ұғымдарын бағалайды.

Rychlak, J. F. (1997). *In defense of human consciousness*. Washington, DC: American Psychological Association. Әсіресе компьютер мен саналылық жөніндегі 7-тарауды қараңыз. онда машиналар адамның саналы қызметінің метафорасы ретінде алынған.

Skinner, B. F. (1987). *Whatever happened to psychology as the science of behavior?* *American Psychologist*, 42, 780–786. «Мінез-құлықты эксперименттік талдауға арналған бағдарламаны психологияның қабылдамауына гуманистік психология мен когнитивті психология кедергі келтіріп отыр» деген Скиннердің көзқарасын ұсынады.



Абсолюттік меже – меженің төменгі және жоғары бөліктерінде ешқандай түйсінулер анықталмайтын нүкте.

Аналитикалық психология – Юнгтің жеке тұлға теориясы.

Ақыл-ойдың даму коэффициенті – менталды жастың нақты (хронологиялық) жасқа бөлініп, 100-ге көбейту формуласы бойынша анықталатын, адамның интеллект деңгейін білдіретін сан.

Ақыл-ой қабілетін тексеру – қимыл дағдылары мен сезім қабілетін тексеру; интеллект тестілері ақыл-ой қабілетінің анағұрлым күрделі критерийлері арқылы жүзеге асады.

Апперцепция – ойлау элементтерінің шығармашылық синтезі.

Аралас айнымалылар – мінез-құлықтың нақты детерминанты болып саналатын, бақыланбайтын һәм болжамды факторлар.

Аралық тәжірибе – тәжірибе элементтерінен бөлек ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Архетиптер – адамзат баласына дейінгі тіршілік иелері белгілі бір жағдайға тап болғанда қалай әрекет етсе, адамның іс-әрекетін соған ұқсас арнаға бағыттайтын, ұжымдық бейсана шеңберіндегі туа біткен тенденциялар.

Ассонанция – өзара байланысу арқылы қарапайым идеялардан күрделі идеялар тудыратын ұғым.

Ассоциативті жад – жануарларда сананың бар екенін дәлелдейтін, стимулдар мен реакциялар арасындағы байланыс.

Әлеуметтік мүдде – Адлердің қоғамдық мақсаттарға жету үшін басқа адамдармен ықпалдастыратын ішкі әлеует деген концептісі.

Әрекет психологиясы – ақыл-ой мазмұнына қарағанда ақыл-ой қызмет-қарекетіне бағытталған Брентаноның психология жүйесі.

Базальды үрей – жалғыздық пен дәріменсіздіктің толық, терең сезімі. Хорнидің айтуынша, бұл сезім негізінде невроз жатыр.

Байланыстырылған рефлексдер – рефлексдер шартсыз ынталандырумен ғана болады.

Бастапқы және кейінгі сапа – белгілі бір нысанның көлемі мен пішіні бастапқы сапаға жатса, оның түсі мен иісі кейінгі сапаға жатады. Бастапқы сападағы нысанды біздің қабылдау-қабылдамауымыз шарт болмаса, кейінгі сападағы нысанды қабылдау шарт.

Бастапқы күшейту заңы – егер стимул – реакция арасындағы байланыс организмнің қажеттілігінің азаюымен бірге жүрсе, дәл сондай стимул болғанда, реакцияның да дәл сондай болу ықтималдығы артады.

Бекіту – белгілі бір істің қайталануын болдыратын стимул.

Бихевиоризм – объективті түрде сипаттауға болатын айқын мінез-құлық актілерін ғана зерттейтін. Уотсонның мінез-құлық туралы тұжырымдаған ғылымы.

Білінер-білінбес айырмашылық – адам анықтай алатын екі физикалық тітіркендіргіш арасындағы ең аз айырмашылық.

Волонтаризм – ерік-жігердің адамның ой-санасын үлкен идеяларға ұштастыра алатын қабілеті бар деген ұғым.

Гештальт-психология – XX ғасыр басындағы психологиядағы мектеп. 1912 ж. Германияда пайда болған. Жолбасшысы – Х. Фон Эренфельс, басты өкілдері: М. Вертгеймер В. Келлер және К. Коффка. Психиканың негізгі элементтері деп психикалық құрылымды, тұтас түзілімді, яғни «гештальттарды» санайды.

Гипотезалық-дедуктивтік әдіс – экспериментпен сыналуы тиіс тұжырымдарды шығаруға болатын постулаттарды бағалау әдісі.

Индивидуалды психология – Адлердің биологиялық факторларды әлеуметтік факторлармен қатар қарастыратын жеке тұлға теориясы.

Детерминизм – әлемдегі барлық оқиғалар өткендегі оқиғалармен алдын ала анықталған дегенді білдіретін ілім.

Динамикалық психология – Вудвортстың сезімдер мен мінез-құлыққа негізі бар факторлар мен уәждердің ықпалына қатысты психология жүйесі.

Екі нүкте арасындағы ажыратпалық меже – екі түрлі қайнар көзді танытын мезет.

Еркін ассоциация – наукастың ойына келген нәрселердің барлығын айтуына мүмкіндік берілетін психотерапевтік техника.

Жанама нығайту – үнемі жеке нығайту қажет емес, басқа адамдардың мінез-құлқын бақылап, осы мінез-құлықтың салдарынан үйренуге болатын Бандураның ұғымы.

Жан мен тән мәселесі – жан мен тән қасиеттері арасындағы айырмашылық мәселесі.

Жаппай әсер ету заңы. Үйрену тиімділігіне кортикалды тіннің тұтас масса қызметі жауап береді.

Жеке бейсана – бұрын сана деңгейінде болған, бірақ кейін ұмытылған немесе шеттетілген, түзінділері бар сана аумағы.

Жүре біткен идеялар – сыртқы әлем объектілерінің әсерінен, тәжірибеден пайда болатын идеялар.

Жүйелі эксперименттік интроспекция – Кюльпений интроспективті әдісі. субъектілер эксперимент тапсырмасын бітіргеннен кейін когнитивті процестердің ретроспективті есептерін қолданады.

Зейгарник эффектісі – біткен істен гәрі бітпеген істі есте жақсы сақтау қасиеті.

Ид – мінез-құлықтың психикалық энергия көзі және мінез-құлықтың инстинктпен одағының аспекті.

Иемдену заңы. Егер мінез-құлықты нығайтатын стимул болса, оперантты мінез-құлықтың күші артады.

Инсайт – тосыннан, кенет түсіну.

Инстинктер – Фрейдтің айтуынша, тұлғаны және оның мінез-құлқын ынталандыратын ішкі стимулдар (мысалы, аштық).

Интроспекция – жеке ойлар немесе сезімдер туралы хабарлау үшін жеке ақыл-ойды қарастыру.

Изоморфизм – психологиялық немесе саналы тәжірибе мен мидағы негізгі тәжірибе арасында байланыс бар деп санайтын доктрина.

Катарсис – эмоциялық қиындықтар мен бейсаналық қақтығыстарды пациенттің есіне түсірту арқылы емдеу тәсілі.

Кері оралу – өмірдің қиындықтары азырақ, ертеректегі кезеге оралу, қауіпсіз кездердегідей, бала секілді немесе тәуелді қылық көрсету.

Клиникалық әдіс – адам қайтыс болғанға дейін мінез-құлық талаптарына жауап беретін мидың зақымдалған бөліктерін анықтау үшін ми құрылымын қайтыс болғаннан кейін зерттеу.

Когнитивті психология – адамның өмірлік алаңдауы оның санасымен өңделу жолдары сияқты, назардың тану процесіне шоғырланатын психологиядағы ағым.

Коннекционизм – жағдайлар мен реакциялар арасындағы байланыстарға негізделген Торндайқтың үйретуі.

Күш өрісі – магниттік немесе электр тогы сияқты күштік желілермен өтетін кеңістіктер.

Күрделі идеялар қарапайым компоненттерге талданатын немесе бөлінетін және қарапайым идеялардан құралады.

Қалыпсыз ой – ой сенсорлық жолмен немесе қиял компонентінсіз жүзеге асатын Кюльпений идеясы.

Қарапайым идеялар – түйсіну мен рефлексиядан туындайтын әдеттегі идеялар.

Қарсылық – бейберекет байланыс (ассоциация) кезінде ауыр естеліктердің қайта жаңғыруын болдырмайтын процесс.

Қателер мен сынақтар әдісі – жетістікке апаратын реакцияларды қайталауға негізделген үйрету.

Либи́до – адамды ләзатты ой мен мінезге қарай ұмтылдыратын психикалық энергия (Фрейд).

Натуралистік теория – ғылым тарихындағы ілгерілеу мен өзгерістер «уақыт рухына» байланысты. Уақыт рухы адамдарды бір идеяларға бейім етіп, басқа идеяларды қабылдай алмайтындай етеді.

Мағынасыз буындар – жад процестерін зерттеу эксперименттерінде жаттау кезінде қолданылатын мағынасыз буындар қатары.

Мақсатты бихевиоризм – Толмен жүйесі, мақсат кооды немесе белгілі бір мақсатқа ұмтылуды есепке алып, мінез-құлықты объективті зерттейді.

Мінез-құлқық модификациясы – тұлғаның немесе топтың мінез-құлқын бақылау немесе түрлендіру үшін тиімді қосымша күшті пайдалану.

Материализм – материя мен оның қасиеттерінің түрлі көріністері сияқты, ғаламдағы барлық жағдайларды физикалық терминдермен түсіндіретін философиялық ілім.

Ментализм – барлық білім ақыл-ой құбылысының қызметіне және тәжірибелі адамға байланысты деген доктрина.

Механицизм – жаратылысы бойынша барлық табиғи процестер механикалық процестерге жататын, физика және химия заңдары негізінде түсіндірілетін ілім.

Менталды жас – белгілі бір тапсырмалар орындай алатын, орташа қабілеттері бар балалардың жасы.

Монодология – Лейбництің перцепцияға (қабылдауға) ұқсас, монад деп аталатын физикалық нысандар туралы теориясы.

Өз әлеуетінің толық ашылуы – адам қабілетінің толық ашылуы мен әлеуетінің жүзеге асуы.

Өзін-өзі кем сезіну – адамның өз-өзіне көңілі толмау әрекетін қолға алуға дәрменсіздік танытуы.

Өлім инстинкттері – жойылу, қирау, агрессияға ес-түссіз ұмтылу.

Өмір инстинкттері – түрдің өзін-өзі сақтап қалуы және аман қалуы үшін азық, су, ауа және жыныстық қатынасқа деген қажеттілікті қанағаттандыруға ұмтылуы.

Өріс теориясы – Левиннің мінез-құлқық әлеуметтік әсерлер өрісі тұрғысынан түсіндіру үшін күш өрістері ұғымын қолданатын жүйесі.

Позитивті қатынас – анасының баласына деген шартсыз махаббаты.

Позитивизм – байқауға болатын құбылыстар мен фактілерді ғана рас деп санайтын ілім.

Прагматизм – әрекетке негізделген практикалық салдар тұрғысынан түсініктердің, пайымдаулардың маңызын қарастыратын философиялық ілім.

Психоанализ – З.Фрейд жетілдірген ілім, санасыздықты және адам психикасында оның санамен өзара байланысын зерттейді.

Психофизика – психикалық және физикалық процестер арасындағы өзара байланысты ғылыми зерттеу.

Психосексуалды кезеңдер – баланың өзінің эрогенді жерлеріне назар аударатын даму кезеңдері.

Ұжымдық бейсана – бұрынғы адамдар мен жануарлардың туа біткен тәжірибесін қамтитын психикалық қызметтің ең терең деңгейі.

Үйреншікті күш – стимул-реакция қосылысының күші, бірнеше күшейтулердің функциясы.

Үйрену заңы – белгілі бір жағдаяттағы іс-әрекеттің қайталанған сайын өзге жағдаятпен ассоциациялық байланысының күшейе түсуі.

Үнемдеу заңы – Ллойд Морган заңы. Егер жануарларға психикалық процестердің төменгі деңгейі жеткілікті болса, онда олардың мінез-құлқы жоғары деңгейдегі психикалық процестердің болуы қажет еместігін түсіндіреді.

Үш өлшемді сезімдер теориясы – Вундттың сезімдер теориясы үш өлшем (белгі): ләззаттану – жайсыздық, ынта қою (зер салу) – босансу, қозу – тынышталу негізінде жасалған.

Оперантты шарттылық – табылған стимулды емес, организмнен шыққан мінез-құлқық қатыстыратын үйрену жағдайы.

Операционизм – физика ғылымының ұғымын оған қатысты жасалған операциялар мен амал-шараларға байланысты дәл терминдермен сипаттауға болады дейтін доктрина.

Перцепциялық (қабылдау) константтылығы – сенсорлық элементтер өзгерсе де, қабылдаудағы біртұтастық өзгермейді.

Рекапитуляция теориясы – балалардың психологиялық дамуы адам ұрпағының тарихын қайталайды деген Холлдың идеясы.

Редукционизм – жоғары деңгейдегі күрделі құбылыстарды төменгі деңгейдегі қарапайым құбылыстармен түсіндіретін ілім.

Рефлекс туралы ілім – дененің қозғалысы сананың қатысуынсыз, сыртқы ықпал арқылы жүзеге асатын түсінік.

Рефлекторлық дога – сенсорлық стимулдар мен моторлы реакциялар арасындағы байланыс.

Репрессия – үрей тудыратын бір нәрсенің бар екенін мойындамау, яғни жайсыздық тудыратын естеліктер мен түйсіктерді ойдан алып тастау.

Сыртқы бақылау доксы – нығаю сыртқы факторлармен ғана анықталады деген сенім.

Стимул қателігі – бақыланатын тітіркендіргіш немесе объекті арқылы зерттелетін психикалық процесті шатастыру.

Сана ағыны – Джеймстің идеясы бойынша, сана тұрақты, біріккен ағын болады және оны элементтерге ыдырату оның мәнін бұрмалайды.

Структурализм – психологиядағы Титченер жүйесі, сана тәжірибесінің экспериментке қатысушы адамға тәуелділігін білдіреді.

Суперэго – мінез-құлықтың қоғамдық және отбасылық құндылықтардан бастау алған моральдық аспекті.

Сирек жағдай әдісі – жануарлардың мінез-құлқы туралы бақылау есептерін пайдалану.

Синтетикалық философия – білім мен тәжірибе эволюциялық қағидалармен түсіндіріледі деген Спенсердің идеясы.

Тарихнама – тарихи зерттеулердің заңдылықтары, әдістері мен философиялық аспектілері.

Тендік құбылыс қағидаты – үйрену процесіне ми қабығының бір бөлігі өзге бөліктермен тең дәрежеде қызмет етеді деген ұғым.

Туа біткен идеялар – қайнар көзі сезім тәжірибесі мен сыртқы стимулдардан бөлек жаратылған, ақылдан туындайтын идеялар.

Түсті талдау – психотерапияда адамның бейсана конфликтілерін ашу үшін түстерді түсіндіру техникасы.

Тұлғалық теория – ғылым тарихындағы ілгерілеу мен өзгерістерді атақты тұлғалардың қызметімен байланыстыратын идея.

Тұлғаның тиімділігі – өзін-өзі құрметтеу және өмірлік мәселелерді шеше алу қабілеті.

Позитивті трансференс (ауысым): наукастың терапевке өз өміріндегі ерекше адам ретінде (мысалы, ата-анасы ретінде) қарауы.

Тікелей тәжірибе – әр түрлі түсініктемелерден тазартылған тәжірибе.

Ұжымдық бейсана – бұрынғы адамдар мен жануарлардың туа біткен тәжірибесін қамтитын психикалық қызметтің ең терең деңгейі.

Ұқсату арқылы интроспекция – бақылаушының ақыл-ойында болатын процесс жануардың ақыл-ойында ұқсас процесті қабылдау арқылы жануарлардың мінез-құлқын зерттеу әдісі.

Феноменология – тәжірибенің қалай болғанын зерттеген және оның элементарлы компоненттерін азайтуға ықпал етпеген Штумпфтың интроспективті әдісі. Білімге деген әдістеме тікелей тәжірибенің пайда болуымен бірге, әділетті сипаттауға негізделген, талданбайды және элементтерге бөлінбейді.

Фи феномені – екі қозғалмайтын жарықтың бір жерден басқа жерге қозғалып бара жатқан елесі.

Фрейдше жаңылысу – ұмыт қалдыру немесе сөз барысында жаңылысу, бұл – адамдағы бейсана мотивтер мен мазасыздықтардың көрінісі.

Функционализм – психологияда организмді қоршаған ортаға бейімдеу кезінде сананың рөлін зерттеуге бағытталған бағыт.

Шартты рефлексстер – стимулдар мен реакциялар арасындағы байланыстың қалыптасуына негізделген шартты рефлексстер.

Шығармашылық синтез – қарапайым идеялардан түзілген күрделі идеялардың жаңа қасиетке ие болатыны жайлы түсінік; психика элементтерінің өзара үйлесімі түпнұсқа элементтердің барлығынан өзге не болмаса одан да ауқымды дүние тудырады.

Эдип комплексі – ұл баланың өз анасына деген санадан тыс құштарлығы, сондай-ақ әкесін өзімен алмастырғысы немесе кетіргісі келуі. Фрейдтің пікірі бойынша, Эдип комплексі 4–5 жастағы балада пайда болады.

Эго – мінез-құлықтың инстинкттерді басқаруға жауапты рационалды аспекті.

Электрлі стимуляция – моторлы жауаптарды бақылау үшін ми қабатын әлсіз электр тогымен зерттеу әдісі.

Эмпиризм – табиғатты зерттеу және ілім-білімді тәжірибеге пайдалану арқылы жиналатын білім.

Экстирпация – жануар миының бір бөлігін алып тастау немесе жою арқылы оның қызметін анықтау және мінез-құлық өзгерістерін бақылау әдісі.

Эффект заңы – белгілі бір жағдаятта қанағаттандыру сезімін тудыратын іс-әрекеттердің өзге, бұрын болған жағдаятпен ассоциациялы байланысқа түсуі.

- Abramson, C. (2009). A study in inspiration: Charles Henry Turner (1867–1923) and the investigation of insect behavior. *Annual Review of Entomology*, 54, 343–359.
- Abma, R. (2004). Madness and mental health. In J. Jansz & P. Van Drunen (Eds.), *A social history of psychology* (pp. 93–128). Malden, MA: Blackwell.
- Adelman, K. (1996, June). Examined lives. *Washingtonian Magazine*, pp. 27–32.
- Adler, J. (2006, March 27). Freud is not dead. *Newsweek*, pp. 43–49.
- Agassiz, G. R. (Ed.). (1922). *Meade's headquarters, 1863–1865: Letters of Colonel Theodore Lyman from the Wilderness to Appomattox*. Boston, MA: Atlantic Monthly Press.
- Aldhaus, P. (2013, March 18). Birds evolve shorter wings to survive on roads. *NewsScientist.com*.
- Alexander, I. E. (1994). C. G. Jung: The man and his work, then and now. In G. A. Kimble, M. Wertheimer, & C. White (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (pp. 153–169). Washington, DC: American Psychological Association.
- Allen, G. W. (1967). *William James*. New York: Viking Press.
- Amsel, A., & Rashotte, M. E. (Eds.). (1984). *Mechanisms of adaptive behavior: Clark L. Hull's theoretical papers with commentary*. New York: Columbia University Press.
- Anastasi, A. (1993). A century of psychological testing. In T. K. Fagan & G. R. VandenBos (Eds.), *Exploring applied psychology* (pp. 9–36). Washington, DC: American Psychological Association.
- Anderson, C., Shibuya, A., Ithori, N., Swing, E., Bushman, B., Sakamoto, A., Rothstein, H., & Saleem, M. (2010). Violent video game effects on aggression, empathy, and prosocial behavior in Eastern and Western countries: A meta-analytic review. *Psychological Bulletin*, 136, 151–173.
- Angell, J. R. (1904). *Psychology: An introductory study of the structure and function of human consciousness*. New York: Holt.
- Angell, J. R. (1907). The province of functional psychology. *Psychological Review*, 14, 61–91.
- Appignanesi, L. (2008). *Mad, bad, & sad: Women and the mind doctors*. New York: Norton.
- Appignanesi, L., & Forrester, J. (1992). *Freud's women*. New York: Basic Books.
- Araujo, S. (2012). Why did Wundt abandon his early theory of the unconscious? Towards a new interpretation of Wundt's psychological project. *History of Psychology*, 15(1), 33–49.
- Araujo, S. (2013). Role of scientific psychology in Wundt's philosophical project. Paper presented at APA 121st. Annual Convention, Honolulu, Hawaii, July 31–August 4.
- Armstrong, D., & Ma, M. (2013). Researcher controls colleague's motion in 1st human brain-to-brain interface. University of Washington online report. August 27.
- Arnett, J. (2008). The neglected 95%: Why American psychology needs to become less American. *American Psychologist*, 63, 602–614.
- Arnett, J., & Cravens, H. (2006). G. Stanley Hall's *Adolescence: A centennial reappraisal* introduction. *History of Psychology*, 9, 165–171.
- Ash, M. G. (1995). *Gestalt psychology in German culture, 1890–1967: Holism and the quest for objectivity*. Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Avargues-Weber, A., Portelli, G., Benard, J., Dyer, A., & Giorfa, M. (2010). Configural processing enables discrimination and categorization of face-like stimuli in honeybees. *Journal of Experimental Biology*, 213, 593–601.
- Averill, L. A. (1990). Recollections of Clark's G. Stanley Hall. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 26, 125–130. References 389
- Aydon, C. (2002). *Charles Darwin: The naturalist who started a scientific revolution*. New York: Carroll & Graf.
- Azar, B. (2002). Saying goodbye to the Harvard Pigeon Lab. *Monitor on Psychology*, 33(9), 44.
- Baars, B. J. (1986). *The cognitive revolution in psychology*. New York: Guilford Press.
- Baars, B. J. (1997). *In the theater of consciousness: The workspace of the mind*. New York: Oxford University Press.
- Backe, A. (2001). John Dewey and early Chicago functionalism. *History of Psychology*, 4, 323–340.
- Bailey, R., & Gillaspay, J. (2005). Operant psychology goes to the fair: Marian and Keller Breland in the popular press, 1947–1966. *The Behavior Analyst*, 28, 143–159.
- Bair, D. (2003). *Jung: A biography*. Boston, MA: Little, Brown.
- Bakalar, N. (2011, October 11). First mention: Sigmund Freud, 1909. *New York Times*.
- Balance, W. D. G., & Bringmann, W. G. (1987). Fechner's mysterious malady. *History of Psychology Newsletter*, 19(1/2), 36–47.
- Baldwin, B. T. (Ed.). (1980). In memory of Wilhelm Wundt. In W. G. Bringmann & R. D. Tweney (Eds.), *Wundt studies: A centennial collection* (pp. 280–308). Toronto, ON: C. J. Hogrefe. (Original work published 1921).

- Ball, L. (2012). Genius without the “Great Man”: New possibilities for the historian of psychology. *History of Psychology, 15*(1), 72–83.
- Bandura, A. (1982). Self-efficacy mechanism in human agency. *American Psychologist, 37*, 122–147.
- Bandura, A. (1986). *Social foundations of thought and action: A social cognitive theory*. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall.
- Bandura, A. (2001). Social cognitive theory: An agentic perspective. *Annual Review of Psychology, 52*, 1–26.
- Bandura, A. (2007). Albert Bandura. In G. Lindzey & W. Runyan (Eds.), *History of psychology in autobiography* (vol. 9). Washington, DC: APA.
- Bandura, A. (2009). Social cognitive theory goes global. *The Psychologist, 22*, 504–506.
- Bania, A., Harris, S., Kinsley, H., & Boysen, S. (2009). Constructive and deconstructive tool modification by chimpanzees. *Animal Cognition, 12*, 85–95.
- Bargh, J., & Morsella, E. (2008). The unconscious mind. *Perspectives on Psychological Science, 3*, 73–79.
- Barker, L. (2006). Teaching evolutionary psychology: An interview with David M. Buss. *Teaching of Psychology, 33*(1), 69–76.
- Barrett, D., Sogolow, Z., Oh, A., Pantou, J., Grayson, M., & Justiniano, M. (2014). Content of dreams from WWII POWs. *Imagination, Cognition, and Personality, 33*(102), 193–204.
- Barrett-Lennard, G. (2012). The Roosevelt years: Crucial Milieu for Carl Rogers’ innovation. *History of Psychology, 15*(1), 19–32.
- Baum, W. M. (1994). John B. Watson and behavior analysis. In J. T. Todd & E. K. Morris (Eds.), *Modern perspectives on John B. Watson and classical behaviorism* (pp. 133–140). Westport, CT: Greenwood Press.
- Baumeister, R., Masicampo, E., & Vohs, K. (2011). Do conscious thoughts cause behavior? *Annual Review of Psychology, 62*, 331–361.
- Baumgartner, E. (2005). Book review of *Karl Pearson: The scientific life in a statistical age* by T. M. Porter. *Journal of the History of the Behavioral Sciences, 41*, 84–85.
- Bazar, J. (2010). Psyche Cattell. *Psychology’s Feminist Voices*. <http://www.feministvoices.com>
- Bazar, J., & Burman, J. (2014). Asylum tourism. *Monitor on Psychology, 43*(2), 58–70.
- Beck, H., Levinson, S., & Irons, G. (2009). Finding little Albert: A journey to John B. Watson’s infant laboratory. *American Psychologist, 64*, 605–614.
- Becker, E. (1973). *The denial of death*. New York: Free Press.
- Behrens, P. (2009). War, sanity, and the Nazi mind: The last passion of Joseph Jastrow. *History of Psychology, 12*, 266–284.
- Bekhterev, V. M. (1932). *General principles of human reflexology*. New York: International Publishers.
- Bellhouse, D. (2009). Karl Pearson’s influence in the United States. *International Statistical Review, 77*(1), 51–63.
- Belliveau, A. (2012). Psychology’s first foray into film: Lillian and Frank Gilbreth filmed industrial employees in an effort to increase worker safety and happiness, while limiting boredom. *Monitor on Psychology, 43*(5), 24–27.
- Benjafield, J. (2010). The golden section and American psychology, 1892–1938. *Journal of the History of the Behavioral Sciences, 46*, 62–71.
- Benjamin, L. (2004). Meet me at the fair: A centennial perspective of psychology at the 1904 St. Louis World’s Fair. *Association for Psychological Science Observer, 17*(7), 1–4.
- Benjamin, L. (2009). Pop psychology: The man who saved Coca-Cola. *Monitor on Psychology, 40*(2), 18. 390 References
- Benjamin, L. T., Jr. (1975). The pioneering work of Leta Stetter Hollingworth in the psychology of women. *Nebraska History, 56*, 493–505.
- Benjamin, L. T., Jr. (1986). Why don’t they understand us? A history of psychology’s public image. *American Psychologist, 41*, 941–946.
- Benjamin, L. T., Jr. (1987). Knee jerks, Twitmyer, and the Eastern Psychological Association. *American Psychologist, 42*, 1118–1120.
- Benjamin, L. T., Jr. (1988). A history of teaching machines. *American Psychologist, 43*, 703–712.
- Benjamin, L. T., Jr. (1991). A history of the New York branch of the American Psychological Association: 1903–1935. *American Psychologist, 46*, 1003–1011.
- Benjamin, L. T., Jr. (1993). *A history of psychology in letters*. Dubuque, IA: Brown & Benchmark.
- Benjamin, L. T., Jr. (2000b). Hugo Münsterberg: Portrait of an applied psychologist. In G. A. Kimble & M. Wertheimer (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (Vol. 4, pp. 113–129). Washington, DC: American Psychological Association.
- Benjamin, L. T., Jr. (2001). American psychology’s struggles with its curriculum: Should a thousand flowers bloom? *American Psychologist, 56*, 735–742.
- Benjamin, L. T., Jr. (2003). Behavioral science and the Nobel Prize: A history. *American Psychologist, 58*, 731–741.
- Benjamin, L. T., Jr. (2006a). *A history of psychology in letters*. Malden, MA: Blackwell.
- Benjamin, L. T., Jr. (2006b). Hugo Münsterberg’s attack on the application of scientific psychology. *Journal of Applied Psychology, 91*, 414–425.
- Benjamin, L. T., Jr. (2008). America’s first black female psychologist. *Monitor on Psychology, 39*(10), 20–21.
- Benjamin, L. T., Jr. (2009b). The birth of American intelligence testing. *Monitor on Psychology, 40*(1), 20–21.
- Benjamin, L. T., Jr., & Baker, D. (2004). *From séance to science: The history of the profession of psychology in America*. Belmont, CA: Thomson/Wadsworth.
- Benjamin, L. T., Jr., & Bryant, W. H. M. (1997). A history of popular psychology magazines in America. In W. G. Bringmann, H. E. Luck, R. Miller, & C. E. Early (Eds.), *A pictorial history of psychology* (pp. 585–593). Carol Stream, IL: Quintessence.
- Benjamin, L. T., Jr., Bryant, W. H. M., Campbell, C., Luttrell, J., & Holtz, C. (1997). Between psoriasis and ptarmigan: American encyclopedia portrayals of psy-

- chology, 1880–1940. *Review of General Psychology*, 1(1), 5–18.
- Benjamin, L. T., Jr., Durkin, M., Link, M., Vestal, M., & Acord, J. (1992). Wundt's American doctoral students. *American Psychologist*, 47, 123–131.
- Benjamin, L. T., Jr., & Nielsen-Gammon, E. (1999). B. F. Skinner and psychotechnology: The case of the heir conditioner. *Review of General Psychology*, 3, 155–167.
- Benjamin, L. T., Jr., Rogers, A. M., & Rosenbaum, A. (1991). Coca-Cola, caffeine, and mental deficiency: Harry Hollingworth and the Chattanooga trial of 1911. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 27, 42–55.
- Benjamin, L. T., Jr., & Shields, S. (1990). Leta Stetter Hollingworth (1886–1939). In A. N. O'Connell & N. F. Russo (Eds.), *Women in psychology: A biobibliographic sourcebook* (pp. 173–183). New York: Greenwood Press.
- Benjamin, L. T., Jr., Whitaker, J., Ramsey, R., & Zeve, D. (2007). John B. Watson's alleged sex research: An appraisal of the evidence. *American Psychologist*, 62, 131–139.
- Berkeley, G. (1957a). An essay towards a new theory of vision. In M. W. Calkins (Ed.), *Berkeley: Essay, principles, dialogues* (pp. 1–98). New York: Scribners. (Original work published 1709).
- Berkeley, G. (1957b). A treatise concerning the principles of human knowledge. In M. W. Calkins (Ed.), *Berkeley: Essay, principles, dialogues* (pp. 99–216). New York: Scribners. (Original work published 1710).
- Berman, J. (2008). Book review: Living in the shadow of the Freud family, by Sophie Freud. Westport, CT: Praeger. *Psychoanalytic Psychology*, 25(3), 560–563.
- Berman, L. (1927). *The religion called behaviorism*. New York: Boni & Liveright.
- Berscheid, E. (2003). Lessons in “greatness” from Kurt Lewin's life and work. In R. Sternberg (Ed.), *The anatomy of impact: What makes the great works of psychology great* (pp. 109–123). Washington, DC: American Psychological Association.
- Bettelheim, B. (1982). *Freud and man's soul*. New York: Knopf.
- Bibby, C. (1972). *Scientist extraordinary: The life and scientific work of Thomas Henry Huxley, 1825–1895*. New York: St. Martin's Press.
- Bihm, E., Gillaspay, J. A., Lammers, W., & Huffman, S. (2010). IQ zoo and teaching operant concepts. *The Psychological Record*, 60(3), 523–526.
- Binet, A. (1971). *The psychic life of micro-organisms*. West Orange, NJ: Saifer. (Original work published 1889).
- Bjork, D. W. (1983). *The compromised scientist: William James in the development of American psychology*. New York: Columbia University Press.
- Bjork, D. W. (1993). *B. F. Skinner*. New York: Basic Books.
- Blanton, S. (1971). *Diary of my analysis with Sigmund Freud*. New York: Hawthorn. References 391
- Blum, D. (2013, February 3). Conceiving ‘Frankenstein’: Grave Robbers, Ghoulish experiments and the romantic age. (book review). *New York Times*.
- Blumenthal, A. (1980). Wilhelm Wundt and early American psychology. In R. Rieber (Ed.), *Wilhelm Wundt and the making of a scientific psychology* (pp. 117–135). New York: Plenum Press.
- Blumenthal, A. (1985). Wilhelm Wundt: Psychology as the propaedeutic science. In C. E. Buxton (Ed.), *Points of view in the modern history of psychology* (pp. 19–50). Orlando, FL: Academic Press.
- Boag, S. (2006). Freudian repression, the common view, and pathological science. *Review of General Psychology*, 10, 74–86.
- Boakes, R. (1984). *From Darwin to behaviourism: Psychology and the minds of animals*. Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Boas, M. (1961). *The scientific renaissance: 1450–1630*. London: Collins.
- Boehlich, W. (1990). *The letters of Sigmund Freud to Eduard Silberstein, 1871–1881*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Bollack, J. (2011). The Freudian romance: The “Bridal Letters” of Sigmund Freud and Martha Bernays: Now published after being kept under lock and key until the early 2000s. *Signandsight.com*. <http://signandsight.com/features/2149.html>
- Bolwig, T., & Fink, M. (2009). Electrotherapy for melancholia: The pioneering contributions of Benjamin Franklin and Giovanni Aldini. *Journal of ECT*, 25(1), 15–18.
- Boorstin, D. J. (1983). *The discoverers*. New York: Random House.
- Borch-Jacobsen, M. (2012, January 29). Bertha Pappenheim, the original patient of psychoanalysis. *Psychology Today Online*.
- Boring, E. G. (1927). Edward Bradford Titchener. *American Journal of Psychology*, 38, 489–506.
- Boring, E. G. (1929). *A history of experimental psychology*. New York: Appleton.
- Boring, E. G. (1950). *A history of experimental psychology* (2nd ed.). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Boring, E. G. (1952). Autobiography. In H. S. Langfeld, H. Werner, & R. M. Yerkes (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 4, pp. 27–52). Worcester, MA: Clark University Press.
- Boring, E. G. (1967). Titchener's experimentalists. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 3, 315–325.
- Bornstein, R. F., & Masling, J. M. (1998). Introduction: The psychoanalytic unconscious. In R. F. Bornstein & J. M. Masling (Eds.), *Empirical perspectives on the psychoanalytic unconscious* (pp. xiii–xxvii). Washington, DC: American Psychological Association.
- Bottom, W. (2009). Organizing intelligence: Development of behavioral science and the research based model of business education. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 45, 253–283.
- Bottome, P. (1939). *Alfred Adler: A biography*. New York: Putnam.
- Bouton, M. (2009). Behaviorism, thoughts, and actions. *British Journal of Psychology*, 100, 181–183.
- Breger, L. (2000). *Freud: Darkness in the midst of vision*. New York: Wiley.
- Breger, L. (2009). *A dream of undying fame: How Freud betrayed his mentor and invented psychoanalysis*. New York: Basic Books.

- Breland, K., & Breland, M. (1951). A field of applied animal psychology. *American Psychologist*, 6, 202–204.
- Brems, C., Thevenin, D. M., & Routh, D. K. (1991). The history of clinical psychology. In C. E. Walker (Ed.), *Clinical psychology: Historical and research foundations* (pp. 3–35). New York: Plenum Press.
- Brentano, F. (1874). *Psychology from an empirical standpoint*. Leipzig, Germany: Duncker & Humblot.
- Breuer, J., & Freud, S. (1895). Studies on hysteria. *Standard edition* (vol. 2). London: Hogarth Press.
- Brewer, C. L. (1991). Perspectives on John B. Watson. In G. A. Kimble, M. Wertheimer, & C. White (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (pp. 171–186). Washington, DC: American Psychological Association.
- Brewer, W., & Schommer-Aikins, M. (2006). Scientists are not deficient in mental imagery: Galton revised. *Review of General Psychology*, 10, 130–146.
- Bridgman, P. W. (1927). *The logic of modern physics*. New York: Macmillan.
- Bringmann, W. G., & Balk, M. M. (1992). Another look at Wilhelm Wundt's publication record. *History of Psychology Newsletter*, 24(3/4), 50–66.
- Brock, A. (2006). Rediscovering the history of psychology: Interview with Kurt Danziger. *History of Psychology*, 9, 1–16.
- Brome, V. (1981). *Jung: Man and myth*. New York: Atheneum.
- Brookes, M. (2004). *Extreme measures: The dark visions and bright ideas of Francis Galton*. New York: Bloomsbury.
- Broom, D., Sena, H., & Moynihan, K. (2009). Pigs learn what a mirror image represents and use it to obtain information. *Animal Behaviour*, 78, 1037–1041.
- Brown-Iannuzzi, J., Hoffman, K., Payne, B. K., & Trawalter, S. (2013). The invisible man: Interpersonal goals moderate inattentive blindness to African-Americans. *Journal of Experimental Psychology: General*. Online First Publication, January 7, 2013. 392 References Brown, J. (2002). *Charles Darwin: The power of place*. New York: Knopf.
- Brozek, J. (1980). The echoes of Wundt's work in the United States, 1887–1977: A quantitative citation analysis. *Psychological Research*, 42, 103–107.
- Bruner, J. S. (1983). *In search of mind: Essays in autobiography*. New York: Harper & Row.
- Brynjolfsson, E., & McAfee, A. (2014). *The second machine age: Work, progress, and prosperity in a time of brilliant technologies*. New York: Norton.
- Buckley, K. W. (1982). The selling of a psychologist: John Broadus Watson and the application of behavioral techniques to advertising. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 18, 207–221.
- Buckley, K. W. (1989). *Mechanical man: John Broadus Watson and the beginnings of behaviorism*. New York: Guilford Press.
- Buckley, K. W. (1994). Misbehaviorism: The case of John B. Watson's dismissal from Johns Hopkins University. In J. T. Todd & E. K. Morris (Eds.), *Modern perspectives on John B. Watson and classical behaviorism* (pp. 19–36). Westport, CT: Greenwood Press.
- Buckley, V. (2004). *Christina, Queen of Sweden: The restless life of a European eccentric*. New York: Harper Perennial.
- Bulkeley, K. (2013, October 20). Data-mining our dreams. *New York Times*.
- Burghardt, G. (2009). Darwin's legacy to comparative psychology and ethology. *American Psychologist*, 64, 102–110.
- Burling, S. (2010, May 30). The power of a positive thinker. *Philadelphia Inquirer*.
- Burman, J. (2012). Jean Piaget: Images of a life and his factory. *History of Psychology*, 15(3), 283–288.
- Burnes, B., & Cooke, B. (2013). Kurt Lewin's field theory: A review and re-evaluation. *International Journal of Management Reviews*, 15(4), 408–425.
- Burnham, J. (1968). On the origins of behaviorism. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 4, 143–151.
- Burt, C. (1962). The concept of consciousness. *British Journal of Psychology*, 53, 229–242.
- Buss, D. (2005). Introduction: The emergence of evolutionary psychology. In D. Buss (Ed.), *The handbook of evolutionary psychology* (pp. xiii–xxv). New York: Wiley.
- Buss, D. (2009c). The great struggles of life: Darwin and the emergence of evolutionary psychology. *American Psychologist*, 64, 140–148.
- Cadwallader, T. C. (1984). Neglected aspects of the evolution of American comparative and animal psychology. In G. Greenberg & E. Tobach (Eds.), *Behavioral evolution and integrative levels* (pp. 15–48). Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Cadwallader, T. C. (1987). Early zoological input to comparative and animal psychology at the University of Chicago. In E. Tobach (Ed.), *Historical perspectives and the international status of comparative psychology* (pp. 37–59). Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Cahan, D. (1993). Helmholtz and the civilizing power of science. In D. Cahan (Ed.), *Hermann von Helmholtz and the foundations of nineteenth century science* (pp. 559–601). Berkeley, CA: University of California Press.
- Calkins, M. W. (1893). Statistics of dreams. *American Journal of Psychology*, 5, 311–343.
- Camfield, T. M. (1992). The American Psychological Association and World War I: 1914 to 1919. In R. B. Evans, V. S. Sexton, & T. C. Cadwallader (Eds.), *The American Psychological Association: A historical perspective* (pp. 91–118). Washington, DC: American Psychological Association.
- Campbell-Kelly, M., & Aspray, W. (1996). *Computer: A history of the information machine*. New York: Basic Books.
- Candland, D. K. (1993). *Feral children and clever animals: Reflections on human nature*. New York: Oxford University Press.
- Cannato, V. (2009). *American passage: The history of Ellis Island*. New York: Harper.
- Capaldi, N. (2004). *John Stuart Mill: A biography*. Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Caplan, E. (1998). Popularizing American psychotherapy: The Emmanuel Movement, 1906–1910. *History of Psychology*, 1, 289–314.

- Capshaw, J. H. (1999). *Psychologists on the march: Science, practice, and professional identity in America, 1929–1969*. Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Carlat, D. (2010, April 25). Mind over meds: How I decided my psychiatry patients needed more from me than prescriptions. *New York Times*.
- Carmichael, L. (1951). Robert Mearns Yerkes, 1876–1956. *Psychological Review*, 64, 1–7.
- Carpentero, H. (2004). Watson's *Behaviorism*: A comparison of two editions (1925 and 1930). *History of Psychology*, 7, 183–202.
- Carroll, D. (2012). The regents versus the professors: Edward Tolman's role in the California loyalty oath controversy. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 48, 218–235.
- Catania, A. C. (1992). B. F. Skinner, organism. *American Psychologist*, 47, 1521–1530. References 393
- Catania, A. C. (2013). A natural science of behavior. *Review of General Psychology*, 17(2), 133–139.
- Caton, H. (2007). Getting our history right: Six errors about Darwin and his influence. *Evolutionary Psychology*, 5, 52–69.
- Cattell, J. M. (1890). Mental tests and measurements. *Mind*, 15, 373–381.
- Cattell, J. M. (1896). Address of the president before the American Psychological Association, 1895. *Psychological Review*, 3, 134–148.
- Cattell, J. M. (1904). The conceptions and methods of psychology. *Popular Science Monthly*, 66, 176–186.
- Cattell, J. M. (1928). Early psychological laboratories. *Science*, 67, 543–548.
- Chamberlin, J. (2010). Don't know much about history. *Monitor on Psychology*, 41(2), 44–47.
- Chamberlin, J. (2012). Notes on a scandal. *Monitor on Psychology*, 43(9), 20.
- Cherry, F. (2004). Kenneth B. Clark and social psychology's other history. In G. Philogene (Ed.), *Racial identity in context: The legacy of Kenneth B. Clark* (pp. 17–33). Washington, DC: American Psychological Association.
- Chomsky, N. (1959). [Review of *Verbal Behavior* by B. F. Skinner.] *Language*, 35, 26–58.
- Chomsky, N. (1972). *Language and mind*. New York: Harcourt Brace.
- Clarke, E. H. (1873). *Sex and education*. Boston, MA: Osgood.
- Clegg, J. (2012). Teaching about mental health and illness through the history of the DSM. *History of Psychology*, 15(4), 364–370.
- Cohen, D. (2012). *The escape of Sigmund Freud*. New York: The Overlook Press.
- Cohen, I. B. (2005). *The triumph of numbers: How counting shaped modern life*. New York: W. W. Norton.
- Cole, J. (2009). *The great American university: Its rise to preeminence, its indispensable national role, why it must be protected*. New York: Public Affairs Press.
- Collins, L. (2013, December 2). London post card: Fixer Upper. *New Yorker*, pp. 23–24.
- Comte, A. (1896). *The positive philosophy of Comte*. London: Bell. (Original work published 1830).
- Confer, J., Easton, J., Fleischman, D., Goetz, C., Lewis, D., Perilloux, C., & Buss, D. (2010). Evolutionary psychology: Controversies, questions, prospects, and limitations. *American Psychologist*, 65, 110–126.
- Cook, R. C. (1993). The experimental analysis of cognition in animals. *Psychological Science*, 4, 174–178.
- Coon, D. J. (1982). Eponymy, obscurity, Twitmyer, and Pavlov. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 18(3), 255–262.
- Coon, D. J. (1994). “Not a creature of reason”: The alleged impact of Watsonian behaviorism on advertising in the 1920s. In J. T. Todd & E. K. Morris (Eds.), *Modern perspectives on John B. Watson and classical behaviorism* (pp. 37–63). Westport, CT: Greenwood Press.
- Corbett, S. (2009, September 20). The holy grail of the unconscious. *New York Times Magazine*. Cosmides, L., & Tooby, J. (2013). Evolutionary psychology: New perspectives on cognition and motivation. *Annual Review of Psychology*, 64, 201–229.
- Cowley, G. (2002, September 16). The science of happiness. *Newsweek*, p. 49.
- Cranston, M. (1957). *John Locke: A biography*. New York: Macmillan.
- Croarken, M. (2003). Astronomical labourers: Maskelyne's assistants at the Royal Observatory, Greenwich, 1765–1811. *Notes and Records of the Royal Society*, 57, 285–298.
- Croce, P. J. (1999). Physiology as the antechamber to metaphysics: The young William James's hope for a philosophical psychology. *History of Psychology*, 2, 302–323.
- Cromie, W. (2006, July 24). How Darwin's finches got their beaks. *Harvard University Gazette*.
- Crosby, A. W. (1997). *The measure of reality: Quantification and western society, 1250–1600*. Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Crowther-Heyck, H. (1999). George A. Miller, language, and the computer metaphor of mind. *History of Psychology*, 2, 37–64.
- Cunningham, S. (1985, May). Humanists celebrate gains, goals. *APA Monitor*, 16, 18.
- Cuny, H. (1965). *Ivan Pavlov: The man and his theories*. New York: Eriksson.
- Custers, R., & Aarts, H. (2010). The unconscious will: How the pursuit of goals operates outside of conscious awareness. *Science*, 329, 47–50.
- Cutting, J. (2012). Ulric Neisser (1928–2012). *American Psychologist*, 67(6), 492.
- Dallenbach, K. (1967). Autobiography. In E. G. Boring & G. Lindzey (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 5, pp. 57–93). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Danziger, K. (1980). A history of introspection reconsidered. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 16, 241–262.
- Darwin, C. (1859). *On the origin of species by means of natural selection*. London: Murray.
- Darwin, C. (1871). *The descent of man*. London: Murray.
- Darwin, C. (1872). *The expression of the emotions in man and animals*. London: Murray. 394 References

- Darwin, C. (1877). A biographical sketch of an infant. *Mind*, 2, 285–294.
- DeAngelis, T. (2010). Little Albert regains his identity. *Monitor on Psychology*, 41(1), 10.
- DeAngelis, T. (2012). Was ‘Little Albert’ III during the famed conditioning study? *Monitor on Psychology*, 43(3), 12–13.
- Decker, H. S. (1991). *Freud, Dora, and Vienna 1900*. New York: Free Press.
- Dehue, T. (2000). From deception trials to control reagents: The introduction of the control group about a century ago. *American Psychologist*, 55, 264–268.
- Demarest, J. (1987). Two comparative psychologies. In E. Tobach (Ed.), *Historical perspectives and the international status of comparative psychology* (pp. 127–155). Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Denmark, F. L., & Fernandez, L. C. (1992). Women: Their influence and their impact on the teaching of psychology. In A. E. Puente, J. R. Matthews, & C. L. Brewer (Eds.), *Teaching psychology in America: A history* (pp. 171–188). Washington, DC: American Psychological Association.
- Dennis, P. M. (1984). The Edison questionnaire. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 20, 23–37.
- Dennis, P. M. (1991). Psychology’s first publicist: H. Addington Bruce and the popularization of the subconscious and the power of suggestion before World War I. *Psychological Reports*, 68, 755–765.
- Dennis, P. M. (2002). Psychology’s public image in “Topics of the Times”: Commentary from the editorial page of *The New York Times* between 1904 and 1947. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 38, 371–392.
- Dennis, P. M. (2011). Press coverage of the new psychology by the *New York Times* during the progressive era. *History of Psychology*, 14(2), 113–136.
- Descartes, R. (1912). *A discourse on method*. London: Dent. (Original work published 1637).
- Desmond, A., & Moore, J. (1991). *Darwin*. New York: Warner Books.
- Desmond, J. (1997). *Huxley: From devil’s disciple to evolution’s high priest*. Reading, MA: Addison-Wesley.
- Dewey, J. (1886). *Psychology*. New York: Harper. Dewey, J. (1896). The reflex arc concept in psychology. *Psychological Review*, 3, 357–370.
- Dewsbury, D. (2003). James Rowland Angell: Born administrator. In G. Kimble & M. Wertheimer (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (vol. 5, pp. 57–71). Washington, DC: American Psychological Association.
- Dewsbury, D. (2009a). Charles Darwin and psychology at the bicentennial and sesquicentennial. *American Psychologist*, 64, 67–74.
- Dewsbury, D., & Pickren, W. E. (1992). Psychologists as teachers: Sketches toward a history of teaching during 100 years of American psychology. In A. E. Puente, J. R. Matthews, & C. L. Brewer (Eds.), *Teaching psychology in America: A history* (pp. 127–151). Washington, DC: American Psychological Association.
- Diamond, S. (1974). Francis Galton and American psychology. *Annals of the New York Academy of Sciences*, 291, 47–55.
- Diamond, S. (1980a). A plea for historical accuracy [Letter to the editor]. *Contemporary Psychology*, 25, 84–85.
- Diamond, S. (1980b). Wundt before Leipzig. In R. Rieber (Ed.), *Wilhelm Wundt and the making of a scientific psychology* (pp. 3–70). New York: Plenum Press.
- DiClemente, D. F., & Hantula, D. A. (2000). John Broadus Watson, I/O psychologist. *The Industrial/Organizational Psychologist*, 37(4), 47–55.
- Diehl, L. A. (1986). The paradox of G. Stanley Hall: Foe of coeducation and educator of women. *American Psychologist*, 41, 868–878.
- Diener, E., Ng, W., Harter, J., & Arora, R. (2010). Wealth and happiness across the world: Material prosperity predicts life evaluation, whereas psychosocial prosperity predicts positive feeling. *Journal of Personality and Social Psychology*, 99, 52–60.
- Diener, E., Oishi, S., & Lucas, R. (2003). Personality, culture, and subjective well-being: Emotional and cognitive evaluations of life. *Annual Review of Psychology*, 54, 403–425.
- Diener, E., & Scollon, C. (2014). The what, why, when and how of teaching the science of subjective wellbeing. *Teaching of Psychology*, 42(2), 175–183.
- Diener, E., & Seligman, M. (2002). Happy people. *Psychological Bulletin*, 13, 81–84.
- Dijksterhuis, A., Bos, M., Nordgren, L., & van Baaren, R. (2006). On making the right choice: The deliberation-without-attention effect. *Science*, 311(5763), 1005–1007.
- Dijksterhuis, A., & Meurs, T. (2006). Where creativity resides: The generative power of unconscious thought. *Consciousness and Cognition: An International Journal*, 15, 135–146.
- Dingfelder, S. (2010). The first modern psychology study: Or how Benjamin Franklin unmasked a fraud and demonstrated the power of the mind. *Monitor on Psychology*, 41(7), 30–31.
- Distinguished Scientific Contribution Award [Bandura]. (1981). *American Psychologist*, 36, 27–42.
- Dolnick, E. (2011). *The clockwork universe: Isaac Newtown, the royal society, and the birth of the modern world*. New York: HarperCollins. References 395
- Donaldson, G. (1996). Between practice and theory: Melanie Klein, Anna Freud, and the development of child analysis. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 32, 160–176.
- Donnelly, M. E. (Ed.). (1992). *Reinterpreting the legacy of William James*. Washington, DC: American Psychological Association.
- Draguns, J. G. (2001). Toward a truly international psychology: Beyond English only. *American Psychologist*, 56, 1019–1030.
- Drew, T., Vo, M., & Wolfe, J. (2013). The invisible Gorilla strikes again: Sustained inattention blindness in expert observers. *Psychological Science*. Online Before Print July 17, 2013.
- Drumm, P. (2009). Applied animal psychology at an American roadside attraction: Animal behavior enterprises and the IQ zoo of hot springs, Arkansas. *The American journal of Psychology*, 122(4), 537–545.

- Drumm, P., & Ovre, C. (2011, April). A batman to the rescue: A biopsychologist and bat expert worked to arm bats with miniature bombs in World War II. *Monitor on Psychology*, 24–26.
- Dyson, G. (1997). *Darwin among the machines: The evolution of global intelligence*. Reading, MA: Addison-Wesley.
- Eagle, M. N. (1988). How accurate were Freud's case histories? [Book review of *Freud and the Rat Man*]. *Contemporary Psychology*, 33, 205–206.
- Ebbinghaus, H. (1885). *On memory: A contribution to experimental psychology*. Leipzig, Germany: Duncker & Humblot.
- Ebbinghaus, H. (1902). *The principles of psychology*. Leipzig, Germany: Veit.
- Ebbinghaus, H. (1908). *A summary of psychology*. Leipzig, Germany: Veit.
- Eckstein, D., & Kaufman, J. (2012). The role of birth order in personality: An enduring intellectual legacy of Alfred Adler. *Journal of Individual Psychology*, 68(1), 60–61.
- Edmundson, M. (2007). *The death of Sigmund Freud: The legacy of his last days*. New York: Bloomsbury.
- Eissler, K. R. (1971). *Talent and genius: The fictitious case of Tausk contra Freud*. New York: Quadrangle.
- Elkins, D. (2009). Why humanistic psychology lost its power and influence in American psychology. *Journal of Humanistic Psychology*, 49, 267–291.
- Ellenberger, H. F. (1972). The story of “Anna O.”: A critical review with new data. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 8, 267–279.
- Ellenberger, H. F. (1978). Carl Gustav Jung: His historical setting. In H. Reise (Ed.), *Historical explanations in medicine and psychiatry* (pp. 142–150). New York: Springer.
- Elms, A. (1994). *Uncovering lives: The uneasy alliance of biography and psychology*. New York: Oxford University Press.
- Elms, A. (2001). Apocryphal Freud: Sigmund Freud's most famous “quotations” and their actual sources. In J. Winer & W. Anderson (Eds.), *Sigmund Freud and his impact on the modern world* (pp. 83–104). Hillsdale, NJ: The Analytic Press.
- Elson, M., & Ferguson, C. (2014). The ideological rigidity of social-cognitive theories of media violence and a response to Bushman and Huesmann. *European Psychologist*, 19(1), 68–75.
- Emery, N., & Clayton, N. (2005). Animal cognition. In J. Bolhuis & L. Giraldeau (Eds.), *The behavior of animals: Mechanisms, function, and evolution* (pp. 170–196). Malden, MA: Blackwell.
- Engel, J. (2008). *American therapy: The rise of psychotherapy in the United States*. New York: Gotham Books.
- Erard, M. (2007). *Um: Slips, stumbles, and verbal blunders, and what they mean*. New York: Pantheon.
- Erdelyi, M. (2010). The ups and down of memory. *American Psychologist*, 65(7), 623–633.
- Esterson, A. (2002). The myth of Freud's ostracism by the medical community in 1896–1905: Jeffrey Masson's assault on truth. *History of Psychology*, 5, 115–134.
- Evans, R. B. (1972). E. B. Titchener and his lost system. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 8, 168–180.
- Evans, R. B. (1992). Growing pains: The American Psychological Association from 1903 to 1920. In R. B. Evans, V. S. Sexton, & T. C. Cadwallader (Eds.), *The American Psychological Association: A historical perspective* (pp. 73–90). Washington, DC: American Psychological Association.
- Evans, R. B., & Scott, F. J. D. (1978). The 1913 International Congress of Psychology: The American congress that wasn't. *American Psychologist*, 33, 711–723.
- Evans, R. I. (1989). *Albert Bandura: The man and his ideas*. New York: Praeger.
- Falbo, T., & Polit, D. F. (1986). Quantitative review of the only child literature: Research evidence and theory development. *Psychological Bulletin*, 100, 176–189.
- Fancher, R. (2000). Snapshots of Freud in America, 1899–1999. *American Psychologist*, 55, 1025–1028.
- Fancher, R. (2009). Scientific cousins: The relationship between Charles Darwin and Francis Galton. *American Psychologist*, 64, 84–92.
- Farthing, G. W. (1992). *The psychology of consciousness*. Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall. 396 References
- Fechner, G. (1966). *Elements of psychophysics*. New York: Holt, Rinehart and Winston. (Original work published 1860).
- Fernald, D. (1984). *The Hans legacy: A story of science*. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Fernberger, S. W. (1943). Edwin Burkett Twitmyer, 1873–1943. *Psychological Review*, 50(3), 345–349.
- Ferster, C. B., & Skinner, B. F. (1957). *Schedules of reinforcement*. New York: Appleton-Century-Crofts.
- Fischer, P., Greitmeyer, T., Kastenmuller, A., Vogrinic, C., & Sauer, A. (2011). The effects of risk-glorifying media exposure on risk-positive cognitions, emotions and behaviors: A meta-analytic review. *Psychological Bulletin*, 137(3), 367–390.
- Fisher, P. (2008). *House of wits: An intimate portrait of the James family*. New York: Holt.
- Fisher, S. P., & Greenberg, R. P. (1977). *The scientific credibility of Freud's theories and therapy*. New York: Basic Books.
- Fisher, S. P., & Greenberg, R. P. (1996). *Freud scientifically reappraised: Testing the theories and therapy*. New York: Wiley.
- Foster, S. (2007). Confidence man [Albert Bandura]. *Stanford Magazine*, September/October 1–4. (Online)
- Fountain, H. (2011, December 27). Graceful moves, for a boy made out of metal. *New York Times*.
- Fowler, R. D. (1990). In memoriam: Burrhus Frederic Skinner, 1904–1990. *American Psychologist*, 45, 1203.
- Fowler, R. D. (1994, August). Convention wisdom from a true veteran [E. R. Hilgard]. *APA Monitor*, 3.
- Francis, M. (2007). *Herbert Spencer and the invention of modern life*. Durham, England: Acumen Publishing.
- Freeman, J. (2009). *The tyranny of email: The 4000-year journey to your inbox*. New York: Scribners.
- Freud, A. (1936). *The ego and the mechanisms of defense*.

- London: Hogarth Press. Freud, A. (1966). Introduction to the technique of child analysis. In *The writings of Anna Freud* (Vol. 1, pp. 3–69). New York: International Universities Press. (Original work published as “Four lectures on child analysis,” 1927).
- Freud, S. (1895). On the origins of psychoanalysis. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *The standard edition of the complete psychological works of Sigmund Freud* (Vol. 1). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1900). The interpretation of dreams. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vols. 4, 5). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1901). The psychopathology of everyday life. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 6). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1905). Three essays on the theory of sexuality. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 7, pp. 125–243). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1910). Five lectures on psychoanalysis. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 11, pp. 3–55). London: Hogarth Press. (Original work published 1909).
- Freud, S. (1914). On the history of the psychoanalytic movement. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 14, pp. 3–66). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1917). A difficulty in the path of psychoanalysis. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 17, pp. 136–144). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1933). New introductory lectures on psychoanalysis. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 22, pp. 3–182). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1940). An outline of psychoanalysis. In J. Strachey (Ed. & Trans.), *Standard edition* (Vol. 23, pp. 141–207). London: Hogarth Press.
- Freud, S. (1954). *The origins of psychoanalysis: Letters to Wilhelm Fliess, drafts and notes: 1887–1902*. New York: Basic Books.
- Freud, S. (1964). *The letters of Sigmund Freud*. New York: McGraw-Hill. (Original letter published 1883).
- Freud, S. (1992). *The diary of Sigmund Freud, 1929–1939: A record of the final decade*. New York: Charles Scribner’s Sons. (Original work published 1939).
- Fridlund, A., Beck, H., Goldie, W., & Irons, G. (2012). Little Albert: A neurologically impaired child. *History of Psychology, 15*(4), 302–327.
- Friedel, R. (2007). *A culture of improvement: Technology and the Western millennium*. Cambridge: MIT Press.
- Friend, T. (2009). *Cheerful money: Me, my family, and the last days of WASP splendor*. New York: Little, Brown.
- Fuchs, A. (2009). Babe Ruth sees a psychologist. *Monitor on Psychology, 40*(10), 20–22.
- Fuchs, A. H. (1998). Psychology and “The Babe.” *Journal of the History of the Behavioral Sciences, 34*, 153–165.
- Fuller, R. (1986). *Americans and the unconscious*. New York: Oxford University Press.
- Fuller, R. (2006). American psychology and the religious imagination. *Journal of the History of the Behavioral Sciences, 42*, 221–235.
- Funder, D. C. (2001). Personality. *Annual Review of Psychology, 52*, 197–221.
- Furumoto, L. (1990). Mary Whiton Calkins (1863–1930). In A. N. O’Connell & N. F. Russo (Eds.), *Women in psychology: A bio-bibliographic sourcebook* (pp. 57–65). New York: Greenwood Press.
- Gable, S., & Haidt, J. (2005). What (and why) is positive psychology? *Review of General Psychology, 9*, 103–110. References 397
- Gackenbach, J. (2009). Electronic media and lucid control dreams: Morning-after reports. *Dreaming, 19*, 1–6.
- Galef, B. G. (1998). Edward Thorndike: Revolutionary psychologist, ambitious biologist. *American Psychologist, 53*, 1128–1134.
- Galton, F. (1869). *Hereditary genius: An inquiry into its laws and consequences*. London: Macmillan.
- Galton, F. (1874). *English men of science: Their nature and nurture*. London: Macmillan.
- Galton, F. (1889). *Natural inheritance*. London: Macmillan.
- Gamwell, L., & Tomes, N. (1995). *Madness in America: Cultural and medical perceptions of mental illness before 1914*. Ithaca, NY: Cornell University Press.
- Gantt, W. H. (1941). Introduction. In I. P. Pavlov (Ed.), *Lectures on conditioned reflexes*. New York: International Publishers.
- Gantt, W. H. (1979, February). Interview with Professor Emeritus W. Horsley Gantt. *Johns Hopkins Magazine*, pp. 26–32.
- Garatachea, N., Molinero, O., Martinez-Garcia, R., Jimenez-Jiminez, R., Gonzales-Gallego, J., & Marquez, S. (2009). Feelings of well-being in elderly people: Relationship to physical activity and physical function. *Archives of Gerontology and Geriatrics, 48*, 306–312.
- Gardner, H. (1993). *Creating minds*. New York: Basic Books.
- Gaukroger, S. (1995). *Descartes: An intellectual biography*. Oxford, England: Clarendon Press.
- Gavin, E. (1987). Prominent women in psychology, determined by ratings of distinguished peers. *Psychotherapy in Private Practice, 5*, 53–68.
- Gay, P. (1988). *Freud: A life for our time*. New York: Norton.
- Gazzaniga, M. S. (1988). Life with George: The birth of the cognitive neuroscience institute. In W. Hirst (Ed.), *The making of cognitive science: Essays in honor of George A. Miller* (pp. 230–241). Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Gelder, L. V. (2006, February 10). Manuscript sheds light on early science. *New York Times*, p. 1.
- Gelfand, T. (1992). Sigmund-sur-Seine: Fathers and brothers in Charcot’s Paris. In T. Gelfand & J. Kerr (Eds.), *Freud and the history of psychoanalysis* (pp. 29–57). Hillsdale, NJ: Analytic Press.
- Gengerelli, J. A. (1976). Graduate school reminiscences: Hull and Koffka. *American Psychologist, 31*, 685–688.
- George, M. (2013). Bluma Zeigarnik. Psychology’s Feminist Voices. <http://www.psychologysfeministvoices.com/bluma-zeigarnik>
- Geuter, U. (1987). German psychology during the Nazi period. In M. G. Ash & W. R. Woodward (Eds.), *Psychology in twentieth-century thought and society* (pp. 165–187). Cambridge, England: Cambridge University Press.

- Gibson, J. J. (1967). Autobiography. In E. G. Boring & G. Lindzey (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 5, pp. 127–143). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Gifford, S. (1997). *The emmanuel movement: The origins of group treatment and the assault on lay psychotherapy*. Boston, MA: Countway Library of Medicine.
- Gilgen, A. R., Gilgen, C. K., Koltsova, V. A., & Oleinik, Y. N. (1997). *Soviet and American psychology during World War II*. Westport, CT: Greenwood Press.
- Gillaspy, J. A., & Bihm, E. M. (2002). Marian Breland Bailey, 1920–2001. *American Psychologist*, *57*, 292–293.
- Gillham, N. W. (2001). *A life of Sir Francis Galton: From African exploration to the birth of eugenics*. Oxford, England: Oxford University Press.
- Giorgi, A. (2005). Remaining challenges for humanistic psychology. *Journal of Humanistic Psychology*, *45*, 204–216.
- Gladwell, M. (2008, May 12). Who says big ideas are rare? *New Yorker*.
- Goleman, D. (1983, May). A conversation with Ulric Neisser. *Psychology Today*, pp. 54–62.
- Goode, E. (2000, March 4). Human nature: Born or made? Evolutionary theorists provoke an uproar. *New York Times*.
- Goode, E. (2001, May 16). Anne Anastasi. The “Test Guru” of Psychology, is dead at 92. *New York Times*.
- Goodenough, F. L. (1949). *Mental testing: Its history, principles, and applications*. New York: Rinehart.
- Goodwin, C. (2005). Recognizing the experimentalists: The origins of the society of experimental psychologists. *History of Psychology*, *8*, 347–361.
- Goodwin, C. J. (2012). Amazing research. *Monitor on Psychology*, *43*(2), 20–22.
- Gorlick, A. (2009). Media multitaskers pay mental price, Stanford study shows. news.stanford.edu/news/2009/august24/multitask-research-study-082409.html
- Gosling, S., Kwan, V., & John, O. (2003). A dog’s got personality: A cross-species comparative approach to personality judgments in dogs and humans. *Journal of Personality and Social Psychology*, *85*, 1161–1169.
- Gottfredson, L. S. (1997). Mainstream science on intelligence: An editorial with 52 signatories, history, and bibliography. *Intelligence*, *24*, 13–23.
- Gould, S. J. (1981). *The mismeasure of man*. New York: Norton. 398 References
- Grackebach, J. (2009). Electronic media and Lucid control dreams: Morning after reports. *Dreaming*, *19*(1), 1–6.
- Graham, E., & Burke, D. (2011). Aging increases inattention blindness to the Gorilla in our midst. *Psychology and Aging*, *26*(1), 162–166.
- Grant, P., & Grant, B. (2006). Evolution of character displacement in Darwin’s finches. *Science*, *313*(5784), 224–226.
- Grayling, A. C. (2005). *Descartes: The life and times of a genius*. New York: Walker & Co.
- Green, B., & Griffiths, E. (2014). Birth order and posttraumatic stress disorder. *Psychology, Health and Medicine*, *19*(1), 24–32.
- Green, C. (2001). Charles Babbage, the analytic engine, and the possibility of a 19th-century cognitive science. In C. Green, M. Shore, & T. Teo (Eds.), *The transformation of psychology: Influences of 19th-century philosophy, technology, and natural science* (pp. 133–152). Washington, DC: American Psychological Association.
- Green, C. (2009). Darwinian theory, functionalism, and the first American psychological revolution. *American Psychologist*, *64*, 75–83.
- Greenwood, J. (2008). Mechanism, purpose and progress: Darwin and early American psychology. *History of the Human Sciences*, *21*, 103–126.
- Gregory, K. (2012, June 11). Chinatown fair is back, without chickens playing Tic-Tac-Toe. *New York Times*, pp. A15–A16.
- Gribbin, J. (2002). *The scientists: A history of science told through the lives of its greatest inventors*. New York: Random House.
- Gribbin, J., & Gribbin, M. (2004). *Fitzroy: The remarkable story of Darwin’s captain and the invention of the weather forecast*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Griffin, A. (2014, June 8). Computer becomes first to pass Turing test in artificial intelligence millstone, but academics warn of dangerous future. *The Independent* (UK Newspaper).
- Grinker, R., Jr. (2001). My father’s analysis with Sigmund Freud. In J. Winer & J. Anderson (Eds.), *Sigmund Freud and his impact on the modern world* (pp. 35–47). Hillsdale, NJ: The Analytic Press.
- Grogan, J. (2013). *Encountering America: Humanistic psychology, sixties culture and the shaping of the modern self*. New York: Harper Perennial.
- Gruber, C. (1972). Academic freedom at Columbia University, 1917–1918: The case of James McKeen Cattell. *American Association of University Professors Bulletin*, *58*(3), 297–305.
- Grubrich-Simitis, I. (1993). *Back to Freud’s texts: Making silent documents speak*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Guenther, A., Finkemeier, M. A., & Trillmich, F. (2014). The ontogeny of personality in the wild guinea pig. *Animal Behaviour*, *90*, 131–139.
- Gundlach, H. U. K. (1986). Ebbinghaus, nonsense syllables, and three-letter words [Book review]. *Contemporary Psychology*, *31*, 469–470.
- Gupta, N., Ganster, D., & Kepes, S. (2013). Assessing the validity of sales self-efficacy: A cautionary tale. *Journal of Applied Psychology*, *98*(4), 690–700.
- Guthrie, R. V. (1976). *Even the rat was white: A historical view of psychology*. New York: Harper & Row.
- Guthrie, R. V. (1990). Mamie Phipps Clark (1917–1983). In A. N. O’Connell & N. F. Russo (Eds.), *Women in psychology: A bio-bibliographic sourcebook* (pp. 66–74). New York: Greenwood Press.
- Haagbloom, S. J., Warnick, R., Warnick, J. E., Jones, V. K., Yarbrough, G. L., Russell, T. M., et al. (2002). The 100 most eminent psychologists of the 20th century. *Review of General Psychology*, *6*, 139–152.

- Hale, M., Jr. (1980). *Human science and social order: Hugo Münsterberg and the origins of applied psychology*. Philadelphia: Temple University Press.
- Hall, G. (2009). Watson: The thinking man's behaviorist. *British Journal of Psychology*, 100, 185–187.
- Hall, G. S. (1904). *Adolescence: Its psychology, and its relations to physiology, anthropology, sociology, sex, crime, religion, and education*. New York: Appleton.
- Hall, G. S. (1912). *Founders of modern psychology*. New York: Appleton.
- Hall, G. S. (1919). Some possible effects of the war on American psychology. *Psychological Bulletin*, 16, 48–49.
- Hall, G. S. (1920). *Recreations of a psychologist*. New York: Appleton.
- Hall, G. S. (1922). *Senescence*. New York: Appleton.
- Hall, G. S. (1923). *The life and confessions of a psychologist*. New York: Appleton.
- Hall, M. (1968, July). A conversation with Abraham H. Maslow. *Psychology Today*, pp. 35–37, 54–57.
- Hambrick, D. (2011, December 16). A good intelligence test. *New York Times*.
- Hannush, M. J. (1987). John B. Watson remembered: An interview with James B. Watson. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 23, 137–152.
- Harlow, H. F. (1971). *Learning to love*. San Francisco: Albin.
- Harris, B. (2009). Jewish quotas in clinical psychology? The *Journal of Clinical Psychology* and the scandal of 1945. *Review of General Psychology*, 13, 252–261. References 399
- Harris, B. (2013). Preparing the human machine for war. *Monitor on Psychology*, 44(7), 80–82.
- Harrison, R. (1963). Functionalism and its historical significance. *Genetic Psychology Monographs*, 68, 387–423.
- Harrison, K. (2009, December 6). The symbolist: After he broke with Freud, Jung came to believe that myth and archetype were the unconscious mind's language. *New York Times Book Review*.
- Hartley, M., & Commire, A. (1990). *Breaking the silence*. New York: G.P. Putnam's Sons.
- Haslam, N. (2011). The return of the anal character. *Review of General Psychology*, 15(4), 351–360.
- Hassin, R., Uleman, J., & Bargh, J. (2005). *The new unconscious*. New York: Oxford University Press.
- Haynal, A. (1993). *Psychoanalysis and the sciences: Epistemology—history*. Berkeley: University of California Press.
- Hearnshaw, L. S. (1987). *The shaping of modern psychology*. London: Routledge & Kegan Paul.
- Hearst, E. (Ed.). (1979). *The first century of experimental psychology*. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Heddy, B., & Nadelson, L. (2013). The variables related to public acceptance of evolution in the United States. *Evolution: Education and Outreach*, 6(3), 1–14.
- Heidbreder, E. (1933). *Seven psychologies*. New York: Appleton.
- Held, L. (2009). Psychoanalysis shapes consumer culture. *Monitor on Psychology*, 40(11), 32–34.
- Heiligman, D. (2009). *Charles and Emma: The Darwins' leap of faith*. New York: Henry Holt & Company.
- Helliwell, J., & Wang, S. (2014). Weekends and subjective well-being. *Social Indicators Research*, 116(2), 389–407.
- Helmholtz, H. (1856–1866). *Handbook of physiological optics*. Leipzig, Germany: Voss.
- Helmholtz, H. (1954). *On the sensations of tone*. New York: Dover. (Original work published 1863).
- Helson, H. (1925, 1926). The psychology of Gestalt. *American Journal of Psychology*, 36, 342–370, 494–526; 37, 25–62, 189–223.
- Henle, M. (1974). E. B. Titchener and the case of the missing element. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 10, 227–237.
- Herman, K., & Betz, N. (2006). Path models of the relationships of instrumentality, social self-efficacy, and self-esteem to depression and loneliness. *Journal of Social and Clinical Psychology*, 25, 1086–1106.
- Herrera, N., Zajonc, R., Wieczorkowska, G., & Cichomski, B. (2003). Beliefs about birth rank and their reflection in reality. *Journal of Personality and Social Psychology*, 85, 142–150.
- Hernstein, R. J., & Murray, C. (1994). *The bell curve: Intelligence and class structure in American life*. New York: Free Press.
- Hess, U., & Thibault, P. (2009). Darwin and emotional expression. *American Psychologist*, 64, 120–128.
- Hilgard, E. R. (1956). *Theories of learning* (2nd ed.). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Hilgard, E. R. (1987). *Psychology in America: A historical survey*. San Diego: Harcourt Brace Jovanovich.
- Hilgard, E. R. (1994). Foreword. In J. T. Todd & E. K. Morris (Eds.), *Modern perspectives on John B. Watson and classical behaviorism* (pp. vx–vxi). Westport, CT: Greenwood Press.
- Hirayoshi, S., & Nakajima, S. (2009). Analysis of personality trait structure of dogs with personality trait descriptors. *Japanese Journal of Animal Psychology*, 59, 57–75.
- Hirschmuller, A. (1989). *The life and work of Josef Breuer: Physiology and psychoanalysis*. New York: New York University Press.
- Hochberg, L., Serruya, M., Friebs, G., Mukand, J., Branner, A., Chen, D., Penn, R., & Donoghue, J. (2006, July 13). Neuronal ensemble control of prosthetic devices by a human with tetraplegia. *Nature*, 442, 164–171.
- Hoffman, E. (1988). *The right to be human: A biography of Abraham Maslow*. Los Angeles, CA: Tarcher.
- Hoffman, E. (1994). *The drive for self: Alfred Adler and the founding of individual psychology*. Reading, MA: Addison-Wesley.
- Hoffman, E. (Ed.). (1996). *Future vision: The unpublished papers of Abraham Maslow*. Thousand Oaks, CA: Sage.
- Hofstadter, R. (1992). *Social Darwinism in American thought*. Boston, MA: Beacon Press.
- Hogan, J. (2003). Anne Anastasi: Master of differential psychology and psychometrics. In G. Kimble & M. Wertheimer (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (vol. 5, pp. 263–277). Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum.
- Hollingworth, H. (1939). Chewing gum as a technique of relaxation. *Science*, 90, 385–387.

- Hollingworth, H. L. (1943). *Leta Stetter Hollingworth*. Lincoln: University of Nebraska Press.
- Holzberger, D., Philipp, A., & Kunter, M. (2013). How teachers' self-efficacy is related to instructional quality: A longitudinal analysis. *Journal of Educational Psychology, 105*(3), 774–786.
- Holtzman, E. (2012). A home away from home: Luxurious accommodations were the staples of America's gilded age asylums. *Monitor on Psychology, 43*(3), 24–27. 400
- References
- Hoppmann, C., Gerstorf, D., Willis, S. & Schaie, K. (2011). Spousal interrelations in happiness in the Seattle longitudinal study: Considerable similarities in levels and change over time. *Developmental Psychology, 47*(1), 1–8.
- Horikawa, T., Tamaki, M., Miyawaki, Y., & Kamitani, Y. (2013). Neural decoding of visual imagery during sleep. *Science, 340*(6132), 639–632.
- Horney, K. (1945). *Our inner conflicts*. New York: Norton.
- Horney, K. (1980). *The adolescent diaries of Karen Horney, 1899–1911*. New York: Basic Books.
- Hornstein, G. A. (1992). The return of the repressed: Psychology's problematic relations with psychoanalysis, 1909–1960. *American Psychologist, 47*, 254–263.
- Hosking, S., Young, K., & Regan, M. (2009). The effects of text messaging on young drivers. *Human Factors, 51*, 582–592.
- Howse, D. (1989). *Nevil Maskelyne: The seaman's astronomer*. Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Hsueh, Y. (2004). He sees the development of children's concepts upon a background of sociology: Jean Piaget's honorary degree at Harvard University in 1936. *History of Psychology, 7*, 20–44.
- Hulbert, A. (2003). *Raising America: Experts, parents, and a century of advice about children*. New York: Alfred A. Knopf.
- Hull, C. L. (1928). *Aptitude testing*. Yonkers, NY: World.
- Hull, C. L. (1933). *Hypnosis and suggestibility*. New York: Appleton.
- Hull, C. L. (1943). *Principles of behavior*. New York: Appleton.
- Hull, C. L. (1944). Joseph Jastrow: 1863–1944. *American Journal of Psychology, 57*, 581–585.
- Hull, C. L. (1951). *Essentials of behavior*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Hull, C. L. (1952). *A behavior system*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Hunt, M. (1993). *The story of psychology*. Garden City, NY: Doubleday.
- Huppert, F., & So, T. (2013). Flourishing across Europe: Application of a new conceptual framework for defining well-being. *Social Indicators Research, 110*, 837–861.
- Hustvedt, A. (2011). *Medical muses: Hysteria in Nineteenth-Century Paris*. New York: W.W. Norton.
- Hyman, I., Boss, S., Wise, B., McKenzie, K., & Caggiano, J. (2010). Did you see the unicycling clown: Inattention blindness while walking and talking on a cell phone. *Applied Cognitive Psychology, 24*, 597–607.
- Innis, N. (1992). Tolman and Tryon: Early research on the inheritance of the ability to learn. *American Psychologist, 47*, 190–197.
- Innis, N. (2000). Edward Chace Tolman. In A. Kazdin (Ed.), *Encyclopedia of psychology* (vol. 8). New York: Oxford University Press.
- Innis, N. (2003). William McDougall: A major tragedy? In G. Kimble & M. Wertheimer (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (vol. 5, pp. 91–108). Washington, DC: American Psychological Association. I.Q. Zoo. (1955, February 28). *Time*.
- Irwin, F. (1943). Edwin Burket Twitmyer: 1873–1943. *American Journal of Psychology, 56*, 451–453.
- Isa, T., Fetz, E., & Muller, K. (2009). Recent advances in brain-machine interfaces. *Neural Networks, 22*, 1201–1202.
- Isbister, J. N. (1985). *Freud: An introduction to his life and work*. Cambridge, England: Polity Press.
- Iskender, M., & Akin, A. (2010). Social self-efficacy, academic locus of control, and internet addiction. *Computers and Education, 54*, 1101–1106.
- Ivtzan, I., Gardner, H., Bernard, I., Sekhon, M., & Hart, R. (2013). Wellbeing through self-fulfillment: Examining developmental aspects of self-actualization. *The Humanistic Psychologist, 41*(2), 119–132.
- Jackson, J. (2004). Racially stuffed shirts and other enemies of mankind: Horace Mann Bond's parody of segregationist psychology in the 1950s. In A. Winston (Ed.), *Defining difference: Race and racism in the history of psychology* (pp. 261–283). Washington, DC: American Psychological Association.
- Jacobson, J. Z. (1951). *Scott of Northwestern: The life story of a pioneer in psychology and education*. Chicago, IL: Mariano.
- Jahoda, G. (2005). Theodor Lipps and the shift from sympathy to empathy. *Journal of the History of the Behavioral Sciences, 41*, 151–163.
- James, E. M. (1994). Sowing the seeds of the psychology of women: Helen Bradford Thompson Woolley and the mental traits of sex. Unpublished manuscript. James, W. (1890). *The principles of psychology*. New York: Holt. (Reprinted 1950, Dover Publications)
- James, W. (1892). *Psychology: Briefer course*. New York: Holt.
- James, W. (1899). *Talks to teachers*. New York: Holt.
- James, W. (1902). *The varieties of religious experience*. New York: Longmans, Green.
- James, W. (1907). *Pragmatism*. New York: Longmans, Green.
- Jardine, L. (1999). *Ingenious pursuits: Building the scientific revolution*. New York: Doubleday. References 401
- Jastrow, J. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 1, pp. 135–162). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930).
- Jaynes, J. (1970). The problem of animate motion in the seventeenth century. *Journal of the History of Ideas, 31*, 219–234.
- Jayson, S. (2009, August 8). New tests shed light on how dogs think; smartest breeds. *USA Today*.

- Jensen, B. (2013). The perils of multitasking. *Arts & sciences. The Johns Hopkins University*, 10(2), 19.
- Jeshmaridian, S. (2007). Edward Bradford Titchener's life and work: A source of international psychology. *International Psychology Bulletin*, 11(2), 20–22.
- Johnson, G. (2008). *The ten most beautiful experiments*. New York: Knopf.
- Johnson, M. G., & Henley, T. B. (Eds.). (1990). *Reflections on the principles of psychology: William James after a century*. Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Johnson, R. (2007). Searching for Kohler's Casa Amarilla. *The General Psychologist*, 31, 1–3.
- Johnson, R., McClearn, G. E., Yuen, S., Nagoshi, C. T., Ahern, F. M., & Cole, R. E. (1985). Galton's data a century later. *American Psychologist*, 40, 875–892.
- Jonçich, G. (1968). *The sane positivist: A biography of Edward L. Thorndike*. Middletown, CT: Wesleyan University Press.
- Jones, E. (1953, 1955, 1957). *The life and work of Sigmund Freud* (3 vols.). New York: Basic Books.
- Jones, M. C. (1924). A laboratory study of fear: The case of Peter. *Pedagogical Seminary*, 31, 308–315.
- Jones, M. C. (1974). Albert, Peter, and John B. Watson. *American Psychologist*, 29, 581–583.
- Jostmann, N., Lakens, D., & Schubert, T. (2009). Weight as an embodiment of importance. *Psychological Science*, 9, 1169–1174.
- Joyce, N., & Faye, C. (2010). Skinner air crib. *Association for Psychological Science: Observer*, 23(7), 1–3.
- Judd, C. H. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 207–235). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930).
- Judge, T., Erez, A., Bono, J., & Thoresen, C. (2002). Are measures of self-esteem, neuroticism, locus of control, and generalized self-efficacy indicators of a common core construct? *Journal of Personality and Social Psychology*, 83(3), 693–710.
- Jung, C. G. (1912). *The psychology of the unconscious*. Leipzig, Germany: Franz Deuticke.
- Jung, C. G. (1961). *Memories, dreams, reflections*. New York: Random House.
- Kahneman, D., Krueger, A., Schkade, D., Schwartz, N., & Stone, A. (2006). Perspective: Would you be happier if you were richer? A focusing illusion. *Science*, 312(5782), 1908–1910.
- Kamm, J. (1977). *John Stuart Mill in love*. London: Gordon & Cremonesi.
- Kanazawa, S. (2010). Evolutionary psychology and intelligence research. *American Psychologist*, 65, 279–289.
- Kandel, E. (2012). *The Age of insight: The quest to understand the unconscious in art, mind, and brain, from Vienna 1900 to the present*. New York: Random House.
- Kandel, E. (2013, September 8). The new science of mind. *New York Times*, p. 12.
- Karabel, J. (2005). *The chosen: The hidden history of admission and exclusion at Harvard, Yale, and Princeton*. Boston, MA: Houghton Mifflin.
- Karier, C. (1986). *Scientists of the mind: Intellectual founders of modern psychology*. Chicago: University of Illinois Press.
- Kasparov, G. (2010, February 11). The chess master and the computer [Review of *Chess metaphors: Artificial intelligence and the human mind*, by D. Raskin-Gutman, Cambridge: MIT Press, 2009.] *New York Review of Books*.
- Kean, S. (2013, July). Treasures in the Attic. *Washingtonian Magazine*, pp. 47–51.
- Keiger, D. (1993, March). A profession built through metaphor. *Johns Hopkins Magazine*, pp. 48–49.
- Keiger, D. (1999, November). The story that doesn't compute. *Johns Hopkins Magazine*, pp. 40–45.
- Keller, F. (1991). Burrhus Frederic Skinner, 1904–1990. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 27, 3–6.
- Kellman, J. (2013, March 7). Chew on this: Gum chewing helps test taking? Research suggests it does. *The Chicago Tribune*.
- Kelly, R. M., & Kelly, V. P. (1990). Lillian Moller Gilbreth (1878–1972). In A. N. O'Connell & N. F. Russo (Eds.), *Women in psychology: A bio-bibliographic sourcebook* (pp. 117–124). New York: Greenwood Press.
- Kelly, T. (2010). Is the internet the secret to happiness? *Time*, May 14, online.
- Kennedy, M. (2011, January 3). Bicentenary and padded suit may help revise views of 18th century astronomer Royal Nevel Maskelyne. *Guardian*.
- Kerr, J. (1993). *A most dangerous method: The story of Jung, Freud, and Sabina Spielrein*. New York: Knopf.
- Keynes, R. (2002). *Darwin, his daughter, and human evolution*. New York: Riverhead Books.
- Kiesow, F. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 1, pp. 163–190). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930). 402 References
- Kihlstrom, J. F. (1994). Psychodynamics and social cognition: Notes on the fusion of psychoanalysis and psychology. *Journal of Personality*, 62, 681–696.
- Kihlstrom, J. F., Barnhardt, M., & Tataryn, D. J. (1992). The psychological unconscious: Found, lost, and regained. *American Psychologist*, 47, 788–791.
- King, D., & Wertheimer, M. (2005). *Max Wertheimer and Gestalt theory*. New Brunswick, NJ: Transaction Publishers.
- King, D., Wertheimer, M., Keller, H., & Crochetiere, K. (1994). The legacy of Max Wertheimer and Gestalt psychology: 60th anniversary, 1934–1994. *Social Research*, 61, 907–935.
- King, J., Weiss, A., & Sisco, M. (2008). Aping humans: Age and sex effects in chimpanzee (*Pan troglodytes*) and human (*Homo sapiens*) personality. *Journal of Comparative Psychology*, 122(4), 418–427.
- Klein, A. (2002). *A forgotten voice: A biography of Leta Stetter Hollingworth*. Scottsdale, AZ: Great Potential Press.
- Koelsch, W. A. (1970). Freud discovers America. *Virginia Quarterly Review*, 46, 115–132.
- Koelsch, W. A. (1987). *Clark University: 1887–1987*. Worcester, MA: Clark University Press.

- Koenigsberger, L. (1965). *Hermann von Helmholtz*. New York: Dover.
- Koffka, K. (1921). *The growth of the mind*. New York: Harcourt.
- Koffka, K. (1922). Perception: An introduction to the Gestalt-theorie. *Psychological Bulletin*, 19, 531–585.
- Koffka, K. (1935). *Principles of Gestalt psychology*. New York: Harcourt.
- Köhler, W. (1917, 1924, 1927). *The mentality of apes*. Berlin: Royal Academy of Sciences; New York: Harcourt Brace.
- Köhler, W. (1920). *Static and stationary physical Gestalts*. Braunschweig: Vieweg.
- Köhler, W. (1929). *Gestalt psychology*. New York: Liveright.
- Köhler, W. (1942). Kurt Koffka. *The Psychological Review*, 49(2), 97–101.
- Köhler, W. (1947). *Gestalt psychology: An introduction to new concepts in modern psychology*. New York: Liveright.
- Köhler, W. (1959). Gestalt psychology today. *American Psychologist*, 14, 727–734.
- Köhler, W. (1969). Gestalt psychology. In D. Krantz (Ed.), *Schools of psychology* (pp. 69–85). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Kolbert, E. (2014, March 3). Big score: When mom takes the SAT's. *New Yorker*, pp. 38–41.
- Konorski, J. (1974). Autobiography. In G. Lindzey (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 6, pp. 183–217). Englewood Cliffs, NJ: Prentice-Hall.
- Korn, J. H., Davis, R., & Davis, S. F. (1991). Historians' and chairpersons' judgments of eminence among psychologists. *American Psychologist*, 46, 789–792.
- Kosmachevskaya, E., & Gromova, L. (2007). Ivan Petrovich Pavlov and William [Horsley] Gantt: A meeting of generations, unknown photographs. *Neuroscience and Behavioral Physiology*, 37, 303–309.
- Kotter-Gruhn, D., & Smith, J. (2011). When time is running out: Our changes in positive future perception and their relationships to changes in well-being in old age. *Psychology and Aging*, 26(2), 381–387.
- Kreshel, P. J. (1990). John B. Watson at J. Walter Thompson: The legitimization of "science" in advertising. *Journal of Advertising*, 19(2), 49–59.
- Kressley-Mba, R. (2006). On the failed institutionalization of German comparative psychology prior to 1940. *History of Psychology*, 9, 55–74.
- Kristensen, P., & Bjerkedal, T. (2007). Explaining the relation between birth order and intelligence. *Science*, 316, 1717.
- Kruger, D. (2009, May). Evolutionary psychology and the evolution of psychology. *Psychological Science Agenda*.
- Krüll, M. (1986). *Freud and his father*. New York: Norton.
- Kuhn, T. S. (1970). *The structure of scientific revolutions* (2nd ed.). Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Külpe, O. (1893). *Outline of psychology*. Leipzig, Germany: Engelmann.
- Kunzmann, U., Little, T., & Smith, J. (2000). Is age-related stability of subjective well-being a paradox? Cross-sectional and longitudinal evidence from the Berlin aging study. *Psychology on Aging*, 15, 511–526.
- Lacey, H., Smith, D., & Ubel, P. (2006). Hope I die before I get old: Mispredicting happiness across the adult lifespan. *Journal of Happiness Studies*, 7, 167–182.
- Lacoursiere, R. (2008). Freud's death: Historical truth and biographical fictions. *American Imago*, 66, 107–128.
- Lancaster, J. (2004). *Making time: Lillian Moller Gilbreth—a life beyond "Cheaper by the Dozen."* Boston, MA: Northeastern University Press.
- Landy, F. J. (1992). Hugo Münsterberg: Victim or visionary? *American Psychologist*, 47, 787–802.
- Lange, L. (2005). Sleeping beauties in psychology: Comparison of hits and missed signals in psychological journals. *History of Psychology*, 8, 194–217.
- Langer, E. (2012, August 1). George A. Miller Dies at 92: Psychologist helped lead cognitive science revolution. *Washington Post*. (online edition). References 403
- Lashley, K. (1929). *Brain mechanisms and intelligence*. Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Laskow, S. (2013). Good 'Til the Last Drop. *Lapham's Quarterly*, 1–6. <http://www.Laphamsquarterly.org/roundtable/roundtable/good-til-the-last-drop.php>
- Lears, T. J. J. (1987, Autumn). William James. *Wilson Quarterly*, 84–95.
- Leary, D. (1987). Telling likely stories: The rhetoric of the new psychology, 1880–1920. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 23, 315–331.
- Leary, D. (2003). A profound and radical change: How William James inspired the reshaping of American psychology. In R. Sternberg (Ed.), *The anatomy of impact: What makes the great works of psychology great* (pp. 19–42). Washington, DC: American Psychological Association.
- Leary, D. (2009). Between Peirce (1878) and James (1898): G. Stanley Hall, the origins of pragmatism, and the history of psychology. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 45, 5–20.
- Leavitt, D. (2006). *The man who knew too Much. Alan Turing and his invention of the Computer*. New York: Norton.
- Lee, D. N. (2012, February 13). Charles Henry Turner: Animal behavior scientist. *Scientific American*. <http://scientificamerican.com/urban-scientist/2012/0213/charles-henry-turner-animal-behaviorscientist/>
- Lee, P., & Moss, C. (2012). Wild female African elephants (*Loxodonta Africana*) exhibit personality traits of leadership and social interaction. *Journal of Comparative Psychology*, 126(3), 224–232.
- Lehrer, J. (2010, February 28). Depression's upside: Is there an evolutionary purpose to feeling really sad? *New York Times Magazine*.
- Lemov, R. (2005). *World as laboratory: Experiments with mice, mazes, and men*. New York: Hill & Wang.
- Lepore, J. (2009, October 12). Not so fast: Scientific management started as a way to work. How did it become a way of life? *New Yorker*.
- Lerman, H. (1986). *A mote in Freud's eye: From psychoanalysis to the psychology of women*. New York: Springer-Verlag.
- Lerner, V., Margolin, J., & Witztum, E. (2005). Vladimir Bekhterev: His life, his work and the mystery of his death. *History of Psychology*, 16, 217–227.
- Levingston, S. (2014). *Little demon in the city of light: A*

- true story of murder and mesmerism in Belle Époque Paris*. New York: Doubleday.
- Lewin, K. (1936). *Principles of topological psychology*. New York: McGraw-Hill.
- Lewin, K. (1939). Field theory and experiment in social psychology: Concept and methods. *American Journal of Sociology*, 44, 868–896.
- Lewin, K., Lippitt, R., & White, R. (1939). Patterns of aggressive behavior in experimentally created social climates. *Journal of Social Psychology*, 10, 271–299.
- Lewis, R. W. B. (1991). *The Jameses: A family narrative*. New York: Farrar, Straus and Giroux.
- Ley, R. (1990). *A whisper of espionage: Wolfgang Köhler and the apes of Tenerife*. Garden City Park, NY: Avery Publishing Group.
- Leyes, R., & Evans, R. B. (1990). *Defining American psychology: The correspondence between Adolf Meyer and Edward Bradford Titchener*. Baltimore: Johns Hopkins University Press.
- Lichtman, F., & Shattuck, S. (2013, November 4). The short animated life of A. R. Wallace. *New York Times*.
- Lieberman, D. A. (1979). Behaviorism and the mind: A (limited) call for a return to introspection. *American Psychologist*, 34, 319–333.
- Lieberman, D., & Haselton, M. (2009, May). Darwinian psychology: Where the present meets the past. *Evolutionary theory and Psychology, Psychological Science Agenda*.
- Lilienfeld, S. (2012). Public skepticism of psychology: Why many people perceive the study of human behavior as unscientific. *American Psychologist*, 67(2), 111–129.
- Lin, L. (2009). Breadth-biased versus focused cognitive control in media multitasking behaviors. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 106, 15521–15522.
- Lingiardi, V., & De Bei, F. (2011). Questioning the couch: Historical and clinical perspectives. *Psychoanalytic Psychology*, 28(3), 389–404.
- Ljunggren, B. (1990). *Great men with sick brains and other essays*. Park Ridge, IL: American Association of Neurological Surgeons.
- Locke, E. (2009). It's time we brought introspection out of the closet. *Perspectives on Psychological Science*, 4(1), 24–25.
- Locke, J. (1959). *An essay concerning human understanding*. New York: Dover. (Original work published 1690).
- Loeb, J. (1918). *Forced movements, tropisms, and animal conduct*. Philadelphia: Lippincott.
- Logan, C. A. (2002). When scientific knowledge becomes scientific discovery: The disappearance of classical conditioning before Pavlov. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 38, 393–403. 404 References
- Logue, A. W. (1985). The origins of behaviorism: Antecedents and proclamation. In C. E. Buxton (Ed.), *Points of view in the modern history of psychology* (pp. 141–167). Orlando, FL: Academic Press.
- Lott, B., & Rogers, M. (2011). Ethnicity matters for undergraduate majors in challenges, experiences, and perceptions of psychology. *Cultural Diversity and Ethnic Minority Psychology*, 17(1), 204–210.
- Lowry, R. (1982). *The evolution of psychological theory: A critical history of concepts and presuppositions* (2nd ed.). Hawthorne, NY: Aldine.
- Luck, H. E. (1990). Story or history: What did Wolfgang Köhler really do on Tenerife? *History of Psychology Newsletter*, 22, 80–82.
- Lutz, T. (1991). *American nervousness, 1903: An anecdotal history*. Ithaca, NY: Cornell University Press.
- Lyubomirsky, S., King, L., & Diener, E. (2005). The benefits of frequent positive affect: Does happiness lead to success? *Psychological Bulletin*, 131, 803–855.
- Mach, E. (1914). *The analysis of sensations*. Chicago: Open Court. (Original work published 1885).
- Mackenzie, B. (1977). *Behaviourism and the limits of scientific method*. Atlantic Highlands, NJ: Humanities Press.
- MacLeod, R. B. (1959). Review of *Cumulative record* by B. F. Skinner. *Science*, 130, 34–35.
- MacLeod, R. B. (Ed.). (1969). *William James: Unfinished business*. Washington, DC: American Psychological Association.
- Maddux, J. (2002). The power of believing you can. In C. Snyder & S. Lopez (Eds.), *Handbook of positive psychology* (pp. 277–287). New York: Oxford University Press.
- Madigan, S., & O'Hara, R. (1992). Short-term memory at the turn of the century: Mary Whiton Calkins's memory research. *American Psychologist*, 47, 170–174.
- Mahony, P. (1986). *Freud and the Rat Man*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Mahony, P. (1992). Freud as family therapist: Reflections. In T. Gelfand & J. Kerr (Eds.), *Freud and the history of psychoanalysis* (pp. 307–317). Hillsdale, NJ: Analytic Press.
- Makari, G. (2008). *Revolution in mind: The creation of psychoanalysis*. New York: Harper.
- Malcolm, J. (1984). *In the Freud archives*. New York: Knopf.
- Malthus, T. (1914). *Essay on the principle of population*. New York: Dutton. (Original work published 1789).
- Mandler, G. (2002a). Origins of the cognitive revolution. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 38, 339–353.
- Mandler, G. (2002b). Psychologists and the national socialist access to power. *History of Psychology*, 5, 190–200.
- Mandler, G. (2007). *A history of modern experimental psychology*. Cambridge: MIT Press.
- Marcus, G. (1998, January 26). Where are the elixirs of yesterday when we hurt? *New York Times*.
- Markel, H. (2011). *The anatomy of addiction: Sigmund Freud, William Halstead and the Miracle Drug, Cocaine*. New York: Vintage.
- Marken, R. (2009). You say you had a revolution: Methodological foundations of closed-loop psychology. *Review of General Psychology*, 13, 137–145.
- Markoff, J. (2011, November 8). It started digital wheels turning: In the age of steam, A British mathematician brainstormed a contraption that inspired dreams of computers. Experts in London intend to spend a decade piecing it together. *New York Times*.
- Marr, J. (2002). Marian Breland Bailey: The mouse who reinforced. *Arkansas Historical Quarterly*, 61, 59–79.

- Martin, D. (2012, February 26). Ulric Neisser is dead at 83; Reshaped study of the mind. *New York Times*, p. 22.
- Martin, J. (2002). *The education of John Dewey: A biography*. New York: Columbia University Press.
- Marx, M. H., & Cronan-Hillix, W. A. (1987). *Systems and theories in psychology* (4th ed.). New York: McGraw-Hill.
- Maslow, A. H. (1970). *Motivation and personality* (2nd ed.). New York: Harper & Row.
- Masson, J. M. (1984). *The assault on truth: Freud's suppression of the seduction theory*. New York: Farrar Straus Giroux.
- Masson, J. M. (Ed.). (1985). *The complete letters of Sigmund Freud to Wilhelm Fliess, 1887–1904*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Mather, J., & Anderson, R. (1993). Personalities of octopuses. *Journal of Comparative Psychology*, 107, 336–340.
- Matson, F. W. (1964). *The broken image*. New York: Braziller.
- May, W. W. (1978). A psychologist of many hats: A tribute to Mark Arthur May. *American Psychologist*, 33, 653–663.
- Mazlish, B. (1993). *The fourth discontinuity: The co-evolution of humans and machines*. New Haven, CT: Yale University Press.
- McCarthy, T. (2014). Great aspirations: The postwar American college counseling center. *History of Psychology*, 17(1), 1–18.
- McCoy, T. (2014, June 9). A computer just passed the Turing test in landmark trail. *Washington Post*. References 405
- McDougall, W. (1908). *Introduction to social psychology*. London: Methuen.
- McDougall, W. (1912). *Psychology: The study of behavior*. London: Oxford University Press.
- McDougall, W. (1930). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 1, pp. 191–223). Worcester, MA: Clark University Press.
- McGraw, M. B. (1990). Memories, deliberate recall, and speculations. *American Psychologist*, 45, 934–937.
- McGuire, W. (Ed.). (1974). *The Freud/Jung letters*. Princeton, NJ: Princeton University Press.
- McKeachie, W. J. (1976). Psychology in America's bicentennial year. *American Psychologist*, 31, 819–833.
- McReynolds, P. (1997). *Lightner Witmer: His life and times*. Washington, DC: American Psychological Association.
- Mellor, S. (1990). How do only children differ from other children? *Journal of Genetic Psychology*, 151, 221–230.
- Merton, R. (1957). Priorities in scientific discovery. *American Sociological Review*, 22, 635–659.
- Messer, S., & McWilliams, N. (2003). The impact of Sigmund Freud and *The Interpretation of Dreams*. In R. Sternberg (Ed.), *The anatomy of impact: What makes the great works of psychology great* (pp. 71–107). Washington, DC: American Psychological Association.
- Migone, P. (2013). Psychoanalysis on the Internet: A discussion of its theoretical implications for both online and offline therapeutic technique. *Psychoanalytic Psychology*, 30(2), 281–299.
- Milar, K. (2010). Overcoming “sentimental rot”: One of the first female psychologists tried to bring gender research out of the Dark Ages. *Monitor on Psychology*, 41(2), 26–27.
- Miles, L., Nind, L., & Macrae, C. (2010). Moving through time. *Psychological Science*, 21, 222–223.
- Mill, J. (1829). *Analysis of the phenomena of the human mind*. London: Baldwin & Cradock.
- Mill, J. S. (1909). Autobiography. In *The Harvard Classics*. New York: Collier. (Original work published 1873).
- Miller, G. A. (1951). *Language and communication*. New York: McGraw-Hill.
- Miller, G. A. (1956). The magical number seven, plus or minus two: Some limits on our capacity for processing information. *Psychological Review*, 63, 81–97.
- Miller, G. A. (1962). *Psychology: The science of mental life*. New York: Harper & Row.
- Miller, G. A. (1985). The constitutive problem of psychology. In S. Koch & D. Leary (Eds.), *A century of psychology as science* (pp. 40–45). New York: McGraw-Hill.
- Miller, G. A. (1989). Autobiography. In G. Lindzey (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 8, pp. 391–418). Stanford, CA: Stanford University Press.
- Miller, G. A. (2003). The cognitive revolution: A historical perspective. *Trends in Cognitive Science*, 7, 141–144.
- Miller, G. A. (2006). Animal behavior: Signs of empathy seen in mice. *Science*, 312(5782), 1860–1861.
- Miller, G. A., & Buckhout, R. (1973). *Psychology: The science of mental life* (2nd ed.). New York: Harper & Row.
- Miller, M. V. (1991, July 7). Anybody who was anybody was neurasthenic. *New York Times*.
- Miller, R. (2014). Editorial explaining the change in name of this journal to journal of experimental psychology: Animal learning and cognition. *Journal of Experimental Psychology: Animal Learning and Cognition*, 40(1), 1.
- Milton, J. (2002). *The road to malpsychia: Humanistic psychology and our discontents*. San Francisco, CA: Encounter Books.
- Miron, J. (2011). *Prisons, asylums, and the public: Institutional visiting in the nineteenth century*. Toronto, Canada: University of Toronto Press.
- Moore, J. (2005). Some historical and conceptual background to the development of B. F. Skinner's “radical behaviorism.” *Journal of Mind and Behavior*, 26, 85–124.
- Morawski, J. G., & Hornstein, G. A. (1991). Quandary of the quacks: The struggle for expert knowledge in American psychology, 1890–1940. In J. Brown & D. K. van Keuren (Eds.), *The estate of social knowledge* (pp. 106–133). Baltimore: Johns Hopkins University Press.
- Morgan, C. L. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 237–264). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930).
- Morse, M. (1997, October). Facing a bumpy history: The Much-Maligned theory of phrenology gets a tip of the hat from modern neuroscience. *Smithsonian Magazine*. http://www.smithsonianmag.com/historyarcheology/object_oct97.html
- Mojtabai, R., & Olfson, M. (2010). National trends in psychotropic medication polypharmacy in officebased psychiatry. *Archives of General Psychiatry*, 67, 26–36.
- Mullberger, A. (2008). Spanish experience with German psychology prior to World War I. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 44, 161–179. 406 References

- Müller, J. (1833–1840). *Handbook of the physiology of mankind* (3 vols.). Coblenz: Holscher.
- Munsey, C. (2010). Does marriage make us happy? *Monitor on Psychology*, 41(9), 21–21.
- Murray, J., & Thomson, M. (2011). Age-related differences in cognitive overload in an audio-visual memory task. *European Journal of Psychology and Education*, 26(1), 129–141.
- Münsterberg, H. (1909). *Psychotherapy*. New York: Moffat Yard.
- Münsterberg, H. (1913). *Psychology and industrial efficiency*. Boston, MA: Houghton Mifflin.
- Münsterberg, M. (1922). *Hugo Münsterberg: His life and work*. New York: Appleton.
- Murdoch, S. (2007). *IQ: A smart history of a failed idea*. New York: Wiley.
- Murphy, G. (1963). Robert sessions Woodworth, 1869–1962. *American Psychologist*, 18, 131–133.
- Myers, G. E. (1986). *William James: His life and thought*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Natsoulas, T. (1978). Consciousness. *American Psychologist*, 33, 904–916.
- Nicolas, S., & Sanitioso, R. (2012). Alfred Binet and experimental psychology at the Sorbonne laboratory. *History of Psychology*, 15(4), 328–362.
- Neisser, U. (1967). *Cognitive psychology*. New York: Appleton-Century-Crofts.
- Neisser, U. (1976). *Cognition and reality*. San Francisco, CA: W. H. Freeman.
- Neisser, U. (2007). Ulric Neisser. In G. Lindzey & W. Runyan (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (vol. 9, pp. 269–301). Washington, DC: American Psychological Association.
- Nesse, R., & Ellsworth, P. (2009). Evolution, emotions, and emotional disorders. *American Psychologist*, 64, 129–139.
- Newton, R. (2004). *Galileo's pendulum: From the rhythm of time to the making of matter*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Nichols, P. (2003). *Evolution's captain: The dark fate of the man who sailed Charles Darwin around the world*. New York: HarperCollins.
- Nicholson, I. (2007). Review of Maslow. *Toward a psychology of being*. *The General Psychologist*, 42(2), 25–26.
- Nicholson, I. A. M. (2001). Giving up maleness: Abraham Maslow, masculinity, and the boundaries of psychology. *History of Psychology*, 4, 79–91.
- Noll, R. (1994). *The Jung cult: Origins of a charismatic movement*. Princeton, NJ: Princeton University Press.
- Noll, R. (1997). *The Aryan Christ: The secret life of Carl Jung*. New York: Random House.
- Nyman, L. (2010). Documenting history: An interview with Kenneth Bancroft Clark. *History of Psychology*, 13, 74–88.
- O'Donnell, J. M. (1979). The crisis of experimentalism in the 1920s: E. G. Boring and his uses of history. *American Psychologist*, 34, 289–295.
- O'Donnell, J. M. (1985). *The origins of behaviorism: American psychology, 1870–1920*. New York: New York University Press.
- Ogburn, W. F., & Thomas, D. S. (1922). Are inventions inevitable? *Political Science Quarterly*, 37, 83–100.
- Ogden, R. M. (1951). Oswald Külpe and the Würzburg school. *American Journal of Psychology*, 64, 4–19.
- Oishi, S., Diener, E., & Lucas, R. (2007). The optimum level of well-being. *Perspectives on Psychological Science*, 2, 346–360.
- Olson, L. (2013). *Those angry days: Roosevelt, Lindbergh, and America's fight over World War II, 1939–1941*. New York: Random House.
- Olt, R. (2009). Members of the APA adherence to the classical views of Alfred Adler. *Dissertation Abstracts International* (section B: The sciences and engineering), 70.
- Ophir, E., Nass, C., & Wagner, A. (2009). Cognitive control in media multitaskers. *Proceedings of the National Academy of Sciences*, 106, 15583–15587.
- Overskeid, G. (2007). Looking for Skinner and finding Freud. *American Psychologist*, 62, 590–595.
- Padilla, A. M. (1980). Note on the history of Hispanic psychology. *Hispanic Journal of Behavioral Science*, 2(2), 109–128.
- Paris, B. J. (1994). *Karen Horney: A psychoanalyst's search for self-understanding*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Parker-Pope, T. (2009, October 22). What clown on a unicycle? Studying cellphone distraction. *New York Times*.
- Pate, J. L., & Wertheimer, M. (1993). Preface. In J. L. Pate & M. Wertheimer (Eds.), *No small part: A history of regional organizations in American psychology* (pp. xv–xvii). Washington, DC: American Psychological Association.
- Patterson, T., & Joseph, S. (2007). Person-centered personality theory: Support from self-determination theory and positive psychology. *Journal of Humanistic Psychology*, 47, 117–139.
- Pauly, P. J. (1979, December). Psychology at Hopkins: Its rise and fall and rise and fall and . . . *Johns Hopkins Magazine*, pp. 36–41.
- Pauly, P. J. (1986). G. Stanley Hall and his successors: A history of the first half-century of psychology at Johns Hopkins. *References* 407
- Hopkins. In S. H. Hulse & B. F. Green, Jr. (Eds.), *One hundred years of psychological research in America: G. Stanley Hall and the Johns Hopkins tradition* (pp. 21–51). Baltimore, MD: Johns Hopkins University Press.
- Pavlov, I. P. (1960). *Conditioned reflexes: An investigation of the physiological activity of the cerebral cortex*. New York: Dover Publications. (Original work published 1927).
- Pawlowski, B., Atwal, R., & Dunbar, R. (2008). Sex differences in everyday risk-taking behavior in humans. *Evolutionary Psychology*, 6, 29–42.
- Peel, J. D. Y. (1971). *Herbert Spencer: The evolution of a sociologist*. New York: Basic Books.
- Pendergrast, M. (1993). *For god, country, and Coca-Cola: The unauthorized history of the great American soft drink and the company that makes it*. New York: Scribners.
- Pennebaker, R. (2009, August 30). The mediocre multitaskers. *New York Times*.
- Pennisi, E. (2006). Animal cognition: Social animals prove their smarts. *Science*, 312(5871), 1734–1738.

- Pepperberg, I. (2008). *Alex and me: How a scientist and a parrot uncovered a hidden world of animal intelligence and formed a deep bond in the process*. New York: Collins.
- Pervin, L. (2003). *The science of personality* (2nd ed.). New York: Oxford University Press.
- Pettit, M. (2007). Joseph Jastrow, the psychology of deception, and the racial economy of observation. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 43, 159–175.
- Petitta, L., & Borgogni, L. (2011). Differential correlates of group and organizational collective efficacy. *European Psychologist*, 16(3), 187–197.
- Phelps, A., & Forbes, D. (2012). Treating post-traumatic stress disorder-related dreams: What are the options? *Expert Review of Neurotherapeutics*, 12(11), 1267–1269.
- Phillips, L. (2000). Recontextualizing Kenneth B. Clark: An Afrocentric perspective on the paradoxical legacy of a model psychologist-activist. *History of Psychology*, 3, 142–167.
- Philogene, G. (Ed.). (2004). *Racial identity in context. The legacy of Kenneth B. Clark*. Washington, DC: American Psychological Association.
- Pickens, W. (2013). Society for the history of psychology news. *History of Psychology*, 16(3), 225–226.
- Pickering, G. (1974). *Creative malady*. New York: Oxford University Press.
- Pickering, M. (1993). *Auguste Comte: An intellectual biography* (Vol. 1). Cambridge, England: Cambridge University Press.
- Pickren, W. (2007). Tension and opportunity in post – World War II American psychology. *History of Psychology*, 10, 279–299.
- Pigeon guided missiles. (2010, November 10). *Military Times*, pp. 1–3.
- Pillsbury, W. (1911). *Essentials of psychology*. New York: Macmillan.
- Pillsbury, W. B. (1940). Margaret Floy Washburn, 1871–1949. *The Psychological Review*, 47(2), 99–107.
- Pinker, S. (2013). Obituaries: George A. Miller (1920–2012). *American Psychologist*, 68(6), 467–468.
- Planck, M. (1949). *Scientific autobiography*. New York: Philosophical Library.
- Pollack, A. (2006, July 13). Man uses chip to control robot with thoughts. *New York Times*.
- Popplestone, J. A., & McPherson, M. W. (1994). *An illustrated history of American psychology*. Dubuque, IA: Brown & Benchmark.
- Postmes, T., & Branscombe, N. (2002). Influence of longterm racial environmental composition on subjective well-being in African-Americans. *Journal of Personality and Social Psychology*, 83, 735–751.
- Powell, R. (2010). The Little Albert mystery isn't solved. *Monitor on Psychology*, 41(4), 4.
- Powell, R. (2011). Little Albert, lost or found: Further difficulties with the Douglas Merrite hypothesis. *History of Psychology*, 14(1), 106–107.
- Powell, R., & Boer, D. P. (1994). Did Freud mislead patients to confabulate memories of abuse? *Psychological Reports*, 74, 1283–1298.
- Pozios, V. K., Kambam, P. R., & Bender, H. E. (2013, August 25). Does media violence lead to the real thing? *New York Times*.
- Prelow, H., Mosher, C., & Bowman, M. (2006). Perceived racial discrimination, social support, and psychological adjustment among African-American college students. *Journal of Black Psychology*, 32, 442–454.
- Pressey, S. L. (1967). Autobiography. In E. G. Boring & G. Lindzey (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 5, pp. 313–339). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Prochnik, G. (2006). *Putnam camp: Sigmund Freud, James Jackson Putnam, and the purpose of American psychology*. New York: Other Press.
- Raby, P. (2001). *Alfred Russel Wallace: A life*. Princeton, NJ: Princeton University Press.
- Ramos, S. (2003). Revisiting Anna O: A case of chemical dependence. *History of Psychology*, 6, 239–250.
- Reed, E. S. (1997). *From soul to mind: The emergence of psychology from Erasmus Darwin to William James*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Reed, J. (1987a). Robert M. Yerkes and the comparative method. In E. Tobach (Ed.), *Historical perspectives and the international status of comparative psychology* (pp. 91–101). Hillsdale, NJ: Erlbaum.
- Reeves, R. (2009). *John Stuart Mill: Victorian firebrand*. New York: The Overlook Press.
- Reynolds, D. S. (1995). *Walt Whitman's America: A cultural biography*. New York: Alfred A. Knopf.
- Richards, R. J. (1980). Wundt's early theories of unconscious inference and cognitive evolution in their relation to Darwinian biopsychology. In W. G. Bringmann & R. D. Tweney (Eds.), *Wundt studies: A centennial collection* (pp. 42–70). Toronto, ON: Hogrefe.
- Richards, R. J. (1987). *Darwin and the emergence of evolutionary theories of mind and behavior*. Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Richardson, J. (2003). Howard Andrew Knox and the origins of performance testing on Ellis Island, 1912–1916. *History of Psychology*, 6, 143–170.
- Richardson, R. (2006). *William James: In the maelstrom of American modernism*. Boston, MA: Houghton Mifflin.
- Richelle, M. N. (1993). *B. F. Skinner: A reappraisal*. Hove, England: Erlbaum.
- Richtel, M. (2010, January 17). Forget gum; walking and using phone is risky. *New York Times*.
- Ridley, M. (2003). *Nature via nurture: Genes, experience, and what makes us human*. New York: HarperCollins.
- Rilling, M. (2000). John Watson's paradoxical struggle to explain Freud. *American Psychologist*, 55, 301–312.
- Riskin, J. (2003). The defecating duck, or the ambiguous origins of artificial life. *Critical Inquiry*, 29, 599–633.
- Ritvo, L. B. (1990). *Darwin's influence on Freud: A tale of two sciences*. New Haven, CT: Yale University Press.
- Roazen, P. (1975). *Freud and his followers*. New York: Knopf.
- Roazen, P. (1993). *Meeting Freud's family*. Amherst, MA: University of Massachusetts Press.
- Roback, A. A. (1952). *History of American psychology*. New York: Library Publishers.

- Roberts, B., Walton, K., & Bogg, T. (2005). Conscientiousness and health across the life course. *Review of General Psychology, 9*, 156–168.
- Robinson, D. (2010). Gustav Fechner: 150 Years of *Elemente der Psychophysik*. *History of Psychology, 13*(4), 409–410.
- Robinson, F. G. (1992). *Love's story told: A life of Henry A. Murray*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Rodis-Lewis, G. (1998). *Descartes: His life and thought*. Ithaca, NY: Cornell University Press.
- Roethlisberger, F. J., & Dickson, W. J. (1939). *Management and the worker: An account of a research program conducted by the Western Electric Company, Chicago*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Rogers, C. R. (1961). *On becoming a person*. Boston, MA: Houghton Mifflin.
- Rogers, C. R. (1967). Autobiography. In E. G. Boring & G. Lindzey (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (vol. 5, pp. 341–384). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Rogers, C. R. (1980). *A way of being*. Boston, MA: Houghton Mifflin.
- Rogers, C. R., & Russell, D. (2002). *Carl Rogers: The quiet revolutionary, an oral history*. Roseville, CA: Penmarin Books.
- Rogoff, B., Paradise, R., Arauz, R., Correa-Chavez, M., & Angelillo, C. (2003). First-hand learning through intent participation. *Annual Review of Psychology, 54*, 175–203.
- Romand, D. (2012). Fechner as a pioneering theorist of unconscious cognition. *Consciousness and Cognition, 21*(1), 562–572.
- Romanes, G. J. (1883). *Animal intelligence*. London: Routledge & Kegan Paul.
- Rose, A. (2011). The invention of uncertainty in American Psychology: Intellectual conflict and rhetorical resolution, 1890–1930. *History of Psychology, 14*(4), 356–382.
- Rose, P. (1983). *Parallel lives: Five Victorian marriages*. New York: Knopf.
- Rosen, J. (2007, February 12). Missing link: Alfred Russel Wallace, Charles Darwin's neglected double. *New Yorker*.
- Rosenzweig, S. (1992). *Freud, Jung, and Hall the king-maker: The historic expedition to America (1909)*. Seattle, WA: Hogrefe & Huber.
- Ross, B. (1991). William James: Spoiled child of American psychology. In G. A. Kimble, M. Wertheimer, & C. White (Eds.), *Portraits of pioneers in psychology* (pp. 13–25). Washington, DC: American Psychological Association.
- Ross, D. (1972). *Granville Stanley Hall: The psychologist as prophet*. Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Rossiter, M. W. (1982). *Women scientists in America: Struggles and strategies to 1940*. Baltimore, MD: Johns Hopkins University Press.
- Rotter, J. B. (1966). Generalized expectancies for internal versus external control of reinforcement. *Psychological Monographs, 80* (Whole No. 609).
- Rotter, J. B. (1982). *The development and applications of social learning theory: Selected papers*. New York: Praeger.
- Rotter, J. B. (1990). Internal versus external control of reinforcement: A case history of a variable. *American Psychologist, 45*, 489–493. References 409
- Rotter, J. B. (1993). Expectancies. In C. E. Walker (Ed.), *History of clinical psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 273–284). Pacific Grove, CA: Brooks/Cole.
- Routh, D. (2010). The rise and fall in the scientific reputation of Carl Rogers. *The Clinical Psychologist, 64*(3), 11–12.
- Rowe, D. C., Vazsonyi, A. T., & Flannery, D. J. (1994). No more than skin deep: Ethnic and racial similarity in developmental process. *Psychological Review, 101*, 396–413.
- Rowe, F. B. (1983). Whatever became of poor Kinnebrook? *American Psychologist, 38*, 851–852.
- Russo, N. F., & Denmark, F. L. (1987). Contributions of women to psychology. *Annual Review of Psychology, 38*, 279–298.
- Rutherford, A. (2000). Radical behaviorism and psychology's public: B. F. Skinner in the popular press, 1934–1990. *History of Psychology, 3*, 371–395.
- Rutherford, A. (2009). *Beyond the box: B. F. Skinner's technology of behavior from laboratory to life*. Toronto, ON: University of Toronto Press.
- Rutherford, A. (2012). B. F. Skinner: Scientist, celebrity, social visionary. *Association for Psychological Science: Observer, 25*(2), 1–5.
- Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2001). On happiness and human potentials: A review of research on hedonic and eudaimonic well-being. *Annual Review of Psychology, 52*, 141–166.
- Sadger, I. (2005). *Recollecting Freud*. Madison, WI: University of Wisconsin Press.
- Salas, E., & Cannon-Bowers, J. A. (2001). The science of training: A decade of progress. *Annual Review of Psychology, 52*, 471–499.
- Sample, I. (2006, February 19). Eureka! Lost manuscript found in cupboard. www.guardian.co.uk
- Sand, R. (1992). Pre-Freudian discovery of dream meaning. In T. Gelfand & J. Kerr (Eds.), *Freud and the history of psychoanalysis* (pp. 215–229). Hillsdale, NJ: Analytic Press.
- Santua, V. D. (1993). Wundt's American students reminisce: "We like thee not Professor Wundt!" *History of Psychology Newsletter, 25*(4), 54–61.
- Sarter, M., Bernston, G. G., & Cacioppo, J. T. (1996). Brain imaging and cognitive neuroscience. *American Psychologist, 51*, 13–21.
- Saunders, B. (2006). *Ivan Pavlov: Exploring the mysteries of behavior*. Berkeley Heights, NJ: Enslow Publishers.
- Sawyer, T. F. (2000). Francis Cecil Sumner: His views and influence on African American higher education. *History of Psychology, 3*, 122–141.
- Sayers, J. (1991). *Mothers of psychoanalysis: Helene Deutsch, Karen Horney, Anna Freud, Melanie Klein*. New York: Norton.
- Scarborough, E. (2010). Understanding the animal mind: Margaret Washburn insisted that animal consciousness could be experimentally studied. *Monitor on Psychology, 41*(8), 28–29.

- Scarborough, E., & Furumoto, L. (1987). *Untold lives: The first generation of American women psychologists*. New York: Columbia University Press.
- Scarf, M. (1971, February 28). The man who gave us “inferiority complex,” “compensation,” “aggressive drive” and “style of life.” *New York Times Magazine*, 10ff.
- Scarr, S. (1987, May). Twenty years of growing up. *Psychology Today*, pp. 24–28.
- Schmit, D. (2005). Revisioning antebellum American psychology: The dissemination of Mesmerism, 1836–1854. *History of Psychology*, 8, 403–434.
- Schultz, D. (1990). *Intimate friends, dangerous rivals: The turbulent relationship between Freud and Jung*. Los Angeles: Tarcher.
- Schultz, D. (2013, June 8). The breaking point: Combat fatigue took its Toll on the fighting men during World War II. *WWII History*, 10–11.
- Schur, M. (1972). *Freud: Living and dying*. New York: International Universities Press.
- Schuster, D. (2011). *Neurasthenic nation: America's search for health, happiness, and comfort, 1869–1920*. New Brunswick, NJ: Rutgers University Press.
- Scott, R., & Dienes, Z. (2010). Knowledge applied to new domains: The unconscious succeeds where the conscious fails. *Consciousness and Cognition*, 19, 391–398.
- Scott, W. D. (1903). *The theory and practice of advertising: A simple exposition of the principles of psychology in their relation to successful advertising*. Boston, MA: Small, Maynard.
- Scull, A., MacKenzie, C., & Hervey, N. (1996). *Masters of bedlam: The transformation of the mad-doctoring trade*. Princeton, NJ: Princeton University Press.
- Seabrook, J. (2007, May 14). Fragmentary knowledge: Was the antikythera mechanism the world's first computer? *New Yorker*.
- Searle, J. R. (1980). Minds, brains, and programs. *Behavioral and Brain Sciences*, 3, 417–424.
- Seligman, M. E. P. (1971). Phobias and preparedness. *Behavior Therapy*, 2, 307–320.
- Seligman, M. E. P. (1998, April). Positive social science. *APA Monitor*, 1.
- Seligman, M. E. P. (2002). *Authentic happiness: Using the new positive psychology to realize your potential*. New York: Free Press. 410 References
- Seligman, M. (2011). *Flourish: A visionary new understanding of happiness and well-being*. New York: Free Press.
- Seligman, M. E. P., & Csikszentmihalyi, M. (Eds.). (2000). Positive psychology [special issue]. *American Psychologist*, 55(1).
- Seligman, M. E. P., Steen, T., Park, N., & Peterson, C. (2005). Positive psychology progress: Empirical validation of intervention. *American Psychologist*, 60, 410–421.
- Severo, R. (2005, May 2). Kenneth Clark, who helped end segregation, dies. *New York Times*, pp. 1, 23.
- Shapin, S. (2007, August 13). Man with a plan: Herbert Spencer's theory of everything. *New Yorker*.
- Shedler, J. (2010). The efficacy of psychodynamic psychotherapy. *American Psychologist*, 65, 98–109.
- Sheldon, K., & King, L. (2001). Why positive psychology is necessary. *American Psychologist*, 56, 216–217.
- Shepherd, N. (1993). *A price below rubies: Jewish women as rebels and radicals*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Shields, S. (1975). Ms. Pilgrim's progress: The contributions of Leta Stetter Hollingworth to the psychology of women. *American Psychologist*, 30, 852–857.
- Shields, S. (1982). The variability hypothesis: The history of a biological model of sex differences in intelligence. *Signs: Journal of Women in Culture and Society*, 7, 769–797.
- Shields, S. (2007). Passionate men, emotional women: Psychology constructs gender differences in the late 19th century. *History of Psychology*, 10, 92–110.
- Shields, S., & Bhatia, S. (2009). Darwin on race, gender, and culture. *American Psychologist*, 64, 111–119.
- Shore, M. (2001). Psychology and memory in the midst of change: The social concerns of late 19th-century North American psychologists. In C. Green, M. Shore, & T. Teo (Eds.), *The transformation of psychology: Influences of 19th-century philosophy, technology, and natural science* (pp. 63–86). Washington, DC: American Psychological Association.
- Shorto, R. (2008). *Descartes' bones: A skeletal history of the conflict between faith and reason*. New York: Doubleday.
- Showalter, E. (1997). *Hystories: Hysterical epidemics and modern culture*. New York: Columbia University Press.
- Sibbald, D. A., Erhard, W., McLeod, J., & Hooper, R. (2009). Individual personality and the spatial distribution of groups of grazing animals: An example with sheep. *Behavioural Processes*, 82, 319–326.
- Siebert, C. (2006, January 22). The animal self. *New York Times*.
- Siegel, A., & White, S. H. (1982). The child study movement. In H. W. Reese (Ed.), *Advances in child development and behavior* (Vol. 17, pp. 233–285). New York: Academic Press.
- Siegert, R., & Ward, T. (2002). Clinical psychology and evolutionary psychology: Toward a dialogue. *Review of General Psychology*, 6(3), 235–259.
- Simon, L. (1998). *Genuine reality: A life of William James*. New York: Harcourt Brace.
- Simonton, D., & Baumeister, R. (2005). Positive psychology at the summit. *Review of General Psychology*, 9, 99–102.
- Simpson, J. C. (2000, April). It's all in the upbringing: Doctor, lawyer, artist, thief? *Johns Hopkins Magazine*, pp. 62–65.
- Singer, P. W. (2009). *Wired for war: The robotics revolution and conflict in the 21st century*. New York: Penguin Press.
- Skinner, B. F. (1938). *The behavior of organisms*. New York: Appleton.
- Skinner, B. F. (1945, October). Baby in a box. *Ladies Home Journal*, 30ff.
- Skinner, B. F. (1948). *Walden Two*. New York: Macmillan.
- Skinner, B. F. (1953). *Science and human behavior*. New York: Free Press.
- Skinner, B. F. (1956). A case history of scientific method. *American Psychologist*, 11, 221–233.

- Skinner, B. F. (1960). Pigeons in a pelican. *American Psychologist*, 15, 28–37.
- Skinner, B. F. (1967). Autobiography. In E. G. Boring & G. Lindzey (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 5, pp. 387–413). New York: Appleton-Century-Crofts.
- Skinner, B. F. (1968). *The technology of teaching*. New York: Appleton-Century-Crofts.
- Skinner, B. F. (1969). *Contingencies of reinforcement*. New York: Appleton-Century-Crofts.
- Skinner, B. F. (1971). *Beyond freedom and dignity*. New York: Knopf.
- Skinner, B. F. (1976). *Particulars of my life*. New York: Knopf.
- Skinner, B. F. (1979). *The shaping of a behaviorist*. New York: Knopf.
- Skinner, B. F. (1983). Intellectual self-management in old age. *American Psychologist*, 38, 239–244.
- Skinner, B. F. (1986). What is wrong with daily life in the Western world? *American Psychologist*, 41, 568–574.
- Skinner, B. F. (1990). Can psychology be a science of mind? *American Psychologist*, 45, 1206–1210.
- Slotten, R. (2004). *The heretic in Darwin's court: The life of Alfred Russel Wallace*. New York: Columbia University Press. References 411
- Smirle, C. (2013). Profile: Rosalie Rayner: Psychology's Feminist Voices. <http://Feministvoices.com/rosalie>
- Smith, D. (2002). The theory heard 'round the world. *Monitor on Psychology*, 33(9), 30–32.
- Smith, L. (2011). Multimedia 1890s: How the magic lantern came to America's psychology classrooms and attracted students to the burgeoning field. *Monitor on Psychology*, 42(10), 30–32.
- Smith, L. D., Best, L. A., Cylke, V. A., & Stubbs, D. A. (2000). Psychology without *p* values: Data analysis at the turn of the 19th century. *American Psychologist*, 55, 260–263.
- Smith, M. (2010, June 8). Thinking man's mystery: Stolen Descartes letter returned. *Yahoo! News*.
- Smith, R. (2013). *Between mind and nature*. London: Reaktion Books Ltd.
- Snell-Rood, E., & Wick, N. (2013, October 22). Anthropogenic environments exert variable selection on cranial capacity in mammals. *Proceedings of the Royal Society: Biological Sciences*, 280, 1769.
- Snyder, C. R., & Lopez, S. J. (Eds.). (2001). *Handbook of positive psychology*. New York: Oxford University Press.
- Snyder, L. (2011). *The philosophical breakfast club: Four remarkable friends who transformed science and changed the world*. New York: Broadway Books.
- Sokal, M. (2009). James McKeen Cattell, Nicholas Murray Butler, and academic freedom at Columbia University, 1902–1923. *History of Psychology*, 12, 87–122.
- Sokal, M. M. (1971). The unpublished autobiography of James McKeen Cattell. *American Psychologist*, 26, 626–635.
- Sokal, M. M. (1981). *An education in psychology: James McKeen Cattell's journal and letters from Germany and England, 1880–1888*. Cambridge, MA: MIT Press.
- Sokal, M. M. (1987). James McKeen Cattell and mental anthropometry: Nineteenth-century science and reform and the origins of psychological testing. In M. M. Sokal (Ed.), *Psychological testing and American society, 1890–1930* (pp. 21–45). New Brunswick, NJ: Rutgers University Press.
- Sokal, M. M. (1992). Origins and early years of the American Psychological Association, 1890–1906. *American Psychologist*, 47, 111–122.
- Sokal, M. M. (2001). Practical phrenology as psychological counseling in the 19th-century United States. In C. Green, M. Shore, & T. Teo (Eds.), *The transformation of psychology: Influences of 19th-century philosophy, technology, and natural science* (pp. 21–44). Washington, DC: American Psychological Association.
- Sokal, M. M. (2011). Cattell, Columbia, and academic freedom: Rarely used sources enrich analyses of this significant episode. *History of Psychology*, 14(1), 100–104.
- Spear, J. (2007). Prominent schools or other active specialties? A fresh look at some trends in psychology. *Review of General Psychology*, 11, 363–380.
- Spence, K. W. (1952). Clark Leonard Hull: 1884–1952. *American Journal of Psychology*, 65, 639–646.
- Spencer, H. (1855). *The principles of psychology*. London: Smith & Elder. (See also www2.pfeiffer.edu/~iridener/dss/spencer/spencep2.html.)
- Sperry, R. W. (1995). The impact and promise of the cognitive revolution. In R. L. Solso & D. W. Massaro (Eds.), *The science of the mind: 2001 and beyond* (pp. 35–49). New York: Oxford University Press.
- Spillmann, J., & Spillmann, L. (1993). The rise and fall of Hugo Münsterberg. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 29, 322–338.
- Standage, T. (2002). *The Turk: The life and times of the famous 18th-century chess-playing machine*. New York: Walker.
- Stanley, J., & Brody, L. (2004). The founder of giftedchild education [review of Klein's *A forgotten voice: A biography of Leta Stetter Hollingworth*]. *Contemporary Psychology*, 49, 729–731.
- Staudinger, U. M. (2001). More than pleasure? Toward a psychology of growth and strength? [Review of the book *Well-being: The foundations of hedonic psychology*]. *Contemporary Psychology*, 46, 552–554.
- Staudinger, U. M., Fleeson, W., & Baltes, P. B. (1999). Predictors of subjective physical health and global well-being. *Journal of Personality and Social Psychology*, 76, 305–319.
- Steele, R. S. (1985). Paradigm lost: Psychoanalysis after Freud. In C. E. Buxton (Ed.), *Points of view in the modern history of psychology* (pp. 221–257). Orlando, FL: Academic Press.
- Stein, B. (2010, July 1). Money can buy one form of happiness, massive global study finds. *Washington Post*.
- Sterba, R. F. (1982). *Reminiscences of a Viennese psychoanalyst*. Detroit: Wayne State University Press.
- Stemberg, R. J. (1996). *Cognitive psychology*. Fort Worth, TX: Harcourt Brace.
- Stevens, D. (2005, August 12). On every box of cake mix, evidence of Freud's theories. *New York Times*.
- Stiles, A. (2012). Go rest, young man. *Monitor on Psychology*, 43(1), 32–34
- Stock, A. (2013). Hermann von Helmholtz (1821–1894) – A Pioneer of Psychology. Adolf Würth Center for the History of Psychology, University of Würzburg, Germany.

- <http://www.awz.uni-weurzburg.de/en/news/single/artikel/Hermann-vo/print.html> 412
- References
- Stoloff, M., McCarthy, M., Keller, L., Varfoglomeeva, V., Lynch, J., Makara, K., Simmons, S., & Smiley, W. (2010). The undergraduate psychology major: An examination of structure and sequence. *Teaching of Psychology*, 37(1), 4–15.
- Stone, A., Schwartz, J., Broderick, J., & Deaton, R. (2010). A snapshot of the age distribution of psychological well-being in the United States. *Proceedings of the National Academy of Sciences* (online edition), May 17.
- Stossel, S. (2008, December 21). Book review: Still crazy after all these years: A history and analysis of psychotherapy from Freud's couch to the present. *New York Times Book Review*.
- Stott, R. (2012). *Darwin's Ghosts: The secret history of evolution*. New York: Spiegel & Grau.
- Stumpf, C. (1883, 1890). *Psychology of tone*. Leipzig, Germany: Hirzel.
- Stumpf, C. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 1, pp. 389–441). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930).
- Sturm, T. (2006). Is there a problem with mathematical psychology in the 18th century? A fresh look at Kant's old argument. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 42, 353–357.
- Sullivan, B., & Thompson, H. (2013, May 5). Brain, interrupted. *New York Times*.
- Sulloway, F. J. (1979). *Freud: Biologist of the mind*. New York: Basic Books.
- Sulloway, F. J. (1992). Reassessing Freud's case histories: The social construction of psychoanalysis. In T. Gelfand & J. Kerr (Eds.), *Freud and the history of psychoanalysis* (pp. 153–192). Hillsdale, NJ: Analytic Press.
- Sulloway, F., & Zweigenhaft, R. (2010). Birth order and risk taking in athletes: A meta-analysis and study of major league baseball. *Personality and Social Psychology Review* (online edition, April 30), 1–13.
- Suzuki, L. A., & Valencia, R. R. (1997). Race-ethnicity and measured intelligence: Educational implications. *American Psychologist*, 52, 1103–1114.
- Swade, D. (2000). *The difference engine: Charles Babbage and the quest to build the first computer*. New York: Viking.
- Taormina, R., & Gao, J. (2013). Maslow and the motivation hierarchy: Measuring satisfaction of the needs. *The American Journal of Psychology*, 126(2), 155–177.
- Tay, L., & Diener, Ed. (2011). Needs and subjective well-being around the world. *Journal of Personality and Social Psychology*, 101(2), 354–365.
- Taylor, E. (2000). Psychotherapeutics and the problematic origins of clinical psychology in America. *American Psychologist*, 55, 1029–1033.
- Temple, J. (2012, June 23). Alan Turing recalled as computer-pioneer. *The San Francisco Chronicle*.
- Terman, L. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 297–331). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930).
- Thomas, R. (2000). George John Romanes. In A. Kazdin (Ed.), *Encyclopedia of psychology* (vol. 7, pp. 113–115). New York: Oxford University Press.
- Thompson, H. (1903). *The mental traits of sex: An experimental investigation of the normal mind in men and women*. Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Thompson, T. (1988). *Benedictus* behavior analysis: B. F. Skinner's magnum opus at fifty [Book review of *The behavior of organisms: An experimental analysis*]. *Contemporary Psychology*, 33, 397–402.
- Thorndike, E. L. (1898). Animal intelligence: An experimental study of the associative processes in animals (monograph supplement no. 8). *Psychological Review*, 5, 68–72.
- Thorndike, E. L. (1905). *The elements of psychology*. New York: Seiler.
- Thorndike, E. L. (1931). *Human learning*. New York: Appleton.
- Thurstone, L. L. (1952). Autobiography. In E. G. Boring, H. S. Langfeld, H. Werner, & R. M. Yerkes (Eds.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 4, pp. 295–321). Worcester, MA: Clark University Press.
- Titchener, E. B. (1896). *An outline of psychology*. New York: Macmillan.
- Titchener, E. B. (1898a). The postulates of a structural psychology. *Philosophical Review*, 7, 449–465.
- Titchener, E. B. (1898b). *Primer of psychology*. New York: Macmillan.
- Titchener, E. B. (1901–1905). *Experimental psychology: A manual of laboratory practice*. New York: Macmillan.
- Titchener, E. B. (1909). *A textbook of psychology*. New York: Macmillan.
- Titchener, E. B. (1910). The method and scope of psychology. In L. Benjamin (Ed.), *A history of psychology: Original sources and contemporary research* (2nd ed.). New York: McGraw-Hill.
- Titchener, E. B. (1912a). Prolegomena to a study of introspection. *American Journal of Psychology*, 23, 427–448.
- Titchener, E. B. (1912b). The schema of introspection. *American Journal of Psychology*, 23, 485–508.
- Tierney, J. (2011, May 17). A new gauge to see what's beyond happiness. *New York Times*, p. D2. References 413
- Timmer, J. (2013, December 31). US acceptance of evolution holds steady overall, drops among republicans. *Scientific Method: Science and Exploration*.
- Todes, D. P. (1997). From the machine to the ghost within: Pavlov's transition from digestive physiology to conditional reflexes. *American Psychologist*, 52, 947–955.
- Todes, D. P. (2002). *Pavlov's physiology factory: Experiment, interpretation, laboratory enterprise*. Baltimore, MD: Johns Hopkins University Press.
- Tolman, E. C. (1932). *Purposive behavior in animals and men*. New York: Appleton.
- Tooby, J., & Cosmides, L. (2005). Conceptual foundations of evolutionary psychology. In D. Buss (Ed.), *Handbook of evolutionary psychology* (pp. 5–67). New York: John Wiley.
- Townsend, K. (1996). *Manhood at Harvard: William James and others*. New York: W. W. Norton.
- Turner, C. H. (1906). A preliminary note on ant behavior. *Biological Bulletin*, 12, 31–36.
- Turner, F. J. (1947). *The significance of the frontier in American history*. New York: Holt.
- Turner, M. (1967). *Philosophy and the science of behavior*. New York: Appleton-Century-Crofts.

- Turner, R. S. (1982). Helmholtz, sensory physiology, and the disciplinary development of German psychology. In W. R. Woodward & M. G. Ash (Eds.), *The problematic science: Psychology in nineteenth-century thought* (pp. 147–166). New York: Praeger.
- Uhlmann, E., & Swanson, J. (2004). Exposure to violent video games increases automatic aggressiveness. *Journal of Adolescence*, 27, 41–52.
- Utsey, S., Payne, Y., Jackson, E., & Jones, A. (2002). Racerelated stress, quality of life indicators, and life satisfaction among elderly African Americans. *Cultural Diversity and Ethnic Minority Psychology*, 8, 7–17.
- Van Boven, L. (2005). Experientialism, materialism, and the pursuit of happiness. *Review of General Psychology*, 9, 132–142.
- Vande Kemp, H. (1992). G. Stanley Hall and the Clark school of religious psychology. *American Psychologist*, 47, 290–298.
- Veenhoven, R. (2005). Is life getting better? How long and happily do people live in modern society? *European Psychologist*, 10, 330–343.
- Vezzani, S., Marino, B., & Giori, E. (2012). An early history of the gestalt factors of organization. *Perception*, 41(2), 148–167.
- Viner, R. (1996). Melanie Klein and Anna Freud: The discourse of the early dispute. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 32, 4–15.
- Vitello, P. (2012, August 2). George A. Miller, A pioneer in cognitive psychology, is dead at 92. *New York Times*, p. A17.
- Von Mayrhauser, R. T. (1989). Making intelligence functional: Walter Dill Scott and applied psychological testing in World War I. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 25, 60–72.
- Wade, N. (1995). *Psychologists in word and image*. Cambridge, MA: MIT Press.
- Wagemans, J., Elder, J., Kubovy, M., Palmer, S., Peterson, M., Singh, M., & von der Heydt, R. (2012). A century of gestalt psychology in visual perception: I. Perceptual grouping and figure-ground organization. *Psychological Bulletin*, 138(6), 1172–1217.
- Waldrop, M. M. (2001). *The dream machine: J. C. R. Licklider and the revolution that made computing personal*. New York: Viking.
- Washburn, M. F. (1908). *The animal mind: A textbook of comparative psychology*. New York: Macmillan.
- Washburn, M. F. (1932). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 333–358). Worcester, MA: Clark University Press.
- Watson, C. (2004). The sartorial self: William James's philosophy of dress. *History of Psychology*, 7, 211–224.
- Watson, J. B. (1903). *Animal education*. Chicago, IL: University of Chicago Press.
- Watson, J. B. (1907). [Review of C. H. Turner, "A preliminary note on ant behavior"]. *Psychological Bulletin*, 4, 296–297.
- Watson, J. B. (1908). [Review of Pfungst's *Das Pferd des Herrn Von Osten*]. *Journal of Comparative Neurology and Psychology*, 18, 329–331.
- Watson, J. B. (1913). Psychology as the behaviorist views it. *Psychological Review*, 20, 158–177.
- Watson, J. B. (1914). *Behavior: An introduction to comparative psychology*. New York: Holt.
- Watson, J. B. (1919). *Psychology from the standpoint of a behaviorist*. Philadelphia, PA: Lippincott.
- Watson, J. B. (1925). *Behaviorism*. New York: Norton.
- Watson, J. B. (1928). *Psychological care of the infant and child*. New York: Norton.
- Watson, J. B. (1929). Behaviorism. *Encyclopaedia Britannica* (Vol. 3, pp. 327–329).
- Watson, J. B. (1930). *Behaviorism* (Rev. ed.). New York: Norton.
- Watson, J. B. (1936). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 3, pp. 271–281). Worcester, MA: Clark University Press.
- Watson, J. B., & McDougall, W. (1929). *The battle of behaviorism*. New York: Norton. 414 References
- Watson, J. B., & Rayner, R. (1920). Conditioned emotional reactions. *Journal of Experimental Psychology*, 3, 1–14.
- Watson, P. (2010). *The German genius: Europe's third renaissance, the second scientific revolution, and the twentieth century*. New York: HarperCollins.
- Watson, R. (1978). *The great psychologists* (4th ed.). Philadelphia, PA: Lippincott.
- Watson, R. (2002). *Cogito, ergo sum: The life of Rene Descartes*. Boston, MA: Godine.
- Webster, R. (1995). *Why Freud was wrong: Sin, science, and psychoanalysis*. New York: Basic Books.
- Weiner, J. (1994). *The beak of the finch: A story of evolution in our time*. New York: Alfred A. Knopf.
- Weiss, A., King, J., & Perkins, L. (2006). Personality and subjective well-being in orangutans. *Journal of Personality and Social Psychology*, 90, 501–511.
- Welsh, A. (1994). *Freud's wishful dream book*. Princeton, NJ: Princeton University Press.
- Werth, B. (2009). *Banquet at Delmonico's: Great minds, the Gilded Age, and the triumph of evolution in America*. New York: Random House.
- Wertheimer, M. (1945). *Productive thinking*. New York: Harper.
- Wertheimer, M. (1979). *A brief history of psychology* (2nd ed.). New York: Holt, Rinehart and Winston.
- Wertheimer, M. (2014). Max Wertheimer's centennial celebration in Germany. *History of Psychology*, 17(2), 129–130.
- Wertheimer, M., & King, D. B. (1994). Max Wertheimer's American sojourn, 1933–1943. *History of Psychology Newsletter*, 26(1), 3–15.
- White, A. D. (1965). *A history of the warfare of science with theology in Christendom*. New York: Free Press. (Original work published 1896).
- White, S. H. (1990). Child study at Clark University, 1884–1904. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 26, 131–150.
- White, S. H. (1994). G. Stanley Hall: From philosophy to developmental psychology. In R. D. Parke, P. A. Ornstein, J. J. Rieser, & C. Zahn-Waxler (Eds.), *A century of developmental psychology* (pp. 103–125). Washington, DC: American Psychological Association.
- Wiener, D. N. (1996). *B. F. Skinner: Benign anarchist*. Boston, MA: Allyn & Bacon.
- Will, G. (2009, December 31). Out of catastrophe, renewal. *St. Petersburg (FL) Times*.

- Wilson, E. O. (1975). *Sociobiology: A new synthesis*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
- Wilson, E. O. (1994). *Naturalist*. Washington, DC: Island Press/Shearwater Books.
- Wilson, F. (1991). Mill and Comte on the method of introspection. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 27, 107–129.
- Wilson, T. (2003). Knowing when to ask: Introspection and the adaptive unconscious. *Journal of Consciousness Studies*, 10, 131–140.
- Winchester, S. (2001). *The map that changed the world: William Smith and the birth of modern geology*. New York: HarperCollins.
- Windholz, G. (1990). Pavlov and the Pavlovians in the laboratory. *Journal of the History of the Behavioral Sciences*, 26, 64–74.
- Windholz, G. (1997). Ivan P. Pavlov: An overview of his life and psychological work. *American Psychologist*, 52, 941–946.
- Windholz, G., & Lamal, P. A. (1985). Köhler's insight revisited. *Teaching of Psychology*, 12, 165–167.
- Winkelman, P., Berridge, K., & Wilbarger, J. (2005). Unconscious affective reactions to masked happy versus angry faces influence consumption behaviors and judgments of value. *Personality and Social Psychology Bulletin*, 31, 121–135.
- Witmer, L. (1996). Clinical psychology. *American Psychologist*, 51, 248–251. (Original work published in *The Psychological Clinic*, 1907, 1, 1–9).
- Wojcik, E. (2012). Girl Scouts' "Science of Happiness Badge" Promotes Positive Psychology. *Monitor on Psychology*, 43(1), 11.
- Wolpe, J., & Plaud, J. J. (1997). Pavlov's contributions to behavior therapy: The obvious and the not so obvious. *American Psychologist*, 52, 966–972.
- Wong, W. (2009). Retracing the footsteps of Wilhelm Wundt: Explorations in the disciplinary frontiers of psychology and in *Volkerpsychologie*. *History of Psychology*, 12, 229–265.
- Wood, G. (2002). *Edison's Eve: A magical history of the quest for mechanical life*. New York: Knopf.
- Woodworth, R. S. (1918). *Dynamic psychology*. New York: Columbia University Press.
- Woodworth, R. S. (1921). *Psychology*. New York: Holt.
- Woodworth, R. S. (1938, 1954). *Experimental psychology*. New York: Holt.
- Woodworth, R. S. (1943). The adolescence of American psychology. *Psychological Review*, 50, 10–32.
- Woodworth, R. S. (1958). *Dynamics of behavior*. New York: Holt.
- Woolley, B. (1999). *The bride of science: Romance, reason, and Byron's daughter*. New York: McGraw-Hill.
- Woolley, H. T. (1910). Psychological literature: A review of the recent literature on the psychology of sex. *Psychological Bulletin*, 7, 335–342. References 415
- Woolley, H. T. (1914). The psychology of sex. *Psychological Bulletin*, 11, 353–379.
- Wozniak, R. (2009). James Mark Baldwin: Professional disaster, and the European connection. *Rassegna di Psicologia*, 26(2), 111–128.
- Wozniak, R., & Santiago-Blay, J. (2013). Trouble at Tyson Alley: James Mark Baldwin's arrest in a Baltimore Bordello. *History of Psychology*, 16(4), 227–248.
- Wray, H. (2010, May 12). The new phrenology? *Association for Psychological Science*, 21(5). <http://www.psychologicalscience.org/index.php/news/were-only-human/the-new-phrenology/>
- Wu, T. (2013, September 9). How today's computers weaken our brain. *New Yorker*. Online edition.
- Wundt, W. (1858–1862). *Contributions to the theory of sensory perception*. Leipzig, Germany: Winter.
- Wundt, W. (1863). *Lectures on the minds of men and animals*. Leipzig, Germany: Voss.
- Wundt, W. (1873–1874). *Principles of physiological psychology*. Leipzig, Germany: Engelmann.
- Wundt, W. (1888). Zur Erinnerung an Gustav Theodor Fechner. *Philosophische Studien*, 4, 471–478.
- Wundt, W. (1896). *Outline of psychology*. Leipzig, Germany: Engelmann.
- Wundt, W. (1900–1920). *Cultural psychology*. Leipzig, Germany: Engelmann.
- Wynne, C. D. L. (2001). *Animal cognition: The mental lives of animals*. New York: Palgrave/St. Martin's.
- Xu, J., & Roberts, R. (2010). The power of positive emotions. *Health Psychology*, 29, 9–19.
- Yerkes, R. M. (1961). Autobiography. In C. Murchison (Ed.), *A history of psychology in autobiography* (Vol. 2, pp. 381–407). New York: Russell & Russell. (Original work published 1930).
- Yerkes, R. M., & Morgulis, S. (1909). The method of Pavlov in animal psychology. *Psychological Bulletin*, 6, 257–273.
- Young, J. (2010). E. B. Titchener's brain on display. *Advances in the History of Psychology* (AHP.APPS01. YORKU. CA/?P=826).
- Young, J., & Green, C. (2013). An exploratory digital analysis of the early years of G. Stanley Hall's American journal of psychology and pedagogical seminary. *History of Psychology*, 16(4), 249–268.
- Young-Bruehl, E. (1988). *Anna Freud: A biography*. New York: Summit Books.
- Youniss, J. (2006). G. Stanley Hall and his times: Too much so, yet not enough. *History of Psychology*, 9(3), 224–235.
- Yu, C. K.-C. (2012). The effect of sleep position on dream experiences. *Dreaming*, 22(3), 212–221.
- Zagrina, N. (2009). Ivan Petrovich Pavlov and the authorities. *Neuroscience and Behavioral Physiology*, 39, 383–385.
- Zaretsky, E. (2004). *Secrets of the soul: The social and cultural history of psychoanalysis*. New York: Alfred A. Knopf.
- Zenderland, L. (1998). *Measuring minds: Henry Herbert Goddard and the origins of American intelligence testing*. New York: Cambridge University Press.
- Zhihao, O. (2008). A critical presentation of the life and work of Franz Anton Mesmer, MD and its influence on the development of hypnosis. *European Journal of Clinical Hypnosis*, 8(1), 32–40.
- Zimmer, C. (2004). *Soul made flesh: The discovery of the brain and how it changed the world*. New York: Free Press.



ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫМЕН АУДАРЫЛЫП БАСЫЛДЫ

Дуэйн Шульц
Сидни Эллен Шульц

ҚАЗІРГІ ПСИХОЛОГИЯ ТАРИХЫ
11-БАСЫЛЫМ

Редакторлары: *Д. Қасенов, Ү. Кеңесбаева, З. Баибаева*
Корректоры *З. Баибаева*
Беттеген *А. Жұмағалиев*

Басуға 06.02.2018 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 00000. Шартты баспа табағы 28,0.
Таралымы 10 000 дана.
Тапсырыс №

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Жаңа гуманитарлық білім
Қазақ тіліндегі



Жаңа
Оқулық

ULTTYQ
AҮDARMA
BIY'ROSY
OCC'AMDYQ OORY



ISBN 978-601-7943-12-7



9 786017 943127